Ғалихан
АХМЕТОВ

СЕГІЗ СЕРІ

роман

Ғалихан Ахметов

СЕГІЗ СЕРІ

Роман

2022 жыл

ӘОЖ 821.512.122-3
КБЖ 84 (5Қаз)-4
А 94

Ахметов Ғ.
А 94 Сегіз сері / Ғалихан Ахметов – Көкшетау: «Мир печати», ЖК Устюгова Н.Ф., – 2022. – 596 б.

ISBN 978-601-7618-98-8

567957

Автордың қаламынан шыққан бұл роман, халқымыздың даңқты өнерпазының, Сегіз серінің өмір жолын суреттейді. Шығарма тоғыз тараудан және эпилогтан құрылған. Сегіз серінің от басын, шыққан тегін, өскен ортасын оқырманға таныстырады жазушы. Серінің Қызыл-жар, Омбы қалаларында оқыған жылдарын баяндай келе, патшалық Ресейге деген наразылығын да тілге тиек еткен. Сегіздің қанды көйлек досы Нияз екеуі бірігіп, патшалық әскермен соғысып, елден жылыстауға мәжбүр болғандарын көрсетеді. Одан кейіңгі Сыр бойындағы өмірі, Қоқан хандығына қарсы күрес жолы суреттеледі... Мүкәрәма сұлуға, Мақпал қызға деген маһаббаты; ғашықтарына арналған әндерінің тууын жатық тілмен жеткізеді.

Сегіздің өнердегі жолына, Ресей империясымен, Қоқан билігімен қарсыласқан әрекеттеріне, өз елінің болашағы жөніндегі ой-толғаныстарына кеңінен тоқталады автор.

Шығарма жастар қауымын отанды сүюге, өнерді дәріптеуге, ізгілік пен парасатқа баулып бағады.

ӘОЖ 821.512.122-3
КБЖ 84 (5Қаз)-4

ISBN 978-601-7618-98-8

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

© Ахметов Ғ., 2022

ҚАЛАМ ҚАРЫМЫ ЖАЗУШЫ ІЗДЕНІСІМЕН ҮЙЛЕСІП ТҰР

Сегіз сері халқымыздың тарихында, мәдениеті мен өнерінде ерекше орын алатын тұлға. Бүгінгіге дейін төл әдебиетімізде тарихта болғанының өзі әртүрлі пікір туғызып келе жатқан Сегіз серіні әдебиеттанушы ғалымдарымыз, ақын-жазушыларымыз да назардан тыс қалдырмай, еңбектерін арнап жатса, бұл осы тақырыптың өміршеңдігі, атақты өнер иесі, тұғырлы батырдың ұлтымыздың арғы-бергі өткен-кеткенімен бірге жасасуы дер едік.

Осы орайда, онсыз да тығыз бар алтын уақытын сарп етіп, нешеме күндер мен түндер көз майын тауыса отырып, елі үшін атқарған қызметі мол болғанымен, өмірінің өзі сан-сақа жүгіртіліп келе жатқан Сегіз сері туралы роман жазып шыққан көкшелік қаламгер Ғалихан Ахметов туралы қандай жылы лебіз білдірсек те артық емес. Сегіз сері жайында қазақтың классик жазушылары Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқановтан бастап бірталай әдебиет өкілдері қалам тербеп, өз пікірлерін білдіріп, оң бағасын бергендерімен, көркем дүниенің бір кем орнын осы Ғалихан бауырымыз толтырмаққа талпыныс танытса, ол да зор батылдық.

Батылдық қана емес, қаламгердің осы тақырыпты игере аламын-ау деп өз шығармашылық мүмкіндігіне кәміл сенген қабілет-қарымы. Халқымыздың тарихы, оның бетке ұстар біртуар тұлғаларының өмірінен көркем туынды жазу оңай-оспақ шаруа емес. Ғалихан Ахметов бұл жауапкершілікті бұрыннан-ақ сезіне білген, әрі оған қалам қуаты, суреткерлік қыры, ой-машығы мен талант-талғамы жететін қаламгер. Бұл сөзімізге автордың осыдан бес-алты жыл бұрын баспа жүзін көрген, алты кітаптан тұратын кең полотнолы «Біржан сал» романы куәлікке әбден жүретіндей. Одан кейін Ғалихан «Үкілі Ыбырай» романын жазды. Сөйтіп, қазақтың өнер көгіндегі айтулы тұлғаларымыздың көркем сөзбен көлемді бет-бейнесін жасауда біршама шығармашылық табыска жетті.

Енді міне, бірінен соң бірі жарық көрген осы кос романымен өзінің кең тынысты, айшықты да кесек дүниелерге еркін қалам сілтесін аңғарткан жазушы тағы бір күрделі, екінің бірі дәті жетіп, бара алмайтын тарихи-өнер тұрғысындағы «Сегіз сері» романына кол артып отыр.

Шығарма ә дегеннен, Сегіз серінің шыққан ортасын, атасы Шакшақтың, одан өрбіген жеті ұлдың ел ішіндегі беделі мен берекетті істерін, өнер қуған қадір-қасиеттерін оқырманға жеткізіп, айшықтай түсуімен өрбиді. Бұл – осындай дүниелердегі өзін-өзі ақтайтын ұтымды тәсіл. Өйткені, кай туындының болсын, әу бастан жұмбақ шешкендей бұлдыр емес, түсінікті, байыпты түрде бастау алып кетуі оқыған жанның ұғымына да жеңіл, ыңғайлы келетініне сөз бар ма.

Осылай бірте-бірте Сегіз серінің әкесі Баһрамға, оның ой-көзқарасына, айналасына ойысатын, кітаптағы бас кейіпкер Мұхамедқанапияның (Сегіз сері) образына көшіп, бала кезінен бойына қонған өнер, күрескерлік өркендерін туып-өскен ортасымен тығыз байланыстыра суреттейтін қаламгер нені сипаттамасын, сол кез бен сол қоғамның, отаршылдардың өзіне сұғына кіруімен іштен бұлқынып жатқан қазақ даласының бар тыныс-тіршілігін тарихи тұрғыдан да қалыс қалдырмауға күш салған.

Кім қалай десе де, Сегіз сері тарихта болған, аз ғұмырында батырлығы, әнші-күйші, ақындығы, сазгерлігімен соңында үлкен із қалдырған тұлға. Күрескерлігі, мергендігі мен палуандығы өз алдына. Осындай тарихи адамның көркем бейнесін жасап, оны роман деңгейінде кестелі сөзбен суреттеп шығу үшін әрине, автордың қолында арқа сүйер дерек-дәйектердің белгілі бір қоры болуы керек. Бұл ізденістерін бізге бұрынғы шығармаларынан да таныс өзіне тән құрылымы мен сюжеті, суреттеу шеберлігімен берік ұштастыра отырып, қаламгер осынау туындысын жазардағы діттеген ойына жете білген деген қорытындыға келуге болады.

Сегіз сері тағы да қайталап айтсақ, қазақтың әлеуметтік-қоғамдық болмысында сөз де, қол да бастаған ерекше құбылыс. Оны әйгілі Біржан сал да «ұстазым» десе, Балуан Шолақтың да «жігіттер өнер қусаң, Сегізге ұқса» деген аталы сөзі бар. «Қазақ сал-серілерінің атасы» деген теңеу де осы Сегіз серіге қарата айтылған. Сегіз сері сынды бес аспап өнерпаздың өмір жолын, шығармышылық ізденістерін, сонау Сыр бойындағы күрескерлік жолын, Мүкәрәма мен Мақпалға деген ізгі сезімін суреттеу үшін шұрайлы тіл мен ой тебіренісі керек әрине.

Бұрынғы кітаптары және осы романынан да байқалатынындай, оған Ғалихан Ахметовтың шығармашылық әлеуеті біздіңше, толық жетеді. Әсіресе, автордың оқиғадан соң оқиғаны шебер қиыстырып, ішкі иірімі, қанық бояуымен кең қамтып, суреткерлік тұрғыдан оқырманына дәмімен ұсына білуі көрер көзге де, сезер көңілге де анық байқала түседі.

Қаламгердің келесі назар аудартатын тұсы деп тілінің мәйегін, бұл күнде архаизмге айналып кеткен көне сөздердің сөздік қорында мол екенін, олар да шығарманың өн бойына әр, ажар беріп тұрғанын айтсақ керек.

Әдебиетте Сегіз серідей оқшау образдың шым-шым тылсымына бойлап, сол кездің дәуір тынысын танытамын, тарихи қатпарына үңілемін деген қаламы жүрдек жазушыға осы жолда сәттілік тілейміз.

Қайырбай ТӨРЕҒОЖА,
Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетінің бас редакторы,
Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі.

АВТОРДАН

Қадірлі оқырман, сізге ұсынған бұл шығармамда Сегіз сері сынды даңқты бабамыздың өмірін баян қылып едім. Сегіз сері жөнінде қоғамда, зиялы қауымда әр алуан пікір баршылық екенінен хабардар боларсыз. Кей пікірлерді оқысаң, бір біріне мүлде кереғар. Қалам тербетуші қайсы бір ағайынның Сегізді: - Бұ дүниеде атымен болған да емес, аңыздағы кейіпкер, киялдан туған бейне. - деп айды аспаннан бірақ шығаратындары да баршылық. Сегіздікі деп жүрген әндерді өзгелерге таңып, дау соғатындарын қайтерсің.

Енді бір зиялылар серінің бір басына не бір ересен әрекеттерді үйіп-төгіп, даңқын тым аспандатып жібереді. Ресейдің, Қоқандықтардың езгісіне қарсы тұрып соғысқанның үстіне, Исатай-Махамбеттің көтерілісіне басшылық еткізіп, тіпті Қап тауындағы имам Шәмілдің қасынан да шығарып, өз дәлелдерін көлденең тартады.

Қауым болған соң, алуан түрлі көзқарастың орын алуы заңды да шығар. Әйтсе де, өзіміздің кей ағайынның бағзыда өткен даңқты бабалардың өнеріне, енбегіне шүбә келтіретініне қынжылмай коймайсың. Біржан мен Сараның айтысын жоққа шығарып, Сегіз серінің сан қырлы өнерпаз болғанына сенбейтіндерін қайтерсің. Бірақ, түптің түбінде әділет жеңбей коймас. Осы күні «Біржан – Сара» деген операның даңқы жер жарғандай болса, әдебиеттің талай кейіпкерлері бұл айтысты үлгі тұтып, тілге тиек етуде.

Сегіз сері сынды әрі батыр, әрі асқан әнші, біртуар өнерпазымыз да халықтың жадында мәңгілікке қалмақ. Оған салмақты бір дәлел Ғабит Мүсіреповтей классик жазушымыздың «Ұлпан» атты шығармасында серіні көтере суреттегені болса, Жанқиса мен Арыстан ақындардың шығарған ғажайып дастандары. « Мақпал сұлу» атты жырда Сегіз бен Мақпалдың ғашықтық хиқаясы шешен де бейнелі тілмен келісті суреттелген.

Осы тақылеттес колда бар деректерге сүйене отырып, сегіз қырлы бір сырлы даңқты өнерпаздың бейнесін сомдап бақтым. Омбыда оқығанын, Ресей ұлықтарының саясатына қарсы шығып үкімет әскерімен соғысқанын, Сыр бойында Қоқандықтарға қарсы шыққанын көрсеттім. Нияз серімен ғұмырлық достығын, Мүкәрәма мен Мақпалға деген маһаббатын да баян қылып едім. Мақсатым – асқан дарынды өнерпаздың көңіл тебіреністерін, ой толғауларын, мінез-құлқын көрсетіп, кейінгі буынға жеткізу еді.

Ізгілікті ту еткен өнерпаз бабаларымыз турасында талай енбек жазылар әлі. Қанша жазылса да көптік етпес. Алдыңыздағы шығарма сол казынаға косылар аз ғана үлес болар деген үміттемін, кадірлі оқырман.

Зор құрметпен – автор.

Сегіз сері

Ұстазым Сегіз сері, Нияз сері,
Солардан үлгі алған мен Біржан сері.
Біржан сал.

Сөйлесең, сөз шығады лебізбенен,
Телегей тең болмайды теңізбенен,
Қыста Сыр, жаз Арқаның бойын жайлап,
Өтінті сері жігіт Сегіз деген.

«Мақпал сұлу» жыры.
Жанқиса, Арыстан ақындар.

1 тарау

ОТ БАСЫ

1

Дос көлінің аумағы ат шаптырым жер. Жағасы құрақты, төрт-бес тұста суаты бар, табаны құм-қайрақ, жайлауға лайық тұшшы көлдің нағыз өзі. Желке тұсындағы қырқасы болмаса, бұл атырап мидай жазық сайын сахара. Сарыарқаның теріскейін алып жатқан Қызылжар өлкесінің топырағы аса құнарлы келеді. Шымы тұтас, қара топырағының қыртысы табан қарыстан асып жатады әдетте. «Түгін тартсаң майы шығады» деп, осындай жерді сипаттап айтса керекті бабаларымыз.

Биылғы жаз жаңбырлы болып, қырат тұстардың бетегесі тып-тығыз болып қақала өскен. Сай-саланың өлеңі мен бидайығы найқала бітіп, аттың бауырына келеді. Жалпы алғанда, бар атыраптың жайқалған ақ селеу бозы, толқыны көбік атқан теңізді елестеткендей... Не бір куаншылық жылдардың өзінде, ақ оты мен мен қара оты бітік шығатын бұл өлке, көшебе керейдің төрт түлік малын жүдеткен емес. Бұл иен олкені көшебеге ата қоныс қылып қалдырған атақты Толыбай сыншының ұлы Қожаберген жырау... Толыбай сыншының шежіресін таратса, сегізінші ұлы Қарабас тархан. Қарабастың ізбасары Асқаптан Көшек. Көшектің сегізінші баласы Шақшақ.

Сол Шақшақ осы күні көшебенің сөзін ұстайтын беделді қарты. Жасырақ кезінде би атанып ел атынан дау-шарға араласып жүрген ақсақал, шау тартқан соң сөзге кірісуді доғарған. Әйтсе де ыкпалсыз емес. Көшебе тұрмақ, ағайынды елдер иісі керей-уақ сыйлап, сыртынан « шешен қарт», көзіне «би еке» деуден жаңылмай-ақ жүр... Ел қайтып сыйламасын, Шақшақтың кіндігінен мауыздай жеті ұл өрбісе? Ұл болғанда қандай десеңші! Жетеуі де жеті ауыл, шеттерінен ығай мен сығай. Шалқып жатқан дәулеттері де бар, абырой атақтан да кенде емес.

Тұла бойы тұңғышы Сексен мен ортаңғы ұлдың бірі Бауыржан, ата жолын қуып би атанып жүр. Есенжан мен Қайыржаны дау-дамайға араласа қоймаса да, ағайын келесінде беделді. Ел таразысына да қанық, сырт өмірге де құлақтары қашанда түрік. Қажетті жерде сөздің майын тамызып сөйлеп те береді, ия болмаса үнсіз ғана ызбар аңғартып тартыстың өрбуін тоса да біледі. Салқын ызбарымен-ақ тірескенді ықтырады-ау сабаздарың. Өз есесін жіберген емес әйтеуір. Ағайын-анжы сипаттағандай «тістеген жерде тісі, ұстаған жерде қолы кететін» табанды азаматтар.

Осындай атқамінер ағалары болған соң ба, бидің кіші ұлдары Шағырай мен Жанат шаруа жағына қырсыздау болып өскен. Арқа

тірер котты ағаларына сенгені бар, оның үстіне өнер конғаны бар, жастайынан ән мен сән куып, шаруаға пәлендей араласа коймаған. Шағырай «сал» атанса, бидің кенжесі Жанат бозбас кезінен-ак серілікке әуес... Осы күні егде тартып жас кезіндегі желігі басылса да, өнерден біратола кол үзген жок. Өздері салдык құрып ел араламағанымен, өнерпаз атаулыға үйір. Шағырайдың ауылынан ала жаздай әнші-күйші арылмай, ойын-сауык, топыр үзілген емес. Жанаттың да жүріс-тұрысы, сөз саптасы, бәз-баяғы жас күндегісінен пәлендей өзгере коймаған. Жүйрік ат баптап, кыс бүркіт, жаз каршыға мен лашын кайыратын машығынан жаңылмай-ак келеді. Ат әбзелі, киім киісі де серіге тән. Алпыс құлаш жібек арканының пұлының өзі бірер караға татырлык. Жонасы жылтыр опайкеден, жез пыстанды, алдыңғы касына кара зер жүгірткен тұтас күміс құранды ері – осал кісінің мүлкі емеспін! – деп-ак атойлап тұрғандай.

Өмілдірік-күйысканы да жаппай зер жүгірткен күмістен. Өз әулетінен зергер шыккан соң аянсын ба? Зергерлік деген өнер бұл атада тұкым куалап үзілмей келеді. Жасырак кезінде Жанаттың ағасы Қайыржан шұғылданса, осы күні Баһрамның ұлы Сүйін зергерлікті әбден меңгеріп алған. Өз інісі он саусағынан өнер тамған міністкер болған соң, сәнкой Жанат алыстан зергер іздесін бе? Пұлы бір тайлык, тығыны бұрамалы мүйіз шакшасы да, салпыншағы мол дәндәкуы, окшантайы, кыны, әшекейлі күміс кісесі де ағасы мен інісінің колынан шыккан.

Бұл әулетте шешендік пен зергерлікпен катар батырлык та ата куалап келеді. Шакшактың жеті ұлының ішінде балуандык пен батырлык косылып келіп Баһрамға конған. Жастайынан-ак әлуетті де жүректі болып өсіп еді ортаңғы ұл. Өзі ғұмыры кісіге соктыккан жан емес. Мінезінің ұрыншактығы жок, мейілінше сабырлы. – Біздің Баһрам жер козғалса да каперіне алар ма екен? – деп, құрдастары әзіл ілсе ілгендей-ак. Той-томалактарда өзі ізденіп күреске шыккан күні де жок. Көшебе жактың есесі кетіп, шығарған балуандары кирай жеңіліп бара жатса ғана, орнынан копаңдай бастар еді әдетте. Оның өзінде желөкпелеу ағайын намысын шабактап, әбден мазасын кетіре бастаса ғана.

- Мына өгіздей өңкиген денеңмен не кылып шыдап отырсың, саппас-ау? Намыска шаппас па жігіт деген? Сүйегіңде дән жок-ау осы сенің! Әнекей біздің балуандарды шопак құрлы көрмеді ғанау дәй. Маңкиып отырғаны несі мына нансоғардың? – деп, тең-тұс замандастары тіл уытын төгеді-ай келіп.

Жөпшенді себепке тебірене коймайтын Баһрам: - Өңшең шуылдак мазаны алдыңдар-ау ызыңдап. Берекені кашырғандай не дүние бүлініпті сонша? Жығылса жер көтерер, со да намыс боп па?

Күрес болған соң балуанның біреуі басым түседі де. – деген үәжбен мырс беріп, шешіне бастар еді.

Әл-шамасын білетін көпшілік: - Ал енді тызақтамайық. Бұл қаскаң бір козғалмасын, козғалса жан шыдатпас. Анау жойытка тұрыстық берсе осы-ақ берер. – деп, үндері өше қалатын.

Шынымен-ақ, белдесе кетсе екі аяғын тік басып жүрген еркектен жығылған тұсы жок Баһрамның. Өзінен тұрпаты әлдекайда зор не бір түйе балуандарды бірер айналымға келтірмей-ақ тізе бүктірер еді. Орасан кайраты мен тәсілкойлығы сай келген соң, талай алыптарды ыңыстырып жіберетін. Бір ерекшелігі, жаратылысынан кішіпейіл Баһрам өзін өзі «балуанмын» деп ешкашан дабырайткан емес. «Батыр» деген атакты да, бұған сонау бір жас кезінде үзенгілес жамандастары коскан. Өзі болса: - Қайдағы батыр? Найза ұстаған ерлердің заманы өтті ғой әлдекашан. Әттең десеңші! Орыска бодан болған соң батыр тұрмак, сарбаз атанудың өзі кисынсыз болар.- деген ойлеліп көлденең тартып, кошаметтен ат-тонын ала қашар еді.

Десе де, бұның «ер» атануы себепсіз емес. Өзіндік тарихы бар, маңайын келесінде ұмытылмас бір окиға. Азаматтың атын шығаратын ел пікірі екені ежелден мәлім. Ел құлағы елу демекші, халайыктың кырағы көзі де, кашанда түрік құлағы да бар. Қиядағыны шалатын сол көздер, жамандыкты да жаксылыкты да калт жібермесі мәлім.

Баһрамның жас кезінде атакты Марал ишан «ғазауат» жариялап, патша билігіне карсы кол жинайды. Дінге берік Шакшак та бұл котерілісті колдап ниеттес болған. Жігіттердің басын құрастырып ишық соғыска катысайын десе, әскери күштер шоғырланған мекендер ниіп тұр. Анау «Стап», «Кіпитан», «Құтырлаған» деген станицалар казак-орыстың құжынаған әскеріне толы. Қарсылыкты сезсе-ак, тап беріп бейбіт ауылдарды шауып алмак. Мұздай каруланған солдаттардан каупайлағанымен, Шакшак ат-көлік, азык-түлікпен котерілісшілерге астыртын жәрдем беріп тұрған. Бұл көмекті жеткізетін Баһрам. Бірер жанама жігіті бар, шағын керуенді тұнделетіп жүргізер еді. Күн баласында шок ағаштардың тасасына оскініп бой тасаламаса, жау тыңшыларының көзіне түседі.

Бесатарын кезеп, зеңбірегінің ауызын үңірейткен тәртіпті әскерге ағаш окпен карсы шыккан сарбаздар төтеп бере алсын ба? Лау етіп тұтанған көтеріліс ұзакка бара алмай саябырсып, аяғы сиыр күйімшактана ақыры басылады. Баһрамға ілескен бес-алты ортбастан аман оралғаны аткосшысы Іңкан ғана. Баһрамның екі жак шыкшытында кос тыртык бар, оң колының екі саусағы бір буынынан шабылып молак болып калыпты. Іңкан-екең болса дін аман.

- Қай кезде жараландың? – деген сауалға жарытып жауап бере коймайды Баһрам. Ауылдастар тіпті болмаған соң ғана:

- Е-е, мына болмашыны айтасыңдар ма? Соны да сөз деп. Қуғын-сүргін көрген соң ондай-ондай бола береді де. Тіпті есімнен де шығып кетіпті бұл жараның жөні. – деп жорта ойланған болады да, - е-е, айтпақтайын, қыздар тырнап алса керек. Оятам деп іргесінен бармаймын ба, жазған басым? Туырлықтың тесігінен қол жүгіртем ғой баяғы. Әлгі қызы түскір қияңқы екенін итім біліп пе? Саусағымнан қыршып алып, бетіме бес қармағын салсын-ай келіп. Тырнағы мұнша уытты болар ма зәнталақтың? Нағыз зәр шөбіне кезіккенімді қайтерсің? Қыз дегенің сойқан келетінін білсемші аңқау басым. – деп, сөз аяғын әзілге шаптырар еді.

Жауапқа жарымаған ағайын Іңканды айналдырады. – Айт көрген-білгеніңді! Еш жасырма. Бәрі бір білмей қоймаймыз. Талай боздақ кетті ғой шәйіт болып. Не сойқанға кезіктіңдер? – деген сұрақпен қыспаққа алсын келіп.

Жарлы ағайының баласы, қалқаң құлақ, бүйрек бет, шикіл сары Іңкан аңқаулау аккөңіл еді. Оның үстіне сөзге де үйірлеу болған соң, қамшы салғызбай-ақ басынан өткергенін жыр қылып дәттеп берген.

- Ойбай, анау Баһрамды қажамай-ақ қойыңдар! Қаны бұзылып келді оның. Ажалдан қалды не керек. – деп сағал көздері бақырайып, тазы көрген көжектей түсі қашар еді. Іле сол бір оқиғаны көзіне елестеткендей қабағы түйіліп басын шайқайтын да, кеңесін бастап кететін.

- Сарбаздарға азық жеткізіп елге қайта алмай қалғанымыз. Ишанның жасағына амалсыз қосылдық-ау кеп. Айнала анталаған жау. Жүз қаралы казачилердің қосынына тап келмейміз бе бір күні. Біздің де санымыз мол. Найза гулетіп қаптай шаптық. Бесатары сай солдаттар қоян қолтыққа жақындатсын ба? Жүздеген мылтық қосамжарлана гүрс берсін. Күн күркірегендей-ақ тарс еткені, атаңа нағлеттің! Құлақ тұнды, зәре кетті. Айнала көк түтін, құлаған жігіт, шыңғырған ат. Алдыңғы легіміз шалғымен орған еркек шөптей сұладық та қалдық. Батырға да жан керек демекші, өзгеміз тым-тырақай қаштық та кеттік.

Бір талай ұзап тізгін тартсақ, түтін сейіліпті. Есімізді жиып арт жаққа қарамаймыз ба?.. О тоба, жалқы біреу қалың солдатқа қарсы шауып бара жатыр! - Беті қайтпаған бұ қайсы болды? - деп жігіттер аңтаң. Көш құлаш найзасының ұшындағы ақ асаба сұр желегі желбіреп барады. Толықсыған порымынан тани кеттім, өзіміздің Баһрам.

Орыс жағы да өлермендігіне таң қалса керек, оқ жаудырмай күтіп тұр. Казачилер қылышқа мықты келеді ғой. Тышқанмен ойнаған мысықтай қызықтамақ болды ма кім білсін, әйтеуір шептерін ашып орталарына ала берді. Екпіндетіп барған Баһрам суға лақтырған тастай-ақ, қалың қолдың ішіне күмп беріп жоқ болды.

- Қуырдақша турап тастайды-ау боздақты! Көзсіз ерді азаптап өлтіреді-ау кәззаптар! – деп, жан-жағымдағы жігіттер күйініп сандарын соғып-ақ жатыр. Десе де, қолдан келер қайран жоқ. Сарбаздардың беті қайтып қалған. Қайта шауып көрінеу ажалға кім барсын?

Сөйтіп әрі-сәрі дағдарып тұрғанда, құла қаска арғымақты оңқастатып ақ сәлделі біреу шыға келсін. Қарай қалсақ Марал ишанның өзі! Күміс сақалы белуарына түскен, жібек сәлдесінің ұшы желмен ырғалады. Қанжығасына кебінін бөктеріп алыпты. Аймбалтасын аспандата айғай салсын.

- Уа, бауырлар, анау азаматымызды кәпірлер азаптап жатыр емес пе! Тым құрығанда сүйегін алып қалайық. Қаптап шаппай, араларыңды ашып селдірей шап, сарбаздарым. Қанатты кең жайып коршап алайық жауыздарды. Садақтың оғын жібере шабыңдар. Оққа ұшқандарымыз шәйітпіз. Ия жасаған, қолдай көр! – деп, құла атты тебініп қалғаны.

Артына да қарамай аткан оқтай зулап берсін. Періштелер қонатын ақ сақалы желбіреп сардардың өзі бастаған соң, бұғып қалу өлім емес пе? Қамшыны көміп-көміп жіберіп жаппай ат қойдық. Шоғырланбай, бытырай шауып келеміз. Мергендер жағы сар садақтан оқ жаудыруда. Қарамыз мол-ақ. Қоршауда қаламыз деп ескенді ме, казачилер көп атыспай ығыса жөнелді.

Салып ұрып Бәһрамды қамаған тұсқа жетсек, өзі жоқ. Мәссаған өзгелдек, өлсе сүйегі жатпас па? Жаңушырған арпалыстың ізі сайрап жатыр. Маңайы үйілген өлік. Бастары мойын омырткасынан қыркылған, бұғанасынан белуарына дейін қақ айырылған солдаттардың мәйіттері. Ірттеулі бос аттар әскердің соңынан кісіней шұбатылып барады. Сонадайда шаңға көміліп Бәһрамның найзасы жатыр.

- Бұ жігітіміздің сүйегі қайда? – деп аңырып тұрсақ, кенет «Ошыбайлаған» айғай жетті. Бақсақ, Бәһрам-екең ұрандап, жылыскан дұшпанды куып барады. Қолында ақ семсер, өзі дін аман.

- Алда сабаз-ай, бар екенсің ғой! – деп, біз де куып бердік. Қашкан жауға қатын ер демекші, сол сапар бір талай солдатты жер жастандырдық-ау, шіркін. Бізді оп-оңай басып-жаншып өтеміз дегендері іске аспай, құрамай қапты баскыншылар. Ишанның тақымындағы ат оққа ұшқан еді. Аттан құлағанда бұғанасы мертіксе керек. Ат ауыстырып мініп, иығын таңып алған соң:

- Әлгі батыр жігітті маған келтіріңдер. – деп бұйырғаны.

Үсті-басына шаң мен қан араласа баттасқан Бәһрам келгенде, піріміз: - Міне азамат! Қанын торсыққа құйып алған деп осындайды айтады да. Бағзыда өткен көзсіз ерлердің саркыншағы бар екен-ау ел ішінде. – деп разы болып, батасын берген. Ишанның ауызы дуалы

екен. Сол күннен-ақ жап-жас басымен батыр атанды да кетті бұ жігітіміз. – ұзақ кеңесін осы тұжырыммен тәмамдар еді Іңкан.

Таң-тамаша қалған әлеумет: - Қалай аман қалдың? Казачилер қылышқа жойқын келуші еді ғой. Сілтегенде жеңді білектей талтеректі қырқып түседі деуші еді. көргендер. Сені не қылып тірі жіберді? Тақа болмай бара жатса мылтықпен баса салмай ма? Айтсаңшы былай кепиетсімей! – десіп, Баһрамға сұрақ жаудырған.

Қыспаққа алған ағайынға күлімдей ғана көз жүгірткен азамат: - Е, несі бар? Атымды шыр көбелек айналдырып наркескенімді сілтей бердім. Басымда болат дулыға, сол қарымда қалыңдығы елідей құрыш қалқан, иінімде бадана көз кіреуке, мұртымды балта шапсын ба? Алдаспаным солдаттардың қылышынан табан қарыс ұзын болып шықты. Келсең кел деп сілтемеймін бе? Әйтеуір өлдім, жастығымды ала кетейін деген есеп қой менікі. Мылтық атайын десе жер тар. Өз кісісіне тигізем бе деп қорықты білем. Жаудың ығы-жығы көптігі өзіне кесірін тигізгені де. – деген сөзбен миығынан күліп қойып Іңканға назар жыққан,

- бұ суайтқа сене бермеңдер.Түймедейді түйедей қылмаса ішкен асы сіңген бе? Ауыз дарбаза сөз самал демекші, бөсе береді де. Қару жарақ сай болса, әркім-ақ жауға тұрыстық берер еді. Жігіттердің қаруы кемшін соқты ғой. Мылтық түгілі қылыш та жоқ көбінде. Дұшпанның бел алып кеткені сол дағы. – деп дағдылы кішіпейілдігіне басып, Іңканның әңгімесіне сын тағар еді.

Алайда, шындық шіркін бұзып-жарып шықпай ма. Көп ұзамай Іңканның сөзі расқа шықты. Маңайдағы елдерден қатынаған жолаушылар:

- Батырды көрейік деп аттың басын әдейі бұрдық. Жұрт аңыз қылып жүр ғой Баһрамды. Арпалысқан жерінде он үш солдаттың сүйегі қалыпты. Шайтан дожнаға жеткізіп қырыпты ғой дұшпанды. Бабасынан қалған алдаспаны, оқ өтпес кіреукесі бар деседі. Соны бір көрсек. – деп, қолқа салатынды шығарды.

Шайтан дожна, яғни он үш деген санды қайдан шығарғандары өздеріне ғана мәлім. Қазекең біреуді мақтаса асыра сілтеп жіберуі де ғажап емес. Табандылығына тәнті болған соң, не бір ерлікті таңа береді де. Ажал аранынан сытылып шыққан жігітті дәріптеген түрлері шығар. Әйтеуір Баһрамның мұздай қаруланған қалың әскердің қоршауынан аман шыққаны рас. Сол жәйттың өзін аңыз қылып, атын шығаруға жетіп жатқан жоқ па?

Қонысы аралас уақ, атығай-қарауыл ғана емес, сонау бағаналы мен қыпшақтан сұрастырып жеткендері не сан. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жетеді демекші, ұзын-құлақтың хабар-ошары жыраққа кеткен екен. Батырдың кару-жарағына дейін сипаттап,

мақтауын асырса керек. Бұл дәріптеулері негізсіз де емес еді. Үнемі сандық түбінде күтіп сақтайтын қару-жарақ бар болатын Шақшақ бидің әулетінде. Сонау жауынгер баба Қожаберген жыраудан қалған ақ сауыт, жалманы бір жарым кез аспаһани наркескен сияқты қарулар. Бұл алдаспанды сілтеу деген тек қауметті жігіттің қолынан келмек. Ал енді сілтей алған батыр қол, қара тасты қақ жарары сөзсіз. Үкімет қаруландырған казачилердің қылыштары шақ етіп наркескенмен айкасканда, майырылып қалатын көрінеді. Семсердің жүзінде болса із де қалмайды екен.

- Пай-пай шіркін, мүлік-ау мынау! – тәу көрген меймандар алдаспанның дандан сабын сипап, таңдай қағып тұжырар еді. – Өзі білдей ғой. Жөпшенді кісі қос қолдап та көтере алмас. Бұны сілтей білген сарбаз жан шыдатар ма екен десеңші. Бет қаратпасы кәміл дағы.

Ел ішіне кенеттен жайылып кеткен бұл сөзден Шақшақ әулеті іш жиып та қалған болатын кезінде. Баһрамның пәлен солдаттың жанын жаһаннамға жібергенін қаладағы ұлықтар біліп қалса, жігіттің басы құрыды дей бер. Үкіметтің қаһары қақап, қылышынан қан тамып тұрған тұрған кез. Көтеріліске қатысқан сарбаздарды жаппай қудалауға алып, ит жеккенге айдап жатқан отаршылдар бұндай оғатпан қылмысты кешірмесі бесенеден белгілі.

Алайда ағайын келесі бекер күдіктенген болып шықты. Ел ымырасы берік болып, бір де бір сөз шашау шықпай ұлықтардың құлағына жеткен жоқ. - Ғазауат! – деген ұранмен намысқа шапқан ауаматтың жанкешті әрекетін жасыра білді қалың бұқара.

Сөйткен Баһрам осы күні қырықтың ішіне мол кіріп, тоқтасқан ауамат, қадірлі отағасы атанып отыр. Қарауылдың атақты биі Қанай әулетінен қыз алып, содан алты ұл көрген. Үлкендерінің аяғын шырмап, немере сүйіп те үлгірген. Кіші үш ұлы қолында.

Көлдің теріскей беттегі қырқасында ірге тепкен ақ үйлі ауыл Баһрамдікі. Алты қанат ақ үзікті орда өзінікі де, қасында бой түзеген үш отау үйленген ұлдардікі. Окшауырақ тұрған бес қанат шатпа – қонақтарға арналып тігілген. Қотанның шетіндегі төртті-бесті қоңыркай үйлер қоңсы-қоланшынікі. Мама ағашқа жапсарлас салқар желі тартылған. Желіде байланған елу шақты құлын ыстықтан бойкүйездене пысынауда. Мажар арбаның астында екі-үш көпек қолеңкелеп, тілдерін салақтата шөкесінен жатыр. Ала мойнақ қаншықтар сонау көл жағасындағы топ балаларға көз тіксе, құж желке арланның назары орда жақта. Иесінен бір бұйрық болып қала ма дегендей, үйдің сыртында жамбастап жатқан отағасының кимылын қалт жіберер емес.

Тай теріні көлеңкеге төсетіп қымыз сіміріп жатқан ауыл иесі Баһрамның өзі. Түс ауған мезгілде, осылай көлеңкелеп жататын әдеті

болушы еді. Қолтығында құс жастық, иінінде жадағай шапан, жейдесінің жағасын ашып тастаған. Ұстарадан жаңа шыққан үлкен басында жиегіне өрнек жүгірткен қыжым такия.

Қырықтың қырқасынан асып елуді алқымдаған отағасының күтімді мұрты мен қою шокша сақалына ақ араласа бастапты. Асылы, бұл тұқымның сақал-шашы ертерек ағарушы еді. Келбет жағынан Баһрам әкесіне тарткан. Қоңыр өңді, кең маңдайлы, шыкшытты жүзіне жалпақ құндыз қасы мен қыры көтеріңкі мұрыны жарасып тұр. Қалың қабақтың тасасындағы кой көздер айнала дүниеге сабырмен қарайды. Жалпы алғанда Баһраммен тәу дидарласкан кісі: - Көпті көрген жан болар. Жанарында ес тұнып тұр-ау. – деп пікір түйер еді.

Жігіт кезінде балуанға түскен әндемді кісілер, егде тарта балпиып семіретіні бар. Әсіресе ішіп-жемге тарыкпайтын аукаттылар жағы қырыкка тақаған соң-ақ, мыкыны мен құрсағына май жинап шермиіп шыға келеді. Баһрамның тұлғасы болса бәз-баяғы кылшылдаған жігіт кезіндей. Қол-аяғы балуанға лайық сом келгенімен, тұла бойы артық майдан ада. Жалпы тұрпаты семізден жараған казанат рәуіштес. Бұл бабы ең алдымен енбеккорлығының арқасы. Қайсы бір байлардай емес, кара жұмыска, дене кимылына жас кезінен-ак үйір болатын. Ауыл аймак болып пішен науканына кіріскенде, әлі күнге алдына жан салған емес. Шалғы сілтеп сапка тұрғанда, карымы кылшылдаған жас жігіттерден бетер. Есенжан інісі:

- Уа, бұның не? Жалшы-жалаугер сиякты кара терге малшынғаның? Шаруаның кара кыртысын айналдырам деп, пысыксыған түрің бе? – деп әзіл іліп кағытар еді.

Маңғаз пішінді, жалкын сары Есенжан отызға толмай-ак торалып сүбесін калың шел басып еді. Онысын мактан тұтатын да. – Семіз кісі суыкка да шалдырмайды, ымшык-шымшыкка да бой бермейді. – деген пікірді ұстануші еді. Қозы карнын сипап, толык та мол денесін ырғалта, ыңырана балпаң басып жүргенді өзінше сән көретін. Етжеңділікті аткамінер атаулыға лайык порым деп біледі. Бауырының бұл кыжыртуына айылын да жимаған Баһрам:

- Еркек кіндікті деген азамат кауырт кимылды бойына мін көрмес болар. Тер төгіп жұмыс істесең, бойыңа кан тарап асың сіңеді. Бұтында безі бар еркек боп туған екенсің, арам ет жинағаның жөн емес. Ер-азамат шакпак етті, сіңірлі келсе керекті. – деп өзінше үәж айтар еді. іле:

- Немене бұ, күмәнды катындай карыңды шермиткенің жасыңа келмей жатып? Бала таппакпысың? Қашан туасың сол шакалакты? – деген әзілмен, кісімсіп тұрған інісінің шартык карынына шапалакпен салып өтетін.

Өз басы да бақуатты болғанымен солқылдаған мырзалардың тірлігін жақтыра қоймайтын Баһрам. Билікке араласып жүрген ағайындары Сексен мен Бауыржанға:

- Сөз бағуды өздеріңе-ақ бердім. Шаруаны мен-ақ айналдырайын. – деген сылтаумен дау-дамай атаулыдан ат-тонын ала қашар еді. Өзіне салса, ел ішіндегі бүліктің көбі бай-мырзалардың жалқаулығынан.

– Сөз бақпай кәсіп бакса ғой, әлек-алқын, барымта-сыдырымта азаяр ма еді қайтер еді? Бай біткен кедейді жалдап малын баққызады да, өзі қымызға қызара бөртіп қызық іздейді. Қызығы не дейсің ғой сонда? Беті жылтыр ұрғашыны айналдыру, момынның малын қақшып алып оңай олжа табу. – деп, әлдеқашан тіріліктеріне сын тағып та қойған.

- Сол ел тұтқасы бай-мырзалар дау-дамай қумай, елді өздері бастап енбекке жұмылдырса ғой, талай жұттан аман қалар еді қазақ. Мына кең жазираның найқала біткен шөбін шауып маялап алса ғой, мыңдаған малды қыстатып шығуға болар еді. Байшікештеріміз болса, ала жаздай қымызға мастанып шөптің басын сындырар ма екен? Малдың тұяғына ғана сенген ел, алты ай қыстан өлердей қоркатыны да сол жалқаулықтың кесірі. Қараша-қауыста кардың беті кабыршақтана мұздап қатып қалса, жандықтың дені қырылды дей бер. Мыңғырған байлар жүген ұстап сымпиып шығатын апат жылдарды талай көрген жоқ па бұл ел? Сондық, қапы қалмаудың камын ойлайық ерте бастан-ақ. – ағайынға деген осы тақылеттес ескеруді өзіне парыз деп білетін.

Осы жәйтты дәйім есте тұтқан Баһрам, ел күзекке түсісімен-ақ пішен әзірлеу науқанына кірісер еді. Бұғанасы қатып енбекке жарайтын бар еркек кіндіктіні жұмылдырып, қар түскенше қауырт кимылда болады. Есесіне, Шақшақ биге қарасты ауылдар не бір каһарлы қыстардан қылшығы құрамай шығады әдетте.

Былайғы кезде де қарап отыруды сұқаны сүймес еді. Қол өнер атаулыға епсекті-ақ. Ерінбеген етікші болады демекші, елгезек адам ден қойып шұғылданса игере алмайтын кәсіп болмайтын да шығар. Кедейлер жағы кәсіппен күні үшін айналысса, Баһрам әуес көреді. Сонау жас кезінен бір меңгергені – өрімшілік. Бұзау тіс, жылан бауыр ағты өрме, он сегіз өрме дырау қамшыларды әспеттеп өруге епті-ақ. Ер тоздау, ызба айыл, тартпа, өрме жүген сияқты ат әбзел жасауға да шебер. Түйе, ту бие, өгіз сияқты ірі мал сойылғанда, ені жалпақ үйекті өзі тіліп алады. Сілтіге сала түгін түсірген соң саталғыдан өткізіп, ерінбей-жалықпай өзі илейді.

Иін қандыра малма сапсып ешкі терілерін илейді де, қажол, шабыра аталатын жұмсақ та жұқа былғары шығарады. Бұзау терісінен илейтін онайкесі де әрі жұмсақ әрі берік болады әдетте. Қолы әлуетті болған соң ба, илеп шығарған былғарысы мен қайысы аса сапалы келеді.

Бұл ісмерлікпен шұғылданғаннан кәдуілгідей ләззат та алады енбеккор азамат. Қайыстың ашқылтым иісін, екі қолының бұлшық еттеріне кан ұйып талғанын ұнатар еді. Күн ұзақ сүйікті кәсіппен шұғылданып, түн баласында тынығып ұйқы сілтеген кандай тәтті шіркін! Басың жастыққа тиісімен көзің ілінеді де, таң атканша тұяк серіппестен жатасың-ау. Тумысынан мелжемді болған соң ба, күш жұмсайтын кәсіпке жаны құмар.

Тағы бір әуесі – балташылық. Көшебе керейдің кыстаулары орманды келеді. Шакшак ауылдарының кыстауы да «Толыбай жалы» деген ну орманның ығында ірге тепкен. Бабалары Қожаберген жыраудың әкесі Толыбай сыншының есімімен аталатын бұл орманның панасы жылы корадай дерлік. Ағашы да тұрмыстык кажеттерге колайлы-ак. Жергілікті ел бұл орманды меншігі деп біліп, кажетсіз бір бұрауын да сындырмайды. Алты ай кыс бойы отынға жұмсайтыны сары ки. Ал енді арба-сайманға, үй сүйегіне ағаш іздегенге бұл ну жыныс таптырмайтын койма.

- Керейден ұл туса ағашка күн туар - деген мәтелді тегін шығармаса керек, сыбай коныстанған елдер. Қыстаулары көбінесе карағайлы көдік, шок-шок кайынды шұбар болған соң, байырғы ел ағаш ұсталығымен айналыспай койсын ба. Екі колын кусырып отыра алмайтын Баһрам да бозбас кезінен-ак ағаш өңдеу өнеріне ден койған. Ну орманның шытырманына бойлап, діңі түзу карағайды көздегенге не жетсін, шіркін! Қымыздай жұтымды ауасын күн ұзак сімірсең, өкпең ашылып, бойың сергіп калады. Шырыш лебі аңкыған саф ауасының нәрі соншалык, кырдан тәу келген кісі маужырап ұйықтап кетуі де ғажап емес. Қиылған карағайдың діңін сүргілегенде бұркырай шығатын шайырдың иісі де тым ерекше. Осы хош иістер жастайынан танауын кытыктап өкпесіне сіңген Баһрам, ағаш ұсталығынан әсте кол үзсін бе?

Үлкен ұлдардың аяғын шырмағанда үш отаудың да сүйегін өз колымен жонып, құрастыра иіп, томар бояумен сырлап шығарған. Бұл ет тірлігін ағайын сан-сакка жүгіртіп, кызғанатындар:

- Шығымсыз неменің ұстаға беретін бірер карасын аяғаны ма? Бар кісі ғой, құдайға шүкір. Күнін көре алмай жүрген кедей-кепшікке ұксап, ыскауыр мен кашау шеңгелдеп ағаш шұкылағаны несі? – деп, сыртынан пыш-пыштаған болатын.

Тілеулестер жағы болса: - Колы епсекті-ак, несін айтасың? Кіріскен істі тындырмай коймас. Бұ ісмерлік дегенің де бір алданыш кой азаматка. Жанын салып істейді-ау сабазың. Уыкка жонған сымбылдары октай жұмыр да біркелкі. Байтесемен шаңырак иіп, күлдіреуіштің бакалактарын орнатканда мін таға алмассың. Шеберден мін алатын міністкер осындай-ак болар... Құдай

жарылкайын десе оңай ғой. Әрі дөңгелек дәулетті, әрі ісмерлікті бір басына үйіп-төгіп бере салғанын көрмеймісің? – деп тамсанар еді.

Сөйткен Баһрам бүгін де таңмен таласа тұрып, бір талай істі тындырып тастаған. Жайлаудан күзекке көшкен соң-ақ, пішен әзірлеуге кірісу керек. Соның камын осы бастан ойлап бел ораққа, айырға, тырнауышқа сап жонумен айналысады. Арбамен пішен тасығанда берік бастырма керек екенін де қайтып ескермес. Ол да керегінде таптырмайды. Шалғыны төске салып шыңдап, майлап қоймасаң жүзін тот баса береді. Ырдуан арба, мажар арбаларға да күтім керек. Білігі мен тұмылдырығына баттитып тұрып кара май жақпасаң, шиқылдап мазаңды алар.

Әдетте қазакең бұндай камға салақ келеді. – Ағаш камшы көп, алтанарда жоқ - демекші, ала жаздай қымыз бен қыдырыстың қызығына еріп дәл науқан келерде құралын таба алмай жүргендері. Арбасының доңғалағы шиқылдай киралаңдап, тегеріші жарылып, карадай әлекке түсетінін кайтерсің?.. Ондай бейкамдықтың адамы емес Баһрам. Қыстың камын жаз ойлап, жарғақ құлағы жастыкка тиер ме екен...

Зерен толы кымыздан ұрттап қойған отағасы үй жакка көз тастап қойды. Әлдекімді іздегендей. Көздегені зайыбы Жамалдан басқа кім болсын. Отағасының кабағын аңдып бабын табатын, құдай коскан осы халал жұптысы ғана. Сонау бозбас кезінде отасқан қосағы.

Бұның әр кимылын шынымен-ақ бағып отырғандай, үйден көлең етіп жамағаты шыға келді. Қолындағы сырлы аяқта Баһрамның ұнататын тағамы – піскен каймакка езілген ірімшік. Бір колдағы кішірек табакта жуканан. Күндігі ағараңдап әдеппен баскан Жамал, дәмді отағасының алдына қойып өзі де тізе бүкті... Күйеуінен екі жас кіші Жамал биыл кырық беске толады. Алты құрсақ көтерген сары карын бәйбіше дейтіндей емес, сындарлы бойында артық ет жоқ. Жазық маңдайлы калам кас елібінің де ажары тая коймаған. Көз айналасы мен ұртында болмаса, бидай өңді әлпетінде пәлендей әжім де жоқ.

Жамалдың шыккан тегі карауыл ішінде атакты Қанай бидің әулетінен. Бидің ұлы Бекболаттың қызы. Бекболат пен Шакшақ сонау жас кездерінде көңілдері жарасып, ежекабыл ғұрпымен іштегі балаларын коспакка бел құда болып сөз байласады. Құдай тілектерін беріп бірер жылдың ішінде біреуінен ұл, біреуінен кыз туып құйрық-бауыр жескен құда болыскан... Баһрам он жеті жаска келгенше калыңдығын көрген де жоқ, іздеп бармакка құлшына да коймаған. Ағасы Сексен бұны сөзбен кажап:

- Оу, құрматлу мырза-еке, не білгенің бар? Сомадай боп бойдак калпы жүре бермекпісің? Өлі-тірісін берген соң, тірі күйеу жата ма демекші, ұрын бармаймысың қайын жұртына? Алатын малын әлдеқашан алды карауыл. Білігі сандалып жүргенің не? Еңсе караны

областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
Петропавловск

қайын жұртыңа байлап, көгілдіріңді айдынға қондырмаймысың, саппас-ау! Піскен түйнекті алтын кездікпен жарар мезгіл жеткен жоқ па? – деген әзілмен үлкендігіне бағып, оңашада қыжырта беретін.

Сексенді Шақшақ би он төрт жасында үйлендіріп еді. – Тұла бойы тұңғышым, қызығын көрем. Он үште отау иесі деген бар. – деген сөзді желеу қылып, аяғын ерте шырмаған. Баһрам он жетіге толғанда, өзінен екі жас үлкен ағасы бірер баланың әкесі болып, тоқтаулы отағасы атанып та үлгерген еді.

Он тоғыз жас деген немене тәйірі? Нағыз бозбастық құрар дәурен емес пе? Содан болар, уайымы жоқ, салт басты сабау қамшылы жүрген інісінің тірлігіне қызығып та қоятын. Ағасының балалы-шағалы тұрмысын көріп өскен Баһрам болса, - әйел ер жігіттің аяғына тұсау - деген ұғымды ұстанып, еркін өмірмен қош айтысуға асыға қоймайтын. Әуесі – саятшылық пен аңшылық. Шиті мылтық өңгеріп аңға шығады. Қыран шүйіп саят құрады. Жап-жас басымен «мерген», «ұры түсіргіш, әндемді жігіт» деп те атанып үлгерген.

Әйтсе де, Сексеннің қыжыртуына әкенің де үні қосылып, жасы он сегізге іліне үйленіп тынды. Уыздай жас, мөлдіреген қалыңдығы үріп ауызға салғандай бәденді екен. Көркінің үстіне хатқа жүйрік болып шықты. Бекболаттың ауылы Бұқара шәріпте оқыған ғұлама молда ұстап, бар балаларының тілін жеті жасынан-ақ сындыртады екен. Жамал болса қаршадайынан зеректік таныпып, жазу-сызуды қағып алады.

Шақшаққа қарасты ағайын да оқудан кенде емес. Білімді молда ұстау өз алдына, Қожаберген бабасынан бері жиналып, сақталып келе жатқан сандық-сандық кітаптары болатын бұл әулетте. Иленген бұзау терісіне жазылған көне шірнеуіштер де, қағазға жазылған рисалалар да баршылық ішінде. Қолдан көшірілген бұл кітіптар бірнеше салаға бөлінеді. Бір парасы құран-кәрім, мұқтасар, хадистер бастаған дін тақырыбындағы қиссалар. Көлемді бір бөлігі – батырлар жыры, оның ішінде Қожаберген бабасының « Елім-ай» дастаны. Және бір әшекейлі сандықшада – ғашықтар тақырыбындағы қисса-дастандар.

Бір ғажабы, жаңа түскен келін осы кітаптардың бәрімен таныс болып шыққаны. Қайсысын қолына алса да, мұқабасын сипап жіберіп ескі көз таныстай-ақ жымың қақсын келіп. Аша салысымен судырата оқи жөнеледі. Қиссалардың денін жатқа қирағаттайтынын қайтерсің... Не керек, түскен жылынан-ақ «молда келін» болып атанды да кетті.

Алғыр зейініне тәнті болған Баһрамның да желекті келіншегіне деген сезімі арта түсті. Араларында лаулаған асықтық тұтана қойған жоқ әрине. Бір бірін ғұмыры көрмеген, әкелерінің бұйрығы қосқан жастардың арасында ондай сезімнің пайда болуы да неғайбіл... Әйтсе де, көңілдері тәу көргеннен-ақ жараса қалған. Жараспаска негіз де жоқ, сарапқа салса. Қиғаш қас, нәркес көз, тал шыбықтай бұратылған

бой сымбатында мін жок сәулімді көрген бозбаланың жүрегі қайтып елжіремес. Сырт көркінің үстіне мінәйім мінезі жібектей есіліп тұрса, ұпатпаска лаж кайсы.

Баһрам да құшак толар жігіттің нағыз өзі. Бадам кабак, кобаған мұрын, ерге лайық келбеті де бар; төстек кеуде, жауырынды тұрпаты да коз тойғызғандай. Және бір артықшылығы – мінезі кең. Үй ішінің күйбеңіне, жыбыр сөзіне ғұмыры араласкан жан емес. Жұрттың еркегіндей әйелге зекіруді де білмейді. Есесіне бұл мінезін бағалаған Жамал, ерінің кабағымен жүреді. Балаларын да каршадайынан әке сыйлауға баулыған. Бала демекші, етегі құтты болып кіл атұстарға жарыткан түрі анау. Өз басы көргенді, оның үстіне кошкардай-кошкардай алты ұл тапкан Жамал ауыл-аймакка сыйлы болып, осы күні касабалы бәйбіше атанып отыр. «Бәйбіше» деп жастар жағы сыйлаған-нан атағандары болмаса, әншейін сөздің сырағысы ғана. Әйтпесе токал алу жағын Баһрам тілге тиек етпек түгілі, каперіне алды ма екен. Тілін сүйрендеткен сөзуар кей құрдастар бұл мәселені быксытса:

- Қанай бидің аруағын сыйлағаным. Текті әулеттен шыккан жамағаттың үстіне кайтып токал аламын? – деп құтыла салады.

Онысы «ал тілі», сырғытпасы ғана. Төсек жаңғыртар ниеті болса, дәулет жетерлік кой құдайға шүкір. Бірак, мәселе дәулетке тіпті тіреліп те тұрған жок. Мәселе ұштығы – көңілде болып тұр-ау. Көңіл болса, бар ынты-шынтысымен Жамалда. Араларында алып-ұшкан сезім болмағанымен, бір калыпты маздап жанған оттай сүйіспеншілік әлдекашан орнаған. Бұл сезімін сырт түгілі өз өзінен де жасырғандай Баһрам. Добалдай еркек басымен көңілшектікті мойындауды өз бойына мін көреді. Бірак кісіден жасырғаныңмен құдайдан қайтып жасырарсың демекші, акикаттан кайтып құтыларсың. Акикатка келсе, пәлен токалды Жамалдың баскан ізіне алар ма екен.

Жас ұлғая жұмыр басты пенде сырлас іздейді екен. Ондайға өз жұбайың жараса құба құп кой, шіркін. Көңіліндегі алғауды сейілте білер, дәл сондай сырлас-ау осы жамағаты. Қасында үн-түнсіз-ак отырғанның өзінде, көңіл бір алуан орнығып жайдары тартатынын кайтерсің.

Міне казір де дәм ұсынып касына тізе бүгіп еді, Баһрамның өңі жылып сала берді. Жамбастаған калпынан түзеле отырып, ірімшіктің бірер касығын жөремелдете ауызға жібере шелпектен үзіп жеді де, үртын бұлтыңдаткан калпы косағына сұраулы жүзін бұрып:

- Әлгі Кәкентай кайда? Көрінбейді ғой. Тағы бір жакка лағып кетпесін. – деп тіл катты.

Жамал майда жымиып: - Қайда болушы еді ол жүгірмек? Мұкаштың соңында жүр де емпеңдеп. Қыл елі калсайшы; бір масыл сол балаға. Үйдің маңайында бір отырсайшы зәнталак. – деген сөзбен

сырлы тегештегі қымызды сапыра бастады. – Сүр әкелейін бе? Үлкен үйден жіберген ұша бар еді. – деп қарай қалды.

- Жоға, мына ыссыда қайдағы ет? Кешкісін ауыз тиерміз. – дәс орамалмен ауызын мұқият сүрткен Баһрам, құс жастықты умаждап қойып шынтақтай жантайды.

Арғы жағына ел қондырып алған соң, сұқбатка бейіл берген сыңайда. Үлкен басын шайқаңқырап қойып: - Секентай бастап жүр ме бұл екеуін? Сол немеден шығады не бір тентектік. Әлгі Кәкентайың да сау сиырдың жапасы емес-ау. Нағыздың өзі. Кішкентай болса да күскентай, иттің күшігі сол! – деп мырс берді.

Балаларды сөккен сияқты болса да үні зілсіз. Керісінше, репеті мен күлім қаққан миығында сүйсіну бар.

- Тіпті апарып тастадыңыз ғой балаларды, көкесі. Не бүлдіріпті сонша? Сәтконың мылтық шығарғаны да айып па? Батырдың нәсілі қаруға үйір келер. Тентектен түзелген жақсы болады демекші, түбі адам болады осылар. – үні сыңғыр еткен Жамал да жымиып қойып, өз үәжін көлденеңдетті.

«Батыр» деп әдейі көтермелеп, көпшік тастай көңілін аулаған түрі бұл. Отағасының осал тұсын біледі есті ана. – Ұлдарың жаппай өзіңе тартқан. Тіпті ауызыңнан түсіп қалғандай. – деген сөз еркекке жақпай қойсын ба?.. Баһрам жамағатының бұл айласын тани қойып, езу тарта:

- Әй қайдам! Осылар адам болса мына пұштиған мұрнымды кесіп берермін. Бұл үшеуі жетіліп мал түлігі болғанша шашым да ағарар. Ағалары қалай өсіп-жетілгенін байқамай да қалып ем. Бәрі санатқа қосылып бір-бір үй болды әнекей. Мына саппастар бүйректен сирақ шығармаса не қылсын. – деген сөзбен қабақ астымен зайыбына барлай көз тастады.

Әдейі сөйлеткісі келіп ауызына сөз салғандай. Жамал бұл ниетін ұға қойып сәл ойланғандай болды да:

- Әке балаға сыншы ғой. Сізден артық бала мінезін тану қайда бізге? – деп бастап, сәл кідіре сөзін сабақтай берді, - әйтсе де өзге бала бір төбе де, Мұқашым бір төбе ме дедім. Алғырлығы да ерек, зейіні де өзгеше. Сәтөкке еріп кеткені болмаса, мінезі де орнықты. Ағасы бастаған соң ермей қайтсын. Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғысы соңынан ереді де Ал енді өз бойына келсе, қай сыншы болса да мін таға қояр ма екен сол балаға. –

Осы сөзбен Баһрамның алдындағы орталанған зеренді алып, сапырылған қымыздан еселей құйып қойды. Мөймілдей толқыған қымызға көз тастаған отағасы, зеренге қол соза қоймай ойға қалайын деді. Жамағатының үәжіне еріксіз тоқыраған сипатта. «Мұқаш» деп жамағаты есіне түсіруі мұң еді, сол бір баланың мінезі мен қылықтары жадында жаңғыра берді.

«Мұқаш, Мүкәнтай» деп еркелете атаған түрлері ғой. Азан шақырып қойған есім-намы Мұхаммед Қанапия. Биыл міне сегізге толды. Әке балаға сыншы дегені рас-ау, зайыбының. Осы құбақан баланың алты ұлдың ішінде жөні бөлек пе, қалай өзі.

Ойға шома түскен Баһрам жамбастаған қалпы оң қолын соза, сырлы аяқтағы бірінді қымыздан ұрттап қойды. Бабындағы түнемелдің ашқылтым иісі танауға бұрк беріп, дәмі тіл үйіре таңдайға қалдай татыды. – Қымыздың өліп тұрғаны жақсы- деп Жамал көп піскізетін. Отағасының ұрып жығар уытты қымызды ұнататыны өзіне мәлім ғой... Түнемелдің буы басына шаба бастаған Баһрам көзін жұмыңқырап, жамбастаған жерінде қопаңдап қойды. Сырт көзге қалғи бастағанға ұқсаса да ойы сергек. Кірпігі ілінсе де көз алдында өз кіндігінен өрбіген ұлдарын тізе өткізіп, сарапқа салуда.

Тұла бойы тұңғыштары Көрпешті, қыркынан шыққан соң-ақ Шақшақ өз бауырына басып алған.

Атасының қолында өсіп үйленді де, отау болып шықты. Бала кезінен-ақ оқуға зирек болып, жазу-сызуға ден қойып өсті бұл ғибасары. Шақшақтың діндарлығы осы елге мәлім. – Бұл баланың қабілеті бар екен, оқып келсін. – деп, кезінде Көрпешті Бұқараға да жіберіп алған... Медіресені тәмамдап келген Көрпеш осы күні молдалық құрып жүр. Ақындыққа да бейім. Айтысқа түсе қоймағанымен, құрбы-құрдас бастастарға арнап бәйіт шығаратыны бар. Шешесіне тарткан пошымы да оқумен көз майын тауысқан, зиялы кісіге лайық. Аққұба, жұқа өңді, күтімді шоқша сақалын тарағыштап, қаймыжық ерініне жарасқан мөлдей қара мұртын ширатыңқырап, қырымпозданып жүргені. Тұрпаты да Жамалға тарткан жұқалау сүйекті. Оқу көргені бар, тәлім көргені бар, жүріс-тұрысы, сөз саптасы мейілінше сыпайы. Бұл ұлы өз жолын тапты деп біледі Баһрам.

Тұңғыш ұлдың тетелесі Нәупіл болса, ағасына мүлде кереғар жаратылғандай. Бітім жағынан шойқараның нағыз өзі. Оқуға шалағай, хатты танып қара жүргізгенімен кітапқа шұқшиуға жоқ-ақ. Кітаптың өстіп ашса-ақ қалғи бастайды сабазың. Қалғуы іле қорылға ұласып та жатады... Бұл азамат қалпетімен қауырт қимылдың, істің адамы. Үй ішінде барқадар тауып отыра алмайтын, нағыз түзшілдің өзі. Ер жігіт үйден шықса үйіріне қосылады демекші, Нәупілдің бар есі-дерті сайын сахарада. Қалша кезінен-ақ қару-жараққа үйір болып өсті. Садақ тарту десе ішкен асын ұмытуға бар. Бір ерекшелігі, қос аяқты шитісі, қаладан алдырған бытыра мылтығы бола тұра, от қаруды жақтыра қоймайды.

- Сар садаққа не жетсін, шіркін! Орысқа бағынғалы ұмыт болып бара жатыр ғой бұл қару. Әйтпесе адырнасын ала өгіздей мөңіреткен мергендер, бір үйлі жанды бұлың оқпен-ақ асырамай ма? – деп өзінің сала құлаш жағының қандыкесін, еменнен иілген сауырын сипап қояр

еді... Үзеңгілес замандастары саят құрғанда, бірге шыққанымен қыран шүйіп көрген емес. – Толайым толған сырлы жебе тұрғанда, қыран қайырып нем бар. Қозы жауырын мүлт кетпесе, жүгірген аң, ұшқан құс менікі емес пе. – деп қорамсағын қаққыштап, мұртынан күліп қоятын.

Шынымен-ақ, жұмсаған жебесі нысанаға тимей қалған күні жоқ. Бір қызығы, ұзақ әзірленіп көздеп те тұрмайды. Пыр ете ұша жөнелген үйрек-казға жалт бере бұрылып көздеместен тартып кеп жібереді. Сұқсыр-мисақтар сонау көз ұшында ұшып бара жатса да, зуылдаған оғы далаға кеткен емес.

- Осы сен көздемей қалай тигізесің? – деп таң-тамаша болатын серіктеріне, - е-е, ағайын, баптанып көздегеніңді күтіп тұра ма аң мен құс? Толғанып тұрғаныңда зып беріп ғайып болар. Көз мерген бар да, қол мерген бар. Нағыз мерген көздеместен атса керекті. Түйсігіне сенеді де. – деп жайды ұқтыратын.

Өзі айтқандай түйсігі де бар шығар, әрине. Сонымен қатар мергендік жолындағы табанды енбегі де бір басына жетерлік. Күн құрғатпай нысана атып жаттығып жүргені. Қызыл қайыңның безін ұзын сырықтың ұшар басына іліп қояды да, жүз қадамнан көздейді-ау қасқаң. Ерінбей жалықпастан сағаттап ок жаудырады сабазың. – Бірер күн қолыма садақ алмасам қарайып қалам, машығым қайта бастайды.- деп түсіндіреді бұл әрекетін.

Негізгі әуесі мергендік болса, сарбаз өнеріне де құмар-ақ. – Әттең жаугершілік заман көзден бұл-бұл ұшты-ау. Әйтпегенде қоңыр салқын төске алып кетер ме едім жорыққа, қайтер едім. – деп шын өкінетіні де бар. Шақшақ атасының үйіндегі сандықта, сонау бабалардан қалған не бір қару-жарақтар сақтаулы болатын. Бадана көзді кіреуке мен шарайна; тоғыз қабат теріден құрастырылған торғауыт пен торғай көз темірден өрілген аймауыт сияқты бұрыңғының сауыттары. Өзге жас-желең ескіліктің көзіндей бұл қаруларды керек қыла коймаса, Нәупіл күн ұзақ тамашалауға бар. Аударыстырып сүрткіштей береді. Төбесіне күшіген қауырсынын шанышкан дулығаны киеді де, жеке ауыз қанжарды ұстай алып талтеректі оскылайды-ай келіп! Сапы мен семсерді сілтеуге епті-ақ. Жеңді білектей жас қайыңдарды шапқанда баудай түсіреді. Салт атпен бар пәрменімен шауып келе жатып, жердегі жетім құмалақты найзамен түйрегенде қимылына көз ілеспес.

- Әттең, заманымнан кеш тудым! Ақ сауытты киіп алып анау аспаһани селебені армансыз ойнатар едім кәпірдің төбесінде. Бұтына толып есіріп кеткенін көрмеймісің, анау шолақ-шолтырақ кіпірал мен өрендіктердің. – деп кіжінгені не сан.

Бұл ұрыншақ сықпытын жақтырмаған атасы: - Тек-әй, қайдағыны қоздатып айта бермей! Қайта кигізбесін де анау кіреукені. – деп жекіп

қойып, қылышты шақпақ тасқа қайрай беретін немересіне ойлы көзін көмер еді.

- Ол жорық жолы қай бір даңғыл жол дейсің? Ағаш оқтың заманы өтпекшан өткен. Дөң асар зеңбірегі бар, бесатары сай қара нордай күжынаған солдаты бар орыспен тіресу қайда!.. Айтып кеткен жоқ па ата сонау Бұқар жырау Абылай ханға. – Орыспенен соғыспа, орыспенен соғысып халқыңа жаулық сағынба! – деп. Ақ патшаның қорғасын оғы түйім қазақты құртып жіберуге де еркін жетеді, байыпқа салсақ. Өндірісі мен ісмерлігі дамыған шаһарлары болған соң, атам заманғы қаруын шошаңдаткан қазаққа алдырсын ба алып мемлекет. Қылышқа жармаспай орыстың өнеріне жармасса керекті, ендігі жас-желең. – осы сынды бірталай насихатты немересінің құлағына құйып баққан.

Атасының кеңесін ден коя тыңдағанымен, сарбаз өнеріне деген құштарлығын ауыздықтай алмай-ақ қойды балаң жігіт Нәупіл. Бұл ауесі ел әжетіне жарап, қайратының пайдасы да тиген.

Мал баққан қауымда ұрлық-қарлық, барымта-сыдырымта деген бой көрсетпей қойсын ба. Әсіресе жылқы түлігі айдап әкетуге қолайлы-ақ. Бұрынғы хандық билік келмеске кеткен, патша үкіметі болса ұрлықты тиюға пәлендей құлықты емес. Қазақ өзді өз қырқысып барымтамен әуре болса, үкіметтің қылшығы қисаймасы бесенеден белгілі. Қайта – шоқ-шоқ! – деп айызы қанғандай қуанбаса, уайымдай қоймас алуан түрлі ұлықтар. Сондық, хандар тақтан тайған соң, өрістен үйірлеп жылқы айдап әкету деген қылмыс, уақыт озған сайын асқындай берген.

Көшебе іші бұл індеттен аман еді. Өз керейінің қалың ортасында болған соң ба, малына жаттың жортуылшысы тие қоймаған. Ауыл арасындағы уақ-түйек, сімсік ұрылар болмаса үйірлеп жылқы алдырған тұсы жоқ еді... Сөйтіп жүргенде, сұрқай күздің сүмелек жаңбырлы бір түнінде: - Жылқыға жау тиді!- деген суық хабар дүңк етіп. Ел күзекке жаңа түскен мезгіл, бірен-саран жылқышы болмаса оларда пәлендей күзет те жоқ. Сол жылқышыларды соққыға жығып, бірер айғыр үйірді айдап әкетіпті. Түн жамылып шабуылдаған қарақшылардың ұзын саны он шақты кісіден аса қоймаса керек.

Мал ашуы жан ашуы демекші, көшебе ауылдары дереу сайланып қуын аттандырады. Отыз шақты атпал азамат қолға түскен қаруларды ала сала, атқа қонған. Ішінде жасы он алтыға жаңа ілінген Нәупіл де бар. Қуыншыларды бастаған немере ағасы Жанат:

- Саған не жоқ? Қал ауылда. Мына шикі өкпе түріңмен аяққа оралғы боларсың. – деп жекіп еді, өндірдей жас жігіт, - ағатай, пұрсат бер. Атым жүйрік, масыл болмаспын. Қуғын-сүргін көре қалсақ сытылып кетем дағы. – деп жалынып тұрып алған соң. Жанат қолын бір-ақ сілтеп көнген.

Жылқының сүрдегімен бірер күн суыт жүріп ұрыларға жетеді дегіттер. Қуып келіп тізгін тартса, әлгілердің малды оңайлықпен

берерлік түрлері жоқ. Саны да болжалдағандай емес, мол болып шықты. Отыз бола коймаса да, жиырмадан асып жығылады. Және жасанған жау, кіл - мен атайын сен тұр - дегендей ыскаяқ жігіттер . Демек күш тең түскендей. Осыны аңғарған жау жағының сөзін ұстар көсемі:

- Уа, жігіттер, қырғын төбелеске ұрынып кайтеміз? Тебіңгіден тер, кабырғадан кан шыкпасын да. Алда-жалда кісі шығыны болса, құнға калармыз. – деп бастап, Жанатка назар тіктеді де, - жекпе – жекке жігіт шығарайык. Менің азаматым жеңілсе, малды тастап кете берерміз. Таң атып келеді ғой, атар таңда сөзді жұткан онбас демекші, сен осы сөзіме. Құдай алдында сертім болсын. – деп ұсыныс кылады.

Сыркынды неме, топ ішінен Жанаттың басшы екенін жазбай тани калған екен. Көшебе жағы бұл сөзге лажсыз көнеді. Жанат өз тобымен акылдасып: - Біздің азамат жеңіліп бара жатса, жаппай лап берерміз. Әйтеуір бір шайкаспай малды берер түрлері жок. – десіп ұйғарады.

Жанаттың сенгені өз тобындағы Серғазы деген әлуетті жігіт. Түйе балуанға түсіп жүрген бұл, кара сойылға да мыкты болатын. Беті табактай жалкын сары Серғазы салмак өзіне түсерін білгендей-ак, бұйрык күтпестен топтан шыға берді. Ұрылардан да шабдар атты ойкастатып еңгезердей біреу суырыла шыкты. Қолында ат басындай шокпар. Екеуі сөзге келместен-ак сарт-сұрт шайкаса кетсін. Каткан емендей сіңір кара ұры, жортуылмен көзі шыккан жырынды біреу болса керек, Серғазыны екі айналымға келтірмей-ак аттан түсірді. Жеңісіне насаттана, добалдай каруын зор айдынмен аспандатып:

- Уа, керей, дәмең барын келе бер! Қалжасына коян емес, кой сойған еркегің бар шығар аранда. – деген айкаймен намыска тисін келіп.

Алайда, бетке ұстар әндемді азаматы омака аскан соң, өзге жігіттердің жүректері шайлығып калды. Жаппай шабуылға каптай кетуге де беттері кайтып калған сиякты... Сөйтіп әрі-сәрі дағдарып тұрғанда, Нәупілдің үні санк етсін.

- Мен сынасайын мына дөймен! – осы сөзбен атын тебініп, көрнекке шыға бергені.

Оң колында кыска сапты колаба, сол жак карында кішірек темір калкан. Еш абыржымастан Жанатка күлімдеп карап тұр... Бозбастың каннен-каперсіз мына сыкпытына ағасы күйіп кетті:

- Оу, саппас-ау, кыз ойнак деп пе едің бұ төбелесті? Анау құж неменің бір пергенінен калармысың. Серғазыны түсірген жойыт сені шопак құрлы көрсін бе. – деп акырып жібереді.

Жанатка салса, Нәупілге рұксат бермес еді әрине. Қабырғасы катпаған жас олай-пұлай болып кетсе, елге не бетімен көрінбек? Осы жәйтты есте тұткан жасактың басшысы: - Қайт! – деп жекіріп еді, Нәупіл құлакка ілместен шұғыл бұрылып, жауға карсы дүрсе коя береді.

Тізгінді тістеп алып, калканды алдына тоса, сакпаннан атылған тастай-ак ал кеп ат койсын.

Ауылдан аттанарда өзге үзеңгілестері қалқан көтерген түрін әжуа қылған еді.

- Қобыланды батырдай-ақ бес қаруы сай екен жігітіміздің!-

- Айтпа деймін, жан шыдатпас мына түрімен. –

- Қолындағы келтегін «қолаба» деді ме? Бұ не өзі не пәле, не шоқпар не сойыл емес? –

- Үндеме деймін. Тырапайлап қашқанын көрерміз әлі-ақ. –

деп тілдерін безеп, жол-жөнекей өздерінше бірталай ермек қылған. Жасы үлкен азаматтардың зілсіз қыжыртуын көтере білген Нәупіл, үнсіз жымиып қана құтылып еді. Енді міне сол қару-жарағына сыналар кез де туды...

Қылқан кескендей бозбасты ұстай алмаған Жанаттың іші мұздап қоя берді. – Өлді - ау бала! – деген оймен үрейі ұшып, сойылын оңтайлап қойған. Нәупілге соққы тигізбей-ақ шабуылға шықпақ.

Қауіпі орынды еді. Қарақшылар шығарған жігіттің киімі қалын, оясында құлағын жымырып киген сеңсең тымақ, жуан коныш сақтамасы тізесі мен санын жауып тұр. Қай жерінен сойыл тисе де, шегендей елең қыла қоймайтын түрі бар. Оның үстіне әккі неме, тәжірибесіз бозбастың соққысын дарыта қойсын ба.

Осы жәйт санасында жарқ берген Жанат, серіктеріне белгі беріп енді ұмтылайын деп еді, кенет темірге темір тиіп, дың еткен қатты дыбыс құлақ тұндырды. Нәупіл әлгі дөй қарамен тоқайласып та қалған екен. Ешкімдей қарсыласы бар пәрменімен сілтеген шоқпарына қалқанын тосып та үлгеріпті. Жойқын соққыдан анау-мынау жігіт ер үстінен ұшып ала кетер еді. Нәупіл болса мызғымастан шыдап берді.

Келесі сәтте не болғанын екі жақ та жөнді аңғара алмай қалған. Жас жігіт қолабасымен сіңір қараны нұқып қалғандай көрініп еді. Бұлшын жазбастан, келте ғана қимылмен түртіп жіберген. Қимылы ағылған оқ жыландай окыс көрінді. Сол түрткені қата тимей бата шыққы. Тигенде оңдыртпай тиді. Жаудың дәл бетін көздепті Нәупіл. Қолабаның жұмыр ұшы көз бен мұрынға дөп тиіп, қарақшының бетінен қан бұрқ етсін. Екі көзін қан жауып мүсәпір болды да қалды жарыпды неме. Көз көрмей қалса қалың қайраттан не пайда?

Қос қолымен бетін көлгештеп ат жалына еңкейе берген қарсыласқа енді қайтып қараған да жоқ Нәупіл. Қақ желкесі ұрымтал тиіп қалса да, қаруын сілтемеді. Қарақшыдан енді қауіп жоқ екеніне көз жетіп мүсіркегені ме, аттың басын жаудың қалың шоғырына қарай бұрды. Шылбыр-тізгінді қымтı ұстай алып, қолабасын көтерген калпы: - Ошыбай! – деп ұрандап ат қойған.

Сонынан өзге жігіттер ерген-ермегенімен іс-місі де жоқ, топ қазға шүйілген бидайықтай-ақ сока басы ұмтылып кеп берсін. Мандай алды алматы ат жалын құшса да, өзге барымташылар жасқанған жоқ.

Бұлар да атой салып қаптай берді. Әйтсе де Нәупілдің батылдығы көшебенің жігіттеріне қанат бітіргендей демеу болды. Жанатқа ере ат қойып, қалың жаумен мидай араласты да кетті.

Сол бір сұрапыл төбелесте бозбала Нәупіл ерен табандылық көрсетіп, не бір тіс қаққан қарақшыны аттан түсірген. Қимылы талай шайқасты басынан өткерген жуан сіңір әккі сарбаздай дерсің. Соққыны бойына дарытпай қалқанын тоса қояды. Өзі сілтесе, қаруы мүлт кеткен емес. Оқ жыландай атылған қолабасы қақ шекеден сарт ете тиіп, дұшпанды есеңгіретіп жібереді. Нәупіл араласқан жау шоғыры ойсырап сирейді де қалады. Бұл болмаса, сол жолғы жасанған қарақшылар Жанаттың тобына алдырмас та еді. Осы жәйтты жігіттер жағы еріксіз мойындады да. Алдында ғана бозбасты сөзбен шалуайттаған үзеңгілестері бастарын шайқап:

- Осал болмады жігітіміз. Әкесі Баһрам емес пе? Соған тартып туса керекті бұ қасқаң. – деп әділ бағасын да берген...

Өзінен аумай туған бұл ұлдың да алдағы өмірі мәлім. Түзшіл азамат малға да ие, шаруаға да ұқыпты. Үй ішін болса анау Асыл келін ұқсатып жүр. Ақ борықтай бұл келіншек те Қарауылдың қызы. Бұл баланы бір көргеннен-ақ Баһрам қайын жұртына:

- Сүйек жаңғыртайық. Мынау томпақ бет тығыншықтай қыз менің анау қара балама лайық екен. – деп қолқа салған.

Бұл сөзін Шақшақ та қостап: - Әбден жөн. Алтын шыққан жерді белден қаз деген. Жамал келін кіл ұл тауып кенелтіп еді, мына немереме де сол елден шүйкебас әперсек теріс болмас. – деген желеумен Баһрамға дем берген.

Айтқандай-ақ, Нәупілдің желекті келіншегінің аяғы құтты болып, атұстар немереге жарытты да жіберді. Қошқардай-қошқардай қос ұл жүгіріп жүр жас отауда...

Ой жетегіне ерген Баһрам ішінен: - Тіл ауызым тасқа! Өз көзім өзіме тиіп жүрер, санамайыншы жүгірмектерімді. – деген оймен Жамалға сездірмей мұрт астынан түкіріпіп қойды. Жас ұлғайған соң пенде деген ырымшыл келеді емес пе әдетте. Жеттім-толдым деуге болмайды-ау. Дәуіттің отыз ұлын бір күнде алған демекші, пәле-жала деген аяқ астынан ғой. Оның үстіне үшінші ұл Сүйін әлі күнге перзент көре алмай жүр. Үйленгеніне бірер жылдың жүзі болса да, қосағының пұшпағы қанамай-ақ қойғаны.

Ойға шомған Баһрам қабағын сәл шытыңқырай күрсініп қойды. Сүйін сынды ұлын есіне алса-ақ, еріксіз уайымға салынар еді. Қара торының ажарлысы келіншегі Самалдың бала көтере алмай жүргеніне қайтып қынжылмас. Тақа болмай бара жатса тоқал алдыруға да болар еді Сүйінге. Қалың малды көтерерлік әл-шама бар ғой, құдайға шүкір. Алайда бұл ұсыныска мойынсұнар ұл жоқ. Көнбек былай тұрсын, бұл

тақырыпта сөз есітсе-ақ шыр-пыр болып ат-тонын ала қашатынын білгерсің? Көңілшек неме зайыбын кейіткісі келмейтін сиякты. Самалы шыпымен сүйкімді-ақ. Дөңгелек толық бетіндегі қарақат көздері дәйім күлімдеп тұрады. Мінезі әрі ашық әрі әзілқой. Қайындарына ат қойып ал дар таккыш-ақ. Әзілдеп қойған аттары желімдей жабысып та қалады кейде. Көп сөйлей қоймайтын биязы мінез Сүйінді әу беттен-ақ баурап, осы күні билеп-төстеп алғаны және бар.

Сойткен еті тірі келіншек өз үстіне токал алғызсын ба. Қылықты жамағатын кейітетін ұл да жоқ. Болбыр неме төмен етектіні шіріңдатып қойған сиқы анау. Қатынынан аса алмаған еркекті жылы жауып қой. – Баланы жастан, қатынды бастан – демекші, басынан бос жүрген соң еркінсімей қайтсын, біреудің ерке тотай қызы.

Сүйіннің жуастығына қынжылған болса да, мінезі мен кей оқшау қылықтарын еске түсірген Баһрамның жүзі жылып майда жымиып кояды. Өзге ағайынды қайдам, өз басы бұл ұлдың мінезін сөге алмайды. Бәз біреулерге ынжық болып көрінгенімен, әке көңілі ешқалай алмайды ортаңғы ұлды. Болмашы ғана босбелбеу мінездері болғанымен, қабілеті де бар-ау бұл ұлдың. Сол туа бітті қабілеті бар мінін жуып-шайғандай.

Өз қолы шебер болған соң ба, Сүйіннің ісмерлігін сыйлайды Баһрам. Ісмер болғанда, дарынды азамат деуге де сиғандай. Онысы – зергерлікке деген ынтасы. Бұл қабілеті жеті-сегіз жасынан-ақ бой көрсете бастағаны бар емес пе. Өзге бала-шаға асық-топай ойнаса, бұл сурет салып әуреленеді де жүреді. Қолына түскен бор мен тақтай өткеннің бетін шимайлап отырғаны. Бір күні қолына қарындаш пен қағаз түсе кетпесі болар ма. Іс тігетін қатын-қалаш арнайы қаладан алдырып, киім үлгісін пішуге қолданушы еді. Сол қарындашты кеңістіре ұштап, сілекейлеп сурет салсын әлгі бала. Сүретін көрсетсе, о тоба, аумаған үй-ішінің жандары! Ата-анасын, ауылдастарын ұнатпай салыпты. Көрген көз жазбай-ақ танитындай. Алайда ағайын лукымы таң-тамаша болып сүйсінсе, Шакшақ ақсақал тыжырынып жақтырмай қалған. Себебін де түсіндірді.

- Бұ ісің молдалардың уағызына қилап. Шариғат адам бейнесін сүреттеуге тиым салады. Ендігәрі салушы болма. Өнерің тасып бара жатса ою-өрнек сал. Ия болмаса зергерлікті меңгер. Өрнек өнерінің көкесі сол. – деп жөн сілтеген.

Айтып қана қойған жоқ Баһрамға да қатты ескертті. - Бұ күгірмекті бақылағайсың. Бұдан былай адам баласы түгілі жанды мақұлықтың суретін салып жүрмесін. Шариғат қатты тиым салады сурет атаулыға. Құдайдың ғана құзырындағы мұғаллақ дүниені сүреттеуге пенденің хақысы жоқ. Әйтпегенде күнәға батады бұл бала. Тиым салмасақ бізге де мін. – деп шегелеп тұрып тапсырған.

Шарғымен тайталасуға жол жоқ әрине. Амал нешік, баланың бейнелеу өнеріне деген алып-ұшқан көңілін басуға тура келді. Көзіне жас іркілген ұлға жаны ашыған Баһрам:

- Анау Қайыржан ағаннан зергерлікті үйрен. Ол өнер ою-өрнек сала білуді аса қажет етеді. Ағаңа өзім тапсырып та қоярмын. – деп жұбатқан болатын.

Айтқандай-ақ Сүйіннің суретке деген ынтасы өз орнын тапты. Қайыржан зергерлікті қойыңқырап жүр еді. Күн көрісі емес әуесі болған соң, жасы ұлғая келе еріншек тартқан. Сөзін тастай алмайтын қадірлес біреулер болмаса, анау мынау кісіге бола қолына сайман-құралын ала қоймайтын. Ал енді бір кіріссе келістіріп-ақ істеуші еді. Бұның қолынан шыққан қапсырмалар мен сақина, білезіктерді не бір кербезсіген бикештер ат-түйе беріп қалап алатын.

Сол Қайыржан ағасына бала Сүйін жабысты да қалды. Айналсоқтап қасынан шықпай: - Зергерлігіңді үйрет! – деп қыңқылдайды да отырады. Өзіне шәкірт табылғанына Қайыржан да мәз.

- Е, бәсе, жас буыннан осындай бір талапкер шықса керекті. Біздің тұқымдағы кейіңгі зәу-затқа зергерлік қонбай, менімен шынжыры үзіле ме деп уайымдап жүр едім. Бар екен ғой ісмерлікке бейім жеткіншектер. Қолы епсекті білем бұл баланың. Ынтасы да бар көрінеді... Ізбасарым болар ма екенсің, кел білгенімді үйретейін. Мен де қалшадайымнан айналдырып едім бұ өнерді. Әбден дұрыс осы ынтаң. – деген пікірмен туысқанының талпынысын құп алған.

Сол кіріскеннен мол кіріскен Сүйін, зергерліктің қыр-сырын әбден меңгеріп алды осы күнде. Бұның әспеттеп салған ою-өрнегінің суретін өзге ұсталар дәл келтіріп сала алмайды. Және кейіңгі өрнегінің суреті бұрнағы салғанына еш ұқсамайды. Қайсын көрсең де көздің жауын алғандай келісті. Алтын мен күміс ауқатты ағайында баршылық қой. Әйтсе де сол асылдарға ерекшелік бітіретін зергердің шебер қолы, және ою-өрнектің ерекше суретін салуға деген қабілеті. Зері болмаса құр алтынның несі сән? Жансыз жылтыраққа әсемдік бітіре біледі Сүйін. Бұның қолынан шыққан үзбе сырға мен шолпыларды салған жерден таниды сылқым бикештер.

- Е-е, мынау бір бұйымдар Шақшақ ауылындағы зергердің қолынан шыққан болар дәу де болса. Өрнегі тым шытырман екен. Әлгі Сүйін деген немересі шеберден мін алатын міністер деуші еді. Соның қолтаңбасы сайрап тұр-ау. – деген қолпашпен, білезік пен маржан көз сақиналарды тамашалап тамсанар еді.

Сөйткен Сүйін отау шығып үйленсе де кәсібінен қол үзген жоқ. Мал мен шаруада іс-місі болсайшы. Қысыр кеңеске де енжар. Күн ұзақ күміс балқытып, кепсерін сайлап, балға тықылдатып отырғаны. Баз-базда жұртқа көрсетпей сурет салып қоятыны да бар. Іштегі буырқанған дарын

шылдытпайтын көрінеді шамасы. Діндарлардан қаупайлай кісі бейнесін [illegible]лмаса да, аң-құсты суреттейді анда-санда. Онысын қарттарға [illegible]сірмей, бірер мәрте Баһрам да көрген. Көруі мұң екен әлгі [illegible]ыркіндерден көз ала алсайшы! Кәдуілгі қара қарындашпен салған [illegible]уреттер мұншалық көркем болар ма. Дос көлінің төңірегін дәлме дәл [illegible]ешіріпті сабазың. Боз үйлі ауыл, қотандағы қой, өрістен суатқа құлап [illegible]ыс жатқан алалы жылқы, бәр-бәрі сайрап тұр. Шеткерірек тігілген [illegible]ым үйдің тұсында сүзісіп жатқан қошқарларды да ұмытпапты. Бір [illegible]ажабы, мылқау суреттегі теке тіресіп тұрған қошқарлардың құдды бір [illegible]ны бар дерсің. Бір сәтке ғана тоқтап қалғандай.

Баһрам ішінен: - О тоба, өнер дегенді қойсаңшы! Сүтпен дарыған [illegible]ахият сүйекпен ғана кетпек-ау, шіркін! Қанша тиым салсаң да [illegible]арып шығар. Тұнып тұрған ғаламат қой мына суреті. Шариғат тиым [illegible]лмаса ғой, мына түрімен елдің бар тұрмысын қағазға түсірер еді-ау [illegible]ұ жігітіміз. Діннің өнерге залал тигізген түрі ме сонда бұл? – деген [illegible]ығаныспен өз сауалына жауап таба алмай дағдарған болатын.

Сойткен Сүйін жамағатының бедеулігін еш уайым қылмайтынын [illegible]ангерсің. Бар ынты-шынтысы сүйікті кәсібіндс болған кісінің пейілі [illegible]ұшия тәрки, кең келеді әдетте. Сонысына бақса керек өнерлі азамат...

Ой жетегіне ерген Баһрамның құлағына көл жақтан жеткен ат [illegible]ұйрі шалынды. Ұйқыдан оянғандай селк етіп еңсе көтерсе, Жамал [illegible]ұбір шыққан жаққа күн сала қарай қалыпты. Отағасының елең ете [illegible]ып аңғарып:

Бұ қайсы десем, сері жігіт екен ғой. Шұбар жорғасын мініп [illegible]ынты. Сәтөктердің маңына бөгелді білем. – деп жайды ұқтырды.

Сәлт аттыны Баһрам да енді шырамытты. Жамалдың «сері жігіт» [illegible]ы атайтыны Жанат болатын.

Бала-шағамен сөйлесіп тұрғаны несі? Алдымен келіп [illegible]ынданспаушы ма еді? – Баһрам сәл таңырқағандай кейіп аңғартты.

Қайдам? Бұның да шитісін үйден шығарып атып көріпті ғой, [illegible] Сәтөктер. Соған бола бөгелмесе. Қап, Мүкантайым да сөз естиді-[illegible]деп Жамал кейіңкіреп тіл қатты. – Бәрі анау Сәтөктің кесірі де. [illegible]ір бұзықтыққа бастамаса бойына ас сіңбейді ау деймін, сол қара [illegible]ұлы. Миына оқу да қонар емес. Моллекеңнің шықпыртып тұрып [illegible]ынын да елең қылмайтынын қайтерсің? –

Осы сөзбен Баһрамға көзін бір төңкеріп өтті. Отағасыға [illegible]ынымданғандай. Алайда, қосағының дауысы қаттырақ шыққа да, міз [illegible] Баһрам жоқ. Керісінше әлде бір көңілді жәйтты еске [illegible]ірсендей көзі күлімдеп оң жақ миығы еркінен тыс керіле берді. [illegible]амағаты дәттеген оқиғадан бұл да хабардар. Ұлдардың сол [illegible]нықтарын жадында жаңғыртып және ойға тереңдеді.

[illegible]ес тоқтатпаған балаларды қайтып кінәласын. Қалша кезінде өзі [illegible]не бір тосын әрекетке бой ұрғаны бар емес пе. Ұлдың аты ұл ғой.

Үлкендердің айтқанымен жүре берсін бе... Жамалдың тілге тиек қылғаны анау ортаңғы ұл Сейіткерейдің кей оқыс қылықтары да. Қараторы, бойшаң келген бұл бала соңына ерген інілерін не бір қауіпке бастауға шебер-ақ. Нәупілге еліктеп садақ ататынды шығарып жүр кейінгі кезде. Құба талдан жонған шыбықтың екі басын иіп, таспадан адырна тағып бекітеді де, ку қамыстан жебе салады. Ұшына шеге бекітсе, бұл өзі уақ құсқа жарап қалатын қару. Осы садағын кезеп көлдің құс біткенін үркітіп жүргені, әлгі зәнталақтың.

Онымен қойса бір сәрі ғой. Бахрам жолаушылап кеткенде үйдегі шитіні айналдыратынды шығарып, шырық бұзғанын қайтерсің. Шешесі мен жеңгелеріне байқатпай алып шығады да, алысырақ әкетіп атып жүреді екен... – Үй ішіне айтпаңдар! Айтып қойсаңдар бар ғой, сиректырыңды қырқып желкелеріңді үзем. Үлкендерге айтсаң қызтеке болғаның. – деп, қасына ерген балаларды қоркытып қойса керек.

Қызтеке атану ұл үшін өлім емес пе? Шалдуар ұлдан өзге балалар сескеніп бірталайға дейін тіс жармайды. Бұл құпия жүрістері қаншаға созылары мәлімсіз, бір күні үйдегі жез құманның бүйірі опырайып тесіліп қалмаса. Иір мойын Қашқари сәнді құман Жамал жасауының ішінде келіп еді. Сонау Тәшкен барып жүрген керуеншілерден алдырған пұлды бұйым. – Төркіндерімнен келген зат. Көненің көзі зәліттес. – деп, Жамал тәбәріктей әспеттеп ұстаушы еді.

Енді бір күні су құяйын десе, екі бүйірі шұрқ-шұрқ тесік. Әлдекім бұрғымен әдейі тесіп қойғандай. Көзі шарасынан шыға жаздап, бұны кім бүлдірді деп, балаларды бүрсін келіп. Сол жүгірмектерден келген кеп екенін іші сезеді ғой. Естияр кісі бүп-бүтін мүлікті бүлдіргендей не басына ат теуіпті?

Торсық шеке, ат жақты, ойнақшыған көзді Сейіткерей безеріп алып тіс жармайды. Тумысынан қараторы ұл құдайдың құтты күнін далада өткізіп үйге кірмеген соң, өні қара қайыстай болып әбден тотыққан. Беті қызарса да білінер емес. Оның үстіне етінен ет кесіп алсаң да, қыңқ етпес безбүйрек мінезі бар. Қаршадай түрімен қасарыспаның нағыз өзі. Бұған қарағанда тетелесі Мұқаштың мінезі ұян. Және ғұмыры шешесін алдап көрмеген жаны таза бала.Бірақ ол да мардымды жауап бере қоймады. Бір қызарып бір сұрланып міңгірлеп тұрып алғаны. Өзінше бұл да сырға берік болғансып, ағасының әрекетін жасырмақ. Сірә Сәток: – Айтып қойсаң саткын боласың! – деп құлағына әбден құйып қойса керек. Әйтсе де өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам емес пе? Балалы үйдің ұрлығы жатпас демекші, кенже ұл Қуаныш бар шындықты жайды да салды. Қызға лайық ұзын кірпіктерін қағып-қағып:

- Апатай, бұны тескен Мұқаш қой. Шитімен көздеп атып тигізген. Сәток үш атқанда да тигізе алмады. Мылтықтың дүмі соғып иығы ісіп кетті мүлдем. Содан кезекті Мұқашқа бергені. Мұқаш болса бір атқаннан

қалдырмады. Сәток өз көзіне өзі сенбей және атқызып еді, тағы да тигізді. Екі атқанда екі тесті құмғанды. Енді міне Нәупіл ағатайымдай мерген атанып жүр. – деп, болған кепті тәптіштеп тұрып дәттеп берсін.

Жамал кенже ұлды алдарқата мақтап сыр суыртпақтаса, оқиға барысы былай болса керек. Сейіткерей топ баланы ертіп бірер қыр асады да, аяқты шитіні құрып мергендік жарыстырады. Нысана қылғандары - үйден алып шыққан иір мойын, тоқ бүйір жез құман. Қызметші әйелдер мыңда құммен жылтырата тазартып қоятын құмған, нысанаға өте қолайлы деп тапса керек Сейіткерей-екең. Қос аяқ шитіні бір сайдың даланында құрып қойып, ал кеп мергендік сынасқан атыс ұйымдастырсын. Ату әдісін Нәупілдің қасында жүріп үйреніп алса керек. Бок түтін қолқа қабады, тарсылдан құлақ тұнады. Он екі, он үш жасар ұрсектері тигізе алмаған соң кезек Мұқашқа тиеді ақыры. Сегіз жасар бала бір атқаннан-ақ деп тигізеді. Өз көзіне өзі сенбей шамданған Сәток:

- Мүмкін емес, қаңғырған оқ та. Кездейсоқ тиді. – деп және атқызады. Мұқаш және тигізеді. Не керек, үш мәрте атқанда да бір оқы далаға кетпепті.

- Ойбай-ау, құмғанның быт-шыты шықты, апама не бетімізді аштамыз? – деп, естері кеш кірген үлкен ұлдар құмғанды далаға тастап кете барады. Өз үйінің мүлкін қимаған кішкентай Қуаныш болса, шұрқ тесілген құманды ерінбей-жалықпай алып келеді ауылға. Үлкендер шитіні кезектесе арқалап зытып бергенде, қуйтақандай ұл құмғанға айналып айдалада жалғыз қалса керек. Сәток:

- Таста деймін, апам ұрсады көрсе! Мына сиқымен енді мал болмайды бұл құмған. Жоғалып кетті дейміз дағы. – деп жекігенде, Қуаныш қасарысып:

- Апам кешке іздейді ғой. Апамның ыдысын ми далаға тастамаймын. Құмған мен леген бірге тұру керек. Жападан жалғыз қалтып жатады ми далада? Біздің үйдің мүлкі емес пе? Обал ғой. – деп мінез көрсетсе керек.

Осы сөзін көрші әйелдер жеткізгенде Жамалдың көңілі босап: - Уи, қоңыр қозым сол, алда садаған ғана кетейін! Жаны ашығанын қарай көр! Жансыз затты мүсіркей білген бала, ағайын-туған дегенге неге бауырмал болар. – деп көзіне жас та алған...

Кенже ұлды көз алдына елестеткен Баһрамның көңілі елжіреп сала берді. Алты жасар Қуаныш шешесіне айнымай тартқан. – Аузынан түсіп қалғандай- дегізерліктей-ақ тәу көрген көз, ұқсастықты салған жерден аңғарар еді. Аққұба өңінің бедері нәзік те көркем сызылған сүп-сүйкімді-ақ бала. Аясы кең көздері қарақаттай ірсіңі. Ұзын да қайқы кірпіктері қызға лайық. Кіл ұлдардың кенжесі болған соң ба, мейілінше ерке. Қиястығы да бір басына жетерлік. Сейіткерей үлкендік қылып, далаға шыққанда - ертпеймін, аяққа оралмы болмай үйде қал! - десе, жатып алып жерді тепкілейді-ай

келіп. Долданып жылағанда жан адамға бой бермей кететіні бар. Ондайда жаны ашып алдымен болысатын Мұхаммед Қанапия.

- Кішкентай ғой, қайтесің кейітіп? Ерте кетейік те бұны, Сәток-ау. Болдыра қоймас. Тіпті болмаса арқалап әкелерміз. – деп ағасына жалынады.

- Сонда арқалайтын мен ғой баяғы? Осы көрпелдестен көрдім-ау көресінді. Құйысқанға қыстыралады да жүреді болпаш неме. – деген сөзбен Сейіткерей бірден иліге қоймайды.

Бұл дауға шешелері араласқан соң ғана кенже ұлды ағалары көл жаққа ия далаға ертіп кете берер еді. Күн ұзақ ойын соғып ауылға қайтқан кезде болса, Қуаныш айтқандай-ақ өз аяғымен келе қоймайды. Әдете ия Сәток ия Мұқаш аркалап жеткізеді. Сүйегі жұқа, өзі ерке тотай ұл ойын қызығымен әбден сілесі құрып шаршайды да шалқасынан жатып алатын көрінеді. Тыныш жатса бір сәрі ғой. Әздек ұл кулыққа басып:

- Сендер маған аға емессіндер тіпті! Тастап кете беріндер ми далаға. Қаңғырып өлем! Қаскырға жем болам! Кетіндер! – деп, қасақана айғай салатын көрінеді.

Көңілшек Мұқаш алдымен сыр беріп, эккі баланы уатады да арқалап алады. Сәток екеуі кезектесе арқалап ауылға жеткізеді әйтеуір. Ел қарасы көзге шалынысымен-ақ, көңілденетін Қуаныш өркештеніп басынып та кетеді екен.

- Шу, қара азбан, бассаңшы аяғыңды былай! – деп Сәтокке жекірсе, Мұқашқа да айдар тағып, - үй, сары жорға, жорғаласаңшы былай! Немене сүйретіліп келесің бакайын әрең қимылдап? Аяғына жем түскен мәстек болармысың? – деп, тетелесіне тіпті тізесін батырады.

Мұқашка мейілінше еркін. Аккөңіл де мейірімді ағасы не бір киғалағын көтеретінін қайтып білмесін ерке бала. Кейде тіпті жұдырығын да батырып жібереді. Мінезі кең де мейрімді Мұқаш өзі жылап жіберсе де, інісінің бетінен қаккан емес. Сейіткерей болса қатаңдау. Қылжақтауды көтере қоймайды. Екеу ара оңаша калса, Қуанышты желкеден түйіп те жібереді. Бұнысын білетін кенже ұл бұл ағасымен оңашада тайталасқан емес.

Сөйткен ағайындар әкесінің мылтығымен шектелмей, Жанаттың шитісіне жармасқаны бар емес пе. Үйдің иесі жокта амалын тауып, керегеде ілулі тұрған кос аяк күміс мылтыкты алып шығады. Жанаттың зайыбы Әдәбия де ауыл қыдырып кетсе керек. Мылтыкпен коса босағадағы жез легенді де ала кетеді балалар. Көлемі тегештей ғана, түбі дөңгелек жылтыр леген нысана кылып көздеуге таптырмайтын зат деп тапса керек. Бұл жасырын жүрістері бәлкім бүркеулі күйінде калар ма еді, Әдәбия шылапшынын жоктамаса. Мылтыкты сол күннін кешінде-ак, көлденең көзге аңғартпастан ұлдар орнына койып үлгірген

шоқатын. Леген болса ұшты-күйлі жоқ. Келесі күні ғана котанның шетінен тауып алыпты кой сауып жүрген қатын-қалаш. Әдәбияға алып келсе, о тоба, легеннің түбі шұрк-шұрк тесік! Өзі бәденді өзі кербез Әдәбия уақ-түйек шаруаға араласа қоймаушы еді. Кең мінезіне бағып: - Мынау өзі елеуіш пе шылапшын ба? Ерінбей-жалықпай қай әңгүдік тесіп жүр бұны? - деп таңырқаған да қойған.

Ауыл арасында сөз жатқан ба. Келесі күні-ақ абысын-ажынның ауызымен бұл хабар Баһрам ауылына жетеді. Кептің кімнен келгенін шолбарлаған Жамал, Қуанышты шақырып алып сыр суыртпақтайды. Бәлкім ұл сөзге келместен-ақ көрген-білгенін дәттеп берген. Нәркес көз, ақылық маңдай, аққұба, келімді Әдәбияны бала-шаға «Әя тәте» деуші еді. Соның үйінен мылтық алып шыққандарын тәптіштеп тұрып жеткізді.

- Әя тәтенің легенін нысанаға орнатты Сәток. Шиті мен легенді үйінен алып шыққан Қапар. Қапарды жұмсаған Сәток. Жанат шалайымның шитісін сынамақ еді. Өзі көп атты. Анау Бірайдаларға қарақтызды. Елу қадамнан біреуі де тигізе алған жоқ. Түтінге қақалып мен жылай бастадым. Кетейік деп айтып едім, біреуі көнсейші. – Ұлыма айтып қойсаң қызтеке боласың! – деп те қоркытты. – осы сонсоң танауын кос-костан тартқан кішкене ұл аптыға сөйлеп, оқиғаның ең қызық тұсына такайды. Бұл кезде айызы қанғандай-ақ тарқанып, қарақат көздері шарасынан шыға жаздайды.

- Жан адам тигізе алмаған соң кезек Мұқашқа тиді. Легенді Сәток бір қашаға тұтқасынан іліп қойған еді. Мұқаш бір атқаннан-ақ тигізді. Бірайда жүгіріп барып қараса, қақ ортасынан тесіп шығыпты оқ. Және атып және тигізді. Сәтоктер егесіп жүз қадамға әкетті ғой легенді. Жылтыраганы болмаса, сонадайдан әрең көрінеді. Сонда да тигізді Мұқаш. Легеннің тесілмеген жері де қалған жоқ. Үлкен ағаздардың бәрін жер соктырып кетті біздің Мүкәнтай.

- Бұл енді ыдыс болып жарытпас. - деп Сәток далада тастап кетейіп деп еді, мен көнбедім. Үлкен ауылға сүйретіп әкелдім. Әя легеннің жып-жылтыр легенін ми далада қалдырам ба? Тесілсе де оғыз зат кой. Дұрыс емес пе осыным, апа? – деген сауалмен шешесіне көзін мөлдірете карай қалған.

Жамал айналып-толғанып: - Әбден жөн, құлыншағым. Анау шалдарына да айтып коямын. Ендігәрі мылтыкка жоламайды олар. Сонайтын нәрсені тапқан екен жүгірмектер. Бас кететін ойын ғой ғой, – деп, кенже ұлды күнсіген айдарынан иіскеп кояды.

Айткандай-ақ Сейіткерей де, Мұхаммед Қанапия да, анасынан қатты ескерту сөгіс естіп мыштай болады. – Бұдан былай каруға қосасаңдар бар ғой, тура әкелеріне айтамын. Анау сері ағатайларын ала білмеген жоқ әлі мына суық жүрістіріңді. Ертең біреу-міреу жеткізді бар ғой, тура сирактарыңды кыркар. Желкелеріңді үзбесе маған кел!

Бала-шағаның ермегі ме еді мылтық деген? Қаңғырған оқ біреуді мерт қылса ше? Қуырдақтың көкесі сонда болар. Құмған тесіп «мерген» атанғаны несі мына Мұқаштың. Үлкен үйдің шылапшынын тескен де мақтан болып па. Өздеріңмен қоймай анау момын Қапарды да бұзықтыққа бастапсың. Әя тәтеңнің жалғыз ұлы бір бейнетке ұшыраса ше? – деп, екі ұлды шілтелеп алған...

Болған кепті жадында жаңғыртқан Баһрам үнсіз езу тартты. Зайыбының мінез-құлқына разылығының белгісі бұл. Әке беделімен ұлдарды ықтыра біледі есті бәйбіше. Қол жұмсамай-ақ, қабағы мен сөзімен жөнге салып жүргенін қайтып бағаламас отағасы басымен. Қосағы үдесінен шыға білді не қылса да... Бар уайым – кейіңгі кезде кінараттанып жүр жамағаты. Өкпесінде бір ақау бар ма қалай? Жұртқа сездірмесе де, Баһрам әлдеқашан таныған кеудесінде дерт барын.

Көктемгі көк соқтада қайыр сұрап бір кембағал кемпір келмесі бар ма ауылға. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін қыстан шығар кез. Қазақ бұл мезгілді «ұзын сары» деп атайтыны тегін емес-ау. Ұзақ қыс тұрмысты жұқартпай қойсын ба. Жұтқа ұшыраған елдерден қайыршы да шығады күн жылынған кезде. Ғаріп-міскін атаулыны мүсіркегіш Жамал сол пақырды айлап жатқызып еді. Әбден тойынып оңалғанда ғана қайтуға рұқсат берген болатын. Киім-кешегін тазадан кигізіп, дорбасын азыққа толтырып жіберген.

- Қалыңыз, әже, қайда барасыз тентіреп? Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар демекші, сізді асырарлық шама бар осы ауылда. – деп қалдырмақ та болған. Алайда шүйкедей ғана кейуана:

- Өз жерімнен топырақ бұйырсын. Қызылжардың жатағы едім. Жалғыз ұлым сүзектен қаза болған. Соның қабіріне жетейін де әлім барда. Өлсем-жітсем қоятын көрші-қоландарым бар. – деп жөнін ұқтырып, - алда разы болсын, сыңайласым. Пейілің кең жан екенсің, бала-шағаңның игілігін көр. – деп иегі кемсеңдеп алғысын жаудырды да, дәл кетерде, - сен, қызым анау сегіз жасар Мұхамед Қанапияңды күт. Бойында асқан кабілет бар білем сол баланың. Зейінінің алғырлығы өз алдына, жүрегі мейірімді. Бір дегдарлық таныққандаймын бойынан. Осы ұл тұлпардың баласындай топты жарып шығар түптің түбінде. – деп, өзінше сәуегейсіген болатын.

Сәуегейлігі не керек, құрт ауруын жұбайына жұқтырса. Күркілдеп жөтеле беруші еді, сонысының кесірі тигенге ұқсайды. Мұқашты мақтағаны да сол жөтелден шыққан. Кейін анықталғандай, кісіге жаны ашығыш ұл, шешесіне білдіртпей өзінің түбіт биялайын кемпірге сыйлапты.

- Әже, жөтеле береді екенсіз, қыста тоңбасқа мына бір болмашы тартуымды алыңыз. Тонымды да берер едім, эттең бойыңызға шақ келмейді. – десе керек.

Үлдың зейінін мақтағаны да тегін емес. Ертегіні көп біледі екен бұл кемпір. Кеш құрым жатар алдында балаларға айтып беретін. Сонда дүйім тыңдаушының көздері ілінгенде, Мұқаш қана кірпік қақпай сергек отыратын. Кейуанаға жалынып таң атқанша айтқызады. Тыңдауға қомағайлығы өз алдына, жадысы соншалық тұтқыр болар ма. Бір естігенін қағып алып, келесі күні балаларға дәттеп береді екен. Бір кайталап қана коймай ойынан да косып, окиғаны құлпыртып отып сайын қызық, тартымды қылып айтады. Жасына қарамай тілі де бар. Осының бәрін бақылаған кемпір, өзінше жорамал жасаған түрі бар. – Орман аралаған үйші, елді аралаған сыншы- демекші, жер ұқартып көп қаңғырған пақыр емес пе. Мінездің замырын да, көңілдің бүкпесін де жер түбінен танитыны болады оңдай міскіннің.

Мұқаштың қылықтары есіне түсуі мұң еді, Баһрамның жүзі ашылып сала берді. Осы бір құбақан ұл ерекше ыстық па, қалай өзі. Әке балаға сыншы ғой, каймана бір қайыршы окшау бағалаған болмаса, қабілетін танымай не бопты сонша. Арпа ішінде бір ой пайдай Мұқаштың тегін бала емес екенін біреу білсе Баһрам білер. Түстас бала-шаға мергендігін мойындаса, өзге бір ерекше ептілігін әке түйсігі әлдеқашан аңғарған. Онысы – әуез атаулыға, ыңсе деген орасан қабілеті. Тарп-тарп баскан төрт жасар кезінен-ак әуеніне деген ынтасы біліне бастапты, пайымға салса.

Баһрамның бір әдеті – үй оңашада домбыра шертуі. Кешкі астан соң шалқасынан жатып басын көпшікке коя, домбырасын кеудесіне ала қоңыр күйге салатыны бар. Арасында ыңылдатып әндетіп те кояды. Сөз сапырған қысыр кеңестен көрі, уақыт өткізудің осы бір түрін калар еді. Ырғақты да әсерлі әннің де сезімтал кісіге берері шексіз ғой, шіркін! Тәтті бір мұңға да батырады, пәсейген көңіліне қанат та бітіреді, тілін ұға білсең.

Баһрамның өз басы әуен ұғуға аса алғыр еді. Жаңа әнді заматта қағып алатын. Құлакка жағымды қоңыр дауысы да бар. Серілік құрам несе анау Шағырай мен Жанаттан кем түспес те еді бәлкім. Алайда сазмақты мінезі өнер жолын калай коймады кезінде. Шаршы топта ноқта шығаруға да пәлен құлыкты емес. Өз көңілі үшін оңашада болмаса, апыр-топыр жиында шыркаған кезі кемде кем. Ал енді күн ұзак шаруа күйттеп, намазшам кезінде шаршап келген калпы рахатқана көсіліп жатып кос ішекті балбырата шертеді-ай келіп. Ұрканың шертпе күйлері, кіші жүздің екпінді төкпе күйлері, сонау өр Алтайдың шытырман ырғақты аса күрделі күйлері төгіледі күмбір қаккан шанақтан. Күйдің бір парасын адактап шыккан соң, дауысын осыған ғана әуелетіп ән коңырлатады.

Қазан-ошак басындағы жамағаты құлак түре калады ондай кездерде. Аяғының ұшымен басып келе тізе бүгіп, тапжылмастан

тыңдайды. Әуенге елтігені соншалық, бар дүниені тәрк қылып сағаттап тыңдауға бар. Жамалдың тізесіне сүйеніп Мұқаш отырады. Бұл да кірпік қақпастан ден қояр еді. Асығын да өзге ойынын да естен тарс шығарып, әкесінен көз алмастан ойға шомғаны қызық тіпті.

- Әй, мынау жаман қайтеді өзі? Құдды бірдеңке ұғатындай сазға елтігенін көрмеймісің? Құйма құлақ па, әлде көп торының бірі ақпа құлақ па? – деп арасында Баһрам көз тастаса, салмақты қалпын бір бұзсайшы әлгі бала.

- Көкесі, бұл боқташақ әлі бізді талай таңырқатар, аман болсақ. Әр баланың орны ерекше ғой әрине. Әйтсе де осы ұлдың бойында артықшылық бар ма дедім. – осы жауабымен қаршадай атұстарға шаң жуытпайды шешесі.

Ана түйсігі жүйрік қой. Көп ұзамай-ақ, Мұқаш алтыға толған кезде Баһрам да сары баланың тегін емес екенін мойындады. Намазшам намаздігер арасында ер тоздап, балға мен қашауын тықылдатып отырған. Сыртта сүмбіленің сүмелек жаңбыры сіркіреп тұр. Үй іші оңаша, Жамал сары қиды маздатып жағып қазан көтеріп, былқылдатып ет пісіріп жүр еді. Сейіткерей бастаған төртті-бесті бала, ішінде Көрпештікі де бар, асықтарын шашып хан талапай ойнап шуласуда. Мажыраған әдемі бір кеш.

Кенет құлаққа домбыраның үні жеткені. Ісімен шұғылданған Баһрам әу бетте үнге мән де берген жоқ. Балалар ерігіп шертсе керек деген оймен, сау қайыңның дөңбегін жона берген. Сөйтіп отырғанда әннің әуені шықпасы бар ма. Кәдуілгі « Екі жирен». Нақысы мұнша дәл де келісті болар ма. Ересек біреудің шертісі дерсің. Ересек болғанда, әбден төселген бал бармақ домбырашының іліп-қағуына ұқсай ма, қалай өзі.

Бұл не ғаламат? Балалардан өзге ешкім жоқ еді ғой үйде. Аң-таң күйде жалт қараса, домбыраны шертіп отырған Мұқаш екен. Сол жақ қолы аспаптың басына әрең жетсе де, кішкентай саусақтары лыпыл қаға жыбырлап пернелерді дәл басады. Өңі салмақты. Салдарлы кісідей-ақ кәдуілгідей ойға шомып отыр. Отқа қарап отырса да, киялы әлдеқайда екені аңғарылып-ақ тұр.

Ішінен: – О тоба! – деп Жамалға қарап еді, ол дағы кішкене ұлға көз көміп отыр екен. Оттың жалыны әсерімен лаулаған жүзінде сүйсіну бар. Баһрамның көзімен жанары түйіскенде жымиып қойды. Құдды бір - айттым ғой саған бұл бала тегін емес деп! – дегендей-ақ, аналық мақтаны елібін нұрландыра түскендей.

Бір кезде Мұқаш әндете бастады. Алты жасар балада қай бір дауыс болушы еді. Соның өзінде тап-таза да мөлдір лебізі еріксіз елең еткізгендей. Бір ерекшелігі – әннің ең нәзік деген иірімдерін айнытпай келтіреді құйтақандай басымен. Сөзін де жаттап алыпты. Балалы үй базар демекші, Жамал екеуі аяқ астынан күйлі әнге қарық

болды да қалды. Нәп-нәзік күміс қоңыраудай сыңғырлаған әсем лебіз мұқаш құрышын қандыра қалықтап берсін. Бала деген үлкендерден ия оны балалардан қымсынушы еді. Мұқаш болса емін-еркін. Құдды бір талай топты көрген ысылған әнші дерсің. Өз шама-шарқына әбден сенген тәрізі бар. Әнді қанша айтар еді мәлімсіз, кенеттен Сейіткерей мінікпесе. Бұл бала домбыра мен әнге немқұрайдылау болатын. Бір орында байыз тауып ұзақ отыруға да жоқ, қимыл әрекетке ғана үйір. Асықтан жалықса керек:

Ой, Мұқаш, таста домбыраны! Немене бұ өңеш созып? Жүр тыска шығайық. Жаңбыр толастады білем. Шалшық су жалаң аяққа жақсы. Шалшыңдатып жүгіреміз кеп. – деп, тетелесіне бұйыра тіл қатты.

Бахрам әлі де тыңдамақ ниетпен үлкен ұлға тиым салмақ еді, бірақ бір есеппен іркіліп қалды. – Ағасы ғой. Ағасын тыңдап үйрене берсін. Әнді айтқызармыз әлі. – деген оймен үндей коймады. Оқиғаның сырын қабағынан танитын Жамал да үлкен ұлды бөгеген жоқ. Асылы, тәрбиеге майталман еді жамағаты. Балалардың құлағына тиісінен-ақ насихат құя беруден жалықпайтын.

Еркек кіндік туған екенсіндер, жолдарың бөлек. -Алтын басты шешен бақыр басты еркек артық. Ұл туғанға күн туған. - деп, айтқан сөзі алаң казақ. Сондық, кашанда еңсеңді түсірмей жүргейсің. Ертең-ақ бір үлкенің ұстыны, дыңдай азамат боласыңдар. – деп өнеге айтар еді.

Аса бір кажеті болмаса, ұлдардың беттеріне де келе коймайтын. Сол бір күні де жалаң аяқ, жалаң бас далаға тұра жөнелген балаларды бөгеген жоқ. Ер бала деген ыстық суыққа да бірдей төзімді болып, шыңдалып өсу керектігін қайтып білмесін есті ана.

Ал енді Мұқаш болса сол бір күннен бері ата-ананы, туған-туыстарды ерекше алғырлығымен тамсанта берген. Жарқ етіп бір көрінгені – оқуға зейінділігі. Шақшаққа қарасты ауылдардың балаларының тілін сындыратын Мөңке молда. Арғы түбі қожа, бұл кісі көшпелі. Көрпешке еріп сонау Бұқара жақтан келген. Пірге қол сапырған мақсым болса керек. Арғы атасы үлем дәрежесіне жеткен пірлер болса да, бертін келе әкесінен ерте айырылып жетімдік көріп өсіпті. Отыздан асса да үйлене алмай, салт басты сабау қамшылы жүй кешкен. Тұрмысы жұқа, қарайласар жанашыры жоқ болған соң, ауылға деп Арқаның туу теріскейіне тартып отырған.

Кешені теріс болған да жоқ өзіне. Көрпешпен дос-жар болған соң осы ауылға тұрақтап сіңісіп кетті. Мінезі жайдары, оқығаны мол екенінде кәзі жеткесін, бидің өзі атсалысып қолдап жіберген. Кедейлеу бір қонсының қызын әперіп, алдына мал салып үй қылып шығарған. Осы күні мал малданып, жан жанданып «молдеке» атанып жүр. Көрпеш өзі де оқымысты болса да, ағайынның балаларына дәріс берген бас тартқан кезінде.

- Ойын баласын окыту оңай боп па? Шыкпыртып тұрып сабамасаң миына конбас. Ағайынның баласына кайтып кол батырайын. Мына Мөңке әріптесім көлденең кісі ғой; осыған тапсырдым әптиекті де, сарф пен нахуды да. Үлем дәрежесіне жеткен аталары да бар. Шәкіртке талап коя білетін катаң мінезі де жок емес. Ерке тотай шолжаңдарға бас білдірудің ебін табар не кылса да. – деген сөзбен бар салмакты бастасына аудара салған.

Сол Мөңкеге Сейіткерейді де тапсырған үй іші. Есі-дерті ойын соғуда, бастыкпаған ұл – молданың алдына бармаймын! – деп киғалак салып көріп еді, Баһрам өзі жетектеп апарды. Кәдуілгідей:

- Моллеке, еті сенікі сүйегі менікі. Әуелі құдай одан калды өзіңе тапсырдым. Байдың болпашы деме, сыңар езулесе ерніне шұра салып жөндіктір. Хат танып кара жүргізбейінше жіберме. Арғы жағын көре жатармыз. Оқу деген инемен казған құдык рәуіштес. Кім көрінгеннің тісі бата бермейді де. Бұ баланың да шама-шаркын байкарсың, ендігі өзің ие бол. – деп тапсырған.

Обалы не керек, Мөңке жанын салып окытты Сейіткерейді. Ауыл иесі салдарлы отағасының сөзін елемесін бе. Болып-толып отырғаны осы Баһрамның аркасы ғой. Алайда, Сейіткерей-екең окуға құлыксыздау болып шыкты. Кітапка үңілуге мойыны жар берер емес тіпті. Хат үйренсе де кара жүргізуге енжар. Құран сүрелерін жаттау жағына да сүлесок. Моллекең көк шыбыкпен кыр аркасынан осып-осып жіберсе де, құлку алладан асып жарытпады.

- Тілім жалпак, кітап сөзіне мүлде икемсіз. Бұ араб деген халыктың тілі мен сөзі сонша жұп-жұка, нәзік болар ма. Қазак баласының тіліне лайык емес тіпті. – деп сазарып отырғаны.

- Тек-әй, пайғамбардың милләтына тіл тигізбей! Өй, сен найсаптың тілі өзге жұрттыкінен ерекше ме еді? Әкең – тілін сындыр - деп тапсырған. «Әсинді» жаттатпай жібермеймін сен малғұнды. – деп әншейінде сабырлы Мөңке ашу шакырып, - кәне әкелші көрейін! – деп ұлдың тілін де бұрап көрген.

Бұл сынды да кыңк етпей көтерген Сәток кикарлығынан танбады. Сүреге үңілсе-ак калғы бастайды. Өз-өзін зорлап ернін күбірлете окыса да, киялы еркіне бағынбай-ак койғаны. Қиялы шіркін мұнша ұшқыр болар ма. Көзіңді жұмсаң болғаны, сонау көл жағасынан зәтте шығаратынын кайтерсің. Бар кызык сонда ғой, шіркін! Құрак бойымен тереңге сүңгіп сүйрік тарту, каз-үйректің жұмыртқасын теру, тастағында асык ойнау дегендей. Жаздың тамылжыған мамыражай күнінде капырык үйде камалып, миға конбайтын сүрені жаттау деген не азап! Жаттағанымен пайдасы нешік? Молдадан өзгелер мағынасын түсініп те жаткан жок. Күнделікті өмірде керегі болсайшы тіпті. Осы такылеттес пікірлерді ұстанған ұл окып жарытпады акыры.

Бұл қыңырлығына Жамал кейіп: - Топас емес-ау, ден қойса оқып-ақ кетеді. Тым түзшіл бұл бала. Байыз тауып бір орында отырып көрді ме екен. Құйрығы жер иіскемейді-ау зәнталақтың. – деп ақтамақ болады да, - молдеке, әкесіне білдірмей тұра тұр. Есі кірер бәлкім. Әлі не болса дәріс алсын. – деп, Мөңкеге сідет артады келіп.

Сойтіп жүргенде Мұқаштың айды аспаннан шығармасы бар ма. Бұны Жамал: - Жетіге толсын жасы, молдекеңе сонсоң тапсырармыз. Оқи мыны да толыскан жоқ. – деген желеумен оқуын келесі жазға қалдырған. Алайда ағасынан қалмайтын бала, томпалаң қағып оқуға ерік жүреді. Өзі талаптанып келген бай үйінің перзентін Мөңке шеттетсін бе. Оның үстіне сүйкімді де момақан бала тапжылмастан тәрбиыңдайтын болса.

Е-е, отыра берсін. Тоқи білсе жадында бірдеңке қалар бәлкім. Оқи бойынан көрінеді. Сәтокпен қатарласа жайғасар. – деген сөзбен жалаңқұлақ, мінәйым мінез балаға шырай берген.

Мұқаштың бой тұрпаты шыныменен-ақ тетелес ағасымен шамалас болатын. Сөйтіп Сейіткерейге ілесіп жүре береді. Мөңке бұдан сабақ сұрамаған соң, өз бетімен жауаптасқан да емес. Санатта болмаған соң жарлицаш пен қағаз да тимеді бұған. Осы күйі қанша жүре берері белгісіз, бір күні Жамал бұның қисса оқып отырғанын байқап қалмаса. Кіші бесін әлетінде асадалдың ығында малдас құрып күбірлеп отыр. Қолында қисса кітабы. Жамал ә дегенде сеніңкіремей, - үлкендерге ұқпаған түрі шығар - деген оймен мән бере қоймаған. Әдетте Көрпеш сүйім бала-шағаны жинап алып, осылай малдас құрып жайғаса қисаларды оқып беретін. – Сол ағасына ұқсап баққан түрі ғой бұл бала-ау. Жөн-ақ. Осы бастан оқымыстыға еліктесе біреуден кем болмас. Кеш пікірмен, монтиған сүрепетіне сүйсініп те қойған.

Тоқ біраздан соң құлақ түрсе, Мұқаштың күбірлеп оқып отырғаны кәдуілгі Қожаберген бабасының «Елім-ай» дастаны. Кітаптың бетін оқтын-оқтын парақтап шұқшия түседі. Аң-таң болған Жамал бала-ға төніп келіп:

Сен оқи білуші ме едің? Қайтып үйрендің? – деп тергей бастады.

Басын көтерген Мұқаш: - Е, молдекеңнен оқып жүрмін ғой. Сәтокке еріп жүргем жоқ па? – деп қаннен қаперсіз жауаптасқаны.

Сәтогің әлі ежіктеп те әрең оқып жүр. Сен болсаң судыратып барасың ғой тіпті. – деп таңырқай түсіп еді, кебеженің тасасынан бастап қыштитып бұ сөзді құлағы шалған Қуаныш:

Ұнатай, ол жазу да біледі. Сәтокке көрсетпей қағазын шимайлай бергенін көргем. – деп, көрген-білгенін дәттеуге асықты.

Рас па? Кәне, жазып көрші. – деген сөзбен сөреден бір парақ қағаз мен қарындашты алып береді Жамал.

- Сәток рұқсат бермейді әттең. Дәптерін берсе жазар едім. – осы сөзбен қарындашты сүйектете жөнелсін. Жазуы кестедей-ақ тізіледі. Құр ғана әріптерді жазбай « Фатиқа» сүресін айна катесіз қағазға түсіргені. Оқып шыккан Жамал тамсанып қойып:

- Міне ғажап! Қарай көр бұл баланың зейінін. – деп басын шайқап кояды да, - сүрені жатка білемісің? Кәне айтып көрші. – деп колка салады.

Мұқаш жауаптың орнына «Ясинді» судырата жөнелді. Лебізі әуезді-ак; Мөнке молдаға еліктеп Бұқар мақамына сала кирағаттап шықты. Айтуында титтей де кателік болсайшы. Баланың алғырлығына тәнті болған Жамал сол күні-ак, бұл жаңалықты Баһрамға жеткізеді.

- Анау бар болғыр Сәток ала жаздай окыса да, әлі күнге әптиекті жөнді менгере алмай жүр. Оған қарағанда Мүкәнтайым озды әнекей. Сөлпектеп құр боска еріп жүр ме десем, жазу-сызуды меңгеріп алыпты. – деп Мұкашка киссаны окыткызады да, - міне зейін! Елеусіз жүріп-ак молданың бар дәрісін сіңіре білген. Анау Сәтокті көк ала койдай кылып сабаса да, еш конбай койғаны миына. Окуға мұнша енжар боп туғанын қайтерсің. Енді не шара кылсам ол жүгірмекке? - деп, сөз аяғында уайым білдіреді.

Балаларға кашанда кең Баһрам: - Қайтесің ызғысып? Біреуге зейін берсе енді біреуге күш-кайрат береді де тәңірім. Бұл да анау Нәупіл құсап әрекеттің азаматы болады да. Мұкаш зерек болғанымен ұяндау. Мінәйім мінезі кызға лайық дерсің. Көрпеш сиякты бұл оқу куып молдалық құрар есейе келе. Малға ие болып, түзге шығып кирата коймас. Қалам ұстау нағыз колы бұл баланың. Ал анау Сәтогің мал-жанға ие болады да. Шаруаның кара кыртысын айналдырар жампозың сол болар әлі-ак. – деп, зайыбын жұбатқан болды.

Сол бір күндегі өз пікірін жадында жаңғырткан Баһрам, кенет үнсіз ғана мырс беріп езу тартты. Кезіндегі өз сөзін әжуа кылғандай. Шынымен-ак Мұкашты сипаттауы асығыс болды ма калай? Мүләйім жүз сопылык жолына түсер бала болсайшы. Окуға, жазу-сызуға жүйрік-ак, онысына дау бар ма. Құран сүрелерін мәділегенде құлак құрышын кандырады. Әйтсе де, мінезінде ұяндыкпен катар табандылык та баршылык екеніне еріксіз иланасың. Еркекке тән мінез кырлары есейеген сайын артып бара жаткан сиякты. Өзінен екі жас үлкен ағасымен бойы бірдей. Сәтокті сыйлағаны болмаса, күрескенде дендеп кетерлік әлі бар. – Әй, шомбал кара, шикіл сарыны не ғып жыға алмадың? Қараның тері шыкканша сарының жаны шығар деген кайда? – деп, балаларды күрестіретін Нәупіл Сәтокті шаптап кояды. Алайда өзінен ересек балаларды дендеп әкететін Сәток, тетелесімен ұстасканда еңсере алмай-ак жүр. Мұкаш бойшаң болғанымен тұрпаты ағасынан жұқалау. Сөйтсе де кол-аяғы балғадай Сәтокке беріспейді.

Осы күрескерлігінің үстіне келіп, мынау құмған тескен мергендігі [illegible]. Күлдір мамай шитіні меңгеру әсте оңай емес. Сырын [illegible]мейтін үлкендердің өздері атуға жүрексінеді. Қатарынан үш атканда [illegible] мен әбдестені тесіп берген ұл, катканына жасық болсын ба? Не [illegible] бір жұмбақ осы бала. Бір бойына мұнша кабілет бітер ме. Мергендік те, әншілік те, оқуға деген зейін де бір басынан [illegible]тынын кайтерсің. Мұнша кабілетімен ертең кім болмак бұл бала? [illegible] жуан шығар деген мәтелдің көкесін көрсете ме екен әлде.

Біріпен соң бірі кылтиып бой көрсеткен сауалдарға жауап іздеп [illegible] Баһрам, басын шайкап койып сонау көл жағасындағы салт [illegible] көз кадай берді. Жамалдың да назары сол жак бетте. [illegible]мешегін түзетіңкіреп күн сала үңілуде. Есті, каракер көздерінде сәл [illegible] те жок емес. – Сері жігіт ашуға мініп балаларға тізе батырмак [illegible]? – деген уайым аңғарылады кескінінде. Қайнысы Жанаттың [illegible] де өжет мінезі баршаға мәлім. Қара шаңырактың иесі, алты [illegible] бар кенже ұл өтті болмағы заңды да шығар. Қитығына тисе [illegible]ны ұстап, тәйтік бала-шағаға кол жұмсаудан да тайынбас.

Окпесінің сырылын еріне сездіргісі келмей жеңіл жөткірінген [illegible], дастарханды жия бастады. Ойы – Жанаттың алдынан шығып [illegible]мак. – Мінезі шапшаң шіркін, колының уытын төгіп жүрер. [illegible] кесірі анау құйтакандай Қуанышка тимегей. Көңілін [illegible] сері кайынымның. – деп түйіп, босағадан бас кылтиткан [illegible] әйелге, - ыдыс-аякты әкете бер- дегендей ым какты.

[illegible]йда, Жамалдың күдігі бекер еді. Көл жағасындағы окиға [illegible] бейбіт өрбіп бара жаткан. Сейіткерей бастаған топ бала [illegible]ның сабағынан құтылған соң жағалауға асығушы еді әдетте. [illegible]ктыкта суға түсенге не жетсін. Молда алдына әлі бармайтын [illegible] да осында. Көрпештің Сейітжан мен Құшан нысыпылы кос [illegible]омалағы, Нәупілдің құбакан ұлы Кебек оқу жасына жете койған [illegible]. Молданың дәрісін алып жүрген Сейіткерей мен Іңкәннің ұлы [illegible] бойлы Бірайда болатын. Жасы сегізге толған Мұхаммед [illegible] да бұлардың катарында. Бұл топта Жанаттың өз ұлы он екі [illegible] Қапар да бар. Жасы Қапардан кіші болғанымен, балалардың [illegible] Сейіткерей. Қапар бойшаң да бітімді келгенімен нәті жуастау. [illegible] ұл болған соң ба, шешесі Әдәбия бұл баланың асты-үстіне [illegible]ынша еркелетуде. Үсті басына кылау түсірмей кіл тазадан [illegible], бар тәтті-дәмдіні ауызына тыккыштаумен әуре. Бұндай [illegible] кей болпаштардың деміне нан піскендей болса, мінезі [illegible] те ұяң Қапар шеше камкорлығынан кымсынып бітеді. Оның [illegible]ынау Сәток сиякты өжет туысканы:

- Оу, Әя тәтемнің әздегі! Бар, әбдіресінен алуа-шекер, науатты алып шық. Немене, өзің ғана тыққыштап жемекпісің тәтті-дәмдіні? – деген сөзбен қажайтыны бар.

Ине-жіптен жаңа шыққандай киімінен, қалтасынан үнемі арылмайтын тәттіден, шешесінің жұрт көзінше айналып толғануынан дәйім ұялып жүрер еді Қапар. Содан болар, Сәтоктің айтқанына көнгіш. Бетін қайтара алмағаны ғой, әкесінің шитісін байқатпай үйден алып шыққаны. Оған қоса легенді де шығартқызды Сәтогі түскір. Енді міне сол бір қылықтың кесірінен әкесіне жазықты болмақ.

Сидам сирақ, қара сұр өңді Бірайда да кипақтап тұр. Бұл әдетте оқудан босасымен-ақ, ағасына жәрдемдесіп қой бағушы еді. Бүгін күн ыссы болған соң сұранып, көлге келген түрі болатын. – Қап, қайдан келдім екен! Таяқ жеп қалмасақ игі еді. Шонтай толы оқ дәріні тауысып едік, соның өшін алмас деймісің сері ағатай. Ол аздай-ақ, әп-әдемі легеннің ит сілікпесін шығардық. Ұят-ай, масқара-ай! – деген оймен Жанат жақындаған сайын үрейі ұша түскен.

Жалпақ беті күнге әбден тоттықан Сейіткерей болса, дегбірін қашыра қойған жоқ. Сөгіс естуге де, тіпті теперіш көруге де әзір сияқты. Қалың қабақ, қаршыға көз кеспірінде сәл абыржумен қатар егес те аңғарылады. Ішінен: - Е, қайтер дейсің? Не дүние бүлініпті? Шитісі орнында. Бір жаман легенге бола сөз шығындамас ағатайым. Ыдыс-аяқты елесе, дыңдай еркек басына мін емес пе. – деген оймен өзін жұбатуда. Кенет есіне әлдене түскендей уақ балаларға жалт бұрылды да:

- Әй, шуылдақтар, ауздарыңа ие болғайсың! Жәреукеленіп бірдеңкені бықсыттың бар ғой, менен жамандық таппа! Тура сирақтарыңды қырқам. Әсіресе сен, көпей, тіліңді сүйрендетіп көр осыдан! – деп, кішкентай Қуанышқа алая қарады.

Бірақ бұның түйілген қабағынан ыққан кенже ұл жоқ. Бозшұбарды шерттіре бастырып келе жатқан Жанаттың порымын қызықтап:

- Алақай, сері ағатайды қара! Мылтығын өңгеріп алыпты. Қолында қаршыға. Арканын қара, арканын! – деп айғай салды.

Судан жаңа шыққан өзге уақ балалар да қуаныса айғайлап, киімдеріне жармасып жатыр. Ала жаздай көл маңайынан шықпаған ұлдардың күнге тотыққан денелері қара қайыстай. Жалаң аяқ табандарының қалыңдығы түйенің берішіне жетеқабыл болар. Шөңге-шөгір тұрмақ жағалаудың қиыршық тасын елер ма екен. Уақ балалар түгіл Сәток пен Мұқаштар да жалаң аяқ. Күн жылыда кебіс киіп несіне әуреленсін. Киімдері де жеңіл-желпі, бастары да жалаң бас. Мұздай киінген Қапар ғана. Үйден шығарда шешесі Әдебия:

- Әлдекімдерше алқам-салқам жүруші болма, күнішегім. Белінді буынып жүр әсіресе, ішіңе жел қарысу деген әп-сәтте-ақ. Басыңнан бөркінді тастаушы болма, күнсіп кетесің. Асылы, ыстықта қалың

[illegible]шпенің абзал, күн өтпейді. Мәсің мен кебісіңді тастаушы болма. Кене деген пәле бар емес пе. Заматта шағып алады. Кене шакканнан [illegible] та болған талай кісі. – деп қара аспанды төндіре сөйлеп, [illegible]ына құйып кояды.

Анасына екі айтқызбайтын Қапар үнемі қымтанып, пысынап [illegible]ді. Дәл казір де бөрікшең, етікшең тұр. Жадағай келте шапанының [illegible] қымтап, белін кәріс белбеумен әлденеше кабаттай тас қылып [illegible] алған. Өзге балалар сіңбіргенде танауын жеңімен ия қолымен [illegible] салса, Қапардың кол орамалы кашанда әзір. Тіпті біреуін емес, [illegible] костап салып береді шешесі. Және күн құрғатпай тазасын салады.

- Жеңі сауыс-сауыс малшы-құлшының бок мұрындарына ұксама. [illegible] тұқымсын, әкең сері атанып жүр әнекей. Жұрттан ерек болуың [illegible] кашанда. – деп шегелеп кояр еді.

Қапар бұл сөзге шүбәланса да, үн катпай көне береді. - Анау [illegible]ктер де бұнымен аталас емес пе? Текті тұқымбыз деп неге [illegible]майсымайды олар ендеше? Жалшылардың балаларымен бірігіп [illegible] да соғады, жалаң аяк жалаң бас калпы жүре береді де. Іштеріне [illegible] де карыскан емес, кене шаканнан да дін аман. Балтырын тікен [illegible] канаса жарасына түкіріп, топырак жаға салады. Сырқаттанбак [illegible] ғұмыры түшкірген де емес. Бұларға неге күн өтпейді екен осы? [illegible] сан сауалға жауап іздеп әуреленеді Қапар.

Әйтсе де шешейге карсы келу кайда. Жейдесінің үстіне има [illegible] кабаттап, ышкырына кос-костап кол орамал кыстырып, [illegible]ының үстінен жұрын бөрік конжитып терлеп тепшіп жүргені. Осы [illegible]ің кесірінен Сәтоктің келекесіне ұшыраганы не сан. Әйтсе де, [illegible] канша. Шешенің әлпештеген жалғыз атұстары болған соң, [illegible]ген күнің осы дағы.

Қапар да әкесін көргенде-ак саскалактай калған. Шитіні үйден [illegible]арып бергені өзі екенін кайтып жасырсын. Шынтуайтка келсе [illegible]ы жок еді. Азғырған анау Сәток, ок дәріні түгескен де сол. Мы[illegible]тык иесі болып Қапар тіпті бір атсайшы. Онысына жеткізді ме анау [illegible]ток пен Мұкаш? Біреуі түтінін үзбей атып құлак тұндырса, екіншісі [illegible]ді тесіп быт-шытын шығарганы. Енді міне түк көрмегендей-ак [illegible]ріп тұр екеуі де. Қасарыспа Сәток өлсе де мойынына алар ма екен. Мо[illegible]ке молданың тал шыбыкпен шыкпырта ұрганын қыңқ етпестен [illegible]терген неме, таяқтан тайсалсын ба. Бір кайран болса Мұкаштан [illegible]лар. Ұяты бар бала ғой. Кінасын мойындар ма екен, кайтер екен?

Ойы сан сакка жүгіріп кипактаған Қапар, Мұкашка жалына [illegible]рады. Әлде бір жәрдем тілегендей. Мұкаштың назары болса [illegible]ланатта еді. Уысындағы корғасын құйған сакасын да, әлгінде ғана [illegible] алған кызыл-жасыл түске боялган кенейлерді де зәтте естен [illegible]ларды. Шитінің окиғасы да тарс ұмыт болған. Есі-дерті атын

ойқастата келе жатқан туысқанында. Шұбар арғымақты алшаңдата бастырған Жанаттың порымы шынында да көз тартарлық еді. Саятқа шыққанда жобалғылау киінетін серінің ат-әбзелі де қара дүрсінділеу.

Соның өзінде де тұрпаты салған жерден назар аударғандай. Аты мен өзі бір біріне сай жігіттің төресі дерсің. Қаз мойын сәйгүліктің қос құлағы тас төбесіне шаншылған, омырау еттері білем-білем, жаясы жата қалып ұйықтарлықтай, қабырғалы да өрелі жылқы баласы. Семізден жараған күйі нағыз бабында.

Боз шұбардың үстіндегі Жанаттың отырысы болса, ерге құйып қойғандай. Қолындағы қаршығасы сияқты порымы жинақы. Асылы, ағаларындай ірі денелі еместін Жанат. Әйтсе де жауырыны жалпақ, белі жіңішкелеу келген, шақпақ етті, сіңірлі болатын. Өңі қызыл шырайлы, мұрнының қыры көтеріңкі, ат жақты, кескінді азамат еді. Кішірек келген күрең көздері дәйім күлімдеп тұрады. Иегінің ұшына біткен күтімді шоқша сақалы мен ширатпа мұрты қою қастарымен үйлесім тапқан.

Үстіне жеңіл сұр шекпен киіп алыпты. Белінде салпыншағы көп оқшонтайлы кісе. Басынан тастамай жүретін үкілі құндыз бөркін кимей, бұл сапарға ысырмалы далбаймен шығыпты. Оң жақ қолында қос аяқты шитісі. Тізгін-шылбырды ердің алдыңғы қасына қыстыра салған. Бұның аты тақым қағыспен жүре беретінін, қамшы салғызбайтынын бала-шағаға дейін біледі. Ол ол ма? Серінің тілін ұғып, тұсаусыз жайылатынын, бос қоя берсе де иесінен ұзап кетпейтінін, аузының суы құрып айтады бала біткен. Бозшұбарға қойған аты да қызық. «Шұбар көжек» деп шақырады сері. Бұл атқа кәдуілгідей елең ете қалады сәйгүлігі. Сөйткен туысқанына қайтып көз сүзбесін бала біткен.

Жанат жақындай келіп тізгін тартуы мұң екен, бар бала жамырасып сәлем беруге асықты. Бұлардың күдіктенгені босқа болып шықты. Сүрепетінде ашудың нышаны да жоқ сері, күлімдеген қалпы бұларға:

- Әй, жүгірмектер, легенге тигізгенің қайсың? Қай тұстан атып едіңдер? – деп, сұраулы жүзбен назар қыдыртты.

Тосын сұраққа қапелімде ешкім жауап ката қоймап еді, сәл бөгелген Мұхаммед Қанапия: - Мен тигізіп едім, ағатай. Жүз қадамнан атқан едім. – деп бірер аттап, топтан суырылып шыға берді.

Жанат аз таңырқаған нысай аңғартты да: - Солай де, - деп бірер сәт ойлана, - кәне мінгес ендеше. Сынайын сен баланың өнерін. – деп аяғын аттанар жақ үзеңгіден шығарып, ту сыртын меңзей иек қақты.

Бұндай ұсынысты әсте күтпеген Мұқаш қапелімде аңырып та қалды. Сері ағатайын пірдей тұтар еді. – Осы ағама титтей болсын ұқсасам еді! – деп армандағаны канша десеңші. Еліктейтін азаматтар баршылық қой әулетінде. Нәупіл ағасының ерлігі мен әбжілдігі дүйім бала-шағаның аузында емес пе? Көрпеш ағасының білімдарлығын, парасатын жастар тұрмақ көпті көрген көне көздер мақұлдайды.

Молда болса Көрпештей-ақ болсын. Құранды мәділегенде елді ұшытып жіберетіні жалпыға мәлім. Сонша әуезді, мұқамды болар ма. Оқуының да түбі жоқ. Тауарихтан сыр шерткенде қайдағы бір ел [illegible]ді қоздатады-ау, сабазың. – деп, ақсақалдар мақтауын [illegible] еді.

Дейтсе де, Мұқаштың үлгі алмағы осы Жанат ағатайы ғана. [illegible]дей жүректі болғысы да келеді, әрине. Көрпештей елді аузына [illegible] оқымысты болмаққа да ынтық. Қолынан келсе екеуіне де [illegible]емек. Десе де, есі-дерті Жанаттың өнерінде. Бұл ағатайының [illegible] алуан түрлі ғой. Қолынан келмейтіні жоқ та шығар. Соның [illegible] ең бастысы – әншілігі. Сонысына ғана қызығады Мұқаш. [illegible] салса, күндіз-түні ұйып тыңдауға бар. – Мен де осылай [illegible]ласам ғой, шіркін! – деп ұйқысы қашып армандағаны қанша. Қол [illegible] жұлдыз сияқты көрінер еді бұл ағатайының әншілігі. Енді [illegible] сөйткен Жанат: – Міңгес! – деп үзеңгі ұсынса, көктегі жұлдыз [illegible] жақындамағанда несі қалды?

Мұқаш шап беріп таралғыдан ұстай алды да, үзеңгіге аяғын [illegible] - тигізбестен лып етіп атқа мініп алды. Жанаттың беліне [illegible] қалып арғымақтың үстінен балаларға көз тастап еді. Сәтоктер [illegible]ыштан жарыла жаздағандай көрінгені. Жанат болса тебініп [illegible], аттың басын Баһрам үйіне қарай бұрды. Ол жақтан Жамал бері [illegible] келе жатыр, қасында жаулығы ағаранданған және бір әйел. [illegible] бастаған уақ бала-шаға улап-шулап аттың екі қапталын ала [illegible]ай ілесіп жүгіріп келеді. Мұқаштан екі елі қалмайтын Қуаныш:

Мені де ала кет, ағатай! Міңгестіре кет, ағатай! Жібермеймін Мұқашты әйтпесе! – деп шыңғыра айғай салып, санын шапақтап келеді.

Мыналар өзі қайтеді-ей? Аттың тұяғына жармаса ма? Әй, Сәток, [illegible] мына жүгірмектерді. – Жанат Қуаныштың өзеуреген ерке [illegible]не сүйсінгендей басын шайқап қойды.

Мұқаш енді ғана аңғарды. Жанат ер токымның алдыңғы қасына [illegible] байлап алыпты. Кісесіндегі оқшантайы мен дәндәкуі тырсия [illegible]. – Е-е, оқ дәрі мен қорғасын оқтарды толтырып алған ғой. [illegible]мен-ақ мені сынамақ тәрізі бар ма, қалай өзі? – деген оймен үй [illegible] назар тіге берді.

Баһрам орнынан түрекеліп бұларды күтіп тұр. Шешенің қасында [illegible] жатқан Самал жеңгесі екен. Күміс шытыралы кимешегінен [illegible]ірінен жылтыр қара шашын тыққыштап, сонадайдан аппақ тістерін [illegible] күлімдеп келеді. Еркін, ашық мінезді келіншек, қайнысы [illegible]мен әзілдесе беруші еді. Бірақ дәл қазір енесінен бұрын тіл [illegible] әдепсіз деп біліп, өзін тежеп келе жатқан сияқты. Жамал [illegible] бойы жерде тоқтай қалып:

- Ия, сері жігіт, сау-саламат жүрсің бе? Мұкашты саятқа ертіп шыкканның кай жағысың? – деп сыпайы ғана тіл катты.

Жанат аттан түсіп шитіні ердің касына іле салды да: - Ар ма, жеңеше? – деп есендесе езу тартып, - бұл бауырымды сынағалы келем не кылса да. Сыныма толса мына беренімді байлаймын ба калай. – деп, ат үстіндегі Мұкашка әрі сынай әрі кулана көз тастады.

Самал осы сөзді құдды бір күтіп тұрғандай-ак: - Бәсе, осы баланы бір сынап беріңізші, сері ағатай. Ат коя алмай-ак койдым осы бір кайныма. Қолынан келмейтіні жок білем. Қаршадай-ак түрімен ән де салады, домбыра да шертеді. Жазу-сызуға ересек балалардан ілгері. Енді міне мылтыкты меңгеріп алыпты. Бара-бара не болады мына екпінімен бұ жүгірмек? –деп маржандай тістерін көрсете, Баһрамға беттеп жаяулап келе жатқан Жанатка сауал жолдады.

Келін-кепшіктің сөзіне құлак асуды бойына мін көрген сері, жауап катпастан Баһрамға карай аяндай берді. Бос коя берген аты өкше ізін ала, соңынан еріп келеді. Ағасына жакындай бере аскан ілтипатпен оң колын кеудесіне койып басын иіңкіреп амандасты. Ағасымен катарласа тұрғанда Жанаттың бойы иығынан ғана келеді. Баһрам ұзын сонар шұбыртпа амандыкты ұнатпайтын машығымен:

- Ия, батыр-еке, мылтык асынып сайланып шығыпсың ғой. Жаз ортасында не кылған аңшылык бұл? – деп, мұртын жыбыр еткізе езу тартты.

- Сонау шілікті шұбардың ішінде киік бар көрінеді. Келе коймаушы еді бұ жакка. Сірә дағдылы өрісінде от болмаса керек. Биылғы жаз Торғай өлкесі куаңшылыкка ұшырапты деп есіткем. – жайды ұктырған Жанат Мұкашка назар жыкты. – Мына бауырыма беренді ұстатып көрсем бе деймін. Өнері бойын кернеп бара жатканға ұксайды осы баланың. Екі ауылдың әбдесте мен шылапшынын шыдатпай барады сабазың. Аң көздеп құмарынан шыксын бір. Әйтпесе мына түрімен елде ыдыс-аяк калдырмас. - деген әзілмен бұл да миык керді.

- Сері, тізе бүгіп ас ауыз тиініз. Анау бала киінсін. Жалаң аяк жүр ғой, балтырын кажатып алар. – деген сөзбен Жамал келініне - дәм әзірлей бер- дегендей ым какты.

- Жеңеше, еш әуре болмаңыз. Осы жерден сусын татып кете барармыз. Баптанып жүргенде киік те ауып кетер. – Жанат осы сөзбен Мұкашка еңсе бұрып, - бар, жаксылап тұрып киініп шык. Үстің жұка екен айткандай-ак. Кешігіп келерміз бе, кім білсін. – деп үйге кірместен-ак, тұрған жерінде малдас құрып отыра калды.

Баһрам да тізе кағыса жайғасып: - Міңгесіп жүресіңдер ме. Бір ат ерттетейін ана балаға. – деп еді, Самал ұсынған сырлы аяк кымызға кол созған Жанат, - топырлап жүріп аңды үркітерміз. Елеусіз барайык та. Қанша салмак бар дейсің жұдырыктай ұлда. – деп тостағанды кос

[illegible] - мінекейіңіз, бұйырыңыз! – деген сөзбен ағасына сәл [illegible] ырымын жасады.

Бұйырсын. – деп Баһрам бас изеп, бұл да жамағаты ұсынған [illegible] кос қолдай ұстай алды.

2

Шұбар көжектің жүрісі аса жайлы болып шықты. «Сауырынан су [illegible] жорға» деген сөздің шын мағынасын енді ғана ұққандай Мұқаш. Өзінің де бәсіре тайының аяң жорғасы бар еді, онысы мына шұбармен салыстыруға да келмейді екен. Құдды бір жел қайықпен [illegible] қолдің бетінде сырғып келе жатқандайсың. – Е-е, бөрте тайым [illegible] күліктің қасында жіп есе алмайды екен-ау. Жетіле келе өнер [illegible], әзіргі жүрісі қаттылау ма қалай. – деген оймен Жанаттың белін [illegible] түсті.

Кішмі қалың, шешесі: - Жол ұшы жақын емес көрінеді. Аттың [illegible] тепектеп жеткенше дүмің түсіп қалар. – деген желеумен [illegible] шалбар мен етік кигізген.

Кешкі салқынға ұрынып жүрерсіңдер. – деп иініне шапан, [illegible] жеңіл далбай және кигізді. Қалың киімнің дені Сейіткерейдікі. [illegible] болса анау Сүйін ағасынан қалған. Кіл ұлдар болған соң, [illegible] киім-кешек бірінен біріне ауыса береді де. Шешенің қоярда [illegible] далбай кигізгені мұнша жақсы болар ма. Ауылдан ұзай беруі [illegible], қалың маса қаптасын да кетсін. Бет пен қолдың ашық жеріне [illegible] мазаңды кетіреді-ақ. Жанат көкесі үнсіз, тыныштықты [illegible] шұбардың оқта-санда пысқырғаны ғана. Үндемей келе [illegible] бір жағынан теріс те емес сияқты. Иен сахарадағы бұндай [illegible] жүріс өзге балалардың ішін пыстырса. Мұқашты еш [illegible] емес. Анау Сейіткерейлер алысып-жұлысып, асыр [illegible] ойын соққанда, бұл даланың үні мен дыбысына құлақ түріп [illegible]. Ондайда Сәток ағасы:

Осы сен несіне қиялданып жүресің? Бет моншағы үзілмеген [illegible] сызылып. Кәне мені аударып көрші, қиялданбай! – деп, [illegible] жүгіріп келіп бұның арқасына ырғып мініп алар еді.

Далаға шықса-ақ, ұлдардың әуесі осы. Бір-бірінің арқасына [illegible] алып, аударыспақты салады-ай келіп. Амалсыз алысып-[illegible]ға, күресуге мәжбүрсің. Ал енді Мұқаштың өзіне салса, мына [illegible] үнін тыңдап тып-тыныш отыра берер еді. Өзге ұлдардың [illegible] дыбысына деп қоймайтынына таңырқап та қояды ішінен. Міне [illegible] ат үстінде бол-бол қағып келе жатып, құлақ түреді самиян [illegible] үніне. Бұл өлкенің ұйысқан бетегесі аттың шашасынан асады. [illegible] кауданның іші шегіртке мен инеліктің ызыңына толы.

Бәз біреуге маза кетірерлік ызың болып естілсе, Мұқашка ырғақты бір әуездей. Қанша тыңдаса да жалығар ма екен. Шалғын іші үнге толы болса, көктен бозторғайдың шырылы жетеді. Оның әуені тіпті ерекше. Жан жүйені кәдуілгідей балқыта тербейді-ай келіп. Тыңдауға құлақ керек-ау бұл лебізді. Дәл төбеңнен төніп алуан түрлі құбылта төгіледі. Мына маң даланың әлдиі мәнзелдес. Әлдиі болғанда аса әуезді де мамыражай, жаңды рахатқа бөлейтін әлдиі.

Мұқашка салса, күнде тыңдап осы әуенді домбырамен келтіріп шертер еді. Қайсы біреулер: - Бозторғайдың шырылында не ерекшелік болушы еді, тәйірі! Қашан есітсең де, бәз-баяғы іш пыстырар бір сарын. Құлағыңды сарсылтып мезі қылғаннан өзге не әсері болушы еді. – деп, менсінбес те бұл құйтақандай құстың өнерін. Бұл пікірдің үстірт екенін біреу білсе Мұқаш білер. Себебі, өзі талай мәрте домбырамен тірілтіп те баққан, әнші құстың лебізін. Әр шерткен сайын соны бір ырғақ пайда болатынына көзі де жеткен. Неліктен екенін өзі де түсіне алмай келеді. Бәлкім көңіл күйге байланысты болар. Сонау бір күндері Нәупіл ағасының қасында көбірек жүргені бар. Нысана көздеп садақ тартқанын, оқ жонғанын тамашалап үйреніп баққан. Бұның жан сала қызыққанына риза болған Нәупіл:

- Болар бала боғынан деген. Сен балада табандылық бар білем; жалықпастан үйрене бересің. Осы бетіңнен танба. – деп, дем бергені бар. Нәупіл сөзге сараң болса, мақтауға тіпті шығымсыз. Сондық, оң бағасының салмағы нар түйеге жүк боларлықтай.

- Әгәрки садақты меңгерем десең, күн құрғатпай шұғылдан. Бар ынты-шынтыңмен берілмесең, өнер болсын, кәсіп болсын жалын ұстатпас. Соңына мықтап түспесең, игеру қайда-а! Оған қоса мызғымас берік мінез керек. Аптықпа мінезді жаратпайды мергендік деген. Тымық күн өз алдына, желді күні садақ тарта бер. Ат үстінде шауып бара жатып оқ жолдауды үйрен. – деп, ескертіп қойған інісіне.

Әрі сабырлы, әрі қатаң Нәупілден үлгі алып, кешқұрым өз үйінде домбыра шертсе әуен бір алуан болып шығатынын байқап жүр Мұқаш. Ағасының ер мінезінің әсері болар, әуезге ерекше бір екпін бітеді. Ырғакка адуындау реңк пайда болатын сияқты. Ал енді Көрпеш ағасының насихатын естіп шыкса, бөлек бір әсерге бөленер еді. Кітаптан бас алмайтын кісі ғой бұл ағасы. Кітап болғанда діни ғана емес, кисса-дастандарды оқуға әуес. Қайдағы бір жұрт естімеген тарихи кітаптар жөнінде сыр шертеді де отырады. Баз-базда дастандарды дауыстап окитыны бар. Әсіресе Қожаберген бабаның «Елім-айын» әнге салып кирағаттайтыны әсерлі-ак. Тура сонау бір жаугершілік заманнан бір-ак шыккандайсың. Ондайда Мұқаш үнемі касынан табыла калады. Өзге балалар тыңдаудан жалығып ойнауға кетсе, бұл тапжылмастан отырады. Бейіл бере караған Көрпеш:

Осының дұрыс, бала. Далақтап ойнай бергеннен не өнер дейсің. [illegible] үңіл, дәмді әңгіме тыңда. Мына рисалаларда адамзат [illegible] тәжірибесі жинақталған. Тауарихтың сөлі осында. [illegible] білмеген пенде соқыр кісіге таңдық. Білмегеніміз ұшан-теңіз, [illegible] болмашы ғана бірденке, байыпқа салсақ. Мына [illegible] зерттеп шықпай, көкірек көзің ашылмас. – осы сөзімен [illegible] сере казыдай кітаптарды сипап кояды.

Мұқаш оқымысты ағасына қарсы келсін бе. Әйтсе де шүбәсы да [illegible] Кітап оқымақ былай тұрсын, кара танымайтындар да жүр ғой [illegible] аман. Мұртын балта шабар емес. Сокырлыктың зардабын [illegible] сиқы болсайшы. Мысалы анау Нәупілдің тетелесі Сүйіннің [illegible] шүкіпиғанын көрген емес Мұкаш. Үйіне кашан барсаң да [illegible] ік құрып, кішкентай балғасын тыкылдатып отырғаны. Сакасына [illegible] күюды сылтаулатып барады әдетте Сүйіннің алдына. Сол [illegible] сағаттап отырады ағасының ісмерлігін кызыктап. Күміс [illegible] пен капсырма, лағыл көзді алтын сакиналарды сокканы мұнша [illegible] болар ма! Аппак күміске кара зер жүргізіп өрнек салғаны тіпті [illegible] Қолы бір мүлт кетпейді-ау. Оюлардың суреті құдды бір ак [illegible] бетіне каламмен жазылғандай.

Өтпес шіркін, менің колымнан келмейді-ау бұндай ісмерлік! – [illegible] колынан көзін алмай, армандап отырар еді. Бұның [illegible] құдды бір танып койғандай Сүйін мұртын күлімдете [illegible]:

Немене, Мукәнтай, кызығасың ба? Хош, хош. Сен де үйренесің [illegible] кіріссең. Адам баласы меңгере алмайтын өнер жок, біле [illegible] Осылай касымда отыра берсең саған да жұғады зергерлік. Осы [illegible] жөн. - Асык ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен кой [illegible] коген жеген озар - деген атаң казак. Бір өнердің жолын ұста да, [illegible] үйрене бер. Соңына түсіп куа берсең, түптің түбінде [illegible] мін алатын мініскер боларыңа мен кепіл. – деп, бұл да [illegible] бағыт-бағдар сілтейді.

Бар ағаларының насихаты теріс емес-ау, әрине. Әр кайсысының да [illegible] өзіндік жолдары бар. Баршасына да еліктеп өнерлерін [illegible] келеді. Айтпакшы, әкейдің де ағаш ұсталығы бар ғой. [illegible] де өз алдына бір ісмерлік. Әкей кашауын жылтылдатып [illegible] жонганда касынан айналсоктап шыкпайды Мұкаш. Бала біткенге [illegible] елжірей коймайды әкелері. Қуып жекімесе де жылы сөзге [illegible]-ак. Мұкаш саталғыны алып өзінше кайыс ыскыласа, немесе [illegible] пышак жаныса, менсінкіремей сынай карар еді.

Байка, ойыншык емес бұл. Қолыңды кесіп аларсың абайсызда. – [illegible] ескертеді де кояды. Ағалары сиякты жылы кабак таныту жок. - [illegible] жезде, ана –кеме - деген мәтелді еске түсіргендей-ак. Сөйтсе де

сыйлайды әкені Мұқаш. Сыйламақ былай тұрсын, жанын беруге бар. - Әкейге ұсап, мінезім қорғасындай салмақты болса екен-ау! – деп армандайды. Оған анау Сәток пен Қуаныш жіберсін бе? Сәток ағалығын бұлдап неше түрлі тосын қадамға, кейде тіпті қауіпті қылықтарға бастайды-ау сабазың. Күрес үстінде жеңіліп бара жатса, қытықтап есіңді шығарады. Кейде ызақорланып білектен қыршып та алады. Кішкентай Қуаныштың болса шолжаңдаған тілі қызық. Ересектерге еліктеп білгенін дәттей жөнелгенде, ішек-сіленді қатыратынын қайтерсің. Осындай ағайынмен қайтып салмақ сақтарсың.

Әйтсе де әкейге ұқсап бағады Мұқаш. Бірде өз қолымен таспа тіліп, сегіз өрме жылан бауыр қамшы өргені бар. Тобылғыдан сап істеп, бұлдіргесін де келістіріп тағып қойған. Баһрам бұл бұйымына сынай қарап, бір талай тартқылап ұқалап көрді де ақыры: - Қобалақтаған әрекетіннен бірдеңке шығады екен, бала. – деп түйген.

Мақтауға сараң әкейдің бұл пікірі аса жоғары бағамен тең екенін қайтып білмесін Мұқаш. Баһрам қолпаш сөзді қимаса да, есесін Самал жеңгесі артығымен-ақ толтырған.

- Мәссаған, әп-әдемі ғой мынауың! Қаршадай түрімен қарай көр қолының епсектігін. Жез мойнақ қылып істепті кәдуілгідей. Маған лайық екен өзі, қамшы қарастырып жүр едім жақсы болды ғой. – деп салған жерден қамшыны иемденіп алды да, Мұқашқа ойлана қарап, - осы саған қандай ат қойып айдар тақсам екен? Қолыңнан келмейтіні жоқ тіпті. Бесіктен белің шықпай жатып мынандай бұйым істей алсаң ұзаққа шабарсың. Домбыра шертісің анау. «Бесаспап» деп қойсам ба екен жанама атыңды? – деп ойға батып, кәдуілгідей дағдарып та қалған.

Жеңгенің сөзін анасы да құптады. Мейірлене қарап: - Бұ құлыншағымды қалай дәріптесең де сияды. Бұ баланы көтергенде балға жерігенім тегін емес-ау. Мінезі салдырлаған аккөңіл, іске де қылап. Қай ісмерлікке жанасса да ілезде меңгеріп әкете береді. – деп Мұқашты маңдайынан иіскеп қойып, - десек те, оқуды үзбе, құлыным. Әлгідегі үәде есіңде болсын. – деп, ілгеріде ғана болған сұхбатты және бір еске түсірер еді.

Мұқаштың айнымас сырласы ғой аяулы анасы. Санасын мазалаған көп сұрақтарға көңіл бөлетін сол ғана. Ағаларының қолы тие қоймайды. – Басыңды көп қатыра берме. Миың ашып кетеді. Анау Сәтоктердей ойын соға берсейші, қай-қайдағыны қоздатпай. – деп, қолды сілтейді әдетте. Әкей болса, бала-шағамен шешіліп сөйлескен кісі емес. Мұқаштың талай сауалға жауап таба алмай әуреленіп жүргенін қайдан білсін үлкендер.

Көрпештің сөзіне сенсе, дүниядағы бар мақлұқатты да, жансыз заттарды да жараткан жалғыз құдай. Мұқаштың күнде көріп жүрген

[illegible]лер[illegible]ің шеті-шегі болсайшы. Құрт-құмырска, аң-құс, төрт түлік мал мен сан алуан өсімдіктер. Су ішіндегі балық пен бака-шаяны [illegible]ес бар. Төбедегі көк аспан мен кара жер. Күркіреген күн мен [illegible]ннолардан кейін пайда болатын кемпіркосак. Осының бәрін кай [illegible]ірет бар кылған? Жалғыз тәңірі мұнша жанды-жансызды кайтып [illegible]арата алады? Құдай болса да жалғыздың аты жалғыз емес пе. [illegible]ыздың шаңы шыкпас деген кайда. От калай пайда болады? Ағаш [illegible] болмаса тезек лаулап жанса, кей заттар мысалы темір мен тас неге [illegible]анбайды? Осы сынды сұрактардың ұшы-киыры жок сиякты. Тек [illegible]ана жіті көзбен үніле біл.

Өзге ағайын жауап беруден кашкактағанымен, анасы ден коя [illegible]тар еді. Тыңдайтын да білгенінше байыппен жауап беретін. Ал [illegible] Мүкаш хат таныған соң-ак, бұны тырп еткізбестен кисса окуға [illegible]ыз[illegible]ған.

Осы кітаптарды бастан аяк окып шыкпайынша ойын дегенді [illegible]. Жауаптың денін кітаптан табарсың. – деп бұйыра да сендіре [illegible]ен.

Кissаларға бір үнілгеннен-ак басын алмай окыған Мұкаштың [illegible] жер жиһанды шарлады да кетті. Пайғамбардың соғыстары, [illegible]рті Әлі мен Дариға кыздың күресі; Мәдидің өз әкесімен күресі [illegible] кызыкты окиғалар тізбектеле өтіп жатыр. Одан кейін колға [illegible] кисса «Көрұғлы». Бұл да ғаламат шығарма екен. Оқи келе [illegible] – неше түрлі ұлттар бар екен-ау ғаламда. Түрікпен, араб, [illegible]басстар сиякты. Әдет-ғұрыптары әр алуан. Жер-жиһанның да [illegible]-шегі жок сиякты. Құлан өтпес шөлдер, кеме кезіп өте алмас [illegible]дер бар болып шыкты. Мұкаштың киялы шарк ұрып, көз [illegible]нда не бір керемет көріністер мен суреттер өте бергені. Кітапка [illegible]ұкшиып мазмұнына тереңдеуі мұң екен, көзін ала алсайшы.

Айттым ғой саған, дүниенің кілті кітапта деп. Толып жаткан [illegible]тырлар, ғашыктар дастандары бар бұл кітаптарда. Һәммасын окып [illegible]ксаң халкымыздың тарихына бойлайсың. Сол киссаларды [illegible]ытана жазған бағзының шайырлары. Ежелден-ак батыр да, акын [illegible] халыкпыз. Бүгінгідей орыска кіріптар болған жок бабаларымыз. [illegible]лайлы деген дербес ұлысымыз, Тұран деген алып мемлекетіміз [illegible]ан сонау бағзы дәуірде. Оған кәрі тарих күә. Соңдык, кітапты [illegible]ай бер, Мүкәнтайым. Болмыстың сырына көз жеткізер ме екенсің.

[illegible]еп түйіп, кенет емірене калады анасы, - үй коңыр козым сол, [illegible]ыңнан айналайын! Мінезіннен айналайын жібектей есілген. [illegible]сіге тым сенгішсін, ботаканым. Мінезің кыздай нәзік. Аккөңіл [illegible]саң да аңкаулыктан сактан. Ертең өскенде біреуге жем болып [illegible]үрме, күнішегім. – деп күрсініп те кояды.

Қызға теңегенді жақтырған жоқ әрине Мұқаш. Әйтсе де, шеше тұжырымының жаны барын мойындайды. Шынтуайтқа келсе, қайсы бір ұлдарша егес-ерегісті сұқаны сүймейді-ақ. Өзіне салса тек домбыра шертіп ән сызылтумен шұғыл болар еді. Мына төбеге төніп шырылдап келе жатқан бозторғайды тыңдар еді.

Алайда, күрессіз, арпалыссыз ер баланың күні жоқ екен-ау. Амалсыз көнесің дағы. – Жолдасың соқыр болса, бір көзіңді жұмып жүр - деп Көрпеш ағасы айтқандай. Бір қызығы өз басы күреске құлыксыз болса да, бала біткеннен жығыла қоймайды. Шындаса Сәтокті де бүктеп жіберер еді. Сәток тұрмақ анау бойшаң да сіңірлі Бірайданы екі айналымға келтірген емес. Бойы серейген Қапар белдесуден тіпті қашады. Әя апайдың аяншақ әздегі болған соң ба, текетіреске осал-ақ. Жамбасқа салып жұлқа тартсаң – ойбай өлдім! – деп, байбалам салып есіңді шығаратынын қайтерсің. Мына ер мінез Жанат ағайдың кіндігінен өрбіген ізбасар деп кім айтар сол ынжық немені.

Бозторғайдың шырылына елтіп ойға батқан Мұқашты Жанаттың үні елең еткізді. – Келдік, бала. Әне көрінді киік. Тек дымың ішінде болсын. Дыбыс шығармай түсейікептеп. – деп, құлағына сыбыр төндірді.

Енді ғана аңғарды, бір өзекшенің қабағына келіпті. Айнала шоқшоқ шілік. Өзекшенің табанында жылап аққан су жылтырайды. Жылғаның бойы ұйыса біткен баттауық пен шұбалаң өлең. Су бетінен дымқыл леп жетіп демге жайлы тиіп жатыр.

- Әне көрдің бе? Сонау қобыдағы тепсеңде жайылып жүр. – Жанат шынтағымен түртіп қалып құбыла бетті нұсқады.

Мұқаш ә дегенде аңды көре алған жоқ. Үңіліп барып қана сарғыш көдемен бір түсті болып, оттап жүрген бір үйір киікті көзі шалды. Таңдары ағараңдап қаннен қаперсіз жайылғанына қарағанда, аңшылардың аңдығанын сезбесе керек. Жел де қобы жақтан, оның үстіне бойлап өскен шілік пен талдар ат пен кісіні жасырып тұр. Жанат машықты қимылмен қос аяқ шитіні құра бастады. Қабақтың бір дөңестеу тұсына етбеттеп жатып:

- Ал, Мұқаш, енді өзің көзде. Мүйізді текесін ат. Тар қолтықтың тұсынан тигізбесең құтылады. Бір-ақ рет атуға мүмкіндік бар. Үркіп кеткен соң сағымдай бұлдырап ұстатпайды бұлар. – деген ескертумен шитінің құндағын ұстай берген Мұқашты жауырынан қағып қалып, - сыналар сәтің жетті, таксыр-еке! – деп қуланған кескінмен мұртын жыбыр еткізді.

Жауапты сәт туғанын Мұқаш ескертусіз де біліп жатыр. Ағасы бұған сенбесе өзі атпай ма алдымен? Аң атаулы бір атқаннан соң, заматта қарасын батырары бесенеден белгілі. Осыны есте тұтып, апауыр шитіні қос қолдай ұстаған қалпы көздей бастады. Қабақтың

[illegible] тарлауы бетті қытықтап жөнді көздетер емес. Бітік шөптің [illegible]ыраған нісі танауға ұрып, тұла бойды маужыратып барады.

Айнала табиғаттың көрінісі соншалық бейбіт. Адамзат [illegible]ының қатыгез әзірлігінен мүлде бейхабар сияқты. Нәупіл [illegible]ының баулығаны сап ете еске түсті. – Алда-жалда мылтық атсаң, [illegible] үз. Тастай қатып қал. Қолыңда тінамдай діріл болмасын. [illegible]ді әбден орнықтыр. Жүрек соққанда тамыр лүпіл қағып, [illegible]ғанда толқу пайда болады. Сол болмашы дірілді бақыла. Жүрек [illegible]ның екі арасында білтені тұтатып ата білсең, оғың мүлт кетпес. [illegible], бірталай нұсқау берген болатын.

Шетен мен құманды атқанда бұл сөзге мән бере қоймап еді. Көп [illegible]ан байақ ата салған. Аңның жөні мүлде басқа әрине. Тірі мақлұқ [illegible] орнында байыз тауып тұрған ба. Қолдағы малдай отқа тұмсық көміп [illegible]ы әсте. Шөптің басын ғана шалып желдеп жүре береді. Сондық, [illegible] бағып дәл тигізу қиынның қиыны. Жүрегі құрғыр да атқақтап [illegible] сабар емес. Гүрс-гүрс соққан мына түрімен қайтып тигізбек.

Осы оймен мына әрекетінен түңілгендей де болды бір уақ. Әйтсе [illegible]ғаруға жол жоқ. Демін тарта бірталай қыбырсыз жатып, жүрек [illegible] орнықты-ау деген сәтте білтені тұтатып, шитіні гүрс еткізді. [illegible] түтін бұрқ етіп қолқаны қапты да, ытырыла қаша жөнелген [illegible]ктерді көзден жасырды. Жаткан жерінен атып тұрған Жанат көзін [illegible]кшеттей күн сала үңіліп:

Болмады, бала. Қап өзім атпай! Кетті-ау үйірлі бөкен. Әттең, [illegible]! деп санын бір-ақ соқты.

Ағайды қынжылттым-ау. Нем бар еді мылтыққа жармасып. Зәуде [illegible]кетін киіктен көз жазып қалды-ау ағатайым. Ұят болды не қылса [illegible]деген оймен өз өзін кінәлай сөккен Мұқаш созаландай көтеріле [illegible]. Ұясесі түскен қалпы, аң қашқан беткей жаққа назар салған да жоқ.

Кенет: - Оу, бала, біреуі сүрінді. Жығылды әнекей! Тигізіпсің, [illegible]! Ой, ерледің сабаз! – деп айғай салған Жанаттың үні құлақ [illegible]ды. Дереу атқа ұмтылып шитіні де көтерместен, - кеттік, [illegible]ұкаш, бауыздап алайық. – деп, жанталаса бұйрық берді сері.

Өзекшенің суын шолпылдата өте шығып, шұбардың қатты [illegible]ағасына салды. Екі ара едәуір жер екен. Тайпалтып жетіп келсе, [illegible]ды киік қорқырап қаңсырап жатыр. Көздері тостағандай, танауы [illegible]ектей, таңы аппақ. Жанат жалма-жан түсе салып, кездігін [illegible]ыңдата бауыздап жіберді.

Мүйізі қарағайдай текесі екен. Дәл жүректен тигізіпсің. Мұрнай ұшпай әудем жер қашып барып жығылғанын қарай көр! – [illegible]ырқаған нысайға мінген Жанат, басын шайқап таңдай қақты.

Жүресінен отырған қалпы жез мойнақ кездігін шөпке сүртіп: - [illegible] бөкен деп те атайды қазақ. Текесін «андағай» дейді. Мүйізінің

шақысының бірталайына қарағанда, мына біреуі сақа екен. Еттері қошқылдау, сорпасы татымсыздау келеді бұлардың. Ал енді қуырып жесе тіліңді үйірер. – деп, сүйірлене біткен мүсінді де ұзын мүйіздің шақысын санап, насаттанған пішінмен, - Сүйінге бір әдемі шакша істетіп алармын. Ернеуін күмістетіп, какпағын бұрандалы қылып әспеттеп істесін. Өзінің қатынына капсырма мен білезік сокканда колы сондай ептәш сокканның! Сонша катынжанды боп туарма саппасың. – деп күліп жіберді де, етігінің конышынан шакшасын шығарып, - тізе бүк, бала. Енді асығар ештеңке жок, іс бітті. Қызылсырап жүрген ағайын бүгін куырдакка бір карык болсын. –

Осы сөзбен малдас құра жайғасып, көк бұйраны ұртына жөнелте берді. Кескіні жайбарақат. Аң қызығына да, олжаға да кенелген азаматтың сүрепеті бар. Алайда, Мұкаштың көңілі жүдеу. Бөкеннің соңғы мәрте ышкынғанына күә болып, кенеттен құлазып сала бергені. Мал бауыздағанды талай көріп жүр-ау. Жеті жасар кезінде өзі де бір доғалайды бауыздап салған. Сасай теке мүйізімен жайқап кабырғасы сынған доғалай арам өлмесін деп, Асыл мен Самал жеңгелері бұған пышақ ұстаткан болатын.

- Ер бала тұрғанда келін-кепшіктің мал сойғаны жол емес. – деген желеумен жабыспасы болар ма. Бірақ, ол асыранды мал ғой. Етін корек қылмакка адамзат өсіріп-бағып жүрген жандық. Адам баласы бакпаса мал басы көбеймес еді, жырткыш тағының жеміне айналар еді. Мына бөкеннің жөні болса мүлде баска. Иен сахарада емін-еркін жосып жүрген аң. Демек, бұны тәңірі адамзатка тәуелсіз қылып жараткан.

Ендеше адам баласы неге өлтіреді даланың еркін тағысын? Корек үшін болса бір сәрі. Аштан бұратылып бара жаткан кісі емеспіз ғой. Азбенішсіз емеспіз, құдайға шүкір. Өріс толған құйма тұяк пен аша тұяктың түрі анау. Әншейін еріккеннен ата салып, жазықсыз хайуанның өмірін киғандарына жол болсын ендеше. Тілсіз маклұкат болса да жан иесі емес пе? Баданадай көздерінің мөлдірегенін айтсаңшы! Бауыздалып соңғы мәрте ышкынғанда көздерінен жас тамып тұрды-ау сорлының...

Уайымға бойлаған Мұкаш өз жанарының да дымданғанын жаңа сезді. Бұл түрін ағасы байкап коймасын деп, жүзін шұғыл бұрып әкетіп теріс айнала койды. Көкірек кере күрсініп төңірекке енді ғана зер салды. Даланың сұлу перзентінің өліміне табиғат ана да кайғырғандай. Бозторғайдың үні өшіпті. Қыл аяғы шегірткенін дыбысы да құмыккан. Орнаған жым-жырт тыныштыкты кенет карғаның каркылдағаны үркітіп кеп жіберсін. Қанды сезген құзғындар төбеден төне айналып жүр.

- Ажалдың, канның хабаршысы құзғындар екен-ау. Әжептарқы каркылы құлакка түрпідей тиеді. Бозторғай болса, мылтык үнінен

[illegible] шошып қалды. Демек, әдемі әуездің, хош көңілдің дұшпаны болғаны [illegible] мылтықтың. Сонда мен ән төресі бозторғайды үркітіп, [illegible] қарғаға дем бергенім бе? - Ой жетегімен түнере қалған Мұқашты ағасының дауысы жалт қаратты.

Кеттік, бала. Қаны сорғыды білем. Бүгінше осы олжамыз да [illegible] Ертеңгісін көре жатармыз. Таңғы нәсіп тәңіріден демекші. – [illegible] сөзбен орнынан көтеріле берді Жанат.

Шұбар жорға өз міндетін білгендей-ақ, серіге жақындап - [illegible] оңгер- дегендей көлденеңдей берді. Киікті алдына өңгеріп [illegible] ағасына ойлана көз тастаған Мұқаш: - Жоқ, ағатай, бұл сынды [illegible] табылмаспын енді. Аш-жалаңаш сіңірі шыққан кедей [illegible] бір сәрі. Еріккеннен бейуаз аңның өмірін қимаспын бұдан [illegible] деген оймен өзіне өзі серт бергендей болды.

Аяқ жорғамен асықпай жүріп ауылға кеш жетті аңшылар. Қой [illegible] қазанның қаспағы қырылып сүт қайнататын абыр-сабыр [illegible] Жылқы суатқа құлапты, жер ошақтардың түтіні көлбей [illegible]. Қоңырсыған сүттің, тезек түтінінің ашқылтым таныс лебі [illegible] жайлы тиіп жатыр. Қой маңырап, сиыр мөңіреп ауыл үсті [illegible] Жаулықтары ағарандаған әйелдер жағы ошақтардың [illegible] жүр. Еркек кіндіктілер көріне қойған жоқ. Бұлардың [illegible] шабаландап шыққан иттер серіні танып, құйрықтарын [illegible] үндері өшті. Жолаушы атаулыны алдымен аңғаратын [illegible] емес пе. Үнемі сергек жүріп, қыркада төбесі қылт еткен әр [illegible] көзі шалып қалғыш әдетте. Бұл сапар да Сейіткерейлер [illegible] ішінен бір топ болып шыға келіп, улап-шулап қоя берді.

Алакай, сері көкем келіп қалды!

Алдына бірдеңкені өңгеріп алыпты!

Марал ма елік пе?

Қайдағы марал? Маралды ат көтере ме? –

[illegible], көре салысымен өз ара дауласып қызыл кеңірдек болысып [illegible].

Кішкентай Қуаныш тарпылдап жүгіріп келіп Мұқашқа [illegible] әдетімен: - Мені міңгестір, ағатай! – деп, атпен қатарласа [illegible] салды.

Жоға, ат онсыз да ауырлап келеді. Мен түсейін одан дағы. – деп, Мұқаш ат тоқтамай-ақ топ ете жерге түсті. Жалаң аяқ жүгірген [illegible] қарақат көздері мөлдіреп: - Анау немене, ағатай? Ешкі [illegible] алған ба көкем? Өзі біртүрлі ғой. – деген сұрақтарды жаудыра Мұқашты құшақтай алды.

Күн ұзаққа көз жазып қалған соң кәдуілгідей сағынып қалыпты. [illegible] бұл тетелесі Мұқаштан қыл елі қалмай еріп жүрер еді. [illegible]керей кенже ұлға қатаңдау болған соң, осы ағасын айналдыра

береді. Мұкаш та кенже бауыры десе шығарға жаны жок. Міне казір де інісінің сыкпытына көз жүгіртіп:

- Аяғыңа кебіс кисеңші, табаныңнан сыз өтер. Кешкі салкын жаман болады. – деп жаны аши тіл катып, - мынауың не тағы? Үстібасың шаң-шаң. Күлге аунаганның кай жағысын өзің? Шешей көрсе ғой сыбағаңды береді шыкпыртып. – деген сөзбен Қуаныштың шалбары мен жейдесін каккыштай бастады.

Бұл кезде әйелдер де жиналып калды. Аттан түскен Жанаттың касына үйіріліп сұракты жаудыруда. Іңканның косағы кой сауып жүрген Мәрәш, алжапкышы сауыс-сауыс болып бұл да жетті. Ұзын бойлы, сарғыш жүзді бұл әйел Жанатпен еркін болатын. Жамал бәйбішенің сенімдісі болған соң, келін-кепшікке де сөзі өтімді. Тұрмысы жұкалау келгенімен өз кадірін білетін әйел. Пәлендей кескінді болмаса да, бір көрмеге ұскынсыз да емес. Абысын-ажындары айтпакшы: - Салпы ауыз Іңканға жарап жатыр осы Мәрәш. Сыдырма кас, сағал көз, каймыжык ерін шикіл сары катындар тілін сүйреңдете беруші еді. Бұл болса как-сокпен іс-місі жок, томпаландап жүре береді әйтеуір. – деп әу беттен-ак оң мінездеме алған. Сол Мәрәш көнегіндегі сүтті шелекке котара салып, серіге таман асыкты.

- Қайным, олжалы келіпсің ғой тіпті! Мына не аң өзі таңы жыркыраған? Маралдың пәйкесі болмағай. – деп, жакындай бере киікке шұкшиды.

Сері жауап катуға асыға коймай, атының камымен болып жатыр. Терін үгіп, төс айылын ағыта шап айылын босатыңкырап, басын кекжите каңтарып койды. Атты жайғастырған соң, топ балаға мойын бұрды. Бұлар киіктің мүйізін сипап, жүнінен тарткылап, кызыкка белшесінен батып тұрған болатын.

- Әй, шуылдактар, ауыздарыңды аша бермей, бар анау арбадағы кежімді алып келіңдер. Ат біраз киналып келді, жауып койған макұл. – деп бұйыра тіл катты.

Серінің әмірін күтіп тұрғандай-ак, ұл біткен: - Мен барамын, мен әкелемін! – деп жапатармағай лап берісіп, сонадай тұрған арбаларға карай тұра жөнелді.

Осы кезде келіндер де жетті. Сол жак бетінде түйреуіштің басындай ғана мені бар, порымы толыкша келген Асыл мен күміс шытыралы Самал сызыла басып келіп үндерін сыңғырлатты. Бұндайда алдымен суырылып сөйлейтін Самал:

- Ия, сері ағатай, канжығаңыз ток көрінеді, олжаңыздан! –деп санк ете күлім кактыда, - батырдан сауға, егіншіден кеусен, аншыдан сыралғы демекші, кімге байладыңыз бұ киікті? – деп, куакыланған пішінмен Асылды шынтағымен түртіп калды.

Үйі да сабырлы абысыны көп сөйлей коймайтын. Әсіресе [illegible] именер еді. Көрген жерден-ақ еңсесін тұқыртып, екі беті [illegible] калпы карадай қымсынып бітетін. Бұл сапар Самал коярда [illegible] бастап әкелген соң ғана, келген түрі. Лебіз шығармай-ақ үнсіз [illegible] мақ еді, алайда ойнакы мінез ажыны еркіне жібермей -сен де [illegible] арапас- дегендей-ақ бүйірінен нұқи берді.

Мүйізі әйбат екен өзінің. Ұштары сүп-сүйір, жылтыр қара [illegible] екен-ау. Дала тағысына ғана тән мүйіз. Көздері де әсерлі, кісіге [illegible] тұрғандай. Бір түрлі аяп кетеді екенсің. – деп мінезі мінәйім [illegible] көзін жыпыктатып, дауысын бәсең шығарды.

[illegible] кезде үй жақтан Жамал да жетті. Асыкпай баппен адымдап [illegible] адымен Мұкаштың бой-басына назар жүгіртіп өтті. Дін аман [illegible] көз жеткізгісі келгендей. Жеңгесін көрген соң Жанат та [illegible] арапасайын деді. Келіндердің сауалына жауап кайырғанымен, [illegible] Жамалда.

Бұл киікті көздеп жыккан мына Мұкаш. Тәу түсірген аңы ғой. [illegible] байласын да бұл бала. – деп, бұл сөзім нендей әсер етті екен [illegible] ісіне, жеңгесіне кадала карап тұр.

Самал таңыркаған нысайға міне кабағын кере тастап, Мұкаш пен [illegible] ма кезек көз тастады. – Шынымен-ак каршадай бала мүйізі [illegible] тай түз тағысын атып алды ма? – деген ойда тұрған сиякты.

Самал тіл катпағанымен Самал суырыла жөнелді. Бұл жаңалык [illegible] сөйлеуге таудай сылтау екенін не кылып білмесін сөзуар [illegible] Жерден жеті коян тапкандай-ак насаттанып:

Міне ғажап! Он жасар бала кашкан киікке тигізді дегенге сенейін [illegible] бе? Бәсе, бұ құбакан кайным бесаспап дегенім кайда. Өзі [illegible] өзі әнші, өзі молда бала еді, енді міне мергендігі жарк берді. [illegible], сері мырза! – деп көзін киғаштай, кабағын секірте күлім кақты.

Бұл туста Мәрәш шыдай алмаса керек: - Қайдағы он жас? Не [illegible] түрсын өзің? – деп киліге кетіп, - бұ бала сегізге енді ғана толды. [illegible] боталаған жылы туған бұ Мүкантай. Сол жылы туған бота [illegible] сегіз жасар атан. Одан кейін кіл ұрғашы бота өрбіді кызыл [illegible]. Соны да білмеймісің? – деп, ернін сылп еткізді.

[illegible] сауып тезек теретін жарлы-жакыбай есепті болса да, [illegible] аркаланып батыра сөйлейтіні болатын Мәрәштің. Сөздің [illegible] калса іркіле коймайды.

Аттакшы солай еді-ау. Жазған басым не кылып жаңылдым? – [illegible] тігірек айтылған сөзді ауырламастан, миык керді. – Сегіз [illegible] мұнша өнер тапса, осы кайнымыды «Сегіз» деп неге [illegible] ендеше? Өсе келе өнері де сегізге жетер ме екен. Сегіз [illegible] бір сырлы жігіт болуға жазсын да. – деп, тосыннан туған бір [illegible] шетін кылтитты.

Бұл тәжікенің барысын салмақты жүзбен бақылап тұрған Жанат, сәл таңырқаған пішінмен: - Келелі сөз ауызыңнан жаңа шықты ғой, келін. Аузыңа май, ылайым солай болғай да. – деп Мұқашқа еңсе бұрды да, – ия, Сегіз мерген, олжаңды кімге байладың? «Сыралғы» деген сөзді шығарды ғой мына жеңгелерің.- деп, райлана сұрады.

Сұрауы мұң екен, барлық жиынның назары Мұқашқа ауды. Құдды бір ұлы дүбір аламан ат жарыстың бас бәйгесінің тағдыры шешілгелі тұрғандай-ақ. Мұқаш болса бір де сәт іркілместен:

- Осы жеңешелеріме байладым ендеше бұ олжамды. Елде жоқ ат тауып қойған соң, не байласам да орынды шығар. – деп, естияр кісідей-ақ байыпты жауап қайырды.

Жамал баланың сөзіне сүйсінгенін жасырмай, разы пішінмен: - Әбден жөн, балам. Бұл жеңгеңнің қойған аты желімдей жабысушы еді. – деп Самалға көз тастап қойды да, - сегіз қырлы бір сырлы деген сипатқа лайық болсаң кәнекей! Бұл олжаға қол жеткізгенің сері ағаңның арқасы ғой. Соған еріп тапқан олжаң. Мен білсем, сері ағаңның жолы жазып тұр өзіңе. Қырың қырық болса да көптік етпес. Сырың жалқы болсын әрдайым. Жалқы жолды қуып Сегіз сері атанармысың, тәңірі қолдаса. – деп тұжырды.

Жамалдың аузынынан осы сөз шығуы мұң еді, кенет тыныштық орнады да қалды. Бар қауым, тіпті Қуанышқа ере келген уақ балалар да бір маңызды сәт үстінде тұрғандарын парықтағандай. Дабыра сөз сап тиылып, тек кешкі ауылдың дыбыстары естіліп жатыр. Сәл бөгеліп барып үнсіздікті Жанат бұзды. Жеңгесінің сөзін еш қалтқысыз мойындағандай басын шұлғып:

- Жақсы айттыңыз, жеңеше. Сері дегеніміз асқар таудай атақ. Иемдену оңай емес-ау оны. Алтынға да ала алмассың, хан жарлығы да жүрмес оған. Ол атақты халықтың өзі ғана берер. Өзге өнерді ия кәсіпті меңгеріп алар пенде. Үпад енбек жұмсап қуа берсең, жалын ұстатар қай кәсіп болса да. Ал енді серілік дегеніміз тәңірінің ғана құзырында. – деп сәл бөгеліп қалды.

Ойын қоғамдап алса керек, аз үнсіздіктен кейін бар топтың ішінен тек Мұқашқа ғана көзін көміп кеңесін өрбіте берді:

– Серінің қыры алуан болғанымен, сыры жалқы ғана екені рас. Ол – ән. Әнсіз сері – қанатсыз қыран. Ән пырағының жалынан ұстап ерттеп мінуге жазсын. Сол мұратыңа тілектеспін, бауырым. Сегіз ныспылы бауырым. – деп салдарлы пішінмен тұжырып, - әумин! – деп бет сипады.

Лебізінде салмақпен қатар тебіреніс те аңғарылып қалды. Жанатты ұйып тыңдаған көпшілік, уақ бала-шағасы бар, келісіп қойғандай-ақ жамыраса қостап жүздерін сипасып жатыр. Көңілі толқыған Жамал:

Шайым періштенің құлағына шалынсын ақ батаң. Арауктар [illegible] жебей көріңіз құлыншағымды. – деп күбірлеп, күндігінің [illegible] кірпігіне іркілген жасты сүрте берді...

3

[illegible] күзеуге түскен соң-ақ, Баһрамның от басына уайым кірді. [illegible] себебі – Жамалдың күрт аскынған науқасы. Дерт меңдеп [illegible] жүретін халге келген соң, Баһрам балаларды Көрпештің үйіне [illegible] мәжбүр болған. Әлсіреген Жамалдың күтімін Самал мен [illegible] міндетіне алды. Науқас ұшығып бара жаткан соң, ақсақалдар [illegible] шеткізіп Нәупілді аттандырған болатын. Бүгін сол шипагердің [illegible] күні. Балта Керейдің ішінде бұрыннан сініскіп кеткен Сәдуакас [illegible] бір тәуіп болатын. Қарымы – Құлан Қыпшақ. Заманында қыз [illegible] қашып, даудан бас қорғалап нағашыларын паналап келген еді.

Сәдуакастың аталарына да тұқымына да сынықшылық қонған. Оған [illegible] тамыр ұстап шөппен емдейтін, сүлік салып қан жіберетін [illegible]ерлігі де бар. Сол Сәдуакастың Нұрбек деген немересін алып [illegible]мекке қос атпен Нәупіл аттанған болатын. Сынықшы дегенді үйде [illegible]ғытып коя ма ел. Іздеп барса, мойыны қашық бір ауылға кетіп [illegible] Нұрбек. Екі аптадай айналып жүріп алған Нәупілден алды күні [illegible] хабар жеткен. – Емшіні ертіп келе жатырмын. Жол амандығы болса, [illegible] күнде ауыл карасын көрерміз. – деп шапқыншы жіберіпті.

Шакшакка карасты ауылдардың күзеуі Бұкпа көлдің аңғарында. Бұл [illegible] жайлаудан бірер көштік жер. Күзекке түскен ел алты қанат жазғы [illegible] ыкшамдап, күзгі суыққа лайық шағын үйлерін тігіп алған. Науқасты күткен Баһрам да қоңыр үзікті күзгі үйге жайғасқан. Төрт [illegible] шатпаның іші тұянадай жинакы. Туырлық пен үзігі кос кабат киіз [illegible] керегесі жағалай тұскиіз бен текемет. Күн салкын болған соң, [illegible]ктің бір жағы ғана сәл түрілген. Маздап жанған сары кидың түтіні [illegible]сыдылауға кетіп жатыр. Іргені айнала төселген алаша мен бөстектер [illegible] сызын елетер емес. Лақ сүмбіленің сүмелек жаңбыры таңның [illegible]нан бері сіркірегенімен, үйдің іші құрғақ та жылы.

Үй ішінде отағасы мен Жамалдан басқа Асыл мен Самал бар. [illegible] келін казан көтеріп ас камымен айналысуда. Төр жакта калың кұс [illegible]ектің үстінде Жамал жатыр. Биіктете көтерген жастықтағы өңінде [illegible] сол жок. Сынык кабағы мен мұң кіреукесі шалған жанарында [illegible]пас дерттің табы анык аңғарылады. Науқастың назары төменірек [illegible]ласкан отағасыда. Өмірлік серігі ер-азаматымен үнсіз [illegible]ңдасқандай солғын карайды. Баһрам да үнсіз. Асадалға аркасын [illegible] малдас құрып отыр. Әншейінде карап отыра алмайтын тесік [illegible], енбеккор кісінің жалпак алаканды әлуетті колдары байыз [illegible]ан. Бұның да жүзі түнеріңкі.

Қазанда былқып пісіп жатқан еттің тәбет қоздырар буымен де, кәкпірмен көбігін алып ыдыс-аяқты сылдырлатқан Асылмен де іс-місі жоқ сияқты. Тек ара-тұра отты көсеген Самал құрғақ тезекті көбірек салып түтін иісі сезілсе, мұртын жыбырлатын келінге жақтырмай көз тастап қояды. – Байқасаңшы! – дегендей. Әйтсе де алая қарағаны болмаса тіс жарған емес. Келіндермен тәжікелесіп өз беделін түсіруші ме еді. Құлақ түргені - сырттан естілген дыбыстар. Ат тұяғының дүбірі жете ме деп, іштей елендеген жайы бар.

Сырт көзге сыр бермесе де күдігі мол Баһрамның. Бір айдан бері көңіл де күпті. Жамал қатты науқастанғаннан бері ұйқы да қашқан. Өз еліндегі шипагерлер қолынан келген ем-домды еш аянбастан істеп те жатыр-ау. Әйтсе де, оң өзгеріс жоқ. Қызылжар шаһарында бір тамыр орысы бар еді. Базаршылап қала аралап жүргенде танысқан, Прохоров Иван деген кісі. Әрі оқымысты, әрі адал, қазағуар азамат болатын. Соған жетіп ақылдасып мұңын шағып еді, екі сөзге келмей:

- Қалаға дереу жеткіз! Біздің үйде жатсын, емханадағы дәрігерге көрсетеміз. – деп елпілдей кеткені.

Орыс бір көрген жақсылықты ұмыта қоймайды екен. Осы Иванға әу бетте бір көмектескені бар Баһрамның. Сол жәрдемі танысып тамырласуға да себеп болған. Қалалы жерде кісіні аңдып тонайтын бұзықтар болатыны мәлім. Ішінде кәтіргіден қашқан қаны қарайғандар да бар. Бұларды «шермаш» деп атайтын көрінеді. Осындай үш шермаш базар аралап жүрген Иванды тапа тал түсте бассалып тонайды. Аңдып жүрсе керек, әй-шайға қаратпай қалтасындағы ақша толы шиланға жармасады. Бір кісіге әлі қаптал азамат қаймыға қоймай жағаласа кеткен. Қасындағы әйелі айғай салып халайықты көмекке шақырады. Алайда, қол ұшын беруге жан адам шыққан жоқ. Пышағын жаландатқан бұзықтарға кім беттей қойсын. Тәртіп сақшысы жандарм да базардың арғы бір шетінде бейқам жүрсе керек.

Дәл осы оқиғаның үстіне Баһрам тап бола қоймас па. Қасында Іңкан бар, ол-пұл алмақ болып ләпкелерді аралап келе жатқан беттері. Боқыраудың жәрмеңкесінде жылқы сатып, ауылға базарлық алып қайтпақ ниетпен түрлі заттарды көздеп, асықпай жүрген еді. Іңканның иығында қос қоржын, ішіне Баһрам сатып алған майда-шүйде кәкір-шүкірді сықай толтырып, балпаң басады. Баһрамға жамағаты қара ләмбок пен тібін тапсырып еді, соны қарастыра сөрелерге назар қыдырта жүрген. Кенет ту сыртынан апыр-топыр дыбыс естіліп, әйелдің құлындағы ащы дауысы құлақты жарсын келіп!

Жалт қараса, қаба сақал үш орыс біреуге жабылып алысып-жұлысып жүр. Айғай салған әлгі жәбір көрген кісінің зайыбы. Бейбақ

[illegible] жан ұшырып, қолындағы бокшасымен қарақшыларды [illegible]шітеуде. Мата сатып тұрған ноғай саудагері:

Бұланың шермаштары ғой. Киліге көрме, ағайын. Кәпірлер өз [illegible]маса берсін. Бұ кәззаптар қарусыз жүрмейді. Урядникке құлақ [illegible]тер анау халайық. – деп сақтық айтқан.

Ортадағы орысқа болысу деген ойдан Баһрам да аулақтын. Тегі [illegible] өз ара әмпейлесе қалып, ара түскен қазаққа бірігіп [illegible]масына кім кепіл. – Орыстан досың болса, қойыныңда қара [illegible] болсын. – демей ме ел мәтелі. Сөйтіп тұрғанда тонаушылар [illegible] орысты жығып тастап, ал кеп тепкілесін. Назар салса, [illegible]уші қолтығындағы бір шиланды бермей арпалысса керек. [illegible] ақшасы барын байқап қалды ма екен, әйтеуір қарақшылар [illegible] алмай тынар емес сияқты.

Оу, мыналар жығылған адамды мыжғылап ұрмақ па? Бұ не [illegible]? – деген ой зу етіп, арашаға ұмтылғанын өзі де аңғармай [illegible] Баһрам. Бұндайға әзір болса керек, әлгілер айылын жисайшы.

Ой, малма тымақ жаман қазақ, саған не жоқ? Бар түйенді баға [illegible] деп бойы серейген, қасқыр көз біреуі тап берсін. Шеңгелінде [illegible]ңдаған сүйір ұшты лөкет пышақ.

Атты казачилердің каһарлы қылышынан аман қалған азамат, [illegible]нан бір жаяудың қоқан-лоққысынан ықсын ба? Қайда жүрсе де [illegible]ышысын тастамайтын ел қазағы емес пе. Оң қолының білезігінде [illegible]ргесінен ілініп, бұзау тіс тобылғы сап үнемі сүйретіліп жүретін. [illegible] жаяу жүргенде дойырды ала қоймайды. Он сегіз таспа дойыр кақ [illegible]йдан тисе, шекесі жұқа келетіндер жан тапсыруы да ғажап емес.

Дойыр болмаса да, өзегіне қорғасын жүгірткен алты өрме қамшы [illegible] қару емес. Тек сілтей білер қол табылсын. Тиген жерін тіліп [illegible]удай ашытады. Үш шермаш қайратты қолда жыландай ысқырған [illegible]ының «игілігін» татты-ау сол бір сапар. Құйрығын борбайына [illegible], саталап қашқан бұралқы кандендердей зыта жөнелсін.

Баһрам шаңға аунап жатқан орысты тұрғызып: - Ал, ызнаком, [illegible] қорыкпа. Маңайыңа да жоламасына мен кепіл. – деп шала орысшасымен жұбатпақ болып еді, әлгі кісі казақша сайрай жөнелсін.

- Мың да бір рахмет, жақсы азамат! Құдайдан қайтсын. – деп, [illegible]ысын жаудырды да жіберді.

Жамағаты да шүлдірлеп орысшасын қосып жатыр. Баһрам [illegible]ақыда сәл аңырып еді, жаңа танысы жатық казақшамен жөн-[illegible]ысығын дәттеп берді.

- Осы қаланың малын бакқан жатактарымен көрші тұрып едім. [illegible]ақ балаларымен катар өстім. – дей келе, - ал енді біздің үйден дәм [illegible]қызбай жібермеймін, тамыр-еке. – деп жабыса кетсін.

- Кәпірің шошка етін асып бермегей. – деген күдікпен Баһрам көне коймап еді, бұның ішіндегісін танып қойғандай-ақ Иван:

- Еш қам жеме, ағайын. Мұсылманның салтына қанықпын. Бас бұзар қаракшылардан құткарған азаматка харам татқызсам кім болғаным? – деп, күдігін сейілтіп сендіре сөйлеген.

Сөйтіп сол бір күннен-ақ екеуінің достығы жараса қалған. Иванның жұбайы Екатерина да құдайға қараған бір жан екен, ауылдың казағын еш жатсынған жок. Сол екеуі Жамалдың наукасын естігенде:

- Қалаға жеткіз, біздің құжыраны өз үйіндей көр. – деп, бәйек болды да калды.

Құжыра дегендері сөздің сырағысы ғана. Баспаналарын бадырайтпай жорта кеміткен түрлері ғой. Иванның өзі де жамағаты да бастауыш білім беретін «Приходская школа» деп аталатын мектепте мұғалімдер. Екеуіне жетерлік дөп-дөңгелек тұрмыстары да баршылық. Саңғыраған төрт бөлмелі «крестауай» үйлері, желгіш атты жегіп шығатын фаэтон күймелері де бар, ортан колды мешандар. Бар уайымдары – Екатеринаның құрсак көтере алмай жүргені. Әйтсе де, казактай емес әйелінің бедеулігіне бола пәлендей кайғырған Иван жок сиякты. Бір сұхбаттың үстінде:

- Құдай перзент сүйгізбесе шаран кайсы? Қазак сиякты кос катын алуға біздің дін коспайды. Шіркеу заны пұрсат берген күнде де алмас едім токалды. Сүйіп косылған жарымды қайтып ренжітем. – деп сыр шерткені бар.

Сөйткен адал көңіл тамырдың ұсынысын жеткізгенде, Жамал аттонын ала кашкан. – Ондайды атама, көкесі! Саудыраған сүйегімді сүйретіп калаға тентіремекпін бе? Не көрсем де өз босағамда көрем. Құдайдың бұйырығынан асу кайда. Пәлесіне риза, казасына сабырлы болу біздей мүминге міндет те. – деп келтесінен кайырған.

Енді міне тәуіптің келуін күтіп отырған түрлері мынау. Үміт аз екенін түсінбейді емес Баһрам. Жарының құлан таза айығып кетпегі екі талай. Әйтсе де, суға кеткен тал кармайды демекші, колдан келер бар әрекетті істеуге бекінген. Ағасы Сексен бұған бір оңашада:

- Немене түсің кашып сүңиіп кеткенің? Салың суға кеткендей-ак сонша не дуние бүлініпті? – деп өзінше жұбатып дем берген. – Бала белде, катын жолда деген атаң казак. Әрі кетсе жан тапсырар косағың. Жұмыр басты пенде жазмыштан құтылған ба. Һәммамыздың барар жеріміз алты табан көр екен. – деп бір кайырды да, бұны тізесінен түртіп калып, - оу, саппас-ау, катын өлді – камшының сабы сынды деген кайда. Кедейдің катыны өлсе басы каңғырар, байдың катыны өлсе төсегі жаңғырар деген және бар емес пе. Бағзыдан калған жол-жора осы, бауырым. Баба жоралғысын бұзар сен кім едің

[illegible] осы сөзбен көзін ойнақшыта, қуланған кескінмен, - ертең [illegible] өткен соң, қырық жетіні қырқа матап түйдегімен айдатамыз да, [illegible] ніс алып береміз саған. Мал-дәулет баршылық қой, құдайға [illegible] деп, алдағы өмірдің көрінісін сөзбен сырлай сөйлеген.

Жалғыз ағайынның пікірі де осы екенін құлақ қағыс қылып еді. [illegible] тірі, ажалмен арпалысып жатқан Жамалды есептен шығарып [illegible] Сексен ағасы. Алайда, ағайыннан үндемей құтылған [illegible] іш пікірі өзіндетін. Сексен көлденең тартқан нақыл сөзді бұл [illegible] ойына сіңіріп өскен. Әйтсе де, дәл өз басына келгенде ата жолын [illegible] ауыр ойдың шырмауына маталды да қалды. Бабалардың жөн- [illegible] өз жан дүниесімен үйлесім таппай-ақ қойғаны.

Алты ұлды тауып беріп, беріп қана қоймай әлпештеп өсірген [illegible] екен. Ишшай дескен күніміз болған емес. Айбүркеншік [illegible] желекті келін болып түскеннен-ақ, менің қабағыммен жүріп [illegible] ұшқан түрі анау. Пейілі қандай десеңші! Мұндай ақ көңіл, адал [illegible] кісіні мүсіркегіш нәзік жанды бұрын-соңды көрсемші. Сөйткен [illegible] ыма иттік жасағаным ба? Қыз ал дейді Сексен. Елуді [illegible] ыма ған қырқылжыңды бет моншағы үзілмеген қыз-қырқын [illegible] ме еді? Малдың күшімен жылатып-сықтатып алғанның несі [illegible] Келіндерімнен де жас, әлдебіреудің баласының обалына [illegible] ланым ба сонда.

Жоқ, болмас ол! Нәпсісін семірткен бордақы байлар жаңғырта [illegible] тосегін. Нәпсіні де, жел өкпе көңілді де ауыздықтай білмесем, [illegible] ғым қайсы? «Мықты болсаң нәпсіңді тый» деген екен халық [illegible]ы. Ел маған батыр атағын таңады екен. Батырлық деген найза [illegible] жау төңкеру ғана емес шығар. Өз нәпсіңді жеңіп көр, қияметтік [illegible] асына адал болуға шыдап бақ, мықты болсаң. Жолдасын жауға [illegible] ді ер дейді екен еліміз. Ел үдесінен шығайын ендеше. – деген [illegible] ауға келіп, Жамалға деген адалдыққа бекінген.

Сондағы сенетіні үш келін ғой. Алда-жалда Жамалдан айырылса, [illegible] балаларды жетімсіретпес деп соларға сідет артады да. Үлкен келін [illegible] ға да, мына жүрген Асыл мен Самал да қайнылары десе [illegible] ындағы асын жырып беруге бар. Мұқаш пен көпей туған Қуаныш [illegible] рмақ, аусарлау Сейіткерейге де шаң жуытар ма екен. Анау Пәрида:

- Осы Сәтөгіме жеки бермеңдерші. Тентектен түзелген жақсы [illegible] ды деген бар. Осы қара бала түбінде дыңдай азамат, баршамызға [illegible] мкор болып ел сөзін ұстамаса маған кел! – деп Сейіткерейдің кей [illegible] ғын жуып-шайып жүргені.

Оғаштық демекші, бұзып-жарып дүние бүлдіргені де жоқ-ау сол [illegible]. Бар қиястығы – молданың сабағын керек қылмайды зәнталақ. [illegible] рскі мәрте тай үйретем деп, сол тайларды қан сорпа қылып [illegible] ғыр ғаны да бар. Ағаларының насыбайынан ұрлап атқаны бар

айтпакшы. Ол үшін шешесінен де, ағаларынан да «сыбағасын» алып тынған кезінде. Ұл боп туған соң бір ізбен жүрсін бе?

Мұқаштың жөні болса тіпті бөлек. Жазды күні ол баланы Самал «Сегіз» деп еркелете ат қойып еді, сол лақап аты желімдей жабыссын да қалсын. Саны сегізге әлі жете қоймағанымен, өнері көп-ақ жүгірмектің. Соның ішінде әнге деген әуестігі күн санап артып бара ма, қалай өзі. Кейінгі кезде кисса жаттап алып, домбыраға қосыла кирағаттап жүр. Лебізі құлақ құрышын қандырарлықтай-ақ сүп-сүйкімді. Күз басталысымен халайық бұл баланы үйлеріне шақырып тыңдайтынды шығарды. Сүмелек жаңбыр сіркіреген сұрғылт кеште, оты маздай жанған жылы үйде кисса тыңдағанға не жетсін. Тіпті Шақшақ атасы алдырып бір тыңдағаннан-ақ:

- Мына бала күміс көмей ғой өзі! Лебізі жүйе-жүйемді босатты тіпті. Өзі хатқа да жүйрік, қарап тұрсам. Менің қасымда болып анау дастандарды жырлап берсін. Балбырата тарткан домбырасы да үніне сай екен. – деп оң пікір білдіріп, баланы апталап өз қасында ұстайтынды шығарды.

Тетелесінен екі елі айырылмайтын кенже ұл Қуаныш та сол атасын жағалап жүргені. Баһрамның шешесі қапсағай кемпір Асылтас:

- Әй, осы көпей ұлды өз бауырыма алатын шығармын. Болса да осы үйден шыкпайды. Иттің күшігі мұнша тәтті болар ма. – деп қаракат көзді, кайкы кірпік, нәзік тұрпатты ұлды құшырлана иіскей берер еді.

Демек, кара ормандай ағайын-туғанның келесі бала-шағаны жетімсіретер түрі жок. Бар уайым – Жамалдың тағдыры...

Көзін жұмыңқырай отырған Баһрамның ойын сырттан жеткен ат тұяғының дүбірі бөліп жіберді. Су сінген жер мен сіркіреген жаңбыр дыбыс атаулыны құмыктырса да, бірер аттылының жіті жүрісін анык аңғарды. Іле:

- Нұреке, үйге кіре берініз, аттарды өзім жайғастырамын. – деген Нәупілдің үні де жетті.

- Е-е, келіп калған екен ғой тәуібіміз. Ия сәт! – деп көңілдене күбірлеген Баһрам мейманды күтіп алмакка тұра берді.

Үйдің есігі айкара ашылып калың киінген жолаушы табалдырыктан аттай берді. Басында сеңсең тымактың үстіне кабаттай киген күлапара, иінінде етегі жер сызған кебенек, орта бойлы дембелше кісі дауысын бәсең ғана шығарып есендесті.

- Уа, батыр-еке, сәлем бердік! Аман-есен бармысыңдар? – деп амандыкты созбастан төс қағыстыра көрісті де, шешіне бастады.

Дөңгелек толык бетті, кара торы Нұрбек кайсы бір кыдырмалардай емес, сөзге сараң болатын. Қорасан дағы бар бұжыр бетті, касы түксиген калың кабакты, кісіге алая караған көздері, бір көрмеге ыспар мінез иесін таныткандай. Сөйлеген мәнері де елден

[illegible] Жұрттың бәрін жақтырмай сөйлейтін сияқты. Тәу көрген [illegible] ескір шығарсың-ау, дәу де болса. Пансыған сықпытың жаман. [illegible] шығарде түйетін әдетте.

[illegible], бұл алғашқы әсердің сырт көрінісі ғана. Нәті ақ көңіл де, [illegible] нағыз өзі бұл тәуіп. Өз өнерін, ем-домын ғұмыры [illegible] емес, іздеп келген кісінің бетін қайтарған да емес. Кісіні [illegible] ұмайды. Құй бай, құй жарлы болсын, үн-түнсіз жиналып атка [illegible], қолынан келген жәрдемін сарка жұмсап бағады. Қайсы бір [illegible] мәнсіздалардай ішірткі ішкізіп, дұғалық жазып тұмар таққызу [illegible] істеп жұртты алдаған күні де жоқ. Атасынан үйренген [illegible] қолданады Нұрбек.

[illegible] бастысы – қолы сезімтал да епсекті. Сылап-сипап отырып, [illegible] сүйекті қалпына келтіруге, буыннан шыққан жілікті сарт еткізіп [illegible] салуға шебер-ақ. Түйсігі жүйрік пе, әлде тәжірибесі орасан ба, [illegible] сызылса да сүйек шатынаса да, дәл танып емін таба біледі. [illegible] быртық саусақтары мұнша сезімтал болар ма. Науқастың [illegible] үстай отырып, бар дертін қолмен қойғандай-ақ айтып береді.

[illegible] де әр алуан. Ісінген буынды жылқының қазысына бөлесе, [illegible] жаралыны жаңа сойылған малдың шелді терісіне орап тастайды. [illegible] сақинасын сүлік салып, шеке тамырынан қан жіберіп емдесе, [illegible], ұшығу, суық тиген, жел қарыскан ауруларды шөппен емдейді. [illegible] майы мен өтін, борсықтың майын да қолданады ем-домға.

Мына далада не бір шипалы да, улы шөп те бар. Тек тани біл де, [illegible] мөлшерін біл. – деп түсіндірер еді өз өнерін. Бір қасиеті – [illegible] бұлдаған жан емес. Кедейлер жағы емнің ақысына не бере [illegible] еді. Олардан еш сый-сияпат та дәметпейді. Байлар жағына [illegible] сіңірсе, қайсы бір разы болғандар ат міңгізіп те жіберген. [illegible] ымсыз кей жуандар тіл емізіп, құр кол аттандырғаны да не сан. [illegible] туысканын ажалдан арашалап алса да, мал-мүлікті қимайтын [illegible]ларға кез болғаны не сан. Ондайларға да қабақ шытпайды Нұрбек. Кей бастастары:

Бұның не, есеңді жіберіп? Сені бір иіс алмас ынжық деп, [illegible]ының қай жағы? Шіріген бай бола тұра, пәленшекең енбегіне [illegible] лағын да қимапты. Ай тұяқ жетектетпесе де, аша тұяқ [illegible]ағаны жөн ғой. Тым құрығанда иығына шапан жаппай ма. Әлі де [illegible] ісі түспес дей ме екен, сараң ит. Туған бауырын ел қатарына [illegible], құлан таза айығып кетті әнекей. Сол енбегінді бағаламай ма [illegible]дар неме. Егескенде келесі жолы барма ол пасыққа! Ауызын [illegible] жіберші бір. Боғын пышақтасын шығымсыз малғұн. – деп [illegible] салар еді.

Алайда, жора-жолдас қанша шүйлесе де, Нұрбектің емшілік жөнінде өз ұстанымы бартын. Онысын жария қылмаса да, сырластарға шет жағасын дәттеп те берген кезінде.

– Тәуіптік қасиет қонған кісі білгенін бұлдамас болар. Өйтпесе, тиын сауған саудагерден айырмасы қайсы? Пайда көздеп науқастарды алаласам, емшілік қасиет тұрақтамай ғайып болады. Арың таза, ниетің оң болмаса шипагерлік қонбайды. – деп түсіндірер еді.

Енді міне сол аз сөзді, томсарған бұжыр бетті тәуіп сырт киімін шешіп науқаспен айналыспақ. Суы сорғалаған кебенек пен күләпарасын Баһрамға ұстата салып, саптамасын шешті де мәсішең қалпы отқа қарай қадам басты. Етженді төртбақ келген денесі епетейсіз көрінгенімен, қимылы ширақ. Ұстара көрген үлкен басындағы тақиясын түзетіңкіреп отқа таман жайғасты да, қолдарын жылыта бастады. Иегі көсе, сиректеу келген мұртын таңқита қырып жүретін Нұрбектің жасы Баһраммен шамалас. Сол себепті бұны құрдас деп сөйлейтін. Жамалмен де бұрыннан жүз таныс. Алдыңғы жылдары осы ауылдан дәм татқаны бар. Қос келін әдеп сақтап босаға жақта үн-түнсіз отырса да, бойын жылытып алған тәуіп:

-Тысқа шыға тұрыңдар. Науқастың жайын көрейін. Көріп болған соң өзім шақырармын. – деп, қатқылдау үнмен көзін бір төңкеріп өтті.

Үй ішінде Баһрам екеуі ғана қалған соң, Жамалға көз тастап қабақ шытты да білезік тұсынан ұстай алды. Бас бармағымен тамырын басқан қалпы ұзақ отырды. Баһрам жүзіне қанша үңілсе де, не ойда екенін танып білу мүлде мүмкін емес сияқты. Дордақ беті құдды бір тастан қашалған балбал дерсің.

Жамал болса Нұрбекке бір сәт қана көз тастап, назарын әкете берді. Өз тағдырына мойынсұнған кісідей-ақ кескіні сабырлы. Қаны қашып әбден жүдеген өңінде қорқыныштың нышаны да жоқ. Қорықпақ түгілі, кескіні үрейлі Баһрамға мейірлене қарап қояды. Қияметтік жолдасын: - Бекем бол! – деп үнсіз жұбатқандай-ақ. Нұрбек бір талай ойланып отырып, Жамалдың жүзіне үңілген қалпы:

- Құрдас, өкпесін тыңдау керек жамағатыңның. Етпетінен жатқыз да көйлегіне шейін шешіндір. Ұлы сөздің ұяттығы жоқ демекші, аркасына құлақ тосып өкпесінің сырылын тыңдаймын. Ал бол, қимылда! – деп бұйыра сөйледі.

- Бәйбіше, сен еш қымсынба. Жауырын тұсыңа құлақ төсеуге тура келер. Байыңның көзінше тыңдағанның сөкеттігі жоқ. – деп, Жамалдың көңілін аулап бақты.

Бұдан кейін сырқаттың шеке тамырын, алқымын ұстап біраз отырды да, ақыры: - Жә, құрдас, жәй мәлім. – деген сөзбен Жамалдың көрпесін қымтап, Баһрамға иек қақты. – Шақыра бер ана келіндерді. Шай ішіп таңдай жібітейік. Таң сәріден нәр сызбастан аттанып едік.

[illegible]ым түтеп барады мүлдем. – деп балпаң баса адымдап, [illegible] түсына төселген бөстекке карай қадам басты.

Бүгін күні наукас жөнінде тіс жарып ештеңе айта қойған жоқ тәуіп. Бәрімізге тықақтап сөз тартуды әбестік көрді. – Бір білгені бар шығар. Керегі өзі айтар. Дегбіріміді қашырмай әліптің артын бағайын. [illegible]ына ұқсамайын. – деген оймен мейманды мазаламады.

Кешесі күні ғана, дәл аттанарда Баһрамды былайырақ алып [illegible] Нұрбек көкірегін кере күрсініп қойды да:

– Хал мүшкіл, замандас, бекем болғайсың. – деген сөзбен Баһрамды шынтағынан ұстай алып, - ем қонатын емес бұл дертке. Ошеш [illegible]ніп қалыпты мүлдем. Құрт ауруы тым аскынып кеткенге ұқсайды. Көрер күні бір айға жетуі екі талай. – деп тұжырды. Осы [illegible] Баһрамға көзін қадап, - және бір ескертерім – өздерің абай [illegible]ңдарысың. Сыныктан өзгенің бәрі жұғады деген екен атаң қазақ. [illegible] айтылған сөз емес екеніне көзім талай жеткен.

Бұл окпе құрты деген пәлекет жұккыш келеді. Наукасты күтуге [illegible] жетімек кемпір-сампыр, жоқ-жітікті жұмсағаның жөн. Анау [illegible]ндер мен өз басың жоламай-ақ қойыңдар. Дертке шалдығуың әп-[illegible]. Қосағыңның сызығы жетсе, амал нешік? Өзгеннің камын ойла. Наукастың ыдыс-аяғын, киім-кешегін, төсек орнын өртеп жіберерсің. [illegible]ген сөзбен Баһрамның қолын қысып қойып, байлаулы тұрған [illegible] карай қадам басты.

Тәуіпті аттандырмақ болып Көрпеш пен Нәупіл бастаған ағайын [illegible]рменің тұсында әзір тұр еді. Окыс хабардан есеңгіреген Баһрам сең [illegible]ндай халде тұрған жерінен козғалуға мұршасы болмай, аңырып [illegible] берді.

Нұрбек канша ескерткенімен Баһрам Жамалды күтуден кашкан [illegible]. Сондағы ойы: - Ғаріптің санаулы күні қалған екен. Сонда барша [illegible]ныр кашкактап, бөтен біреудің бағуына тапсырғанымыз жөн [illegible]мас. Дәл үзілер сәтте айналасында бақұлдасар туғандар болмаса, [illegible] паразы боп кетеді емес пе? Жақыны жоқ жетімек әлдекім бе еді. [illegible]ай алдында молда құтпа окып неке киған ғұмырлық жан серігім [illegible]. Қошкардай-кошкардай ұлдар туғаны өз алдына, бір деп [illegible]мнен, екі деп етегімнен ұстаған ақ некелі зайыбым.

Мені аскар таудай пана көріп өткен екен бұ пәниден. Менің [illegible]ым бұ міскіннен аяулы ма еді. Ажалдан коркып, бұны жапа-[illegible]ңыз күтімсіз қалдырғаным барып тұрған опасыздық болар. Наукасы жұғады-ау деп жан-жарымнан безсем, жау зерттеген [illegible]ырлығым адыра калсын. Қияметтік жолдасымды жетімсіретпей, [illegible]мышты көріп алайын. – деген тұжырымға бекіп, Жамалды күту [illegible]ын өз міндетіне алды.

Келіндер түгілі ауылдың өзге қатын-қалаш, кемпірлерді жолатқан жоқ. Әлді ауыл, іргелі ел болған соң, жұқпалы індет шалған науқасқа күтуші табылмай қоймас еді. Жетім-жесір, соқа басты қоңсылар әр елде баршылық қой. Ауыл иесі байырғы жұмсаса, кедей-кепшік қоңсыда бетін қайтаруға дәрмен қайда.

Ағайынның пікірі де осыған сайған. Баһрам келіндерге өз үйлерінде ауқат әзірлетіп, Жамалға қатынауға тиым салған соң, тетелесі Бауыржан бұған соқалап жолықты. Толық денелі, қызыл сары өңді, келбетті Бауыржан үйге бас сұқпай есік алдында тоқтатып сәлем берді де:

- Батыр-еке, мына тірлігің қалай өзі? Анау келіндерді де маңайлатпай бар күтімді өзің атқарып жүрсің. Төсек тартып жатқан қатынды еркек күткен ерсі емес пе? Өзі жұқпалы дерт көрінеді. Ертең өзіңе қонбай ма бұл ауру. Сен олай-пұлай боп кетсең, үй ішің не болмақ? Анау қылтиып көрінген боқташақтардың қамын қаперіне алдың ба өзің. Ағайын турғанда жетімдік көрмейді-ау бала-шаған. Әйтсе де әке-шешеге кім жеткен. Әне өзің де күн санап қу шөлмектей бозарып, жүдеп барасың. – деп бір талай шілтелеп алып, тықпа буырыл сақалы мен ширатпа мұртын сипап қойып, сөзін желілей берді.

- Қоңсының бір пысықша қатынымен келісіп қойдық. Бар күтімін өзі атқармақ. Сырттан бақылап қана жүрерсің. Жамал міскіннің бар мүлік-затын, киім-кешегін өртеп жіберерміз ертең көзі кеткенде. Тәуіптің кеңесі солай көрінеді ғой. Өз басыңды ойла. Екі тумақ жоқ бұл пәниде. Қорғасын оқ пен казачилердің қылышынан аман қалған басың, жұқпалы дертке шалдықпас деймісің әлде. Ағайын талабы осы. Мені әдейі жұмсап отыр анау әкең мен бауырларың. – деп сөзін сарыққан.

Лебізінде жанашырлық сарын бар. Жазық маңдайлы, қоңқақ мұрынды ұсқыны салмақты. Ағайын ішінде Бауыржанның кескіні бөлектеу болатын. Сүдіні сопақтау, көзі шұңірек. Өңі қазаққа емес, ия түрікпен ия сарт нәсіліне ұқсаңқырайды. Онысын Шақшақ:

- Арғы атамыз Қарабас тарханның бірнеше қатыны болса керек. Ішінде түрікпеннен бе екен, сарттан ба екен, әйтеуір өзге бір тектен алғаны да болыптымыс. Сол түп нағашысына тартқан болар бұл ұл.- деп түсіндірер еді.

Сексен ағасы сияқты Бауыржан да билікке араласып жүр. Мінезінің бір ерекшелігі – ағаларына қарағанда қоданду. Баз-базда омырауға салып доқ көрсетуге де бар. Екі дайда бұзып-жарып сөйлеп те береді. Бұны Шақшақ көбінесе тартысқан елдерге қыр көрсетпекке жұмсайды. Сексен мен Есенжан мәмілегер сөзді ұстап барса, Бауыржан өктем сөйлейді әдетте. Сондық, карт би мен ағайын келесі Бауыржанды жұмсаса, бұның әкелген сөзі бұйрықпен парапар екенін пайымдады Баһрам. Әйтсе де, алған бетінен қайтпады.

Е, бауырым, сөзің орынды-ақ. Қамымды жеп қабырғаң [illegible] екен, алда риза болсын. Бірақ, бұ шермендені бөтен кісінің [illegible] қалдыра алмаймын. Шықсақ төріміз, өлсек көріміз бір [illegible]. Келген кепті көріп алдым. Әзірейіл төтелеп келсе, қайда [illegible] ма құтыла алмаспын. – деп, келтесінен ғана қайырған.

Ұлсының мінезіне қанық Бауыржан, сұхбатты ары қарай [illegible]ды. Сексенге келіп: - Қисайған жағынан түзелген бе кикар [illegible]! Сыңар езулесе бой бермеуші еді заңғарың. Сөзінді жеткізіп [illegible] құлағына да қыстырған жоқ. Бет бақтырар емес мүлдем. Дауа [illegible] деп, қолын бір-ақ сілтеген.

Нүрбек емшінің жорамалы дәл келді. Бір айдың жүзі өтпестен- [illegible] Қамал дүние салды. Бірақ бұл қайғымен құтыла алмады Шақшақ [illegible]. Бір айналдырса шыр айналдырар демекші, Жамалдың қырқы [illegible] соң оқыстан Баһрам да опат болды. Кейіңгі бірер жұмада құр [illegible] қалып, қатты жүдеген болатын. – Менен дерт жұғар. – деп [illegible] Жанаттан өзге жан адамды жолатқан жоқ. Сусын мен азық [illegible] Жанаттың өзіне:

Қасыма келме, сонадай қалдыр да кете бер. – деп қайта-қайта [illegible].

Жамалға қарағанда қайратты азамат қой. Ажал сәті жеткенше [illegible] міндетін артпай өз басын күтті. Ақырғы демі үзілерде, [illegible] отырған Жанатқа:

Таңға жетпеспін, бауырым. Бақұл бол. Анау бокташақтарды [illegible] аларсың. – деп деміге сөйлеп, күшін жинағандай біраз үнсіз [illegible] да, кірпігін бір қағып, - Мұхамед Қанапияны шаһарда оқытам [illegible] ойым бар еді. Көкірегіндегі қоймасы әлемет-ау сол бір [illegible] ұлдың. Тұнып тұрған тұма дерсің. Сол бұлақтың көзін ашам [illegible] жүр едім. – деген сөзбен әлі құрып үні өшті.

Ақырғы сөзі сол болды да еш қиналмастан үзіле берді арыстай [illegible]. Ел қыстауға қонған кез. Бірер күннен бері жаяу [illegible]ндатып, ызғырық жел мазаны кетіріп тұрған. Баһрам көз [illegible] күннің ертеңінде күн шайдай ашылып, тып-тымық болып [illegible] да қалды. Ауада шыңылтыр аяз бар, төңірек аппақ қар. Шақшақтың қыстауы «Толыбай жалы» деп аталатын ну орманның [illegible] ірге тепкен. Орманның іші сұрапыл борандарда жылқыға [illegible]ырмайтын ықтасын. Сонау «Гүлтөбе» деп аталатын қырқаның [illegible] тұнып тұрған ақ от пен қара от.

Бидің өз қыстау үйі қарағайдан қиылған еңселі жай. Қора-[illegible]ының кіре берісі кең лапас. Бұл ел лапас пен пен қора-қопсыны [illegible] отпестей қылып, бір шатырдың астына салады. Қораның [illegible]ары кең де биік, ат-шана қысылмастан еркін кіргендей. [illegible]лжар шаһары бұл маңнан пәлендей қашық емес, жүрдек атқа

күндік жер. Шаһар жақындығы тұрмыска әсер етіп те тұр. Аукатты әулеттердің үй-жайлары кала үлгісімен салынған. Шақшактың саңғыраған төрт бөлмелі үйінің шатыры түнікелі, терезелері кос кабат әйнек. Кірпішті мұржадан шыккан бозғылт түтін тымык ауада тік көтеріліп, сонау зеңгір көкке созылып жатыр. Сары ки түтінінің ашқылтым иісі аязды ауада танауға жайлы тиеді.

Би үйінің маңы таңнан бері абыр-сабыр, сапырылыс әбігерде. Белдеуде ерттеулі аттар, жеңіл кәшауа шанаға жегілген аттардың да карасы мол. Түннен тұрған аттардың омырауы, жоны бозкырау болса, жаңа келгендері бусанып тұр. Кей жолаушыларға иттері ере келіпті. Еріп келген иттер шанаға төселген шөптің үстіне жатып алып, тұмсықтарын шапка тыға мүлгуде. Бұларға ауыл иттері танау жиыра ырылдап өздерінше айбат шегеді. Ауыл итінің құйрығы кайкы демекші, шаңкілдеген кәндендер мен әупілдеген төбеттер келімсектерге есе бермек емес. Аула толы кісілер әрі-бері өткенде:

- Кет әй, аяққа оралғы болмай! Әй, кайсың барсың, камандар мына шәуілдектерді! – деп акырып калғанды өзіне борыш санағандай, үндемей калмайды.

Талдан токылған биік шошаланың алдында бірнеше жігіт актармалатып жылкы сойып жатыр. Жеңдерін шынтағына дейін түріп алып, буы бұркыраған теріні іреп жатқан Серғазы копал кимылдап ырс-ырс етеді. Бір-екі бозбас теріні тартысып бас жағынан іреуде. Киімдері жеңіл, бешпеттерін шалбарланып алып ыкшам жүр. Бұларды кадағалап тұрған Есенжан, каскыр ішікті желбегей жамылып түлкі тымактың бір құлағын жымыра киіпті. Томпактау үлкен көзді, шокша сакалды, мол пішілген толық сүдіні аязбен күреңденіп ажарлана түскен. Қасапшы жігіттерге бас-көз болуды өзіне міндет деп білсе керек, окта-санда:

- Оу, Серғазы, әуреленбесеңші жұдырыктап! Балтаның дүмімен соғып іресеңші былай. Ілезде сыпырасың. Уак малдың терісі деп пе едің, жұдырыкка көне коятын. – деп мән үйретеді өзінше.

Іркілдек семіз бетінен тер тамшылаған Серғазы: - Білемін ғой, білемін ғой. Қазір-ак, Есеке. Әп-сәтте жайғастырамыз ғой. – деп сөзбен жұбатса да, өз әдісінен жаңылмай жұдырығымен-ак іреп жатыр.

Бұлардан сәл әрірек және бір ту кысырак сойылуда. Осының бәрі Баһрам жаназасының камы. Бүгін ағайын аукымы маркұмның жамбасын жерге тигізбек. Жан жактан ағылып келіп жатқан ағайынға ас берудің камында бүкіл ауыл-аймак жүр. Қыстау сыртындағы зиратта кешеден бері жердің тоңын от жағып жібіткен жігіттер, кабірді әзірлеп койған. Мөңке бастаған бір топ молда лахат шығарғанды кадағалап келген болатын. Заманында ғазауатка катысып, ерен кимыл көрсеткен азамат болған соң, бұл жаназаға ат

[illegible] жердегі қожа-молда тегіс келіпті. Көрпеш мәйіттің басында [illegible] Шақшаққа бір жолығып шыққанда:

Інша[illegible]алла, жаназасын қырық молда шығаратын болды. Жаңа [illegible] білсем, құлақтанған елдер түгел келіпті. – деп мәлім еткен.

Шешен қораның қақпасының алдында иін тіресе бір топ бала тұр. Бұ[illegible] ауылдағы әбігерді қызықтап, бастарын түйістіре шұңкілдесіп [illegible] Сейіткерей мен Мұқаш та осында. Қуаныштың:

Күн үскірік, тоңып қаласың. Ат-шаналы бөтен кісілер де көп. [illegible] таңталарсың, үйден шығушы болма. – деп түрлі сылтауды [illegible], үйде қалдырып шыққан түрлері.

Мұқаштың жаздан бері бойы өсіңкіреп тұрпаты сомдана түскен. [illegible] қалың, жердің сызы мен аязын елетер емес. Аяқта табандатқан [illegible] болса, үстінде мол пішілген сеңсен тонша, басында қара [illegible]мен тыстаған елтірі тымақ. Тонның сыртынан белін түбіт [illegible]ймен шарт буынып алған. – Қыс көзі қырауда белінді дәйім [illegible] жүр. Ішіне жел қарысады. – деп құлағына үнемі құйып [illegible] анасының ақылын естен шығарған емес. Өзі түгілі анау [illegible]ныққа да қашанда ескертіп жүреді.

[illegible]дағы сапырылысқан халайыққа көз тіккен Мұқаштың кескіні [illegible] Қасындағы балалардың сөзіне құлақ түргенімен жүйрік киял өз [illegible]мен кетіп, әр тарапқа әкете береді. Уайым көбейді ғой кейіңгі [illegible]. Сейіткерейді қайдам, өз басы анау үйде қалған Қуаныштың [illegible] жей береді.

Кеше таң әлетінде әкелерің бұ дүниеден озып кетті. Бекем [illegible]лыңдар, құлыншақтарым. – деп Пәрида жеңгелері қаралы хабар [illegible] бұларды құшақтай алғанда, Қуаныштың көзі жаутаңдап:

Енді біз тұлдыр жетім болғанымыз ба? – деп үрке қарағаны, [illegible]ана соншалық батып кетіп еді.

Шешелері қайтқанда, кішкентай інісі көпке дейін тіпті түсінбей [illegible] жүрген. – Апам ұйқыдан ояна ма? Қашаңғы ұйықтай беруші еді? – [illegible] сұрай беретін.

Бұның жанын жараламайық деп, Асыл мен Самал жеңгелері: - [illegible]ларың аурудан қатты қажып қалыпты. Төркіндеп кетті ендігі. Ол [illegible] ұйқы қандырып біраз тынығып алмақ. Тыныққан соң келеді де. [illegible] деп жұбатып алдаған болатын.

Бір-екі жұмадан соң шешені сағынған Қуаныш жыламсырап іздей [illegible]тайды. – Оянбаушы ма еді апам? Қашан келеді? – деп ағаларына [illegible]лысын келіп. Мұқаш сөзге айналдырып, неше түрлі сылтау іздеп [illegible]лусыратып еді, мәймөңкені жақтырмайтын Сәток:

- Несіне ыбылжисың? Турасын айтпайсың ба? Болса да естиді [illegible]інде. Көңілі суи берсін қайта. – деп Мұқашқа зекіп, - апамыз

қайтып кетті. Өлді біратола. Енді жоқ бізге. Келмейді ешқашан! – деп төтесінен кетті.

Ерке Қуаныш еңіреп тұрып жылап жіберіп еді, онысына да жібіген жоқ. – Ағызба көзіннің сорасын! Сені жұбатар шешеміз жоқ енді. Жігіт емессің бе? Бәріміз өлеміз түптің түбінде. Келмеске кетіп құрт-құмырскаға жем боламыз әлі-ақ. Анау бейітті көрдің бе? Бар адамзаттың барар жері сол-ақ. Тастай қараңғы көр. – деп, кенже ұлдың зәресін одан сайын ұшырғаны.

Көзі шарасынан шыға жаздаған Қуаныш Мұкашты құшақтай алып ал кеп солқылдап жыласын. – Рас па Сәтоктің айтканы? Мен де өлемін бе? Қара жерде калай жападан жалғыз жатамын? Қаранғыда корыкпаймын ба? Сен де мені тастап кетесің бе? – деп кемсеңдеп, сұракты жаудырсын кеп.

Асылы, Мұкашты дәйім пана тұтар еді. Еркелігін көтеретінін біледі ғой. Бұл ағасы касында болса, әке-шешені де өзге туысканды да іздей коймайтын. Қиссаны көп окитын Мұкаш жатарда бауырын койынына алып не бір кызыкты әңгіме шертетіні бар. Қисса-дастандарды кара сөзбен дәттеп, өз жанынан косыңкырап кызыктыра баян кылатын. Ұйып тыңдайтын Қуаныш бұны – молда ағатайым, окымысты ағам- деп сыйлап, әр сөзіне имандай сенер еді. Сол беделіне сүйенген Мұкаш бауырын жұбатып:

- Еш корыкпа, Кәкентай. Өтірік айтады да Сәток. Қикар мінезін білесің ғой. Сені шираткан түрі шығар. Сені өжет болып өссін деген дәмесі де баяғы. – деген сөзбен інісінің жасын сүртіп құшағына көмді де, - адам баласының жаны өлмейді ешкашан. Жаксы кісілердің жаны жұмакка барады. Жұмак дегеніміз нағыз рахаттың мекені. Қыс болмайды онда. Жыл тәулігінде жаз тамылжиды да тұрады. Анамыз бізді сол бейісте күтеді де. – деп Қуанышты мандайынан иіскеп койып, - сен болсаң кәртаймайсың да мүлде.

Мен ертең өскен соң Шың-Машынға сапар шегіп саған сары үйектің миын алып келемін. Сары үйектің миын таткан кісі өлмек түгілі кәртаймайды да. Шын-Машын жөнінде ертегі айтып едім ғой әлгінде. Оның күнгейінде Мысыр, Сарандил деген аса алыс елдер бар. Сен өскен соң сол жакка барып кайтамыз әлі. Тоты құсты, тауыс құсты көресің. Тоты құстың канат-құйрығы жүз құбылып тұрады дейді көргендер. Тіпті көз карығады екен карай калсаң. Бір көрген жан тамашаға карык болып, мәңгі жас болып өтеді екен. – деп Қуанышты сөзге айналдырып, алдаркатып бағар еді.

Жылағанын зәтте ұмытып жадыраған бауыры: - Сары үйек дегенің жылан емес пе? Корыкпайсың ба одан? Шағып алса ше? Шынымен-ак алып келесің бе оның миын? – деп, кайкы кірпігін каға көзін жыпыктатып ағасына телміреді.

Несіне коркам? Жігіт емеспін бе. Бөрте тайды үйреткенімді [illegible] той. Тарпаң немені көндіктіріп бас білгі қылғаным қайда. [illegible] одан зор болып па? – деп бұл да карсы сұракты жаудырып, [illegible] көңілін орныктырады да, - жылан дегенің маған түк емес, [illegible]. Керексе тіпті аждаһадан ығармын ба. Нәупілдің каска [illegible] сұрап алмаймын ба. Аспаһани кылыш кой ол. Сілтеп кеп [illegible] [illegible] как айырылар жылан дегенің. Сары үйектің миын [illegible], кәпір боп өтейін мына пәниден! – деп серт айткандай-ак, [illegible] көтеріңкі леппен тұжыратын.

«Кәпір» деген сөздің магынасына түсінбесе де, аса ұнамсыз ұғым [illegible] хабардар Куаныш, бұл сөзді үлкен бір дәлел деп білсе керек. [illegible] магынасы бұлдыр «пәни» деген сөзден де әсерленді ме екен, [illegible] иланған нысайға міниіп ағасына таңыркай карап калған. [illegible] да бар кейіпінде. – Мынандай ер жүрек ағатайым тұрғанда [illegible] кай жау алсын! – дегендей-ак, кертеш танауы одан сайын [illegible] [illegible] түседі.

Інісін сары үйектің миымен жұбатса, өз басы өлімнен пәлендей [illegible] коймайды. Оған себеп Көрпеш ағасының насихаты. [illegible] [illegible]керейдей емес, көкейінде сұрағы көп Мұкаш ағаларын кажай [illegible] [illegible] еді. – Адам баласы өлгеннен соң, ғұмыр біратола үзіле ме? – деп [illegible] [illegible]ады әуелім. – Біратола үзілсе онда несіне жаратылдык? Адамның ғұмыры соншалык келте болар ма. Бір ғасыр жасап мәңгілікке көз [illegible]ұмды екенбіз. Тәніміз шіріп сүйегіміз күл болмак екен. Олай болса [illegible]рлік дүниеге несіне келдік? Не мән-максат бар тірлікте? Өмірдің түк [illegible] [illegible]асы болмағаны ма? – деп, сауалды жаудырады-ай келіп.

Нәупіл мен Сүйін: - Басты катырма, бала. Тірліктің пайдасын [illegible] біліп пе? Қаймана казак түгілі Жиренше шешен сынды [illegible]ыпан тірліктің пайдасын таба алмаған. Адам таппас ойды кайдан [illegible]ардың өзі? -Уайым түбі тұңғиык, батасың да кетесің- деген сөз [illegible]р. Көп уайымдап ойлана берсең миың ашып кетеді. – деп колды [illegible]тейді де, - бар анау Көрпешті айналдырсаңшы одан да. Он екі пәнді [illegible]амдап окумен көз майын тауыскан максым ғой. Уағыз айтуға да [illegible]ымылтык. Білгенін бүгіп калмас. – деп, салмакты аудара салады.

Көрпеш шынымен-ак сұхбаттан каша коймайтын. Мұкашты [illegible]асынып менсінбеген күні де жок. Керісінше бейіл бере карап, [illegible]сына отырғызып алып, әңгіме-дүкеннің тиегін баппен ағытар еді:

- Бұның дұрыс, бала. Ой тербеткеніңді айтам да. Анау [illegible]токтердей далактап ойын соға бермей, біраулык зерде кинаганың [illegible]ден жөн. – деп бастап, ойын қоғамдап аз-мұз кідіреді де, асыкпай [illegible]ппен сөйлеп жауапка кірісетін. – Бұ пәниді жараткан бір алла екені мәлім. Мағынасыз жараткан жок, әрине. Адам баласы түгілі әр мақлұктың өзіндік орны бар бұ жалғанда. Жарык дүниеде

әрқайсымыз аз күнгі қонақпыз. Тиесілі күнімізді көреміз де, бұйырған дәміміз таусылған соң мәңгілік тұрағымызды таппақпыз.

Адал мүминдер бейіске асса, күнәқарлар тозаққа жұтылмақ. Бейіс дегеніміз мәңгілік рахат мекені. Жаның барша аруақтармен қауышып мәңгі-бақи бақытқа кенелмек. Сондық бала, осы бастан дінге берік болғайсың. Хат таныған екенсің, құран тәпсірлерін, хадистерді зерттей бер ендігі. Жаратылыстың бар мән-мағынасы мұқтасарда. – деп бастап, ұзақ кеңеске кетер еді.

Ұйып тыңдаған Мұқаш, ағасы сөзін тәмамдағанда: - Осы біздің Нәупілдер неге намазға жығылмай жүр әлі күнге? Діндері осал ма әлде. Мен себебін сұрасам – «мың күн ұжмақтан бір күн тіршілік» деген сөз бар, бала. «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген мәтел және бар қазақта. Өлгеннен соң рахаттың не керегі бар? Сол себепті бейіс рахатын қожа-молдаға бердік. – деген үәжбен өзімді әжуа қылады. әлгі Нәупіл. Жауаптасқанда езуін жисайшы тым құрығанда. Сүйін де шариғаттың шартына шалағай. – деп Көрпешке төне түседі.

Бұл сұраққа майда ғана жымиған ағасы: - Ол көксоққандарға құлақ аспа, бауырым. Қос саппас тантымасын. Жан алқымға келгенде құдайын заматта табар нойыс немелер. – деп мырс беріп, ағайындарын сөккендей басын шайқап қояды да, - біздің Арқаның қазағы дінге шалағай келеді ежелден. Тіл емізу ғана, шынтуайтқа келсек. Намазға егделер ғана жығылады. Оразаны да шын ықыласпен ұстаған кісі шамалы. Діннің кәусары сонау Түркістан мен Бұқарада, Тәшкент пен Самарқанда ғой, шіркін. Алла жолыңды оңғарса сен де көрерсің сол қасиетті жерлерді. Миуалы бау-бақшалар, алуан түрлі жемістер бәрі сонда. – деп қызықтыра сөйлеген.

Асылы, Мұқашты мазалайтын түсініксіз мәселелер көп-ақ. Еркіне жіберсе, Көрпешке күнбе күн сұрақ қояр еді. Түн баласында зеңгір көкке үңіліп, самсаған жұлдыздарды, жаңа туып толықсыған айды тамашалаудан бір жалыққан емес. Қиялдана үңіледі сонау қара барқын кеңістікке. Осы зеңгір көктің шеті-шегі бар ма? Аспанның түбі қайда? Түбі, шеті бар болса, түрі қандай? Жар ма ия құрдым ба? Оның арғы жағы не күйде? Қара жердің қыртысының сонау тереңінде не бар? Осы сынды сауалдарға көңіл көншітерлік жауап ести алмай жүр әлі күнге.

Үлкендердің айтқаны қарын аштырады. Жерді көк өгіз мүйізімен тіреп тұр деп түсіндіреді Көрпеш. Өгізді ұстап тұрған нән балық, балықтың астында су, судың астында бу. Одан кейіңгісін, будың астында не барын адамзат баласына білуге жазбапты мыс.

- Сонау есте жоқ бұлдыр заманда Ұлықбек деген ғұлама өтіпті. Әмір Темір жиһангердің немересі екен. Сол ғұлама Самарқан қаласындағы зертханасында отырып-ақ аспан-көкке үңіліп зерттесе керек. Білген-түйгендерін хатпен жазып ғылыми әпсана да

[illegible] Алайда, көкке шұқшиып зерттегені такуаларға жакпай, [illegible] есіл ғұлама.

Құдайдың көгінде, сегіз кат ғарышта нең бар? – деп [illegible], надан сопылар соңына түсіп алады. Ғалымды науыт [illegible], жазба зерттеулерін, рисаларын құртып жіберіпті. Бір дерек [illegible], парсының ғалымдары Ұлыкбектің енбектеріне сүйеніп [illegible] жаңалык ашыпты мыс. Парсылардың зерттеулерін болса, бар [illegible] ғылымы әсіресе анау Еуропадағы Франк елі керегіне жаратса [illegible]. Өтең діндарлардың надандығы болмаса, түркіден шыккан [illegible], біздің елді не бір ғажайып ғылыми табыстарға карык [illegible] еді ау, шіркін! – деп, кеңесін корытар еді Көрпеш.

Парсы, араб жұрты жөнінде киссалардан окыған Мұкаш, Еуропа [illegible] тәу естуі. Сол жөнінде сұраса, - ол орыс жерінің батыс [illegible] орналаскан мыкты мемлекеттердің мекені. Орыстар өндіріс [illegible] сол Еуропадан үйреніп жүр. – деп түсіндірген ағасы.

Бұны естіген Мұкаш және киялға батады. Ұлыкбек өмір сүрген [illegible] шаһарын көрсе ғой, шіркін! Ол жакты аралаған соң [illegible] Еуропасына да барып келсем. Орыска өнер үйреткен ел осал болмас. [illegible] ғылымы дамыған шығар. Бәлкім, көкіректе кептелген сан [illegible] жауапты сол ғылымнан табар ма едім, кайтер едім.

Бүгінгі мына көпшіліктің әрекетіне де таңы бар Мұкаштың. [illegible] кинамайын десе де, сол сұрак өзінен өзі бас көтерсе лажың [illegible]. Бүкіл ағайын казаға жиналған екен. Алыс-жакын туғандар, [illegible] ілік-шатыс жакын-жуыктың көзі түгел. Халайык бір-[illegible] көрісіп, арка-жарка кауышып, көңіл айтысып жатыр. Көзіне [illegible] алғандар да баршылык. Әйтсе де ет үйренген соң, әр тұстан [illegible]-күлкі де естіле бастағаны несі? Шын кайғырғаны ет жакын [illegible]дары ғана сиякты. Өзге ағайынның пәлендей кабырғасы кайыса [illegible] ма калай. Олай болса, кара көбейтіп несі бар? Ет жакын [illegible]дар, яғни шын кайғырғандар, өзіміз-ак жөнелтпейміз бе әкейді.

Осылай көпшілік мінезінің көлеңке жағын сарапка салып [illegible], бүйірден шыккан үн ойын бөліп жіберді.

- Әй, Сәток, Сегіз, бері келіңдер! – деп, дауыстап тұрған Сүйін [illegible]. Сонадай жерде, ат шананың касынан кол бұлғап тұр.

Сокталы, жуан сары атты тани кетті Мұкаш. Әкейдің кыс ішінде [illegible] жолға жегетін акжал азбаны осы. Көк түсті жеңіл кәшауа да [illegible]дікі. Сүйін мен Самал жаздан бері Мұкашты «Сегіз» деп атап [illegible]. Бұларға еліктеп өзге ағайын да біртін-біртін құлағы үйрене, [illegible] лакап атпен шакыруға айналды. Жалғыз-ак Шағырай ағасы бір [illegible]ға дейін менсіңкіремей:

- Әй, боқмұрын, саған не жоқ осы? Өнер сенің не теңің? Қайдағы-жайдағы бір «Сегізді» шығарып жүрген қайсы осы? – деп әжуа қылар еді.

Шағырай жас кезінде салдық құрып атаққа шыкан кісі. Осы жасында да сыланып сипанып, бойын күтіп қырымпазданып жүреді. Табиғат берген түрі де, өнері де бар, сымбатты да кескінді азамат. Бір күні Мұқашты шақырып алып қарама қарсы отырғыза:

- Кәне, жүгірмек, мына домбыраны ұсташы. Көрейін шама-шарқыңды. Сені осы жер-көкке сиғызбай мақтап жүр ғой анау келіндер. – Сегіз - деп дабырайтып ат та қойыпты. Сегіз тұрмақ, жілігі татырлық бір өнерің бар ма екен байқайын бәлем. – деп бұйрық бергені.

Мұқаш еш қымсынбастан Шағырайдың ұзын мойын, үкісі бұлғақтаған сәнді домбырасын ұстап алып, екі-үш әнді түйдегімен жіберді. Содан соң өзі жаттап айтып жүретін «Алпамыс батыр» киссасын термелете жөнелді. Бала-шаға тұрмақ, ересек те, тіс қаққан өнерпаздарды менсінбей сынап жүретін Шағырайдың бұны алғаш тыңдауы еді. Бір талай үнсіз отырып бір кезде басын шайқады да – жетер! – дегендей қол көтере ишарат қылып, Мұқаш қос ішекті алақанымен баса қалған соң:

- Кел, бала, батамды берейін. – деп жылы ұшырай тіл катты. Маңдайынан иіскеп, - үдемнен шыктың, не қылса да, зәнталақ. Біздің тұқымда серілік Жанатпен тәмам бола ма десем, бар екен-ау жарықтық, өшер емес тіпті. Сонау бабалардан жалғасып келе жатқан алтын шынжыр үзілмесіне көзім жетті әбден. Өзге өнеріңді қайдам, әнді меңгеріп әкетерлік түрің бар екен. – деп разы болып батасын берген. Сол бір күннен бері, Шағырайға еліктеп, үлкендер жағы да бұны «Сегіз» деп атай бастаған...

Мауыты тыс тамақ ішігі шұбатылып, тымақтың үстіне күләпара қабаттаған Сүйін бұларды шанаға отырғызып:

- Қасымда жүріндер, қалып қоймаңдар көпшілік ішінде. Әкейге топырақ саламыз. – деп, сары аттың делбесін қағып жіберді.

Сауырын қырау басқан ат жұлқа тартып, мұздап тұрған шананың темір табаны сыр етіп, сықырлай қозғалды. Кәшәуа ішіне төселген көкпенбек пішеннің хош иісі танауға бұрқ етіп, жазды еске түсірді.

Көктемде бұл төңіректің көрінісі ғаламат-ау, шіркін! Сонау Гүлтөбенің қырқасы қызылды-жасылды алуан түрлі гүлге малынып тұрады әдетте. Әсіресе қар ерісімен-ақ бәйшешек қалың шығады. Қарағай орманның ішінен көкек шақырып көңілді алаңдатады-ай келіп. Кірпі шешендер мен ор қояндар бұл маңда өріп жүреді. Жаз тұрмақ қыстың көзі қырауда да орманның сүреті тамаша. Қарағайдың қылқанды бостандары ақ үрпек қарға бөленіп, көздің жауын ала бой түзейді. Ақ қайыңдар жапыраксыз болса да бозқырауға малынған

[illegible] жеңіл келіншекке ұқсайды. Ну орманның жалпы көрінісі [illegible] соққан әсем бір қаланы елестеткендей...

Ауыл толы шаналар мен салт аттылар қозғалуы мұң екен, албар [illegible] жоқтау айтқан үні естілді. Күмістей таза сыңғыраған [illegible] ойнайлап, бауырымдап, аязды ауаны тіліп кеп жіберсін. Дауыс [illegible] тарқаты, ән шыркап төселген кісінікі екені салған жерден [illegible]ндай.

Бу кім болды екен? - деп таңырқап құлағын түре беріп еді, [illegible] бұрып үй жаққа көз тастаған Сүйін: - Қаншайым апайымыз [illegible] лебізі. Жеткен екен ғой үлгеріп. - деп ұқтырды.

Қаншайымды Мұқаш бірер мәрте ғана көрген. Бұл Шақшақ [illegible] жеті ұлдан кейін көрген жалқы қызы. Жанатпен тетелес. [illegible] керей ішіндегі Жолымбет деген әлді кісінің ұлына ұзатылған. [illegible] ағты жездені былтыр бір келгенінде көріп еді. Жанатпен [illegible] күрдас, аккөңіл әзілқой кісі екен. Қаншайым апасы құбаша, [illegible] жүзді, көзі күлімдеп тұратын биязы мінез жан болатын. [illegible] келгенде үнемі балаларды шақырып алып базарлық [illegible] еді. Сықай толтырып әкелетін қоржын-қолабасынан неше [illegible] тәтті-дәмділер шығатынын айтсаңшы! Өрік-мейіз, науат пен [illegible] қантты уыстап таратар еді. Қаншайым келгенде бала-шаға бір [illegible] қалатын әйтеуір.

Не себептен екені өзі білсін, Мұқашқа деген қабағы ерекше жылы [illegible]. Маңайына үйірілген бар баланың ішінен бұған назар аударып:

Мүкәнтай, сені анау келіндер Сегіз деп атап жүрген көрінеді. – [illegible] бала серіліктің жолын қуар. Өнерпаз атану бір келсе осының [illegible] келер. – деп, мақтауынды асырды анау Самал мен [illegible]лар. Кәне, шертіп жіберші домбыраны. Лебізіңді естиік. – [illegible] сөзбен қоярда қоймай ән айтқызып еді соңғы қатынағанда.

Мұқаш пайғамбардың соғыстары жөніндегі киссаны термелетіп [illegible]ренде, кескіні алабұртып жанары дымданған Қаншайым бұны [illegible]шақтай түсіп:

- Бойымды балқытып жібердің ғой, бауырым! Өнер қайда десем, [illegible]рам ағатайымның шаңырағына қонған екен ғой. Көзім енді жетті. [illegible]ыңнан жарылқасын, күнішегім. Туа бітті қабілетің бар екен. Ол [illegible] тәңірінің бере салған батпан сыйы. Айла-шарғымен қолға [illegible]ре алмас бұны пенде. Бұ өнеріңді дәріптей біл, бауырым. – деп әрі [illegible]м бере сөйлеп, әрі ақыл айтқан болатын.

Көркіндеп келіп жүргенде Қаншайымның лебіз шығарғанын бір [illegible]шеп еді. Шағырайға сенсе, бұл әпкелері айта қалағандай әнші. – Бұ [illegible]рындасымыз әншілігін дабыра қылған емес. Әгәркім ұл болып туып [illegible]рілік қуса бар ғой, Жанат екеуміз бұның қасында жіп есе алмас [illegible]ік. – деп бір айтқаны бар еді. Қошаметке аса сараң Шағырайдың [illegible] пікірінің салмағы жеңіл желпі еместін әрине.

Енді міне жоқтауға құлақ түрген Мұқаш, Қаншайым лебізінің таңғы шықтай мөлдірлігіне таныркауда. – Бұлбұлдың дауысы ғой мынау! Неткен әсем әуез! Жоқтаудың өзі құлақ құрышын қандырғандай. – деген оймен демін ішінен ала қатты да қалды.

Сөйтіп отырғанда, бүйірден нұқып жіберген шынтақ бұл ләззатын үркітіп кеп жіберсін. Ту сыртында отырған Сейіткерей екен.

- Құйын-көкті көрдің бе? Әне еріп келеді. Күшім, күшім кә, кә! Бері кел, шанаға мінгес! – деп, соңдарынан ілесе жүгірген тазыны нұскай берді.

«Құйын-көк» дегені өз үйлерінің әлеке тазысы. Бармақтай аласы жоқ шымкай ақ түсті ит. Бауырын көтере бастаған күшік кезінен Нәупіл алып келген болатын. Үйінен шыққан соң белі садақтай иілген, ұзын сирақ, салпаң құлақ тазы болып жетілді. Қабырғасы ырсиған, салыңқы төс, іші беліне жабыскан, біз тұмсық нағыз әлеке. Баһрамның соңынан қалмаушы еді. Сары ат пен осы шанаға әбден үйренген. Қыс бойы шананың ығында түнейді. Бір ерекшелігі, кандай аяз бен боран болсын, жылы қораға паналаған емес. Сіреу қардың үстінде бүрісіп жата береді. Таңертең карды қағынып дүр сілкініп көтерілгенінде, жаткан тұсының қары жерге дейін еріп калатын.

- Тұқымы жаксы тазы ғой бұл. Жүні тыкыр болса да үскірікті елең кылмайды. Қаскырға бір косып көретін өзін. – деп Нәупіл айта беруші еді.

Енді міне бір әулеттің бас көтерер азаматын, өз иесін соңғы сапарға шығарып салып, түлкі жортакпен еріп келе жатыр.

- Қой деймін, шакырма! Итті шанаға отырғыза ма кісі? Қайдағыны шығармай! – деп Сүйін жекірмесе, Құйынкөкті желкесінен ұстап алған Сейіткерей шанаға міңгізбеп болып оңтайланып еді.

- Ал келіп қалдық. Мына кара құрыкта менен айырылып калып коймандар. Ауыздарынды ашып жүрмендер, кос жүгірмек.– деген сөзбен Сүйін аттың басын ірікті.

Қасат кармен сырылдап жүрген шана токтады. Шок кайыңның ығында орналаскан зираттың маңайы құжынаған халайык. Бас косыскандар кіл еркек кіндіктілер. Төмен етектілер жағы котанда калған. Зиратка әйел атаулыға баруға жол жок екенін білетін Мұкаш. Анасын жерлегенде де ұрғашы біткенді молдалар ауылдан шығармаған.

Әкенің кабірін дәл шешенің моласының касынан әзірлепті. Аппак кардың үстінде жас топырак кап-кара болып бусанып жатыр. Бұл өлкенің жері аса құнарлы екені мәлім. Кісі бойы казсаң да мөлдей кара топырак шыға берер еді. Үйілген топырактың маңайында сүймен мен кайла ұстаған жобалғы киімді кабірші жігіттер. Көнетоз тымағының бір құлағын жымыра киіп Інкан тұр. Иінінде тозыңкыраған сеңсең тон, аяғында байпакты саптама етік. Қоңыр өнін үскірік карып кошкылдана

[illegible] Бұрыл тартқан мұрты мен селдір сақалына қырау тұрыпты. [illegible] қайың сапты күрек. Жастарды басқарып қабірді өзі казып [illegible] түрі бұл. Баһрамның казасына қабырғасы қайыса қайғырып, [illegible] іліккен жасты әлсін-әлсін добалдай саусағымен қағып қояды. [illegible] жастарға сездіргісі келмей:

Мына күні бар болғыр қайтеді-ей? Көзден жас ыршытты ғой [illegible] түскір. – деп күңкілдеп қояды.

Үңірейген қабірдің ернеуінде ақ кебінге ораулы жатқан мәйітке [illegible] тоқыратып, ішінен: - Бақұл бол, есіл замандас! Сені өз қолыммен [illegible] деген ой болып па еді әсте? Үш ұйықтасам түсіме кірер ме еді [illegible] сұмдық. Жауыз казачилердің киып түсер кылыштарынан аман [illegible] едің. Мына дерт төтеннен келіп жалмайтынын кім білген. – деп [illegible], білген дұғасын қайталай береді.

Мұқаштың да көзі мәйітте. Ақ кебінге оралған әкесі арыстай [illegible] сұлап жатыр. Денесі ұзарып кеткен бе қалай. Өз үйінің [illegible] жетімсіреп қалғанын енді ғана толайым түйсінгендей. Ата-[illegible] көзі тірісінде бұлардың үйлері базар емес пе еді. Қыстауда [illegible], кешкісін қорадағы малды жайғастырып болып әкей келер [illegible] Қол кусырып қарап отыра алмайтын кісі ғой, шешіне салып бір [illegible] кірісер еді әдетте. Көбінесе ермек қылатыны өрімшілдік. [illegible] ысқылап жүген-ноқта өреді. Еркек бала атаулы қол [illegible] кандай үйір. Сейіткерей бас болып әкейдің айналасында [illegible] отырып алатын. Жанаттың Қапары мен Нәупілдің Кебегі, [illegible] Сейітжаны мен Құшаны да осында. Әкейдің мінезі кең [illegible] соң ба, бала-шаға үйіріле қалатын. Қазанда бүлкілдеп ет [illegible] соң, Көрпеш бас болып ағалар мен жеңгелер жиналар еді. Құрт [illegible] сарқаска сорпаны сіміріп алған алған әкей:

- Тым-тырыс отырмай домбыра шертіңдер. Әй, Сүйін, ұста анау [illegible]ыраны, лебіз шығарыңдар! – деп бұйрық беріп, жағалай ән [illegible]ыратын.

Келіндер иба сақтап қымсынса да, қоярда қоймай: - Оу, Пәрида, [illegible] құлакка ұрған танадай меңіреу отырыс? Тымпи ойнап [illegible]ырсыңдар ма? Анау ажындарыңды бастап «әу» деңдер кәнекей. [illegible]арауылдың балалары емессіңдер ме? Атығай-Қарауыл ән мен күйдің [illegible] жері ғой. Еліннің намысына шап кәне! – деп, еркіне қоймай ән [illegible]ыратын.

Сөйтіп әр кештің соңы думанға ұласар еді әдетте. Енді соның [illegible] де жоқ. Сүттей ұйыған үй іші нілдей бұзылды да қалды. Қалың [illegible] аукымы балаларды жетімсіретпес әрине. Әйтсе де [illegible]ырыңғыдай болу қайда! Осы жәйтты анық пайымдаған Мұқаш, [illegible]інен жас ыршып кеткенін сезбей де қалды.

- Ал кеттік, топырақ саламыз! Соңымнан еріп отырыңдар. – [illegible]ійінің каттырақ шыккан дауысы ойын бөліп жіберді.

Сүйекке түскендер кабірден шығып топырақ сала бастапты. Сейіткерейдің соңын ала бұл да кезекке тұрды. – Балаларын жіберіңдер! – деп, үлкендер жағы қак жарыла жол ашып жатыр. Түннен үйілген топырақ суып калыпты. Сүйінге еліктеп, Сейіткерей екеуі кос уыстап алған топырақты еріндеріне такап сүйіп алды да:

- Қош, көке! – деген сөзбен кабір ішіне тастай берді.

Жиылған халайық бір-бір уыстан топырақ салып болған соң, күрек ұстаған епті жігіттер іске кірісті. Әп-сәтте жас топырақ үйіліп болып, бар әлеумет кар үстінде малдас құрып отыра калды. Мөнке бастап бірінен соң бірі іліп әкетіп калың шоғыр молдалар құран кирағаттап жатыр. Құран бағыштау тым ұзакка созылып, дене тоңазиын деді. - Шанадағы пішеннен астымызға төсеп алу керек еді. Әттең ескермегенім! – деген оймен өкініп отырғанда, Сейіткерей бүйірінен нұқып көзімен көкті нұскады.

– Бұнысы несі? Бұндай жерде ойын болушы ма еді? – деген оймен назарын көтерсе, сонау зеңгір көкте бір қыран калықтап жүр екен. Қанаттары керегедей сала құлаш. Бүркіт екенін тани кетті. Толыбай орманында бүркіт ұя салатыны мәлім. Солардың біреуі болар деген оймен шарықтап жүрген құска назар кадай түсті. Бір қызығы, күз тағысы ұзап кетпей айналсоктап ұшып жүр. Біраздан соң халайықтың дені де қыранды байкап, жоғары жакка карағыштай бастады. Жапсарлас елден келген бір аксакал көзін көлгештей аспанға үңіліп:

- Тегін емес-ау осы құс. Қыран шәулі ғой мынау. Жас кабірді айналсоктап парлағанын көрмеймісің. Батырдың жаны шығар, дәу де болса. Баһрам маркұм ер еді ғой. Ердің рухы қыран болып шарықтап тәнімен коштаскан түрі болмағай. Жиылған әлеуметті кимағандай-ак, кайта-кайта бір құлдилап бір шарықтағаны тегін емес білем. – деп күбірледі.

Үнін бәсең ғана шығарса да, манайдағы халайыкка естіліп, жамағат тамсанысып бастарын шайқасып калды. Сүйіннің касында жүресінен отырған Жанат тымағын түре көкке көз тіккен калпы:

- Бұ бір ғаламат болды, не кылса да. Төніректегі тағы бүркіт атаулыны түстеп танушы едім. Мына шәулім көрмеген құсым. Оралдың акиығына ұксаттым. Нағыз кандыкөз мұзбалак. Іздеп келгендей-ак айналсоктап калықтағанына таң-тамашамын. – деп, таңдай қағып таңыркауда.

- Бәсе, тегін емес! Батырдың жаны шығар көкке самғап кете барған.

- Жанат серінің танымайтын құсы жок бұ атырапта. Бұрын көрген қыраным емес деп отыр әнекей.

- Аруак болар не кылса да. Ағайынды сынаған түрі ғой. Бәрің жаппай жиналдың ба деп, түгендеп жүр де. – деп, Жанаттын сөзін маңайдағы халайық іліп әкетті.

Сүйін шанасын жұрт таркаған соң ғана козғады. Ағайындардан [illegible] калған Жанат кана. Сері бірер күннің ішінде-ак шәу тартып [illegible] сиякты. Соңғы күндері ұйкы көрмеген көздері кызарып кіртиіп [illegible], кабағы түйіңкі. Екі кастың арасындағы сызык тереңдей [illegible] Дәйім тарағыштап күтіп ұстайтын шокша сакалы ұйпа-тұйпа. [illegible] кнісі де алкам-салкам. Иініне бір көнетоздау ешкі дакыны іле [illegible], басында елтірісі кыркылған тозыңкы тымак. Қайғылы басы [illegible] күтуді уакытша ұмытканға ұксайды. Сері карды сыкырлата [illegible] келді де, Сейіткерей мен Мұкашты құшактай алып:

Қозғалайык, балалар. Өлгенмен бірге өлмек жок деген. Тірі кісі [illegible] істей береді де. Тірілердің кам-карекеті біткен бе. Жылған [illegible]ікті күтіп аттандыру керек. – деген сөзбен шанаға карай [illegible].

Сүйін: - Шу, жануар! – деп божыны кағып калып еді, кекілі мен [illegible] калың кырау баскан сары ат басын шұлғи тастап тарта жөнелді.

Апаң кара, Құйын-көк калып барады. Кә-кә, бері кел! – деп, Сейіткерей зират жакты нұскады. Шынында да садак сыртты, [illegible]ылған ұзын құйрык ак тазы жас кабірдің касына жатып алыпты. [illegible] сумсык, салпаң құлак басын алдыңғы екі аяғына салып козғалар [illegible] Сейіткерейдің шакырғанына карай калғаны болмаса елей [illegible]мады. Көкірегін кере бір күрсініп койған Жанат:

Шакырмай-ак кой, Сәток, мазасын алма. Ит екеш ит те [illegible]ды кимай жатыр. Үлкен жүректі кісі болды ғой әкелерің. Жан [illegible] міндет артпай, өзі күтті сыркау шешелеріңді. Қалткысыз ак [illegible] болмаса сөйте ме. Адамгершілік деп осындайды айтады да. [illegible] пешік, құдайға да жаксылар керек шығар. – деген лебізін бәсең [illegible], сонадай калып бара жаткан жас кабірді көзімен ұзата берді...

4

Шакшак аксакалдың төргі бөлмесі самаладай жарык. Сырттағы күн [illegible] таңнан бері үскірік аяз болса да, үй іші көйлекшең жүрерліктей [illegible] жылы. Пешті үзбей жақтырып үй ішін қайнатып коятын Асылтас [illegible]. Белінің ескі қуяңы болған соң үйдің сызын ұната коймайтын. [illegible] де он екі ызботты шұбалма пешті үсті-үстіне жаккызып:

Мәрәш-ау, көсеп жіберші шокты, шәйнек суымасын. Әлгі [illegible] пен Шағырай келуші еді, ыстық ішіп бойын жылытсын. – деп, [illegible] жактан кызметші әйелге ескертіп кояды.

Іцканның жамағаты ұзын бойлы, құбакан ашаң өңді Мәрәш көп [illegible] жок кісі. Бәйбішеге жауап кайырмастан өз ісін ұкыптылыкпен [illegible] береді. Пештің маңайы мұнтаздай таза болса да, каз канаты [illegible]ырғышпен жер еденді кайта-кайта сыпыра түседі. Шымшуыр мен [illegible]ізгозды каккыштап күлін түсіріп, жез легендегі күлдің үстін

дымқыл шүберекпен жаба қояды. Шаң шығармаудың амалы ғой бұнысы. Кепкен қидың қызуы көмірмен таласқандай. Пештің қуырын сықап бір толтырсаң көпке дейін қозданып тұрғаны. Күлі болса жоққа тән. Түн баласында ызботтың тартпасын жауып қойсаң, пештің бойы таңға дейін жып-жылы болып тұра береді.

Осы үйдің ас-суын басқаратын Мәрәштің үсті-басы да тап-таза. Өз бойын күтіп ұстамаса Асылтас бәйбіше маңайына жолатар ма. Қақсоқпен ісі жоқ, аузына ие салиқалы кісі болған соң, үлкен үйге жағып жүр. Есесіне, іске қылап, тілін сүйрендетіп өсек тасымайтын, бір тоға мінезді күтуші әйелді бәйбішенің де ренжіткен күні жоқ. Іңканның өз малы шамалы болса да, азбеніші ел-жұрттан кем емес. Қыс соғымы, жаз сауыны би үйінен болған соң тарыға қойсын ба. Осы Мәрәшті де кезінде Іңканға алып берген бидің малы мен беделі. Бұ жәйтты әманда есте тұтқан Мәрәш, шын ықыласымен-ақ үлкен үйге еңбегін сіңіріп жүр.

Төр жақтағы сәкінің үстінде Шақшақтың өзі мен Асылтас. Сексендегі ақсақалдың сақал-мұрты аппақ құдай. Мұқияттап қыратын басында кестелі тақия, әжім айғыздаған жазық маңдай, қыры көтеріңкі үлкен мұрыны, шүңіректеу келген есті көздерімен жарасым тапқан. Кәріліктің бір белгісі – жұқа қабақтың үстіндегі қастары өсіп кетіп, кей талдары кірпігіне тиіп жатыр. Ақсақалдың киім киісі пәлен сәнді емес. Аукатты кісі болса да, діндар карт жұпыны киінгенді мақұл көреді. Көйлегі бөзден болса, желбегей жамыла салған бешпеті арзан қолды доқабадан. Арқасын сандыққа беріп, құрақ көрпенің үстінде жамбастап жатыр. Қолтығында құс жастық, көзі жұмулы. Сырт көзге мүлгіп жатқан сияқты болса да, құлағы қиссада.

Ақсақалдан төменірек жайғасқан Асылтас та ұйып тыңдай қалған. Шақшақтан бес жас кіші бәйбіше, өңін бере қоймапты. Шашы сиреп ағарса да, ат жақты жалпақ бетінде әжім аз. Бет сүйектері шығыңқы, ақсары жүзіндегі көздері айналаға сергек қарайды. Кезінде «қайратты қатын» атанған Асылтастың дене бітімі әлі де ірі. Бұрыңғы еті қашса да, қамзолды кере түскен иықтары, ұзын да сом қолдары жас кезіндегі тұрпатынан хабар бергендей. Асылтастың тізесінде Қуаныш. Әжесін құшақтай алып еркелеп отыр. Бұның назары терезе түбінде «хан талапай» ойнап жатқан балаларда. Сейіткерей бастаған төртті-бесті ұл асық уыстап ойын соғуда. Баһрамның жетісі өткен соң-ақ, Шақшақ жетім қалған үш кіші ұлды өз бауырына алған.

- Баһрамның үйіне Көрпеш ие болсын. Түбі шаңыраққа мына кенже ұл Қуаныш ие болар. Әзірше қаңырап қалмасын қыстау үй. – деп бұйырған болатын. Оған қоса, - марқұмның кіші балалары жалғызсырамасқа Көрпештің ұлдары Сейітжан мен Құшан да үлкен үйде ата шаңырағында жүре тұрсын. Шал-кемпірдің тәрбиесін көрген бала кем-қор болмас. – деп, Көрпеш пен Пәридаға да салмақ салған.

Аксақалдың айтқанын екі ету қайда. Және бауырларды [illegible]мсіретпеу керек. Сол себепті, Мұқашпен тетелес Сейітжан мен [illegible] үлкен үйге тұрақтайтын болды. Қара шаңырақтың мұрагері [illegible] кіші ұлы Жанат. Аксақал мен бәйбіше кенже ұлдың қолында [illegible] есептеледі. Жанат пен Әдәбия жалғыз ұлы Қапармен төрт [illegible]менің екеуіне ие. Кіре беріс бөлме ауыз үй болса, төргі бөлмеде [illegible] кемпірдің қойынында бес ұл жатады. Күндіз бұларға Қапар [illegible]ып ойынды салады-ау келіп! Айғай-шумен әбден мазасын [illegible], жорта кейіген Асылтас:

Оңкей ұл ойнақты салып мынау үйді көшіріп әкетер ме екен [illegible]. Тым құрығанда араларында бірді-екілі шөпжелке болса ғой, [illegible]кім жуасыр ма еді, қайтер еді. Іс тігер дегенің қуыршағын ермек [illegible] кана бір бұрышта тиыш отырар еді. Ұлдардыкі кіл алыс-[illegible]ыстан келетінін қайтерсің. Азан-қазан у-шудан басым қаңғырып [illegible] ғой тіпті. – деп күңкілдеп қояды.

Онысына кеңк-кеңк күлген ақсақал: - Қой, кемпір, аузыңа келгенді [illegible]тамай. Атұстардың көптігі болған ба. Шүйкебасың өзіңе! Ошаққа тас [illegible] шөпжелкені қайдан көріп едің? Кетті ғой әне Қаншайым Сибанға [illegible]ылып. Пәлен жылда бір келе ме жок па. «Асыққан қыз алты жылда [illegible]ер, жетіскен қыз жеті жылда келер» демекші, бір көруге зар боп [illegible]ргеніміз. – деп қосағына жекіп қойып, күрес салып тұштаңдап жүрген [illegible]ларға мейірлене назар қыдырта, - мына боқташақтар болсын-[illegible]масын көз алдымызда жүреді, құдай қаласа. Ертең-ақ бір-бір зіңгіттей [illegible]мат болмаса, маған кел! – деп тұжырар еді.

Асылтастың әншейін жұртка көз қылған күңкілі ғой. Артында еш [illegible] жок. Балалы үй базар демекші, үйелмелі-сүйелмелі немерелердің [illegible]рлі қызық қылығына наразы болсын ба. Бұрын Қапарды ғана ермек [illegible]ратын кос кария нағыз думанның көкесіне карық болды да калды. [illegible]лдардың көсемі Сейіткерей. Қапардың бойы ұзын денесі сом [illegible]ганымен, мінезі болбыр. Күресте әйеншек, кит етсе жығылып:

- Ойбай, мертіктім! – деп шырылдап жатканы.

Денесі өзінен таразылау Сейіткерейге беттеген де емес. Ол түгілі [illegible]асы кіші Сейітжаннан да жығылып жүр. Шекесі торсықтай, кара [illegible]омалак Сейітжан күреске епті-ақ. Өзінен бойы ұзын ағасы, Пәридаға [illegible]ртқан сопақ бетті Құшанды жығып кетеді. Өзге ересектеу ұлдарға да [illegible]ңайлыкпен беріскен емес. Бұлардың әрекетін тамашалаған Шакшак:

- Мыкыр ұлды карай көр. Қол токпақтай түрімен сиракты[illegible]ларға [illegible]лдырмайды сабазың. Күш атасын танымас демекші, ағаларын [illegible]ыдатар емес. Нағашылары шымыр келуші еді. Ер тағайына тартар [illegible]емекші, тағасына тартқан болар осы жүгірмек. – деп насаттанып, [illegible]кішкентай ұлға дем беріп қояды.

Ұршық иіріп отырған Асылтас: - Бала болып кеттің бе өзің? Апыр-топыр қылып күрестіре беретінді қайдан шығардың өзі. Сақалды басыңа тіпті лайық емес. – деп, күңкіл шығарар еді бұндайда.

Өз бөлмесінен шыққан Әдәбия да сөзге килігеді. Бұның уайымдайтыны Қапардың қамы. Ерке тотай ұл жәбір көрмес пе екен деп, шыжбалақтап жүргені.

– Ойбай, кіл ағайындар өз ара сүзісіп менің жалғызымды мүйіздерімен іле кетпесін. Өзі нәзік бала, абайсызда жайқап жіберсе не жаны қалмақ. - деп әзілдеген болып, Қапарды қолынан тарткыштап өзіне қарай икемдейді.

Шешесіне тартқан аққұба сұлу жүзді, қой көзді Қапар өзге балалардан қарадай ұялып жерге кіріп кете жаздайды ондайда. Сейіткерей бар қарсыласты шыдатпаған соң, Мұқашқа қолқа салады Шақшақ. Бұл да жастарға еліктеп, кейіңгі кезде бұны Сегіз деп атап жүр.

- Оу, Сегізім, сен шықшы кәнекей. Сегіз дегенге семіз шығармысың. Таста анау кітабынды, көзің талар. – деп қуақылана жымиып, қисса жаттап отырған Мұқашты еркіне қоймай тұрғызатын.

Мұқаштың бір ұнатпайтыны – күрес пен алыс-жұлыс. Әйтсе де, өзге балалар еркіне жіберсін бе. Әсіресе Сейіткерей біреумен алыспаса ішкен асы бойына сіңбейтіндей-ақ, дәйім соқтығуға құмар. Онысына дем беріп, бар ұл біткенді Нәупіл де баулиды. – Еркек туған екенсіндер, егесуге әзір болу қажет қашанда. Ертең жігіт болып жетілгенде, жасық болған өлім емес пе. – деп қайрап қоятын. Құр сөзбен қайрау емес, қару ұстатып үйрете де бастаған. Ең алғыр шәкірттерінің бірі Мұқаш. Нәупіл бұның қимылына сүйсініп:

- Осы құба бала түбінде сарбазға жарап қалар. Қимылы ерен. Жұп-жұқа мына сиқымен ересек ұлдарды шыдатар емес тіпті. – деп, дем беріп қояды.

Ол сөзінің жаны да бар. Шынтауайтқа келгенде, Мұқаш өз қабілетіне өзі таңыркайтын. Күресуге мойыны жар бермейді-ақ. Бірақ бұнысы белдескенше ғана. Ал енді жағасына қарсыластың қолы тиіп алыса кетсе, делебесі қозды дей бер. Шапшаңдық пен күш қайдан пайда болатынын өзі де аңғармай қалады. Сейіткерейді шын ниетімен аға деп сыйлап, күшін іркіп те жүр. Ағасын жықса ұят емес пе. Оның үстіне Сәтоктің ұрыншақ қызба мінезі өзіне мәлім. Алайда Сәтогі бар болғыр өзі бастап өршеленіп, бұны тіресуге мәжбур ететінін қайтерсің.

Шақшақ атасының көзінше іштен шалып бірер жыққанда, Сәтоктің ызадан жарыла жаздағанын аңғарған қария:

- Болды, болды енді, егесің ұшығып кетер! – деп күліп жіберіп, іле салмақты нысайға мініп алды да, - күш атасын танымас деген бар. Сәток, сен кейіме, шырағым. Өз ара ит жығыс түссеңдер намыс емес. Бұларың күш сынау, тәсіл жетілдіру, жаттығу ғана. Ертең жатпен

[illegible] сеп болмақ, бүгіңгі балалық ойындарың. «Білекті бірді [illegible] білімді мыңды жығады» деген сөз бар. Тізеден сүрінген намыс [illegible] рі-беріден соң. Білімді, оқымысты болыңдар алдымен. - деп [illegible] айтып, жөн сілтер еді.

Ұра-тұра болмаса, апыр-топыр ойынға рұқсат бере де қоймайды [illegible] – Үйдің шаңын шығарасыңдар, әжелеріннің мазасын [illegible]дар. Тиыш қана асық ойнап, шуламай отырыңдар. – деп өзі Мұқашқа қисса оқытады әдетте. Міне бүгін де күрсіге қалың кітапты [illegible] қойып Алпамыс дастанын айтқызуда. Малдас құрып отырған Мұқаш кітапқа анда-санда ғана көз тастап қояды. Ақсақалдың ұнатып [illegible] айтқызатын қиссасы болған соң, «Алпамысты» бастан аяқ жаттап [illegible] жақын. Жырлау мәнеріне де төселіп алған. Шағырайға [illegible] жырдың кей тұстарын домбырасыз, тек дауысымен ғана [illegible]тайды. Кей кезде жеңіл ғана шертіспен сүймелдесе, шабыс, [illegible] тұстарында қос ішекті төпілдете сабалап кетеді.

Жанаттан да үйренгені бар. Ол ағасы қисса айтқанда кейпкердің [illegible]не кіріп алуан құбылар еді. Батырдың атынан сөйлесе дауысын [illegible]тып, қабағын түйіп маңғаздана қалады. Қызды сипаттағанда [illegible]мсып, көзін төңкере қарап биязы үнге салады. Мыстан кемпірдің [illegible]на енгенде тіпті қызық. Бас терісі аузына түсе шөміп, тісі [illegible]-ақ малжаңдап сөйлейді. Басын тұқырта, белін қамшының [illegible]дей бүгілтіп бүкірейгенде, айнымаған мыстан дерсің.

Жанаттай шебер құбылып дауысын өзгерте алмаса да, еліктеп [illegible] Мұқаш. Бұл мәнерін сірә ұнатса керек, атасы мен әжесі деп [illegible]ыңдайды. Ақсақал баз-базда:

- Өлгі тұсын әйбат келтірдің, бала. Кәне Кейқуаттың етегін тас [illegible] қалғанын қайталап шықшы. – деп қолқа салып, ұнаған жерін [illegible] айтқызады.

Үйып тыңдаған Шақшақ, Мұқаштың лебізіне елтіп ойға шомады. [illegible] ылым қылатыны осы немересінің болашағы. Түнеу күні бір оңашада Жанаттың сыр шерткені бар.

- Көке, Баһрам марқұмның бір қолқасы бар еді. Дәл үзілердегі [illegible] тілегі. – деп бастап, қабағын сәл шытына бөгелді де, құрсініп [illegible] сөзін тарата түскен.

- Мұқашты оқыт, білімнен нырай қалдырма. Бойында салахият [illegible] білем. Өрен жүйрік шаппай калса обал дағы. – деп тапсырып [illegible]-ау, көзелің. Менің де ойым сол, көке. Бұлақтың көзін ашу парыз [illegible]анда. Бұл баламыз нағыз туа бітті дарын екенінде еш шүбам жоқ. [illegible]маның көзін ашсақ таудағы машаттай сарқырап ақтарылмақ. Сол [illegible]ймтайы менің мойнымда. Бұл баланы шаһар асырып оқытпақпын. [illegible]ылжардағы медіресеге апарғанымыз жөн болар. Ауылдағы шолақ [illegible] бұған азық болмас. Және бір ойым – орысша да сауатын ашсам.

Жолдасың сокыр болса бір көзіңді жұмып жүр демекші, ұлығымыз орыс екен. Шаһардағы кеңсе біткеннің хаты да тілі де орысша. Тілін білмеген соң низамына да шоркакпыз. Низамын ұкпасак ертең-ак есеміз кетеді. – деп сөзін бір кайырды да аз ойланып, - Ләтипа жеңгеміздің төркіні калада ғой. Шағырайға салмак салсаңыз Ләтипаға пәтер тапкызар. Баһрамның тамыры Иван деген орыс мұғалім бар емес пе. Әлгі базаршылап жүргенде танысканы. Ағамызбен өте тату еді. Заты кәпір демесең, пейілі дұрыс казағуар кісі. Тілімізге де жетік. Соған жолығып тапсырамын ғой. Ығын-шығынды көтерер дәулет бар, құдайға шүкір. – деп кеңесін түйіндеді.

Сол бір күні Жанатка накты жауап бере коймап еді. – Макұл, сөзің жетті. Қабырғаммен кеңесермін. – деген де койған. Жауабын сырғытканымен өзі ойға калды. Өзіне салса, орысша окытпак түгілі шаһардың маңайына да жолатпас еді өз ұркын. Омбы мен Қызылжарды орыс билеп-төстеп тұрғаны мәлім. Ол жакка бас сұккан кісі кәпірге жанасты дей бер. Дін окуының тазасы сонау күңгей бетте екенін кім білмес. Көрпеш сиякты Бұхара, Түркістанға барып окыса нағыз максым болмак. Алайда, дәл казіргі заманның бет алысы бейбітшіліктен бүйрек тартып барады.

Шалғай жаткан сонау күңгейдегі шаһарларға бала жібермекке кауіп-катер мол. Қокан мен Хорезмнің билеушілері Ресеймен кырбай. Орыс ұлыктарына амалсыз бағынған казакка да жайсыз. – Кәпір жіберген жансыздар. – деп бүкпе сактайтын көрінеді. Сыр бойының елдеріне тізесін батырып та жүр Қоканның бектері. Зекетін сәл кешіктірсең кызыңды күндікке, ұлыңды құлдыкка алып та кетіп жүр. Бұндай суық хабарды құлак шалған соң, өз төліңді кайтып жіберерсің шетін сапарға. Баһрам көз жұмған соң, соңында калған бокташактарды өз төңірегінен мүлдем жібермес еді, еркіне салса. Құдай-екең бас жағынан кейітпесе де, әр еркек кіндіктінің орны бөлек кой. Баһрам баз кешіп еді, орны ойсырап калған жок па әнекей.

Десе де, Жанаттың сөзін елеусіз калдыруға болмас. Заман жастардікі екені кашаннан мәлім. Ұлдардың ішінде серілік құрып, кала мен даланы көбірек шарлаған осы Жанат пен Шағырай. Ауылда камалмай жер жұкартып көп жүріп-тұрған соң, көкіректері де ояу көздері де каракты. Өнер туын көтеріп серілік куғанымен ел таразысынан да хабары бар. Заманың түлкі болса тазы болып шал демекші, жас буын заманның барысын танып соған икемделе бастағаны ғой. Сондык, пікірін ескермей болмас.

Осы тұжырымға токыраған кария, Мұкашты окуға жіберудің жолын ойластыра бастады. Жанаттың Ләтипаны ауызға алғаны тегін емес. Шағырайдың бұл зайыбы татар кызы болатын. Төркіні – Қызылжардың әлді саудагерлері. Шағырайдың үйлену хикаясы бір

[illegible] ауылдарын дүр сілкіндіріп, бір талай алып қашпа әңгімеге, [illegible] сөзге желеу де болған. Салдықпен ел аралап айлап-апталап [illegible] үйге бір қатынағанда:

Кенттің қызын әкелетін болдым, сүйегі ноғай. – деп дүңк [illegible], Шақшақ пен Асылтас шалқасынан түсе жаздаған.

Асылтас бетін үзіп-үзіп жіберіп ойбай да салған. Байбалам [illegible] ше? Қазақ баласы аздық еткендей өзге ұлтпен шатаса ма [illegible] кісі.

Бетім-ау, бұ не сұмдық? Енді қайда барайын, шұнақ құдай-ау! [illegible] ауылдың қазағы тақияңа тар келіп пе еді, есуас-ау. Шақша бас [illegible] ұрынғаны несі, ел аман жұрт тынышта. Аталы жердің [illegible] таңдап құда түсеміз деп жүргенде, тиын сауған [illegible] шөпжелкесіне қызығады екен бұл шірік неме! Осыдан [illegible] бар ғой, мұрнын біздей, көзін тұздай қылып, тұп-тура теріс [illegible] беремін. Ақ сүтімді кешпестен көрмей кетемін, айтпады [illegible] деп, Асылтас қыдырымпаз ұлды жерден алып жерге салған.

Шақшақ та қырыс қабақ танытып, бүйректен сирақ шығарған [illegible] жақтырмай қарай қалып еді.

Уайда, жігіттің гүлі, сылқым сал Шағырай оңайлықпен ыға [illegible] ба. Жауабын әзірлеп қойса керек, айылын да жимастан:

Уа, ағайын, не дуние бүлініпті? Ноғай бізге бөтен ел болып па? [illegible] он сан ноғайлы ұлысын естен қайтып шығарарсың. Қазағың [illegible] естек, татар, қырғыз, қарақалпақ баршамыз ноғайлыдан [illegible]. Тіліміз, діниміз бір дегендей. Кескінімізде де пәлен айырма [illegible] Анау Қарадөң, Ер бегіс, Жұбаныш, Кеңес батырлар ноғайлынікі [illegible] еді? – деп тарихтың басын бір шалып өтті де, - қазақ сахарасы [illegible] құдайға шүкір. Өзіңіз айтпақшы, үш жүзге қанат жайып жатыр. [illegible] жақсы кісіге бір орын табылар ел ішінде. Түп нағашым кіші [illegible] Байбақты екен, сол елге жөнеп берермін тақа болмай бара [illegible]. - деп қыр көрсете сөйлеген.

Түп нағашым дегені Шақшақтың анасы Ақбота ғой. Ақбота [illegible] батырдың туған апасы, Даттың қызы болады. Шақшақ [illegible] жиен болып келеді. Сол жәйтты еске салған түрі ғой, [illegible] жастың. Әрі өнерпаз, әрі сымбатты да өжет жігіт алыстағы [illegible] іздеп барса, Байбақты сырттатпасы бесенеден белгілі. Шағырайды жақтап Сексен де киліккен.

Осы Шағырай мен Жанатты жөнге саламын деп, несіне [illegible] көке? Ел ішінде бір тентек жүрмей ме демекші, көпей туған [illegible] өз ақылдарымен жүріп көрсін де. Ноғайдың шүйкебасына құрық [illegible], мейілі. Мауқы басылған соң үстіне тоқал алар. Жаугершілік [illegible] шүршіттен де ойрат, дүрбіт қалмақтан де жесір алған көрінеді [illegible] ноғабаларымыз. Ноғайды жаратпай кепиетсінгеніміз асқандық болар. [illegible]-айтпады туысқан ел ғой. – деп, әке-шешені жұбатып баққан.

Әйтеуір не керек, көп ырғап-жырғап бар әулет болып Асылтасты көндірген болатын. Ұзамай-ақ ай бүркеншігі желбіреп Ләтипа осы елге келін болып түсті. Шағырайдың аңсары қай касиетіне ауғаны өзі біледі, бір көрмеге әкетіп бара жаткан ештеңкесі де жок сиякты. Шығаннан шыккан бәденді де емес, бойы да кішірек, шикіл сары бір шөпжелке. Бар ерекшелігі – Шағырайды құлай сүйгені. Бір деп білегінен, екі деп етегінен ұстап әкесінің наразылығына карамай кашып шығыпты. Шаһарда саудасын жүргізетін Мүфтахүддін есімді әкесі, казакка кыз бермекке құлыкты емес екен. Баласына көңілі калып іздеп те шыкпаған.

- Саңғыраған кос кабат тас үйден ми далаға кашып кеткен кызда шайнам ми бар ма? Бірінші гилдия көпестердің солкылдаған мырза ұлдары құда түсіп жүр еді. Сауданы судай сапырған татар мырзаларын кайдағы бір балағы шұбалған сайкымазак салға, балпаяк казакка айырбастап кеткен кызды желкемнің шұкыры көрсін ендігі! Жүрсін казак ішінде сары ала етек күндей кой сауып, іркіт пісіп. Сары кидың колка кабар ашшы ысын жұтып, сасык кыстауында жаурап-бүрісіп жүргенде көрермін жетіскенін. – деп, талағы тарс айырыла доң айбат шегеді.

Бұл сөздер ұзынқұлакпен алуан құбылып елге жетіп те жатты. Алайда, ол мінезін көтере білді Шакшак. Әке намысын кайтып ұкпасын. Өзі де ұл-кыз өсірген салдарлы отағасы емес пе. Билік лауазым сабырлыкка да мәмілегерлікке де үйретті ғой. Өз ашуын тізгіндей алмаса, көрегенділігі кайсы. Сексенді бас кылып құдалыкка белді-белді ағайындарды жіберді.

Жорға тілді Сексен ел ішінде « ку бастан куырдактык ет алатын епті» деп атанғаны тегін емес еді. Айла-тәсілге де кенде емес, майда тілі де бар. Мүфтахүддінді - әке-уке - деп жер-көкке сиғызбай көтермелеп, жығыла сөйлеп, пұлды-пұлды тарту-таралғыны үйп-төгіп, райынан кайтарды әйтеуір. Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады демекші, сыпайы тілді кім жек көрсін. Оның үстіне саудагердің осал жерін білетін Сексен кырык жетінің сомасын сап акшамен апарған. Сылдыр акша түйдегімен калтасына түскен соң, Мүфта-екең жымың кақты.

- Е-е, құдалар, баламыз іргелі елге кеткеніне бек разымын! Шакшак бидің атына бұрыннан канык едім. Енді міне құйрык-бауыр жескен құда болған екенбіз. Иісі казакка кадірлі кереймен құда болу деген әркімге де мәртебе. Қызымыз балалык-шалалык жасап батамды алмай кеткен екен, окасы жок. Төрт аякты тұлпар да сүрінеді демекші.

Күйеу баланың өнеріне, салдығына кызыккан албырттығы болар. Біз де жас болдык, сүрінбейтін аяк жаңылмайтын жак жок дегендей. Құдалар бас иіп келсе, сынар езулеп ымыра бұзар мен бе екем. Иілген басты кылыш кеспес деген. Қыңыраткып не баркадар таппакпын. Тіл

[illegible] білмесек елдігіміз қайсы. Кештім шикі өкпелердің жел көңіл [illegible] білместігін! – деп кеңпейілдімси қалған.

Сөйтіп, не керек, құдалармен жарасып Ләтипа бұл елге судай сіңіп [illegible] қатқан. Шағырай да қайын жұртымен бәтуаға келіп тіл табысқан.

Ешкім күйеу қайынсақ – деген мәтелді ұстанған намысты жігіт, шаһар [illegible] ізін сирек салады әрине. Әйтсе де қала тірлігінен хабардар, [illegible] қара жаяу емес. Хатын танымаса да, нан сұрап жерлігі [illegible]ық. Сол Шағырайға салмақ артпақ жоспары бар ақсақалдың...

Көбігін алмаймысың, Мәрәш-ау? – Асылтастың оқыс шыққан [illegible]ртының ойын бөліп жіберіп, Мұқаштың термелеткен лебізін де [illegible]берді.

Қазанда былқылдап, бабымен пісіп қайнап жатқан еттің қақпағы [illegible] барады екен. Жылқы етінің танау қытықтар хош иісі тәбетті [illegible]ға айналды. Үй оңаша болған соң, бәйбішенің аскызғаны [illegible] омыртқа, тасты қабырға, кәрі жілік, қарын сиякты кәкір-шүкір [illegible]р. Қазы-карта, жал-жая сынды қадірлі мүшелер қонақтың [illegible]ласы ғой. Шилі қара кесек болып кетпесін деп, бүгінгі аска семіз [illegible]ні де салғызып еді Асылтас. Сол казының қатаған басы пісе [illegible] казанның қақпағын көтеріп жіберіпті. Мәрәш та кәкпірімен әзір [illegible]кен, екі айтқызбастан еттің көбігін алуға кірісті.

Осы мезет кіре беріс есік сықыр етіп ашыла берді. Сырттан [illegible] аязды ауа буланып еден қуалай жайылып жатыр. Кірген Шағырай екен. Қарттардың жайын ескерсе керек, суықты кіргізбеудің [illegible]мен есікті ілез жаба қойды.

Уа, Мәрәш, жылы-жұмсағың әзір ме? Пісірер көбейсін, еттің [illegible] сопадайдан жетіп, мұрынды жарып барады ғой тіпті. – деп [illegible] шығарыңқырай тіл қатып, шешіне бастады.

Қапсағай бітіміне мауыты тысты қасқыр ішік жараса қалған. Түгі [illegible]ланған түлкі тымақты сілке қағып жіберіп, адал бақанға іліп [illegible]ды. Асықпай баппен қимылдайтын әдеті сабырлы мінезінен [illegible]мат бергендей. Қырықтың қыркасынан асқан Шағырайдың [illegible] әжім жоққа тән. Үнемі жылтырап тұратын күтімді мұрты мен [illegible] сыпайы ғана шоқша сақалы ер келбетіне жарасып тұр. [illegible]балығы шешесіне тартса, қыры көтеріңкі ірі мұрны мен жазық [illegible]айы, сомдау келген иегі, аумаған әкесінікі. Сұйықтау келген [illegible]ының тасасындағы қарагер көздерде ес тұнып тұр дерсің.

Жүріс-тұрысында, бет ажарында маңғаздық та жоқ емес. Бұнысы [illegible] салдық құрған жастық шақтың әсері ме, әлде туа бітті мінезі [illegible], әйтеуір кез келген кісіге жалпылдай қоймайды. Киім киісі де [illegible]ған ерекшелеу. Мейлі топка барсын, мейілі ауыл арасында [illegible], құдды бір тойға бара жаткандай-ақ сыкиып тұрып киінетін [illegible] бар. Дәл қазір де ішігін шешкенде, күміс кісесі жарк беріп

көздің жауын алды. Көк шұға бешпетінің өңір жиегі ақ зер, қос қапталы қызылды-жасылды әлеміш кесте.

Бұнысы кешегі салдық құрған жалынды жастықтың сарқыты іспеттес. Ауыз үйде шешініп төр жаққа беттеген Шағырайды балашаға улап-шулап қарсылады. Басшысы Сейіткерей болып сәлемдесе жамырасып жатыр. Бала атаулыға қаттылау Шағырай:

- Жә-жә, жүгірмектер, үйді бастарыңа көтердіңдер ғой тіпті. Шуламаңдар! – деп жекіп қойып, қос қариямен есендесе бастады.

Орнынан атып тұрып сәлемдескен Мұқаштың қолын уысында ұзағырақ ұстап, ойлана назар тоқыратты. Туысқанын сынағандай. Күрсідегі беті ашық кітапқа, домбыраға көз жүгіртіп:

- Қисса қирағаттап жатырмысың? Жөн-жөн. Біз де тыңдайық кәне. – деген сөзбен ақсақалдан төменірек тізе бүкті.

Мұқаш домбыраны алып үзілген жерден жырды бастамақ еді, атасы – бөгеле тұр! – дегендей ишарат қылып, Шағырайға назар жықты.

- Ия, сылқым-сері ұлым, не хабар әкелдің? Жанат тапсырған сөзді жеткізіп пісіріп қайтты ма?

Мына жүгірмектің оқу жағын айтам да. – деп, иек қаға Мұқашты нұсқады.

Қуаныштың орайына танау көміп құшырлана иіскеп отырған Асылтас та сұраулы жүзбен қарап отыр. Шақшақтың лебізінде аз-мұз кекесін де жоқ емес. Шағырайдың әлеміш киімдерін жақтыра қоймайтын. – Бұ не өзі, қырқылжың жасында үлде мен бүлдеге оранғаның. Ұзатылар қыз болармысың. Бір кезде салдық құрдым-ау деп, ата сақалың шыққанша сәндене бермекпісің. Салуалы кісі болып жүрсең етті былай. Отағасы деп атанған кісі қоңыр төбел киінсе керекті. – деп, оңашада шілтелеп алатын.

Асылтас болса қырықтан асқан соқталдай ұлын әлі жас көретін. – Қайтесің соны сөз қылып? Бала емес пе әлі, есейе келе ес кірер. Осы мінезің-ай бала атаулыға тықақтап бітетін. Қолында болған соң пұлдыдан киеді де кісі. Сымбатты боп жүргені де айып па екен. - Ерікті ұл көрікті болуға тиіс - деп сонау бір заманда Қаз дауысты Қазбектің өзі де айтып кетті емес пе. – деп, сәнкой ұлына шаң жуытпайды.

Енді міне сол Асылтас нұры көмескі тартқан көзін сығырайта түсіп сөзге килікті: - Бұ Мүкәнтайым бір төбе де өзге боқташақ бір төбе. Қаршадай бала ұзақ-сонар киссаны жатқа соққанын көрсемші осы жасымда. Бұны оқыта алмасақ обал дағы. Не қылса да амалын тап, құба бала. – деп, алдына алып отырған Қуанышты құшырлана иіскеп қойып, - Мүкәнтайым зерек болса, мына қоңыр қозым тәптәтті. Үй құлыншағым сол, айналып кана кетейін осы ботақанымнан. – деп, кенже немересінің нәп-нәзік денесін құшағына көме түсті.

Баһрам мен Жамал дүниеден озған соң, шал мен кемпірдің көңілі [illegible] қалған балаларда еді. Сейіткерей мен Мұхаммед Қанапия сыр [illegible] қоймаса, кішкентай Қуаныш жиі мұңаятынды шығарды. Өзі [illegible], жан дүниесі де тұрпаты сияқты нәзік бала қабағын түйіп [illegible] отырып алады. Бет бедері нәзік сызылған Қуаныштың қасы [illegible] тарткан қап-қалың да мөлдей қара. Таспа қасты қалың [illegible] түйіле қалғанда, жұқа өңіне бір алуан сұс бітірер еді. Кейіңгі [illegible] осы қабағы жиірек түйіліп жүр. Ондай сәттерде өзімен өзі [illegible], құдды бір ересек кісідей үн-түнсіз мұңайып отырып алады. Бір күн тіпті күрсініп қойып:

Біздің үйдің үлкендері де қалмады-ау. Тұлдыр жетім боп [illegible]м-ау мүлдем. – дегені де бар.

Қасында отырған Мұқаштың жаны шығып кете жаздағандай [illegible]лу, бұл сөзді естігенде. Тетелес бауырын ойлағанда қабырғасы [illegible]ды-ақ.

Көкентай-ау, о не дегенің? Қара ормандай ағайын тұрғанда [illegible]мік бар ма. – деп, бітімі жұп-жұқа інісін құшақтай алған.

Сол Қуаныш көзі жәудіреп дәл қазір де Шағырай көкесіне ойлана [illegible] отыр. Жүрегінде тінамдай адамгершілігі бар кісі бұ көзқарастан [illegible]ремей қалмас еді. Шағырай ішінен – мұнша сүп-сүйкімді болар ма [illegible]ала! Іші-бауырым елжіреп барады ғой мүлдем. Құдайдың бере [illegible]ынын көрмеймісің маркұм Баһрамға. Кіндігінен кіл атұстар [illegible]шеніп қайтерсің. Ішінде арыстандай айбаттысы да, қыздай нәзігі де [illegible]ныңдық әнекей. Жазған басым болса, еркек кіндіктіге жарымай-ақ [illegible]ныным. – деген оймен өз үйіндегі кіл шүйкебасты бір сәт есіне [illegible]. Ойланып бөгелуге мұрша жоқ, жауап дәметіп отырған қос [illegible]ының түрі мынау. Ілез жауаптаса қоймайтын әдетімен аз үнсіз [illegible], мұртын сылап-сипап қойды да, тілге келді.

Жанат мән-жайды әлдеқашан жеткізді ғой, әкей. – деп бастап, [illegible]рісінен отырған Мұқашқа назар қыдыртып өтті. – Бұл баланың [illegible] менің де мойынымда емес пе. Баһрамның тапсырған аманаты [illegible] өлемін ақтық сөзін. – деп сәл үнсіз қалды да жүзін ақсақалға [illegible], - қалаға қатынап қайын атаммен сөйлесіп, сөзді пісіріп келдім. Мұнда-екең сөзге келместен-ақ келісе кеткені. Сол үйде тұратын [illegible] бұ Сегізіміз. Оқу жағының да басын ашып келдім. Мұсылманша [illegible] пресе өз алдына, әлгі Прохоров деген тамыр орысша оқытпақ [illegible] баламызды. Маркұм ағамызды бек сыйлайды екен әлгі кісі.

Біздің үйде тұрсын, орысша тілін сындырам. – деп, ал кеп [illegible]лесін. Кәпірдің үйіне тұрақтатам ба бауырымды. Сыпайылап [illegible] күтылуға тура келді. – деп мырс беріп күліп жіберді де, назарын Мұқашқа жықты. Жайбарақат қалпынан ілез арылып, салмақты [illegible]лға мініп сөзін тарата берді, - ал, Сегізім, сәрсенбінің сәтіне

сапар шегеміз туу шаһарға. Кірлегенде ауыстыратын киім-кешегіңді әзірлей бер осы бастан. Бокшаң сақадай сай болсын. Сонау баһарға дейін ел бетін ия көрерсің ия көрмессің, қамсыз болма сондық. Құданың үйінде тұруға тура келеді. Өзіңмен құрдас бір ұлы бар, ішің пыса қоймас. Орысшаға судай әлгі жүгірмек. Саған тіл сындыруға септігі тиер. – деп сөзін тұжырды.

Бұл хабарды үйдегілер әралуан қабылдады. Ақсақал қанағаттанған пішінмен: - Е, мақұл, сөзді пісіріп келдім де. Мүптекеңді риза қыламыз ғой, күтімі жаман болмас баламыздың. Соғымына бір ту қысырақты айдатып жіберу керек осы бастан. – деп басын изей берді.

Асылтас бәйбіше де қостап: - Үй күнішегім сол, кентті жердің оқу-тоқуын көретін болдың. Зерделе азық болар ма екен медіресе дәрісі. Ауыл-аймақтың кітап біткенін ақтарып болған зеректігіңнен садаға кетейін! – деген сөзбен кенет босап, дымданған жанарын күндігінің ұшымен сүрте берді.

Өз бөлмесінен Әдебия да шыққан болатын. Шағыраймен бас изей иіле есендесіп төменірек тұска жайғасып еді. Абысын-ажын атаулы ішінде ең ажарлысы осы Әдәбия. Жазық маңдайлы дөңгелек келген аппақ бетінің ұшында өзіне жарасымды жұқалаң қызыл бар. Әсіресе көздері көркем. Әрі алакандай аумақты, әрі мезесі келісті қиылған нағыз нәркес көз. Үлпілдек те қайқы ұзын кірпіктерін қағып-қағып көзін төңкеріп өткенде құдды бір хор қызы дерсің. Туа бітті ажары әншейін қуыршақ сұлулық та емес.

Айнала дүнияға сабырмен қарайтын қарақат көздерде ақыл мен зерде табы бар. Бұл да марқұм абысыны Жамал сияқты хатқа жүйрік. Төркіні ауқатты ел болған соң оқымысты молда ұстап, ұл-қыздарын қара танытып өсірген. Қалшадайынан хат үйренген Әдәбия кітап ақтаруды ұнатар еді. Өзге төмен етектілер жағы қолы қалт еткенде кесте тігумен шұғылданса, бұл бикеш оңашада кітап парақтап отырғаны. Ажарын, сымбатын күндейтін қайсы бір сыңайластары:

- Бар үйдің сылқым сұлуы ғой. Бұ тұқымның ауызынан ақ май арылған емес. Көрер едім жоқ-жітікке келін болса. Салпаңдап жүріп тезек терер ме еді, кайтер еді, кітапқа шұқшимақ түгілі. – деп, сыртынан пыш-пыштар еді.

Тілі сүйреңдеген салпы етек қатын-қалаштың кей біреулері Әдәбияның кінәз мінезін, кірпияздығын, үсті-басына, ыдыс-аяғына қыл жұқтырмайтын тазалығын көре алсын ба. Өз салмағы мен қадірін да білмейді емес бәденді бикеш. Серінің таңдап алған нақ сүйері емес пе. Абысын-ажын, ағайын келесінде қарақан басын ұстай да біледі, қажет жерде есесін де жібере қоймайды. Сол Әдебия Мұқашқа мүсіркей қарап отырып, баяу ғана үнмен:

Алда, сері бала-ау, жат ішіне кете барғаның ба титейіннен? – [illegible]рсініп қойды да, - айтуға жеңіл-ау біреудің қолында тұру деген. [illegible]ндай балаға оңай боп па. Үйді сағынбай ма әуелім. Күтімі не [illegible]? Кір-қоңын мезгілімен кім жуып береді бұның? Үсті-басы [illegible] кетпегей. Ноғайдың ішіп-жемі де өзгеше шығар. Жүдеп-жадап [illegible]ні еді баламыз. – деп уайым айтты.

Құрттар жағы жауап қайыра қоймап еді, Шағырай жақтырмаған [illegible] ене: - Алғауы көп сөз шығардың-ау, сырбаз келін. Өйтіп [illegible] берсе үйден аттап шықпас жігіт деген. – деп тыжырынып [illegible] да, - оқу деген инемен құдық қазғанмен тең деген емес пе. [illegible]басаң құйрығын ұстатар ма білім деген. Еш абыржымаңдар, [illegible] көк тамағы тоқ боларына мен кепіл! – деп нығырта тұжырды.

Сақалын тарамдап отырған Шақшақ келін мен Шағырайға көз [illegible] өтті де, Мұқашка назар тоқыратты. Үні бәсең, бәсең болса да [illegible]ні мейірімді.

Ал, балам, әзірлене бер. Бісміллә деп аттанарсың сәрсенбінің [illegible]. Қызыр-Іліяс желеп жебеп қырық шілтен шылауында жүрсін [illegible]. Әумин! – деп батасын беріп, еті қашқан жалпақ қолдарымен [illegible]най берді.

Өзге үлкендер де еріндерін жыбырлата күбірлеп мінажаттың [illegible] істеп жатыр. Бұл көріністің бойында үн шығармаған Мұқаш [illegible]. Өлгінде ғана ауызы-ауызына жұқпай қисса оқып сайрап [illegible] басы, сең соққан балықтай есеңгіреген халде. Тосын [illegible]ның әсері соншалық, тіс жарып ләм деуге мұршасы да келмей, [illegible]стынан тілі күрмелсін де қалсын. Пайымға салса пәлендей тосын [illegible]мес-ау бұл хабар. Жанаттың сонау Қызылжар шаһарына барғанын [illegible]неді. – Тамыр орыспен сөйлестім, бізге деген ниеті дұрыс. [illegible]йға қараған бір кісі екен, жолың болар, бала. – деп, сапарының [illegible]нжесін де айтқан.

Сал көкең қалаға жүріп кетті. Бұ барысы сенің қамың көрінеді. [illegible]ымы қайын жұртына сідет артпаушы еді, өзіңе бола жолықпақшы [illegible] құдаға. – деп, Самал жеңгесі бір әредікте құлақ қағыс қылғаны бар.

- Е-е, оқу жайы ма баяғы. Барсам барармын шаһарына несі бар? [illegible]лаг пен Нәупіл бірігіп салбурынға апталап та кетіп жүр ғой. Содан [illegible] болып па. Аңшы-саятшы құла түзде елсізде жүреді ашып арып. [illegible] басындағы алай-түлей боранда жылқышылар айлап та ел қарасын [illegible]рмеген. Жылқымен бірге ығып әрең табылды емес пе. Шаһарда оқу [illegible]ған содан қиын болып па тәйірі! – деген оймен пәлен қынжылған да [illegible]. Енді міне оқыс хабар тас төбеден соққандай есеңгіретті де жіберді. [illegible]рсенбі дейді, сәрсенбісі ертең жоқ арғы күні емес пе? Сонда үйде екі-[illegible] қонып алыс қалаға кете бармақшы ма?

сапар шегеміз туу шаһарға. Кірлегенде ауыстыратын киім-кешегінді әзірлей бер осы бастан. Бокшаң сакадай сай болсын. Сонау баһарға дейін ел бетін ия көрерсің ия көрмессің, қамсыз болма сондық. Құданың үйінде тұруға тура келеді. Өзіңмен құрдас бір ұлы бар, ішің пыса коймас. Орысшаға судай әлгі жүгірмек. Саған тіл сындыруға септігі тиер. – деп сөзін тұжырды.

Бұл хабарды үйдегілер әралуан қабылдады. Ақсақал қанағаттанған пішінмен: - Е, мақұл, сөзді пісіріп келдім де. Мүптекеңді риза қыламыз ғой, күтімі жаман болмас баламыздың. Соғымына бір ту қысырақты айдатып жіберу керек осы бастан. – деп басын изей берді.

Асылтас бәйбіше де қостап: - Үй күнішегім сол, кентті жердің оқу-тоқуын көретін болдың. Зерденє азық болар ма екен медіресе дәрісі. Ауыл-аймақтың кітап біткенін ақтарып болған зеректігіннен садаға кетейін! – деген сөзбен кенет босап, дымданған жанарын күндігінің ұшымен сүрте берді.

Өз бөлмесінен Әдебия да шыққан болатын. Шағыраймен бас изей иіле есендесіп төменірек тұска жайғасып еді. Абысын-ажын атаулы ішінде ең ажарлысы осы Әдәбия. Жазық маңдайлы дөңгелек келген аппақ бетінің ұшында өзіне жарасымды жұқалаң қызыл бар. Әсіресе көздері көркем. Әрі алакандай аумақты, әрі мезесі келісті қиылған нағыз нәркес көз. Үлпілдек те қайқы ұзын кірпіктерін қағып-қағып көзін төңкеріп өткенде құдды бір хор қызы дерсің. Туа бітті ажары әншейін қуыршақ сұлулық та емес.

Айнала дүнияға сабырмен қарайтын қарақат көздерде ақыл мен зерде табы бар. Бұл да марқұм абысыны Жамал сияқты хатқа жүйрік. Төркіні ауқатты ел болған соң оқымысты молда ұстап, ұл-қыздарын қара танытып өсірген. Қалшадайынан хат үйренген Әдәбия кітап ақтаруды ұнатар еді. Өзге төмен етектілер жағы қолы қалт еткенде кесте тігумен шұғылданса, бұл бикеш оңашада кітап парақтап отырғаны. Ажарын, сымбатын күндейтін қайсы бір сыңайластары:

- Бар үйдің сылқым сұлуы ғой. Бұ тұқымның ауызынан ақ май арылған емес. Көрер едім жоқ-жітікке келін болса. Салпаңдап жүріп тезек терер ме еді, қайтер еді, кітапқа шұқшимақ түгілі. – деп, сыртынан пыш-пыштар еді.

Тілі сүйреңдеген салпы етек қатын-қалаштың кей біреулері Әдәбияның кінәз мінезін, кірпияздығын, үсті-басына, ыдыс-аяғына қыл жұқтырмайтын тазалығын көре алсын ба. Өз салмағы мен қадірін да білмейді емес бәденді бикеш. Серінің таңдап алған нақ сүйері емес пе. Абысын-ажын, ағайын келесінде қарақан басын ұстай да біледі, қажет жерде есесін де жібере коймайды. Сол Әдебия Мұқашқа мүсіркей қарап отырып, баяу ғана үнмен:

Алда, сері бала-ау, жат ішіне кете барғаның ба титейіннен? – [illegible] күрсініп қойды да, - айтуға жеңіл-ау біреудің қолында тұру деген. [illegible]ландай балаға оңай боп па. Үйді сағынбай ма әуелім. Күтімі не [illegible]мақ? Кір-қоңын мезгілімен кім жуып береді бұның? Үсті-басы [illegible] кетпегей. Ноғайдың ішіп-жемі де өзгеше шығар. Жүдеп-жадап [illegible]маса игі еді баламыз. – деп уайым айтты.

Қарттар жағы жауап қайыра қоймап еді, Шағырай жақтырмаған [illegible]не ене: - Алғауы көп сөз шығардың-ау, сырбаз келін. Өйтіп [illegible] берсе үйден аттап шықпас жігіт деген. – деп тыжырынып [illegible] да, - оқу деген инемен құдық казғанмен тең деген емес пе. [illegible]шынбасаң құйрығын ұстатар ма білім деген. Еш абыржымандар, [illegible]нгі көк тамағы тоқ боларына мен кепіл! – деп нығырта тұжырды.

Сақалын тарамдап отырған Шақшақ келін мен Шағырайға көз [illegible]ріп өтті де, Мұқашка назар тоқыратты. Үні бәсең, бәсең болса да [illegible], әлпеті мейірімді.

- Ал, балам, әзірлене бер. Бісміллә деп аттанарсың сәрсенбінің [illegible]не. Қызыр-Іліяс желеп жебеп қырық шілтен шылауында жүрсін [illegible]нда. Әумин! – деп батасын беріп, еті қашқан жалпақ қолдарымен [illegible] сипай берді.

Өзге үлкендер де еріндерін жыбырлата күбірлеп мінажаттың [illegible]рымын істеп жатыр. Бұл көріністің бойында үн шығармаған Мұқаш [illegible]. Әлгінде ғана ауызы-ауызына жұқпай қисса оқып сайрап [illegible]ырған басы, сең соққан балықтай есеңгіреген халде. Тосын [illegible]лардың әсері соншалық, тіс жарып ләм деуге мұршасы да келмей, [illegible]стынан тілі күрмелсін де қалсын. Пайымға салса пәлендей тосын [illegible] емес-ау бұл хабар. Жанаттың сонау Қызылжар шаһарына барғанын [illegible] біледі. – Тамыр орыспен сөйлестім, бізге деген ниеті дұрыс. [illegible]найға қараған бір кісі екен, жолың болар, бала. – деп, сапарының [illegible]нижесін де айтқан.

- Сал көкең қалаға жүріп кетті. Бұ барысы сенің қамың көрінеді. [illegible]мыры қайын жұртына сідет артпаушы еді, өзіне бола жолықпақшы [illegible] құдаға. – деп, Самал жеңгесі бір әредікте құлақ қағыс қылғаны бар.

- Е-е, оқу жайы ма баяғы. Барсам барармын шаһарына несі бар? [illegible]ат пен Нәупіл бірігіп салбурынға апталап та кетіп жүр ғой. Содан [illegible] болып па. Аңшы-саятшы құла түзде елсізде жүреді ашып арып. [illegible] басындағы алай-түлей боранда жылқышылар айлап та ел қарасын [illegible]рмеген. Жылқымен бірге ығып әрең табылды емес пе. Шаһарда оқу [illegible]ған содан қиын болып па тәйірі! – деген оймен пәлен қынжылған да [illegible]. Енді міне оқыс хабар тас төбеден соққандай есеңгіретті де жіберді. [illegible]рсенбі дейді, сәрсенбісі ертең жоқ арғы күні емес пе? Сонда үйде екі-[illegible] қонып алыс қалаға кете бармақшы ма?

Осы бір ойдың байыбына жете бергенде, мандайдан суық тердің бұрк ете шыкканын аңғара калды Мұкаш. Сонда ойлаганы өз кара басының камы емес-ау тіпті. Бір ерекшелігі ертеңгі күнін еш ойласайшы. Бар уайымы – анау отырган тетелес бауыры Қуаныш. Кімге алданады бұдан былай бұл бала? Ата-ана көз жұмғалы Мұкаштың койынына жатып жүр түн баласында. Тас кылып құшактап алатынын кайтерсің. Кейде ұйкысырайтыны да бар. Онысын Мұкаш кана біледі.

Анау Сейіткерей мен Құшандар тау козғалса да селт етіп оянар ма екен. Күн ұзак әбден сілесі катканша ойын соғады да, басы жастыкка тиісімен-ак шырт ұйкыға кетеді сабаздар. Карт әженің құлағының тосаны бар, кыбыр-жыбырды ести коймайды. Қуаныштың ұйкысы болса мазасыз. Біресе көрпесін ашып тастайды, біресе түн ортасында оянып алып сусын сұрап кығалак салатыны да бар. Немесе ұйкысырап былдырыктап сөйлеп кетеді. Ондайда бабын тауып жұбататын алдымен Мұкаш болады әдетте. Аркасынан сылап-сипап аймалап, асты-үстіне түседі-ай келіп.

Далаға шыкканда да бауырына камкор. Қар калыңдай түскен соң бар бала-шаға шанамен сырганак тебеді. Қыстаудың желке тұсы шок-шок карағай. Бұл шұбардың арғы шеті Толыбай жалы деген ну орманға ұласады. Шок карағайдың жел жағына калың күртік кар кішігірім төбе болып іркіледі. Аяз бен жел бетін катырып тастаған соң, бұл күртік бала атаулыға таптырмайтын ермек. Сонау ұшар басына шана сүйреп шығып алып, сырганак тебе ылдиға құлдилайды-ай келіп! Күртіктің біиктігі соншалық, кары мол жылдарда карағайды басымен көміп тастайды. Күртіктің кей тұстары түйе тайлы болса, кей тұстары тіктеу келеді. Ондай күрт түсетін тұстан сырганак теппекке жүрек керек.

Ересек балалар, Сейіткерей сияқты өжеттер күртіктің ең биік тұсын, кауіптісін ермек кылады әдетте. Өздеріне ере алмаган уак балаларды, ия болмаса Қапар сынды жасыктарды мазактайды-ай келіп. Құйтакандай Қуаныш бойына карамай намысшыл. Үлкендерден калмаймын деп ең биік күртікке тұшталандап шығады шынашактай түрімен. Шығуын шыкканымен ылдиға сырганауға сока басы жүрегі дауалаган емес. Мұкашка салмак салып:

- Шанаға алдымен сен отыр, мен міңгесейін!- деп, еркелеген калпы бұйрык беретінін кайтерсің.

Мұкашты белінен капсыра құшактап, кенедей-ак тас болып жабысып алады да сырганай құлдилаганда шыңғырады-ай келіп. Шыңғырса да ағасын тас камалдай пана көреді. Бітімі жұка болган соң аяз бен желге де корганшак бұл бауыры. Өзге балалар беттері нарттай болып ойын соғып жүрсе, бұл кораның ығында көзден сорасын ағызып тұрганы. Бұндайда да табатыны бәз баяғы Мұкаш. Тепсініп тұрып айғай салады-ау ерке тотай ұл.

Ойбай өлдім, жаурап, қалтырап барам! Ызғар өтіп кетті [illegible]. Мұқаш! Тастап кеткенің бе еш керек қылмай? – деп, [illegible] ідей долданады-ай келіп.

Мұқаш бұл айғайды ести салысымен өзге балалардан жырылып [illegible] інісінің беті-ауызын бөкебаймен тұмшалап бәйек болып жүргені. [illegible]ыштыны қимай ойынды да ұмытады. Өз басы болса нәзік [illegible]ырындай емес, ақ қар көк мұзда далада жел өтінде жүруге құмар-ак. [illegible] салт жүргенге не жетсін шіркін! Бір жуан тұғыр құнаншығарды [illegible] алып кеше ғана анау Толыбай жал бетке барып қайтқан.

Қуанышты артына міңгестіріп, Құйынкөкті ертіп серуендеуді [illegible] еді. Алдында арқан бойы жерде Сейіткерей. Оның тақымында [illegible] шабдар құнан. Мұқаш айналаға зер салып ән ыңылдап [illegible]үрсінді қаласа; ағасы аң көздейді. Аңның ең оңайы қоян ғой, түлкі [illegible] жонын көрсетсе де шалдыру қайда! Қоян көрсе-ак Сәтоктің есі [illegible] жаздап атойды салады-ай келіп. Атойлап еліргені ақ жалдың [illegible]. Қамшылап қаратерге түсіреді жуас жануарды. Қасат қарда қоян [illegible] оңайлықпен жеткізсін бе. Атты көтермейтін қарда, ұзын табаны [illegible] зәліттес ақ қоян еркін ойнақтайды. Ондайда өнер көрсететін [illegible]ұйынкөк. Көшелі денесі соландап ытырыла жөнеледі қасқаң. Қоян [illegible] айлалы болғанымен алмай қоймайды да. Белінен шап беріп [illegible] иелері келгенше тырп еткізбейді. Далақтай шапқан Сейіткерей [illegible] домалай түсіп, сүріне-қабына жүгіре, бауыздап алады олжасын. [illegible]ыжығасына байлап алған соң қоразданып әнге басады-ай келіп.

Ағасы ән салса-ак Мұқаш тыжырынып бітеді. Құдай-екең кісіні [illegible]ттен қағайын десе, құзырында емес пе. Оқуға енжар Сейіткерей [illegible] де олақ. Ырғақ дегенмен еш ісі-місі жоқ, бір дыбыска міниі [illegible] сүрдектете береді. Зыңқылдай шығатын дауысы да ашшы. Туған [illegible] болған соң шыдауға мәжбүрсің.

Ойтсе де, бұл келеңсіздіктің орнын айнала төңіректің көрінісі [illegible]сімен толтырады-ау, шіркін! Толыбай жалының сырт суреті неткен [illegible]ркем десеңші. Күзде қара барқынданып тұрса, қыста ақ күпі [illegible]мылып тұрады қарағай орман. Ішінде бір атты ғана өте алатын, ну [illegible]ышысты ойып салған ені тар сүрлеу жол бар. Сол сүрлеумен қалың [illegible]рман шытырманына сұғынуды ұнатар еді.

Аяңмен шерттіре бастырып келе жатсаң, айнала көрініске көз [illegible]ір ма екен. Қарағайдың бостандары сонау биіктен төніп тұрады. [illegible]ніндідек қылқандарына қалың қырау тұрған. Аппақ сеңсең тымақ [illegible] алды дерсің. Құнаншығардың тұяғы сіреу қарды кірш-кірш [illegible]асады. Айнала төңірек манардай. Орман іші тып-тымық, не үлп [illegible]кен жел не дыбыс жоқ. Баз-базда ғана сауысканның шиқылы [illegible]ынады құлакка. Анда-санда қарағайдың қылканды бостаны ұлпа [illegible]рдың салмағымен майысып барып сілкінер еді. Ондай сәтте үстінді

кылаулаған кар жауып кеп жібереді. Міңгесіп белінен құшақтай отырған Қуаныш шар ете қалады окыстан:

- Ойбай көтек, коркамын, Мұкаш! Бұр аттың басын ауылға! Зәрем зәр түбіне кетті ғой. Қаскырға жем боламыз, кеттік үйге! – деп, бүйірден түйгіштейді келіп.

Інісі үрейленгенімен Мұкаш берекесін еш кашырған емес. Өз орманы емес пе. Әр ағашына дейін етене таныс. -Толыбай жалы- деп те тегін атанған жок. Ұлы бабасының ту тіккен өлкесі ғой бұл төңірек. Қаңғырған бөрі камаса да дегбірін кашырар ма екен. Өз жерінде жүріп кайдағы бір ит-құска жем болмак па. Бөрі атаулының ат жетер жерде ырымға да жок екенін де не кылып білмесін. Жанат пен Нәупіл кан сонар сайын бүркітін колға кондырып, какпан бел құмай тазыларын ертіп із кеседі. Бөрінің дерегі білінсе-ак, жалыкпай індетіп алмай койған емес. Жакын төңіректі адактап болып, апталап жүріп жыракка да кетіп жүр. Ит-құстың зәулісі өз ағалары болған соң несіне каупайласын.

Қуанышты жұбата аркасынан кағып койып, әнге басады-ай келіп. Тып-тымык орман ішінде кытымыр кыста әндеткеннің өз кызығы да бар. Шыңылтыр аяз кеудеңді толтыра бойыңды сеп-сергек кылады. Екі бетің нарттай лаулап ширап отырасың. Құнаншығардың жалы мен кекілі бозкырау, мойыны бусанып ашкылтым тер иісі танауға жып-жылы болып тиеді. Құлан елсізде, ак кар көк мұзда такымыңдағы жануар да нағыз бір жан серігің емес пе.

Мұкаш әнді төпеп кеп жібергенде құнаншығары мойынын шұлғи тастап пыскырып кояды. Хайуанның дәтіне де куат кой адамның лебізі. Дауысына орман іші жаңғырығып жауап та береді:

- Қазак баласы, өзіміз екенсің ғой. Қош келдің! – дегендей-ак.

Көңілі көтеріле кыза түсіп ұзак әуелетеді әнді. Сыңғырлай шыккан өз үніне өзі риза болады Мұкаш. Белінен құшактай жабыса калған інісі де көңілденіп, косыла кетеді шыдай алмай. Қуанштың бой-тұрпаты сиякты үні де нәп-нәзік. Ауызының уызы кеппеген кошаканның үні дерсің. Орманның ішін бірталай кезіп құнаншығардың басын ел жакка бұрғанда, Қуаныш бұны сүбесінен түйгіштей тіл катады:

- Осы сен әншісің бе, Мұкаш? -

- Неге сұрадың, Кәкентай? Анау Сәток, Құшандар да әндетеді ғой салт жүргенде. – деп бұл жауап кайырғанда, - Олардыкі құр айғай ғой, тәйірі. Құлағыңды сарсылтады. Сен ән салсаң тыңдауға тоймаймын. Балкым кетем біртүрлі. Апам көз алдыма келеді сен ән салсаң. Тағы айтшы кәнекей! Апамның әніне бас. – деп колка салсын.

Шешелері үнемі ыңылдап айтып жүретін ән «Екі жирен» ғой. Қуаныш колка салған соң соған басады. Бұл бауыры осындай серуен-сейіл үстінде кәдуілгідей сергіп, дүниеден озған әке-шеше кайғысын

[illegible]ндай болады. Қалаға кетсе Қуаныштың жайы не болмақ? Мұнда жетімсіреп қалмай ма. Мінезі доғалдау Сәток кенже ұлдың [illegible] аулап әуреленбес те...

Ошақ шомып отырған Мұқашты Шағырайдың үні селк еткізді. [illegible]ысы келді ме, бұны иығынан құшақтай алып:

Көзің алакандай болып кетті ғой. Берекең қашқаны ма қалай өзі? [illegible]анған да бала сүйте ме екен? – деп қапсыра құшақтаған қалпы [illegible], - жігітке серуен де серуен, сергелдең де серуен деген. Еш [illegible]ама. Үйдегілерге де қарайлама өз болашағыңды ойла. Анау [illegible] бауырың сағынар әрине. Сағынғанымен ел ішінде емес пе? Ел [illegible] бесік деген атаң қазақ. Кәне, басшы жаңағы киссаңа, бір естіп [illegible] лебізіңді. – деген сөзбен домбыраны ұстата берді.

Екі беті ду етіп қызарған Мұқаш қысылып қалды. Ойының [illegible] түскен Шағырайдың аңғарымпаздығына аң-таң. Мұнша көңіл [illegible] болар ма. Әншейінде пандау, кісіні көзге іле қоймайтын [illegible] іш әлемін қабағынан-ақ ұққанын көрмеймісің.

Домбыра шертуге заукы жоқтын. Көңіл пәс тарткан соң қайдағы [illegible] Әйтсе де үлкен кісінің қолқасын қайтару әдепсіздік. Шағырайдың аспап ұсынған қолын қайтып ұялтпақ. Домбыраны [illegible]ысыздау ғана ұстай беріп еді, казан жақтан Мәрәштің үні жетті.

Етті түсірейін деп жатырмын. Ал қоя тұрыңдар киссаны. Қалғанын [illegible] соң естірміз. – деп табақты көтеріп, кесек еттерді піскілеп тұр екен.

Бұл үйдің ас-суын баскарып жүретін Мәрәштің осылай бұйыра [illegible]інді де бар. Маркұм Жамал қадірлеп ұстаған соң, бұндай мінезін [illegible] ауырламайды да. Іске қылап, жұмыска көнтерлі әйелдің [illegible]ылығы мен тесік өкпе енбеккорлығы бар мінін жуып-шайғандай. [illegible]ын істетпей тынбайтын Шағырайдың өзі бұл сапар тіресе қойған [illegible] Мәрәш жакка маңғаздана мойын бұрып оң кабағын кере көз [illegible]ды да:

О, ет те пісіп калды ма? Ет дегенде бет бар ма. Дәмнен үлкен [illegible] әрине. Қол жуайық олай болса. - осы сөзбен сандықтың [illegible] асықты ермек қылған балаларға еңсе бұрып, – Әй, Сәток, бар [illegible] мен құман әкел. Қол жуғыз ата-әжеңе. – деп, бұйыра сөйледі.

Балаларды жұмсап көзбен ұзаткан соң, кісесіндегі әшекейлі [illegible]ынан сары сапты пышағын шығарып, бармағымен жүзін байқай [illegible] Өткірлігі ұстарадай пышактың жүзі қылпылдап тұр екен. [illegible]ысына көзін жеткізген Шағырай, балаларға ілесем деп тұра [illegible] Мұқашты ымнен тоқтатып:

Сегізім, сен қасыма отыр, кел. Балалар өздері-ак құяр. Көп [illegible]ай жол жүресің, саған ескертер бірер сөзім бар. – деп, оң [illegible]мен орын нұскады.

Дұрыс-дұрыс, үйреткенің жөн әбден. Бөтендігі жок кой құда [illegible], әйтсе де өз ауылы емес. Жүріп-тұрудың ретін құлағына құйып [illegible] күндігін түзетіп қойған Асылтас та үн косты бір жағынан.

Көзін жуып мұқият сүрткен ақсақал Әдебия әзірлеген дастарханның басына жайғасып: - Ал келіңдер асқа. Шағырай, пышақты жаландата бермей турай бер анау телшені. Мәрәш, отырысты көлеңдей бермей, тұздықты келін-ақ құяр. – деп бұйрық беріп, ұрын сүлгімен қолдарын сүрте күлісе әзілдесіп тұрған балаларға назар аударды. – Ау, Сәток, баста анау өңшең көген көзді. Кел отырыңдар ырбыңдай бермей! Мүкәнтай, сен өз қасыма келші. Жол үстесің мауқымды бір басайын. Шаһарға бір шыққан соң келгенше қайда. – деп, Мұқашты шақыртып алды.

Ақсақалдың оң тізесінен орын ала жайғасқан Мұқаш ойдан арылар емес. Үй іші жандарының соншалық ыстық көрінгені. Етті жапырақтата еппен тураған Шағырай, құрт езген сорпаны сапырып отырған Мәрәш, қасы-көзі қиылып сызылған Әдәбия, монтиып қана жүрегін отырған Қапар, көзі күлімдей езуін жия алмаған Сәток, ұрттары бұлтылдаған қара домалақ Сейітжан мен сопақ бет Құшан, бәр-бәрі кенет күндегіден жақын тартқан сияқты. Бұрын еш мән бере қоймаған-ау аға-іні қадіріне.

Бұл қара шаңырақ бас көтерер ер-азаматсыз болмайтын. Аңкөс Жанатқанат құрып әдетте қонаға бір-ақ оралады. Салбурынға шыққа аптаны жүріп алады көбінесе. Ондайда келісіп қойғандай-ақ өзге ағайын кезекпен аксақалдың қасынан табылады. Әр ағайынның мінезі әр алуан. Көрген сайын соны бір қырынан танылғандай. Бейне бір оқуға қызықтап дерсің. Әңгіме-кеңестерін дидарласқан сайын ден қойып тыңдаған жалыққан емес Мұқаш. Құрсақтас ағайын болғанымен сөйлеу мәнері, сөз саптастары әр қилы, мінез-құлықтары де алуан түрлі.

Ағайынның ішіндегі үлкені Сексен етженді мол денелі кісі. Ұстаған көрген үлкен басы да тұрпатына лайық, казан бастың нағыз өзі. Бұратанған соң болар, сөзге сараңдау. Әр сөзіне мағына бергіш, баптап сөзіп сөйлейді. Жетім деп мүсіркесе керек, Қуанышты үнемі маңдайынан иіскеп, Сәток пен Мұқашқа бір-екі ауыз тіл қатады көрген сайын. Өзге бала-шағаны болса көзге ілген емес. Ас ішкенде тіпті ішіне атаулыны дастарханға да жуытпайды.

– Келін, мына ши борбай шуылдақтарға кейін тамақ берерсің. Шықсықтап мазамды алар жүгірмектер. – деп, Әдебияға алдын-ала тапсырып кояр еді.

Әдіме-дүкен құрса сұхбаттасатыны көбінесе Шакшақ. Сөзінің дені ағайынның ішіндегі дау-шар, тартыс-талас төңірегінде өрбиді әдетте. Кей кеңесте құлақ асқан Мұқаш таң қалар еді. Дау-дамайдың көбі жер жөнінде келеді екен. Бір түсінбейтіні, соншалық ұшы-киырсыз иен өлкеге неге таласа береді ел? Тіпті барымтаға барысып кісі шығынына дейін егесетінін қайтерсің. Мына маң сахарада ауыл атауына сирек қой. Қай тарапқа көз тастасаң да тусырап жатқан жазық. Сонда аз қазақ мына көз жеткісіз далаға симағаны ма.

Сексеннің және бір тілге тиек ететіні – жесір дауы. Кеңесіне [illegible] салсаң, бұл қауымда не көп, жесір қалған қатын-қалаштың [illegible]шінімеген мәселесі көп. Ия болмаса атастырған күйеуі опат болып, [illegible] жақта отырып қалған қыз-қыркынның дау-шары көп екен. Ондай [illegible]ға душар болған қыздар да жесір аталса керек. Сексеннің [illegible]ысатыны толайым осы тақылеттес істер сияқты.

Мұқаштың бұл кеңестерден бір түйгені – әйел затының сұмдық бір [illegible]дігі. Алда-жалда күйеуі өліп қалса, әменгерлік жолмен жақын [illegible]ға бере салады жесірді. Әйелдің өз басының қалауын сұрау деген [illegible] жоқ. Өндірдей қыздарды шырылдатып тұрып қаусаған шалдарға [illegible]тай береді билердің үкімі. Екі-үш қатынның үстіне кете баратынын [illegible]ерсің. Қайсы бір нәзік жанды қыз-қыркын әділетсіздікке төзбей, [illegible] кол салатыны да болады екен. Сүйген жігітімен қашып кеткендері [illegible]. Қашып кеткендері би атаулыға кәдуілгідей ермек. Дауласкан екі [illegible]ты бітістіремін деп, бұлар пайда табады екі ортада.

Осы сорақы әдет-ғұрыпқа іштей налиды Мұқаш. Уыздай жас қыз, [illegible]стағы шал-шауканмен қайтып отаспақ? Әкесі тұрмақ, атасындай [illegible] емес пе? Ақ сүйек ойнайтын нәуетек қыз баланың көңілі [illegible]ірейген картпен жарассын ба.

Өз жеңгелерін салыстырады ойға шомып. Үш жеңгесі де, анау [illegible] мінез Пәрида, қорғасын құйған сақадай салмақты мінез Асыл, [illegible]ырлаған аккөңіл Самал да бақытты жандар екен-ау. Тең-тұсына [illegible] соң не армандары бар.

Сексеннің еменнің түбіріндей орнықты порымына үңіле отырып, [illegible] қалады. Осы сорақы ғұрыпқа жол берген билердің беделі емей [illegible]мене. Сонда мынау ел тізгініне ие асқар таудай ағасы сол зорлық-[illegible]мбылықты қоштағаны ма? Мүлде түсініксіз жәйт. Үлкендердің ой-[illegible]ылы жұмбақ-ау, қайсы бір қарекетін түсіну де оңай емес. Байы [illegible] кексе қатынды елден кетірмегендері жөн-ақ делік. [illegible]амқорлықтың бір түрі шығар. Ал енді жасөспірімдерді малға, шалға [illegible]ндары барып тұрған әділетсіздік-ау.

Бауыржан мен Есенжанның да сөз саптастары Сексен рәуіштес. [illegible]ар айырмасы – сағал көз, толық денелі, қызыл шырайлы [illegible]сенжанның мінезі жұмсақтау. Етке сылкия тойып әзіл ілуге құмар. [illegible]ан қарағанда Бауыржан мінезінің суы қаттылау. Бала-шағаға да [illegible]ал. Көрген сайын тәлімсіп бітеді. Мұқаштың домбыра ұстап әнге [illegible]ірлігін пәлен жақтырған емес.

- Әй, жүгірмек, анау Жанат көкеңе еліктеген түрің бе осы. [illegible]кетісерсің жаман қатты! – деп көзін алартып, мұртының шалғысын [illegible]ылбырлата тыжырынып, - әуес болма әуейілікке, адам боламын [illegible]сең. Құран мен хадис жатта, киссаны малжаңдатқанша. Ән-жыр [illegible]ленің перінің ойнағы. Әкәку-секекуге алданып мұратына жеткенді [illegible]рген де есіткен де емен осы жасымда. –

Бұл сынды жекіруге іштей наразы болып айтар үәжі көңілінде сайрап тұрса да, жауап қайтару қайда! Сыр білдірместен іштен тынады да қояды. Өзіне салса Жанаттың басқан ізіне де теңгермес еді Бауыржандай омырау мінез ағайынды. Әйтсе де әрі жасы үлкен, әрі ет жақын туыс болған соң сөзін көтеруге мәжбүр.

Үлкендердің ішінде ақ көңілдісі Қайыржан ағатайы ғой. Арда күрең азаматтың нағыз өзі. Кезінде зергерлікпен аты шыққан, он саусағынан өнер саулаған міністкер азамат. Салдық құрмаса да кей қылықтары жұрттан ала бөтен. Соның бір айғағы – шаш қойысы. Сән көре ме, әлде өзіне жарасатынын біле ме, әйтеуір дудар шашына ұстара тигізбей еркіне қоя берер еді. Шашының қалыңдығы соншалық, сеңсең бөрік киіп жүр дерсің. Бұл тұқымның шашы ертерек ағаратын болған соң, қырыққа келмей-ақ қира кекіліне ақ тін араласқан. Онысы өзіне жарасады да. Қайратты да қалың шашы қара бурыл түлкінің түгіндей көрінер еді.

Бауыржан бұл әдетін жақтырмай: - Таста әрі жабағыдай жалбыратпай! Еркекке ерсі тіпті. Қатындарша әлем-жәлем киінген анау Шағырай болармысың. Ол да елден ерек көрінемін деп шашын желкесіне жібергіш. Мына жасыңда салдарға еліктесең жетісерсің жаман қатты. – деп, тәлімсіп бітеді.

Ағайынның сынын ауырлайтын Қайыржан жоқ. Қира кекілін сілке тастап миығынан күліп қояды да, үнсіз құтылады. Ағасына сөз қайыра қоймағанымен, Мұқаштың өнерге деген талпынысын мейілінше қолдайды.

- Осының жөн, Сегізім. Бауыржанның ақылы өзіне. Молда-сопы болып арамтамақтардың санын көбейтпекпісің? -Молда-қожа мазардан қайтады, халық базардан қайтады- демекші, өлікке құран шығаруды соларға-ақ бердік. Мазарға баруға асықпай-ақ қойдым, өмірдің базарына тояттап алайық әуелім. – деп қулана жымияды да, - сен болсаң әнді айналдыра бер. Мұқамың әдемі-ақ. Құлақ құрышын қандырар бұлбұл үні дерсің. – деп, қолтыққа дым бүріккендей болады.

Өзі аңқылдаған аққөңіл де балажан. Үлкен үйге келген күні бала атаулыны дастархан басына отырғызып әзілдеседі-ай келіп. Бір біреумен айтыстыра ма керек, күрестіре ме керек, әйтеуір дамыл таптырмайды сол күні. Қолы шебер кісі ғой, жасырақ кезінде зергерлікпен аты да шыққан. Мұқашты да соған баулиды. Зергерлікке қызыққандығын аңғарып:

- Ісмерлікке талпынғаның әбден дұрыс. Жігітке сегіз өнер де көптік етпес. Сенің атыңды мұнша дөп қояр ма Самал жеңгең. Ден қойсаң зергерлікті де үйренерсің. Ісмер кісі қақ-соқтан, жыбыр сөзден аулақ жүреді әдетте. Анау Сүйін ағаң сияқты. Рия мінез, қысыр кеңеске жоқ қой ол ағаң. Себебі ермегі, сүйген кәсібі бар. Көңілің

[illegible] сүйген өнерге не жетсін, шіркін! – деп, тамсанып қойып сәл [illegible] қалады. Өткен дәуренді еске түсіргендей.

Мен де салдық құрам ба деп едім, сонау қырқын көгілдір [illegible] Зергерлікті де бір кісідей-ақ меңгеріп едім. Аталғышты ұстап [illegible] сақинаға өрнек салғанда қолым сүйсінетін. Жан жүйем ләззат [illegible]. О да бір алданыш екен-ау, қарап тұрсаң. Анау Сексен мен [illegible] тықақтап қойды ма десеңші! – Күніңді көре алмай [illegible] ба кәсіп істеп? Сіңірі шыққан жарлы болармысың. [illegible] ағаның ұрқысың, таста әрі жаман ырымға бастап қайдағыны [illegible]! - деп қыжырта бергенін қайтерсің. Үлкенді сыйлап [illegible] басым, сол екеуінен аса алмадым ғой. Әлі күнге өкінем. [illegible] біреудің ақылымен жүрмей өз жүрегіннің қалауына құлдық [illegible] бе дедім. Табанымның бұдыры болмағаны да, өз обалым [illegible] керек. – деп, қабақ шыта күрсініп қоятын.

Мұкаш болса аккөңіл де кеңпейіл туысқанының өсиетіне имандай [illegible]. Ішінен: – Ескерткені мұнша дұрыс болар ма, Қайыржан [illegible]мының. Өз басым анау Сүйіннің жолын ұстанармын. Отыр ғой [illegible] көңілі қалаған ісмерліктен қол үзбей. Үлкендер қошуақ көрмесе [illegible] емес зергерліктен. Міне үлгі! Әлім жеткенше сол ағама ұқсап [illegible]рмын да. – деп түйіп, өз-өзіне серт беріп қояр еді...

[illegible]ға шомған Мұкашты шынтағынан мытыған біреудің қолы елең [illegible]. Байыз таппай қопаңдап отырған Сәток екен.

– Ой, немене мелшие қалдың? Бері қара, әжең асатып жатыр [illegible], – деген сөзбен бүйірден де нұқып қалды.

Шыпымен-ақ Асылтас әжей үлпершек майды туралған бауырмен [illegible] ұыстап асатқалы отыр екен. – Мә, құлыншағым, жей ғой. Ойға [illegible]ска заукың соқпай жатыр ғой мүлдем. Мына тұрған Қызылжар [illegible], еш уайым қылма. Білекті атқа таяқ тастам жер ғой бұл екі ара. [illegible] ағаң сонау Бұқара шәріпте де оқып келген жоқ па. Пәлен жылда [illegible] катынайтын. Оған қарағанда сенің оқуың іргеде емес пе. – деген [illegible] жубаткан болып, уыс толы үлпершекті ауызына тоса берді.

Рас-ау менікі не осы? Жасып қалғаным ба үйден шықпай жатып. [illegible]шыққа әжем ие, қарайласар жеңгелерім бар дегендей. Қара басым [illegible], тіпті де уайым емес. – Ауылда қамалып отырсаң оқу деген [illegible] әсте ұстатпас. – деп Көрпеш айтпақшы, елді қимағанмен [illegible]мас. Жанат та қосылып: - Үй күшік болма, түзшіл бол! Ер жігіт [illegible] шыкса үйіріне қосылады деген атаң қазақ. – деп, бала атаулыға [illegible] айтқаны анау. Қой, көңілшектік қылмай жүрегімді тоқтатайын. [illegible]мшыға жасып сорасың ағызатын шүйкебастарға ұқсамай. – деген [illegible] қатін бекітіп, әжесі асата берген жұдырықтай үлпершек майды [illegible]шпамастан қылғытып кеп жіберді.

***

2 тарау.

ҚЫЗЫЛЖАР

1

Мүптәхүддін саудагердің үйі каланың күнгей жағында ірге тепкен. Крестауай аталатын саңғыраған кен жай. Бұл көшеде негізінен Пышкантайдың Мұқышы сиякты аукатты саудагерлер тұратын еді. Үйлердің дені кірпіш ия тастан каланған келеді. Қос кабат еңселілері де, көктөбел каңылтыр түнікелілері де баршылык. Мүптәхүддін үйінің биік шарбакпен коршалған ауласы аса кең. Ауланың ішінде кора-копсы, монша, кішірек келген жаз отыратын және конак түсетін үйлер орналаскан. Таспен шегендеулі құдық, тауар сактайтын ұзыннан ұзак созылған койманың ығында тұр.

Салған жерден-ак көзге түсетін бір ерекшелік – үй маңы мен ауланың мұнтаздай тазалығы. Ат корада төртті-бесті жегін аттар, мал корада сауын сиырлар, каз-үйрек, тауыктар бола тұра, аулада көң кокыстың ізі де жок. Күртік карды мұкият күреп, мал жайлап, сырттың тазалығын камтамасыз ететін бұл үй дыңдай екі малай ұстайды. Ас-су әзірлейтін кызметші әйел де бар. Үй иесі Мүптекен абзи елуден аскан орта бойлы домаланған толык кісі. Етжеңді болғанымен кимылға жеңіл. Домалак келген аксары өңінен жас мөлшерін ажырату онай да емес. Басынан тастамайтын ши баркыт коңыр такиясы әжімсіз, жылтыр репетіне жараса калған.

Саудасы күсет Мүптә-екеннің бір ғана уайымы бар, онысы - баска пәлендей жарымағаны. Бас болғанда кыз-кыркын жағына кенде емес-ау, бәйбішесінен сомадай-сомадай төрт іс тігер көріп отыр. Оларын құтты жеріне кондырып та үлгірді. Қыздардың кішісі Шағырайға тиген Ләтипа. Ұл көремін деп, токал да алған кезінде. Бәйбішесі күңкіл шығарғанына карамастан, кедейлеу бір башкұрттың кылкан кескендей жас кызына құрык салған. Токалға берген малы адал болды ма екен, көп ұзамай ұл көрді отағасы. Одан кейін бірер құрсак көтергенімен, шакалактары шетіней беріп тұрактап калғаны сол жалкы ұл.

Фахрүддін ныспылы бұл ағұстары осы күнде он төртте. Соңынан ерген жалғыз ізбасары болған соң, әкесі бұл ұлдың асты-үстіне түсумен әлек. Өні шешесіне тарткан караторы Фахрүддінді үй іші еркелетіп Пакыш деп атап кеткен. Шешесі Зиба денелі де бойшаң болғанымен Пакыштың бойы кішірек, тұрпаты да жұкалау. Есесіне мінезі мейілінше жайдары. Бай саудагердің болпашымын деп зәредей кергуі жок, салдыраған аккөңіл бала. Қашан көрсен де күлімдеп жүргені.

Даңғарадай еңселі үйде тұратындары төрт-ак жан. Бір бөлме түгелімен Күләнда бәйбішенікі. Зиба мен Пакыш бір бөлмеге ие.

[illegible] жүзді аққұба Күләнда заманында бітімді де бәденді-ақ [illegible] еді, елуді алқымдаған бүгінгі жасында тым семіріп, ажары [illegible] қимылы ебедейсіз тартқан. Әйтсе де байына да Зибаға да [illegible] Ас су әзірлейтін күтуші әйел Мәшкен мен ат айдаушы еңгезердей [illegible] Рапаил да бәйбішенің құзырында. Жас шамасы қырықтың [illegible] ортасындағы күтуші әйел Мәшкен, бұл әулетке сіңісіп кеткен тұлдыр [illegible] кісі. Осы үйдің отымен кіріп күлімен шығып жүріп, кексе [illegible] қалған. Онсыз да қошқыл өңі күнге тотығып қолдарын күс [illegible] [illegible]мен, киімі бүтін қарны тоқ қалпы күнін көріп жүр әйтеуір. [illegible] артық бапты тілеп те көрген жан емес.

Рапаилдің жасы болса елуге тақап қалған. Қапсағай бойлы, қолдары [illegible], нағыз қара жон малайдың өзі. Мүптахуддіннің жамағайыны [illegible]мен ұсқыны да тұрпаты да мүлде бөлек. Қушық шеке, шақша [illegible] көз Рапаилдің сықпыты орыстан айырғысыз. Мезесі қиғаштау [illegible] көзінің қысықтығы болмаса, ұлты татар деп айтуға да келмес еді. [illegible]ым екен-ау деп, бұған жеңілдік қылған Мүптахуддін жоқ, [illegible]ының бар міндетін осының мойынына артып қойған. [illegible] ұрыққа үйренген өгіздей көнбіс Рапаил малды да күтеді, үйдің [illegible] жұмысын атқарады. Кешке жақын ұшып жығылса да қыңқ еткен [illegible] [illegible]сайшы. Мәшкен пісірген бидай ботқаны соғып алып, жарты [illegible] [illegible]ды қылқылдатып ішеді де жұмысын жапырып істей береді.

[illegible] Мүптахуддіннің қолында Сегіз де тұрып жатыр. Биыл [illegible] жасы он төртке толып, қалаға келгеніне алтыншы қыс. Сонау [illegible] жасар кезінде келгеннен бері тұрағы осы үй. Келген жылы-ақ [illegible] бұған қонақ үйдің үлкен бөлмесін босатып берген. Қалаға [illegible] «Сегіз» деген есім бұған желімдеп қойғандай-ақ жабысқан [illegible] [illegible] әкелген Шағырай Зибаға таныстырғанда:

[illegible]міп сұрадың ба, сырбаз құдағи? Бұл баланың азан шақырып [illegible] [illegible]ысысын кейін біле жатарсың. Ал енді ағайын ауқымы қойған [illegible] – Сегіз. Бозөкпе демесең, сегіз өнері бар бұл баланың. [illegible] көзінді жеткізер әлі-ақ. – деп түсіндірген болатын. Зиба басын [illegible]ын есімін сұраған да жоқ, Сегіз деп атады да кетті...

[illegible] үйдің іші ұзыннан ұзақ созылған шұбалма пешпен екіге [illegible]. Дала үскірік аяз болғанымен қарағайдан қиылған жайдың [illegible] жылы. Он екі ызботты пешті таң атысынан жағып қоятын [illegible] Үйдің ішін жинайтын, су әкеліп ас пісіретін де өзі. Қос [illegible] тор үйдің іші самаладай жарық. Үй жиһазы нақ қазақ [illegible]ағыдай. Сәкінің үстіне алаша, текеметтер төселсе, айнала [illegible] түскиіз бен кілемдер тұтылған. Төр жақтағы бөстектердің [illegible]ның да жұмсақ бірсаларлар.

[illegible] тысты, жағалай жиектері өрнектелген бірсаларлар көздің [illegible]ындай. Сүйек төсектің үстінде текшелей жиыстырған, қабат-

қабат атлас тысты көрпелердің үстінде құс жастықтар теңкие жатыр. Үй іші мұнтаздай таза, көрпе-жастықтар ине жіптен жаңа шыққан дерсің. Үйге тәу бас сұққан кісі: - Бар әулеттің жайы екен. Бақуатты тұрмыстың қызығын көре білетін, мүлік-мүккәмәлді тұтына білетін кісілер болса керекті үй иелері. – деп әсерленіп пікір түйер еді.

Төр жақтағы түрлі-түсті қаңылтырмен капталған үлкен сандықтың қасында кітап қоятын қабат-қабат сөрелі этажерка орналаскан. Сөре үсті сыңыскан кітап. Дені колдан көшіре жазылған араб әріпті болса, бірен-сараны баспадан шыккан орысша. Бөлме ішінде екі-ак жан, екеуі де жас өспірім жеткіншектер. Тай терісі бөстектің үстінде аркасын сандыкка беріп Сегіз жатыр. Он төрт жаска толған осы кезінде әжептәуір бой тартып өсіп калған. Есейе келе өңі шешесіне көбірек тарта бастағандай. Аккұбалығы, жазык маңдайдан тура түскен кыр мұрыны, жұка еріні мен келісті біткен иегі маркұм Жамалды еріксіз еске түсірер еді. Жалпы бет бедері шебер кол ұстаған нәзік каламмен сызылған суреттей әсер калдырады. Қаракер есті көздері сұхбаттаска да, айнала дүниеге де аскан сабырмен карайды. Кісі танитын егделер бұл жеткіншекті тәу көргеннен-ак: - Сыпайы бала болар. Сипаты окымысты молдаға келеді екен. – деп пікір түйер еді.

Кескіні шешеге тартса, дене бітімі аумаған Бәһрам. Кол-аяғы сом да сіңірлі, кеудесі төстек, есейе келе балуан тұрпатты болатыны әлден-ак аңғарылғандай.

Құс жастықты шынтақтай жаткан Сегіздің назары домбыра шертіп отырған жеткіншекте. Бұл балаң жігіттің есімі Нияз; Сегізбен медіреседе бірге окитын түйдей құрдасы, шәкірт. Бұл да кол-аяғы балғадай, жауырынды, бітімді жас. Ат жақты, кара торы өңі бадам кабакты, жазык маңдайлы келген. Сәл кертештеу біткен мұрыны, жалпак касы мен аумакты кара көздерімен үйлесім тауып, жалпы он әсерді бұзбай тұр. Сегіздің өнінде сабырлык басым болса, Нияздың ойнакшып тұрған жанарында тентектеу де куакы ұшкын бар. Қалыңдау келген сөлді еріндері үнемі күлім кағуға әзір сиякты. Миык керсе-ак, маржандай тістері жарк көрінеді. Лашындай жинакы порымында, шалт кимылында, оттай лаулаған жастык жігер аңғарылып-ак тұр. Жалпы алғанда: - Тусаң ту, ұл болса осындай-ак болсын! – деген пікір тудыратын сүйкімді жеткіншектің нағыз өзі.

Алдындағы күрсіге кисса кітабын койып, «Қарадөң батыр» жырын саулатып отыр Нияз. Домбыра шертісі шебер, дауысы ашык, макамы өте накысты. Әнге бейім жас екені көзге ұрып-ак тұр. Шамасы келгенше кітап бетіне карамауға тырысып, көбінше жатка кирағаттайды. Ара-тұра ғана парак бетіне көз тастап бірер сәтке бөгеледі де, комданған кырандай козғалактап койып аспабын

[illegible] жөнеледі. Баз-базда өз лебізіне өзі қызып елірінкірей, [illegible] шанақты сабалай тартқанда, езу тарткан Сегіз:

[illegible] пәләй, сүмірейт! Шап, дүлдүлім! – деп коштай көтермелеп, [illegible] салып кеп жібереді.

[illegible] екеуі аса тату дос-жар. Медіреседе танысып еді, осы күні « [illegible] школа» аталатын орысша мектепте Прохоров Иван [illegible]овичтан дәріс алып жүр. Тәу таныскандары қызық болған. [illegible]-ақ, есімдерін сұраспастан күш сынасуға тура келіп еді. Ер [illegible] бекіспейді демекші, ұлдардың ортасы алыс-жұлыссыз болған [illegible] Медіресе табалдырығын аттағанда-ақ, жиырма шақты бала Сегізді [illegible] алған. Сабак үстінде моп-момакан болып ұстаздың алдында [illegible] отырғанымен, дәріс біткен соң мүләйім калыптарынан [illegible] шәкірттер. Бәрі ауылдың балалары емес пе, күш сынасуға [illegible]-ақ. Ұзын тұра, дордак бет біреуі әй-шәй жок тап беріп:

[illegible] шикіл сары, белдесуге калайсың? Күресемісің өзің? – деп [illegible] күтпестен-ак, жағаға жармаса кетсін.

Мо[illegible]ға еліктегені ме, басына ак сәлде конжита киіп алыпты, [illegible] көк мандала шекпен, белінде қызыл кәріс белбеу. Киімі мен [illegible]ніне карағанда, жобасы аукатты әулеттің нәсіліне келеді. Медіресеге келмей жатып біреумен алысам деген ой әсте жок еді, [illegible]-ак ұстаса кетті Сегіз. Сәлделінің серейген бойы болмаса, [illegible]ке пәлендей такыс емес екен. Бір айналымға келместен [illegible]мен жер сүзе тоңкалаң асты. Беті кайтып калса керек, сонадай [illegible] түскен сәлдесін үнсіз көтеріп екінші кайтара ұмтыла койған [illegible] Коршап тұрған балалалар:

Ойбой, Әлконы жықты! Шығар Ниязды, өзгемізді шыдатпас [illegible] келімсек. – деп шу етіп, әлдекімді іздей бастады.

[illegible]тегендері осы Нияз екен. Дөңгелек бетті, торсык шеке кара торы [illegible]дерін күлімдетіп, алдымен кол кусырып амандасып алды. Бір [illegible]ге ак жаркын сыпайы балаға ұксайды. Күреске амалсыздан, көп [illegible] шүйлеген соң ғана шыккан сиякты. Белдесуге осал емес екен. [illegible] де бар, әдіс-айлаға да жетік. Алайда Сәтоктің катал [illegible] мектебінен» өткен Сегізге төтеп бере алмады. Бір талай тірескен соң, [illegible] тізе бүгіп жеңілгенін мойындаған. Жеңілсе де көңіліне еш дык [illegible] жок. Кекір мінез Әлкен бір ай бойы коңырайып жүрсе, аккөңіл Нияз сол күні-ак табыскан.

Сен көшебе екенсің ғой, мен мәдияр кереймін. Бауырым болып [illegible]ктың, құрдастығымыз және бар. – деп жайраңдай тіл катып, арка-[illegible]арка араласты да кетті.

Аралары үш-ак ай, бір жыл туған төл екен. Бір ерекшелігі, құрдас [illegible]са да салғаннан-ак Сегізді көсем тұтты. Бұл да ән-жырға құмар, [illegible] десе, домбыра десе ішкен асын ұмытуға бар. Әкесі Бекдәулет

пәлендей қотты кісі емес, - молда болармысың- деген үмітпен Ниязды медіресеге жібереді. Жазу-сызу жағына алғыр бала оқуды оңай меңгеріп, медіресенің маңдай алды шәкірттерінің бірі атанған.

Сегіз де дәріс атаулыны ілез қағып алды. Мұсылманша оқудың еш қиыншылығы бола қойған жоқ. Сарф пен нахуды, дуруссо-ашшифихияны ауылда Мөңке молдадан-ақ ұққан еді. Қалаға бір қатынаған Жанат:

- Мұсылманшаны бір кісідей-ақ меңгеріп келеді екенсің. Құраннан мағына айырған соң, арғы жағы пәлендей қиын емес. – деп Сегізге сынай қарап, - бақсам, сен ұлға бұндай оқу тым жеңіл болып бара жатыр. Сен жүгірмекті былай тайраңдатып қоймайын мен. Ертең-ақ анау Прохоровтың үшколына апармасам болмас. Зинһар шаһарда жүрген соң игілігін көре бер. Күн ұзақ домбыра тыңқылдатып аһаһаулап жүрмей, орысша тіл мен жазуды меңгер. Бала тілі икемшіл келеді, тілің сына берсін. – деп ұйғарған болатын.

Прохоров Сегізді құшақ жая қарсы алды. – Қазақ атаулы орысша оқудан ат-тонын ала қашады. Шоқынып кетеді деп ойлай ма екен, бәтшағарлар. – деп езу тартты да, - осы күні приходская школада оқып жүрген бір-ақ қазақ бар, оның өзі жоқ-жітіктің баласы. Ел іші құрбандыққа шығарған құнсыз-пұлсыз біреу мәнзелдес. Сондық, әлді атаның ұлы, Баһрам тамырымның ізбасарын сөзсіз қабылдаймыз мектебімізге. – деп, сөз аяғын нық тұжырған.

Онымен қоймай Сегіздің өтінішімен Ниязды да оқуға алды. Құрдасын үгіттеген Сегіз еді. – Жалғыз жүремін бе кіл орыстың арасында? Не көрсек те бірге көрелік, төс қағысқан дос емеспісің. - деуі мұң еді, құрдасы сөзге келместен келісе кеткен. Сегіз айтқандай – төс қағысып- серттеспесе де, екеуі үнсіз ұғысып бауыр тартып кеткен. Қайда жүрсе де жұптары жазылған емес. Жарты күн көрмесе бір-бірін іздейді де жүреді. Орысша оқуға құлықты болмаса да, досының көңілін қимай Нияз да еріп барған Прохоровтың мектебіне.

Жанат – жасөспірімнің тілі икемшіл, зердесі алғыр келеді – дегенімен, жат тіл оңай алдырмады. Кей әріптері қазақ тілінде мүлде жоқ екен. Мысалы «ф» деген дыбысқа тілдері келмей «п» дей береді. – Фонарь - деген сөзді -панар- дегенде, үйдегі Пақыш ішек-сілесі қата күледі-ай келіп. Айтпақшы сол Пақыштың көмегі көп болды орысшаны меңгеру талпыныстарында. Қазақша, татарша, орысшаны қойыртпақтай сөйлесе де орысшаға жетік бұл бала. Сегіз бен Ниязды да баулыған сол. Әсіресе орысша жазуды үйрену қиынға соқты. Бұны -теріс жазу - деп тегін айтпаса керекті қазақ. Терісінен жазуы өз алдына, емлесі мен әріптері мүлде бөлек. Арабшаға төселген бастары қара терге түссін келіп. Бірақ, ұра берсе шайтан да өледі демекші, орыс балаларына күлкі болып жүрсе де, әупірімдеп меңгерді-ау тілді

[illegible]уды да. Нияз емлені әлі күнге егжей-тегжейіне дейін меңгере [illegible]ймаса. Сегіз кате жібермейді. Сөз саптасын да Иван ағай мақтап [illegible]ір. Ол кісі кос құрдаска:

[illegible]ді меңгерем десең, кітапка үңіле бер. Түсінбеген тұстарын [illegible]мен сұрарсың. Бір дәптерді сөздік кылып, ұкпаған сөздерді [illegible] беріңдер.- деп, кеңес берген болатын.

[illegible]лік киссаларды жырлап дағдыланған ұлдарға сөз жаттау киын [illegible]па. Тек ынта болсын, алынбайтын камал жок кой. Оку деген [illegible]мен казатын құдык іспеттес болғанымен, соныпан түссе икемге [illegible] екен. Кітап та окып, калың дәптерге сөздік те жазып, ал келіп [illegible]ансын. Кітапты кызығып окыганы соншалык, Пакыштың өзі [illegible]:

[illegible]й, ауылдың балпаяк казағы! Сен тіпті мен естімеген сөздерді [illegible]алыпсың ғой. Қайдан үйрене койдың? Иван Михайлович [illegible]тен ұктырған болар, сен сарамаска. – деп басын шайкай берген.

[illegible]ді меңгерген соң орыс балаларымен достаса да бастаған Нияз [illegible]Ойтпесе бастапкыда кағажу да көріп жүрді. Арпа ішіндегі [illegible] бидайға ұксаған соң киындыксыз болған ба. Алгаш келгенде- [illegible] екеуін мектеп ауласының бір бұрышына алып шығып, ал кеп [illegible]сіп бөтен тілділер. Бұлар орысша дым сызбайды, әлгілер [illegible]ға мүлде шоркак. Араларында тілмаш міндетін аткарған [illegible] деген бала. Бұл осы мектепте окып жүрген жалғыз казак. [illegible] ұлы болған соң ба, әлде орыс ішінде жалкы жүрген соң ба, [illegible] мейілінше жасык. Бітімі де әлжуаз, бәкене бойлы, бетінен [illegible] шыккан шикіл сары біреу. Сол Өркен жаутаңдай карап:

Мына орыстар сендерді сынамак. Жаңадан келген балалармен [illegible]есетін дәстүрлері бар. Өзінің орысы келсе де сөйтеді. Күресті [illegible]ді бұлар. Өктейтіндері жұдырык. Біреуің сайланып шығыңдар. [illegible] болмас. Айып етпеңдер, менде еш жазык жок, бауырлар. – деп [illegible]рманға аз-ак калганы.

[illegible]гіз әлжуаз баланы аяп кетіп: - Өркен-ау, еш уайымдама. Саған [illegible] жок. Мен бармын төбелесіне де күресіне де. Айт аналарға – [illegible]шыға беруді білсін тек. Сен еш алаңдама. – деп жұбаткан.

[illegible] сөзді күлағы шалған Нияз, құрдасын шынтағынан ұстай ала: - [illegible] менікі емес пе? Тұрыстык бере алмасам шығарсың. [illegible]ыкпен жіберер түрі жок мыналардың. – деп еді, бұл ұсынысына [illegible] коймайды Сегіз.

Екі-үш ай үлкендігім бар емес пе? Демек, бір жөргекті бұрын [illegible]лған шығармын. Аға болған соң кезек менікі де. – деген сөзбен [illegible] шыға берген.

Шығуы мұң екен, шабдар шаш, шегір көз бір орыс жұдырығын [illegible] ұмтылды. Қазактың әндемдісін көрмей өскен неме, карсылыкка

кез болам-ау деп мүлде каперіне де алмаса керек. Апыраңдай өжелене төнді. Қаладағы бірен-саран қазақ балаларына өктемдігін жүргізіп, жаман әдет алған қарқынымен жапырып тастаймын деп ойлаған болар. Бірақ бұл сапар дағдылы ожарлығы іске аса қойған жоқ. Сілтеген жұдырығын маса шаққан құрлы көрмеген Сегіз, қарсыласын жамбасқа салып жерге алып ұрды. Төбесімен жер сүзе құлаған шабдар бала қиралаңдай әрең тұрып, екінші қайтара беттей алмады. Өзгелері бұл жеңілісін намыс көрсе керек, өз ара күңкілдесіп алды да күтпеген жерден бар тобымен лап бере жабылды да кетті.

Оңтайға келген екеу-үшеуін лақтырып-лақтырып жіберді Сегіз. Бір-екеуін жұдырықпен тұмсыққа тапсырды. Ғұмыры жұдырық сілтеп төбелеспесе де, пергені оңай тиген жоқ. Тұмсықтарынан қан бұрқ еткен әлгі екеуі ығысып кетті. Әйтсе де көптің аты көп, ұмар-жұмар алысқан қалпы жерге құлады ақыры. Біреуін бүктей жығып, үстіне жатып алған қалпы ал кеп төмпештесін. Ту сыртынан бұған да жұдырық пен қалың тепкі жауып жатыр. Бір қызығы, ет қызуымен теперішті еш елер емес, кеуілде қорқыныш та жоқ. Ішінен: - Жастығымды алып өлейін бәлем! Мына астымда жатқанды босатпаспын, қаншаң жабылсаң да. – деген оймен тістеніп қасарысып алды.

Қанша арпалысқанын аңғарған да жоқ, бір уақытта айғайлап соққы жаудырған топ тым-тырақай қашсын кеп. – Бұ есіріктерге не болып қалды? – деп аң-таң қалпы жан-жағына көз жіберсе, Нияз тырқыратып қуып барады екен. Қолында бір сойылсымақ, - Ошыбай!- лап ұран тастап, қаруын өлермендене сілтейді. Екпініне шыдай алмаған бұзықтар, құйрықтарын қысқан бұралқы күшіктердей-ақ табан жалтыратты.

Өркен де жүгіріп келіп, Сегіздің қан баттасқан бетін сүрткілеуде. – Әй, ерледіңдер не қылса да! Айызым бір қанды. Әбден басынып алып еді өңшең кәззап! – деп екі езуін жия алмай жүр.

- Оу, мына қаданы қайдан таптың? Ошыбайлағаның қай сасқаның. Көмекке келер ел бар ма еді маңайда. – деп әзіл іліп Низаға тіл қатып еді, ентігін әрең басқан досы:

- Көзіме ілінгенді ала салып ұмтылған түрім ғой. Ана кәпірлер сені тапап тастай ма деп зәрем кеткені. – деп жәйды ұқтырған.

Не керек, сол бір күні қалың топтан ықпай, табан тіреп тұрыстық берді екеуі. Қанын торсыққа құйып алғандай түрлерінен қаймықты ма, енді қайтып бұларға ешкім бата алмады да. Қандастарын паналаған Өркеннің де көңілі бірленген.

- Топ қарғаға бір кесек – деген рас екен-ау, шіркін! Қалың кәпірдің әкесін таныттыңдар ғой, екеуден екеу жүріп. – деп біразға дейін ұмыта алмай, таңдай қағып тамсана беретін.

Тілді меңгере келе орыс балаларымен де ұғысты. Бұлардың мінездері де әралуан. Тобымен жүрсе көбінесе астамсып, өздерінше қазақты –

[illegible]- деп менсіне қоймайды. Ал енді сокалап сөйлессең, кәдуілгідей [illegible] мінездес. Ішінде мейірбан аккөңілі де, бүкпе сақтайтын [illegible] бар. Кей біреулері іш тартып ауыл өмірін, қазақтың салт-[illegible] кызыға сұрайды. Үйін көрсетіп мейман қылғандары да [illegible]. Алайда, ұшқалақтанып кез келгеннің үйіне бас сұға [illegible] Сегіз. Жабысып, қоярда қоймай шақырса ғана барып жүр. [illegible] Нияздың пәтеріне де аса сирек бас сұғып жүр. Бұл жөнде [illegible]дың ескерткені бартын. Бір қатынағанда екеу ара қалып:

– Бұл ауыл арасы емес, себепсіз қыдыра берме. Қаланың [illegible] не күй болушы еді. Қай бір ас та төк тірлігі бар дейсің. [illegible] есептеулі қашанда. Нияз түскен үйдің де азбеніші [illegible] білем. Сондық ол балаға барғыштай бермей қайта өз [illegible] шақыр. Ішіп-жемге тарыкпасын. Мен кісі танысам, сол [illegible] жолдастыкка татырлық бала. Көр де тұр, өзіне ғұмырлық [illegible] түбінде. – деп кеңес айтқан.

[illegible]ендердің айтканынан шыкпайтын Сегіз бұл ақылды да есте [illegible] жүр. Өзіне салса біреудің үйіне барғыштауға құлықты да емес. [illegible] калт етсе, айналдыратыны домбыра мен ән-жыр. Оңаша қалса-[illegible] [illegible]ін кітап. Нияз келсе, соның термелеткенін тыңдауға әуес. [illegible] казіргідей.

[illegible]ық та биік лебізбен киссаны саулатып отырған Ниязға назар [illegible] Сегіз ойға шомады. Талай рет естіген жыр-ау, әйтсе де [illegible] сайын ойға қалдыратынын кайтерсің. Бала кезінде жаттап [illegible] мағынасына соншалық мән бере коймапты. Сырына үңіле [illegible] керек. Есейе келе сонау бір бұлдыр заманның окиғасы ойға [illegible] сала бергені.

Бұ Қарадөң де мен сияқты тұлдыр жетім қалған екен-ау. Тұрмыс [illegible] салыстырса, менен әлдеқайда нашар. Оған қарағанда менің [illegible] кұбылам түгел қайта. Қара орман ағайынның түрі анау, еш [illegible]іреткен емес. Әншейін ағайын емес, шеттерінен ауқатты, мені [illegible] шама-шарқысы еркін жетіп тұр. Қарадөң болса аш-жалаңаш [illegible], ноғайлының бала-шағасынан жәбір-жапа көреді. Демек өз [illegible]тары менсінбеген.

[illegible]ңда да тірі жан, үміт үзбей жаратқаннан жәрдем сұрапты. Оны [illegible]ған ел көсемі хан да данышпан кісі емей немене. Өз кіндігінен [illegible] ұлы Бердіханды таққа отырғызбай, қаңғырып келген жетімек [illegible] Қарадөңді ел тізгініне ие кылыпты. Міне мәрттік! Қара бастың [illegible] ия өз әулетінің мүддесі емес, ел болашағын ойлапты кемеңгер [illegible]. Ноғайлының бар хандары осы сара бағытпен жүрсе, бәлкім [illegible] мемлекет ыдырамас па еді, қайтер еді.

Қарадөң бала өкіл әкенің үмітін ақтап үдесінен шыға біліпті. Жау [illegible] сока басы шығып жан аяспай шайкасқан. Сонда жасы не бары [illegible] ғана болған екен. Сол рас па өзі? Он бестегі жеткіншек жуан

сіңір сака сарбаздармен соғыса алар ма. Әлде жырды шығарған ақынның әсірелеуі ме екен. Қайткен күнде де осал кісі болмағаны анық Қарадөннің. Ал мен ше? Менен шыға ма сондай ерен кимыл. Алла жазса алдағы жазда он беске толмақпын. Қарадөн сиякты жау бөгемек түгілі, садақты да жөндеп тарта алмаймын. Нәупіл айтпақшы, сарбаз атану үшін күнде жаттығу кажет.

- Күніне кем қойғанда бірер сағат кару ұстап шұғылданбасаң, карайып каласың. – деп Нәупіл үнемі ескертіп те жүр. Менің тірлігім болса мынау. Кітапка шұкшиюмен домбыра тыңкылдату. Жігіт атанғым келсе, кару асынбай болмас. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заман орнағанша әлі кайда. Өзгені қойып білім ордасы деп атанған медіресе мен орыс мектебіндегі балалар таныстықты шекісуден бастаған түрлері анау. Білім куған ортаның кылығы әлгіндей болса, жабайы кауымға не жорык десенші.

Ойдан ой жетелеп, тосыннан туған сауалдарға жауап іздеген Сегізді окыс ашылған сырткы есіктің сыкыры елең еткізді. Нияз да жырды күрт үзіп, есік жакка еңсе бұрып жалт карай калды. Аяз лебін жылы үйге ала кірген Фахруддін екен. Иінінде кима ішік, басында жінішке жұрын сұппа бөрік, пимасының карын каға-маға дабырлап сөйлей кірді.

- Оу, казаклар, бұ не отырыс? Күн ұзак әндете беретін әдеттерің-ай осы! Бір уак сырттағы өмірге ден коймаймысың, өне бойы ahahayға баса бермей. - деп дабырлай сөйлеп, шешініп жатыр.

Сөзі ілгешекті болса да жүзі жарқын. Үнемі күлімдеп жүретін аккөңіл бала еді бұл Пакыш. Нағашы жұртына тартса керек, бүйрек бетті келген өңі кошкыл кара. Бұнысын өзі әзіл де кылады. Аккұба кейіпті Сегізге күлімдей карап:

- Осы сені казактың кара баласы деуге ауызым бармайды-ак, илансаң. Қаралыкты салыстырсак менің касымда жіп есе алармысын. Сонда татарға карағанда казактың шикіл сары болғаны ма? – деп өзінше сөзбен шалуайттар еді.

- Әй, естектің жиені, амандаспай жатып тәлімсігенің не? Алдымен көкелеріне сәлем беріп шыкпаймысың. Сені көргенді жердің баласы деген дәмем кайда. – кос ішекті алаканымен баса койған Нияз, Пакышка шүйіле кетіп сөз есесін жібермей бағуда. Бойы кішірек, бітімі шағын ғана құрдасымен батыра әзілдесетін. Өктем сөзді ауырлайтын Пакыш жок, асыкпай кимылдайтын әдетімен пимасының карын кағып, бешпетшең калпы төрге беттеді.

- Ия, сыртта не жаңалык бар? Қызылжар көшіп кеткен жок шығар әйтеуір. – жамбастап жаткан Сегіз серпіле көтеріліп, малдас құра отырды.

Саликалы кісіше кол кусырып есендескен Пакыш жүресінен отыра калып: - Рапаил бір керемет ат әкелді жаңа ғана. Ахметкали ағайдыкі.

[illegible] бір дөй. Таза канды ырсактың өзі. Шоктығына қол [illegible], анау-мынау түйеңмен бой теңестіруге де жарап калар. – деп [illegible] ушқын шаша, білгенін дәттеп берді.

[illegible] кесе казак баласы бей-жай қалған ба? –Ырсак- деп желгіш [illegible] айтады кала халқы. Бұларды әдетте салт мінбей, шана мен [illegible] жегеді. Тұрпаттары ірі, соқталы келеді. Шанаға жегіп [illegible] ырганын да талай тамашалаған осы отырған үшеуі. [illegible]расын коя салған Нияз қызыға кетіп:

Ахметкалиің кім еді? Ырсакті кайдан әкелмек? Таза кандысы [illegible] Тұкымы кандай, арғымак па, тумыш па? – деп, сұрақтарды [illegible]ырып кеп жіберді.

Пакыш жауап беруге асыға коймады. Төс калтасынан мүйіз тарак [illegible], коңырқай түсті кира кекілін тарағыштап отыр. Бұнысы [illegible]ны емес, кашаңғы дағдысы. Жүріс-тұрысы сыпайы, үсті-[illegible] күтіп ұстайтын тәпі мінез болатын. Жалғыз ұл болған соң ба. [illegible]аса үйір. Сегіздің досы деп Ниязбен де тату. Сегіздің сабырлы [illegible], алғыр зейінін сыйласа, Нияздың баз-баздағы тіктеу әзілін [illegible] жан емес. Бұл екеуіне бауыр басқаны соншалық, Сегіз [illegible] кешіксе ас ішпестен отырып алады.

Үй, немене ұзак күнге таранып баптанғаның? Шөпжелке [illegible]рмысың бір. Сынайтын біз емес, таранбай-ак айта бер [illegible]ыңды. – деп және қыжыртты Нияз.

Осы сенің ұшқалактығың-ай. Жігіт деген сабырлы болса керекті. – [illegible] калбырына салып калтасына тыккан Пакыш, Ниязға кулана [illegible]йды. – Ахметкалиді сұрадың ба? Ол кісі бізге жамағайын [illegible]. Ірі саудагер, әкеймен әрі жарналас әрі істес. Омбы жактан келе [illegible] үйі де сол шаһарда. Біздікіне бір конып Ірбітке сапар шекпек. [illegible] қызы бар білем. Мүкәрама деген қызалак. Жасы бізбен құрбы, [illegible] мәстіреген сұлу. Алдыңғы жылы бір көргенім бар. – деп кеңесін [illegible] келе жатыр еді, - Нияздың дегбірі кашып киіп кетті:

Қайдағы-жайдағыны шарлап кетті-ау мына естектің жиені. Қыздың [illegible] сұраған жан бар ма еді әуелім? Әлгі ырсакты айтсаңшы, саппас-[illegible] Не қылған қылқұйрык өзі? Тіпті лагып барасың ғой әйтпесе. Атамда [illegible], атымда мәстек жок еді демекші, мына естектен көрдім-ау [illegible]! – осы сөзбен санын бір соғып, жорта кейіген болды.

Мына әзілін оғашырак деп тапса керек, бұл сапар Сегіз басалқы [illegible] - Тегін қазып қайтесің, естек те бауыр ел. Тілінде айырмасы [illegible]ан. Сөзін тосайық та, білгенін дәттемей кайда барар дейсің. – деп Пакышка назарын кадай берді. - Құлағым сенде, айта бер. – дегендей-ак.

Аттың жөнін сұрасаң – Орлов ырсағы. Туу Ресей жерінде граф [illegible] деген аксүйек бар көрінеді. Жылкы зауытын ұстап, кіл желісті [illegible]ды өсіреді. Бұл тұкымның арғымактары әрі мүсінді әрі жүрдек.

Петербор мен Мәскеудің әлділері осы тұқымды аттарды ғана жегеді екен шанасына. Пұлы өрескел деп естігем. Ахметкалидің мына сатып алған ырсағының құны казактың карабайырының он-он бесіне татыса керек. Өзі арынды ат деседі Рапаил. Жөпшеңді кісіні маңайлатпайды да. Пәуескеге жегу үшін екі-үш дыңдай еркек керек. Ал енді бір жеккізсе, күн ұзақ желуге бар. Төрт кісілік фаэтон күймені бұйым құрлы көрмей жорта береді екен жануарың. – деп. Пакыш тілі жеткенше аттың мактауын асырды.

Ілез тұтанғыш Нияздың кызығып кеткені соншалық, атып тұрып: - Ендеше біздікі не отырыс? Кеттік көрейік ырсакты. Бұ не кылған керемет екен. Ертегідегі суын тұлпар болар ма жобасы. – деген сөзбен апыл-құпыл киіне бастады.

Досының кызбалығына езу тарткан Сегіз: - Несіне әбігерлендің, ұшкалағым-ау. Жылкы көрмеп пе едің? Тырнадай серейген бойы болмаса, о да күйма тұяк жануардың бірі ғана. – деп елпілдей коймал еді, бірак жалма-жан киініп үлгірген Нияз ерікке коймай:

- Жоға, тіпті намыска тиді ғой Пакыштың сөзі. Қазакы жылкыны сонша корлап тастағаны шымбайға батты-ау әуелім. Жүр сынал көрелік. Міне тымағың. – деп, Сегіздің мауыты тыс ак бұйра тымағын ұсына берді.

Құрдастың көңілін кимаған Сегіз керенау көтеріліп, адалбакандағы има шекпенге колын соза берді. Атты көруге еш заукы жокты. Ырсак түгілі ертегідегі дүлдүл болса да елендей коймас еді. Қанша аткұмар болса да, ат сынауға бола кітап окып жыр тыңдайтын, ән шыркайтын уакытын кия коймайтын.

Ат емес, Пакыштың сөзінде елең еткізгені Мүкәраманың есімі. Түнеу күні және бір құлак кағыс кылғаны бар еді. – Омбыдан бір құрбымыз жол-жөнекей осы үйге сокпак. Хатка жүйрік білімді кыз. Әкесі әдейі арнап бір окымысты молда ұстайтын көрінеді. Содан дәріс алғанның әсері болар, тауарихка жетік әлгі бала. Өзі әнге де әуес. Сызылтып шыркағанда құлак құрышың канады. – деп, ауызының суы құрып мактасын келіп. Енді міне сол сырттан таныс құрбылары осы үйге аттың басын тіремек. Қазағы болсын, татары болсын, кыз баланы окытып шығындана коймайды әдетте. - Кететін кызды керіп кал. Ошаккка тас болған кыз жок. – сиякты ұғымды ұстанатын ел, әйел баланы аз күндік конак көреді кашаннан. Жат жұрттык болған соң, мал мен күрешін ысырап кылсын ба.

- Бұл кызалак әкесінің әлпеші болар. Өйтпесе молда жалдай ма. Өзі өнерпаз, өзі зиялы, өзі келімді, бұ не кылған бала болды екен. Шаһарда өсіп-өнген шөпжелкенің мінез-кұлкы кандай болмак? - деп мазалай бастаған сауалдардан арыла алмай, байпакты етікке аяғын сұға берді.

2

[illegible] Орлов арғымағын тамашалауға Мүптә-екеңнің өзі бас [illegible] үй ішінің тайлы-таяғы калмай төрт көзі түгел шықты. Күн [illegible] аяз, тымық ауа шыныдай мөлдір. Мезгіл ұлы сәске. Кең [illegible] карын күреп болып, сонау қораның ығында күректеріне [illegible] екі малай жігіт тұр. Түлкі ішікті, жұрын бөрікті отағасы биік [illegible] ірықтан айналаға көз салуда. Қалада тұрса да ауылды жердің [illegible] бұл кісі. Әсіресе кыстың көзі кырауда жал-жаяны жегіш- [illegible] ғана сере шыккан казыны уыстап тұрып карбытып, құрт [illegible] сорпаның бірер аяғын жөремелдете сіміріп алған болатын. [illegible] ламның әсерімен аязды елемей, ендігісі кызара бөртіп тұрған [illegible]

[illegible] жағында капталдаса тұрған Күләнда бәйбішенің де семіз беті [illegible] жайнауда. Сары майды ак токашка жағып, кілегей каткан кою [illegible] терлеп-тепшіп кана ішкен бәйбішенің өңінде не ғып кан [illegible]ын. Көңілі жай, құрсағы ток кісіге кызык керек. Сол кызыкты [illegible] шыккан беті осы еді ак борык бәйбішенің.

[illegible] екеуінен төменірек сатыда Зибагүл де тұр. Қараторы, бүйрек [illegible] кызарғаны біліне коймайды. Ак түбіт бөкебайы каламкас, [illegible] мұрын сүдініне жараса калған. Беттеріндегі болмашы сепкіл [illegible] пұксан келтірмей, керісінше сүрепетін жасарта түскен [illegible] Іребдел де сұңгак бойына етегі шұбатылған тамак ішік [illegible] тұр.

[illegible] асыға еріп атты кызыктауға шыкканымен, бұның көзі [illegible] жүрген өз ұлы Пакышта. Бір құшак отын әкеле жаткан [illegible] де токтап, ауызын ашып аңыра көз сүзуде. Халайыктың [illegible] Рапаил мен жетегіндегі мұздай каракөк арғымакта. Омырауы [illegible], салкы төс, сауырлы, кабырғалы арғымак шынында да [illegible] жылкы екен. Каз мойыны доғадай иіліп, кос танауынан буы [illegible] аршындап басады. Тізгіні мен шаужайынан ұстап келе [illegible] Рапаил:

[illegible]-тік, жануар, сабыр, сабыр! – деп, сокталы атты әрең тежеп [illegible]

[illegible] үйдің аттарын күтіп, көшір міндетін атқаратын Рапаилдің [illegible] сезердей. Әйтсе де шоктығы өргек, жон аркасына кісі [illegible] ірі аттың касында жеткіншек баладай көрініп калбалак [illegible] келеді. Құс коранын ығында ұлпа карға бауырын төсеп жаткан [illegible] кацкылдап, үйректер баркылдап, байлаулы иттер шәуілдеп, [illegible] казан-казан болды да калды. Ауланы айнала ойкастап жүрген [illegible] болек, арынды каракөк арғымак, бар жан-жануарға тансык [illegible] сиякты. Мүптә-екең шокша сакалындағы кырауды кағып [illegible]

- Пай-пай шіркін, міне жылқы деп осындайды айтады да! Мың сөлкебайдан кем түспес бағасы. Мына екпінімен кәшәуа шананы бұйым көрер ме екен! – деп, алшаң басқан атты көзімен ұзата берді.

- Ахметқали мырзаға лайық күлік-ау не қылса да. Ірбіт шапқан көпес болмаса, былайғы жұртқа бұндай саңлаққа қол жеткізу қайда-а! – тонын қымтана түскен бәйбіше тамсанып басын шайқай берді.

Зибагүл ғана сөз қосқан жоқ. Бәйбішенің көзінше тіл қата қоймаушы еді. Күндестігін қоздырмайын деген айласы ма, әйтеуір Күләнда тұрғанда сөзге сараң. Қайта бұл әулетке әбден сіңісті болған Мәшкен еркін бұндайда. Жапырып жұмысын да істеп береді, қажет жерде өз пікірін де айтып салғыш. Кейде тіпті бәйбішеге сын тағып та қояды. Бәйбіше болса, бұндай еркіндігін көтеруге мәжбүр. Себебі, тілге ерік берсе де зілі жоқ сынының. Сөйткен Мәшкен қазір де ернін сылп еткізіп:

- Қазақтың аттары мынаның қасында жарбиған жапалақ қой әншейін. Кіл сұлымен күтіп баптаған тұқым болар. Әйтсе де қазаққа қол емес. Мына серейген бойымен жабайы жылқыдай тепсеңде жүре алмас. Қорада күтіп ұстап салтанатқа ғана жегетін мал-ау. – деп екі ұштылау пікір айтты.

Қаракөктің мақтауын асырғанымен, мінін де байқамай қалған жоқ малдың сырынан хабардар күтуші әйел. Сегіз, Нияз, Пақыш үшеуі қонақ үйдің табалдырығында қарап тұрған еді. Нияз үйден шыға бере алты өрме тобылғы сап қамшысын етігінің қонышына сұға салған. Өз пәтеріне әдетте кешқұрым қайтушы еді. Кейде осы үйдің суын таситын шанамен жетсе, кейде жаяулап тарта береді. Пәтері қаланың арғы шетінде. Ымырт түсе қала тұрғындары байлаулы иттерін қоя беретіні мәлім. Ондайда осы қамшысы таптырмайтын құрал. Өзегіне қорғасын жүгірткен бұзау тіс алты өрім тигенде тіліп түсіп, удай ашытады. Он сегіз таспа дойыр қасқыр соғуға лайық болса, қабаған итті жасқауға алты өрме нағыз қару. Сондық, тобылғы саптыны бүлдіргесінен іліп жүруді машық қылған Нияз, үйден аттасаақ құралын ала шығады.

Сегіз де мүсіні суреттей арғымаққа көз көміп, білем-білем қара еттеріне сүйсініп тұрған. Әйтсе де қызыға қойған жоқ. Жылқылы елдің баласы, құйма тұяқтың сырын қайтып білмесін. Шақшақ атасына қарасты қалың жылқыда не бір тұқымның айғырлары болатын. Бұл жөнінде жылқы баққан Іңкан мен Сергазылардың пікірін талай есіткен.

- Қыс тебінге жабыдан асқан мал жоқ. Қазанат пен қарабайыр да ыстық-суыққа бірдей төзімді. Қасат қарды да ойып тебе береді. Орыстың арба мен шанасына жегілетін дөй ырсақтары болса, біздің жайылымға жоқ. Тырнадай бойларымен шөпке бастары да жетпейді.

Сонар, додаға да жарамсыз. Қазақтың қазанаты мен карабайыры [illegible] жылпос келеді. Қаукиған бойымен ырсақ бір бұрылғанша, [illegible]ақтың үш мәрте алдын орайды. – деп, бар жәй-жапсарды алаканға [illegible]ндай-ақ сипаттап берген.

Сол пікірдің шындығына және бір көз жеткізіп, қаракөкке сынай [illegible]рамен тұрған. – Құлақтары тас төбесіне біткен, ойынды еттері [illegible]ем-білем, жұтынып-ақ тұр екен жануар. Оясы толық, сауыры [illegible]керген қазандай; кіл дорбадан сұлу, ақырдан пішен жеп тұрған [illegible]лар. Әйтсе де салт мінуге кол емес, жегуге ғана колайлы ат [illegible]ты. Бас асаулығы бар ма, калай өзі. Үркек болса шанаға қайтып [illegible]ек бұны әлгі иесі. – деген оймен тұрғанда, бұлардың тұсынан өте [illegible]ген Рапаил ыржия карап:

Немене, әй кара домалақтар? Қызғанып тұрмысың? Бұл [illegible]лақтың мес карын жабысы емес, біле білсең. Қарабайырың да [illegible]ның касында есектей көрінер. Ірбіт шапкан көпестің ғана колы [illegible]тер бұ ырсакка. Жалба тымак казактың түсіне кірер ме екен мұндай [illegible]ік! – деген сөзбен нашалана, карк-карк күліп жіберді.

Өзінше табалаған сиқы. Қара басына ғұмыры тышкак лак бітпесе [illegible]саударгерлердің малын күткеніне мардамситін мінезі бар еді. Бар [illegible]ның малайы дегенді өзінше дәреже көріп, баз-базда көңіліне жел [illegible]тін. Аукатты мырза бұған сеніп атын тапсырғанына дандайсып, [illegible]ғідей өркештеніп те калған.

Тауык кораның ығында осы үйдің жеңіл кәшәуа шанасы тұрған. [illegible] дертесін көтере аркалығына байлап, жегуге ынғайлап қойған Рапаилдің өзі. Көшір отыратын орны биік те кең, көк сырмен боялған [illegible]ақтауы мен аркалығы иіле біткен келісті шана. Сол шананың [illegible]інде бір топ мекиендерін бастап, осы үйдің кара ала коразы [illegible]ған. Мекиендері астаудағы жемді шокыса, кызыл айдарлы, [illegible]ұрлык кауырсыны доғадай иілген лактай ірі әтеш көзін алайтып [illegible]ымакка карап тұр.

Бұл құстың мінезі тентек еді. Мекиендерін қызғанып ата казбен [illegible] үйректің кежегімен де, тіпті иттермен де кактығыса беретін. [illegible]ресе өзге әтеш атаулыға өш. Бұл мінезін білетін Пакыш, кейде [illegible]ысырынып келіп кораз болып шакыратын. Ондайда кара ала кораз [illegible]не шабудан да тайынбайды. Қушыкеш Пакыш Рапаил тауықтарға [illegible]ақыпдағанда тасадан аңдып тұрып, әдейі кыт-кыттап шакыратыны [illegible]р. Қайта-кайта кыт-кыттап, кара аланың жынын коздырады-ай [illegible]ніп. Көзі канталап, кауырсын біткені тікірейе кобыраған кораз Рапаилға шүйілгеді ондайда. Күжірейген калпы төніп келіп канатын [illegible]лап, біздей тұмсығын өршелене кадар еді. Аңырған Рапаил колын [illegible]ресңдетіп кашып құтылады ондайда. Әтешке тиюге каймығады, [illegible]сібі бәйбіше тауықтың құты деп білетін кадірлі құс. Пакыштың

қылығын сөгейін десе, Зибагүлдің ерке тотай ұлы. Сол себептен тауық қораға жақындай қоймайды Рапаил-екең. Құсты суаратын да, жем салып бағатын да Мәшкен.

Құйрық қауырсыны доғадай иілген, қоқилана жүретін қоразды Сегіз де қызықтайтын. Көшпелі ел асыранды құс ұстай қоймайды. Қаз-үйректі жаз жайлауда көреді, жұмыртқасын да бала-шаға сол мезгілде жинап әкелер еді. Орман ішінде құрды көргені бар Сегіздің. Түсі қызылды-жасылды, құйрығының қауырсыны дөңгеленіп тікірейе біткен өте көрікті құс екен. Мекиендерді айналсоқтап құр-құрлағаны өзіндік бір күй сияқты. Қарағайлы, қайыңды орманның күйі. Қиссалардан тоты құс жөнінде талай оқыған Сегіз ішінен: – Тоты деген осындай-ақ болар. Неткен көркем! Мына ну жыныстың сәні дерсің. – деген оймен сағаттап тамашалаушы еді.

Мына қара ала қоразды көргенде, сол құрлар еске де түскен. – Бір заманда үй тауығы да жабайы қалпында орман ішінде жүрген болар. Мына әтештің ірілігі құрға жете қабыл екен. – деп те түйген.

Енді міне сол қара ала қораз аяқ астынан бір сойқан бастады да жіберді. Бастамас та еді, Пақыштың қулығы болмаса. Арғымақты жетектеген Рапаил тауық қораға жанаса бергенде, тыныш қана тұрған ерке ұл тауық боп қыт-қыттап, дауысын қаттырақ шығара қораз боп шақырып жібергені.

Онсыз да қаракөк пен Рапаилдің жүрісіне жақтырмай қоқилана қарап тұрған қораз, шала бүлінді де қалды. Бұл да бар өңешіне сала мойын соза шақырып, қанатын қағып-қағып жіберді де, ұша көтеріліп келіп кенет Рапаилдің дәл төбесіне қонжиды. Қонжиғанымен қоймай қанатын жалпылдата Рапаилді бастан сабалап, бақыра шақыра берді. Бұл у-шуға мекиендердің үрейленген қыт-қыты қосылып, аула ішін азан-казан қылды да жіберді. Бұл түк емес-ау, қаракөк арғымақ аяқ астынан туламаса. Өзі тәк-тәкпен зорға келе жатқан үркек жануар, арқырай кісінеп жіберіп ал кеп қосаяқтап тік көтеріле шапшысын. Тізгін-шылбырды босатпайын деп тарта берген Рапаил омырауының астында қалып, бірер сәт бөгеліп еді, алдыңғы аяқтарын ербеңдете тарпып жіберген айғырдың тұяғы дәл желкесінен тиді де кетті.

- Ойбай көтек, өлді ғой анау сорлы! – деген бәйбішенің айғайы аязды ауада жаңғырығып, шапшыған атты одан сайын үркітті.

Оқыранып басын шұлғи тастаған қаракөк, жерге құлаған Рапаилдің үстінен аттай беріп тұра жөнелді.

- Ойбай, қиратады анау, ұстаңдар! – деп отағасы қора алдында тұрған қос малайға бұйрық бере айғай салып, табалдырықтан түспекке ыңғайланып еді, көзі атыздай болған Зибагүл:

- Бармаңыз, көкесі, құтырған ат теуіп мерт қылар! – деп, жеңіне жармаса кетті.

Ешкіндырықтан ұзайын деген абзи жоқ, қолын бұлғаңдатып қос [illegible] бақырумен тұр. Алайда, малай жігіттер ойқастап жүрген [illegible] ұмтылмақ болғанымен, жеме-жемге келгенде беттей [illegible] Жуас аттарды ғана жегіп дағдыланған қала жатақтары, [illegible] ірі асау айғырға бата алмай тайсақтай берді. Жылқы жануар [illegible] мінезді сезгіш келеді. Өзіне беттейтін жан жоғын аңғарған [illegible] ауланы айнала ойқастап, қаз-үйректі шулата жүр. Шоқ[illegible]дағы құж желке көпек арсылдап үріп еді, арғымақ сырт [illegible] беріп теуіп жібергенде, тағалы тұяғы үйшігіне тиіп опырып [illegible] Мына тепкі қата тимей бата тисе, не жаным қалмақ? – [illegible] ақ түрімен үні өшкен көпек, қыңсылап тасаға ол тығылды.

Ойбай-ау, мына бетімен қырып жіберер ырсағі түскір! Бұны [illegible] айтын жан жоқ қой тіпті. – зәресі ұшқан абзи Мәшкенге [illegible] бұрып, - жүгір тез! Шақыр анау көршінің жігіттерін. Топтанып [illegible] болмас. – деп бұйырып еді, бұнысына бәйбіше де қосылып:

Тез, Мәшкен, ұш, жүгір! Анау Рапаилді құткару керек. Таптап [illegible] мына сойқан. – деп бұл да ашшы айғайға салды.

Ештайтқызбайтын Мәшкен көзін жыпықтатып: - Ойбай-ау, қалай [illegible] анау қақпаға? Еленде жүрген жануар бассалмай ма. – деп [illegible] ол тұр.

Бір үйілі жан абыр-сабыр болып, не қыларын білмей сасқалақтап [illegible] да қалды. Осы мезет Сегіздің үні саңқ етіп, жұрттың [illegible] өзіне аудара берді.

Тұра тұр, тәте! – деп Мәшкенді бөгей берді де, Ниязға шалт [illegible] - әкелші анау қамшыңды. Мына жануардың әуселесін бір [illegible] – деп, құрдасының қонышындағы қамшыны суырып алды.

Ой, не істемексің? Тарпып жібереді анау көксоққан! – деген [illegible] ескертуіне қарамастан, қамшыны бүлдіргесінен оң қарына [illegible], атқа таман қадам басты. Жолдағыны тапап өтерліктей [illegible] асаудың түрі қанша айбарлы болса да, өзіне өзі сенімді еді [illegible] Елде жүргенде не бір асауды көрген басы жылқы баласынан [illegible] қойсын ба. Бұғалыққа бойлауық, жайын тағыдай тулайтын [illegible] қашағандар бар-ау отарда. Жүген-құрық тиместен, тарпандай [illegible] сахарада өскен шу асауларға қарағанда, мынау жүніт қора көрген, [illegible] жем жеген мал емес пе. Шоқтығына қолы бір тисе қарғып [illegible] алар еді. Мініп алса түсіріп көрсін ауыл баласын! Бар мәселе [illegible] тығына қолды жеткізу ғой. Тырнадай серейген порымымен [illegible] ұстата қояр деймісің.

Осы оймен тұра ұмтылып, қаракөкке жанаса берді. – Қайдан [illegible] немесің? – дегендей-ақ, одырая қалған арғымақ оркырай [illegible] болды. Ақсиған тісі мен танауын ала, қамшының сабымен [illegible] жіберген Сегіз, бар дауысымен ақырып кеп қалды. Батыл

қимылдап, өжет мінезбен жаскандырмақ айласы. Жылқы баласы өзінен каймықпас өттіден ығатынын қайтып білмесін. Айтқандай-ақ, бұндай әрекетті баладан әсте күтпеген айғыр бірер сәтке дағдарып қалды. Оңтайлы сәтті тоскан Сегіз шап беріп шоқтығына жабысты да, бір-ақ қарғып үстіне мініп алды.

Мұндай әбжілдікке жыны қозған қаракөк арқырай кісінеп, қосаяқтап шапшып тұрып алды. Алайда жібектей күлтелеген жалын сол қолына орап үлгірген Сегіз, айғырдың арқасына кенедей жабыскан қалпы тапжылар емес. Тапжылмақ түгілі, бауырын ала жұқа шаптан қамшымен осып-осып жіберді. Пышақтай тілген алты өрім тым ашшы тиген болса керек, шыңғырып кеп кісінеген қаракөк мөңкіп-мөңкіп алып ытырыла жөнелді. Ұзыннан созылған қойманын сыртындағы шарбақтың бір тұсы аласалау еді. Аласа дегенімен, кісі бойы. Сол кісі бойы шарбақтан бір-ақ қарғыды қаракөк.

- Ия, алла, сақтай көр! Өлді бала! - деген айкайды құлағы шалса да, абыржи қойған жоқ Сегіз. Абыржып ой тоқтатуға мұрша да жоктай. Шарбақтың арғы жағына топ ете төрт тағандап түскен арғымақ, басын кекжитіп ала жөнелді. Шабыска жоқ екен, бірақ желісінің өзі сұрапыл. Тымық күнде беттен жел соқтырды, көзден жас ыршытты. Үйден жеңіл шығып еді, жұқа бешпеттен жел өтейін деді. Әлгіндегі мөңку үстінде тымақ та түсіп қалыпты. Әйтсе де, егескен кызу арпалыс ызғырықты елетер емес. Жануар екпінін үдеткен сайын бұл да қамшыны жаудыра берді.

Көше бойлап желген арғымақ әп-сәтте қаланың сыртына да жетті. Аттанар жақта Есілдің аңғары, бұл бет жарлауыт. Қаланың желке тұсы қарағай орман, орманның алдындағы алаңқай қалың күртік. Оппа қарда ат атаулы ілез болдыратынын ескерген Сегіз, қамшымен жаскап орман жакка бұрды. Әрі семіз әрі тоқ жануар біраздан соң терге малшынайын деді. Қайта-қайта тезек тастап ішін жеңілдетсе де, бауырынан келетін касат карда еркін көсіле алмай, адымы коюлануға айналды. Тердің кермек иісі танауға ұрды, елірген ат алқына бастап жуасиін деді. Алғашқы арын жоқ, икемге көнетін сиякты.

- Ә, бәлем, солай ма! – мырс күлген Сегіз, манадан бері шұбатылып келе жатқан шылбыр-тізгінді жинап қымти ұстай алды.

- Бас білдірейін мен саған. Шакша бас ноғайдың колында әбден еркінсіп кеткенбісің, қалай өзі? Қазақ баласының такымына түспей жүрген екенсің! – деген сөзбен тізгінді бір тарта, бір жіберіп, оң-солға кезек кезек бұрып, қаракөктің басын билеп алды.

Мұндай құқайды көрмесе керек, мыштай болған жануар ак көбікке малынған қалпы желістен аяңға көшті. Осылай шерттіре бастырған қалпы қала жакка бағдар түзеді Сегіз. Буы бұркыраған аттың үсті аязды елетер емес. Күн екіндіге құлаған. Әйтсе де

[illegible] қар көз қарықтырады. Аттанар жақта ұзыннан ұзақ [illegible] орман көсіліп жатыр. Қырау басқан қарағайлар ақ сеңсең [illegible]ндай.

Ширкін, орман ішін мынау ырсақпен кезер ме еді-ау! – деген [illegible] жыныс жаққа көз тастады. Әттең киім жұқа, тер қатуы [illegible] емес; әйтпесе мынау жуасыған арғымақпен шытырманның [illegible]ріп кетер ме еді, қайтер еді. Қары қалың орман ішін шаңғымен [illegible] ұнатып жүр кейіңгі кезде. Ауылда шаңғы тебе қоймаушы еді. [illegible] Жанат баз-базда орман ішін кезіп, іс кескенде ғана шаңғысын [illegible]. Былайғы уақытта ат тұрғанда жаяу жүріп қиналсын ба.

[illegible]ға келгелі Пақышқа еліктеп шаңғы тебетін болды Сегіз. [illegible]ышқа мойыны жар бере қоймап еді, құда бала қоярда қоймай [illegible] қолқа салған соң, амалсыз көнген. Бірер мәрте пимаға [illegible] орман ішіне шыққан соң, кәдуілгідей машықтанып алды. [illegible], сіңірлі болған соң шапшаң тебеді де. Ашшы тері шығып [illegible]р қызып алған соң, адымын кең аша сілтегенде Пақыш ілесе [illegible]мейтіні.

Уа, тұра тұршы, қайда зымырап барасың ей? Аттай желесің ғой [illegible]! Едвак деген талтаңдап жаяу жүре алмаушы еді, сен болсаң [illegible]ауықтай айдап барасың ғой мүлде. – деп, сонадайдан айғайлап [illegible].

[illegible]ракокпен борт-борт желіп сол шаңғы тепкен тұстардан өте [illegible]. Бәрі танымал жерлер. Әне өзі салған қос сызық күртік үстінде [illegible] жатыр.

[illegible]шаң бастырып өз көшесіне шығып еді, сонадайда үсті жабық [illegible] күйме тұр. Жеккені пар ат. Зер салып үңілсе дәл өз қақпасының [illegible] тізгін тартқан біреу екен. Жеңіл шананың үстіндегі күйме [illegible] сәнді көрінді. Қалың тонды көшір козлодан қорбаңдай түсіп, [illegible]ің есігін ашып жатыр.

Бұл кім болды екен? Қаланың танымал пәуескелеріне [illegible]мейтін сияқты. Бұл үйге тәу келген болар. Мен жоқта аттың [illegible]ріреген ғой. – деген оймен көз тікті.

Ұзақпа ашылып үйден шыққан кісілер көрінді. Мүптә-екеңнің өзі [illegible] болып қарсы алуда. Отағасының томпалаң қаққан жүрісіне [illegible], осал кісі болмады жолаушы. Күйменің есігі ашылып [illegible]ының өзі де шықты әнекей. Төс қағысып амандасып жатыр. [illegible] бөркі, етегі шұбатылған мол ішігі бейтаныстың салмағын [illegible]ғандай.

Сегіз ақ тер-көк тер арғымаққа ыскаяқ карды сықырлата [illegible]рып тізгін тартқанда, Мүпта-екең бар денесімен бұрылып:

[illegible], сабазым, келіп қалдың ба? Мәссаған, өлетін баланың түрін! [illegible]мектетіп әкеліпсің ғой. Жынын алдырған бақсыдай жуасып

қалыпты ғой мүлдем. Әй, қазақ болмай кеткір! Нардай айғырға бір-ақ қарғып мінгеніңе болайын. Міне асау үйретімпаз! – деп, мұртынан күліп қарсы алды.

Терге малшынған қаракөктен секіріп түсіп, кол кусыра жолаушыға сәлем берген Сегізді аркасынан қағып: - Мынау біздің құда бала болады, мырза. Маркұм Баһрамның ұлы. Біздің үйде тұрып үшкелде окып жатыр. Сіздің ырсакты жүгіртіп әкелген беті еді. Өзі ән мен жырға әйдік бала. – деп таныстырды.

Ақсары толық өңді, келбетті келген мейман тыкпа сакалын кобыратыңкырап койып: - Е-е, Шакшак әулетінің ұрығымын де. Бәсе, болар-болар. Мына бас асауды тәубәсына келтіріпсің ғой, карап тұрсам. Екі жігітке әрең жеккізетін неме момакансып калған екен. Шакшак бидің зәу-заты әрі батыр әрі әнші келуші еді, негізіне тарткан екенсің. – деп бұл да езу тарта тіл катып, жылы шырай танытты.

- Ал, не тұрыс, бәйбіше кайда? Үйге кіріңіз, мырза. Ас әзір. - бәйек болған отағасы күйменің есігіне карағыштай берді. Және біреу шыға ма деп күткен сыңайы бар.

- Ол кісі кінәраттанып калып еді. Ұзак жолға шығуға каупайлады. Мүкәрама еріп келе жатыр осы сапар. Қазір шығады, жол соғып ұйқтаңкырап калған әлгінде. – деп Ахметкали жөнді ұктырып еді, айткандай-ак іле кылтың етіп бір кыз бала көрнекке шыға берді.

Талдырмаш сұңгак бойлы, көзі жәудіреген біреу екен. Екі бетінде жұкалаң кызылы бар, жүзі ұяң, өзі томпиған сүп-сүйкімді. Түбіт шәлісін түзетіп басын иіңкіреді де:

- Сәләматсыз ба, ағатай! – деп үнің сыңғыр еткізе Мүптә-екеңмен амандасты. Іле басын әнтек бұрып Сегізге жалт карай калды да, екі беті ду ете:

- Есенбісіз? – деп сыбырлап, ернін болар-болмас жыбыр еткізді.

Тәу көрген ұл баламен амандасканына ұялған түрі ме, карадай кысылғаны аңғарылмай калған жок. Бұл толкуымен еш іс-місі жок Мүптә абзи:

- Ой-бұй, балам-ау, өсіп калыпсың ғой! Кәдуілгідей бойжеткен болғалы тұр-ау мына бала. Келші маңдайыңнан бір иіскейін. – деп, әлгі кызды құшағына көме берді.

Қакпа алдына шыккан бәйбіше мен Зибагүл де амандык-саулык сұрап елпілдеп жатыр. Жүгіре шыккан Нияз бен Пакыш Сегіздің үстіне күпі жауып сұракты жаудырдай келіп:

- Құлап калған жоксың ба әйтеуір?

- Ырсак шарбактан карғыганда зәрем зәр түбіне кеткені. Ұшып кеткендей көріндің.

[illegible] катты шығар жануардың, қайтып көндікті? – деп, [illegible] [illegible]нан кос бүйірден нұқи итергіштеп, аулаға қарай еріп келе [illegible]

[illegible]нан Рапаил де шықты. Сегіз қаракөктің шылбырын ұсынып [illegible]мен қараған Рапекең:

[illegible] байлашы үркек немені. Бетім қайтты, ит мал екен, [illegible] шұқыры көрсін ендігі. – деп, колын бір-ак сілтеді.

[illegible] айкара ашылып, кос атты жетектеген көшір пәуескені [illegible]тады. Ахметкалиді алға салған бар топ шұбала созылып, [illegible] бет алған. Үлкендердің соңын ала қаракөкті жетектеп [illegible] жатыр. Нияз бен Пакыш касында. Манадан бері Сегізге [illegible] бар сөзді, мейман кызалак Мүкәраманың құлағы шалған [illegible] Себебі, әкесіне ере табалдырыкка енді көтеріле бергенде [illegible]ұрып, сонадайда еріп келе жатқан балаларға назар аударды. [illegible]тегені Сегіз екен. Өзгелерге назар токыратпай көз төңкеріп, [illegible] жүзіне кадала калды жанары. Сегіз де жалт карай калған. Кос [illegible] бір-ак сәтке ғана токайласты. Әйтсе де соның өзінде сыр [illegible]ай көңілдері. Қыздың күлім каккан көздеріндегі [illegible]шылык аңғарылмай калған жок.

Не кылған жансың өзің? Қалшадай басыңмен үркек атты [illegible]ының калай? Үлкендер мактауыңды асырып жіберді ғой тіпті. [illegible]тайтын жанбысың өзің? – деген сұрак тұнып тұрғандай есті [illegible]нда.

[illegible]ныз ғана ат үйретімпаздығына бола кызыкпаған болар, бай [illegible]ің кызы. Күн ұзак кара жұмыс істеп, бай есігінде күнелткен [illegible] жалшылар да бір кісідей-ак карулы емес пе. Сегіздің [illegible] аңғарып калған болар сұңғыла кыз. Қыруар кисса-[illegible]ларды окып жүріп жетілген баланың ой өрісі ерек келеді әрине. [illegible]рекшелігінің табы елібінде аңғарылмай коймас. – Түсі игі – деп [illegible]ді бұндайды халайык. – Түсі игіден түңілме- деген накыл да [illegible]ылмаса керекті. Адамның ниеті дұрыс, пейілі оң болса түсі [illegible] болмак. Ак пейіл кісі зұлымдыкка баспайтыны бесенеден [illegible]

[illegible] ізгіліктің ізін Сегіздің жанары мен кескінінен аңғарып калса [illegible] сезімтал кызалак. Қыз баланың түйсігі аңғарғыш келеді [illegible]. Әйтеуір не керек, сол бір сәтте токайласкан кос жанардың [illegible] бір ұшкын өте шыккандай болды. Сегіз бұған пәлендей мән [illegible] коймаса да, кыз көңілі елең ете калған. Нендей сезім туғанын өзі [illegible]ылктай алмас еді. Әйтеуір оң әсер екені мәлім. Аяз сүйген екі беті [illegible], жазык маңдай, каршыға көз құбакан ұлдың бейнесі кыз [illegible] отгай басылды. Сол әсерімен әкесінің соңын ала, жылы үйге [illegible] берді кызалак.

Сегіз болса келесі сәтте-ақ түйіскен жанарды ұмыта берді. Ой қорытуға мұрша да болған жоқ. Қаракөкті ат қораның ішіне еңгізгенде, жылы жайдың жас тезек пен жылқы терінің, көк пішеннің иісі танауға ұрды. Бірер жегін аттар оттық толы шөпті бырт-бырт шайнап тұр. Жылқыға ғана тән кермек те жағымды тер иісі танау қытықтап жайлы тиіп жатыр.

Қаракөктің басын кекжите қаңтарып, кежімдеп қойды. Әбден суыған соң ғана отқа қоймақ. Енді бұл жануарды иесі әкеткенше өзі бағатын шығар. Арпалысып жүргенде біртүрлі бауыр басып қалыпты. Ертемен суарған соң дорбамен жем беру керек. Бұл үйдің аттары қысы-жазы кіл сұлу мен арпа жеп тұрар еді. Көк шөп пен жем ауыздарынан арылмаған соң, жондары бит тайғанағандай жыпжылтыр.

Үйіне кетейін деп тұрған Нияз шынтағынан ұстай алып, өзіне назар аудартты: - Сені іздеп Прохоровтан бір бала келіп кеткен әлгінде.

- Не боп қапты?

- Ертең жолығып кетсін дейді. Үйге келе берсін деп ескертсе керек. – деп, мұғалімнің сәлемін жеткізді құрдасы.

Қорадан шықса, қыстың қысқа күні батып та қалған екен. Ай жарық, аппақ қар айналаны еркін көрсетіп тұр. – Бұл неге үйге шақырды екен? Мектепте те көреді ғой. Тығыз бір шаруа болды ма екен? – деген оймен тұрғанда, ертеңгі күн жексенбі екені есіне түсті. Бұл күнді қазақ - азына күні - дейді. Азына күні оқу жоқ әрине. Қош айтысып қақпадан шыққан Ниязды бұл да бөгей беріп:

- Тұра тұр, сөз бар. – деп, жабылғалы тұрған қақпаны ұстай қалды. Жолдасы сұраулы жүзін бұрып аялдағанда, - бірге барайық та Прохоровқа, соқа басым жүрем бе сопайып. Түске дейін шіркеуге баратын шығар қосағы екеуі. Түс ауа барайық та. – деп еді, -мақұл – дегендей бас изеген Нияз үй жаққа иек қақты:

- Пақыш қол бұлғап тұр әнекей. Әкесі жұмсаған болар. Сені іздетсе керек. Тағы қисса айтқызатын шығар. Мейман бар ғой үйде. Ұйқымен қош айтыса бер енді, бауырым. – деген сөзбен аппақ тістерін жарқ еткізе күліп жіберді де, жүріп кетті.

Сегіз қақпаны бекіте енді жаба бергенде, ту сыртынан Пақыштың айғайы жетті: - Тез бол, шайға шақырып жатыр! Қонақтар күтіп қалады. – деп, кіреберістегі биік сатының жақтауына сүйеніп қол бұлғап тұр.

Ысқаяқ қарды сықырлата басып үлкен үйге таман бағдар түзеп еді, кенет есіне әлдене түсіп қалт тоқтай қалды. Атқа жайдақ мінгеннің салдарынан шалбарына қылшық жұғыпты. Қаракөктің тері

[illegible] тақым тұсы сауыс-сауыс. Бешпетінің өңіріне де көбік тер [illegible]ыздап жіберіпті.

Мына сыкпытыммен жетіп барсам ұяттағы. Сыпайы конақ бар [illegible] Ұятпақтайын әлгі қыз бала да бар екен-ау. Өзі үріп ауызға [illegible] келімді бала көрінеді. Манағы жалт етіп карай калғаны [illegible] карып түсті-ау. Тегін карас емес сиякты. Әлдекімнің ұлы [illegible] болып алкам-салкам жүргенім жарамас. - Бір ағасы сал, бір [illegible]сі, мынау өзі болса бойын да күте алмағаны несі? – деп сөгіп [illegible] мейімандар. – деген оймен Пакышка:

Қазір барамын. Үсті-басымды жөндеп, жуынып-шайынып [illegible]. Ұятты конактың үстіне мына түріммен кайтып барамын. [illegible] күте тұр. – деп жайды ұктырып, өз құжырасына таман кадам [illegible]

3

Зибагүл бөлмесінің жасау-жиһазы аса салтанатты. Тактай сәкінің [illegible] алаша, текеметтер, төр жактағы кабырғаны тұтасымен [illegible] колды калы кілем алып тұр. Шебер колдан шыккан кілемнің [illegible]рнектері тоты құстың канатындай құлпырады. Сүйек төсектің [illegible] кызылды-жасылды көрпелер текшелене жиналған. Атлас [illegible] күс жастыктар кампия теңкиеді. Қос терезеге жібек шаршау [illegible], терезе аралығында кісі бойы жалпак айна. Төр жактағы [illegible] түсті каңылтыр таспалармен капталған сандыкпен катарласа [illegible] кызыл ағаштан істелген ток бүйір комод орналаскан. [illegible] үстінде әшекейлі сағат пен сәндікке койылған жеті пілдің [illegible] тас мүсіндері. Үй іші тұянадай жинакы.

Бөлме ортасында дөңгелек жозы, жозыны айнала Сегіз бен [illegible] жайғаскан. Бұлардан сәл окшауырак, ою-өрнекті биік [illegible] арка тіреп конак кызалак Мүкәрама отыр. Үлкендер атаулы [illegible] үйде ас үстінде. Окта-санда сол жактан каукылдаған дауыстар, [illegible] жетеді. Төр үйге бір катынаған Зибагүл:

Тыныш отыра беріңдер. Үлкендер жеп болған соң ет әкелермін. [illegible] Пакышка көз тастады да, - Мүкәрамаға әңгіме айта отырыңдар, [illegible]спасын. – деп ескерте кеткен.

Бұл сөзді елеген ұлдар жок, конак кызға назар салмастан екеу ара [illegible]мені көйітіп отыр. Ер балалардың кеңес такырыбы белгілі ғой. [illegible] жарак, өткір бәкі, ұшкыр тазы мен кабаған төбеттерді канша [illegible] да жалығар ма екен. Дәл казір тілге тиек еткендері – бүгіңгі [illegible]коктің тарпаң мінезі. Қолдарын тізесіне арта шәкіртше жүгініп [illegible] Пакыш, сол такырыпты кайта-кайта коздата береді.

Саған калай бой бергеніне таңым бар. Қанша айтканымен [illegible] ғой. Атпалдай азаматтарды шопак құрлы көрмеген асау,

балаға көндіккені ме? – осы сөзбен жамбастап жатқан Сегізді толарсағынан түртіп қойды.

Бұл сауалды осымен үшінші мәрте көлденендетіп еді. Сегіз болса, шаршағанын енді ғана сезді. Тыста жүргенде ет қызулықпен аңғармапты, желгіш аттың жайсыз жүрісі кәдуілгідей-ақ соғып тастаса керек. – Мүсінді келгенімен шоқырағы салт жүруге қолайсыз екен мүлде. Бөренені міңгендейсің. Қарабайырды күн ұзақ жайдақ мінсең де етің ауырмас. Мына жануардың желісі болса бірер сағаттың ішінде дүміңді түсіргендей. – деген оймен бір құс жастықты қолтығына басып, жантая жатқан. Қалғиын десе, Пақыш тықақтап әңгімеге тарта береді. Оның үстіне мейман қызылақтан ұят. - Қонақтың көзінше мызғып жатқаны несі, көргенсіз екен мына ауыл қазағы. – деп пікір түйсе, сүйекке таңба дағы.

Бұл қызға бір көз тастағаны болмаса, сөйлесе қойған жоқ. Қыз көрмеген кісідей-ақ салған жерден жабыса кету ыңғайсыз ғой. Көрер көзге келімді бала екені рас. Дөңгелек келген толықша өңі уызға тойған қозыдай дерсің. Пақыш дәттеп үлгергендей, нәсілі татар болғанымен шешесі Баян ауылдың қаржасынан екен. Киімі мен шаш қойысына қарағанда, анасы өз салтын берік ұстанып жүрген сияқты. Иінінде қапсырмалы кемзал, дүрия көйлегі қос етек, үзбесі күмістен шолпысы да кәдуілгі қазақтікі.

Зергерлік өнерден хабары бар Сегіз маржан көз қапсырманы көзі шалғанда-ақ, ішінен: - Міністер қолдан шыққан бұйым-ау. Порымы көздің жауын алғандай. Қапсырма маржанының айналасы қара зер, шолпысының үзбелеріне алтын жалатқанына қарағанда, қызын әлпештеп ұстайды екен бұл әулет. – деп түйіп, қыздың шашына сәл таңырқады. Бет пішіні кәдуілгі қазақ болғанымен. бұрымдары сары түсті. Сары болғанда жылтыраған түрі нағыз алтын түстес.

– Шашы әкесіне тартқан болар. Татар орыстың жиені деген сөз бар емес пе. Әкесінің қанында бір шикілік болып тұр-ау, дәу де болса. – деп, және бір пікір түйді. Қызалаққа ұрланып көз тастайын десе, Пақышы бар болғыр маза берер емес.

- Оу, Сегіз, саған айтам. Керең боп кеткеннің кай жағысың? – деп бүйірден және бір түртіп қалған соң, селт етіп назар аударды.

- Әлгі ырсақты айтасың ба? Жылқы баласы ғой, бұ жануар дегеніміз түйсікті келеді. Жасық мінезді көш жерден сезгіш. Ал енді асаулығы шамалы. Семіздіктен құтырған түрі де әлгіндегі үркектігі. Өзі күйлі мал, қапырық қорадан аязға шығарған соң сергімей ме. Жүріс тілеп елірген де. Әйтпесе қолдан жем жеп тұрған мал асаулық таныта ма. – деп сәл бөгеліп, құлақ түре қалған қызға көз қырын тастады да, шілтерлі терезе жаққа назар тастап қойды. Сырттағы даладан әлдекімді іздегендей.

Мау деп сонау самиян сахарада өскен қашағандарды айтса [illegible] Қора түгілі шарбаққа қамалмаған малдар ғой. Ашық аспанның [illegible] құландай жосып күнелтеді-ау, шіркіндер. Айғырларының [illegible] секекті аюдай. Кей қызғаншақтары ит-құс түгілі жылқы маңына [illegible] аттыны жолатпайды. Біздің бозшұбар айғыр үйірлі бөрімен [illegible] ақ түтек бір боранда. Жануарың бір тайдың таңын да [illegible]ды-ау, жылқышылар жеткенше. Тарпаң деп сондайларды айт [illegible] Мына ырсақтың қауқиған бойы болмаса айбары жоқ қой. Айһай [illegible] желдің өтінде бұла боп өскен жылқыға жету қайда-а! Кең [illegible]мен салыстырса, қаланың іші бір тар қапас зәліттес қой. Адамы [illegible] мы жасық. – деп шаһар тұрмысын менсіңкіремегендей түрмен [illegible], қол сілтеді.

Бұл пікірі мен лебізінің сарыны шымбайына батса керек, [illegible] үнсіз ғана отырған қыз кенет тіл қатты.

Сонда сайын сахараң қалалы жерден артық болғаны ма? Олай [illegible] кенттің халқы қазақты неге билеп тұр? Ал жылқыға келсек, [illegible] жабысы етке ғана жарайды. Әлгі ырсақтың құнына үйірлі [illegible] тағымас. – деп жымиып, Сегізге қуақылана қарай қалды.

Тұлым қаққанда онсыз да сүйкімді дидары тіпті нұрлана қалады [illegible] Соқтыға сөйлегеніне таңырқаған Сегіз ішінен: - Мәссаған, ұяң [illegible] сөзін қарай көр! Қасақана тиіскен түрі ғой мынау. Мені [illegible] пе сонда. Ноғай саудагердің баласы дейтін емес, қазақша [illegible] тұр-ау өзі. Сөз саптасы нағыз өзіміздің жалпақ тіл. – деп [illegible] отырғанда, мейман бала ес жиғызбастан:

Осы сені - Сегіз- дей береді мына Пақыш. Сондай да ат болама? [illegible] Сегізге жасың жеткенше тілің шықпай жүрдің бе? Сегіз жасында [illegible] сөйлеп кеткенде, қуанған кемпір-шалдар солай атап кеткен [illegible] деді де, өз сөзіне насаттанғандай мырс беріп күліп жіберді.

Мына шөпжелке қайлай-қалай ойқастайды? Аяқ тастасы үдеп [illegible] той тіпті. Қайымдаса кетпек тәрізі бар білем. – деген оймен енді [illegible] қатқалы оқталып еді, шыдай алмаған Пақыш киіп кетті. Бөріктінің [illegible] бір демекші, қыздың қыжыртуы бұған да баткан сияқты.

Олай деме, Мүкәрама. – деп отырған жерінде қопаңдап қойды [illegible] ырмалата жөнелді, - бұл құрдасымның өнері көп болған соң [illegible] ймақ – Сегіз - деп атап кеткен дағы. Далақтап атқа шабуды [illegible] ғатын емес, арабшаға майталман бұ туысқанымыз. Хатқа да [illegible]. Қалың кітапты көшіргенде қолына көз ілеспес. Жады да [illegible] Мен алты ауыз өлең жаттағанша қара терге түссем, бұл бала [illegible] ағанда таңды таңға ұрар. Дауысы да ерекше әуезді. Құран [illegible] ғанда шал-кемпірлер ауыздарын ашып, көздерін жұматынын [illegible]. – деп, құрдасының мақтауын барынша асырып бақты.

Ұлды-қыздымен дауысы қаттырақ шығып кеткен Пақышты [illegible] орға бөгеді.

– Сабыр, сабыр, батыр-екесі. Тіпті жер көкке сиғызбадың ғой мадақтап. Мына Мүкәраманың сынына толмай ұятқа қалып жүрмейін. – деп езу тартып, көз киығын қызға тастап қойды. – Не әсерде екен? – деген оймен барлағандай.

Пақыштың үәжіне ығыса қояр Мүкәрама жоқ. Қос ұлдың шамына тиіп сөйлеткеніне марқайып қалған сияқты. Миық кергенде томпақ беттерінде оймақтай ғана қос шұқанақ пайда болады екен. Күлімдегені өзіне жарасып ажарын аша түседі де. Ұлдардың өз ара сұхбатына килігіп, назарын өзіне еріксіз аудартқанына мәз болғандай. Бұл әрекеті нысанаға жетті де. Қыз кескініне зер сала қадалған Сегіз ішінен: - Мына баланың сүрепеті ерекше ме, қалай өзі? Қылмыңдағаны жарасып-ақ тұр өзіне. Көзін сүзгендегі сипаты сүйікімді-ақ. Тіпті жұтып жібергің келеді екен-ау.- деген оймен көзін әкете алмай отыр. Әсерленіп, қыз сиқырымен арбала бастағандай.

Түйсігі жүйрік қыз бұл құбылысты аңғара қалып, сөзін желілей берді: - Арабша білесің бе, Сегіз? Кәне, бір-екі ауыз тіл катшы. – деп жымиды.

Сегіз де әңгіме-дүкен құрмакка бейіл танытып, көсіле жаткан жерінен малдас құрып түзеле отырды. Осы қызбен сөйлескен сайын кеуілі жақын тартып бара жатқаны анық.

- Сөйлем құрап еркін көсілуге қайда-а! Әйтсе де, кей сөздердің мағынасын айырамын. – деп қыздың көзіне тік карады да, - мысалы сенің есім-намыңды казақшаға аударсақ «сыйлы, құрметті» деген мағынаны білдіреді. Осыдан мағлұматың бар ма еді? – деп, енді қыздың өзіне сауал жолдады.

Мүкәрама сәл таңырқай тосылды да, білсе де білмесе де сыр бермей: - Мақұл, кара жаяу емес екенсің. – деп ойлана калды да, аз бөгеліп, - Мастура деген әпкем бар еді. Ол есімнің мағынасы кандай, айтшы кәне білгіш болсаң? – деп, қос сұхбаттасына алма-кезек назар тастады.

Сегіз мүдірген жок: - Жаңылмасам, «мастура» деген сөздің мағынасы «адал, құрметті, кадірлі» дегенге келеді.-

Мүкәраманың келесі сауалы әзір екен, жұлып алғандай-ак шапшаң тіл катты: - Сафура мен Руфия деген аттар ше? -

- Бұлар екеуі де парсыдан ғой. Сафура дегеніміз «төзімді, шыдамды» деген мағынаға келеді. Руфияға келсек, парсының ақшасының бір түрі де. Алтын-күміс рупиялар бар көрінеді сол елде. Динар, дирхем, тіллә деген акша бар шығыс мемлекеттерде. – Сегіз байыпты кейіппен жауаптасып, кезекті сауалды күтіп отыр. Мүкәраманың сұрағы болса, жуық арада түгесілер емес сияқты:

- Мұзафар ныспылы ілік-шатыс туысканымыз бар еді. Бұл есімнің де мағынасын білетін боларсың.

Мәуәфар, Мансұр деген мағынасы ұқсас есімдер баршылық. Бұл [illegible] қазақшалабас тілінен енген кірме сөз. Қазақшаласақ – жеңімпаз – деген [illegible] білдіреді. Парсыға да көп сөздер арабшадан енсе керек. [illegible] дүние ғой сөз деген. Халықтар бір-бірімен қатынаспай [illegible] ба? Біздің бабаларымыз да қызылбас пен арабтармен етене [illegible] керек о бір дәуірде. Солай, құрбым. Сұрайтының әлі де бар [illegible] мен әзір, Мүкәрама есімді Омбылық мейманымыз. – деп, сөз [illegible] сілге сайды.

Бұл сапар Мүкәрама үндей қоймады. Есіткенін ой елегінен өткізген [illegible] ме, әлде орнықты жауапқа көңілі толды ма, әйтеуір бөгеленді [illegible] Есесіне Сегіз шабыттанып ендігі кеңесті өзі тірілтті:

Есімің әйбат-ау, Мүкәрама құрбым. Өзіңе жарасып та тұр. Әйтсе [illegible] салса, өзінді Зара ия Гүлзара деп атар едім. –Зар- деп алтынды [illegible] парсыша. Қазақтың -зер-дегені сол -зар-дан шықты деп [illegible] білгір молдалар. Сенің шашың нағыз алтын түстес екен, [illegible] түрсам. Қазақта бұндай шаш өте сирек ұшырасар, бәлкім жоқ та [illegible] Зинһар өзіңе жарасып тұр. – деп, шашпауын көтере сөйледі.

Қошаметті кім теріс көрсін. Әсіресе төмен етекті нәзік жандар [illegible] емес мадақ сөзге. Мүкәрама да алтынға теңегенді ұнатқанын [illegible] жоқ. Оң карап езуін жия алмай отыр. Қош көргенін қанша [illegible] мейіін десе де, керілген миық ішкі сырын айғақтап берді. Сонда [illegible] есесін жібермей бағуда. Жеткіншек болса да әйел затының [illegible] атаулысын меңгергендігін аңғартып, қабағын кере, көзін [illegible] төңкеріп:

Сары шаш қазақ баласына тән емес-ау, оныңа дау бар ма? Әйтсе [illegible] жоқ емес. Сағымға садақ ілдірген Шыңғыс ханның шашы [illegible] болыптымыс деген аңыз бар ғой. Жиренше шешен де сары [illegible] болған соң «жирен» атанса керек. Демек, тауарихта ізі қалған [illegible] шаштары алтын түстес болғаны да. – деп, өз үәжін [illegible] нендетті.

Бұнысына Сегіз таласқан жоқ. Не себептен екенін өзі де айта [illegible] еді, әйтеуір осы қызалақтың қылығы, сөзі, көзін сүзгені, барған [illegible] ұнап бара жатыр. Осы күнге дейін қыз-қырқын атаулыға көңіл [illegible] көрген емес екен, байыпқа салса. Көңіл бөлмек түгілі көз салуға [illegible] мұрша болды ма екен десеңші.

Оқудан қолы босаған емес әуелім. Сабақтан босаса-ақ, Ниязбен [illegible] ара отырып ән салып домбыраны ермек қылады. Құрдастарымен [illegible] кеңес құрса, тақырыптары – жүйрік ат пен қыран бүркіт, [illegible] газы. Одан қалды ер жігіттің ерен қимылын, ат үсті арпалыстың [illegible] тәсілдерін әңгіме етеді. Ғашықтық тақырыбын, сұлулар жөнін [illegible] оқығаны болмаса, тілге тиек қылған бұлар жоқ. Баз-базда [illegible] қана қыз-қырқын тақырыбын қозғап көңірсітетіні бар. Бәкене [illegible] қарамастан ұрғашы заты жағына құмар-ақ.

Мүптәхүтдінмен көрші тұратын бір шала қазақтау ноғай саудагердің үйі бар. Сол кісінің он екі-он бес жас аралығында үш қызы болатын. Кіл томпақ бет шикіл сарылар. Он төрт жастағысы кескінділеуі Сәуле аңқылдақ та көңілшек. Он бестегісі Мекен домалақ семіз бетті сықи көз біреу. Сәуле келімді болғанымен кетік тіс. Өзі ұл балаларға үйірсектеу де көңілшек. Көрші ұлдарды көзі шалса-ақ, әзілдескісі келіп көзі жайнай кетеді. Мекені болса салмақтылау. Өзі ізденген емес, әйтсе де Сегізді көрсе көзін мөлдірете күлімдеп, қылымси ұялғансып, тәңірісіне жазады да қалады. Онысын елеген бұл жоқ, жүре амандасып Нияз екеуі өте шығатын.

Көрші үйге қатынап келген Пақыш: - Әй, бауырым, анау Мекен саған сәлем айтты. Бір жолықпайсың ба? Сені сұрай береді әйтеуір. Сәулесін қыскылап келдім әлгінде. Бетінен сүйгізбей қойғаны ит қыздың. Бірақ қайда барар дейсің көндікпей. Ертең бірге барайық та. Әлгі Мекені түскір мүсінді-ақ. Белі қылдырықтай болса, мықыны былқылдақ, бөксесі жұп-жұмыр. – деп ауызының суы құри қыздарды сүреттеп, ыржия беретін.

Онысына құлақ аскан бұл жоқ, жүре тыңдар еді. Күрек тісі кетік Сәулемен де, ажарсыз болса да мүсіні киіктің лағындай порымды Мекенмен де, жүздесіп әзілдескенде еш бөтен ойы болмайтын. Пақыштың сұғанақ көзі түскен Мекеннің белі мен мықынына назар да аударған емес. Бұларды тату құрбы ретінде ғана білетін.

Мынау Мүкәраманың жөні болса бөлек пе қалай өзі. Бұрын қалғып жаткан сезімді ояткан сиякты. Қызға сездірмей бакса да, сол жакка қайта-қайта карағыштай бергісі келеді. Қыз да бұл карасты сезбейді емес. Ол да көзін көтеріп окта-санда назар тастайды әнекей. Көздер токайласканда тал бойды куалап бір ұшқын өте шығып, кеуілді бір шаттық кернейтінін қайтерсің. Шығаннан шыккан сұлу болмаса да сүйкімдісін айтсаңшы шіркін! Сұлуларды елде көріп өскен бала ғой. Өз жеңгесі Әдебиядан аскан ажарлы әйел заты бола коймас та. Нағыз ак мандай нәркес көз деп соны айт әнекей. Мына баланың әкетіп барып жаткан көркі де жоқ-ау, сарапка салса. Әйтсе де көзге салған жерден жылы ұшырайтын, ерекше бір тартымдылығы бей-жай калдырар емес.

Осы оймен өзімен өзі алыса, мейман кызға мойын бұрмауға тырысып отырғанда, Зибагүлдің үні жетті:

- Жүріңдер, балалар, төр үйге шақырып жатыр үлкендер. Астан асатамыз дейді. Сегізжан домбыраң осында ма еді? Ән айткызатын шығар үлкендер. – деп, сөз аяғында бұған көз төңкеріп өтті.

... Төр үйде Ахметкалидан өзге бөгде кісі жок екен. Төрдегі конактан төмендеу Мүптә-екең жайғасқан, дастарханның бергі жағында бәйбіше сорпаға құрт езіп тостағандарға құйып отыр. Бәйбішенің бұйрығымен аяк ұшымен басып Мәшкен жүр.

Ер балалардан озып кірген Мүкәрама әкесіне еркелей жетіп барып еді, баласын маңдайынан иіскеген Ахметкали:

Ә, күнішегім сол, ішің пыскан жоқ па? Кел, ауқаттанып ал. – деп қасына отырғызды.

Дастарханның төменгі жағында тізе бүккен ұлдарға назар аударткен Мүптә-екең:

Ә-ә, мына балалар қолыңыздан ас ауыз тигелі, бармағыңызды ұстап алып келіп отыр. Сіздей кісінің асатуы бұларға асқан мәртебе дағы. – деп қолынышып отырған қонаққа көпшік тастай тіл қатты да, иек қаға бастап пүскап, - мына құда бала әнге қара жаяу емес еді. Қазір домбыра шертіп берсеміз. Дауысы ұнаса кисса да айтқызармыз. Үдеңізден шықса ұрысқыш бар ма бұл жүгірмектің. – деп, токмейілси жымың қақты.

Мүкәрама шашының түсі кімге тартқанын енді түсінді Сегіз. Қызының ұстара көріп қылтия тебіндеп келе жаткан шашы да, күтімді мүрті мүрты да сап-сары екен. Көздері болса жап-жасыл. Іштей таңырқаған Сегіз: - Нағыз шағыр көз екен-ау мына кісі. Қызының көзі сірәмтай, сірә шешесіне тартқан болар. – деген тұжырым жасап та үлгерді.

Ауылдың үрдісін жақтыра қоймағаны ма, әлде сүрткен қолын ешкім ысы келмеді ме, қадірлі мейман ағаш қасықпен туралған етті тостарға таман ысырып қойып:

Ә, асап жіберіңдер қәнекей. Ер бала емессіңдер ме, анау қазы-қарталарға қол салыңдар. – деген сөзбен Сегізге назар тоқыратып, - сен бала маған мынаны айтшы әуелім. Анау қаракөкті ертең түпке ұстатасем жүре ме? Үш атты жеккізейін деп едім пәуескеге. Ертеңгі жаңкідегі аттардан үрікпей ме анау дөй неме? Бұрын соқалап жүрген жеңілген мал болса керек. – деп, тосын сауал көлденеңдетті.

Үрпы бұлтылдап отырған Сегіз бірден жауаптаса қойған жоқ. Қарны ашып қалғанын енді ғана аңғарды. Жайдақ мініп ат соққаны тәрізді сорғаны бар, қарын ашпағанда ше. Бармақ қыртысы бар бірер ұстамдық жаяны ауызға тастап кеп жіберіп, дөңгелене жаткан майлы ыдысқа қол созамын дегенде Ахметкали кеңеске тартқаны. Жауапты ешкім күтпеуі ұят. Әлдекімнің баласындай оңазаланып тамаққа обыға ұмтылмаса. Ауызын сүлгімен сүрте беріп жауап сайлап ойланып қалып еді, көзі Мүкәрамаға түсті. Дәл сол сәтте ол да бұған қарай қалып, көздері ұшырасып кетті. Қызалақтың жанарында күлкі, сүрепетінде ойнақы ескерту бар сияқты. Табақтағы етке қолын да апармапты.

Қомағайлық таныттым ба, мына қыз келеке қылып отырғанның өзі. Әй, маған да дауа жоқ! Ғұмыры ас көрмегендей-ақ етке тоймаған ғой. Ешнарсаны қай сасканым? – деген оймен дастарханнан сәл шегініп, Ахметкалиға назар жықты.

Неге жүрмесін көсемге? Жүргенде қандай. Бүгін ашшы тері ешнарсаны жыны басылды білем. – деп бастап сәл ойға қалды да, -

асылы, үйіңізге жеткесін бұл сәуірікті ақтату керек. Алты жасар айғыр үйрсіремей қайтсын. Ақтаткан соң сабасына түсер. – деп айтып қалып, кенет ойына әлдене түскендей ауызын жұма қойды.

Сап тиылғанның себебі - әнтек шыққан сөз. Ішінен: - Қап, тағы да әбес кеттім бе? Мына нәуетек қыз баланың көзінше – ақтату, айғыр-дегенім ерсі-ау. Әсіресе ауыз толтырып -айғыр- дегенім дөрекілеу боп кетті-ау. – деп түйіп, ауыздан шығып кеткен сөзіне енді өзі өкінді.

Ахметқали болса бұған еш мән бермеген сияқты. Сегізді жаңа көргендей таңырқай үңіліп:

- Алты жасар екенін қайдан біле қойдың, жүгірмек-ау? Сатқан иесі ғана білуші еді жасын. Атсейіс пе едің әлде? – деген сөзбен Мүптәхүтдінге көз тастап, - мына баланың қырағылығын қарай көр! - деп басын шайқай берді.

Ұятты қонағы құда баланы көтермелегеніне өркештенген отағасы, күтімді сақалын сипалақтап:

- Жылқы бағумен көзін ашқан ауыл баласы ғой бұл. Буаз биенің ішінде кеткен құлынды да таниды бұ казаклар. – деп кеңк-кеңк күліп. - онысы сөз емес-ау, мырза. Нағыз өнері өңешінде мұның. Күміс көмей әнші десем де сияды. Астан алып жүрек жалғасын алдымен бұл бала Сонсоң ән айтқызармыз. Кәне, Зибаш, әперші домбыраны. – деуі мұн екен, әзір тұрған тоқал жағланға сүйеулі домбыраға қол созды.

- Балаларға ас алғызбадың-ау тықақтап. Еттен алсын да әуелім. - құрт сорпаны сары қасқа қылып құйып берген бәйбіше, қос колдап тостағанды Сегізге ұсынды. – Асықпа, шырағым. Қайда қашар дейсің ән. Тыңқиып тойып ал алдымен.- деп мейірлене қарады.

Алайда етке қайтып кол созбады Сегіз. Аска тәбеті әлі де шауып тұрса да, намысты ойлап тартынып қалды. – Сабырсыз ашқарақ дер мына солқылдаған мырза. – деген ойға бекіп, ыстық сорпадан бірер ұрттады да, Мәшкен әперген сүлгімен ауыз сүртті. Ән салардың алдында ыстық ішетінді үйреткен Жанат ағасы.

– Әнші болып түбінде серілік құрам десең, дауысыңды осы бастан баптай бер. Дауысы жоқ сері қанатсыз құстай. Шыркап салғанда үніңді қырдан асыра алмасаң, әншілік дегенің құр әурешілік. Үн көмейден шығады, сондық тамағыңды күтіп ұста. Әнді бастамай тұрып ыстық шайдан, ия сорпадан ұрттап тамағыңды жібітіп алғайсың әуелім. Тым ашшы, тұзды тағамдарды да жеме, дауысың тұтқырланады. Аязды күні. желді күні өңеш созып далада ән салма, тамағың ісініп қалуы ғажап емес. Жалпы, топ ішінде дарақыланып өңеш соза берме. Халайық өзі колка салсын. Жұрт өзі сұрамай ән салсаң қадірің кетеді. Дәмін кетірмей таңдап, талдап шырқа. – деп насихат айтып, құлағына құя беретін.

Ағасының ақылын есте тұтып домбыраны ала берді. Дауыс ашарға дәйім «Екі жиренге» басар еді. Қос ішекті қожырлау бұрап. сәл жөткірініп алды да сүйікті әніне басты.

Көшкенде жылқы айдаймын аламенен,
Ауылыңа барушы едім-ай даламенен.
Түскенде сен есіме, беу қарағым,
Сағынып сарғаямын-ау, санаменен.

[illegible] басуы мұң еді, зәтте мағынасына бойлап, айнала дүния [illegible] болды да қалды. Көз алдында көктемгі кең жазира, өз ауылы. [illegible] кыстаудан жайлауға көшкен қандай шіркін! Шымы [illegible] кеңіп жаңа шыққан көгі қалы кілемдей. Бітік бетегенің жұпар [illegible] кытықтап кісіні мас қылады.

[illegible] қырдан жалбылап қалың жылқы құлап келеді әнекей. [illegible] дүбірлете суатқа құлаған алалы жылқының көрінісі қазақ [illegible] бей-жай қалдырған ба. Мың сан тұяқ жердің төсін алып бір [illegible] тай қылып дүсірлете соғады. Сар желдіріп келе жаткан кіл [illegible] жалды шоныктың көрінісі кісі сұктанарлықтай. Орыстың [illegible] мен бойы серейген ырсагі емес, құлақтары тас төбесіне [illegible] біткен карабайырлар мен шұбалаң құйрық, жұмыр мойын [illegible] сайын сахарамен соншалық үйлесімді көрінер еді.

Жылкышыларға жәрдемдесіп тай-құнан мінген балалар да [illegible] айдасады. Сегіздің бәсіре аты баяғы жорға бөрте тай ғой. [illegible] жаз бесті шыққан болатын. Иесіне бауыр басқаны соншалық, [illegible] көрсеңде соңыннан еріп жүре береді. Қамшы салғызған жануар [illegible] тақымды қысып қалсаң сілтей жөнеледі. Жорғасы да нағыз су [illegible] жорға. Жел қайыкпен айдын бетін сызып жүргендейсің. Бар [illegible] басқанда шапқан атка ілестірер ме екен! Бөрікті баса [illegible] көзден жасты шұбыртады-ау келіп.

Мыңдаған жылқыны жанамалай ілесе жүргенде қай-қайдағы [illegible] та кетер. Қиссалардағы жорыкка аттанған мың сан колды [illegible] айбынды көрініс. Өмір деп соны айт әнекей! Өзіне салса, [illegible] қалада бір де бір күн тұрмас еді. Қыс болмаса, жазда сын [illegible] мейді ғой қала деген. Көшелері бұркыраған шаң, ал енді [illegible] ғана жаңбыр құйып өтсе лайсаң болып жатканы. Кірпіш [illegible], сабын жасайтын шағын зауыттары мен бірер ұстаханасының [illegible] кабар түтіні бар, каланың ауасы тынысты тарылтпай қойсын ба.

Халкының мінез-құлкы да бөлек. Заттың бәрі сатулы. Пұлын [illegible] рмай бір тілім нан берер ме екен. Еркектерінің шылым [illegible] ыратып арак ішетіні мезі кылады-ау. Ашшы темекісінің түтіні [illegible] айдан колка кабады. Ал енді азына күні сайын ашшы суды [illegible] тыып, тәлтіректеп жүрген каба сакал еркектерін көргенде [illegible] ретінің айниды. Қайсы біреулері құдайдың құтты күні мас болып [illegible] ретінін де көз көрді. Бұ тірлікке карағанда еркін далада, түрлі шөп [illegible] дің иісі тұнған саф уада жүргенге не жетсін, шіркін!

Екі жиренді әуелеткенде, жайлаудың сұлу сүреті елестейтейтіні [illegible] ан-ау. Жалғыз-ак, - түскенде сен есіме, беу карағым, - деген

сөздерге келгенде, мағынасына пәлендей мән бере қоймайтын. Бұл да жайлау сүретінің әдемі бір қыры болар деп білер еді.

Бүгін болса олай емес. Дәл сол сөзді екінші қайтарғанда, еркінен тыс Мүкәрамаға көз тастап кеп жібергені. Ол да бұған қадала қалыпты. Өңінде таңырқау мен қатар қызығушылық бар ма, қалай. Қыздың мына қарасы Сегізді бейжай қалдырған жоқ. – Үнім ойдағыдай шығып жатыр ма, қалай өзі. – деген күдікпен бойын жинаңқырай қомданып, өз үніне құлақ түрді. Балаң болса да, бұрын таза да мөлдір үні он төртке шыға жуандай бастаған. Осы күні толық жетілмей, балаң лебіз бен бозбала дауысының аралығында. Баяу әуелеткенде қоңыр реңкі басым да, бар өкпеге салса бұрнағы жіңішке балаң қалпын табады. Сондық, тым шарықтатпай орта екпінмен, дауысын теженкірей орындауға мәжбүр. Осы жолы да сол машығына бағып:

Беу құрбым, сөз қозғайын көрген жайдан,
Айтпаймын күдер үз деп-ау ақ сұңқардан.
Көңілімде еш дауалық болмаған соң,
Бойымда толып жатыр-ау, арыз-арман.

- деп мұңлылау реңкті басымдата, әридаш-ай, әридаш-ай! – деп қайырды.

Әнін тәмәмдап қос ішекті алақанымен баса бергенде, назары Мүкәрамамен және бір тоқайласа кетсін. Әннің мазмұнына бойлағаны ма, қызалақтың жанарында да жеңіл бір мұңның көлеңкесі бар сияқты. Қабағы да сәл-пәл шытыңқы. Бұл қалпы аңғарылып қала ма деп сақтанғандай, көзін тайдырып әкетті.

Мейман мырза әнге разы болған сыңайда. – Әй, пәле, сілейте сок! – деп ара-тұра көтере отырып, ән біткенде:

- Жарайсың, бала, бір қағарың бар екен, не қылса да. – деп оң шырай таныта тіл қатты да, Сегізге шұқшия назар қадады. Сүрепеті ойлы. Сегіздің жаңағы Мүкәрамаға деген мағыналы көзқарасын саудагердің қырағы көзі шалып та қалған. Қыздың да қиялға толы жанары назарынан тыс қалған жоқ. Көз шалған соң секем алып қалды мырза. Ойға қалып: - Тегін емес мына ұлдың шұқшиғаны. Көзі ұшқын атып тұр-ау зәнталақтың. Біздің баланы балқытып жібермегей мына отты көз. – деген күдікпен іш жиып қалды.

- Болайын деп тұрған ұл-ау осы. Жалын атып тұрғандай ғой анау көздері. Дауысы да бар екен. Жеткіншек жасындағы шырқағаны мынау болса, ертең есейе келе алты қырдан асырар лебізін. Өзі кескінді-ақ. Мына ажарымен, мына сұңғақ бойлы бітімімен төмен етектілерді бидайықтай бүрері еш шүбәсыз. – деген пікір түйіп, назарын Мүкәрамаға аударды. Бұл баласын дәйім қызғанып жүрер еді. Кей әке қыз баланы – қырық жеті- деп білсе, бұл өз қызын қимайды ондай саудаға.

Оқымысты молда жалдап титтейінен оқытып та жүр. Қосағын [illegible] алса да қыр тұрмысын жақтырған кісі емес Ахметқали. Мүкәраманың болашағын да қалалы жерден ғана көреді. Өзімен иығы [illegible] саудагерлер бар емес пе ірі шаһарларда. Солардың дені [illegible] ағі жақсылары. Саңғыраған қос қабат тас үйлері бар, қала [illegible] дүкендері бар көпестердің ұлдарын ғана өз қызына лайық [illegible] Жүріс-тұрысы сыпайы, қала мәдениетін бойына сіңіріп [illegible] жас мырзамен отасса, құба құп емей немене.

Отасы қазақтың тұрмысын шаһармен салыстырғанда тым жабайы [illegible]. - Көшпелі елдің тірлігі адамзат дамуының төмен сатысында [illegible] қойған әлдеқашан. - деген пікірді ұстанатын. Өзінің татар ұлты [illegible] аманда көшіп-қонып жүргені тарихтан мәлім. Әйтсе де орыстың [illegible] үйісін сіңіріп, кертартпа әдеттерінен арылып, осы күн отырықшы [illegible] ка бейімделіп алған. Өнеркәсіп те, өнер де, мәдениет те батыс [illegible]. Ресейдің бағына Петр патша тақка ие болып. Еуропаның [illegible] жетістіктерін өз мемлекетіне әкеліп таратқан.

Бір патшаға бағынып тас түйін ұйымдасқан милләт өндірісін [illegible] білді. Зеңбірегі мен мылтығы сай мемлекет, бытыраңқы [illegible] көшпелі хандықтарды тізе бүктірді осы күні. Орыстың [illegible] тін қабылдаған бодан елдер аман қалмақ түбінде. Қарсылық [illegible] кендер азып-тозбақ. Қырылып жер бетінен жоғалуы да ғажап [illegible] Бодан ұлттар шам көрсе де, ашшы шындық осы.

Бұл жәйтты ерте түйсінген Ахметқали, орыс оқуына ден қойған [illegible]. Сауда мен кәсіпті де жас кезінен қуған. Іншалла, ет тірлігі [illegible] орысша сауаттың арқасында тұрмысы шалқып тұр. Бірер дүкені, [illegible] ондейтін, пима мен кигіз басатын кәсіп орындары баршылық [illegible] ға шүкір. Қазақ байды дәріптесе – Ірбіт шапқан- дейді екен. [illegible] әлдеқандай көретін сол Ірбітте бұның саңғыраған қос қабат [illegible] үйі де бар. Сөйткен тоқшылықта, үлде мен бүлдеге малынып [illegible] Мүкәраманы қайтып қызғанбасын мына жеткіншектен.

Шағырайға еріп қашып кеткен Мүптә-екеңнің Ләтипасы қай бір [illegible] мға жетіп отыр. Барған жері ауқатты, әлді әулет делік. Сол [illegible] байлардың күнкөрісін көріп жүрген жоқ па Ахметқали. [illegible] аудағы ауыз үйінің бір бұрышында бұзау мөңіреп тұрған соң, [illegible] ағы тазалық? Оңаша қалса, қатын-қалашы мен кемпір-сампыры [illegible] арын жайып жіберіп, биттерін қарап отырғандары.

Сөйткен тірлікке қия ма әлпештеп өсірген қыз баласын. Жо-жоқ Мүкәрамасы ат ерттеп ия түйе ауыттап жүрмейді әсте. Жаз [illegible] кылдақ жүрісті фаэтон, қыз күймелі шана жеккізіп мінеді, [illegible] ан не бергенін алмаса. Бұл баланың теңі жуан қоныш, майтымақ [illegible] ақ байы емес. Бұл баланың тең-тұсы мықты әулеттен шыққан шен-

шекпенді азамат. Шаһарда үй-жайы, дөңгелек дәулетке жеткізер табысты кәсібі бар, іскер де білімді жігіт.

Сондық мына сандуғаштай сайрап отырған құбақан ұлдан сақ болған лазым. Шакшак әулеті бұл төңірекке мәлім, кіл жаужүрек жігіт пен сал-сері өрбіген тұқым. Мына бала да тұрымтайдай комданған сұңғыла неме көрінеді. Ертең-ақ есейіп жер таныр. Мына өнерімен серілік құруы ғажап емес. Сал-сері дегендер желөкпелеу келетін әдетте. Алды-артын ойламастан қыз алып қашуға әуес қашаннан. Мына заржақ та сөйтпегей. Біздің балаға маза бермей киындық тудырар. Қой, болмас! Осы бастан-ақ көңілін суытайын бұл жүгірмектің.

Осы тұжырымға бекіген Ахметқали, сыпайы қалпын бұзбастан: - Талабыңа нұр жаусын, әнші бала. Құлақтың құрышын қандырдың не қылса да. – деген сөзбен төс қалтасынан қағаз акша шығарып, - міне жолың, шырағым. Енді пұрсат, тыныға бер. Күндіз әлгі қаракөкпен алысып шаршаған да боларсың. Біз де көз шырымын алайық. –

Осы сөзбен соманы ұстата салып, қасындағы құс жастықты колтықтай жантая кетті. Қабақ танығыш отағасы сәл ғана аңырып, жәйды ілез ұқты да:

- Жөн-жөн, мырза. Жол азабы қажытпай коя ма. Мына Мүкәрама балам да тыныксын. Қыстың көзі қырауда сапар шегу оңай болып па. – деп, жік-жаппар болды да қалды.

Іле Сегізге назар жығып: - Бала, сен де тынық, айткандай-ақ. Пакыш, сен де бар конак үйге. Сегізбен конарсың бүгін. Зибаш, бар балаларды жайғастырып кел. – деп, сөз аяғын Зибагүлге тіреді.

Меймандармен кош айтысып шыға берген Сегіз, Пакыштың соңын ала табалдырыктан аттай беріп еркінен тыс жалт бұрылды. Окыстан бұрылғанның себебі өзіне де мәлімсіз. Бір тылсым күш бұйрык берді ме, калай өзі. Жалт қараса, Мүкәрамамен назары токайласты да калды. Телміріп, ту сыртынан көзбен ұзатып отыр екен. Бір-ак пәске шарпысты кос жанар. Әйтсе де көп сыр актарыскандай, сөзсіз-ак ұғысты екі көңіл.

Бір күрсініп Мүкәрама кала берді. Сегіздің ерте кеткеніне налығандай, кабағында кейіс бар. Жүректе лау ете жаңа тұтанған сезіммен Сегіз кете барды. Тыска шыға беріп, аязды түннің ауасын көкірек кере бір жұтып бұл да күрсінді. Кеудені керней берген соны сезім бойды билеп бара жатыр ма, калай өзі. Әрі соны, әрі бейтаныс бір толку. Себепсізден себепсіз көкіректі бір куаныш кернеп бара жатканын қайтерсің. Кеуілді шаттандырған анау сары шашты қызалак екені кайтып мойындамас. Ертең таң ата және жүздеседі, құдай сәтін салса.

Осы тәтті оймен Пакышты ертіп өз құжырасына карай адымдай берді.

4

[illegible] кез. Прохоровтың төргі бөлмесінде биік үстелді айнала [illegible] Нияз отыр. Тоқ бүйір самаурынның ығында үй иесінің [illegible] Екатерина, одан жоғары отағасының өзі жайғасқан. Шайшыл [illegible] Михайлович шынаяқпен шай сораптауда. Қонақжай Екатерина [illegible] меймандарға мейірлене қарап:

[illegible]май жеп-ішіп отырыңдар. Харам дәм жоқ, бәрі мұсылманша [illegible] Өз үйлеріндей көріңдер. – деп қайта-қайта айта береді.

[illegible]рхан мәзірі олқы емес. Самса мен тұшпара, құймақ пен [illegible] түрлі тосаптан көз тұнады. Дәл ортадағы үлкен табақта құс етін [illegible] майға бұқтыра әзірлеген бәліш. Сол бәліштің қомақты [illegible] тәрелкеге өз қолынан салып, меймандардың алдына қойған [illegible]. Елуді алқымдап қалған бұл әйелдің тұлғасы бойшаң да [illegible] келген. Дөңгелек, толық жүзінде әжім аз. Өңі аққұба [illegible]мен, шашы мен қас-кірпігі орыс нәсіліне тән емес, қара түсті [illegible]. Себебі, нағашы жұртында черкастықтар бар болса керек. [illegible]ринаның әкесі бай көпес болғанымен нәсілі ақ сүйек емес, арғы [illegible] шаруалардан. Атасы кәдуілгі крепостной құл. Әкесі болса өз [illegible] мен ет тірлігімен байыған кісі. Прохоров болса кедейленіп [illegible] ақсүйек дворяндардың ұрпағы. Ата-бабаларында өз жерлері, [illegible], крепостной құлдары болған әулет.

[illegible]ріп келе шаруаға қырсыздығы бар, әсіре ысырапшылды бар, [illegible] карта ойынына құмарлығы қосылғаны бар, атасы ауыр [illegible] желге ұшырып тынады. Мұрадан күдер үзіп құрамай қапқан [illegible] әкесі қызмет іздеп туу Ресейден осы Қызылжарға келіпті. [illegible] кеңседе болмашы бір қызметке ілігіп, шағын әулетін [illegible]мен күн кешеді.

Бұрыңғы ақсүйектіктен қалғаны тәрбие мен білімі ғана. Жалғыз ұл [illegible] да оқытып өсіреді. Арманы – ұлдың қолын шен мен лауазымға [illegible]. Алайда Иван ұстаздық жолын қалап, шен-шекпеннен ат-тонын [illegible]. Дәулетті де қуа қоймайды. Ол дәулетке ойламаған жерден [illegible]ринаның әкесі жеткізеді. Ниеті адал, қақ сөкпен ісі жоқ жас [illegible] жігітті сырттан бақылап, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын [illegible] қалады. Иван Екатеринаға сөз салғанда, қолдай кетіп:

Нәсілі ақсүйек екен бұл бозбастың. Қаражатқа ұятты болса да, [illegible] тәрбиесі текті тұқымға сай. Жоқшылықта өскен соң, тесік өкпе [illegible]кор болып жетіліпті. Арам тамақ бабаларындай емес, маңдай [illegible] еңбекке бейім. Осының етегінен ұста, қызым. Біздің тұқым [illegible] ақсүйектікке қол артсын. Тұрмыстарың біреуден кем болмас, ол [illegible] еш қам жеме. – деп әрі батасын беріп, әрі жәрдем көрсетпекті [illegible]ниетіне алған.

Көпестер үәдеге берік келеді әдетте. Катяның әкесі де сертінде тұрды. Қос жұбайлар әлі күңге еш мұқтаждық көрмей келеді. Үй-жайлары да сай, табыстары да өздеріне жеткілікті. Екеуі де «Приходская школада» ұстаздық қызметте. Аукатты үйдің бір белгісі – кос ат жегіп шығатын көшірлі экипаж-фаэтондары бар, үй шаруасына қызметші әйел ұстайды.

Бір кезде сыптығыр бойлы Прохоров осы күнде торалып, тал бойы балғын тарткан. Шаш койысы сыпайы, иек ұшына дөңгелене біткен сақалы мен күтімді бакенбарды шабдар түсті қасымен үйлесе калған. Жұбайымен салыстырса пәлендей өңді де емес бұл кісі. Май мұрындылау, еріні көнтектеу келген, құлақтары ербиіңкі, бір көрмеге ұскынсыз-ақ. Әйтсе де, шегір көздерде тұнып тұрған ес пен зерде, елібінің кемшін тұстарын толайым жуып-шайғандай. Окығаны мен токығаны мол екенін саналы көзкарасы айғақтап тұр.

Балалық шағы осы калада өтіп еді. Үйлері кала шетінде ірге тепкен соң, көршілерінің дені кедей-кепшік болатын. Арасында кала малын бағатын казақтың жатактары да бар. Солардың балаларымен бірге өскен Иван казакшаны үйреніп алады. Әкесі өз білгеніше француз тіліне баулыған. Қолынан өзге келмесе де, ұлын мектепте окытып өзінің білгенін құлағына құя береді. Иванның бағына карай Петербургтан нағашы апайы табалып, бұларға хат жолдайды. Хатында:

- Айта каларлыктай жәрдем беруге мұршам жок. Жиенге деген ниетім оң болса да, кол кыска. Бар көмегім – үйімде тұрғызып, гимназияда окытайын. Бар шығынын өзім көтеремін. – деп, сәлем жолдайды.

Бұл сөзінде тұрады да нағашысы. Сол апайдың аркасында жоғары оқуды да бітіреді, зердесі алғыр бозбас. Оқуын тәмәмдаған соң сол астанада бір де бір күн бөгелмей елге оралып, әкесін табады. Максаты - картаң тарткан дімкас ата-анасын бағып-кағып асырау. Бұл жоспары орындалады да. Әкесі әбден картайып, көз жұмардың алдында бұны шакырып алып:

- Ризамын, ұлым. Балалық парызыңды өтедің. Бабаларымыз мыңдаған құл иемденген алпауыттар еді, менің сикым мынау. Сен болсаң, адал кызмет маңдай теріңмен нәпәкаңды айырып жүрсің. – Өз колың өз ауызыңа жетті. - деп мына казак көршілеріміз айткандай. О дүниеге тыныш көңілмен жөнеліп бара жатырмын мінекей. Сен жұрттың коры болып далада калмайсың ендігі. Бұған сенімім кәміл. – деп, бакұлдаскан болатын.

Сол Иван Михайлович ыстык шайды үрлеп койып, карсы алдында дәм татып отырған Сегізге барлай карауда. Аясы кең шегір көздерде куакы жылт бар. Шакпак канттың шетінен бір тістеп койып, шайдан ұрттады да:

[illegible] жүдеңкі ғой, не уайымдап отырсың? Тамакка да құлыксыз [illegible]. Алсаңшы астан былай жігіт құсап. Әлденеге алаңдап [illegible] әлде? - деп тіл катты.

[illegible] ұйкыдан оянғандай селт етіп: - Жо-жок, жәй әншейін ғой. – [illegible] алдындағы шыныаякка кол созды.

[illegible]ының кырағылығына аң-таң. - Ішімдегіні сезіп калмаса еді. [illegible] күдікпен сыр бермейін деп, жалма-жан шайын ұрттай берді. [illegible] отырғаны рас еді. Себебі – Мүкәрамамен коштаса [illegible]. Қош айтыспак түгілі жүздесе де алмай калғаны. Ахметкали [illegible] ерте жеккізіп, асыға-үсіге шай ішіп, таң кылаң бере жүріп [illegible]кен. Сондағы сылтауы – жол ұзактығы.

[illegible] хабарды кұлағы шалған Сегіз какпа сыртына жүгіре шыкса, [illegible] жеккен күйме ұзын көшенің арғы шетінде кетіп барады екен. [illegible] жеккені кешегі каракөк. Қапталдағы аттардан сокталы [illegible]мен окшау көрінеді. – Қап әттең!- деп кынжылған Сегіз, [illegible] тістеп сәнді күймені көзбен ұзата түсті. Бір кимасынан [illegible]ндай колка тұсы шым етіп, кеуілі кұлазып сала берген. [illegible] келіспей отырғанның себебі осы-ак. Көңілі жүдеу тартканы [illegible]лак, тіпті осы үйге келмек үәдесін де есінен тарс шығарған. [illegible] есіне салмаса, бәлкім үйде жатып та калар ма еді.

Иван Михайлович пен Катеринаны көрген кезде, әлгіндегі кейіс сәл-[illegible]мытылайын деді. Бұл үйге бұрыннан-ак келіп жүретін. Иелері түгілі [illegible] дейін етене таныс. Отағасы казакшаға жетік болса, зайыбы да [illegible] жау емес. Еркін сөйлемесе де айтканынды ұғады. Орысшаны [illegible] бастаған соң, Сегіз бұл кісімен орысша сөйлесіп те жүр.

Осы үйге тәу келгенде катты таңыркағаны да есінде. Төрт [illegible]ты биік үстел, биік орындыктар, төрдегі бұрышта Иса [illegible]мбар мен Мәриям анасының суреті, сурет тұсындағы кішкене [illegible], бәр-бәрі таңсык көрінгені. Тіпті үй ішіндегі иіс те жат [illegible]ты. Отағасы шылым шеккен соң түтін иісі едендегі төсеніштерге, [illegible]рдің шілтерлеріне сіңіп калса керек. Бұған борщ пен квастың [illegible] косылып өзгеше бір реңк беріп тұр.

Қылаяғы беті-колын да құмғанға леген тосып жумайды екен. Ауыз [illegible] тұрған корапты, каңылтырлы, шүмекті колжуғыштары бар. Үй [illegible], жиһаздары таңсык, діндері бөтен болғанымен пейілдері оң [illegible]нда. Иван Михайлович Сегізге кисса айтқызып ден коя тыңдар [illegible]. Уакыты болса тапжылмастан сағаттап отыруға бар. Катерина болса [illegible]ның тұрмысы жөнінде сөз тартады әдетте. Қызыға сұрайтыны [illegible]рдің өмірі мен салт-санасы. Бәйбіше-токалдар өз ара кайтып [illegible], күндестік кайтып өршиді деп каза сұрар еді. Сегізді өзге бір [illegible]мнен келгендей-ак көріп, кей кеңестеріне таң-тамаша болады.

Ғұмыр баки көкөніс атаулыны татпастан кайтып өмір сүреді [illegible]шелі ел? Біз болсак жаз көкөніс, кыс бойы тұздалған кияр, кызанак,

қырыққабатты қорек етеміз. Күз болса бақшамызда сәбіз, тұрып, шалқан, картоп бар дегендей. Осы алуан түрлі дәмді іздемей ме қазақ? Адамның ағзасында дәрумендер жетіспесе, ауру-сырқауға бой алдырады емес пе? – деп, қайдағы бір мәселені көңірсітеді-ай келіп.

Бұндайда араша түсетін Прохоровтың өзі. Тілді білген соң ел ішін еркін аралай беретін кісі ғой. Шақшақ атасының ауылына да қатынап кеткен болатын. Қалашылап келген ел адамдарымен шүйіркелесе кететін үйірсек мінезі де бар. Сондық, ауыл тұрмысына бір кісідей-ақ жетік. Жамағаты тым бастырмалатып бара жатса, - дат! – дегендей-ақ қолын көтереді де:

- Сап-сап, Катя ханум, сөзге қонақ бер. – деп мұрт астынан жымиып қойып, Сегіз бен Ниязға алма кезек көз тастай, келелі бір кеңесті бастай береді.

- Қазақ алдымен көшпенді халық, Катя-жан. Аттың жалында, түйенің қомында күн кешеді. Сондық, бау-бақшамен айналысуға мүмкіндігі де жоқ. Оны керек те қылмайды әрі-беріден соң. Себебі, негізгі қорегі малдың сүмесіні, яғни ағарған. Одан құрт, ірімшік, жент сияқты алуан түрлі тағам да әзірлей біледі. Біздің орыс сияқты шөп-шаламды қорек қылмайды бұл ел. Шөпті қазақтың малы жейді, малдың жас етін қызылдаған қазақең тіске сыздық қылады, біле білсең. – деп өз сөзіне өзі насаттанып мырс береді де, әңгімесін өрбіте түседі.

- Жаз ішетіндері қымыз. Қымызды бие сүтінен ашытатынын білесің. Бұл сусынды қана ішкен адамның мұртын балта шаппас. Себебі, жылқы жануар шөптің ең құнарлысын таңдап жейді де, судың тұнығын ғана ішеді. Сөйткен малдың сүті маңызды болмай қайтсын. Сен айтқан дәрумендердің бәрі сол сүттің құрамында бары даусыз. Оған көзім де жеткен. Жайлауда қымыз ішіп жүрген қазақтардың беттерінен қан тамғандай. Жігіттері тепсе темір үзеді. Қымыз бен жас ет, сары майды құртқа жағып жеген ел сенің картоп-мартобыңа, шөп-шаламыңа пысқырсын ба? –деп әзіл іліп, лекіте күліп алар еді. Күліп алған соң салмақты нысайға мініп:

- Ал енді мінез-құлқына келсек, бұл өте кеңпейіл халық. Қонақжайлығы өз алдына бір әңгіме. Маған салса, қазақтан өткен меймандос ұлт жоқ та шығар жер бетінде. Қай ауылға барсаң да дәм-тұзы әзір. Барын тосып жалпылдап жүгіріп жүргендері. Ақы сұрамақ түгілі қабақ шыту деген болсайшы. Бұл мінездері мені ұлық деп қорыққаннан емес, қандарына біткен әдет. Қайдағы бір сорлы қаңғыбас келсе де паналатады қазақ ауылы. Егерде бар ғой, жердің жүзінде тек қазақ қана тұрса, қалтаңда бір тиын болмай-ақ жердің шарын шарлап айналып өтуге болар еді. – деп, ауылдың мәртебесін мүлдем көтеріп жібереді.

Ал ағы, нағыз аксүйектер осы Прохоровтай болса керекті. Тектімін [illegible] кергіген жан емес. Бірнеше тіл біліп, оқымысты кісі болса [illegible] еш бұлдамайды. Керісінше бір сөзінде:

Сүйегі текті кей аристократтан, ниеті таза кара шаруа артық. [illegible] мол болса да, кей оқымыстының тоқу кабілеті олкы соғады. [illegible] тоқу кабілеті, яғни логикасы күшті карапайым шаруа кей [illegible] артық па дедім. Дәт беріктігі де солай. Кей аксүйек [illegible] ғанып өлуге таянса, жасып, жүнжіп калғанын талай көргенмін. [illegible] ірігі үпәд еңбекпен өткен карапайым кісі, өлімге де берік. [illegible] кірпік какпастан мойынсұнады-ау есіл шаруалар. – деп, тосын [illegible] ерді жайып салатын.

Сегізге мағынасы күңгір орыс сөздерін де жалыкпастан [illegible] ріп беретін. Әу баста танысканда-ак:

Баксам, киссаларды көп окыған көрінесің. Соның жөн. Қолға [illegible] кітапты оки бер, достым. Кітап деген ойға азык. Кітап [illegible] ының зердесі жетіле түспек. – деп, кеңес берген болатын.

Бір кызығы Сегізді баласынбай, тең иык адамша көреді әрдайым. [illegible] кабак аңғарғыш. Міне казір де кеуілдегі алғауды жазбай [illegible] ының көрмеймісің. Жок, сыр білдірмеу керек не кылса да! Бір [illegible] ктың күйігінен жүнжігенім бе. Еркек кіндіктіге лайык емес [illegible] коңілшектік.

Осы байлауға бекіп табактағы тәтті токашка кол созды. Тәбеті [illegible] шаласа да дәм тату керек. Нияз болса, манадан бері самса мен [illegible] ының бірталайын ауызға жөнелтіп те үлгіріпті. Иван Михайлович [illegible] ге зер сала үңіліп, үнсіз ғана жымиды. Жеткіншектің көңіл күйін [illegible] ірік түйсігімен әлдекашан ұккан болатын. Ішінен: - Е-е, достым, жер [illegible] ып пісіп калған көрінесің. Түрің келіспей отырғаның содан болар. [illegible] ы жок, баршамыз бұл сыннан өткеміз кезінде. Өгізге туған күн [illegible] ауға да туар демекші, жеткіншек жетіліп жігіт болмағы өмірдің заңы [illegible] деп түйіп, Сегіздің жеп бітуін күтпестен-ак сөйлей бастады.

Екеуінді окыс шакыртканым тегін емес, шырактарым. – деп сәл [illegible] ,
меймандардың назарын өзіне аударып алды. Үні әдеттегідей [illegible] ,
кескінінде салмак бар. Ендігі сөзім осал-оңтағай емес [illegible] ,
маңыздана жөткіріпіп койды да, кеңесін желілей берді.

- Қызмет бабымен мені Омбыға шакырып отыр, үкіметтің бір [illegible] ,
Сондағы тілмаштарды окытатын мектепте сабак бермекпін. [illegible] ,
ға жетік екенімді ескерсе керек. Мұсылман балаларын [illegible] ,
ша окытатын мектепке мұғалімдікке тағайындалдым. Бұл оқу [illegible] ,
дүнияуи пәндерді де береді, тілді де кең камти окытады. [illegible] ,
тері болашакта кеңсе тілмаштары болып шыкпак. Орысша [illegible] ,
сыз түгілі, тілдің өзін білетін казактардың каны жерге тамбай [illegible] ,
кез емес пе. Сондық, бұл оқу аса маңызды. Елдегі казак калаға

баласын жіберуге жоқ. Әлділер болпаштарын өз қасынан жіберуге қимаса, жарлылардың қолы қыска. Сен екеуіннің бүгінгі білімін болса, әрі оқып кетуге жарап-ақ тұр.

Омбыны айтсам, осы өңірдің ең ірі қаласы. Әскери оқуы да бар Онысына тек шонжарлардың тұқымынан, ия патшаға еңбек сіңірген әулеттен шәкірт алады деп есіткем. Жаңылмасам, Үәлихан төренің ұлы да сол оқуда.

Әскери гарнизоны, мешіті мен шіркеуі, оқу-ағарту ошақтары, қала берді «острог» деп аталатын абақтысы бар шаһар осал болсын ба. Сол шаһардың тұрмысын көріп, оқуын оқысаңдар өздеріңе мол олжа болар еді. Пәтер ақысын көтерер елің бар, құдайға шүкір. Сондық, қабырғаңмен кеңесіп ертең-ақ жауабынды бер, хұрматлу мырзалар. Оқушылардың тізіміне тіркеп қояйын осы бастан. – деп кеңесін сарықты.

Жүзіне салмақ жия сөз бастап еді, аяғында өңі жылып көзі күлім қақты. Тосын ұсынысын қалай қабылдар екен дегендей, қос жеткіншекке барлап қарап отыр. Бұл тақылеттес ұсыныс есітем деп, үш ұйықтаса түсіне де кірмейтін Нияз:

- Ойбұй, Омбы дегеніміз жердің түбі ғой! Туу Ертістің жағасындағы шаһар емес пе? Оған ат өксітіп жеткенше қайда! Тентіреп жүргендей астымыздан су шығып па? – деп, салған жерден ат-тонын ала қашты.

Сегіздің болса, керісінше өңі кірейін деді. - Омбы, оқу,- деген сөздерден бар түйгені, сол алыс шаһарға барып пәтерге тұру керектігі. Омбы барса Мүкәрамамен жүздеспей ме. Құдай тілекті берді десеңші, олай болса!

Осы ой санасында жарқ етуі мұң екен, еш кідірместен: - Барамыз, ағасы! Ертеңге карататын да ештеңке жоқ, жаза беріңіз тізімге. Айтқан жеріңізден табыламыз. Оқудың көптігі болған ба. Инемен қазған құдыққа теңейді екен оқуды қазақ. Сол білім құдығын бейнеттеніп қаза берейік те. Еріп барамыз соңыңыздан. – деп, нық жауаптасты.

Іле аң-таң қалған Ниязға енсе бұрып: - Ер жігітке серуен де серуен, сергелдең де серуен деген бар емес пе. Омбысын да Ертісін де көрейік. Шалғай болғанымен ол да өз жеріміз. Қиналмасақ, жер жұқартып жүрмесек жалын ұстатпас білім деген. Тәуекелге бел буайық та, тілімді алсаң. – деп қызбалана сөйледі.

Құрдастың көңілін қалдыратын Нияз бе екен. Бұл екеуі бір-бірінің сөзін жерде қалдырып көрген емес. Заматта құбылып еш кідірместен:

- Тәйірі, тәуекелден қашқан ба, еркек боп туғандар. Барсақ барайық. Алыс шаһардың дәмі-тұзын, Ертістің суын татып көрейік, бұйырса. – деп, оп-оңай келісе кетті.

Екатерина да манадан бері сұхбат барысына құлақ түріп отырған. Отағасы мен қос шәкірт қазақша сөйлессе де, ұзын ұрғасын ұға алды. Қазақшаға орысша жауап беретін дағдысымен:

[illegible] мінекей келістік. Ойдан шықтыңдар, шырақтарым. Сонау ит [illegible] жалғызсырамаспыз ендігі. Жаңа қоныска бауыр басқанша [illegible] Үйді сеніп қалдырсақ та, болмашыға жұмсасақ та қолқанат [illegible] Орі көз көрген, әрі сырмінез дегендей. – деп көкіректің [illegible] шыққандай, барқыт реңкті дауысымен бұл да пікір қосты.

Қолқанат – дегені үйдің уақ-түйек шаруасына қос құрдасты [illegible] ратынын еске алғаны. Онысын отағасыға да сездірмейді. Өзін [illegible] жеткіншектер сөзін жерде қалдырмайтынын біліп, [illegible] шақыртып алатыны бар. Көбінесе үй жиһазының орнын [illegible] рарда қолқа салатын. Қос шәкірт хабар келсе-ақ, салып ұрып [illegible] келеді ондайда. Салмағы зіл батпан киім шкафын жылжыту, [illegible] рымен капталған төрт кісілік жалпақ диванды өзге бөлмеге [illegible] сияқты жұмыстар аз боп па. Үй болған соң күйкі әрекетсіз [illegible] ма. Отағасы болса ондай-ондай күйбеңді жақтыра қоймайды. [illegible] ровтың еркіне салса, бос уақытын тек кітап ақтарумен өткізбек.

Қайтесің осы шіркіндерді қозғай беріп. Екеу болады деп пе ең. [illegible] сесе осы жиһаздың өзі артық. Тұра берсін де өз орнында. – деп, [illegible] жар бере қоймайды. Сол себептен кісіге ебі бар Катерина [illegible] жалынбай-ақ, қос шәкіртке қолқа салар еді. Құрдастар болса, [illegible] ондай үй жұмысын ойнап-күліп жүріп тындырып тастайды.

Қос жеткіншек оқу жөніндегі ұсынысты қошуақ көргеніне көзі [illegible] Прохоров көңілденейін деді. Шылым тұтатып, асықпай кең [illegible] сұхбаттасуға ыңғай танытуда. Бұл кейіпін Сегіз жақсы білетін. [illegible] та ұстазды сөйлетуге де құмар. Сананы мазалайтын сұрақтар көп [illegible] когам жайлы да, дүние жаратылысы жөнінде де білгісі келеді. [illegible] бір құмартатыны – Ресей мемлекетінің жай-жапсары. Қалада [illegible] орыс қауымымен етене араласып жүрген жайы бар. Кей [illegible] серіне таңыркаса, кей қылықтарын әлі күнге түсінбей де келеді. – [illegible] орыстың бәрі орыс – деп қазекең айдар тағып қойғанымен, бұл [illegible] лемнің іші бірыңғай емес, ала-құла екеніне көзі жеткен.

Мысалы мына отырған Катерина аукатты әулеттен шыкса да, [illegible] жағынан салыстырса Прохоровтан әлдеқайда төмен. Тәрбие [illegible] да олқылау сияқты. Әкесі саудагер көпес, арғы бабалары қара [illegible] болғаны сезілмейді емес. Сөйлеген сөзі де, жүріс-тұрысы да [illegible] найым халыққа жақын. Байырғы ақсүйек дворяндар кедейленіп, [illegible] гі құл шаруадан шыққан көпестер қайтып теңелгенін түсінбей-ақ [illegible] ды. Бір білмегі осы еді, енді міне оңтайлы сәтті пайдаланып [illegible] гі сауалды отағасыға жолдады.

– Иван Михайлович, бір ұқпағаным, алпауыт ақсүйектердің [illegible] ктен осы жаққа беттеуі? Ішкі Ресейде өз иелігінде қыстау мен [illegible] тері, жалшы-құлшылары бола тұра несіне көшеді, астынан су [illegible] ндай? Мысалы сіз сияқты білімі бар кісіге Ресейдегі ішкі қалада

қызмет табылмай ма. Қазақтың өз жері ғой бұл жақ. Ал енді орыс баласына ит аркасы киян емес пе? – деп, карай калды.

Сұрауын сұрағанымен сәл-пәл күдігі де жоқ емес. – Тігірек кеткенім жоқ па өзі? Көңіліне кіді алып калмасын. – деген оймен отыр.

Алайда, отағасы жайбарақат калпын бұза қойған жоқ. Керісінше шегір көзі күлім каға жымиып койды. Аз-мұз ойға калып үнсіз отырды да, шылымын құшырлана бір сорып сөйлей берді:

- Е-е, жаркыным, орыстың дворяндарын копарып кайтесің, өз аксүйектеріңді зерттесеңші әуелім. – деп мырс берді.

Әзілінде кекесін жоқ, кайта сұхбаттасына мейірлене карап отыр. – Алпауыт дворяндар шеттерінен білімді емес-ау, бауырым. Такыр кедейлері де баршылық. Мұрагерлеріне өз кыстаулары мен жерлерін тарата-тарата, бір-ак селен мен он шакты кара шаруа құлмен калғандары не сан. Ондайларға мұғалім мен гувернер тәрбиеші ұстау кайда. Жазуды таныған окумен ғана шектелетіндері де аз емес.

Сондайлардың бірі өзімнің әкем еді. Ата-баба мұрасынан жұрдай болып, осы калаға кызмет іздеп келіп еді маркұм. Амалсыздың күні дағы. Әйтпесе ата-мекенінен өз еркімен кім безер дейсің. – деп үнсіз калды. - Осы жауабыма канағаттанды ма? – дегендей Сегізге он кабағын кере көз тастап койды.

Қос жеткіншекпен дәл осылай кең отыра, әңгіме-дүкен құруды ұнатар еді. Қазак балаларымен катарласа өскен соң ба, жасөспірімдердің таза пейілдерін жактырған соң ба, әйтеуір сұхбаттасуға құштар. Бұл сапар да, -әлі де сұрарың бар ма? Ірікпесеңші кеуіліндегіні. – дегендей-ак, Сегізге сұраулы жүзбен карап отыр. Сегіздің де сауалы әзір екен. – Өз жаксыларыңды зерттесеңші алдымен. – деген сөзге ойланып калып, осы такырыпты тірілте:

- Біздің төрелерімізді айттыңыз-ау. Бұлардың жайы да өз басыма бұлдыр. Бір кездегі сағымға садак ілдірген Шыңғыс ханның ұрпактары азып бара ма калай. Өйтпесе кешегі хандык ыдырай ма. Абылайдың заманындағы біртұтас тәуелсіз хандык бодан болды осы күн. Төрелердің салмағы жокка тән. Мысалы, керейдің Есеней сынды көсемдері хан тұкымына сәлем де бермейді. Бұл сонда ненің салдары? Ресейдің озған түрі мынау болса, хандыктың күні әне-міне құрдымға кетпек.Сонда казактың мандайына ендігі жазылғаны бодандык кана ма? – деп, сұракты түйдегімен тастады.

Асылы, Прохоровты өзімсініп орыстығын ұмыта сөйлер еді. Қазактың тіліне жетік болған соң, әдет-ғұрпына да канык екеніне көзі әлдекашан жеткен. Ондай кісінің кайткен күнде казакка бүйрегі бұрады деп біледі. Онысы шындыкка жанасатын да. Осы күнгі коғам өмірінен де, тарихтан да мағлұматы бар ұстазы, өз ұлтына да сын тағудан тайынған емес. Дәл казір де өз пікірін іріккен жок. Жас меймандарына назарын кыдыртып өтіп:

Тереңге бойлап бара жатырсың ғой мүлде. Өздеріндей [illegible]шпектер ойын соғып жүрмес пе. Күрделі мәселеге бас қатырған [illegible] көрсемші. Қайтесіңдер миды ашытып? – деп қулана жымиды [illegible] ойлана отырып салмақты нысайға мінді. – Әлбетте, бодандық [illegible] еш ұлтқа тән емес. Нендей ұсақ ұлт болса да, тәуелсіздікке [illegible] бар. Бірақ қоғам дамуының заңы өзгеше болып тұр-ау, [illegible] білерім. – деп, ден қоя тыңдай қалған шәкірттерге назар көмді.

Бір кезде Шыңғыс хан көшпелі халықтарды біріктіріп алып [illegible]рия құрған екен. Бытырап жүрген тайпалар бір жеңнен қол бір [illegible] бас шығарып орталық билікке бағынған. Тұтас мемлекеттің [illegible] жұдырықтай мығым болары заңды да. Әйтсе де, хандықтың [illegible] тұсы – тақ атадан балаға ауысады. Ал енді ханның өз кіндігінен [illegible] мұрагерлері үнемі алғыр болып туа берсін бе. Жоқ әрине. Біреуі [illegible] болса, енді біреуінің ой өрісі тарлау келеді.

[illegible] сияқты Алтын орда хандары көрші елдердің күшейіп жатқанын [illegible], жағасы жайлауда қамсыз жүре берген. Қарын тоқтығына мәз [illegible] да. Бұл кеселдің үстіне таққа таласу деген дерт бар. Ханның [illegible]рлері көп қой қашанда. Әр қайсысының биліктен дәмесі бар. [illegible] кесірінен бір кіндіктен өрбіген ағайын өз ара қыркысып кан [illegible]. Сөйтіп барып, алып мемлекет азып-тозып бөлшектеніп бітті.

[illegible] бір заманда қазіргі Ресей Жошы хандығының бір ұлысы ғана [illegible]. Бүгінгі Мәскеу орда хандарына алым-салық төлеп тұрған. [illegible]дің княздері орда жарлық бермей - князь - деп атануға хақысы [illegible] еді. Орта ғысырлық шығыс тарихын тәптіштеп жазған, Рәшид [illegible] фазу Аллах әбду әл Хайр Хамадани деген оқымысты өткен [illegible]. Оның « Жамаат ат тауарих» деген еңбегі Еуропа [illegible]марына мәлім. Бұл кісі илхандарға үәзір болған соң, бар [illegible]ка қанық еді. Өзі ғұлама тәуіп те болса керек. Сол кісі тақ [illegible]ріндегі бәсекені де жазба еңбегінде атап өткен.

Сөйтіп Шыңғыс ханның ұрпақтары өз ара қидаласып жүргенде, [illegible] Самарқан жерінде Ақсақ Темір бас көтереді. Бұның тегі төре [illegible] төре тұқымына күйеу ғана екен. Демек, алтын тақтан үміті жоқ [illegible] жәйт. Хан атала алмай –әмір- болып өткені сол себептен. Әйтсе [illegible]рі ер жүрек, әрі кең ақыл Темір алмас қылыштың жүзімен өзіне [illegible] салады. Жол болғанда нағыз канды жол. Жан түршігер асқан [illegible]здікпен аты шығады Темірдің.

Жүз коянды бір арыстан бастаса, қояндар арыстанға айналады. Ал [illegible] жүз арыстанды бір коян бастаса, арыстандар қояннның кебін киеді. – [illegible] сөз бар шығыста. Осы нақылға сәйкес Мәуреннахрдың жасағын [illegible] Темір, бар сыбай мемлекеттерді бағындырып, ақыр түбінде [illegible]ламыс ханды да тақтан ығыстырады. Сол кезден бастап орда әлсірей [illegible]ді. Сарайшық, Сарай берке, Аштархан сынды шаһарлардың тоз-тозы [illegible]кан. Орданы күйреткен сыртқы жау емес, ішкі тайталас.

Темірдің де мемлекеті сол бағытпен кетті. Өзі өлген соң, ұрпақтары империясына ие бола алмай, бөлшектене береді. Осы күндегі Бұкара әмірлігі, Қокан, Хиуа хандықтары Темір империясының жұрнақтары ғана. Бұлар әрі ұсақ, әрі әлсіз. Не өндірісі жоқ, не заманға сай ғылым жетістіктері жоқ, меңіреу жаткан бір мемлекет сымақтар.

Бұлар да түбінде орыс қаруына тізе бүгер. Бұл күнде Азия құрлығына Британ мен Ресей патшалары тайталасып жүр. Британдықтар Үнді елін билеп-төстеп, Хиуаға да тұмсық сұғып ықпалын жүргізбек. Теріскей жақтан болса, Ресей мысықтабандап бара жатыр. Қазақ жері сол үлкен саясаттағы талас-тартыстың құрбандығы мәнзелдес. Дүние кезек, құрметтілерім. Бағзы-бағзы замандарда араб пен түркі тілдес ұлттар үстемдік құрса, енді еуропадан өнген нәсілдер басым түсуде. Себебі, ғылым жетістігі мен өндіріс дамуы сол батыс жақта. –

Прохоров кеңесінің осы тұсында сәл дамылдап, шылымының тұқылын күлсалғышка умаждай басып сөндірді де, жеткіншектерге қайта назар жықты.

– Солай, шырақтарым. Адамзат қауымының өрбу заңы осылай болып тұр, карап тұрсаң. Мықтылар әлсіздерді жұтып келеді екен ежелден-ақ. Жұтылмайын десең, мықтының заңына сай икемделе біл. Тәртібін мойындап тілін игер, өнерін үйрен. Өйтпесең қоғамның кемкоры болып қаласың. Сонау Америкадағы үндіс тайпалары ағылшындарға карсыласамыз деп жаппай қырғынға ұшырапты. Тірі калғандары ең бір құнарсыз өлкелерде өлместің күнін көруде. Қалтақ-құлтақ күн кешіп, шыкпаған жандары ғана жүр.

Бұларға карағанда, кайта Ресейге бағынған елдердің жайы біршама жақсы. Еділдегі калмақтардың бір парасы шоқынып, казачилердің әскерінің құрамына кіріп отыр осы күнде. Қазан татарлары орысшаны меңгеріп, өндіріс саласында белсене жұмыс істеуде. Татардан әлді саудагерлер де, кәсіпкерлер де шығып жатыр. Башқұрттар әскерге кісі бере бастады. Ертең Қокан мен Хиуаға жорык жасағанда калмақтан шыккан казачилер, татар-башқұрттан шыккан солдаттар орыс каруына колкабыс болары хак.

Өздерің сиякты жеткіншектер тілмаш оқуын меңгеріп орысша мен түркіні бірдей меңгерсе, ертең-ак кеңсенің бір кызметкері болмак. Надан көпшілікке заң тәртібін ұқтыру үшін кажет білікті кызметкерлер. Бұратана ұлттар былай тұрмак, орыстың кара шаруалары да шикі надан, біле білсек. Қара танитындары некен саяк. Аксүйектер мен кара шекпенділердің арасы тым алшак. Қатарласа өмір сүрсе де, кереғар жаткан екі әлем дерсің. Орыстың әскерін сол сауатсыз надан шаруалар құрайды. Бұларға басшылары:

- Сен ұлы халықтың өкілісің, бұратаналарды, басурмандарды жанши бер! – деп, дем беріп кояды.

Оқымаған, шикі надан қара шаруа қай бір саналы дейсің. Көсемдері айтқан салған соң, қорғансыз елдерге тізесін батырады да. Сонау Ошақ-ұрі еліндегі, Қап тауындағы бейбіт ауылдарға істемегендері жок. Сонау ыстықтыгездіктің салдарынан халықтардың арасында жаулық туды.

Орыстан жолдасың болса, қойныңда қайраулы қара балтаң болсын, – деп, казакка мәтел айткызған осы жаулық кой. Ал енді міне, ерінцдей зиялы жастар көбірек шыкса, бұл жаулық та тынар еді ғой. Түбінде. Сондық, окығандарың жөн, шырактарым. Баска ұлттың тілін жете білсең, сол ұлттың жан дүниесін, ділін ұғасың. Жан дүниесін, рухани әлемін танысаң, ол халыкпен жауласпайсың да.

Мысалы, мен қазақтың тілін біледі екенмін. Сырына да қанықтым. Кемшін тұстар, кертартпа әдеттер әр ұлтта баршылық қой ғой. Ойтсе де касиеттері басым кашанда. Қазақтың тіл байлығы ғажап. Фольклор, яғни халық әдебиеті ұшан теңіз. Сол әдеби мұраларда кешегі алып мемлекеттің ізі мен табы сайрап жатыр. Батырлар жау іздеп сапар шексе, ел шетіне жеткенше алты айлық жол жүретін. Сол мәліметтің өзі ап-айқын айғақ емес пе. Ғасырлар қойнауынан желі тартып келе жаткан тарихы бар милләт екен, казак болдық. Бұндай елдің болашағы жарқын болу керек, кайткен күнде. Түптің түбінде озбай коймас казак. Сол болашакка жеткізер ұрпақтың ерінцдей жас өркен, біле білсеңдер. – деп кеңесін тұжырды.

Шебізі қоңыр ғана, еш салтанатты реңксіз шыкса да, соңғы сөйлемнің салмағы зор екенін түйсінді сұхбаттастары. Екеуі де ойға қалды. Созылып бара жаткан үнсіздікті кенет Нияздың үні үркітті:

Ыбеке, сонда өзіңіз айткан Ресей мен Еуропа милләттары не себептен озып кетті? Шаһарлары көп десек, анау араб пен парсы да шаһарсыз емес. Өзбек ағайындарда болса Бұкара, Ташкен, Самарқан секілді әйгілі калалар бар. Бұлар кайтып дамымай калды? – деген сөзбен кірпігін кағып-кағып жіберіп, телміре калды.

Үйіне келгенде өзімсініп, ұстазды – Ыбекең- деп атай беретін. Профессор Прохоров бұнысын әбестік деп білмейді де. Керісінше, сұрақшы көп, жортакы казакы әзілді кош көріп, баз-базда кос мағыналы сөзбен түйреп те кояды. Бұл сапар тұтқиылдан қойылған сұрақка ілез жауап қайтара коймады. Ойланар сәттерде істейтін әдетімен оң беттегі бакенбардын каси түсіп, үнсіз отыр. Бұл мәселе жөнінде өз басы ой толғамаған сияқты. – Хм, хм, - деп басын шайкаңқырап койып, сәл таңыркағандай Ниязға көз жүгіртті де, баяулап барып сөйлей бастады.

- Қитұрқы сұракка шеберсіндер-ау, кос жүгірмек. Мен бір ғорнікел сәуегей болармын ба. Еуропасы түскірдің неліктен күрт ілгерілегенін итім білсін бе. – деп мырс беріп езу тартты да, іле ойсалды калпын кайта тапты.

– Алтын орданың Сарайшық, Астрахан сияқты шаһарларын әмір Темір күйретті кезінде. Дәуірлеп тұрған қалалар еді өз заманында. Анау Хиуа мен Самарқан өзге әлемнен тым алшақ, түкпірде жатыр. Сыртқы дүниемен аралас-құраласы жоқ болған соң, ғылым жетістіктерінен бейхабар. Кертартпа дін де етектен тартып тұр. Арабтың ғылымын, еркін ойын мұсылман діні басып тастаған о бір заманда.

Оған дейін арабтың математикасы мен астрономиясы әлем алдында болатын. Алгебра дегеніміз арабтың «әл джебр» деген сөзінен шыққан. «Әл таһир» деген жұлдыз аты сияқты, астрономияның не бір кестелері шығыстан шыққан. Әмір Темірдің немересі Ұлықбектің «Зижд» деген жұлдыз кестесін Еуропа ғылымы қолданып жүр. Сол Ұлықбектің түбіне жеткен клерикалдар еді. –Клерикал- дегеніміз дінді асыра қорғайтын әсіре діндарлар. Самарқандағы Ұлықбектің обсерваториясы заманында аспан әлемін зерттейтін ең озық ғылыми орталық болыпты. – Құдайдың аспанына шұқшию деген кешірілмес күнә. – деген айыппен зерттеу ошағын надан діндарлар күйретіп тынған. Сөйтіп шығыс ғылымының қанаты қырқылды.

Еуропа да оңа қойған жоқ бастапқыда. Галилей деген бір ғалымды –жер шары айналып тұр дегенің не сандырақ? – деген айыппен, дін қызметкерлері азапқа салған. Әйтсе де дами берді ғылым. Еуропаның бір ерекшелігі – мемлекеттердің арасы жақын, қалалар тығыз орналасқан. Қазақ сахарасындай алты айлық қашықтық жоқ.

Сол себептен жаңалық пен жетістік атаулы ілез тарайды. Бұлар шығыстан үйренгенді пайдаға асырып, өрбіте білді де ғылымды жаңа сатыға өрлетті. Ғылым алға басқан соң, өнеркәсіп те, өндіріс те дамыды Соның нәтижесінде қару-жарақтың жаңа түрлері шыға бастады. Білек күші жайына қалып, от қару басымдық құрды. Шоқпар көтерген еңгезердей батырды, мылтық ұстаған бір шибұт солдат жайратып салады жалғыз оқпен. Дөң асар зеңбіректің добы гүрс етсе, найза ұстаған сал аттылардың нөпірі тым-тырайқай қашып ыдырайды да кетеді.

Адамзатты хайуаннан артық қылған ақыл екенін білеміз. Сол ақыл-естің жетістіктері бір қоғамды өркендетіп, мешеу қауымнан оздырған әу бастан. Қорғасын оқты боратып келген Ресей, садақ қана тарта білетін қазақ әскерін ықтырғаны содан, шырақтарым. – Білекті бірді жықса, білімді мыңды жығады. – деп, өз қазағының айтқаны қайда. Сол себептен және бір ескертерім, замана пырағының жалына жармасам десең, оқу ізде, азаматтар. Оқудың үлкені болса, сонау Омбыда. – деп, кеңесін нығырта тұжырды.

Ден қоя тыңдаған қос шәкірт үнсіз. Прохоров және бір шылым тұтатып еді, Катерина сәл тыжырынып:

- Тарта бердің-ау темекіні. Мына балалар жөтелуге айналды әнекей. - деген сөзбен будақтаған түтінді серпе сейілтіп, ыдыс-аяқты жинай бастады.

Шынымен-ақ, көк түтін қолқасын қапқан Нияз жөтеліп жіберді. [illegible] жайғасқан Сегіз де әрең шыдап отыр. Әйтсе де ойы мүлде [illegible]. – Омбы- деген сөзді және бір мәрте есітуі мұң екен, [illegible] Мүкәраманың бейнесі көлең ете шыға келгені. Не сиқыры [illegible] Асқан сұлу дейтіндей әкетіп бара жаткан сұлулығы да жоқ. [illegible] болмаса, кәдуілгідей шикіл сары қыздардың бірі ғана. [illegible] тұра, көңілден кетпейтінін қайтерсің сол бір бейненің. [illegible] қайқы кірпікті нәркес көздер күлімдеп қарап тұр әнекей.

[illegible] бала, іздеп келмеймісің? – деп мыскылдай ма, қалай өзі. Бір [illegible] ұшқын шашып тұрғанын қайтерсің, сиқырлы жанары. Өзге [illegible] ұмыттырып, көз алдына қайта-қайта көлендей бергені несі осы?

[illegible] шомған Сегіз басын шайқап қойып, шылымын бұркырата [illegible] Прохоровка назар жықты. Жамағатының сөзін ескерген [illegible] терезе алдына барып, желдеткішті аша, түтінді тыска жіберіп [illegible] Нияз шынтағымен түртіп қабағымен есікті нұсқай ишара қылуда. Шығаймыз ба, көп отырып қалдық қой. – дегендей сыңайы бар.

Маған не көрінді осы? Көңілшектік жігітке жараспас. Бір көрген [illegible] кенің мысына арбалып қалғаным ба шынымен-ақ. Омбыға [illegible] оқу куып барармын. Оның өзін үй-ішімен ақылдасу керек әлі. [illegible] аукымының қаражаты көтере ме дегендей. Туу шаһарда [illegible] тұру деген оңай болып па. Пәтер ақысы бар, азық-түлігі бар, [illegible] шаш етектен болар бұл Омбының. Ағаларымды шығынға [illegible]ым ба сонда. Лепірген көңілін билей алмайтын желөкпеге [illegible]ым ба әлде. Жоқ, болмас! Әуелім үй ішіне хабар жіберейін. [illegible] деп тапса ғана барармын оқуына...

Осы ойға бекіп, орындықтан көтеріле Ниязға – шығайық- дегендей [illegible]ты. Осы ишараны манадан бері күтіп отырған досы екі айтқызған [illegible] Меймандос отбасымен қоштасып, сырт киімді желбегей іле сала [illegible] шыға берді құрдастар. Қыстың қыска күні баюға айналып, дала [illegible] көленке тарткан. Әйтсе де аппақ кардың әсерімен төңіректің сүреті [illegible]. Қолқа қабар темекі түтінді үйден шыңылтыр аязды ауаға [illegible], үһ деп демін кеңінен бір алды. Тымық ауа қымыздай жұтымды. [illegible] карды сықырлатып шағын ауладан шыға берді. Кең де биік [illegible] есігін сыртынан жауып қойған соң Ниязға көз тастады да:

Кеттік, біздікіне қона сал. Сонау шетке барып жүресің бе. [illegible] кеше қайда. Қас та қарайып барады әнекей. – деп жауабын [illegible] ақ, шынтағынан ұстай алып бастай берді.

Ниязды пәтері бұл үйден алысырақ болатын. Сегізсіз ішкен асы [illegible] сіңбейтін құрдасы сөзге де келместен ере берді. Ниязды бір [illegible] жаяу жүрсін, не салт жүрсін, дәйім ыңылдап

қапа әндетер еді. Топ ішінде болса үнін бәсең шығарады да, Сегіз [illegible] жүрсе естірте әуелетеді. Міне қазір де салған жерден « Екі

жиренге» басты. Дауысын тежей баяу ғана әуелетеді. Баяу шығарса да көше бойындағы ит біткен шабаландап қоя берді.

Кешкі қаланың көрінісі көңілсіздеу. Тұрғындар терезелерінің ағаш қақпақтарын тас қылып жауып алады да, аула қақпаларын бекітеді. Биіктігі қол ұсыным дуал, ия шарбақпен қоршалған аулалар кішігірім қамал дерсің. Әр қамалдың ішінде бір-бір абалаған төбет Қонақжай ауылдай емес, қас қарая қала тұрғындары бейсауатты үйінс маңайлатпайды да. Бейтаныс атаулыны қажыған жолаушы емес, қастық ойлаған кісәпір деп біледі қалалықтар. Сондық, тас қараңғы көшелер ымырт түсе-ақ тұнжырап көңілсіз қалады.

Әйтсе де оны елейтін қос жеткіншек емес. Шыныдай мөлдір, аязды ауаны көкірек кере жұтып, жіті адымдап келеді. Саптама етіктің табанымен тапталған ысқаяқ қар сықырлап, Нияздың лебізіне қосылғандай. Сам жамырап келеді, көше бойындағы жал-жал болып жатқан күртік қар ағаранда жолдан жаңылдырар емес Жасөспірімнің бойындағы бұла жігер, түнере қарауытқан тұнжыр үйлерді, салқын пиғыл жабық қақпаларды, өңешін жырта абалаған иттерді елесін бе. Бой сергітер аязда ширақ адымдап, түңгі аспанды жаңғырықтыра ән салғанға не жетсін, шіркін!

- Көшкенде жылқы айдаймын, аһоу, аламенен! – деп әуелеткен Нияздың үніне өз лебізін қосты Сегіз. Нияздың дауысы тас бұлақтың сыңғырындай естіліп тымық ауаны тілгілеп барады. Сегіздің дауысы қоңырлау шыққа да әуезі дәл үйлесіп құрдастың үнін әрлендіре түседі. Екі лебіз қосылғанда жібек тінімен барқытқа кесте салғандай әсер қалдырады. Қаланың тар көшесі ұмыт болып, қиял шарықтап кен жайлаудың төрінен бір-ақ шыққандай.

Бір мезет, о тоба, Мүкәрама қызалақтың бейнесі көлең етіп шыға келмесі бар ма. Бәсе, көңіл неліктен сейдін тартты десе, себеп бар екен-ау. Кенет сонау титтей кезінен етене таныс « Екі жиреннің» әуеніне және бір әуен ілесе бастағаны. Әлі анық естілмесе де, соны әуез екені айқын. Көз алдында Дос көлінің майда толқындары жағалаудың қайрақ құмын шөп-шөп сүйеді. Айдынның бетіне күн сәулесі шомылып көз ұялтқандай. Жайқын көлден ескен дымқыл леп бетті өбіп аймалай түседі. Осы көріністің бәріне әсер беріп тұрған әлдене емес, Мүкәрама қыздың бейнесі-ау.

Әсер болғанда теңдесі жоқ, ерекше бір әсер. Сол әсердің көңілді ғаламат бір шатыққа бөлейтінін қайтерсің. Бұл шаттықтың аты маһаббат-ау; адамзаттың бәріне ортақ сезім. Ортақ болғанымен көңілге берер әсері әр алуан. Қолы ісмер кісі шабыттанып бір ерекше әсем зат істейтін көрінеді. Сонау Үнді еліндегі Тәж-маһал сарайындай, ия болмаса Самарқандағы Қожа Ахметтің кесенесіндей. Ақын-жыраулар рухтанып ғашықтық дастан шығарады.

Мысалы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры сияқты ғажайып [illegible]. Әруағы қолдайтын әншілер көкіректен соны ән тудырар. [illegible] жылқы айдаған аты мәлімсіз өнерпаз жігіттей. Аты [illegible] әні қалды сол бір шаһбаздың. Ғашықтардың ұранындай [illegible] оқшау туынды. Атым қалсын-ау деп, еш өктемепті де есіл [illegible] Ейітсын қара басының қамын, бар ынтызары асық жары емес [illegible] бәсы түгілі, бар дүния ғаламды тәрк қылғандай күй кешкен [illegible] періште көңіл бозбас. Есі –дерті тек сүйген құрбысы болған [illegible] Ғалақтың қара көз қызы.

[illegible] қазір Сегіз де осындай күй кешіп келе жатыр-ау. Көңіл шат-[illegible]. Әншейінде түн баласында түксиіп жат көрінетін қаланың [illegible] момақан, меймандос секілді. Ішінен:

Ейітсын байғұстар, ел іші емес қой шаһар деген. Түн жамылып [illegible] кезбелер, ұры-қары төніп келуі мүмкін. Сақтық істеген [illegible] той. Әйтпегенде бұлар да қақпаларын тас бекітпес пе еді, [illegible] – деген оймен, қала тұрғындарын ақтап та келеді.

«Екі жиреннің» әуезімен қатарласа бір соны әуен естілгендей ме, [illegible]. Бұл да кең тынысты, туған даласындай шалқи түседі. Әлі [illegible] естілмесе де жобасы бар сияқты. Тұманды күні алыста көрініс [illegible] сұлбадай, әне-міне көзге ілінгелі тұр. – Сонда мен шынымен-[illegible] шығарам ба? Әлде шамам жетпей ме? – үміт пен шүбә аралас ой [illegible] өріп, көкірек тұсы шым етті. Әйтсе де жүрек толқығанымен, [illegible] әуен ұстататынына сенімді. Өйткені шабыттың себепкері тым [illegible] той. Сол себепкердің есімін күбірлеп қайта-қайта айта берді:

Мүкәрама, Мүкәш, сәулем, сәулешім! –

***

3 тарау

ОМБЫДАҒЫ ДӘУРЕН

1

Қантар айының орта тұсы, сиыр сәске әлеті. Күн шағырмақ ашық, шыңылтыр аяз бар. Лүп еткен жел болмаған соң, үскірік пәлен сезіле коймайды. Ертіс өзенінің көкше мұзының үстінде кара құрық кісі. Бүгін орыстардың шокыну ырымын жасайтын мезгіл. Бұл күні дені сау бар орыс біткен мұз ойыкка бір малынып шығуы шарт. Ертістің мұз көбесі ойылып, ойыктың екі жағынан ағаш сатылар түсіріледі. Кісінің кеудесінен келетін тереңдікте кос сатыға тактайлар салынады. Сатымен түскен кісі тактайды басып барып суды кешеді де, келесі сатымен шығады. Жолай суға басты малып, бір сүңгіп шығу міндет.

Шыңылтыр аяз күні мұздай суға күмп етіп түсу деген оңай іс емес әрине. Ак сүйектер мен аукаттылар жағы бұндай жанкештілікке бара коймайды. Ойыкка түсетіндерің дені кара бұкара. Әйелдер жағы іш көйлекшең, еркектер дамбалшаң, мойындарына жіппен ілінген кішкентай күміс ия жез крестері салбырап, күмп-күмп сүңгіп жатыр. Орыстың мерекесі ішімдіксіз болған ба. Оның үстіне какаған аязда мұздай суға түскенде, арақты сімірумен ғана жан сактайды халайык.

Ойыктың бір шетінде кауға сакалды, биік калпакты, өңірі жылтыр сары -ряса- деп аталатын колбаң кебенекті дін кызметкері поп тұр. Оң колында хош иісі бұркыраған - кадило- деп аталатын аспалы құрал. Сонысын бұлғап-бұлғап ойыктағы суға төндіреді. Төндірген соң су - киелі- болып есептеледі. Киелі су мұздай болса да, әр орыс баласына түспек парыз. Сондык, тұла бойы тоңазып тітіренсе де ойыкка шомылуға мәжбур діндар халайык.

Жексенбі күні таң атысымен-ак калың бұкараның ермек кылғаны осы касиетті дәстүр. Көк мұздың айдыны сәске туа кызык думанға айналады. Арак-шарап, тіске басар токаш пен түрлі тағам саткан сауда да осында, сырнай-керней тарткан, ән шыркаған сауык та осында. Ойыкка түсіп малшынып шыккан еркектер жағы апыл-күпыл сүртініп, ашшы суға басады-ай келіп. Шекесі жұкалау келетіндері артығырак сілтегенді көтере алмай, кылжактап күлап та жатады. Орыс кауымына бұл үйреншікті көрініс, сұлап жаткан еркегін катындар аркалап, үйді-үйлеріне әкетіп жүр.

Омбы каласының көпшілік жиналған жердегі бір ермегі – стенка на стенку- деп аталатын күш сынаскан жұдырыктасу. Қазакшаға аударса, – топтанған екі дай жұдырыктаскан төбелес- деген мағынаны білдіреді. Көше-көше болып бөлінетін жастар жағы, жиырма-отыздан сап құрап екі бөлініп тайталасады. Теке тірестің шарты – жалаң

[illegible] жұдырық сілтесу. Күрестің әдісі жүрмейді бұндайда. Тон мен [illegible] киімдерін шешіп тастаған жас-желең, құлаштап жұдырық [illegible]. Соққысы зілдірек тимекке шеңгеліне құйма қорғасын [illegible] бар. Қорғасын қысқан жұдырық тиген жерін [illegible] да. Құлақ шекелер қызыл қанға боялып, еріндер көнтие [illegible] көгеретіні де сондай соққының кесірі.

[illegible] түсетіндер негізінен мещандар мен казачилер. Қылыш [illegible] бейім казачилер жұдырықтасуға да мықты. Бір пергеннен [illegible] ердей еркекті ұшырып түсіретін қауметтілері бар, бұлар әдетте [illegible] топты шыдатпайды. Мещандар жағы өз шоғырына қол [illegible] шұғылданатын темір, ағаш ұсталарды тартып тұрыстық [illegible] бағар еді. Әсіресе темір ұсталары жұдырықтасуға мығым. [illegible] ендігі баланың басындай сом балғаны күн ұзақ сілтеген әлуетті [illegible] жұдырық боп тигенде жаман тиеді әрине.

[illegible]ітсе де бұндай әндемділер некен саяқ. Казачилер болса, дені [illegible]ческе епті. Ішінде жан адамға бой бермейтін атақтылары да [illegible]лық. Кейіңгі жылдары Яшка деген бір жас казачидің аты [illegible] жүр. Бұның әкесі Головин деген жүзбасы сонау Марал [illegible]ының жасағымен шайқаста қазаға ұшыраған. Бір мергеннің жебесі [illegible]қымынан қадалып, сол жарадан өлсе керек. Сол себептен болар, [illegible] кекілді, ширатпа мұрт Яшка қазақ атаулыға өлердей өш. Екі [illegible] кісі мінгендей еңгезердей жігіттің жасы жиырма бесте. Бұ[illegible]асы қатып, сүйегі жетілген нағыз дер шағы. Ысқаяқ сықпыты да [illegible] казачиге лайық. Тар маңдайының тасасындағы қалың қабақ [illegible] түксиюде. Тереңде жатқан шүңірек көздер кісіге сынай, міней [illegible] тұрғаны. Қайратының буына мас болып, анау-мынау кісіні [illegible] қоймайды. Сыйлайтыны тек шені жоғарылар. Әкесінің [illegible]імен әскери оқуды да бітіріп алған. Осы күні дәрежесі өсіп, бұл [illegible] басы шенін иеленіп жүр.

Бұл қалада жұдырықтасудан Яшка бір-ақ кісіден ығады. Ол [illegible] слободасында тұратын Ерема деген ұсақ саудагер сымақ. [illegible]мақ болғаны, ресми түрде саудамен айналыспайды, үйінен [illegible]пай-ақ жүргізеді алып-сатарлықты. Көбінесе сататыны – қолдан [illegible]ған «самогон» деген арақ пен темекі. Бұған қоса көр-жер бұйым [illegible]кізеді. Уақ ұрылардың заттарын сатудан да жиренген кісі емес. [illegible] қырықтың о жақ бұ жағында болар.

Жұрт Ерема деп атап кеткенімен бұл лақап аты. Шын ныспысы [illegible]рмақ, тегі татар. Татар болғанымен шоқынған татар. Мұсылмандық [illegible]рмақ туған тілін де қалпетімен ұмытқан бейбақ. Осы жасында [illegible]ақтыны да көріп шықты, ұрлаған заттармен сауда істегені үшін [illegible]ре де жеді, солай бола тұра мойымай келеді саппасың. – Еремаға [illegible] болмас, суға да батпайды отқа да күймейді. – деп, тәртіп [illegible]ақпысы урядник бұған әлдеқашан қол сілтеп те қойған.

Бір ерекшелігі, Ермақ ғұмыры киналып қара жұмыс істемеген. Темір ұсталар сияқты балға да көтермеген, әскери казачилердей қылыш та сілтеген кісі емес. Сөйте тұра, алып күш иесі. Бұл күші туа бітті табиғат сыйы. Дене бітімі де жалпы жұрттан бөлек. Бойы ортадан сәл ғана қалқыңқы болғанымен, денесі тым жуантық біткен. Шанамен су таситын кәдуілгі емен кеспек зәліттес. Сол быртық денесімен салыстырғанда қолдары тым ұзын. Сол әрі ұзын әрі сом қолдары шамадан тыс қайратты. Тіпті өрескел күшті десе де сиғандай. Қос шеңгелімен ұстай алып бұрап жіберсе, аттың тағасын майыстырып жібереді. Ол түгілі мұз оятын жуан сүйменді доғадай иіп мойынына орай салады. Бәс тігіп атан өгізді аркалап әкеткені де бар. Кісі сүзетін бұқаны сыңар мүйізінен ұстап жұлқып қалғанда, үйдей жануар шөкесінен түсіпті.

Бұндай сұрапыл қайратқа ие болсын дегені ме, жаратылыс ана Ермакка ұстамды мінез сыйлаған о баста. Жайшылықта аса сабырлы; тентектердің балағатын, тіпті жұдырықтап түйгіштеуін де қынқ етпестен көтере береді. Түйгіштеуді көтеретіні заңды да шығар, себебі жөпшенді кісінің жұдырығын елең де қылмайды. Тіпті шыбын шаккан құрлы көрмейді десе де, асыра айтқан еместей. Өзі ішімдік сатса да, тентек судан тата қоймайды. Оның себебі де бар.

Бұл бір мас болмасын, мас болса өз өзіне ие бола алмай кетеді. Анандай күш иесі еліріп долданса, тежей көр мықты болсаң. Топ кісі жабыла байлап-матап, бас-көзге төпелеп тепкілесе де, ертеңіне-ақ түк көрмегендей қунап шыға келетінін қайтерсің. Жөпшенді кісінің бұл көрген тепкіден бірі қалмай қабырғасы қақырар еді. Ермақ болса көгеріп іскен жерлерін елең қылмастан, ертеңіне басын жазып жүре береді.

Үнемі орысша шұлдірлесе де, сықпыты татыран қараның нағыз өзі. Қиғаш біткен көзі де қысық, ат жақты келген беті де табақтай. Тәу көрген кісі казакка ия калмакка ұқсатар еді. Сөйте тұра, мінез-құлқы шокындыларға бейім.

Осы Ермақ ара-тұра Ертіс мұзындағы жұдырықтасуға катысып жүреді. Өзіне салса, бұндай топырға мүлде барғысы жок. Бұны колкалап, коярда коймай ертетін мещандардың сорпа бетіне шығарлары. Сылдыр акшамен кызыктыра ма керек, алдап-сулап аракпен суара ма керек, әйтеуір лажын тауып текетіреске шығарады. Құж желке неме төбелеске бір шыкпасын, ал енді алда-жалда шыға калса жан шыдатпайды. Казачилердің тобына быкпырттай тиіп, о шеті мен бұ шетін көктей өтіп бүреді-ай келіп. Әдепкіде соккы жейтін мещандардың құдайы береді де калады ондай күні.

Алайда Ермақтың тайталаска килигуі тым сирек. Қажығандығы ма, кейіңгі екі-үш кыста мұз айдынында карасын көрсете койған жок. Есесіне Яшка Головин сайран салып жүр калың төбелес ішінде. Міне

[illegible] ие сеңсең тоншасын шешіп тастап, көйлекшең қалпы құлаштата [illegible]ырық сілтеуде. Алкызыл бәтес көйлегінің жаға тұсы ағытылып, [illegible] гүкті омырауы көрініп тұр. Елтірі папахтың астынан кира [illegible] шұбатыла шығып оң кабағын баскан. –Лампас – деп аталатын [illegible] жолакты шалбарының тізе тұсы баттаскан кан. Өз каны емес, [illegible] ісі жұдырығы жапырайткан карсыластардың шашырандысы. Оң [illegible] жұдырығы да канға боялған. Тағаланған опайке етігі жылтыр [illegible] кірш-кірш басып тайғанар емес. Өзіне қадалған жүздеген [illegible]лердің, айғай салған кошаметшілердің буына мастанып, қызыра [illegible] жүр. Ет қызуы бар, кылғытып жіберген бірер саптыаяк арағы [illegible], лязды мүлде елейтін емес. Өзіне тұрыстық берер иығы тең кісі [illegible] екеніне көзі жетіп насаттануда.

Бұл жұдырықтасудың өзіндік шарттары да бар. Күш сынасуға тек [illegible]-жеке шығады, жабылып сабауға жол жок. Құлап калған кісіні, [illegible] каша жөнелген кісіні қуа төмпештеуге және төбелес шарты [illegible]майды. Еш жерде жазылмағанымен, бұл бұлжымас қағида. Көкше мұз [illegible] күш сынаспакка шыккан талапкер, осы қағиданы ұстануы міндет. Шартты бұзған кісі екінші кайтара жұдырықтасуға катыса алмайды. [illegible], бар халайықтың назары осы текетіресте болатын әдетте.

Алда-жалда әлдебір тентек долы мінезге құрык беріп, құлап [illegible] карсыласты төмпештей бастаса, көрермен біткен улап-шулап [illegible] береді. Әдетте екі топтың төбелесін кызыктауға кыруар халык [illegible]ладатын. Ойыкка түсіп жаткандарға карағанда, бұл тұстың нөпірі [illegible]екайда калың...

Осы жүрттан сәл окшауырак үш жігіт тұр. Жетектерінде бір-бір [illegible]ртеулі ат. Екі аттың канжығасында жебе толы корамсак. Бұл тұрғандар [illegible] бен Нияз, үшінші бозбала пәтерде бірге тұратын Юлдаш деген [illegible]стері. Бұл жігіттің ұлты башкұрт, тілмаштарды әзірлейтін мектепте [illegible] дәріс алып жүр. Жасы Сегіздермен түйдей құрдас. Сегіздің жасы [illegible]кен жаз он жетіге толған. Мұрты тебіндеп келе жаткан бойшаң да [illegible]ырынды, кеудесі төстек, бітімді азамат болып жетілген. Қызыл [illegible]райлы құбакан өңінде эке каны мен ана каны да із калдырған сиякты. [illegible]ыз касы, кең маңдайы Баһрамды еске түсірсе, маңдайдан тік түскен [illegible] мұрыны, бедері көркем де анык сызылған еріндері, келісті иегі [illegible]сына тарткан. Аялы да есті көздер айнала дүнияға мейірлене карайды. [illegible]ып келгенде, тәу көрген кісі: - Осы бозбас окымысты молдаға [illegible]йды екен. Дәу де болса талай кітапты парактап көз майын тауыскан [illegible]. – деп, пікір түйер еді.

Бұған дәріс беріп жүрген Прохоров: - Саған сәлде кигізсе дәл [illegible]ыда өткен шығыстың ғұламаларына ұксар едің. Кешегі өткен [illegible]ыкбек, Әлішер Науаилардың кескіні осындай-ак болған шығар. [illegible]ятында интеллект, яғни зия, зерде тұнып тұр, бауырым. Бұған

қоса білек қайратың әлемет. Бұл өте сирек кездесетін құбылыс, біле білсек. Әдетте, сарылып кітап ақтаратын оқымыстылар қара күш жағына ұятты келеді. Сен болсаң әлің бір кісіге қаптал, шындасаң жөпшенді топ жігітке де бой бере қоймассың. Әкеңнің қайратын беріп, анаңның сыпайы сынық дидарын сыйлаған бұл тәңірінің шеберлігін қарай көр! – деп тамсанып бас шайқар еді де, Сегізге қуақылана назар көміп, - сенің жүзіне қарап, - оқумен сарылған әлжуаз – деп алданатын талай ұрыншақ, сотқарлар құрамай қабар әлі-ақ. Ұяң өңді молданың күш-қайраты қабыланмен алысқандай-ақ екенін қайдан білсін. – деп, әзіл ілер еді.

Бұл пікірі негізсіз емес еді. Жетіле келе тал бойын күш керней бастағанын әлдеқашан сезген болатын Сегіз. Қайратқа шыдай алмай күнде салт мініп қала сыртына шығады Нияз екеуі. Омбы шаһары Ом өзенінің Ертіске құйылар сағасында ірге тепкен. Қала Омның екі жағалауына да қанат жайып бара жатыр. Қос жағалаудың халқы ат көпір аркылы қатынайды. Омбы әу баста абақты ретінде салынған шағын қалашық болатын. «Острог» деп аталатын қамау орны бұл қалада ең бірінші болып салынған нысан. Ішкі Ресейден айдалып келген тұтқындар әлі де көп. Қаладағы қара жұмысты көбінесе солар атқарып жүр. Бұл күні болса Омбы едәуір дамып қалған. Шіркеуі, мешіті, оқу орындары, әскери күш орналасқан ғимараттары бар қала. Сауда-саттық орталығы, дүкендері, кірпіш құю зауыты сияқты кәсіпорындары баршылық.

Қаланың бір жағы мидай жазық дала болса, теріскей бетінде қарағайлы, теректі шұбар көсіліп жатыр. Ат жүгірткен жігіттер шоқ қарағайға барып садақ тартады. Нысана – қарағай мен шыршалардың білектей жуан бостандары. Қару сілтеуге де жаттығады. Ұнататын қарудың бірі – тебіңгінің қабатына тығып жүретін айбалта. Шебер қолда әрі жеңіл, әрі жойқын құрал. Және қала ішінде жүргенде елеусіз. Нияз екеуінің орман ішінде тығып қойған бір-бір найзалары да бар. Елсізге шығып алып, найза сілтеп күн ұзақ жалықпастан жаттығады-ай келіп. Бой кернеген бұла күшті саркудың амалы да. Бар пәрменімен шауып келе жатып, жердегі жетім құмалақты түйреп өтуді меңгеріп те алған осы күні.

Нияз да әндемді азамат болып бой тартып өсіп қалған. Дөңгелек келген қара торы өңіндегі қос жанары қуақы бір ұшқын шашып, дәйім күлімдеп тұрады. Мұрны сәл кертештеу болғанымен, ерге лайық бүркіт қабағы, алақандай дерлік аялы көздері, жазық маңдай, сөлді еріндерімен үйлесім таба біткен. Шүйдесі тоқпақтай жұмыр мойын, сом иық, шақпақ етті тұлғасы балуанға лайық. Сегіз асықпай баппен қимылдаса, бұл құрдасының қимыл-қозғалысы шалт. Жүріс-тұрысынан жастық жігер, бұла қайрат шиыршық атып тұр дерсің.

Сегіз екеуі бір-бір сәйгүлік баптап ұстайды. Сегіздің такымына [illegible] бозшұбар дөнен болса, Нияздікі ақ бакай торы. Екеуі де [illegible] соккан жүйрік. Бүгін де осы аттарын мініп шыккан беттері [illegible] Буларға ерген Юлдаштың аты пәлен бапты емес, ұзак жүріске [illegible] мәстек шатыс бір шобыр. Оған мән берген бозбас жок, [illegible] ластарына ілесе бүлкіл кағып тарта береді. Құрдастардың [illegible] дық жаттығуларын кызыға тамашалағаны болмаса, өзі катыса [illegible] майды. Бір себебі - көңілі сокпаса, екінші себеп – бітімі жұкалау. [illegible] бітіміне бола, үй іші бұны окуға да жөнелткен еді кезінде.

Шаруаға кыры келмес, калам ұстап несібесін тапсын бұл бала. – [illegible] экесі осы калаға аттандырған болатын. Өңі сопактау келген ак [illegible] жігіттің бір ерекшелігі, жасына карамай коюсакал-мұрт біткені. Бұйраланған коңыркай сакалы екі жакты камти, иекті куалай мұртымен тұтасады. Ортасы сәл дөңестеу келген жұка мұрынды, кой [illegible] бозбалаға бұл сакал-мұрты жарасып та тұр. Түрімді есейте [illegible] деген есеппен, Юлдаш сакалына ұстара тигізбей баптап [illegible] ды. Мінезі биязы, жүріс-тұрысы сыпайы бозбас, сері мінезді кос [illegible] сын мейілінше сыйлайды. Лепірме сөзге жок, жолдастыкка адал [illegible] ті Сегіз бен Нияз да салған жерден бауырына тартып, жұбын [illegible] дастан ертіп жүреді.

Дәл казір де жетегіндегі аттың шылбырын ұстап, Сегіздің сол [illegible] нда тұр Юлдаш. Екі көзі Яшкада. Еңгезердей жігіт жұдырык [illegible] ген сайын басын шайкай түсіп:

Мына жойыт жан шыдатпас. Бұ казачилер нағыз баскесерлер-ау. [illegible] бетін аулак кылсын, елсізде кез келсең оңдыртпас мынау итің. [illegible] күбірлей береді.

Сегіздің оң жағында тұрған Нияз болса: - Қазакка жат ғұрып не [illegible] болса да. Мұздай суға шомылмакка не сор түртті десеңші. Бет- [illegible] ды кан жоса кылып жұдырыктасу да ерсі. Күш сынасса күрес бар [illegible] мес пе. Тіс сынып мұрын жапырайса ашу-ыза тұтанбас деймісің. [illegible] корлыктың түбі кекке де ұласуы ғажап емес. Күш сынасу емес, [illegible] ды кекке апарар жол дағы мына төбелестері. Қарап тұрсам, соткар [illegible] халык па деймін осы орыстар. – деп масаң еркектердің құлаш [illegible] рып, бір-бірін түйгіштеп жүргеніне жактырмай карап тұрған.

Екеуі де ара-тұра Сегізге көз тастап кояды. Пікір білдірмес пе екен [illegible] ендей. Алайда боз шұбарды шылбырынан ұстап тұрған құрдастары [illegible] сіз. Сегіздің басында ак бүйра жеңіл тымак, иінінде етегі келте, шұға [illegible] ысты сеңсең тонша. Жарғак шалбардың балағын жуан коныш [illegible] маның ішіне жіберген. Салт жүргенде, күпі кабаттап калың [illegible] ңгенді ұната коймайтын. Қимыл-козғалысқа тарлык кылмайтын кең [illegible] тык осы тоншасы, ат үсті жүріске колайлы-ак.

Үндемей тұрғанның себебі, назары ығы-жығы жұдырыктасуда [illegible] панымен, ойы баска жакта. Қиял пырағы жүйрік кой, шіркін! Қас

қағым сәтте Мүкәраманың қасына жеткізетінін қайтерсің. Ахметқалидің қос қабатты үлкен үйі қаланың орталық жағында ірге тепкен. Мүкәрама үйден шықса қыс күймелі шана, жаз былқылдақ жұмсақ жүрісті фаэтонмен шығады. Сәтін салса салт жүрген Сегіз баяу жүрісті күймені қуып жетіп тілдесіп қалады. Қыздың қасында шешесі ия басқа үлкендер болса, сұхбаттасуға жол жоқ әрине.

Ондайда күйменің қасынан сар желдіріп өтіп, құрбымен көзбен ғана ұғысып қалатын. Соның өзі келесі дидарласқанға шейін жанға азық емес пе, шіркін! Мүкәраманың төңкере қарай қалған көзі, майда жымиысы, ұяң жүзі, жадта жаңғырғанына не жетсін. Ойлап тұрса, Омбыға келгелі оңаша бір де бір сөйлесе де алмапты екеуі. Тыска шықса-ақ қыздың қасында дәйім біреу болады да жүреді. Әдейі аңдытып қойды дерсің. Бәлкім әкесінің айласы болар. Бір кездескенде қасындағы немере сіңілісінің көзін ала бере:

- Әкей құптамай жүр екеуміздің таныстығымызды. Жалғыз жібермейтін себебі сол. Әйтсе де үмітсіз шайтан деген. Қапысын тауып бір шығармын. Хабаршым осы сіңілім болар. – деп көзі ойнақы, таңқы танау сары қызды қабағымен нұсқап қойған.

Бұрымы селтиген сіңілісінің ныспысы Шәйзат. Екеуінің арасындағы дәнекер осы бала. Талай хаттарды тасып еңбегі де сіңді. Сонысына еш сыйлық дәметсейші. Ауылдағы қызға жеңгесі арқылы сөз салып көрші. Пысықай жеңгесі орамал-шаршы тарту-таралғы тұрмақ, басындағы бөркің мен беліндегі белбеуді сыпырып алсын. Қаймыжық ерін, шағыр көз мына қызалақ болса мырс беріп, Мүкәраманың хатын ұсынады да, Сегіздікін алып зып еткізе жеңіне тыға қояды.

Сырға да берік. Әлі күнге шейін жан адамға осы құпия істерін сездірген емес. Сегіз хатты өлең сөзбен жолдаса, Мүкәрама да көбінесе бәйітпен жауап қайтарады. Сүйдім-күйдім деген сөз болған емес алысқан хаттарында. Әйтсе де оңаша жүздеспек бір арман бар қос жүректе. Соның өзі қайда жатыр десеңші. Сүйген қыздың оң қабағын, тәтті сырға толы лебізі мен хаттарын көңілге медет қылып жүр Сегіз. Бір қызығы, тән жақындығын атымен көксеген емес. Көксемек түгілі есіне де кіріп шықпапты, байыпқа салса. Сүю, құшу деген тінәмдай құмарлық болсайшы. –Мүкәш- деп еркелете атап, қаламмен сызып қойғандай қастарын қарлығаш қанатына, қабағын айға теңеп, жырға қосқаны болмаса, одан арғысын тілемепті де. Қыз да осы әдептілігін бағаласа керек, үнемі дидарласуды аңсайды да жүреді. Кейіңгі хатында:

- Жаз шығып жер аяғы кеңісін, серім. Шәйзатты ғана ертіп салт шығармын серуенге. Қала сыртына сонда барармыз. Қауышуға мүмкіндік те туар. – деп, дәмелендіріп қойғаны.

[illegible] сәлеммен қанаттанған Сегіз көктемді асыға күтуде. Алдағы [illegible] оқу да бітпек. Дәріс тәмәм болған соң: - Қайран қазақ даласы! – [illegible] мезі қылған шаһардан құтылмай ма? Сол мезгілде Мүкәштай [illegible] қызбен серт байласса, елге ертіп кетпес пе. Әкесі қиямпұрыстық [illegible] жүз жерде карсы тұрса да, пысқырғаны бар ма! Бауырынан [illegible] бір жорғаға Мүкәшты міңгізіп, Бозщұбарға қамшы басса, жетіп [illegible] Ахметқали абзи. Ел іші алтын бесік демекші, қаланың саудагеріне [illegible] ұстатып беруші ме еді жолдағы Атығай мен Қарауыл. [illegible]жардың шетіне іліксе, арғы жағы өз Керейі. Тек ат тұяғы аман [illegible]. Тәуекел етіп тас жұтпай ма асық жары үшін...

[illegible] шомған Сегіз тәтті қиялға беріліп жымиып қойды. Бұны [illegible] кезде Мүкәші – Серім- деп атағаны есіне түскені ғой. Онысы [illegible] емес. Өткен жылы осы қаланың қазағы наурызнама беріп, [illegible] тоқірегінде жиналмай ма. Ауқаттылар жағы мал сойып казан [illegible]. Наурыз көже бүлкілдеп қайнап жатыр. Ахметқали да үй [illegible] мал шалған. Жұрт абыр-сабыр, жастар жағы ән шырқауда. [illegible]ікті көрсе Нияздың арқасы қозып көтеріліп кететін әдеті [illegible] еді. Сол сапар да әнге басып кеп жіберсін. Өзге әншілердің [illegible]астар болмай қалып, Нияздың дауысы күмістей сыңғыр қақты. [illegible]нде бір жарықшақ болсайшы. Бар өкпеге салып әуелеткенде, [illegible] шаншылып бебеу қаққан бозторғай дерсің. Нияздың лебізін [illegible]кен Прохоровтың білімпаз әріптесі:

Аса таза тенор екен. Нендей шырқау биік дыбысты еш [illegible]ыссыз еркін алады сабазың. Нақысы да ерекше. Бір жаңылыс [illegible]кен тұсы жоқ, құлақ құрышың қанып кәдуілгідей ләззат аласың. – [illegible] ұқсаңыркағаны бар.

Сегіздің де әнін ден қоя тыңдап: - Бұл бір тамаша баритон екен. [illegible] баркыт реңкті үн. Бір ерекшелігі – дауыс құлашы өте кең. Жер [illegible]ып төмен дыбысқа салса тым қоңырлайды да, шырқап салып [illegible] өрлесе тенорға ұласа жаздайды. Үн диапазоны аса қарымды. [illegible] сирек кездесетін құбылыс бұл. Өз басым бұндай лебіз иесін тәу [illegible]үім. – деп, қошаметін асырған болатын.

Кейін Прохоров түсіндіргендей бұл әріптесі музыка маманы екен. [illegible] Петербордан арнайы шақырумен келсе керек.

Екеуінді көп мактады. Сырттан әндеріңді естіп – бұл бозбастар [illegible] жазбай жүрсе, бір опера театрына парапар болар ма дедім. [illegible]стік дарындары да бойларында тұнып тұр. Қара нөпір [illegible]лайықтың алдында еш қысылмастан жыр төпелеп берді. Қиссаның [illegible]шкерлерінің үніне салып жырлағандары нанымды-ақ. Туа бітті [illegible]рындар-ау осы бозбастар. Бұл екеуін өз елдері хан көтеріп [illegible]рметтер әлі-ак. – деп өзінше болжам да айтқан. – осы сөзді [illegible]кізген Прохоров, қуанышын жасырған жоқ.

Қиялға шомып, жадындағы өзіне ыстық көріністерді елестете, көзін жұмыңқырап тұрғанда, бүйірге түртіп қалған Нияздың шынтағы елең еткізді.

- Сақ бол, Сегіз, мына пәленің ойы бұзық болмағай! – деп, сақ еткен үні ілесе естілді.

Ойдан арылып Нияз нұсқаған жаққа қарай қалса, Яшка осы жаққа беттеп келеді екен. Сірә табан тіреп қарсы тұрар еркек кіндікті қалмаған соң, соктықпаққа кісі қара іздеген болар. Сегіздің бұл долбары іле шын да болып шықты. Яшканың қасындағы бір нөкері:

- Анау майтымақ бұратаналарға не жоқ десеңші? Орыс өзді-өзі каржасканды қызықтап тұр-ау жымыскы иттер. Қорамсақтағы садақ пен ағаш октарын көрдің бе? Осындай сұмдар емес пе біздің казачилерді тасадан ататын. – деп, құлағына төне пыш-пыштап келеді.

- Садақ – деген сөзді Яшканың есітуі мұң екен, жыны заматта қозып кетті. Әкесінің түбіне жеткен осы садақтың оғы ғой. Оқшауырақ тұрған үш бозбасты нысанаға алып, аршындай басып жақындап келеді. Тағалы ауыр етігі мұзға кірш-кірш қадалып э дегенше келіп те қалды. Қазақтың күреске нығыз келетінін бұрыннан білуші еді. Бір-екі мәрте белдескенде тізе бүгуге мәжбүр де болған. Сол әттегенайдың дәл қазір өшін алмақ. Арсаландап келген қалпы Ниязды иығынан нұқып қалып:

- Әй, малма тымақ, шық былай кәне! – деп, жуан дауысымен гүр етті.

Қызара бөрткен кескініне ызбар жиып алыпты. Алайған көздерінде менмендік бар. Өз қайратына насаттанып, әлгіндегі оңай жеңістердің буы онсыз да өр көкірек көңілін лепірте түскен. Мына қалың нөпір орыстың ішінде тұрған аз казақты мұқата алмаймын-ау деген күдіні атымен жоқ. Тышқанмен ойнаған мысықтай қорлай түспек.

Нияз ауызын да ашып үлгірген жоқ, кенет Яшканың канталаған көзі Сегізге түсті. Түсуі мұң екен, жыны одан сайын қозып ашуы және бұрқ етті. Бұның бір жек көретіні – зиялы қауым болатын. Аксүйек дворяндардан шыққандарға бергі жағымен жампаңдаса да, іштей жақтырған кісі емес. Жек көруі соншалық, тіпті атарға оғы жоқтай. Өзінен зердесі, тәрбиесі артық екенін ішкі түйсігімен сезуші еді. Өз басы канша тырбанса да, бұл қауымға өресі жете алмайтынын да сезбейді емес. Содан туған қызыл көре алмаушылыққа ұласкан. Мына қазақтың киіпатын дәл сол зиялы аксүйектерге ұқсатты. Сыпайы жүзінде мейірім тұнып тұрғандай, есті көзқарасы оқымысты қауымнан шыққандығын айғақтап тұр дерсің.

- Жалба тымақ казақтан да шірік интеллигенция шыкканы ма? Әлде ғұлама молдасымақ па екен мына шикі өкпе? – деген оймен лық еткен ашуы алкымына тірелді де, ауыздан балағат болып ақтарылды.

Садақты – орда - деп атаушы еді. Өзінше намыска тиіп қорлаған түрі. Оқ жолы да ежелгі машығына басып:

Ой, орда, шық жұдырықтасуға! Әйтпесе торайдай шыңғыртып [illegible]сіймін дәл казір. – деп, бақырып кеп жіберді.

Бұнысы ойыны емес екенін дәлелдеуге асыққандай-ак, Сегіздің [illegible]ласынан ұстай алып өзіне карай жұлкып кеп калды. Бұндай әбжіл [illegible]ды күтпеген жігіт ә дегенде аңырып калған. Тәтті киял заматта [illegible]тайып болып, өмірдің катыгез шындығы бар сүреңсіз сүретімен [illegible]рк берді. Яшка канша зәрін шаша балағат төккенімен еш [illegible]ржыған жок. Бір кісіге әлі каптал екеніне сенімі кәміл, несіне [illegible]лактасын. Ғұмыры жұдырықтасып көрмесе де, ашық аланкайға [illegible] басып шыға берді. Нияз:

Оу, мына есуас кайтеді? Тек тұрған кісіге тиісіп. – деп араша [illegible] еді, - сабыр, бауырым, мен-ак өзім. – деген сөзбен – килікпе! – [illegible]ндей ишарат жасап, Яшканың карсы алдына каския тұра калды.

Жұрт жаңадан бір кызык табылғанына мәз-мәйрам.

Мәссаған, Яшка анау бір малма тымакты жәукемдейін деп жатыр!

Өзіне де сол керек, түйесін бағып жүре бермей ме ми даласында.

Садағын өңгере келген сикын карай көр. Өзінше әскермен теке [illegible]ресіпек пе, сорлы басы? –

[illegible]еп мещандар жағы сөзді гулетсе, көп ішінде жүрген азынаулак [illegible]лактардың жаны ашып: -кап, жәбір көреді-ау мына бала. Қайдан [illegible] көзіне түсті екен мына есуастың? Өзі кыркын көгілдір жас екен.

Өлгі Сегіз бала емес пе бұл, әнін алты кырдан асырып жүрген? [illegible]шен иман төгілгендей сыпа ұл екен. –

Кім болса да арандап калды-ау, байғұс бала. Аюдай өңменденген [illegible]ланыпе не шак келсін? – деген дауыстар жан-жақтан жетіп жатыр.

Ойтсе де арашалап қалуға ағайынның батылы бармады. Қайдан [illegible]рсын, айнала анталаған калың орыс болса. Бөрі көргенде бірігіп [illegible]етін ауыл иттеріндей, казак бас көтерсе мещаны да кара [illegible]руалары да, көпестері де табыса калады. Әскери казачилер болсын-[illegible]ймасын бұратана біткенге өш.

Ниязды босатып Сегізге жармаса калған Головин мыктап [illegible]лескенін білген жок әрине. – Шірік интеллегент, мүләйім [illegible]ныысымак- деп менсінбеген сыпайы жүзді бозбас, әкесі Баһрам [illegible]нырға тартып туған ұл екенін кайдан білсін. Сегіз ғұмыры жұдырык [illegible]тпемесе де, жеткіншек кезінен балтаны ұршыкша үйіріп өскен. [illegible]ланған кайың дөңбектерді бір сілтегеннен-ак как айыратын. [illegible]ріп келе кылыш шабуды да меңгеріп алған. Былайғы кісі кос [illegible]лап кана көтеретін әкесінің семсерін жарк еткізіп, білектей талды [illegible]ып түсіреді. Садакты тартканда да әл-шама кажет. Бұл құлакка [illegible]ейін тартып апаратын адырнаны, жөпшенді жігіт әрі кетсе сынык [illegible]ұнем ғана тарта алады.

Сөйткен қайрат иесі оңайлықпен ықсын ба? Әсіресе қайратты батыл жүрек бастаса. Сегіздің бір қасиеті – жастығына қарамай мінезі аса орнықты. Жер қозғалса да берекесін қашырар ма екен. Сол табандылығына бағып бұл сапар да еш сасқалақтаған жоқ. Яшка бар күшін сарқа періп жібергенде, сол қолымен соққысын қағып үлгірді де:

- Мәссаған сыбаған! – деген сөзбен бұл да қойып қалды.

Соққысы мұнша сойқан болар ма? Соғым кезінде ту жылқының ортан жілігін бір қаққаннан қақ айыратын жұдырық Яшканы да оңдыртпады. Еңгезердей неме жалпасынан түсіп, қарақұсымен мұзға сарт ете жаман құлады. Қоқырайған папахасы сонадай ұшып кетіп ол жалп етті. Жұдырығына қысқан білем қорғасын жазылған уысынан түсіп ол кетті. Ауызы-мұрнынан бұрқ ете қан көрініп, сол жатқаннан тұра алсайшы.

Бұл тосын көрініс халайыққа қыс ішінде күн күркірегеннен бетер әсер еткендей болды. Бетіне жан келмейтін айбарлы жүзбасы сәт ішінде мүсәпірге айналғандай. Жұрт не дерін білмей аңырды да қалды. Өз көзіне өзі сенбегендей-ақ. Ғұмыры мұз үсті төбелеске қатыспаған, қайдағы бір қазақ бозбасы, жұдырықтасудың ең атақтысын қалпақтай ұшырды деген не сұмдық! Көпшілік осылай сең соққандай хал кешіп тұрғанда, оқиға желісі тым ілез өрби берген.

Бірер минут өтті ме өтпеді ме. ашық алаңқайды қоршаған қалың топтың ішінен бәз біреудің айқайы шықты:

- Ойбай, Ерема келе жатыр! Өзі қызу, болды қызық! -

Іле халайық екіге жарылып, ашық қалған тұстан аты-шулы Ереманың қорбаңдаған сұлбасы көріне берді. Аюдай мол денелі кісі балпаң басып бері таман келе жатыр. Кейін анықталғандай бұны мещандар жағы азғырып, Яшкаға қарсы шығаруға ертіп келген екен. Сірә амалын тапса керек, әншейінде ішімдіктен қашқақтайтын Ерема, бұл жолы тентек суды армансыз сілтесе керек.

- Ойбай, Ерема араққа сылқия тойып алыпты, қашыңдар! Қолға іліккенді мыжғылап өлтіреді! Қаш, қаш! – деп әлдебіреу шыңғыра айғалайған соң, халайық ығыса берді.

Ереманы сырттан естуші еді Сегіз. – Бұ шаһарда бұдан асқан алып жоқ. Жалаң қолмен-ақ сом темірді майыстыра береді. Қарсыласқанды қамырдай илейді. – деген қауесетке де қанық. Енді міне беттесуге де тура келді. Үш ұйықтаса түсіне де кірмес еді, бұндай жойытпен алысам деген ой.

Шынында да бітімі жат екен. Қазандай басын төртбақ денесіне жапсыра салған дерсің. Мойын омыртқа атымен жоқ сияқты. Кеудесі аяққаптай, бақандай қолдарының ұзындығы тізеге тиер-тимес. Салмағы түйенің жарты етіндей болып та қалар. Анандай алып денемен аязды елемей ме, әлде арақтың қызуы ма, киімі жұқа. Шолақ

[illegible] бешпет сымағының жоғарғы түймелері ағытылып, күп-күрең [illegible]ланаш омырауы көрініп тұр. Басында бір құлағын жымыра киген [illegible]ресіна құлакшын. Жыккан сиыр көздене алая карап, Сегізге назар [illegible]ды. – Жолымды кес-кестеген бұ кай жүрек жұтқан? – дегендей-[illegible] айран түсті көздері талаурап канталауға айналды.

Сегізді шынтағынан ұстай алған Нияз: - Мына доңызға дауа [illegible]мас. Бас аманда кетейік, бауырым. – деп, құлағына сыбыр [illegible]ірді. Лебізінде үрей жок емес.

Бар көпшіліктің назары Сегізде. Орыс жағы – бірің өліп, бірің [illegible] дегендей-ак әрі табалап, әрі кызык көріп караса, казак жағы:

Каш, туыскан, бұ хайуанмен кайтесің ызғысып? Пәледен [illegible]ілік кашыпты деген. Атка конып амалда! – деп, жаны ашып [illegible] салуда.

Ойлануға мұрша да жок, енді бірер сәттен соң Ереманың күректей [illegible]елі жағадан ала түспек. Жүрек аткактай жөнелсе де сабырын [illegible]ай білді Сегіз. – Жығылсам жер көтерер. Мына самсаған көз [illegible]ында ығысканым өлім емес пе? Орыстың көзінше казактың атына [illegible]сан келтірем бе? Нар тәуекел! – деген байлауға бекіп, Ниязға:

Саспа, бауырым, бұл нойыстың әуселесін байкайын мен. – деп, [illegible]ын шынтакпен кейін ысыра берді де, Еремаға таман кадам басты.

Ниязға сыр бермесе де, колка тұсы мұздап барады. Сөйтсе де тап [illegible]ен карсыласымен ұстаса кетті. Жан адамнан ығысуды білмейтін [illegible] Ерема сүзеген бұкаша төніп келді де, жігітті капсыра құшактай [illegible]ы. Яшка сияқты жұдырык та сілтеген жок, кәнігі балуандарша [illegible]ескен де жок, кара күшіне сеніп құшактаған калпы тек сыға [illegible]ді. Аюдай неменің каншалыкты әлуетті екеніне жігіттің көзі енді [illegible] жетті. Айла-тәсілге баспаса жаншылып тұншығары хак.

Ойтсе де жүрегін орнықтырып, әбігерге тізгін берген жок Сегіз. [illegible]арсыласпен колдары айкаскан соң-ак жүрек орнығайын деді. Өз [illegible]ратын шамаласа, құбыжыктай көрінген Еремаға төтеп [illegible]ерліктей. Қара күші жойкын болғанымен, күрестің айла-[illegible]сілдерінен хабары жок сияқты карсыласының. Қазакша күрестің [illegible]олса, омака астырар әдістері көп-ак. Сол тәсілдерді каршадай [illegible]інен-ак меңгеріп өскен ұл емес пе Сегіз.

- Е-е, төбелес емес, күреске бейімделген екенсің ғой. Ендеше [illegible]рестің көкесін танытайын саған бәлем. - деген оймен Ереманы [illegible]шкырынан ұстай көтеріп алды да, шыр көбелек айналдыра жамбаска [illegible]лып мұзға бір-ак сокты. Мұндай кайратты да шалт кимылды [illegible]шеген алып, төбесімен мұз сүзе гүрс ете түсіп, аяғы көктен келді. [illegible]ос колы әлі де болса Сегіздің жағасында. Оны елеген жігіт жок, [illegible]ынтағын Ереманың алкымына тіреп, бар күшімен басып кеп [illegible]берді. Бұндай кыспакты ғұмыры көрмеген дөй, сыр берейін деді.

Ауызы бақадай ашылып, көзі шарасынан шыға жаздап бақырайды да қалды. Сәлден соң қолдарынан әл кетіп сұлқ түсті. Сегіз болса, кеудесіне мінбелей баса берді. Қанша итжанды болғанымен, ұра берсе шайтан да өледі демекші, Ереманың мұрны мен құлағынан қан кетіп ауызынан көпіршіген көбік көрінді. Бір уақта:

- Босат, інішек, қазақ баласысың ғой. Мұсылмансың ғой. Татар туысқаның едім, есімім Ермақ. – деп жатық казақшамен жалынғаны. Үні қырылдай шықса да, сөзі анық естілді.

- Тәубәңа келдің бе? Осы сыбағаң да жетер. – деген сөзбен Сегіз дөйдің алқымын босатып түрекелді.

Қимылы жинақы, репеті сабырлы. Ерен әрекеттен қызарғаны болмаса, кескінінде абыржудың нышаны да жоқ, берекесін қашырмаған сыңайда. Қарсыласының ахуалы болса, керісінше мәз емес сияқты. Сегіз үстінен тұрғанымен, сең соққан нән жайындай ауызын кере ашып, ауаны жанталаса жұтумен әуре. Бетіне үңілген Нияз:

- Мына мұндар саппас үзіліп кетпегей өзі! Алқынған сықпыты жаман. Обадай болып бір қылкындырғанға шыдамағаны ма? – деп, таңыркай басын шайқап тұр.

Деміне нан піскен Яшканы ұрып жығып, шегінуді білмейтін теріс азу қабан мінез Ереманы алып соқса да, Сегіз түк көрмегендей-ақ сабырлы қалпын бұзар емес. Есесіне маңайындағы халайық дүр сілкінгендей өзен бойын басына көтерді. Қайдан жиналып қалғаны мәлімсіз, бір топ тымақты қазақ жан жағынан қаумалай, жігітті хан көтеріп әкетті.

- Уа, тусаң ту, азаматым! Сені тапқан анаңнан садаға кетейін, керейдің сарлағы!

- Омбының маңдай алды дырымбай бұзықтарын жусатып салғаныңа болайын!

- Ермақ сасқанынан қазақшалап тіл қатты-ау. Итің діні мен тілін ұмытпапты. – деген үндер жан-жақтан жетіп жатыр.

Қаракөл жұрын бөрікті, күміс кіселі бір отағасы Сегізді танып: - Бұл жігіт әлгі ән шырқаған Сегіз сері ғой. Әншілігіне қоса балуандығы да бар екен-ау. Міне бесаспап деп осыны айт! Сегіз қырлы бір сырлы шаһбаз дағы. – деп, қияқ мұртын ширатып тұр.

Қасындағы егделеу бір кісі Сегіз бен Ниязға алма кезек көз тастап: - Демек, сақ болыңдар, шырақтарым. Бұ казачи дегендер арамы халық. Кек сақтайды. Қала сыртына шықпағайсың, аңдып жүрер. Түн баласында үйден ұзамағандарың жөн. – деп, сақтық айтты.

Осы мезет топтың шетінен: - Шыңғыс төре, Шыңғыс төре! – деген дауыс саңқ етіп, қосамжарлана шыққан үндер дабыраны баса берді.

Сол-ақ екен күрең арғымақты шерттіре бастырып әскери киімді біреу көрінді. Киімі орыс офицерінікі болғанымен өңі казақ. Иығында

эполет, белінде қынапты қылыш, басында сұр түсті елтірі папах. Шықшытты, бүйрек бетті келген қара торы өңінде сұс бар. Атқа отырысы қаққан қазықтай тіп-тік. Күрең арғымақпен құйрық тістесе және бір бараң атты келеді. Офицердің нөкері болса керек, бұның ат-әбзелі де, мундирі де қарадүрсінділеу. Алшаң басқан атты топқа жақындата Шыңғыс төре:

- Уа, халайық, сәлем бердік, орта толсын! – деп, үнін саңқ еткізе есендесті. Лебізі өктем. Бұйрық беріп дағдыланған кісінің лебізі екені аңғарылып-ақ тұр.

- Өркенің өссін, ортамыздың олқысы болса өзіңмен толсын, тақсыр-еке! –деп, көпшілік жамыраса сәлем беріп жатыр.

Шыңғыс аттан түспестен Сегіз бен Ниязға назар қыдыртып: - Сегіз әнші қайсың боласың? – деп сауал тастады.

Өмілдірік-құйысканы жылтыр қайыс, әскери ерінің қапталы сары былғарыдан, мүсінді күрең ат тықыршып бір орнында тұрар емес. Басын қайта-қайта шұлғып, тағалы тұяғымен мұзды тарпып кірш-кірш ойып жатыр. Сегіз эполетті төренің паңсыған түрін жақтырмай ішінен: - Кекір екен-ау сабазың. – деп пікір түйіп те үлгірген. Әйтсе де әдеп сақтап:

- Сегіз деп атанғаным рас, ағасы. Әншілігім пәлендей емес, әншейін әуесім ғой. – деп, сыпайы ғана жауаптасты.

- Яшканы жыққан сенбісің? – Шыңғыс өз көзіне өзі сенбегендей шұқшия түсті. - Сықпытыңа қарасам, мүләйім молда пішіндісің. Мына түріңмен жұдырық сілтегеніне таңым бар да. –

Топ ішінен жарамсақтанған әлдебіреу: - Тақсыр мырза, бұл жігітіміз әлгінде анау дәу Ермақты да жер қаптырды. Он кісіге бой бермейтін заңғарды зәтте жуасытқаны сабаздың. Иланыңыз, өз көзімізбен көрдік. – деп, білгенін дәттеуге асықты.

Шыңғыс қабағын керіп, Сегіздің тұла бойын зерттегендей басынан аяғына дейін назар қыдыртып өтті. Таңырқағанын жасырған жоқ. Бітімді болғанымен жігіттің әлпеті ұяңдау сияқты. Мұрты жаңа тебіндеген елібінен уыз жастықтың лебі аңқып тұр дерсің. Бұған қарағанда қасындағы Нияздың қара торы, қалың қабақты, өткір көзді кескіні едәуір сақа көрінеді. Әйтсе де көпшілік жалған айтпайды әрине. Және әлгінде ғана казачилердің унтері бұған құлақ қағыс қылғаны бар.

- Анау жүзбасымыз оңбай таяқ жеді. Мұздағы төбелестен аулақ жүр деп талай ескерткен едім. Бір жап-жас бозбастан жығылыпты есер неме. Әлгі казақ жігіті тегін емес-ау деймін. Қаңғалақтап келген Ереманы да тәубесіне келтірсе керек. Қорамсақ толы жебесі бар сол бозбастың. Асылы, аңдуға алу керек білем. Анандай қайратпен садақ тартса оңдыртпас.– деп, көрген-білгенін тәптіштеп дәттеп берген.

Бұл хабарды құлағы шалған соң қызығып кетіп, аттың басын бұра келген беті еді Шыңғыстың. Ішінен: - Қазақтан ұл туса өзіндей-ақ

болсын. - Алаштың азаматы осы- деп ұялмай көрсететін жігіт екен. – деген пікір түйіп, Сегізге рай бере карады да: - Шын есімің бар ма еді, затың кай ел боласың? – деп сұрады.

Үні бастапкыдай емес, биязылау шыкты. Қодаң мінез ұлык емес, хал-ахуалды сұрап тұрған ел казағы сиякты.

- Азан шакырып койған ныспым Мұхаммед Қанапия еді, мырза. Сегіз деп жеңгелерім атап кеткен. Сол лакап желімдей жабысып калғаны да. Руым көшебе керей болады. – деп жауаптаскан Сегіз, өзеннің сонау төмен жағына көз тастады.

Бір бүйірінен нұкып Юлдаш та сол бетті ыммен нұскап тұр екен. Ат шанаға нән кеспекті арткан үш-төрт жаяу кісі суға кетіп бара жатса керек. Соңдарынан ілесе, салт келе жаткан бір мылтыкты солдат бар. Жаяу –жалпы келе жаткандардың жүрістері баяу, үстібастары жүдеу, аяк-колдарында кісен.

- Е-е, суға шыккан тұткындар ғой. Юлдаштың жакыны да осылардың ішінде болар. – деген оймен Шыңғыстың өзге сөзін күтпестен, үзенгіге аяк салды.

- Ал, ағасы, айыпка бұйырмассыз, тығыз шаруамыз бар еді. Бір көрген біліс, екі көрген таныс демекші, жаксымен жүздескенге бек куаныштымын. – деген сөзбен атка бір-ак карғып мінді.

Осы кимылын күткендей-ак, жігіттері де апыл-ғұпыл ерге конып алды. Шыңғыс -ә- деп ауыз ашканша бозбастар жөнеп те берді. Бастапкыда бұл кылыкты шам көрген төре намыстанып ашуға басайын деп еді. Алайда акылға жеңдіріп, лык етіп алкымға тірелген ашуды ауыздыктай білді де, ойға калды.

Мына топтағы өзге казактай жампаңдаған жок бұл бозбас. Жан адамға кеудесін бастырар емес-ау. Сымға тарткандай науша бойы анау. Жүзінен иман төгілгендей кияпаты анау. Әншілігінің үстіне балуандығы да бар. Мінезге де бай көрінеді. Біреуден имену түгілі ханға сәлем берер ме екен сабазың. Заты, есте болатын жігіт екен.

Осы корытындыға бекіген Шыңғыс өзге халайыкка назар да салмастан, атты шаужалай берді.

2

Абактының ат-шанасы су құйып алатын ойык едәуір кашык екен. Жігіттер жай бастырып жүрсе де ілби жылжыған шана діттеген жеріне жете коймаған. Сұр шинелді салт солдат бұларға адырая карай калды. – Бөтен ойлары жок па екен? – дегендей сүрепеті суык. Әйтсе де мойынындағы мылтығын козғаған жок. Қазакша киінген бозбастардың өңдері әрі жас әрі бейбіт көрінді ме екен, алая караса да жекіген жок.

Орыс атаулымен ілез тіл табысатын Нияз еді. Қалада тұрғалы орыс мұжығының мінезіне де үйренген болатын. Солдаттың дені кешегі

[illegible] шаруа мұжық емес пе. Бұлар қазақтай ұзын сөзді жақтырмайды [illegible] білмейді. Тым сыпайылықты да түсіне қоймайды. Сондық, Нияз-[illegible] салған жерден іске көшті. Ақбақайдың тізгінін ірке:

Оу, құрметтім, бір шиша мен тіске басар алып келіп едік. Анау [illegible]ндармен аз-мұз тілдестірсең еді. Ішінде бір жақынымыз бар. [illegible] жіп сияқты көр-жер берейік деп едік сорлыларға. Өзіңе де тарту-[illegible]ымыз әзір. – деген сөзбен солдаттың разылығын да күтпестен, [illegible]ржынынан шөлмекті шығара берді.

Бұл сынды ұсыныстан бас тарта қойған жоқ күзетші. Қабағын [illegible]рмегенсіп түсін жылыта қоймаса да, арақты алды. Ашшы суды теріс [illegible]ретіп орыс баласы болушы ма еді. Күннің ызғырығында бірер сапты [illegible] тартып жіберсең, құрысқан жерлерің жазылып арқаң кеңіп сала [illegible]рер. Жаурап келген болар, әлгі солдат ыдыс іздеп әуреленбей-ақ [illegible]шөлмектің тығынын суырып алып, ауызынан қылқылдата берді. [illegible]ойына тентек су тарай бастаған соң көңілденіп, жігіттерге, - бара [illegible]ріңдер туысқандарыңа, рұқсат. – дегендей-ақ ым қақты.

Юлдаш болса, онсыз-ақ туысканымен табысып сөйлесіп тұрған. [illegible]ған түскен жігіттер де қамаудағыларға жақындады. Юлдашдың [illegible]ысы орта жастағы адам көрінеді, қырықтың о жақ бұ жағында [illegible]лар. Бәкене бойлы, сопақ өңді кісінің сүрепеті өте жүдеу. Сақал-[illegible]ұрты өсіп кеткен өңінде қан-сөл жоқ. Қажыған түріне қарағанда, [illegible]бақтыдағы күнкөріс аса ауыр болса керек. Үстіндегі киім сымағы да [illegible]амау-жасқаудан сау-тамтығы жоқ сұрғылт шоқпыт. Аяқ-қолында [illegible]ан-ауыр темір кісен. Басындағы тозған телпегінің астынан ұйпаланған [illegible]шашы көрініп тұр. Абақтының тәртібі болса керек, бастың жартысын [illegible]үйкасын жылтырата ұстарамен қырып, екінші жартысындағы [illegible]шашты өсіріп қояды екен.

Сегіз ішінен: - Сорлыларды қашып кетер дей ме екен, зілдей [illegible]кісенді таққаны несі? Шашын да жартылай ғана алып, қорлаған [illegible]ұрлері ғой ұлық иттердің. Елден ала бөтен құбыжықтай көрініп [illegible]жүрсін деген есептері де. Мынадай үскірікте алба-жұлба киіммен жаурап жүр-ау міскіндер. Не деген қатыгездік десеңші! Бұ орыстың [illegible]абақтысы адам төзгісіз нағыз азап орыны-ау. – деген оймен үш [illegible]сотталғанға мүсіркей қарап тұр.

Кенет бір жұқа өңді, талдырмаш бойлысы: - Ассаламәлейкүм, [illegible]заматтар! – деп жап-жатық қазақшамен есендесті.

Сәл таңырқай назар аударып еді, жап-жас жігіт екен. Кескіні де [illegible]казаққа келеді. Орысша тіл қатпақ болып тұрған Сегіз қуана қалып:

- Оу, сен қазақ баласы ма едің? Есімің кім, қай туған боласың?- [illegible]деп әлгі жігітке қол кусырып сәлем берді. Нияз бен Юлдаш та [illegible]жағалай қол ұстасып амандасып шықты.

- Есімім - Әгіл, мына кісі ағам болады. Ұлтымыз ноғай, мекеніміз Қап тауы еді. – деп, жаңа таныстары жөнін ұқтырып жатыр.

Қою да жалпақ қастарының арасы қосыла біткендігі болмаса, сүрені нағыз казак. Ағасының жасы кырыктың маңайында болар. Ө кісінің мінезі тұйықтау болса керек, сөзге араласа қойған жок. Інісіне

- Алаңдамай сұхбаттаса бер, суды өзім құямын. – деп кыска ғана тіл катты да, шелекпен су тасуға кірісті.

Қамауда болса да інісіне камкор сиякты. Сұхбат үстінде Әгіл бір-екі мәрте көмектеспекке окталып еді, - кіріспе дедім ғой саған. Әңгімелесе бер жігіттермен. Менен калатын жұмыс емес бұл. – деп шелек ұстатпады.

Әгіл болса салдырлаған аккөңіл, сөзшең бозбас екен. Өзі он жетіге жаңа толыпты. – Қылкан кескендей жап-жас басыңмен сен кайтып жазыкты бола калдың үкіметке? Патшаның заңы сендей жасты да кісендей ме екен? – деген сұракка, күрсініп койып жауаптасты:

- Сол патшаның өзіне жазалы болғаным да. – деп бастап, әңгіменің тиегін ағыта берді. Сөзіне карағанда, Қап тауын мекендейтін елдер патша әсерімен соғысып жатса керек. Әгіл өз колына кару алмағанымен, ағасына еріп жүріпті. Бір кактығыста жараланған ағасын тастай алмай колға түседі. Тұткында жаралы ағасын күтеді. Орыс ұлығы: - Болса да өледі! – деп кол сілтегенімен, Әгіл жанын салып күткеннен бе, денсаулығының мыктылығы ма, әйтеуір аман калады ағасы.

- Ішкі құрылыска, ішек-карын өкпе-бауырға закым келмесе, кісі өле коймайды екен. – деп езу тарта өз корытындысын діттеген Әгіл, сылти басып жүрген ағасына көз тастап койды.

Әрі аксак, әрі жүдеу болса да сіңірлі ағасының кимылы ширак. Абактының азабын бір кісідей-ак тартып жүргенімен, оңайлыкпен болдыратын түрі жок. Жаны аман калған соң, үкімет ағасын абактыға жөнелтеді. – Сен де ереуілге тілектес болдың – деген желеумен Әгіл де камалады. Абактыдан кашкан бұл жок, жарадан әлсіреген ағасын сока басы жіберсін бе. Дәм айдап енді міне Омбыдан бір-ак шыкты.

- Қазактың сахарасы кең екен. Бұл жол кашан бітеді, мына көсілген даланың шеті-шегі бар ма? – деп айлап жүріп әрең жеттік-ау Ертіс жағасына. – деп майда жымиып, басын шайкап койды.

- Біз колға түскен шайкаста сегіз ағайынымыз шәйіт кетті. Ауыл талан-таражға түсті. Мешітіміздің ішіне дәрет сындырып ластап кетті-ау өңшең найсап. Абыройы төгілген кыз-келіншек каншама. Аракка тойып алған солдаттар ерігіп, кылышка іліккен бала-шағаны да кан жоса кылып кырды-ау. Қайта сол сұмдыкты көрместен баз кешкен ағаларым бакытты шығар. – деп, сөз аяғында кабағын түйіп койды.

Сегіз енді ғана аңғарды, өндірдей жас болғанымен, самайындағы бір тал шашы аппак екен Әгілдің. Зер сала үңілген кісіге жанарында тұнған мұң да аңғарылмай коймас еді. Езу тартып күлім каккан сәттерде де жанарындағы уайым табы еш айыкпайды.

[illegible] замандас, мына келте ғұмырында көрешекті көріп үлгірген [illegible]. – деген пікір түйіп, іштей аяп та кетті Сегіз.

[illegible] дәттеуінше Қап тауында тілі ұқсас туыскан ұлттар көп [illegible]. Өз ара сөйлескенде тілмашты кажет етпейді екен сол халық. Бар [illegible] тауының милләтарына ортақ тіл – ноғай тілі болып [illegible]. Сауда-саттық болсын, өзге қарым қатынас болсын, дүйім [illegible] ноғайша түсініседі екен. Жайылымы кең колатты жерлер де [illegible] ноғайдыкі, ия ноғайға туыс түркі тілдестердікі. Өзге елдер [illegible] қиын таулы-тасты өлкелерді мекендейді.

[illegible] заманда, он сан ноғай бүлгенде бөлініп бүйрек кеткен туыскан [illegible]. – деп Нияз өз пікірін косты. – О кезде татар, башқұрт, казағы [illegible] ызын, карақалпак пен өзбегің бар, ноғайлы болып атанған. Қап [illegible] білеп калған сол Ноғай ханның ұрпактары да.

Үш кісінің құшағы әрең жететін кеспекті суға толтырып болған [illegible] таптың туысканы да әңгімеге килікті:

Тауарихтан хабарың бар екен, бауырым. Қап тауынан бастау [illegible] Орал тауынан асып көсілген ұлан байтак Ноғайлы ұлысы [illegible]тын. Тұтас бір милләт едік. Бөлініп ыдырап кетті-ау әттең! Енді [illegible] кәпірдің төбеге шығып тайрандағаны мынау. Қырғанын кырып, [illegible] калғанын таңбалап тастағаны өңшең кәззаптың. Танауды [illegible]ірейте жұлып, құлакты отағанын көрмеймісің. – деп тістене тіл [illegible]ты да, басындағы жаман телпегін шешіп құлағын көрсетті.

Құлағы емес, жұрнағы екен. Екі құлағын шұнтитып кесіп тастапты. Танауы да атымен жок. Манадан бері үңірейген мұрынына бірер мәрте [illegible] тастаған Сегіз, себебін түсінбей тұрған еді. - Тумысынынан осылай [illegible] екен, әлде кісі колынан келген кеп пе? – деген оймен шұкшия [illegible]ңалуға ұялып, көзін тайдыра берген. Енді міне анықталғандай, [illegible]ктының жендеттері жасаған зорлықтың салдары екен.

- Бұған коса дүре де сокты ғой малғұндар. Солдаттарды екі сапка [illegible]ұрғызып, сол саптардың арасынан өткізеді. Әр солдаттың колында жуан таяк. Қадам баскан сайын, ту аркана әңгір таяғын ойнатсын келіп. Мүсіркеп салғырт сокса, өзі таяк жейді әлгі солдаттар. Бұ жазалауды бакылап тұратын ызбарлы әпесер.

Солдаттың ия сыкпыты, ия сүлесок кимылы жакпаса, сөзге келместен жактан тартып жібереді. Ит ашуын тырнадан алады демекші, мұндар солдат соккыға жығылған міскінге кол уытын төгеді-ай келіп. Таякка шыдамай жан тапсырғандар каншама. Көретін күнім бар екен әйтеуір, пәлен дүреден тірі калдым. – деп, Юлдаштың ағасы бастан кешкен таукыметін дәттеп берді.

Ені жалпак шанадағы ток бүйір кеспек суға лык толды. Шанаға жегілген шұбалаң құйрык мес карын шобыр, жүретін мезгілін

шамаласа керек, тықырши бастады. Шөлмекті орталап тастаған күзетші солдат та:

- Жетер енді, доғар сөзді! Бірталай сөйлестіндер, басым екеу емес, әйда қозғалыңдар! – деп, айғай салды.

Бозбастар әзірлеп әкелген азынаулақ сәлем-сауқатты қамаудағыларға табыс етуге асықты. Әгіл мен серіктері қойны-қоныштарына тыққыштап жатыр. Сегіз сәл ойланып Әгілдің құлағына еңкейді де:

- Көктем туа сені алып қашсақ қайтеді? Кетемісің бізбен? Қазақтың айһай жазысы кең ғой, шалғайдағы бір ауылға паналатармыз. - Өзі жақсы кісіге бір орын табылады- деген екен аталарымыз. Қабырғаңмен кеңесіп ойлана бер, ағаннан рұқсат сұра. – деп сыбырлады.

Тосын ұсыныстан бозбастың өңі ду ете қызарды. Қызға лайық ұзын кірпігін жыпықтатып: - Қайдам, ағам бар ғой. Оны қайтып тастап кетем кәпірдің тепкісіне. – деп, күмілжіңкірей тіл қатты.

Бұл кеңесті құлағы шалып қалған ағасы: - О не дегенің? Еш уайымдама. Мен асарымды асап жасарымды жасаған пақырмын. Балауса жас, сен аман құтыл мына тозақ орнынан. Мүмкіндік болса, қаш та сіңіп кет қазаққа. О да туысқан ел. – деп, дем бере сөйледі.

Ағасының лебізі нық, бауыры үшін отқа да суға да түспек тәрізі бар... Солдат жаққа күдіктене көз тастаған Нияз:

- Байқап сөйлеңдер, мына масаң неменің басы жарық болмағай. - деп сақтық айтты.

Онысына Юлдаштың сетік танау ағасы: - Жоға, бұл итің тіл ұқпас тас кереңнің нағыз өзі. Қазақшадан хабары бар анау казачилер ғой. Мына собал сонау іш жақтың орысы. Жөндеп атқа да отыра алмайды. Жаяу-жалпы соқа айдап өскен қара шекпен дағы. – деп, кекете езу тартты.

Қош айтысып, ат-шананы сырылдата жүргізе кісенді міскіндер кете барды. Шоқпыт киімді жүдеу ғаріптерді көзбен ұзатқан бозбастар үнсіз. Ойға шомған Сегіз Әгіл жөнінде бір пікірге бекініп те үлгірген. - Бұ бейбақты тағдыр бізбен тоқайластырған екен. Заманы бір құрдас көрінеді. Сонау Қап тауындағы қандас елдің көдегі. Мені іздеген қазақ туысқандар бар екен-ау, қабырғасы қайысады екен-ау, деп өркештеніп қалсын есіл замандас. – деген оймен, күзетші солдатқа сынай көз тастады.

Бойындағы қаруы мылтық қана. Жанамалай келіп бас салса, мылтығын кезеп те үлгірмес. Ия болмаса бұғалық тастап аттан түсіру керек. Әйтеуір қолдан келмес іс емес. Белі берік бір жүйрік атты жетекке алып Әгілге тартады да, ел жаққа жөнеп бермей ме. Кісеннің айласы да оңай. Әкеден қалған асыл құрыш ара бар еді ауылда. Ұсақ та жиі тістерінің каттылығы түрпідей. Өзі қонышқа сиятын шағын ғана. Сол араны алдыру керек. Кісеннің шегесін кессе болды.

жүрсауын колмен-ак бұрап жазып жіберермін. Қаладан ұзап алған соң, бір ағашка бекініп Әгілдің шашына ұстара тигізіп киімін өзгертерміз. Тайсалмай әрекет кылсак, іске аспайтын жоспар емес шығ. Ендеше нар тәуекел! Тек баһар туып жер аяғы кеңісін. Қар кеткен соң тек сәтін тосу керек.

Осы байлауға бекіген Сегіз, бозшұбардың шоктығына кол арта берді Нияза еңсе бұрды да: - Ал кеттік, жігіттер. Жол-жөнекей бір ыңғдасар шаруа болып тұрғаны. – деп аяғын үзеңгіге тигізер-тигізбестен, атка ырғып міниі алды.

Манадан бері мұз тарпып тұрған шұбар окыранып жіберіп, билей бастап жөнелді. Бір орында тұрып калған Сегіз тоңазыганын енді ғана ұмытарды. Шұбардың омырауы мен кекілі калың кырау. Жез шылбырмен бекітілген былғары көпшік те мұздап калыпты. Әйтсе де сокталы да сауырлы дөненнің бойынан кызу леп есіп такымы жылына бастады. Салт жүрген кісі тоңбайтынын кайтып білмесін. Мұзға кірш-ширш кадалған тағалы тұяктың дыбысына сүйсіне құлак түрып, тағынды сәл босата берді. Нияз да тебіне калып катарласты да:

- Ия, шерте бер кеңесінді. Не сөз еді? – деп, сәл калыңкы келе жатқан Юлдашка көз тастап койды.

- Айтсам, мына Әгілдің жайын уайым кылғаным да. Қыркын көгілдір жас-жас басымен анандай кепке душар болыпты. Сонда не дүние өзгертірді десеңші, жазған басы. Бар айыбы ағаларына ергені ме? – шамағының маңдайын камшының сабымен көтеріңкіреп койған Сегіз, үзеңгілесіне назар кыдыртып өтті. Бұл сөзім не әсер етті екен дегендей. – Осы замандасты құткарып алуға калайсың, таксыр еке? Күзетшісін шоңкайтып, міскінді ала кашсак. Көзін жаутаңдатып койғанымыз ба, кактанға түскен көжектей кылып? Осыған не дер едің? –

Үш құрдас әзіл іліп, бір-бірін – мырза, шора, таксыр, - деп атай берер еді. Тосын ұсынысты есіткен Нияз үндей коймады. Басы кантырак торының тізгінін кос колдап тартып, ойланып келеді. Жаңағы ұсыныстың арты неге апарып соғарын ой безбеніне салғанға ұксайды. Абақтыдан кашканды каланың атты әскері, яғни казачилер ұстайтіні бұл жастарға мәлім. Төңіректегі орман біткенді сүзіп шіміскілеп, елді-мекендерді тінтіп астын үстіне шығарады әдетте.

Ұстамай коймайды да. Патшаның құрығы ұзын екенін білмейді емес бозбастар. Алдыңғы жылы кашып шыккан бір москал орысты казачилер бүкіл каланы тінтіп ұстап алған. Қашканды паналаткан жанашыры да істі болып жауапка тартылды. Сондық, Сегіздің ұсынысы аса катерлі іс, тіпті бас кететін әрекет екенін түйсініп келеді үзеңгілестері. Сактык ойлаған салдарлы кісі, өлсе де баспайтын жол екенін кайтып білмесін. Әйтсе де Нияздың жауабы өзгеше шыкты.

- Ер киналар, ат бұланар кезең десеңші әлгі айтканыңды. Ер жігітке серуен де серуен, сергелдең де серуен демеп пе еді атам

қазақ? Көзін жаутаңдатып кәпірдің қорлығында қалдырғанымыз ба құрдасты? Торғай екеш торғай да бұта түбін паналар. Бұта құрлы болмағанымыз ба? Бір аллаға сыйынып байладық белді тәуекелге! – деп нығырта тұжырып, жез мойнақ тобылғы саптымен өз қонышын салып кеп жіберді.

Ақ бақай торы оқыс қимылға елегізіп ытырыла жөнелмек еді, тізгінді қос қолдап ұстап алған жігіт еркіне жібермеді. Досының әлгіндей жауабына кеуілі толған Сегіз езу тартып, Юлдашқа да көз тастап қойды. Бірақ бұл үзеңгілестің пікірін сұраған жоқ. Оның себебі де бар. Нәтижесі бұлдыр, аяғы неге әкеліп соғары белгісіз қатерлі іске араластырғысы келмейді бұл досты. Екі талай күн туса Нияз екеуі ел ішіне сіңіп те кетер. Патша құрығы жете қоймаған қазақ жерлері баршылық қой әлі, құдайға шүкір. Юлдашты болса туған-туысқандары тосып отыр сонау ата-мекенінде. Баламыз оқу бітіріп бір үйлі жанды асырауға септігін тигізер деп үміт етуде. Олай болса шетін сапарға қайтып ертпек бұл жігітті.

– Ала кетіңдер! – деп қолқа салған күнде де, көңілін қайтаруға тура келер.

Нақты байламға келген Сегіз көңілденейін деді. Қан-сөлсіз жүдеу жүз Әгілдің бейнесі көз алдында көлеңдеп тұрып алғаны. Қызға лайық қайқы кірпік аялы көздері құдды інісі Қуаныштікіндей. Шынтуайтқа келгенде еш жазығы болсайшы сол бозбастың. Басқыншы жауға қарсы тұрғаны қайта ерлік емей немене. Бұндай жігітке қол ұшын беру деген, парыз емес пе әрі беріден соң. Әлгінде ғана – қолдан келер қайран қайсы? – дегендей болып тығырыққа тірелгендей болып еді.

Енді міне Нияз құп алды игі бастаманы. Бұл досы қол ұшын берсе алынбас қамал болар ма екен. Әрі ер, әрі епті құрдасының тау-тастан қайтпайтын батылдығын біреу білсе Сегіз білер. Айтпақшы ән де шығарып жүр кейінгі кезде өнерлі құрдасы. Сегіздің өз басы көңіл түкпірінде жатқан әуезді әлі күнге анық ұстай алмай жүрсе, үзеңгілес досы бірер ән шығарып та үлгірген. Оны – өзімдікі- деп жар салған да емес. Мақтан, менменсу дегенді сұқаны сүймейді-ақ. – Елдегі жас-желең шырқай берсін, қайтем иемденіп? Ұмытылмай, көпшіліктің әжетіне жараса болғаны да. – деп, өзі шығарған әнді еш қызғансайшы.

Нияздың ұнатқан қыз-қырқыны да көп-ақ. Ел жаққа барған сайын ғашық болып келеді әйтеуір. Соңғы бір барғанда: - Пай-пай шіркін, Сұлушаштың келімдісін-ай! Сұлушаш десе дегендей. Шаштарын жуып тарқатып жіберіп тарағанда бар ғой, бойы көміліп көрінбей кетеді, илансаң. Ондай да қалың шаш бола береді екен-ау. Біреу айтса, ия сенер ия сенбес едім. Өз көзіммен көрген соң, есім кете гажап болғаным. Әрі жібек талындай мап-майда, әрі қоп-қою нағыз қолаң шаш. Өзі бар ғой,

[illegible] кербезі. Әлгі шашын қиық сәскеге дейін тарағыштай [illegible] кайтерсің. Жалықпайды да, іші де пыспайды да екен-ау бұ[illegible]! – деп, ауызының суы құрып мадақтасын.

Шашын тараганын тамашалап көріп келген, сен де сау сиырдың [illegible] емессің-ау, жігітім. – деп Сегіз әзіл ілер еді. – Қыз атаулы [illegible] оңашада баптар болар. Құдай біледі сол шүйкебастың [illegible]нынан шыққан немесің сен. – деп, әдейі сөйлетер еді құрдасын.

Ойбай атама! Мыңды айдаған дүмдінің баласы ол. Басы да [illegible]рмаулы әлдекашан. Қайын жұрты да шіріген бай. Шонжарға [illegible]ғып өле алмай жүрмін бе? Ажалды карға бүркітпен ойнар [illegible]мекші, пәлесінен аулак. Менікі әншейін көз сату ғой. – деп, азар да [illegible]р болады жолдасы.

Қалай да болса әнге қосып жүр сол Сұлушашын. Әнінің әуезі [illegible] кәдуілгідей көңіл тербетеді. Биік те ашық дауысымен салғанда [illegible]р құлақтың құрышын қандырады...

Ой жетегіне ерген Сегізді аттың пысқырып тізгін сүзгені елең [illegible]ді. Мұздан жағалауға тұяқ іліктірген Бозшұбар жүріс тілеп [illegible]еді. Алдында аппақ қар жамылған жазық дала, сонадайда кала [illegible] үйлері карауытып тұр. Енді ғана аңғарды, шеткі көшемен күймелі [illegible] жүріп бара жатыр. Жеккені қылаң жылқы. Мүкәраманың [illegible]ймесі емес пе екен? Нобайы келіңкірейтін сияқты. Үзеңігіде [illegible]теріле беріп жігіттерге көз тастады да:

- Ал жіберейік аттың басын! Мына көкше мұз жүргізбей титықтатты [illegible]ой әбден. Сонау шананы басып озбай болмас тегі. – деп, такымын [illegible]сыңқырап тізгін қақты да, - оу, Нияз, жіберші әніңді бір! Орыстың [illegible]ойыкка шомылуы мен кызыл тұмсық төбелесі кеуілді пәсейтіп жіберді-[illegible]у мүлдем. Аңыратшы анау «Ой көгіңді», ауыл еске түсер ме екен. – [illegible]деп бар денесімен бұрыла, көтеріңкі леппен саңқылдай тіл катты.

Қашайын деп тұрған коянға шәйт деген соң не жорык демекші, [illegible]сыз да әні ішіне сыймай келе жатса керек, жолдасы екі айтқызбады.

- Несі бар? Маржалар мен тік аяк пысықайларды таңырқатайық [illegible]ір. Орыс екең арак ішсе ғана әнге басушы еді. Қылжақтап жүріп [illegible]ңеш созғанның несі сән? Салауатты сахараның әнін есітсін де. – [illegible]деген сөзбен тамағын кенеп алып, аңырата жөнелді:

Ак үйден бір кыз шықты көзі күлген,
Үстінде дүрия көйлек шаймен бүрген.
Сол кыздың сұлулығын мен айтайын,
Шаштарын он күн тарап бес күн өрген.

Қуатты үн күмістей сыңғыр қағып төңірекке толқын-толқын жайылып барады. Ак кебін жамылған меңіреу өлке әуезге бөленіп, заматта тіріле калғандай. Юлдаш ән салу жағына ұяттылау болатын. Есесіне қайырмасына Сегіз қосылып, барқыт үн мен күміс лебіз жараса әуеледі.

Ой көк, илигай көк.
Ой көкем, япырмай,
Жастық дәурен өтеді-ай.

3

Әскери кенсенің кабылдау бөлмесі кең де жарық. Есік алдында мылтықты, қылышты кос күзетші какшия тұр. Табалдырықтан аттай берген Сегізге кабағы түксиген біреуі көзін кадап:

- Сені кім шакырды? – деп, ызбарлана тіл катты.

- Прохоров жіберіп еді. Тура сағат он бірде бар деген. –

- Ә-ә, Иван Михайлович па? Сен тілмаш боларсың. Баһрам ұлы Мұхаммедпісің? – колындағы кағазға көз жіберген күзетші, райлана калды.

- Дәл өзімін, дөп бастың. – бөлме ішіне ене берген Сегіз, енді кайда барайын дегендей жан-жағына назар кыдыртты.

- Тоса тұр, адъютант өзі шакырар. – деп, әлгі жалбыр касты күзетші ұзыннан тізілген орындыктарды нұскай иек какты.

Алайда Сегіз жайғасып отыра койған жок. – Қап, күткізіп коядыау мыналар. Қанша айналармын бұл кенсесі түскірінде? – деген оймен шілтерлі терезенің арғы жағындағы аулаға көз жіберді.

Мезгіл сәуірдің жуан ортасы. Күн шағырмак ашык. Биыл кар ерте еріп күн жылынды да, көк дүркірей шыккан. Ауладағы теректер бүр жарып жапырактар кылтия көріпті. Табиғат ана кыскы меніреу калпынан оянып түрленуде. Дос-жораның да көңілі жадыраңкы. Окуды тәмәм кылып елге аттанудың камында жүр.

Юлдаш кош айтысып ата-мекеніне жүріп те кеткен. Нияз екеуі де ұзак сапарға әзір. Елден катынаған ағайын жол азығы мен косарға бір-бір белі берік ат жіберген. Бүгін-ак аттанар еді, Мүкәраманың сәлемі болмаса. Оның үстіне Әгілді күткармак жоспарлары және бар. Әгілмен бертінірек бір жүздескенде:

- Әзір бол. Құдай сәтін салса көп ұзамай азат та болып каларсың. Қар кетіп шөп кылтия шыкты әнекей. Енді тек каладан шығуынды аңдимыз. – деп, құлак кағыс кылып еді.

Бейбак жігіт бұл сөзді есіткенде, кірпігіне жас іркіліп жанары боталап та калған. – Кісеннен құтылсам арманым жок. Қазак даласы да туған өлкемдей. Тіпті куғыншының колында өлсем де мұратыма жеткенім. Өлсем, мәйітім иен сахарада калсын. Мына сасык абактысында казам жетпесе болғаны да. – деп, ағынан жарылған.

Әгіл байғұс зарыға күткен көктем де туды мінекей. Сол жігітке берген сертті кайтып бұзсын Нияз екеуі. Бөгеп тұрған мәселенің бірі осы. Ендігі бір мыкты казык – Мүкәрама жайы. Қыс ішінде бірер мәрте жүздескенімен, онысы асығыс ат үсті болған. Соның өзінен кыз

[illegible] сезіктеніп Мүкәраманы қаладан көшіріп әкетті. Қыздың Сегізге [illegible] беріп бар үлгіргені:

Бағдында айтарым, әкей мені ішкі бір қалаға жөнелтпек. Жол [illegible] кетіп бара жатырмын. Жолай бірер жұма бір қыстауда [illegible] ойы бар сияқты. Сол мекенге жеткен соң хабар-ошар [illegible]мермін. Хат-хабар алсаң, қайткен күнде де жолыққайсың. – деп, [illegible] бір қағаз жазып жіберген.

Бұл тілхатты жеткізген томпақ бет қызалақ Шайзат: - Ендігі [illegible]ғанда әпкемнің жөн-жосығын білдірем. – деп сендіре кеткен.

Жүрегінің іңкәрі көркем қыз: - Жолықпай кетпе, қайткен күнде [illegible]! – деп наз айтқан соң, қайтып сөзін жерде қалдырмақ. Ер жігіттің [illegible]ына мін емес пе серттен тайғаны. Оның үстіне сері атанып [illegible]ргені бар. Бұл атақты Нияз екеуіне осы атыраптағы Ом мен Ертіс [illegible]асын мекендейтін атығай-қарауыл берген болатын. – Керейдің [illegible]міс көмей әншілері – деп дәріптеді де. Бұл ағайынды елдерге әншілікпен таңсық емес-ау.

-Атығайға барсаң ақынмын деме, қарауылға барсаң әншімін деме. [illegible]деп, текке айтпаса керекті сыбай елдер. Екінің бірі суырылған [illegible]мар, екінің бірі домбырасын безілдеткен әнші. Сөйткен ел [illegible]нерлерін мойындап – сері – деп дәріптесе, осал-оңтағай өнерпаз [illegible]болмағаны шығар. Сол атаққа лайық болмаққа бір сыдырғы сәнді [illegible]нім де алдырған елден. Табаны бір қарыс шоңқайма етік, жасыл [illegible]пуліш тысты құндыз бөрік, өңіріне зер жүгірткен мауыты шапан, [illegible]міс кісе, науша бойлы бітімді жігіттерге жараса қалған.

Тақымына басқан аттары да мүсінді. Бозшұбар қамшы салғызбай [illegible]тақым қағыспен жүретіні өз алдына, жануар тіл де ұғады. [illegible]усамыссыз-ақ ұзамай оттап, Сегіз ысқырып қалса жетіп келеді. - Жат! – деп бұйырсаң, тізе бүгіп бір бүйірлеп жата кетеді. – Осылай үйретіп қой. – деп ақыл айтқан Нәупіл ағасы.

- Жол жүрген соң әр түрлі жағдай болады. Кейде ашық далада қуғыншыны адастырып бой жасыру қажет. Сонда атты жатқыза алсаң, бой тасалауға сеп. – деп ескерткен болатын.

Ниязның Ақбақайы да нағыз ер серігі сенімді күлік. Бос жіберсең несінің соңынан ит сияқты ере береді. – Тапжылмай тұр! – деп бұйрық берсе, тұрған орнында қақшия қалады. Бар міні – басы каттылау. Еті қызғанда тізгін сүзіп еленбейді де тұрады жануар.

- Бұнысы кемістік. Көндіктіру керек. – деп Нәупілдің кеңес бергені бар. – Ер-азамат болған соң қуғын-сүргін, қақтығыс көрмей жүрмессіңдер. Елсізде неше түрлі кісі кездеспес дейсің. Қару жұмсауға да тура келер. Ондайда екі қолың бос болып, атың тақым қағысына бағынатын көнбіс болу керек. Әрі жүйрік әрі жылпың жылқы дегендей. Өйтпесе қару сілтеу қайда? Сондық, осы бастан бұл мінін түзете бер. Дөнен ғой, әлі-ақ көндігіп кетер. – деп білгенін айтқан.

Демек, ат пен тондары сай екеуінің де. Сарбаздық өнерлері де бір кісіден кем емес. Өткен наурызда Ом өзенінің саласын мекен қылған жауар қарауылдың Әбдірасұл атты бір шонжары ат шыптырып той қылады. Сол наурызнама тойында мергендер жарысына да бәйге тігеді. Биік бағанның басына таспа баумен бекіте тай тұяқ күміс жамбы ілгізіп кояды. Бәйге - сол тай тұяктың өзі. Жарыстың бір шарты – дәмелі мергендер желген аттың үстінен садақ тартуы міндет.

Нияз екеуі сол бір той-томалакта қыз-бозбала тобында ән шыркап жүрген еді. Жарыс атаулыға катысамыз-ау деген ойлары болсайшы. Сөйтсе, мерген атаулы бак сынап жамбыны түсіре алмапты. Баған тым биік пе, әлде байлаған таспасы тым жіңішке ме, мергендердің бабы олкы сокты ма, әйтеуір не керек, жамбы сонау жоғарыда мызғымастан ілулі тұр. Тіпті болмай бара жаткан соң, салт емес, жерде тұрып-ак көздеуге рұксат береді той иесі. Сонда да тигізе алмапты талапкерлер.

Дүмді атаулының төңірегінде жампаң жарамсактар үйірілетін әдеті емес пе? Сондай жарамсактардың біреуі бай-екеңе Сегізді нұсқап:

- Анау әнші жігіттер корамсактарын өңгере келіпті. Садактары сала құлаш көрінеді. Тегін бозбастар емес не кылса да. Осы екеуіне атқызу керек. – деп бастап, жігіттер жөнінде күрің сөзді көйіте береді.

Тіпті орыстың мерекесінде Ермакты омака астырғанын да дәттесе керек. Әбдірасұл мырза жандайшаптарын жұмсап, жас-желеңнің тобынан кос әншіні алдырады. Мергендік сыналса жол Сегіздікі ғой кашаннан.

– Көпшілік колка салса тартынатын біз бе? Халық каласа хан түйесін сояды демекші, милләттің сөзін жерде калдыру бойға мін. – деген сөзбен садағын оңтайлай береді.

Өзге мергендердей баптанып жатпастан, желе жортып келе жаткан калпы, көздемей-ак тартып кеп жібереді. Күн желсіз тымык еді, садак тартуға нағыз кол. Соның септігі бар, үнемі жаттығып жүргеннің әсері бар, козы жауырын сырлы жебе ысылдап кеп жіптіктей таспаны киып түскен. Қайран калған халайык улап-шулап, даланы басына көтерді-ау сол бір сәтте. Есі кете куанған жастар жағы Сегізді хан көтеріп әкетеді. Жерге топ ете түскен күміс жамбымен іс-місі жок, кос құрдас жастардың ортасында сауык құрып жүре берген.

Алайда бай-екеннің жарамсактары бұларды еркіне жібере қойған жок. Аксакалдардың құлағына:

- Жаңағы мерген жігіт осы кыс калада Ермак деген шокынды ноғай бір дөйді жыккан. Әлгі ноғай атан өгізді аркалап әкете береді екен. Бұл жігітті біздің түйе балуанмен күрестірелік. Мына көпшілік кызыкка бір кенеліп калсын. – деп пыш-пыштайды.

Аксакалдардан шабарман келіп осы хабарды жеткізгенде Нияз: - Ел ішіндегі күрес кой, бөтен ұлт жок, мен-ак шығайын. – деп өзі сұрынады.

Бие сауымындай белдесіп, талапкер екі балуанды катарынан алады. Бәйгесіне мән берместен енді кеткелі жатыр еді, жеңілген орыс балуан көңіліне дык алса керек:

- Жігіт болсаң сайыска шык! Өйтпесең бәйге жок саған. – деп, бұрыстан сирак шығарғаны.

Сабырға шакырған Сегіз: - Бәйге ия олжа іздеген жан емеспіз. Ешкім де аулакпыз. Серінің әуесі - ән, іздегені ойын-сауык, той-томалак кана. – деп Ниязды жібере коймап еді, әлгі балуанның сөзі шамына тиген құрдасы:

- Аттан түсірсе жер көтерер. Шыкпасам бойға мін. Елсіздегі бактығыс емес, той үсті ғой, мертіге коймаспын. – деген пікірін көлденең тарткан.

Сөзбен жұбатса да сайыстың шарты оңай емес екенін кайтып білмесін Сегіз. Найзаласкан жігіттер карсыласын аттан аударып тастау керек. Қару колда болған соң кауіп мол. Кек сактаған кайсы біреулер аттан ауып бара жаткан карсыласты түйреп те жібереді. Ұлған жарадан каңсырап бакилык болған азаматтар да баршылык. Бірак, жастыкка тән албырттык сактыкка караткан ба? Акбакай торыны ойкастатып Нияз шыкты сайыска.

Бұның емен сапты найзасы алты жерден жезбен бунакталған болатын. Сонысы сеп болды ма, әлде жігіттің әбжілдігі ме, әйтеуір бір айналымға келмей әлгі егескен балуанның найзасы как айырылады. Осы тұста Нияз мәрттігін асыра білді. Өз найзасын тастап жіберіп, бір кол калпы коян колтык жанаса кетті де, карсыласын аттан аударып тастады. Бармағын шайнап ызадан жарыла жаздаса да, жігіттің кайратына еш кайран кыла алмады түскен балуан.

Бұл жолы жастар ғана емес, дүйім ел болып кос жігіттің шашбауын көтере алғысын жаудырып кеп жіберген. Наурызнаманы берген Әбдірасұл байдың өзі сүйсініп:

- Ел бағына туған ұлдар екен бұл екеуі. Әнші деген атак аздык етер бұ шаһбаздарға. Қазакта кім көп, домбыра сабалаған әнші-өлеңші көп. Батыр деп дәріптесек те әбден сиғандай. Балуандык, ерлік, мергендік те тән екен бұ жігіттерге. Бұл үшеуінің жиынтығы батырлык емес пе? Сондеше – батыр- деп атансын да бұдан былай. – деп корыткан.

Аузы кисык болса да бай баласы сөйлесін демекші, шонжармен кім пікір таластырсын. Әйтсе де сол күні халайык дүмдіге жағынып емес, өз көңіліндегісін еш риясыз паш еткен.

- Әбден жөн! Ер Сегіз, ер Нияз деген атка лайык бұл азаматтар.

- Тал бойы жіптіктей болса да, үйдей балуанды тізе бүктірді ғой сабазын!

- Бір атқаннан жамбыны түсірген қайсың барсың осында? Мергендігі Құртқаны алған Қобыландыдай десеңші. –

деген лебіздер көктемгі салқын ауаны жаңғырықтырып бірталайға дейін басылмаған. Сол кештегі алтыбақанда бойжеткендер әзілдеп:

- Батыр деген аңғал, әзілге долаң келуші еді, сен екеуіңмен қайымдасуға да болмас. Қыз-қырқылжыңның ілгешекті сөзі де болады. Соны көтере алмай тоқпағыңа жармасарсың. Аузында әзіл жоқтың қолында тоқпағы бар демекші. – деп қағыта берген.

Онысына Сегіз: - Еш қапа болмаңдар, бикештер. Батыр, балуан атанбаққа өктеген күніміз жоқ. Жұрттың аузына қақпақ қоярсың ба? Мыстан кемпір- деп қажақтаса да еріктері. – деп қыздарды сықылықтата күлдіріп алып, - біз серілік жолына түскен талапкерміз. Елдің үдесінен шықсақ –сері- деп атар. Ел қоштамаса ауыл арасындағы көп заржақ әншінің бірі болып жүре береміз дағы. Оның да оқасы жоқ. Әйтеуір көпшіліктің көңілін жұбатсақ болғаны да. Әсіресе сазға біткен сары ағаштай бұраң бел сәулімдердің алғысына бөленсек, ұпайымыз түгел дағы. – деп, көпшік тастай тұжырған.

Сегіз кішіпейілділікке бағып сөйлесе де, сол бір тойдан кейін - сері- деген атақ Нияз екеуінен арылмайтын болған. Өздері де өнер туын көтеріп ел ішін араламаққа бекінген. Енді міне, мына бір әскери шеннің тосыннан шақырғаны ойда жоқ бөгесін болғаны. Лауазымды кісі еріккеннен іздемесе керекті. Не қылса да бір міндет артуы айдан анық. Прохоров Нияз екеуін мақтағаны бар ма әлде? Бертінде:

- Оқуларыңа разымын. Орысшаны өздеріндей меңгере алса, қаймана қазақ шен иелеріне жем болмас. – деп, оң пікірін білдірген. Бірақ, сол мақтауы аяққа тұсау болмаса игі еді...

Әйнекке үңілген Сегіздің ойын сықыр етіп ашылған есіктің дыбысы бөлді. Іле ту сыртынан шыққан өктем дауыс:

- Қай себеппен келдің? Жөніңді айт! – деп еріксіз еңсе бұрғыза берді.

Бойы сымдай адъютант екен. Иықта сары ала эполет, салалы саусақтарда ақ моразданған қолғап-перчатка, бойынан әтір иісі бұрқыраған сәнқой біреу. Бозарған өңі кеңседен далаға көп шыға қоймайтындығын айғақтап тұр. Ақ кірпікті шегір көздерде менмендік бар. Сегізді бастан аяқ шолып шыққан соң, сазбеттенген сүреңі сәл жібиін деді. Шүйдесі тоқпақтай, жұмыр мойын, иығына кісі мінгендей бітімді жігітке көңілі толса керек: - Шақыртумен келіп пе едіңіз? – деп «сізге» көшіп, түсін жылытты.

- Прохоров жіберіп еді.

- Е-е, тілмаш екенсіз ғой. – деп қолындағы қағазға көз тастап, машықты қимылмен екі өкшесін сарт еткізе соғыстырды да, жез тұтқалы ауыр есікті аша бере, - кіріңіз! – деп иек қақты.

Сеттің соңынан өзі де лып ете кіріп, төрдегі москал әскери кісіге: - Прокоров алғінде мінездеме берген тілмаш осы, мәртебелі полковник [illegible] деп келтесінен баяндады да, өкшесін сарт еткізе шығып кетті.

Ол үстелдің басындағы каска бас әскери шен иесі көзін бір [illegible] Жайғаса бер, жігітім. –деп, алдындағы орындықты нұсқады.

Шалбар бет, бөтегесі бұлтиған етженді кісі екен, дауысы [illegible] шығады. Құлағы мүкістеу ме, әлде бұйрық айтып үйренген [illegible] ма, сөйлегені айқайға жетекабыл. Бос сөзбен уакыт [illegible], салғаннан іске көшті.

Сені Иван Михайлович тілге майталман дейді. Орысшаң тәуір [illegible] арабшаға да кара жаяу емес көрінесің. – деп, алдында жатқан [illegible] сауыттан шылым шығарып тұтатты.

Бошмеде тұнып тұрған әтір иісіне түтін лебі қосылайын деді. [illegible] сапалы болса керек, түтіні ашшы емес, танау қытықтап жайлы [illegible] жатыр. Сегіз ішінен: - Бұ саппастар кербез бикештерге еліктеп [illegible] әтір жаға ма шеттерінен? Қолдарына кигендері аппақ колғап [illegible]. Сәуірдің жайма шуағында колдары тоңған еркектер де бола [illegible] екен-ау. – деген оймен мына тірліктеріне сын тағып отыр.

Шылымын бірер мәрте құшырлана сорған полковник, сөзін [illegible] берді: - Сендей орысша сауаты бар тілмаштар казак ішінде өте [illegible] тұр, жігітім. Өзің жассың, болашағың бар. Біз күнгей жакка [illegible] экспедиция жібермекпіз. Сыр бойындағы камалдарды орыс [illegible] құзырына каратпакка. Ол жакта Қокан хандығының [illegible] басым болып тұр әзірше. Казактың кей көсемдері мен [illegible] де тынышсыз әлі күнге. Кенесары деген ақсүйек төре жасак [illegible] бұкараны патшаға карсы азғыруда.

Казакты билеп калған тұкым оңайлыкпен ығыссын ба. Оныкі құр [illegible] дағы. Калың бұкара соңынан ермейді әрине. Бұкара тұрмак, [illegible] сысы Шыңғыс Уәлихан ұлы орыс мемлекетінің сойылын соғуда. [illegible] оқу бітіріп майор атағын алды әнекей. Көреген деп сол ак [illegible] айтсаңшы! Тұкым-тұкиянына дейін патшалыктың ілтипаты мен камкорлығына ілінді дей бер. – осы тұста сөзін үзген полковник [illegible] көз жүгіртіп өтті. – Кенесім нендей әсер етті екен? – деген [illegible] барлағандай. Ден коя тыңдаған түріне көңілі толды ма, [illegible] мейілсіген нысайға міне насихатын желілей түсті.

- Сен дағы сол Шыңғыска ұксап бак, жігітім. Билікке адал кызмет [illegible] сені де сол ханзададай окытып баулимыз. Әскери оқуға тектілер мен шонжарлардың ғана нәсілі алынар. Әскери шен алып құрметке [illegible] етектен бөленерсің әлі-ак. Бұкара казак коғадай жапырылар [illegible] ді көрсе. – деп мырс бере езу тартты. Жалпактаған калың [illegible] лікіті көзіне елестеткендей-ак. Іле салмакты нысайға мініп,

- ол үшін біздің экспедицияға тілмаш болып тағайындалуың керек алдымен. Біздің қосынға еріп жолдағы елге үгіт-насихат таратасың. Омбыдағы әскери күшті өз көзіңмен көріп жүрсің ғой. Қатар-қатар тізілген зеңбіректердің түрі анау. Кіл мылтықпен мұздай қаруланған жаяу әскер ол сақадай сай. Жалтарып қашқанды құтқармайтын ұшқыр кавалерия және бар. Осы тас түйін тәртіпті әскердің жойқын күшіне қай бетімен төтеп бермек көшпелі қазақ?

Орыс каруы біреу түгіл Наполеон сынды императордың түбіне де жеткен кезінде. Орта ғасырлық найза-садағын кезеп тұштаңдаған Кенесарының жасақ сымағы бізге төтеп бермек пе шынымен? Ес тоқтатпаған баланың сандырағы да. Жаланбұт қалпы артиллерияға қарсы ұмтылмас болар. Құр әурешілік те. Соңынан ерген елді сорға белшесінен батырып тынар әлі-ақ. Әскер басып алған ауылдарда не сән қалмақ? Мүлкі талан-таражға түседі, ұрғашы атаулы солдаттың мазағына қалады. Қару ұстағандардың оққа ұшқаны ұшып, аман қалғандары абақтыға қамалар. Осы ма тапқан пайдасы?

Хан тұқымы қолдан кеткен тақ үшін арпаласуда. Ал қара халыққа не жоқ десеңші? Ханға бағындың не, орыс ұлығына бағындың не, бәрі бір қамыт дегендей. Қайта Ресей құзырында болса тыныш өмір сүрмек сенің қазағың. Базарға малын тоғытып айдап әкеліп, мануфактура тауарын тәй-тәй қылып әкетіп кенелуде әнекей. Орыска бодан болған елдер мырғамға жеткені шын емей немене? Анау Қазанның татары өркениетке қол артып сауда-саттықты сапырып шалқып жүр. Осы жәйтты ұғындыру керек милләтқа.

Сенің беделің де бар көрінеді ел ішінде. Әнші, балуан екенсің. Өнерліні дәріптейді бұқара. Той-томалақта қалың әлеуметті магниттей тартар өнерің бар көрінеді. Олай болса, сенің орның біздің әскердің ішінде болуға тиісті. Сапында болмасаң да тілмашы болып еңбек сіңір. Толқып, екі ойлы болып жүрген жас-желеңге, сақа азаматтарға жөн сілте. Ресей қоластына кірсін, бөтен ойды қойып. Ұлы мемлекеттің панасында болған елдер ғана аман қалмақ. Тентектік қылғандар тарих шаңына көміліп көңге айналмақ түптің тібінде.

Солай, жігітім. Адам боламын десең, талпынып қызмет қыл біздің қарулы күшке. Өйтпесең, көзін ұйқы басқан маубас қазақтың бірі болып қала бересің.Бір жұмадан кейін анау адъютантқа жолық. Аттанатын уақытты айтады ол кісі. Бұл ұсынысым – өзіңе деген батпандай сый, жігітім. Осы жәйтты парықтай біл. Ұқтың ба? Ұқсаң сол, ал енді жүре бер, боссың! – деп сөз аяғын көтеріңкі леппен тұжырып, оң алаканын үстелдің үстіне сарт еткізді.

Бұнысы белгісі болса керек, есік айқара ашылып әлгіндегі адъютант зып етіп кіріп келді. Аяқ тастасы жеп-жеңіл, құдды бір билеп жүрген кісі дерсің. Полковникке басын ие тәжім етті де,

[illegible] сарт еткізе Сегізге бұрылып оң қолымен есік жақты нұсқады, [illegible] бер, бөгелме! – дегендей-ақ. Сүреңі салқын. – Сөз бітті, ендігі [illegible] ің қажеті жоқ, өкшеңді көтер. – деген бұйрық аңғарыла қалды [illegible] кабағында.

Сегіз өзі де кеткенше асығыс еді, ішінен: - Мына шибұт қалай-[illegible] жорғалайды өзі! Кеңседен шықпайтын саппастың бар өнері осы [illegible], дәу де болса. Жапан түзде оңашада шамасын байқар ма еді, [illegible]ірейген неменің. – деген оймен полковникке көз де салмастан [illegible] шыға берді.

Сыртқы есіктің тұтқасынан ұстай алғанда адъютанттың: - Бір [illegible] соң жасақ аттанады. Осы кеңсенің алдында таңғы тоғызда [illegible]айсың. Жасақ басшысына тапсырамын өзінді. – деген өктем [illegible] жетті.

Бұған да еш жауап қайырмастан ірі адымдап тысқа шыға берді. [illegible] қапырық кеңседен құтылғанша асыққандай. Кеңсе ауласының [illegible] тұсында бірер зеңбірек тізіліп тұр, қасында солдаттар. Шыға [illegible] қақпаға қарай беттеп бара жатқан Сегіз зеңбіректің үңірейген [illegible]на қарап ойға қалды.

Ішкі Ресейдегі зауыттардан шыққан осы от қарудың арқасы ғой [illegible] полковниктің бұйыра сөйлегені. Ең аяғы барып кел, шауып [illegible], әлгі адъютант екеш адъютанты қоқаңдайды өзінше. Сәуріксіген [illegible]мелердің арқа тұтқаны анау мылтықты солдаттар мен дөң асар [illegible]ірлы зеңбіректер дағы. - Ойланып қабырғаңмен кеңес, содан соң [illegible]абыңды берерсің. - деу болсайшы. Әлдеқашан шешілген [illegible]ледей-ақ омырауға басып бұйырғандарын көрмеймісің!

Шыңғыс төрені үлгі-өнеге қылды-ау жаңағы ұлық. Аузының суы [illegible]рып мақтады-ау тіпті. Демек алдымда екі айрық жол бар екен дәл [illegible]ір. Бірі – ұлыққа жағып қызмет көрсету. Оның түбі – шен мен [illegible]сап, патша әскерінің эполеті. Яғни орыстың қаруына еңбек сіңіру [illegible] сөз. Орыс қаруы болса, қазақ жерін жапыра бағындырып, [illegible]шейдегі Қоқан мен Бұхараға төнген екен. Тізе бүкпеген [illegible]йсарларды ия қырып салады, ия абақтыға айдайды. Анау өз [illegible]ұрғасы Әгіл сияқты, Юлдаштың ағайыны башқұрт азаматтай. Бұлар [illegible]рапайым халық, Шыңғыс болса ел қаймағы төре. Сонда төреге [illegible]ремін-ау деп, бұкараға қарсы шыққаным ма? – Төреге ерген ерін [illegible]ркалар. – деп атам қазақ бекер айтпаған шығар. Өз әкем де кезінде [illegible]тша әскерімен соғысқаны қайда?

Олай болса, полковник мырза, тілмаштыққа өзге кісіні іздерсің. [illegible]ақтың серісі шен-шекпенге, майлы жілікке сатылмас болар. Халық [illegible]ат бақ болса, сал мен сері сол бақтағы бұл-бұл зәліттес. Көкорай [illegible] қуарса, бұл-бұлдың да үні өшпек. Сондық, не көрсем де елмен

бірге көріп алдым. Мен туралы әлі-ак естірсің, тақсыр-еке. Алла жолды оңғарып Әгілді құткара алсак, көзің атыздай болар...

Осы байлауға беки мырс беріп, өзіне бірталай насихат айткан полковниктің ашулы сыкпытын елестетті. Түкірігіне шашалып калай ғайбаттар екен, кекір неме. Бар өкініш – Прохоровка сөз келетін Бұны полковникке ұсынған сол кісі ғой. Оң мінездеме беріп мактаған болар. Мұғалімнен ұят болды-ау, не кылса да...

Ойға шомған Сегіз сәл кабак шытып еді, какпаның арғы жағынан күтіп алған Нияз колын бұлғап назарын өзіне аударды.

- Сүйінші, жаксы хабар! –деп, жайраңдап тұр үзеңгілес азамат. Екі езуі құлағында. Бозщұбарды көлденең тартып: - Ал, аттандык, жолай айтармын жөн-жосыкты. – деген сөзбен, өзі де Акбакайдың тізгін-шылбырын жинай берді.

- Ия, не боп калды сол екі ортада? – Сегіз аяғын үзеңгіге тигізер-тигізбестен ырғып мінді де, сұраулы жүзбен досына карай калды.

Оқу біткен соң Нияз салт жүре серуендеп күнде далаға шығатын. Көктемнің шуағы тиіп еді, досының онсыз да кара торы өні кошкыл тартып шыға келді. Онысы өзіне жарасымды да. Ак карасы айкын, үнемі күлімдеп тұратын көздері дәл казір де Сегізге куакылана карауда. Бұның да киім киісі шора ұлындай. Көк мандала шапанның өңірі төрт елі кұндыз. Үзеңгіге тұмсығын сұккан көк сауыр шоңкайма етігінің сынык сүйем өкшесі жез шегемен әшекейленген. Беліндегі деңмент белбеуінің ұзына бойы күміс зер.

Жалғыз-ак ат-әбзелінің артык жылтырағы жок. Өрме жүген мен ызба айылға ең алдымен койылатын талап – беріктік. Алда-жалда ат үсті арпалыска кез болса, құйыскан мен кос айылдың мыктылығы кажет. Нияздың және бір күтіп ұстайтын мүлкі – канжығасындағы ала аркан. Жуандығы бармактай бұл кыл арканды бұғалыктап тастауға шебер болатын. Жылкышылардай құрык та ұстамайды. Ат үсті желіп келе жатып бұлғап-бұлғап тастап кеп жібергенде, колы мүлт кеткен емес. Ерге кона салысымен-ак, оң колын жүгіртіп арканның байлауын байкайтын әдеті бар. Бұнысы аузындағы - бісмілләсы- сиякты бұлжымас машык. Дәл казір де шылбыр-тізгінді кымти ұстап, канжығасына кол жүгіртті де еңсесін досына бұрып:

- Сары домалак кыз жолығып кетті әлгінде. Шайзатты айтамын да. Бикештен ауыз екі сәлем әкеліпті. – деп тіл катты да, Бозшұбарды шерттіре аяңдаткан Сегізбен үзеңгі кағыстыра берді.

- Ия, не сәлем? – елең ете калған Сегіз бар денесімен бұрыла досына карай калды.

- Әбдірасұлдың кыстауында екен. Бай-екең өзі жол жүріп кетсе керек, үйде әйелдер ғана. Дереу жетсін дейді Мүкәш. Әкесі әне-міне

[illegible] жібергелі жатыр екен. Сол көлікпен туу алыс бір шаһарға [illegible] сияқты. Жағдай осы, мырзам. – деп, езу тарты Нияз.

Қыстауы қашық па еді, не білгенің бар?

Ендігі өрлей жүрсе, білекті атқа күндік жер болса керек.

Бұл мәліметті есіткен Сегіз ойға қалды. Жақын жер емес әрине. Өзі [illegible] ғой-ау, десе де досына салмақ салуға қақысы бар ма? Мәселе [illegible] боп тұр-ау. Не қылса да соқа басы жүріп кетуге тура келер...

Осы ойға бекіп енді аузын ашайын дегенде, Нияз дәл бұл сәтті [illegible] ей-ақ бұрын сөйлеп кетті:

Сылқым сұлу кел десе, аттың терін аяғаның ба? Ертең жоқ арғы [illegible] пәуеске жіберсе орнын сипап қаласың ғой. Жүздесіп қал не [illegible]. Кеттік дәл қазір! Бөгелетін не бар? – деп саңқ етті.

Сегіз қуанғанын жасыра алмай миық керіп, үзеңгілесіне көз [illegible] қойды. Дос деп осындай жігітті айт әнекей! Ойындағыңды [illegible] ғой-ақ тапты. Өзі қиналатынын, түн қататынын ойына да алған [illegible] сабазың. Аттың терін ғана тілге тиек қылғанын айтсаңшы.

Қоңдастық пейілге разы болған Сегіз: - Үйге соғып жол азығын [illegible] ба, әлде жөнеп береміз бе?- деп еді, үзеңгілесі еш кідірместен:

Қайдағы азық? Ер азығы мен бөрі азығы жолда деген қайда? Тұрмек болсаң зымыра, демеп пе еді атаң қазақ? – деп, жұлып [illegible] ілез жауаптасты.

Ғауін жия алмай басын шайқаған Сегіз: - Ал жібердік аттың [illegible] ендеше! – деген сөзбен тақымын қысып қалды.

Маңадан бері тұрып қалған Бозшұбар оқырана қалып тізгін сүзді [illegible] шоқыта жөнелді.

4

Ұлсіздеу келген Ом өзені арнасы аса кең Ертіске құяды. Жағасы [illegible] ғы, ағысы баяу Ом қаланы қақ жарып өтеді, қаланың екі жағын [illegible] ын ат көпір. Сол көпірден аса, түс ауа жөн түзеген жігіттер [illegible] шам мезгілінде ғана тізгін тартты. Жүрістері көбінесе сар желіс, [illegible] тура аттың басын жіберіп-жіберіп алады. Бағыттары – Ертіс бойы [illegible] ріскей жақ. Қамшылар жақ өзен саласы болса, аттанар жақ мидай [illegible] лық дала. Өзен жақтан дымқыл салқын леп есіп, терге малшынған [illegible] ардың бойын салқындатады. Бұл өлкенің шымы тұтас, былтырғы [illegible] коденің мұрты бұзылмай тұрғанына қарағанда мал тұмсығы [illegible] меген қорық болса керек.

- Қыстаудың маңайында шабындық, үйілген маялар болушы еді, [illegible] ша беткей елсіз құла түз ғой. Қанша жүрсек те мал сүрдегі көзге [illegible] рінген емес. Тіпті қу тезек ұшырассайшы. – деп Нияз үзеңгіде [illegible] теріліп, жан-жағына қарағыштай береді.

Жүрек сазып ас-казан ұлып барады. Қалтада бірер малта құрт бар еді, соны талғажау етіп тіске басты. Сам жамырап өзен бет бұлдыр тартып бара жатыр. Сегіз ішінен: - Жұлдызбен бағыт түзеу керек Темір казықты маңдайға алып келеміз. Осы жөннен аумасақ болғаны да. – деп келе жатыр еді, кенет буалдыр коюланып, аспанды тұман басты. Сол тұман төне келіп жерді де тұтас көмкеріп жайыла берді.

Ауа сыз, төңірек сүттей, аттың құлағы әрең көрінуге айналды Бозшұбардың жалы мен шоктығы қалың шык. Аттың жүрісі коюлайын деді. Сар желістен аяңға ауысып, жан-жағына оскырына карап, сактыкпен басып келеді жануар. Бой тоназып барады Бозшұбардың жалынан ірі-ірі тамшыларды қамшының сабымен қағып жіберген Сегіз:

- Оу, бауырым, мына тұман көзді тұмшалады ғой тіпті. Адасып кетпесек игі еді. – деп оң жақта үзеңгі қағысып келе жаткан Нияз ға өз күдігін аңғартты.

Бірак досы ондай ойдан аулак екен. – Өзеннің сарыны құлакка шалынып тұр. Содан алыстамасак болды да. Қаншаға барар дейсін бұл тұман. Таңға салым сейілер. Ілби бастырсак та жүре берейік. деп жауаптасты Нияз.

Үні сергек, өзі ыңылдап ән салып та келеді. Сегіз: - Лебізіңді шығарсаңшы каттырак. Мына жануарлар серпілер ме екен. – деп, өзі де ыңылдай бастады.

Иесінің дауысы кажыған атка демеу екенін кайтып білмесін. Ыңылдап ән әуелетуі мұң екен, кенет Мүкәраманың жүзі жарк етіп көлеңдей бергені. Бұлт ішінен жарк етіп шыккан ай дерсің. Бір сімсік дауыс: - Көңілшексің-ау! Не сор түртті екен киындағы кыстауға ат сабылтып? Қызды бір көргеннен ұтарың кайсы? Болса да сендік емес. Туған әкесі карсы болып өзіннен алыстатқан түрі анау. Алып кашуға да жол жок. Әйел деген ер жігіттің аяғына тұсау емес пе еді ежелден. Серілік құрмак ойына кәдуілгідей кедергі.

Оның үстіне Әгілге берген үәдең де бар. Ол құрдасты кұткармайынша кызды әкете алмассың. Демек, мына жүрісің бос сандалбай. Атты кинау, анау касына ерген серігіннің мазасын тектен тек кашырту. – Ұл көңілшек аттың соры, кыз көңілшек к...ң соры демекші, желөкпелікке салынғаның да. – деп, өз өзіне сын тағуда.

Бұл сімсік дауыс Мүкәраманың бейнесі көлеңеткенде құмыкты да калды. Мүлде естілмей, зым-зия жоғалғанын кайтерсің. Сүйген жардың дидары бар уайым мен күдік атаулыны зәтте үркітіп жібергендей. Қараңғы түнде адастырмайтын шолпан жұлдыз дерсің. Есесіне кеуілге бір соны әуен дарытты ма калай өзі.

Сонау жеткіншек жасында Қызылжарда жүргенде, алыстан еміс-еміс жетіп анык естілмей кеткен әуен болмаси кетті! Көңілді жап-

[illegible] нұрға толтырып келеді әнекей. Ия-ия дәл өзі! Мына камшылар [illegible] жеткен Ертістің баяу да қуатты ағынындай баппен ырғалады. [illegible] далада аккан мол сулы кең арналы алып өзеннің екпініндей [illegible] толкиды жаңа туған әуен. Өлең сөзі де тілге өзінен өзі [illegible] жатыр. Сағынған жардың күйігі өтіп кетсе керек, оп-оңай бір- [illegible] мімен ақтарылды:

Ай қабақ, алтын кірпік қызыл ерін,
Кел десең неге аяйын аттың терін?
Сарыағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім.
Базардан алып келген күміс құмған,
Жігітті адастырған қалың тұман,
Арадан қыл өтпестей тату едік,
Біздерге қастық қылған қай антұрған.

[illegible]ей келіп, -халаулайлаткан- қайырмасын шарықтата биік көтеріп [illegible]ерді.

Бірер рет қайырып еді, Нияз да қосыла кетті. Сөзі мен әуенін [illegible]ға қағып алып, шыркап келеді сабазың. Бұның дауысы аса биік [illegible] соң, қайырмасы мүлде шарықтап тұманды тілгілегендей [illegible]ді. Үш-төрт мәрте қайырған соң Нияз:

Уа, бұ өзі кімнің әні? Тәу шыркап тұрсың ғой. Кең тынысты, ерке [illegible] коңыр нақысты әуез екен. Асық жарға наз жолдағандай. Бұрын [illegible] айтпай жүрдің, сары майдай сақтағаның ба әлде? Мүкәшқа жете [illegible]лі іш құста болып, еріксіз ақтарылған түрің бе? – деп әзіл ілді.

Досының қитұрқы қағытпасына күліп жіберген Сегіз: - Илансаң, [illegible] әлгінде ғана туған ән. Ән шығарам-ау деген ойыма үш ұйықтасам [illegible] келмес еді, аяқ астынан көкейге қона кеткені. Еш киналып [illegible]ғам да жоқ, лау етіп ақтарылды да кетті. Қайтып пайда [illegible]ының түсінсем бұйырмасын. – деп, ағынан жарылды.

Бопты, сүйінші ендеше! Аты қалай еді бұл әннің? Атап жібер [illegible]ші, не қылса да. –

Оны ойлаған кім бар? Бірақ, тұра тұр, атын әлгінде өзің [illegible]лдаған жоксың ба? Ерке де қоңыр нақысты дегенің қайда? Олай [illegible]са «Назкоңыр» болсын да. – деуі мұң екен, елең етіп үзеңгіде [illegible]терілген Нияз бөркін шеше беріп:

- Тоқтай қал, иттің үргені ме қалай? - деп тың тыңдай берді де, іле, [illegible]ұдай берді! Ел жақын, әне тұман да сейілейін деді. Бас камшыны, [illegible] Назкоңырға! – деп, жайраңдаған қалпы шыркай жөнелді.

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең неге аяйын аттың терін.
Сарыағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім.

5

Әбдірасулдың қыстауына жігіттер таңмен таласа жетті. Шоқ-шоқ қайыңды, теректі шұбардың ық жағында орналасқан қора-қопсылы үлкен жай екен. Төрт-бес барақ төбет төңіректі жаңғырта үріп қарсы алды. Иттердің дауысымен ақсаңдап бір мосқал еркек шықты. Басында жұрыны қыркылған күзен бөрік, иінінде шұбатылған кебентай. Күнге қақталған күрең өңіне, мыжырайған көн шоқайына қарағанда, малшы болса керек. Бозбастардың жамыраса берген сәлеміне:

- Ия, азаматтар, хош келдіңдер. Адасып жүрсеңдер, құдайы қонақсың. Аттың белін талдырып түн қатып келген екенсің, кіріңдер үйге, атты мен жайғастырайын. – деп бейілдене жауаптасты.

- Отағасы, әуре болмаңыз. Қылшылдаған жігіт басымызбен сізге сідет артсақ ұяттағы. – деп Сегіз аттан түсіп, қос айылды босата берді.

- Қожық атты жаман ағаларың мен боламын. Бай-екеңнің қоңсы-қолаңшысы едім. Шойнаңдасам да іске жарап келемін әйтеуір. – деп жаңа таныстары сампылдай сөйлеп, бәйек болып көмектесіп жүр.

Аузын ашса жүрегі көрінетін аңқылдаған аққөңіл болса керек, бай үйінің бар жай-жапсарын жайып салды. Нияз:

- Қаға, бұ бетте Әбекең байдың қыстауы бар деп еді, осы болмағай? О кісінің даңқын естуші едік, өзі қайда екен? – деп сұрауы мұң еді, ұзын ақ таяққа кеудесін сүйей тұрған Қожық бастырмалата жөнелді:

- Дөп таптың, шырағым. Әбең мырзаның қыстауы осы болады. Өзі ел сөзінің бір шаруасымен атқа мініп кетіп еді. Ертең ия арғы күндері келіп те қалар. Біздің ел жайлауға көшкелі бірер күн ғана. Қыстаудағы ендігі басшымыз Мәлике токал дағы. Бізге бас-көз болып, жатақтың қамымен айналып жүр де. Мырза келісімен бұл да жайлауға көшпек. Жатақта қалатын мына жаман ағаларың ғана болады. Жаз бойы ешкінің сүмесін талғажау қылып отырамыз да. Қарнымыз тоқ әйтеуір, байекең ренжіткен емес. – деп шұбыртып келе жатыр еді, Нияз:

- Үйде мейман жоқ па еді? Қонақ үстіне түссек ыңғайсыз болар. - деп жүзін жасыра беріп, Сегізге көзін қысып қойды. – Мына ашық ауыздың тамырын басып сыр тартайын. – дегендей қуланған кейіпте.

- Жоға, о не дегенің? Жолаушы қонақ бары рас, әйтсе де әркімнің жолы бөлек қой. Өзі жақсы жігітке бір кісілік орын бар демекші. Қонақ болғанда, бір бойжеткен қыз күтуші қатынымен. Ахметкали ноғайдың Мүкәрама ныспылы сәулімі де. Әй өзі де бір биязы бала екен. Мыңды сапырған саудагердің ерке тотайымын-ау деп, титтей кергуі болсайшы. Мінезі жібектей есіледі жарықтықтың. Қайта қасындағы күтуші қатын сібер ме дедім. Жаман атқа жал бітсе жанына торсық байлатпастың кебі де. – деп сөзуар Қожық-екең қамшы салғызбай-ақ, көрген-білгенін дәттеп берді.

Сонша қарағанда, ел көшіп кеткен соң қоймаларды жөнге келтіріп, [illegible] маңын жинастырып қораның киын ойып қалап қоймакка, [illegible] кісі қалдырған екен бай-еке. Бұларға бас-көз болып [illegible] байдың адуын тоқалы Мәлике. Өзі жас болғанымен шаруаға [illegible] көрінеді. Малшы-жалшының екі аяғын бір етікке тығып, күн [illegible] тамыл таптырмаса керек.

Тіпті құйрығымызға жер иіскетер емес сайтан қатын! Байдың [illegible] қызғанады демекші, құдды бір әкесінен қалған дүниядай [illegible] кайтерсің, мына қаңырап жаткан қораларды. Сол қысыр [illegible]ландай ыскырынған пері қатынның жынын басып беріндерші, ей [illegible]шектер. Салт басты сабау қамшылы бойдақ жігіт көрінесіңдер, [illegible] қағып беріндерші ерегескенде!- деп шойнаңдап келе жаткан [illegible]жық-екең, бозбастарды өзінше шүйлеп те қойды.

Өз ара көз тастасқан жігіттер үнсіз ғана езу тартысты. Сыр [illegible]ландай. Қарағайдан киылған еңселі үйге қызыға қарап адымдаған Нияз:

- Құдай бергенін алмаса, тоқалды бір жақты қылармыз, Қака. Өзі [illegible]лай бәденді ме еді, кірпідей жиырылған мінезіне қарағанда [illegible]ысыз біреу ме? – деп, Қожыкка және бір тақырып ұсынды.

- Итің ажарсыз да емес-ау, долылығы болмаса. Долы болмағанда [illegible], төрт қатынның бірі болған соң. Байекең көбінесе ат үстінде ауыл [illegible]лайды, ел ісіне араласпай жүрсін бе. Бұ бейбакка кезек қашан [illegible]сін. Тебеген байталдай оскырынып жүргені сол да. – деп Қожык өз [illegible]кірін көлденеңдетіп еді, миық керген Нияз:

- Тәйірі, оның жарасы жеңіл емес пе? Байекең ел араласа жолы [illegible]лсын. Ел билеген соң қолы да тие қоймайды ғой. Ашкарақ тоқалдың [illegible]ілін табамын деп, атка мінбей жүрсін бе? Ауылда жігіттер де бар [illegible]ығар, құдайға шүкір. Тепсе темір үзетін бозбастардан кенде болып па [illegible] іші? Малшы-құлшы болса да зіңгіттей немелер әжетке жарап жатыр-[illegible]ау. Аш қасқырдай жаландаған немелер ұрғашының бабын қайтып [illegible]ппасын? – деген сөзбен Сегізге кулана көз тастады...

Мәлике шынымен-ак шаруаға тыкак екен. Қора-қопсының іші де, [illegible]йналасы да сыпырулы тап-таза. Қи ойылып, арасын жел соғарлыктай көз қалдыра текше-текше каланған. Албарда былтырдан калған адау [illegible]өптің айналасын кашамен коршап койыпты. Бос жүрген мал тұмсық сұкпастың амалы болса керек.

Есік алдында буы бұрқырап самауыр кайнап тұр. Етек толы түйміш отынды әкеле жаткан кексе катын жігіттерге аңырай карап калды. Бұл катынды жұмсаған күміс шытыралы келіншек те сонадайдан күн сала үңіліп тұр. Қызыл бешпеті, шұбатылған кос етек мәре көйлегі байдың тоқалы дәл өзі екенін айғактап тұрғандай. Қос құрдас есендеспекке жакындай бере, Нияз салдарлы нысайға мініп:

- Армысыз, сырбаз жеңеше! Құдайы қонақ едік, тұманда адасыңқырап осы ауылға тап болғанымыз. Таң атпастан құлан-кекірен қайдан қаңғып жүр деп, айыпқа бұйырмағайсыз. – деп асқан әдеппен оң қолының алақанын кеудесіне төсеп, жығыла сөйледі.

Сүрепеті сып-сыпайы, лепесі биязы. Жаңа түскен келіндей-ақ сызыла қалыпты. Әлгінде ғана тұздығы ашшылау әзіл айтып келе жатқан досының құбылып шыға келгеніне таңырқаған Сегіз, күлкісін зорға тежеп тұр.

Мәлике тоқал құбақан дөңгелек жүзді, бетінің нәлі бар келіншек екен. Жасы жиырма бестен аса қоймаған болар. Кішірек келген мойылдай көздері ойнақшып-ақ тұр. Жолаушыларға назар қыдыртып тамсанып қойды да:

- Адассаңдар оқасы жоқ, хош келіпсіңдер. Алаштың азаматын жатсынбаспыз. Отағасымыз жолаушылап кеткенімен мейман күтерлік жайымыз бар, жолдан жығылмаспыз. Үйге кіріңіздер. – деп иіліп сәлем берді де, қырындай тұра қалып оң қолымен есікті нұсқай берді.

Сегізді оздырып жіберген Нияз Мәликенің тұсынан өте бергенде көзін төңкеріп: - Байекеңнің жоғын білдіртпейтін текті жеңешем сіздей-ақ болар. Әрі айдай сұлу, әрі көргенді бикешті адастырып жүріп кездестірген тәңіріме мың алғыс! – деп, омырауға оң қолын апара және бас иіп қойды.

Қошеметті жек көрген әйел заты болушы ма еді? Әсіресе қылқандай жас бозбас шашбауынды көтере сөйлесе. Бозбаланың әзілін сағынса керек, ерке тоқал бұл сапар беті ду етіп еріксіз миық керді. Екі көзі Ниязда. Жасқанбастан ішіп-жеп барады. Жігіт те көз қырын жіберіп мұрт астынан жымиып қойды. Мағыналы қарас екенін қайтып сезбесін сұңғыла бозбас. Байы жолаушылап кеткен тоқал тәу көрген жігітке сұқтанбас болар. Тікие қарағаны – кет әрі емеспін дегені емей не болушы еді.

Бұл пейілін айғақтайын дегендей-ақ, жымың қаққан Мәлике Қожыққа еңсе бұрып: - Жолаушылар арып-ашып келсе керек, қондырмасақ ұятты. Мал қамдай беріңдер. Пышақ көтерер бір шелдісін соярсыңдар. Ал болыңдар омалмай! – деп, әдейі естірте дауыстады.

Сегіздің есі-дерті болса Мүкәрамада. Қай жерде отыр екен? Үйдің ішінде болар. Таң сәріден атып тұратындай не шаруасы бітпей жатыр дейсің. Осы оймен кең қораның ішін көктей өтіп үйдің есігін аша берді. Шұбалма пешпен екіге бөлінген кең жай екен. Ағаш үйдің тынысы кең, іші жып-жылы. Сәкіленген төргі бөлменің іші күңгірттеу, сірә терезенің пердесі ашылмаған болар. Енді дауыстайын деп тұрғанда әлдекім шолпысын сыңғыр еткізе көлең етіп, бөлме ішінен шыға берді. Шыға келе көзіне оттай басылды, өзінің Мүкәрамасы! Қара көлеңкелеу үйдің іші жарқ етіп, нұрға бөленгендей болды да қалды. Екеуінің көздері тоқайласып қалды. Күлімсіреген қыз:

Үндеме, сыр берме! – дегендей ишаратпен еріндеріне сұқ саусағын апара қойып, көзімен бөлменің ішін нұсқады. – Үйде көз бар, сақ бол. – дегендей-ақ.

Сегіз түсіне қойып басын әнтек изеді де: - Сәләматсыз ба, кіруге рұқсат па екен? Жолаушы едік, тұманда адасып қалғанымыз. Ертемен жүргеніміз сол. Баса-көктеп кіріп келді деп, айыпқа бұйырмассыз. – деп тіл қатты.

Шүкір, аманбыз. – деп қана жауап қайырған Мүкәрама, иба сақтап үндей қоймады. Сегізді тәу көргендей-ақ өзін сыпайы ұстауда. Бейтаныс бозбаспен шүйіркелесе кеткені әдепсіздік қой.

Осы сәт қасына ерген күтуші әйел де бой көрсетті. Қырықтың маңайындағы шұбар бет кексе кісі екен, салған жерден бозбастарға сыпай қадалды. Құндыз бөрікті, күміс кіселі, сыпайы жүз жолаушылар сынына толса керек, өңін жұмсартып:

- Ат-көлік аман келдіңіз бе? Ертелетіп жүргеннің оқасы жоқ, күн райына не шара. Біз де қонақ едік, бүгін жүргелі жатырмыз. Алғашқы қонақ кейіңгіге орын берер демекші, жоғары шығыңыздар, азаматтар. – деп, кейін шегіне төр жақты нұсқады.

Үзамай келген шай үстінде де, кейінірек жеткен қуырдақ үстінде де Сегіз Мүкәрама жаққа назар салмауға тырысты. Қызметші әйел кем алып қалмасын деген есебі еді бұл. Қарамауға тырысса да төменірек жайғасқан ғашығының әр қимылын көз қиығымен еріксіз бағуда. Үй ішінде басы артық жиһаз жоқ, көшкен ауылмен жүктің ешін жөнелтсе керек. Төр жақта текшелене жиналған көрпе-жастықтарды жібек шаршаумен көмкере жауып қойыпты. Терезе түбінде тұрған сандық пен жағланнан өзге жиһаз жоқ. Тек сәкіге төселген бояуы қанық қалы кілем мен құрақты төсеніштер, ауқатты үй екенінен мағлұмат бергендей.

Бірақ, үй жиһазына мән берген Сегіз жоқ, бар көңілі бойжеткенде. Тіпті Мүкәраманың киіміне де еш назар салған жоқ. Бәз біреу: - Үстіне не киіп еді сол күні? – деп кейін сұраса, есіне де еш түсіре алмас еді. Көріп отырғаны тек жылы шуақ себездеген аялы көздер мен майда жымиған жұқа еріндері. Мына жасауы жөнелтіліп жалаңаш қалған бөлме, құдды бір хан сарайындай көрінгені. Сүйген қыз нұрын шашып отырса, жұпыны құжыра да хан сарайынан асып кетер. Кілегей қатқан ақ құйрық күрең шайдың дәмін де тұшынған жоқ. Үнсіз отырса да, өткен түнде туған ән жадта жаңғырып көкіректі кернеп бара жаткандай:

Ай кабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең неге аяйын аттың терін.
Сарыағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім.

- деп кең тынысты, баяу ырғақты әуен баппен ырғалады.

Қуырдақтан кейін аттарды байқамақка далаға шыққанда, Ниязжұрттың көзін ала беріп:

- Күтуші қатынның Мәликеге айтқан сөзін құлағым шалып қалды. Бүгін кеш Ахметкалидың жіберген пәуескесі жетпек. Өзі де келіп қалуы ғажап емес. Осында бір қонып Мүкәраманы әрі алып кетпесе. Сондық бізге қону қол емес. Мен казір домбыра алдырып мына халайықты әнмен ұйытып бағайын. Сен есебін тауып қызды оңаша шығар. Сонау тұрған шоқ қайыңда күтіп алсаңшы. Аттарды тұсап оттатамын деген желеумен кетерсің. Мен Мүкәрамаға құлақ қағыс қылармын, сәтін аңдып. Халайық әнге алданғанда, түзге шыққандай құман ұстап барар сол тұска. – деп, құрған жоспарын дәттеді.

Бұл ойы іске асты да. Қыстан күйлі шыққан бойдақтың ет желінген соң: - Ал конақ кәдемнен құтыла отырайын! – деген сөзбен Нияз әнді түйдегімен жіберді-ай келіп.

Қалқам-ау, сен калайсың мен дегенде,
Мен болсам ұшарға қанатым жоқ сен дегенде.

- деп әуелетіп, ынтыққан кейіппен Мәликеге көз тастап қояды. Онсыз да көңілі лепіріп отырған желөкпелеу токал балкымағанда несі калды? Қаршыға көз, омырауы керген төстіктей, шүйдесі токпактай ер келбетті азамат назарын кадаса, жан жүйесі кайтып елжіремес. Өзге конак жайына калып, өбектегені тек әнші жігіт болды.

Токалдың жібі босағанын пайдаланып, коймаларды жайғастырып жүрген бар жалшы атаулы да ән тыңдауда. Ниязды өзімсіне қасына жайғасқан Қожық окта-санда:

- Ой пәле-ай, сүмірейт, соқтыр! Азамат екенсің-ау, әннің түбін түсірдің не кылса да. Адасып жүрген жігіттер нағыз сері екенін кім білген? – деп, көтермелеп кояды.

Мүкәраманың күтуші әйелі де аузын ашып әнге ұйып калған. Сегіз оңтайлы бір сәтті пайдаланып, - аттарды отка жіберейін, - деген желеумен ыңғ-шыңсыз шығып кетті. Күдік тудырмайын деген есеппен Мүкәрама бірталайға дейін шыға қойған жоқ... Нияз өзіне ымдап бір ұзақ киссаны бастағанда, колына иір мойын қашғари құмғанды алып, басына шапан бүркене үйден шыға берді. Киссаның кызығына кенелген үйдегілер бұл шығысына мән берген жоқ. Күтуші әйел бірге шыкпакка оңтайланып еді, бұл ниетін аңғарған Нияз:

- Құлак түр, жеңгей, кызығы енді-енді келеді. – деп арнайы өтінген соң, іркіліп калды. Ерінгені бар, киссаға елтігені бар, мойыны жар бермей:

- Сомадай кызды тал түсте кай бір жау әкетер дейсің. Түзге шыкканын да бакылап жүремін бе. Үйдің іші капырык, басы зеніген болар. Желпініп келсін кайта. – деген оймен тапжылмастан отыра берді.

Сегіз болса кыстау желкесіндегі шок кайыңның ығындағы тепсеңге Акбакайды шідерлеп отка жіберген. Бозшұбар ерттеулі бос

[illegible] жүр. Ауыздығын шығарып шылбырын ерге бекітіп қойған [illegible]. Таңнан бері суып, белі көтеріле диланып алған дөнен, [illegible] көрінген көкке қадала оттауда. Қу тарлаудың арасынан [illegible] іскектете теріп бырт-бырт үзеді. Шұбардың оттауын [illegible] тұрған Сегіз кенет ұйқыдан оянғандай селк етті. – Уа, [illegible] не осы? Атты жаңа көргендей сұқтанғаныма жол болсын! Мүкәш қайда? Шыға ала ма өзі? – деген оймен қыстау жаққа үңіле [illegible]. Мүкәш келе алатындай болса, қауышудың жоспарын да құрып [illegible]. Бұл шоқ қайың селдірлеу және қыстауға таяу болған соң [illegible] тақырлау. Әріректеу дөңгелене біткен және бір шоқ [illegible]. Ішінде қарағайы басым, және шөбі бітік сияқты. [illegible] шытырманы көлденең көзден таптырмайтын таса.

- Мүкәшті міңгестіріп апарсам алаңсыз қауышар едік, шіркін! – деген [illegible] көкірегін кере күрсініп те қойды. Үміт үзбесе де күдік мол. [illegible]ындағы күтуші қатынның сұқтанған сықпыты жаман еді. Кәпірің [illegible] иттей сақ болмаси еді. Ахметқали жайдан-жай қызын бақтырып [illegible]ерді деймісің. Нәуетек сәулімді билеп-төстеп алған болар әлдеқашан.

Сөйтіп ойын сан-саққа жүгіртіп тұрғанда, қораға жапсарлас [illegible]шаладан бір қара көлең етті. Беті осы жақ. Жіптіктей бойына [illegible]рағанда қыз бала сияқты. Жүрек атқақтай жөнелді, үміт шіркіннің [illegible]сіз шоғы лаулап жалынға айналғандай.

– Шіркін-ай, тәңірім бере көр! Іңкәріма бір жеткізсең арманым жоқ. Байлық та, атақ- даңқ та сұрамаймын. Тіпті қалған ғұмырымды [illegible]а еш ойланбастан қияр едім. Тек дәл осы сәт оңаша жолықтыршы жан қалқаммен! – деп, күбірлеп тұрғанын өзі де аңғармай қалды.

Бұндайда көз қырағы болып кететін шығар. Әлде ішкі түйсік жүйрік пе екен. Немесе махаббат дегеннің көріпкелдік құдіреті бар ма екен. Әйтеуір шапан бүркеніп келе жатқан әлдекім емес, Мүкәштың өзі екенінде шүбәсы қалмады. Бозшұбардың қос айылын жалма жан тартыңқырай бекітіп, ерге ырғып мінді. Асығыста ауыздығын да салған жоқ. Мына тұрған жерге тақым қағысқа бағынатын дөнен жүгенсіз де жеткізер еді. Шерттіре бастырып жақындай бергенде, басына бүркеген масаты шапанды аша берді келе жатқан әйел заты. Ішінен айдай болып Мүкәраманың жүзі жарқ бере көрінді. Күлімсіреген қалпы қарап тұр.

- Мүкәш! – деуге ғана шамасы жетті де, қызды қолтығынан қос қолдай көтере алдына міңгізіп алды. Қылдырықтай бойжеткеннің салмағы мысқалдай-ақ көрінді.

- Кері тарт! – деп бұйыруы сол екен, шұбар дөнен бұрылып шоқ қарағайға таман шоқыта жөнелді.

- Мына атың тіл ұға ма, қалай өзі? – деп наздана жымиған қызға, - ұққанда қандай! Серінің аты емес пе? – деп жауаптаса, қос қолымен аш белінен қыса түсті.

Бозшұбардың такымға бағынар мінезінің пайдасын енді көрді. Бар ынтаң кызда болғанда атка алаңдамайсың әйтеуір. Жұпар лебі бұркырап алдында сүйген сәулімің отырса, екі колдың бос болғаныны не жетсін. Екеуі көп сөйлескен жок. Бұндайда сөздің кажеті де жок кой. Мүкәш наздана жымиған калпы жігіттің құшағына көмілді де калды. Былдырыктай бірдеңке айткандай да болады, онысын жөнді ұккан жігіт те жок. Көптен зарыктырған іңкәрінің мысымен арбалып мас болғандай. Мүкәш бетін бұның омырауына такап:

- Үлгірдің-ау, серім. Тұманда адасты-ау деп өзім де болжап едім. Бүгіннен калсаң жүздеспей айырылысар едік. Өкініштің көкесі сонда болар еді. Пәуеске каладан шығыпты. Қонаға жетіп те калар. – деп, сырын жайып салды.

- Осы келе жатканнан елге алып кашсам кайтесің? – деп Сегіз әзіл іліп, тамырын басып байкап еді, жымия түскен бойжеткен:

- Қайдам, әке-шешем құсадан өлмей ме? – деп, сүйей салды ғана жауап кайырды.

- Өзің ше, өзің ауылға барар ма едің? Қала күтімін көріп өскен баласың ғой. Қала кызы тік аяк, шепік келуші еді әдетте. – Сегіз шымши сөйлеп сыр тарта берді.

- Өзіме салса осы кеткеннен жер түбіне шейін кетер едім. Сендей шаhбазға ерген шүйкебастың арманы бар ма? –

Сегіздің есітейін дегені де осындай жауап еді. Шұбарды ентелете бастырып, шок карағайдың шетіне жетті-ау әйтеуір. Бұл маң корык болса керек, көденің мұрты бұзылмапты. Мүкәшты түсіріп ер токымды сыпырып алды. Шұбарды тұсаған да жок, жалынан еркелете сипап койып, шылбырын шұбата бос жіберді. Ыскырып калса-ак жетіп келетініне әбден сенімді.

Қанжығаға байлаулы жұка киіз кебенек бар еді. Жауын-шашында, түңгі салкында пана болатын сенімді киім ғой. Сол кебенектің пайдасы және бір тиейін деді. Киіздей ұйыса біткен шөпке алдымен терлік пен ішпекті кабаттап төсеп койды. Токымның жонасы жылтыр былғарыдан, айнала жиегіне ою-өрнектеп баткы салған келісті болатын. Сол жонаның үстіне ак киіз кебенекті жайып жіберіп, шетіне ерді койып еді, жарғак көпшігі жастык болып шыға келді.

- Ал, тізе бүгейік, Мүкәш. - деп жамбастай жантайып еді, кыз екі айткызбай жүресінен отыра кетті.

Тұтаса шыккан казотының жас иісіне, алабота мен ерменнің ашкылтым иісі араласып, оған карағай шайырының лебі косылып, онсыз да шат көңілді тіпті көтеріп жіберді. Ағаштың іші Сегізге өз үйіндей емес пе, калада канша тұрса да әлі күнге жатсынып жүр. Омбының «Ильин» атты шіркеуі де, казынаның зәулім кеңселері де, тіпті көгілдір күмбезді мешіті де кеуілді селк еткізген күні болсайшы.

Бірсе шікірейген ұлықтарға толы кеңселерді сұқаны сүймейді-ак. Ол сайған бас сұға калса, кеткенше асығып жүргені.

Ал енді мына шок карағаймен сонау кыстауды айнала көсіліп жатқан алап өз ауылының төңірегі зәліттес. Сонау жоғарыда жатқанды бостандары болар-болмас теңселіп тұрған карағайдың басы ұжмак төрінен кем бе екен. Мына көк аспанның күмбезі төніп тұрғанда, осы туған даласында еш жау алмайтын тәрізді. Оның үстіне ол касында сүйген кызын көзін мөлдіретіп отырса, жігіт мұратка жетпегенде несі калды?

Доғал кимылмен бойжеткенді ренжітіп алмайын деп, оң колынан ұстай алған Сегіз: - Мынау үлбірек еріннен бір шөп еткізе сүйіп алсам кемімейсің бе? Еріні түскірдің кебірсіп кеткені мүлде. Жібітіп алсак кайтер еді, ә Мүкәш? – деп құлана карады.

Бұл жұкалап сыр тарткан түрі. Қыз көңіліне кіді алса, жалма-жан кешірім сұрамак. – Қайтемін кейітіп? Өзі жетелеп өзі билесін. Максатым нәпсі семірту емес кой. Сырласып маукымды бассам да жарасар. – деп түйді ішінен.

Мүкәрама болса: - Қыздан пұрсат сұрап сүйе ме екен бозбала? Ауылдың баласы емеспісің? Мен өзің айткандай-ак, шаһарда өскен кыз мінезді болайын. Ауылдың бозбаласы ірге тырналап кызға кепедей жабысатыны кайда? – деп, бұл да әзілмен жауаптасты.

Мұндай ұткыр жауапты әсте күтпеген Сегіз бастапкыда аңырып калды да, есін жия келе, - ендігі сөз шығындап нем бар? Кінә өзімде екен-ау. – деген кісіше басын шайкап койып кызды құшағына көме берді...

Жігіттер конакжай кыстаудан көз барда-ак аттанып кетті. Отка канып ұйланып алған аттардың жүрісі сергек. Бастарын шұлғи тастап тізгін сүзе ойнактай басып келеді. Өкше іздері кыстау болса, бағыттары Омбы каласы. Бағдар белгілі, күн шайдай ашык, бұл сапар адасу кауіпі мүлде жок сиякты. Ат шаптырым жер ұзаған соң, жабданның үстіне шыға бере Нияз камшысын шошайтып өзен бетті нұскады.

- Сонау кобымен сыдыртып келе жаткан пәуескені көрдің бе? Үш ат жеккен күйме. Ахметкали жіберген көлік шығар, дәу де болса. Демек, дер кезінде табан жылтыраттык, таксыр-еке. Бәлем Ахметкали орнымызды сипап, сакалын жұла берсін! – деп, кыз әкесінен өш алғандай-ак лекіте күліп жіберді.

Серігі нұскаған жакка назар салған Сегіз де көлік көтерген шаңды аңғарды. Күн сала үңілсе, шынымен-ак сәнді күйме екен. – Е-е, конаға калмай кеткеніміз макұл болған екен. Мүкәш әке каһарына ұшырамаса болғаны да. – деп түйіп, жайраңдап келе жаткан үзеңгілесіне назар жыкты.

- Езу тартып келесің ғой өзің, жетіскендей-ак. Әлгі Мәлике токалдың көңілін калдырдың. Қонаға калдырамын деп үміттеніп еді, карамай кеткенің бе, сабазым? – деп кағытты.

Нияз қонышынан мүйіз шақшаны суырып алып, көк бұйраның бір шөкімін ұртына жөнелтті де ернін бұлтылдаткан қалпы сөйлей берді:

- Тоқалды не ғып кейітейін, обал емес пе? Көңілін көншітіп үдесінен шықтық қой не қылса да. – деп, мұртын жыбыр еткізе мырс берді.

Сегіз таңыркағанын жасыра алмай: - Қойшы-ей! Тапа-тал түсте қайтып айласын таптың? Жайғастырып үлгіргенің бе? Самсаған қой бар емес-пе? – деп досын жаңа көргендей-ақ, бар денесімен бұрыла қадала карай қалды.

- Туһ, о не дегенің? Байдың ерке тоқалы есебін таппас па. Бос тұрған пәлен қыстау үйлер өз құзырында емес пе, тәйірі! Сен қыз құшып жүргенде мен қарап отырайын ба? Бұйырғанын таттық қой. Нияз әлдене тәтті сүреттерді елестекендей көзін жұмыңқырап, басын шайқап қойды.

- Бәсе, сүтке тойған мырсындай жылмыңдаған түрің жаман. Сауабын алдым де кербез бикештің. Жолаушылап кеткен бай-екс отырған жерінде бір ыршып түскен шығар.

- Пәлен қатын алған өзінен көрсін. Кіші қатын – кісі қатыны деген сөз бекер айтылмаған болар. – Нияз ұртын бұлтылдата келіп, қоймалжың сілекейін сыздықтата түкіріп жіберді. – Өзің не қираттың, батыр-екесі? Сенің қамыңды жеп қара терге түстім-ау. Жұрт назарын аудару оңай болып па? Қиссадан зеріге ме деп, сайқымазақ болып күлдірдім бе керек, масқарапаз болып аузымды жүз құбылттым ба керек, әйтеуір қылмағаным жоқ. Соның есесін қайтара алдың ба тым құрғанда? Екеуің оңаша шығып жоқ болып кеттің ғой. Көп айналдыңдар не қылса да. Әлде арамтер болғаным ба? –

Бұл сауалға бірден жауап қайтара қоймады Сегіз. Бозбас атаулы әдетте қызға барғанын, сүйіп-құшқанын жыр қылып айтар еді бір-біріне. Ішінде өтірігі мен мақтаны де кетіп жатады әрине. Мүкәраманы ондай бөспе сөзге еш қимайды. Шолпан жұлдыздай ардақты махаббатына өлсе лас келтірер ме екен? Арлы бойжеткен:

- Сенің тектілігіңе сенім артып оңаша шыққаным ғой, серім. Қожаберген бабамыздың ұрпағы әдептен асып көргенсіздікке баспас деп келдім. Иісі қазақтың баласы пір тұтар кемеңгер кісі ғой жырау бабамыз. Әрі батыр, әрі шайыр.

Өйтпесе, құдашамен құда ойнар, қошақанмен бөрі ойнар демекші, қылғытып жіберемін десең, қолыңнан келіп тұр-ау. Сонда да әбүйірімді төкпес деген сенімім кәміл. Нәзік жанымды, жіңішке жолымды серілік арына, тектілігіңе тапсырдым. – деп, екі-үш ауыз сөзбен-ақ аяқ-қолды матап қойғаны сұңғыла қыздың.

Аруақты атап серілік мәрттікті де ауызға алған соң, нәпсісін қайтып тимас арлы жігіт? - Мықтымын десең нәпсіңді тиып көр! – деген екен бұрыңғылар. Қара күшке сүйеніп жауды мұқатқан ер ме,

[illegible] жылландай басын қайқайтқан комағай нәпсіні ауыздықтай [illegible] ма? Нәпсі аждаһасын пенде атаулы тия білсе, бұл қоғамда [illegible] ма еді, қайтер еді.

[illegible] ерінінен сүйіп қана маукын басса да, Мүкәшқа деген сезімі [illegible] емес. Сүйген қызы қай киырға асса да, бұл сезім мәңгілік [illegible] емес пе? Таза, кіршіксіз қалпымен көңілді нұрландыра [illegible] Дәл қоштасарда:

Рисамын, серім. Әке бұйрығынан аса алмадым, бірақ жүрегім сенде [illegible]. Қара басыма әке ие болса да, жүрекке билік жок кой. Махаббатым өзіңмен кетіп барады. Қайда жүрсең де аман бол. Өзінді [illegible] ұмытпаспын. Атыңды ардақтап өтер асығын бар деп білгейсің. [illegible] сөзбен мойынға асыла, сүйіп-сүйіп алғанын қайтерсің?

Ғашқан олжасы осы. Жан олжасы, пәк сезім олжасы. Мауыккан [illegible] нәпсі сайтанын семірткен тән ләззаты бұл олжаға [illegible] та. Бұл кіршіксіз сезім болмаса «Назқоңыр» сынды ән [illegible] ма еді көкіректе? Мікір айла, дүнияуи пайда ия нәпсі маңайласа, [illegible] өнер тундысы шыкпас жүректен. Ән мен жыр, күй болсын, [illegible] пәк көңіл, кіршіксіз ниетке конбак... Олай болса тәннің сокыр [illegible] ерік беріп, іңкәр сезімді құрбандыкка шалса, серілігі кайсы?

Осы бір аса шетін, нәзік сырды жария кылғысы келмеді. Түбінде [illegible] бір сәт болса, бәлкім шет жағасын сездірер де Ниязға. [illegible] іштегісін ірке тұрмак. Сылкым токалдың кылыктарын еске [illegible], тояттаған шәулідей бөтекесін компиткан құрдасы дәл осы сәт [illegible] ұкпас та. Токалдың атымен бірге Мүкәштің есімін ауызға алу [illegible] ыңғайсыз әрі беріден соң. Аккумен катар жапалак ұшпас болар. [illegible] ондыктан ақтарылып сыр шертуге баспады Сегіз. Бар айтканы:

- Беу, достым, жауабым мынау ән болсын. Жол қыскарсын, көңілді [illegible] бір! – деп, коңырлата жөнелді:

Ай кабак, алтын кірпік, кызыл ерін,
Кел десең неге аяйын аттың терін.
Сарыағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім.

6

Әгілді құткарар колайлы сәт көп ұзамай-ак туды. Абакты күзеті канша мыкты болғанымен, камаудағы міскіндермен байланыс бартын. Күзеттегі солдаттар да кәдуілгі пенде емес пе? Арак-шарапка, түрлі тарту-таралғыға кет әрі емес. Сондай бір жібі бостауымен жігіттер тіл табысып, көмекейін майлап койған болатын. – Әгіл деген туысканымыз бар еді, кыркын көгілдір жас жігіт. Соған бір көр-жер зат табыс етпекпіз. Аз-мұз сұхбаттасайык деп едік. Сол бозбасты кала сыртына жұмыска шығарса құлак кағыс етерсің. Бұл кызметінді

ұмытпаймыз әрине. – деп, ширек шелектік шөлмек толы «бозжорғаны» қойынына тығып жіберген.

Көп ұзамай әлгі көзтаныстан хабар жетті. – Ертең қала сыртына он шақты тұтқынды шығарады. Ертіс бойынан бөрене тасытпақ. Қарауылдары екі солдат. Қартамыстауы ашшы суға үйір кісі. Сол егденің тілін тапсаңдар, жолдас жігіттеріңмен жолықтырар. – деп келді, арада жүрген сенімді кісі.

Таң қылаң бере атқа қонды жігіттер. Жетекте бір-бір белі берік ұзақшыл сәйгүлік, қорамсақта сар садақ пен сырлы жебе. Онысын көзден таса қылып жұқа матамен орап қойған. Тебіңгінің қабатында бір-бір айбалта, мойындарында сота. Бұл қоян-қолтық арпалыстың қарулары. Найзалары жолдағы шоқ теректің қалыңында тығулы. Оны шошайтып жүрсең күзетшілер маңайлатпайды да.

Әгілдің де қамын ойлап қойған. Іс оңғарылса, қалың коныш саптама етік пен бір сыдырғы киім-кешек әзір. Елге жеткенше пәлен күн жол бар алда. Азыққа дорба-дорба құрт, су қайнатуға шағын бақыраш, мосы мен от тұтатар шақпаққа дейін ескерілді... Тұтқындардың шаштары жартылай ғана алынып, жалбырап өсіп тұрады. Өскен шашты алмаққа ұстара керегін де ұмыткан жоқ. Кісеннің темірін қиятын асыл құрыш егеу де қалтаға тығулы. Енді тек құдай сәтін салса екен деп тілеуде азаматтар.

Аттарды жіті бастырып қаланың сыртына шыға берді. Ертеңгі ауа салқындау, өзен беттен сызды жел де есіп тұр. Шығыс бетте шапағын шашып, рауандап таң атып келеді. Қорада жеммен тұрған аттар пысқырып билей басады. Сегіздің жетегіндегі ақжал шабдар мінілмеген баршын еді, көзін алайтып тартыншақтай береді. Бөркін баса киген Нияз шабдарға көз тастап:

Мынау ақжал асаусып кетіпті, Әгіл мінуге жарамас. Көптен салт жүрмеген жігіт қой. Тақа болмай бара жатса өзім мінермін. – деп, мойынындағы сотасын шапанның ішіне тығып жіберді.

- Атты айтады ғой. Аттың бір жөні болар. Бас білгі жануар асаусып қайда кетер дейсің? Жігітті құтқарып алайық та әуелім. – Сегіз де ұшындағы тесігінен таспа өткізген сотаны жең ішіне сұға қойды.

Құтқару жоспарын әлдеқашан ақылдасып құрып қойған еді. Ендігі сөз қысқа, тек батыл қимыл қажет... Қала маңының жері таптаурын тақырлау келетін. Тұрғын елдің малы ерте көктемде алдымен осы тұсқа жайылған соң, шөбі жоққа тән. Ертіске жақындай шыққа малынған бетеге ұшыраса бастады. Аттың тұяғы сулана жылтырап, шашасына маржандай-маржандай тамшы ілігіп жатыр. Бозторғай аспанға көтеріле шырылдап, өз тірлігінен хабар беруде. Сонау бұталы бұлаң бетте қаланың қара малы жайылуда. Қой-ешкі бір бөлек. Қала жақтан шіркеу қоңырауының даңғыры жетті. Онымен таласа мешіттің азаншысы да азан шақырып әуезді мақамға басты.

Қапаны жарып өтетін Ом өзеніне таман көйлектері ағарандап, шоңайшқа шелек ілген қатындар кетіп барады... Күнделікті мамыражай тіршілік. - Осындай бейбіт таңда қол жұмсар іске барамыз-ау! – деген оймен қынжылғандай да болды Сегіз. Бірақ, порлыкка салса бұл зорлық-зомбылыққа себеп болған әу бастағы нимат. Әгіл неліктен кісенделді? Патша әскеріне қарсылық көрсеткені үшін.

Ал енді Қап тауындағы еркін өмір сүрген елдерге несіне сонылады патша? Күші басым болып, әл-шамасы келіп тұрған соң порлыкка басады да. Демек, бүгінгі қоғам заңы – әлсізді тұқырту. Ойлап тұрсаң, жыртқыштардың тірлігі де. Түнеу күні бұны шақыртқан полковник те өзінше өркениеті жоғары мемлекеттің өкілміз дейді екен өзін. Сол мемлекетінің саясатының өзі тағылық пріктен үлгі алып тұр-ау, шынтуайтқа келсе.

Ойға шомған Сегізді сонадайдан жеткен айқай елең еткізді. – Әй, поктаңдар, атамын әйтпесе! – деп, әжептарқы үнмен бакырып тұрған солдат екен.

Өзі жаяу, әріректеу жерде он шақты тұтқын құржыңдап бореналерді үйіп жүр. Айқайға ілесе және бір солдат атып тұрды. Сегіз Ниязға қарап:

- Мен жаяулап барайын. Сен аттарға ие бол. Сосыңғысын көре жатармыз. Аттылы кісіден үріккен түрлері ғой. – деп Бозшұбардан топ ете түсті де, тізгінді Ниязға ұстата берді.

Шөлмекті жоғары көтере көрнекке шығарып келе жатқан жас жігітті көрген соң, солдаттар көңілденейін деді. Оның үстіне бас ие жамандасқан Сегіз жатық орысшамен:

- Оу, тамыр, тарту-таралғы әкеліп едім. Ана бір туысымызбен тілдесуге рұқсат берсең. – деп дауыстаған соң, мылтықтарын қоя салып жымың қақты.

Дембелше келген солдаттың біреуі шынымен-ақ сақа кісі екен. Шөлмекті салмақтап сүйсіне езу тартты да, серігіне:

- Прошка, бар сен жолықтыр мына жігітті. Мен мына сусынның дәмін татайын. Көз жасындай мөлдіреген түріне қарағанда нағыз «первак» болар. – деп, көзі майланып тамсанып қойды.

Прошкасы әлі бастықпаған, міндетіне қатаң жас неме екен. – Жүр, алдыма түс! – деп, қабағын түксите мылтығын шошаңдатты.

Сегіздің бар мақсаты – бұл топта Әгілдің барын анықтап алу. Биік өкше шоңқайма етік жаяу жүріске қолайсыз-ақ. Оның үстіне тұтқындар бөрене сүйреткен алаңқай ойдым-ойдым. Әйтсе де таяқ тастам жер жаяулауға тура келді. Он шақты алба-жұлба киінген тұтқындар жұмыстарын тастай салып бұларға карап тұр. Бозарған

жұқа өңінен Әгілді тани кетті. Қасындағы төртбақ денелі кісі ағасы сиякты... сонысын анықтайын деп:

- Әгіл, бармысың? – деп дауыстап еді, ағасы екеуі қосамжарлана: - Бармыз, туыскан! Осындамыз! – деп жауаптасты.

Юлдаштың ағайыны да осында екен. Тұткындармен қыска-қыска тілдесіп, Әгілдің құлағына төне:

- Әзір бол, қазір әкетеміз сені. – деп сыбыр етті.

Өз мінезіне өзі таң Сегіз. Құр қол жүріп мылтықты солдаттармен алысамын-ау, кауіп күшті-ау деген титтей абыржу болсайшы. Бір кимылы мүлт кетсе, мына қасындағы істікті мылтығын кезеніп тұрған Прошкасы түскір еш мүдірместен басып салатыны айдай анық. Бар қатерді мөлшерлеп те тұр өз басы. Әйтсе де көңілде толку жок. Тек арпалыс, алыс-жұлыс алдындағы қолка шымырлатар болмашы кыжыл бар. Жүрек те сәл-пәл жиірек каға бастады ма, калай өзі. Шалп кимыл боларын сезіп, тамыр біткенге кан айдамакка әзірленсе керек.

Көз кырымен Нияз жакты бағып тұр. Аттарды калмакша байлап, кексе солдатка жакындапты досы. Келісім бойынша әрекетті Сегіз бұрын бастамак. Қыркылжың солдат шөлмекті көтеріп ауызынан сылкылдатып отыр. Сүрепеті жайбарақат, жағасы жайлауда сиякты. Нияз бұның деңгейіне келді-ау дегенде, Прошкаға тап берді Сегіз. Сотамен мылтыктың ұңғысынан бір салып еді, дүмінен ұстап тұрған солдат ынк етіп екі бүктетілді. Ес жиғызбастан және бір койып талдырып тастады да, әзірлеп қойған кайыс шеттікпен кол-аяғын байлай берді. Бір көз тастағанда әлгі кексе солдаттың да жалпасынан сұлағанын аңғарып калды. Нияз да оны ын-шыңсыз-ак жайғастырса керек.

Ендігі әрекет оңай. Бір жағынан шығысып, тұткындардың өздері де көмектесіп жатыр. Жетіп келген Әгіл мен ағасы Сегіз ұсынған егеуді алып, жалма-жан кісенді бұзуға кірісті. Аттарды жетектеп Нияз да келіп калды.

- Әлгіні байлап жатқызып койдым. Мылтыктарын суға бір-бір малып алайык. Соңыра колдары босаған соң ата алмайтын болсын. – деген сөзбен айтканын іске асырып жүр.

Әгілді кісеннен босатуға бар тұткын ат салысып жанталасуда. Дені орыстар екен. Бір еңгезердей орыс бетіндегі темірмен күйдіріп бастырған кос таңбаны көрсетіп:

- Мен алдыңғы жылы бір кашып едім. Жердің жағдайын білмеген соң бірер жұмадан соң ұсталдым. Мына тыртык таңбалар содан калған естелік. – деді де Әгілге бет бұрып, - өлсең де колға түспе! Қолға түссең ит корлыкты көресің. Таякты көтере алмай өлесің бок басында. Қашкындарды оңдыртпайды бұл кәззаптар. – деп, етпетінен сұлап жатқан солдатты нұскап иек какты.

Киесінен босап қазақы киімді киіп алған Әгіл: - Өлсем еркіндікте өлейін. Абақтының қақпасын көрсетпесін енді бір құдай! – деп, достарымен құшақтаса қоштасты.

Сендер қара үзгесін ғана мына екеуін босатармыз. Ал хош, болғанда жолдарың болсын, бір алла жар болғай! Бірінші құдай, екінші өздеріңе тапсырдым бауырымды. – деп, Әгілдің ағасы көзіне жас алып қоштасты.

Әгіл атқа қонған соң Юлдаштың туысқаны да толқыған көңілін ұстара алмай кемсеңдеп: - Ал, қазақ бауырлар, мың мәртебе рахмет! Күлпайдан қайтсын бұл жақсылықтарың. Анау балаға қамқор болғайсың. Тастай батып судай сіңсін қазақ қауымына. Аманат! – деп, ағынан жарыла қоштасты...

Тақым атқа тиген соң-ақ арғы жағы оңай ғой. – Ел қайдасың? – деп қамшы басты жігіттер. Шіркеу мен мешіті, абақтысы мен оқу орындары, әскери кеңселері бар Омбы қаласы артта қала берді. - Енді бұл шаһарды желкемнің шұқыры көрсін! – деген оймен Сегіз соңғы мәрте көз тастады да, мойыны тегіс бусанып жүрісін үдеткен шұбарды жалынан еркелете мытып қойды. Бар өкініші – Прохоровпен қоштаспай кетіп бара жатқаны.

- Елден қатынаған кісіден дұғай сәлем айтып жіберермін. Бүгін болса уақыт тым қысылтаяң. Өзеннің арғы бетіне шығып алу керек алдымен. Қуғынға сақ болу керек. Ең қауіптісі сол. Көз барда ағашты ойкеге жетіп алсақ бекініп алармыз. Күндіз дамылдап түнде жүрсек, күннан қара үзіп құтыларымыз хақ. Елге жетіп алсақ арғы жағы оңай ғой. Әгілді жасырмаққа қол ұшын берер ағайын.

Тек бұл жігітіміз ұзақ жүрісті көтере алса болды. Абақтының кенеусіз сасық сорпасы қорек болған ба. Әлсіреп қалмаса игі еді. – деген күдікпен бозбасқа назар жүгіртіп еді, жарғақ шалбар, има шекпен киіп жортып келе жатқан Әгілдің отырысы нық көрінді. Көңілі де алып ұшса керек, бетіне қан жүгіріп көздері ұшқын атып келе жатыр.

- Ия, сәт, ия аруақ, қолдай көр бабаларым! – деп, аттың жалына сүйкейе берді Сегіз...

Мезгіл шаңқай түс, күн желсіз тымық. Түн ұзақ жорткан жігіттер шоқ қайыңның ішінде дамылдап жатыр. Дөңгелене біткен ағаштың ортасында аумағы ауыл қотанындай ашық алаңқай. Бір шетінде кішірек томары бар, томардың арасында су жылтырайды. Алаңқайдағы бітік бидайықты тұсаулы аттар бырт-бырт үзіп оттауда. Алаңқай шетіндегі қайыңның көлеңкесіде жағулы от. Мосыда ілулі бақырашта бүлкілдеп қайнап жатқан сүр ет. Майлы сүрдің хош иісі мұрын жарып барады. Отқа шөпшекті уыстап тастап отырған Нияз түтінді бақылап отыр. От шамадан тыс лаулап түтін қалыңдай түссе-ақ, жалынды баса қояды. Бұнысы түтінді шығармай жағудың амалы.

Шөпке төселген желкомның үстінде малдас құрып Әгіл отыр Даланың ауасы бетін өпкен соң, бір тәуліктің ішінде-ак бозарған оқ күрең тарткан. Құтылғанына сенер-сенбесін білмегендей-ак, айналаға қарағыштай береді. Бір түп жусанды саусағымен үгіте танауына такап құшырлана иіскеп кояды. Ұйыса біткен шөптің ішіндегі шегіртке мен инелікке, гүлге конған ара мен көбелекке көз көміп тоймай отыр.

Орман ішінің сак құсы сауыскан ғой. Ең сұмакайы да сол. Піскен еттің иісі шыккан соң-ак жолаушыларды төніректеп жүр. Бұлардың беймаза шикылы бозторғайдың шырылын анык естіртпейді. Төртті-бесті карала сауыскан мазаны алып сұғанактанса да табиғаттың мына мамыражай көрінісімен мейілінше үйлесімді. Мына тамылжып тұрған күнде еш сорақы әрекет, ұрыс-соғыс болуға мүлде мүмкін емес сияқты Алайда жігіттер сак отыр. Көпшікті колтығына кысып, токым үстінде жамбастап жаткан Сегіз ара-тұра аттарға көз тігіп кояды. Қуғын-сүргін, алыстағы аттың дүбірін алдымен сезер осы жануарлар ғой. Өз күдігін сездіргісі келмей, және үрейін ұшырмайын деп Әгілді сұхбатка тартады:

- Сонымен шынжырлап койған сорлыларды да көрдім дейсің бе? –

Үзеңгілес серіктері әлгінде ғана тап-такыр кылып ұстарамен кырған басын сипап койған Әгіл, іле жауаптасты:

- Бұл кәпірлер мұнша катыгез екенін кім білген? Өз ұлтын да аяған емес бәтшағарлар. – деп әлдекімге кіжінгендей кабағын шытып, - Тобыл каласындағы абактыдағы сондай бейбактарды көз көрді. Шын міскіндер солар ғой, несін айтасың! Қол-аякта кісен, онысы аздай шынжырмен тас кабырғаға бекітіп тастапты. Бейбактар иттей-ак күн кешуде. Қарға адым жер мұң болған соң, тіршіліктің керегі де жок шығар сірә. –

Шөп үстіне тастай салған былғары жонаның үстіне ыстык етті түсірген Нияз: - Кел, бауырым, мына дәмнен ауыз ти. Сүрді сағынған боларсың. – деп, пышағын жаландата семіз жаяны турай бастады.

Қарны ұлып тұрса да, сабырлы Әгіл сыр берген жок. Ет туралған соң, Сегіз бірінші болып ауыз тимей аска кол соза коймады. Созғанның өзінде комағайланбай тартынып жеп отырды.

- Асап-асап жіберсеңші былай, уыс толтыра! – деп Нияз майлы кесектерді алдына сырғытса, жымиып кана койып:

- Қатып-семіп бір шек болып калдым ғой, әлгі абактысы түскірде. Каткан наннан өзге дәм да тапшы ғой ол жакта. Оның өзі там-тұмдап. – деп, жайын ұктырды.

Сүрдің кышкылтым сорпасын ішіп, маңдай тері бұрк еткен Нияз: - Әлгі саған хош айтыскан ұзынтұра орыстың өңі тым сұсты екен. Беті мен маңдайына таңба соккан кім? Әлде ұлыктардың зорлап соккызғаны ма? – деп, көзгелдектен сорпа сіміріп отырған Әгілге карай калды.

Ыстык ішіп құрыс-тұрысы жазылған жігіт, түбіт мұрты мен жұка ернін жеңімен сүйкей салып сөйлей берді:

Ол бейбақтың көрмегені жоқ. Абақтыдан қашқаны үшін ұлықтар маңдайы мен бетіне баттитып тұрып салған таңба ғой. Малдың сауырына салғандай-ак темірді қыздырып салады жендеттер. Сонда ешқ етіп дыбыс та шығарған жоқ әлгі орыс азаматы. Ер деп соны айт менсіні! – деп, сүйсінген нысайға міне көзін жалт еткізді.

Асылы, карапайым орыстан пәлендей жамандық көргеніміз жоқ. Бізге кісәпірлері де жоқ емес-ау. Әйтсе де дені әділ халық. Бұлардың жек көретіндері өздерінің «дворян» деген ақсүйектері. Сол дворяндары бұқараны мал есебінде көреді екен-ау. Ұшқырлығымен ала шыккан тазы итке бола, бар үйелмен-сүйелменімен баспа-бас шырбастай беретін көрінеді сорлыларды. Болмашы карсылық көрсеткен кара шаруаны сүбесін карнай кабырғасынан асып койып, ошақка салғаны не сан. Сөйткен тепкіні көрген кара шаруалар өз шелерін жақтырсын ба? Біздің арамызда сондай дворяндардың біреншарапы болатын. Өзге орыс бұларды ит етінен жек көретінін көзіміз көрді. Қайта бізге деген пейілдері анағұрлым оң еді. –

Сөзін күрт үзген Әгіл оттап жүрген аттарға жалт карай калды. Нияздың да назары сол жакта екен. Әгілді ден коя тыңдап отырған Сегіз де аттардың құлак тіге калғандарын енді аңғарды. Нияз жалмаңдап отты өшіріп:

- Жануарлар не сезіп тұр? Тегін емес! –деген сөзбен орнынан атып турды.

Ак балтырлы кайыңдар жиі біткенмен ара-арасынан сырткы даланы көрсетпейтіндай. Жан-жағына көз жіберген Әгіл бірер сәттен соң:

Әнекей көрінді! Казачилер!- деп шығыс бетті нұскай беріп, терісктің үстінде жатқан айбалтаға жармасты.

Қуғыншыларды Сегіз де анык көрді. Он шакты салт атты сар ала-сондіріп келеді екен. Бағыттары тура осы шоқ ағаш. Алдарында із кесетін біреу болса керек, окшауырак шығып аркан бойы алда келеді.

- Е-е, ізшіл біреуді ала шыккан ғой. Із танитын көзі кырағы аңшы біреу араларында бар не кылса да. Төрт аттың ізімен бастап әкелген сол шы.- деген оймен бұл да ер-токым касындағы садакка кол соза берді.

Әгілдің өні боп-боз. Ернінің дірілін билей алмай, айбалтаны ұстаған калпы: - Тірідей жокпын жауыздарға! Қолдарында өлемін. – деп тіксініп келеді.

Канын торсыкка құйып алғандай-ак, ажал іздегені ап-анык... Сегіздің де колка тұсы мұздап барады. Басына кан теуіп, жүрегі ыдкактап кеудеге симағандай. Алдағы канды шайкасты сезіп, алпыс екі тамырға кан жүгіртіп бакса керек. Он шакты карулы солдатпен соғысу оңай боп па? Әр кайсысында әскери мылтык. Қазактың ан ататын шитісі емес, шүріппелі, ілез окталатын мылтыктар. Қарудың торесі сол от кару ғой. Он шакты емес, тіпті мылтыкты біреуі келсе де

жамсатып салуы оп-оңай. - Бір мылтықтың канды ауызына жүз кісі сияды- демекші.

Қоян-қолтық соғысқа да әйдік келеді бұлар. Қылыштасып, найза сілтеген жаттығу ойындарына талай күә да болған қалада жүргенде Сондық, кауіп тым зор. Сар садақтың оғымен он мылтыққа төтеп бере алар ма? Әлде ажал құша ма екен осы шоқ қайыңның ішінде? Ия болмаса: – Жаздым, жаңылдым ағатайлар, кеше көріңдер! – деп аяғына жығылып, жалынып жалбарына ма мына келе жаткан әскерге?

Осы ой үстінде «Қарабек батыр» киссасының оқиға желісі санаға жарқ беріп жаңғырғаны. Туған апасы қолын байлап-матап тастаған Қарабек, қалмақ ханының алдында мүсәпір халде қалады. Әйтсе де жауына бас ұрған жоқ ер жігіт. – Өлсем де жамандарға жалынбан! – деп, қасарысып ажалды күтіп тұрды. Осы киссаны бала кезінен жаттап өскен басы дұшпанына жампаңдамақ па? Жоқ, одан да өлгені артық!

Осы байлауға бекіген Сегіз жебе толы қорамсақты қолтығына қыса беріп: - Ал кеттік, жігіттер. Бұ «қонақтың» сыбағасын беріп көрейік. Сар садақты менсінбейді екен бұ солдаттар. Заманы өткен көненің қаруы деп, мұрын шүйіріп мазақтайды екен тіпті. Әйтсе де салыстырып көрейік мергендігімізді. – деген сөзбен, ағаш шетіне таман адымдай берді.

Іші алай-түлей болса да, дауысы нық шыққанына өзі аң-таң. Үзеңгілестеріне қобалжуын сездірсе көсемдігі қайсы? – Оққа ұшсам кеудемді бұрын төсермін. Сері атанбағай едім, атанған екенмін жолдастарға үлгі болғаным абзал. – деп түйіп, жиі өскен қайың арасымен нық басып келеді.

Ниязда да жебе толы қорамсақ пен сар садақ. Оған қоса айбалтасын иыққа салып алған. Ағаштың шетіне ілез жетті. Солдаттар ізбен келіп іркіліп тұр. Ағаш ішіне жаяулап кіруге каупайлайтын сияқты. Қайыңды тасалаған жігіттерді бұлар көрмесе де, сезіп тұрғандары анық. Бозбастардың әрі құр қол емес, әрі тәуекелге бел байлағандарын білмейді емес әрине. Сондық, ашық далаға шығарып алмақ. Ағаш ішінде де құтқармастарына сенімді, өр кеуде казачилер. Әйтсе де қоян қолтық ұрыста қауіп-қатер барын есепке алып, бөгеленде керек.

Бұл аңдысу қаншаға созылары мәлімсіз, бір уақта еңгезердей біреуі көкке тарс етіп атып жіберіп: - Әй, жаман майтымақтар, шығыңдар тез! Қару-жарақты тастап, қол көтеріп шығыңдар. Әйтпесе иттей керіп шеттеріңнен атып тастаймын. – деп айғай салсын.

Екілене бақырған дауысы таныс сияқты. Сегіздің оң жағында садағын оңтайлап тұрған Нияз: - Мәссаған, мынауы ескі көз таныс қой. Өзіңнен таяқ жеген Яшка Головин дағы. – деп мырс берді.

- Е-е, тіпті жарады. Үйреніскен жау атыспаққа жақсы емес пе? – садағын кезенген Сегіз досына еңсе бұрып, - сен атпай іркіле тұр. Тақа

[illegible] бара жатса кірісерсің. Кісіні шығын қылып қайтеміз. Мен кол-[illegible] көздеп, жарадар қылып көрейін де. Сендер жер жастанып бұға [illegible]. Мылтық оғын жаудырады бұл иттер. Қаңғырған оқ жазым [illegible] деп, шоқ қайыңның шетіне қарай қадам басты.

Шоқ ағаштың сырткы шеңберіне тақап, алдындағы бес-алты [illegible] тасасынан көздей бастап еді, соңынан асыға жеткен Нияз:

Аттарын атып көрсеңші. Жаралы атпен бізді қуа алмас. – деп [illegible] берді.

Бұл да жөн екен. Ал көрейік тұрысып ақ патшаның даңқты [illegible]рімен. – осы сөзбен жаяулап келе жаткан солдатты көздей бастады.

Шынбарының қызыл жолақ лампастары анық көрініп, шабдар кекілі [illegible]ғаған картозының астынан бұйралана шығып, ұзынтұра біреуі [illegible] басып келеді. Басшысының бұйрығына бағынып үрейін [illegible]ірмеуге тырысса да, бұғыңқырап, орман жаққа сақтана көз тігуде. Бір қауіп сезілсе-ақ, жерге жалп етіп жата кетуге әзір сияқты. Бұның [illegible] ала, аркан тастам жерде бір салт атты жаяудың атын [illegible]ырынан ұстап тұр. Оның дәл қасында мылтық кезенген Головин. [illegible]лері сәл қалыңқы ошарыла қалған. Головин айғай салып:

Бассаңшы аяғыңды! Түйе баққан малшы-құлшыдан қорқамысың? Мұрындарынан тізіп айдап әкелсең, бір шелек арақ қоямын осы кеш. – [illegible] өзінше жаяу келе жатқан солдаттың қолтығына дым бүркіп жатыр.

Бастығының бұйрығы дем болды ма, әлгі жаяу еңсесін тіктеп [illegible]үрсіп үдетті. Бағыты бозбастардан сәл қиыстау. Осы сәтте қызыл [illegible]мпасты нысанаға алған Сегіз, адырнаны шірей тартып, атып кеп [illegible]берді. Тиген-тимегенін анықтамастан-ақ, жалма-жан және екі оқты [illegible]рінен соң бірін көз ілеспес шапшаңдықпен зуылдата жолдады. Үш [illegible]сені жіберген соң ғана, - не болды екен? – дегендей-ақ аялдап, [illegible]стың нәтижесіне назар салды.

Нәтижесі болса, жеңіл-желпі еместі. Көздеместен тартып-тартып [illegible]берсе де, үш оғы да ката кетпепті. Жаяу солдат қара санын кос қолдай [illegible]стай алып, аксаңдап қашып барады. Головиннің етігінің конышына [illegible]алған сұр жебе балтырын көктей өтіп, тоқымын тесе аттың бүйірін [illegible]раласа керек, аты шыңғыра кісінеп жіберіп косаяктап тұрып алды. Үшінші жебе жаяудың атын ұстап тұрған солдаттың топшысын тесіп [illegible]тіп, тобыршығы арғы жағынан бір-ақ шығыпты.

Үш оқтың бірінен соң бірі үзілмей атылғаны соншалық шапшаң, [illegible]ды бір алып садақтан бір-ақ сәтте шыккан сияқты. Естері шыккан [illegible]лдаттар, жігіттер тұрған тұсты жалма-жан аткылай бастады. Ыңырлаған корғасын оқ ак қайыңдардың діңіне кірш-кірш кіріп те [illegible]тыр. Бірак бозбастар бұған әзір еді. Жер жастана жата қалып, [illegible]аудың әрекетін бағуда. Солдаттар болса дағдарып қалған. Мұндай [illegible]ерінді карсылыкты көреміз-ау деп мүлде ойламаса да керек, енді [illegible]йтып беттейтін түрлері жок сияқты. Бірак, шегінбей де тұр.

Атыс сәл саябарсыған кезде, Сегіз еш саспастан алға шығып, шеткі ағаштың тасасынан үш оқты және жіберді. Бұл сапар пәлендей бойын жасырған да жоқ. – Мені көр! –дегендей-ақ қасқая тұрып атып жіберді де, асықпай балпаң басып қалыңның ішіне қайта енді. Бұл оқтың да жалқысы далаға кеткен жоқ. Тәу жібергені ер тоқымның алдыңғы қасын жанай өтіп солдаттың жамбасына қадалса, екіншісі дәл дүмін тауыпты. Үшінші сауыт бұзар доғал оқ аттың қақ маңдайына тиді. Шыңғырып кеп тулаған ат бір бүйірлей гүрс құлап, үстіндегі солдаттың аяғын мертіктірсе керек, бишара бақырып жатыр.

Мынандай жойқын қимылдан зәре-құттары қашқан болар, Головиннің қатаң бұйрығына да қарамастан солдаттар тым-тырақай қаша жөнелді... Әдетте өлген аттың ер-тоқымын алмай кетпеуші еді казачилер. Жоғары сапалы жып-жылтыр былғарыдан істелген, әскери ат әбзелдері келісті де қымбат болатын. Бұл жолы, ер-тоқымға қарайлауға мұршасы да болған жоқ «даңқты әскердің». Бір де бір сәт бөгелместен ақсаңдай басқан солдаттарды міңгестіре, жөнеп берді. Головин өңешін жырта бақырып тоқтатпақ болып еді, Сегіз:

- Бұл Әгілдің өші болсын! – деп, және бір оқ жолдады.

Әлгіндегі жебе сол жақ балтырынан қадалса, бұл жолғысы қара санына кірш ете бойлай енді. Қанша өлермен болса да екінші жарға шыдай алмады қаһарлы Головин. Ауырсынғаны бар, кезекті оққа және ұшырау қауіпі бар, артына да қарамастан атын қамшылай кете барды.

Сегіз болса: - Қап, пәлен оғымды әкетіп барады-ау мұндарлар. Нағыз қозы жауырын мен сауыт бұзарларды жұмсап едім. – деп ез тартып, қашқандарды көзімен ұзатып тұр.

- Оқты айтады ғой, ажал аранынан құтылғанды айтсаңшы! ентелей жеткен Нияз досын ту сыртынан қапсыра құшақтай алып, - ерледің батырым! Мергендігің және бір сыналдау, шіркін! Пайдасын көрдік не қылса да! – деп, көзі жайнап балаша қуануда.

Әгілдің шаттанғаны соншалық, көзінен жасы шұбырып: - Біреу айтса ғұмыры нанбас едім. Бұндай да мергендік болады екен-ау! Ойнақтап тұрған аттың үстіндегі кісінің балтырына дәл тигізгеніне таң-тамашамын. Өз көзімен көрмегенге мүлде нанғысыз да. – деген сөзбен бұл да Сегізді құшақтай алды.

Мұздай қаруланған он солдаттан мұнша оңай құтылғандарына Сегіздің өзі де аң-таң. Ішінен: - Мынау қайыңдардың ығы көзден таса қылды ғой. Әйтпесе ашық жерде соңымыздан жетсе от қаруға төтеп беру қайда-а! – деп тәуба қылып, кеуілді орнықтырды да, үзеңгілестерге дем бере:

- Ал кеттік, жігіттер. Ендігі қуғын шыққанша қайда. Түн баласын күтпей-ақ аттана берейік. – деп, жайылып жүрген күліктерге таман қадам басып еді, - батыр-еке, аттарды өзім ерттеймін, еш қам жеме. - деген сөзбен Әгіл жігіттердің алдына түсті.

Аттында ғана - Сегіз, құрдас,- деп жүрген бозбас бұдан былай [illegible]тек - батыр- деп атап кетті. Сегіздің өлім мен өмір арасындағы [illegible] сағатта көрсеткен асқан сабырлығы мен. соғысқа шеберлігіне [illegible] болғаны соншалық, жарты-ақ жас үлкендігі бар үзеңгілесін – [illegible] деп дәріптеуге айналды.

Бұнысына: - Жасымды ұлғайтып қойдың ғой, беу замандас. – деп [illegible] Сегізге, - жолың үлкен, көсемсің. – деп түсіндірді Әгіл...

Атаң арасымен жүгіре басып кеткен бозбастың соңынан: - Шұбарды [illegible] сергтеймін, өзге кісіні жолатпайды. Несіне әбігерлендің, үлгіреміз [illegible]ға. – деп айғай салып еді Сегіз, езу тартқан Нияз:

Бара берсін. Қызмет көрсетпек түрі дағы. Қуанышы қойынына [illegible] жатса керек. Өлімге бел байлаған бейбақ қой. Аман қалғанның [illegible]оңай деймісің. – деп, Әгілдің көңіл күйін өзінше топшылады.

Аташтан шығып атқа қонған соң, Сегіз сонадай теңкиіп жатқан өлі [illegible] бағдар түзеді. Ойы – өз жебесін суырып алмақ. Бозшұбарды [illegible] бастырып өлікке келсе, күшіген жүнді сырлы жебе қақ [illegible]айдан тиіпті. Ат-әбзелі сол қалпында екен. Ат үстінен еңкейе [illegible]сені суырып алып:

Нағыз сауыт бұзар ғой, қалдырып кетсем обал дағы. – деп, [illegible]ағы ұйып қалған қара канды шөпке сүйкеп сүртті де, атқа көз [illegible]:

Бұ шоныкты пышаққа іліндірместен жазым қылғанымды кеше [illegible]р. Қамбар ата. Бұт артарын атып жыкпасам, бұ найсаптар далақтап [illegible]ымыздан қалмас еді. – деп, өз қарекетін ақтаған болды.

Әскер атының ер-тұрманы жап-жаңа екен. Жылтыр сары [illegible]нарыдан істелген көпшігі мен тебіңгісі, құйысқан-өмілдірігі [illegible]сті-ақ. Қанжығасында әскери сұр шинель мен қаңылтыр бақыраш [illegible]ауылы күйінде қалыпты. Темір үзеңгісін салмақтап көрген Әгіл:

- Ерді сыпырып алсақ қайтеді? Ур жаңа мүлік екен. Жетектегі атты [illegible]ргеп қояйын. – деп ұсыныс айтып еді, Ақбақайдан түспеген Нияз:

- Бүлінгеннен бүлдіргі алма деген. Пәлесінен аулақ. Және бұлар [illegible]ткен күнде іздеп келеді бұл мүлкін. Дұшпанның дүниесіне [illegible]ыкпайык, бауырым. – деп сақтық айтты.

Қуғыннан құтылған соң бөгелетін не бар? Көңіл көтеріңкі, диланып [illegible]ан аттар тың, жүріс тілеп ауыздығымен алысып келеді. Қызылжар [illegible]ттегі даланың көрінісі тамаша-ақ. Кіл дөңгелене біткен қайыңды, [illegible]ректі шоқ ағаштар көк теңіздегі жиі-жиі ұшырасар аралдар дерсің. [illegible]ок теңізі маң даланың өзі ғой. Дәл қазір бетегесі көкпеңбек. Қайыңды [illegible]ұбардың арасы болған соң қар мол іркіледі де, көктем туа қалың шөп [illegible]ркірей өнеді. – Түгін тартсаң майы шығады- дегізгендей нағыз [illegible]ұнарлы өлке осы. Абақтыда көңілі пәсейіп қалған Әгіл:

- Қазақтың сахарасы ғаламат екен-ау, шіркін! Ұшы-қиыры жоқ не деген байтақ жер десеңші. – деп үзеңгіде көтеріле мойын созып, жан-жағына қарай береді.

- Е-е, тұра тұр, көк жаңа тебіндеп келеді. Соның өзінде аттың шашасын жасырды әнекей. – Ақбақайды сар желдіріп келе жатқан Нияз жоғарыдан жеткен бозторғай әніне құлақ түре, бөркін қозғап қойды. – Шілде туа бұл даланың бозы ат бауырын сызар әлі. Сонданы түрін көрсең ғой. Ақ селеуі теңіздей толқып қай-қайдағы киялыңды қоздырар. – деп Әгілге бар денесімен бұрылып, - айтпақтайын, әнге қалай едің, бауырым? Әу дейтінің бар шығар? Шыркап жіберші, кәнекей, жол қысқарсын. –деп, тосыннан қолқа салды.

Әгіл іркілген жоқ. Еркіндіктің буы онсыз да көңілін көтеріп келе жатқан бозбас, осындай қолқаны күткендей-ақ елең ете қалды.

- Жуырда бір топ тұтқынды қала көшесін тазалауға жіберіп еді. Сонда бір қазақтың қызы ұінағашпен су әкеле жатып әндеткен болатын. Бір естігеннен-ақ қағып алып едім. Ырғағы әрі баяу әрі накысты. Кісіні бір түрлі тебірентіп жібереді. Бір бозбала асық жарына арнаса керек. Құдды бір өз жүрегімнен шыққан сиякты әлгі ән. – деп, сүйсінген пішінмен басын шайқай берді.

Осы тұста Нияз: - Үздіктірмей айтсаңшы бол! Әлде әлгі келіншекті елестетіп есің шықты ма? Жетті ғой кіріспең, шығар лебізіңді! – деп, жымиған қалпы Сегізге көз қысып қойды.

Сегіз де Ниязға мағыналы көз тастап: - Қайтесің сөзбен қажап. Ойыннан от шығып кетпесін. Біздің елге қонақ қой бұл замандас. Бұралқы сөзді елдегі тең-тұсыңа сақтасаңшы. – деп, әлгі тіктеу шыққан қалжыңды қуаттай қоймады.

Алайда Нияздың қыжыртуын елеген Әгіл жоқ, тамағын қырнай жөткірініп алды да әнін бастай берді.

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең неге аяйын аттың терін.
Сарыағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұрақ белім.

- деп ырғалады бәз-баяғы Сегіз шығарған «Назқоңыр».

Әгіл өзі қандай құмырсқа бел қылдырықтай тұрпатты болса, дауысы да сондай жіңішке екен. Әуен ұғуға қабілетті болса керек, ырғақты еш бұзбай қайталауда. Абақтыда бар өкпеге сала, қысылмай-қымтырылмай ән салуға мұрша қайдан болсын. Мұрша болған күнде де пәсейіп қалған көңіл кең тынысты, екпінді әуез тудыруы екі талай. Төменшік еңсе тұтқындардың әнінде қайғы сарыны басым қашанда. Мына «Назқоңырды» болса Әгіл шаттана шыркады. Азап орнынан жан амандап қалғанның қуанышы да, қыз-қырқынды сағынған сезім де қоңыр әуезбен төгіліп жатыр.

Сегіз бозбастың қылдырықтай нәзік алқымына көз тоқтатып таңырқауда. - Әбден жүдепті-ау мына бозбала. Арықтығы болмаса мұрнынды кең-ақ. Қымыз бен жас етке ауызы жетсе, ертең-ақ дыңдай ат болып шыға келер. Осы жұп-жұқа сықпытымен ап-ауыр кісенді сүйретіп қалай жүрді десеңші. Кісендеулі қалпы бөрене сүйреткен ұлы сіңбекті аткарып шыққанын айт! Адам баласы көнбіс келеді-ау бәрі. Ойтпесе жуан сіңір қыркылжың еркектер зорға шыдайтын ауыпка, мына әлжуаз сикымен төзе алар ма еді бұ бозбас. –

Осы оймен Әгілді әрі мүсіркеп, әрі сыйлап кетті ішінен. - Қолымнан келсе қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпырмаспын. Сонау жердің түбі Қап тауынан дәм айдап келгенде, біздің елге арткан үміті қайт болмасын. –

Ешкім жігітті қайда паналатып, қайда апарарына бас қатырған ол жоқ. Ел бар емес пе, ел іші алтын бесік қашанда. Ел келесіне ұйытырады да. Торғай екеш торғай да бұта түбін паналар қысылғанда. Ешкірдің канды қақпанынан сытылып шыққан бір мүминді қабатына алмаса, елдігі қайсы қалың Керейдің. Сондық, бұл мәселеге ой жүгіртпеген де жоқ. Бір таң қалғаны – жаңа ғана Әгілдің ауызынан шыққан өз «Назқоңыры».

Апыр-ау, Нияздан басқа бұл әнді жан адам айтқан жоқ еді ғой! Оның өзінде Әбдірасұл байдың қыстауынан қайтканда, елсізде жолдасқей шыркады. Қала ішінде болса аулада ғана ыңылдап жүретін еді. Оны естіген күтуші бірер қатын-қалаш қана. Олардың өзгері карбалас жұмыс үстінде жүрген болатын. Ән ұғуға еш мұрсасы да жоқ сияқты еді. Ендеше абақтыдан бір-ақ шыққаны ғой? Не қылса да дәл өзінің Назқоңыры. Бұл Әгіл әннің атын біле ме екен? Әй қайдам! Әуені мен өлең сөзін құйма құлағына сіңіріп алғанымен, әлгі су тасыған келіншек әннің атын қайдан білсін.

Дәл осы сәт қайырмасын қайталап сәл аял тапқан Әгілге Нияз шұқшия қадалды. Сегіздің ойын құдды бір көріпкелі бардай-ақ, біліп тұрған кісіше:

Оу, жезтаңдайым, әнің келісіпті. Бұл әннің атын білуші ме едің? Шығарған кім, хабарың бар ма? – деп сұрақты саулатты-ай келіп. Өзі ұлкылана Сегізге карап та қояды. – Үндеме, не дер екен. – дегендей-ақ.

Әгіл еш мүдірместен: - Әннің аты «Назқоңыр» болса керек. Сазы бізге шалқыған соң атағаны болар. Әнді шығарған бір ғашық жігіт. Іңкәріне жете алмай арманда қалса керек. – деп қысқаша мәлімет берді де, - әнді бөлмесеңші! Ұғып ал қайта. Сегіз әне тыңдап келеді ғой. Ұнатса керек. Омбының әні деп елге апармаймысың. Қосылып үйрене бер. – деп, жауап күтпестен шыркай жөнелді.

Базардан алып келген күміс құман,
Жігітті адастырған калың тұман.
Арадан кыл өтпестей тату едік,
Біздерге кастык кылған кай антұрған!

Мына шұмакты естігенде жүрегі шым етті Сегіздің. Мүкәраманың күлім каккан көздері ғайыптан пайда болып, жадта тұрып алғаны. Енді көре ме, көрмей ме? Әй, кайдам! Мына казан бұзар кимылы шаһарды көрсетпес ендігі. Ендігі ортасы тек ел іші. Мүкәштан калғаны осы ән ғана. Аз олжа ма? Әрине аз емес. Әнекей ешкімнің еркіне бағынбастан ел ішіне тарап жаткан жок па. Кім шығарғаны кайтсын халайык. Ән көңілге жакса болғаны да. Әйтеуір казактың бір кара домалак баласының жүрегінен шыкканы хак. Қаяу көңілді жұбата алса болғаны да. Олай болса, Мүкәш екеуіміздің махаббатымыздан туған ән ел кәдесіне жараған екен. Мәртебенің ең ұлысы осы емес пе. Аттарымызды да білмей-ак койсын ел. Милләттің бір-бір перзенттері ғанамыз, екі ғашык. Ғашык атаулының арманын жеткізе алсак болғаны да.

Нияз да әнге косылыпты. Әгілдің лебізінен үнін асырмай дауысын тежеп кана шығарады. Әгіл Сегізге назар жығып иек какты. – Косылсаңшы! – дегендей. Сегіз бен Нияз өз ара көз тастасып езу тартты да, келісіп койғандай іліп әкетті:

Ай кабак, алтын кірпік, кызыл ерін,
Кел десең неге аяйын аттың терін.
Сарыағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім.

***

4 тарау

ЕЛГЕ ОРАЛҒАНДА

1

Жігіттер суыт жүріп жолай еш ауылдарға сокпастан, елге үш күннің ішінде жетті. Шакшакка карасты ауылдар Дос көлінің төңірегіндегі кан алқауда отыр. Бидің жеті ұлы жеті ауыл болып көлді айнала жайғаскан. Уәлиакалдың өзі дүниеден озса да кіндігінен өрбіген ұрпактары Шакшак ауылдары болып аталады. Бұл елдің осы күнгі сөз ұстары – Сексен. Бірсен калған кара шаңырактың иесі болса – Жанат сері. Жанаттың ауылы көлдің теріскей бетіндегі кыркасында ірге тепкен. Баһрамнан калған ұлдардың үйлері де осы ауылда. Көрпеш, Нәупіл, Сүйіннің боз үйлері Жанаттың сегіз канат ордасын айнала ірге тепкен.

Сейіткерей мен Қапардың отаулары да осы осында. Ерте үйлендірген Сейіткерей мен Қапар бірді-екілі ұл-кыз көріп те үлгірген. Жанат пен Әдебия түсірген келіннің аяғы құтты болып, жалғыз ұлдары Қапарды үйелмен-сүйелмен кос ұлға жарыткан болатын. Сейіткерей болса ат ұстарға ұяттылау. Әзірше көргені екі шүйкебас кана. – Қанша малың бар? – деп сұраған кісіге, - боқташағым жок еді. – деп, жауабын кестесінен кайырып жүр. Іс тігер атаулыны – конак- кана деп білетін болсы, кос кызына емірене де коймайды. Бала кезінде бойшаң Сейіткерей осы күні інілерінен аласалау. Есесіне бітімі сом, екі шолына кісі мінгендей шомбал караның нағыз өзі. Бадам кабак, сыдырым кас, жазык мандай репеті Баһрамға ұксаған. Келіншегі Күлмәшкен болса, құбакан келген өңсіздеу ғана кісі. Пәлендей бәденді болмағанымен есесін жібіре коймайтын намысты келіншек. Төркіні Уәктың аталы да әлді ауылы болған соң, біреуге жампаңдасын ба. Ұл баба коймағанына да кынжылған емес, ағы ак кызылы кызыл, абысын-ажын арасында өз салмағы да бар.

Қапардың жамағаты Гүлзира бұған шөбере туыскан әпке болып көнеді. Үлкендігі бар, мінезінің сабырлығы бар, Күлмәшкенге үнемі кімкор болып жүргені. Екі бетінің болмашы ғана корасан дағы бар, бойшаң сары Гүлзира да айта каларлыктай ажарлы емес. Өзі айдай сұлу Әдебияны алған Жанат:

- Көріп алған көріктіден көрмей алған текті артык. - деген накыл бар емес пе. Шыккан жері өсіп-өнген әулет көрінеді, малды-ыстысы ауыл. Осы бала Қапашыма жарар не кылса да. – деп, сөз байласып еді кезінде.

Таңдауы дұрыс шыкты да, Гүлзира едел-жедел торсык шеке кос ұл туып, осы күні және іші білініп күмәнді болып жүрген жайы бар. Жасы жиырма үшке шыккан Қапар болса, ұзын-тұра солапаттау жігіт

болып қалыптасқан. Бала кезінде шешесіне ұқсаңқырап еді, өсе келе елібі өзгерейін деді. Сопақ бетті шикіл сары өңінде Әдебияға ұқсаған аялы көздері ғана. Жазық маңдайы әкесінікіне келеді. Қайратты қара шашы өзіне жараса қалған. Онысын сезіп ұстараны тигізе қоймайды.

– Жалбыратпай алғызсаңшы шашыңды! – деп ерсі көрген ағайынға, – серінің ұлы ғой, оқасы жоқ. – деген үәжбен Әдебия бұл қылығын жуып-шайып араша түседі.

Серінің баласы деп көтермелесе де, Қапардың әкесіне тартқан не мінезі не өнері жоқ. Ерке-тотай болып өскен ұлдың жүріс-тұрысы да епетейсіздеу. Бойы ұзын болған соң ба, дәйім бүкірейіңкіреп жүреді. Шаруаға қыры жоғы өз алдына, екі дай егесте табанының бұдыры жоқ жасықтың өзі. Есесіне мейілінше аққөңіл де бауырмал. Бұның тұңғышы Жапарды Жанат пен Әдебия бауырына басып, өте баласындай тәрбиелеуде. Былдырлаған тілін қызық көрген атасы:

- Қапар ағаңды боқтап келші. Собалақ неменің әкесін таныт бәлем! – деп қайрап қояды.

Қапар болса шолжаң ұлдың балағатын қыңқ етпестен көтереді. Кіші ұлды арқалаған қалпы:

- Атасының баласы ғой, жолы үлкен, еркі білсін.- деп жымиып жүргені.

Нәупіл мен Сүйін болпаш ұлдың қылығына езу тартса, жасөспірім жігіт болып қалған Қуаныш жақтыра қоймайды. Жанаттың көзінше үндемегенімен оңаша қалғанда Жапарды алдына алып: - Үлкен кісіге тіл тигізуге болмайды. Ағаңды сыйлап жүр. – деп насихат айтады.

Қапардың соңын ала Сейіткерей отау құрған соң, Қуаныш Жанаттың қолында жалғыз қала берген. Сегіз болса алыс шаһардағы оқуда, елге анда-санда ғана қатынайды, сондық Баһрам балаларынан Жанаттың шаңырағында қалған Қуаныш қана.

Талдырмаш сұңғақ бойлы Қуаныш келбетті жас болып жетіліп келеді. Қарақаттай көздерін ұзын қайқы кірпіктері әрлендіре түскен. Арасы қосылуға шақ қалған қою қастары аппақ маңдайымен үйлесіп, қыр мұрынды өңіне еркекке тән сұс әпергендей. Жалпы бет ажары да, дене бітімі де марқұм Жамалға айнымай тартқан дерсің. Сонымен қатар, табиғат ана дене нәзіктігін мінез табандылығымен толықтырып бақса керек. Бір көрмеге ұяң жүз Қуаныш, жеме-жемге келгенде қайсарлық та таныта біледі. Алты ұлдың кенжесі болып жетілген соң, өжет болары заңды да шығар. Сейіткерей сынды дөкір мінез ағаның қасында өскен бозбас, екі дайда сұсты қабақ еркек атаулыдан ыға қоймайды. Жайшылықта болса мінезі биязы, үлкенді сыйлағыш.

Елге қадірлі болған Баһрам мен Жамалдың сүт кенжесі болған соң, аға-жеңгелері мұны мейілінше еркелетіп те жүр. Киім киісі шора

[illegible]дай, тақымына басканы ірікті сәйгүлік. Гүлзира мен Күлмәшкен бұған тәлімсіп бата алмағанымен, үлкен жеңгелері Пәрида мен Самал: Уәлиеңші, сері бала, тойыңды бір қызықтайық. – деп қажап қояды.

Сері бала- деп дәріптейтіндері, Қуаныш Сегізге еліктеп жүргенін [illegible] түрлері. Өнерлі ағасын өзіне үлгі тұтқан балаң жігіт, он төрт [illegible]-ақ сән түзеп үсті-басын сал-серілерше күтіп әлек. Ақ бұйра [illegible]ше үкі тағып, оқалы шапанын күміс кісемен буып, көк сауыр [illegible]іма етік киіп жүргені. Ән-күйге де үйір. Дауысы зор [illegible]маганымен, нақысты да естір құлакка жағымды. Жеңілтектене тіл [illegible] коймағанымен сөзден ұтылған емес. Қажай беретін жеңгелеріне:

Алдымда аскар таудай ағам тұрғанда маған үйлену қайда! Анау [illegible]ің аяғын шырмасандаршы әуелім. Омбыда жатып алды әнекей [illegible] жылдан. Көзін тұздай, мұрнын біздей қылып орыстың шөп [illegible]кесін ертіп әкелмегей бұ түрімен. Елге айлап жоламай кеткен [illegible] жаман. Сол арда күреңді жөндіктірсеңші, мықты болсаң. – деп [illegible]лер еді.

Ол басы болса отау құруға мүлде құлыксыз. Әйел заты деген ер [illegible]ің аяғына тұсау деп біледі. Ерте үйленген Қапардың тұрмысын [illegible] жүрген жок па. Қос танауынан боз жорғасы шұбырған [illegible]ашағына айналып, келіншегінің қабағына карап жүргені.

Үйленіп бас катырып кайтеді, маңайдағы ауылдарда қыз-кыркын [illegible] жеткілікті емес пе, құдайға шүкір. - Кететін кызды керіп кал-[illegible]шші, кай бозбала кыздың іргесін тырнамаған. Бұл мәселеде [illegible]мен сырлас Көрпештің тұңғышы Сейітжан. Бұл да бозбас болып [illegible]р танып калған жас. Жастары шамалас болған соң ым-жымдары [illegible]. Туыс ішіндегі жорасы осы. Сейітжанның інісі Құшан мен [illegible]лдің ұлы Кебек болса бір жұп. Бір жас үлкендігі бар Қуаныш [illegible]ырға бұйыра сөйлейді. Шешіліп сырын да айта коймайды. Сыр [illegible]анда бәз-баяғы кыз-кыркын жайы ғой. Бозбас атаулыда бұдан [illegible]ка кай бір құпия бола койсын.

Кыз-кыркын жағына болса Сейітжан майталман. Орта бойлы [illegible]моелше, кысық көз, жылтыр кара домаланған кейпімен-ак шүйкебас [illegible]кенге жұғысқыш-ак. Оп-оңай әзілдесіп, шүйіркелесе кетеді [illegible]ғаның. Қуаныш болса, тіл катканша кысылып кымтырылып бітетін [illegible] калмай-ак келеді. Өзі құралыптас бозбалалар ойын-сауықта [illegible]ларды беттерінен, ернінен шөпілдетіп сүйіп жатса, бұл колынан [illegible]ауға да батпаған әуелде. Сейітжан бұған дем беріп:

Несіне кипактайсың? Белінен шап беріп құшактап о жер бұ [illegible]ріне кол жүгіртсейші, саппас-ау! Мыршым-мыршым ойнағанда [illegible]ріне жабыса кет. Ерніңді жібітпеймісің? Мен білсем, кыздар саған [illegible]ттерінен ғашык. Мына сұңғак бойыңмен, мына ак маңдай түріңмен [illegible]желкеден ыға ма жігіт деген? Сенің мына порымың маған бітсе

бар ғой, қырғидай тиер едім ұрғашыға. Айтпады деме, бүкіл Көшебенің қызын бидайықтай бүрер едім. – деп қайрап та қояды.

Бірақ қанша шүйлесе де, тәйсақтай берді Қуаныш. Тақа болмаған соң, өзі бастап ауыздандырды ғой туысқанын Сейітжан сынды сабаз. Есенжан ауылында бір кедей қоңсының Сәуле есімді қызы бар. Нысписы әдемі болғанымен өзі ұсқынсыз-ақ. Қазанның түп күйесіндей қаралығы да түк емес-ау, қара торылардың бәдендісі көп қой. Әлгі сорлының беті дордақ, еріндері көнтиген, дөрбелжің, шот желке тайқы мандай болып туар ма. Өзі көңілшек, бозбала әзіл айтса-ақ тырқылдап күле береді... Сол Сәулені ақ сүйек ойнағанда Сейітжан-екең бір бұтаның түбіне ертіп әкеліп, Қуанышқа:

- Кәне, мына баланы ауызынан сүйіп-сүйіп ерніңді жібітші бір! – деп бұйырғаны.

Бетіне қан теуіп шыққан Қуаныш тартынып еді, қоярда-қоймай қажаған туысқаны өзі бастап былш-былш сүйіп, зорлағандай құшақтатты ғой әлгі қызды. Сол бір түнді есіне түсірсе, әлі де болса бетінен оты шығады Қуаныштың. Қыз бейбақты ағайынды екеуі шөп үстінде отырған қалпы екі жақтан құшақтап өбе беріпті ғой. Мықыны бұлтиған толық қыз екен, беліне құшағы әрең жеткендей. Өзі де аңтаң болған шығар, бір шөпжелкенің қос бүйірінен екі бозбас жабысқанды бұрын-соңды кім естіген. Жастық, албырттық десе де ерсі-ау... Әйтсе де, не керек, Сейітжан ауыздындырған соң, сол Сәулеге барғыштап жүрді Қуаныш. Ыстық құшақ, тәтті сүйіс, тән ләззаты дегендерді де тәу татырған сол қара қыз. Ұзатылып кеткен соң ғана, бұта түбіндегі тәтті түндер көзден бал-бұл ұшты. Кедей қызының құны болған ба. Қатыны өлген қырықтағы қыркылжынға жылап-сықтап кете барды бейбақ бала.

Бірақ Сәуле кеткенімен қызық үзілген жоқ. Ел ішінде пісіп тұрған шүйкебастар аз болып па. Ақын айтпақшы – қыз он беске келгенде мау тартады, ата менен анаға жау тартады,- бой түзеген бұрымдылар бозбасқа қайтып көз салмас. Әсіресе Қуаныш сияқты түбіт мұрт, уылжыған жас, сымбатты бозбала болса. Қызыға кеткен бір сәулім көз төңкеріп жымиса, көңілі кет әрі емес дегеннің белгісі емей немене. Бұндай көзқарас – ебін тауып іргемнен кел! – дегеннің ишарасы. Жас-жастың ара қатынасындағы ежелден келе жатқан ғұрып осы емес пе. Қыз оң көзімен қараса, кеудесінде жаны бар бозбас әрекет қылмай қалсын ба. – Бүлдіршін көз сүзбесе буыршын бұйда үзбес. - демекші, ат өксітіп Қуаныш іздеп барады қыз ауылына. Мейілі күндік жерде болса да, аттың терін аяған күні жоқ.

Міне бүгін де қан күрең азбанды шерттіре бастырып, сондай бір бозбалашылық сапардан қайтып келе жатыр. Аттанар жақта үзеңгі қағысып Сейітжан келеді, тақымында бөрте дөнен. Бозбастар ұйқы

[illegible] де сыр берер емес, көздерінің сәл-пәл кіртигені мен [illegible]рінің қаны қашқаны болмаса, атқа отырыстары қаққан қазықтай [illegible], қимылдары қунақы. Мезгіл сиыр сәске, күн шайдай ашық, ақ [illegible] ауылдар әнекей көрінді. Қырдан асып қалың жылқы жалбылап [illegible] келеді. Үйірін сағынған күрең сәйгүлік мойынын созып кісінеп [illegible]рді. Бөрте дөнен де оқыранып, ауыздығын шылдыр еткізе басын [illegible] қойды. Бұл екеуіне ала жаздай дамыл жоқ ендігі. – Ұл [illegible]шек - аттың соры, қыз көңілшек - к..ң соры- демекші, Қуаныш-[illegible] қыз-қырқыннан емеуірін болса-ақ, күн-түн демей іздеп бармақ.

Бозбастардың төбесінен төне бозторғайлар шырылдап ән салуда, [illegible]леп үрген ауыл иттерінің үні ауық-ауық жетеді. Ұйқы көрмеген [illegible]лері талаурап қызарыңқыраған Қуаныш ойға шомса, Сейітжан [illegible]ылдап сөйлеп келеді. Түнде сыз жерде жатқандықтан ба үні [illegible]рлығыңқы.

Құрысын, ендігәрі барсам ба! Желкемнің шұқыры көрсін бұл [illegible]ды. Иттері сақ, әжесі мыстан кемпірдей екен әлгі Зибагүлдің. Түнде зәрем кетті илансаң. – деп үзеңгілесіне көз тастап еді, Қуаныш [illegible] коймаған соң ер-тұрманын сықыр еткізе бір жамбастай [illegible]рылды да, кеңесін өрбіте берді.

Зибаштың іргесінен бармаймын ба жазған басым. Үй іші қалың [illegible]ықыда сияқты, әкесінің қорылынан түндік желпілдейді. Кигізді шұрқ [illegible] ал кеп қолымды жүгіртейін. Талай рет тессем де кемпірі құрғыр [illegible]ман қоятынын қайтерсің. Хош, білегімді сұғып ал кеп Зибаштың [illegible]тін іздейін. Үәде солай еді. Бір уақта, құдай салмасын білезік [illegible]ымнан бәз-біреу шап беріп ұстай алсын. Шеңгелі темірдей. Мыссаған безгелдек, зәрем зәр түбіне кетті-ау! Олай жұлқынам, былай [illegible]ұлқынам, болар емес. Қышқыштай ұстап тұр анау итің. Қара терге [illegible]ескенім-ай сорлы басым. Енді ұсталдым, теперіш көремін-ау деп [illegible]не уайымдаймын. Таяқ жеп құтылсам түк емес-ау, жеген таяқ бойға [illegible] дегендей. Көрпеш молданың ұлы сұйық жүріспен ұсталды деген [illegible]кап жаман-ау.

Ойтеуір не керек, жаным көзіме көрінді, илансаң. Сонымен хош, бір [illegible] сауым тырп ете алмастай жаттым-ау әлгі жерде. Қақпанға түскен [illegible] бөлтірік болармын ба. Енді өлдім-ау дегенде, қоя берді-ау әлгі [illegible]ңтұрған. – Берді құдай!- деп зытып бердім. Сайдың қабағындағы [illegible]ға жетіп алып есімді жидым-ау. Қолымды ұстасам, көкпеңбек ісік. [illegible]сеннен босады дерсің. Бұтаны паналай білегімді ұқалап жатпаймын [illegible]. Жер сыз, шөптің іші қалың шық, бойым тоңазып жаурап та барам.

Бір кезде қотан жақтан көлең етіп біреу көрінді. Шапанын бүркеп [illegible]ыпты, қолында тас құмған. Жіптіктей бойына қарағанда қыз [illegible]яқты. Дәу де болса Зибаш шығар деп жөткірініп қалдым. Әлгі қара [illegible]лең ете қалып бері бұрылды. – Е-е, құдай берерсің, қызды құшып

қалайын тым құрығанда. Таң атканша әлі қайда. – деген оймен қуанып жатырмын. Бір уақытта, құдай салмасын, бір ит арсаландан жетіп келсін. Тап беріп ал кеп иіскесін. Үрген де жоқ, ырылдаған да жоқ, бойымды тінткілеп иіскелей бергені. Әйтсе де соның өзінде зәрем зәр түбіне кетті. Ұрты салбыраған, азу тісі балғадай, түрі суық неме екен. Мойыны мен жотасы тұтаса біткен нағыз бөрібісар. Өлген жерім осы шығар. Анау ақсиған азуын батырып кеп жіберсе, қоңымды бөксеріп әкетері айдан анық. – деген күдікпен тастай қаттым да қалдым. Тыпыр ету былай тұрсын, кірпік қағуға мұрша жоқ. Енді құрыдым-ау дегенде, - Сәтке, қайдасың?- деген сыбыр жетсін. Дәл үстімнен шыққан Зибаш екен.

- Актөс, кет былай! – деп әлгі көпекті қуып жіберіп, қасыма кеп тізе бүкті. Иттен қорыққаным соншалық, тісім тісіме тимей сақылдап, тілім күрмеліп сөйлей алсамшы.

- Не боп қалды, үнің шықпай қалды ғой мүлдем. – деген Зибашқа, - анау аюдай неме кетті ме өзі? Бас салмасын ту сыртымнан келіп. - деп сақтық айтпаймын ба.

Оныма сықылықтай күлген қызы түскір: - Қайдағы аю? Алты айлық күшік қой Актөс. Әлі үйінен де шыққан жоқ. Қотаннан ере шыққан түрі ғой. Кісіге залалы жоқ тіпті. – деп, жуып-шайып жатыр өзінше.

- Қолымнан ұстай алған қай антұрған? – деп сұрап едім, - әжем ғой. Жетпістегі кемпір, түні бойы ұйқы жоқ ояу жататын бір мүсәпір. Әке-шеше ұйқыға кеткен соң мені қорыған түрі шығар. – деп түсіндірді.

Ішімнен – Мүсәпір деп кеміткен жетпістегі кемпірдің тегеуріні анандай болса, әкесінің қолына түссем не болғаным? – деп түйіп, үрейім ұшсын кеп.

Қой, Зибаштың құшағы тәтті болғанымен аңдуы тым катты көрінеді. Пернегүлдің өзі тыныш па дедім. Ендігі шыққанда сол қыздың іргесінен бармасам ба. – деп әңгімесін көйіте келіп, беліндегі шонтайынан кішірек шақшасын шығарып ұртына бір шөкімін жөнелтті.

- Мә, атып жіберші көк бұйрадан. Ашшы неме екен, нағыз ұйқы ашар. – деп, мүйіз шақшаны Қуанышқа ұсынды.

Өз өзі ойымен келе жатқан Қуаныш елең ете қалып, амалсыз қолын созды. Насыбай атуды жаңа үйреніп жүрген. Ашшы дәмін ұнатпайды да. – Үлкендер осы сап-сасық немені несіне өліп-өшіп іздейді екен? – деп, таңыркағаны да бар алғаш татканда. Насыбай атпайын десе бойға мін. Құрдас біткен:

- Әлі күнге ауызынан уызы кетпеген бала екен ғой. – деп әжуә етуі ыктимал. – Насыбай атпасаң, қызға бармасаң бозбас атану қайда! Әлі жеткіншек бала екенсің ғой. – деп кекетсе өлім емес пе.

Сонылық, дәмі жирендірсе де, ырымын жасап саусақтың ұшымен ғана шымшып көк бұйраның бірер түйірін ұртына ытқытып жіберді. Күл ... үгітілген темекінің ұнамсыз ашшы дәмінен тыжырынып, бұл ... үзеңгілесіне аңғартпай теріс бұрылды. Осы түні ернінен бал ... сүйіскен Мағираш деген қыз:

Насыбай атпайтының қандай жақсы. Сол неменің иісін иттің ... жек көрем. Тура құсып жіберемін иісін сезсем. – дегені бар еді.

Мағираш түгілі бозбала басымен өзі де жиренеді насыбайдан. Ауызына алса-ақ сап-сасық немені түкіріп жібереді. Түкірсе де күн ұзақ ... шұбырып, тілі мен таңдайына желімдей жабысқан кермек ... копке дейін кетпей қояды. Бұның бүйтіп әлекке түскенін көріп ... Сейіткерей:

Сенің насыбай атқаның құрысын! Тәп-тәуір көкбұйраны рәсуа ... құр текке. – деп күйіп-пісіп қалады.

Ыңғынын бұрап Сейітжанға шақшасын қайтарған Қуаныш өп-өтірік ... бұлтитып, насыбай атқансып келе жатыр. Ара-тұра тіс арасынан ... түкіріп те қояды. Үзеңгілесі самбырлай сөйлегенімен Қуаныштың ойы мүлде басқада. Асылы осындай әдеті бар еді. Топ ... отырса да, ия қазіргідей екеу ара сұхбаттасып келе жатса да, өз ... шомып кетуші еді. Өз ойы болғанда жауап іздейтін сұрақтары ... Сол ойдың жетегімен кетіп, санасы дал болатынын қайтерсің. ... ең үлкені - өз басы. Бой-басына көңілі толмайды ең әуелім. ... Мағыналары: - Бозбаланың төресі осы кенже баладай-ақ болар. ... ... шертіп жүріп ең келімді қызды таңдауға лайық бұ ... ... – деп дәріптесе де, өз мінін біледі Қуаныш.

Құдай адамзатты неге ала-құла қылып жаратады екен? – деген ... басын қатырады. Біреуге жақсы қасиеттерді үйіп-төгіп берсе, ... біреуге келгенде сарандығы ұстай қалатынын қайтерсің. Мысалы ... басында қасиет түгілі еш қабілет та жоқ-ау тумысынан. Еркек болып ... жаратылған соң қарулы болмас па ең алдымен. Анау Сейіткерей мен Нәупілдердей. Бұлар алда-жалда біреумен теке тіресе, қаққанда қанын ... сөлін алатын нағыз жампоздар. Өз басы болса, күреске де қара ... де ұяттылау. Өнер жағынан да бұны шет қақпай қылыпты құдай-... Әу деп ән айтқанымен зор дауысы жоқ. Жанат көкесі, Сегіз ағасы ... ... әнші-өнерпаз емес. Дауысы да шағын, ән ұғу қабілеті де орташа ... Құйма-құлақ ағалары бір-ақ рет есіткен әнді қағып алса, бұл жаңа ... ... жұмалап, айлап үйренеді. Нәупілдей мергендігі де жоқ. Сегіз ағасы ... болса, бұнымен салыстырғанда көктегі жұлдыз сияқты, өнері еш ... ... жетпейді. Қуанышпен айырмасы жер мен көктей дерсің. Теңеу ... ... Сегіз ағасы шашасына шаң жұқпас тұлпар да, өз басы болса ... ... мінетін мес қарын шобыр.

Тым құрығанда Сүйін ағасы сиякты ісмер болса екен. Зергер ағасының тірлігіне қызыға коймаса да, ішінен сыйлар еді. Күн ұзак сарылып отырғанда жалыкпай ма екен, сол шіркін. Жез бен күмісті отка балкытып кепсерге құю, балға соғып аталғышпен өрнек салу деген іш пыстырады-ау. Әйтсе де бакытты-ау осы Сүйін. Қолынан әдемі бұйым шыкса баладай куанатынын көрсең. Бұның соккан капсырмалары мен білезіктері кандай әсем, шіркін! Көздің жауын алады. Маған тым құрығанда осы зергерлік консайшы. Сүйіннің касына отыра калсам-ак, колкамды түтін кауып жөтеліп бітемін. Соншалык әлжуаз кылып жаратар ма пәруәрдігәр. Не күшім, не колөнерім жок, не кылған бейбакпын осы мен?

Бір таң калатыны, мына касында келе жаткан Сейітжанды осы такылеттес сұрактар еш мазаламайтыны. Бұл саппастың да жұрттан озып киратканы шамалы емес пе еді. Озғаны былай тұрсын, тұрғыластардың сапындағы кой торы ғана. Анау Құшан, Бірайда, Қапарлар да шылбыр үзіп әкеткен жандар емес. Жалпы елдегі бозбастардың көпшілігінде де көзге көрінер ерекшеліктері жокка тән. Әйтсе де Қуаныш сиякты уайымдағандары болсайшы. Ағы ак кызылы кызыл, кашан көрсең де күліп-ойнап жүргендері. Ішкен-жегендеріне мәз, сәті түсіп кыз-кыркынның койынына бара калса, аты бәйгеден келгендей-ак масайрайдай-ай сабаздарың. Өнерім жок, ия күш-кайратым кемшін деп бас катырған жан болсайшы. Әлде уайымшыл мен ғана екенмін бе? Сиыр мінездес болып туғаным ба әлде? Зеңгі баба түлігі уайымшыл келетіні ежелден мәлім. Сәл-пәл сыркаттанса көзі мөлиіп жатып алады.

Ал енді мына Сейітжандар жылкы мінезді болар. Ол жануар гүрс етіп құлағанша шаба береді ғой. Ауру-сыркау, жараны мәм-сәм кылмайды. Қой мінездес кісілер де бар шығар, олай болса. Шопан атаның момын түлігі бауыздағанда да үн шығармас. Жок-жітік, кедей атаулы сол кой мінездес болар. Шеттерінен көнтерлі де көнбіс. Анау Бірайда сиякты жігіттер етінен ет кесіп алсаң кыңк етер ме. Қойын бағып койыртпағын ұрттап, шекелері торсыктай болып жүре бермек. Өнерсіз тудым-ау, құдай екең шөміштен какты-ау, бойымда туа кабілет жок-ау деп, еш каперіне алсайшы. Сонда уайымға бой алдырған мен ғана екенмін бе? – Уайымшыл жігіттер ел конбаған шөлмен тең, уайымы жок жігіттер кайыспас кара нармен тең. – демекші, бұл бойдағы бір мінім дағы. Мына ауызы дамыл таппай келе жаткан Сейітжандай мұнсыз, кайғысыз жүре берсемші...

Күреңнің жанға жайлы алшаң баскан аяңымен ойға шомған Қуаныш, үзеңгі кағысып келе жатқан серігіне көз тастап койды. Манадан бері лепіріп сөйлеп келе жаткан туысканы дәл осы сәт үнсіз калып, сонау кырка жакка көз тіге калыпты. Мойынын соза, үзеңгіде көтеріліңкіреп шұкшияды.

Бұл неге үндемей қалды, нені көріп қалды? – таңыркаған Қуаныш та мойынын бұра беріп еді, өңі сәт ішінде өзгерген Сейітжан:

Анаң кара! Сегіздің шұбары ғой анау келе жатқан. Дәл өзі дәу де [illegible] Жетті-ау қанат қағып! – деп саңқ етті. Іле көзі ұшқын шаша [illegible], - сүйінші, ағамыз келіп қалды! – деген сөзбен аттың басын [illegible]лкка бұра берді.

Ғой қырағы ғой Сейітжанның, өзі де елгезек. Ауызы сөйлеп [illegible]ланымен назары төңіректе. Өз ойымен өзі келе жатқан Қуаныш [illegible]май да қалыпты, сонау қырқаны асып үш салт атты бері таман [illegible] түзеп келеді. Жетектерінде бір-бір күлік. - Сегіздің шұбары – [illegible] сөзді есіткенде жүрегі шым ете қалды. Ағасын қаншалықты [illegible]ланғанын енді ғана түйсінгендей. Өз басына әншілік, серілік [illegible]ласа да өнерпаз ағасын күндеуден мүлде ада еді. Керісінше [illegible]ің жұрттан асқан ерекшелігін мақтан тұтатын. Ағасының [illegible]ағы кабілеттерін өзіне біткендей көрер еді. Сонау бала кезінде [illegible] Қызылжарға оқуға кеткенде, әжесінің қолында жылап-сықтап [illegible] болатын. Көпке дейін жалғызсырап та жүрген. Өзге ағалары [illegible] де тетелесі бір төбе еді.

Қаладағы Сегіз жаз шыға елге келуші еді жыл сайын. Ат апарып [illegible] келетін Шағырай. Қайын жұрт соныкі болған соң, көбінесе [illegible]насатын өзі. Кейде Ләтипаны ерте барады. Ләтипа барса [illegible]кіпімен қауышып жүріп алатыны бар. Ондайда ауылда [illegible]амсыздана тосатын Қуаныш үлкен жеңгесіне кіжініп бітеді. [illegible] апарар қара жолға күн ұзақ көзін қадап отырып алатын. [illegible]ды да есінен тарс шығарар еді. Тіпті аска да заукы соқпайды. [illegible]ген түрін көріп жаны ашыған Асылтас әжесі:

Қап, анау ноғай қатынның кесірін көрмеймісің! Айналып жүріп [illegible]лын қайтерсің жирен қаншықтың! Мына баламның көзі талды-ау [illegible]ем. – деп қатты кетеді.

Шыдамы таусылып әбден жұқарған Қуаныш та қосылады әжесіне. [illegible] басымен Шағырай ағасының да сыбағасын береді. – Салмын деп [illegible]ені не керек, бір қатынға сөзі өтпесе? Тайрандатпай ауылда [illegible]дырмай ма сол немені? Айналып жүріп алды әнекей. Сегіз ауылды [illegible]ды-ау деп каперіне алсайшы шіркіндер! – деп, күйіп-пісіп қалады.

Ал енді зарығып күткен жолаушылардың төбесі қылт етіп, сонау [illegible]стан көзге шалынса-ақ, есі шығып жаяулап жүгіретін. Сүрініп-[illegible]ынып жетіп, аттан домалай түскен ағасымен құшақтаса кеткенде [illegible]етіп жас жуып жіберер еді. Сегіз де жасын тия алмай құшақтай [illegible], тас болып қатып қалатын. Қос ағайын тіл қатпаушы еді ондай [illegible]терде. Сағынысқан көңіл сөзсіз-ақ ұғыспай ма.

Мұнша сағынысқандарына Ләтипа жеңгелері де босап, күндігінің [illegible]ын шыланған көзіне апарса, Шағырай жақтырмай:

- Тәйт әрі, сораңды ағызбай! Сонша егіліп қатын болып кеттіңдер ме түге. Емешегі үзіліп бауырсыраған түрлерін өңшең күшіктің! – деп жекитін.

Шағырайды елеген бұлар жоқ, төс тақастырып жабысып тұрып алатын. Сонда екеуінің жүректері дүрс-дүрс соққаны естілер еді.

Міне дәл қазір де атқақтай жөнелді жүрегі Қуаныштың. Қызды оятар бозбас жасына жетсе де, ағасын көргенде-ақ көзден еріксіз ыршып кеткен жасына ие бола алмады. Бұл көңілшектігін Сейітжаннан жасырып жүзін әкете берді де:

- Алақай, Сегіз келді жолдас-жорамен! Анау қасындағысы Нияз болар, соның торы аты ғой. Бас қамшыны! – деп, айғай салып шоқыта жөнелді.

Жүргіншілер сау аяңдатып келеді екен, әп-сәтте екі ара қысқара берді. Арқан бойы қалғанда аттан домалай түскен Қуаныштар жаяу салды. Інісін сонадайдан-ақ таныған Сегіз де аттан түсіп жаяулап келеді. Екі езуі құлағында балпаң басқан қалпы, сүріне-қабына жеткен Қуанышты құшақтай алды.

- Зіңгіттей жігіт болып қалыпсың ғой өзің! Бір қыстың ішінде әп-әжептәуір бой тартып қалыпсың. – Сегіз бойы өзімен теңесіп қалған Қуанышқа сүйсіне қарап, - мына бір азаматпен танысып қойыңдар. Есімі Әгіл болады, біздің елге қонақ жігіт. – деп ағайындардың қауышқанын жымия бақылап тұрған Әгілді нұсқады.

Сегіз енді ғана аңғарғандай Қуанышпен Әгілдің кейіптері өте ұқсас екен. Екеуі де өндірдей жас, сұңғақ бойлы, жұқа сүйекті. Кескіндері де ұқсас. Бет бедерлері нәзік қаламмен сызылғандай келісті біткен. Төс қағыса көріскен екеуіне алма кезек көз тастаған Сегіз ішінен:

- Жасағанның шеберлігін қарай көр! Біреуі туу Қап тауында, енді біреуі Сарыарқада туса да, бір үйдің егіздері дерсің. Мына Әгіл құдды інішегімдей көрінген соң, жүрегім елжіреп кеткен болар. Бұ да құдайдың бұйрығы шығар. – деп түйді.

Досының ауылында талай болған Нияз да ішіндегісін сезіп қалғандай: - Қуанышқа егіздің сыңарындай түрі келеді екен-ау Әгілдің. Бәсе, осы жігіт біреуге айнымай ұқсайды деп, дал болып едім әлгінде. Енді шешілді-ау жұмбағым. – деп езу тартып, іле Сейітжанды иығынан құшақтай алды. – Әй, қара домалақ, түсің қашып бозарып қапсың ғой тіпті. Көзің кіртиіп, былшығың батпан-батпан әнекей. Құдай біледі түн ұзақ қыз аңдыған неме боларсың, осыным өтірік деші, кәнекей! – деп тісін ақсита, құшақтаған қалпы қысып-қысып қойды.

- Жалтарып не қыламын, үстінен шықтың. Сонау Сибан қонысынан келе жатқанымыз рас. – көзі сықсиған Сейітжан да жымиып, - өлі-тірісін берген соң, тірі күйеу жата ма деген бар емес пе. Өлі-тірісін бермесек те, ет тірлік істеп жүрміз де баяғы. Бүлдіршін

[illegible] үзбесе буыршын бұйда үзбес демекші, бұйда үзіп түн катқан [illegible]ымыз бар. – деп Ниязға қулана карады.

Бұл екеуі сөз таластырып әзілдесе берер ме еді, Сегіз салмақты [illegible]ына мініп үн шығармаса. Ауыл жакка көз тастап:

[illegible]ман ба, үлкендерден кім бар? – деп Қуанышка еңсе бұрды.

[illegible] – ең алдымен Әгіл жөнін құлак кағыс кылу. Қашкын жігіттің [illegible] дереу ойлаған жөн. Тұмсыктан сокқы жеген казачилер естерін [illegible]яры бесенеден белгілі. Ізбен індетіп ауылға жетері де күмәнсіз. [illegible], әу бастан айла-шарғы жағын карастыру кажет.

Шүкір, тиыштық қой. Есенжан мен Бауыржан көкелеріміз елдің [illegible]ымен атка мініп кетіп еді, кешкісін келіп те калар. Өзгелердің [illegible] көзі түгел. Өзінді күтіп отыр ауыл-аймак. Сейітжан алдымен [illegible] хабар береді ғой. –

Қуаныш ел жайын кыскаша дәттеп, сонадайда пыскырып басын [illegible] тұрған атына мойын бұрды. – Күрең төбелді көрдің бе, бабына [illegible]рсіп? – деп, сұхбат желісін мүлде баска арнаға бұрып жіберді.

Күрең төбел дегені бесті шыккан бәсіре аты болатын. Тай кезінен [illegible]ымыма баскан күлігі. Шакшактың көп жылкысында кіл жүйрік [illegible]ып екі айғыр үйірі бар еді. Біреуі шұбар айғырдыкі болса, [illegible]шісі кан күреңдікі. Екеуі де казанат тұкымынан. Үйірдегі биелері [illegible]арымактан. Бұл үйірлер өзге калың жылкыдан бөлек бағылады. [illegible]мак тұкымы жабыға карағанда тебінге осалдау. Сол себепті кар [illegible] калыңдап кетсе жабыға алдымен кар тепкізіп, аршылған жерге [illegible] тұкымды жібереді жылкышылар. Осы айланың аркасында колға [illegible] калған күні жок бұлардың. Түрікпен арғымағының қанына [illegible] араласкан соң арканың кысына төтеп беріп жүр жануарлар.

Қуаныштың күрең төбелі де сол үйірден. Қос құлағы тас төбесіне [illegible]ылған, казмойын, какпан бел мүсінді жылкы. Сегізге еліктеп [illegible]ігіне тіл үйрете де бастаған Қуаныш. Жал-құйрығын тарағыштап, [illegible], күнде шомылдырып жүргені. Ат шабар, көкпарға [illegible]ендей-ак үнемі ток-жарау бабында ұстайды. Сөйткен күлігін [illegible] көрсетіп мактанбак. Бойы өсіп калса да, балаң көңілі жылы сөз [illegible]тін-ак тұр. Ағасын пір тұткан соң, оң пейілін де іздеуші еді.

Сегіз екі айтқызбай күрең төбелдің бой-басына көз жүгіртті. Ат [illegible] ер канаты емес пе. Нияз да қызығып кетіп күреңнің алды-[illegible]на шығып, елегізіп жер тарпып тұрған түріне сүйсіне карап жүр. Сегіз ауыз ашканша шыдай алмай өз пікірін жайып та салды.

Орістігі таза, оясы толық, семізден жараған жануар көрінеді. [illegible]ында кемістік жоқ, не кылса да жарадың, Қуаныш! – деп бастап, [illegible]ның шоктығына кол апара мытып койды да, - теке жәуміттің каны [illegible] білем, арғы тегінде. Әйтсе де казанаттың каны басымырак. Бұл [illegible]ығын шөлдің куаң отына да канағат кылар, кыс тебінге де [illegible]ымас. – деп корытты.

- Бабы келісіп тұр, күте біледі екенсің, бауырым. – деп, Сегіз де оң пікірін білдіріп інісін арқасынан қағып қойды да, - жүріске қалай еді? Ұзаққа шыдай ма өзі, сынап па едің? – деп сұрады.

Ағасының мақтауынан өңі ду етіп езуін жия алмаған Қуаныш: - Дөненінде қасқыр соқты ғой бұл. Өткен күз бөлтірікті қуамын деп, күн ұзақ жүріп алдым емес пе. Арбаның белағашындай берік бір жануар. Бір ырғақпен тәулік бойы төпілдете береді. – деп келе жатыр еді, сөзге килігіп кеткен Сейітжан, - Шәйгөз Уақтың бір байы, айғыр үйір жылкыға айырбастайық деп, кісі жібергенін айтсаңшы. Аңкоқ ұлы бар екен, соған әпермекші көрінеді. Бауыржан көкем:

- Кіл қаба жал, құшақ құйрық мама биелер екен берем дегені. Қарындары жер сызған, желіні көнектей өңкей сүттілер. Бере салсын да анау күреңін. Аяғының желі бар жүйріктер баршылық қой, құдайға шүкір. Және бір екітүгейді тақымына басады да. – деп ойысып та қалған.

Әйтсе де көнбеді Қуаныш. Жанына балаған жануардан өлсе айырылсын ба. – деп бастырмалата сөйледі.

Жолаушыларды қарсы алған бозбастар мауқы басылғанша әлі де әңгіме-дүкен құрар ма еді, ауыл жаққа көз тастаған Сегіз асықтырмаса.

- Қой, атқа қонайық. Үлкендерге сәлем берейік алдымен. Әне ана біреулер қарап тұрған сияқты. Енді бөгелсек ұят болар. – деген сөзбен Бозшұбарға міне берді.

Шыңымен-ақ жаулығы көлеңдеген бірер әйел осы жаққа күн сала қарай қалыпты. Аяңмен жақындаған жігіттерді алдымен иттер қарсылады. Қуаныштарды таныса да ермек табылғанына қуана шәуілдей үріп, төңіректі азан-қазан қылды. Иттерге ілесе бір топ қара борбай балашаға ауылды басына көтергендей улап-шулап жүгіре шықты. Ішінде Қапардың қос ұлы Жапар мен Сапар да бар, жалаң аяқ, жалаң бас балашаға алақайлап шыңғырып жатыр. Қапардың ұлдары өзі сияқты емес, пәлен бап тілемейтін көрінеді. Бала кезіндегі әкесіндей емес, жалаң аяқ шаңды бұрқыратып жүгіріп жүр. Әдебия немерелердің асты-үстіне түсіп қанша өбектесе де, Гүлзира келін өз пікірін ұстанар еді.

– Ер балалар емес пе, бұларға не сән керек? Алқам-салқам боп жүре берсін, тіл-көз тимейді қайта. Қымтана берсе әлжуаз болып кетер. Күн мен жел сүйіп өссе, шымыр болады ұл бала деген. – деп шикіл сары ілмиген Жапарды, бойы бәкене қара домалақ Сапарды пәлендей күте қоймайды.

- Қап, мына келінді-ай! – деп Әдебия кіжінгенімен, Қапардың өз басы өткір де сөзуар Гүлзирадан аса алмайды.

Сол екеуі: - Сегіз көкем келді! Қаладан келді, әпкел базарлықты! - деп сандарын шапақтай, естері шыға айғайлап аттарды айнала жүгіріп жүр.

Шыңыралы кимешек киген Күлмәшкен мен Гүлзира балаларға [illegible] басып келе жатыр еді, бері қарай беттеген Сейіткерейді [illegible] ыңқылдап қалды. Нәупілдің ұлы, орта бойлы, дөңгелек ақсұр өңді [illegible] ымен жете амандасып, аттарды шылбырынан ұстай алды да [illegible] карап:

Мен-ақ жайғастырамын. Үйге кіріңдер, сусаған боларсың. – деп, [illegible] жатыр.

Автомобиль келген шымыр денелі Сейіткерей шапанын желбегей [illegible], балпаң басып келеді. Бадам кабақ, барқыт қасты өңі [illegible], езуінде күлкі. Құшағын аша берген Сегізді топшысынан [illegible] қалып:

Ой, нағыз атан жілік азамат болып қапсың ғой бір жылдың [illegible]! Түйе балуанға кімді шығарамыз деп жүрсем, күреске [illegible] кісіміз әзір екен ғой. – деп, інісінің бойын бастан аяқ шолып [illegible] шайқай берді.

[illegible] қусырып асқан ілтипатпен сәлем берген Ниязға: - Оу, [illegible] еттің шойқарасы, бармысың? Ат-көлік аман жеттің бе елге? – [illegible] арасы алшақтау келген күрек тістерін ақсита күлімдеп әзіл ілді, - [illegible] қашан үйленесің, жүгірмек? Қазаны жоқ қайдақ, қатыны жоқ [illegible] болып жүре бермекпісің осылай. Біздің мына Сегізге қарама. [illegible] жігітке еліктесең жер ортасы жасқа дейін ahahaулап жүріп [illegible]. Көзі төрт болып жолыңа қарап отырған әкеңді [illegible] ғаймысың, бір шүйкебасты апарып. -

[illegible] шешіліп көп сөйлей қоймайтын Сейіткерей інілеріндей [illegible] шешендікке, бұдыры мен бұралаңы көп жортақы сөзге пәлендей [illegible] еместін. Ынтасы шаруада. Көптен дидарласпаған інісін көрген [illegible] көңілденіп шешілген түрі еді бұл. Қуаныш сияқты бұл да [illegible] өнерін, дара тумысын мақтан тұтар еді. Жұрт көзінше [illegible] ей қоймағанымен, іштей әмәнда тілеуін тілеп жүретін. Осы [illegible] бірер қатынаған Ниязға да пейілі оң. Қалжыңды көтеретін кең [illegible], сабырлы бозбаспен емін-еркін әзілдесе береді. Мінезі ойнақы, [illegible] ақбас Нияз болса, Сейіткерейді аға тұтып жығыла сөйлейтін. Бұ[illegible] сапар да майда жымиып:

[illegible]-е, Сәт-аға, сау басыма сақина тілеп нем бар? Қатын-қалаш [illegible] ер жігіттің аяғына тұсау емес пе? Уақыты келгенде аяқ [illegible] ырмалмай қоймас. Әзірше емін-еркін өмір кеше берейік те. Өзіңіз [illegible] ағаларды пана тұтып жүргенге не жетсін. Албырт жастарға [illegible] таудай пана емессіз бе? Әрі ақылшы әрі қамқор. – деп, [illegible] ырмалата жауаптасты.

Осы мезет желі жақтан Самалдың дауысы жетті: - Ойбой, сері [illegible] ыным келіп қапты ғой! – деген сөзбен жаулығының шалғайы [illegible] ендей жүгіре басып келеді. Қасында Нәупілдің жамағаты Асыл.

Сөзшең де ашық мінезді Самал үкідей ұшып жолаушылармен көрісе бастаса, бұйығылау Асыл Нияз бен Әгілді көрісімен ұялыңкырап іркіле берді.

- Ағаларың қайда кетер дейсің, көкене сәлем бер! – деп, Самал Жанаттың үйін нұсқай берді.

Сегіз жеңгесі айтпай-ақ та үлкен үйге қарай қадам басқан. Бол орданың көлеңке жағында тай бөстек төсеніп Жанат жамбастап жатыр екен. Нәупіл мал көздеп кетсе керек, ағайыннан Көрпеш пен Сүйін осында. Сегіздің хабарын естісімен, қымыз сораптап отырған жерлерінен атып-атып тұрып есендесуге асыға басып келеді. Көлеңкеге төселген кигіздің үстінде қозғалмай отырған Әдебия ғана Жанат екеуі үлкендік жасап жолаушылардың сәлемін күтуде. Көрпештермен төс қағыстырып қыска ғана есендескен Сегіз, өзіне қарсы көтерілген Жанатпен құшақтаса кетті.

- Е-е, жеттің бе, тұйғыным, қанат қағып? Хош, хош, кәне көрінші көзіме, нардай жігіт болыпсың ғой өзің, тәуба, тәуба! – деген сөзбен Сегіздің бой-басына назар жүгірткен Жанат күлім қақты.

Сегіз де кенже ағасының жүзіне зерттей үңілді. Жанаттың өңінде әжім молайыпты. Әіресе көз айналасындағы ұсақ әжімдер жиірек. Ат үсті саятқа жиі шығатынын күн мен жел өбіп тотыккан өңі айғақтап тұр. Жазық маңдайында бір-екі көлденең сызық қосылыпты. Әйтсе де шүңіректеу келген көздерінде егделіктің еш нышаны жоқ. Жалынды жас кездегідей-ақ ұшқындап күлімдеп қарайды айнала дүнияға. Бой тұрпаты да көк мойнақ лашындай жинақы. Тал бойы арам еттен ада, бұрнағы сіңірлі де жарау қалпында. Қарекет пен әбжіл қимылға бейім азамат екенін аңғартқандай.

Сегіздің бір таң қалғаны – ағасының күтімді кейіпі мен киісі. Ол үйінде бейғам отырған кісі емес, құдды бір тойға сыкиып киініп келген жан дерсің. Көйлегінің жағасы аппақ, кестелі де шашақты такиясы ине-жіптен жаңа шыккандай, желбегей жамылған бешпетінің жағалай зері құбылып көз жауын алып тұр. Күтімді мұрты мен дөңгеленген шокша сақалының әр талына дейін мұқият таралыпты.

Сегіз ішінен: - Егде тартса да кажымапты-ау тарланың. Бой-басын күтуде еш мін болсайшы. Ауыл-үй ішінде жүргендегі түрі мынау болса, көпшілік алдына бара қалса тіпті түрленбей ме сабазың! Сыры кетсе де де сыны кетпеген деген осы да. Міне үлгі! Қарыса да, тал бойына қылау жұқтырмаса керекті, сал-сері атанған өнерпаз. – деген пікір түйді.

- Ниязбысың, бармысың бауырым? Сен де манаптай азамат боп жетілдің-ау. Түнеу күні саят құрғанда әкеңді көріп едім. Кел, төс қағыстырайық, жаркыным. – деп Ниязды құшағына көмді.

Ине кол кусырып амандаскан Әгілге көз тоқтатып: - Құрдасым, [illegible] дейсің бе бұ жігітті? Түсі игіден түңілме деген. Жүзінен [illegible] тогілгендей ұл екен, жолдастыққа жарар, мен кісі танысам. – [illegible] жатсынбастан Әгілді де құшақтай алды.

Ол кезегін күтіп үнсіз жымиып тұрған Әдебия да үн шығарды. [illegible] сәлем берген Сегіздің маңдайынан сүйіп: - Ал, тізе бүгіндер, [illegible]ттар. Аңқаң кеуіп келген боларсың. Туу жер түбіндегі Омбыдан [illegible] оңай ма. – деп, сырлы тегештегі қымызды сапырып отырған [illegible]ға иек қақты.

Жанаттың бітімі бәз-баяғы жігіт кезіндегідей сыптығыр болса, [illegible] әжептәуір торалыпты. Әйтсе де бойшаң болған соң, балғын [illegible]ны өзіне жарасып тұр. Жанат түзшіл болса, бұл керісінше [illegible] шыға қоймайды. Әсіресе ыстық күндері күндіз сирек шығады [illegible] үйден. Іргені түріп қойып, қымыз сапырта іс тігуді ермек қылып [illegible]ны. Сөйтіп күтінген соң өңі де де аппақ. Бұғақ пайда болып [illegible]тері толысканымен ажары сол қалпы. Елібін әрлендіріп тұрған бәз-[illegible] алақандай көздері. Қайсы бір көздер аялы келгенімен, [illegible]ырайып ұнамсыз көрінеді. Әдебиянікі болса мезесі көркем [illegible]ылған, тұңғиық, мөлдір, нағыз нәркес көз. Бір артықшылығы, [illegible]ша ажарлы болса да менменсуден ада еді Әдебия.

Сол кішіпейілдігіне бағып: - Қош келдіңіздер, шырақтарым, үйге [illegible]ріп төрлетіңдер. – деп пейілдене тіл катты.

- Ия, бәсе үйге кірейік. Тыста отырғанымыз ұят болар. – деп Жанат та есікті нұсқап, - Көрпеш, сен қонақтарды бастай бер, Сүйін, [illegible] қамда. Қуаныш, жас-желеңге құлақ қағыс қыларсың. Бүгін кеш [illegible]тыбақан құрып сауық қылсын. Бір серпіліп қалсын да. – деп қыска-[illegible]ска ғана бұйрық бере бастады.

Ағайын болса екі айтқызбай іске кірісуде. Әркім өз міндетін [illegible]карып-ақ жүр. Көрпеш меймандарды үйге кіргізгенде-ақ, құман мен [illegible]ген ұстаған Сейітжан жетіп келіп қол жуғызды. Пәридаға ұқсаған [illegible]ақ бет, ақсұр Құшан сүлгі ұстап тұр. Көп сөзге жоқ Сүйін, Жанатқа көз тастап:

- Қазір бір бойдақты алғызып сойғызам да, кешкісін қысырдың [illegible]йын жыққызармын. Төңіректегі ағайын төбе көрсетпей қалмас. – [illegible]деп еді, Жанат, - оны несіне сөз қылдың? Өзің басқарып қам қыла [illegible]рсеңші. – деп жауап қайырған соң, Сегізге қарап қуақылана көз [illegible]ысты да, жүре берді.

Қуаныш айналсоқтап Сегіздің қасынан шығар емес. Жез [illegible]ылапшынмен иір мойын қашғари құманды алып келіп:

- Бет-ауызыңды шайып жібер, ұйқың ашылып сергіп қаласың. Анандай сапардан келдің, оңай деймісің. – деп бәйек болып жүр.

Жез легенге көзі түскен Сегіз еріксіз мырс берді. Бала кезінде ол көздеп атып тескен леген екен. Өзі ұста, темір-терсек атаулының зәулісі Сүйін дәнекерлеп, жамап-жаскап берген болатын кезінде. Сол бала кездің күәгері көзге бір түрлі ыстық көрінгені. Қуаныш әперген аппақ орамалмен бетін сүртіп, ішінен: - Әдебия жеңгеміздің ыдыс аяғына қылау да тозаң да тұрмайды-ау, шіркін! Қашан көрсем де сүлгісі қардай аппақ. Тазалақты ұстанса осылай-ақ ұстансын әйел біткен. – деп сүйсінді.

Бала кезінен бөтен жақта, кісі босағасы пәтерде көп тұрған соң неше түрлі тұрмысты көріп те жүр. Ас-суға ие әйелдердің ұқыптылығын, тазалығын еріксіз салыстыруға да, сынауға да мәжбүр. Омбыдан, Қызылжардан елге қарай келе жатқанда талай үйлерге түстеніп, конып та жүр. Жасыратыны несі бар, кей үйлердің ыдысынан ас ішуге де жиіркенген. Сусын толы кесені ауызға такай бергенде, танауға бір күлімсі иіс ұратынын қайтерсің. Әдеп сақтап тыжырынғанын жасырғанымен, асын іше алмайтын ондай үйдің Шешесі ерте қайтып кетсе де, өз үйінің тазалығы мен ұқыптылығына үйренген бала, салақтық атаулыны көш жерден аңғаратын.

Енді міне өз үйіне келгендей болып, тап-таза сүлгімен беті-қолын рахаттанып сүртті. Үйге кірмей тұрып Жанатпен оңаша тілдесіп алмақ еді. Жүрістерінің мәні-жайынан құлақ қағыс қылу міндет қой. Оған Қуаныштың кетпей тұрып алғаны. Әбден сағынған інісі бір де бір сәтке ажырары жоқ. Бауырының көңілін қимаған Сегіз: - Бара тұршы, оңаша сөзім бар еді, -деуге бата алмай, - жарайды, өзіміз той, бұл да білсін болған кепті. Ақыры ауылға жайылатын хабар. – деп түйіп, Жанатқа:

- Көке, бір ауыз сөзім бар еді. Тыста тұрып-ақ айтпақ едім. – деп еді, сері – болсын- дегендей бас изеді.

- Мынау ноғай жігітін абактыдан құткарып қашып келемін. Соңымыздан қуғыншы солдаттар жетіп еді, аз-мұз атысып, шайқасып та калдық. Шығын жоқ әйтеуір. Әлгілер кері серпілгенімен із түспей коймас. Ауылдан іздейді ғой алдымен. Сондық, жылыстағанымыз жөн болар. Бір-екі күн ғана дамылдармыз. Одан кейіңгі жөнді өзіңізбен ақылдаспақ едім. – деп, болған кепті қысқаша ғана дәттеді.

Айтуын айтқанымен күдігі де жоқ еместін. – Сау басқа сақина тілеп нең бар еді? Елге қуғын ертіп әкелдің. Оқу іздеп жүріп пәле тапқаның ба? – деп сөге ме деп, каупайлап та тұр.

Бұл хабарды құлағы шалған Қуаныштың көзі үлкейіп барады. Тұрған жерінде тас болып катты да калды. Көзі алакандай болып, ағасын жаңа көргендей-ақ үңілуде. Жанатқа бұл сөз каншалықты

[illegible] тілсе де сыр білдірген жок. Көпті көрген кыркылжыңдығына [illegible] түсіп өзгертпестен ойға калды да, аз үнсіздіктен сон:

Бір кимылға басыпсың, не кылса да. Тұткындағы міскінге кол [illegible] бергенің жөн. Ағайын келесі де колдар бұныңды. Үкіметпен [illegible] онай емес-ау, патшаның құрығы ұзын демекші. Әйтсе де бір [illegible] ойластырамыз да. Ел емеспіз бе, еш кам жеме. – деп [illegible]. Сегізді топшысынан кағып койды да, - ал, кірелік үйге. – [illegible] берді.

[illegible]нан зілмауыр жүк түскендей-ак бойы жеңілдеп калған Сегіз, [illegible] жадырап, ағасына сездірмей Қуанышка көз кысып койды. [illegible] ағаттык жасап, әкесінің ашуынан құтылған баланың кейіпі [illegible] Жанаттың колдауының салмағын кайтып білмесін. Өзге үлкендер [illegible] күнде де, бұл ағасының пікірімен санасуға мәжбүр. Сері [illegible] ауылдан табылғаны мұнша жаксы болар ма. Сегіздің [illegible] де осы Жанат пен Шағырай еді. Орда бұзар осы екеуі ғой. [illegible]дердің жөнімен өздері де үнемі жүре коймайтын, кашанда [illegible] пікірлері бар, өнер иелері ғой. Құрык әкеткен жас-желеңнің де [illegible] кешіріммен карайтын осылар.

[illegible]ныш оңашада бұны –Мұкаш- деп атайтыны бар. Балалығын [illegible] түрі шыгар. Қазір де көзі жайнақтап:

Мұкаш-ау, солдатпен калай шекістің? Мұздай каруланған иттер [illegible] оруші ме еді. Мылтыкпен басып салмай ма? – деп ентелей [illegible] да, жауап күтпестен, - мені де ала кет, тағы соғыссаң! Не [illegible]мін ауылда жүріп? Өздеріне еріп кетейін ел аралап. Ел көрем, [illegible] көрем дегендей. Макұл ма, ә Мұкаш? – деп ағасын шынтағынан [illegible] алып, жабыса кетті.

Інісінің бейкүнә албырттығына сүйсінген Сегіз езу тартып: - Ел [illegible] онай деймісің, Кәкентай-ау? Өз ауылыңа не жетсін, шіркін! [illegible] үйден ұзағанда мүсәпір хал кешеді, шынтуайтка келсек. Түскен [illegible] біреудің кабағын аңдып отырғаның. Қайда асығасың? Дәм [illegible]арса әлі талай елді араларсың, бауырым. – деп, інісін иығынан [illegible]ра құшактай алды.

Кәкентай- деп әдейі атап еркелеткен түрі. Маркұм анасы кенже [illegible] осылай атаушы еді-ау. Қуанышты құшактай алғанда, сүйегінің [illegible]тігін аңгара калып, ішінен: - Е-е, бауырым, бойың өскенмен [illegible] ката коймапты әлі. Шешейге тартқан жұка бітімділігің өз [illegible], балаң жастығың және бар-ау. Менің несібем түзден болған [illegible], сен ауылда жүріп жетіліп алсаңшы әуелім. Анамыздың жанына [illegible] сүт кенжесі таукымет көрмей-ак койсын. – деп түйіп:

Ал, үйге кірелік. Ендігісін дастархан үстінде сөйлесерміз. – [illegible] сөзбен табалдырыктан аттай берді.

2

Жанат үйінің қак төрінде ағайынның үлкені Сексен жамбастап көлбей жатыр. Қолтығында құс жастық, астында төрт бүктеулі құрақ көрпе. Алпыстан асқан Сексеннің бұрын да етженді денесі, бұл күнде тола түскен. Содан болар отырғанда да, жамбастап жатқанда да төсеніштің қалыңын ұнатады. Салмағы мол болған соң бір қалыпта көп жата алмай, дөңбекши беретін машығы да бар. Бұны білетін Әдебия үлкен қайын ағасы келгенде бірсалар көрпелерді қабатап жастықты қос-қостап кояр еді.

Шешесі Асылтасқа көбірек тартқан Сексеннің ақсары өңі бүйрек бетті, шыкшытты келген. Май мұрындылау, толық бетті өңінде ажым жоққа тән. Әйтсе де салбырай өскен қастары, сиректеу келген мұрты мен иегінің ұшына біткен шоқша сақалында ақ түк ден болған соң әлпеті кәртамыс көрінеді. Шақшаққа ұқсаған үлкен құлақтары мен жазық маңдайы ғана. Ұстара көрген үлкен басындағы тақиясы да иініндегі мол пішілген бешпеті де қоңырқай докабадан. Асылы, ким киіске пәлен мән бере коймаушы еді. Бүтін және таза болса бұлдысын іздемейтін. – Пайғамбарымыз жұпынылықты сүйген- деген желеумен Шағырай мен Жанатқа да ескерту айтып кояды.

- Жас емессіңдер. Құдайға шүкір отағасы, жігіт ағасы атанған түрің анау. Әлем-жәлем киінгенді қою керек. – деуді өзінің ағалық парызы деп біледі.

Сегіздің келген хабарын есітіп, дереу ауылға келген беті еді Сексеннің. Келе салысымен кіндіктес ағайынды да шұғыл шақыртқан. Шақшақтан өрбіген ұлдардың төрт көзі түгел отыр мінекей. Ақылдасатын шаруалары Сегіздің жайы. Әгілдің хабарын Жанат дереу Сексенге жеткізген болатын. Көшебе ішіндегі бір даулы мәселесімен жол жүріп кеткен ағасы, тосын хабар жеткен соң-ақ, бір күннің ішінде ауылға оралды. Есенжан мен Бауыржан да сыбай ауылдарды аралап жүр еді. Ел сөзіне қашанда құлақтары түрік бұл екеуі үйде отыра коймайтын. Бұларға да Жанат шапқыншы жіберген. Ауылдан шыға коймайтын Қайыржан ғана. Жас кезінде зергерлік құрған кісі ғой, егде тартса да сол өнерін аңсайды. Көбінесе Сүйіншінің қасында болып ісмерлігін қызықтап отырғаны. Баз-базда қызып кетіп өзі де кепсер мен аталғышты ермек қылады.

Шағырайдан жоғары тізе бүгіп бұл да Сексенге қарап отыр. Сәл түсіп Шағырай да ауылдан табылды. Жасы ұлғайған соң салдықты доғарса да, жазды күні үйіне сыя коймаушы еді. Той-томалактан хабар жетсе аттың терін аяған кісің емес Шағырай-екең. Бірер күнде жер болса да қатыспай коймайды. Малына киініп, аттың мүсіндісін мініп іздеп барады сауық-сайранды. Барса, төрі өзінікі әрине. Егде тартса да, құдай берген өнер бар емес пе. Топты көрсе арқасы қозып

[illegible] ыл-ай келіп. Әдетте, салған жерден өңеш созып елпілдей [illegible] Жас-желең, әншіліктен дәмесі бар талапкерлер айтып [illegible] ыдап отырады. Дәмелілер айтып бітті-ау деген кезде ғана [illegible] рады. Шырқай салса-ақ, әнін жұрттан асырады. Кейіңгі [illegible] ойғаны – тоғыз құмалақ ойыны. Үнемі шұғылданған соң [illegible] салмайтын майталман да болып алған. Құр әншейін [illegible] тігіп ойнайтыны да бар. Ондайда колы ірі. Еріккен бай [illegible] мырзалармен құлынды бие, боталы түйе тігіп ойнайды әдетте.

[illegible] кеп Шағырай кезекті сапарынан кеше ғана келген болатын. [illegible] Ғалиат бас косудың себебін жөнді ұктырған да жок. – Қашкын [illegible] жайын акылдасу керек. Сексен шакыртып отыр. – деп, [illegible] ана хабар жіберген.

[illegible] күнія болған соң үйдің маңайынан бала-шаға қуылған, әйел [illegible] Әдебия ғана кымыз сапырып отыр. Дастархан үстінде [illegible] жент, бауырсак кана. Бетінде майы көлкіген бапты түнемелді [illegible] үлестіруде. Қымызға толы зеренді кос колымен көтере төр [illegible] бастап әпереді. Ағайын кою түнемелді тамсана сіміріп үнсіз [illegible] Барпасы Сексеннің сөзін тосуда. Жазды күні дәл бүгіңгідей [illegible] түгел бастары косыла коймайтын. Ия ел ішіндегі дау-[illegible] көп жүретін үлкендер болмайды, ия сауык-сайран [illegible] Шағырай ұстатпайды. Түзшіл Жанаттың да ауылдан [illegible] сирек. Сондык, бүгіңгі кеңестің себебі осал-оңтағай емес [illegible] ағайын пайымдап та отыр.

[illegible] ыстык, көлеңке жак ірге түрулі, сырттан жеткен жусан лебі [illegible] кышкылтым иісімен косылып үй ішінде тұнып тұр. Төрдегі [illegible] кымызды ұрттап кана койса, Есенжан мен Бауыржан бірер [illegible] жоремелдете түгескен. Қайыржан да бұл екеуінен калысар емес. [illegible] кісілер ыстык күні сусынға мелдектей тойған соң, тершімей [illegible] ба. Киімдері де калың. Ауылда жүрген Қайыржан ғана [illegible] шең. Үнемі ат үстінде ел аралайтын Есенжан мен Бауыржан [illegible] құдды бір билік айтпакка сайлана шығыпты. Иіндерінде мауыты [illegible], белдерін тас кылып буынып алып терлеп-тепшіп отыр.

Бешпетшең Қайыржанның өзі пора-пора терлеп көйлегін желпіп [illegible] Денелі де толык кісінің мүнсік иісі білінбей тұрсын ба. [illegible] шіп сайын ашшы тердің кою иісі толкын-толкын жайылады. [illegible] теген жан жок, әркім өз ойымен өзі, кымыз сораптаумен отыр. [illegible] шакырткан соң, сол ағасының сөзін тосуда. Қайыржанның [illegible] ұстаған колының сыртында баданадай болып тер [illegible] ары іркілген. Тетелес ағасын тәу көргендей-ак үңілген Шағырай ішінен: - Бұ шіркін сонша тершең бе еді? Тері де бір алуан [illegible] екен. Сүйегі ірі кісі ғой, жасы ұлғайған сайын маркұм [illegible] ірамға тартып бара ма, калай өзі? – деген оймен отырып, - кой

болмас, үйдің іші қапырық, жеделдетейік сөзді. – деп түйді іс тамағын қырнай жөткірініп алып:

- Ия, ағайын, келелі сөзге көшелік те. Бұ жедел жиынның себебі іс өзі, тұк түсінсем бұйырмасын. – деп, Сексенге назар аударды.

Үйдегілер елең етісіп, бар көздер Шағырайға қадала қалды. Іс қатуға біреуі де асығар емес сияқты. Төр жақтан еш үн шығ қоймаған соң Жанат қозғалақтап тіл қаткалы оқталып еді, Сексен тұра тұр! – дегендей қол көтере белгі беріп:

- Е, білмеуші ме едің? Қайда жүрсің өзің тұк естімей? Анау Сеит бауырың бүлдіріп келген жоқ па, бүйректен сирақ шығарып. – деп, ол қабағын серпе көтерді. – Абақтыда жаткан бір ноғайды құтқарып патша әскерімен соғысыпты бассыз неме. Нияз екеуі құйрығына қалжуыр байлаған тышқандай әлгі ноғайды ертіп солдаттардан қашып жүр. Ауылға сойқан келтірмек пе сонда? Ертең-ақ сау етіп іздеп келмей ме бақайшағына дейін қаруланған әскерлер Ұлықтардың құрығы ұзын, жер түбіне кетсе де шалмай қоймас.

Осы мәселені ортаға салмақ едім. Не ойлағандарың бар? Бүгін-ақ бір сөз байласу керек. Солдаттар тап беріп біздің ауылдан қашқынды ұстаса, құрыққа сырық жалғанды дей бер. Жағдай осы, ағайын Тығырықтан шығар жол тап, ақыл қос. – деп, Шағырайдан бастап отырғандарға назар қыдыртты.

Әдетте жер қозғалса да тебірене коймайтын бидің кеуілінде қыжал бар сияқты. Лебізінде ашу сарыны да аңғарылмай қойған жоқ Жанатқа көз тоқтатқанда әнтек қабақ та түйді. Серінің тай сойып алтыбақан құра сауық ұйымдастырғанын сөккен сыңайда. – Несіне жетісіп думандаттың? – деп айыптап тұрғандай бар кейіпі.

Ел таразысына қанық Сексен бұндай қимылдың бар қауіпін қайтып пайымдамасын. Шақшақ дүниеден озғасын бар ағайынның амандығы өз мойынында ғой. Көшебенің тізгінін ұстап қалған Табай мен Байдалы ақсақалдар. Табай Есенейдің жездесі. Сибанның билері Есеней мен Өсіп исі Керейдің тізгініне ие. Есеней болса ұлыққа жағып бедел жинаған кісі. Кейінгі кезде Кенесары бастаған ақсүйек әулеті үкіметпен тіресіп жүр деген хабар жиі-жиі естілуде. Бұл теке тіресте Есеней патша жағын қолдауда әуел бастан. Сегіздің мына қимылын құптамасы бесенеден белгілі. Патша үкіметі абақтыға қамаған тұтқынды құтқарып алды деген не сұмдық?

Орыс ұлығы тегін кісіні каматушы ма еді. Қанішер бұзықты, қылмыстыны тұтқындайды әрине. Ноғай түгілі қазақ баласы да ит жеккенге кетіп жатыр. Қара қазақ түгілі хан нәсілі Ғұбайдолланы тескен тау асырыпты үкімет. Енді өз ұрқы да үкіметке қарсы шыққаны ма, тұтқынды қашыртып? Бұның аты ажалмен ойнау емес пе. Сонау Текеден бері тартылып, Қызыл жар, Омбыға дейін созылған

[illegible] әскери қамалдары төрелердің жасағына пысқырсын ба. [illegible] көрмей жүр ме осы ел. Кіл мылтық асынып мұздай [illegible] атты казачилердің түрі анау. Қылышпен найзаға да мықты [illegible] тау-тас, шөл даламен де жортып береді. Жаяу әскері де [illegible] Дөң асар зеңбіректің добын атқылағанда жер күңіренеді. [illegible] төрелер түгілі Абылай ханның өзі орыспен тайталаса алмаған. [illegible] қыраудың үәжіне тоқтап.

Холлайға қарағанда бүгінгі төрелер жәй әншейін майда-шүйде, [illegible] шүкір емес пе. Кешегі жақсының жырым-жырым жұрнағы ғана. [illegible] қазақты былай қойып өздерінің ауыз бірлігі жоқ. Кенесары [illegible] патшамен соғыспаққа бел буса, Шыңғыс төре үкіметтен шен-[illegible] немденіп мырғамға жеткен түрі анау. Бұлар өз ара қырғи [illegible] болса, қара қазақтан шыққан Есенейге – төреге ермедің – деп [illegible] кінә таққандай. – Төреге ерген ерін арқалар. – деп, бабалар [illegible] жөн-жосық сілтеп кеткені қайда.

Сондық, төренің сойылын соқпай, үкіметтің жыртысын жыртысқан [illegible] болар. Сегіздікі балалық-шалалық шығар, албырттықпен істегені [illegible] Анау қашқын ноғайды абақтысына қайтарып, Сегіздерді шалғай [illegible] жіберу керек. Сөз басылғанша бой тасалай тұрсын. Кейіңгісін [illegible] жатармыз. Пара жемейтін орыстың ұлығы жоқ көрінеді ғой. [illegible] қылғыта береді, анау кеңсе толған шенділер. Біреуінің ауызын [illegible] істі бір жақты қылармыз. Әзірше мына пәле болып жабысқан [illegible] тезірек құтылған лазым.

Ағайын ауқымында бұны әмәнда қолдайтын Есенжан мен Бауыржан. Бұл екеуінің ішінде Есенжанның ие жұмсақтау, текетіресте [illegible] ландылық көрсетуі неғайбыл. Қайыржанның да мінезі солқылдақ. Жанат болса әрине Сегізді жақтайды әлі келгенше. Өйтпесе [illegible] мандатып той қылар ма еді. Анау ноғай жігітті қонақ қылып, асты-[illegible] түсе сыйлапты көңілшек неме. Екі туып бір қалғаны болар ма [illegible]? Шағырайдың да қай жақты ұстанғаны мәлімсіз. Бұл да Жанат [illegible] желөкпелеу. Қайын жұрты ноғай болған соң, сол жаққа бүйрегі [illegible] рмасына кім кепіл. – Өнер-мөнер, салдық-серілік. – деп сері мастанып [illegible] жайылатыны және бар. Сегіздің бұл бұзар әрекетін – серілік, [illegible] жігіттік, туысқан халыққа жаны ашығандық. - деп дәсердей қылуы да [illegible] жап емес. Сондық, алдымен Бауыржанды сөйлету керек. Қодаң [illegible] ріркін, ә дегенде-ақ анау желөкпелердің мысын басар ма екен...

Ойын қоғамдап болған Сексен, Бауыржанға назар тоқыратып, [illegible] тек қана иек қақты. – Сөйле! – деген ишарасы бұл. Ағасының ымын [illegible] сқандай-ақ Бауыржан іркілместен:

- Не бас қатыратыны бар? Шақша бас татарға бола үкіметпен [illegible] тайталасамыз ба? Солдатқа ұстап беру обал болар әрине. Мұсылман [illegible] баласы ғой. Бірақ паналату да қолдан келмес. Бас сауғалап жөнін [illegible] тапсын мұндар неме. – деп бастап, тығыз бұйра сақалын сипап қойды.

Сақалын әлсін-әлсін салалап қоятын машығы болушы еді. Өзге ағайынның сақалы иегінің ұшына ғана бітсе, бұнікі екі жағын молынан қамти қаулап шыққан. Өзі бұйра қозының елтірісіндей сақиналана өседі. Жасы егде тарткан соң жылтыр кара түсіне күмістен ақ тін араласып, көркін арттыра түскен. Қара буырыл сақалмұрт өзіне жарасатынын білетін Бауыржан, жұрттың назарын аудара, мұртын ширатып сақалын сипалақтай береді де.

Қайсы бір күндейтіндер бұны: - Кекірдің сақалы кеңірдегінен шығады демекші, көрмеймісің жабағыдай ұйыскан каба сақалын Қазакка тән емес-ау мүлде. Аузы түкті кәпір болар ма. – деп, сыртынан қыжыртып қояды.

Жұрт не десе о десін, Бауыржанның өз басы конкак мұрны мен ені алакандай кира сақалын мақтан көреді. – Ер мұрынды, кыз бұрымды келер. – деген бар. Сакалды болсам түпкі нағашыларыма тартканым дағы. Арғы бабамыз Толыбай, Түркістан өлкесін де мекен кылыпты. Қожалардан жар да алыптымыс. Қожа болғанда, арабтың құрайыш руының ең мыкты аталары Омея мен Ашимнан тараса керекті түпкі нағашыларымыз. Арабтардың сакалы күйектей келеді емес пе. Содан ауыскан бір белгі де. – деп, кай-кайдағы тарихка бойлап кетер еді.

Бұл сөздің анык-канығын тексере ала алмайтын халайық, сөз таластыра алмай үнсіз тыңдар еді.

-Қожа, сахабалар әулеті сейідтер. – деген сөз шыккан соң, күндеушілердің ауызы да жым болатын.

Көз құйрығын Шағырайға жіберіп, кеңесін өрбіте берді. – Сегіз болса сау басына сакина тілеп алғаны рас. Ұлык бұл бұзарлығын оңай ұмытар деймісің. Шырак алып соңына түскен де болар. Мылтығын шошаңдата, сау етіп тобымен жетіп келмесі ертең-ак. Қол-аяғын кісендеп тескен тау асырмаса, маған кел! Қара казак түгілі төре тұкымын да жер аудартканы кайда?

Сондык, карасын батырғаны жөн. Қарға тамырлы казак демекші, құдайға шүкір ұлы жүзде де, кіші жүзде де сүйек шатыс, құдандалы туыскандар баршылык. Сол жакка бара тұрады да. Така болмай бара жатса, Көрпеш окыған Бұхара бар дегендей. Мөнке молданың көз таныстары бар шығар әлі де болса. – деп сөзін түйіндеді.

Түйіндеуі мұң еді, Есенжан отырған жерінде мол денесімен ырғалып койып: - Жөн сөз, алып косарымыз жок. Бір ағаттык істеген екен бауырымыз, окасы жок. Жылыстап бара тұрар күнгей бетке. Алаштың азаматын паналатар о жақтағы тілеулестер. Ер жігіттің басына нелер не кетпес демекші, таңдайына батсын кайта. Елден жырак кетпей ел кадірін білу кайда. Солдатпен шекіскенде артын ойлар болар кісі деген. Кесірі елге тимей ме ертең-ак. Бұны окытып баулыған анау Прохоров не бетін айтпак ұлыктарға. Шәкірті

[illegible]ағы тұтқынды алып қашқаны үшін дәріптейді деймісің [illegible] Айыптап қызметінен аластатуы да ғажап емес.

[illegible]термен шайқасқанда оққа ұшса ше? Қой боғындай қорғасын-ақ [illegible] жатыр мауыздай жігітті сұлатуға. Сонда бок басында өліп [illegible]ка саппасың. Не үшін баз кешпек десеңші. Айдаладағы бір [illegible] поғайға бола ма?

Шаймамдай ми бар ма екен осы шіркінде? Сегіз-мегіз деп [illegible]тып қойдық. Анау Нәупіл садақ тартуды үйретіп әлек. Қолы [illegible] айбалта, найза сияқты қару сілтеуге баулып жүргені. Соғысып [illegible]ауды мұқатпақ осылар? Ауыл арасындағы барымташыға төтеп [illegible]ке сойыл да жетіп жатыр. Ағаш оғын кезеп, солдаттың дөң [illegible] іңбірегіне қарсы шаппақшы ма кіл желөкпе? – деп сауалды [illegible]ап келіп, Жанатка алая қарап көзін төңкеріп өтті.

Нәупілді кінәлағанымен тұспалдағаны ең алдымен Жанат. – Ер [illegible] бес қаруды қапысыз меңгеру керек. – деп, жастарды үнемі [illegible] жүретін осы інісі еді. Жауабы әзір болса да Жанат тіл қатуға [illegible] қойған жоқ. Шағырай екеуі үлкендердің сөзін тосып сөйлеуші [illegible] Ағаларының пікірін біліп алмай кеңеске килікпейтін. Осы жолы [illegible] Шағырайдан жоғары отырған Қайыржанға сұраулы жүзбен қарай [illegible]. – Лебіз шығарсаңшы. - дегендей-ақ.

Міне кезек келгенін пайымдаған Қайыржан болса, сәл [illegible]ырынып күрсінгендей болды. Сөз таластырғанды, әсіресе біреуді [illegible] біреуді жақтауды сұқаны сүймейтін. Жаратылысынан аққөңіл [illegible]ой басы, әсіресе текетірес, дау-дамайдан бойын аулақ ұстар еді. [illegible], әлуетті кісі кең пейілді келеді көбінесе. Қайыржан да ғұмыры [illegible]рсумен ишшай дескен күні болған емес. Әуесі ісмерлік болған соң, [illegible] сөкпен іс-місі жоқ балға тықылдатып отырғанды ұнатар еді. Жас-[illegible]сеңнің тобын көрсе-ақ, тілі қышып әзілдесіп айтыса кеткіш. Бұл [illegible]зін жақтырмаған ағалары:

- Мына тірлігіңе жол болсын. Жарымаған кедейше кәсіп [illegible]ының қалып еді, егде тартқан басыңмен. Таста әрі жаман ырымға [illegible]тамай! Сіңірін созған жатақ болармысың. Мінезің де ұшқалақ. [illegible]ықты кісідей отырсаңшы былай ызбарланып. Кім көрінгенмен [illegible]жақтасып жырқылдап күле бермей. – деп, тәлімсіп бітеді.

Енді міне сол ағалардың сөзін қостауға мәжбүр. Өйтпесе – ауа [illegible]йылдың- деп кінә тағады мына Есенжандар. Өзіне салса, Сегіздің [illegible]ткын құтқарған ерен қимылын құптайды да. Мінәйы мінез Әгілмен [illegible]ұбаттасып, аққөңілдігін, бүкпесіз адалдығын ұнатып та үлгірген. [illegible]рақ бұл пейілі ағаларына жақпасын сезіп, шарасы құрып та отыр. [illegible]лай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледі дегендей, екі [illegible]ақтың да көңілін қимай қынжыла сөйледі:

- Сөзіннің бір міні болсайшы, туғандар. Ағайын-аукымның камы жеп отырсың, косарым жок. – деп бастап келе жатып, окыстан сонш үзіп жіберді.

Кенеттен бір тығырыкка тірелгендей үнсіз калып, сол колы желкесіне апара, кайратты кара шашын салалай, ойлана калды. Жа кезінде салдау Қайыржан егде тартса да шаш коюн әдетін коймай жүр Толкындана біткен жылтыр кара шашы өзіне жарасады да. Шашы калын болған соң сакал-мұртын тұжырта кырып, танауының асты мен негінің ұшында бір шөкімдейін ғана калдырады. Шағырай сиякты кырымпоз болмағанымен бұл да бойын күтіп ұстайды. Кестелі жаг ак бәтес көйлек, өніріне өрнек жүгірткен мауыты бешпетті үнемі тазадан киіп, маңдай терін аппак кол орамалмен сүртіп отырғаны.

Қозыкарын біткен етженді денесі тершең екенін де білмейді емес Онысына істеген айласы – ыстық күндері іш киімдерін жиі-жиі ауыстырып жүретіні. Соның өзінде кашанда сөзге еркін, тілін тартпайтын Шағырай:

- Сере шыккан азбандай шермигенің-ай осы сенің! Майың ерш жүргені тер сасып. Бойыңды ток-жарау кып ұстасаңшы былай, былшия бермей. – деп, сын таға береді.

Тік сөзді ауырлаған бұл жок. – Жанат екеуің сиякты катпа бол демекпісің? - Аттам жері алты арык, жер азғыны осы екен. Қатын семіз ер арык, ел азғыны осы екен. – деп Асан кайғы сын тағыпты гой барған бір жеріне, сонау бағзы заманда. Сол данышпан айтпакшы, ердің семіз болғаны жарасса керекті. – деп, үәж айтып кұтылады.

Енді міне сол Шағырай мен Жанат бір дай, үлкендер бір дай болып отырғаны. Екі жакты да ренжіткісі жок Қайыржанның. Әйтсе де өзіндік пікірі де бар. Сол пікірін жұкалатып жеткізіп бакты.

- Сегіз бір жедел кимылға баскан екен, болар іс болды гой не десек те. Ағаттык та істеген шығар, оның зардабын да көрер әлі Қолымен істегенді мойынымен көтермек бар. Бірер жыл бой тасаламаса болмас. Онысы каншаға созылары да мәлімсіз. Елден жыракта тентіреп жүру деген оңай боп па. Біраз киыншылык көрсе, бәлкім өкінетін де шығар. Әйтеуір сазайын тартары анык. – деп бір кайырды да, Шағырайға карай калды.

Көлдененнен килігер ме екен деп барлағандай. Алайда інісі сол тоскан калпын бұзар емес. Дағдысынша оң кабағын кере, бойын каккан казыктай тік ұстаған күйі отыр. Бір жөткіріпіп алған Қайыржан сәл кызарандап сөзін жалғай берді. Ендігі айтпағы ағаларына жакпайтын болған соң, бетіне кан теуіп шыкты.

- Анау ноғай жігіттің тағдырына кол сілтей салғанымыз кате ме дедім, ағайын. Бізді ел деп келіп отырған жок па бұл пакырың. Паналата алмасак та, жасыруымыз дұрыс болар. Алыстағы бір ағайынға аманат кылып тапсырайык та. Бір міскінді абактыдан арашалап кала алмасак

[illegible] шалымыз кайсы? Әрі обалына калармыз. – деп келе жатыр еді, [illegible] күткендей-ак, Шағырай кенеттен кенеске киліге кетті. [illegible] даусы сыпайы шыкса, бұның үні өктем.

[illegible] кеймін-ау, бұл не сұмдык? Елдіктен кеткеніміз бе түге! Әлде [illegible] обанына мүлдем жаншылдык па? - деп бойын маңғаз ұстаған [illegible] ағаларына назар кыдыртып өтті. Асыкпай, ыңырана, [illegible] сөйлейтін әдетіне бағып әр сөзін салмактай кадап айтады.

[illegible] орыстың үкіметін жактады-ау деп бар Керей ырқына [illegible] па сонда? Кенесарыға косылмағанымыз жөн да шығар. [illegible] бала-шағаны сергелдеңге салып, төренің соңынан ере [illegible] да. Үкіметпен тіресу де колдан келмейді, көріне ажалға кай [illegible] шалшак. Әйтсе де, өзімдік пікір деген де бар емес пе. Ұлыктың [illegible] түскен бейбакты не ғып паналатпаска. Бүткіл бауыр елдерді [illegible] жок па ак патша? Еділдің ноғайы мен Орал тауындағы [illegible] ұрды кісендеп, енді міне казакка да нокта салды. Ендігі калғаны [illegible] сатып, патшаға жығып беру ме? Қандастың аяғынан [illegible] ұлыкка жағынайык олай болса. Бүгін ноғайды абактыға камасак, [illegible] бауырымызды да киып жібереміз. Үкіметке күлтектеп ұпай [illegible] түрін құрсын бұндай! – деп күйіне тұжырды.

Шағырай пікірін паш еткен соң Жанат та іркілген жок. Әгілді ұстап [illegible] деген сөз шыкканда жактырмай тіксініп калған. Іштей: - [illegible] сикы осы болса, құрып кал өншең тоғышар! – деп күйініп, [illegible] жорға тежеп отырған. Алайда, Қайыржан мен Шағырайдың [illegible] соң сабасына түсті. Сексендердің пікірін ой елегінен өткізіп, [illegible] Нияздың мінез-кұлыктарын, жүріс-тұрыстарын безбеннің бір [illegible] салғандай-ак салмактап, ішінен: - Әдірем кал! Бұл жігіттер беріп [illegible] деп отыр Әгілді оңайлыкпен. Соғысып кұткарып алған [illegible] ұстатып коятындай не күн туыпты? – деп тұжырған.

[illegible] сөйлеуге кезек келгенде лау еткен ашуы сейіліп, үні [illegible] сабырлы шыкты:

Ау, ағайын, сыртынан тон пішіп койыпсың, үлкенің бар кішің [illegible] Асты корлама құстырар, ерді корлама састырар демекші, ерінді [illegible] кеметенің кай сасканың? Сегіз бізге бала болғанымен сыртка ер [illegible] жүргенін кім мойындамас. Өзі мактанға жок жігіт кой. [illegible] кайтып құтылғанын таратып айта койған жок. Қасындағы [illegible] ері дәттеп берді болған кепті. Біреу айтса сенбес едім, [illegible] іестеріне кайтып иланбассың? Он шакты атты казачиді жалғыз [illegible] кыкпен аткылап шыдатпапты сабазың. Сөйткен жігіт жолдас-[illegible] жауға беріп коя ма оп-оңай? Біз калай ұйғарсак та, анау [illegible] дұшпанға бермейді Сегіз. Жаңағы – ұлыкка ұстап береміз-[illegible] сөзді есітсе ренжиді де. Сонда ұлыкка жампаңдаймыз деп, өз [illegible] мауыздай азаматының көңілін калдырасың ба, ағайын?

Мен білсем, бұл бауырымыз біз айтпай-ақ елден жырақ кетпе Бұның есі-дерті серілік құру емес пе еді. Қасына ерген Ниязы да нағыз арда-күрең өнерпаз жігіттің өзі. Ел аралау деген бірсуі тентіреу болса, бұл жігіттерге нағыз сейіл-серуен. Анандай өнерлері барда, бұларды жолдағы елдер хан көтеріп алмаса маған кел. Сондық еш бөтен сөз быксытпай, жақсы атпен шығарып салайық азаматтарды. Қарауылдағы құдаларға жетіп бір тыныққаны да, ер қарай тарта береді, күнгей бет қайдасың деп. Сыр бойына жетіп алса жан сақтар. Ол жаққа патша құзыры жүре қойған жоқ. Сол басылғанша сол өңірді паналай тұрады да. – деп, сөзін сарықты.

Жүзі сабырлы. Әлдеқашан шешіліп қойған мәселені тұжырымдағандай сыңайы бар. Бауыржан жақтырмағандай тыжырынса да, қарсы дәлел айта қойған жоқ. Үлкендер жағы Сексенге қарап отыр Кесікті сөзді содан естімек. Сексен болса ойға шомып, бірден жауап қайыра қойған жоқ. Жанаттың үәжінен соң бұрыңғы райынан қайтып қалғанға ұқсайды. Бұл үндемеген соң, үй ішінде тыныштық орнай қалды. Қымыз сапырған Әдебия да күміс ожауын қоя қойып, қыбыр етпестен отыр. Үйдің сыртында да бөтен қыбыр-жыбыр жоқ. Мәжіліс басталмай тұрып Жанат Сейіткерейді шақырып алып:

- Үйдің маңайынан жан адамды жүргізбе. – деп, тапсырып қойған

Желідегі құлындардың пысқыруы ғана ара-тұра естілуде. Ауылдың сыртындағы қыратта түннен құрулы қалған алтыбақанда бала-шаға әткеншек теуіп жүр. Сол жақтан жеткен күлкі де еміс-еміс естіледі.

Кенет көл жақтан бәз біреудің шырқап салған үні жетіп, заматта бар төңірекке жайыла берді. Қою да қоңыр, асқан қуатты лебіз. Ол «Екі жирен». Осы отырған ағайын талай естіген ән. Әйтсе де мынау орындауда соны бір дүние сияқты. Бірер сәттең соң Сегіздің лебізін таныды отырғандар. Бір қыс ауылға ат ізін салмаған жігіттің дауысы пәлендей өзгермесе де, сөлдірек шыға ма қалай.

Көшкенде жылқы айдаймын, ah-oy, аламенен,
Ауылыңа барушы едім-ау, даламенен.

- деп аспанға да шаншылып, төңірекке де еркін жайылып жатыр. Бар ағайын еріксіз құлақ түріп тына қалды. Лебіз өте сұлу, құлақтың құрышын қандыратын нағыз күміс реңкті лебіз. Орындауы да шебер. Әуен аса нақысты, бір қақас шыққан тұсы болсайшы. Және ер-азаматқа тән кең тынысты да, арналы өзендей ағынды.

Мына лебіздің иесі нағыз жүректі де өр азамат екеніне еріксіз иланғандайсың. Домбырамен сүйемелдеген емес, топ ішінде айтқан емес, бұл сірә ат суаруға бара жатып шырқап салғаны болса керек. Көкірегін ән кернеген соң, әншейін көңіл үшін лебіз шығарған түрі. Әйтсе де сұлу саздың әсері соншалық, үйдегілер еріксіз құлақ түріп ұйып қалды. Бұл әулет ән-күй жағына шеттерінен сыншы да талғампаз болушы еді. Үлкендер жағы өздері ән айтпағанымен,

[illegible] білетін. Мынау әннің иесі тегін кісі емес, біртуар [illegible] бар ағайын ұқты да. Бұндай өнері бар жігіт ел ішінде [illegible] ұмайтынын пайымдап та отыр баршасы.

[illegible] ән шыркалғанша қыбыр еткен жан болған жоқ. Ән біткен [illegible] отырған ағайын бірден тіл қатпады. Ғажайып бір әсерді [illegible] алмайық дегендей, әркім өзімен өзі отыр. Сүт пісірім [illegible] соң ғана Сексен копаңдай қозғалып Жанатқа көз тастады да:

Бұл [illegible]ғайды сіңіретін болсақ, камсыз отырмайық. Қала жакка [illegible] жібер, Омбыдан не хабар барын білсін. Ізіне түскен әскер [illegible] шамада келе жатыр, біліп отырайық алдын ала. Сегізді алыс [illegible] аттандырудың да камына кірісе беріңдер. Қосарға алар белді [illegible] іріктеп, сауыт, кару-жарак сайлап қойған жөн. Қалқай ишан [illegible] те жүр екен, соны да біліп қойыңдар. Ол кісі түбі Сыр бойына [illegible]ны сөзсіз. Соған ілесіп кете ме екен Сегіздер, кайтер екен. [illegible] карекетке кіріскен жөн. – деп, өз байлауын паш етті.

Бұ[illegible] тұжырым – Әгілді паналатамыз, камкор боламыз деген сөз. [illegible]ай мен Жанат көз астымен карасып әнтек кана жымиысып [illegible]. Жанат төрдегілерге назар кыдыртып өтіп:

Макұл, ағасы, камға кірісіп те жатырмыз. Нәупілге хабар кетті, [illegible] жакты сол кежеуілдер. Қалкай ишан Шыңғыс ауылында жатыр [illegible] ұзын құлак. Ол жактан хабар білуге де кісі кетті. Жетек аттардың [illegible] буып жаратып жүр жігіттер. Ертең тергеуші урядник ия әскер [illegible], не сөйлейтінімізді келісіп те койдык. – деп жауаптасты.

Қолтығындағы жастыкты умаждап қойып, түзеліп отырған Сексен [illegible] салмак жиып колын жайды да:

Ал осыған баталасайык, ағайын. Қашкын жігітті туғанымыздай [illegible] паналатайык әуелім. Қуғын жетіп тергеу жүргізсе, ауыл-[illegible]мактың сөзі бір жерден шыксын. Көрдім деген көп сөз, көрмедім [illegible] бір-ак сөз. – Сегіз елге келген емес, кайда кеткенінен еш [illegible]реті міз жок – дегенді ұстану керек. -Үкіметке кылмысты болса, [illegible] алсын да үйтіп жей берсін – деп жауап кайырармыз. [illegible]ліінынның ұстанар сөзі осы болсын. – деп бет сипады.

Алка котан жайғасқан ағайын, ішінде Әдебия да бар, осы кимылды [illegible]кендей-ак жамыраса: – Әумин! – деп, жаппай өң сипасты.

3

Көрпештің алты канат боз үйі кісіге лык толы. Как төрде Нияз бен Әгілді, бұлардан төменірек Сегіз жайғасқан. Баһрамның кіндіген өрбіген [illegible]дардан Нәупіл ғана жок, өзгесінің төрт көзі түгел. Нәупіл ат үстінен [illegible]спей кала бетте кугыншыларды аңдып жүр. Өзі бұл жиынға катыса [illegible]маса да ак борыктай косағы Асыл мен құбакан ұлы Кебек конак [illegible]тусуде. Әгілдің тізесін ала Сүйін жамбастап жатыр. Қолтығында кус

жастық, назары домбыра шертіп отырған Ниязда. Сүйіннің өңі де бітім де де шешесіне ұқсас, жұқалау келген. Далаға шыға қоймай көбінесе үй ішінде ісмерлікпен айналысқан соң, кескіні бозғылт.

Қолы дамыл таппаған ісмер болған соң ба, сөзге үйір емес. Ол сөйлегеннен көрі біреуді сөйлетіп тыңдап отырғанды ұнатады. Дәл қазір де назары Ниязда болса, құлағы Әгіл құрған сұхбатта. Нияз сол саусағының ұшымен ғана үкілі сал домбыраны балбырата тартып, баяу сөйлетеді. Әгілдің әңгімесін сүйемелдеген тәрізді. Қос ішегінің үнін қатты шығармастан шертіп отыр. Әгілге қайта-қайта сауал қойып сөйлетіп отырған Сүйіннің жамағаты Самал. Сегіздің оң тізесін алаң малдас құрып тізіле жайғасқан Көрпеш, Сейіткерей, Қуаныш қызына құлақ түруде. Жанаттың ұлы Қапар, Көрпештің Сейітжаны мен Құшаны да осында. Бұлар жас буын болып төменірек тізе бүккен.

Көрпештің қосағы Пәрида қымыз сапырып, сары табақтағы тостағандарға құюда. Сейіткерейдің Күлмәшкені мен Қапардың Гүлзирасы келін-кепшік атаулының міндетін атқарып аяқ ұшымен жүр.

Көрпеш бүгін ақсарбас шалып Сегіздерді арнайы мейман қылып отыр. Ту ісектің семіз еті желініп болып, үйдегілер сорпа ішіп енді қымызға ден қоймақ. Ірге түрулі, сырттан айрауық пен майқара жусанның кермектеу лебі жетеді. Халайықтың назары Әгілде. Бұл бозбала мұнша көз қадалғаннан қарадай қысылып қызарандап отыр. Үндемейін десе, Самал еркіне жіберер емес. Қайта-қайта сұрақ қойып соны бір тақырыпты қозғай береді. Еркін де ашық мінезіне бағып, Көрпештей қайын ағасынан именбестен, тісін ақсита күлімдеп қадала түседі.

- Қап тауы алыс дейсің, сонда қаншалықты алыс? Біздің Жыланды, Имантау, Айыртаулар бірер күндік жер, мысалы. Ал енді Қап тауы дегенді естіген емен. – Перінің жын-ойнағы Қап тауында- деген бір сөз бар еді, сол тау болмаси кетсін. – деп қараторы өңі күреңдене балбырап, ақ-қарасы айқын аялы көздері қызыға қарайды.

Сегізден жәрдем дәметкендей жаутаңдай көз тастаған Әгіл, амалсыз жауап қайырады:

– Қалай айтсам екен? Біздің тобымызды жаяу-жалпы айдап келді ғой Омбыға. Жолшыбай бірер мәрте қаматып өзге тұтқындармен толықтырған. Жобасы төрт-бес ай жүрдік пе дедім жеткенше. Қазақ жерінің ұшы-қиырсыз кеңдігіне сонда көзім жеткен. Қап тауынан Еділге жеткенше мидай даланы кешесің. Еділ дегеніміз Ертістен де кең аса арналы өзен. Еділден Жайыққа жеткенше қаншама алыс жер. Жерінің құнарлығы әлемет. Жайық аңғарындағы өлең шөп шөгіп жатқан түйені жасырғандай. Ақ Жайық Орал тауына дейін созыла ағады екен. Орал тауы дегеніміз Қап тауы сияқты тым алып тау. Не керек, құдайдың дүниясы кең екен-ау. Көруге көз керек, жеңеше. деп, бұл да жымиып қойды.

[illegible] ойнап көптен көрмеген бозбас, дастархан қамымен жүрген [illegible] терден қарадай қысылып та отыр.

[illegible] ноғайды мына Қазан қаласының маңында ғана қоныстана ма [illegible] Қап тауында да бар ма екен? Тілі қазақтыкінен [illegible] – Әгілдің қызарақтай беретінін қызық көрген Самал, [illegible] қалдырар емес.

[illegible] татарынан Қап тауындағы ноғайдың тілі қазаққа жақын ба [illegible] Мен міне еркін сөйлеп отырғам жоқ па? Біздің ел домбыра да [illegible] Киім киісіміз ұқсас болса, жырларымыз да ортақ. Түнеу күні [illegible] бі жөнінде бір қисса айтып еді, дәл сол қиссаны өз елімде [illegible] Қырымның қырық батырын да жырлайды біздің [illegible] – деп, Әгіл білгенін дәттеді.

[illegible] дан бері ден қоя тыңдап отырған Сейіткерей осы сәтте [illegible] жерінде қопаңдап жөткірінді де, Самалға тіл қатуға мұрша [illegible] кіп кетті.

Жеңеше, сәл сабыр етші тызақтай бермей. – деп, дағдылы [illegible] басып Самалға көз тастап қойды да, Көрпешке еңсе бұрды. – [illegible] қалай түсіндірер едің, молда-еке? Кітапқа көп үңіліп көз майын [illegible] ының бірі емеспісің. Не дер едің мына мейманның айтқанына?

[illegible] ағы бір көз көріп құлақ естімеген Қап тауында біздің бауыр [illegible] ытып адасып жүр? Шынында да тілі де түрі де бізден айнысайшы [illegible] Әгілдің. – деп, көлденеңнен сауал тастады.

[illegible] ідің қасында жайбарақат қана отырған Көрпеш тосын сұраққа [illegible] ынып қалды. Бала оқытпаса да ауыл-аймақ бұны – молдеке, сопы- [illegible] деп сыйлайтын. Себебі шариғат жағына бұдан жүйрік жан жоқ [illegible] де. Бос сөзді ұнатпай кітапқа үңілетіндігі, дүния тәрки мінезі [illegible] ымен-ақ сопылыққа келеді. Бірақ өз басы өзін молда да, сопы да [illegible] ілген емес. – Сопы жолы оңай жол емес-ау мүлде. Оған ердің ері [illegible] ышыдар. – деп, кішіпейілдігіне басады.

[illegible] де киіп таспиық тартпаса да Көрпештің жүріс-тұрысы, мінез- [illegible] ы сопылыққа бейім. Қақ-соқпен ісі жоқ, ел арасының пыш- [illegible] ышына да құлықсыз, кітабын парақтап ия болмаса әлденені қағазға [illegible] ріп отырғаны. – Не жаза бересің осы? Хадистерді көшіремісің [illegible] ше? – деген ағайынға, - жәй әншейін, көңілге түйгендерім ғой. – деп [illegible] арыла қоймайды.

Айтысқа түспегенімен ақындығы да жоқ емес. Баз-базда сол [illegible] ендерін жора-жолдас, бастастарына оқып та береді. Көбінесе [illegible] ұрбы-құрдасқа арнап әзіл өлең шығарады, кейде пәлсапалық [illegible] ақырыптарға бой ұратыны да бар.

- Жырларың дәмді, айтысқа қатынассаңшы. Тіпті болмаса жазба [illegible] ытысқа кіріс. Хаттарыңды өзіміз жеткіземіз. Шарғы жағына келгенде [illegible] бой бермессің. Шариғат тақырыбын қос айтысқа. – деп, құрдастары [illegible] ем беріп те қояды.

Онысына езу тартады Көрпеш. – Айтыс дегеніміз егес қой. Егесу жоқпын, ағайын. Егесте бір-бірінің мінін казады кісі деген. Ия болмаса өз елін мактап, карсыластың елін даттайды. Ондайда ішіп ашшылар бел алып кетпек. Ал енді акикат, шындық дегеніміз ұтыкты үәжге, шешен тілге зәру емес. Акикат дегеніміз даңғаза мен дабырайтуды кажет етпейді. Ештеңеге де, ешкімге де кіріптар емес шындық деген ұғым. Өз алдына бар дүние ғой. Мен сол акикатты ол әлімше суреттеп бағам да. – деп, түсіндірер еді.

Бұның да сакалы Бауыржандыкіндей екі жағын камти біткен. Бірак кылтанағы бұйра болса да селдірлеу. Сакал-мұрты сұйыктау болса да құба өңіне жарасып тұр. Кейіп-кескіні шешесіне тарткан ажарлы. Көздері кішірек келсе де, есті карасымен тәу көрген кісіні салған жерден-ак баурап алады. Окымысты, зиялы жан екені әлпетінен бірден аңғарылғандай. Мінезі де биязы. Үлкен болсын, кіші болсын, мейлі жарлы-жакыбай болсын, жан адамға жекіп көрген емес. Бір кызығы, канша білімді болса да, тәлімсуден аулак кашанда. Қайсы бір өңеш созғыш, шариғат үйретіп елге кокандаған молдалармен сол таластырудан да кашады.

- Білетініңді айтып ұялтып тастамаймысың анау дүмшелерді. деген дос-жарға, - кайтем ызғысып сол шіркіндермен? Бұлар да ол әлінше милләтка білім таратып жүр. Шала-пұла окыса да, түк білмейтін нырайлардан артық кой. – деп түсіндіретін.

Сөйткен Көрпеш Сейіткерейдің сұрағына біраз ойланып барып кана жауап берді. Тыңдар құлак, және өзін кызыктыратын такырып болса, шешіліп сөйлеп те кететін. Сонысына бағып, баяу үнмен сөйлей берді:

- Сәток-ау, сәл-пәл ғана зерденді кинасаң сен де бұл сұрактың жауабын табар едің. Әттең миға салмак салуға бара коймайды пенде деген. Сен де жыр-киссаларды тыңдап өстің ғой. Қазактың тарихы сонда, жігітім. Орманбеттің он сан ноғайы болған бағзы бір заманда. Ноғай ордасы деген алып мемлекет. Алтын орда ыдыраған соң бөлініп шыкса керек. Қалмакпен шекаралас болып, коныска таласып күш те сынаскан. Мына казачилер –нагайка- демей ме жылан бауыр камшыны? Сол көшпелі ел ноғайлыдан енген сөз бұларға. Сол ноғайлы мемлекеті ішкі бак тартыстың кесірінен ыдырайды. Бөлінудің салдарынан бірнеше ұлтка айналады. Бөлініп жаңа ұлт болғандардың бірі казак. Орал тауын мекен еткен башқұрт, Еділ бойындағы татарын да бір кезде ноғайлы атанипты.

Мына Әгілдің халкы болса, Қап тауына дейін аббар көшіп шет конып, түпкі атауын сактап калған ғой. – Ноғай- атанғаны сол себептен... Солай, Сәток. Сен батырлык дастандарды, ғашыктык киссаларды әншейін тыңдай бермей, біраук ой елегінен өткізсеңші.

[illegible] салып зерде қинасаң, тарихтан талай-талай мәлімет аларсың. [illegible] майда жымиып кеңесін сарықты.

Кітаптың бетін ғұмыры ашпайтын, құран оқи бастаса-ақ қалғып [illegible] Сейіткерейді осылай шымшып қана қағытатыны болушы еді. Бұл [illegible] қылатын Сәток жоқ, оқымысты ағасы қалай қыжыртса да [illegible] береді. Сыпайы Көрпеш әзілдің шегін біледі ғой, майда тілмен [illegible] қана өтіп, оның өзін жуып-шайып отырғаны. Сондық ағасының [illegible] сөзін ауырламақ түгілі, сағынып та жүреді Сәток. Өзінің ұр да [illegible], дөкір мінезін мойындап, мін деп білуші еді. Мінесе де сүтпен [illegible] мінезге не қайран қыла қойсын. Сол себепті Көрпештің жекуін [illegible] жүреді кей кезде. Ағасымен сұхбаттасып, кеңесін естігені, [illegible] арылып шыққанмен бір есеп деп білуші еді. Бадырайтып атын [illegible] күні жоқ. Нәупіл мен Сүйін – Қақа- деп сыйласа, бұл үнемі – [illegible]ке, пірадар, ағатай- деп жүргені. Қазір де келелі кеңеске тартқысы [illegible]. Сегіздің жайын сылтаурата және бір сауал көлденеңдетті.

Пірадар-еке, мына Сегіздердің жайын ойлап ұйқы-күлкімнің [illegible]ланы. Үлкендер жағы Қалқай ишанға еріп Сыр бойына ассын [illegible] Ағайынның бір парасы түпкі нағашыларын іздеп кіші жүз [illegible]ға жетсін дейді екен. Дұрыс ақыл ғой, жанашырдың сөзі. [illegible] де өзің дәмі-тұзын татқан, дәріс алған Бұқараға жер жетсін бе? [illegible] мұсылманның алтын діңгегі іспеттес қой Түркістан мен Бұқара. [illegible] жағында Тәшкен мен Самарқан тиіп тұр. Талай әулие мен [illegible]лайықтар шыққан қасиетті өлке. Діннің тазасы да сонда, [illegible]ттың жайлысы да сонда деп есітеміз. Қыс болмайтын жер [illegible]ді ол жақ. Көк мұз, үскірік аязды білмейтін нағыз жер жаннаты. Моңке молдамыз ауызының суы құрып мақтайды әйтеуір. Көрмесек [illegible] көріп келгендей боламыз тыңдаған сайын. Біздің балалар таласып [illegible]тін өрік, мейіз, ол жақта ырғын болып өсіп жататын көрінеді. [illegible]уілгі бүлдірген мен шиедей.

Дінге де берік деседі ол жақтағы ел. Өзбек ағайынның әйелдері [illegible]мыры бетін көрсетпейді екен. Шадыра мен пәрәнжі тұтып жүргендері. [illegible] үйлері де бөлек көрінеді. Әйел затының тұрағы харамхана деп [illegible]лып, бөтен еркек атаулы бас сұқпайды екен ол бөлмелерге. Ұрғашы [illegible]кеннің үні де шықпайды. Тіпті келген мейманды да еркек кіндіктілер [illegible]тін көрінеді. Қай жиын болсын төмен етектіні ырымға да көрмейсің. [illegible]да-жалда көшеге шыға қалса басына бітеу қаптай пәрәнжіні киіп, [illegible]шесіне дейін шұбалған шапанын жамылып, тас қамалдай бекініп [illegible]ргендері. Міне үлгі, міне нағыз мұсылмандық! –

осы тұста бір кідірген Сейіткерей жорта маңызсып, келін-кепшік жағына көз тастап қойды.

- Біздің қыздар болса бозбаламен тайталасып домбыра ұстап, ән [illegible]ыркайды той-жиында. Қайымдаса кетсе жігіттерді әзілмен түйреп

састыратынын қайтерсің. Бетті жабу деген қайда-а! Жаппақ түгіл ойын-сауықта былш-былш сүйгізеді-ау беттерінен. Мыршым-мыршым ойнағанда ауыздан сакина алысып еріндерін жібітетінін қайтерсің. Ал енді қыз кууда аты ағынды болса бозбаланы камшымен шыкпырта сабап та алады зәнталактар! Тіпті кей осал жігітті аттан аударып та кеткенін көз көрген. Бұ не сұмдық? Төмен етектіге лайық сынық мінез қайда? Мұсылман катыны дегеніміз тұйық, ұяң болмас па. Сол жаққа барып паналаса нетті Сегіз? Діннің тазасын көріп келсін. Арканың арты казағына насихат жүргізер ме екен, қайтып елге келгесін. -

деген сөзбен ұзакка кеткен кеңесін тұжырып, Сегізге көз төңкеріп өтті.

Бұның қызына сөйлегеніне халайык күлімдесіп, козғалактап қойды. Келіндер жағының кейі мырс етсе, бүйрек бет қара торы Күлмәшкен теріс карап бетін үзіп-үзіп алды. Қашанда орнықты, жер козғалса да тебіренбейтін мол денелі Асыл сәл жымиды да қойды. Өжет те өткір Самал – пішту! – дегендей жақтырмаған кейіппен үнсіз ғана ернін шығарып, Асылға карай калып кулана көз қысып қойды.

Көрпеш болса дағдысынша ілез жауаптаса коймады. Сөзге мағына бергіш, ойланып барып пікір айтатын кісі бұл сапар да асыккан жок. Сейіткерейге көзін көме ойға калды да, халайыктың абыр-сабыры басылып, айташағын әбден сайлап алған соң ғана тіл катты.

- Сен өзің молда сиякты сөйлеп кеттің ғой, жігітім. Кеңінен камтып ұзакка сілтегеніне болайын! Тәлімсіген бір кыркылжың такуа болармысың. Олай болса өз басыңнан бастасаншы әуелім. Не намазға жығылған емес, не ораза ұстаған күнің жок. Одан калды тым құрығанда – құлкуалланы- да әлі күнге жаттай алмай жүрсің. Осындай да кісі дін тазасын іздейді екен-ау. Айды аспаннан бір-ак шығардың ғой, сөзуарым. Өзі жығылып жатып, сүрінгенге күлгеннің кебі де. – деп жұртты бір күлдіріп алды да, аз бөгеліп барып салмакты нысайға міне кеңесін өрбіте берді.

- Әркімге өз жері Мысыр шаһарындай ғой, байыпка салсак. Туып-өскен жерге не жетсін, шіркін! Мөнке моллекеміз Бұкараны мактамағанда қайтсын. Бабалары өнген топырак кой. Кіндік каны тамған жер. Біздің елде мал малданып жан жанданса да, бүйрегі бұрмай тұрмас. Әлі күнге Арканың какаған кысына бойы үйрене алмай келеді. Күнгей жактың жайма-шуағын аңсайды пірадарымыз. – деп төбесіндегі топысын козғап койып, төрдегі мейман бозбастарға ойлы жүзбен назар қыдыртты.

- Десек те, Аркада туып-өскен кісі күнгей жактың ыстығын ұната коюы неғайбыл. Өз басым капырык ыстыкка бойымды үйрете алмастан, о жактан кеткенше асыктым. Аспан жерге айналып түскендей-ак шыжып кететінін қайтерсің. Күн аркан бойы көтерілсе

[illegible] шыға алмайсың. Екіндіде ғана қызуы қайта бастайды. Оған [illegible] ымнан шыға алмай көк шайды сораптап отырғаның. [illegible] ымнан күн өте ауызымды бақадай ашып, терім сүмектей [illegible] ым-ай сонда. Құдай енді көрсетпесін сонша шыжыған күнді.

[illegible] салса шыңылтыр аяздың өзі артық. Сеңсең тонды қабаттап [illegible], мұртыңды балта шаппас. Ызғардан тон мен тымақ киіп [illegible] рсың, ал енді аптаптан құтылу жоқ. Жаныңды коярға жер [illegible]-ау, күннің көзі шақшиып тұрып алса. –

[illegible] сонау бір жастық шақты елестеткендей көзін [illegible] ұмшықырап, басын шайқай берді. Сәл бөгеліп барып Сейіткерейге [illegible] ірі тоқырата, кеңесін өрбіте берді.

Әйел затын катты ұстаған мақұл дедің бе, Сәток-еке? [illegible] брамға көз сүзбеген дұрыс-ау әрине. Әйтсе де, шеттен шыккан [illegible] ыктың пайдасынан залалы басым ба дедім. Біздің милләттың [illegible] ағы бетін жаппастан жүргені дұрыс, маған десе. Алты-бакан [illegible], қыз-бозбала аралас-құралас ойын-сауык құрғаны да әбден [illegible] Күнделікті тұрмыста да арка-жарка араласып жүреді ер мен [illegible] етектілер. Одан ерлердің кадірі арта түспесе кеміген жок. [illegible] ны атаулы еркек кіндіктінің алдынан кия өтпейді.

Ал енді сарттардың бір жексұрын әдеті бар, ол жағына келсек. [illegible] ркектері ғұмыр баки бөтен әйел затын көрмей, араласпай өтеді. Себебі, [illegible] ны біткен өз үйінде камаулы. Тыска шыкса бетін тас кылып [illegible] мпалайды, өзің айткандай. Сондык, нәпсіге ерген еркектер жеткіншек [illegible] ларды әйелдерше киіндіріп, шаш тағып, көздерін сүрмелете билетіп [illegible] ды. Сакал-мұрты шыкпаған жасөспірімдерді – бейсакал- деп атап, [illegible] рлайды сөйтіп. Еркекпен әйелше катынас кылған сұмдыкты сонда [illegible] тідік. Бұл кылыктарын - бәтшабаз ойнау- деп құмарларын басады [illegible] ріктер. -Бәтша- деп ер баланы айтады парсылар. Әйелдер жағы болса [illegible] рісінше, топтасып бір ірі сүйекті катынды еркек кылып киіндіреді де, [illegible] дерінше мауык басып кылмыңдай ойнайды. Шер таркаткан түрлері осы. Бұл сауыктарын – Сәтенмен ойнау- дейді екен.

Осы жиренішті әдет ненің салдары дейсің ғой. Төмен етектіні – [illegible] мәһрам- деп кемітіп, сырт көзге безген болады да, ішінен құмарлығын баса алмай әуре. Анау сорлы «бәтшалары» не күй кешеді десеңші. Еркек кіндікті емес пе? Ондайға жок-жітіктің балаларын зорлап көндіреді тіс каккан кулар. Көнбесе ұрып-соғады, тіпті өлтіріп тастауы да ғажап емес. Бишара балалар калған ғұмырында кор болып өтетінін керек кылсын ба сұмпайылар. Жәбір көрген жеткіншектер рухани зағип болып күн кешетінін кайтерсің. Мауыккан мысыктай нәпсі сайтанына ерген ересек еркектер болса, ылыккан иттен айырмасы кайсы? Сондык, әсіре діндарлыктан пайда таппадым, ағайын. Одан да өзіміздің – Құранға колың жетпесе, нанды басуға рұксат жок. Ал енді нанға колың жетпесе, құранды баса бер. – деген кағида дұрыс па дедім.

О дүниенің барына илана қойған қазекеңді көре алмай жүрмін, шынымды айтсам. Онысына – Өлі арыстаннан тірі тышқан артық. Мың күн ұжмақтан бір күн тіршілік. – деген мәтелдеріміз дәлел. Бұл да халықтың даналығы шығар. Сондық, мына Сегіздерді сонау Бұхара мен Қоқан жаққа жібермес едім, маған салса. Мына Сыр бойының ел орысқа деген бодандықтан аман болса керек, құдайға шүкір. Қоқанның бектеріне зекет төлегені болмаса, пәлен кіріптар емес деп есіткем. Сол елге сіңіп бой тасалай тұрады да сөз басылғанша.

Естуімше Кенесары төре орысты қатты алаңдатса керек. Омбы мен Орынбордан қанша әскер шықса да беріспей жүр қасқаң. Ұлықтар бар күшін сол көтеріліске жұмсап әлек. Менімше сөйткен алмағайып кезеңде Әгілді көп іздей де қоймас. Тек бастапқыда сақ болып бой көрсетпесе болғаны да. Бірер айдан соң ұмыт та болар бұл қашқын.

– Кененің тобына қосылып құрдымға кетті. - деп қолды бір-ақ сілтер әлі-ақ. Көр де тұр, көп іздемейді ұлық. Көтеріліс етек жайып, жаппай халықтық сипат алып кете ме деп, өз бастарымен әлек. – деп, кеңесін тұжырды.

Сөйлеп болған Көрпеш зерен толы қымызды бірер ұрттап, маңдайында білінген ұсақ маржан терін қол орамалмен құрғата, жастықты қолтықтай жантая кетті. – Осымен сөз тәмәм дегендей-ақ, көзін де жұмыңқырады.

Алайда ағайын алқасы дәмді кеңесті жалғастырмақ сияқты. Бар сөзді ден қоя тыңдап отырған Сүйін, алдындағы қымыздан да татпастан, сұхбатқа киліге кетті. Көрпеш қалғып кетпесін деп қаупайлады ма, дауысын қаттырақ шығарып:

- Қака-ау, Кенесары демекші, сол ереуілі немен тынбақ? Қазақ жаппай көтерілмей қалғаны несі осы? Иісі керейді Есеней ұстап қалса, көшебені Табай би басып отыр. Ел неге алауыз? Өз төрелерінен безіп жат ұлттан шыққан ұлықтарға мойынсұнғаны ма? Бар қазақ Кене ханға ерсе бәлкім еңсеріп те кетер ме еді патшаның әскерін, қайтер еді. Ел салғырт демек. Бұ қай мінез сонда? Себебін айтшы, білгенің болса. – деп сауал тастады.

Әншейінде суырылып сөйлей қоймаушы еді, бұл сапар бастырмалата тіл қатты. Көкейінде көптен жүрген мәселе болса керек, бозғылт өңіне қан теуіп, кішірек қаракер көздерін Көрпешке көме берді.

Сейіткерей де қозғалақтап: - Ия, бәсе, осыған не дер едің? Біздің Нәупілдер жасақ жинап төрелерге қосыламыз дегенде Табай мен Байдалы билер тырп еткізді ме. – Есеней ұлықты қолдайды. Сибан бастаса көшебе қарап қалмас. Керей-уақ баласы бір жағадан бас шығарамыз. – деп отырғаны анау. Төрелерді қостамай бұлар неге сынар езулейді? Қазақта ауыз бірлік болмағаны ма? – деп, бұл да Сүйінге қосылды.

[illegible] түнемел басына шауып енді калғиын деген Көрпеш [illegible], жамбастаған калпынан кайта түзеліп отырды. – Әй, болмас! [illegible] үнсіз жымиып койып, Сүйін мен Сейіткерейге алма кезек [illegible] да, сөйлей бастады. Еш іркілместен жауаптасканына [illegible], бұрыннан талай ойланған такырыбы болса керек.

[illegible], ағайын, байыпка салса бұл сауалдың жауабының да құлағы [illegible] түр-ау. – деп Пәрида еселей құйып қойған кымыздан жұтып [illegible], [illegible]іме-дүкеннің тиегін ағыта берді.

Кенесары төренің мұддағасы белгілі ғой. Кешегі атасы [illegible]ның мемлекетін сактап калмак. Ләкин, ол ойы жүзеге асу кайда! [illegible]ның өзі ол арманға жете алған жок. Өзі сүйенген арғындар [illegible] шығып, Көкшетаудағы ордаға ауыр кол келтіргені анау. Атығай - [illegible] колдағанымен бес мейрам лаң шығарған жок па? Акыры [illegible]танға ауып сол жактан ажалын тапты хан иеміз. Қазак баласы [illegible]мактан теперіш көргенде Абылайды төбесіне көтеріп еді, кауіп- [illegible]рден құтылған соң кешегі дана басшысына бағынбай кетті. [illegible]ңаян шакта керек болған көсем, бейбіт заманда кадірсіз болды да [illegible]. Ор рудың шек шығарлары бас көтеріп, бөлек жайыла бастады.

Алауыздык деген ежелгі дерті ғой казактың. Бытырап жүрген [illegible]ды біріктіру үшін Шыңғыс хандай әрі дана, әрі айлалы да катыгез [illegible]сем кажет-ау. Шыңғыс хан казак тұрмак, иісі киіз туырлыкты [illegible]шпенділарді тас түйін кылып біріктіріп еді заманында. Түркі тілдес [illegible]шалар мен торгауыт, оймауытың бір жағадан бас шығарған. Шыңғыс [illegible]нда ру намысынан мемлекет намысы үстем болса керек. Сол [illegible]ектен Шын-машынды да, Хорезм шах пен парсы патшасын да тізе [illegible]ктірген. Шыңғыс пен ұрпактарынан калған алтын орда, көк ордалар [illegible]ратырап барып шілдің боғындай тозған түрі мынау. Хан Кенеге [illegible]ұнырғаны мемлекеттің азып-тозған жұрнағы ғана.

Бұның үстіне ру басылары бүйректен сирак шығарып, әркім [illegible]інше жайылуда. Біздің Есеней сиякты өз тауының текешіктері иісі [illegible]аштың камын жер деймісің. Орыстың ұлығы аркасынан кағып [illegible]шен-шекпен бергенге мәз-мәйрам. – Хорунжий- деген атакка күпсініп жүр өзінше Есеней. Хорунжий дегені казачилер әскерінің төмендеу бір дәрежесі ғана. Күнде мас болып кылжиып жүретін Стаптың казачилері иемденген шен алдым дегенге намыстансайшы кайта! – [illegible] тұста әдетте сабырлы Көрпеш шыдай алмай, дауысын каттырак шығарып, кіжінгенін жасырған жок.

Үйдегілер тым-тырыс. Әрбір керейдің баласы ак патшадан кем көрмейтін Есенейге сын таккан сөзді тіксіне тыңдауда. Тіксінсе де мойындамаска шара жок. Көрпештің айтып отырғаны ашшы шындык екені түйсінеді ағайын. Аз үнсіз калып сабасына түскен Көрпеш болса, кеңесін өрбіте берді.

- Сөйткен Есенейлер әр руда баршылық қой. Өз ханын басынған бұлар орыстың езгісіне түседі біртіндеп. Түбінде өкінеріміз белгілі ғой, әйтсе де амал нешік. Кене ханның болса, бұл соғыста –жеңемін ау- деген еш үміті жоқ па дедім. Не өндірісі дамыған қаласы, не орталыққа бағынған тас түйін мемлекеті болмаған соң, қайтып тұрыстық бермек дұшпанға. Жүректілігі мен айла-тәсілдің арқасында беріспей жүр дағы. Табан тіреп қаншаға шыдары бір аллаға мәлім.

Ұлықтардың әскери күшін көрдік қой сонау шаһарға барғанда. Мылтық пен зеңбірек сынды от қаруы сақадай сай, мұздай қаруланған қосынға ағаш оғын кезеген сарбаздар төтеп бере алсын ба. Боска қырылады да боздақтар. Қара бұқара бұл жәйтты әлдеқашан түйсінген. Қарапайым халық көреген емес пе. Күш-қуат тең емес екенін зерделей білген де. Сол себептен Кенеге қалың ел ере қойған жоқ. Сарбаздарының дені төленгіттер екенін ұзын құлақ жеткізіп жүр. Тұтасымен қопарылып ерген рулар жоқ. Анан-мұннан қосылған тәуекелшіл жігіттер сапынан табылса керек. Әйтеуір сардарының алғырлығы арқасында тіресіп жүр де. – деп сөзін қорытты.

Әлгінде ғана қобалжыған көңілі біратола орныққан сияқты. Дағдылы сабырлы қалпын тауып, білген-түйгенін дәттеуде. Сүрепетінде ақылгөйсудің нышаны да жоқ, әншейін іштегі шер-мұңын жайып салған адам дерсің. Өз көңілі қай тарапты жақтағаны да мәлім емес сияқты. Кенеге ерген жанкешті ағайынды қолдап отырғаны, ия болмаса ереуілге қосылмай тартынып қалған елді құптағаны аңғарылып қойған жоқ. Бұл кепті анықтамақ болған Сейіткерей:

- Пірәдар-ау, сонда қайсынікі мақұл? Орысқа иілмей егесіп өткен төрелердікі жөн бе, әлде аңысын аңдып іркіліп қалған бұқаранікі дұрыс па? Басын ашып айтпадың ғой. Өзің қай тарапты құптаушы едің? – деп, сауалды жалтартпастай қылып төтесінен қойып кеп жіберді.

Көрпеш іркілген жоқ. Жауабын әлдеқашан ой безбенінен өткізіп алған кісіше нық сөйледі.

- Екі жақтікі де теріс демеймін-ау, біле білсең. Кене ханға қайтып жаның ашымас? Кешегі азат мемлекетіміздің ақ туы соның қолында емес пе? Сонау Көкше жерінде, Абылай алаңында желбіреп тұрған еді күні кеше ғана. Енді міне Кене ханның қосынымен ығысып кетіпті дегенді еміс-еміс естіміз. Ертең жалп етіп құласа, Алаштың тәуелсіздігі біратола құрыды дей бер. Дербес мемлекет едік, сол еркіндігіміз көзден бұл-бұл ұшқалы тұр. Орысқа басы бүтін бодан боламыз да қаламыз. Қашан құтыламыз бұл қамыттан? Сонау Қасым хан мен Есім ханның тұсындағы айбынды мемлекетеміз ту көтере ме? Кім білсін. Бір аллаға мәлім.

Үмітсіз шайтан демекші, бүгін жер жиһанды жалмап келе жатқан ақ патша да тозар түптің түбінде. Тозбаса кешегі Ескендір қос мүйізді

[illegible] парсының Кир патшасы қайда кетті? Өзіміздің Шыңғыс [illegible] Ақсақ Темірлер де тозаңға айналды. Бір кездегі дүрілдеп [illegible] мемлекеттерін де жаңадан шыққан аждаһа жұтқалы тұр [illegible] Бұл тарихтың заңы. Сол сияқты орыстың ақ патшасына да [illegible] емес деймісің. Тек біздің милләт аман болсын. Орнында бар [illegible] демекші, дін мен ділді сақтай білейік тек.

[illegible] себепті Кенеге ермеген көпшілікті де сөге алмаймын. Халық [illegible] ының амандығын ойламай ма ең алдымен. Орыстың салмағы [illegible] төрелердің кабілетін салыстырып, қорытынды шығарып та [illegible] әдекашан. Орыспен тіресуе ұлт ретінде жойылып кетер [illegible] қайтып аңғармасын ел. Буынсыз жерге пышақ ұрма демекші, [illegible] дәдекайда басым дұшпанға айла жоқ. Төрелерден безген себебі [illegible] Бетеге кетіп бел қалар, бектер кетіп ел қалар. – деген мәтелді [illegible] әулеумет, сол елдігін сақтап қалмақ.

[illegible] мақсат-мұддағамыз – дінге берік болу. Орыс ұлықтары [illegible] шоқындырмақ әрине, қолынан келсе. Анау Еділ бойының [illegible] шоқына бастапты деп есітем. Сондық дін мен тілге уақып [illegible] ләзім. Кәпірмен араласқан соң, тілін меңгерерміз түптің [illegible]. Мына отырған Сегізіміз орысша хат танып келді ғой әнекей. [illegible] тұрмақ оқуынан да хабары бар. Ендігі талапкер жастардың жолы [illegible] шығар. Жолдасың соқыр болса бір көзіңді жұмып жүр демекші, [illegible] ка кіріптар болған екенбіз, тілін меңгермек керек. Тіл мен хатын [illegible] ған адам ұлыққа жем болмас. Ертең етене араласып кетсе, тіпті [illegible] метіне де кірер. Анау Көшеннің Тұрлыбегі сияқты. Ол да [illegible] міздей керейдің баласы, кәдуілгі қарадомалақ кешегі. Орыстың [illegible] меңгеріп еді, әнекей губернатор кеңсесінен бір-ақ шықты. [illegible] дық, ағайын, ауыл қыдыра бермей, қалалы жердің тіл мен хатын [illegible] ерген жөн. Мынау өзіміздің Нияз бен Сегіз сияқты. – деген [illegible] төрдегі Низаға көз төңкеріп өтті.

Манадан бері домбыра тыңқылдатып отырған Нияз, Көрпеш [illegible] сінің тұсында әдеп сақтап аспабын сандыққа сүйей, ден қоя [illegible] дап отырған. Көрпеш өзін меңзеп жұрттың назарын аударғанда, [illegible] ілтипатпен оң қолын кеудесіне төсей басын иіп қойды. Сүйін [illegible] рпешті қостап:

- Жөн-жөн, Қака! Біздің қазақ өзі баласын орыстың үшкөліне өлсе [illegible] ерер ме? Кедей-кепшіктің жетімдерін жіберіп жатыр құтыла салып. [illegible] рлыбектің аталары кәдуілгі қаланың жатақтары, сіңірі шыққан [illegible] дейтін. Ендігі болса түкірігі жерге түспей тұр. Сегіз де оқып келді [illegible] шекей. Қызыл жар тұрмақ Омбыдан бір-ақ шықты. Өзге ұлдарды [illegible] неге оқытпаска. Ертең заң-низамын үйреніп қоңандаған ұлықтың [illegible] бетін қайтарар тым құрығанда. – деп, өз пікірін қосты.

Қымызды еселей құйып отырған Пәрида: - Қайдам. Оқуды [illegible] көрмейді-ау ел. Әйтсе де іштен шыққан баланы қалың орыстың [illegible] кім жіберсін. Қаны бұзылып жаман әдетке үйір болады деп қорқамы[illegible] да. Ауылға қатынайтын орысты көріп жүрміз ғой. Арағын [illegible] шылымын бұркыраткан сиқы анау. Оң-солын танымаған [illegible] өкпелер қайтып еліктемес қалаға кетсе? Жұрттың бәрі мына Сегі[illegible] дәті берік деймісің. – деп, қайнысын көтере сөйледі.

- Рас-ау, каршадайынан қалаға жалғыз кетті-ау сері жігіт. [illegible] Самал да костай кетті. – Оқуды меңгерсе де өз өнерін ұмыткан емес[illegible] Қайта әнекей ән шығарып, серілігін ұштай білді. Жорғамен жорғаша[illegible] молдамен молдаша демекші, орыстың низамына да жетік, төл өнері[illegible] де арттырып жүр жалықпастан. Міне үлгі біздің бәйтөбеттерге! - деп Сейітжан Құшан, Қапарларға қулана назар қыдыртып өтті.

Жастар жағы бұл қағытпасын ауырламастан көз құйрықтарымен атысып, жымың қақты. Еркін де ашық Самалмен жас буын [illegible] таластыра қоймайтын. Есесіне Сейіткерей қымызға малған мұртының ұшын сорып отырып:

- Е-е, жетістірді Сегізің орыстың оқуын қуып. Тұтқынын алып қашып, дүйім солдатпен атысып, қашып-пысып келген сықпыты мынау. Қамалды бұзып-жарып келген батыр болар ма.

Орысша оқығандардың бәрі осындай жедел қимылға басса, жетісер қаладағы ұлықтар. Медіресе бітіріп молда болар деген сабазымыз, бір өзі пәлен солдатты жаралапты. Үшкөлде оқығандар бүйте берсе оңдырар ақ патшаңды! – деп, өз сөзіне насаттана карқ карқ күліп жіберді.

Келіндер жағы мынандай тік әзілге қызарандап бастарын тұқырып қалды. Өзге халайық та бұл күлкіге қосылмай аңыруда. Сегіздің ой болса еш каперіне де алмастан езу тартып, Сейіткерейге күлім қана карап отыр. Тетелестің мінезіне қанық қой сонау бала жастан. Қитыкты тие сөйлеу ежелгі әдеті екенін де біледі. Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ демекші, осындай сұхбаттарда бүйректен сирақ шығармаса ішкен асы бойға сіңбейтіндей. Әйтсе де мінезі ұрыншақтау болғанымен, өзім деген кісіге қоң етін кесіп беруге бар. Сегіз бен Қуаныштан ағалық камқорлығын да аяған емес. Ілгешекті сөзбен шалуайттаса да, жеме-жемге келгенде ағайын-туған үшін жан беруден де тайынбас. Осыны білетін Сегіз жаңағы қағытпасын елей қойған жоқ.

Есесіне Қуаныш Сейіткерейдің сөзін кекесін көріп шамданып қалды. Манадан бері Бірайда екеуі босаға жақта елеусіз ғана отырған Бірайда ер жетіп бұғанасы бекіген соң-ақ, жылқы бағуға шыққан болатын. Әкесімен бірге қысы-жазы жел өтінде отарда жүретін жігіт. Сегізбен амандаспакка сұранып келген беті. Аз сөзді, ақ пейіл Бірайда төменгі жақта тізе бүгіп, әңгіме-дүкенге құлақ түріп отырған. Ол

[illegible] мен әнге шорқақ болған соң, Нияздың шебер тартысын [illegible] бірер ән тыңдап кетпек еді. Әгілдің жөн-жосығынан [illegible] кіріп, сыбырмен ғана үн қатып Қуаныштан сыр суыртпақтап [illegible] Бірайдаға білгенін дәттеген Қуаныш, Көрпештің саясат [illegible] ұзақ-сонар насихатына құлақ аса қоймап еді. Бозбас [illegible] саясатты талқылап, миды ашытып қайтсын. Атағы жер [illegible] ыстағы төре Кенесары тұрмақ, өз керейінің көсемі Есенейге [illegible] ғаны бар ма. Бозбаланың есі-дерті қыз-қырқын емес пе [illegible]. Отардағы жылқыдан келген Бірайда күрлеуіттің көшін [illegible] Үкілеген жорға мінген кіл бәденді бойжеткендері көп-ақ [illegible] Сол коштің жөнін анықтаумен екеуі күбірлесіп отырған.

[illegible]ттың құлағының шалғаны Сейіткерейдің мысқыл сөзі ғана. [illegible]ттегідей дауысын қаттырақ шығара бастырмалата сөйлеген [illegible]ксіз елең етіп тыңдай қалған. Есіткеннің мағынасы санасына [illegible] соң тұтап кетіп тіл қатты. Әдетте сабырлы бозбас, бұл сапар [illegible] не бола алмай қалғаны. Ішінен: - Сегізді кекеткені несі? [illegible] ма әлде? Туған баурының өнерін, ерлігін күндегендей. Анау [illegible] ұят болды-ау тіпті. – деп кіжінді. Әйтсе де сөзі сыпайы шықты.

[illegible]ток-ау, бұ күлкің орынсыздау шықты білем. Орыстың езгісінен [illegible] мұсылман баласын құтқарған Сегізді әжуа қылар ма байсалды [illegible] Ата болып ағалығыңды танытқаның сол ма? Қаламен етене [illegible] жігіттеріміз сол қаланың абақтысына лаң салса, азабына [illegible]ті де. Құрсауын бұзып, кісенің үзіп шықса зорлығына төтеп [illegible] шығар. Қазақтың еркіндігін сағынғаны да айып болып па? – [illegible] ұәжін көлденеңдетті.

Ибрамның кенжесі болған соң, Қуаныштың мінезі мейілінше еркін [illegible] Сейіткерейдің баз-базда нойыстығы белең бергенімен, Қуанышқа [illegible] коймайтын. Жекіре қалғанның өзінде Самал, Пәрида сынды [illegible]лері өре түрегеліп кенже ұлға шаң жұқтырмайды. Қақ-сокпен ісі [illegible], сөзге сараң Сүйіннің өзі Қуанышқа болыса кеткіш.

Бұл сапар болса Көрпештің өзі ара түсті. Сейіткерей Қуанышқа [illegible]ғая қарап, өңіне ызбар жия әлдене айтпаққа оқтала беріп еді, [illegible]ның қалтасынан енді шығара берген Көрпеш, оң қолын көтере - [illegible]лар! – дегендей ишара жасап:

Ырыссыздың тайы түзде тебіседі деуші еді. Ауылда отырып-ақ [illegible]ыссаң, жыраққа шықсаң не боласың мына түріңмен? Ашу дұшпан, [illegible] дос демекші, өсер елдің баласы бір-бірінің сөзін тосар болар. Баурыңның еркелігін көтермесең ағалығың қайсы, Сәток? – деп, [illegible]ан сүйекті таспықты бір тарқатып қойып, інісіне сұраулы жүзбен [illegible]рай қалды.

Сүрепеті сабырлы, лебізі биязы. Тәлімсіген молда емес, жанашыр [illegible]кеннің кейіпі бар. Асылы, Көрпеш ақылгөйсіп сөйлей қоймаушы

еді. Әйтсе де, дәл казіргідей бәсең ғана үнмен айткан ескертулерінің өзі салмакты келетін. Күбір-сыбыр басылуын күтіп сәл бөгелді де сөзін тарата түсті.

- Әркімнің өз таңдауы, бағыт-бағдары бар емес пе? Қазақ баласы бас сұқпаған әскери оқуды бітірген Шыңғыс төре, дардай шен алып Құсмұрынған аға сұлтан болған екен. Қазактың шокынған ұлдары анау Байғұл ұлы Андрей, Әлғазы ұлы Матвей сияктылар өз тегінен безіп казачи атанып та кетті. Көшеннің Тұрлыбегі орысша оқып кеңес жағалап жүр. Заманына карай туған ұлдардың таңдаған жолдары осы болған соң, не айып тағарсың? Бас камын жейді де пенде деген.

Хан Кене болса азаттық жолында шайкасып жүр. Ұлыкка жағынамын десе, патша бұны жарылкамас деймісің. Кем койғанда бір өңірге аға-сұлтан кылар еді. Әйтсе де майлы жілікке сатылмай, жорык жолын таңдапты ер Кенекем. Түптің түбінде жеңілерін білмейді деймісің. Білгенде кандай. Білсе де канын торсыкка құйып алып карысып өтпек. Не дерсін бұл таңдауына? Еш сөге алмайсың. Мысалы, бөріні канша асырасаң да, төбет болмайды ғой. Сол сиякты, бас иіп бодан болғанша, еркін жүріп иен далада ажал құшпакты макұл деп біліпті ер төре.

Біздің Сегіз де өз жолын таңдапты. Бұл да ұлыкка кызмет істесе, болашағы даңғыл болар ма еді, кайтер еді. Әскери ұлыктар: - Біздің косынға еріп тілмаш кызметін атқар. Жолдағы казакка үгіт-насихат жүргіз. Қалың ел патша билігін мойындасын, Кенеге ермесін деп көндір. Қызметің жағып еңбегің сіңсе, жарылкаймыз. – деп, оң шырай таныткан екен.

Ләкин, бауырымыз бұл май шелпекке кызыкпапты. Тілмаштың окуын меңгерсе де патша кызметінен кашкан екен. Серілік жолын ұстанған жігіт шен-шекпенге пыскырсын ба. Мына отырған Әгілді кұткарғаны – ұлыктармен ат құйрығын кесісті деген сөз. Еркіндік жолын таңдап өнер туын көтермекке бел байлапты бауырымыз. Найза гулетіп патша әскерімен соғыспаса да, бодандык камытын киюге жок. Таңдауы осы екен. Қайтып сөгейін бұл кадамын? Сөкпек түгіл тілеуін тілеп отырамын да. Сал мен сері дегеніміз патшаға да байманапка да тәуелді емес. Қазактың еркін дәуірінің бір нышаны ғой бұлар. Ел еркесі боп атанғаны да содан. Сондык, жортканда жолдарың болсын, жас талап өнерпаздарым, әумин! – деп салмакты нысайға міне, саусактарына таспик ілген калпы алакан жайып кос колымен өңін сипады.

Үй толы жан да бір деммен: - Әумин! – деп, өңдерін сипасып жатыр.

Дәл осы сәтті күткендей-ак есік ашылып ішке Жанат кіре берді. Басында жеңіл бөрік, иінінде желбегей жамылған түйе-жүн шекпен. Жамырай есендесіп, төрден орын босата берген ағайынға күлімдей карап:

[illegible] берінділер! Мен осы жерден ғана тізе бүгіп кетемін. Бір-ақ [illegible] ғана бар. – деп атып тұрған Бірайда мен Қуанышты [illegible] басып қайта отырғызды да, өзі сол екеуінің арасына [illegible] қайғасты.

[illegible] шеренмен ұсына берген бірінді қымыздан бірер ұрттап, ақ [illegible] орамалмен ернін сүртті де, өзіне қарай қалған көпшілікке назар [illegible] Гаспиғын салалы саусақтарымен тере өзінен сөз күткен [illegible] назарын тоқыраткан соң, әкелген сөзін бастай берді:

[illegible] былай, ағайын. Нәупілден хабар келді әлгінде. Бір шоғыр [illegible] келе жаткан көрінеді. Жолай сұрастырғандары Сегіз. [illegible] тінтіп келе жатса керек. Бұл қаркынмен үш-төрт күнде [illegible] қалар. – дей келіп, Сегіз бен Ниязға назар жүгіртіп өтті.

[illegible]ерге бұл жаңалық пәлендей әсер етпеген сиякты; бір-біріне [illegible] қарасып, міз бақпастан отыр. Әгіл сыр бермеуге тырысса да [illegible] сол қусырылып өңінен қан қашайын деді. Жанаттың жіті көзі [illegible] ұқылысты аңғара қалған сиякты. Мейман жігіттің көңілін [illegible] тырмақ ниетпен жеделдете сөйлей берді.

[illegible]кендер жағы әрі ойлап, бері ойлап Әгілді карауыл жакка, [illegible] жасырмакка келісті. Көкше жерінің тау-тасы да, орман-тоғайы [illegible] ғарышылық кой. Қуғын келе жатса паналауға колайлы дегендей. [illegible]ің балды бұлақ, балкынды көлін көрерсің, дәм тартса. Ол жакка [illegible] апарып тапсырып келеді сені, Әгіл. Ол жігітіміз ертең келіп [illegible]істі. Сөз басылғанша, кауіп сейілгенше касында бола тұрады да. [illegible] ұмтылдама, ұлыка бермейміз, өз еліміздің бір перзенті болып жүре [illegible]. Қарға тамырлы казак емеспіз бе, кол ұшын берер туысқандар [illegible]лық, құдайға шүкір. – деп салмакты кейіппен, сендіре сөйледі.

[illegible] қызыраң тарткан Әгіл көзін жыпыктатып: - Рахмет, ағатай. [illegible] тамак болмаспын, мен де шаруаға жарармын.- деп лебізі [illegible]ақшактана шығып, толки сөйледі.

[illegible]ат болса Сегізге көз тастап: - Ал енді, бауырым, Нияз екеуің [illegible]мұрын жакка жөн түзерсің. Қалкай ишан сол төңіректегі Әулие [illegible] конактап жаткан көрінеді. Ауылдан тура тартпай Қызылжар [illegible] соға жүрерсің. Қала маңындағы ауылдарды сүзіп өтіп, жұртка [illegible] ойкас беруге тура келер. Қуғыншылар құлактанып ізіне түсе [illegible]. Әгілдің бағытынан әкетсең болғаны да.

Құсмұрынға тура түсу кауіп болар. Аманкарағай округін басқарып [illegible] Шыңғыс төре ғой. Білдей бір болкендік. Патшаның ұлығына [illegible] бар ма. Қалкайды паналатса да сен екеуінді ұстап бермесін. [illegible]ық, ишанмен астыртын хабарласарсың есебін тауып. Ол кісі Сыр [illegible] Бағаналыға жүріп кетпек көрінеді көп айналмай. Құсмұрын [illegible] ишанның ата конысы ғой. Көлі де сол себепті -Әулие- деп атанып [illegible]кен. Ата конысына, бабалар рухына зиярат ете келіпті машайыктың

ізбасары. Ел тамырын басып, сәті түссе ғазауатқа үндеу салмақ ойы ш болыпты мыс. Есенейге ерген керей-уақтан қайран болмаған соң, кеш ізімен кейін серпілмек сияқты. Шыңғыс төре ұлықтың сойылы сокканымен, пірәдарды сыйлап күтеді екен. Киесінен қаупайлағаны ма кім білсін, әйтеуір құшақ жайып қарсы алыпты.

Әйтсе де сақтықта қорлық жоқ демекші, Шыңғысқа көрінбей-ақ астыртын хабарласқан мақұл болар. Төре тастан қатты демекші, бұ ақсүйекке сенім жоқ әсте. Солдатпен соғысқан қарақшыны байлап-мата берсе, ұлық алдында таудай абырой емес пе. Шеніне шен қосылар Сондық, Қалқаймен жеңұшынан жалғасқан жөн.- деп сөзін сарықты.

Әгілге қарата сөйлегенде, үні мейілінше жұмсақ естілсе, Сегіз анық бұйыра тіл қатты. – Бұл кесікті сөзім- дегендей-ақ. Сегіз жауап орнына оң қолын кеудесіне төсеп бас изесе, Нияз шыдай алмай:

- Құзырыңызға құлдық, ағасы! Жолай біздің елге соғып, әкеймен қош айтысып кетермін, олай болса. Жайлауымыз Есілдің саласында Із тастап сол жақты бір сүзіп өтерміз. – деп, қуана тіл қатты.

Айтуы мұң екен, Жанаттың қасында отырған Қуаныш: - Мен де аттанамын бірге! Әскер қуып жетсе армансыз бір атысайын. Ағамды соқа басы жібергенім бе? Әгіл де өз елінде ағаларына еріп, солдатпен соғысқан көрінеді ғой. – деп саңқ ете дауыстап, отырған жерінен атып тұрды.

Бұнысы әншейін мезіреті емес, шын ниеті екенін кең ашыла ұшқындаған жанары айғақтап тұрғандай. Қырқын көгілдір бозбастың қызбалығына сүйсінген Жанат:

- Ойдойт деген, мынаң қара жаланаш батырымызды! – деп ез тартып, - сап-сап, көкесі, сөзге қонақ бер, әуелім. Отыршы өзің былай, ұшқалақтанбай. Жігіт деген салмақты болар. – деп Қуанышты етегінен тартып, қасына отырғызды.

- Сен Баһрам ағамыздың сүт кенжесісің, әуелім. Жолың ерекше, демек. Қара шаңырақтың иесі, сенің амандығың баршамызға пары Сегіз тұрмақ, еркек кіндікті бар ағайын жауға аттанса да, сені алып қалармыз. Жамал жеңгемнің көпей ұлын оқ астына жіберсек, біздің наркымыз соқыр тиын емей немене.- деп кенеттен көңілі босай елжірей қалды да, Қуанышты иығынан құшақтап орайынан құшырлана иіскеді.

Бұл оқыс қылығына Қуаныш қарадай қысылып та қалды. Іштей өз басын дыңдай жігіт деп жүрсе, Жанаттың мына еміренуі мұны мүлде бала қылып жіберген сияқты. – Қап, анау Әгіл мен Нияздан ұят болды-ау тіпті! – деген оймен ду еткен беттерін жасыра еңсесін тұқырта берді. Алайда үлкендер жағы Жанаттың елжірегенін түсініп мақұлдаған сыңайда. Нияз басын изей беріп:

- Әбден жөн, ағасы. Қылқан кескендей інішекті жау бетке жұмсасақ кім болғанымыз? - Бұл керейдің атпал азаматы құрып

[illegible] - деп дос күлкі, дұшпан таба қылар. – деген сөзбен [illegible] күліп қойса, Асыл мен Пәридалар босап, күндіктің [illegible] көз жастарын сығып алысты.

[illegible] камшының сабына сүйене көтеріле беріп: - Ал, ағайын, сөз [illegible] Ал[illegible]тонды сайлап, аттанатын бол. Әгіл болса бүгін түнделетіп [illegible] жүріп кетеді. Көлденең көзге көрінбегені абзал. Ал енді [illegible] камыша кірісе беріңдер. – деп тұжырып, Көрпешке көз тастап, - [illegible] саған тапсырдым! – дегендей иек каға, үйден шыға берді.

4

[illegible]лие көлдің қыркасында шағаладай ақ ауылдар. Ауылдардың [illegible] күжынаған халайық. Құрылған алты бакан, жер ошақтардан [illegible] үшкан көк түтін, күрескен балуан, теңге алып шапқан [illegible] жігіттер, той-томалақтың нағыз қызған шағын [illegible]ландай. Той иесі Шыңғыс төренің өзі, тойдың себебі – [illegible] шыккан ат ұстар нәрестенің шілдеханасы.

Ымпкарағай аталатын ну орманның ығындағы Әулие көлдің [illegible] мұрты бұзылмай тұр. Әдетте бұл төңіректі малға бастырмай [illegible]лудан жағалауға ерте көшуші еді төреге карасты ауылдар. [illegible] жыл да мал бағатын караша ауылдарды жөнелтіп, көл [illegible]ніпрегінің сонысына кіл ак үйлерді тіктірген. Салкар желі [illegible]ртырған бір караша ауылды ғана калдырып, оның өзін кашығырак [illegible]ластырған. Тойға арналған мал сол ауылда сойылып, сауын [illegible] сонда байланады.

Мезгіл сәске, күн жайма шуак, майда ғана самал бар. Биылғы [illegible]ның басы жаңбырлы болып, көк дүркірей шыккан. Шыжыған ыстык [illegible] жок, күннің райы көбінесе қоңыр салкын. Шалдар жағы: - Жаз қоңыр [illegible]лкын болар тәрізі бар. Мал тойынатын нағыз шыбынсыз жаз болар, [illegible] сәтін салса. – деп, алдын ала болжал да жасап қойған.

Осы тойлы ауылға бағдар түзеп Сегіз бен Нияз сау аяндатып келе [illegible]лыр. Жетектерінде бір-бір косар ат, такымдарында өз сәйгүліктері. [illegible]гіз бозшұбарды мініп маңғыл каска күреңді жетекке алса, ак бакай [illegible]рышы такымына баскан Нияздың жетегінде Қуаныштың күрең [illegible]бөлі. Бұны дәл аттанарда Қуаныш өз колымен шылбырын ұсынып:

- Такымыма баскан бәсіре күлігім еді, тіл ұғатын жануар. Басы [illegible]гін ал, Нияз. Тартуым деп біл, өлсе-жітсе сұрауы жок. Жетектегі [illegible]ының колауы түсті білем, ұзакка жүре алмас. Мына күрең болса, [illegible]лі берік алысшылдың өзі, далада калдырмас. – деп еді.

Нияз бастапкыда ала коймай: - Қой, ұят болар, бәсіре атыңа жабыскандай көрінемін ғой. – деп тартыншактап еді, бұларды [illegible]ттандырған Сүйін, - ал, ал, еш сөкеттігі жок. Бұл інішегіміз өзі ере [illegible]лмаған соң, атын сыйлағаны ғой. Тайынан тіл үйретіп баптап жүр.

Айғыр үйір шоныққа бермеген желқабызын қиғаны қиған-ақ! – деп қоярда қоймай алғызған.

Сол кеткеннен мол кетіп, Нияздың ауылына бағдар түзеп құрдастар. Нияз үй-ішімен, ауыл-аймақпен қоштасқан соң, ескі асықпастан Есіл бойындағы ауылдарды аралай жылжыды. – Серілік құрып келеміз. Сегіз, Нияз серіміз. – деп, әдейі хабар тарата жүрген. Бұлары – соңдарынан шыққан қуғынды Әгіл кеткен бетінен адастырудың айла-шарғысы еді. Жолай той-томалақ болса қатысып, ән салып, күрес пен бәйгеісіне, көкпарына араласып келе жатқан.

Елдің ынтымағы осы сапар білінді. – Ұлыққа жазалымыз, соңымыздан қуғын бар. Ауыл-аймаққа кесіріміз тимегей. Бөтен сыбыс естілсе-ақ құлақ қағыс етерсіз. Заматта атқа қонармыз. – деп, барған ауылдарын ескертіп отырды жігіттер.

- Е-е, тәйірі, алаңсыз құра беріңдер серілігінді. Міне тойым, әне сауығым! Қуғынның хабарын жігіттер біліп тұрады күн құрғатпай. Зәуі сайтан қауіп төнсе, жапсар елге жылыстап кетерсің. – деп, әр елдің бас көтерерлері панасына ала қояды.

Елден ұзай бере-ақ, екеу ара ақылдасып Жанаттың кей нұсқауларын орындамаққа бекінді.

– Ишанды іздеп қайтеміз? Пірге қол тапсырғалы жүрген тақуа болсақ бір сәрі. Ия болмаса елден жылу жинап Меккеге бағдар түзеген бәдел қажы болармыз ба. Сыр бойындағы елді де, Ақмешітті де өзіміз табармыз құдай қуат берсе. Сұрастыра, сұрастыра Меккені да табарсың демекші. Қалқайы да Шыңғысы да өзіне. Қара бұқара аман болсын әуелім. Жағасы жайлаудағы елге қызық керек. Сол қызыққа кенелтсек, өзегіміз талмай діттеген жерімізге жетерміз. деген байламға келген болатын.

Жанат кеңесін бір ескергендері – бағыттарын батысқа шалқая түзегендері. Көкше атырабын айналып өтпекке бекінді. Соңымыздан ерген қуғынды қарауыл жайлауларынан алшақ әкетейік. Әгіл сол жаққа аман-есен жетіп алсын. – деп түйіп, Обаған, Тобыл өзендері жаққа бет түзеді. Порымдары серілікке сай. Елден аттанғанда бір сыдырғы тәуір киініп шыққан. Баста үкілі пұшпақ бөрік, иінде өңірі жағалай оқаланған мауыты шапан, аяқта көксауыр шоңқайма етік. Екі аттың қанжығасында бір-бір киіз құндақты домбыра. Жетектегі аттарға бір талай қару-жарақ артылған.

Жолға қамданғанда түнделетіп келген Нәупіл: – Заманның түрі бұзылды, бауырларым. Ел ішінде барымта-сыдырымта белең алып тұрған алмағайып кез. – Орысқа бағындың! – деп бір жағынан Кенеге ерген жақтастары бейбіт ауылдарды тонап жүрген көрінеді. Әскеріне азық іздеген төленгіттер де бүйідей тиіп жүр момын елге. Бұлардың тонын жамылып баукеспе ұрылар да ойнақ салуда. Әйтеуір не керек, ми далада әлі жеткендер бейуазды тонап кетіп жүр дегенді жиі

Қарсыласқан өжеттерді күші асқандар мыжғылап та кетіп [illegible] Сондық, қару-жарақтарың, сауыт-саймандарың сай болу [illegible] деп, ақыл қосқан.

[illegible] кеңесін ескерген қос құрдас бір-бір жеңіл торкөз сауыт, [illegible] нөрісі сақсыр, дулыға таңдап алған. Шақшақ ауылдарында [illegible] шаутершілік заманнан сақталып келе жатқан не бір қару-жарақ [illegible] бар болатын. Арнаулы сандықтарда сақталып мұқият [illegible] коненің көзіндей мүліктер. Тоғыз қабат торғауыт, торғай [illegible] ымауыт, бадана көзді кіреуке, пыран сияқты сауыттар. Ер [illegible] қару дегеннен екі жүзді наркескен, семсер, шоқпар, құрыш [illegible] найза да баршылық. Бірақ, - басы артық темірді атқа ауыр [illegible] қайтеміз. – деген желеумен бұлардан таңдап алғандары емен [illegible] балта ғана. Бұны -тебіңгінің астына тыға салып жүргенге [illegible] - деп, бағалаушы еді Сегіз.

[illegible] аттарға теңдеп артып алғандары сол азынаулақ қару-жарақ. [illegible] сезсізде жүрсек асынармыз деп, келіскен. Серілік құрып өткен [illegible] ауылдар өнерлеріне риза болып, талай жорға мен жүйрік те [illegible] бозбастарға. Бірақ мал түгілі сабақты ине де алған жоқ жігіттер.

Дүние-мүлік жиғалы жүргеніміз жоқ. – деген желеумен, бар [illegible] таралғыны сол елдердегі жоқ-жұқанаға байлап кетіп жүр. [illegible] қайтып риза болмасын, қос өнерпаз жүрген ортасын ән- [illegible] карық қылса. Жас-желең атаулының сұрайтыны ән. Ән атаулы [illegible] дан да қалмайды әдетте. Құлама бесін ауа шырқай бастаса, түн [illegible] бір тынар ма екен. Сонша шырқағанда бір әнді қайталаған жан [illegible] Құйқылжыған нақысында мін болсайшы, құдды бір иран [illegible] ны бұл-бұл дерсің.

Нияз бен тайталасар ауылдың талапкер әншілері болмаса, Сегіз [illegible] көп кірісе де қоймайды. Тұрғын елден әншілер көбірек шығып, [illegible] де майталман үнділері бола қалса, Сегіз домбырасын гуіл [illegible] ырады. Лебізін шығарса-ақ сілтідей тынады халайық. Ырғақты да [illegible] ті, кою дауысы қыр асып құлақ құрышын қандырады. Нияз екеуі [illegible] жарысында соны шығармалармен алып кетеді. Екеуі де жанынан [illegible] шығарғыш, екеуі де әсершіл. Тыңдар құлақты жұртқа тарай [illegible] ймаған төл туындылармен ұйытып та жүр.

Сегіздің және бір жарқ беріп көрсетер өнері – қисса-дастандарды [illegible] рындау. Ұзақ жырға көбінесе жасамыс кісілер әуес келеді. Сол егделер, [illegible] котанға келіп абыр-сабыр басылғанда қолқа салады әдетте.

- Оу, серілерім, өңеш созар дарылдақтар әр елде баршылық. Жас- [illegible] келең әнді жүндей сабай береді бастары қосылса-ақ. – деп, бір қыңыр [illegible] мінез жігіт ағасы бастайды да, - ұзақ жырға қалайсың өздерің? Қисса [illegible] ілетіндерің бар ма өзі? Байсалды өнер деп соны айт әнекей. Қозы [illegible] Корпеш – Баян сұлу сияқты ұзақ дастандардан хабарың бар ма, [illegible] жігітім? – деп, кекесін араластыра сауал тастайды.

Қариялар жағы болса, дін тақырыбынан білетіндерің бар ма деп сұрар еді. Нендей тақырыпқа колка салса да екі айтқызбайды Сеп Ниязға жастар жағын тапсырып, өзі саликалы топтың ортасында жыр толғайды. Таңды таңға ұрып үзіліссіз кирағаттағанда, құлак түрсеп әлеумет ішкен асын ұмытар еді. Білмейтін дастаны болсайшы. Алпамыс батырдан бастап Қырымның қырық батырына кетеді. Ғашықтық киссалар өзі бір төбе тақырып. «Қыз Жібек», «Баян сұлу» сынды казақтың өз тарихынан желі тартатын киссалардан бастайды да, «Жүсіп Злиха», «Ләйлі-Мәжнүн» сынды шығыс әлемінен сыр шертеп туындылырға ойысады. Діндар карттар сұрай калса «Сал-Сал», «Заркум» сиякты ұзақ - сонар киссаларды майын тамыза әуелетеді.

Жан-жакты кабілетіне тәнті болған тыңдарман кауым: - Қылкан кескендей жап-жас басынмен мұнша көл-көсір дүниені кашан жаттап жүрсің, жаркыным-ау? – деп, бастарын шайкар еді.

Бастапкыда: - Е-е, тәйірі, шикі өкпе, екеку-секекудің желбуазы ғой бұл серілер. – деп менсінбеген карттар жағы киссаны мәнерлеп тұрып кирағаттаған соң, пейілдене калатын.

- Бір жырау ел аралап «Көрұғлыны» айтып беріп еді кезінде Кәртамыс кісі, дауысы да пәлен бапты емес. Лебізі жарыкшактана дарылдай шығатын. Бармен базар демекші, соны да канағат кылдык. Сен болсаң жыраулык өнерді мүлде шарыктатып жібердің. Әрі жігерлі, әрі ажарлы, жалындап тұрған жас жігіт батырлык дастанды жырлауы кандай жарасымды, шіркін! Мынауың нағыз еңбек. Мұнша киссаны жаттауға сарылып отырар табандылык кажет-ау алдымен. Жүр ғой әнекей біздің ауылдың әнші сымак бозбастары төрт ауыз өлеңнің басын құрай алмай. Мінезде табандылык болмаған соң өлең жаттауға құлыксыз. Тым құрығанда бір кисса жаттаса кәнекей. Үлкендерге айтып бермей ме, құр әулекілене бермей. Сол есіріктерге мына жүріс-тұрысын үлгі-өнеге болар ма екен. Өркенің өссің, шырағым! – деп шал-шаукан, кемпір-сампыр атаулы алғысын жаудырар еді.

Нияз екеуі тек өнер жағына өктеп, күш сынасу, балуандык, сайыс атаулыға баспай жүрген. Себепсізден себепсіз күш-кайратымен мактанғанды ерсі көріп сыпайылык сактаумен келеді. Әйтсе де калын ел болған соң, әр алуан мінезді кісілер кездеспей тұрған ба. Сорпаға мас болар ұрыншактары да, ішіне шынтак айналмас кызғаншактары да баршылык. Жолай күрлеуіт кыпшак ауылдарына сокканда, кыз ұзату тойына кез болып еді. Бай ауылдың шүйкебасы екен. Қыз әкесі бірер ту бие сойып төңіректегі елді түгел шакырыпты. Серке тартыс, ат шабыс сиякты кызык-думан болып жатыр. Нияз дүрмекке кызығып кетіп, Қуаныштың күрең төбелімен көкпарға катыспасы болар ма. Өзі әндемді жігіт, астына ұшкыр ат тиген соң серкені олжалады да кетті. Серінің әбжіл кимылын көре алмай калған бір жас мырза:

Ал, жігітім, толайың толы қарға жүнді оқ екен, қарап тұрсам. [illegible] мергендік салыстырайық! Әлде жүрегің дауаламай ма сынасуға? [illegible] қытығына тие сөйлегені. Өзіне сенген біреу болса керек, - [illegible] шау тақымындағы сандақты тигейік. Ұтылсаң – менікі. Мен [illegible], сонау кермедегі шауқар жорғаны иемденерсің. Ер-тұрман, [illegible] мен-ақ ал. – деп, өзі мініп келген атын нұсқады.

[illegible] жал, қаз мойын, шоқтығы өргек мүсінді жануар екен. Нияз [illegible] бас тартып еді, әлгі байшікеш ерікке қоймай биік бағанның [illegible] басына жамбы тіктірді. Шарт – елу саржаннан садақ тартып [illegible] атып түсіру. Бұл бәсекеден қашқақтаса, сері деген [illegible] мін екенін түйсінген Сегіз:

Бұл, мырза, айтқаның болсын. Мен-ақ шығайын садақ тартуға. [illegible] шартым бар. – деген сөзбен жүз саржаннан атпақты ұсынды.

Бұл сөз шыққан соң, мырза ойланайын деді. Жүз саржаннан бауы [illegible] күміс жамбының өзі бұлдырап көрінеді. Әйтсе де егесті бастаған [illegible] сөзін жұтуға жол жоқ. Қаумалаған халайық та қызық көрмек [illegible] сөзін ептелеп барады. Мырзаны кеу-кеулеп еркіне жіберер емес.

Ер кезегі үшке дейін. Мейілі он рет атсаң да жамбыны [illegible] садақ тарта бер. – деп, Сегіз кең пейілділік те таныткан.

Әйтсе де, ұзақ уақыт көздеп тұрып сан мәрте садақ тартқан мырза, [illegible] тұрмақ жуандығы жеңді білектей бағанның өзіне тигізе алмады.

Қой, болмас! Күн желкем, оқты әкете береді. Сен көрші кәнекей, [illegible] болсаң. Тигізе алсаң мына мұрнымды шорт кесіп берейін. – [illegible] аярлана жымиып Сегізге кезек берді.

Күн шынында да желкемдеу еді. Сегіз садағын кезегенде айнала [illegible] бар халайық демін ішінен алып сілтідей тынған. Самсаған [illegible] қозы жауырын жебені кіріске салған жігітке қадала қалған. [illegible] дені бозбастың тілеуін тілеп тұрған сияқты. Көпшіліктің [illegible] аяғын сылти басып келген, жөнсілеу киімді бір отағасы [illegible]кізді. Тозыңқы жұрын көнетоз бөркімен маңдай терін сүртіп:

- А, құдай, қолдай көр! Мынандай желде, анандай қашықтықта қай [illegible]рек жұтқан тигізем деп дәмеленсін? Жамбысы түгіл бағананың өзі [illegible]мескі көрінеді. Байдың ұлы болпашқа таба қылма серіні, жасаған [illegible]! – деп дауыстап, тұрған жерінде жүгіне отыра қалып кәдуілгідей [illegible]ат қылды.

Мұндайда алдымен асқан сабыр қажет екенін қайтып білмесін Сегіз. Айнала топырлаған халайық бар екенін зәтте ұмытты. Желдің [illegible]ғыты мен екпінін мөлшерлеп алды әуелім. Дәл осындай жағдайда [illegible]немі жаттығып жүргенін әлгі жас мырза қайдан білсін. Нәупіл ағасы:

- Тымық күнде бәрі мерген шетінен. Мерген болсаң желді күні, ия [illegible]тай қараңғы түні, оқыс шыққан дыбыстан нысананы аңдып тигіз. – [illegible]еп үйретер еді.

Сол ұзақ жаттығулардың нәтижесі енді іске аспақ. Бар назары мен есі-дерті де сонау көз ұшындағы жамбыда. – Ия сен, ия мен! Ия, ата баба аруағы, колдай көр! – деп іштей сиынып демін тартты да, атын кеп жіберді. Қозы жауырын сырлы жебе зуылдап кете берді.

Келесі сәтте-ақ көпшілік өз көзіне сенбегендей,үзіле ұшып кеткен жамбыға аңыра карай калды. Түскені шын ба деп шүбәланған ар жүгіріп барып көріп те келді. Не болғанын пайымдаған соң ғана, шу еткен жастар жағы Сегізді хан көтеріп әкетті.

- Па шіркін, үдеден шықтың!

- Міне мергендік, тусаң ту, азамат! –

деген айғайдан құлак тұнғандай.

Әлгі ақсақ отағасы дымданған көзін жыпықтатып Сегізді құшактай алды. – Ертегідегі Қобыланды батыр жамбыны атып түсіріп Құртканы алып еді. Қазақтан заманында сондай-сондай оғландар туғанын дәлелдеп бердің-ау, шандозым! – деп, кемсеңдеп жібергені.

Кей өжет жігіттер әлгі ұрыншақ мырзаға тап бере: – Бәсекеге бастаған өзің, сөзіңді жұтамысың? – деп, ал кеп такымдасын.

Шаршы топтың көзінше серттен тайған өлім емес пе? Ертеңгі жаманатың милләтка жайылары бесенеден белгілі. Обалы нешік, жас мырза шүлеңгірлік танытып, ер-токымын алмастан шаукар жорғаны Ниязға көлденең тартты. Бұл мәрт кимылға разы болған Нияз:

- Мал-дүния іздеген жан емеспіз, ағайын. Пейіліне, тілектестігіне мың алғыс, елім. Бұл олжамды мына туысканға шын ниетіммен байладым. Әуелі құдай, одан калды мына тұрған бұкара күә болсын бергеніме. – деген сөзбен, сонадай тұрған мыжырайған бөрікті ақсақ отағасыға жетектеп апарды. Бұл окыс байлауға таң-тамаша болған көпшілік ду етіп:

- Міне жігіт!

- Сал-сері деген ел үшін жаралған да!

- Қарға басып жейді, сұнқар шашып жейді демекші, шашып кеп жіберді сабазың!

- Дүния тәрки шандоз азамат кой. Мырза кысылғаннан амалсыз берсе, бұл ак жүрегімен сыйлады.

- Шүленсіген жуаннан асып түсті, не кылса да. –

деп көрген окиғаны бірталайға дейін сан-сакка жүгіртті.

Сөйтіп ел кыдырып каннен каперсіз жүргенде, сау етіп Шыңғыс төреден хабаршы келсін. Сірә бұлардың дабылы өздерінен озып, төңірекке жайылып кетсе керек. Басын ак шытпен керте байлап алған жылпос жігіт, Сегізді оңаша шығарып бір парак кағаз ұсынды. Шыңғыстың сәлем хаты екен.

- Қасындағы жора-жолдасынмен құрматлу конағым бол. Ат ұстардың шілдеханасын тойлағалы жатырмын. Ойын-сауыкка

[illegible] көпшілікті бір жадырат. Бұл елге даңқың еміс-еміс жетіп [illegible] өнеріңді бір паш еткейсің. Омбыдағы ланыннан хабардармын. [illegible] еш уайым қылма. Біздің елде жүргенде бір тал шашыңа да [illegible] мәсіне мен кепіл. – деп жазыпты.

[illegible] ақыл салып еді, шешімге шапшаң тәуекелшіл жолдасы: - Е, [illegible] дейсің? Бір сынап көрейік те патша ұлығын. Шақырғанда [illegible], шақыруға зар боларсың деген. Зәуі-сайтан бүкпе сақтап [illegible] ұстап бермек болса, қашып құтылармыз. Атыс-шабыстың [illegible] де көрдік қой. Шешінген судан тайынбас демекші, кеттік [illegible] бел байлап! – деп, шақыруды қабыл алған.

[illegible] міне Әулие көлдегі ауылдарға жақындап та қалды. Бұрын [illegible] жердің әр суреті таңсық. Аманқарағай аталатын ну орман [illegible] жылы ұшырап кетті. Өзі туған өлкесіндей ағашты жер екен. [illegible] шығысқа қарай көлбей созылған орманның ұзын тұрқы, [illegible] қырық шақырымнан астам болар. Көлденеңі кем қойғанда [illegible] шақырымдай. «Аманқарағай» атанғанымен шетінде шашырай [illegible] ақ қайың, сау қайың, қызыл қайың ұшырасады. Кей тұстарда [illegible] терек, үйеңкі де көзге шалынды.

Ұшыскан көденің ішінде қоңырбас, итконақ, дермене жусан [illegible]ды. Бұл атырап бірте-бірте барып Торғай-Тосынның даласына [illegible]ының байырғы тұрғындардан естіген еді. Соның айғағындай [illegible]ының күнгей-батыс жағында тасты шағылдар, құмдауыт төбелер [illegible]еді. Айнала төңіректе шұқанақ тәрізді көлшіктер теңбіл-теңбіл [illegible] шашырай жайғасқан. Биыл жауын-шашын көп болған соң, су [illegible]ынан іркіліп сонадайдан көз тартады.

Нияз екеуі бала кездерінен үйден жырақ жүріп ысылған әккілер [illegible]. Бой-бастарын күте біледі. Жағасы қайраң, суы тұшшы бір [illegible]шікке аял қылып, кір-қоңдарын жуып та алған. Жетектегі [illegible]ардың коржын-қолабасында ауыстырып киер бір сыдырғы киім-[illegible]шек бартын. Қол басындай бұзаушық сабын, біз, тарамыс, ине-[illegible]шке дейін үйден алып шыққан. Жол-жөнекей алда-жалда айыл-[illegible]ына үзілсе, біз бен тарамыс ең қажет құрал екенін қайтып білмесін.

Аманқарағайдың төңірегінде жеті көл бар болып шықты. Ең [illegible]емдісі - жағасы құм қайрақ, аумағы ат шыптырым Әулие көл. [illegible]шыбай жөн сілтеген жұрт суреттеген жалтырды жігіттер жазбай [illegible]ды. Ақ үйлі ауылдардың маңайы қара нөпір халық. Жұрт жаппай [illegible]ызыкка кіріскенге ұқсайды. Келген қонақтардың өрелеген, тұсалған [illegible]ары бергі қараша үйлердің төңірегінде оттап жүр. Ерттеулі [illegible]ардың бірталайы ұзыннан ұзақ созылған кермелерде.

- Қой, біз де түсейік аттан. Қоқырайып салт барғанымыз жараспас. [illegible]деп Сегіз бозщұбардан түсіп, шылдыр еткізе ауыздығын алды.

Жануардың жіті жүрістен мойыны тегіс бусанып, құлақ түбі іс көбіктеніпті. Бір тал көдені жұлып алып көз айналасын сүрте тері үкті де, шап айылын босатыңқырап қойды.

- Бізді күтіп алар кісі жоқ білем, сонау тұсқа қаңтарып қояйық. деп Нияз қараша үйлерге таман торысын жетектей берді. Аттарды қалмақша байлап тұсап қойды да, күмп-күмп пісілген сабаның үні жеткен қараша үйге назар салды жолаушылар. Желі басында тізе қап байлаған бірер кісі бие сауып жүр. Бір қараша үйдің көлеңке тұсында жайратып жылқы сойып, қарбалас үстіндегі және үшеу-төртеуі көрінді. Сегіздерді алам деп елеген жан жоқ, әркім өз ісімен әуре. Өзге халайық болса, жаппай ак үйлердің маңындағы думанда жүрген сияқты.

- Біз де сол жаққа аяндайық. Елеусіз барып жай-жапсарды аңғарайық әуелім. – десіп, енді беттей беріп еді, саба күмпілдеген үйден бір боз бала шыға келді. Бойы талдырмаш, киімі жөнсілеу, ербиген құлақтары болмаса сүдінінде көз сүрінерлік ерекшелік жоқ, мандайы күнге күйген кәдуілгі қара домалақтардың бірі. Аңқылдақ ақ көңіл болса керек:

- Хош келдіңіздер, азаматтар! Сәлем бердік. – деп, арсаландан келіп қолын қусыра есендесіп жатыр. – Мал-жан аман ба? Ат-колік аман жеттіңдер ме? Алыс жақтан келген жолаушыға ұқсайсың, замандастар. Порымыңа қарасам текті жердің баласысың. Сендерге сусын берер салдарлы кісі де жоқ, бәрі думанда. Үйге кіріп қымыз ішіңдер, сарық басар болсын. –деп құрақ ұшты.

Күнәлі кісідей-ақ жұмық көздері жаутаң қағып, ебейдесіз қолдарын қоярға жер таппай тұр.

- Алда разы болсын, еш қымсынба. – Сегіз екі жеңі сауыс-сауыс бозбасқа мейірлене көз тастады. –Үйдің іші қапырық болар, мына көгалға тізе бүгейік те. Сусыныңды алып шығарсың, бауырым. – деп, шымы тұтас көгал үстіне жайғаса берді.

Нияз екеуі малдас құра отырып үлгіргенше керсен толы қымызды көтере шыққан бозбас та көрінді.

- Ойбай-ау, ұят болды-ау, құл-құтанша жерге отырып. Айыпка бұйырмассың, ағайын. – деп, ернеуі кетік ағаш ожаумен қымызды сапыра бастады.

Інісі болса керек, өзінен аумаған бір қалқаң құлақ жеткіншек үйден асыға шықты. Қолында кірлеу орамал мен тостағандар. Көнтиген ернін бір жалап қойып, танауын корс еткізе тартты да:

- Сламлекөөм! – деп, өңеш соза қол алысуға ұмтылды.

Ағасы болса лыпыл қаққан қимылмен орамалды дастархан қылып жайып жіберіп, тостағандарды толтыра ұсынды да:

- Заманы бір құрбы көрінесіңдер, жүздің жүзін таныганша бірдің атын біл деген. Жыға танымадық қой, қай ел боласыңдар, нысбың кім? – деп, таңдайын тақылдатты.

Үялғансып отырса да, жөн-жосыкка жетік бозбас сиякты. Сегіз Нияза мағыналы көз тастап:

- Көшебе керей боламыз. Азан шақырып қойған есімім Мұхаммед Ғаббания. Мына жолдасымның намы Нияз. Жолаушы едік, тойлы ауылға кез боламыз деген ойда да жоқ. –деп қысқа ғана мәлімет берді де. - өзің кай туған боласың, замандас? Таныса отырайық. – деп, ыңғыздан бір ұрттап қойды.

Төре ауылындағы төлеңгітпіз ғой. Ныспым – Тобық, мына ортелесімнің есімі – Толарсақ. – қалқан құлақ бозбас інісі жеткізген бірауыс бауырсақты орамал үстіне шашып жіберді.

Аттарың келіскен екен, не қылса да. – миық керген Нияз салқын ауызды сімірген соң, шып-шып білінген маңдай терін алаканымен сыпыра сүртті. – Бұ не қылған той-томалақ өзі, айта отыр, Тобық-еке. деп, ақ еден мінез бозбастың ауызына сөз салды.

Қашайын деп тұрған қоянға шәйіт деген соң не жорық емекші,тыңдаушы құлаққа зәру болып жүрсе керек. Тобығы бар ойныр актарыла кетті.

- Пой-пой, жолдарың болар жігіттер екенсіңдер, айтарың бар ма! – деген сөзбен тамсанып қойып басын шайқай берді. – Ұлан асыр той десем де әбден сиғандай. Шыңғыс төреміз ат ұстар көрді ғой. Сол ортестенің шілдеханасы да. Атшабыс, көкпарың керек пе, теңге алу, қыз ұзату керек пе, бәрі-бәрі өтіп жатыр кезегімен. Думан бірер күнге созылды, не қылса да. Бүгін және бір қызық бар. Анау ентелеген халайық соны тамашалауда. – Тобық иек қаға ақ үйлер жақты нұсқап қойды.

Қалқай ишан деген пірәдар кісі келген болатын сонау Сыр бойынан. Соның қасында ірікті-ірікті өнерпаздар бар екен. Бір сидам қарасын кеше көріп едік. Бақсы-құшынаш болса керек, деседі білетіндер. Бақсылығын білдім, ал енді кереметін өз көзіммен көрдім. Жалаң аяқпен қызып тұрған шоқтың үстімен жүре береді заңғарың. Етіне біз сұққанда беті бүлк етсейші. Үп-ұзын инені білегіне бойлата сұғып алғанда, бір тамшы қан шыққан жоқ. Отқа қып-қызыл қылып қыздырған балтаны тілімен жалай беретінін қайтерсің. Анандайды көргенде жүрегің түршігеді екен-ау, қодуилгідей. – Тобық өзі суреттеген көрініс елестеткендей қабағын түйіп, үрейленген нысайға мініп алды. Бірер сәт осы әсерден арыла алмай үнсіз отырды да, көзін жыпықтата серпіліп білгенін дәттей берді.

- Бұ бақсының қасында бір балуан бар екен. Заты қарақалпақ деседі. Шын атын итім білсін бе, ал лақап аты –Мәһрам балуан. Қорұғлыдағы қызылбастың Мәһрам балуанына ұқсата атаған ғой. Бұл да бір жойыт, жеті атасынан балуандық құрған әулеттен болса керек. Бұ да қызыққа карық қылды жалпақ жұртты. Жеңді білектей темірді майыстырғанын көзіммен көрдім. Майыстырмақ былай тұрсын, мойынына орап алды-ау қызды-қыздымен. Ту биені арқалап әкетті. Ол ол ма? Жүк тиеген арбаның дертесін қыл арканмен байлап,

шетінен тістеп алды да, шегіншектеп тісімен-ақ сүйретіп әкетті ау' Пой-пой шіркін, адамзатта не бір нәндер бола береді екен-ау. –

Тобық-екең өз сөзінен әсерленіп, малдас құра отырған қалпынан жүгініп алды да, көздерін тарс жұма басын шайқай берді. Басымен қоса бар денесі де теңселе шайқалуда. Өз сөзін осы қимылмен қуатпен қойған соң, кеңесін және өрбітті.

- Әлгі дөй күреске шықпай ма. Дәмелі балуандардың жүректері шайлығып қалса керек, шеттерінен қирай жеңілсін. Осы маңдағы атығай-қарауылдың атақты деген түйе балуандарын бір айналымға ала келтірген жоқ. Сол себептен намысқа шапқан ақсақалдар құлатай қыпшақтағы Жыға балуанға ат шаптырған. Енді сол түйе балуанды күтуде көпшілік. Әне-міне келіп те қалар Жыға. Сол күреске үлгіргеннсендердің де ауыздарыңның салымы бар екен. –

Тобық құдды бір үлкен сый үлестіргендей-ақ, жігіттерге кісімен қарай қалды. Іле отырған жерінде қопандап қойып,

- әй, бірақ маған салса, Сегіз серіні бір-ақ алдырар едім. Мына қарақалпағы түскірдің екпіні тым сұрапыл. Жайқап өтетін аждаһа дерсің. Қанша әлуетті болса да, Жығаның тұрыстық беруі екі талай Шүбәм зор. Сойқан ғой анау келімсек. – деп қабағын түйіңкіреп таңдайын қағып бірер сәт мүдірді де, кенет,

- Сегіз серіні алдыру керек еді, не қылса да. Иісі қазақтың сүйегіне таңба түспек қой. – деп қос құрдасты таң қалдыра тосын сөз шығарды.

Қымызды баппен сіміріп отырған екеуі бастапқыда аң-таң күйде не айтарын да білмей қалды. Бір біріне көз тастасып, жымиысты да қойды. Нияз – үндеме! – дегендей Сегізге көз қысып қойып:

- Сегізің кім еді сонша? Оның жеңетінін қайдан біліпсің? – деп. Тобыққа аңқаусып қарай қалды.

- Е, естімеп пе едің? Нырай екенсіндер хабар-ошардан.– елең ете қалған бозбас, соны тақырып табылғанына қуанғандай-ақ қутың қақты.

– Сегіз сері дегеніміз сегіз қырлы өнерпаз дағы. Әрі әнші әрі балуан. Өзі жау түсіргіш ер, мерген көрінеді. Омбыда бір топ солдатпен соғысып жүріп, шетінен жусатып салса керек. Шалғымен орған еркек шөптей-ақ қырып салған. Енді патша ләшкарлары қуып жетсе де, ұстауға бата алмай жүр екен. Себебі, ақырып кеп қалғанда дұшпанның берекесі қашып сасқалақтап қалады. Тіпті шеріні көрген кәндендей борбайын саталап қашады мыс. Аузынан жалын шашқанда тура дұшпанның бетін шарпып жібереді екен. –

Осы тұста шыдай алмаған Сегіз мырс беріп: - Әй, бөспесің-ау. Тобығым. Ауыз дарбаза сөз самал демекші, желдей есіп барасың-ау мүлдем. Өтірік соқсаң да қисынға келтіріп төпелесеңші тым құрығанда. Ертегідегі аждаһа болар ма, ауызынан от бүркетіндей. – деп езу тартты.

Ойлап-ау, титтей өтірігім болсайшы! Оллай-білләй, нан ұстайтын. – [illegible] қалған Тобық, көзін кең аша Сегізге қарай қалды. Қарагер [illegible] мөлтіреп-ақ тұр. Бейкүнә сәбидің қарасы дерсің.

Хан иемнің өз ауызынан естідік. Мен көшірде божы ұстап [illegible], сонау Сырымбеттен келе жатқанда. Хан иеміз Омбыда әскер [illegible] өткірген кезі. Сонда Сегіз серінің күресін көріпті. Омбыда [illegible] жан шақ келмейтін бір дөй балуан бар екен. Айбары [illegible] мыс. Өзі кәпір, мұсылман баласына жаны қас. Сол найсап [illegible] мұзында Сегізге тап болмай ма? Сөзге де келместен ұстаса [illegible]. Сонда Сегіз әлгі нойысты алып ұрғанда мұздың көбесі [illegible] мыс. Міне қайрат! Қара казаққа сенбесем де, ханзадаға [illegible] сенбейін, жігіттер-ау? – деп, Тобық үәжін алға тартты.

[illegible] ацқылдақ бозбасқа күлімсірей қарап бас шайқады да қойды. [illegible] ашса көкейіндегісі көрінетін ақпейіл жігітпен сөз [illegible] барсын ба.

Ал, Тобық, бауырым, ықыласыңа мың мәртебе рақмет. [illegible] ымыз түтеп келіп едік, шөлімізді қандырдық. Алда разы [illegible] деп, ауызын қол орамалмен сүрткен Сегіз орнынан тұра [illegible]. Біз енді сонау топырға аяндайық. Не қызық бар екен, ептеп [illegible] те. Бірге жүрмеймісің? – деген сауалға, екі қолын [illegible] ұстаған Тобық азар да безер болды.

Жоға, ойбай, атама! Бізге қайдағы қызық? Кешегі көргенім де [illegible]. Жігіттер мал сойып жатыр әнекей. Етті пісіру керек. Су тасу, [illegible] ау, қымыз баптау бар, жұмыс бастан асып жатыр. Көргендеріңді [illegible] келерсің, бізге сол да олжа. – деп қала берді.

Нияз екеуі жаяулап бара жатып артына бір қарай беріп еді, [illegible] бала мойынын соза бұларды көзімен ұзатып тұр екен. [illegible] жиюлы тостағандар, қылдырықтай мойыны сорайып мөлие [illegible]. Қысықтау келген көздерінде, күңге тотыққан сүрепетінде [illegible] бір мұң бар. Қызықты көргісі келетіні аңғарылып-ақ тұр. [illegible] порымы: - Әттең , дүния-ай, мұнша әділетсіз болар ма едің? [illegible] ны неге тамашалай алмаймын? Мен де адам емес пе едім? – деп [illegible], шағымданғандай. Жасөспірімнің бұл мүсәпір халы ар-ұяты [illegible] сіні бей-жай қалдырмастай. Жеткіншекті аяп кеткен Сегіз:

Тобық-ау, мына інішегіңді жіберсеңші тым құрыса. Бізге жаба [illegible] барсың, меймандар қоярда қоймай ертіп әкетті деп. Біреу-міреу [illegible] сесе жауапты өзім-ақ берейін. – деп қолқа салып еді, ойланып [illegible] бозбас аз кідіріп:

Жарайды, барсын. Шошқаға да бір күн мейрам деген. Әрі кетсе [illegible] ляқ жермін. Не көрмеген шақша бас дейсің. – деп қолды бір-ақ [illegible] ді де, інісіне қарап:

- Мына ағаларыннан бір елі калма. Бәйбіше ия токал көріп калса конак мырзалар коярда коймай жұмсап, ертіп әкетті дерсің. Ұқтың ба? Ал бара бер. – деп рұксатын берді.

Жерден жеті коян тапкандай-ак куанған Толарсак, екі сиу құлағына жете ыржиып:

- Макұл, ағатай. Еш аландама. О катындардың көздерінс түскендей жынды койдың миын жеппін бе? – деп, тостағандарды кол сала тұра жүгірді.

Жігіттерге жетіп келе, құлағына дейін кызыраңдап: - Жүріңіз, ағатайлар, пірәдардың Мәһрам балуанын көрсетейін. Әне анау топта – деп, дөңестеу тұстағы калың нөпірді нұскай берді.

Ак үйлі ауылдың желке тұсында дөңес бар екен. Әдейі кызыкты тамашалауға арналып жаратылған сахна зәліттес. Дөңестің кырка тұсындағы көрнекте жаксы жайсаңдар малдас құрып жайғасыпты Астарында кабатталған төсеніштер, алдарында аяк толы кымыз Бастарын ак шытпен таңып алған ыкшам киім жылпос жігіттер керсен-керсен кымызды сапырып, тостаған-зерендерді еселей толтыруда. Аксакалдардың как ортасында сары ала эполетті, сымдай әскери киімді Шыңғысты тани кетті Сегіз. Қасындағы дағарадай ак сәлделі кісі Калкай ишанның өзі болар деп топшылады. Шеттерінен дуадактай семіз өзге аксакал-карасакалдар бәрі бейтаныс.

Дөңді ошап жайғаскан халайык көгал үстіне тізе бүгіпті. Егделер малдас құрып, жастар жағы жүресінен отыр. Баркыт тыс, мауыты тыс бөріктілер алдыңғы катарларда, арзан колды докаба, сұппа тыс, елтірісі кыркылған тозыңкы бөріктілер етек жакта орналасыпты Әйтсе де, ортадағы аланкайдағы көрініс алакандағыдай ап-айкын Жалба тымактардың бір тобының шет жағына Сегіздер де жайғасты Ысырылып орын берген жігіттер:

- Дөп келдіңдер, әне Жыға шығайын деп жатыр. Болды кызык! деп, жайнаң кағып мойындарын созысты.

Алдыңғы жактағы үлкендер: - Әй, койындар дабыраны, тиыш отырыңдар! Осы жастардан көрдік-ау. Бұ заман не боп барады осы, бозбас атаулы шеттерінен шошакай келеді. Жігіт деген сабырлы болмас па? – деп жекіген соң, даңғаза басыла калды.

Аланкайдағы окиға болса өз кезегімен өрбі берді. Қалкайға еріп келген балуанның лакап атын Мәһрам деп тектен тек коймаса керек. Бойы да бар екен, тұрпаты да әлемет. Көрұғлыны жаттап өскен Сегіздің есіне – казандай боп Мәһрамбектің бастары- деген сипаттама түсе кетті. Мына балуанның басы шамадан тыс ірі болмағанымен, желкесі тұтаса біткен нағыз бұка мойын екен. Өзі белуардан шешініп тастапты. Машығы ма әлде дене бітімімен халайыкты тан калдырайын дегені ме, ортада аспай-саспай аяңдап жүріп, нык-

[illegible] бұлшық еттерін ойнатып қояды. Қара еттері білеудей-[illegible] [illegible]ығына кісі мінгендей алып тұрпаты кандай қарсылас болса [illegible] [illegible]ұрып шайлықтырғандай.

Бұлай түйе балуандар әдетте іркілдеген семіз келуші еді, [illegible]Мәрамның бойында болса түйірдей арам май жоқ. Жараған арғымақ [illegible] [illegible]ерсің. Өзі қара торы кісі күнге тотықса керек, жон аркасы [illegible]ыстай жып-жылтыр. Зор денелі кісілер көбінесе үсті-басын [illegible] [illegible]алақтау болатын. Бұл алыптың болса сақал-мұрты күтімді, [illegible] кестелі тақиясы ине-жіптен жаңа шыққандай сәнді. Белін [illegible]ған жалпақ қайыс белбеуі де батқы салып өрнектелген, шебер [illegible] [illegible]ының туындысы екені көрініп тұр. Қоңыр шұға шалбарын жалпақ [illegible]ойнайіке етіктің ішіне жіберіпті.

[illegible] қарақалпақ болғанымен сүреңі сартқа келіңкірейді. Көзі [illegible] [illegible]ыдырым қастарының арасы тұтаса біткен. Өңі сопақтау, оң [illegible] [illegible]ұтағының азандығында қалыңдығы шынашақтай, дөңгеленген [illegible] сырға жылтырайды. Бітімі еңгезердей болғанымен ұсқыны [illegible] емес, айнала халайыққа мейірлене көз тастап қояды. Жалпы [illegible]ымында өз күшіне деген асқан сенімділік аңғарылады. Жүріс-[illegible]ы сабырлы, кейіпінде маңғаздық та жоқ емес. Сонадай жерде [illegible]шіп күреске әзірленіп жатқан Жыға қараған да жоқ. [illegible] [illegible]бегені ме, сықпыты мейілінше жайбарақат.

[illegible]ға да белуарынан шешініп тастап, балпаң баса ортаға беттеді. Бұлар бітімі нағыз түйе балуанға тән екен. Басы қазандай, кеудесі [illegible]лаптай, құж желке, бура сан алыптың өзі. Бұның да белінде [illegible]ақтығы алақандай қалың қайыс белбеу. Мол пішілген қой терісі [illegible]ырының балағын етіктің сыртынан жіберіпті. Жасы Мәһраммен [illegible]лас болар, отыздан асқанға ұқсайды. Бет бедері қалың, тайқы [illegible]тай тышқан көз кісі екен, бұның да сықпыты сабырлы, абыржып [illegible]алақтаған түрі жоқ. Бұл да өз қайратына сенімді болса керек, [illegible]рамға қаймықпастан қадала қарап нық басып келеді. Құшақ [illegible]ыра алмас етжендінің өзі. Бір міні – іркілдеген семіз. Бұлшық ет [illegible] [illegible]абырғасын қалың май басып кетіпті.

Бұл олқы тұсын әккі Мәһрам салған жерден өз пайдасына асырып [illegible]ты. Екеуі ұстаса кеткеннен-ақ жіті қимылдап, шабуылын үдете [illegible]ді. Жыға қапсыра ұстайын десе, жып бере сытылып ту сыртынан [illegible] береді. Қоян қолтық ұстаспай тобықтан қағып, мазасын кетіре [illegible]ыса береді. Қимылы аса шапшаң, өңкиген өгізге қабылан [illegible]абуылдады дерсің. Ширек сағаттың ішінде Жыға қара терге [illegible]шынып ентігейін деді. Ауызын бақадай ашып, ауыр тыныстай екі [illegible]ійрін таяна тұра береді. Маңдайынан сорғалаған ашшы тер көзін [illegible]ақызбауға айналды. Пора-пора терлегені соншалық, ашшы мұнсік [illegible] сонадай отырған Сегіздерге де жетті.

Мәһрамның көздегені де осы сиякты. Жығаның әбден титыктағанына көзі жетуі мұң екен, тап беріп құшақтай алды да іштен шалу әдісімен гүрс еткізе бір-ақ құлатты. Күрес ережесі бойынша бір тізесі жерге тиген балуан жеңілгенге есептеледі. – Тиі бүккізді - деген сөз осыдан шыққан. Бұл жолы тізесі былай тұрсын Жығаның қыр аркасы түгелімен жалп ете жерге жабысты да қалды Мәһрам болса жыландай бұратыла иіліп барып аяғында тұрып қалды Денесі ауыр Жыға бар салмағымен шалқасынан құлаған соң, жерге жаман соғылса керек, тіпті тұра алмай қалды. Еш жері мертікпесе де әбден титығы құрығаны ма, әлде қарақұсымен гүрс соғылып есеңгірегені ме, сол сұлағаннан тұрған жоқ.

- Ойбай, науыт болды! – деп бірнеше жігіт жанұшыра жетіп барып еді, - кетіңдер, өзім тұрамын- дегендей ишаратпен қол бұлғады.

Мәһрам болса кең пейіл танытып, басын сүйей колтықтап ед Жыға бұнысына разы болып колын каккан жок. Сонда да аһлап үһлеген калпы әл жинап бір талайға дейін жатып алды.

Қызық болса өз жөнімен жалғасып жатыр. Әдетте балуан жыкса руластары улап-шулап хан көтеріп әкетуші еді, бұл сапар болса халайық тым-тырыс отыр. Жұрттың еңсесі түскен. Өйтпеске лаж да жок. Иісі казақтың сүйегіне таңба түскендей мына Жығаның жеңілгені. Бұны той баскарып жүрген бір карасакал жігіт ағасы ортаға шыға, әлеуметке жария етті де.

- Уа, жігіттер, дәмелі балуан Жыгамыз тізе бүкті әнекей. Милләтка сын болайын деп тұр мына күрес. Кәне, шығындар біреуін' Жығылсаң жер көтерер, намыска шап, Алаш баласы! – деп, алка котан көпшілікке карата айкай салды.

Талапкерлер шыға коймаса да, кайта-кайта жар салудан жалыгар емес. Алайда, канша өңеш созғанымен суырылып шығар дәмелілер бола койған жок. Нияздың касында жүгініп отырған Толарсак танауын кос-костан тартып койып:

- Есі бар кісі шыға ма көрінеу азапка? – деуі мұң еді, жан-жактан жігіттер костай кетті.

- Кеше төрт балуанды катарынан сұлатты. Бүгін міне Жыганы жалпасынан түсірді. Жауырыны жерге тимек түгілі, тізесі бүгіліп не еді Жыганың?

- Акыр заман болганда Мәді шығып тажалды жеңеді деуіші ед молдадар. Мәді болмаса мына Мәһрамға жан шак келмес.

- Келмегір Қалкайы кайдан келді каңғалактап? Енді міне иісі казак жерге карап калды.

- Қой, ойбай, асылык айтпа! Пірәдардың жазығы не? Бұкараны кызыкка кенелтемін деп ертіп келген жок па, балуаны мен өнерпазын

- Қайткен күнде де сүйекке таңба болды. Аяғын тік баскан еркекте менен аскан жок деп кетеді-ау мына Мәһрам. - Сарыаркада тұрыстык

[illegible] жігіт туған жок әлі- деп мактанып барады еліне. – деп [illegible] сапсиған бір картамыс күйіне тіл катып, бар лепесті [illegible] болды.

Бу[illegible] мізі бакпастан отырған Сегіз, - әй, болмас! – дегендей [illegible] шайкап койып Ниязға еңсе бұрды.

[illegible] достым, араласпайын деп едім бұл арпалыска, бірак елдің [illegible] шымбайыма батайын деді. Намысты жібермей көрейік те. [illegible] да калжамызға кой жеген шығар. – деп, үстіндегі [illegible] шеше бастады.

[illegible] жайнаң еткен Нияз: - О да жөн. Мына кауым ертең-ак [illegible] білмей ме? Мактаулы Сегіз бұғып калды дер. Анау [illegible] сайрағаны тегін емес кой. Көрмесе де атына канык. Әкел [illegible] деп, Сегіздің бешпетін ұстай алды.

[illegible] көрсетіп шешіне бастағанда, айнала самсаған көздер кадала [illegible] Халайык жер астынан жік шыккандай аң-таң.

[illegible], мынау кайсы?

Бу[illegible]дай балуан бар ма еді арамызда?

[illegible]ға танымадык кой, бұ кайдан шыккан Сабалак?

[illegible]ген дауыстар жан-жактан естіліп жатыр. Топтағылар мойын [illegible], кей біреулері күн сала үңіліп, кайсы біреулері тіпті [illegible]амсызданып орнынан тұрып та кетті. Бұларды үлкендер жағы [illegible]:

[illegible]й, отырыңдар түге! Күресті көрсетпеймісіңдер? Аптыкпаңдар, [illegible] ұшкалак! – деп жекіп жатыр.

[illegible]ете күреске түскендер жалаң етке шапан киіп, сыртынан [illegible] белбеу таңушы еді. Мәһрамның үлгісі ерекше екен. Әйтсе де [illegible]ына көнейін деген оймен Сегіз де белуардан шешініп, кемер [illegible]кпен шарт буынып алды. Күн тимеген аппак денесі жарк [illegible]нде, жаңағы дауыстағандар және пікір жаудырды.

Мынауың да осал емес-ау, тегінде!

Қара еттері шакпактай, тура терісін сойған каскырдай дерсің.

[illegible]ойлыкпен беріле коймас, топшысы бүйеңдей бұлтиып тұр әнекей.

[illegible]абазың сасар емес, орнықты жігіт сиякты не кылса да.

[illegible]еп төңіректі азан-казан кылды да жіберді.

[illegible]гіздің бешпеті мен жейдесін колтығына кыскан Нияз: - Игі [illegible]аксыларға сәлем беріп батасын сұраймысың? Әлде тарта беремісің? [illegible]еп карап тұр.

- Кейін сәлемдесермін. Әуелім күресіп көрейін де. Батасын алып [illegible]ылып калсам, не сор түртті деп, сөкпей ме игі жаксылар. – деп, [illegible]уантасып Толарсакка назары түсті.

Жеткіншектің көзі атыздай бакырая калыпты. Өзін ертіп келген [illegible]маттан мұндай кимыл шығады-ау деп, үш ұйыктаса түсіне кірер ме

еді. Таңырқағанның әсері ме, әлде жаны ашығаны ма, кейіпінде үрей аралас қобалжу бар. Сегізді құдды бір ажал аранына шырмап салғандай-ақ, мүсіркей қарап тұр. Бұл сықпытына езу тартқан Сегіз

- Берекеңе қашайын деді-ау, інішегім. Жігіт деген сабырлы болмаса па? Тәуекел ет те тас жұт деген, атаң қазақ. – деп көзін қысып қойып Мәһрамға қарай қадам басты.

Адымдауы мұң еді, әлгінде ғана шуласқан халайық су сепкендей ақ басыла қалды. Заматта ғана тыныштық орнап, төбеден төнген бозторғайдың шырылы құлаққа жетті. Мәһрам дағдысынша аспай саспай қарсы беттеп келеді. Қол қусырып ілтипатпен сәлем берген Сегізге назар жүгіртіп өтіп:

- Ал, қимылда жігітім, күреспек болсаң. – деп ұстаса кетті.

Сегіз ішінен, – Қарақалпақтың тілі біздікінен айнымайды екен-ау Әлде қазаққа сіңіп кеткен біреу ме? – деген оймен қарсыластың белдігіне жармасты.

Бұны жассынса керек, Мәһрам барлау, байқау әдістерін істеп уақыт оздырған жоқ. Істі ілез тындырмақ ойы болды ма, әйтеуір салған жерден шап беріп жамбасқа салып кеп жіберді. Сегіз бітімді болғанымен Мәһрамның бойы да биігірек, салмағы да басым сияқты Және жуық маңда болдыра қоймайтын жараған аттай жуан сіңірдің өзі

Әйтсе де бала кезінен өзінен іребдел қарсыластармен күресіп дағдыланған Сегіз, бұл сапар да сыр берген жоқ. Тәсілге тәсіл, күшке күш жұмсап тұрыстық берді. Екеуі ұзақ алысты. Жығамен күрескенде сәл ғана бусанған Мәһрам қалың терге малшынайын деді. Сегіз иығынан ия білегінен ұстайын десе, май жаққандай-ақ сусып кетеді Бие сауымындай мылжаласқан соң, қаумалаған әлеуметтің айқай-ұйқайы естіле бастады.

- Қараның тері шыққанша сарының жаны шығар деуші еді, мына шикіл сарың қарысып жүр ғой әлі күнге!

- Кешеден бері кісісіне кездеспей жүр екен Мәһрам. Мына бозбас ит сілікпесін шығарды білем.

- Бұ кім өзі, сүйегі кім?

- Қыпшақтан шыққан біреу дағы, Жығаның намысын жіберсін бе қандастары.

- Әй сонда да тым жас екен. Қырқылжың Мәһрам әккілігімен әкетеді-ау шамасы. Қабырғасы қатқан сақа ғой, қанша айтқанымен.

деген пікірлер шығып, жанкүйер қауым өзінше болжал қылуда.

Жұрт Мәһрамның ысылған тәжірибелігін безбеннің бір басына салғанымен, сол қырқылжыңдығы ақыры сыр бергізді. Сегізді бала кезінен күреске баулыған Сәток қой. Ол тетелесі жеңілгендігін ғұмыры мойындамайтын. Жығылып, қарсыластың астында жатса да тістеніп, қасарысып бағар еді. Әлі жетпесе ызақорланып қыршып

[illegible] тайынбайтын. Титығы әбден құрығанша төзім сынасып, [illegible] күресуге де құмар. Бір долданғанда Сегіздің құлағынан қан [illegible] қыршып та алған. Сол киястығынан тапкан тәжірибе, осы [illegible] Сегізге кәдуілгідей жәрдем болды. Оның үстіне жастың аты жас [illegible] Оныдың ішіне кірген Мәһрамның өкпесі өшуге айналғанда, тері [illegible] болмаса Сегіз тың еді. Қарсыласы болдыра бастағанын [illegible] білгенінде, Бұны тас қылып құшақтай алып, қысып жібермейді. [illegible] ірі де бастапқыдай емес, екпіні де бәсеңсиін деді. Бұл жәйтты [illegible] соң-ак: - А, құдай, бере көр! Ия, аруак! – деп акырып калып, өз [illegible] бергендей болды да, капсыра құшақтай алып жамбаска [illegible] кеп жіберді.

[illegible] айкай болдырған атка тың серпін бітіретінін білуші еді. Өз [illegible] өзіне камшы болғандай тың кайрат бітіп, шойын денелі [illegible] ісін үйіріп дендеп әкетті. Әуелі оң тізесі жерге тиіп, іле бар [illegible] мен иіле бүгіле берді. Бүгіліп барып кос жауырынымен жалп [illegible] ергe түскен Мәһрамның бұлкынуға да шамасы келмеді. Ыршып [illegible] кете ме деп кауіптенген Сегіз үстіне жатып алып, кеудесін [illegible] басайын деп еді: - Босат, туысқан. Оңбай құладым. – деуге [illegible] мұршасы келіп, басы сұлк түсті.

Бірак, әбден титығы құрығаны болмаса, сүйегі сау сиякты. Сегіз [illegible] әлі де тың. Соны кайрат кайдан пайда болғанына өзі де кайран. [illegible] келіп өзін көтеріп алған жігіттерге:

Уа, койыңдар, өзім де тұрамын ғой. – деп күлімдеп тіл катып еді, [illegible] елеген көпшілік жок, хан көтеріп алып жамырасып жатыр:

Сені тапкан анаңнан айналайын, шандозым!

Гізе бүккені өз алдына, жауырынына жер иіскетті ғой сабазың!

Гобемді көкке жеткіздің, намысты жібермедің, садаған кетейін сол!

деп алғысты жаудырды-ай келіп.

Бір тыкпа сакал, сағал көз отағасы: - Нәсілің кім еді, [illegible] шакпысың? – деп білегінен мытып, бар дабырадан дауысын асыра [illegible] -кайта сұрап жатыр.

- Керей ішінде көшебе едім, ағасы. – дегенді құлағы шалған соң-ак, - [illegible] бәрекелді! Әйтеуір казак баласы екенсің. Керейлер де баршылык [illegible] ында. – деп, бұны каумалаған топ игі-жаксыларға карай жөн түзеді.

Киімін көтере жеткен Нияз жейдесі мен бешпетін ұсынып, бөркін [illegible] жатыр. Аксакалдардың алдына жеткен соң, көгебай ләнке [illegible] дағарадай сәлде киген бір егде кісі:

- Әй, көп шуылдак, тиышталыңдар түге! Пірәдарға сәлем берсін [illegible] балуан жігіт. Дүйім құрапатка да таныстырайык. – деп, өктем [illegible] імен тіл катты.

Дауысының ренкі дөнен кошкардың маңырауынан айнысайшы. Сөзі өтетін кісі болса керек, өрекпіген халайык бірте-бірте [illegible] ыштала калды.

Сегіз бешпетін кие үсті басын түзетіп, игі жақсыларға таман беттеп еді, көзі Шыңғыстың жанарымен түйісе кетті. Сымдай әскери киімді төренің порымы пан. Омбыда тәу көргенде де тәкәппар еді, енді тіпті кісі танымас қалпына жеткендей. Әйтсе де Сегізді шырамытқан соң жүзі жылиын деді. Жақсы-жайсаңдарға жағалай қол беріп амандаса бастаған сері өзіне тақағанда:

- Мәссаған, сен бе едің? Бәсе, мына дәуді тегін кісі жықпас болар деп, топшылап отыр едім өзім де. Кел көрісейік! – деп, орнынан тұрып құшағын жая берді.

Шыңғысты бұл қауым көсем көрсе керек, игі жақсылар тобы өз ара күңкілдесіп, жыбырласып қалды.

- Бұл кім өзі, аға сұлтан төс қағыстыратын?

- Осал кісі болмады мына шикі өкпең.

- Жүзінен иман төгілгендей жігіт екен. Қиябаты оқымысты молдаға келеді.

- Қайдағы оқымысты? Таспиқ терген мүләйім молда Мәһрамды жығушы ма еді?

деп күбірлесіп мойын созысуда.

Шыңғыстың қасындағы басына коқырайған зүннара киген қараторы кісі: - Бұ қай азамат болды, тақсыр-ау? Жыға танымадық қой. – деп, бұйралана біткен селдір сақалын тарағыштай берді.

- Сегіз серінің дәл өзі, пірадар. Түнеу күні бір құлақ қағыс қылып едім ғой. Әншілікпен аты шыққан өнерпаз. – деп, Шыңғыс сақалдыға бұрылып жөнін ұқтырды.

Қалқай ишан осы кісі екен. Өңі күнге тотыққан жылтыр қара, жас мөлшері Шыңғыспен шамалас көрінді. Сегіздің естуінше бұл кісі каршадайынан оқу қуып, он екі пәнді тәмәм қылса керек. Қауесетке сенсе Бұхара, Тәшкен былай тұрсын, тіпті Шам елін аралап Ыстамбол, Бағдаттан дәріс алыпты мыс. Сол сөз шынға жанасатын да сияқты. Зиялы кісінің зерде байлығы келбетінен аңғарылатыны мәлім. – Түсі игіден түңілме- деген нақыл халықтың аңғарымпаздығынан шыққан ғой. Қалқайдың да рухани дүниесі қиябатында сайрап тұрғандай. Сегіз ішінен: - Жаны ізгі кісіге ұқсайды. Алды кең болар. Жанарынан мейірім себездегендей. – деп топшылады. Бір ерекшелігі – басында зүннара, иінінде мәлле, қолында таспиқ болса да, сопысынған мүләйім мінезден ада көрінді. Көз қарасы сергек, адамға қызыға, зерттей үңіледі.

Шыңғыс таныстырған соң-ақ көзін кең аша жадырай қалды да: - Бәрекелді, Сегіз серің осы ма еді? Бауырым екенсің ғой. Бәсе, бәсе керейден нағыз бағлан туған ұл екен. – деген сөзбен оң тізесінен орын беріп, - кәне жайғас, шырағым. Кең отырып сұхбаттасайық. – деп қасындағы ақсақалға – ысырыл- дегендей ишара жасады.

Шыңғыс: - Оу, қайсың барсың? Қымыз әкеліңдер, аңқасы кеуіп қалған болар балуандардың. – деп дауыстап еді, ыңғайлы бір жігіт керсенді ұстай ала тұра жөнелді.

Құрақ көрпеге малдас құрып жайғасқан Сегіздің бой-басына зер салған Қалқай: - Осы сен Баһрам батырдың ұлы емессің бе? Әкей марқұм Баһрамды ауызынан тастамаушы еді.

- Жайшылықта бір тоға, қой ауызынан шөп алмастың өзі. Ал енді ер қиналар, ат бұланар сын сағатта арыстанның жалына жармасар жүректі. Наркескенді ұршықтай үйіргенде, патшаның солдаты бөрі көрген кәндендей борбайын саталап қашқан. Шіркін, бар сарбаз Бәһрамдай болса бар ғой, ағаш оқпен-ақ солдатты жамсатар едік.- деп ерлігін дәттеген.

Сарбаз әкеңе тартып сен де балуанға түсіп жүр екенсің ғой. Мәһрамды жыққаның жыққан. Бұл да алаштың ұлы, қарақалпақ бізге туыс ел ғой. Тілі қазақтыкінен айнымайды, рулары да қазақтыкі. Тәшкен, Самарқанда күрескенде бұған төтеп берер балуан шыққан емес. Бақсам, әкеңе тартып туған ұл екенсің. Кекірлігің жоқ, аржайы мінез оғланға ұқсаттым. – Қыз туса ердің ізі қалар, ұл туса ердің өзі қалар- демекші, Баһрамның ізі өшпепті. Балуандығың мынау, қару сілтеуден де кенде емес шығарсың, жарқыным? – деп көңілі толғандай, Сегізді топшысынан қағып қойып, сұраулы жүзбен қарай қалды.

Қыпша белді жылпос даяғашы жігіт ұсынған, сырлы зерен бірінді қымыздан ұрттап қана қойған Сегіз:

- Хазірет аға, балуанға түсе қоймаушы едім. Әншейін елдің намысын жібермейін деп белсенген түрім ғой. Жыға балуан тізе бүккен соң амал нешік. Өйтпегенде суырылып көзге түсер нем бар. – деп Шыңғысқа көз тастап қойды да, - әуесім ән, құрғаным серілік. Мәртебелі төреміздің бір ауыз сәлемімен келген түрім еді. Нияз атты серігім екеуміз бұл думанды ән-күймен өрнектейік деп едік. Өзіңіз сынды тақуаларға деп әкелген пайғамбар өмірінен қиссаларымыз да баршылық. – деп, сыпайы ғана жауаптасты.

Сегіздің аспай-саспай, байыппен сөйлеген мәнеріне сүйсінген Қалтай ішінен: - Бұл бір бөлек туған азамат екен-ау тани білген кісіге. Жер қозғалса тебіренбес мінезіне болайын сабаздың! Бие сауымындай қара терге малшынып әбден қаталап келсе де, сыпайылығына бағып сусыннан бір-ақ мәрте ұрттап ауыз тигені тектілік-ау осы. Балуандығын еш бадырайтпай мақтаннан қашқанын айтсаңшы. Қиссаларды жатқа білетіндігін салған жерден паш етіп, қара күшін місе тұтпағаны өресінің биіктігі де. Әнші өнерпаздар ұзақ қиссаларды жаттауға салғырт келеді көбінесе. Бұл да зейінінің алғырлығы-ау. – деп тұжырып та үлгірді.

Сегізге: - Сарық басар болсын, мына сусынды сіміріп ал, жарқыным. – деп рай бере тіл қатты да, аз ойланып, - Сегіз деп

өнеріне бола қойыпты деп есіткем ныспыңды. Бұл лакап есім екен. Ал енді азан шақырып қойған намың кім болады? – деп сауал жолдады.

- Атамыз Шакшак, пайғамбар рауаяттарына ислам тарихына жетік кісі еді, жарықтық. Сол бабамның қойған аты Мұхаммед Қанапия болатын. Қалша жасымда Сегіз деп атап кеткен жеңгелерім мен ағайын-анжым еді. – бетінде майы көлкіген кымызды дембіл-дембіл ұрттаған Сегіз, - әлі де сұрарыңыз бар ма? – деген кісіше зеренді коя тұрып, кестелі сүлгімен ауызын сүртті.

Алайда Қалкай енді кайтып жігітті мазаламады. Шыңғыска жалт карап: - Төрем, сіздің әулет анау жаңа туған шакалакка ат койып бер деп колка салып еді. Соның орайы келіп калды білем. Өзіңіз патша ұлығы болсаңыз да дінің мұсылман. Пайғамбарымыздың күйеу баласы, әрі әскерін баскарған сардары Әзірет Әлінің үшінші ұлы Мұхаммед Қанапия деген хазірет өткен сол бір дәуірде. Әзірет Әлі Қанапия патшайымды күресіп жеңіп, үйленіп, содан туған ұлды Мұхаммед Қанапия деп атайды. Қанапия Ғирак еліндегі Рум атты каласының патшайымы екен. Аса күшті әйел болса керек. Күрескенде еркек кіндіктіні шыдатпапты.

Мына Сегіз ініміздің де азан шакырып койған макабасы сол екен. Шілдеханаға кудай айдап келіп кайратын паш етті ел алдында. Осы серіміз сиякты сегіз кырлы бір сырлы болып жетілсе кәнекей, анау жауказын нәресте. Олай болса, құп көрсең, ат ұстардың намы Мұхаммед Қанапия болсын. – деп, соны бір сөз шығарды.

Әншейінде кара казакты ак сүйектен кем көретін Шыңғыс, бұл ұсыныска жок дей алмады. Ойға калып: - Төре тұкымының тауы шағылған заманға кез болыппыз. Арпалыскан Кенесарының түрі анау. Қанша тірессе де ата коныстан ауып кетті. Жеңістен еш үміті жок, әншейін суға кеткен тал кармайдының кебі. Ағаш окпен зеңбірекке карсы шапкан құр далбаса. Төлеңгіттері өз казағымызды талап-тонап, әлімжеттік кылуда. Бұкараға жайсыз болса көпке барған ба билеуші? Менің сикым болса мынау. Ой өрісі тар біреулерге дәрежем аскар таудай көрінер. Ал енді шынтуайтка келсе, карғылы төбеттен айырмам кайсы? Ұлыкка жаксам жемімді береді де, жакпасам сөзге келместен кісендеп тескен тау асырар. Анау Ғұбайдолла туысканымызды айдаған сиякты. Төрені шопак құрлы көре ме екен кердең орыс. Сондық, ендігі ұрпағымызға әрі зерделі, әрі өнерлі болу керек. Табаны бұдырлы болмаса және күні каран.

Осы бар кабілет мына серіден табылған жок па? Бағлан туған ұлдың нағыз өзі. Соңына карулы солдаттар түссе де, каперіне алар тарпы жок. Ағы ак кызылы кызыл, кабак шытып кейіген кісің емес. Біреуге кеудесін бастырғанша өлуге бар. Дүниені сайран кылып өтетін нағыз сері осындай-ак болар. Мына арынымен ажалдан да

[illegible] ма екен. Олай болса, ырым қылып осы өнерпаздың есімін [illegible] қойсак несі айып. Және ауызы дуалы ишанның өзі [illegible] қылса, меселін қайтып қайтарайын. – деген қорытындыға [illegible] Сегізге бір Қалқаға бір карады да:

[illegible]рет-еке, сіздің аузыңыздан шыққан сөз былайғы құрапатка [illegible] емес пе? Азан шақырып өзіңіз қоярсыз есімін. Пәрменіңізге [illegible] [illegible]рмыз да. – деп келісе кетті де Сегізге көз төңкеріп, - ал, [illegible], дүбірлі тойға дөп келіпсің, қуанышымызға ортақ бол. [illegible]-сауықты өзің басқарып, өзің меңгер. Әнін алты қырдан [illegible] Нияз досың бар деп естідік. Осы екеуіңе міне төрім, әне [illegible]! – деп көтеріңкі леппен тіл катты да, өзін қошаметтей [illegible] қалың нөкер тобына назар қыдыртып, - үкіметтің [illegible]рмен егескен бір тентектік жасапсың, одан хабардармын. Ол [illegible] кам жеме. Ел ішінде бір тентек жүрмес пе демекші, арда [illegible]аматты жатқа берсек елдігіміз қайсы? Жас-желеңнің еркесі [illegible] камкор болуды парыз деп білемін. Маған қонақ екенсің, еш [illegible]ма. – деп нығырта тұжырды.

Шыңғыстың қошаметші тобы нақ осы сөзді күткендей-ақ:

[illegible] бәсе, алды кең ғой хан иемнің!

[illegible]діктен неге аттасын? Ұлықтан шен-шекпен иемденсе де, [illegible]тың камын жеп отыр-ау жарықтық.

Сері мен салды мандайымызға сиғызбасақ ұлт емес ұлтан [illegible]лымыз да. Талатып қойсын ба кәпірлерге.

Сары ала шені ұлыққа көз қылғаны ғой. Ұлтына қабырғасы [illegible]сады қашанда.

Астыртын Кенесарымен де хабарлас. Қалқай пірәдарды төріне [illegible]ызып күтіп жүр. Сегізбен де төс қағыса көрісті. Қарашасына [illegible] ашып, қанына тартпаса төрелігі кайсы. –

[illegible], жаксы-жайсаң атаулы естірте дауыстауда.

[illegible]айда Шыңғыс сендіре сөйлегенімен бір қонған соң-ақ, аттануға [illegible]айлады қос сері. Түні бойы жас-желеңді басқарып, алты-бақан [illegible]нда ойын-сауық ұйымдастырып, ара-тұра ән шырқап салып [illegible]лыкка кенелген болатын. Таңға бір ұйқы қалғанда, қонақ үйде көз [illegible]рымын алып еді. Шәниіп сиыр сәскеге дейін ұйқы сілтейтін өз [illegible] емес, таң қылаң бере оянып кетті. Жуынып-шайнып бола [illegible]нде, даяғашы жігіт келіп:

- Хазірет-екең шайға шақырып жатыр. Анау тұрған боз үйде о кісі. [illegible], дөдегесі өрнекті алты канат үйді нұсқады.

- Мақұл, қазір-ақ жетеміз. – деп жауаптасқан жігіттер, жаяу салды.

Тойға жиылған халайықтың дені тарқапты. Қараша ауылдың [illegible]ындағы кермеде кешегі көп ат жоқ. Өз аттары сонадай жайылып [illegible]р. Кешегі Толарсақ бала түнде жолығып:

- Ағатайлар, аттарға алаң болмаңдар. Суытып отка жібердім. Тағы ата суатка апарармын. Қоржындағы жүктер біздің үйде сақтаулы деп кеткен.

Ағасы Тобық та қасында бірер жас-желең бар, іңір әлетінде жолыққан болатын. Мәһрамды жыққан соң Сегіздің даңқы даулы күні кауға тиген өрттей-ақ лаулай жөнелген. Онсыз да кішіпейіл Тобық көзі жыпылықтаған қалпы, Сегіздің қолын қос қолдай ұстап бір талайға дейін босатпаған.

- Сері екендеріңді қайдан білейін жазған басым? Киімдерің әлем-жәлем, ер-тұрмандарың күміс зерлі, әй осылар тегін кісі болмас, деп болжап едім. Бірақ, әрі кетсе мырза-шора болар деген ойда қалғам. Ал енді Мәһрамды жығып берді деген хабар жеткенде, көзім атыздай болғаны. Іле Сегіз серінің өзі екен деген ошар және дүңк етсін. – деп құлағы қалкиып, Сегіздің қолын салмақтағандай-ақ сілкілеп тұрып алған.

- Күтімдерің олқы сокса айыпқа бұйырма, серілерім. Бар мәзір жоқ жай демекші, бір білместік кетті не қылса да. – деп, ыржалақтай берген.

- О не дегенің, қайдағы айып? Қайта анау ақ үйлерден бұрын біздің елеген өзің емеспісің? Замандастар бір-біріне кіна артпас болар. – деп Сегіз иығынан құшақтай алып жұбатпаса, қолын жуық маңдай босатпас та еді.

Жыға балуанды әкелген қыпшақтар жағы Сегізге разы болып жорға мен кестелі каптал шапан сыйлаған.

– Намысты жібермедің. Сағым сынғанда демеп жіберіп кегімді әпердің. Мына бір болмашыны көптей көр. Шоныкты үйірлеп тартуға татитын шаһбаз екенсің, колда бары осы болды. Қайда жүрсең де тауаның шағылмасың, жаркыным. – деп шағыр көз, келбетті бір қария бейілдене сақал сипап, тілектестігін білдірген.

Алда ризасын айтқан Сегіз: - Ағасы, дүния-мал жинамаушы еді, мына Нияз екеуміз. Мұсылманшылық жолы деп, жұрттың тартуталағысын мұқтаждарға үлестіріп жүруші едік. Бұл сандақ пен шапанды алмай тұрып, осы ғадетімді білдіріп қояйын. – деп еді, карттың қасындағы сөмпектеу келген ұзын бойлы каба сақал:

- Ел көзінше бердік, ерік өзінде. Хан екі сөйлесе қара болғаны, қара екі сөйлесе қатын болғаны деген бар. Сырты түк іші бок бір тайға бола сөзімізді жұтсақ, карабет болғанымыз емес пе. – деп қыдыра жал, камыс құлақ сәйгүліктің шылбырын ұстата берген.

Семізден жараған сол дөненді Ниязбен ақылдасып, Тобыққа сыйлаған еді. – Ақ еден жігіт екенсің. Құрдастықтың белгісі болсын, ал мына құла жирен дөненді. Құйқылжытып топқа мінер ме екенсің. деп Нияз ұсынып еді, екі ду ете жанған бозбас капелімде ауызына сөз түспей аңырды да калды.

Бұл [illegible]ағпан сый бұйырады деген ой үш ұйықтаса түсіне де кірмесе [illegible] [illegible]шиген қалпы тұра берген. Нияз топшысынан мытып:

Не [illegible] ыбылжып тұрсың, оу қалқаң құлақ? Әлде такияңа тар [illegible] тұр ма мына олжаң? Кедейдің етегіне тары сепсең, сілкіп [illegible] [illegible]емекші, көткеншектеп тұрғаныңа жол болсын. – деп [illegible] [illegible]жап еді, есін жиған Тобық:

[illegible]ой, о не дегенің, замандас-ау! Шікірейетіндей мен кім едім [illegible]! Тұмырымда ат алмақ түгілі, біреуден жылы сөз естіп пе едім [illegible] Бұл жорғаны анау төре ауылы маған міңгізер деймісің. [illegible] [illegible]здерің кеткен соң ауыз салмай ма текешіктері? – деп, [illegible]ан қалпы жалынышты үнмен жәйын ұқтырған.

Бұ[illegible]асына Сегіз: - Ол жағын да ескерерміз. Бишікеш пен [illegible]ш[illegible]ш[illegible]ш[

- Іргелі елдің баласымын, кірме емес байырғымын. – деген үлгі көлденең тарта береді сабазың.

Ақсүйек ауылындағы жай-жапсар болса өзгешерек. Малшы жалшының еңсесі төмен, мінезі именшек. Төренің ең жаманынан таяқ жегенде қыңқ етпейді. Тұрмыс жағдайлары тым төмен, киімдері алды жұлба. Мырзалардың шылауында жүрген нөкерлері болмаса былайғы сауыншы мен малшылардың кигені желқом мен шокпы. Жолым үйлері қырық жамау.

- Бұндай да қорлық болады екен-ау. Адам баласы емес пе бұлар дағы. Малдарын бағып бар қара жұмысты атқарып жүргендері қайда Тым құрығанда жібі түзу киім кигізіп, үйін бүтіндеуге қигіз берсейші - деген ойға қалып, іштей тіксініп те қалған Сегіз.

Енді міне ишанның шақыруымен келе жатып, сол Тобық құрдасын тапсырмақ. Бір көрген жігіт болса да, қол ұшын бермей болмас. – деген байлауға нық келіп, Шыңғыстың өзіне қолқа салмақшы. Осы оймен келе жатқанда, - ана жаққа көз салшы, - деген Нияздың үні елең еткізді

Қатарласып келе жатқан досы ақ үйдің ақ үйдің көлеңке тұсын иек қаға нұсқады. Бөстектің үстінде жамбастап жатқан әскери киімді әлдебіреу екен. Қызыл жолақты шалбары мен қоқырайған картузына қарағанда казачий сияқты. Белінде қылыш, тай тері бөстектің қабатынан мылтықтың ұңғысы қылтияды. Ала көзімен Нияз екеуіне қарап та қойды Сүрепеті сұсты, шұқшия қадалғаны өңменіңнен өткендей.

Қолқа тұсы шым етсе де, сыр бермеуге тырысып: - Шыңғыстың күтетін сақшы солдат болар. Аға сұлтанның оқ қағар қызметшілері ретінде бірер солдат бар демеп пе еді, алтыбақандағы жастар Шыңғыстың құзырынан асып не қирата қояр дейсің. – деп бейбітшілікке сала берді.

Нияз басын бір изеп қойып үндей қойған жоқ. Ұйқысы қанбағанның салдары болар, көзі талаулай ісіңкіреп кетіпті.

- Менің де сықпытым қай бір оңып тұр дейсің? Дауысым да қарлығыңқырап қалған ба қалай. Қаумалаған жас-желең қайта-қайта қолқа салған соң, өңешті қайтып аярсың. – осы оймен сықырлауықты ашып, табалдырықтан аттай берді.

Меймандарға арналған боз үйде артық жасау жоқ. Әйтсе де барының өзі көздің жауын алғандай. Кіріп келгенде-ақ көзге түсетін аса көлемді қалы кілем. Табалдырықтан төрге дейін іргелерді түгел қамти жайылып жатыр. Құрақ емес тұтас екені ою-өрнегінің сүретінен аңғарылады. Түсі сөлді, өрнектері аса көркем, тотының қанатындай құлпырып-ақ тұр.

Қақ төрде құс жастықты қолтықтай Қалқай жамбастап жатыр, оң жағында малдас құрып Шыңғыс жайғасыпты. Дастарханда шайдың жемі, алдарында зерен толы қымыз. Кіре беріс тұста күміс шытыралы

[illegible] біншек шай құйып отыр, басын ақ шытпен таңып алған [illegible] жігіт құлаштап қымыз сапыруда. Ірге түрулі, үйдің іші әрі [illegible] әрі салқын. Сары тегештегі көпіршіген түнемелдің иісі [illegible] тапауға ұрды. Шыңғыс пен ишанның қасынан арылмайтын [illegible] жиналып үлгірмесе керек, даңғарадай үй оңаша. [illegible] басында ақ топы, иінінде жеңіл бешпет, Шыңғыс та [illegible] шелін кимей, жейдешең ғана отыр. Әскери киімінен бойында [illegible] шұға шалбары ғана, қызыл жолақ лампасты бұл [illegible] балағын мәсі конышының сыртынан жіберіпті.

[illegible] бере кірген жігіттерге: - Ал, жайғаса беріңдер, әдейі ертерек [illegible] өздеріңді көп ұйықтатпай. Сәске ауа кісі-кара көбейіп кетер, [illegible] сөйлесіп алайық та. – деп өз қасынан орын ұсынып, - ас [illegible] меймандарға – деп, қызметші жігітке ым қақты.

[illegible] қылдырықтай ыңғайлы жігіт бұл бұйрықты күтпей-ақ, сырлы [illegible] бірінді қымызды кос колдап ұсына берген.

Мінекейіңіз, - деп өтіл ырымын істеген Сегіздерге, - бұйырсын! – [illegible] қаққан Қалкай:

Бірекелді, бауырларым, әндерің жарасқан екен. – деген сөзбен, [illegible] ыңдағы алкызыл тысты тоқ бүйір жастықты умаждап койды. – [illegible] ұл туса ағашка күн туады деген сөз болушы еді, баксам кол [illegible] тапа емес, әнге де шебер екенсіңдер. Қайсы бір заржақтарды бір [illegible] беріп жырлатып, жүз теңге беріп тия алмаушы еді халайық. [illegible] болса еш дамыл тапқызбай кайта-кайта айткыза берді-ау мына [illegible] ерің накысты екен. Түні бойы кірпік какпастан тыңдап жаттым.

Сыр елі жыр елі ғой. Шеттерінен әнші, шеттерінен мұкамшы [illegible] келеді ол жак. Тіпті құм шағылдың өзі гуілдеп әуез шығарады [illegible] Ой бірак соңда да Арканың әнін сағынады екенсің. Ата мекен [illegible] жакта болған соң ба, бетегелі белді, шыркап салған әнді іздейді [illegible]. – бәсең үнмен сөйлеген Қалкайдың кең маңдайлы келбетті [illegible] бірер сәтке мұң көлеңкесі шалған сияктанды. Қысықтау келген [illegible] көздеріңде әлде бір сағыныштың елесі көрінгендей ме калай.

Нияз екеуің бауырым екенсіңдер. Бастарыңа күн туғанын да [illegible]. Патша ғаскері іздеріңе түскен көрінеді. Бұл жауыздардың [illegible] ұзын ғой. Бұйрық түскен соң індетпей коймас. Сондық, сонау [illegible] бойына бағдар түзесеңдер дұрыс болар. Ол жак та өз кандасың. [illegible] іздеп келген ағайынды сыртка тепкен емес Сыр елі. Дарияның [illegible] саласы Қараөзек деген өзен бойында, Қоскорған маңында жүз [illegible] ырактай керейлер отыр. Біздің әкейге еріп барған ағайын ғой.

Ахунның ағайындары – деп маңайдағы елдер сыйлап, бір [illegible] еткен емес. –Ахун- дегендері ұстаз, пір деген мағынаны [illegible] біліреді. Сол ағайынға барып паналарсың сөз басылғанша. Басты [illegible] мдарға тіл-хат жазып беремін. Ол жак орыс ыкпалынан аман,

құдайға шүкір. Ертеңгі күн бір аллаға мәлім ғой, ал енді дәл қазір Қоқандықтар орысқа төтеп беріп тұр. Бар міні – қазаққа [illegible] батырады баз-базда. Мұсылман деп мүсіркеу жоқ, әлімжеттік қылады кей найсаптары. Алауыздықтың дерті ғой біздің түбімізге жетпеу Ғазауат деп бар мұсылманды біріктірудің орнына, бауыр [illegible] тонап жүр Қоқанның бектері. Түрікпен бар, өзбек пен қырғыз қазақпен қарақалпақ қосылып бір жағадан бас шығарса қәнекей!

Бұлар әлі орыс қаруының шама-шарқын білмей тұр ау Кенесарыны ығыстырған орыс Қоқандықтардан қаймықсын ба. Орыс зеңбірегі мен мылтығынан хабардар Омбыда әскери оқуды тәмәмдаған мына Шыңғыс қой. Өздерің де шет жағасын көріп келдің Сол білгеніңді айта бар күнгейдегі милләтқа. Қоқанның [illegible] жинайтын жидашыларына да дәттерсің көрген-білгеніңді. Момын шаруаларға шеңгел батыра бермей, мұсылманмын деген қауымды жұмылдырсын. Сан алуан ұлт бір тудың астында шоғырланса бәлкім төтеп берерміз мына қара нор кәпірге. – деп кеңесін тұжырды

Сөзін бәсең үнмен бастап еді, сөйлей келе дауысы қатайып күйінген бір сарын араласты лебізіне. Сірә өзі талай толғанған мәсе болу керек, қабағын түйіп ашына сөйледі.

Патша құзырына ап-ашық қарсылық білдірген насихат Шыңғыстың құлағына жақпаған сияқты, кипақтаған сыңай аңғартып сұхбат барысын басқа арнаға бұра берді:

- Пірәдардың Сыр бойына барып паналаңдар деген ақылы жөн-ақ, жігіттер. Аға-сұлтан біткенге өздерің жайлы үкілі поштамен арнайы нұсқау кеткен. – Үкіметке қылмысты, дереу тұтқындалсын, қарсыласса аянбай қару жұмсаңдар. – деп урядник пен старшын атаулыға бұйрық да берілді. Соңдарыннан қуа шыққан жасақ және бар. Сондық, орыс билігі жетер жерден жылыстау керек бас аманда деп ныгызси бастап, бозбастарға назыр қыдыртып өтті.

Жүзі салмақты, қас-қабағында тіпті сыз табы да аңғарылғандай Бұйрық беріп дағдыланған шен иесі екені көзге ұрып-ақ тұр.

Қымызды дәмін ала, баппен сіміріп отырған Сегіз ішінен: - Ал уақыт ішінде мұнша өзгере қояды екен-ау адам деген. Омбыда тау көргенде де мейілінше сібер еді, енді мүлде кеудесіне нан піскендей күпсіп отырған түрі мынау. Үкімет берген шен мен дәреже кеуілінс жел бітіріп, мастанған түрі-ау саппастың. Осыларды бұзатын өзіміздің жақсылардың жампаң мінезі емей немене. Кешегі қасындағы би мен ақсақалдар – ләппай, тақсырлап- отырған жоқ па еді, әр сөзіне шыбындаған жылқыдай бас шұлғып. Осы бетпен кете берсек, ел мінезі не болмақ? Қала ұлығы берген шенге таласып, адамгершілікті белден басамыз ба? Үкімет берген дәреженің ызбары болып тұр-ау. Қолдағы билігі жазықсыз кісіні абақтыға айдатса, момын көпшілік бүгежектемей қайтсын. – деген ойға қалған.

[illegible] кабағына сұс жия өзінше үрейлендірмек болса да, [illegible] алған жоқ. Шешінген судан тайынбас демекші, қуғын-[illegible] қаупайласа әу баста бұндай қимылға басар ма еді. [illegible] домбытпасы емес, Қалқайдың ұсынысы қызықтырды. [illegible] ұшыры жүрмейтін ұлыстың жай-жапсары нешік екен? [illegible] мінез-құлқы қандай? Пәсейіп қалғаннан сау ма? Ел [illegible] жақсылары күлтек мінезден ада ма? Қоқандықтардың [illegible] нешік? Қалқайдың кеңесін ой елегінен өткізген соң, осы [illegible] жалдарға жауап іздемекке бекінді.

[illegible] өз ескертулері пәлендей әсер етпегенін аңғарған Шыңғыс, [illegible] сыңай танытып лебізін жұмсарта сөйледі:

[illegible] мынандай той-томалақ үстінде қара аспанды төндіргенім [illegible] жігіттер. Жақсы лепес жарым ырыс демекші, кеуіл [illegible] жайларды тілге тиек етейік те. – деп сәт ішінде құбылып, [illegible] сала берді.

[illegible] шешілгенен кезде лауазым тудырған тоңы жібіп, кәдуілгідей тең [illegible] мандастың қалпын табады екен.

Намысты жібермей қонақ балуанды тізе бүктіргенің бүктірген-ақ. [illegible] Нияз екеуің әніңді асырып, тойдың сәнің арттырдың. [illegible] мәжілісімді көркейттің. Орыста опера әншілері деген болады. [illegible] пағыз кәсіби өнерпаздар. Әуеде қалқитын әуезді – музыка-[illegible], сол музыканы қағазға нотамен жазады. Нота дегендері [illegible] әріптері. Сөзді қағазға әріппен түсірсе, әуен атаулыны дәл [illegible] нотамен кәдуілгідей қағазға түсіреді кәсіби әншілер. Сол [illegible] сәйкес шырқайтын опера әншілерін тыңдағаным бар. [illegible] ерінде мін жоқ-ау, шіркін, несін айтасың. Жаңылыс кеткен [illegible] нақыс болсайшы. Әйтсе де сол опера майталмандарын [illegible] бір әніңе алмас едім, маған салса. Ырғақтары мінсіз, [illegible] таза да зор болғанымен, әндерінде от жоқ. Жүрек отын [illegible] да. Нақыстың дәлдігін қуған шіркіндер, сезімді мүлде [illegible] мейтінін қайтерсің. Жанын салып айтпайды, шырқауында [illegible] ніс жоқ. Сырты сұлу болғанымен, жансыз қуыршақ зәліттес.

[illegible] енді екеуіңді тыңдасам, жаныңды жеп шырқайды екенсің. [illegible] кешкісін жақсы-жайсаң тобында болсын, түнде алтыбақан [illegible] болсын, барыңды сала, толғана айтқаныңа қайран қалғаным. [illegible] бір мың кісілік жиынның алдында ән салғандай-ақ, таусыла [illegible] кенің әншілік-ақ! Және бір сыншы құлақ қадағалап тұрғандай-[illegible] нақысын дәл келтіре айтқаныңа тәнті болдым, илансаңдар.

Мен төрелік айтсам, сонау ішкі Ресейде естіген опера әншілері [illegible] ерінімен саластырса, жіп есе алмас та. Тар сахнадағы әнші [illegible] ластағы тоты болса, біздің сал-серілер кең жазирада емін-еркін [illegible] үрлеп бұл-бұл дерсің. Шынайы өнерпаз әннің дәмін тұшынар болар,

алдымен. Қазақта кім көп, домбыраны безілдетіп айғайға басқан даракы заржақ көп. Қит етсе жүндей төпеп коя береді өлең сымағын Әннің қадірін кетіретін сол желбуаздар. Өздеріндей өнерпаз болса салдаман әнші сымақтар кор қылған әнді как төрден бір-ақ шығарар

Шабыттана сөйлеген Шыңғыс осы тұста сәл аялдап, самайынан шып-шып білінген терді сүлгімен құрғатып алды. Әлгіндегі сіресіп сықпыттың ізі де жоқ. Есті жанарынан ойлы шұғыла себездеп, ол кәдуілгідей нұрлана қалған.

Мына сөзі мен пейіліне аң-таң Сегіз де ойда. Кекір мырзаны жаңа бір қырынан таныққандай. – Адамзат баласының мінезі жұмбақ-ау тегінде Аксүйек неме былайғы жұртты көзге ілмейді деп түйіп едім, мына бір пікірі мүлде өзгеше ғой. Ағынан жарылып отыр-ау, бүкпе сақтамай Тағайынды азамат екен дегенмен. Өнер жөнінде сараптама айта білген кісі, адамгершілікке де табылар. Қатаңдық пен паңдық сырт тоны болса керек. Жап-жас басымен анандай лауазымға ие болған соң, жорта ызбарланады да. Өйтпесе, ел уысынан сусып кетер деген қауіпі шығар.

Олай болса анау маңдай соры бес елі Тобыктай міскінді тапсырып көрейін бұл шонжарға. Адамгершілігіне жүгінейін. – деп, түйіп қойды ішінен.

Шыңғыс болса аз дамылдап кеңесін желілей берді: - Қалы кілем жапқызған бір-бір нар тартсам да екеуіне, көп емес әсте. Бірақ сапарда жүрген жігітке нар мен кілем масыл болар. Сондық, екеуіне бір-бір сәйгүлік атап әзірлетіп қойғам. Шымкай макпал кара түсті, ай маңдай арғымақтар. Қалтар түлкі жағалы бір-бір торғын шапан және бар Өңіріне өрнек жүгірткен, капталы ақ зер нағыз сері шапандар. Көзімдей көріп киіп жүрерсіңдер. – деген сөзбен даяғашы жігітке ым какты.

Мырзаның кабағын аңдып отырған жігіт: - Хұп, таксыр! – деп оң колын омырауына коя басын иді де, зып беріп атып тұрып оң жак іргедегі сандыкты аша берді. Шыңғыс атаған шапандарды епті кимылмен алып шығып, жігіттер ауыз ашып үлгіргенше иыктарына жаба койды. Шынымен-ак сал-серілерге лайык киім екен, жағасы калтар түлкінің кара бурыл ұлпанынан, жағалай өңірі әлеміш ою-өрнек, топка киер киімнің нағыз өзі.

- Шынымды айтсам, әлдекашан арнайы тіктіріп койып едім. Осы кос сері бір келер деген долбар ғой баяғы. Сонау Омбыдағы мұз үстіндегі күресті көргенде, бір разы болғаным. Әндеріне де сыртыңнан тәнті едім. Енді міне жүздесудің сәті түсті. – деп бір кайырды да, жігіттер үндей коймаған соң, аз кідіріп, - калағаның болса айт, азаматтар, еш кымсынба. Сері-сылкымның бұйымтайын берер каукар бар, құдайға шүкір. Дәуірлеп тұрған кезімде беріп калайын да. – деп, өзінше шүленсіген болды.

Қалкай мұнысына: - Міне азамат! Абылай зүрриятының алды кең болар кашанда. Шашбауыңды көтеріп, мына тойды кан базар кылып

[illegible] жоқ па сабаздарың. Ел тұтқасы жақсының ас та төк [illegible]ғы жарасымды да. Бұл бергенің ертең-ақ қырық рулы елге [illegible]тер. – деп, көпшік тастай қостады.

[illegible]тер болса алғыс айтуға асыға қойған жоқ. Иығындағы қалтар [illegible] шапанды шешіп тізесіне қойған Сегіз, ойланып барып Шыңғыска назар тіктеді.

Бұйымтай дедіңіз бе, тақсыр-еке? Бұйымтайым бар-ау, оны бере [illegible]тек. – деп миығынан күліп қойып, сынағандай кейіппен қарай [illegible]

Ұлсаңшы енді бұлданбай. Отаулы қыз сұрамақтың қай жағысың [illegible] Атығай мен Қарауыл бабама отаулап алты қыз сыйлап еді [illegible]да. Бір шүйкебас әпере алмас деймісің серіге? – Шыңғыс [illegible] көтере, бастырмалата жауаптасып езу тартты.

[illegible]-е, төрем, өзгеге қолқа салсам да, шөпжелкені сұрамаспын [illegible]. Сұрағаным өлі-тірі емес, қолқа салғаным оң қабағың мен [illegible]ңіз. – Сегіз сәл кідіріп салмақты нысайға мінді де, әр сөзін [illegible] сойлей берді.

Малшы-құлшыңызда Тобық деген бір бозбас бар екен. Заты [illegible] болса керек. Біз ауылға елеусіз бір жолаушы болып түскенде, [illegible] тосып құрақ ұша күтіп алып еді. Ауызын ашса жүрегі көрінетін [illegible]ған аккөңіл екен. Сол бозбастың ықласына риза болып, бір [illegible]тар байлап едім. Жығаны әкелген қыпшақтардың тартуы ғой. Өз [illegible]лымның енін салып өз қолымнан бердім. Сол бергенімді өзіңізге [illegible] қағыс қылған түрім ғой, мырза. Ертең көзім кеткен соң, омырау [illegible] біреу-міреулер қиянат қылып сол қыдыра жалын алып [illegible]масын деген қолқам дағы.

Голарсақ деген інісі бар екен, ол да бір аржайы мінез жеткіншек [illegible]неді. Жаны-құты қалмай бізді күтті әйтеуір. Сол қос міскінге [illegible]мқор болсаңыз екен, тақсыр-еке. Бұлт тіреген зау бәйтеректің [illegible]ғына біткен қос жапырақ рәуіштес екен бейбақтар. Қалтырауық [illegible]пырақка пана болмаса, зәулім бәйтерекке сын емес пе? Әуелі бір [illegible]пірім, содан соң өзіңізге тапсырдым осы екеуін. Қолқам осы-ақ, хан [illegible]м. – деп оң қолын омырауға апара, асқан ілтипатпен бас иді.

Одейі Шыңғыстың мәртебесін көтере, қолтығына дым бүрке [illegible]леп отыр. Өз қара басының қамына бола ғұмыры кішіреймес еді [illegible]ре алдында. Анау момындардың беделін көтеріп кетпек амалы еді [illegible] сөзі. Басын ашып, шегелеп тұрып Шыңғыстың өзіне тапсырып [illegible]тсе, кіріптар бозбастың жағдайы оңалар ма деген есебі.

Шыңғыска мына сөз мүлде тосын естілген сияқты. Таңырқаған [illegible]шы бөгеленде беріп, бірден жауап қайыра қойған жоқ. Санасында [illegible]ндей ойлар шарпысқаны өзіне ғана мәлім, ә дегенде қабағын [illegible]йіңкіреді де аз үнсіз отырған соң, жүзі жылып сала берді. Бұл [illegible]былысты аңғара қалған Қалқай жөткірініп тамақ қырнады да:

- Бабаң Абылайға адал қызмет қылған керейдің ұлы ғой бұл [illegible] Жорықта хан иеміздің туын ұстаған Тұрсынбай батыр шыккан [illegible] емес пе едік? Ол тарланның әлі де көзі тірі. Сол керейден [illegible] туған арыстандай жолы ерек азамат көрінеді бұл Сегіз. Бір [illegible] мүсіркегені нағыз мұылманшылық. Ендігісін өзің шеш, төрем. [illegible] касердің дуасы кабыл болады деуші еді халкың. Қашканнан [illegible] куғанның да сыйынары бір алла. Ұлық болған соң талайға [illegible] батыруға мәжбүрсің. Жәбір көргендердің обалы мойынында екен [illegible] мәлім. Есесіне бір мұктажды жарылкасаң, киямет кайымда тілеуш[illegible] тілемей ме? – деп Шыңғыска карай калды.

Құбажондатып, орағыта сөйлесе де Сегізді колдағаны ан-[illegible] Пірәдардың бұл пікірі көңіл безбенінің онсыз да ауыр тарткан жа[illegible] салмак косса керек, алдында тұрған кымыздан бір ұрттап қойып:

- Болсын, жігітім! Бердім тілегінді. Тобык пен әлгі інісін, [illegible] калай еді өзі күшіктің, Жұткыншак па Тілерсек пе, кабатыма [illegible] осы бастан. Сен берген атты міне берсін именбей. Бұл екеуш[illegible] көзімнің кырын салып жүрермін бұдан былай. – деп,тостаган[illegible] дастарханға коя, кымыз жұккан мұртын сүлгімен құрғатып, ой[illegible] коғамдағандай бөгеленде[illegible]п барып Сегізге және назар жыкты.

- Орысшадан хабарың бар деп есітем. Теріс жазуын тан[illegible] кітабына да үніліпсің. Сол орыста -гуманизм- деген ұғым бар[illegible] Қазакшаға тәржималасак, адамгершіліктің мағынасына келе[illegible] Сөйткен гуманизм, яки адамгершілік шынайы өнер адамына [illegible] Адамгершіліктен туған тебіреніс шығармашылыкка да аркау бол[illegible] керек. Анау «Назкоңыр» әнінді шығарғаның махабаттың әсер[illegible] Ғашыктык дегеніміз адамгершіліктің шыны мәнзелдес пе дедім[illegible] Біздің төленгіт, анау жарымаған Тобыкты мүсіркегенің де нағы[illegible] адамгершілік. Туғаның емес, жора-жолдас ия бастасың емес, айдаладағы бәз-біреу. Соңда да жаның ашып кабырған қайсалы[illegible] екен. Өйтпесең сері болармысың. – деп, кенет екі иінінен дем ал[illegible] көкірегін кере күрсінді де, ойлы пішінмен сөзін жалғай түсті.

- Ұлық болған соң катыгездікке бармауың мүмкін емес. Билік колда тұрған соң көзге шел бітіп, омырау мінез пайда болмак. Әлсізді тапа[illegible] өтесің. Құлшы-жалшы, малшы біткенге катал екенімді кайтып жасырайын. Баз-базда бұкараға да шеңгелім батып кетеді. Бұл мінімді көзіме айтып бетіме басар кісі болсайшы. Бабам Абылайдың міні[illegible] түзеп Бұкар жырау өткен екен заманында. Қаймыкпай сын тағыпты жарыктык. Осы күні болса, Бұкар сынды шындыкты бетке айтар ағлескер акындардың карасы өшкен білем. Бүгіңгілер болса жағымпаз, жампаң жырға әуес. Шонжарларды мадактап мұртын майламак өңшеп жылмаң. Жок-жітікке араша түскен сөзуар көрсемші.

[illegible] тура айтпасаң да, байғұска деген мына қамқорлығың маған [illegible] екенін мойындаймын. Мүсәпірге жаның ашымаса елдің [illegible] болмаса болмаса ер ме едің. Әділетті көксейді ғой жаны ізгі адам, әйтсе [illegible] жету қайда-а! Қоғамда әділет орнағанша әлі талай бастар [illegible] Ойлаңыз деп кеуде соққан орыстардың өзі дүйім қара бұқарасын [illegible] ұстап отырған түрі анау. Қарашекпен атаулысы «крепостной» [illegible] тіршілік хал кешуде. Сондай сорақылыққа белшеден баткан [illegible] шығыс халықтарына мән үйретпек. – Озық үлгі, өркениет [illegible] ұратаналарға- деп өзеурейтінін қайтерсің. –

Шоңғыс кеңесін бір қайырып, өзіне қадала қарап отырған [illegible] назар жүгіртіп өтті. Жүзі салмақты болса да, есті көздерде [illegible] бар сияқты. Бейне бір: - Е-е, қонақтарым, мені жадағай [illegible] білесіңдер-ау іштеріннен. Бұтына толған ұлық деп [illegible] бесенеден белгілі. Әйтсе де іш пікірімді қайдан [illegible] серілерім? Оқымыстының қатпар-қатпар сырына бойлау [illegible] мен сауық қуған шикі өкпелерге! – деп келемеждегендей.

[illegible] ойланып кідірген соң, сөзін және жалғай түсті. Ендігі мәслихаты [illegible] жадағай емеспін- деген ойын дәлелдемек болғандай.

Бастыпқа салсақ осы күнгі қоғам әділет ауылынан тым алшақ [illegible]. Мен Омбыда Еуропаның білімін алдым деп күпсінемін [illegible] Еуропа болса Ресейге үлгі-өнеге таратып бағуда. - [illegible] университеттерім бар, дамыған өнеркәсібім бар- деп батыс [illegible] кекірейеді. Болсын-ақ. Ал енді сарапқа салса, өздерінің [illegible] шыли әлімжеттік. Ағылшындар қара нәсілді зәңгілерді [illegible]. Американың байырғы үндістерін еш аяусыз қырып салды. [illegible] күші жеткен елдерді бағындырып, күнгей жақтан Бұқара [illegible] такап та қалды осы күн. Оларға Ресей оңайлықпен бере [illegible] іргелес елдерді? Қазақты бағындырып болған соң, теріскей [illegible] орыс-екең де Қокан мен Бұқараға шеңгел салмақ. Күші басым [illegible] осал елдерді обып жаткан катыгез заман да. Бұл жұмыр [illegible] бетінде әділет орнауға әлі қайда-а! Бәлкім ғұмыры [illegible] майтын да шығар. О да ғажап емес. –

Шыңғыс осы тұста үнсіз қалып, Сегізге назар тіктеді. Оң қабағын [illegible] көтеріп жігітті жаңа көргендей-ак зерттей үңілуде. Ден коя [illegible] Сегіз болса, ибалық сақтап – тесірейе қарағаным әбес [illegible] деген оймен көзін әкете қойды. Аз бөгеліп айташағын сайласа [illegible]. Шыңғыс және сөйлей бастады:

Қолеңгіттерімнің тұрмысы нашар дедің бе, серім, әлгі бір сөзінде? [illegible] теріс дей алмаймын-ау, замандас. Десек те, бұл да замана [illegible]сі. Атасы осы ауылға шаңырақ түйеге мініп келген құл болып келіп [illegible] жазықты емес әрине, бұл сорлы. Бұл да адам, бұл да теңдікті [illegible] шығар. Көзім ашық, озық білім алған мен түсінемін бұ

әділетсіздікті. Солай бола тұра, қалыптасып қалған үрдісті бұзу қайда! Атам заманнан сіресіп қалған ғадеттің тұтқынымыз дағы. Бұл құрсауды бұзғанша әлі талай ұрпақ ауысар. Ал енді осы әділетсіздікті шариғат қайтып түсіндіреді екен? Алып-қосарыңыз бар ма, пірадар еке? – деп, сол аяғын кенет ишанға бұрып жіберді.

Сұрақ оқыс болса да, Қалқай пәлендей тосыла қойған жоқ. Отырған жерінде қопаңдап қойып, шоқша сақалын уқалаңқырап сол ойланды да:

- Нендей сауал болса да шарғыға жүгінген мақұл ғой, төрем. Исламият жолын тұтынса қайтып адассын мүмин? – деп бастап, қолындағы таспығын бешпетінің қалтасына салып қойып, кеңесін өрбіте түсті. Сөйлеу мәнері байыпты, сөзді сараптап, асықпай әңгіме шертеді екен.

- Әлгі өзің айтқан әділетсіздік атаулы жасаған иеміздің жіберген сыны болар, милай білген кісіге. Бір мүмінді жарлы-жақыбай, күн құтан қылып жаратып сынайды екен пәруәрдігәр. – Төзе біле ме, нәубетке, жаратқанға налымай ма? – деген амалы емей немене.

Ал енді бәз біреуді шонжар-шорман, бай-манап қылып жаратып сынайды. Байлықты, билікті көтере алар ма екен, сараңсып ия тәкәппарсып кетпес пе екен деп, байқап тұрады сонау ғайыптан. Ертең-ақ қиямет қайымда пенденің бар есебі алынбақ. Бұл пәни бір-ақ сәттік қой көшелі кісіге. Мәңгілік тұрағымыз о дүние ғана. Сол бір сәттік қызыққа алданып кетсе, мәңгілік ұшпақтан құр қалмақ пенде. Құй есепсіз бай, құй жер жиһанды билеген падиша болсын, пайғамбар сілтеген жолды тұтынбаса, ұжмақ рахатынан қағылмақ кісі атаулы. Бұл жалғанның бар михнаты сын ғана. Сынға төзе білу керек.

Мына орыс мұсылман елдерді тізе бүктірген екен. Тіпті сонау Ақмешіт, Түркістанға да аранын ашып жүр. Ал енді ой елегінен өткізсек, бұл да жіберген сын емес пе? Бес уақыт намазын қаза қылған шалағай мүминдер аз болып па? Ораза ұстамай, молдалардың уағызын жүре тыңдағандар ше? – Бір молда жарты кісі, екі молда бір кісі; Өлімді жерде молда семіз, өлеңді жерде өгіз семіз; Ораза-намаз тоқтықта, тәлімсіген молданың сәлдесі қалар боқтықта. – деп, пірлерін келемеждей мақал шығарған қазақты қайтып дінге берік дерсің.

Осы шалағайлықтың кесірі ғой кәпірге алғызғаны. Жаратушы иемнің жіберген кәрі шығар. Халық жаппай намазға жығылды бар ғой, еш жау алмас еді іргемізді. Мұсылманшылығымыз кемшін. Тәухиттен жаңылдық. Дін жолын ідаятты қалтқысыз тұтынсақ, кәпірге қор болмас едік.

– Осы сөзбен Қалқай Сегіз бен Ниязға назар қыдыртып өтіп, - қос бауырым, сен екеуіңе де құлақ қағыс бұ насихатым. Кешеден бері байқап отырмын, намазға бір жығылған жоқсың. Жайнамаздарың да

[illegible] [illegible]ем. Бұл не жүгенсіздік? Сері екенмін-ау деп, сәждеден [illegible]сің мүлдем? Нәпіл намаздарыңды оқып тәубаға кел, [illegible]рларым. Екеуің де медіресе бітірген оқымысты екенсің. Ертең-ақ [illegible] құру нағыз қолың. Жастық желік әлі-ақ басылар. [illegible] ұжіпті ұмыт қылма. – деп, салмақ сала тұжырды.

[illegible] бәсең шыққанымен қатаңдау реңкі де жоқ емес. Сүрепеті де [illegible]на түскен. Ден коя тыңдап отырған Сегіз ішінен: - Тәлімсіген [illegible]зің де міниіп алдың-ау, пірәдар-еке. Басына сәлде орағандардың [illegible] жас-желеңді көрсе-ақ ақылгөйсіп бітетінін қайтерсің. – деген [illegible] үнсіз жымиып, қабақ астымен Ниязға көз тастап қойды.

[illegible]тасы да күлімсіреп бұған қарай қалған екен. Назарлары [illegible] ұғысты да қойды. Екеуі құран сүрелерін жатқа [illegible]ратқанымен, сәждеге бас тигізуді каперіне де алмапты. Тұла [illegible] кернеген, қылшылдаған жігіт басымен намазды ойласын ба. [illegible] ишанға сыр білдірген жоқ әрине. Қателіктерін мойындағандай- [illegible] қолдарын омырауға апара – жаздық, жаңылдық! – дегендей [illegible]шпен пірәдарға бас иіп қойды. Сүрепеттері моп-момақан. Ләппай [illegible]рлап, ұстаз алдында сызыла қалған максым дерсін.

Мұғәйім порымдарына көңілі толса керек, Қалқай нығызсып [illegible] тарата берді:

Мына дауыстарыңа тәнті болдым, шынымды айтсам. Әсіресе түн [illegible] алыска кетеді екен. Түннің тыныштығында дыбыс атаулы [illegible] түседі ғой. Содан болар, алтыбақанда шырқаған әндерің тұп- [illegible] үй іргесінен шыққандай-ақ естілгені. Алты қырдан асатын дауыс [illegible], не қылса да. – деп бірер сәт үнсіз қалып маңызси жөткіріпі алды [illegible]гі айтпағым салмақты жәйт дегендей лебізін көтере сөйледі:

Бұл өнерлерің де хак зұлжалалдың сыйы. Сондық, бұйымтайым [illegible] Бұйымтай емес-ау, тапсырма, тіпті бұйрық десе де әбден [illegible]лайы. Ертеңгісін азан шақырып мәзін міндетін атқарып беріңдер, [illegible]рактарым. Анандай дауыстарыңмен қыз-қырқынға әкәку-сәкәку ән [illegible] кор болып жүр екенсіндер. Жел өкпе жастар қызығыңды [illegible]ргенше, тоқтаулы үлкендер естісін. Қирағаттап тұрып, нәшін [illegible]тіре азан шақырасыңдар кезектесіп. Бұндай сұлу дауыстың иесі – [illegible]тім-талдым- деп көрінген шөпжелкеге арнап өлең айтпай, қамат, [illegible]бірді нәшіне келтіре мәділесе керекті.

Әрі қолқам әрі бұйрығым осы, бауырларым. Құрапаттың жүрегін [illegible]жірете, жағымды нақышпен мақамдағаның нағыз мұстаһаб. Мәзін [illegible] алсаң сауапқа белшеннен батарсың әлі-ақ. – деп нығырта [illegible]жырды да, қалтасынан таспиғын шығарып тере бастады.

Бір істі тындырып тастағандай-ақ токмейілси қарайды. Жігіттерге [illegible]лса мына сөз мүлде тосын естілді. Мәзін болып азан шақыру деген [illegible] ұйықтаса түсіне кірер ме екен. Өз ара көз құйрықтарын жібере

ұғысты да, майда ғана жымиып қойды қос құрдас. Бұнысын ишара сездірмей бастарын тұқырта үнсіз отыр. Қалқай болса жаңағы ұсынысы жерде қалады-ау деген күдіктен мүлде ада сияқты. Осыны түйсінген Сегіз еңсесін тіктеп:

- Пірәдар-еке, бұл қолқаңыз біз үшін таудай мәртебе ғой, әрине. Сенім артканыңызға мың қайтара рахмет. – деп асқан ізетпен ақ қолын кеудесіне апара бас изеп қойды. – Ләкин, бұл құрметтен бас тартуға мәжбүрміз. Себебі, дәл қазір аттанбақ едік. Шілдехана сауығын атқарып бердік, енді бөгелер жөніміз жоқ. Берген бір үәдемі бар еді, жапсар бір елге жетіп сол үәдені орындауымыз керек.

Бұл бір болса, қамат, тәкбірді шарай топтың алдында мәділеуге әлі де емеспіз әлі. Намазға жығылып, парыз, үәжіпті ұстанып ідаят жолына түсейік біратола. Ниет тазарған соң азан шақырып жамағатты ұйытуға да жарап қалармыз. Ал енді дәл қазір батаңызды алып сонау күнгей бетке бағдар түземекпіз. Кәпірдің құзыры жүрмейтін милләтты таппақ ниетімі бар. Қаймағы бұзылмаған дін мұсылман қауымын іздеп барамыз. Осыған бата бере көріңіз, пірәдар. – деп қолын жайды.

Сері бұлай қиялап шығатынын әсте күтпеген Қалқай аңырды да қалды. Таспықтың тасын терген сырты түкті быртықтау саусақтары жыбырлауын кілт тоқтатып, қыбыр етер емес. Қапелімде ауызына сөз түспей бөгеліп отырғанда, кенет сұхбатқа Шыңғыс киілікті.

- Оу, қонақтарым, бұл не сөз? – деп таңырқағанын жасыра алмай қалт қарап, көзін алайта жорта ашулансыды да, дауысын шығарыңқырай сөйледі.

- Шұғыл аттанамын дегеніңе жол болсын! Жаман үйді қонақ билейді демекші, бұл қай басынғаның? Моллекеңнің қолқасында ісім жоқ, азанға қатыса алмасаң өз еркің. Ал енді осы үйден қонақ асы жемей дүміңді көтермейсің, меймандарым.

Сал-серінің сыбағасы бөлек болса керекті. Кешеден бері тіске басқандарың той жабдығына жұмсалған мал. Ал енді екеуіңе арнап шұжықтай семіз бір құлын сойғызып жатырмын ала таңнан. Ендігі қуырдағы да келіп қалар. Мың жерде сері болсаңдар да дәмнен үлкен емессің. Сол құлынның омырткасын мүжімей еш тапжылмайсың осы үйден. – деп шегелей тұжырды.

Бастырмалата келіп бозбастарға назар қадап еді, жас меймандар үндей қойған жоқ. Төренің ұтықты ұсынысын мойындаған кейіпте. Құлай кетпегенімен қарсы үәж айта алмай отыр. Жастарды ықтырып алдым деп түйсе керек, Шыңғыс лебізін жұмсартып:

- Шынтас ұлы Төрехан деген қиссаны бір естіп едім жолаушылап келе жатқанда. Аққиік атығайдың қарт жырауы айтып берген болатын. Оң қолының саусақтары боранда үсіп кетіп молақ болып қалған екен. Сол себептен домбыра шертуді қойыпты. Дауысы да бапты емес.

[illegible] тої, майланбаған арбадай қиқылдай ма керек, шиқылдай [illegible] ұзақты сарсылтты кәдуілгідей. Әйтсе де жадысы әлемет әлгі [illegible] Ғаеумет не бір ұзақ қиссаларды қаласа да, айтып берді-ау [illegible] Таңды таңға ұрып қирағаттағанда еш жаңылыссайшы. –

[illegible] тілге тиек қылған қарияны елестеткендей-ақ, таңдай қаға [illegible] қойды.

[illegible] Сол майталман Төрехан жайлы дастанды майын тамыза [illegible] еді. Ұнап қалды аталмыш қисса. Шығарған шайыры да [illegible] шебері екен, оқиғасы да мәнді. Бір әкеден өрбіген хан [illegible] таққа таласып, қиян кескі теке тіреске барыпты мыс. Әке [illegible] шешелері бөлек болған соң екі дай болып егеседі. Төрехан әрі [illegible] әрі кенже болғанымен, ірі шығып ағаларына дес бермейді. [illegible] ормегі былай тұрсын, қирата жеңеді қасқаң. Сондағы тектілігіне [illegible] қалған жерім, - түбі бір түтпейді – деген желеумен, құлағын [illegible] кессе де өлімге қимайды ағасын.

Міне даналық қайда жатыр! Халықтың даналығы да жырда көрініс [illegible] Ор киссаның оқиғасында бір шындық жатқаны мәлім. Сол [illegible] ықты өзегіне ала, дарынды ақын жыр шығарар. Дәмді сөзбен [illegible], үлгі болар жағын тәптіштеп жеткізер. Бағзы-бағзы заманда [illegible] оқиға әлі де өлмек емес. Адамзат қауымы бар болса, қайта-[illegible] жаңғырмақ. Оған айғақ – Кенесары екеуіміз. Екі туысқан екі [illegible] болып бөлінген сиқымыз мынау. Өжет қандасым шайқалып [illegible] бабамыздың тағын көксеп қидаласып жүр әнекей. Мен болсам [illegible] шы кәпірдің сойылын соғудамын. Сарыала шен иемденіп [illegible] түрім мынау. Қайсымыздікі жөн бір аллаға мәлім. – Шыңғыс [illegible] ын түйіп үнсіз қалды.

Жігіттерге қарап отырса да, өзімен өзі сұхбаттасқандай кейіпте. Аялы [illegible] көздерде мұң табы аңғарыла қалды. Әнтек түйілген қабағы кеуілдегі [illegible] шін айғақтағандай. Төреге таңырқай қараған Сегіз болса, ойға [illegible] ып отыр. Іштей Шыңғысқа бірер сауал да қойды. - Оңай кісі емессің-[illegible] тегінде. Сырты бүтін іші түтін біреумісің әлде? Былайғы жұрт сені [illegible] арты патша көріп дәреженді қызғанып та жүрген шығар.

- Мырғамға жеткеннің көкесі осы емей немене? Патшаның оң көзі [illegible] сұлтанның не арманы бар. – деп жүр-ау талай байшікеш. Ішің қан [illegible] ылағаныңды қайдан түйсінсін, қалың күндеуші. Өзі төре болып [illegible] мағаған қаймана қазақ ақсүйектердің мұн-мұктажын түсіне қояр ма [illegible] кен? Хандардың алғашқысы Шыңғыс болса, соңғысы да Шыңғыс [illegible] болар деген сөз бар еді. Хандардың түпкі бабасы Шыңғыс сағымға [illegible] дақ ілдіріп, жер жүзін оттай шарпып өтіп еді. Бүгінгі басқыншы Ресей мойындамаса да, даңқы әлемге кеткен әлдеқашан. Содан бері [illegible] оре тұқымының алтын шынжыры үзілмей келген. Желісі үш ғасырға [illegible] созылған үстемдік осал-оңтағай болсын ба. Шыңғыстың ұрқы: – Қара

казактың иесіміз – деп дәсіп еді. Енді міне аягы [illegible] құйымшактанып сұйылып бітуге айналғаны.

Кенесары канша дарынды сардар болғанымен [illegible] мемлекетпен каржасу кайда! Қанын торсыкка құйып алып со[illegible] [illegible] токырап тынары мәлім. Буынсыз жерге пышак ұрмас болар [illegible] болса, хандык дәуір де құрдымға кетті деген сөз. Бұл [illegible] шындыкты ауырлап жүр екен-ау мына Шыңғыс. Сыр бермейін [illegible] де, мұн кіреукесі шалған жанары бұл уайымына айғак. Құлдыра[illegible] себеп-салдарын да біліп отыр. Окыған көзі ашык кісі ғой. А[illegible] орданың так мұрагерлері өзара кидаласып, алып мемлекет[illegible] әлсіреткенінен хабардар әрине. Төрехан жайлы киссаны [illegible] сұрағанының себебі сол. –

Ойға шомған Сегізді Шыңғыстың жөткірінуі елең еткізді. Кай[illegible] шығарғанын аңғармай да калған екен, аға сұлтан домбыра ұстап отыр. Шанағы кырлы келген, үкісі бұлғактаған сәнді аспап. Әлгінде [illegible] уайым табы шалған пішіні көңілденейін депті. Сегізге карап:

- Осы не кылған тыкыл-таяң жүріс сенікі, жігітім? Кеңседе[illegible] кызметтен калып барамысың, ия болмаса көзі төрт болып кү[illegible] отырған катын-калаш, үйелмен-сүйелмен бала-шаған бар ма еді? деп әзіл ілді де, - атан өлсе сойылар, атам өлсе койылар – демекш[illegible] бар ісің оңалар рет-ретімен.

Мына домбыраны ал да баста Төреханның киссасын. Білетіні[illegible] зәредей шүбәм жок. Таңды таңға ұратын ұзын сүре дастан біткен[illegible] судыратканда, төрелер жөніндегі бір киссаны жаттаған боларсы[illegible] Құлынның еті ілезде піседі, піскенше айтып та боласың. – деген сөзбен, аспапты кос колымен ұсына берді.

Жүзі жайбарақат, кабағы ашык. Жұртты сескендірер лауазым иесі емес, кәдуілгідей конакка колка салған отағасы дерсің. Қалкай тәлімсіп бұйрык берсе, бұл замандастык жолымен базына білдіруде. Шонжарлығы, лауазымы болмаса, бұл да кылшылдаған жас, Сегізден пәлендей үлкен де емес кой. Бұлдаса, дәрежесін емес, бірер жас үлкендік ағалығын бұлдаған түрі бар. Ишан буынсыз жерге пышак ұрғандай окыс колка салса, бұл дастан термелет дейді. Сөз өнері куған сері-жырауға деген базынасы әбден кисынды. Оның үстіне батпандай тарту-таралғы атағаны және бар. Серілігін дәріптеп, хан көтере сыйлаған шүленнің меселін кайтып кайтарарсың?

Осы жәйттерді сәт ішінде пайымдаған сері: - Құп, төрем! Шама-шаркым келгенше Шынтас ұлы Төрехан хикаясын жадыңызда жаңғыртып бағайын. – деген сөзбен домбыраға кол соза берді...

***

5 тарау

СЫР ЕЛІНДЕ

1

[illegible] айының жуан ортасы, күзге салым кез. Қарқаралы [illegible] бұйраттарына жеткен Сегіз бен Нияз сар желдіріп келеді. [illegible] ақымында бозшұбар, жетегінде қан күрең. Нияз болса [illegible] күрең төбелімен келеді, қосарға алғаны ақ бақай торы. [illegible] шіпшақай түс, күн тымық, лүп еткен жел жоқ. Сарша тамыз бен [illegible] басы ыссы болып еді, айдың ортасы ауа күн суытайын деді. [illegible] лайық әрі мына салқын күнге қолайлы ықшам да жылы [illegible] Бастарында мауыты тыс көк бұйра бөрік, иіндерінде ысырма [illegible] жібек астарлы қоңыр түсті шапан. Бойларында серіліктен [illegible] күміс кісе мен көксауыр шоңқайма етіктер ғана. Құндыз [illegible] ерлі шапандарды жол жүргенде кие қоймайтын.

[illegible] жүргендегі әдетімен Нияз ыңылдап әндетіп келеді, Сегіз [illegible]із. Осындай оңашада, табиғат аясында ат үсті жүрісте ой [illegible] еді. Ия болмаса көңіл көтермекке әндетуді ұнататын. [illegible] өсең ғана шығарып, ат жүрісінің ырғағымен әуелеткен [illegible] шіркін! Бірақ дәл қазір Нияз ән бастаған соң, досын сыйлап [illegible] ғана келе жатыр. Танау астынан ыңылдап қана баяулатса да [illegible] салқын, сәл дымқылдау ауада лебізі ап-анық естіледі.

[illegible]дестің әндеткен етене таныс үні ой тербетуге еш кедергі емес. [illegible]ше, қай-қайдағыны еске түсіретіні де бар. Айнала табиғатпен де [illegible] тапқан, қоңыр ғана саз. Табиғат көрінісі болса, жүрген сайын [illegible]ып жаңа бір қырын ашып келеді. Бұлар сұғынған Қарқаралы [illegible]рі кіл бұйратты, қорым тасты екен. Кей тұстарда тектұрлар бой [illegible], кей алаңқайларда текше тастар қолмен қойғандай-ақ үйіле [illegible] Енді бір қолатта бұжыр қойтастар теңкие-теңкие жатыр. [illegible]ерді өрлей біткен қарағай мен щырша өз еліндегі орманды еске [illegible], тасқа тырмыса өскен қызыл қайыңдардың тұрпаты өзгешелеу. [illegible] жердің қайыңы аласалау келеді екен. Діңі де әрі жіңішкелеу, әрі [illegible]ақтау. Әтсе де күзгі сүреті әп-әдемі. Жазғы жасыл түсін жоғалтып, [illegible] мен қызғылтқа малынған жапырақтар еріксіз назар тартады. [illegible] орман бір келкі көк түсті болса, күз деген шебер сүретші қайың [illegible] терек біткенді бояп қойғандай. Түсін өзгертпеген қарағай мен [illegible]рша ғана. Жапырақтары селдір тарта бастаған қайыңдардың қасында [illegible]дағы қалпы, маңғаздана тұр.

Сегіз байқап келе жатқандай, таулы жердің жусанының иісі де [illegible]рмектеу сияқты. Көкшіл мүк басқан кей бір жұмыр тастардың [illegible]ымы да қызық. Барқытпен қаптаған сандық, ия текшелеп

жиналған жүк дерсің. Тау қойнауының мөп-мөлдір ауасы қымыз[illegible] жұтымды. Сарғыш тарткан күзгі шөптің лебі аңқып-ақ тұр. С[illegible] сызы бар ауаны сіміре жұткан Сегіз ішінен: - Мына колаттар кыс[illegible] қырауда мал тебіндетуге колайлы болар. Айнала коршаған шоқ[illegible] жел-құздан пана ғой. Ықтасынға үйірлеп жылқы айдап жібер[illegible] сыртынан көздеп жүре бер. Қолаттың мұрты бұзылмаған кауданы[illegible] бойы азық-ау тұяқты малға. – деген пікір түйіп те қойған.

Елден шыккалы не бір алуан сипатты өлкелерді көріп те к[illegible] Көрген сайын Сарыарканың кеңдігіне қайта-қайта таңыркай да т[illegible] Тактайдай жазық, көз ұшына дейін маңкия көсілген атыраптың [illegible] шегі жок сиякты. Не бір жалкы өскен ағаш, не бір төбешік болсайш[illegible] Төрт тарапка канша үңілсең де көз сүрінер бұдыр жок. Жолаушыны[illegible] көңілін құлазытатын дәйім бір келкі, сұркай бір көрініс. Бірак кор[illegible] канша көңіл жалыктырар болса да, жер құнары әлемет. Қанша жүр[illegible] де шымы тұтас жердің бозы тұнып тұрады. Суат табылса малдың н[illegible] өрісі. Суат іздеген елдер әрине өзен бойымен көшеді. Ірілі-ұсак[illegible] өзендер де баршылык екен. Есіл мен Нұра өзі алдына, Аманкарағай[illegible] шыккалы жолда Керегетас, Жабай, Бұрлық, Қылшакты, Шаға[illegible] сиякты ұсак өзендерден өтуге тура келді. Сарысу, Қарасу а[illegible] өзектерде тіпті есеп жок сиякты. Жиі ұшырасатын өзектер м[illegible] көлшүмектер аша тұякка да құйма тұякка да нағыз суат.

Оты мен суы мол болған соң, малдың басы өспей кайтсы[illegible] Жолдағы елдер шеттерінен мыңғыртып мал малданып жүргенге [illegible] көзі жетті. Қай ауылға аттың басын тіресе де, кан шығарып мал сойы[illegible] жаткандары. Қой сою дегенді шыбын кағып өлтірген құрлы көрс[illegible] десе де сиғандай. Қазанға какпыш салып күткен ауыл болған жо[illegible] әйтеуір. Асығыстау болып бір ауылға сокпай өтіп бара жатканд[illegible] куып жетіп кейіс білдіргендер де болған.

- Уа, дәмнен үлкенсіңдер ме? Неге карайламай кетіп барасы[illegible] Әлде өкпе-сакпаң бар ма еді? – деп, коярда коймай аттың басы[illegible] бұрғызып алатынын кайтерсің.

Бір кызығы – серілер келе жатыр- деген хабар бұлардан кашанд[illegible] озып жүр. Ұзын құлактың құдіретіне кос құрдас осы сапар үстінд[illegible] сан мәрте көз жеткізген болатын. Бұлар еш адамға тапсырып хабар-[illegible] ошар оздырмаса да, аттың басын тіреген кай ауыл болмасын:

- Е-е, Сегіз сері боламысың? Қасыңдағы дәу де болса Нияз сер[illegible] шығар. Қанды көйлек жолдасың. – деп акса́калы сәлемді алады да, - хош келдіңдер, өнерпаздар! Аттарыңызға каныкпыз. Жастар жағы э[illegible] есітеміз деп еленсіп те жүр әнекей. Ал жайғаса беріңдер төрге. деп, ак жаркын жүзбен оң тізесінен орын ұсынар еді.

Байыпка салса, бұл сынды конакжайлы мінез заңды да шығар. Жолаушысы тым сирек мына ұшы киырсыз медиен сахарада, алыстан

[illegible] жүргінші кадірлі болмағанда ше. Жолай көрген бар [illegible] жаңалығы мен мәліметін жеткізер хабаршы рәуіштес. [illegible] ұрлым ағыстан келе жатса сол құрлым кадірі де арта береді [illegible]. Ал енді ескілікті сөз білетін, тарих пен шежіреден [illegible] сұңғыла біреу болса, тіпті салмағы арта түспек. Әншіл[illegible] өнерпаздардың да каны жерге тамбайды ел ішінде. Әу[illegible] ауылда баршылық кой, ұялмағанның бәрі әнші демекші.

[illegible] ауыл арасынан ұзай коймай домбыра сабалайтындар бір [illegible] мен сері бір төбе әрине. Ел кыдырып өнер көрсеткен әнші [illegible] осы жолға түсетіні белгілі. Өнерін үнемі ұштап жетілдіреді [illegible] жеріндегі өнерпаздардан озык үлгі алып, өз өнерін [illegible] түседі. Серілікті құрған сайын дәйім ізденіс үстінде [illegible] өнерін кәсіби деңгейге жеткізеді. Осы касиеттері салған [illegible] ағарылады да. Өз елінен ұзап шыкпаған әнші мен сал-серінің [illegible] кер мен көктей болып, көзге ұрып тұратыны да содан. Өз [illegible] желөкпе мінезге басып, ауызы жабылмайтын әнші сымак, [illegible] топырда бүгежектеп калады әдетте. Жүздеген тіпті [illegible] кісі бас коскан ұлы дүбірді ұйыту үшін, алдымен зор дауыс [illegible] Шыркап салғанда лебізің кырдан аспаса, халайык тиышталып [illegible] түрмейді. Куатты болумен катар дауысың сұлу, әнің накысты [illegible] шарт. Өйтпеген күнде жиылған көпшіліктің үдесінен шыға [illegible]. Халайыктың құлак құрышын кандырып, ұйыта алмасаң, [illegible] тыңдамастан таркап кетуі де ғажап емес. Накысыңнан [illegible] шығып жатса, әнге сыншы үлкендер жағының біреуі:

Шырағым, әуенді бұзып жібердің. Әнеу бір тұсы келіңкіремейді [illegible]. Одан да коя тұрсаң кайтеді. Жас талапкерлер дұрыс үлгі ала [illegible] деп, ескертуден де тайынбас.

[illegible]ндык, ел аралап сері атанбакка, шаршы топтың алдына шығып [illegible]пекке өзіне өзі сенімді өнерпаз ғана бармак. Нияз екеуі болса ел [illegible]нен шыға біліп, тек алғыска бөленіп келеді. Серінің және бір [illegible] тұсы, ауылдағы үлкендер жағымен карым-катынас. Әр ауылдың [illegible] болады, әр атаның ажа атанған сөз ұстар басшылары бары [illegible]м. Кешкісін конакасыдан кейін, сол бас көтерерлер сөз тарта [illegible]йды әдетте. Келген конактың тамырын басып әр тараптан әңгіме [illegible]р. Білім деңгейің, окыған-токыгандыгың сыналар. Сегіз бұндайда да [illegible] беріп, сұхбаттастарды тәнті кылуға майталман. Әдептен асып [illegible]рылып сөйлей коймайды. Ал енді үлкендер сұрак койса, білгенін [illegible]кен де емес. Бала кезінен окыған кыруар әдебиеттің пайдасы тиеді [illegible] пайда. Тарихка жетіктігі өз алдына. Ұлттың бар тарихы ауыз [illegible]нетте жан-жакты сүреттелгенін кайтып білмесін. Батырлык [illegible]ндар, ғашыктык киссалар елдің өткен жолын айшыкты сөзбен баян [illegible]ны мәлім. Өз бабасы Қожаберген жырау шығарып кеткен « Елім[illegible] дастаны да бір ғасырлык тарихты паш еткендей.

Осы туындылардан хабары бар кісі, нендей қитұрқы сұрақ болсын сүріншін бе. Бұның шежіре мен тарихқа жүйріктігіне көзін жеткіпсі не бір маңғаз ақсақалдар:

- Жап-жас басыңмен мұнша білім қайтып жинап жүрсің? Жатырдан біліп туғанның қай жағысың өзің? – деп, қайран қалғаны бар.

Пайғамбардың соғыстарын дәттейтін қиссаларды әуелеткенде діндар карттар: - Шырағым, сенің қолың жел өкпе серілік емес молдалық екен-ау. Қоңыр қаздай қаңқылдаған мына әйбат лебізіңмен құран мәділегенің қандай сауап болар еді, шіркін! Пайғамбардың миғражға барғанын термелеткенде сай сүйегіміз сырқырап, бой балқып кеткенін қайтерсің. Сен, жарқыным, мына селтеңбай жүрісті қойып молдалық құр осы елде. Хатқа жүйрік оқымысты, құранды жатқа білер қари көрінесің, нағыз қолың сол. Алдыңа мал салып, қойыныңа қыз алып берейік. Осы елге тастай бытып судай сіңіп кетеріңе біз кепіл. – деп, баяғы Қалқай хазіреттің сөзін тірілтеді.

Қалқай демекші, сол бір дидарласуды ұмыта алар емес Сегіз. Мұсылманша оқуды көп қуған хазірет қой, бір білсе осы кісі білер деп, көптен бері көкейінде жүрген бір сауалды аттанар алдында жолдағаны бар.

- Пірадар-еке, айыпқа бұйырмассыз, ішті жегідей жеген бір сұрағым болатын. Он екі пәнді тәмәм қылған мүддәріс екенсіз, сол түйінді шешіп берсеңіз. – дегенде, езу тартқан Қалқай:

- Көп оқығаннан емес, көп токығаннан сұрасаң етті. – деп қасындағы Шыңғысқа көз тастады да, - әйтсе де сұрап көр. Мен тығырыққа тірелсем, мына орысша білім алған төреміз білгенін іркіп қалмас. Ал енді маған салса, оқымай-ақ ойдың маржанын таба білген не бір сұңғылалар бар-ау ел ішінде. Соның бірегейі Жанақ ақын ба дедім. Жалғыз атына қобызын теңдей жүріп-ақ, жақсы-жайсаңға не бір сын айтып жүр-ау қасқаң. Қанша кітап ақтарсам да, сол шайырдың ұшқыр ойына жете алмағаным. – деп, басын шайқаған.

Бұл сөзді жақтыра қоймаған Шыңғыс өңіне сыз жия тыжырынып: - Е-е, сол қаңғыбас ақындар не ой түюші еді? Бай-манапты мадихаттай күлтектеп жүріп, нәпақа айырып жүргендері. – деген сөзбен Сегізге назар қадады да, - ал сұрай бер, жігітім. Бозөкпенің қай бір мәнді сұрағы болушы еді? Қыз бен қымыз емес пе бозбас біткеннің аңдығаны? – деп мырс берген.

Үнінде анық кекесін бар. Бұнысын елемеген Сегіз: - Еріккеннің сөзі деп білсеңіз, сөге жамандамассыз, төрем. – деді де сабырлы кейіпін бұзбастан, - осы адам баласы бұ пәниге келеді екен. Хош. Қуанады, күйінеді, біреуді арбап алдаса енді біреуді жарылқайды екен. Отау құрып бала сүйеді, тұяқ қалдырады дегендей. Жалпы қауымды алсақ, ұлт пен ұлт тіресіп бірін бірі тұқыртумен әлек. Сайып келгенде, ғұмыр бойы жанталасып өтеді екен пенде.

Мынау сол жанталастың, күйбеңнің түп мағынасы қайсы? Не [illegible] әрекет? Мұрат-мұддаға бар ма тірлігімізде? Не үшін шыр [illegible] дүниеге келдік? Міне гәп қайда! Өмір сүргеніміздің пайда [illegible]? Түпкілікті мақсат қайсы? Адам баласы тектен тек келген [illegible] бұ жұмыр жердің жүзіне? – деп, Қалқай мен Шыңғыска [illegible] шыртып өткен.

[illegible] Шыңғыс еді. Ишанның жауабы мәлім ғой. Құран [illegible] ауытқысын ба пірәдар. Ал енді орыс оқуымен сусындаған [illegible] емек? Оқу болғанда, аксүйек нәсілі болған соң Шыңғыс [illegible] кіл оқымыстыларымен араласқаны белгілі. Сонау [illegible] білім алған ұстаздардың дәрісін көрген кісі. Сондық, не [illegible] екен деп, тамырын басып көрмек еді.

Мында Шыңғыс бірден сөйлей қоймады. Ойға шомғандағы [illegible] мен қасын керіп іркіліп қалды. Есесіне Қалқай кідірген жоқ. [illegible] қиқаң еткізіп, - әй баламысың! – деп келемеждегендей [illegible] міне:

Иә, сол да сөз болып па? Осындай болмашыға да бас қатыра ма [illegible] мүмин? Мұқтасар мен хадистерден бар жауапты табасың [illegible] не едім, бауырым. Тек иманың кәміл болсын. Бар жол-жора [illegible] тәсірінде. Тек құлшылық қылып бес парызды орындай біл. [illegible] пайғамбарымыз сілтеп кеткен сара жолдан таймасаң болды. Бөтен ой, [illegible] мүдік дегенді кой, інішек. Бұ тірліктің мұраты – хақ бұйрығына [illegible] мінісеуінуда. Сират көпірінен өте алсаң, бейіске жетіп мәңгілік рахатқа [illegible] несіз. Әлгі сауалының шешуі осы-ақ. – деп нығырта түйген.

Қалқай сөйлеп болған соң ғана Шыңғыс жауаптасуға ыңғай [illegible]. – Айтып болдың ба? – дегендей сұраулы жүзбен ишанға [illegible] қойып, Сегізге назар жықты. Кескіні салмақты. Ойын әлі де [illegible] болған жоқ сияқты. Сәл кідіріп барып тіл катты:

Пірәдардың уағыз-насихаты әбден дұрыс әрине. Лекин бұ мәселеге [illegible] бір данышпандар бас катырғаны да тарихтан мәлім. Грек елінде [illegible], Аристотель деген ғұламалар өткен екен. Шығысты алсақ Құн-[illegible], Лао-зы деген ойшылдар өмір сүріп, не бір соны ойларды түйсе [illegible]рек. Бұларды Еуропа ғылымы –пәлсапашылар- деп атайды. Түркі [illegible]мінің ойшылы деп Қорқыт бабаны білеміз. Әр ғұламаның өз [illegible]лсапасы болған көрінеді. Бір қызығы құрлықтың екі жағында, бір [illegible]ріне аса шалғай өмір сүрген ғұламалар ортақ пікірді ұстанған екен-ау.

Мысалы гректің Диоген деген данышпаны дүния ракатынан, [illegible]йлықтан мүлдем безіпті. Мал-мүккәмалды тәрк қылғаны соншалық, [illegible]інті үйді керек қылмай бір нән кеспекті баспана қылыпты пакырың. Мұсылманның дәруіштеріндей болып өткен ғой тегінде. Қытайдың Лао-цзысы да дүние жинаудан үзілді-кесілді бас тартқан. Осы пікірін [illegible]спет қылып та калдырған.

– Тірлік дегеніміз – азап. Азаптың себебі – қанағатсыздық. Азаптан құтыламын десең, барыңа қанағат қыл. – деп уағыз тарата жүрген Дүние деген сағым, жылтырағына алданба дегенді мегзеген түрі дағы

Біздің данышпанымыз болса – Қорқыт баба. Бұл абыз исі түрлі тілдес елдерге ортақ көрінеді. Халифа елі мен түрікпендер, Қаз тауындағы әзірбайжан милләты – Қорқыт дада- деп дәріптейді екен Қорқыттың артықшылығы – ой қинап, ұйқыдағы елді түртіп оятып беруінде. Дүйім халық еш алаңсыз ойнап-күліп қызыққа батып өмір сүрсе, ол бабамыз адамға берілген ғұмырдың тым келте екеніне налиды

– Ертең-ақ жоқ болсақ, онда кешкен ғұмырдан не пайда? Тән шіріп топыраққа айналғаны сұмдық емес пе? Бір өлген адам құрдымға жұтылып, ешқашан жарық дүниені қайтып көрмесі не қылған масқара? Ізсіз жоғалып кетсек, не үшін келдік бұл жаһанға? – деп алас ұрыпты ізденімпаз жан. Сол жат мінезімен көпшілікке құбыжық көрініп, ел жадында қалған ғой.

Сөйткен данышпандар анық жауап таба алмаған мәселені сен тірілттің-ау, жігітім. Аталмыш ойшылдар сонау көне замандарда өтіпті. Біздің пайғамбарымыз түгілі, Иса, Ыбырайымдар да тумаған кез. Шариғаттың уағызын пірәдарымыз жеткізді әлгінде. Пәлсапаға бой ұрғандардың ізденісі анау, ой толған күніреніп өтіпті. Қазақта да естілер баршылық, сарапқа салсақ. Кешегі Жиренше шешен, Асан қайғы, Бұхар жыраулардың өсиеттері қазына емес пе? Байдалы би мен Шал ақын ше? Сөзі түпсіз терең, тек бойлай біл.

Солай, жігітім. Ел аралап бара жатырсың мінекей. Ел ішінде не бір естілер бар-ау. Қайсы біреулер ғұмыр бақи кітап парақтаса да, оқығанын токи білмейді. Енді біреулер қой бағып жүріп-ақ ой тербеп, парасат иесі атанады. Тазша бала кейіпіндегі сұңғылалар бекерден бекер айтылған жоқ шығар ертегі мен қиссаларда. Әр ертегінің негізінде мысқалдай болса да шындық бар. Сондық, тазша телпеніп киген зейінділерді тани біл, серім. Сананды сарсылтқан сұрақтарға солар жауап берер бәлкім. – деп, ұзақ кеңесін қайырып еді.

Сол сәттегі Шыңғыстың кескіні естен кетсейші. Әдетте сыз қабақ кісі, кенет бала пішінді бола қалар ма. Жанарында жеткіншекке тән арманды бір ой ұшқыны ап-анық аңғарыла қалғаны. Сол сапар Шыңғыспен жақын танысып, сыр алысқан Сегіз. төренің мінезіне тәнті болып аттанған. Мінезінің алуан қыры бар жұмбақ жан екеніне көз жетіп, еш шүбәсы да қалмағандай. Ишанмен әңгіме-дүкен шерткенде нағыз діндар дерсің. Дүмді атқамінерлер бас қосқанда сүрепсіп мейілінше паң болып, қабақ бермей отырғанын көресің. Сөзге де сараң, пейілге де тар. Ал енді Нияз бар, үшеуі оңаша қалғанда, дидары ашық жарқын бола қалып, әңгіменің тиегін ағытады-ай келіп. Бір сөзінде:

- Хабарсыз кетпей, сәтін салса жолығып жүріндер. Уақыт өткен сонғы ұлықтың да кәрі қайтар. Сен екеуің болмасаң, шешіліп сөйлесер тең-тұс

[illegible] айналамда, иланса́ндар. Дәрежең зор болған соң жұрттың бәрі [illegible] пәнпай, тақсырлап- бас шұлғып жүргені. Кең отырып емін-[illegible] шертісер жан жоқ төңірегімде. – деп ағынан жарылған.

[illegible] сөзінің шындығына көзі де жеткен Сегіздің. Шыңғысты [illegible] кіл шонжарлар тек мадақ пен марапатты жаудырғанын [illegible]. Теріс ісін де, қатыгездігін де қолдайды-ау пәтшағарлар. [illegible] деген атымен жоқ. – Осылар бұзады-ау төрені. Кіл майпаз [illegible] жампаң сөзді шекшығарлар басшыны есіртпей қоймас. – деп [illegible] та қалған.

[illegible] Шыңғыс Жанақ ақынды бірер мәрте есіне алып еді. – Оқымаса [illegible] даңғыл, тоқығаны көп шайырдың нағыз ағлескері. Өжеттігі [illegible] басына жетерлік. Шонжарлардың бетіне де шындықты [illegible] айтып салады марқасқаң. Бірде мақтап, бірде даттап, [illegible] бауыздағанын құлақ естіген. Қоғамдағы әр құбылысқа өзіндік [illegible] бар. Не керек, іздеп жүріп сұхбаттасар бір дара кісі болса, дәл [illegible] айтар едім. Сөйлескен кісі тұнбаның тұнық суынан қана [illegible]. Дерегін естісең, сәлем бермей кетпе. – деп ескерткені бар.

[illegible] жетегіне еріп, өткенді еске салып келе жатқан Сегізді Нияздың [illegible] шалқан үні елең екізді. Әнді қойып:

[illegible], мына жануар не көрді? Жылқы бар ма еді маңайда? – деп, [illegible] тартқан жолдасы күреңді иегімен нұсқады.

[illegible]ығын карш-карш шайнаған күрең төбел құлақтарын [illegible], көзін сонау тұмсыққа тігіп тұр.

[illegible]тің бозшұбары да оқырана қалды. Бұл аттылыны сезгендегі [illegible]. Ойға шомып келе жатып байқамапты да, бір шоқыны айналып [illegible] алаңқайға шыға келген екен. Ат шаптырымдай тегіс жердің кей [illegible] теңбіл-теңбіл сасыр мен қараған өскен. Күнгей тұсында қара [illegible] шоқ қарағай көзге шалынса, қамшылар беттегі тау [illegible]ының етегі қалың қараған. Сол тұмсыққа құлағын тіге көз сүзіп [illegible] шұбар. Қадала қалғаны тегін емес екен. Нияздың оқыс сұрақпен [illegible] тартуы мұң екен, іле тұмсықтың тасасынан аттылар көрінді. [illegible] қағыса қатарласқан екі салт. Қолдарында бір-бір найза, сар [illegible] келеді. Жігіттерді көре салысымен аттың басын бері бұрды.

Мәссаған, бұлар кім болды? Түрлері жат, ұры-қары болмағай. – [illegible] үзеңгіні шірей көтеріліп, күн сала көз сүзді. Үнінде күдіктің [illegible] үрейдің де сарыны жоқ емес.

[illegible]ысына негіз де бар екен. Найзалылар екеу болмай шықты. [illegible] соң тұмсықтың тасасынан тізбектеле созылып және үшеу-[illegible] көрінді. Бұлардың соңын ала тағы бір шоғыры шыға келді. [illegible]-түйдегімен шығып, жиыны он-он бестей жігіт келе жатыр. [illegible] найза, кей біреулері сойыл сүйретіп келеді. Киімдері сұрқай [illegible], боріктерін баса киіп алған кіл сайдауыт жігіттер. Оқтаудай

жараған аттарының әбзелдерінде жылтырақ жоқ, әйтсе де [illegible] жүгендері, айыл-тартпалары сай екені көрініп тұр. Ауылдан [illegible] мал көздеген топ емес, ұзақ жортуылды машық қылған сырқыны[illegible] екені, жинақы порымдарынан аңғарылады. Үшеу-төртеуінің [illegible] аттары да бар. Жақындай бере еш тіл қатпастан Сегіздерді [illegible] коршап алды. Сүрепеттері сұсты, қос серіні көздерімен іш[illegible] барады. Пейілдері оң емес екені ап-анық.

Жүрек аткақтай жөнеліп, колка тұс мұздап коя берді. –Қап, [illegible] ай, кешегі ауылда кона салу керек еді. – деген өкініш те зу етті сана[illegible]

Қаракесек ішіндегі бошан ауылдары бұларды хан көтере кү[illegible] Апта бойы конак кылып, кимай-кимай жіберген. Соңғы [illegible] сауықтан соң, аттанар кезде елдің жас-желеңі:

- Қайда асығасыңдар? Бір жұмадан соң біздің ауылдар да [illegible] жылжиды. Бағытымыз күнгей жақ. Көшпен бірге жүрсендерш[illegible] бет сонау Ку тауына дейін елсіз. Ұры-карыға тап болармысың, [illegible] біледі? Сақтықта корлык жок демекші. – деп кайта-кайта ескер[illegible] әрең дегенде жіберген. Қонакжай, сауыкшыл елдің [illegible] қимағанымен, жол тым ұзақ. Күзгі жауын-шашынға дейін [illegible] бойына жетіп алған абзал. Аркадағы елдер канша мейман[illegible] болғанымен кауіп-катер көп. Қай ауылда болмасын, үш-төрт [illegible] бөгелсе жан ашыр жігіттер:

- Старшынның шабарманы тіміскілеп жүр. Өздерің жо[illegible] әлгінде казбалап сұрап кетті. – Омбыда солдатпен соғыскан Сегі[illegible] осы ма? Ұлықтан -көрген жерде ұстап кісендендер- деген [illegible] бұйрық бар. – деп кара аспанды төндіріп кеткен. Сак болғайсы[illegible] азаматтар. – деп, құлак кағыс кылады.

Хан Кене патша әскерімен соғысып жүрген кез, старшын сия[illegible] үкімет өкілдерінің құлағы кашанда түрік. Ошаң етіп шыккан [illegible] біреулер болса, аға сұлтанға дереу хабар оздырады. Кентті жер[illegible] мен орыс селендерінің маңынан атты әскер арылған [illegible] Старшыннан хабар жетсе-ак, мұздай каруланған казачилер дере[illegible] аттанып шығады. Сол себептен екі-үш күн конған ауылдан жылыс[illegible] кетуді жөн көреді кос құрдас.

Бірак, канша өкінгенімен болар іс болды,енді міне жат пиғылды топтың коршауында тұр Сегіз. Және бір әттегенайы – жарактануға [illegible] мұрша жок. Мына найзалылар тым тосын келіп калғандары, әйтпесе жетектегі аттың коржынында сауыт-сайман бар еді. Баска дулыға [illegible] иініне мұздай көбе киіп алар ма еді, шіркін! Қорамсакта каптаулы сар[illegible] садакты да алуға жер тар. Әттең капыда калғандары. Бұлан тері[illegible] саксыр да, тізені жауып тұратын калың коныш саптама да өз кезегі[illegible] күтіп, буулы-түюлі келеді канжығада. Енді міне тойға киер көксауыр етік пен, иінінде шапан ғана бар калпы, жат пиғылды топпен тіресуге мәжбур.

[illegible] шаруадан бары айбалта ғана. Үнемі тебіңгі қабатында [illegible] күретіпіне тәуба қайта. Бұл болмаса жалғыз қамшымен [illegible] Шетіне қорғасын жүгірткен қасқыр соғар дойыр да емес. Сері [illegible] ұстаптып шашақты, жез мойын, тобылғы сап алты өрме ғана [illegible]. Ендігі бар сенері айбалта мен өзінің қайраты. Нияздың [illegible] айбалта барын біледі. Онысын суырып алуға үлгіре ме [illegible] Не қылса да мына бейтаныстарды сөзбен алдарқатып көру [illegible] айтқанымен өз қазағы ғой, бәлкім үәжге токырар.

[illegible]мен алағызған көңілін орнықтырып бақты да, мейілінше [illegible]үнмен: - Мал-жан аман ба, азаматтар? Ат-көлігің аман [illegible] Ия, жол болсын? Сайланып шығыпсыз ғой кіл қару [illegible] Тыныштық па әйтеуір? – деп тіл қатты.

[illegible] ыңқаусып, бейбітшілікке сала сөйлеп тұр. Сұсты пішін [illegible] топтың алдында емес, кой бакқан шопанға кездесіп жөн [illegible] сұрағандай-ақ. Жүзі жайбарақат болса да ойы астаң-кестең. Дәл [illegible] сұрған екеуге зер сала үңіліп, асығыс ой қорытуда. Бұл топтың [illegible] анықтап алмақ әуелім. Сөз ұстайтын біреулері болу керек [illegible] Бұ топланып тұрғанда, әлгі екеуінің жалпақ бетті қарасы:

[illegible] ағы тыныштық? Орыспен соғысып жүрміз жанталасып. Хан [illegible] ауып кел деп жіберген жасақпыз. – деп гүжілдей тіл қатты [illegible] әй-шай жоқ, өзге сөзге келместен, - түс кәнекей аттан! Төрт [illegible] ресің дәл қазір. Тірі жіберсек, жаның олжа. Әйтпесе мына [illegible] ектіі қара тамақ найза нақ шұрқылтайыңа қадалады. – деп [illegible] ағатағандай-ақ, найзасын бұлған еткізді.

[illegible] жігіттері томсарған қалпы тіс жармаса да, қаруларын оңтайлап [illegible] Сегіз бұйрыққа көнбесе, лап қойып бас салатыдары ап-анық.

[illegible] ай ұшығайын деді. Қарақшалардың сөзге келер тарпы жоқ [illegible] Ханның төлеңгіттері емес екені де белгілі. Орыстың [illegible]рмен соғысқан сарбаздардың түрі осындай бола ма екен? Не [illegible], не мылтығы, не бір төске басқан сауыты жоқ; құр найза мен [illegible] ұстағандар жасақ бола алмайтыны бесенеден белгілі. Әйтсе де [illegible] екайда басым болған соң, екі жігітті жер жастандыруға осы [illegible] ғы да жеткілікті. Дәл осы жерде тонап өлтіріп кетсе, жан адам [illegible] алмайды да. Мына құла түз елсізде мәйіттері ит-құсқа жем [illegible], бірер күннен соң-ақ, ағараңдаған сүйегі ғана қалады. Оның [illegible] түлкі мен карсақтар жіліктеп әкетіп мүжіп тастайды. Бас сүйек [illegible] қамбастың жұрнағы ғана қалады әдетте. Ондай сүйектер жол-[illegible] кей қауданның ішінде ұшырап та жүр.

[illegible] ндайды сәт ішінде пайымдаған Сегіз, жаңағы тіл қатқан жалпақ [illegible] шомбал қараға назар тіктеп:

[illegible] ркек болсаң, шық жекпе-жекке! Аударып алсаң аттар сенікі. Он [illegible] тоніп тұрып тонасаң қатын болғаның. Жігіт болсаң, кәне шыға [illegible] лайданға! – деп айғай салды.

Әдейі намысына тие сөйлеп тұр. Жалпы топқа емес, [illegible] жалқысына жолдады сөзін. Найзалы неме өз үзеңгілестерінің [illegible] ұятқа қалмақ емес әрине. Жекпе-жектен ығып кетсе, ертең сөз [illegible] анық. Өз келесінің біреуі болмаса біреуі бетіне басып, абыройын [illegible] Осы жәйтті есепке алған Сегіз касақана ұрынды. Айласы іске [illegible] Бетіне қан теуіп шыккан шомбал қара найзасын зор айдынмен көтерп

- Тілді ит екенсің ғой, шык былай ендеше! Тіліңді қырқайы бәлем.- деп акырып калды.

Сегіздің көздегені де осы еді. Өз қайратына сенімді. Ат [illegible] соғыста бір кісіге әлі каптал екенін біледі де. Содан кейіңгісін [illegible] жатар. Жекпе-жек болған соң, бұған сайланып шығуға мұрша [illegible] каракшылар. Бұл кыска мерзімде Ниязбен тіл катысып үлгеру [illegible] Жетектегі аттарды да ілез босату кажет. Қосактағы аттармен [illegible] алмасы да, кашып кұтыла алмасы да мәлім.

Қаракшылар кызык көрмекке әзірленгендей шеңбер жасап, [illegible] тізілді. Өз жігітінің қайратына әбден сенетін болса керек, [illegible] ішінен каркылдаған күлкі естіліп жатыр.

- Әй, анау бозшұбарды мен мінем. Астымдағы дөненім такымы[illegible] толмай келеді.

- Етігі мен белдігі менікі ендеше. Сәнкой ит екен, тұрманына [illegible] жалатыпты.

- Қасындағы жігіттің бөркі мен шапанын мен аламын. Дамбалы[illegible] кұтылса да жаны олжа. – деген дауыстар ап-анык естілуде.

Бұлардың келемежін кұлағына кыстырған Сегіз жок, аттан [illegible] бозшұбардың шап айылын катайта тартып:

- Әзір бол. Бұлар жаппай жабылар. Каша ұрыс салармыз. [illegible] сыртка естіртпей, күбірлеп кана тіл катты.

Қосар атын босатып жіберген Нияз – ұктым- дегендей, үнсіз [illegible] бас изеді. Досының өңі боп-боз екен. Көздері оттай жаны[illegible] каракшыларға өжелене карап кояды. Ұрыс алдында көңілі толкы[illegible] тұрса да жүрексінуден ада сиякты. Қимылында абыржу, сасқалақтау жок. Өліспей беріспес тарпы бар. Бастарына кенеттен төнген [illegible] жағдайда екі-ак жол бар екенін түйсініп тұр Нияз. Бір[illegible] каракшылардың зорлығына мойынсұнып, ат пен бар мүлікті бер[illegible] кұтылу. Басынған жау мазак кылып, үстеріндегі жібі түзу киімдер[illegible] де тонап алуы ғажап емес. Жалаң аяк, іш киіммен ғана ми дала[illegible] калдырып кетері ап-анык. Бәлкім сабап та кетер. Әйтсе де бастар[illegible] аман калатыннан үміт бар.

Енді бір жол – карсыласу. Бұның аяғы ажалмен тынары айтпаса [illegible] түсінікті. Жортуылда жүрген жарақты кіл сайдауыт көптігін кылы[illegible] жеңері хак. Аттан аударса тірі калдырмасы да белгілі.

Осы жәйтты заматта түйсінген Нияз, еш шүбәсыз белін өлім[illegible] байлады. – Жау кездессе жазыда, ерлерді өлмей тонар ма. – деген

[illegible] сатып өскен бала ғой. Құр ғана жаттап коймай, өз дәтін [illegible] талай күн туса тәуекелге бел байламакка әзірлене де [illegible] Бүгінгі сәт енді туды мінекей. Қаны қашып сұрланып алған [illegible] айкаска әзір еді. Досының мына түріне көңілі толған Сегіз [illegible] Ісіп құрдас-ай, канын торсыкка құйып алыпты ғой. Орыс [illegible] кашамыз деп, өз кандастарымыздың найзасына тап [illegible] Ажалымыз казактан болатынын кім білген. Тірі жүрсек [illegible] бір, олсек көріміз бір демекші, не көрсек те бірге көріп [illegible] ісін түйіп, бозщұбарға карғып мініп алды.

[illegible] сын сағат туды. Шылбырды ердің шеттігіне кыстыра [illegible] білінің астынан айбалтаны суырып алды. Бөрікті баса киіп, [illegible] найзасын тіктеп келе жатқан шомбал караға бұл да [illegible] берді. Ат үсті ұрыста ұзын найза өте кауіпті кару екені [illegible] түсінікті. Қағып тастай алмасаң сонадайдан іліп түспек. [illegible] мойынмен салыстырғанда айбалтаның сабы едәуір келте. [illegible] найзалыға төтеп берем деген кісіге аскан ептілік кажет. [illegible] болмағанда үнемі айтып жүрер еді.

Батырлық бір баска да, сарбаз өнері бір баска. Ат үсті ұрыс [illegible] ісін алыпты да, шынашактай жігітті де теңестіреді. Жау [illegible] аскан әбжілдік кажет. Жарк берген жасындай шапшаң [illegible], ат тұяғына тапталып кетесің. – деген насихатын кайталай [illegible] еді.

Бұл сөзін өзі талай дәлелдеп те берген. Өз басы пәлендей алып [illegible] да, сайыс үстінде не бір еңгезердей әндемді жігіттерді аттан [illegible] кете беретін. Нәупілдің сол тынбай баулыганы пайдасын енді [illegible] деді. Баран атты шомбал кара Сегіздің айбалтасын кораш [illegible] ме, әлде өзіне тым сенімді ме, әйтеуір еш каупайламастан [illegible] келіп каруын сілтеп калды. Сегіздің күткені де осы сәт еді. [illegible] шапшаңдыкпен ат жалына еңкейе жалтарып калып, [illegible] дарытпады да, келесі сәтте өз каруын сілтей берді. Сілтегені [illegible], найза ортан белінен как айырылды. Жаудың есін [illegible] жастан және бір жұмсады айбалтаны. Қарсыластың жанды [illegible] біледі ғой. Тізе, шынтак, топшыдан тиігізсең беті кайтып [illegible] әдетте. Желке мен баска конжитсаң тіпті жаксы.

Өз казағым ғой, канын мойыныма жүктемейін. – деген оймен [illegible] өткір жүзімен емес жұмыр дүмімен тапсырды. Желкесін [illegible] еді, машыкты кол кате кеткен жок. Тигенде оңдыртпады да. Шомбалдың ауызы бакадай ашылып, көзі шарасынан шыға жаздап [illegible] де, ат жалын құша еңкейе берді. Бұдан енді кауіп жок екеніне [illegible] жеткен Сегіз еш аялдамастан, коршаған топка бет беріп дүрсе коя [illegible]. Басшылары түскен соң төрт тараптан төніп жабыла [illegible] індерін болжап та қойған.

- Әйтеуір шайқаспақ екенбіз, өзім ұрынайын алдымен. Бер[illegible] қашар ма екен. – деген есебі еді. Ұмтылғанда ауызынан [illegible] шыққанын өзі де білмейді:

- Қапта, қапта! Ошыбай! – деп ал келіп ұрандасын.

Соңынан ерген қалың қолы болар ма. Сондағы ергені жалғыз [illegible] екені есінен тарс шыкса керек. Досы болса дәл осы ұран шыққанын күтіп тұрғандай-ақ:

- Аруақ, аруақ! Қапта керей! – деп, ол да айбалтасын ұрш[illegible] үйіре дүрсе қоя берді.

Жаңа ғана екі бозбасты ойыншыққа балап, киімі мен м[illegible] бөлісіп тұрған қарақшылар қапелімде бірер сәтке аңырып [illegible] Бұнысын пайдаға асырған жігіттер қоршауды бұза сытылып ш[illegible] Шыққанда жай шыққан жоқ, қайрат қыла қару сілтеп бұзып-жарып өтті. Бұларды қашады деп ойлаған қарақшылар қиқу салып [illegible] жөнеліп еді, жігіттер аттың басын бұрып алып, қарсы лап бер[illegible] Тайсалмай шапқан сүрепеттері айбынды-ақ. Көздері қанталап өңдерінен қан қашып ашшы айғайға басып ұмтылысады. Бұлар [illegible] бастарын өлдіге санап, - әйтеуір ажалға тап болдық, жастығымы[illegible] ала кетейік. – деген оймен ақтық айқасқа бел байлап еді.

Мұншалық жансебіл әрекетті әсте күтпеген дұшпан тобы, [illegible] сағаттық ұрыстан соң-ақ, дағдарайын деді. Майтымақ шикі өкпелерді [illegible] оңай ұйпап тастаймыз деген есептері быт-шыт болғандай. Ауылдан [illegible] шықпаған болбыр бозбас дегендері, айбалта сілтеуге шебер [illegible] сарбаздар болып шықты. Жылпос аттары да өздеріне сай. Тақым қа[illegible] бағынып, біресе қалт тоқтай қала шапшаң бұрылып, біресе ағы[illegible] ағызып өтеді. Сегіздердің алдымен шүйілгендері найзалы қарақшы[illegible] болатын. Ең қауіптілер солар ғой. Екі-үш мәрте сарт-сұрт арала[illegible] өткенде, найза ұстағандар тайқып шыға берді. Өйтпесіне лаждары [illegible] жоқ. Біреуі тізеден оңдыртпастай соққы алса, біреуінің қары салдыр[illegible] қалған. Енді біреулері тас төбеден жараланып, аттың басын құш[illegible] қалпы өз бастарымен өзі әлек. Найза ұстағандардың маңдайы та[illegible] соғылғандай болды да қалды.

Ендігі қалғандары сойылдылар. Бірақ бұл қару барымтаға [illegible] қолайлы. Жылқышыны желкеден нұқи аттан түсіріп, айғыр үйір[illegible] сойылдап бөліп әкетуге таптырмайтын құрал. Ал енді айбалтаны сарбазға қарсы бұл кәдуілгідей таяқ қана. Бұны қос сері іс жүзінде дәлелдеп те берді. Қоян колтық келіп қалғанда, ұзын сойыл тым ебедейсіз. Айбалтаның жұмыр сабын болса келтесінен ұстап сілтей бересің. Ат құлағын теңестіре, бетпе бет келіп әбден мыжғылыс[illegible] ұрысқан соң, қарақшылардың дені аттан түсті. Үш-төрт жаралылары аттың жалын құшқан қалпы, бас сауғалап тым тырақай қашты. Ішінде ұзынтұра сіңірлісі де бар, кескен томардай төртпақ дембелшесі де бар, тіскаққан қарақшылар қос жігіттің екпініне төтеп бере алмады.

[illegible] соғыс оңайға түскен жоқ әсте. Қанша ұрандасаң да, құр [illegible] жасанған жау ықпас. Еруліге қарулы келген соң-ақ, [illegible] тойтарыс көрген дұшпан амалсыз жеңілді. Босап ойнақтап [illegible] аттарды тұмсық айналдыра айдап салған Сегіз жан жағына [illegible] етекке өз аттарын алған Нияз келе жатыр.

[illegible]ысың, жараң жоқ па? – деген сөзбен көз тігіп еді, екі езуі [illegible] досы тізгін тартып:

[illegible] сойыл жалап өткені болмаса, дін аманбын. Өзіндікі не кан? [illegible] қаға Бозщұбардың сауырын нұсқады.

[illegible]мен-ақ аттың қамшылар жақ сауыры қанталап тұр екен. [illegible]ының ұшы жайқап өтсе керек.

[illegible] жалма-жан түсіп бір уыс шөпті жұлып алды да, қанды [illegible]ады. Есті жануар оқыранса да тапжылмай тұр. Жара терең [illegible] ұлыдығы сүйем қарыстай тілік қана. Етке жетпей теріні тіліп [illegible] ұшы.

[illegible] күйдіріп баса қояйық, демде бітіп қалар. – деп Нияз ақыл [illegible]

[illegible]ақты жануардың бір артықшылығы – жара түскен еті құрттай [illegible]ы. Әсіресе қазіргідей салқын түскен күз мезгілінде шыбын-[illegible] болмаған соң, қауіп те жоқ. Аттар малмандай тер екен.

[illegible]оу жауып аяндатып алайық. Белі көтерілсін. Күреңге салайын [illegible]рмаңды. – деп айылды ағыта бастаған Сегіз, кенет досының [illegible] көзі түсіп қалт тұра қалды.

[illegible]у, мынауың не? Жас төккеннің қай жағысың, батырым-ау? – [illegible]аң.

[illegible]інде ғана езуін жия алмай аттан түскен Нияздың көзінен мөлт-[illegible] жас тамып тұр. Шаң басқан бетін айғыздап, түбіт мұртты айнала [illegible]дейін жетті. Аяқ астынан көңілі босап, қәдуілгідей жыларманға [illegible] қалғандай. Сірә ажалдан құтылғанын енді ғана аңғарып, толқып [illegible] керек. Бұл кейіпінен қымсынар да емес.

Маңағы жекпе-жекте саған найза төнгенде, зәрем зәр түбіне кетіп [illegible] иланса. – деп жасын сілкіп тастады да, - сені өлді деп қойғам. [illegible] құлан аяқ елсізде көмусіз қалдық-ау деген оймен үрейімнің [illegible]ы. Көзімізді қарға-құзғын шоқып жатқанын елестете қалыппын. [illegible] қанпезер ұрылардан құтылғанымызға да енді-енді көзім жетті. [illegible] мен қорыққан бірдей дейді ғой. Қуаныштың жасы да. – деп, [illegible]ірім өтінгендей жымиып тұр.

Сегіз болса аңырған қалпы үнсіз. Адам мінезінің алуан түрлі [illegible] аң-таң. Әлгінде ғана жаумен аюдай арпалыскан досының [illegible] нілдей бұзылып, босап қалғанына түсіне алсайшы. Бірақ кіна [illegible]дан ада. Жанын шүберекке түйіп жанкештілікке барған кісі, [illegible]уп-катерден құтылған соң, күрт сына босайтыны болады-ау сірә.

Қиссадағы Қобыланды сынды батырлар да кәдуілгідей ат жалына еңкейіп, найзаға сүйенген қалпы көз жасын төгуші еді ғой. Ойтсе де төгіп-төгіп алып, жауға аттанатын. Аттанғанда күйрете жеңетін. Нияздікі де сол батырлардың кебі болар.

Жаңа ғана өлімнен қалған жоқ па қос құрдас? Қарсыластары да даланың көкжал бөрісі іспеттес, нағыз қаншелек қаракшылар. Жоны еш аямас еді. Сойылдары таяқ болғанымен оңай құрал емес. Бір сойылмен қарақұстан дәл тапсырып жіберсе, естен танбай көр мылтық болсаң. Әндемді қол сілтесе, жөпшенді жігіт табанда жан тапсырып та жіберер. Ұрыс барысында Нияздың үстінен де бірнеше сойыл жабылып кеткенін көзі шалған. Құрдасы ерден ауып ат бауырына еңкейгенде, - қап әттеген-ай, жазым болмаса игі еді, есіл дос! Дегенмен оймен, бұл да алаңның о шетінен жәрдемге ұмтылып еді. Бірақ бұл жеткенше құдай сақтап, өзі сытылып шықты құрдасы.

Сол мылжаласқан ұрыстың айғағындай бір жақ шекесі көгерген іскен түрі мынау. Шапанының да дал-дұлы шыққан. Тал бойына талай соққы тиген болар. Көгерген, іскені ет қызуымен аңғарылмай тұр-ау әзірше. Сегіздің де үсті-басы жетісіп тұрған жоқ. Шапанының қыр арқасы дар айырылған, етігінің қонышын найза сүйкеп өтіп кетіп, толарсағына дейін тілім-тілім. Балтыры мен қара санына сойыл тиіп, ауырғаны енді біліне бастады. Әйтсе де оның бәрі ұсақ-түйек қой. Ұлы дене, қол-аяқ дін аман, бас аман алдымен. Олжаның үлкені осы. Жауды мұқатып сыннан өтті екеулеп.

Сын сағатта табан тіреп, дүлей күшке, нойыс жауға төтеп берген мына Нияз нағыз қанды көйлек дос-ау, шіркін! Мына көз жасы осалдық емес, ақ көңілдігінің айғағы. Құрдасына жаны ашып еріксіз ыршыған жасы ғой.

Осы оймен Ниязды иығынан құшақтай алды да: - Әзірейілдің құрығынан құтылып кеттік не қылса да. Енді жүз жасарсың, бауырым деп езу тартып, - мені қойшы, өлсем-жітсем аға-інім бар дегендей. Сен аман бол әуелім. Олай-пұлай болып кетсең, елдің бетін қайтып көрем?

– Бекдәулет саятшының жалғызына пана бола алмай, сопиып келген түрің құрысын! – деп сөкпей ме ауыл-аймақ? Маған сапа, сенің амандығың ең зор олжа. – деп Нияздың иығынан қағып жіберіп, - ал енді тың аттарды ерттеп алайық алдымен. Бір сулы жерге жетіп аял қылармыз. Су суғаттап, жараны емдеп, киімді ауыстырып сәл жияйық. – деген сөзбен Бозшұбардың ер тоқымын ала берді.

- Анау бос аттарды қайтеміз? Қоя берсек иелерін табар. Атқа қонса әлгі иттер мазалап жүрмесін. – Ақбақай торыға ер салған Нияз, олжа аттарды иегімен нұсқады.

Он шақты ерттеулі ат орқырай кісінесіп, шоғырлана оқшауырақ тұр. Иелерінен құтылып белі босаған жануарлар, ерсілі-қарсылы

[illegible] болдырса керек, бастарын шұлғып дамылдауда. Кей бір [illegible]ары ауыздығымен оттап жүр. Ішінде шұбары да, қылаң мен [illegible] бар, кіл мейіздей қаткан сәйгүліктер.

[illegible] ойланған Сегіз: - Бұ найсаптар бізді жаяу қалдырмақ еді [illegible] үстіміздегі киімімізге дейін бөлісіп, таласа жаздады. Олай [illegible] кепті өз бастарына келтірейік те. Бүлінгеннен бүлдіргі алма [illegible], оңжа аттарды айдай отырып, бір сабақ жібін де алмастан, [illegible] көз келген елдің жылқысына қоса салармыз. Жол тосқан [illegible]шылардың күлігі деп, ауыл ажасына дәттейміз дағы. [illegible]лерін қылсын. – деп байлауын паш етті де, - ал, жүрмек болсаң [illegible] емекші, атқа қонайық, тақсыр-еке. Суаты бар жерге жетіп [illegible] көз барда. Ыстық ішіп тынығып алып, жылжи берерміз. Жол [illegible] Сырға жеткенше әлі қайда. –

[illegible] осы сөзбен қаска күреңге ер-тұрман салды. Ақбакайға мініп [illegible] Нияз сонау көкжиек жаққа көз тастап:

Болсын ендеше. Туып-өскен Аркамыздың құрметін де көрдік, [illegible] міне жолбасар ұрысымен де қаржастық. Қаттысын қайырып, [illegible] тұшынып дегендей аз күн серуен-сейіл салған екенбіз. Есіл-[illegible] сиғызбады соңымызға түскен кәззаптар. Сыр бойында пана [illegible] ма екенбіз. Қазақ түгілі иісі түркі халықтарының қара [illegible]ағы рәуіштес ұлы дария емес пе еді. – деп лебізіне салтанатты [illegible] коса, саңқ ете тіл катты.

Жастың аты жас қой. Шаршаған, қажығанды елең қылсын ба. [illegible] бір сәттік босаңдығынан із де жоқ, жүзінің ағы ақ, қызылы [illegible]. Шекесінің ісігі сол жақ көзін тұтастай жауып кетіпті. [illegible]тай саңылаудан сығырая ғана көрінеді жанары. Әйтсе де оң [illegible] күлімдей ұшқын шаша қарайды. Өзінің дағдылы әзілқой қалпын [illegible] сияқты. Иесінің тақымын сезген Ақбакай торы да елегізіп [illegible]ріс тілеп тұр. Құрдастың оттай лаулаған порымына сүйсінген [illegible]гіз:

- Уа, сөзіңе болайын, тактағым. Салдарлы кісідей сайрап кеттің [illegible] тіпті. Еділмен қоштасқан Қазтуған жырау болармысың. – деп [illegible]ліп жіберді де, іле салиқалы нысайға мініп, - Қорқыт бабамыз [illegible]ған жер ғой Сырдария. Арқаны кәпір алса да, Ақмешіт бас болып [illegible]рия бойындағы шаһарлар беріспей тұр басқыншыға. Ақмешітіміз [illegible]йғамбардың ақ туы рәуіштес болып, орыстың тепкісіне көнбеген мүминдерді шақырып тұрған болар. Сол ақ тудың астынан табылайық [illegible]ндеше. – деп бұл да саңқылдай тіл катып, ат үстіне бір-ақ қарғыды...

2

Қараөзек өзені Сырдан бөлініп алып, бірталайға дейін жеке арна[illegible] құйылып жарыса ағады. Арнасы айтарлықтай енді де. Ұлы дария[illegible] бөлінгенімен өз бетімен лағып қайда кете қойсын. Бөлінгенді[illegible] жейді демекші, құмды өлкені бірталай шиырлап [illegible] Қармакшының тұсында Сыр анасымен қайта табысады. Енсі[illegible] тұсын тұрғылықты ел –Аша- деп кеткен. Қараөзектен тарай[illegible] Сасықөзектің бойын Марал ишанға карасты ауылдар коныс[illegible] отыр. Жер емшегін емген дикандары бар, мал өсіріп күн [illegible] көшпенділері бар, жиыны жүзге тарта түтін керей ауылдары [illegible] жүзге кірме болса да кадірсіз емес Маралдың ұрпақтары [illegible] бойындағы қалың кете болсын, жаппастар мен әлімдер болсын [illegible] әулие, тәуіп- деп сыйлап еді хазіретті. Көсемінің даңқымен е[illegible] кадірлі кашаннан. Қастерлегендері ғой, маркұмның кесесі[illegible] тұрғызғанда, кышка деген саз балшықты кымыз косып илепті [illegible] құлакты бейіттің еңселі күмбезі саңғырап тұр әнекей.

Әулиенің өзі көз жұмғанымен, мұктаждар мен каріп-касерге [illegible] күнге шапағаты тиіп-ак келеді. Ишанның ата тегі мен өмірбая[illegible] осы елдің калшасына дейін канык. Бұл әулетке емшілік ата-бастан[illegible] конған. Маралдың әкесі Құрман, Абылай ханның емшісі болатын[illegible] Жаугершілік кезінде ең кажет кәсіптің бірі осы екені, айтпаса [illegible] түсінікті. Ат үсті соғыста алдымен етке жара түсіп, одан асса сүйе[illegible] закымдалады әдетте. Күре тамырға найза ұшы тисе, каңсырап өлу [illegible] сәтте сарбаздың. Қылыштың жүзі сінірді тіліп кетсе, кол-[illegible] бүгілмей іске аспай калмак. Осы сынды жараларды емдеуге ко[illegible] епсекті еді Құрманның. – Қолы жеңіл тәуіп- деген атағы да шыккан заманында. Оның үстіне асқан такуа болатын. Ауызына арам салмай дүние жинамай өтіпті пірәдарың. - Ниетің таза болмаса, емшінің касиет үркіп жоламай кетеді.- деген пікірді ұстанып өтсе керек. Мінезі мен кабілетімен ханға жакканы соншалық, Қалдан Церен контайшы ұзатқан екі қызының бірін өзі алып, Фәтима есім[illegible] екіншісін Құрманға косады Абылай. Ол кыздардың шешесі ка[illegible] екен. Құрманның кіндігінен үш атұстар өрбиді. Солардың бірі[illegible] Марал, жеткіншек жасында әкеден жетім калып, тағдырдың [illegible] китұркысымен Сыр өңірінен бір-ак шығады. Максаты білім іздеу еді[illegible] алайда алыс шаһарларға жетуге кол кыска. Әйтсе де елгезек ұл ум[illegible] үзбей, Құланбай ишанға жалшылыкка тұрады. Әке өнегесін көрген [illegible] ғой, бара-бара адал кызметімен пірәдарға жағыпты.

Хатка жүйрік, окыған-токыған бар, ем-домға да кабілет[illegible] жеткіншекке Құланбайдың көңілі толады. Ептеп сыр тартып шыккан тегін казбалай сұраса, хан тұкымымен бөле екені анықталады. Құрман емшінің даңкынан хабардар пірәдар: - Әй, осы тегін бала болмас

Жанарының оты бар, зейіні де әлемет. Түбінде топты [illegible] не қылсын. Теңі келсе тегін бер демекші, осыған бір [illegible] кییіпін. Аяғын шырмап, осы ауылға жіпсіз байлап [illegible] ріс болмас. – деп түйіп, жетіп отырған Меңлібикедей іс [illegible] бозбасқа қосады.

[illegible] ыпды күйеу баласы қайын атасының үмітін ақтайды да. [illegible] соң білім іздеп Жалаңаяқ ишанның медіресесін табады. [illegible] үңгірін мекен қылған Жалаңаяқ пірадардың әулиелігі [illegible] арлығы бар милләтқа мәлім. Ұстаздық даңқы бірер көш [illegible] Ташкорған былай тұрсын, Сонау Хиуа мен Самарқанға да [illegible] білімдарлығы өз алдына, тақуалыққа да аса берік болатын. [illegible] корек қылатыны бір уыс тары мен қара су. Киімі жұпыны, [illegible] ысы-жазы кебіс ілмеген соң. Жалаңаяқ атанып кеткен. [illegible] керек қылмастан тау үңгірін мекен қылып өтіпті [illegible] Сол тақуа бірер жыл дәріс берген соң, шәкірттерін [illegible] ниетпен: - Не арман- мұддағаларың бар? Өмірлік мақсат- [illegible] қайсы? – деп сауал тастайды.

Шәкірттер жамыраса жауаптасады. Тіл қатуға асықпаған Марал [illegible] Жалаңаяқ назар аудармаса үндемей құтылмақ сыңайда. [illegible] өзі қызыға қарай қалған соң, босаға жақта елеусіз ғана [illegible] Марал:

Армаңым медіресені көбірек салу еді, ұстаз. Сонау Арқа жеріне [illegible] жақтағы ағайынға білім нұрын таратсам, уағызыңызды [illegible] деген ойым бар. Теріскей жақтан кәпірлер ішкірнелеп, [illegible] келеді қазақ сахарасына. Мылтық ұстаған солдаттың ізін ала, [illegible] келе жатыр. Ниеттері мәлім емес пе. Дәті осал момындарды [illegible] арбап шоқындырмақ. Қолға түскен жетімектерді шоқындырып та [illegible] күні. Арқадағы сол ағайынға жетіп, дін мұсылман уағызын [illegible] ақ едім. Кәпір легі кеулеп тақа болмай жатса, елді ғазауатқа [illegible] мақ ниетім де бар. Бұ жоспардың жолына жаным пида. Арман- [illegible] ым осы-ақ, пірадар. – деп бәсең үнмен ғана тіл қатады.

Үні бәсең шыққанымен репеті салмақты еді. Бұл лепесі қысыр сөз [illegible], көкейіндегі сыры екенін ой тұнған жанары айғақтағандай. Көпті [illegible] Жалаңаяқ кісіге сыншы болатын. Тектен тек машайық [illegible] ын ба? Құбақан ұлға зерттей үңіліп, біраук үнсіз отырды да:

Бері отыр, шырағым.- деген сөзбен қолтығын аша беріп, оң [illegible] пен орын нұсқады. Марал келіп жайғасқан соң, жағалай отырған [illegible] ымдарға көз жүгіртіп:

Құлқынның қамын ғана жеп жүрген дүмше молдалар баршылық [illegible] шінде. Бұл жәйтты қайтып мойындамассың. Аңдитындары майлы [illegible] пен сорпа-суан. Құрбандыққа шалған малдың тері-терсегіне [illegible] рмасып, ыскат-дәуірден түскен пұлды киім-кешектен дәметеді.

Осы сынды дүмшелер дін мұсылманға нағыз зарар. Дүмшелердің кесірі ғой, ел ішінде: - Аюға ақыл үйреткен таяқ, моллаға намаз үйреткен тамақ. - Молланың айтканын істе, істегенін істеме. деген сияқты ұнамсыз мәтелдердің тарағаны.

Намыска тисе де, ашшы шындықтан қайтып таңарсың. Сонды құзғын құлқынға құрық ұстатпа, шырақтарым.Сонда ғана ел сонды ұйымақ. – деп лебіз шығарды.

Мына Марал шәкірттің ниеті жөн. Аркадағы көшпелі казакка уағыз насихат таратпағы құба-құп. Көшпелі қоғам арда келеді қашаннан Жастарының намазы шала-пұла, ес токтаткан үлкендері кітап сонды шоркак. Төмен етектілері бетін жауып пәрәнжі киген емес. Ол-ол ма! Қыздары салт мініп бозбастармен жарыса береді. Аты өктем болып осал жігітті куып жетсе, камшы үйірер хакысы да бар. Домбырасын сабалап бозбаламен айтысудан тайынар ме екен. Айтысканда тілі мірдің оғындай, зәнталактардың. Сайып келгенде, көшпелі кауым ағып тұрмын шешен, сыкакшыл келеді. Еркін мінез акындары хан алдында да тіл тартпайды. Сөйткен өжет, адуын елге уағыз тарату деген оңай емес әсте. Жұртты сөзге ұйытам десең, алдымен кара басың, жүріс-тұрысын мінсіз болу керек. Сондык, мына Марал бауырымыздың міндетіне алған ісі тым-ак киын, білген кісіге. – деп тұжырған.

Сол бір күні бар шәкірттердің ішінен Маралды ерекше атап отыр еді пір басымен. Талапкер шәкірттің және бір көзге түскені оқу тәмам болып, дәл коштаскан кез. Елдеріне тарап бара жаткан максым бітіреп тәбәрікке пірәдардың ұсак-түйек заттарын калайды. Таспиғының тастарын бір-бірлеп үлестірген Жаланаяк, Маралға кезек жеткенде

- Оқуға алғыр едің. Аскан зейініннің құрметі болсын, мына асатаяғымды ал. – деп шегіршіннен әспеттеп жонған аяк таяғын ұсынады.

- Қажылыкка барғанда Сонау Мекеге дейін серік болған таяк ед. Бір кимасым мәнзелдес. – деген сөзбен, орта тұсы алаканымен әбден ыскыланып жылтыраған асасын сипап қойған.

Бар шәкәрттер ентелей төне түседі. Қысық көздер, бадырая көздер, келісті киылған ажарлы көздер, бәр-бәрі асатаяк пен Маралды ішіп-жеп барады. Мұншалык батпан сыйды әріптестен кызғанғандай

Алайда Маралдың жауабы тосын шыкты. Оң колын кеудесіне баса иіліп ұстазына тағзым етті де: - Пірәдар-еке, алыс сапарға кетіп бара жатканым рас. Енді кайтып жүздесуіміз де екі талай. Бәлкім сүйегім де курап калар жапан түзде. Әйтсе де еш зат дәметпеймін тәбәрікке. Заттың аты зат кой. Бүгін бар да ертең жок. Ия тозады ия колды болады. Тозбас та ұрланбас та зердеге конған білім мен көкірекке конған аллаға деген құлшылык. Сізден дәріс алғанда тапкан

[illegible] Сонау аркадағы милләтка осы олжамды жеткізе алсам, [illegible] жок. – деп байыппен ғана тіл каткан.

[illegible] сәл ғана аңырып кабак шытыңкарады да, іле өңін [illegible]. - Сарт мезіретке, бүкпеге жоксың-ау, керейдің баласы! [illegible] шығар бұл мінезің. Асамды алмасаң батамды ал, олай болса. [illegible] сөзбен колын жайып, - мылтығы мен зеңбірегін сүйреткен [illegible] аттанып барасың, ұлым. Не сойканға жолыксаң да дәтің [illegible] әуелім. Ұлтымыздың ұстыны дін мен тіл. Шаманың [illegible] дін ұстынын нығайта бергейсің, мүріт азаматым. – деп [illegible] ынтатпен өң сипады.

[illegible] сол өсиетін орындап бакты да Марал. Ұстанған жолына [illegible] салды. Өз керейінің коныстары Есіл, Обаған, Тобыл бойына [illegible] салып медіресе ашкан. Орыс тым өктеп жер-судан елі [illegible] берген соң, - ғазауат! – деп ұран да тастады. Максатын [illegible] жок ұлыктардан. Губернаторға жіберген хатында: - Қазак [illegible] ка мен бекініс салуды доғарыңдар. Еркін коныс, нулы-сулы [illegible] байырғы халыкты ығыстырмайсың. Поптар мен миссионер [illegible] елдерді ел ішіне жіберуші болма. – деп катаң талап кояды.

[illegible] ұлы арман еді, не керек ел алауыз болып, сол алауыздык [illegible] тигізді де. Қазакты ереуілге шакырумен катар, башкұрт, [illegible] шапкыншы мен сәлем жіберген болатын.

[illegible] мұсылман елдері ауыз біріктерейік. Теріскейде башкұрт пен [illegible] ортада калың казак, күнгейде өзбек ағайын мен түрікпендер бір [illegible] астынан табылайык. Халифаны сайлап біріге білсек алып [illegible] боларымыз хак. Тіл түркі, дін мұсылман болып біріксек, кай [illegible] басынғандай. – деп одакка шакырғаны не сан.

[illegible] колдау таба алмады есіл көзел. Әр таудың текешігі [illegible] биліктен айырылсын ба. Қазактың түбіне жеткен алауыздык [illegible] Сыбай рулар тұрмак, өз керейінің бір талайы орыс үкіметін [illegible]. Ұлт мүддесін патшаның шеніне сатты талай ру басылар. [illegible] жарак та олкы сокты. Озык өндірісті Ресейдің от каруы, тастай [illegible] әскері бел алып кетті екі дайда.

[illegible] бір көне заманда адамзат кауымының ішінде біріншісі болып, [illegible] ойлап тауып еді көшпенділер. Атты ерттеп алып, үзеңгіде [illegible] өзге жұрттарға үстемдігін жүргізген. Себебі, үзеңгіні шірей [illegible] тарткан сарбаздың оғына, каскайып шыдап тұрар жау болған жок.

[illegible] болса, сар садактың ағаш оғы мылтыктың корғасын оғынан [illegible] берді. Қазакта күлдірмамай мен самкал аңшылардан ғана табылса, [illegible] солдаттары жаппай мылтыкпен каруланған. Оның үстіне жалғыз [illegible] шиті әскери мылтыктан ұтыла береді. Бес каруы сай сарбазды садак [illegible] жакындатпастан, сонадайдан атып түсіре береді солдат. Қалың [illegible] шеп құрып косамжарлана дүркін-дүркін атып жібереді де,

найзалы сарбаздарды жусатып салады. Оның үстіне ауыр зеңбірек[illegible] добы дөң асып, топ жасақтың дәл ортасына гүрс ете тисе, [illegible] ұшпағанда не қалды? Бұндай құқайды көрмеген жігіттердің аттары [illegible] қашатын. Батырға да жан керек демекші, көрінеу ажалға кім шапсын

Сөйткен соғысты бастан өткерген Марал ойға қалады. Ресей[illegible] үстем қылған от қару мен дамыған өндіріс екен. Онысына [illegible] жеткізген білім мен ғылым. Білім мен өндірістің ордасы [illegible] Қазақтың заман көшінен қалып қойған себебі – қаласы жоқ. Ол [illegible] мына өзбек ағайында екен. Қоқан мен Хиуа, Самарқан мен Бұқара[illegible] аз-мұз өндіріс баршылық. Ұсталары зеңбірек құйып шиті мылтық [illegible] жасай біледі. Әйтсе де от қаруының сапасы сын көтермейді. Саны [illegible] аз. Орыс қаруына төтеп бере алмасы көрініп-ақ тұр.

- Бұның себебі – аталмыш қалаларды иеленген хандықтардың томаға-тұйық жатқандығында болар. – деп түйді ойға баткан Марал

- Қазақ даласының теріскейінде Ресей бар-ау, нендей озық ұлт[illegible] жаңа қаруы бар екен-ау. – деп ізденген хандар мен әмірлер болсайшы Әпиін ішіп, коркор тартып, үйір-үйір ұрғашыға айғырлық қылғанына мәз болып жатқандары. Тілі туыстас, діні ортақ қазақпен бірігу, күш қосу деген қаперіне кірсейші. Керісінше, қазақ күшейіп кете ме[illegible] аңдысып жүргені. Пана іздеп барған Қасым төре балаларын [illegible] қақсатқаны сан аярлықтың бір көрінісі ғана. Орысқа қарсы күш біріктерейік деп барған Саржан мен Есенгелдінің басын алған Қоқандықтардан не қайыр.

Осы жәйттерге көзі жетсе де, үміт үзген жоқ Марал. Қалың нөпір басқыншылармен қаржасып бақты. Соңына ерген қол бытыра[illegible] кеткенше ат үстінен түскен жоқ. Патша әскерінің сойылын соққан Есеней сияқты өз руластары әбден бел алған соң ғана, күнгей жаққа жылысып кетті. Патша құрығы жете қоймаған Сыр елінде паналады Кіші жүзде абыройсыз болған жоқ. Қосқорған маңында қоныстанып, байырғы елді ұйыстыра білді. Соңынан еріп келген керей азаматтарына қоса, қайын жұрты Құланбай ишанның төңірегіндегі тұрғылықты халықты ұйымдастырып, медіресе мен мешіт салуға белсене кірісті. Кәпірмен соғысқаны беделін бір көтерсе, емшілігі қосылып абыройын және асқақтатты. – Абылай ханның емшісінің ұлы, әулие кісі. – деген атақты іспен дәлелдей біліпті.

Тәуіптік қасиеті болмаса, қалың бұқара – әулие- деп оңайлықпен сыйлай қоя ма. Елдің көзі әрі сыншыл, әрі көреген. Сол сынына толыпты Марал. Тізесінің сарпы, белінің құяңы барлар алдына келсе құлан таза жазылады. Сіңірі созылып буыны шыққан, сүйегі зақымдалғандар да дертінен айығады. Жынданған кісінің жынын да шығарыпты мыс.

Бір артықшылығы, ем ақысына сокыр тиін сұраған пенде емес. Құй қасқа кедей болсын, құй солқылдаған бай болсын, кісіні

[illegible]. Содан болар аукатты кісілер: - мешіт-медіресе салуына [illegible] үлесім. – деп жәрдемін аямапты. Сол жылудан бакыр тиін де [illegible] жарыктык. Өктегені – тек мешіт тұрғызу. Сол [illegible] пайдасы емей немене, осы күні Қараөзек саласындағы өлке [illegible] мешіт- аталады. –Байбол,- Қыш мешіт,- Қолаң төбе,- Қамыр [illegible] мешіттері сол Маралдан қалған көз.

[illegible] пір тұтып сыйлағаны ғой, бір кездегі аш құрсақ жалшы бала [illegible] алып, сол төртеуінен сегіз ұл көрген. Төртеуін де он екіде [illegible] ашылмаған калпында алыпты. Тегін жатқан кыз-кыркын [illegible] ма елде. Қалыңсыз алғаны бар, ер азаматты ажалдан [illegible] үшін алғаны бар, әйтеуір беделінің аркасы да. Бәйбішесі [illegible] осы күні Есмұхамбеттің колында. Ағайын аукымы есімін [illegible] – Еске- деп атап кеткен Қалкайдың тетелес інісі; шаңырак [illegible] отыр. Маркұм әкесінің емшілігі бұған конып, Сыр бойына [illegible] азамат. Өзге ұлдар болса, диканшылыкпен айналысуда. [illegible] өзіне еріп келген ағайынды егіншілікке баулып, бір талайын [illegible] кылып еді. - Еңбектенсең емерсің - деген мәтелді ұстанып [illegible] тары өсіруді колға алған. Арык аршу, атыз салу, дариядан [illegible] тарту, балаусаны отақтау, шабыкты жегенелеу сиякты бейнеті [illegible] кісінті табандылыкпен меңгерген.

Диканшылык дегеннің машақаты шаш етектен. Есесіне, берері [illegible] – деп еріп келген керей баласына насихат айтып отырар еді.

Аркадағы мал баккан казак жалкау келер. Аша тұякты койшы [illegible] бакташыға, құйма тұякты жылкышыға тапсырып, өздері ала [illegible] ahahaулап жүргендері. Қымызға кызара бөртіп кызык-думан [illegible], бетінің нәлі бар кыз-кыркынды аңдып. Зәуі сайтан жұтка [illegible], мал тұяғына караған ел, жүген ұстап сымпиып шыға [illegible] кайтерсің. Сабасын керегеге іліп, бөрі құрсак боп [illegible] Жер емшегін ему деген атымен жок. Талап кылып тер [illegible] мойын жар бермейді. Абылай ханның өзі арманда кетті емес [illegible] жер емшегін емгізе алмай милләтына.

Сол себепті, диканшылык кәсәбін меңгере бер, ағайын. Арпа [illegible] ас екен, алтын күміс тас екен демекші, дәнді дакылды талғажау [illegible] жан сактармыз. – деп тұжыратын.

Осы насихаттың аркасында жүзге тарта түтін керейлердің [illegible] ток болып келеді. Бұл ауылдар Марал ишанның елі [illegible] жүр. Қыстаулары Қараөзек саласы болса, жаз жайлаулары иен [illegible] Қызыл құмның ішінде. Көктем туа елдің бір парасы құмға [illegible] түзесе, калғандары жатак атанып егінмен айналысады.

Маралдан калған Ескенің шаңырағын дүйім керей кастерлесе де, [illegible] өзі ел сөзіне араласкан жан емес. Қак-сокпен ісі жок, момын [illegible] болған соң ба, дау-дамай атаулыдан ат-тонын ала кашады. Қалкай

ағасы болса көбінесе ел аралаумен шұғыл. Сондық, жүз түгіл керейдің сөзін бұл күнде Қадіркен нысыпылы азамат ұстап жүр. Ағайынды Қадіркен мен Қадырбай Қалқайларға шөбере ағайын болып келеді. Ағайынды болғанда бұл екеуі егіз. Тырнадай ұзынтұрақ, сидам бойлары, құбақан ашаң өңдері бір қалыптан шыққандай. Оны ауылдастары болмаса, көлденең ағайын екеуін ажырата да алмайды. Әйтсе де мінездері екі басқа. Ел тізгінін ұстап жүрген Қадіркен ал сөзді, мінезі орнықты болса, Қадырбай ұрыншақтау, тәуекелшіл.

Содан болар ел ісіне араласпай көбінесе өз кәсібімен жүреді. Кәсібі болса – керуен бастап сауда-саттықпен айналысу. Жасы елуге алқымдаса да осы кәсібінен жаңылар емес. Сонау жас кезінен кіріп тартып, - Қадырбай ақалақшы- атанғанына қазір міне ширек ғасыр. Бұл тірлігіне бауыр басып қалғаны соншалық, ауылда байыз тауып отыра алмайды. Бірер апта жол көрмесе тықыршып бітеді. Әлденеден құр қалғандай алаңдап жүргені.

Сыңары Қадіркен болса, керісінше ауылдан ұзап шыға қоймайды. Әсіресе қыдырыстаған селтеңбай бос жүріске жоқ. Жас кезінде серілеу болып ел аралайтыны болушы еді. Әлем-жәлем киіне, шағын ғана әдемі дауысымен ән салатын. Бұл жасында оңашада ыңылдап әулеткені болмаса, шарай топта домбыра ұстай қоймайды. Серіліктен қалған бір әуесі – тазы ертіп аңшылық құру. Үнемі бабында ұстайтын тықыр жүнді, біз тұмсық әлеке тазылары да баршылық, семізден жараткан бедеуі де әзір. Күн аралата қасына бірер ғана нөкер ертіп, құм ішіне сұғына аңшылық құратын әдеті бар. Бұнысы бұлжымас қағида.

Осы Қадіркенге өткен күз Сыр бойына жеткен Сегіз бен Нияз алдымен келіп сәлем беріп еді. Бұл сапарларының мән-жайын дәттеп, Қалқайдың хатын табыс еткен. Сегіздің сөзін ден қоя тыңдаған Қадіркен хатқа көз жүгіртіп өтті де, орнынан тұрып:

- Арқаға мәлім бауырым екенсің ғой. Мына Нияздың даңқына да қанықпыз. Кәне, төс қағыстыра көрісейік, туғандар! – деген сөзбен жігіттерді құшағына көмген.

Кейін анықталғандай, бұлар туралы хабар әлдеқашан жетіпті. - Қос сері патша әскерімен шекісіп қалса керек. Кісі шығыны болып, ығысуға мәжбур болыптымыс. Ендігі арқадан жылыстаған сыңайлы. Беттері Сыр бойы көрінеді. – деген сөзді Қадырбай ақалақшы жеткізгелі қашан. Ол сонау Қызылжардан керуенмен келе жатып Қалқайларға жолығады. Қалқай көрген-білгенін тәптіштей дәттеп:

- Керейдің қос бағлан серісі Сыр атырабына жөн тартты. Нағыз арда-күрең азаматтар екен, сабаздарың. Омбыда орыс әскерін біраз мыжғыласа керек. Егескен ұлықтар сондарынан түсіпті. Сол қуғыннан ығысып кіші жүзді паналамақшы. Аттары жүрдек, жуық маңда барып та қалар, жол амандығын берсе. Қабатыңа алып қамқор

[illegible]. Ер басына күн туғанда қол ұшын бермесек, туғандығымыз [illegible] деп Қадіркенге сәлем жолдайды.

[illegible]мбалдап жүк артқан түйелі керуен айлап жүріп осы хабарды [illegible]. Сегіздер әлі жоқ. Әрі күтіп, бері күтіп, жігіттер келе қоймаған [illegible]. Марал ауылы бұларды орыс әскеріне тап болдыға жорып та [illegible]. Кенесары ханның жасақтары патша әскерімен теке тіреспен [illegible] заманда, аман өту екі талай да еді. Сөйткен серілер [illegible]-қауыс туа есен-аман жеткенде, ел болып қуанысқан.

[illegible] қауышқанда – туу Арқадан іздеп келген бауырлар- деп [illegible], тани келе – өнерпаз, күміс көмей әншілер- деп және [illegible]. Бірінен соң бірі қонаққа шақырып дәм татырумен [illegible], қыс та өте шыққан.

[illegible]қасы ас та төк болса, күтімде де кемшілік болған жоқ. [illegible]ркешнің тұңғыш ұлы Қайраттың там үйінің үлкен бір бөлмесін [illegible]тырып, қонақ үй қылды. Еңселі бөлменің жиһазы да олқы емес. [illegible]ларға жағалай түскиіздер мен кілемдер, сәкінің үсті алаша мен бөстек. [illegible] жақта әшекейлі сандық пен жағлан. Қайраттың келіншегі Балкен ас-[illegible] мен үй ішінің күтімін қадағалайды. Қызметші әйелге күн құрғатпай [illegible] ішін сыпыртып, жуғызып жүргені. Мейман жастар бап талғамаса [illegible] жатын бөлме тұянадай жинақы қашанда. Тіпті киім-кешекке дейін [illegible]дай қылып жуып-шайып қояды күтуші москал әйел.

Демек, күтім жағынан еш кемшілік болған жоқ. Әйтсе де жаңа [illegible]ска ілез үйрене алмады жігіттер. Бұған бас себеп – табиғат [illegible]кшеліктері әрине. Сансыз шағылды, көкжиекке дейін көсілген [illegible] өлкені тәу көрген Арқаның перзенттеріне, бұл жақтың көрінісі [illegible]ық-ақ. Ағашының сиқы анау, қатып-семіп қалған сексеуіл. Не [illegible]ауға, не балталауға келсейші; таска ұрып қана жарасың. Жерінің [illegible] мүлде өзгеше. Шымы тұтас қырдың ұйысқан көдесі атымен жоқ. [illegible]ретінің – шағыл бойлай қадау-қадау өскен қарабарақ пен ебелек. [illegible]ркада өсе коймайтын еркек арпахан, жоңышқа бар екен. Ылғалы [illegible]бірек Қараөзектің саласында ғана айрауық пен қызыл мия, айбат мия, [illegible]ргүл деген шөптер бітік шығады. Орман атаулы мүлде жоқ. Баз-базда [illegible] шоқ-шоқ болып біткен жиделі, жыңғылды тоғайлар ұшырасады.

Ауа райы да мүлде бөлек. Қар ара-тұра жауғанымен ілезде еріп [illegible]теді. Тоң жер жаланаш болған соң, қара суығы аса жайсыз. Жел [illegible]рса-ақ ызғырық темірдей қарып, сай-сүйекті сырқыратады-ай келіп. Жер бетін көрпедей жауып, күнмен шағылысқан аппақ қарға [illegible]ренген көз, сол көріністі кәдуілгідей сағынады екен.

Нияз бір оңаша қалғанда: - Көңілім неліктен құлазиды десем, [illegible]ша қар жоқ екен-ау бұл жақта. Секиген сексеуіл мен еспе құмнан [illegible] көз сүрінерлік сурет болсайшы. Қапалақтап жауған қарды, [illegible]ыткып соққан боранды іздейді екенсің кәдуілгідей. – деп мұң шаққаны бар.

Есіл бойының шокталып өскен ақ балтыр қайыңы мен қарағай мы көдегіне үйренген бозбас, сексеуілді тоғайды жатыркайтыны заңды ма шығар. Адам түгілі хайуан екеш хайуан да өз оты мен суына бауыр басатыны мәлім. Мініп келген аттар да бірер айға шейін шөлейт өлкені жерсінбей жүрді. Қары жоқ, жылы құмның іші мал қыстауға лайық жер-ау, әрине. Үзіп жер айрауығы, кызыл мия, есек мия, айбас миясы тұнып тұрады. Еспе құмның қойнауында қоңырбас пен киік жоңышка мен кара жусан кыс бойы кылтияр еді. Қар теуіп аршитын емес, уақ мал мен кара мал быртбырт үзіп оттай береді. Әйтсе де арканың көдесін күртікпен тұздыктап, ауыз толтыра оттауға дағдыланған аттар, бастапкыда жүденкірей жүрді. Жігіттер дорбамен арпа бере бастаған соң ғана, көбең күйін кайта тапкан Сәйгүліктерінің оясы орта түскенін уайым кылған Сегіздер Қадырбай жұбатып еді.

– Еш алаңдама. Қазанаттар ғой бұл мінгендерің. Қазанаттың бір касиеті, кырдың шымы тұтас бозына да шөлдің жұтаң отына да бейімделе береді, жануар. Көр де тұр, біраздан кейін құмның отына үйреніп алады. Анау ебелек пен жер жоңышканы құныға жеп оясы толмаса, маған кел! Бағаналы найман кызылдың құмын кыстап, Арканы жайлап жүр кашаннан. Жылкылары шөл мен кырдың отына бірдей. Мына аттарың да әлі-ак ашшылы отка дағдыланар. – деп сендіре сөйлеген.

Сыр мен кырдың арасын талай шиырлаған керуен басының болжалы дәл келді де. Ауылдың жылкысымен жайылған жігіттердің аттары коң жинап, кыстан сауырлары төңкеріле күйлі шыкты. Күн жылт етіп ауа жылына көктем туғаны сол еді, Сыр бойының және бір айырмашылығына тап болды Сегіздер. Жазы аса ыстық болған соң ба, бұл өлкенің масасы калың екен. Оған коса не бір құрт-құмырска, бака-шаян, жылан мен кесірткенің алуан түрінен аяк алып жүргісіз.

- Көк дүркірей шыға біздің жактың маса-сонасы калың болушы еді, мынаған карағанда ойыншык екен-ау. Тура кара бұлттай төнетінін кайтерсің! – деп Нияз баз-базда коярға жан таппай киналады.

Онысына мырс сете езу тартқан Қадырбай: - Пәленің бір кырда, мыңы Сырда деген сөз бекер айтылмаса керекті. Бұл жердің каракұрты мен ок жыланы шаккыш келеді. Зaһары өте уытты. Жыланнан сак болғайсың әсіресе. Келес деген кесірткеден аттарын үркіп жүрер, оны да абайла. – деп ескертіп койған.

Ұлы дария Сырды да тәу көргенде ерекше бір әсерге бөленіп еді кос сері. Көне өзен жайлы тарихтан, кисса-дастандардан, барып келген кісілерден мәлімет алса да, көзімен көргендей кайдан болсын. Ертіс, Есіл, Нұра сынды Арканы бойлап аккан өзендердің суын таткан бозбастар ғой. Енді міне Арал теңізіне барып құятын дарияны

[illegible]ауға тағдыр жазды. Былтырғы күз жағалауға ат өксіте келіп [illegible] тартқан. Бастап келген Қайрат еді. Тақымындағы шабдар аттан [illegible] түсіп:

Ал, жігіттер, жаяулауға тура келеді. Бұл тұс жаркабақтау, [illegible] тұсап жіберейік. – деп жәйды ұқтырған.

[illegible]ңбардың ауыздығын алып бос қоя берген Сегіз, төменде [illegible]лап аққан дарияға көз тастады. Ағыны қатты, суы лайлау көрінді. [illegible] тұсы пәлендей енді емес екен. Әйтсе де арнасы терең, екпіні [illegible], асау өзен екені салған жерден аңғарылғандай. Бұл жақтың елі [illegible]дайра- деп атайды екен. Әлгінде келе жатқанда, Қайрат:

Дайрамыз тентек мінезді. Арнасын өзгерте береді. Жазғы [illegible] өз беттеріңмен түсе көрмеңдер. Малту білсең де қауіпі мол. [illegible] бойында өспеген кісіні оп-оңай алдап соғады ағыны. Сонау [illegible] шұңғымалар жиі-жиі ұшырасады. Зәуі-сайтан тартып әкетсе [illegible] ғой, жарық дүниямен қоштаса бер. Жұтып жіберіп тереңімен [illegible] әкете береді. Ағыс екпініміен дедектетіп бірер көштік [illegible] бір-ақ шығаратынын қайтерсің. Талай кісілердің мәйітін таба [illegible] да қалғамыз кезінде. Оның үстіне дайрамыздың жайындары аса [illegible] келеді. Ұзындығы да көлденеңі де айлапат. Нәһан балық деп [illegible]ағыны сондықтан. Адамды тұтастай қылғыта береді, илансаң. – [illegible] көрген-білгенін ыждаһатпен дәттеп берген.

Сегіздің Сыр жөнінде бұрыннан-ақ естігені мен оқығаны аз еместін. Бұл атыраптың ауа райы жайлы суы мол болған соң, көне заманнан бері [illegible] саяхатшылар келіп-кетіп жүрген ғой. Парсы мен арабтар, тіпті [illegible]ктердің падишасы Ескендір Зұлқарнайын қызыққан өлкең бұл. [illegible]ылбастар Сырды – Яқсарт- деп атаса, арабтар – Сейхун- деп айдар [illegible]ққан екен. Яқсарттың тәржимасы – үлкен маржан- деген мағынаны [illegible]ндірсе керек. Суының түсін маржанға балаған түрлері болар. – Үлкен-[illegible]ен дәріптеген себебі, сонау бір көне дәуірде арнасы аса кең болып, Аралға жеткенше Шу мен Сарысуды да қосып алады екен.

Арабтар болса дарияны қастерлеп, жұмақтағы төрт өзеннің бірі – Сейхун- деп атап кетеді. Араб пен қызылбастар бұл атыраптан хабардар болғанымен, иесі түрік нәсілдес халықтар болып келіпті. Түріктің бір [illegible]ласы Оғыздар ғой. Сондық сырт елдер Оғыз дария де те атапты Сырды. Қабірі Сырда қалған Қорқытты сонау түрік пен түрікпендер – Қорқыт [illegible]ада- деп қастерлеп, дарияны түп қазығымыз деп біледі екен. Сірә сонау [illegible]бір бағзы заманда түркі тілдестердің жігі бөліне қоймаса керек.

Оғыздар өсіп-өніп батысқа жылжыған соң, бұл өлкені қазақ [illegible]емденеді. Арық қазып, шығыр мен атқы құрып, диқаншылықты [illegible]амыта білді. Дария тасығанда пайда болатын көлдерден балық аулап күнелткен. Қырда жұт болса, көшпелі ел сулы-нулы өлкеге жетіп жан сақтап келе жатыр. —Өзен жағалағанның өзегі талмас- деген мәтел

сол тірліктің айғағы емей немене. Жарықтық Асан қайғы желмаясын желдіріп жүріп Сыр жағасына келгенде:

- Басы байтақ, аяғы тайпақ коныс екен. Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, коныс болуға сонда ғана дұрыс екен. – деп пікір түйеді де, Акмешітті көріп, - Ей, Акмешіт, жерің шаң екен, суың жар екен. Елің жұтамас, малыңның көзіне сақ бол. – деп ескертіпті.

Сонау көне дәуірден бері Аркадағы көшпелі ел астықты Сыр бойынан тасып келе жатыр. Күз туып егін орылған соң, - Ақ шомшы деп атанған керуендер тырнадай тізіліп Сырға жөн түзейді. Күнгей жаққа айдап әкелетіндері үйір-үйір жылқы, түйелерге сымбалдан тиеген өре киіздер. Әкететіндері канар толы астық пен өрік-мейіз, қауынқақ. Осы ырғын молшылық Сыр суының аркасы емей немене Сөйткен ел анасы рәуіштес ұлы дарияны тәу көрген серілердің кеуіл қайтып кобалжымас.

Аттарынан түсе қалысып, колды толкынға мала уыстап суын татты да: - Дүйім алаштың анасы зәліттес, касиетті де ұлы дария, Аркадан келген кос көдек, тағзым ете сәлем бердік! – деген сөзбен он колдарын омырауға коя бас иісті.

Ағынды дарияны кызыктап, кұмды өлкенің табиғатына бой үйреткен соң, байырғы елдің тұрмыс-тіршілігімен де танысты бозбастар. Орыс әскерінің кұғынынан кұтылып арка кеңіп көніл жайланайын деді. Олжаның үлкені осы ғой әуелім. Ел көрді, жер көрді, не бір оң әсерге бөленіп алуан түрлі ортаның мінез-кұлкын де таныған. Енді міне дін мұсылманның каймағы бұзылмаған милләтка жетіп, көніл көншіген сиякты. Омбы мен Қызылжардағы шошайып тұрған шіркеулер жок бұл арада. Орыстың сарыала иык кекір ұлыктары, ол ұлыктардың мұздай каруланған каһарлы әскері де сонау Арка бетте калған. Бұл жакта үстемдік кұрып отырған Кокан ханы, діні бір тілі жакын ағайын елдің төресі. Кәпірдің какпанынан кашкан бозбастарға камкор бола аларлык айбынды көсем.

Осы такылеттес пікірді ұстанып келіп еді кос сері. Өз керейі кұшак жайып карсы алғанда, сеніп келген көніл маркайып та калған. Сенгенде өрекпімей-ак, алып-ұшпай үміт артып еді. Сол үміттері акталды да. Киыр жайлап шет жүрген ағайынның дәріптегені өз алдына, кіші жүздің іргелі елдері де бауырына тартканы куантты.

- Арканың шыркап салған әнін сағындык. Қырдың табиғаты да бөлек, сазы де ерекше сұлу ғой. – деп калың кете мен жаппас, әлімұлы, кезектесе конак кылып жүр. Бұнысы сонау шалғайдан жеткен туыскан өнерпаздарды –мейман- деп сыйлағандары. Әйтпесе, Сыр өнірі ежелден-ак өнерге кенде болған емес. Кенде емес деген сөздің сырағысы ғой әншейін, нағыз кайнар бұлағы деу дәлірек болар еді. Кос серінің көзі бұған көп ұзамай жетті де. Сырдың сүлейлері таңды таға

[illegible] жырлайды екен. Мақамдарында өздеріне ғана тән ерекше бір реңк бар. Құлакка жағымды, сонау көне ғасырларды көзге елестететін әуезді [illegible] сарын. Бағзы-бағзы тарихты еске түсіріп ертегідей бір суреттерді [illegible]ырта ма калай. Ойға еріксіз түрткі салатын сыры құпия бір мұң [illegible] тұр дерсің, сикырлы сазда. Көмейден шыккан әуенге елтіген [illegible] кай-кайдағың козып кетеді екен.

Нияз әу баста жактыра коймай: - Іш пыстырды ғой макамдары. Бір сарынға салып баксы-құшынаштай аңырыта беретінін кайтерсің. Ия шарыктау, ия баяулау деген атымен жок, бір калыппен [illegible]ектетеуін саппастардың! Қалмақтар көмейін кырылдатып [illegible]ушы еді, сол сарындас па, калай өзі. – деп сын да таккан.

Арканың ашык дауыспен шыркай салған әнінен өзгеше үлгі екені, [illegible] айтпаса да түсінікті ғой. Бастапкыда құлакка тосын естілгені де рас. Ойтсе де тыңдаған сайын, көңілге жаға түсті мұнлы реңкі басым макамдар. Өзгені кайдам, көмекейі бүлкілдеп аңыраткан сүлейге [illegible]ак түрген Сегіздің киялы зәтте-ак шарк ұрар еді. Өткен [illegible]ырлардың елесі тізіліп көз алдынан өте беретін. Қызылбастың [illegible]ышасы әскерін құжынатып бір көрініс береді. Көрұғлының [illegible]асын окыганы бар емес пе. Парсының палуан ләшкарлары піл [illegible] шыгады екен майданға.

Пілден пілді мініп катар түзеп келе жаткан лек-лек ләшкарларға не [illegible] шыдасын. Сыр мен Әму дарияның салалары тіршілікке колайлы-[illegible] олкелер ғой. Табиғаты тамылжып тұратын жұмак дерсің. Қысы [illegible]ок болған соң малға да жайлы, бау-бакшаға да колайлы. Бұндай [illegible]ырапка кызылбас не кылып кызыкласын. Қара нор жасағын [illegible]ұжынатып, Кир патшаның өңменденгені кәрі тарихтан мәлім. Арабтың косындары да сұғынып көрген бағзы бір дәуірде. Сағымға [illegible]ак ілдірген Шыңғыс та жойкын түмендерін жосылтып өтіпті.

Ойтсе де кім келсе де, жер иесі казак баласы болып кала берген [illegible]ой. Шыңғыстың косындарының дені де казакка жататын рулар. [illegible]ейін әлемді тітіреткен Әмір темірдің де әскері кіл түркі тілділерден [illegible]ұралыпты. Содан болар, сыр сүлейлерінің макамында түрікпеннің [illegible], өзбек жырларының да сарыны аңғарылатын сияқты.

Сыр топырағына келгелі руханият жағынан алған әсерлері еді [illegible]ұ. Әлі де болса құмартып, кайта-кайта тыңдай бергісі келеді [illegible]ырауларды. Ал енді тұрмыс жағына келсе, ә дегенде алып ұшкан [illegible]оңілі, бара-бара басылайын деді. Ең әуелім кынжылтатыны – саяси [illegible]ндай. Кәпірдің тепкісінен құтылдык па деп өрекпіген көңіл, [illegible]ергілікті жағдаймен таныса келе, күн санап құлазып бара жатыр. [illegible]ұған себеп – Қокандыктардың езгісі. Сыр бойын Қокан ханы [illegible]ұтасымен билеп тұр. Қазакты кіріптар санап, құдайын ұмытпасын [illegible]тендей, ара-тұра шеңгелін батырып кояды. Абылай хан заманында

мінезі жібектей есілген Қоқан, ендігі әбден басынып алған сыз. Бұрын бұл атырапқа аяқ баспайтын жапсарлас милләт, кіші жүз жеріне сұғына кіріпті. Бұған айғақ сонау Қосқорған бекінісі. Қараөзектің Сырға құятын тұсына орналасқан бұл қорған, бар төңіректің зәулісіндей.

Сырт көрінісінің өзі сұсты-ақ. Саз балшықтан соғылған екі қатар қабырғасының биіктігі он құлашқа барып қалар. Бекіністің айналасы аумағы ат шаптырым. Төрт бұрышта төрт қарауыл мұнара. Бір мұнарада бір-бір зеңбірек. Күзет төбелерде тұрған сарбаздар кіріп-шығып қақпастан төңіректі шолуда. Сонда неткен жаудан қаупайлайды десеңші? Қорған әрі биік әрі енді. Енді болғанда, іргесінің қалыңдығы ат-арба еркін өтерліктей. Қорғанның сырт айналасы терең ор, ордың іші суға толы. Қақпалы қорғанның ішіне ат көпірмен ғана өте аласың.

- Соншама тас түйін бекінгендей қай дұшпаннан қорқады бұл саппастар? – деп, тәу көргенде қайран қалып еді қос сері.

Сөйтсе, төңіректегі елден қауіптенеді екен-ау Қоқанның бектері. Онысына себеп те бар. Абылайханның көзі кеткен соң, қазақ мемлекеті әлсірей бастағаны мәлім. Орталық билік солқылдай бастағанның нәтижесінде ру басылар бел алып кетті. Әр тауда бір текешік бой көрсетіп, алауыздық үдей түскен. Орыспен тіресіп төрелер өз ара қырбай болып, күнгей бетке назар да аударған жоқ. Сыр бойын қорғамақ былай тұрсын, Арқаға иелік қылуға да мұршалары жоқ. Осы әлсіздікті пайдаланған Қоқандықтар, сырдағы милләтқа шеңгелді батырып кеп жіберсін. Қосқорған сияқты бекіністерді салып, жергілікті елді сүліктей соруда осы күнде.

Әр бекініс сайын тұрақты жасақ бар. Сарбаздардың азығы мен күнкөрісі маңайдағы елден. Бекіністегі әскер, керек десе, шөпке басын да сындырмайды. Қол күші қажет жағдайда, қара жұмысқа қазақты топ-тобымен айдап жұмсайды. Арық қазу, дуал тұрғызып там соғу, отын әзірлеу, бәр-бәрі момын елдің міндетінде. Әр түтінге жүктеп қойған салықтары да өрескел. Жылына алты қой, жиырма қап көмір, төрт ырдуан арба сексеуіл, мың бау қамысты қорғанға жеткізуің міндет. Өлсең де тірілсең де табасың осыны. Қой болғанда пышақ көтерер бордақы құнан қой болуы шарт. Көмір жеткізетін қанар қаптар да екі кісі мықшыңдап көтерерліктей қомақты болуын қадағалайды, салық жинаушы жидашылар.

Сырдағы тірліктің келеңсіз көрінісі осы. Есек мінген сарттардың қорлауы батады-ақ әрине. Әтсе де амал нешік? Зекеті мен ұшырып шыдап жүр-ау маңайдағы ел. Оқта-санда шектен аскан зорлық-зомбылық намысқа тиеді-ақ. Сегіздер әлі өз көзімен көрген жоқ, алайда өздерімен сырлас Қайраттың айтқандары жаға ұстатқандай.

- Бұл сарттардың ләшкарләрі нашақор келеді көбінесе. Еріккенде нашасын шегіп елтіп жүреді де, атқа қонып елге зобалаңды салады-ай

Мүкәмал-мүлікті тартып алғаны өз алдына, бетінің нәлі бар [illegible] қол салып жәбірлегені батады-ақ. – Қыздан зекет бересің! – [illegible] салады-ау найсаптар. – деп қынжыла сыр шертер еді.

Бұндай да жүгенсіздік болушы ма еді? Аркаға тұмсық сұққан [illegible] өзі мұндай сұмдыққа баскан емес. Кәпірден де асып кеткен [illegible] ғалкалардың зорлығы? Мұсылмандығының сикы осы ма еді? - [illegible] Ниязпамыстан жарыла жаздаған.

[illegible] Қоскорған зұлымдықтың ордасындай болып көрінеді [illegible] елге. Әлгіндей әңгімелерді естіген соң Сегіз де корған [illegible] баспаған. Арманы – Акмешітті бір көру.

[illegible] жібек жолында ірге тепкен шаһар ғой. Сыр бойының [illegible] роуіштес. Асан қайғыдай абыздың өзі токырап зиярат қылған [illegible] Иісі Алашка мәшһүр мекен. Ұлы дарияға келіп тұрып, сол [illegible] аттың басын бір тіремей болмас. – деп бір сырласканда [illegible] е құлак қағыс қылған.

[illegible] кісі басын изей отырып: - Сөзің орынды, бауырым. Қыстан [illegible], жер аяғы кеңісін алдымен. Қасыңа жол білетін епсекті біреуді [illegible] берейін. Діттеген жеріне барып та келерсің, құдай оңдаса. Құлак [illegible] көз көреді демекші, киіз туырлыкты казакка аты мәлім [illegible] тамашалағаның парыз дағы. – деп жігіттің ниетін мақұлдаған.

[illegible] жоспар енді міне бүгін, наурыз мерекесі туа іске асайын деді. [illegible] бырбайға тапсырдым, ертең Акмешітке бастап апарады. Бой [illegible] бір серпіліп келіндер. – деп Қадіркен кешкісін соны бір сөз [illegible] - жазғы жайлауымыз сонау Қызылдың ішіне бойлап кетеді. [illegible] ұзамай тұрғанда барып келгендерің макұл болар. Анау [illegible] да ескертіп койдым. Сарттың заңы мен мінезіне қанык жігіт [illegible] барсын; бір кәдеге жарап та калар. – деп және ескертті.

Қашайын деп тұрған коянға шәйт деген соң не жорык. – [illegible], онсыз да елендеп жүрген жігіттер таңмен таласа атка [illegible]. Енді мінекей төрт жолаушы Акмешітті нысанаға алып [illegible] жүріп келеді. Таңғы салкынмен бірталай жерді өндіріп [illegible]. Мезгіл сиыр сәске, ауа райы желсіз тымык, наурыздың [illegible] мамыражай шуақты күні.

Бозшұбарды мініп келе жатқан Сегіздің есіне кенет Омбыдағы [illegible] түсті. – Ертіс өңірінің кары бұл мезгілде сепсімей [illegible] еді. Сырдың бойы онымен салыстырғанда, бейне бір жаз [illegible]. Қазак жерінің кендігін осыдан біл. – деген оймен дария [illegible] көз тастап койды.

Сырдың бұл тұстағы жағалауы нар камыс пен калың бұта. Шоқ-[illegible] болып өскен жиде мен торанғыл бүр жарып көгере бастаған [illegible] көз куантады. Төрт аттың тұяғынан көтерілген болмашы [illegible] бар. Мазаны кетірер жазғы ыстық әлі жок, атка да адамға [illegible] жайлы нағыз жайма-шуак бір мезгіл.

Жолаушылардың ат-әбзелдері жылтыраксыз, киімдері де қарадүрсінділеу. Серілік құрғанда киетін әлем-жәлем шапандарын ауылда қалдыруға тура келген.

- Бұл сарттың бишікештері көрсе қызар келеді. Күмісті ат-әбзел, көрнекті қару-жарақ көрсе іштері күйер. Ұрлатып аларсыңдар. Көзге түспес әбзел, жобалғы ғана киім дұрыс болар. – деп Қадіркен кеңес айтқан.

Әйтсе де әбзел жылтыраксыз болғанымен, аттары сай жолаушылардың. Ниязды тақымындағы Ақбақай торы да, Сегіздің Бозшұбары дом болып жарап ойнақтап келеді. Қайрат мінген шабдар да жылпос, жүрдек жылқы. Пәлендей жүйрік болмаса да, күн ұзақ болдырмай төпектете беретін белі берік қарабайырдың өзі.

Жүйріктікке келетін болса, Қадырбайдың астындағы құла жирен нағыз желаяққа жатады. Түрікпендердің ауызымен құс тістеген таза қанды арғымақтардың нәсілінен. Тәует бас, құлаш мойын, тұрқы ұзын сидам жылқы. Басын шұлғи тастап, тізгін сүзе жүріс тілеп, билей басып келеді. Қадырбай тізгінді қос қолдап тартып отырмаса, ала жөнелетін түрі бар. Бірақ атының мінезіне қанық иесі, жігіттерге қарап сампылдай сөйлеп келе жатса да, тізгінді керіп бір сәт те босатар емес. Құла жирен ауыздықты шақырлата шайнап, басын кекжите алайта бастаса-ақ, қатты жұлқып қалып:

- Тәк, тәк, жануар! Қатар бұзбай жүр, есің бар еді ғой. – деп басалқы айтқан болады.

Сопақ, ашаң бетті Қадырбайдың өңі көктемгі күнге тотығып үлгеріпті. Үйге симайтын елгезек кісі ғой, байыз таппай үнемі қарекет үстінде жүргені. Осы келе жатқанда да құр қызық көрмек болып шыққан жоқ. Ерігіп құр босқа қыдырыстайың кісің емес Қадырбай-екең. Ақмешітте күттірмес шаруасы бар. Сол шаһарда тұрып жатқан бірер үй керейлер кәсіппен айналысушы еді. Бөз тоқиды, жібек құртын өсіріп мата өндіреді дегендей. Иір мойын құман, ыдыс-аяқ, құмыра мен леген жасайтын шеберлері де бар.

Сол бұйымдарды көтерме бағамен қотара сатып алып, сауда-саттық істейді Қадырбай. Тай-тай маталар мен қолөнер бұйымдарын кіл ірікті нар мен атандарға теңдей артып, керуен тартады. Бағыттары әр алуан. Көбінесе қаласы жоқ, малы ырғын көшпелі елдерге бағдар түзер еді. Қамқа мен батсайы, мауыты мен биқасап сахарадағы ауылдарда қат екенін қайтып білмесін. Ең аяғы бөз бен бояқ, арзан қол доқаба күнделікті тұрмысқа ауадай қажет. Бір шеті сонау Қызылжар мен Омбы болса, бір шеті Тәшкен мен Хиуаның арасында баспаған сүрлеу-соқпағы жоқ шығар.

Үнемі сапар үстінде жүрген соң, жол азабына төзімді-ақ. Айдалада айлап қонып жүруді машық қылғаны соншалық, ауылда

ойнаы тауып көп отыра алмайды. Бірер жұма ауылдан шықпай қойса, ішінеден құр қалғандай-ақ тызақтап бітеді сабазың. Осы сапар да Ақмешіттен мата артып, теріскей жаққа бағдар түземек. Егізі Қадіркен:

- Арқа жақ тынышсыз көрінеді ғой. Ұзынқұлақ жеткізген қауесет пен жайсыз. Кене ханның қосыны орыспен аңдысып арпалысып жүрсе керек. Екі түйе сүйкенсе арасында шыбын өледі демекші, екі ортада арандап қаларсың. Мәселе бір жақты болғанша аял қыла тұрсаңшы. – деп сақтық айтқан.

Егіз болса да Қадырбайды іні тұтып, дәйім жаны ашып жүргені. Ол айтпақшы, сыңарына қауіп төнгенді сезіп те жүретін сияқты. – Оң қолағым тарта береді, анау қаңғыбас келіп қалатын шығар жуырда. – деп қуанып, ия болмаса, - кеуілім қобалжып жүрегім қаға беретіні несі? Әлгі иттің күшігі бір қатерге тап болмағай. Өткен түн бастығырылып шошып оянғаным. Содан дөңбекшіп көзім ілінсейші. Ұйқы көзбен атырдым, жүгірмекті ойлай-ойлай. – деп Қадырбайды ой қылып отырар еді.

Көпті көрген көне көздер: - Бұ егіз дегендерің сыңарына жаны ашығыш, сезімтал келеді. Жатырда тоғыз ай біте қайнасу деген оңай ма. Соның әсері болар бұ мінездері. Аралары алты айшылық қашықтықта болса да, бір-бірінің мұңын сезгіш-ақ. Аға бордан іні борсан демекші, мінезі байсалды Қадіркен сыңарын уайымдай береді. Қадырбайы бар болғыр желөкпелеу болған соң, інісі рәуіштес. Ұшалап, айлап сапар шеккенде Қадіркенді қаперіне де алар ма екен, ағеке. – деп мінезі орнықты ел ағасын көтермелеп, ауылдағы күнделікті күйбеңді сұқаны сүймейтін Қадырбайды мінеп те қояды.

Шал-шауқанның сынына пысқырар ол жоқ, қашанда ағы ақ, қызылы қызыл; елуді еңсерген қырқылжың емес, отыздағы қайратты жаматтай жайнаң қағып жүргені. Дәл қазір де шүңірек көздерін күлімдетіп, әңгіме-дүкен құрып келеді. Мейман бозбастарды Ақмешітке бастап келе жатқан соң, бұ шаһардың тарихын тілге тиек етуде. Көктемгі шуаққа күйген бетінің қою қызылына қырықпа сақалы мен ширатпа мұрты жараса қалған. Ортасы сәл дөңестеу келген, келісті қыр мұрыны, биік маңдайы мен жұқа еріндерімен үйлесіп тұр. Қонышынан жарғағын шығарып көк бұйраны атып алды да, сөйлей берді. Лебізі дөнен қошқардың үніндей-ақ қою шығады.

- Бұ Ақмешіттің тарихы тереңде жатыр-ау, жігіттер. Асан қайғы Ақмешітті көріп баға берді деп, соға береді біздің қазекең. Дәлелдігінан айналдым Асан баба сонау Жәнібек ханның тұсында өмір сүргені қайда? Ол заман ноғайлының дәуірлеп тұрған кезі емес пе еді. Ақмешітті болса Қоқанның ханы Орман бертін салған. Әрі кетсе ширек ғасыр болған шығар, бекініс орнағалы. –

Осы сөзбен коймалжың сілекейін сыздықтата түкіріп, ауылы сүрте мұртын ширатып қойды Қадырбай-екең. Шекесі қушықтау, бет бедері жұқалау келген сүрепетіне, сидам бітіміне зор үні үйлесіп ақ. Беті табақтай, сом денелі әлдебіреудің лебізі деп қаласың, тіп есіткенде. Әсіресе бүгіңгідей желсіз, тымық күні сөлді даусы аттардың дүбірін баса анық естіліп келеді.

- Әйтсе де Ақмешіттен бұрын Құмкала, Қамыскала деген қоныстар болған бұл жерде. Себебі бұл тұс нағыз тоғыз жолдың торабында орналасқан, керуен тынығуға қолайлы мекен. Тұрған жері бақалы копа деген ойпатты арна, жан-жағы қалың қамыс пен бұта. Қамыскала деп аталуы тегін емес қой. Көне заманнан қалған рабаттар мен керуен сарайлардың жұрнағы әлі де бар сол төңіректе.

Бекіністі бастапқыда сол жағалауға салып еді, бір жылдан соң оң жағалауға көшірді кокандықтар. Дайраның жағалауынан қашықтығы екі жүз саржандай болып та қалар. Қорған қабырғалары аса берік. Іргенің қалыңдығы он құлаш болса, жоғарғы жағының ені тоғыз құлаштай. Қорған қабырғасының биіктігі он құлаштан асып жатыр. Саз балшықты ұсақталған сабанмен қоса илеп, дуалды соға берген ғой. Қорғанның айналасы су толған ор. Асылы, анау-мынау дұшпанның тісі батпас берік қамал бұ Ақмешітің. –

Қадырбай мына сөзім нендей әсер етті екен дегендей, бозбастарға алма-кезек назар жүгіртіп өтті. Аттанар жағында келе жатқан Нияз:

- Сонда кімді мұқатпақ бұ кокандықтар? Сонша зәулім бекіне салғанда қай дұшпаннан қорғанбақ? Айналасы кілең қазақ ауылдары ғой. Өз мұсылманынан тас қамал орната жасырынып не көрінеді сонша? – деп сауал тастады.

Ақмешітті бір көруге көптен құмартып жүрген жігіттің кейіпінде шынайы қызығушылық бар.

- Е-е, кімнен қорғанушы еді? Әуелім өзіміздің қазакка өктемдік көрсетпек. Сыр бойы ежелден казақтыкі емес пе. Қоқан мызғымас қамал салып, кіші жүзді біртін-біртін басып алып өз құзырына қаратпақ. Қазірдің өзінде алым-салықтан көз аша алмай жүрмі әнекей. Жыл санап зекет пен ұшырының салмағы арта түседі де. – тіс арасынан сыздықтата және бір түкірген Қадырбай, келеңсіз бір жәйтты есіне түсіргендей қабақ шытты.

Лебізінде кіжінген сарын бар. Нияз да намыстанған пішінмен: - Сонда езгіге төзе бермекпіз бе? Кіші жүзді найза бер де жауға кой деген накыл кайда? Егеулі найза өңгеріп атка конар жігіттер бар емес пе, құдай шүкір. – тіл катып, қабағын түйіңкірей сұраулы жүзін Қадырбайға бұрды. Аялы көздері ұшкын шаша карайды.

- Неге болмасын? Қанын торсыкка құйып алған талай аккөздер баршылык кой ел ішінде. Адуын жігіттерді тек бастай біл. Жанкожа

[illegible] өзі талай мәрте намысқа шауып еді. Әйтсе де күш-қайрат [illegible] сонып тұр осы кез. Ауыз бірлік жоқ қой. Алауыздық кесел [illegible] ыдырасқалы қашан. Әр ру өз қамын ғана жейтінін қайтерсің. Бір [illegible] ынтан табылу деген жоқ. Соның салдарынан зардап шегіп [illegible] Мысалы мына келе жатқан Қайрат бауырың зінданға да [illegible] кезінде. Зекетші жасауылмен тіресемін деп, қылыштың [illegible] де өткен. Сөйткен керей баласына жапсарлас қонған кете мен [illegible] қол ұшын беруге де жараған жоқ.

[illegible]таныңнан ойбайым тиыш. – деп бұғып қалғаны. Кетені [illegible]ктар жәукемдегенде әлімдер қозғала қоймайды. Әр ру өз [illegible] өзі қасып, бас бірікпей жүргені де. – кейісті нысайға міне [illegible] сілтеген Қадырбай үнсіз қалды.

[illegible]ласының сөзіне елең ете қалған Сегіз, қамшылар жақта келе [illegible] Қайратқа еңсе бұрып:

Сен зінданға жатып па едің? Жаралы да болыпсың ғой [illegible]мен қаржасып. Қыс бойы талай әңгіме-дүкен құрғанда не [illegible] айтпадың? Ішіне қайтып сиып жүр мұнша сыр? Дәтің шіркін [illegible] берік болар ма, сабазым! – деп аса таңырқаған кейіппен тіл [illegible]

Бәсе деймін-ау, басқа біреу болса әлдеқашан бөсіп жыр қылар [illegible], анандай сергелдеңді көрсе. Осынша томаға-тұйық [illegible]рмысың, құрдас-ау. – қайран қалған Нияз да басын шайқап, [illegible]мжарлана кетті.

Күлге жал шабдарын сипай қамшылап келе жатқан Қайрат [illegible]ктеріне көз тастап, үнсіз ғана езу тартты. Жауаптасуға асыға [illegible] жоқ. Салмақты мінезіне бағып өз ойымен өзі келе жатыр. [illegible]ркеннің тұңғышы бұл жігіттің бітімі нағашыларына тарткан. [illegible]кендігі қазандай дерлік басын, кең иығына мойынсыз қондыра [illegible]ндай. Толық жалпақ бетті, торсық шекелі, қараторы өңіндегі [illegible]лық көздерінде сабыр тұнып тұр дерсің. Басына сай дене бітімі де [illegible]. Қол-аяғы бақандай, кеудесі аяққаптай қара жонның нағыз өзі. Мінезінің және бір ерекшілігі – кішіпейіл. Әкесі бір қауым елдің сөзін [illegible]р көсем болса да, бұл жігіт титтей де кергуден ада. Үлкен-кішіге [illegible]рдей жұғымды, сыпайы мінезінен таңған күні жоқ. Байдың [illegible]шымын деп бәлсінуді білсейші. Қашан көрсең де қолы [illegible]ұмыстан босамайды. Келіншегі Балкен баз-базда тіпті намыстанып:

- Кім көрінген жұмсаса да томпалаң қағып жүгіре беретінің-ай осы [illegible]! Шора ұлына лайық мінез таппаймысың біраурық. Салмақсып, [illegible]нетіне сұс жиып жүрсеңші былай. – деп шүйлеп қоятын.

Бұл қайрауына көне қоятын Қайрат жоқ; үндемей құтыла салып, [illegible]-баяғы кісі бетін қайтармайтын кеңпейілдігіне бағып жүргені. Бұл [illegible]ар да үндемейін деп еді, Қадырбай еркіне жібермей:

- Шешіліп сөйлессеңші былай, оу жүгірмек! Өз құрдастарыңнан қымсынасың ба? Жол қыскарсын қайта, әңгіме болсын. Айт кәне қылыштан аман қалғаныңды. – деп бұйыра сөйледі.

Қара елтірі бөркін бір козғап қойған Қайрат, - әй болмадыңдар ғой! – дегендей кейіппен, қынжылғанси басын шайқап қойып, сөзін бастай берді.

- Пәлендей жыр ғып шертетін қай бір әңгіме дейсің? – деп мырс берді де, есінде сол бір оқиғаны жаңғыртқандай сәл ойлана бөгеліп, лебізін қоңырлата берді.

- Қоскорғанға ұшырымды апармаймын ба жылдағыдай. Тары мен күрішті сықап қанарға салып, қоңыр шолақ өгізді жегіп жеткізгем. Өгізімді туарып каптарды өткізген соң қайтайын десем, әлгі Ракманқұл жидашы әй-шай жоқ:

- Өгіз бен арбаны да қалдырып кет! –деп бұйырғаны.

Кенеттен кенет шыққан жөнсіз бұйрыққа мен аң-таң. – О неніп ақысы? – деп едім, әлгі кәдуілгідей шамданып:

- Онда жұмысың болмасын, ит қазақ! Иесіне керек болса қоңсы өкпелемейді демекші, маған керек болып тұр көлігің. Бар жүре бер жаның барында. Үйіне аман есен барсаң, басың олжа. – деген сөзбен қолындағы сабаумен қақ баска тартып кеп жіберсін. Әй-шәй жоқ, себепсізден себепсіз кол жұмсағаны кәззәптің.

Жаман бөркім торс етіп жарылды, көзді кан жуып кетті. Әйтсе де тірі жанмын, сабаудан ұстай алып жұлкып калмаймын ба. Әлгі неменің серейген бойы ғана екен, еш қаукары жоқ. Етбетінен жалп ете құлап ал кеп бажылдасын.

- Ойбай өлдім! Өлтірді мына ит казак! - - деп айғай салып, төңіректі басына көтергені.

Жидашыға болыспай ма анталап жүрген калың ләшкар. Он шакты карулы сыпайлары келіп, ал кеп камшының астына алсын. Көк ала койдай сабап-сабап, зінданға тастады да жіберді өңшең куарған жауыздар. – әңгімесін бір кайырған Қайрат, бөркін және козғап койды.

Бұның бір дағдысы, әңгіме шертсе түктен ада жып-жылтыр иегін сипап коятын. Не иегінде, не жағында ырымға да кылтанак жок, көсенің нағыз өзі еді. Сирек біткен мұрты да болмашы бірдеңке ғана. Оны өзінше ширатып та кояды. Міне казір де иегін укалап койып, ойын коғамдай аз бөгелді де, кенесін тарата түсті.

Зіндан дегендері кәдуілгідей терең құдык екен. Су шыкпаған соң зындан кылып жіберсе керек. Іші тар, аяғыңды созып жата алмайсың; бүк түсіп көз шырымын аласың әйтеуір. Сонау биікте күннің көзі жылтырайды. Өзге саңылау жок. Іші дымкос та капырык, әрі ауасы сасык. Сасык болмағанда ше? Дәретті де осында сындырасың, тамакты да осында ішесің. Терең болған соң сырттан ауа да бармайды

Гәулігіне бір қаткан нан тастайды, бар корегі сол. Суды екі-үш үлкен қауғамен түсіреді. Қауғасы тостағандай-ақ, бірақ сімірем де [illegible] сұраймын.

Қаталап өлмессің, өлсең өрем кап! – деп күзетші келемеж [illegible] өзімді. Судың бір ұрттамының кадірін сол жолы білдім-ау.

Сөйтіп не керек, елден іздеуші келіп шығарып алғанша жатуға [illegible] келді көр зынданда. Біреудің басына бермесін, тірідей [illegible]сінімен бірдей екен бұл азаптары. – деп күрсініп койды Қайрат.

Бір ғана сәтке жүзін мұң кіреукесі шалып, кабағын шытына калды [illegible] кайтадан өзінің дағдылы пейілді де сабырлы пошымын тапты. [illegible] аты жас кой, көрген бейнетін үнемі есте сақтай берсін бе. [illegible] үстіне Қайрат сынды жігерлі де көнтерілі жігіт болса.

Естімеген елде көп-ау. Алпамыс батыр да жеті жыл зынданда [illegible] еді, кайтып төзді десеңші есіл ер? – Нияз да кабағын шытып [illegible] шайкай берді.

Қайратты соны бір кырынан жаңа танығандай, таңыркай карап [illegible]. – Ал енді кылыш жүзіне калай ілігіп жүрсің? Зінданның кегін [illegible] болдың ба? – деп құрдасына және төне түсті.

Жоға, өз басымды күйттеуші ме едім. Кек куып нем бар. Өтті-[illegible] дегендей. Жігіттің басына нелер келіп не кетпес, демекші. – Қайрат жымиып койып иегін сұк саусағымен укалай бастады. Сірә, [illegible]-сонар бір әңгімеге кіріспекке әзірленгендей.

- Әлгі Ракманқұл сұмпайының және бір зорлык-зомбылығына [illegible] кеткенім де. Біздің ауылдың үстімен келе жатып, біреудің жап-[illegible] желекті келіншегіне шеңгел салғаны найсаптың. Токтыдай [illegible] әкетіп барады тапа тал түсте. Жанұшыра шырылдаған [illegible]сына карк-карк күледі итің. Қасында он шакты карулы ләшкер, [illegible]мен ыксын? Ауылда ер-азамат жок, еркек кіндікті атаулы күріш [illegible]нда жүрген мезгіл. Мен де жаяу жалпы, арык тазалап жүрген [illegible]рім. Ауылға сусын жұтпак болып келген едім.

Зіндан азабын көрген басым, сорлы келіншекке ара түсуге [illegible]регім дауаламады әуелде. Арашаға түссем-ак, таяк жеп зінданға [illegible] камаларым сөзсіз ғой. Тіпті науыт кылуы да ғажап емес. Сондык, іш казандай кайнаса да карсылык кылуға дәрмен кайда. Сөйтіп іштен тынып тұра берер ме едім, кайтер едім, әлгі келіншекке [illegible]шиген бір кемпір араша түспесе. Ойбайлап, ауылды басына [illegible]теріп, Ракманқұлдың шапанының шалғайына жабыса кетсін. Бетінің арын түйіп алған ыспар жидашы, кайдағы бір кемпірдің [illegible]рына пыскырсын ба? Білеуітпен бастан тартып кеп жіберсін. Қолы [illegible]ша катты болар ма, кемпірдің күндігі дар айырылып, шекесін кан [illegible]уып кетті. Уак бала-шаға бұны көріп олар жылап жатыр. Кемпір [illegible]рлы ат түяғына тапталуға шак калды.

Осы сәт не болғанын өзім де аңғармай қалдым, илансаң. Ашу биледі ме, бойымды тежей алмағаным әйтеуір. Қолыма бір келтеш ала салып Раәманқұлға тура ұмтылыппын. Ту сыртынан тап берш желкеден тапсырып кеп жібердім. Иттің шекесі жұқа екен, ауыл бақадай ашылып бөркі сонадай жерге ұшып барып жалп етіп Әйтеуір тірі қалды, өйтпегенде канын жүктер едім.

Қасындағы ләшкерлер айғай салып тап берсін. Айнала қоршап ал кеп қылыштың астына алсын. Абырой болғанда колға түскен келіш әрі ұзын, әрі мықты екен. Жандәрмен сілтегенде үшеу-төртеуін атып түсіріп, жер қаптырдым пәлемдерді. Жәбір көрген келіншек пен кемпір де жайына қалған, қайткенде менен өшін алмақ жендеттер Жан алысып беріскен майдан кәдуілгі. Әлгі жерде бие сауымында қаржасыппын ғой. Әбден мылжаласып сапырылысып жүрміз. Кейін санағанда он үш жерден қылыш тиіпті етіме.

- Бұ ит қазақ өлмеуші ме еді? – деп ләшкерлер мені піскілеп те шауып та әлек. Күш қайдан пайда болғанын құдайым білсін, канш малшынсам да құлағаным жоқ. Тек егін жақтан жігіттердің тобы көмекке жетіп, ләшкерлер қашқанда әбден титықтап естен танып Сол шалажансар күйіме тәуіпке жеткізеді жігіттер.

Тәуіп дегеніміз өзіміздің Еске ағамыз ғой. Мені – өлді, енді адам болмас- деп түңілген ағайынға, - кан көп кеткенімен ішкі құрылысы сау. Үмітсіз шайтан деген. Ем-дом жасап көрейін. – деп іске кіріседі

Жаңа сойылған шелді қойдың терісіне мені бөлеп тастап, ал кеп неше түрлі шөп-шаламмен емдесін. Шөптің өзін де шайнатқызды, тұнбасы мен сығындысын ішкізді ме керек, жарама борсықтың майын жақты ма керек, істемегені жоқ әйтеуір. Ұзын сөздің қысқасы, бір айдан соң қатарға қосылдым. Еске ағамыздың арқасында құлан тап айыққаным. Бар қалған белгі – денедегі көп тыртықтар. Хикаям осы-ақ, жігіттер. – әңгімесін тәмәмдаған Қайрат үзеңгілестеріне назар тастап, жымиып қойды.

Жел мен күнге тотыққан сірідей өңі тым жайбарақат. Ажалдан қалған жайын емес, той-томалаққа барған қызығын дәттегендей. Ойға батқан Сегіз үндей қоймаса да, үзеңгіде көтеріліп қойған Нияз:

- Пай-пай, таңым бар, құрдас-ау! – деп таңырқаған пішінмен таңдай қақты да, - мұнша азапты көргеніңді білсемші. Қас батыр өзің екенсің ғой, бауырым. Қыстың талай кештерінде әңгіме-дүкен шерткенде, бұ оқыс оқиға жөнінде тіс жармағаның ғажап тіпті. Сырға мұнша берік болармысың. Бір ретте төбеңдегі тыртықтарды көріп, жөнін сұрамап едім. Шаш алғанда ұстара тілген тыртық болар деп топшылағаным. Қылыштың жүзінен қалған айқыш-ұйқыш іздер екен-ау. Денеңде дәл солай тілім-тілім болар. – деп Қайратты жаңа көргендей көзін қадай берді.

Күрестінде таңдану мен табыну шарпыскандай. Бір көрмеге кой [illegible] алмастай моп-момақан жігіттің соншалық табандылық [illegible]ына қайран. Бос сөз, лепірме мақтанға жоқ құрдастың [illegible]ерлігін мойындағандай.

[illegible] құбыла қалған кейіпін бақылап келе жатқан Қадырбай [illegible]: - Оу, бауырым, таңдай какканың кай сасканың? Әжең [illegible] айтпап па еді бал күнінде, - таңдай какпа! – деп. Қайраттың [illegible] кормеген бас дейсің? Құйкасы өгіздің құйкасындай болар [illegible] Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі деген осы да. Құдай [illegible] киын ба. Қырына алайын десе де әп-сәтте-ак. – деп тұжыра, [illegible]мақты нысайға мінді де,

[illegible] Рақманқұл жауыз бок басында өліп калған жок па? Өз [illegible] табалдырығына сүріліп шалкасынан құлайды да, зәтте жан [illegible]ды кәззап. Дәл каракусымен тасқа соғылса керек. Жұрттың [illegible] жіберсін бе. Момынның сілесі катты болады демекші, [illegible] көз жасы жібермеген де. –

[illegible] тәмәмдай, ат жалына еңкейе беріп көз сүзген Қадырбай: - [illegible] калдық, жігіттер! Әне көрінді Акмешітің. – деп қамшысын [illegible] еткізе, сонау көкжиекті нұскады.

Бұл окыс кимылынан такымындағы елеңдеп келе жаткан арғымак [illegible]ытырылып, ала жөнелді. Аркан бойы шеңбер жасап ойкастап [illegible], ауыздыкты керген әлуетті колдың тегеуірінімен ғана кайта [illegible]на түсті.

Жігіттер көз тіге калып еді, көз ұшында шынымен-ак корған [illegible]рауытып тұр екен. Сегіз Қадырбайдың атына сүйсіне карап:

Ауызымен кус тістегендей ғой мына теке-жәумітіңіз! Үркек [illegible] ме еді бұ тұкым? – деп тізгінді кымти ұстады да, - кел, Қака, [illegible]рейік аттың басын. Арыны басылар ма екен мына сәйгүлігіңіздің. [illegible]ген сөзбен шұбарды тебініп калды.

Тақымға бағынатын есті жануар, - ұктым! – дегендей тізгінді [illegible], катты желіспен естіре жөнелді.

Ал, ағызып алайык! Бас камшыны. – деп Нияз да торының [illegible]на еңкейе кикулап кеп жіберді. Үш жігіт октай атылған акал-[illegible]нің ізін ала, соктырта жөнелді...

3

Акмешіт корғаны шынымен-ак сұсты екен. Саз балшыкты [illegible]лкталған майда сабанмен коса илеп тұрғызған зәулім де сом [illegible]бырғаларының беріктігі тастай дерлік. Кез келген жолаушы атаулы, [illegible] бір мүсәпірдей сезінеді екен касына такап келгенде. Сонау [illegible]нде бір-бір зеңбірек. Қабырғалардың үстіңгі жағына ұшы сүйір

қадаларды орнатып қойыпты. Қадалардың арасында жасырынып ок атауға қолайлы саңылаулар бар. Қорғанның сырт жағы су толы әрі терең, әрі енді ор. Қалаға апаратын жалғыз көпір; көпірдің арты бетінде қабырғасы жұмырлана біткен зәулім мұнара. Мұнараның орта тұсында жарма есікті жалпақ қақпа. Биік те енді есіктері көк темірмен құрсанған. Биіктігі түйелі кісі еркін өтетіндей, ені төрт арба қатарынан сиятындай қақпа, жуан бөренелерден құрастыра жасалған екен. Сырт жағын көлемі түндіктей-түндіктей жалпақ темірмен қаптап қойыпты. Темірінің қалыңдығы елідей болар.

Қорғанның ішінен сырнай-кернейдің үні естіліп жатыр. Өзіне ғана тән реңкті ерекше әуез. Түтіннің, бүлкілдей қайнап жатқан астың хош иістері де жетті. Сірә, науырыз думаны қызып жатса керек. Қақпа жартылай ашық тұр, бергі жағында күзеттегі сарбаздар болса керек, үш кісі көлеңкеде жамбастап жатыр. Найзалары қақпаға сүйеулі, корамсақ толы ағаш оқ пен садақ, қылыштарын сол тұсқа үйіп қойыпты. Өздері иір мойын қашғари құманды ортаға алып, шай сораптауда.

Қадырбай арқан тастам жерден аттан түсіп: - Уа, азаматтар, сәлем бердік! Науырыз байрам құтты болсын. – деп дауыстап еді, үшеуінің біреуі орнынан енжарлау көтеріліп бері беттеді. Белінде қайқы қылыш, басында шалма, иінінде өзбектің қалың мақталы ала шапаны, қапсаған бойлы карасұр біреу екен. Жағы мен иегін қамти өскен бұйра сақалды, ұзын мұртты, қоңқақ мұрынды жігіттің пошымы қазаққа келмейді.

Сегіз ішінен: – Сарт па тәжік пе, әйтеуір бет бедері қазақтан бөлек сияқты. Бұ шаһарда неше түрлі ұлттар тоғысқан болар. – деп түйіп, Қадырбайдың соңын ала аттан түсті.

Күзетші жігіт сәлемге жауап берместен, келген жолаушыларға шұқшия қадала қалды. Түрі суық, қабағы салқын, шүңірек көздері бой-басты тінте қарайды. Тиісерге сылтау таппаса керек, ал үнсіздіктен соң:

- Қару-жарақтарың бар ма еді? – деп гүж етті. Нәсілі бөлек болса да, қазақшасы жатық екен.

Қадырбай жайбарақат кейіппен: - Ойбұй, туысқан, қайдағы қару? Той-тамашаны қызықтамаққа келген момын шаруамыз ғой. Ішімізде әнші жас-желең де бар әнекей. Мерекеге ат салысуға келген түріміз де – деп серіктерін нұсқап иек қақты. – Әншілеріміз осы. – дегендей-ақ.

Шүңірек көз аз ойланып және тіл қатқалы оқталып еді, қақпа жақтан: - Оу, Құрбан, тиіспе бұл кісілерге. Өз қазағымыз. – деген дауыс естіліп, орта бойлы дембелше біреу бері беттеді.

Басында дағарадай қара сеңсең түрікпен бөрік, иінінде кең қолтық мол пішілген шапан, белінде күміс қынапты қылыш, сақа кісі:

- Оу, Қадырбаймысың, қайдан жүрсің қаңғалақтап? – деп қатты дауыстап, аппақ тістерін ақсита миық керді.

Дүрдімұхаммед, сенбісің? Сені де көретін күн бар екен-ау. – Қадырбай да күлімсіреп, тосын кездесуге қуанған пішін аңғарта, әлгі жолы таман қадам басты.

Бұрыннан көз таныс болса керек, екеуі құшақтасып мәре-сәре болып жатыр. – Бұл Дүрді деген құрдасым болады. Ежелгі тамырым. Дүрдіді иығынан қапсыра құшақтай алған Қадырбай. Сегіздерге бұл қауышудың жөн-жосығын ұқтырды.

Сонау жас кезімізде Үргеніште танысып едік. Тайпасы гоклен бұл азаматтың. Өзі түйдей құрдас. Керуенімізді Қарақұмның қиындайыр шөлінен өткізіп берген кезінде. Солай емес пе, ә Дүрді бауырым? – деген сөзбен құрдасын иығынан сілкілей берді.

Қарақошқыл сопақ өңді, қайқы кірпік аялы көзді Дүрдідің мінезі сыпайы, үні биязы екен. Жігіттердің амандығын сұрап, бейіл бере танысып жатыр. Үні бәсең шықса да, дәрежесі мен беделі осал емес сияқты. Қасындағы екі ләшкер қабағын таныған соң, өңдерін ашытып, құрақ ұшып жүр. Баппен демделген шай құйып беріп, тапқыр нан мен сары майдан дәм татырды жолаушыларға.

- Керуен бастап келіп едім. – деп шай үстінде кеңес шертті Дүрді. – Ақмешіттің бегі көз танысым еді. Сол кісі – қақпа күзетуге жәрдемдесіп көмек науырыз байрамда, - деп колқа салғаны. Өз әскерлерін мерекеге көмермек екен біруақ. Билік иесі мырзаның сөзін қайтып жерде қалдырайын. Керуен айдаған соң әр қалада бір-бір сүйенішің болу керек. Сол үәдемді орындап жүрген түрім ғой. Түскен үйіміз бар осындағы бір мәхалләда. Мейман болып бір марқаның басын мүжіп кет, қамандас. Кең отырып бір әңгіме-дүкен құрайық. Жалындаған жастық шақты еске алып дегендей. – деп, сөз аяғында меймандостық танытты.

Бұнысы әншейін сыпайылық емес, қалтқысыз пейілі екенін райлы жүзі аңғартқандай. Сірә сонау жастық шақта Қадырбай екеуі дәмдес-тұздас болып, не бір өткелектен бірге өткенге ұқсайды. Сол бір күндерді жаңғырта еске алып, мауқын баспақ сияқты.

- Е-е, Дүрді-еке. Сөзің орынды. Белес-белес шағылдарды кезіп жүріп, шөлге де ұрынып едік. Жолбасар ұры-қарымен шайқасып та қалғамыз. Не керек, жастық шақтың қызуымен не бір сергелдеңді сөзең қылмадық қой. – деп Қадырбай да өткенді көз алдына елестеткендей көзін жұмыңқырап, басын шайқай берді.

- Шақырғанда бармасаң, шақыруға зар боларсың демекші, іздеп барармын кешікпей-ақ. Дәмнен үлкен емеспіз ғой. Тек мына інішектерді бір қыдыртайын шаһарды аралатып. – деп Қадырбай үәде беріп, жүруге ыңғай танытты.

- Хош, алда-жалда қару асынған ләшкер мазаласа, Дүрдідің қонағымын дерсің. Бұ жердің сарттары мыштай болады, йомуд пен гокленді атасаң. – деп Дүрді аттың шаужайынан ұстап, өз қолымен аттандырды тамырын.

Көк шайды сіміріп таңдай жібіткен жігіттер де атқа конып, Қадырбайға ілесе ауыр қақпадан өтіп, шаһарға ене берді. Қақпа деңгейінен өтуі мұң еді, қорған қабырғасының ішкі жағында тізіліп тұрған ұзын-ұзын бақандарға көздері еріксіз сүріне кетті. Сүрінбеуі мүмкін де емес еді. Биіктігі ат үстінен құрық ұсынғандай бақандардың сонау ұшына, кісілердің кесілген бастарын шаншып қойыпты. Кәдуілгідей үйітілген қойдың басындай істікке ілінген. Бақандардың ұзын саны жиырманың шамасында болар. Тосын көріністен аттар үркіп, құлақтарын жыма, көздерін алайта оркырай кісінесті. – Тәк-тәк, жануар! – деп Қадырбай еңкейе шаужайдан қақпаса, тақымындағы құла жирен шапшып, қосаяктап тұрып алған қалпымен ала жөнелер еді.

Кесілген бастардың сиқы әралуан. Кейінің еті ағып, ку сүйекке айналуға жақын болса, кейінің көз қуысы мен құйқасында қара шыбын үймелеп жүр.

- О, тоба, бұ не сұмдық? – қатты таңырқаған Нияз қабағын шыта жағасын ұстай алды. Сегіз болса әріректеу,төртінші баканның түбінде үйіліп жаткан сүйектерге назар тіктеді.

- Бұнысы не пәле тағы? Тегін емес шығар. – деген оймен үніле көз қадағанда, жон аркасының мұздап коя бергенін аңғармай да қалды. Іле маңдайдан сұп-суық тер бұрк етіп, колка тұсы әлдекім сығып алғандай шымырласын келіп. Сонадайдағы көрініс шынымен-ақ, қандай жүрегі түкті ыспар кісі болса да, көңілін кобалжытпай коймас еді.

Үйіліп жатқан аппақ сөңке сүйектер кісінің ку бастары болып шықты. Төбе жағын омақадай сүйірлете, төменгі тұсын үйдің іргесіндей дөңгеленте үйіпті. Биіктігі кісі бойы кішігірім төбешік дерсің. Төбешіктің дәл үстінде бірер карға каркылдап, ку бастардың үнірейген көз куыстарын шокуда.

- Мұндай да сұмдық болады екен-ау! – тас болып катып қалған Сегіз қарғалардан көзін ала алмай тұр. – Келген кісінің жүрегін шайлықтыру үшін үйе берген бе бұ жауыздар? Адам баласын мұнша корлауға бола ма? Дұшпанның басы болса да, ит-құска жем қылмай жерге көме салсайшы. Мұсылманшылыкка жатпайды ғой мүлдем бұлары. –

Атының басымен алысып жуасыткан Қадырбай, сапарластардың көкейіндегісін ұға қалғандай:

- Бұ мына Акмешіттің бегі істеткен сұмпайылық кой, жігіттер. Кәллә мұнара дейді өздерінше. Кәллә дегендері бас. Демек бастан үйлген мұнара деген сөз. Келген кісінің зәресін алмак өстіп. Қокан мен Хиуадан көрген үлгі ғой. Бұл атыраптағы калың казактың мысын басу әдісі де баяғы. – деп кабағын түйген калпы, көзін бакандардан әкете берді.

- Сонда кімнің бастары бұл? Сонша жинай бергені несі? – өңі кашкан Нияздың лебізі жарыкшактана шыкты.

[illegible] қусырылып, көзі шарысынан шыға жаздағандай қалпы, [illegible] түлей қатты толқығанын аңғартып-ақ тұр.

[illegible], кімнің бастары болсын. Бек пен датқаларға қарсы [illegible]ардың бастары да. Зекет ұшырға көнбей құрық әкеткендер де [illegible]кен болар. Мына біздің Қайрат анау егескен Рақманқұлды [illegible]ылса, бұның да басы осында жатар ма еді, кайтер еді. Одан [illegible]ейтіні жоқ күл-құтанның бастарын да тастай беретін шығар. [illegible] қайырған Қадырбай аттың басын қала ішіне бұра берді.

[illegible]тік, жігіттер. Ішімізден дұға оқып, марқұмдардың жанына [illegible]лық тілейік. Бек пен датқаға жазықты болса да, бұ міскіндер де [illegible]асы. Өзіміздің мұсылман да шығар, әрі-беріден соң. – деген [illegible]етін дұғасын күбірлей бастады.

[illegible]ріктері де беттерін сипасып, Қадырбайға ілес ілби бастырып [illegible] Акмешіттен алған алғашқы әсері жайсыз-ақ. Мынандай жан [illegible] сорақылықты көрген көпшілік қайтып той тойлап жүр екен [illegible] Тамағынан науырыз көже өте қояр ма екен. Әлде күнде [illegible]рген соң, адамның еті өліп қала ма екен.

[illegible]ненсіз ойға шомып жауап таба алмаған Сегіз күрсініп қойып, [illegible]ліға назар жықты да:

Бұ не деген хайуандық, Қака? Дұшпан болса да жерге көміп [illegible] жасыра салсайшы. Адам баласы, әсіресе мұсылман баласы бір-[illegible] рақым қылсын деген шарғының насихаты қайда. – деп [illegible]ріндегі сауалды паш етті.

Хайуандық дедің бе? Дәл табылған сөз. – түнеріп келе жатқан [illegible]ай әлдекімге кіжінгендей қала ішіне жалт қарап, қабағын түйді. [illegible] күлкі, ішінде түлкі демей ме бұндайды. Сыртымен мұсылман [illegible], ісімен не зұлымдыққа бармайды дейсің бұ кәззаптар.

[illegible]ісу бір жылы қылмысты бір жігітті, жігіт болғанда өздерінің [illegible], азаптағанын көрсең. Қол-аяғын сотамен сындырып, қаланың [illegible]ына сүйретіп апарып тастаған. Қорғанның сыртында қоқыс пен [illegible] шүкір шығарып тастайтын бір алаңқай бар. Аш иттер сол жерді [illegible]мен торитын. Ана сорлы бозбасты шалажансар күйінде қоқысқа [illegible] кеп жіберсін. Тыр жалаңаш ыңырсып қиналып жатыпты [illegible]. Жаны шықпай аш иттер талап, парша-паршасын шығарыпты. [illegible]а көрген осы қала. Жәрдемдесуге еш мұрша жоқ халайықта. [illegible]ашыған кісі де сол бейбақтың кебін киері белгілі. – Қадырбай [illegible] бір қайырып үнсіз қалды. Әлдебір оқиғаны есіне түсірген [illegible]. Аз кідіріп барып, кеңесін тірілте түсті.

Мұсылмандық дейсің. Қайдағы мұсылмандық? Қырғыздың [illegible], Саяқ, Сатық рулары Қоқанға бағынбай құрық әкетіп еді, шәт-[illegible]кейін шығарған жоқ па датқалар. Шатқал ішінде бір жасағын [illegible] жаппай қырып салды. Кесілген бастарын арбаға тиеп Қоқанға

жеткізген. Арбаға симаганның бас терісін бітеу сойып каптарға [illegible] әкеліпті. Бұрын өткен Әлім хан «залым» деген атқа ие болып [illegible] Оның інісі мына Акмешітті салдырған Омар хан да [illegible] жаулаумен өткен.

Сонша катыгездікке барғанда не дүниені бүлдіріпті [illegible] қырғыз? Бар айыбы – еркіндікті аңсағаны ма? Қырғызды [illegible] күнде де мәйітін корламас болар. Діл мұсылман емес, [illegible] мұсылман деген осы-ау. –

Кеңес үстінде шеткі үйлердің деңгейіне жетіп те [illegible] жолаушылар. Қаланың бұл пұшпағы жапырлаған там үйлер екен. [illegible] саз балшыктан соғылған, сарғыш түсі де, төбесі жайпак сұлбасы [illegible] бір калыптан шыккандай. Қадырбай түсіндіргендей, ұзыннан [illegible] созылған көшені –мәхәллә- деп атайды екен. Тамдардың сыр[illegible] карайтын беттерінде терезе түгілі саңылау да жок. Терезелер ау[illegible] ғана карайтын көрінеді. Үйлердің көше жак көрінісі бірке[illegible] тұтасынан созылған дуалдай.

Екі мешіті, медіресесі орталык жакта. Қалаға ат берген атакты [illegible] мешіт шымкай ак тастан каланыпты. Еңселі де ауыкымды ғимар[illegible] сонадайдан-ак көзге оттай басылды. Күмбезі аса шебер өріле калып[illegible] міністкер колдан шыкканы атойлап-ак тұр. Мәзін көтеріле шығып, [illegible] шакыратын мұнаралары да көркімен көздің жауын алғандай.

- Бұ мешіттің құрылысын Самарканнан келген атакты сәулет[illegible] баскарған. – топ алдында келе жаткан Қадырбай білгенін дәттеп жатыр Ішіндегі михрабы ак мәрмәрдан. Көлемін сұрасаң, бір кіргенде бес [illegible] кісі еркін сияды. Терезе мен желдеткіш саңылаулары соншалы[illegible] шеберлікпен істелген, нендей ыстык күн болса да, іші сап-салкын жо[illegible] самаладай жап-жарык. Кісі лык толғанның өзінде капырык болған емес

Аттарды шерттіре бастырып келе жаткан жолаушылар[illegible] Қадырбай шеткі бір мәхәллаға бастады. – Осында Құсайын деген бір ағайынымыз бар. Өзіміздің керей. Соның үйіне түсеміз. Зіңгіттей ұлдары бар, аттарға ие бола тұрады біз кыдырғанша. Орталык алаңда жаяу барармыз. Халык ығы-жығы, салт жүруге колайсыз. – деп, алдағы жоспарды ұктырды.

Құсайын дегені елуді алкымдап калған отағасы болып шыкты Бойы тапалдығының үстіне бүкірлігі бар, сопак бетті, аксұр ашан өнді, сүйегі жұка кісі. Аттан түсіп жаткан жолаушыларды кош шалысымен:

- Мәссаған, елден мейман келіп капты ғой! Оу, Қадырбайым, бармысың? – деп жалпылдап карсы алып жатыр.

Құсайынның ауласы кең екен, коржын тамы да әрі еңселі әрі көлемді көрінді. Албардың түкпірінде байлаулы бір ат пен есек тұр Аттың тұмсығында жем дорба, бос тұрған мәші болса акырдағы жоңышканы бырт-бырт шайнауда.

Ермысын, Құсайын-әка? Кілт сарттың жуан ортасында жүріп [illegible] болып кеткен жоқпысың, әйтеуір? – әзіл ілген Қадырбай, [illegible] ұстай алған отағасымен төс қағыстыра көрісті.

Сонау Аркадан келген туғандарды ертіп әкелдім мінекей. Сегіз бен [illegible] дегендерді естуің бар ма еді? Әлде карны шермиген сарттарша [illegible] тартып, карныңды тыр-тыр касып, сырт әлемнен хабарың жоқ, [illegible] ермысын пыс-пыс етіп. – деп, бәкене тұрпатты отағасыны иығынан [illegible] алған Қадырбай, серіктеріне кулана көз кысып койды.

Құсайынның мінезіне канык болған соң, еркін калжыңдаса берсе [illegible] Шынымен-ак отағасы мейілінше аккөңіл, шымшыма сөзді [illegible]майтын кеңпейіл екен. Нәзік бітіміне сай дауысы да жіңішке [illegible].

Пой-пой, шакырып келтіре алмайтын конактар екен-ау бұл! [illegible]ының ішінде тұрып жатсак та құлағымыз түрік. – деп бастап, [illegible]ерге жылы ұшырай назар кыдыртты. – Көршіміз сарт пен [illegible]пен болса да, казак сахарасының жаңалығынан хабардармыз, [illegible] шүкір. Ұзынкұлак Сегіздің де атын жеткізген бұ шаһарға. [illegible]коңыр» деген әнін біздің балалар шыркап та жүр. – деген сөзбен [illegible]ккка енсе бұрып, оу, Рамазан, меймандардың аттарын байла! – [illegible] дауыстады.

Үлы болса керек, үй жақтан бір сұңгак бойлы бозбас асыға басып [illegible] жатыр. Нагашысына тарткан болар, бұл жігіттің порымы [illegible]сінен мүлде бөлек. Сұңгак бойы сымға тарткандай тіп-тік, [illegible]ырынды, бітімді тұлғасына ажары да сәйкес. Аккуба дөңгелек [illegible], ат жакты, аялы көзді, келбетті жас. Жаңа тебіндеген түбіт мұрты [illegible]арын аша түседі. Ілтипатпен сәлем берген соң:

- Аттарды өзі жайғастырымын, үйге кіріңіз. – деп Сегіздің колына [illegible]ыбырды ала берді.

Құсайынның кос бөлмелі құжырасының жасау жағы олкы сокса [illegible], мұнтаздай таза көрінді. Қосағы Қорлан дөңгелек толык бетті [illegible]ісамыс әйел, құрак ұшып казан көтеріп жүр. Рамазанның жұбайы [illegible]са керек, шытыралы құбакан келіншек дастархан жайып шай [illegible]рледі. Дастархан берекесі ұрғашыға тәуелді ғой ежелден. Құсайынның жамағаты кұнтты кісі болса керек, шайдың мәзірін ас та [illegible]ок кылып, түрлі дәмді самсатып-ак койды. Арка казағына таңсык [illegible]ынкак пен өрік-мейіз, алуа мен шәрбат кәдуілгідей тіл үйірді.

Меймандар кілегей каткан кою шайға канып, құрыс-тұрысы [illegible]азылған соң, Құсайын әңгіме шерте бастады. Аңкылдак, сөзшең адам [illegible]олса керек, тыңдар құлак табылғанына маркайып калған сиякты.

- Бұ калада казак баласы аз емес, құдайға шүкір. Жаппас, кете, [illegible]ганалы, табындар баршылык. Керейдің өзі бір мәхаллә болып отыр. Бетін бүркемейтін ұрғашы көрсең, казак деп біл. Сарт-екеңдер төмен

етектісін мүлде қорлықта ұстайтыны бар емес пе. Үйлерін ішкәрі, тысқари деп бөліп, ішкәрісінен әйел затын аттатпайтынын қайтерсің. Біздің мына келіндей дастархан әзірлеу былай тұрсын, бөгде еркектің жүзін де көруге пұрсат жоқ сорлыларға. Көшеге шықса пәранжа шадыра дегендерін бетіне тұтып, пысынап жүргендері. Бітеу қапты ыстықта жамылу оңай боп па. – деп бастап, қала тұрмысы жөнінде бір талай мәліметті жайып салды.

Шайды рахаттана сораптап отырған Нияз, маңдай тері алақанымен бір сыпырып: - Отағасы, осы сарттар жеті атаға дейін қыз алыспайтын салтты ұстанбайды деген қауесет бар. Сонысы рас па, әлде алып-қашты сөз бе? – деп Құсайынның ауызына және сөз салды.

Тілге тиек етер тақырып табылғанына құнжыңдай көтеріліп қалған үй иесі, Ниязға жалт қарай сәл ойланды да, тың серпінмен ақтарыла кетті.

- Ой-бұй, айтарың бар ма! Бұ сартта не бір сорақылық жоқ дейсің. Шөбере тіпті немере туыстар қыз алыса береді, илансаң. Бір емшекті ембесе болғаны, құда түсе беретінін қайтерсің. Бұ саппастарға шарап болса қыл! – деп күйіне сөйлеп, тізесін жұмырықпен түйгіштеп қойды. – әсіресе жылтыр бетті қыз болса өзге тұқымға бермейді. Бәденді қыздың тұқымын жатқа қимағаны ма, кім білсін. Содан болар, келімді шүйкебастары көп-ақ. Қазақ бекер айтты деймісің. Балаң сұлу болсын десең, өзбектен қыз ал. Балаң батыр болсын десең, қалмақтан қыз ал. – деп.

Қалмақ та қазақ сияқты киіз туырлықты, мал баққан халық қой. Жеті атаға жетпей қыз алыспайтын көрінеді. Малдың жақын тұқымы өз ара туысса, азып кететінін қайтып білмесін. – деп өзінің әр ұлт жағынан мәліметі бар екенін білдіріп қойды Құсайын-екең.

- Ал енді еңбекке келгенде, бұ сартың алдына жан салмас. Оны қайтып мойындамассың. Нағыз тесік өкпе бейнеткор халық. Маңдай терді төгуге келгенде, біздің қазаққа оларға жету қайда-а! – отағасы өз пікірін қуаттай түскісі келгендей көзін жұмыңқырап, басын шайқап қойды.

Асылы, көптен бері ден қоя тыңдайтын меймандарға зәру болса керек, қамшы салғызбастан желдей есіп отыр. Қадырбай үй иесінің мінезіне қанық адамша, мұрт тасасынан жымиып қана қойып шайын ұрттай береді. Талай естіген кеңесі болған соң ба, тыңдауға пәлен құлықты да емес сияқты. Әдеп сақтаған соң ғана бас изеп мақұлдаған болады. Қайрат болсын-болмасын көп үндей қоймайды. Бұған да мына әңгіме әкелер еш жаңалық жоқ. Әйтседе көргенді жігіт сыпайлық таныта құлақ түріп отыр.

Сегіз бен Нияз болса керісінше қызыға тыңдауда. Тіпті алдындағы шайды да ұмыт қылып, дастарханда ғы дәмге де қол соза қоймайды. Бұл екеуінің риясыз пейіліне насаттанған отағасы:

- Дәмнен алып, ішіп-жеп отырыңдар, азаматтар! Қуырдақ та келіп қалар қазір-ақ. Арқа серісінің сыбағасы токты-торым емес, құлын-тай ғой. Ол жағына ұяттымыз әрине. Бар мәзір жоқ жай демекші. Жатақ болып күн кешкен түріміз мынау. Әйтсе де бір бағланның басын мүжімей кетпессің осы үйден. – деп құтыңдап қойды да, бастапқы тақырыбына ойыса берді.

- Қазақ десең өзіңе тиеді, алақандай көзіңе тиеді демекші, шымбайға тисе де сын тағуға тура келер өз ағайынымызға. Шаруа жағын айтамын да. Біз көшіп-қонуға бейімделген елміз ғой ежелден. Жатақ болып қала тұрмысына енді-енді үйреніп келеміз. Өзбегің болса атам заманнан қалада қоныстанған. Сонысы аңғарылмай қоймайды да. Мәхалләлары тап-таза, үйлерінің маңайы жинақы келеді. Албарында қоқыс таппайсың. Тамдары да күтімді. Қашан көрсең де сыпырып, сылап, әктеп әуреленіп жүргендері. Ауласында жеміс-жидек, көкөніс рет-ретімен өсіп тұрады. Кәдуілгідей сая-бақ ия гүлзар дерсің.

Ал енді өзіміздің ағайын болса, бақша күтуге икемсіз-ақ. Сондық, маңайы ыбырсып жатқан, ауласында бір тал өспеген үй-жай көрсең қазақтікі дей бер. – деп түйді отағасы.

Құсайынды ден қоя тыңдаған Сегіз майда жымиып ойға қалды. Ақ көңіл үй иесінің сөз саптасына көңілі толғандай. Күпсіген мінезден ада, өз мінін мойындай білетін кішіпейілдігіне тәнті. Әйтсе де өзіндік те пікірі бар. Қазақтың тұрмысы кентті жердің тірлігінен бөлек екенін ескеріп отыр. Кең сахарада еркін көсіліп өскен халқына сын таға қою орынды болар ма екен. Біреуге кенттің тұрмысы ұнайтын да шығар. Қалада туып-өскен кісі бейімделеді ғой күнкөрісіне. Өз басы болса, байлап қойса да тұрмас еді шаһарда. Сонау Омбы мен Қызылжарды да жерсінбеп еді, мынау Ақмешіт те канша сәулетті болғанымен ер жігіт тұрақтайтын жер емес-ау. Отырықшы елдің баласына мына іші салқын, төбесі биік там, сонау бау-бақшадағы түрлі жеміс те, көше бойлап аққан арық жұмақтай көрінетін шығар.

Шаһарды айнала қоршаған алып қорғанның панасында өзін еш жау алмастай боп сезінер де болар. Бірақ, өз пікірі болса өзгеше. Алып қорғаннің іші қапас боп көріне ме қалай? Шынтуайтқа келсе, сонау мұнаралары сұсты да биік тас камал, абақтыдай әсер ететін сияқты. Дала перзенті өзін бұғаудағы арыстандай сезінеді екен. Шаңы бұрқыраған тар көшелерде тынысың тарылады. Айнала ық болған соң лүп еткен самал жоқ, ауасы тар сол себептен. Мал қиының иісі мен ошақтардың түтіні қосылып қолқаңды қабады. -Иіс-қонысты желпіп әкетер даланың еркін самалы-ай, шіркін!- дейсің осындайда. Айнала көз тастасаң, көкжиекпен ұштасып көсіліп жатқан айһай жазира жоқ. Назарың балшық дуалдарға тіреліп, көңілің құлазып сала беретіні.

Шіркін, бетегелі белге, жусан лебі аңқыған дала самалына не жетсін! Ат үстінен көз тастасаң, ұшы-қиыры жоқ сахара. Көз

сүрінерлік кедергі болсайшы. Міне, көңіл көншітер көрініс деп осыны айт. Мына қорғанның сыртында, анау дуалдың тасасында не барын кім біліпті? Бәлкім дұшпан бұғып жатқан болар. Ия болмаса оны қауіп-катер бар шығар. Кентті мекеннің бұғып жасырынар тасасы көп қой. Ал енді кең жазирада көзің жеткен кеңістікте еш қатер жоқ екеніне шүбәланбайсың. Сол себепті түз перзентінің мінез-құлқы қашанда сабырлы келмек. Мекерлікке де жоқ, аңқылдаған аққонақ. Тасада бұғып жатып мікір айлаға да баспайды. Кең байтақ сахарасындай, пейілі де кең келмек.

Мына ауызын ашса жүрегі көрінетін, аңқылдақ Құсайынның қала тірлігіне бейімделе алмай жүргені содан болар. Көк орайды жапырақ басып бие байлаған қазаққа, бақшадағы өнімді күту деген оңай емес ау. Жайлауда отырған ауыл маңайын сыпырып әлектенсін бе. Жүрт тозуға айналған соң, іргесін аударып көшеді де кетеді. Ұланғайыр далада жер жетеді ғой, құдайға шүкір. Мұрты бұзылмай найқалып тұрған, мал аяғы баспаған соны жұртқа қонған қазекең үйдің төңірегін сыпырушы ма еді. Көп ұзамай-ақ көшетінін біледі ғой. Қайта меңіреу жатқан далада, уақ-түйек қоқым сияқты заттар, қоныс пен тірліктің белгісіндей көрініп көзге жылы ұшырар.

Сөйткен қанға сіңген әдетті қалаға да алып келген ғой тегі қазекең. Мына отағасының мойындағаны да сол кемшілік. Әйтсе де Сегіздің білмегі өзге жәйт еді. Қоқан ханына қараған елдің күш-қуатын, әскери әзірлігін сараптамақ ойы бар. Орыстың қарулы күшінен мәліметі баршылық қой. Теріскейден мысық табандап төніп келе жатқан, сол алапат таскынға төтеп бере аларлық аһуал бар ма екен туысқан елде? Ресейдің әскері осы күні Кенесары қосынымен қаржасуда. Орыстар қайсар ханды жеңбей Қоқан жаққа шұқшия қоймас. Ондай қадамға мұршасы да жоқ әзірше. Бірақ, түбінде кәпірдің қалың селі күнгей бетке лап қоймақ. Кене ханның жасақтары тек жанкештіліктің арқасында беріспей, жылысып келеді каша соғысып. Күш тең емесі бесенеден белгілі. Төрені тықсырған Ресей ертең-ақ Қоқан мен Бұхараға, Хиуаға ауыз салар. Сөйткен күнде табан тіресіп соғыса алар ма бұл хандықтар? Кеше ғана Наполеонмен қаржасып тең иық түскен орыстың от қаруына не бөгет қоймақ?

Осы тақылеттес сұрақтар мазалаған Сегіз жөткіріп қалып, Құсайынның назарын өзіне аудартты да:

- Отағасы, бұ камалды қорғайтын әскердің қаруы қандай өзі? Өндіріс бар ма, зеңбіректерінің сиқы қандай? Оқ-дәріні қайтып өндіреді, сапасы мен мөлшері нешік? – деп сауалды түйдегімен тоғытты.

Сөз бастауға тақырып таба алмай отырған Құсайын жауапқа мүдірген жоқ. Өзі жетік білетін мәселе болса керек, - тәйірі-ай, со да сөз болып па? – деген кісіше басын шұлғып, терсінді тақиясын қозғап қойып сөйлей берді.

Ол қаруға кенде емес Қоқандықтар. Қазақты тықсырып [illegible]ті де сол қарудың арқасы ғой. Садақ асынғандары да бар, [illegible]ты сарбаздары да жеткілікті. Самқал деген ауыр шитілері бар. [illegible] атады. Күлдірмамайдың бір түрі ғой. Түйеге артып жүретін [illegible]ректері де баршылық. Онысын сонау Тәшкен мен Қоқанда құяды [illegible] Ақмешіттегі ұсталардың соғатыны қылыш пен найза ғана. [illegible] артылса сауыт соғады. Ақсырмал, береңгі, торғай көз, пыран [illegible] сауыт түрлерін істей алады.

Ақмешіттің бегі Жарқынбек қой. Өзі де бір тойымсыз неме. [illegible]рмағындағы ұсталарға маза бермей не бір әсем бұйымдарды [illegible]лайды итің. Деңмент белбеуіне асынғаны бұйда пышақ. [illegible]шағының сабына алтын жалатып, қынына қара зер күміс [illegible]ріткен. Даңғой неме бекіністен шыққан сайын жаңа соғылған [illegible]ты киіп алады. Әлгі айтқан аксырмал мен жағасы күміс [illegible]рукені соның үстінен көрдік. –

Отағасының мұншалық мол мәліметті жауабына қызыққан Сегіз: - [illegible] ішінде және бір бекініс бар ма еді? – деп такырыпты қаза түсті.

- Болғанда қандай. Ішкі қорған аталатын сол бекіністе Жарқынбек [illegible] елу үйге тарта сарт пен түрікпен тұрып жатыр. Суы тұшшы [illegible]ықтары мен арықтары бар, ол өз алдына бір кент. Малдан жинаған [illegible]кетті, егіннен жинаған хараджды соларға алдымен жеткізеді [illegible]шылар. Ол бекіністің де қорғаны зәулім. Қанша айбынды болса [illegible], казақтан қаупайлайды қаланың бегі. Қоканды билеп тұрған Мәдели ханның қазаққа батырған тізесі жеңіл емес-ау. Көпшіліктің [illegible]разылығы бұрқ ете ме деп, сақтанған түрлері ғой. Қандай зәулім [illegible]рған салса да, халық қаһарынан сескенеді даткалар. –

Манадан бері отағасының бір сөзін қалт жібермей құлақ түріп [illegible]ырған Нияз, осы тұста киліге кетті. - Мылтық пен зеңбірек дейсіз. Шитіден өзге мылтық бар ма бұларда? Орыстікіндей шүріппелі мылтық көре алмадым. Шиті дегеніміз аң атуға ғана қолайлы ғой. Зеңбірегінің сиқы да қораш. Орыс қос доңғалақты зеңбірегін [illegible]іреткенде қосарлап ат жегеді. Салмағы зілмауыр. Түйе көтеріп [illegible]кете беретін зеңбірек онымен қайтып тайталассын. Саны да кемшін [illegible]кен. Мұнара сайын бір-екі жеңіл зеңбірек дегенің не тәйірі? Ірі [illegible]ндірісі жоқ білем Қоканның. Ертең орыс әскері ауыр зеңбіректерін [illegible]птатып әкелсе, қайтып тұрыстық бермек? Қорғанның ішінде ғұмыр [illegible]ақи бұғып отыра бермек пе? – деп өзімен өзі кеңескендей назарын [illegible]лдындағы кесеге қадап, қабағын шытты.

Сегіз бұл пікірді құптағандай, ойға шомған қалпы басын изеп [illegible]ойды. Құсайын тіл катпаққа оқтала беріп еді, қасында тізе бүккен Қадырбай:

- Ал қуырдақ келіп қалды. Кәнекей ауыз тиейік сөзді қойып. Жүрек жалғап қала ішін аралап шығу керек әлі. Көретін қызық, баратын жерлер бар дегендей. Кешкісін келгенде сөйлесерміз әлі кең отырып. – деген сөзбен дауысын шығара қопаңдап, жеңін түріне бастады.

Сырттан кіріп келген Рамазан, буы бұркыраған қуырдақ толы табақты дастарханға коя берді.

4

Шаһардың орталық алаңында сапырылыскан кара нор халық. Қадырбай бастаған жігіттер түс ауа барса да, жұрттың сейілетін түрі жоқ. Мереке-думан қызуы толастар емес. Әр тұста көтерілген нән кара казандар, казан іші бапты палау. Палауды былкылдата пісіріп жаткан ала шапанды, кестелі такиялы өзбек жігіттері. Сеңсең бөріктері дағарадай, сұрғылт шапанды түрікпендер де жиі ұшырасады. Ак елтірі, кара елтірі сұппа бөрік киген казактың да карасы мол. Халайык бір киер шапандарын иініне іліп, ырду-дырдудың кызығына батуда.

Бір ерекшелігі – төмен етектілер жағы тым аз ұшырасады. Біренсаран ұшыраскан үкілі бөрікті казактың кыз-келіншектері болмаса, өзге ұлттың әйел заты мүлдем жок. Жолшыбай жаяулап келе жатканда бірер пәрәнжі тұткан катын-калаш кездесіп еді. Су әкеле жатса керек, колдарында көзе, беттері тарс жабык, үстерінде колпылдаған шапан. Пәрәнжі торынан өңдері мүлде көрінбеген соң, жас мөлшерлері айырғысыз.

Қадырбайдың соңын ала, жігіттер кең алаңның төріне таман кадам басып келеді. Қала іші желсіз тымык. Казандыктардан көлбей көтерілген көк түтін палаудың хош иісімен косылып, танау кытыктайды. Жүздеген кісінің күбірін, күлкісі мен сампылдай сөйлеген дабырасын керней үні басып тұр. Ұзындығы құлаштан астам кернейлерді тартып тұрған он шакты кісі, әуенімен алаңды басына көтергендей. Сірә той-томалактарда үнемі бірлесе тартып, төселіп алса керек, әуендері үйлесімді де накысты. Кернейшілердің киім киістері де салтанатты. Төрт кырлы кестелі такияларының биіктігі сынык сүйемдей, кең шапандарының жағалай өңірі мен капталы әлеміш ою-өрнекті. Порымдары да бір калыптан шыккандай, кіл іребдел сокталы азаматтар. Кернейді үрлей түскенде кошкыл өңдері күреңденіп, беттері торсия, шеке тамырлары білеулене калады.

Сегіз ішінен: - Пай-пай, салтанатты-ак екен сабаздарын! Анандай аспапты үздіксіз аңыратуға да зор өкпе кажет-ау. – деп пікір түйіп, тамашалап карай берді.

Кернейшілерден әрегірек палуандар күресіп жатыр. Бұларды айнала коршаған халайык кызбалана айкай салуда. Бір ерекшелігі,

[illegible] үйер қауым қанша екіленіп айғай салса да тәртіп бұзған бір жан [illegible] Алаңдағы тәртіпті қадағалап жүрген сақшылар болса керек, [illegible] арасында қылыш асынған сауытты ләшкерлер де жүр. Үш - [illegible] топтанған бұлардың сүдіндері салқын, думанға алданбастан [illegible] жақты бақылаумен шұғылдануда. Құрбашы атанатын бұл [illegible] ләшкерлер тәртіпке жауапты.

Асықпай қадам басқан Қадырбай бір топтың тұсында іркіле [illegible] Масқарапаздарды тамашалаған шоғыр екен. Арқа қазағына [illegible] көрініс екенін білетін Қадырбай, жігіттерді бұл тұсқа әдейі [illegible] әкелсе керек. Көрініс шынымен-ақ қызықтырғандай. Әйелше [illegible], қасы-көзін сүрмелеп алған бір бозбала, қолдарын ербеңдетіп [illegible] жүр. Екі аяғының тобық тұсына сылдырмақты білезіктер [illegible] алған. Билеген сайын әлгі сылдырмақтар әр қимылына ілесе [illegible] қағады.

Бәтшабоз дегендері осы. – бөркін желкесіне таман ысырып [illegible] Қадырбай, жайды ұқтырды. – Бұ сарттардың ұрғашылары [illegible] жасырып жүреді ғой. Бөтен еркектің көзіне түскені харам. [illegible], осындай жасөспірімді әйелше киіндіріп билете береді. Қайсы [illegible] байлар бұл міскіндерді кәдуілгідей қатын есебінде ұстайды да. [illegible] бір бәденділеріне өзді өз таласатындарын көрсең. Ана бір жылы [illegible] бір бәтшаға екі дүмді байдың ышқы кетіп, бар қазыналарын [illegible] қылғаны. Бәтшаның көңілін ауламақ болып, садып пен дүр [illegible] асыл тастарды жарыса сыйлай берген ғой кос есірік. [illegible] ұрын ғадет тағы. Біздің милләтта жоқ ғұрып, құдайға шүкір. –

Бетіне опа-далапты баттастыра жаққан бәтшаға төне түскен топқа [illegible] қыдыртқан Сегіз, қабақ түйіп ойға қалды. – Болса болар да. Мына [illegible] еркектердің ентелей түскен сықпыттары жаман. Құдды бір [illegible] мысықтай көздері мөлиіп кетіпті. Енді болмаса, езуінен [illegible] шұбырып кетер дейсің. Қызтекеге сұқтанып сонша нәпсі [illegible] екен-ау, пенде байғұс. Ұрғашыдан безіп қызтекеге көңіл [illegible] ғандығы азғандық емей немене. Естімеген елде көп деген осы-ау.

Ауылдағы Мөңке молдамыз айтқанда жағамызды ұстап, сене [illegible] ушы едік. Енді міне көз де жетті. Сонда шариғатты ұстанам деп, [illegible] жыныстаарының бетін тұмшалаған сарттар, өзге бір сорақы [illegible] ұрынғаны ма? Жасөспірім ер баланы зорлықпен көндіре қызша [illegible] ріп, билетіп қойғаны күнәның ең сұмдық түрі емей немене.

Бұлар құлдыққа сатылған жасөспірімдер болса керекті. Панасыз [illegible] ұмдар қайтып қарсы келсін зорлыққа. Көнбесе ұрып-соқпақ, тіпті [illegible] ріктіріп те тастайды нәпсісін семірткен есіріктер. Адам намысын [illegible] лудың ең сорақы түрі осы да. Бұған қарағанда казақ әйел [illegible] ының аһуалы көш ілгері. Бетін көлгештемей, емін-еркін жүреді. –

Ой теңізін құлаштап үнсіз келе жатқан Сегізді, шынтағынан [illegible] ткен Нияздың лебізі еріксіз елең еткізді.

– Анаң кара! Күлкіден өлесің анау кашырды көрсең. – деп [illegible] каға, окшау бір топты нұскады. «Қашыр» дегені еңкейе ұстаскан [illegible] кісі екен. Арткы кісі еңкейген калпы алдыңғыны белден ұстай [illegible] үстеріне жамшы жамылған калпы «кашыр» болып жүр. Күн [illegible] салпиған куыршак кашырдың басын таякты мойын кыла, алдыңғы [illegible] ұстай алған. Жамшының шалгай тасасынан кебісті төрт аяк [illegible] көрінеді. Жамшының арткы жағында кәдуілгідей құйрык сияктанып [illegible] ұшы шашақты жіп. Бұл ойынға әбден төселіп алса керек, [illegible] маскарапаз бір кісідей-ак оңтайлы кимылдайды. Біресе шеңбер айнала жүгіре кетеді де, біресе кәдуілгі әнгі есектей бакырып [illegible] калады. Жүгірген түрлері де әралуан. Сар желіс өз алдына, біресе шокырактап, біресе жорғалап, енді бірде тіпті шаба жөнеледі. Үстіне бір жұкалау баланы отырғызып жорғалағанда, тіпті екі кісінің аяктары екенін есіннен шығарғандай.

- Өнер-ау, ә шіркін! – тамсана езу тарткан Нияз басын шайкай берді. – Дәл осылай жіті кимылдау үшін канша жаттығу кажет десеңші. –

Бұндай кызыкты тәу көрген серіктеріне назар жүгіртіп Қадырбай: - Құр текке шапкылап жүр деймісің? Анау табакты кордің бе? Халайыктың үдесінен шыкса, тиын-тебен тастайды сол табакка деген сөзбен сонадай тұрған жез табакты нұскады. Табактың ішінде жез бакырлар мен күміс теңгелер жылтырайды.

- Ә, солай ма еді? Құр текке тер төгіп кайтеді дейсің ғой бұ өнерпаздарың. –деп Нияз кісесіне кол жүгіртті.

Сегіз де дәндәкуінен бірер бакыр алып, жайпак табакка таман кадам басты. Жігіттердің езу тарткызар ойынына ризалығын білдірмек. Сыр бойына келгелі бұл жақтың каражат наркына төселіп те алған. Қокан коластындағы милләтта жез пұл мен күміс теңге, алтын тіллә, өзбекше –ашрафи- катар жүре береді. Акшаның ең ұсағы – жез пұл. Бір күміс теңге кырык немесе алпыс пұлға парапар. Одан құндырағы дирхем; онысы – мир- деп те аталады. Бұны жез бен күмісті араластыра құйып жасайды. Төрт дирхем бір теңгемен тең. Динар дегені және бар. Оның жиырмасы бір теңгеге тең. Ең құндысы алтын тіллә, оның жалкысы жиырма бір теңгемен бағаланады.

Қаражаттың наркын білсе де, тиын-тебенді керек кылған жан емес кос сері. Саудагерге ұсап пұл санап жүрсін бе. Омбыда окып жүргенде болмаса, ел ішінде кажеті де жок кой акшаның. Алдыкүні кешкісін бұлардың жүретінін білген Қадіркен:

- Мына азынаулак каражатты ала салыңдар. Кентті жерде құр кол жүрмеңдер. Сартка сүйкенсең тиын-тебен дәмететін әдеті. Судың өзі сатулы шаһарда. – деп коярда-коймай ұстаткан.

Қалалы жердің үрдісіне канык кыркылжың ғой, айтканы айдай келді мінекей. Саусак ұшына іліккен бірер жылтырак теңгені табакка

[illegible] өерген жігіттер, ілгері оза берді. Айналасы бірер қотандай [illegible] алаңның әр тұсында алуан түрлі ойын-қызық. Ойын түрі бір-[illegible] қайталамайды да. Міне екі аяғына ұзын-ұзын қада қыстырған [illegible] бозбас өтіп бара жатыр. Қадалардың ұзындығы екі [illegible] болып та қалар. Қада қыстырып жүретіндерді – ағаш аяк-[illegible] екен халайық. Сонау биіктен құлаймын-ау деген қауіп [illegible] де кірместен, аршындай басады сабаздар. Бойлары [illegible] жұрттан екі есе биік болып жүргендері.

Нияз насаттанған сыңаймен: - Поу, шіркін, міне өнер! Біз ғой атка [illegible] далақтап шабуды ғана білеміз. Нар түйенің өркешін табанға [illegible] жүр дерсің. Қаданың ұшар басынан ұстай алып жүрмекке [illegible] пен еп кажет-ау. – деп, сонау биікке күн сала үңіліп тұр.

Биіктен қорыксаң ана жоқка көз таста. Әне нағыз жүрек жұткандар. [illegible] жігіттердің соңын ала келе жаткан Қайрат, медіресе бетті нұскады. Кең [illegible] төр жағында мешіт ірге тепсе, мешіттің тасасында медіресе бой [illegible]. Бұл да айта қаларлықтай еңселі де көлемді ғимарат. Сол [illegible] пресеенің алдында орнатылған жуан-жуан бағаналардың арасына [illegible] керіп қойыпты. Кергенде төменде емес, сонау биікке, ат үстінен [illegible] ұсыным жоғарыға мызғымастай бекітілген.

Қайраттың нұскағаны сол тұс. Манадан бері бос тұрған арқанның [illegible] бір бозбас шыға келсін. Ұзын бір сырықты көлденең орта [illegible] [illegible]ан кос колдап ұстай алыпты. Аяғында мәсі, иінінде жеңіл [illegible], кимылы кунақ та жинақы. Жұтынған порымы қашағанға [illegible] тастағалы оңтайланған жылқышы дерсің. Әлгі бозбас бір кезде [illegible] арқанның шетін бір аяғымен басып, екінші аяғының ушымен [illegible] бір суға түсейін деген кісідей арқанның бойын өлшеп алып, [illegible] жөнелді. Жылжыған сайын қадамын үдетіп барады. Ортан [illegible]ынан ұстай алған ұзын сырығының екі шеті ырғала шайқалса да, [illegible] жігіттің аяғы жаза басып калт кетер емес. Арканды табанымен [illegible]ан калпы сонау биікте емін-еркін кетіп барады. Жүрісі ширақ та [illegible]. Құдды бір қара жерді басып бара жаткандай.

- Астапыралла, мұндай да ғаламат болады екен-ау! Анау биікке [illegible]ранның өзінде басың айналады. Кермені бойлай билеп басады ғой [illegible]науың. Құласа ғой, күлпаршасы шыкпак. – бөркін желкесіне [illegible]ырған Нияз сонау жоғарыда сырық ұстаған жігіттен көзін ала [illegible]май, таңдай кақты.

Көзі арқандағы жігітте болса, екі қолы жағада. Ауызын аңкита ашкан [illegible]лпы, сөз таба алмағандай басын шайқай береді. Бұл тұска халайық та [illegible]ғырлана жиналып қалған. Көрерменнің дені медіреседе дәріс алып [illegible]рген шәкірт, мүрид, мақсымдар болса керек, кіл сәлделі жасөспірімдер [illegible]лім каға әзілдесуде. Биіктегі жігіт болса, көпшіліктің жиналғанына көзі [illegible]ткен соң жүрісін үдете түсті. Бір кезде кенет сүрініп кеткендей болды [illegible]а, сырығы калбаң ете ұшып кетіп, өзі ал кеп құласын.

- Өлді байғұс! – деп қалың нөпір бір деммен шу ете қалысты. Шетірек тұрған қыз-қырқын шыңғырып та жіберді.

Алайда бұнысы әдейі істеген айласы екен, арқан басқан өнерпаздың. Мұнша шапшаң да оңтайлы болар ма? Құлан бара жатып оң қолымен арқанан ұстай алып ілігіп қалғаны. Оң қолымен ішінен қалпы аяғын ербеңдетіп, сол қолымен ауаны қармай бір талай жұрттың жүйкесін тоздырды. Әлдекімдер: - Ойбай, төсеніш керіп ұстай алайық. Құлайды мына жазған! – деп жастарған бұйрық беріп жатыр.

Сөйткенше болмай өнерпаз жігіт: - Әуп! – деп дауыстап жіберіп серіппедей шапшаң қимылмен ұмтыла, сол қолымен арқаннан ұстай алып, оп-оңай үстіне қайтадан шықты да кетті. Шығуы мұң екен жердегі жастар лақтыра ұсынған сырықты қағып алып, арқан басып және жорғалай жөнелді. Әбжіл қимылына қайран қалған әлеумет Yh! – деп демін алды осы тұста.

Мұртын ширатып тұрған Қадырбай: - Тәшкендегі датқаның гүлзар бағында асыранды маймылдарды көріп едім. Сонау Шын Машын елінен әкелсе керек. Әлгі жануарларда буын жоқ дерсің. Зәулім ағаштың бұтағымен өрмелегенде қимылына көз ілессейміз. Ұшып-қонған құстан бетер. Айтпағым, мына арқан керіп жорғалаған жігіттің епті́лігі сол маймылға жете-қабыл болып та қалар. – деп ал-тан күйде тұрған серіктеріне тіл қатты.

Бұдан кейін де не бір тамашаны қызықтады жолаушылар. Жалаң аяғымен қып-қызыл шоқты басқан бір диуана, ауызынан жалын шығарған, ұзын қанжарды өңешіне бойлата сұққан сиқыршы, білегіне ине сұққанда шімірікпеген және бір диуана, тағысын тағы бірінен бірі өткендей қызықтар.

Бір талай қыдырып қаңырығы түтеп қалған жігіттерге Қадырбай сусын ішкізіп, палаудан дәм татқызды. Сусын болғанда сапырып ішер қымыз шаһарда жоқ әрине, бұл жердің шөл басатыны шірне мен шәрбат, көк шай. Бір нән қазанның тұсындағы дастарханды айнала жайғасқан жігіттер, басытқыға палау алғызды. Иісі мұрын жарған, былқылдай піскен бапты палау тіл үйіріп барады. Тандыр нан мен май шелпектері де дәмді.

Ашырқағанын енді ғана сезген Сегіздің серіктері самар астау палауды демде түгесті. Жастардың оңазалана асағанына сүйсіне қарап отырған Қадырбай:

- Өзбек ағайынның аспазшылары шебер-ау, шіркін! Осында ұйғырлар да бар. Олардың тұшпарасы да әлемет. Әйтсе де палауды дәл өзбекше пісіре алмас. Жарық дүниеге өзбек болып келмесең, палаудың бабын табу қайда-а! Біздің қазақ қанша күшенсе де қолынан келмес. – деп дағдылы машығынша, қиякты мұртын ширатып қойды.

Ұрты жакка ауыл-ел кондырып алған жігіттер, даяғашы бозбас [illegible] күмғаннан ауыз шайып сұхбатка кірісті. Тісін аршамен [illegible] отырған Нияз, иығынан сүлгі салбыратып, шылапшын мен [illegible] ұстаған жылпос даяғашыны көзбен ұзатып:

Мына шіркін калай-калай жорғалайды өзі. Билеп жүрген болар [illegible]. Жылмаң қағып қыруар кісіні күтіп үлгеріп жүргенін [illegible] да. – деп таңыркай басын шайкап койды.

[illegible]-е, күнкөрісі сол да. Бұл сарттар кісі күтуге ыңғайлы-ак. [illegible] тұрады-ау шіркіндер. – даяғашы бозбастың жүгіре басканына [illegible] ыстаған Қадырбай, Ниязға күлімдей назар бұрды, - бірер [illegible] ұстата салшы, калай жорғалап берер екен сабазың. Әке-үке [illegible] оңыңнан калмас. – Сарт мезірет -деп бекер айткан жок кой казак.

Ишаладағы сапырылыскан әлеуметке назар кыдырткан Сегіз [illegible] жүзін Ниязға бұрып:

Ой, бауырым, той-думан кызып жатыр әнекей. Не бір маркаска [illegible]здар бұкараны тәнті еткен түрі анау. Макұл делік. - осы сөзбен [illegible]ріп, - ал енді біз не кылсак? Үндемей құтыламыз ба? Сері деген [illegible]мыз бар ғой. Сахараның өнерін паш етпей отырамыз ба. – деп, [illegible] салмак арткандай болды.

Қайдам? Қазақтың тойы емес кой бұл, көкпар тартып серкені [illegible]ымға басатын. – Нияз тосын сауалға дағдарған пішін аңғартты. – [illegible] сахарадағы жамбы ату мен теңге алу деген және жок. Тіпті әу деп [illegible]ыркаған кісі болсайшы. Кіл сырнай мен керней, би мен ағаш [illegible]ктың кереметін кызыктау. Мынандай у-шу даңғазада ән де естілмес [illegible]ем. – деген сөзбен иығын кикаң еткізді. - Қолдан келер шараң [illegible]ісы? – дегендей-ак.

- Олай демеңдер, жігіттер. Палауға тыңкия тойып алған соң, дутар [illegible]тып ән салады өзбек. Сонда домбыра шертіп біздің әншілер де әу [illegible] шығар. - Қадырбай дәм кайыра өң сипады да, - оған дейін базарды [illegible]лап шығайык. Қаладан келген соң колға карайды ғой ауыл-аймак. [illegible]-пұл базарлык алмай болмас. – деп орнынан тұра берді.

Жаяулатып жүре беруге онша құлкы жок Нияз: - Қашык па еді [illegible]зары? Атка конған жөн болар ма әлде. – деп керенаулау көтеріліп, [illegible]тегін қағынды.

- Жоға, кайдағы алыс? Осы алаңның шет пұшпағы бәрі базар. Жайшылыкта алаңды тұтасымен де иемдене береді саудагерлер. Бұ сарттарың шеттерінен алып-сатар емес пе. Қылаяғы калшасына дейін сауда-саттык істейді. – мұрт тасасынан жымиған Қадырбай жігіттерді алаңның шетіне таман бастай берді.

Бұл тұста құдык бар болса керек, кос колдап көзе көтерген, шелек ұстағандар осы беттен келе жатыр.

- Бала-шағасына дейін базарға үйір келеді бұлар. Көшеден кисык шеге тауып алсыншы, жүгіріп келіп сата бастайды. Күннің

бетінде жолаушыларға су сатады. Тіпті болмай жатса дала[illegible] тезек теріп әкеліп, қанар-қанар қылып базарға өткізетінін көрс[illegible] Тесік өкпе, еңбеккор халық не қылса да. –

Айтқандай-ақ, алаңның шет жағы айнала қан базар екен. С[illegible] қылғандар төрт қаданы орната сала көлеңке жасап, [illegible] жайғасыпты. Сыз өтпеске астарына киіз төсеп, сататын затт[illegible] алдарына жайып тастаған. Дүкендерінің сиқы осы. Әйтсе де д[illegible] қораш болғанымен, тауар сан алуан. Түрлі-түсті маталардан [illegible] сүрінгендей. Жібектің алуан түрі де осында, кілем, төсеніштердің [illegible] бір көріктісі де осында. Иір мойын құмған, ыдыс-аяқ, леген, кер[illegible] сияқты бұйымдар – мені ала қой! – дегендей көрнекте жатыр.

- Хиуадан келген маталар ғой көбінесе. – жігіттерді бастап ке[illegible] жатқан Қадырбай түсіндіріп бақты. – Жібек құртының пілл[illegible] ұстап, не бір түрлі матаны өндіреді ол жақта. Хиуаның ақ зері дег[illegible] ең пұлдысы да жатыр әнекей. – деп, алтын тіні көз жауын алған бір буманы нұсқады. - Ұсталар да шебер ол жақта. Анау қару-жарақ Бұқара мен Тәшкеннен әкелінген. –

Қадырбай ұзыннан созылған алаша үстіндегі қанжар мен сапыларды көрсетіп жүр. Зергерліктен хабары бар Сегіз болса, қапсырма мен алқалар ілінген бір тұста бөгеліп қалды. Лағыл, жақут, зүмірет, ақық сияқты тастардың суы тазасын айыра білуші еді. Үңіліп назар салса, сақина-білезіктер мен сырғалардың тастары аса мініскер қолмен қырланғанға ұқсайды. Асыл тастың көркін ашатын зергердің шеберлігі екені мәлім. Нәшіне келтіре өңдей білсе ғана асыл тас әр қырымен сәуле шашып, ғауһар ия жауһар болып жарқырамақ.

Дәл сондай бір ғауһартасты жүзікке көзі түсіп, еріксіз іркіле берді Алтын жүзіктің ою-өрнегі аса шебер зергердің қолынан шыққан келісті болғанымен, назар тартатыны – көгілдір түсті ғауһар тасы ғана сияқты. Пәлендей үлкен де емес, бірақ мөлдіреген мінсіз таза, және қырларының өңдеуі аса сапалы. Бір дарынды зергер ұзақ сарылып отырып қырнағаны көрініп-ақ тұр. Өзге комақтырақ асыл тастардай жарқырап сәуле шашпайды да. Көгілжім сәулесі тым нәзік. Бірақ сол нәзіктігімен бар лағыл мен зүбәржаттан асып тұрғандай. Зергерлік бұйымдардың иесі, жасыл сәлделі, сүлік қара егде кісі, Сегіздің қадалғанын аңғарып:

- Е-е, мырза жігіт, тастардың сырын біледі екенсің. – деп езу тартты да, - бұл жүзіктің көзіндегі ғауһар тас сонау Үндіден келген. Патшайымның қолындағы зат болыпты мыс. Қалтаң көтерсе сатып алуға нағыз тұрарлық зат. Бірақ бағасы тым өрескел, біліп қой. Не бір бай-манаптың тісі батпай-ақ қойғаны. – деп қулана жымиды.

Бұйласы қыздырманың қызыл тілі екені көрініп-ақ тұр. Мұнаның намысын қоздырған айласы. Өзі де саудагер Қадырбай [illegible] салған жерден танып:

– Інжірі, ердің құны нардың пұлы емес шығар. Болған күнде де көре [illegible]. Пұлсыз емеспіз, құдайға шүкір. Сері бауырымның бір [illegible]ін көтерерміз ел болып. Атай бер бағанды. Әуеленді [illegible], ақа. – деп қызбалана келе жатыр еді, Сегіз шынтағынан ұстай [illegible]. – Қака, сабыр етіңіз. Еш қажеті жоқ бұл жылтырақтың. Жігіт [illegible]мен жүзік тағушы ма едім. Әншейін әсем бұйымды тамашалаған [illegible] той. Міністер қолдан шыққан шынайы көркем бұйым екен. [illegible] деп аталуға лайық. Кімнің меншігі екені де бәрі бір емес пе, [illegible]ка салса. Кім иемденсе де сұлулығы кемімес бұндай нәзік заттың. [illegible] ізігілікке бөлейтін көркемдіктің жаршысы іспеттес. Жалқы [illegible] емес, жалпы адамзатты тамсандыруға жаралған. Біреудің [illegible]нда болғанша осылай көрнекте жатсын да, көз қуантып. – деп [illegible], Қадырбайды ілгері жетелей берді.

Бұдан кейін де не бір тұрмысқа қажет заттарды тізіп қойыпты [illegible]лер. Ат әбзелдің алуан түрі, зер жүгірткен деңмент [illegible]ктердің не бір көрнектілері, өкшесі қарыс қайқы тұмсық көк [illegible] етіктер, әйтеуір не керек, сән қуған кербезді қызықтыратын [illegible]ымда кемшілік жоқ.

Жігіттер сұқтана қызықтай келе жатса, Сегіздің назары еш нәрсеге [illegible]ырай қоймайды. Сырғып қана өтіп жұмыла қалады. Жұмуы мұң [illegible], көз алдына жаңа ғана көрген асыл тасты жүзік көлең ете шыға [illegible]. Нәп-нәзік әсем көгілдір сәуле шашып ғаyhар тасы көз қуантады. [illegible]рауға тоймайсың, көз әкете алмайсың тіпті. Ғаyhардың порымын есте [illegible]ыртқан сайын ойға шомады Сегіз. Әсемдік әлемінің сиқырына [illegible]ыркай түседі. Сол ғаyhарды өңдеген кім болды екен? Аты да мәлім [illegible] бейтаныс зергердің. Саудагердің бар білетіні – патшайымның [illegible]ында болды дегені. Бұл ғаyhардың әсем көркіне патшайым болсын. [illegible] патша біткен болсын, тати ма екен десеңші әуелім!

Бұны өңдеп шығарған қарапайым бір зергер-ау. Өзінің ағасы [illegible]йін сияқты біртоға, момын, көпірме сөзге жоқ, қолы шебер біреу. Құр шебер ғана емес, жүрегінде шабыт бар, дарын иесі-ау не қылса [illegible]а. Ондай міністерлер кішіпейіл келеді әдетте. Даңғазаны жақтырмай, [illegible]ақтан да аулақ қашар. Бұлардың табынатыны шынайы әсемдік. Өзі [illegible]армандаған әсем зат қолынан шыққа, онысына иелік етуге де [illegible]ілшынбайды. Басы артық меншікті керек қылсын ба ғазиз жүрек. Өз [illegible]жүрегінің бір бөлшегі қалған көркем бұйымды халыққа ұмсынады [illegible]дарын иесі. Өз есімі ұмыт болатынын уайым да қылмас. Мақсаты [illegible]озге. Қолынан шыққан туынды бұқараны қуантса болғаны да. Арман-

мұраты осы-ақ. Мейілі патшайым саусағына таксын, мейілі саудагер дүкенінің сөресінде жатсын, ғауһартастың көркі еш кемімес.

Ал енді аты беймәлім зергер болса, өз парызын өтегеніне кәміл ток. Оның тал бойына жасаған иеміз туа бітті дарын сыйлаған екен. Әсемдік әлемін түйсіне алатын дарын. Сол дарын бойын керістеп соң, асыл тасты әспеттеп өңдеп, ғаламат сұлу зат жасапты. Сұлулықты айыра білетін көкірегі ояу жанды бейжай қалдырмайтын ғажайып ғауһартас. Демек, тәңірі алдында пейілі таза мәлімет зергердің. Бойындағы кәбілетті сарқа жұмсай білсе, арманы нешік.

Ал мен ше? Мен бойымдағы кәбілетті сарқа жұмсай алдым ба? Тұтынған жолым серілік екен. Серіліктің туы – ән. Әншіліктің шыны – өз жаныңнан жаңа ән шығару. Мүкәраманы сағынып «Назкоңырды» шығарып едім. Жан жүйемді іздегендегі көңіл тебіренісінен туған ән екені анық. Ал енді сол әнім жаңағы ғауһартасты жүзіктей көпшілікті қуанта алды ма десеңші. Халқымның үдесінен шыға алды ма әуелім? Әй, қайдам! Қайдағы бір бозбастың өз асығына деген тебіреніс кімнің қабырғасын қайыстырғандай. Ән деп сонау бабамыз шығарған –Елім айды- айт әнекей. Дүйім қазақтың мұң-мұқтажын жеткізген келер ұрпакка.

Шіркін сондай бір ән шығар ма көкіректен. Мейілі атым да жетпесін ұрпакка. Баска бір өнерпаздарға таңыла берсін әндерім. Мәселе атақ-даңкта ма екен. Мәселе – халқымның рухани дүниесінің өркендеуінде ғой. Сол рухани байлыкка титтей болса да үлес коса алсамшы!

Сананы мазалаған сұрактарға жауап іздеген Сегіз күрсініп қойғаны өзі де аңғармай калды. Дәл осы мезет Қадырбайдың окыс шыккан үш ойын бөле берді. Қос колын аркасына сала, асыкпай аяндап келе жаткан отағасы, топ адамның тұсына келе токтап сөйлеп тұр.

- Құл мен күңді сататын базар осы, жігіттер. – деп иегімен он шакты кісіні нұскады. – Түрікпеннің жауынгер тайпалары бар емес пе? Иомуд, гоклен, теке, жәуміт, дегендері. Солардың жаужүрек жігіттері іргелес жаткан қызылбас еліне жорык жасайды. Ұрымтал тұстан килігіп бозбас пен шүйкебастарын ат сауырына салып әкетуді машық кылған. Аттары жүйрік кой түрікпеннің. Құғынға жеткізбейді, жөпшенді қуғыншыны жорыкшылар мойырып тастайды. Бейкам жаткан кызылбас болса, улап-шулап кала бермек. Тұткиылдан құйындай соккан шабуылға не кайран кылсын, кіл момын дикандар. Міне, сол жорыктан түскен олжасын базарға әкеліп пұл кылмак. – деп білген-естігенін дәттей берді.

Сатуға шығарған тұткындардың өңдері жүдеу. Нәсілі жат ел екендері аңғарылып та тұр. Кіл кылкан кескендей бозбастардың жас мөлшері, әрі кетсе он алты – он жеті шамасында болар. Беттері сопактау

[illegible] аялы көздері қарақаттай, дудырай өскен шаштары қалың да [illegible], кескінді жастар екен. Арық болса да таза арық, күтім көрсе [illegible] балғадай жігіт болып шыға келетіні көрініп-ақ тұр.

Ортарында бірер қыз-қырқын да бар, беттері шадырамен [illegible] болған соң, жас мөлшері айырғысыз. Әйтсе де тал [illegible]тай бұратылған бойларына қарағанда, бұлар да кіл [illegible]ірімдер сияқты. Тұтқын бозбастардың қолдары ала жіппен [illegible] болса, төмен етектілердікі бос қалпында. Сірә, иелері - [illegible] қашып кете алмас.- деп түйсе керек, бұларды пәлендей [illegible] та тұрған кісі жоқ сияқты. Бозбастардың да қаша қоятын [illegible] жоқ; жүздері түңеріңкі, болашақтан түңілген сыңайда. Ертеңгі [illegible] қол сілтеп, айналаға немқұрайлы карауда. Кейі түрегеп тұрса, [illegible] біреулері қара жерге отыра салған. Саудаласқан біреу келсе ғана [illegible] лажсыз тұрады. Қызығып бағасын сұрағандар болса, сатушы [illegible]рі таяқпен түртіп тұрғызады. Әрірек отырған иелері дүмін аласа [illegible] қойып жайғасыпты.

Құлдық қамытын киген бейбақтар қаншалықты жүдеу болса, [illegible] тұрған мына иесі соншалықты іркілдеген семіз. Сорлыларға [illegible]стар жаратылған мес қарынның нағыз өзі дегізерліктей. Еңкейген [illegible] шалқайған сайын, астындағы сандал ағаштан істелген тақ әне-міне [illegible]ындай-ақ сықырлап бітеді. Былшиған семіз бетінде сызданған [illegible]мендік бар. Алдындағы мына кіріптар сорлылардың тағдыры өз [illegible]ында екенінде насаттанған кейіпте.

- Мына найсаптың сазбеттенуін қарай көр. Жер тәңірісіп отыр ғой [illegible] деген пікір түйіп, кебеже қарынның кекір сыңайын Сегіз [illegible]ктырмай қалды. – Анау міскіндерге сабыт салып айызы қанғандай [illegible]ықын, қарны шермиген неменің. –

Осы оймен назарын әкетіп, тұтқындарға мүсіркей қарап тұр. [illegible]корім жастардың мына мүсәпір кейіпі кімді болса да бейжай [illegible]дырмастай. Қазақ ауылында да құлдар баршылық. Жаугершілік [illegible]манда колға түскен тұтқындар, ия болмаса солардың ұрпақтары. [illegible]ркек кіндіктісі мал бақса, төмен етектілері тезек теріп күнелтіп жүр. [illegible] тірілерінің нәсілі тіпті қатарға қосылып та кетеді. Шыққан тегі [illegible]мытылып, байырғы елдің тумасындай сіңісіп кеткендері не сан. [illegible]ңцтораз күн кешіп, ашты-тоқты жүргендері де аз емес әрине. [illegible]ацырақ түйеге мінген қалпы, қыздың жасауы ретінде кеткендері де [illegible]ар. Ат жарыс, балуандардың бәйгесіне тігіліп те жатады. Әйтсе де [illegible] мынандай сорақылық жоқ қазақ қоғамында. Мал сияқты, [illegible]ойынына бұршақ салған қалпы, базарда кісі сатпайды қазақ.

- Мына бейшаралардың орнында өзім болсам қайтер едім? Сұмдық [illegible]ой, өлім ғой! Адамзат қауымы не бір сорақы қиянатқа баратынын [illegible]йтерсің. Адамгершілік деген қайда? Осылар да өзін мұсылманбыз

дейді-ау. – осы оймен Ниязға көз тастап еді, ол да қабағын түйіп [illegible] тұр екен. Кейіс не ашу үстінде шыкшыт еттері бұлтия калушы еді. [illegible] де өңі кашып, шыкшыт еттері бұлтия жыбыр кагады.

Қайрат болса бұндай көрініске еті үйренген сиякты. Сол [illegible] шытканымен пәлендей таңыркай койған жок. Кадырбай [illegible] аңырған калпын көріп өзінше жорыды ма, сәл еңкейіп:

- Әлімкұл деген саудагер бұл. – деп сыбыр төндірді. – Хив[illegible] артылған кұл-күнді әкелген түрі ғой. Әйгілі алаяктың өзі. [illegible] карақшылармен байланысы бар. Ұрланған, тоналған заттарды [illegible] бағаға сатып алып, жыракка асыра өткізе беретін ку мүйіз.-

Осы мезет дағарадай сәлделі бір-екі кара сакал тұткындар[illegible] тұсына токтай калды. Жерде жүресінен отырған жасөспірімге [illegible] көзімен ішіп-жеп барады. Сәлден соң сүлік мұрт, теке сакал біреу[illegible]

- Оу, Әлімкұл, кұл-кұтанның кұны нешік? – деп окыс [illegible] шығарды. Дауысы ұрыскак катындарша шарылдай шығады екен.

Әлімкұл жауаптасуға асығар емес. Тауарының өтетініне [illegible] шүбәсы жок немеше, күпсіген кейіппен ыңырана сөйледі.

- Алатын болсаң келісеміз дағы. Көкөрім жастар шетінен. Б[illegible] кыламын десең нағыз өңділері де бар. Бөксесі бұлтиған кіл мыкындылар[illegible] Қара жұмыска салатын жуан сінір ересектері де тұр әнекей. - [illegible] таяғымен шетірек тұрған ұзын тұра тұткынды бүйірінен нұкып калды.

- Қолы матаулы бейуаз жігіт селт етіп еңсесін көтере, [illegible] көздерін сүлік мұртка бір төңкеріп басын кайта тұкыртты. Қайы[illegible] кірпікті нәркес көздерінде лажсыздыктан туған кайғы тұнып [illegible] Көздері бір-ак сәтке ғана жарк бере кең ашылса да, бұл жай[illegible] аңғарылмай калған жок.

Әлімкұл болса, таяктың ұшымен беті бүркеулі кыздарды нұскап[illegible] Төсек жаңғыртамын десең, әнекей шөпжелкелер әзір. Он екіде бір гүлі ашылмаған өңкей кыркын көгілдір. Піскен әңгелектей жарылғалы тұр. Абышканды куантып алсаңшы бір-екеуін. Кәр[illegible] сінірін созып бір кенеліп калсын. – деген сөзбен кеңкілдей күлді.

Күлгенде сабадай денесі іркілдеп, мес құрсағы кампия түсе[illegible] екен. Бұл көрініс Сегізді тіпті жирендіре түсті. Саудагердің [illegible] күлкісі ниеті түзу адамды шіміркендіргендей. Мына көрінеу кі[illegible] корлауға карап тұруға дәті шыдай алмай, бұрылып жүре беріп еді. Нияз жеңінен ұстай алып:

- Анаң кара! Мәссаған, дәу де болса біздің орыс кой анау отырған – деп әріректегі әлдекімді нұскай берді.

Тұткындардың тасасында шынымен-ак жирен сакал-шашты біреу тізерлеп отыр екен. Бұл да тұткын екені анык. Манадан бері назары парсылыктарда болған Сегіз бұл кісіні аңғармаған. Қаба сакалы өсіп кеткен, шашы дудыраған еңгезердей орыстың мойынында ағаш

[illegible] Бұның бір атауы – күнді. Парсыдан енген сөз болса керек, [illegible] бұғауды білдіреді. Қиссаларда кездестіргені бар еді осы бір [illegible] істеп ия болмаса киссадан окығаны болмаса, бұл құралды [illegible] колданғанды Сегіздің тәу көруі. Екі бөлек қалың тактайдың [illegible] ойыкка тұткынның мойыны құрсаулана тұтылады да, [illegible] екі ойыкка білезік тұсынан кос колы бекітіледі. Екі бөлек [illegible] шеттерін бекіте тас кылып байлап тастаған соң, [illegible] мойыны да колдары да құрсаудың ішінде калады. Арка [illegible] ажырғыны котыр шыккан малдың мойынына бекітіп [illegible] еді, бұнда болса кісіні тырп еткізбеске пайдаланады екен.

Міне орыстан Әлімқұл катты қаупайланса керек, аяғына да кісен [illegible]ты. Үстінде тозығы жеткен ескі шапан болса да, нәсілі орыс [illegible] түздай көздері мен бет бедері айғақтап тұр. Жалбыраған [illegible] тасасынан жігіттерге тесіле карауда. Сегіз де анықтамак [illegible] үціліп еді, о тоба, жадында бір кездегі көрініс жарк беріп [illegible]рсын да кетсін! Ертістің мұз айдыны, орыстың мерекесі, күш [illegible] жұдырыктасу, сондағы жекпе-жек. Мәссаған безгелдек, [illegible] той мынау! Омбының атақты төбелеской жасауыл казачі [illegible] Яков. Сегіздердің соңына түсіп шок қайында атыскан [illegible]. Бұл Акмешітке кай құдай айдап келді екен мұны? Және [illegible]дай мүшкіл халге түскені несі? Он ұйыктаса түске кірер ме еді, [illegible]дай жағдайда кездестірем-ау деген.

[illegible] көзіне өзі сенбеген Сегіз Ниязға бұрылып: - Сенейін бе [illegible]ейін бе. Яшка емес пе мынау? – деп еді, үнсіз тұрған досы, - дәл [illegible] жаңылыскан жоксың. Дымың ішінде болсын, ол да бізді таныды; [illegible] аңғардым. Қарашы ежірейе калғанын. –

Айтқандай-ак, бұларға тесіле кадалған тұткынның өңі өзгеріп сала [illegible]. Бетіне кан теуіп, шүңірек көздері бір сәтке жарк берді де, [illegible] түйіле калды. Кеспірі тура бір аңшылардың колына түскен [illegible]дей. Ажалын күтіп тістенген тарпы бар. Сегізді таныганы анык. [illegible] дұшпаны аямасына да көзі әбден жеткендей. Қакпанға түскен [illegible]дай лажсыз кейіпте. Әйтсе де соңғы сәтті, канды шешімді [illegible]сарлыкпен күткен сыңайда. Тағдырына мойынсұнып, ажалды [illegible] какпастан тосып алмак.

Бұл калпын Сегіз де тани калған. Бұның да іші алай-түлей. Ежелгі [illegible]шаны колга түскені мінекей. Ескі кекті канмен кайтарамын десе, [illegible] колын каккандай. Қазір-ак Әлімқұлдан Яшканы сатып алады да, [illegible] келгенін істейді. Әлімқұл канша сұраса да Қадырбайдың [illegible]асы көтеріп-ак тұр. Оған еш шүбәсы жок Сегіздің. Құдайдың [illegible]іретін көрмейсің бе, бұны індетіп куған жауы кіріптар халге түсіп [illegible]ауды отыр. Тағдырдың китұркысында шек бар ма. Тұткынға калай [illegible]кенін кім білсін. Орта жүздің ішінде Кене ханың сарбаздары

жортып жүрген алмағайып кез. Бәлкім солардың қолына түсіп болар. Сарбаздар оқ-дәріге ия қару-жараққа айырбастап, Қоқан бетін асырып жіберуі де мүмкін. Кене ханның маңайында қашқын жүрген орыстар баршылық деген қауесетті құлағы шалған да болатын. Мынау Яшка қайсарлық танытып қызмет етуден бас тартты ма екен. Әйтеуір не керек, қол-аяғы тас бекітулі мүсәпір күйде, дәл қаңтардың алдында отыр екен. Енді не істесем рауа?

Ойға шомған Сегіз Яшкаға және бір көз тастады. - Бұл ғой менің қас дұшпан, нағыз жауыз деп біледі, осы отырғанда. Қазақты қаншыр тағы халық деп біледі ғой орыстың дені. Зәуі-сайтан мен қолына түссем бар ғой, түтіп жер ме еді, қайтер еді.- деген пікірмен назарын тайдырып әкетті.

Бір кездегі бетінен қаны тамған соқталдай Головиннің құр сүлдері қалыпты. Сүйектері арса-арса, қыстан сүйегіне ілініп шыққан көтерем мал дерсің. Ажырғы қажап тастаған мойыны іріңдеп, қолдарының білезік тұсы канталап тұр. Қарауға дәтің шыдамайды тіпті. Ал енді ол көңіліне келсе, кек дегеннен еш нышан да жоқ. Есе қайтармақ түгіл Яшкаға жаны ашып тұрғанын анық сезді. Мен ғой мұны мұз үстінде оңдыртпай бір сұлаттым. Одан кейін садақ тартып және жараладым. Демек, бұл менен тек зардап шекті, пайымға салсам. Олай болса соңымнан түспегенде қайтпек? - Жапа көріп жай жату, жасықтықтың белгісі. Ерте жатып кеш тұру, пасықтықтың белгісі. – демекші, жасық болушы ма еді, білдей бір жасауыл басымен. Бұл да еркек емес пе әрі-беріден соң. Екі мәрте жәбірлеп, ендігі көзін жойып тынбақшы ма? Бұл кекшіл ит болса, менің бұдан асқаным қайсы? Ит пен ит болғаным ба? Адамгершілік қайда, сері деген атым қайда?

- Жамандыққа жамандық әр кісіден, жамандыққа жақсылық әр кісіден. – деген екен атам қазақ. Жарқыраған жол, нұсқа емей немене еді бұл сөзі. Бабалардың өситіне бағып, пенделіктен асып түсейін мен ендеше.

Ойы сан-саққа жүгірген Сегіз осы байлауға бекіп, қалыпты сабырлығын қайта тапты. Ендігі жоспар да мәлім. Қадырбайға бұрылып

- Қақа, бір сөзім бар.- деп шынтағынан ұстай ала, топтан сәл оқшау шығара берді де, қабақ қағысымен Яшканы нұсқады. – Жағдай былай, Қақа. Анау отырған тұтқын орыс біздің жерлес еді. Жерлес болғанда Омбының әскери жасауылы. Нияз екеуіміздің соңымызға түскен осы. Атысып жүргенде сұр жебені де қадағам осының қоңына. – деп Қадырбайға сынай көз тастады. Бұл сөзім нендей әсер етті екен деп барлағандай.

Қадырбай болса ысылғандығына бағып, міз бақпастан тұр. Таңырқаса өзі біледі, алайда пішінінде еш өзгеріс жоқ. Сегіз сәл бөгеліп кеңесін тарата берді.

Уалы сөздің қысқасы – маған жаны қас еді. Әйтсе де өлімге [illegible]. Ер шекіспей бекіспейді демекші, кезінде ат құлағын [illegible] тайталассақ та, мынандай мүшкіл халын көріп, аяп кеттім. [illegible], өзіне қолқам болсын, Қака. Осы міскінді Шыңғыс төренің [illegible] жеткізіп берсең. Бір келсе, өзіннің қолыннан ғана келеді [illegible]іс. Оған сенімім кәміл. – деп бұйымтайын паш етті.

Бұл сөз канша тосын естілсе де, Қадырбай сыр берген жоқ. Жел [illegible] күнге тотыккан ашаң өңінен іштегі сырын аңғаруға мүмкін [illegible]. Сегізді мұкият тыңдап алып, жауап қайыруға асыкпады. [illegible] жұмыңқырай тіс жармастан тұр. Есіткенін ой елегінен [illegible]ндей. Әбден милап бір шешімге келсе керек:

[illegible]-е, бауырым, жаксыда кек жоқ, жаманда тек жоқ деген осы да. Кек [illegible] мікір айла кусаң жаксы атанармысың. Алдың кең болмаса, ел еркесі [illegible]одармысың. – деп бір кайырып, Сегізге райлана карады. – Хұп, бір [illegible]ыцды көтермесем ағалығым кайсы? Алдым міндетіме мына кәпірді [illegible] алып калмакты. Жол амандығын берсе, Шыңғыс төренің де [illegible]ына аттың басын тірерміз. Осы сапар керуен тартып Торғай-[illegible]ына бармак едім. Бүйрек болса да Құсмұрынға соға кетермін. Мына [illegible]лауылды кызметші құл-құтан есебінде апармасам болмас. Кененің [illegible]ецгіттері кездессе кәпір деп жазым етер. – осы сөзбен Сегізді [illegible]ынысынан кағып койып Әлімкұлға таман кадам басты.

Кәнігі саудагер бұларға көз кырын салып отырғанға ұксайды. Яшка [illegible]інде сөз болғанын да сезген сиякты. Содан болар, Қадырбай:

- Оу, әка, анау өлмелі орыстың пұлы нешік осы? Қара жұмыска [illegible]арайтын неме ме өзі? Тырыли тайлактай сүйегі ғана калыпты ғой, [illegible]арап тұрсам. Әне-міне дәмі таусылғалы тұр ма әлде? Бұндай [illegible]імтікті де шығарады екен-ау базарға. – деп тамырын басканда, [illegible]ырлана күлген Әлімкұл, - И-и, туыскан, білмей сөйледің. Тегін орыс [illegible]мес бұл. Кәпір әскерінің құрбашысы болған нағыз көкжал. Кенесары [illegible]ханның батырлары сауғаға бере салып еді, мәрттік кылып. Әйтпесе [illegible]іздің колға түсу кайда-а! Өзі тепсе темір үзетін карулы неме. Арыктығына карама. Азығы келіссе түлеп шыға келер. – дей келіп Қадырбайдың бой-басына көз жүгіртті. Сөз шығындап саудаласуға [illegible]атитын немемісің деп сынағандай.

Қадырбай турасында пікірі оң болып шыкса керек, дағдысынша [illegible]астындағы тағын сыкыр еткізе козғалып койды да:

- Елу тілләдан кем алмаймын, туыскан. Осы өңірдің қазағы көрінесің, сондык артық сұрамаймын да. Дыңдай құрбашыны кыздың құнына ғана беріп отырмын. Ұрғашының құны ер адамның жармысы демеуші ме еді казак? Су тегін беріп отырмын, бір алла күә! – деп түйіп, бітік көздерін көкке көтерді. Жасаған иені шынымен-ак күәдүр кылмак адамдай.

Саудагер мен делдалдардың қулығына қанық Қадырбай бұл сөзге қыңа қоймады. Құл мен күндердің наркынан хабардар болса керек, мырс бере миық керді де:

- Пой-пой, әкасы, жокты айттың-ау, қарап тұрсам. Шилі өтірік мына сөзің. Ренжісең де сол, кейісең де сол. – деп салғаннан қатты кетті де, сол доғал сөзін майдалап жона бастады. – Байсалды кісі көрінесің, сөзіңнің салмағы бар. Нұсқаң да инабатты. Өзің ойлашы, не құны бар мына кәпірдің? Қауқиған бойы болмаса желкесі бітеу жара әнекей. Түйе жаманы керт деуші еді. Терісіне ілінген керт зәліттес сиқы мынау. Мал бола ма өзі әуелім? – деп бұл да өз үәжін көлденең тартты.

Әйтеуір не керек, екеуі ұзақ қаржасты. Ақыры бір уыс тілланы сылдырата санап алған Әлімқұл:

- Болмадың ғой, қадалған жерден қан алып. Ұтылдым не қылса да Әттең күрештің қыжалат болып тұрғаны. Әтпесе су тегін берем ғой екен, дыңдай бір олжа орысты. – деп жорта күрсініп қойып, - әкете беріңдер! – дегендей иек қаға ишарат қылды.

Қайрат пен Нияз Яшкаға тап беріп ажырғыны шеше бастап еді, орындығын сықыр еткізген Әлімқұл:

- Әй, жігіттер, құрал-сайманымды өзіме қалдырыңдар. Мал сатқанда сілекейін алып қалса, құл сатқанда кісенін егесі өзіне қалдырады. Ырым ғой ежелден келе жатқан. – деп нығызси сөйледі.

Сегіз де Яшкаға беттеп еді, Қадырбай жеңінен ұстай алып сыбыр төндіре: - Орысша тіл қатпа анау тұтқынға. Датқаның жағымпаз жандайшаптары болады көпшілік ішінде. - Кәпірлердің жансыз екен- деп айып тағып, жеткізе қояды. – деген сөзбен сақтық айтты.

Жігіттер Яшканы босатып алған соң, Нияз сұраулы жүзін Сегізге бұрып: - Қалай қылсақ бұны, қолын байлай салсам ба екен? – деп екі ойлы болып еді, сәл ойланған досы, - кайда қашар дейсің? Қаша жөнелер қауметі де қалмапты ғой мазлұмның. – деп қолын сілікті.

Яшка болса, қол-аяғының құрыс-тұрысын жазып, бойына қан жүгірте иығын қиқаңдатып тұр. Ажырғы кажап тастаған алқымы бітеу жара болып іріңдей бастапты. Қолдарының білезік тұсындағы терісі күлдіреп сыпырылуға айналған. Беті айғыз-айғыз кір, қолдары күс болып жарылып кеткен. Көптен бері су көрмеген бой-басынан тер мен кірдің күлімсі иісі мұңкіп тұр.

- Бұл пақырды үйге ертіп апарып шомылдырмаса болмас. Жарасын да емдеу керек. Асқынса жаман ғой анау іріңі. – Қадырбай Яшкаға ойлана қарап тіл қатты да, - алдымен бұ сорлыға тамақ берейік. Жүрек жалғасын, кеттік. – деп топты бастай берді.

Палау былқылдай пісіп жатқан маңайдағы бір қазанның тұсына жете, даяғашыны шақырып алды да: - Мына пақырға азық пен сусын әкел. – деп келте бұйырды.

Бұрынан хабары бар ма, әлде тұтқынға түскелі үйренгені ме, Яшка [illegible] ұғатынға ұқсайды. Себебі, жаңағы сөзді құлағы шалысымен- [illegible] кіріп, көзі алақ-жұлақ етіп даяғашының әр қимылын бағуда. Буы [illegible] палауды әкелгенде бассалып, шеңгелін толтыра-толтыра [illegible] асай берді. Тандыр нанды үзбестен шетінен тістей алып, [illegible] мыстан бүркітше қылғытып жатыр.

Мына байғұс мүлдем титықтаған екен. – тұтқынды жіті көзбен [illegible] отырған Қадырбай басын шайқады, – аштан ісінудің аз-ақ [illegible] қалыпты. Бұндай күйдегі кісіге тамақты көп беруге де [illegible]ды. Қаңсыған аш өзекке түскен мол азық, науыт қылуы да [illegible] емес. –

Уайда асқа жаудай тиген Яшканы палаудан айырар күш жоқ [illegible]ты. – Бітімі қапсағай көрінеді, ештеңке ете қоймас. Мен де [illegible]нан шыққан күні бір дағараны жалғыз тауыскам. – деп Қайрат [illegible] киліктi.

Маңадан бері үндемей жүрген жігіт, өз басынан кешкен мүшкіл [illegible] еске алды ма, қаба сақал орыска мүсіркей қарап тұр.

Бұл жалбыр шашты ертіп жүре алмаспыз ендігі. – Қадырбай [illegible]ға көз тастай, Сегізге еңсе бұрып тіл қатты. –Бар қызықты [illegible]рік, енді үйге қарай ойыссақ па, қалай? Құсайын асын әзірлеп [illegible] отырған болар. –

Сегіз де осы ойда еді; шынын айтса, мына у-шу даңғазадан [illegible]ғайын деді. Және қазақтың тойындай кең далада жиналған емес, [illegible] ықтасын қала іші тынысты кәдуілгідей тарылтып барады. Оның [illegible] жаңағы Әлімқұлдың кәсібі көңілді құлазытты. Көз алдынан [illegible]спірім тұтқындардың аянышты кейіпі кетпей тұрып алғаны. [illegible]нарларында қайғы теңізі тұнып тұрғандай. Еске алғанның өзінде жан [illegible]ріпігеді. Анадайды көрген кісі қайтып той қызықтамақ? Ұмытайын [illegible] де ұмыта алмассың. Және қолдан келер қайран жоқ қой. Құлдар [illegible]арда өтімді болса, жортуылшы жігіттер шет елдерден тұтқын жеткізе [illegible]рмек. Адамзат қауымы бұл жексұрын әддеттен арылмайынша, сан [illegible]ғұмға құлдықтың лағнет қамытынан құтылу жоқ...

Ойға шомған Сегіз Қадырбайдың ұсынысын хош көріп енді [illegible]ғалмақ еді, кенет ту сыртынан жеткен сарын еріксіз елең еткізді. [illegible] хош иісті түтіннің де лебі жетіп, танауды дембіл-дембіл қытықтап [illegible]тыр. Жалт бұрылса, бір топ қаландар екен. Диуананы қоқандықтар [illegible]ылай атайтынын білуші еді. Қоскорған маңында көргені де бар. [illegible]ондық, салғаннан таныды.

Бастарында ұшы шошақ елтірі күле, үстерінде жамау-жаскаудан сау [illegible]ері жоқ алабажақ женде, қолдарында сылдырмағы көп асатаяқ. Әдейі [illegible]теген түрлері ме, женделерінің жамаулары әр түсті де, көлемдері де [illegible]ралуан. Көзге түссін деген айла ма, кілең қызылды-жасылды түсі сөлді

келеді. Бір каландардың қолында түтіні бұркыраған іші шұңғыл табакша Адыраспанды тұтатып жүрсе керек, будактаған түтіні аппак. Сол түтінді жігіттерге такатып жарапазандай берді.

Каландарлардың дені нашакор келеді дегенді естуші еді Сегіз. Мына жалба киімділердің нұскасы соған келеді де. Өңдері кан-сөлсіз, сары аурудан жаңа тұрған кісілер сиякты. Өздері шеттерінен сидиған арык Бір ерекшелігі – көздерінде алак-жұлак бір жылт бар. Жанарлары шынылана карап тұрғандай. Мойыны ырғайдай ұзынтұра біреуі түтінді Қадырбайдың етегіне такады да, сұк саусағымен өз ауызын нұскап:

- Беңгі, беңгі! – деп зар каксын.

- Бұнысы несі? – таңыркаған Сегіз, Қайратка карай калды Мұндайды талай көріп еті өлген болса керек, Қайрат көзін күлімдетіп

- Беңгі дегені әпиінның таякша сиякты бір түрі ғой. Шетінен тістеп алып шайнай береді бұ пакырлар. Көкнарды кайнатып ішеді, нашаны шылым кылып тартады. әйтеуір істемейтіндері жок. Анау тұткынға тамак әперген соң, жетіп келген түрлері ғой. Садака дәметеді де. Бірер пұл бермесек құтылмаспыз. Желімдей жабысып есіңді шығарады өйтпесек. - деп білгенін дәттеп берді.

Қадырбай да бұл үрдіске канык болса керек, бір уыс ұсак пұлды түтіндетіп жүрген ұзынтұраның колына ұстата салды. Ұстатуы мұн екен, ұзынтұраның көзі шырадай жанып баладай куанды да, тұрған жерінде шалт бұрылып тұра жөнелді. Өзге серіктері де бір ауыз сөзге келместен, соңынан тарпылдата басып бара жатыр. Түтін салу да, жарапазан да жайына калды.

- Нашасы мен беңгісін сатып алуға асығып бара жатыр. Онысын татпайынша құмары таркамас. Күшәлә дегені және бар. Көкнардың нағыз уыттысы. – алба-жұлба топты көзімен ұзаткан Қайрат, жігіттерге мән-жайды ұктырған болды.

- Көкнарға әбден бой үйретіп алған міскіндер ғой. Жөндеп ас ішпейтіндері де содан. Көкнарды ұрттап койып күн ұзак елтіп отыра береді. Не өлі, не тірі емес, тәтті түс көріп, кияли халде жүргендері. -

Өңеш созған каландарлар кеткен соң, даңғаза басылайын деді. Туһ, құлак тыныш тапты-ау. – деп Сегіз езу тартып еді, кенет Нияз елең етіп, сұк саусағын шошайта калды.

- Бұл не сарын? Қазакша ән ғой мынауың. Домбыра үні де бар. - деп таңданған нысайға міне, бөркін козғап койды. – Мәссаған, мынау кәдуілгі «Назкоңыр» емес пе? Бұ кайсы екен шыркай келе жаткан? –

Шынында да каландардардың дабырасы естіртпей тұр екен, сонадай жерден ән сарыны жетті. Домбыраға косылып шыркап тұр әлдекім. Сегіз де кызығып құлак түріп еді, тани кетті - өзінің «Назкоңыры».

- Құдайым-ау, Акмешітке де жеткен бе шынымен, сонау Ертіс жағасында туған ән? – деген оймен демін ішіне ала, мұқият тыңдап

тір. Өлгінде Құсайын отағасы айтқанда сене қоймап еді. – Көңіл ашықпастықпен айтқан болар. Сарт, түрікпен, ұйғырлармен аралас-құралас қалаға Арқаның әні жете қойсын ба. – деп ішінен түйген де болған. Енді болса мінекей, үлкен алаңның у-шуында құмыға естілсе болатынық өз әні.

- Қап, әттеген-ай әнші лебізі нақысты болса да әлсіздеу екен. Мына апыр-топыр даңғазада жөнді естілмейді де. – деп қынжылуға да болады. Кенет, - жоқ, болмас, қор қылмайық әнді. – деген пікір түйіп, Қадырбайға оқыс бұрыла:

- Қака, әншіні көре кетейікші. Бұ қай өнерпаз болды екен. Содан кейін барайық Құсайындікіне. – деп тіл қатты да, Қадырбай бас изеген соң, - кеттік, Нияз! – деген сөзбен серіктерін бастай берді.

Алаңның ашық тұсында он шақты жас-желең тұр екен. Кіл елтірі бөрікті қазақтар. Шеңбер жасай тұрып бір көк мандала шапанды ақшіті ортаға алыпты. Сұппа бөрік, қою, тығыз мұртты, ақсұр өңді әнші жігіт домбыраны безілдете тартуда. Әйтсе де, мына қара нор халық ішінде домбыраның үні жөнді естіліп жатқан жоқ. Сұлу мұртты жігіттің әжептәуір дауысы да бар, әуезі де ырғақты. Сонда да алаңдағы у-шуды басуға қуаты жете қоймайды. Соның әсері болар, ақ ала шапанды, қара ала тақиялы, сәлделі жұрттың ішіндегі мына кішкене топ бір түрлі жетімсіреп тұрғандай көрінді. Кең сахарадағы халық қазақ қауымынан бөлініп адасып кеткендей. Әншіні қоршап тұрған серіктері ара-тұра көтермелеп: - Соқтырт, сүмірейті, сабаз! – деп айғайлап қойса да, бұларға назар салған көпшілік жоқ. Әркім өз ыңғыңымен жүрген, сапырылысқан бір халайық.

Нияз бұл жәйтты зәтте аңғарып: - Қап әттеген-ай, мына сарттарға кор болды-ау біздің ән! Құлағына ілген біреуі болсайшы, кіл мондыбастардың. – деп кіжіне тіл қатты да, - өзің кіріспесең болмас. Менің дауысымды естірте қойсын ба мына ың-жың даңғаза. – деген сөзбен досына қарай қалды.

Сегіз өзі де әзір тұрған. Бір жағы намыс болса, бір жағы мына отырықшы қауымның ішінде өз елінің әнін, ән болғанда өз көкірегінен туған әнді естіген соң делебесі қозайын деді. Сыпайылық сақтап ақсұр жігіт шырқап біткенше күтті де, ән түгесілген соң алшаң басып барып:

- Уа, бауырым, бәрекелді! Әнің нақысты екен. – деген сөзбен асқан ізетпен қол қусыра амандасып, - кімнің әні екен бұл, естігенің бар ма еді? – деп сұрады.

Ақсұр жігіт те бейіл бере есендесіп: - Арқаға аты шыққан Сегіз серінің әні деседі ғой бұл

«Назқоңырды». Асық қызына арнап шығарса керек. Қос ғашық қосыла алмай арманда екен. Соның күйігіне шыдай алмаған Сегіз патша ғаскерімен атысып жүр осы күні. Өзі оттан да судан да

тайынбайтын өтті жігіт. Жауға шапқанда төсін ашып [illegible] тайсалмай соқтығатын көрінеді. – деп бастырмалатып, Сегізге [illegible] топқа назар қыдыртты да, - өзің қай туған боласың, заманда[illegible] жөнің сұрадың ғой, бұрын естіп пе едің? – деп арасы алшақ [illegible] ойнақы көздерін қадай қалды.

Сегіз бұның сауалына еріксіз жымиып: - Аты-жөнімді [illegible] туыскан. Бұл әнге қатысым бар еді. Құлағым шалып [illegible] сүйсінгенім. – деп шырай бере тіл қатты да, - мен де ерікс[illegible] шыркаушы едім. Пұрсат болса домбыраңды бере тұрсаң. Лебіз шы[illegible] мына астана жұртқа қызмет қылайын. – деп аспапқа қол созды.

- Ондай өнерің болса кәнекей. – деп сұппа бөрікті [illegible] домбыраны қос қолдай әспеттей ұстап ұсына берді.

Гүжім ағаштан жасалған шешен домбыра екен. Сегіз қос іш[illegible] қожырлау бұрап күйлеп алды да, пернелерді қуалай сыдырта тарт[illegible] тартып кеп жіберді. Аксұр жігіт елең ете қалды. Қияпатын[illegible] таңданыс бар. Мына бейтаныс тегін кісі емес екенін құқылжы[illegible] тартысынан аңғарып қалса керек. Бұларды айнала қоршаған бозбастар да қызыға қарап тұр. Сегіз де бұларға назар жүгіртіп:

- Көңіл хошы келгенде бұл « Назқоңырға» былай басушы еді[illegible] жігіттер. – деп әнді бастай берді.

Ай кабак, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең, неге аяйын аттың терін.
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім.

Ә дегеннен бар өкпеге салып, дауысын тежеместен шыркады. Ыстық шай ішіп алғанда көмейі жібіп, үні еркін сырғанаушы еді. Қазір де сөйтті. Аса зор, қуатты, қою, сөлді лебіз ақтарылған тасқындай шыркап төңірекке жайлып бара жатыр... окыс шыққан сұлу әуезге айналадағы халайық еріксіз назар аудара қалды. – Бұ не ғаламат? – дегендей аңырған көпшілік тоқтай қалып құлақ түруде.

Сегіз болса бір шумағын қайырған соң, маңайдағы жұртты ұмытқандай халге енді де кетті. Қай қайдағысы қозып киялы шарқ ұра, сонау Сары арқаның апай төсінен бір-ақ шығарғандай. Бүгінгі көргенінен ажыратып, өзі туып-өскен айнай сахараға жеткізді жүйрік киял. Бетегелі бел, жайлауға көшкен ел, сол жайлаудың тұнып тұрған шалғыны көз алдында көлең берді әнекей. Көктем қары ери қаулай өскен көденің мас қылар жұпары, мұрты бұзылмаған соны шөпті жапыра қонған жылқылы ауылдар. Салқар желідегі желіні көнектей мама биелер, сонау ақ үйден жеткен сабаның күмпілі. Белі тал шыбықтай бұратылған сәулім қыздар, олардың сыңғыр күлкісі. Асау үйреткен, аударыспақ салып көкпар тарткан бозбалалар, бәрі-бәрі ап-

[illegible] көрініс болып жадта жаңғырып өтіп жатыр. Туып өскен жердің [illegible]ырған көрінісі.

[illegible] жақта базарда құл-күңді сатпайды, мына қаладағыдай адамды [illegible]майды. Жүздері кан-сөлсіз, көздері іріңдеген, кайыр сұрап [illegible] нашакор қаландар да жоқ. Ол жақтың диуаналарын ел әулие [illegible], каріп-касердің батасы кабыл болады,- деген желеумен төріне [illegible] кадірлейді. Диуаналар да мына қаландарлар сияқты көкнар [illegible] көзін сүзген емес. Сүзбек түгілі, ондай заттың атын естіді ме [illegible] Ішетіндері қымыз, тіске басатыны – құрт, ірімшік пен сары май.

Мына қаладай зәулім корған да салмайды қырда; қапырық ауасы [illegible] кабар, меңіреу дуалдары кең дүниені көрсетпес тар көшелер де [illegible] Төрт тарапка да көз жіберсең, ұшы-киыры жоқ айнай даланың [illegible] жатканы.

[illegible] нен түздегі алғашқы махаббаты тудырған әнді шыркай берді [illegible] Бабындағы дауысы еркін сырғанай шығып, сонау көкке шарк [illegible] ұмтылды. Мешіт мұнарасынан асып, зау корғанды да бұйым [illegible]рмей ырғып өтіп аңғарды жаңғыртып барады. Алаңдағы бар дыбыс [illegible]ауылыны басып, үстемдік құрғандай. Керней, накыра, дутар үндері, [illegible]рі көміліп, қумығып, өшті де калды. Дыбыс атаулыны басып [illegible]емдік құрған жалғыз-ақ ән:

Коркем кыз шакырған соң жуықтайын,
Басканы неге саған жуытайын.
Өзіңе ыкыласым ауғаннан соң,
Қалайша, Мүкәш, сені ұмытайын.
- деп толкиды накысты әуен.

Қалың көпшілік таң-тамаша халде. Мұнша зор да сұлу үн адамзат [illegible]асына біткенге кайран. Бастапкыда бір-біріне жаутаңдасып: - Бұл кім [illegible]? Қазак әні ғой мынау. – деп сұрасып еді, біраздан соң сөзді койып тек [illegible]таумен болды. Алаңдағы халық біткен шұғылданған істерін ұмытып, [illegible] еріксіз құлак түруде. Әуез сұлулығын ұғатын құйма құлактар түгілі, [illegible] атаулыдан нырай калғандардың өзі, дауыстың куаты мен саздың [illegible]емдігін мойындап тәнті болды. Сегіз екінші шумакты кайыра бергенде, [illegible] алаңның әр тұсынан казак атаулы ән шыккан тұска беттеді. Бейне бір [illegible]ландаткан атойға асыккандай.

- Не кылған ғажайып лебіз! Ырғағы құлак құрышын кандырды [illegible] кәдуілгідей. Бұрын-соңды мұнша зор үнді естісек бұйырмасын! Бұл кім болды екен? – десіп, кандастар жан-жақтан ағылуда.

Ән біткен кезде Сегіздерді айнала коршаған казактың карасы айта [illegible]арлыктай молайып та калған. Сегіз: – Үh! – деп демін бір алып, [illegible]ндайынан шып-шып білінген терді сүрте салып, домбыраны иесіне [illegible]йтарғанда, бар халайык сілтідей тынып ән әсерінен арыла алмай [illegible]рған. Алаң толы жұрт есеңгіреп калғандай. Тек алыстан талып

жеткен жылқының кісінеуі мен әңгі есектің бақырғаны болмаса, ол атаулы өшкен.

Сұппа бөрікті әнші бұл кезде Сегізге қадала қалған қалпы, тік болып қатып қалған. Пір алдындағы мүридтей тіл қатуға батына бармайтын сияқты. Сегіз өзіне ұсынған домбыраны да естен тарс шығарған сыңайда. Осылай аңырып қанша тұрары мәлімсіз, егерде ол сыртынан оқыс бір үн шықпаса.

- Оу, жігітім, ұстасаңшы анау домбыраны. – деп тіл қатқан бір москал кісі екен.

Пұшпақ бөрікті, аққұба, дөңгелек бетті отағасының жүзі инабатты көрінді. Байсалды кісі екені салған жерден аңғарылғандай. Киім киісі мол дәулет иесін танытады. Сөйлеу мәнері орнықты, салдарлы азамат екенінен хабар беріп-ақ тұр. Сәл бөгеліп Сегізге еңсе бұрды да:

- Уа, бауырым, әнің ғаламат екен. Елуді еңсерген осы жасымда мұншалық асқақ дауысты тәу естуім. Аспанды қақ жарып жібергендей шырқап салған әнің. – деген сөзбен Сегізді бастан аяқ бір шолып, - Қараөзектегі керейде Сегіз атты сері жігіт қонақтап жатыр дегенді құлағымыз шалушы еді. Осы сен соның өзі емеспісің? Порымың тегін емес. – деп майда жымиып, қарай қалды.

Қыр мұрын, сыдырым қас, келбетті жүзі сабырлы. Кейіпінде маңғаздық болса да, кекірлік жоқ. Адамға жылы ұшырай, бейілдене қарайды. Қасындағы он шақты нөкері де, айнала қоршаған көпшілік те Сегіздің жауабын күтіп тына қалған. Селт етіп ұйқыдан оянғандай, домбырасын ұстай алған ақсұр жігіт те аңыра қарап тұр.

Сегіз болса пұшпақ бөріктіге ілитпатпен сәлем беріп: - Болсақ болармыз, ағасы. Ныспым Сегіз, мына Нияз досым екеуміз серілік құрып жүргеніміз рас. – деп жауаптасты.

Онсыз да райлана қарап отағасы тіпті жадырай түсіп: - Бәсе, өзім де соған жорып едім. Арқаның арыстан өнерпазы жетіпті ғой Сыр бойына. Кел, төс қағыса амандасайық, бауырым! – деп құшағын айқара аша берді. Айнала көпшілік те жамырасып:

- Бәсе, тегін кісі емес екенін салған жерден білдім!

- Қазақтың әнін асырып жіберді-ау, сабаз. Тусаң ту, азамат!

- Мұншалық зор үн де бола береді екен-ау адамзатта. Алты қырдан әнін асырған деп осындайды айтатта.

- Көпті көлдей толқытты әнімен, не қылса да.

- Сарттардың даңғыр-дүңгір аспаптары жымдай болғанын айтсаңшы. – деп кеу-кеулесіп, қыза-қыза келе, - оу, жұрт, Сегізді хан көтерейік ақ киізге! Қазақтың әнін асырып, мерейімізді аспандатқан өнерпазды құрметтейік. – деп ал кеп шуласын.

Қайдан табылғаны белгісіз, әзір тұрғандай-ақ аппақ өре киіз пайда бола кетті. Әлуетті қолдар кідірместен Сегізді ақ киізбен төбелеріне көтеріп:

[illegible]-серілердің мерейі үстем болғай! – деп ал кеп айғай салсын.

[illegible] алғысын осылай білдіріп, көңілді кернеген шаттықты [illegible] жатыр. Даурық басылып Сегізді жерге түсірген соң, жаңағы [illegible] кісі, - тыншталыңдар! – дегендей қолын сермеп:

[illegible]дбауырым, Бактияр деген ағаң мен боламын. Сүйегім найман [illegible] баганалы. Қонысым – сонау Егіз көл жайлауы. – деп тіл қатты [illegible] Сегіз бен Ниязға алма кезек назар тастап, - сыбырларың тоқты-[illegible] емес, құлын-тай екенін білеміз. Сондық, ауылыма қонақ [illegible]лыңдар. Екі аптадан соң әкеме ас бермекпін. Соның жабдығымен [illegible]рпылап жүрген түрім ғой. Мына әніңді естіп, қайран қалып [illegible], шынымды айтсам. – Келеміз- деген үәделеріңді естімей [illegible]сімін. Қолқам осы. Өнерлеріне тәнті бір ағаларыңның [illegible]ынтайын беріңдер, азаматтар. – деп тосын ұсынысын паш етті.

Жігіттер тартыншақтай ма деп күдіктенді ме екен, лебізінде тіпті [illegible]ныпшты сарын аңғарылғандай. Бірақ Сегіз екі айтқызбастан [illegible] кетті.

Шақырғанда бармасаң, шақыруға зар боларсың деген. Өзіңіздей [illegible]шен иманы төгілген жақсы-жайсаң қолқа салса, құп алмай не [illegible]ріпті? Ниязекеуіміз табыламыз асыңызда. Бердік үәдені, [illegible]діздей көріңіз. – деп сендіре жауаптасты.

Бактияр қуанғанын жасырмай: - Ә, бәрекелді, міне азамат! – деген [illegible] кос серіні қолдарынан ұстай алып, - әкеміз жүзден аса жасаған [illegible]. Бұ пәниден озғанына он шақты жыл мінекей. Сондық асымыз ұлан-[illegible]ыр той болмақ. Алла жазса жиынымыздың көркі боларсыңдар. – деп [illegible]дарын қыса сілкіп қойды да, шалт бұрылып, - ал, жігіттер, базар [illegible]лап жабдық әзірлейік. Арқаның сандақ серілері үәдесін берген екен, [illegible] ас қамына кіріселік. – деп өз серіктеріне келте бұйрық берді.

Осы сөзбен қош айтысып, балпаң баскан қалпы қалың нөкер [illegible]бымен ұзай берді. Бұларды көзімен ұзатқан Қадырбай:

- Е-е, бағаналының Бактияр байы осы екен ғой. Сыртынан атына [illegible]пық едім. Бұның Мақпал атты бойжеткен қызын мақтайды осы ел. Шығаннан шыққан әрлі болмаса да, мінезі сүйкімді деседі. Сөзге де [illegible]пқыр. Қайымдасқанда не бір шешенсіген жігітті сүріндіріп кететін [illegible]рінеді. – деген сөзбен жігіттерге қулана көз тастады, - абай болғайсың ол елде. Бағаналының қыз-қырқыны тілге самар келетін. Жаңаң жайлауда жүргенде, құрамай қаптырмасын. –

Сегіз бұл әзілге езу тартып қана қойды. Енді ғана аңғарғандай, қатты шаршапты. Ән айтсаң жаныңды жеп айтасың демекші, жаңағы әнге барын салыпты. Бойындағы жігерін сарқа жұмсағандай-ақ, денесі сүлесоқ. Ендігі ойы мына соры қайнаған Яшканы жайғастыру. Жарасына ем-дом жасап жуындыру керек алдымен. Содан кейіңгісін көре жатар.

Осы ойын Қадырбайға жеткізбек еді, Ниязсөзге киліге кетті. Бір жерде омалып отыруға жоқ, ел аралауға құмар жігіт қой, Бактиярдың

шақыруына өркештеніп қалған кейіпі бар. Жымың қағып [illegible] ойнақшып Қадырбайға еңсе бұрды да:

- Таңдайы тақылдаған ділмардан қашатын біз бе, Қ[illegible] Қайта іздегенге сұраған емес пе. Қыз қарғысы жігітке майдай [illegible] демекші, қыз қарғысы зілді болса мына Нияз-екеннің [illegible] әлдекашан қурап қалар ма еді, қайтер еді. – деп күліп жіберді.

Бұл сөзіне езу тартқан Қадырбай: - Бәсе, жігіт деген осы[illegible] болар. Әттең жиырма бес, қайдасың? Өттің, кеттің-ау қайран [illegible] қызығамын мына пошымыңа. Әйтсе де амал нешік. – деп [illegible] аралас әзіл іліп, Сегізге назар жықты, - ал, бауырым, үйге қарай [illegible] тартайық. Жұрттың көзіне ілініп қалдың, енді әр қадамың [illegible] Мына міскінді көзге сүйел қылмай үйге жеткізейік алдымен. [illegible] сөзбен – соңымнан ер! – дегендей Яшкаға ым қақты.

... Құсайын ауласының түкпірінде шағын монша бар екен. [illegible] Рамазан жіті қимылдап дереу су жылытқан соң, Яшка шомы[illegible] алды. Жарасына шөп тұнбасынан дәрі себе ем-дом жасап, ескі-[illegible] болса да тазадан киген соң, тұтқын жасауыл көңілденейін [illegible] Қадырбай бұны байлаттырған жоқ.

- Сүйегіне ілінген түрімен қашатын мұршасы да жоқ. Қашса барар жер басар тауы да жоқ. Еліне аман жетемін десе, айтқанымнан шықпасын. Осыны оңашада орысшалап ұқтырарсың. – деп Сегізге тапсырып еді, сонадайда Рамазан берген шылымды тартып отырған Яшка, кенеттен қазақшалап:

- Ұқтым, ағасы. Қия баспаймын. – деп күңк еткені.

Қадырбай мырс беріп: - Мынауыңның төбесі жарық екен [illegible] Тіпті жақсы. Жолай қайтып ұғысамыз деп тұрсам, тіл ұғатын [illegible] шықты әнекей. – деп бір дөңбекке дүмін қойып, өңкиіп отырған жасауылға көз тастап қойды.

Сегіз де таңырқап Яшкамен сөйлеспеске беттей берді. Асыл[illegible] казачилардың дені қазақшаны ұғатын. Қайсы біреулері мақалдап мәтелдеп те сөйлегіш. Әйтсе де. мына қазаққа өш кекір жасауыл [illegible] біле қояды деп ойламаған. Болған күнде де өз ұлтын үстем деп білетін өр көкірек неме, кепиетсіп сөйлей қоймас деген пікірде еді.

- Е-е, сорлы басы көрешекті көрген екен. Момынның есебін ку табар, құдың есебін құдай табар демекші, құдайдың бұйрығымен теперіш көрген шығар сірә. – деген оймен Яшканың қасына келіп, сексеуілдің жуан былтығына отырды. Моншаға түсіп, өсіп кеткен шашы мен сақалын тұжыртқан жасауылдың өңінің жүдеулігі аңғарыла түскен. Әбден титығы құрып қажығандығы көзге ұрып тұр. Көз айналасы қазылып, шүңірейіпті. Маңдайын қос сызық әжім айғыздап репетін кәртайта түскен. Ұрты да суалып бет сүйегі шодырая қалған. Бір кездегі менменсіген кейіпінің ізі де жоқ. Қодаң мінез жасауыл

[illegible] жасып қалыпты. Баяғыдай емес, отты жанары солғын [illegible] немқұрайды қарайды. Орысшалап сөзді өзі бастады.

[illegible] қоргенде, бассалып өлтіре ме деп ойлағам. Тек қинамай, тез [illegible]-ау деп ішімнен тілеп те отырғам. Мынандай азаппен күн [illegible] ұзарапай асқаным артық. – деп Сегізге көз төңкеріп өтті.

[illegible] қарықшақтана шығады. Әлсіздіктің салдары болса керек, [illegible] сөзін үзе сөйлеп отыр.

[illegible]ме жетемін-ау деген үмітім жоқ, шынын айтсам. Керуен [illegible] кеткен қарақшылар торып жүр. Оған көзім жетті. Хан [illegible] топшыларының атын жамылып, не бір баскесерлер лаң салуда. [illegible] аман жетсем, жақсылығыңды қайтарамын. Қылмысыңды [illegible] деп жандаралға өтініш жолдаймын. Сертім осы деп біл. [illegible] болмасын, өзіңдей көр. Қазақ құран ұстап ант етсе, мен Інжіл [illegible] ауызыма алып сөзімді бердім. – деп нығырта тұжырды.

[illegible] жарылғаны ма, әлде Сегіз жан сала қимылдап бұны [illegible] деген айласы ма, ол арасы беймәлім. Титығы құрыған [illegible] шын ниетін тани да алмайсың. Сегіз болса, өңіне зер салып [illegible] жатпады. Аз ғана ойланып:

Жандаралдың жарылқауына зәру емеспін. Қуғын-сүргіннен [illegible], орысқа қарсы қару жұмсаймын ба. Ажал құшсам да өз [illegible] сүйегім қалар. Көмусіз қалсам да өз отанымдамын. Сенің [illegible] сияқты біреудің жерін баса-көктеп жаулап жүргенім жоқ. [illegible] кеңшілік қылсам, пайданды көрейін деген айлам да емес. [illegible] қайырымдылығын ұқсын деген ниетім дағы. Сенің қолыңа [illegible] сияқты болып, мүсәпір халде түссем, үйітіп жер ме едің [illegible] едің. Казачилердің қиямпұрыс мінезі әйгілі ғой. Бұратана [illegible] деген қатыгездігінде шек жоқ. – деп бір қайырып, сонадайда [illegible] ерттеп жүрген Нияз бен Қайратқа көз тастады.

Құсайынның үй ішіне масыл болмайық деген ниетпен, бұлар [illegible] жүріп кетпек. Аттар диланып алған, кешкі салқынмен жолды [illegible] алғандары жөн. Кетпектей еркектерді күту оңай болып па. [illegible]ырбай болса Яшканың жабдығын ойластырып үлгеріпті. Астына [illegible] үстіне жобалғы болса да бір сыдырғы бүтін киім әзірлеп те қойған.

Бұның әлі бірер күндік жұмысы бар шаһарда. Керуенге артатын [illegible]-тай жүктерді сымбалдап әзірлетіп қоймақшы. Өзге де уақ-түйек [illegible]ықтары бар көрінеді. Екі-үш күн сонымен айналыспақ. Осы [illegible] ұқтырмақ болып Яшкаға және еңсе бұрды Сегіз:

- Қазақша нан сұрап жерліктей тілің бар көрінеді; Қадырбаймен [illegible] берерсің. Ол кісі керуен бастап Арқаға жөн тартпақ. Сені Шығыс төреге аман-есен жеткізбекті міндетіне алды. Екі сөйлемейтін [illegible] бұл туысканым. Сені анау саудагер сарттан сатып алған да өзі. [illegible]ндық, айтқанына тақ тұратын бол. Сұраған кісіге – Қадырбайдың

құлымын – деп айтарсың. Тәнірі жолды оңғарса үйіріңе қосылар[illegible] әлі-ақ. Жолдағы ұры-карыға да айла-амалы бар Қадырбайдың [illegible] жұқартып көп жүрген тіскаккан кісі ғой. – деген сөзбен [illegible] көтеріліп етегін қакты да, - туған жерге сәлем айтарсың. Кәпір [illegible] да жерлессің. Біз болсак, ол жакты көруіміз екі талай. – деп [illegible] аттарды ерттеп койған жігіттерге карай кадам басты.

Яшкаға енді кайтып назар да салған жок. Жылы сой[illegible] жампаңдаған түрі деп жоруы да ғажап емес. Орыстың жасауылы[illegible] басын актамак үшін, ұлыктарға жакпак үшін кұткарды [illegible] жорамалдауы әбден мүмкін. - Сері мінез, тектілік – деген ұғымдар[illegible] кайдан білсін өресі тайыз казачий.

Құсайынның бар әулеті өнерпаз меймандарды аттандырмак[illegible] шығыпты. Бозщұбарды шылбырынан ұстап Рамазан тұр. Бұл [illegible] Сегізге кызмет еткеніне мәз. Қайрат бұған оңашада досын сипатт[illegible] Әрі балуан, әрі мерген бұл сері. Астына ат, колына найза берсе кыр[illegible] кісіге төтеп берер жауынгер де. Әншілігі өз алдына бір төбе. Шырк[illegible] кана салмайды, өз жанынан шығаратын өнері де бар. Қасындағы Ни[illegible] сынды үзенгілесі де өзіне сай. – деп аузының суы құрыганша мактаг[illegible]

Жас меймандардың порымдарына көз жіберген Рамазан: - Бо[illegible] болар да. Сайдың тасындай азаматтар көрінеді. – деп түйіп [illegible] Сегіздің шыркап салған әнін есіткен соң, көнілінде тіпті де шүб[illegible] калған жок. Жігіттерді аулада күтіп алғанда:

- Пай-пай, бұндай да зор үн бола береді екен-ау! Үйде жүріп-а[illegible] әніңді ап-анык естідік. Анандай дауыспен акырып калса ғой, ұрмай сокпай-ак дұшпанның зәресі ұшар. – деп кайран калғанын жасырған жок.

Бұнысына Нияз: - Е-е, бауырым, дұшпан канша акырсаң да [illegible] коймас. Дұшпанды тыксыратын көк құрыш пен корғасын ок кана. Жәй сол болатты жұмсай білер әлуетті жігіт. Бұл Сегіз замандасың ән-күйг[illegible] дәулескер болса, сарбаз өнеріне де майталман. – деп үәж айткан.

Бұндай сөзді есіткен Рамазан кайтып құрак ұшпасын. Ерттеул[illegible] атты көлденең тартса да, іштей кынжылып та тұрған. – Бірер күн нег[illegible] кона тұрмады екен? Талай ән есітіп үйреніп алар едік. – деген оймен әкесіне кипактай карай береді. Меймандарды бөгей тұрмас па екен дегендей. Бірак Құсайын бұл үмітін актай коймады. Себебі дәл осы сәт назары какпа жакта еді.

- Бұ неменеге шұкшия калды? – деген оймен таңыркаған Рамазан да назарын сол жакка жығып еді, аулаға бірер москал адам кіріп келе жатыр екен. Рамазанның кейіпін аңғарған Сегіз де какпа жакка көз тастап еді, кіл пұшпак бөрік, каптал шапанды егделер көрінді. Қара сакалдысы бар, бурыл сакалдысы бар, бес-алты кісі бері беттеді. Сірә кадірлі жандар болса керек, көз сүзіп тұрған Құсайын тани кетіп сәлем беруге асыкты.

Ал, Мака, біздің құжыраға сіз де келеді екенсіз ғой, қош [illegible] деп қол қусырып аскан ілтипатпен есендесіп, хал-[illegible] сұрастыруды шұбырта бастады.

Мака дегені дөңгелек толық бетті, қарны шермиген етжеңді кісі [illegible] Семгідігінің салдары болар, ентігіңкірей сөйледі:

Құсайын-ау, саған өкпе-сакпа айтқалы келдік. Бұл не өзі? Жол [illegible] жора білетін тоқтаулы азамат деген дәмем қайда? – деп [illegible] кінәласа бастады.

Құсайын бастапқыда аңырса да, ығыса қоймай: - Ия, не жаздым? [illegible] отырсеңші, көкесі. – деп көзін жыпықтатты.

Ерін келгендермен амандасып болған жігіттерге Қадырбай: - Осы [illegible] шек шығарлары бұл. Қырық рулы қала халқы емес пе. Мына Максұт деген кісі осындағы кетелердің сөз ұстары. – деп [illegible] жөнін ұқтырды.

Ағамыш Мака Құсайынға жауап қайырмастан, сәлем берген [illegible] қолын уысынан босатпай:

Ия, серім, хош келдің! Кетенің осы кенттегі сорпа бетіне [illegible] келіп тұрмыз мінекей. Максұт деген аған боламын. Алыстан келген туысқансың, кәне көрісейік, бауырым. – деген сөзбен [illegible] мына көме берді.

Осы топтың бас көтерері өзі екенін дәлелдемек болғандай-ақ: - [illegible] қағысындар Арқаның ардагер өнерпазымен! – деп серіктеріне [illegible] ақты. Ниязды да ұмыткан жоқ, - Сегіз серінің қанды көйлек [illegible] сен емессің бе осы? Мақабаң Нияз емес пе еді? Кел [illegible] рісейік, шандозым. – деп құшағын және айқара аша берді.

Бар топ танысып, біліскен соң Мақаң Қадырбайға шүйіле кетті. Жорта қабақ шыткан болып:

- Мына ақалақшының қылығын көрмеймісің? Керейлігіне бағып [illegible] ісін жасырып ертіп жүргені зәнтәлақтың. – деп көзін алайта бір [illegible] ткерді де, дауысын көтере, - уа, қазақтың сал-серісі дүйім халыққа [illegible] ртақ емес пе? Шешеннің тілі, серінің әні иісі қазаққа ортақ, [illegible] ырағым. Жасырғаның қай сасқаның? Асыл кездік қап түбінде [illegible] ғатпас болар. Сен жасырсаң да, әні паш етті әнекей дүйім елге.-

Мақаң кінәлай сөйлесе де жүзі жарқын. Кебеже құрсақ, мол [illegible] шілген порымына сай мінезі де салмақты екен, байсалды қалпын ілез [illegible] ба қойды. Өзі ғана сөйлеп дағдыланған жан болса керек, Қадырбай [illegible] ді үәж айтқалы оқталғанда, - үндеме! – дегендей қолын сермеп:

- Жә, ағайын, ендігі сөз былай болсын. Сарт билеген қалада [illegible] ұрсақ та жер қазақтікі. Олай болса серілер осы елдің қонағы. Сал-серінің сыбағасы палау емес, тай мен құлын. – деп көпшілікке назар [illegible] ыдыртып өтті де, - қысырдың бір семіз тайын жайратып сойып [illegible] жатыр жігіттер. Осы тұрған төрт көзің түгел дәл қазір соңымнан еріп,

құрметті конағым боласың. Шаңы бұркыраған қалада тұрсаң да жолдан жығылып көрген емес кетенің баласы. Туу Аркадан келген өнерпаздардың жолы да сый-сияпасы да әзір. –

Осы сөзбен Сегізге назар қадап: - Ал, осыған не дейсің, бауырым? Атка конғалы тұр екенсің, оны да аңғардым. Әйтсе де еліннің колкасы мынау. Халқың сағына күтуде. Әніңді және бір естігісі келеді. Міне Нияздың да лебізін естімек. Арканың ашшы айғаймен шыркап салар ән таңсық бұ жакта. – деп сұраулы жүзбен жауап күтіп қалды.

Қасындағы серіктері ләм деп ауыз ашпаса да, көсемдерінің колкасын құптағандай-ак Сегізге кадала карауда.

Сегіз болса ә дегенде жауап бере койған жок. Өзіне салса, осы оқиғаны көтерген калпы аттанып кетер еді. Қаланың ғимараттары сәулетін көрінгенімен, капырык ауасы тынысты тарылтайын деді. Айнала коршаған зәулім корған даланың желіне нағыз тоскауыл екен. Ауа түгілі алаңның өзінде лүп еткен самал ырымға да жок. Мұржа мен оттың біткеннен шыккан түтін сейілместен бұлттай төнеді де тұрады.

Және бір ұнамағаны – кай жакка көз салсаң да, биік дуалға назарың тіреледі де калады. Ауылдағы маңкиып жатқан кеңістік жоқ. Үйреншікті көкжиекті де көрмейсің. Өзгелерді кайдам, кең жазирада туып өскен өзіне мына кала алып бір абактыдай көріне бастаганы Нияздың пікірі де осыған сайды. Бір кағаберісте бәсең ғана үнмен:

- Жылжысак кайтеді? Мына тар көшелер мен сасык арыктардан жүрегім лоблиын деді ме, калай өзі. – деп құлак кағыс кылған.

Оның үстіне Макпал кыз жөніндегі Қадырбайдың сөзі елеп еткізгені. – Окыған ділмар бала. Сөзге ағлескер. Қайымдаса кетсе не бір тактакка дес берер ме екен. – деген сипаттауы қызыктырды. Себебі хат танитын кыз-кыркын ел ішінде тым сирек. Жат жұрттан бола жаралған шүйкебасты окытып кайтсын казак. Хат танитындардың ішінде кайымға жарайтындары және шыға коймайды. Сондық, мынау әрі келімді, әрі зиялы бойжеткен тегін болмаса керекті. Дидарласып, кайымдасып, шешендік салысса кәнекей.

Осы ойдың жетегіне ерсе, бөгелмегені макұл әрине. Бозбаланың көңілі кыз-кыркында ғой кашаннан. Көзі күлімдеген сәулім тұрғанда, казандағы бүлкілдеген етті елесін бе жігіт деген. Алайда мына Максұт ағайдың бетін кайтару да ыңғайсыз. Үлкен басын кішірейтіп келіп тұрған түрі мынау. Игі жаксыларын бастап, бір тайпа елдің сөзін ұстап келіп тұр-ау. Әдеп бар да әркен бар, және дәмнен аттамайтын ата ғұрпы бар. Осы жәйттерге көңіл жыкпастык мінез косылып, Сегіз бейілдене тіл катты:

- Максұт аға, ыкыласыңызға мың кайтара рахмет. Халық каласа хан түйесін сояр демекші, көпшіліктің көңілін калдырғандай не көрініпті. Қызмет кыл да міндет кыл дегендей, бұкараға кызмет кылу

[illegible] парызы қашаннан. Ал бастай беріңіз, ердік соңыңыздан. – [illegible] нұскай қол сілтеді.

[illegible] жұлып алғандай ілез жауаптасты: - Е, бәсе, міне азамат! [illegible] жігіт екенсің, оны бүгіңгі шыркап салған әніңнен [illegible]. Гүжілдек зор дауыстар бола береді-ау ел ішінде, алайда [illegible] келтіре шыркау тым сирек. Көмейіңе бұл-бұл ұя салған [illegible] екенсің, жыркыным. Әншілер де аз емес қой бұ казакта. [illegible] сайын бір-бір заржак. Әйтсе де құлак құрышын кандырар [illegible] шебері ілуде біреу-ак болар. Әншінің жан дүниесі ізгі болса [illegible] үйытар. Жан дүниең тазармай мінсіз өнер шыкпас. – деп [illegible] Нияза назар аударды да, - келбетті келгеннен кеңес сұра [illegible], досыннның да пошымына көз тойғандай. Бұндай [illegible]арды елден жасыру деген не сұмдык! – осы сөзбен [illegible]ға кінә арткандай пішінмен және бір көз тастады да, - ал ер [illegible], халайык. Тайлы-таяғың калмастан бәрің жүр. – деп өз [illegible] бастап, какпаға карай беттей берді.

[illegible]ара көз тастасып езу тартқан Сегіз бен Нияз – амал нешік? – [illegible] кейіппен, игі жаксыларға ере кадам басты.

***

6 тарау

МАҚПАЛ

1

Бақтияр бидің ауылдары қыс Қызылқұмның қойнауын қыстаса ала жаздай Қуаң дарияның сағасындағы Егіз көлдің атыраулы жайлайды. Егіз көл немесе егіз теңіз деп аталатын себебі, Ашшы теңіз бен Көкше теңіз қос көл егіздей ұқсас. Айырмасы – біреуінің суы ашшы. Ашшы болғанымен мал іше береді. Бұл атыраптың отынсыз құнарлығы соншалық, қабырғасы ырсиған арық-тұрақ бірер аптада торалып шыға келетін. Ашшыдағы ел ауыз суды құдықтан алып жүр. Көкше теңіздің суы болса әрі тұшшы,әрі татымды. Жазғы қапырықта бір жұтқан кісі, дәмін тұшынып самар кесені бір-ақ сімірер еді. Жуынып-шайынуға да қолайлы. – Сабын салсаң көпіріп шыға келеді жарықтық. Шаш жусаң кірін демде ашады. Кір-қоң жусаң сабын ал жұмсайсың. – деп әйелдер жағы мақтап жүргені.

Бұл екеуі –теңіз – деп атанған себебі, таяз болса да көлемді-ақ Арал теңізінің теріскей жағында жатқан соң ба, соған ұқсатқан да болар тұрғылықты ел. Қар мол жауған жылдары, ерте көктемде Қуаң дария тасығанда о шеті мен бұ шетіне көз жетпейді әйтеуір. Бұл өлке сулы болған соң нулы да. Айрауық пен қызыл мия, есек мия, тергіш мен айбат мия сияқты от тұнып тұрады.

Сол Көкше теңіздің желке тұсында Бақтияр бидің ауылдары отыр Бағаналы ішінде Қарабала тармағы, оның ішінде Жауғашты атасына қарасты ел. Аталас ағайындары бар, енші алып шыққан ұлдары бар. Бақтиярға қарасты елдің өзі он шақты ауыл. Бидің кенже ұлы Алдияр қара шаңырақтың иесі. Алдиярдың отау құрғанына төрт-бес жыл, қосағы Күләйдан бірер боқташақ та көріп үлгерген. Бұның ақ отауы би үйінің қасында. Өзге төрт ұл енші алысып төрт ауыл болып отыр. Бес ұлдан кейін көрген екі қыздың үлкені Жібек былтыр ұзатылған. Ендігі Бәтима бәйбіше екеуінің қолында қалғаны баланың кенжесі Мақпал ғана. Биыл міне он сегізге шыққан кезі... Жауғаштының бір ерекшелігі - он сегізге толмай қыздарын ұзата қоймайды. Кейде тіпті жиырмаға шыққанша ұстайтындары бар. Сол сияқты, былтыр тұрмысқа шыққан Жібек жиырма бірге іліккен соң ғана ұзатылып кеткен.

Бәтиманың шешесі Күлпәш, аккемпір атанған ажарлы да маңғаз кісі болатын. Сүйегі қыпшақ еді марқұмның. Сол Күлпәш екі-үш жасар Жібекті бауырына басып, оннан асқасын ғана өз үйіне жіберген. Еркек шора қылып ұстамаса да мейілінше еркіне жіберіп, тентектеу қылып өсіреді.

- Осы қара қыздың мінезінде өттілік бар білем. Түп нағашылары қыпшаққа тартпаса не қылсын. Бұл баланы тайраңдатып өсірейін мен

[illegible] болса. – деп бетінен какпайды. Жасы оннан аскан соң үйіне [illegible]ерсе де, сыртынан билеп ұзатуға рұксат берген жоқ бастапқыда.

Енекемнің сиырындай қылып, жиырмадан асканша [illegible]ілікпісін бұл кызды? – деп сөзбен шалуайттаған тұстас [illegible]мірлерге, - салпы етек катын болып үлгереді әлі-ак. Қайда кетер [illegible] тұрмыс құру деген. Байсырап отырған кызым жок. Бұлғактап [illegible]ақта жүре тұрсын. – деп үәж кайтарар еді.

[illegible] аккемпір дүниеден озып жылын берген соң ғана, Жібекті [illegible] жеріне кондырып еді Бактияр. Енді міне колында калған Мақпал ғана. Дәл казір сегіз канат боз үйдің как төрінде кесте тігіп [illegible]ыр. Күн тамылжыған желсіз, мезгіл киык сәске. Күнгей жак ірге [illegible], түндік жартылай ашык. Ауыл соныға конған соң, сырттан [illegible] бұзылмаған ебелек пен қоңырбастың, майкара жусанның иісі [illegible]ырай жетеді. Мал өрісте котан іші тыныш. Анда-санда көпек үріп [illegible]ймаса, окыс үн естіле коймайды. Үлкендер жағы үйді-үйлерінде [illegible] шумен шұғыл, бала-шаға атаулы көл жакта ойын соғуда. Отау [illegible]ақтан сабаның күмпілі естіліп кояды, бірак бұл үйреншікті дыбыс [illegible]. Макпалдың ойын кайтып бұзсын.

Ошекейлі жағланға аркасын беріп кесте тіккен Макпал акырын [illegible]ылдап ән салуда. Ән салғанымен ойы шартарапты кезеді. Иініндегі [illegible]ысырмалы баркыт камзол тал бойына жарасып-ак тұр. Қос етек [illegible]ыншас көйлек кылдырыктай белін, сұңгак бойын көркейте түскен. Кеңді білектей кос бұрымындағы маржан көз шолпылар, басындағы [illegible]рлі такия, құлағындағы алтын сырғалар ауқатты әулеттің баласы [illegible]кенін айғактайды. Әдетте тәу көрген кісі Макпалды: - Ай десе [illegible]уызы, күн десе көзі бар келімді бойжеткен екен. – деп пікір түйер [illegible]ы. Бұлары шындыкка жанасады да. Әйтсе де байыпка салса, сонадай [illegible]кетіп бара жаткан сұлулығы да жок сиякты. Аккұбалығы болмаса, [illegible]зі де пәлендей үлкен емес, каламмен сызып койғандай мөлдей кара [illegible]асы да жок. Пісте мұрын мен оймакка теңеген ауызы болса, мұндай мұрын мен ауыз талай кызда баршылык. Екі беті кан тамғандай кып-кызыл да емес, кашан көрсең бозарыңкырап жүргені.

Дегенмен, ажарында ерекше бір сүйкімділіктің бары анык. Көзі, [illegible]асы, жазык маңдайы, тартымды бір үйлесім тауып жараса калған. Бір [illegible]орген кісінің назарын еріксіз тартып тұрады әйтеуір. Жеңгесі Күләйым тамсанып койып:

- Осы шырайлымның бітімі бөлек не кылса да. Қыз-кыркын косылғанда, топ каздың ішінде акку дерсің. Үйге кіріп келгенде-ак, шам жакканнан бетер нұрлана калады үйдің іші. – деп шашпауын көтере сөйлер еді.

Бұнысы әсте де көлгір сөз емес. Күләйім өзі де бір кісідей киялатты болғанымен, кайын сіңлісінің ерекше туысын мойындайды.

Бір қызығы Мақпалдың өз басы сұлулығына еш мән берген жан емес. Кескіндімін деп титтей бұлдануы болсайшы. Қыз болып жылтырақты да іздей қоймайды. Шешесі Бәтима болмаса сырға мен білезік тақпас та еді. Он төртке толған соң-ақ шешесі:

- Енді далақтап жүгіріп бала-шағамен ойын соғуды қой. Бой түзеп сәнденіп, сәулімдерше бала қаздай байпаңдап сызылып жүргейсің. Зергерлік бұйымдар да жоқ емес осы үйде. Садып пен дүр көрсетіп алтын-күмісін араластыра тағып ал. – деп құлақ қағыс қылған.

Шешенің тілін алмау қайда. Уайымсыз балалық шақ келмесе кеткенін сезген Мақпал сандықтағы сақиналарды самсатып ішіп саусаққа салып алсын. Асылы, шешесі бұны қатты ұстайтын. Жібек әпкесі әжесінің қолында өсіп, еркінсіп кеткен соң, үй іші оған тік келіп қоймаушы еді. Он жасар тетелес әпкесі өз шаңырағына оралған кезде қайтып ұмытсын Мақпал. Әпкесінің атына заты сай емес екеніне іш көзін салған жерден жеткізген. Әу баста азан шақырып есімін қойған әжесі, мінезі жібектей есілсін деп ырым қылған шығар. Ол үміт ақтала қоймапты. Мінезі өз алдына, бітімі де мінәйім қыз балаға лайық емес. Өңі қошкыл қара, қол-аяғы балғадай, тұрпаты тортбаш келген қыз, алыса кетсе тұстас ұлдарды жығып кететіндей. Торсық шеке, дөңгелек толық жүзінің оң бетінде тыртық бар. Мысықпен алысқанда батырып тырнап жібергеннің ізі. Сол тыртық онсыз да өжет өңіне кәдуілгідей сұс қосады. Пұштиған мұрнының екі жағындағы қос сықсимасы кісіге тайсалмай қарайды. Сол тәйтіп мінезін бірінші күні-ақ паш етпесі бар ма қаршадай басымен.

Әжесі қош айтысып кеткен соң-ақ, ал келіп қиғалақты салсын. Бауырмал да аккөңіл Мақпал көптен сағынған әпкесіне қуыршағын ұсынған. Үлкен ағасы Данияр ағаштан ойып әспеттеп істеп берген қуыршақ болатын. Апасы құрақ матадан көйлек, тебетей тігіп, жұтындыра киіндіріп те қойған. Бұл қуыршақты Мақпал құдды бір сіңлісіндей көріп әлдилеп жүретін. Жатарда қойынына алып жатар еді. Сөйткен кимасын сағындырған әпкесіне шын пейілімен ұсынғаны ғой. Әпкесі болса бұндай батпан сыйды еш керек те қылған жоқ. Өзіне көзін мөлдірете қарап тұрған сіңлісіне де пәлендей назар тоқыратпады. Әжесінің еркетотайы ешбір жанның құрметіне зәру емес сияқты. Мақпал ұсынған қуыршақты қағып жіберіп, Алдиярдың қолындағы бір дорба асығына ал кеп жармаса кетсін.

- Үй, мына қыз қайтеді? Жынды ма өзі? – деп намыстанған ұл, дорбаны бере қоймап еді, Жібек қияңқылығына басып жағасынан ала түсті. Шаң-шұң алыс-жұлыс, шашылған сақалар мен кенейлер, үй іші азан-қазан болды да қалды.

Өзінен үлкен ұлға берісетін Жібек жоқ, бақырып-шақырып үйді басына көтерсін. Әжесі үйреткені ме, әлде сол елдегі өзгеден естігені ме, оқта-санда: - Ойбас! Құлатай қыпшақ! – деп айғайлап ұрандап қояды.

Бәтима мен үйдегі абысын-ажын: - Мына қаршадай қызының [illegible] кара! Қыпшақтығын бұлдауын. – деп беттерін шымшысын [illegible]

[illegible] кезінде аңырып, есін жиған Бәтима: - Қой, бұ әжесінің қызына [illegible]дер. Жүре-жүре басылар өзі де. – деп ұлдарға жекіп, Жібекті [illegible] [illegible]леп жұбатып қыбын тапқан.

Ушау алақұйын қызға ұқтырыңдар, оу жамағат. – деп бұл [illegible] хабарланған әкелері күлген болатын. – Ол қыпшақ емес. Қыпшақтың жиеншары ғана. Ендігі бағаналы, өз еліне келді. Шыңырақка қарасын. –

Сөйткен Жібек ұзатылғанша жан адамға бас имей-ақ кетті-ау. Мақпал екеуі жүре-жүре түсінісіп, тату болып та алған. Тату болғанда [illegible], бір-бірін көрмесе жүре алмайтын. Екеуінің сипаты екі бөлек. Нұсқаларында, не сырт түрлерінде ұқсастық болсайшы. Мақпалдың [illegible] мінәйім, тұрпаты нәзік болса, әпкесі ә десе мә дейтіннің нағыз [illegible] [illegible]ітімі де кесек, жуантық келген. Бала кезінде онысына көңіл [illegible]мей мән бере қоймап еді. Қайта ойын үстінде ер балалармен [illegible]ласқанда бой бермегенді мақтан тұтатын. – Қаққанда қанын [illegible]қанда сөлін алам, бәлем ұлдардың. – деп кішкене жұдырығын [illegible]ретті қызық-ақ. Алайда бой тартып қызалақ болған соң, ойға [illegible] өз бойынан қорынуға айналды.

Мақпал екеуі оңаша қалғанда мұңайыңқырап: - Сен қыздың белің [illegible]ырықтай, бойың тал шыбықтай, бетің аппақ. Көрер көзге нәп-[illegible]ксің. – деп сыр шертер еді. – Менің өңім қазанның түп [illegible]сіндей, бойым дембелше. Мойын атымен жоқ, басымды иыққа [illegible]жита салғандай. Мықыным мен белім біртұтас, тұрпатым есектің [illegible]сіндей. Маған бозбала атаулы көз де салмайтын шығар. Ұластырып қойған күйеуім де безбес деймісің мына сиқымнан. – деп [illegible]ары дымданатын.

Әдетте омырау мінезді әпкесі өстіп босағанда, Мақпал да көзіне [illegible] алушы еді. Әрі тетелес, әрі сырлас әпкесіне жаны қайтып [illegible]ымас. Ашығанда көңілі алай-түлей болатын кәдуілгідей. Жібекті [illegible]шақтай алып:

- Сен қараторының кескіндісісің нағыз. Айтпады деме. Шашың [illegible]ндай қайратты әнекей. Бұрымың уысқа симайды тіпті. Ертең-ақ [illegible]озбала біткен көзін сүзбесе маған кел! – деп жұбатар еді.

Адамзат баласының мінезі қызық қой. Өзінде жоқты армандайды [illegible]мәнда. Мақпалдың өзіне салса, қараторы кісіден ажарлы жоқ. Шикі [illegible]кпедей бозарып жүргенше, күрең тарта, тіпті жылтыр қара болып [illegible]үрсемші. – деп армандайтын. Жібек – күнге күйіп, тотығып кетем – [illegible]деген желеумен ала жаздай бетін ақ бәтес орамалмен тұмшалап [illegible]үрсе, бұл керісінше маңдайын күнге төсейді. Жел қағып, күн сүйіп

оқім қошқыл тартар ма екен деген үміт қой. Бірақ қанша әрекетпен де, бұл ойы іске аспай қойғаны. Сәл күрең тартқаны болмаса, оны сол бәз-баяғы бозарған қалпынан еш өзгерсейші. Қайта күн сүйген сайын қызыл шырайланып, ажарлана түсетінін қайтерсің.

Бұл енді өз басының қамы ғой, өз басы еш уайым емес-ау. Қарт басының қамына бола еш күйзелген емес Макпал. Әпкесіне жолын ашып жұбата беруші еді дәйім. Құдайдан да тілейтіні сол әпкесінің бақыты еді. Соның септігі тиді ме кім білсін, жетіле келе ажар бітсін деді Жібекке. Жылдан жыл озып караторының өңдісі болып шыға келсін. Бар міні – қызға лайық жіңішке бел жағына ұяттылау. Бітімі бадамша келген жуантық. Әйтсе де бұл мінін местің емізіп, ісіп бұлтиған кос анары мен, тілерсегін соққан жұп-жұмыр кос бұрымы жоққа шығарғандай.

- Мына қыз піскен әңгелектей жарылғалы тұр-ау. Тойған қонақтай томпиған түріне, шиедей сөлді еріндеріне болайын. – деп болжам біткен сұқтанатынды шығарған. Алайда шешелері катты ұстаған соң жеңілтектіктен аулақ болды апалы-сіңілілі қыздар. Жібекке ұнамай келмесе де, насихатын құлағына құя берген Бәтима. Әпкесінен бір сөз ажырамайтын Макпал да бар сөзді жадына токыған. Үй оңашада не тігудің үстінде болсын, ас қамымен айналысқанда болсын көңілдегісін дәттей беретін шешелері.

- Қыздың жолы жіңішке, қызға қырық үйден тыю дегенді айтып, құлақтарынды сарсытпай-ақ қояйын. Баршаға мәлім, әбден жауыр болған сөз ғой. Айта бергеннен майы шығар деймісің. – деп бір қайырып жымияды да, құлақ түре тыңдаған кос қызға назар қыдыртып, ұзақ бір насихатқа кетеді.

- Қыз бен қойдың жүрмейтін жері жоқ, қызды қырғызға да береді деп тегін айтқан жоқ шығар атаң қазақ. Жат жұртқа кету деген парыз екен ұрғашы атаулыға. Жаугершілік заманда ат сауырына міңгестіріп әкете береді қызды. Қазақ пен қалмақ пәлен жыл шабысып жүріпті ғой. Қиссалар да сол кәрі тарихқа күә. Көне жыр дастандардың өзегінде шындық жатқаны бесенеден белгілі. Қалмақ тұтқиылдан тиіп мал мен жесірді олжалайды, ал енді қазақ еңсеріп әкетсе қалмақтың қыздарын тобымен әкетеді. Сөйтіп ит жығыс түсіп, қаржасып өмір сүрген ғой кіп туырлықты елдер. Қызын қатын, қатынын отыншы күң қылып тізе батырады да күші асқан жағы. Соның салдары емей немене, қазақ пен қалмақтың тұр-кескіні айырғысыз.

Бұны неге айтып отыр дейсің ғой. Айтқан себебім, дәтің берік болсын қашанда, балаларым. Өмірдің ашшы шындығын біліп отырыңдар. Тағдырдың китұркысына әзір болып, лепірме кеуілді суыта бергейсін. Бөрі жоқ деме бөрік астында, жау жоқ деме жар астында демекші, бүгін бейбіт күн болса, сәт ішінде-ақ дүнияның

[illegible] шығуы ғажап емес. Бүгін әке-шешенің оң жағындағы [illegible] ерке бала болсаң, ертең-ақ жаттың босағасынан шыға [illegible] кім кепіл?

[illegible] айтан ондай күн туа қалса да өмір сүру керек. Тірі жүрсең [illegible] бересің, көре берсең көне бересің деген екен бабаларымыз. [illegible] басқа салған соң қайтып көнбессің нәубетке. Ертеректе [illegible] болды болған бір қызымыз, сол жақта отасып бала тауыпты-[illegible] Балалары ер жетіп естері кірген соң құлақтарына құя береді. – [illegible] нағашың, қару сілтеп қанын мойынына жүктей көрмеңдер. – [illegible] кіндігінен өрбіген қыздарын: - Мұсылманның етегінен [illegible], қолыңнан келсе. – деп үгіттеп, ақыры жасырын жолмен [illegible] шығырып жіберіпті.

Міне үлгі деген осы. Дұшпанға қолды болса да, шыққан тегін [illegible] әлгі әпкелеріміз. Тағдырдың тақбезесін көтере білген. [illegible], құр селтеңбайды қойып, ағаларың сияқты анау молдадан [illegible] сауды үйреніңдер. Ұзатылғанда хат-хабар жіберіп тұрасыңдар [illegible] құрмаса.- деп түйген.

Шешесінің сөзіне ұйыған кішкентай Мақпал қиялға шоматын әдетте. [illegible] құдайдай көреді ғой, әр сөзі құранның насихатындай. Дүниеде [illegible] келімді де ақылды да жан жоқ деп білетін. Жібекке бата алмаса [illegible] кей кезде қолын да батырып жібереді шешесі. Бала болған соң [illegible] мінез шығармай жүрсін бе Мақпал. Бірде өзінің сүйікті бөрте [illegible] төрге шығарып ойнағаны бар. Әлгі шұнақ лақ құлдыраңдап [illegible] төсенішке шашып-шашып жібергені. Әлгінде ғана үй ішін [illegible] сыпырып қойған шешесі ал кеп ашулансын.

Қайтеді мынау есуас қыз? Хайуанды үйге кіргізгені несі. Мал [illegible] кеттіңдер ме шеттеріңнен? – деп лағымен қоса Мақпалды [illegible] сарқырата қусын келіп.

Сыпырғышпен жон арқадан салып та жіберген. Әйтсе де еш [illegible] анасына. Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды демекші, [illegible] шапалағын қайтып ауырласын. Жаны ашымаса баланы [illegible] деп әуреленер ме еді.

Бала кезінде Жібек бар, анау аылдас құрбылары Құсни мен Раушан бар, бар тобымен көлге шомылуды ұнатушы еді. Ашшы [illegible] арғы жағалауы майқы құрақ, сырт көзден таса. Соған жаяулай [illegible] топ қыз. Ып-ыстық еспе құмды жалаңаяқ кезе беретін. Сонда [illegible]-шаян, айқұлақ батпа деген кесіртке, ия тіпті қарақұрт шағып [illegible]-ау деген күдік қаперлеріне кірсейші. Құрақ біткен жағалау [illegible] ауыт, құмы мап-майда, табанға мамықтай тиеді. Кісі бойы [illegible] ішіне бойлай еніп, тыр жалаңаш шешінеді де, суға күмп [illegible]-ай келіп. Ашшы көлдің суы тұзды болған соң ба, малтуға [illegible] ақ. Батам десең де бата алмайсың. Сүңгісең де су итеріп

шығарып, үрген қуықтай қалқып жүргенің оның үстіне су сүзіп жылы. Қанша түссең де жаурамайсың.

Ашшы көлге бауыр баскандары сонының сиыр сәскеде кетіп бұлар, екінді әлетінде бір-ақ келетін ауылы. Табандары күс-күс еріндері жарылып, беттері тұзды судан айнымалып, қаңырыны түсіп келер еді үйге. Келе салысымен салқын қымызды тостаған-мен жөремелдете ішіп, шешінбестен бөстекке құлай кететін. Шешелері мына тірліктеріне таңыркай басын шайқап:

- Қыз болып қуыршақ ойнау деген жоқ, қайы жүрсіндер күн ұзын тентіреп? Көлде жүрсіндер-ау, көлде бастарың қалыр. Осыдан жайлаға жем болыңдар, өңшең жүгірмек! Кісіні қалшемен қылғытатын жайлы барын білемісің өздерің? – деп өзінше коркытпақ болады.

Онысына тоқтайтын қыздар ма. Ашшыда жайын жоқ екенін осы елдің бала-шағасына дейін біледі... Алайда бұл рахат күндері Макпал сегізге толған соң, көзден бұл-бұл ұшайын деді. Онысына себеп оқу. Ағалары ауыл молдасынан оқып жүрген болатын. Молданы әкеп сонау Бұхарадан жеткізген.

- Қатты кісі бұл моллекең. Сүлесоқ отырсаң шыбыкпен шыкпырта сабайды. – деп Алдиярдың бірер мәрте кейіген бар.

Сол молданы ауызға алды ғой бір күні шешелері. - Ертеңнен бастап селтеңбайды қойып, анау пірәдардан дәріс аласыңдар. Қара таныпы жазу-сызу үйретеді. Хат таныған соң-ақ, кітап оқуға отырғызам сен шөпжелкелерді. Дүнияның ғаламаты кітапта. Анау сандық толы киссаларды окисың, далактап жүгіре бермей. Сонда акыл токтатып естерің кірер ме екен, өңкей зәнталак. – деп бұйрык бергені.

- Пірәдар – деп көтермелегені, кенже бұкалай кыржиып келген молда болатын. Қашан көрсең ұрты толған насыбай, оң тізесінің астындағы түкіргішке коймалжың сілекейін ыткытып отырғаны. Шайға көкнар косып сіміретіні және бар. Содан болар аска мүлдем заукы жок, ілмиген арык... Қыздарды тыжырына карсы алды.

- Бәйбіше де еріге береді екен. Шүйкебастарды окытып несіне әуреленеді екен, арам тер болып. Ошактың үш бұтына ие болса, одан артык не білім керек десеңші. – деп күңкілдеп, наразылығын жасырған жок.

Амалсыздың күнінен көнгенін білдіріп койды алдымен. Дегенмен, обалы не керек, дәріс беруге кабілетті екен. Бірер айдың ішінде хат танып, жазу-сызуды меңгеріп алды кыздар. Іштерінде ең алғырлары Жібек болып шыкты. Қара таныған соң-ак, шағатай тілі мен түркіні өз бетімен үйреніп алды. Баз-базда китұркы сұрағымен молда-екеңді тығырыкка тіреп кояды. Макпал да кара жүргізуді оңай меңгергенімен, өзі ізденіп кітапка үңіле коймайтын бастапкыда. Қайдағы бір көнерген сөздерден мағынасын айырып бас катырсын ба.

Мектептің дәрісін тыңдап отырса да, киялы сырт әлемде. Өзінің сүйікті көлінің жағасында ыстық құмды жалаңаяқ кезіп жүргені. Бозторе бөрте лағы, сарыала күшігі, такиялы қос етек көйлекті сұлуы көз алдында тұрып алатынын қайтерсің.

Осылай канша жүрері белгісіз, бір күні шешелері кітапқа оқытпақшы болса. Кіші бесінде Жібек екеуіне комақты бір кітап ұстатып:

Хат таныған екенсіңдер, енді қисса оқыңдар секеңдеп жүре бермей. Көргенді әулеттің зүрриятысың, әр саладан хабардар болуларың міндет. Әлдекімнің баласы емессің, екі сөздің басын құра алмаптын. – деп Жібекке назар жықты. – Мынау оқитындарың Ғайыпланды батыр киссасы. Қыпшақпын деп ордаңдап жүр едің ғой. Ендеше оқы осы дастанды. Нағыз қара қыпшақтың өткен дәуірін сипаттайтын жыр осы. Құран сөзін мәділегендей накыштап, мәнісіңді шығара оқы. – деп бұйырғаны.

Қыпшақ дегенде-ақ елең ете қалды Жібек. Қызыға кетіп, болдарымен каптаған калың мұқабасын аудара берді. Әпкесі ден қойған соң Макпал да жыр тыңдауға ыңғайланған. Сандықта текшеленіп жатқан мұндай кітаптарды талай көрсе де, мән бере коймайтын. Әкелері үй ортасында күрсіге койып, шұкшия окып отырады әйтеуір. Балалар болса, ішінде не сыр бар екен-ау деп бас катырған емес. Кітаптарды сонау Тәшкен мен Бұхарада молдалар көшіре жазып, ол парактарды шеберлер мұкабамен каптап, түптеп әдемі кітап қылып шығаратынынан хабардар болатын. Бұл кітаптарды керуеншілерден сатып алады саудагерлер, немесе калашылап барғандардан алдырады. Бағасы кымбат екенін де естіген. Әкелері ғұмыры жан адамға бермейтін. Үйдегі кітаптарды: - Окысаң, көзімше оқы. Ия болмаса көшіріп жазып ал. Ұстаналап осы үйде жатсаң да мейілің. Тек кітапты әкетпейсің. – деп сұраған кісінің бетін кайтарып тастар еді.

Бұл сөзге токтамай кісімсіген ағайынға шешелері күліп: - Қолка алмай-ак кой арамтер болып. Кітапты бергенше мені бере салғанды оңай көреді біздің отағасы. Жан азығы ғой. Күн құрғатпай окитын ынтасы бар. Бірер күн жол жүріп келгенде, кәдуілгідей сусаған кісідей бас алмай үңілетінін кайтерсің. – деп үәж айтар еді.

Шынымен-ак, көңілі түскен кісіге кілем жапкан түйені оп-оңай ыйлай салатын шүлен мінезді әкелері, кітап беруге келгенде сараңның сараңы. Ал енді алда-жалда ұнаған киссаны сатып алуды ойына алса, шығын дегенді есептемейді-ау жарыктык. Сөйткен кісінің кыздары кітаптың кадірін кайтып білмесін. Жібек киссаны оки жонелгенде ә дегенде немкурайдылау, лажсыз мойынсұнғандай тыңдап еді Макпал. Құлағы киссада болғанымен көңілі сонау шағылдардың ішінде еді. Ес білгелі осы жылы құмды жалаң табанымен басып жүр ғой. Күн ыссыда тіпті табаға куырған бидайдай кыздырады-ау еспе құм. Соның өзін сағынады Макпал.

Шешесі:

- Табаның түйенің берішіндей ысқаяқ боп кетіпті ғой, бұ[illegible] сұмдық! Ки анау кебісті әлдекімнің баласына ұқсамай. – деп ұрысқ[illegible] да, көнетін емес.

Қотаннан ұзаса-ақ кебісті тастап, жалаң аяқ зытып береді. Ы[illegible] құм табанын қытықтағанын сағынады кәдуілгідей. Сарыала күш[illegible] жарысып, шағыл бойлап жүгіргенге не жетсін шіркін! Бірақ жүйр[illegible] киял қанша иен түзге жетелесе де, Жібектің жыр қирағаттан[illegible] бірте-бірте ойын бөле берді. Шешен тілдің сұлулығы тәнті [illegible] қойсын ба. Ұйып тыңдай қалғанын өзі де аңғармады. Жібек ара-тұр[illegible] демін алып сусын жұтса:

- Болсаңшы бол! Таңдайың кеуірсіп қалды ма сол екі орта[illegible] деп дегбірсізденіп бітеді.

Не керек, сол бір күннен бастап қисса-дастанға ден қойды. Бі[illegible] құныққан соң, бас көтермей оқитынды шығарды. Қайта Жібе[illegible] соншалықты құмарта қойған жоқ. Көбінесе кестені ермек қылы[illegible] отырғаны. Дауыстап оқуға мойыны жар бермей, Мақпа[illegible] оқытқызады көбінесе.

- Дауысым қарлығып қалғаны, сен оқышы кәнекей. Мақамы[illegible] құлаққа жағымды осы сен қыздың. – деп өзінше көпшік тастап [illegible] қояр еді.

Әпкесіне екі айтқызсын ба Мақпал. Тамағын кенеп қирағаттай жөнеледі. Бие сауымындай ғана мезгіл өткен соң, тыңдаудан [illegible] жалығады Жібек. Қолына іс алып:

- Жә, құлағымды сарсылттың ғой мына мұқамыңмен! Тарауы[illegible] оқыған мәзін болармысың. Оқиғасы да шытырман екен бұл қиссаны[illegible] Миымды ашыттың кәдуілгідей. Өзі азғантай ми ашыса не болмақ[illegible] деп әзіл іліп, дауыстап оқуды тияр еді.

Онысына қуанбаса кейімейді әрине Мақпал. Үнсіз қалып кітап парақтарына үңіледі. Үңілген сайын тәнті болады қиссаны[illegible] мазмұнына. Талай кітапты түгесіп еді қызығып. Әр біреудің ішінде қат-қат тарих, шытырман оқиға, не бір мінездер қақтығысы. Қобыланды дастанының өзі қайда жатыр десеңші. Ол бір заманда қазақ аса бір айдынды ел болған екен-ау. Мақпалдың болса ес білгелі көріп келе жатқаны басқа өмір. Қазақтың сартқа кіріптар, жаутаңқо[illegible] екенін қайтып білмесін. Зекет жинайтын салықшылар келгенде, осы ел шала бүлінеді де қалады. Алдарына топырлатып мал салып бергендері өз алдына, игі жақсылар жампаңдап көңілдерін аулатынын қайтерсің. Зекетшілердің шайнағаны жал-жая, ішетіндері сары қымыз. Еріккендері беті жылтыр қыз-келіншекті іздейді. Бұлар келгенде қыз-қырқын атаулыны ауылдан жытырады шешелері.

Сонда жауғаштыда сайдауыт жігіттер де жоқ емес. Нағыз келсеңкел, мен атайын сен тұр, дейтіндер баршылық. Сөйте тұра қару-жарақ

[illegible] салықшылар сау етіп келіп қалғанда, жұмған ауыздарын аша [illegible] күргендері.

Неліктен бұлар басынады елді? – деген сұраққа, апалары [illegible] койып: - Е-е, колдан келер амал кайсы? Құдай ісіне шаран [illegible] кыл. Есек мінген сартқа сәйгүлік мінген казақты кіріптар [illegible] койды ғой мына қағынған заман. Абылай ханның дәуірі көзден [illegible] ушканы дағы. Ол кезде казақтың тасы өрге домалапты ғой, [illegible]рдың дәттеуіне құлак түрсек. Туу Тәшкен пен Қокан, Бұхараны [illegible] келтіріпті мыс Абылай төре. Енді міне казак хандығы [illegible], сарт пен сарттың колшокпары карақалпак есіріп алды. [illegible] орыс алса, Сыр бойын кокандаған Қокан басып алғанын [illegible]місің. – деп камыға сөйлер еді.

Бұ[illegible] көріп жүрген күні болса Макпалдың, киссада суреттелетін [illegible] мүлде баска. Қара кыпшак Қобыландының алмайтын камалы [illegible], жеңбейтін жауы жок. Атадан жалғыз туса да, оны еш уайым да [illegible]мдайтын каһарманның өзі. Бір ғана кыпшак руы дүйім [illegible]баспен табан тірессе, казактың өзге рулары косылса не жан [illegible]пшак десейші. Қатар көшіп жүрген көп рулардың да [illegible]рларымен таныстырады кисса.

Макпал ішінен: - Сөйткен кіл жауынгер рулар бір ханға бағынған [illegible]рде кай дұшпан басынғандай казакты. Әттең кайта ту көтерер ме [illegible] оағзыдағы хандығымыз. – деп арман кылады. Және бір тәнті [illegible]кені – көне замандағы ерлердің мінезі. Тұткын болған Қобыланды [illegible]мысқа шауып: - Біреудің көмегімен кашпаймын. Одан да өлгенім [illegible]ртық. – деп касарысып жатып алғаны неткен мәрттік десеңші. [illegible]ынды камыс ерді намыс өлтірер деген мәтел осындай мінезден [illegible]ккан болар. Жанын шуберекке түйген жанкештілігін айтсаңшы.

Енді бір әзірде дәл сол жүрек жұткан батыр найзасына сүйеніп [illegible]ксіп-өксіп жылайды екен. Ел камын ойлай, ата-ана, карындасымен [illegible]шасып егіледі. Бұл не кылғаны сонда, бостығы ма? Борпос бола ма [illegible]кен батыр деген... Жок әрине. Бұл бостығы емес-ау, керісінше [illegible]амгершілігі мен бауырмалдығының айғағы. Өксіп жас төккен [illegible]обыланды ес жия катуланып, жорыкка аттанады да, жауын мұкатып [illegible]ратына жетеді акыры. Батыр тек кана дүлей күш иесі емес, [illegible]сонымен катар мейірбан, парасатты жан екенін паш етеді кисса. [illegible]дуілгі пенде сиякты ол да босауы, кейіп налуы мүмкін екенін баян [illegible]лады. Ердің ерлігі құр кара күште емес, жасыктыкка бой бермей [illegible]тін бекітіп, жігерін сайлай білуде. Күйректікке салынбаған азамат [illegible]кана тағдырдың бар сабытына төзе алар. Білектің күшін бастайтын [illegible]рек керек-ау алдымен. Күш пен кайсар мінез бір азаматтың [illegible]ойынан табылса, кайратты ер дейді екен ондайды. Мойыны жуан [illegible]ұл-құтандар канша күшті болғанымен, табан тіреп каржасуға осал.

Себебі – шыққан тегі шикі, арғы жағында сиынар баба аруағы [illegible] Сондықтан басынып кеткен ондай Ұлтан құлдарды Алпамыс сияқты тектілер тәубесіне келтіреді екен.

Жалғыз жүрген жас батыр Қобыландыны да қалың Қызылбас [illegible] елеусіз қалдыра алмайды. – Қазақтың ері келді- деп кезек берді жамбы атуға. Демек, айдынды мемлекеттің жалқы жүрген [illegible] сыйлағандары... Ендеше осы күні неліктен қазақтың беделі соншалық құлдырап кеткен?

Қисса мен бүгіңгіні салыстырып, осы сауалға жауап таба алмай дағдарар еді Мақпал. Қобыланды дастанында және бір қызыққаны ғашықтық тақырыбы. Қобыландыға көңілі ауған қызылбас қызы Қарлыға елі-жерінен безіп шыққан екен. Елі былай тұрсын, туған әкесі мен бауырына опасыздық жасады. Сүйген жігітіне бола, [illegible] жақын туғандарын құрбандыққа шалды-ау шімірікпестен. – Қыз жау – деген мәтел осындайдан туған болар. Бұл не сонда, махаббаттың қызуы ма? Ғашықтық деген сезім кісіні есінен айыра ма әлде Ләйлісінен айырылған Мәжнүндей, біратола қияли болып кететін шығар пенде деген.

Жо-жоқ, олай болмаса керекті. Ғашық болып сүйгеніне қол жеткізу деген, қара басыңның ғана бақыты. Сонда қара басыңның бақытына бола, туғандарыңды өлімге қимак па асық болған кісі? Ол деген менмендіктен туған барып тұрған жауыздық емей немене Өйткенше өзі өліп, туғандардың жолына құрбан болмас па.

Осындай байлауға тоқтаған Мақпал және қиялға кетеді. Махаббат деген не өзі, соншалық құдіретті ме еді, қиссаларда суреттелгендей Міне биыл он сегізге шығып отырған басы, сол бір жұмбақ сезімнен мүлде бейхабар екені несі. Бәз бір қыздардай – күйдім, жандым, біреуді құлай сүйдім! – дегенді ауызына да алған емес әлі күнге.

- Қыз он беске келген соң мау тартады, ата менен анаға жау тартады- деп, сонау туу Аркадағы Шал ақын айтқан екен. Дәл айтылған сөз-ау. Үш құрбы қызылақ, анау Құсни мен Раушан бар, он төртке жастары ілінген соң-ақ, көңілдері алабұртайын деді. Алабұртқанда әкетіп бара жатқан да ештеңкесі жоқ. Әйтсе де қыбыр-сыбыр, әңгіме - дүкендерінің тақырыбы өзгере бастағаны. Онысын өздері бастапқыда аңғара да қоймаған. Бұрын қуыршақтарына ат қойып, мәпелеп ермек қылатын бастары, енді киім-кешек, түрлі әшекейдің төңірегінде сөз өрбітетін болды. Айна-тарақ, зер жүгірткен шашбау, сақина-білезікті айналдыра береді. Жылтырақ атаулыға немқұрайдылау Мақпал да құрбыларының ауанына жығылады амалсыздан. Сырлас қыздардың көңілін жықсын ба.

Денесі тығыншықтай, ертерек піскен Құсни, бозбала тақырыбын да қоздата бастаған. Ала жаздай жайлауда отырғанда не көп, той-томалақ

Шіндехана ия қыз ұзату, келін түсіру бола қалса алтыбақан [illegible], жастар жағы сауыққа бір кенеліп қалады. Қонысы жақын [illegible] пен кетенің бозбастары алдымен жетіп, қайым айтысты [illegible]-ай келіп. Мыршым-мыршым, тұтпай, сокыр теке ойнап қыз-[illegible] мидай араласып жүргендері. Түн баласында ақсүйек ойнап, [illegible] гасалана еріндерінен бал алысып сүйісіп те алады.

[illegible] алақтар бозбастар мен сәулімдердің ойынына қатыса қоймаса [illegible] сата карап тұрады әдетте. Бойжеткендер мыршым-мыршым [illegible] ерінге ерін тақасып, ауыздарынан сақина алысқанын [illegible], беттерінен от шыққандай ду етіп, теріс айналатын. Ондайда [illegible] қоймайтын Құсни ғана. Ұялмақ былай тұрсын, көздері [illegible] ентелей түседі. Қос анары томпая көрініп, бөксесі бұлтия [illegible], ерте пісіп қалған қыз ғой. Бозбалаға да алдымен сұқтана [illegible] сол еді араларында.

Мақпалдың өз басы ондай ынтығудан ада болатын. Керісінше [illegible] көз қадай бастаған бозбастардың назарынан қымсынып бітер [illegible] Ерсесін тұқыртып, көзін жерге қадап, тұстарынан кеткенше [illegible]. Себебі, шешесінің шегелеп айтқанын жадына ұмытпастай [illegible] тоқып алған.

Бозбала атаулыға тіке қараушы болмаңдар. Теріске жориды [illegible] карасты еркек кіндіктілер. Қыздың арын төккісі келетін өңшең [illegible] пен текешіктер емес пе? Еркек дегендер кіл бұқашық ниетті [illegible]. Сырты жылтыр, сөзі жылмаң болса да пиғылдары арам. – деп [illegible] атаулыны едәуір жерге апарып тастайтын.

Алайда табиғат өз дегенін істетпей қойсын ба. Қыздың көзі [illegible] емес пе ежелден. Қызыл мен жылтыраққа неліктен ден [illegible] дейсіз ғой. Қызықтырып, жұртты өзіне қарату үшін. Жалпы [illegible] емес, әуелім бозбаланың дегбірін қашырмақ әрине. Өйтпесе [illegible] сырға, күміс білезік тағып қайтеді. Жылтырақпен бір [illegible] қтырса, табиғат өзі берген порымымен және елең еткізеді. [illegible] ғаш қас ақша маңдай, нәркес көз сияқты өң сипаты, бозбас [illegible] ны тыныш жатқызсын ба. Оның үстіне үлбіреген тамақ пен [illegible] дедегі қос алма қосылса, жігіт біткен шала мас болмай несі қалды. Шыны керек, қыз көңілі де бозбастың ықыласына кет әрі емес. Сол [illegible] зді алдымен тапқан Құсни еді.

Бір күні ертемен, түңгі алтыбақаннан соң Мақпалға жетіп келіп: - Ау, қыз, түнде бекер ерте кетіп қалыпсың. Бар қызықтан махрұм [illegible] лдың. – деп ауызының суы құрып, тақылдап құлағына төнсін.

- Е, не боп қапты? -

- Саған көз сүзіп отырған әлгі шикіл сары қайта-қайта сұрап [illegible] ймады ғой. Сені түнұзақ іздеп дамыл тапсайшы. -

- Е, менде не акысы бар? Кетсін, барсын келген ізімен Жаппастың салпаң құлағы керек еді. – деп Макпал әлгі бозбасты тұрғысыз қылған. Құснидың қытығына тиіп сөйлеген түрі ғой.

- Туһ, қыз-ау, сол да сөз болып па! Құрбымен ойнап-күлгенге не жетсін. Ертең-ақ ұзатылып кетпейміз бе. Кимешек киіп шыға келермін сымпиып. Келіншектің көрген күні құрсын. Сарыала етек күннің аз-ақ алды. Оң жақта еркін жүргенде қызықты көріп қалайық та. –

- Сонда не, сүйістің бе біреумен? –

Бұл сұраққа мырс берген Құсни, көзін жұмыңқырай керіле есінен алып: - Сүйіскенді айтады ғой. Өй баламысың деген! О жер бу жерімнен құшақтай алғанда, тал бойым балқып кетсін қәдуілгідей Тура бір еріткен қорғасындай болармын ба. Ышқым кетіп ғашық болдым білем. Асықтық шіркіннің тәттілігі-ай! Ашынаңның отты құшағына не жетсің, шіркін. – деп ал кеп ақтарылсын.

- Осыны маған ұялмай-қызармай айтып тұрсың ба? Мына түріңмен абыройың айрандай төгілер. Тәйт әрі көргенсіз! Шешеңе айтамын әйтпесе. – деп Макпал сумаңдаған құрбысын тиып еді сол сапар.

Әйтсе де өзі ойға қалған. Құснидің ауызына алған шикіл сары бозбастың есінен кетпей қойғаны. Сүйегі жаппас, құдандалы бала Бітімі жұқалау, өңі ақсары келген, мінезі биязы болып көрінген Қайсы бір пысықай бозбастардай емес, қызға сөз айта да білмейді, мейілінше ұяң. Макпалға құр мөлиіп көз сүзгені болмаса, тіс жарып тіл катқан жан емес. Ауызекі сөйлесуге дәті бармаса, ия мүмкіндігі болмаса, тіл-хат жібереді бозбала әдетте. Сондай хат келді де әлгі ұяң баладан. Жеткізген бәз-баяғы Құсни.

- Әнекей сенің сұлулығын! Құда бала өліп-өшіп жүрсе керек! Міне сәлем хаты. Жауап жазасың ғой ендігі. – деп мұқият бүктелген паракты жең ұшынан суырып, қолына ұстатсын.

Ә дегенде ашуланған Макпал: - Жеңгетай болмақпысың екі арада? Кет әрі қайдағыны шығармай! – деген сөзбен хатты умаждап жыртып жіберейін деп еді, бірақ сәл ойланып сабасына түсе қалды.

Пенделігі жеңді ме, кім білсін, не жазғанын оқығысы келген Бірақ онысын Құсниға сездірсін бе. Жеңіне тыға салып, безеріп жауап катпастан үнсіз құтылған. Кешкісін үш бұрыштап бүктелген хатты окыса, кыскаша ғана өлең екен. Үш-төрт ауыз сөзбен ынтықтығын жеткізіпті. Бұл сәлеміне жауап қайтарған жоқ әрине. Әйтсе де ұяң жүз сары баланы еміс-еміс есіне түсіріп жүрді. Көкейде еш сезім тұнап қойған жоқ, әншейін өзін елеген жанды жадында бір жаңғыртып өтпек ниет те.

- Сонда мен махаббатка жокпын ба мүлдем? Анау Құсни сияқты бозбастың құшағына да зәрулігім болсайшы. Мына мінәйім міне сарыбаланың телміргені де еш әсер қылған жоқ. Әлде дәтім бері

мінбақпас болып жаралғаным ба? – деген ойға бойлап өзін өзі қажай береді. Біресе киялға кетіп, - әлде күткенім бір батыр жігіт пе? Ей,батырды қайтейін, катыгез де тұрпайы келетін олар. Батыр болмаса кім? Сал-сері ме әлде? Салдар да бір селтеңбай жүрісті арамтамақтар көрінеді ғой. Қыз-келіншектер қолтықтап, бастарын сүйеп жүргенге мәз өздерінше. Әлем-жәлем киініп ел қыдырумен уақыт оздырып жүргендері. Жас өмірлерін құр текке өткізіп. Не тер төгіп мал табу жоқ, не кітапқа үңіліп білім іздеу жоқ, әндетіп өңеш созады ертеңді-кеш. - Ажарын саткан сері оңбас – демекші, өнді шапаны мен күміс кісесін бұлдап, елден озбақ болады есерсоқ шіркіндер.

Ал ендеше сал-сері болмаса, онда кім? Көз майын кітап оқумен таусып, білім іздеген шәкірт пе? Қаладағы медіреседе максым, мүрид атаулы күрсіге кітап қойып, сарылып оқып отырушы еді. Нағыз оқымысты зиялылар солар шығар. Әй бірақ бүгінгі шәкірт ертен-ақ молда болып шыға келеді. Садака дәмете тиын сауып, елді ақтап жүргендері. Жоқ, ол да қол емес. Мүләйім жүз сопыға да, тәлімсіген молдаға да зәру емен әсте. Тақуаларды көңілім қаламайды тіпті. –

Осылай ойын сан-сакка жүгіртіп отырған кезде, кенет өз әкесі есіне түскені. Түсуі мұң еді, талайдан іздеген жоғы табылғандай-ақ жұпа қалсын. Сағынып жүрген жақының жарқ беріп, алдыңнан шыға келгенде қуанбай ма адам. Дәл солай бұл да шаттансын. Армандаған аламатының үлгісі екен-ау, байыпқа салса. Мінезі орнықты, лепіре сөйлеп бос сөз көпіртуге жоқ. Әйтсе де, кезегі келсе қарап та алмайды. Көп сөйлеген емес, дөп сөйлеген жеңеді демекші, ұтықты ұяқ айтуға шебер-ақ. Не бір ділмарлармен табан тіреп айтысқанын көріп те жүр. Өйтпесе би атанар ма еді.

Бұл бір қасиеті болса, өнерден де құр алақан емес. Домбыраны бапырата шертіп, қоңырлата ән де айтып береді. Нақысты әнге ұмар-ақ. Жаңадан шыққан ән болса, соңына түсіп үйренбей қоймайды. Ән-күйге майталман не бір өнерпаздарды әдейілеп шақырып ауылға айлап-апталап қондырып та жүр. Мейілі жарымаған ұлты біреу болса да, өнеріне бола дәріптейді. Әнін ия болмаса аяссасын үйреніп алған соң ғана жібереді ауылдан. Аттандырғанда ат мінгізіп, шапан киігізіп, үйіп-төгіп сый-сияпа береді қашанда. Қолы ашық бұл мінезін баз-базда шешесі жақтырмай:

- Осы бір даңғырлақ мінезі-ай! Ел ақтаған әнші-күйшіні қондырса шүлеңсіп бітетінін қайтерсің. Бұ кезбелерді тойғызып болмас. – деп ұнкілдеп қояды.

Бұл сөзді есіткен әкей: - Е-е, қатын, қайтесің килікпейтін жерге иінгіп? - Сұңқар шашып жейді, карға басып жейді. – деуші еді бұрынғылар. Жеті атамыздан бері құт арылмай келеді біздің әулеттен, ауылға шүкір. Ата-бабамыз қадірлі мейманды құр аттандырған емес.

Таңдайы тақылдаған ақын, күміс көмей әншілерге ат міңгізіп [illegible] жетектеткен. Сөйте тұра шарасы ортайған күні жоқ. Кең болсаң [illegible] болмайсың деген атам қазақ. – деп бірталай өнеге айтар еді.

Кітапты көп оқитыны және бар. Бұл да бір артықшылығы. Қайсы бір бордақы байлар етке сылкия тойып, қымызға қызара бөрткен [illegible] кекірігін аздыра, қарнын тыр-тыр қасып жатушы еді. Ондайдың [illegible] емес әкесі. Үй оңаша қалса-ақ, не ой теңізін құлаштап үнсіз [illegible] домбыра шертеді, не күрсі құрып кітапқа үніледі. Соның нәтижесі [illegible] пе, алқалы топта сөзден есе бермейтіні. Шариғат, мұқтасар, [illegible] әнбия жайынан әңгіме-дүкен шертіле қалса бір молдадай-ақ мағлұматы бар. Ал енді тарих пен шежіреге келсе, нағыз бір ғұлама [illegible] Қазыналы карттай-ақ білгені ұшаң теңіз.

Бой-басын күтуі де әлей. Киімді тек тазадан киіп, ас ішкен [illegible] тісін мәсуәкпен шұқылап, ауызын сүрткіштеп баптанып отырғаны. Біреудің үйінде ет жесе өзге жұрттай майлы қолын мәсіге ия жүгіртіп сүрту деген де жоқ. Тіпті біреу қолын тигізген майлық сүлгіні [illegible] пайдалынған кісің емес. Қай үйге барса да, мейлі шығаннан шыққан бай үй болса да, тек өз орамалын қолданатын әдеті бар. Бұнысына құрдастары:

- Тақуамызға дауа жоқ-ау. Тазалық жағына тәпі осы Бақтияр Сопы дейтін сопы да емес, қарап тұрсаң. Кәдуілгі жуан қоныш [illegible] қазағы. Әйтсе де бой-басына қылау жұқтырмай сыланып-сипанып жүреді дәйім. Әттең дәулеті ырғын, серілік құруға шаруа қамы жібермейді. Өйтпегенде, сал-серілік нағыз қолы болар ма еді, бұ сабаздың. – деп зілсіз ғана сөзбен шалуайттар еді.

Бастастары айтса айтқандай-ақ, серілік құруға кейіпі де келіп-ақ тұр. Мол пішілген жалпақ бетті, сыдырым қас, қой көзді келбетті [illegible] – Қазақтың ұлы осы. – деп ұялмастай бөгде халыққа көрсететіндей-ақ азамат.

Ал енді әкейге тән осы сипаттар бойына біткен, бағлан туған жігіт табыла қойса қәнекей. Бола қояр деймісің, әй қайдам. Өзі көріп жүрген бозбастардың сыры мәлім ғой. Есі-дерті тек құмар көздеген тәй қызығы. Бәз-баяғы нәпсі семірту. Талай жас мырзалар елдеріне жолаушылап келіп-кетіп те жүр. Оңашада ұшырасса-ақ баяғы каратауын қоздатады саппастар. Әй-шай жоқ: - Түнде іргеңнен келермін. Бұ қайсың деп ұят қылып жүрме. – деп түйеден түскендей дүнк еткізетінін қайтерсің. Атастырып қойған күйеуден жаман. Қыз жағынан мезіреті бар ма, жоқ па іс-місі болсайшы өңшең сәуіріктердің Осылар да көргенді жердің баласымыз деп кепиетсіп жүреді-ау.

Бар үйдің жас-желеңдерінің сиқы осы болса, жарлы-жақыбайдың ұлдары қайтып оңсын. Ертегідегі қой баққан тазша балалар таңдайы тақылдаған ділмар келуші еді. Ол ертегі екен. Бағзы бір заманда оңдай

[illegible] шыққанда да шығар қойшы-қоланшыдан. Негізсіз жыр[illegible] [illegible]майды ғой. Ал енді Макпалдың көріп жүргені болса, мүлде [illegible] Ол ауылдарының қойын бағып жүрген жарлы ағайынның ұлдары [illegible]ық. Кей біреулері Макпалмен түйдей құрдас. Солардың ішінде [illegible] болып сұхбаттасатын бір тәуірі болсайшы. Қарап тұрсаң ырымға [illegible] Кіл әзілге долаң, сөзге шоркактар. Құйкасы іріндеген таз болмаса [illegible] жағына ұяттылау. Ой өрісі тар болмағанда ше? Әліпті таяқ деп [illegible] соң, оқуға мүлде нырай. Оның үстіне күн ұзақ мал соңында [illegible] салпаңдаған соң, сөйлесер кісісі де жоқ. Мылқау жанша үн[illegible] жүргендері. Ауылдағы қайнаған өмірден қалыс қалған соң, келелі [illegible], соны хабардан махрұм болмай қайтсын. Ойдың азығы дегеніміз - [illegible] мағыналы сөз ғой. Ондай сөз кітапта, не жетелі кісінің ауызында. [illegible] кисалар да зердені байытады. Осының бәрінен шеттеп жүрген [illegible]-қоланшы бозбастардан қай бір дәмді сөз шыға қойсын. [illegible]топай әзілсымақтан өресі аса қоймайды әдетте. Егерде ертегідей [illegible] [illegible]мар, өзі кемел ақылды тазшаға кездессе, шыққан тегіне, [illegible] [illegible]не қарамас та еді бәлкім. Адам баласының байлығы, тайпасы [illegible], пейілі мен ақылы құнды ғой алдымен. Бірақ өзі көріп жүрген [illegible] кепшікте оңдай бозбас ұшыраскан емес.

Демек, бұлардан да үміт жоқ деген сөз. Олай болса кімге [illegible]ымақ, қай жігіттің етегінен ұстамақ? Байсыз өтпейді ғой [illegible]ен. – Байсыз катын – баусыз оймақ, - деп бекер айтты деймісің [illegible] Ұ атылып кету деген бар қыз атаулыға мирас. Ендеше өз әкесі [illegible]тес әрі сыпа әрі білімді, әрі өнерлі жігіт қайдан табылмақ?

Қайсы бір байлардай емес, әкесі бұны қадірлеп келеді сонау бала [illegible]шпен. – Қалың малдан байымай-ақ қойдым. Қыздың малы жынның [illegible] демекші, құдай о баста бергенін әкетпесе болғаны да. [illegible]арымды теңіне ұзатам сәтін салса. Шалға, малға сатып, жылатып [illegible]тып беруден құдай сақтасын. – деп сендіріп те қойған.

Ол сөзіне сенімі кәміл Макпалдың. – Тең – деген ұғым ата тегін, [illegible]ғын меңзейді ғой. Ал хош делік, жасы құрбы өзі құралыптас бір [illegible]ты жердің бозбасымен қосады екен әкесі.

Қызымды кейітпедім, теңіне ұзаттым. – дейді әрине. Кінә да қоя [illegible]массың бұ ниетіне.

Ал енді сол жігіт Макпалдың үдесінен шыға кояр ма екен? Міне [illegible] қайда. Жігіттер сиякты ел аралап жар таңдауға ұрып коспайды. [illegible]себі, қыздың жолы жіңішке екені белгілі қашаннан. Міне [illegible]легсіздік! Әйел сорлыны неге кем жаратты екен тәңірім? Қыз [illegible]ибак өзі таңдап тие алмайды сүйген жігітіне. Жасы келген соң [illegible]ымсыздың күнінен көндігіп кете барады...

Осы сынды ойлар кейінгі кезде мазалай береді Макпалды. Оңаша [illegible]лса-ақ, басы катып ойы онға бөлініп отырғаны. Міне казір де

кестені ермек қылып, саусағы майыса инені әрі-бері жүгіртсе [illegible] ұшқыр қиял қай-қайдағыны еске түсіре береді.

- Осы мен ғана ойлай берем бе екен болашақтағы тұрмысты' Анау Құсни мен Раушандардың қаперіне де кіріп шықпайды білем деген оймен бір күрсініп қойды. Құснидің жайы белгілі ғой Атастырып қойған жары бар. Малдың алдын әкесі әлдеқашан алып [illegible] қойған. Құсни өлген бәйбішенің орнына бара бәйбіше болып бармай Қатын үстіне бармағанымен аһуалы пәлен мәз емес әрине. Күйеуі қырықты алқымдап қалған қырқылжың біреу екен. Он екіде бір [illegible] ашылмаған Құснидің қасында шал емес пе. Бақилық болған бәйбішеден үйелмелі-сүйелмелі бала-шаға қалған көрінеді. Алты Құснимен шамалас. Соларға шеше болып бару. нәуетек қыз үшін [illegible] қой кәдуілгідей. Құснидің бозбалашылықты сапырып жүргені бәлкім сол себептен де болар.

Раушанның да күйеуі үдеден шыға қойған жоқ. Әкесі – тең-тұсы деп бергенімен не керек, қыздың өзі жақтырмаса. Игі жақсының [illegible] атанса да, ойма таз болып шыққанын қайтерсің. Ол да әкетіп бар[illegible] жатқан кемшілік емес-ау, тақыр басына егін екпейді ғой әрі-беріден соң Еңгезердей тұрпатының сөлекет қимылы, қолағаштай мұрнының сал[illegible] жерден көзге сүйелдей боп түсетіні де, соншалықты уайым емес шығар Еркекке жылтырақ келбет біту шарт та емес. Он екі мүшесі сау, жасы құрбы болса жетіп та жатыр. Мінезі жұртқа жақса болғаны да.

Сол мінез жағына ұяттылау болып шыққаны күйеуінің. Ұрып келгенде шет жағасын көрсетті ғой саппас. Әзілді мүлдем көтермейтін топас екен әуелім. Оның үстіне шырт етпе шікәмшіл. Болмашыға ренжіп белең алған аттай одырая қалады екен. Қараптан қарап отырып, өзі ертіп келген жігітке кейіп қол жұмсағанын қайтерсің. Ауылдың жігіттері жүгенсіздікке жол бермей ара түсіп еді, әлгі күйеу ал кеп долдансын. Қоңқ ете ашуланып томырылды да қалды. Бір қисайса сөзге келмейді екен, сол араздаскан калпы еліне кете барған.

- Мынау нағыз нойыс екен ғой. Қит етсе жуан жұдырығын ала жүгіретін әумесер. Бұл сиқымызбен Раушанға күн көрсетпес топас неме. – деп қыз-келіншектер беттерін шымшысып та алған.

Сөйткен Раушан: - Қосағым қандай болады екен-ау? – деп бас қатырсын ба. Болашағы белгілі. Тағдыр басқа салған соң амал нешік, көндігеді де. Мінезі екі ұрық күйеуімен отасуға тура келер. Қайта бұл құрбысына қарағанда Мақпал бақытты екен. Кім кездесер екен деп жорамал жасап отырған түрі мынау. Уайымның үлкені осы болсын деп шешесі айтпақшы, құрбыларына қарағанда бұнысі ерккендік шығар...

Ойға шомған Мақпалды сыңғыр еткен шолпы дыбысы елең еткізді. Біреу келе жатқан сияқты, дәу де болса өз құрбылары шығар. Мақпалды оңаша отырғызушы ма еді олар, ширек сағаттай көрмесе ішкен астары бойына сіңбес.

Аппақандай-ақ шолпы сыңғыры қоюлап, іле сықырлауық ашыла бергенде, такиясының үкісі бұлғалақтап бір бойжеткен табалдырықтан аттап үйге енді. Кімді айтсаң сол келеді демекші, сызыла баскан Раушан екен.

Оу, қыз, жапа-жалғыз отырмысың? Құсни жоқ па, осы үйге барам дегені қайда? Бұ тағы қайда қаңғып кетті? Сен неге оңаша отырсың, шешек шыққандай? – деп салғаннан сұрақты жаудырып, көкшіл шеше мәсішең төрге оза берді.

Құснимен салыстырса Раушан айта қалғандай келімді. Бойлектеу келген аққұба толықша жүзінде жұқалау қызыл бар. Көздері қысықтау болса да, шыққа малынған қарақаттай мөлдірей қарайды. Пісте мұрыны мен үлбірек жұқа еріндері сүйірлеу біткен нешімен жарасым тапқан. Бойы да сәулімге лайық, тал шыбықтай сұратылып тұр. Мойыны нәзік те жіңішке болған соң ба, ұзынырақ көрінеді. Аккудың сұңғағы дегізерліктей. Күн тимейтін аппақ шымында жіңішке көк тамыр білініп, нәзіктігін арта түскендей.

Не керек, жалпы көрінісі сүп-сүйкімді-ақ. Макпалдың ағасы Алдияр: - Осы қызды көрсем, жұтып жібергім келеді-ақ. Әттең ағаластығы бар, өйтпегенде тұп-тура қылғытып жіберер ме едім, қайтер едім. Жатка киятын бала емес әйтеуір. – деп әзіл ілер еді.

Ойтсе де мінсіз кісі болған ба, Раушанның да аз-мұз міні жоқ емес. Онысы – жуандау дауысы. Бой басы нәзік болғанымен, үні еркек кыдіктіге лайық қоңыр да жуандау келген. Бұнысы әсіресе ән салғанда білініп қалады. Бірақ онысын каперіне алған бұл жоқ, домбыраның кос ішегін қожырлау тарта, өз дауысына лайықтап әуелете береді.

Иінінде манат камзол, белін күлдәрімен тас қылып буып алыпты. Шәйі көйлегінің бүрмелі етегін судыратып, үкісін бұлғандатып, маңайына жұпар иісін аңқыта келіп Макпалдың оң тізесін ала жайғасты... Бұл қыз мейілінше аккөңіл күлегеш болатын. Жастықтың әсері шығар, себепсізден себепсіз лекіте күліп жіберуі әп-сәтте-ақ. Алдияр бұл мінезін мінеп:

- Осы Раушанға сұқ саусағыңды шошайта көрсетсең-ақ, күлкіден өле жаздайды байғұс. Мұнша жеңілтек болар ма. Алып-ұшкан бірдеңке. Еркектің коры күлегеш, катынның қары күлегеш демекші, ыркылдап күле берген қыз оңбас түбінде. – деп кекетіп коятын.

Алайда күлегеш болғанымен, өз есебін біледі Раушан. Қажетті жерде касарысып калатын табандылығы да бар. Құсни сиякты емес, алтыбакан мен кызойнактарда бозбала атаулыны еркінсітпейді. Ойынның шарты беттен сүю болса, бұлданып жуык маңда көне де коймайды. Өзі жактырмаған жігітті – ауызы сасық- деп маңайына жолатсын ба.

- Бұ кызбен ойнама. Кей жыртыкайдай емес, мінезінің бұдыры бар. – деп бозбастардың кауымы оң пікірін де шығарып қойған. Осы

табандылығы үшін бұл қыпша бел, нәуетек құрбысын Мақпал [illegible] сыйлап жүр. Қазір де оң карап, пейілдене күлімсірей тіл қатты:

- Е, оңаша отырмағанда не қыл дейсің? Іс тігіп отырмын [illegible] Далбасалап құр боса жүргенше іспен айналысқан оңашаның [illegible] дұрыс емес пе. –

- Жоға, сырттағы әбігерді айтам дағы. Ел болып ас қамына кіріс[illegible] жатқан жоқ па бар ағайын. Үлкен-кішісі бар, сапырылысып [illegible] әйтеуір. Соны қызықтамайсың ба дегенім ғой баяғы. – әдетінше мы[illegible] күліп жіберген Раушан өзі бастаған тақырыпты ілез ұмытып Мақпалдың қасында үйіліп жатқан алуан түрлі маталардың қалдықтарына назар аударды. Қыздың аты қыз ғой, қызылды жасылды матаға қызықпай қойсын ба. – Оу, Мақышым, өзің күрі[illegible] көрпе тіккелі отырсың ба? Неше түрлісін жинай беріпсің ғой. [illegible] текшеленген қалдықтарды аударыстыра бастады.

- Мынауың қамка, мына бір үш бұрыштық ұшыға, ал мынауын кәдуілгі доқаба көрінеді, - деп бастап, әр біреуін көтере қаққыштай сипап, қайта бүктеп жатыр. – Жібектің де не бір атасы бар екен-ау, торқа, қырмызы, торғының да бар мінекей. Құбылып, ойнап тұр-ау мына біреуі. – деген сөзбен кездемені сипаған қалпы, кенет әлденені есіне түсіргендей Мақпалға жалт қарады.

- Айтпақтайын бүгін бір жырау келеді екен ауылға. Жырау болғанда нағыз суырып салма ақын Жанақ. Қозы-Көрпеш – Баян сұлуды жырлайтын көрінеді. Домбыра мен қобызға бірдей майталман. Бұ дастанды оқи беруші едің ғой. Енді шайырдың ауызынан естисің. – деп үніне салтанатты реңк қоса, әкелген жаңалығын паш етті.

Бұл хабар Мақпалды қуантатынына еш шүбәсі де жоқ сияқты Құрбысы жыр құмар екенін қайтып білмесін.

Мақпал шынында да елең етіп: - Қойшы-әй, шынымен-ақ Жанақ ақынның өзі ме? Бұл бір ғаламат хабар ғой! Не ғып отырсың манадан-ақ айтпай. Ішіне сақтап жүретінің-ай осы сенің. – деген сөзбен кестесін қоя салды.

Дидарында таңдану мен қуаныш нышандары кезек шарпысып, көзін кең аша құрбысына қарай қалды. Аз-мұз шүбәлану да жоқ емес кейіпінде. Шынымен-ақ даңқты шайыр осы ауылға келе қояды-ау дегенге сенімсіздік бар сияқты... Қайтып шүбәланбасын. Жанақ ақынның атағына бала кезінен-ақ қанық болса. – Арқаға аты кеткен жырау, суырып салма ақындардың маңдай алды топжарғаны. – деп осы елдің өнерпаздары мен ділмарлары ауыздарының суы құрып, талай мақтауын да асырған.

- Бас кессе де шындықты айтып салады. Қаһарлы хан-төрелердің алдында тілін тартпай келеді қасқаң. Бұқараның мұңын дәттеп, шерін паш етеді алқалы топтың ішінде. – деп ақсақал-қарасақалдар разылығын білдірер еді.

Қозы- Көрпеш – Баян сұлуды жырлайды деп айтты ма Раушан, [illegible] тамаша ғой. Бұ киссаны талай оқығанымен, жатқа айтқан [illegible]рды тыңдай алмай жүр әлі күнге. Жырдағы балталы - [illegible] елі деген өз бағаналысы ғой. Содан болар бұл үйде [illegible] бірнеше нұсқасы бар еді. Әр ақын оқиға желісін өзінше [illegible] бұл жырларда. Бар нұсқалардың тілі шұрайлы болғанымен, [illegible]рлердің мінез-құлықтарын сипаттауы әралуан. Кей біреуін [illegible] коймайды Мақпал... Мысалы бір жырда Қозы Көрпеш қой [illegible] жүрген тазша баланы шімірікпестен өлтіре салып, бет терісі [illegible] құйқасын іреп сыдырып алып өзі киеді. Сол кейіпінде тазша [illegible] Баянның ауылына барады екен.

Осы оқиға оп-оңай дүние сияқты болып айтылыпты қиссада. Ал [illegible] көзге елестетіп көргенде барып тұрған сұмдық емес пе? Мақпал [illegible]ның осы тұсын оқып зердеге салса, тұла бойы тітіреп те кеткен [illegible] бір кезде. Ең алдымен еш жазығы жоқ қойшыны неге өлтіре [illegible] Қозы Көрпеш? Ол да жан иесі адам баласы ғой. Өзі пақыр, өзі [illegible] еңбекпен күнелтіп жүрген бейбақ. Сонда өз мүддесіне бола [illegible] нақақ кісі өлтіру керек пе? Ондай махаббаты әдірем қалса [illegible] ма. Одан қалды сол сорлының бас терісін өз басына қаптап [illegible] алады екен Қозы. Бұл да жан түршігерлік әрекет. Өлген кісінің [illegible]рісін сою деген, онымен тынбай өз басына киіп алу деген, барып [illegible] қатыгездік емей немене.

Жырдың осы тұсында Мақпалдың көңілі жүдеп, Қозының [illegible]рекетінен кәдуілгідей түңіліп те қалған. Қиссаны шығарған [illegible]мен іштей келіскен де жоқ.

- Бұнысы адамгершілікке жатпайды мүлдем. Махаббат деген [illegible]ліктің шыңы мәнзелдес. Ендеше мойынына нақақ жанның қанын [illegible]ктегені қалай ғашық жігіттің? – деген пікірімен сын да таққан.

Ал енді жырдың және бір нұсқасындағы Қозының бейнесі, ісі мен [illegible]зі өте-мөте ұнап қалған. Тіпті Баянға айтқан бір үәжі тәнті еткені [illegible]шалық: - Міне тектілік! Шаһбаз деген осындай-ақ болар. – деп [illegible]зіне жас та алған.

Бұл Баянның: - Қодарды өлтіріп тынсайшы. Қайратың асып тұр [illegible]ой ол одыраннан. Дұшпанның көзі кетсе алаңсыз қосыламыз. – деп [illegible]ысыс қылған тұсы еді.

Онысына Қозы: - Жазығы жоқ қой Қодардың. Мазлұмның қанын мойыныма жүктеп қайтем. Махаббатымды қанмен ластағаным ба? Ол бейбақтың бар жазығы – саған деген ғашықтығы ғана. Бұның себебі [illegible]зіннің сұлулығын. Бұл егесіміздің түп себебі де сол. – деп үәж айтады. Одан соң: - Ажалым Қодардан болса, оны да көріп алдым. Хақтың бұйрығынан қашып құтыла алмассың. Өз арым таза болғай тек. – деп, және пікірін тарата түседі.

Осы мінезіне бек риза болып еді-ау Мақпал. Қодар қанша бәсекелесі болса да, өлімге қимайды оны Қозы. Демек адамгершіліктен аса алмайды... Байыпқа салса, Қодардың да ұнамды әрекеттері баршылық. Бұл да асықтық жолына жанын құрбан қылуы әзір. Мандай тер адал еңбегімен қыруар малды асырап шыққанының өзі қайда жатыр. Не керек, сүйген қызының жолына барын салды. Оған қарағанда Қозы еш еңбек сінірген жоқ. Бұл да Баян сияқты дәулеті таскан байдың баласы. Бұл екеуіне қарағанда Қодар әрі жоқ жұкана, әрі тегі жат торғауыттан шыққан жігіт. Бұның бар сенгені үпәд еңбектен тайсалмайтын кажымас қайраты ғана.

Осы жәйттер кезінде талай толғандырып еді Мақпалды. Кейіпкерлердің кей мінездері біралуан, тіпті кей қылықтары ерсілеу де көрінген. Бағзы заманның кісілері де өзгеше болса керекті... Енді міне атышулы Жанак акынның өз ауызынан естиді екен көне дастанды. Түсінбеген, мағынасы күнгірт жәйттердің сыры ашылар ма екен. Раушан әкелген хабарға жүрегі өрекпи куанған Мақпал құрбысына төне түсті.

- Оу қыз, коя тұршы кезедемені. Шүберекті жана көріп пе ен? Жанақтың хабарын айтсаншы одан да. Қашан келетін болды ол? Бүгін дедің бе, кімнен естідің? – деп дегбірі кетіңкірей тіл катты.

Алайда құрбысы мазасызданғанымен Раушан жауаптасуға асығар емес. Бір аршындай матаны жоғары көтере керіңкірей ұстап: - Мына бір батсайының ажарын-ай! Жолактары ап-айкын, тура көздің жауын алып тұр. – деп бір кайырды да, Мақпалға еңсе бұрып, - ә, не дедің? Жанак акын ба? Бүгін келіп калар білем. Тәтемдер кысырдың тайын соймак болып жүр. – деп немкурайдылау ғана жауап кайырды.

Осы мезет сыкырлауык есік айкара ашылып, такиясының үкісі шокпардай болып және бір кыз табалдырыктан аттай берді. Белін кызыл ала кәріспен буып алған Құсни екен. Асыға жүрсе керек, өңі алабұртып ентігінкіреп калыпты. Жуантык дембелше бітімді, бойы аласалау Құснидің әлпеті пәлен ажарлы еместін. Сопактау келген өні, сыкиған көздері, коңыркай сиректеу келген кастары, бозбала атаулының назарын тарта коймайтын. Әйтсе де бойында, жүріс-тұрысында бір тартымдылык бар. Бойдағы тартымдылығы жұп-жұмыр, тығыншыктай бітімінде болар. Шешесі:

- Көйлегіңді кең пішіп тіктір. Анау бұлтиған жерлеріңді жасыр түге. Қай бір талдырмаш едің. Порымың мегежіннің кысырындай. - деп кытығына тие сөйлер еді.

Батыра сөйлесе де, анасының айтканын екі етсін бе. Кос етек кырмызы көйлегі де, төрт көз сантоп кынама кемзалы да мол пішілген. Әйтсе де табиғат жараткан денені жасырып болған ба. Колпылдаған киімді кисе де, местің емізігіндей бұлтиған кос анары, жұмырлана біткен бөксесі көзге түспей коймайтын. Оның үстіне сәл

өрістенде-ақ бұрқырай шығатын иісі де ерекше. Не сиқыры барын өзі білсін. Құсни терлеп-тепшіп топқа кіргенде бозбала атаулы [illegible] қалар еді. Шыдамсыздау қайсы біреулері: - Осы қыздың иісі [illegible] деп танауларын қусыра дем тартып, сыр беріп те қоятын.

Осы бір ерекшеліктері өңінің ажарсыздығын жуып-шайғандай-ақ, [illegible] пен алтыбақанда маңайына бозбалалар үйіріледі де жүреді. Арқаң-күрдің жүрісін де, бетке айтып салар ожарлау мінезін де [illegible] әйтеуір. Сол Құсни өтті мінезіне бағып, табалдырықтан [illegible] сала:

Оу, қыздар, бұ не отырыс омалып? Үйден шықпай бар [illegible]лықтан махрұм қалмақпысың түге. – деп соқтыға тіл қатты.

Бұның дауысы Раушандікіндей емес, саңғырлап тұрған үнді де, [illegible] балаға тән жіңішке. – Бітімі кесек болғанымен лебізі жібектей. – [illegible] Мақпалдың жеңгесі Күләй шашбауын көтеріп те жүр.

Торге озып Мақпалдан төменірек жалп ете отыра кеткен Құсниға Раушан күлімсірей қарап:

- Үйден шықпай-ақ бар хабарды естіп отырсақ қайтесің? Жанақ [illegible] түскелі жатыр ауылға. Екінді әлетінде келіп те қалар. Сол ма еді [illegible]ағың? – деп шымши сөйледі.

Құсни маңдайында шып-шып білінген терді сұқ саусағымен [illegible] салып: - Е-е тәйірі, ол хабар жеткелі қашан. Сүр болды ғой бұ [illegible]лығың. Ең зорын естімепсің әлі. – деп құрбыларға қулана назар [illegible]ртып өтті де, үнсіз қалды. – Ішімдегіні өздерің тап. Сен екеуіңді [illegible]шай тұрайын. - деген кісіше өңінде бір қулық бар.

Раушан доқабаның табан қарыстай бір жыртысын бүктей жатып: - Бұ[illegible]дана түс осылай. Айтсаңшы енді бол, мұдуәр қылмай! – деп Құсниды санынан шымшып алды.

Мақпал да сұраулы жүзбен қарай қалған соң, Құсни шыдай [illegible]мады.

- Ал ендеше, Сегіз сері дегенің келетін болыпты аска. Арқаның [illegible]ақүрең әншісі. Әнші ғана емес. Өзі батыр, өзі палуан, өзі мерген. [illegible]гінде ғана Күләйдан естідім, ол болса көкемнің өз ауызынан естіп [illegible]ліпті. – деп ішіне сыймаған хабардан құтылғысы келгендей-ақ [illegible]тыға сөйледі.

Білгенін жайып салған соң-ақ, - ә, бәлем, қалай екен хабарым? [illegible]ңырдың ба екеуің? – дегендей кейіппен, насаттана мырс берді.

Қос құрбысы шынында да аңырып қалды. Раушан қолындағы [illegible]ағасын қоя салып, салмақты нысайға міниіп алған. Бұл хабардың осал [illegible]мес екенін мойындағандай-ақ түрде. Мақпал да есіткенін ой елегінен [illegible]кізіп Құсниға қарап отыр. Алайда назары құрбыда болса да, ұшқыр [illegible]ялы зәтте шығандап кетті. Жүрегі атқақтап, көңіл өрекпігені несі? Бірақ өрекпімей қайтсын... Сегіздің атын естімеген кісі жоқ шығар

осы төңіректе. Назкоңыр әнімен жетіп еді серінің есімі бағанадан Арқа беттен жол тартып келе жаткан керуеншілер қоңырлата айтып еді. Ән кең тынысты, баяу да сұлу ырғақты. Әуені есілген жібектей сөзімен қосылғанда жүректің не бір нәзік сезімдерін оятады екен

Бұл сынды әнді тудырған қызда арман бар ма, шіркін! Неткен нәзік жүрек, кәусар сезім десеңші. Қалың тұманда адасып мұратына жете алмапты есіл жас. Және араға Қодардай сыналап кірген қайсы бір антұрған қастық қылған екен. Ақыры арманда қалып, ah ұрып әнші жігіт... Әйтсе де, біреуге деген кек ия ашу жоқ жүрегінде. Тапал жүрек теріс ниеттен ада ғой қашанда. Тек сағыныш, өкініш пен тілек бір мұң бар әнінде. Осы мұңның өзі қызықтырып, баурап әкетеміз кайтерсің. Бұндай сезімге бой алдырған бозбастың өзі бақытты ау байыпқа салса. Мейілі қосыла алмасын сүйгенімен. Қылаусыз пәк сезімге, ақ махаббатқа бөленудің өзі бақыт емей немене.

Макпалдың киялында бұл әнді шығарған жігіт мінәйім мінезді, ұяң жүзді, қыздай сызылған жас болып елестеген. Өзі және тым алыс, ертегі әлеміндей көрінген сонау Арқа жерін мекен етсе керекті. Ол жақтың табиғаты да бөлек кой мүлде. Жолаушыны адастырар қалың тұманы бола беретін, әрі шалғай әрі жұмбақ өлке. Енді міне Құсни келіп:

- Сегіз сері келмек ауылға. Өзі әнші, өзі балуан. – деп дүние еткізген түрі мынау.

Әсем әнді шығарған киялдағы жігіт оп-оңай осы ауылға келіп калушы ма еді? Оның үстіне балуан болып шыкканы калай. Назкоңыр сезімге толы «Назкоңырды» балуан шығарушы ма еді. Балуан дегендерді көріп жүр ғой Макпал. Осы жауғаштының да бетке ұстар балуаны бар. Қонжық ныспылы бір жойыт. Әлгінің тұрпаты алып өгізді елестеткендей. Бір отырғанда құнан койдың етін бір ой меңгеріп тастайтын мешкейлігі де бар. Көлденең жуандығына екі кісінің құшағы әрең жететін шығар. Керсен толы сорпаны ішіп терлегенде, маңайындағы мүңсік иісінен құсып жібергендейсің Адамзаттың доңызы деген теңеуге әбден татиды мұндар саппас.

Сол Қонжық той-томалактарда не бір балуандармен ұстасып та жүр. Олардың да Қонжықтан айырмасы шамалы. Кейі құжбан кара кейі шикіл сары демесең, шеттерінен өгіздей өңкиген дөйлер Осылардан ән шығушы ма еді?.. Батыр атанғанды да көріп жүр Жауғаштыда да жау түсіргіш мықты жігіттер жок емес. Солардың ен тіскакканы Сары Токан деген кыркылжың біреу. Қаны бұзылған ыспар кісі. Көргендердің дәттеуінше майданда женген жауының канын ұрттап алады мыс. Ол сөздері шындыкка жанасқандай да Макпал бірер мәрте сыртынан көріп еді, өңі сұрланған, жылан көзді, пішіні суық ұнамсыз кісі екен. Кісінің бетіне тура карамай көзін әкете береді. Қарай калғанда іштегі бар катыгездігі анғарылып калар деп каупайласа керек.

Макпал сол әсерін шешесіне жайып салып еді, қабағын шыткан [illegible] - Ендігәрі ол кісінің маңайына жолаушы болма, шырағым. Мынаншама кан жүктеген каһарлы кісі ғой. Батыр дегеніміз катыгез [illegible] Кесепаты тиер. – деп ескерткені бар.

Шеше сөзінің мән-мағынасына көзі де жеткен Макпалдың. Әлгі [illegible] Токан қуғын-сүргін, ұрыс-кактығыссыз жүре алмайды екен. Бармаққа-сыдырымта болмай, елде тыныштық орнай калса, іші пысып [illegible] симай атка конады. Сока басы кетіп, апталап, айлап жүріп [illegible] бар. Қайда барғанын жан адамға атйпайды да. Кейде бірер олжа [illegible] тектеп әкелсе, кейде сопайып сока басы кайтады. Етіне жара [illegible] тарып кайтканы да не сан. Апанда жатып, жарасын жалап жазылған [illegible] тағыдай-ак, бірер айдан соң кайта аттанады жортуылға.

Бұл жүрісінен секем алған үлкендер: - Әлді біреуге ұрынып, кісі [illegible] бола калса жөніңді айтпа. Алда-жалда пәлеге калдың бар ғой, [illegible] дың өзіне. Ертең күн даулайтындар келе калса, шығарып береміз [illegible]. Үйітіп жесе де еркі. Сені жорыкка жұмсаған ағайын келесі жок. [illegible] корсен де өзің көресің. – деп құлағына құйып та койған.

Ойтсе де елден де аластамайды Сары Токанды. Себебі, зәуі сайтан [illegible] дұшпан келе калса жігіттерді бастайтын осы. Екі дай егесте [illegible] дігіне бағып топты бастайтын серке де өзі, жекпе-жекке [illegible] тын кайтпас та өзі. Соның әсері болар түнерген түрі сұсты-ак. Бала[illegible]ығы жұртпен шешіліп сөйлескен жан емес, бала-шаға, катын-[illegible] тұрмак, өз тұрғыластары да бұған жуи коймайтын. Көп [illegible] дек кәнденнің ішінде жалкы бөрідей окшауланып жүргені. Батыр дегеннің сикы осы болса, Сегіз сері кайтып бұған ұксамак? Бола жүні үрпиіп күжірейіп жүрген арланнан ән шыкпайды әрине.

Қой, бұл әншейін кауесет болар. Ұзын құлактың асырып айтканы [illegible] Қазекең көңіліне ұнаған біреуді сипаттаса әсірелегіш келеді ғой [illegible]. Мысалы Қобыланды батыр киссасындағы Тайбурылдың [illegible] мы мен кісідей акылдылығын алайык. Өз алты айлык жерді алты [illegible] алады екен, өзі батырмен кісідей сөйлесе береді екен. Қобыландының өзіне не кылыш не ок батпайды екен. Барып тұрған [illegible] релеу деп осыны айт. Өмірдің шындығы мүлде бөлек кой, киссаның [illegible] сипаттауынан. Не бір еңгезердей азаматтар кой боғындай корғасын [illegible] ктың зардабынан калпактай ұшып кете барады. Жылкы баласы да [illegible] ай. Канша желаяк дегенімен төрт аякты хайуан ғана емес пе. Ұшкан [illegible] сүспен жарысу кайда-а! Тұлпар атанғанның өзі әрі кетсе жүз [illegible] шакырымды алар, бел суытпай бір жортканда. Соның өзінде аламан [illegible] ліге бірер косылған соң өкпелері өшіп шабудан калады.

Жылкылы елдің баласы Макпал бұны кайтып білмесін. Қобыланды заманындағы ат пен азамат атаулы пәлендей артык [illegible] тпаған шығар осы күндегілерден. Халықтың сүйіктісі болған соң, [illegible] раулардың әсірелеген түрі ғой.

Олай болса Сегізді де халық тым асқақтатып жіберсе керек. Әйтпесе бір кісінің бойынан соншалық қабілет табылсын ба. Және бір-бірімен қабыспайтын кереғар қабілеттер екен. Олай болу тіпті мүмкін де емес-ау. Назқоңырдай сыршыл да нәзік ырғақты әнді шығарған өнерпаз қыздай сызылып тұрса керекті. Бұл болжалым қате кетсе мұрнымды кесіп берейін-ақ. Қыздардың көзін де жеткізермін әлі-ақ. Тек келсінші осы ауылға әлгі Сегізі бар болғыр. Өзінен бұрын әні мен атағы озып жеткен сері. Порымы әніне сай ма екен сынап көрелік...

Қалың ойға шомған Мақпал еркінен тыс күрсініп қойып әлденеден алып ұшқан көңілін баспақ болып қабақ шытты.

Осы мен себепсізден себепсіз несіне абыржыдым? Сонша көңілшек болармын ба. Әлі жүзін де көрмеген серінің мысы басқаны ма әлде?

Қой, жүрегімді орнықтырайын әлдекімге ұқсамай. Жеңілтек, жыртықай шөпжелкелер болушы еді, бозбала көрсе жырбыңдай беретін. Сап, сап көңілім, сабыр сақтайын әуелім. Өрекпитіндей не көріпті сонша. Асатпай жатып құлдық демекші, жүзін де көрмеген серіге ышқым кеткені ме?

Кеуілді кернеп бара жатқан сезіммен арпалысқан Мақпал, құрбыларға сыр білдіргісі келмей өз өзін зорлап күлімсіреген болды. Алайда бұның ішкі толқынысын аңғарған қыздар жоқ, бастары түйісе қалып күрің сөзге кірісіп те кетіпті. Осы мезет сырттан шыққан айқай үшеуін де елең еткізді. Жеткіншек ұлдың сыңғырлаған ашық үні санқ етіп төңірекке жайылып жатыр:

- Жырау келе жатыр әнекей! Әне көрінді. Жанақ ақынның ой! Жетектегі атқа домбырасы мен қобызын теңдеп алыпты. –

Бала құдды бір әкесі тіріліп келгеннен жаман, бар өкпеге сала айқайлап әлек болып жүр.

- Е-е, бұл Әлкөш қой. Ақынды көрсең хабар берерсің деп қарауылға қойған бала. – құлағын түре қалған Раушан Мақпалға еңсе бұрып, - келген ғой жырау. Мына бала тегіннен тегін екілене ме. – деп тіл қатты да, сұраулы жүзбен қарай қалды. – Не істейміз? – дегендей.

Өзімен өзі іштей алысып байыз таппай отырған Мақпал, мына хабарды табылған сылтау деп біліп қулана кетті.

- Ендеше не отырыс? Қонақтардың алды келе бастады десеңші. Кеттік қыздар! – деп орнынан көтеріле берді.

- Бәсе деймін-ау. Омалып отырғандарыңа көрінсін. Бар қызық сыртта дегенім қайда. – Құсни лып ете атып тұрып Мақпалдың соңынан ілесті.

Ине-жіпті, кестені тастай салып жөнелген Мақпалға сәл аңырай қарап қалған Раушан есін ілез жиып: - Оу, тұра тұрыңдар, мына істі жинамай кеткеніміз бе? – деп еді, кебістерін апыл-құпыл киген қыздарды көрген соң, бұл да қолын бір-ақ сілтеп соңдарынан тұра жөнелді.

***

7 тарау

ҒАУҺАРТАС

1

Сегіздер Бақтияр ауылына түс ауа жетті. Нияз екеуін бастап келген Қайрат. Қосар аттарды алмай үшеуі де жалғыз-жалғыз күлікпен келеді. Сегіздің тақымында бозшұбар, Нияздың мінгені ошақ торысы, сар желіспен сыпылдатып келе жатқан Қайраттың астында шабдар арғымақ. Арнайы шақырумен серілік жолмен келе жатқан соң, қару-жарақ алған жоқ жігіттер. Бөктеріншектерінде бір-бір құндақталған үкілі домбыраның бастары қылтияды. Киімдері де серіге лайық әлем-жәлем өрнекті шапан, балағы кестелі ойран шалбар, көк сауыр шоңқайма етік. Бастарында үкілі құндыз бөрік.

Қараөзектегі Қадыркен ауылынан шыққалы жолай екі қонған жігіттер, асықпай келеді. Ауа райы жүріске қолайлы, ыстық жоқ, майда ғана өлкек жел атқа да жүргіншіге де жайлы тиіп жатыр. Айнала қоңірек еспе құм, сексеуілі мен жыңғылы жиі ұшырасатын, ебелегі мен өрмене жусаны, шытыршығы қалың біткен құнарлы өлке.

Көз ұшында жарқ беріп Көкше теңіздің айдыны көрінген соң, өсімдік түрлері де молаяйын деді. Ұзыннан ұзақ созылған жыңғылды күлейдің ығында қоңырбас мен кияк, жоңышқа мен еркек арпахан, ширауық тұнып тұр. Сегіз ішінен: - Нағыз мал қыстататын жер екен мынау өлке. Бағаналың осал ел болмады. Шұрайлы коныска ие болыпты, не қылса да. – деп түйіп те қойған.

- Бақтиярдың ауылы әне көрінді. Кіл акшаңкан үйлерді тігіп қойыпты ғой каскаң. Аукатты ел ғой. Ас бермек болып жауғашты шала бүлінген болар. – мырс берген Қайрат тізгінін тартыңқырап, шабдардың жүрісін тежей берді.

Ауылға жақындаған соң аяңмен жүру ежелгі үрдіс. Аяңнан асырғаның әбестікке жатады. Осыны есте тұтқан жігіттер жүрісті өсендетті. Тойлы ауыл жуырда ғана жұрт жаңғыртса керек, маңайдағы шөптің мұрты бұзыла қоймапты. Ауылдың шетінде салқар желі, желіде үйездеген кіл мама биелер. Кермеде бірер ерттеулі ат тұр, сірә сырттан келген жолаушылардікі болса керек. Бір қызығы желі басында да, шеттегі караша үйлердің маңайында да тірі жан жоқ. Өдеттегі иттердің шабалаңы да естілмейді.

- Мына ауылдың кісілері қайда? Тал түсте ұйқы соғып жатканның қай жағы өзі. – аттың басын кермеге тақаған Нияз ақ үйлер жаққа күн сала үңілді.

- Токтай кал, кобыздың үні ме? Бұ кайдан шықты? – үзеңгіде көтеріліңкіреп көз тіккен Қайрат, камшысын шошайта көл жақты ұскады.

Іле сол беттен қобыздың үні де жетті. Сегіз енді ғана аңдарды ауылдан оқшауырақ тұрған дөңнің үсті жыпырлаған адам екен. Халайық дөңді ошап алқа қотан жайғасыпты. Дені малдас құрып отырса, шеттегілері жүресінен, кейі шәкірттерше жүгініп отыр. Бәрі жағында түрегеп тұрғандары да баршылық. Түгел жұрттың назары дөң үстіндегі қобызды кісіде. Ол болса қобызды аңыратып аңыратып алып, бір кезде жырға басты. Дауысы зор да әуезді екен. Сөзі анық жетпесе де, мақамы құлаққа жағымды естіліп жатыр.

- Е-е, жырау келген екен ғой ауылдарына. Сырдың сүлейлерінің бірі болар. Ал ендеше біз де барайық жиынға таман. – аттан түсіп Сегіз бозшұбардың ауыздығын алып қаңтара бастады. Аттың бабын табу деген ең әуелгі міндет қой. Шап айылын босатыңқырап қоржыннан жамшыны шығарды да, жон арқасын, сауырын түгі қамти жауып қойды. Бұл Қадырбай сыйлаған гүл өрнекті, сәнді қызым жамшы еді.

- Сері тұтынуға лайық мүлік екен. Дұшпан көз қылып жарқыратып жауып жүр, барған жеріңде. – деп тарту қылған.

- Ал, жігіттер, дабырасыз барып, бір шетінен тыңдайық. – деп аттарды байлап болған серіктерін бастап, жаяу салды.

Қара нор халықтың бергі жағы кіл жас-желең екен. Сегіздермен үнсіз ғана бас изесе амандасып, - қасымыздан жайғаса беріңдер дегендей, райлана ишарат жасап жатыр. Жалба тымақ, жөнсілеу шапанды бір бозбастың құлағына еңкейе төнген Сегіз:

- Бұ қай сүлей, ныспысы кім? – деп сыбырлай сұрап еді, әлгі бозбала құлағын жымыра киген тозыңқы сеңсең тымағын қозғап қойып:

- Бұл атақты ақын Жанақ, Арқаның шайыры. Сүйегі қаракесек деп есіттік. Байекең кісі жіберіп шақыртыпты. – деп білгенін дәттеді.

- Жанақ ақын – деген есімді естігенде жігіттер елең ете қалысты. Бұл жыршының атына қанық қой қашаннан. Әсіресе Сегіз: - Бір көрсем-ау, шіркін! Әңгіме-дүкен құрсам ғой ойшыл ақынмен. – деп армандаушы еді... Жанақтың Рүстем төреге айтқан сөзін тәу есіткенде қайран қалып еді.

- Неткен шешен тіл шіркін! Ұйқасы болса сылдырап аққан бұлақтай. Және әншейін сұлу сөз емес, мағынасы терең ойлы жыр. Мағынасы мен шешендігі сайма-сай келген неткен үйлесім. – деп тәнті болған. Арқадан кеткелі Жанақпен кездесем-ау деген үмітін үзіп еді. Енді міне көктен іздегені жерден табылғандай-ақ сәті түсіп отыр. Туу Сыр атырабында тоқайласармын-ау деп кім ойлапты.

Тосын жаңалықтан көңілі өрекпіген Сегіз мойынын соза дөң басындағы ақынға көз тіге берді... Жауырынды, бітімді кісі екен. Иінінде има шекпен, басында қаракөл жұрын бөрік. Күнге тотыққан кең жүзін, жазық маңдайын әжім торлапты. Шоқша сақалы мен ұзын

[illegible] үмістей аппақ. Соған қарағанда жасы алпыстың ішіне мол [illegible] [illegible]ақты. Әйтсе де қимылы ширақ, дауысында жарықшақ жоқ. [illegible]ді, зор.

[illegible] түрген Сегіз «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын тани кетті. [illegible] жырдың кей тұсын қобызымен сүйемелдесе, кей тұстарында [illegible] қоя салып домбырасын безілдете жөнеледі. Енді кей [illegible] кос аспабын да ысырып қойып құр дауысына салады. [illegible] келе орнынан тұрып кетіп түрегелген қалпы аңыратады [illegible] Үнін құбылтуға да шебер. Әр кейіпкердің үнін өзіне ғана тән [illegible] келтіреді екен. Қодарды сөйлеткенде жуан дауыска салса, [illegible] лебізін саңқылдаған ашық қылып шығарады. Кәртамыс [illegible]дың үні жарықшақ, сөзі шұлжің естіледі. Ал енді Баянның [illegible] келтіргенде құдды бір қыздай сылдырайды карт ақынның [illegible] Бір ғажабы зор үнді Жанақтың дауысы танымастай өзгеріп, жіп-[illegible]ке нәзік болып шыға береді екен ондайда. Бұнысы тосын естілгені [illegible]ақ. Сегіз өз көзі мен құлағына сенбей Ниязды бүйірінен нұқып:

Қыз ба жырлай жөнелген? – деп таңыркай сұрады.

Нияз да тастай қатып, қыбыр етпестен тыңдай қалыпты. Өңінде, [illegible]ылған көздерінде асқан бір таңданыс бар. Сегіз тіл қатқанда, [illegible]ған оянғандай селт етіп:

Жоға, қайдағы қыз? Өзі жырлап отыр. Шалың қалай-қалай [illegible]ілтгады лебізін! Біресе батыр болып, біресе пақыр болып сөйлеп [illegible] міне қыздай сұңқылдай қалыпты. Ғажап өнер ғой мынауы. [illegible] айтса нанбас едім, құдай біледі. – деп басын шайқай берді.

Алдарында қырындап отырған бір шотыр бет, бауырсақ мұрын, [illegible] далбағай киген карасақал кісі екеуіне бет бұрып:

- Оу, тыныш! Қисса естіртпедіңдер ғой түге. Әй осы күнгі жастар-[illegible] Зәредей иба деген болсайшы. – деп кейі сөйлеген соң, кос құрдас [illegible]ла қалды.

Сегіз бұл дастанның бірнеше нұсқасын білуші еді. Өз үйіндегі [illegible]лаштардан оқып өскен бала ғой. – Қайсын айтады екен? Әлде мен оқымаған соңғы бір нұсқасын біле ме екен? – деген оймен қызыға [illegible]ақ түрді.

Жанақ айтқан түрі таныс болып шықты. Бұл нұсқада Қозы Көрпеш адамгершілігін асырып, қайраты асып тұрса да Қодарды оққа [illegible]майды. Әншейін қорқытып қана, мінген атын атып құлатады. Баянның да ізгілігі жарқ бере көрінеді бұл жырда. Қол-аяғы байлаулы Қодар да кінәсін мойындап:

- Баян, өлтірем десең әзірмін. Кінәм толық. – деп Баянға қарап [illegible]нан жарылады.

Баян болса тектілігіне басып: - Қолымды арам қанға былғамаймын. Сүйгенімнің соңынан кетем. – деп өзіне өзі қол жұмсайды.

Жырдың осы тұсында Сегіз іштей сүйісініп: - Бәсе, осы пұсқаны таңдап алар деп дәмеленіп едім Жанақтай дүлдүл. Үдемнен шыққан талғампаз картың. Қозынікі ерлік болса, Баянның мына ерлікке адамгершіліктің үлгісі ғой нағыз. Тектіліктің ең биік шыңы десеңші. Қарабай сынды залымдар үстемдік құрған қоғамда, мынандай адамгершілік таныту деген қаһармандықпен парапар-ау. Ерлік пен жауды жапырып, ел алып, қатын-баласын шулатқанды айтамыз бәрі, ал өз жұрымын махаббат жолына құрбан ете білген жанкештілікті айтамыз ба? Бұл жырдың өміршеңдігінің себебі де осы-ау. Қыздың құны қымбат байтал болған заманда, ұрғашы атаулы еркекке кол жаулық болып тұрған қоғамда, Баяндай аруды хан көтере дәріптейді екен жыр.

Қисса мазмұнына бір разы болса, Жанақтың орындау мәнерінен де көңілі толды Сегіздің.

– Сақалы аппақ қария болғанымен, кәрілікке мойынсұнбаған қасқаң. Алдымен дауысын айтсаншы. Қылшылдаған жігіттікпен зыңқылдап тұр. Содан соң қимылы, бой-басын ұстауы да ерекше. Қайсы бір малма тымақтар қырық жаска ілінер-ілінбестен-ақ бүкшиіп кәртаң тартып кететіні бар. Әсіресе байшікештер жағы буаз қатынмен карындары шермие шыға келіп, денесін ауырлай аһлап-үһлеп жүргендері. Жанақтың болса қимылы ширақ, бой тұрпаты әрі қаққан қазықтай тіп-тік, әрі жарау арғымақтай сыла. – Тусаң ту майталманым серіге үлгі боларлық карт екенсің. – деген пікір түйіп те койды.

Мазмұнына бұрыннан қанық болса да, Жанақтың киссаны аңырату мәнері ерекше болып тыңдаған сайын баурап барады. Әйтсе де бір бие сауымы уақыттан соң, төбе басындағы халайыққа зер салайын деп Сегіз. Ақынға ең жақын отырғандардың ішінде алдымен Бақтиярды көріп шалды. Оң тізесінде сәлделі екі молда, жастауының иінінде көк манды ана бешпет, егдесі қоңыркай түсті шапан киіп алыпты. Екеуі де жырға деп коймай, сүлесок тыңдап отыр. Тырсиған семіз бетті, шикіл сары, бешпетті молданың жасы отыз-қырықтың шамасында болар. Асылы мынандай топты өзі ұйытып дағдыланған болса керек, Жанаққа анда-санда тыжырына карап кояды. Жақтырмағаны ап-анық. Халайық ұйып тыңдай калғанын қызғанса керек, рай бермей түнеріп отыр. Оның касындағы көзі шүңірейген, сопақ сұр бетті, жасамыс молда да тыңдауға құлықты емес сиякты. Бірақ бұл сыпайылықтан аспай ішкі сырын жасырып бағуда. Құр мүлгіп отырғаны болмаса, кейіпінен коштағанын ия мошкағанын айыру мүмкін емес.

Бақтиярдың касындағы дін қызметкерлері осы екеуі ғана болса керек, өзгелері кіл пұшпақ бөрікті, күміс кіселі аксақал-карасақалдар. Дуадақтай-дуадақтай толыксыған порымдарына карағанда, осы елдің шекшығар жаксы-жайсаңдарына ұқсайды. Іштерінде шырамытатын біреу бар ма екен деп назар кадап тұрғанда, бүйірінен нұқып калған

[illegible] еткізді. Құрдасы қуланған кескінмен оң жақты нұсқап, [illegible] ешкейе сыбыр төндірді:

[illegible]ндағы бір сопылар мен мес қарын байларды жаңа көргендей [illegible] жол болсын. Ана бір топ қызғалдаққа көз салсаңшы. – [illegible] жымиды.

Бұлар нұсқаған тұсы алқалы топтың оң жақ етегі екен. Төменірек [illegible] бір шоғыр бойжеткен қыздар. Кіл қызылды-жасылды киінген, [illegible] мен бөріктерінің үкілері бұлғақтаған сәнді топ. Сегіздер тұрған [illegible] қашық та емес, жүздерін анық ажыратарлық мөлшерде. Бұлар [illegible] келіп қосылса керек, әлгінде көзге көріне қоймаған.

Орташақты қыздың орта тұсындағы үш сәулім қолтықтасып, сәл [illegible] шығыңқырап тұр. Оқшауланған түрлеріне қарағанда сырлас [illegible]лар болса керек. Екеуі аққұба, оң жақ шеттегі бәкене [illegible] қараторы. Үшеуі де мәре көйлекті, ұшыға қамзолды, [illegible]рмалары алақандай, үкілері шоқпардай, малына киініп алыпты.

Алайда бұлардың киімдеріне көңіл бөле қойған жоқ Сегіз. [illegible]торы бадамша қызға көз жүгіртіп өтті де, кос аққұбаға назар [illegible]ратты. Екеуі де бәденді, бозбала атаулының назары сүрінерліктей-[illegible] екен. Сәмбі талдай солқылдаған бойлары да шамалас. Дегенмен не [illegible]ары барын, бірер сәт қана үш қызға жүгірткен назары ортадағы [illegible]жеткенге қадалсын да қалсын. Бұның қарай қалғанын сезді ме, әлде [illegible]ттерді бақылап тұрды ма, әйтеуір дәл сол сәт қыз да бұған жалт [illegible]ды. Қос жанар токайласып, қыздың өңі ду етті де көзін тайдырып [illegible]ті. Сол-ақ екен, Сегіздің назары мөлдіреген көзді, ұяң жүзді [illegible]імге байланды да қалды. Әлдеқандай күш тартып тұрғандай-ақ [illegible] алсыншы... Киімі қандай, өзі әдемі ме, бойшаң ба, деген сауалға [illegible] іздеп бас қатырған да жоқ. Ондай сауал да туған жоқ санасында.

- Пендей артықшылығына бола тәу көрген қызға сұқтана қалдың? [illegible] біреу сұраса, жауап таба алмас та еді.

Сұлу дейін десе, қолтықтасып тұрған сыңайласы да бәденді-ақ. Бұның да кескіні мен тұрпатына еш мін таға алмайсың. Үш қызды [illegible]ршаған топта да не бір ажарлысы баршылық әнекей. Әйтсе де өзге [illegible]мес, дәл осы бойжеткенге бір көргеннен-ақ көңілі ауды да қалды. Жанарын әкетейін десе де, беймәлім бір күш тартып тұрғандай-ақ [illegible]рыққа көнбейтінін қайтерсің. Әлгі қыз да әлсін-әлсін қарай береді. [illegible]раған сайын қос жанар шарпысып, арасында бір ұшқын пайда [illegible]ып, екі жақты жақындастыра бергендей. Сол жақындық сәт сайын [illegible]найып бара ма, қалай өзі... Лау ете тұтанып кеулей бара жатқан [illegible]ны сезімнің әсеріне Сегіздің өзі аң-таң.

- Кенеттен тұтанған асықтық па бұл? Мүкәрәманы ұмытқаным ба [illegible]де? Жоқ әрине, ол сүйгенім көңілден өшпес ешқашан. Жүректе де [illegible]жадта да ғұмыр бақи қалмақ... Олай болса, мына қыз кай қасиетімен

зәтте-ақ баурап алды? Өзі тым сүйкімді бала екен. Әлгі жұрт мақтаған Мақпалдың өзі болмаси кетсін. Ол Бактияр байдың қызы дегенге қайда. Мына бала болса ондай дүмдінің қызы емес сияқты. Қасындағы караторы қыздың капсырмасы да, өңірі ақ зер камзолы мен бұнықінен пұлды екені ап-айқын. Бұл ел мынандай арудың атын шығармай Бактияр байдың қызын көтермелегені несі? Ауызы кісі болса да бай баласы сөйлесін дегеннің кебі де. Ажар, сүйкімдінің деген әке байлығына байланысты емес кой әсте. Мысалы мына ару шоқ жұлдыз ішіндегі шолпаны мәнзелдес.-

Осы теңеу ойға келуі мұң еді, кенет есіне Ақмешіттегі саудагерлер асыл бұйымдары түсті де кетті. Зергерлік бұйымдардың ішінде ғауһартасты алтын жүзікті көріп еді. Суы таза, қырлары аса мінсіз зергердің қолынан шыққан ғауһар тастың әсемдігіне қайран қалғаны бар. Дүйім бұйымдардың ішінде көгілжім, нәзік шұғыласымен көз тартқан болатын. Мына өзі сұктанып тұрған бойжеткен сол ғауһартасты еске түсіргені несі екен? Әлде бұл да сол ғажайып асыл зат сияқты, топ қыздың ішінде назар тартқаны болар ма.

Сәтті теңеу тапқанына көңілі маркайған Сегіз, көз тарткан ару ішінен -Ғауһартас- деп атап та қойды.

- Ендігі сұктана карауым әбестік болар. Әне, қасындағы аккуби құрбысы жымиып көзімен мені нұсқап тұр ма, калай өзі. Қой, сыр білдірмейін ендеше. Ғауһартасым да ұялып калар. Тағайынды бала көрінеді, кымсындырып кайтем. – деген байлауға бекіп, көзін әкете берді.

Бұл әрекеті канша киынға түссе де, қыздың абыройын ойлаған Сегіз әдептен аттаған жок. Досының кейіпінен ішкі сырын танып калғандай-ак, дәл осы мезет Нияз және сыбырын төндірді:

- Қалай екен қыз-кыркындары бұл елдің? Тура аккудың көгілдіріндей емес пе? –

Сегіз бұнысына сұракпен жауаптасып: - Үш кыздың ортасындағы әнеу бір аккұбасы кім болды екен? – деп ойлы жүзін құрдасына бұрды.

- Е, мына жыр бітісімен-ак біліп аламыз ғой. Со да сөз боп па? Әрі кетсе кешкі сауынға дейін кирағаттар киссаны жыршы-еке. Сонсоң дамылдайтын шығар, мен білсем. – деп болжал айтты Нияз.

Бұнысы дәл келді де. Кешкі сауында мал ауылға құлап, абыр-сабыр басталатынын білетін Жанак, киссаны дәл сол мезгілге әкеліп тәмәмдады.

- Ал осымен үшбу дастан тәмәт-тәмәм, кадірлі халкым, риза бол. деген сөзбен орнынан тұра көпшілікке бас ие тағзым етті де: - Yh- деп көкірек толтыра демін алып, орнына отыра кетті.

Ән айтсаң жаныңды жеп айтасың демекші, ұзак кисса айту да оңай іс емес әрине. Оның үстіне Жанак акын бар өнерін сарка, беріле,

[illegible]шкерлердің мінез-құлқын өз жүрегінен өткізе жырлайды. Соның [illegible]нан болар, құдды бір ауыр жұмыс істегендей қара терге [illegible]шынып, күр сүлдері қалған кісіше сұлқ түсіп отыр. Құлақ құрышы [illegible] көпшілік:

Бәрекелді, мың жаса, сүлей! Кеуілді бір көтеріп тастадың, не [illegible]да. – деп шуласып, алғысын жаудыруда.

Ал[illegible]айық каукылдасып, бір-бірімен әсер бөлісіп тарай бастаған [illegible]. Сегіз де серігін бастап үлкендерге сәлем бермекке дөң басына [illegible]ды. Жанақ акын аспаптарын жинап болып Бактиярлардың [illegible] косыла тай тері бөстектің үстіне тізе бүккен. Мандай терін [illegible] сүлгімен дегдіте, алдындағы сырлы аяктан қымыз ұрттап отыр.

Бұл жыр айткан орнынан өкше көтеріп, Бактиярдың тобына [illegible]нде жаксы-жайсаңдар ысырылып орын бере коймаса керек, [illegible]трек жайғасыпты. Шоғырдың қақ ортасында жүзі манартып Бактиярдың өзі отыр, оң тізесінде сәлделері дағарадай кос молда, сол [illegible]нда кіл мауыты шапанды белін күміспен құрсаған игі жаксылар. [illegible] басып келе жатқан жігіттерге баршасы қарай калған. Бактияр [illegible]дайдан Сегізді шырамытып, - е-е, келдің бе? – дегендей кейіппен [illegible]на иек қағып койды. Алайда Сегіз алдымен Жанақтың алдына [illegible], оң колын кеудесіне баса, аскан ілтипатпен бас иді де:

- Ассалаумағалейкүм, акын аға. Күйлі-куатты бармысыз? [illegible]ріңізге, бойыңыздағы салахиятыңызға көптен бері тәнті болып [illegible]рі[illegible]н, тілектес інішектеріңіздің сәлемін қабыл ете көріңіз. – деп кос [illegible] акынға ұсынды.

Жанак жігіттің порымы мен лебізіне кызыккан сыңай таныта [illegible]рай калды. Сегіздің колын босата коймай:

- Армысың, шырағым. Жыға танымадым ғой, кай оғлансың? – деп [illegible]на карап отыр.

- Азан шакырып койған есімім Мұхаммед Қанапия болатын, аға. [illegible]лкым Сегіз сері деп дәріптеп жанама ат беріп еді. Сол макабаны [illegible]мденіп жүрмін де. Мына азаматтың ныспысы Нияз. Өмір серігім де [illegible]нер серігім де осы, жаксы аға. – деген сөзбен кол кусырып [illegible]сендескен құрдасын да таныстыра берді.

- Е-е, Сегіз бен Нияз сендермісің? – сәл таңыркаған Жанак [illegible]дырап сала берді. – Естігенім бар еді. Арканың түлектері [illegible]мессіндер ме? Әндерің дүйім жас-желеңнің ауызында жүр әнекей. [illegible]ош-хош. Сыр өнірінде жүздеспекке дәм жазған екен ғой.

Сегіз акынның кескін-кейіпіне енді зер салды. Мандайы жырта карыс, шыкшытты, кең пішінді кісі екен. Мандайы мен өнін торлаған [illegible] әжім өткен жылдардың белгісі зәліттес. Кәріліктің және бір [illegible]шаны – аппак кастары ұзара өсіп, кабағынан салбырай түскен. [illegible]йтсе де сол кастарының тасасынан караған карагер көздерде ұшкын

бар. Кісіге мейірлене қарайтын есті жанарынан асқан [illegible] аңғарылғандай. Сегіздерде күлімдей назар қыдыртқан кейіпінен, [illegible] шырақтарым, бар сырларың алақанымда емес пе? Мен білмейтін [illegible] бүкпең болушы еді? – дегендей-ақ пікір аңғарылады.

Сегіз де ішінен: - Порымыңа болайын, бәдізшінің қолынан шыққан сынтастай. Қара жер қозғалса да тебіренбестің [illegible] болармысың, қартым. Жүзінде ақыл-ой тұнып тұр-ау. Қолымнан оңаша тисең ғой, шіркін, сананы мазалаған талай сұраққа жауап [illegible] ме едің, қайтер едің. – деп армандап та қойды.

Жанақтан кейін қол қусырып Бақтиярға сәлем бергенін серілердің келгеніне шынайы қуанған ауыл иесі:

- Бұ қонағымыз атақты Сегіз сері болады, қасындағысы Ния[illegible] сері Арқаның саңлақтары ғой. Түнеу күні Ақмешітте әнін аңыратқанда бір жасап қалғаным. Тас қамалдың ішіндегі милләтты бір сілкіндіре сабазың. – деп салған жерден қошаметтей сөйледі.

Бұл елдің әрі дүмді байы әрі биі ықылас берген соң, қасындағы жақсылар бас изесіп, мақұлдаған сыңай танытты. Жалғыз-ақ [illegible] молданың жалпақ бет шикіл сарысы тыжырынып:

- Е-е, тәйірі-ай, әнші десеңші. Бір жыршы аз болғандай-ақ, [illegible] сәкәку сал-серілер жеткен екен ғой, соқыр атқа қотыр [illegible] қосылғандай.- деп кекетті.

Манадан бері ашуы бойында болса керек, дауысын қаттырақ шығарып, қызбалана сөйлеп отыр. Сегіздің алдымен Жанаққа сәлем бергенін жақтырмай, өзін өзі әрең тежесе керек.

Бақтияр ыңғайсызданса да сыр берген жоқ. Жанақ пен Сегіз[illegible] алма кезек көз тастап, іштен тынды да қойды. Жігіттер де [illegible] бақпады. Бұл сынды ән-күй атаулыны жақтырмайтын сөзді талай тақуа ақсақалдардан естіп жүр ғой. Жалғыз-ақ Жанаққа көз астымен қарап қойды. Ақынның шешен тіліне қанық болатын. Шындаса [illegible] ашшы сықағымен талай молданы бүріп жіберерін қайтып білмесін. Жанақтың Бұқара медіресесінен дәріс алғанынан да хабардар. Демек, оқуы терең. Шариғат жағынан білім сынасса, молда біткенше оңайлықпен ірге бере қояр ма екен.

Айтқандай-ақ қарт ақын сөзін ірікпеді. Жалпақ бет молда қызбалана сөйлегенін қаперіне де алмай, мызғымас қалпын еш бұзбастан:

- Молдеке, тыныш жаткан жыланның құйрығын баспас болар. Аптыға сөйлегенің өзің сынды мүминге жараспас. Шариғат шала табиғат таза демекші, шариғат аясынан шықпасаң етті, қазақтың ақыны мен серісіне соқтығып. Жанақтың тіліне ілінсең, жаманатың иісі алашқа кетер. – деп аспай-саспай тіл қатты.

Бұның міз бақпас сабырлығы жалпақ беттіні одан сайын долдандыра түссе керек, шикіл сары өңіне қан теуіп:

Менің намым Мұрат, біле білсең, ей заржақ! Молдеке деуің де [illegible]-беріден соң. Дамолла атанған таудай дәрежем бар. Мүптидің [illegible] келіп отырмын осы аска. Бұ елдің молдасы мына отырған [illegible] үлкен ағай. Мені сыйлап, салмағымды кадірлеп құран [illegible]ауды өз еркімен ұсынып отыр. Міне білгендік. – деп тізе [illegible]тырып отырған кара-сұр әріптесіне бір карап койды.

Тұнық шеке, шүнірек көз, боржық бет молда бұ сөзді коштап [illegible]ндаған жылкыдай бас изей берді. Дамолла болса Жанакка [illegible] көз тастап:

Асы үлкен болса да жолымды сыйлап отыр әнекей. Құдай жолын [illegible], пірге кол тапсырған мүрид осындай болса керекті. Сен сиякты [illegible] сарнатып жүрген жок. Шашына ак кірсе де желөкпелігің [illegible]ынты әлі. Қобыз дегенің баксы-құшынаштың құралы емей немене? Пайгамбар жасынан ассаң да ес токтатпапсың. Адал мүмин болсаң [illegible]ыкка бармас па едің әлдекашан. Қаражатың жетпесе бәдел кажы [illegible]ан Мекеге. Әйтеуір талпынсаңшы тырбанып. Ел алдында [illegible]ымазактай секеңдеп, кайдағы-жайдағы ғашықтык киссаны сарнатып [illegible] созбай. – деп түкірігіне шашала, лепіре сөйледі.

Бетінің әр түгі тікірейе түтігіп, кызара бөрткен калпы ызадан [illegible]ыңуға аз-ак калған сиякты... Бактияр мен касындағы нөкерлері [illegible]ыңтайын деді. Әсіресе ас иесі Бактиярға киын. Екі оттың арасында [illegible]ндай. Дамолла кырына алған кос мейманның салмағы осал емес [illegible]ешіп кайтып білмесін. Таразының екі басы да тең сиякты. Қадірі тең [illegible]ымен Жанактың ағлескер тілі, суырып салма акындығы бар. [illegible]тісе де дамолла терісіне сыймай өзі ұрынып отыр. Өлер жерін [illegible]мейітін сиякты. Акынның шымбайына тисе, табан астында бір-екі [illegible] олең шығарып халыкка жайып жібермей ме. Жанактың Рүстем [illegible]реге айткан сөзінде молдаға таккан сыны дүйім милләтка мәшhүр.

Хан какпа, халык казына, батыр корған.

Молда сүлік ежелден елді сорған.

- деп түйреп өтпеді ме каскаң.

Бұны сөз ұғатын казактың бәрі жаттап та алған әлдекашан. Дамолламен салыстырғанда Жанактың артыкшылығы – көпшілік [illegible]үнсіне тыңдайтын, тыңдап жаттай алатын дәмді өлені бар. Қарапайым [illegible]ык мағынасын ұкпайтын құранды кайтсын. Сыпайылык сактап [illegible]ыңдайды да кояды. Ал енді акынның нәрлі жырын сүйсініп жаттайды [illegible], орайы келген жерде топ ішінде айтып салады. Сондык, дәл казір Жанактың көңілін таппаса, өрт тұтанып кетуі ыктимал.

Осы жәйтты пайымдаған Бактияр акынға күдіктене карағыштай [illegible]ерді. Уытты сыкағынан каупайлағандай. Бірак Жанак мына дамолланы [illegible]орашсынды ма, әлде өлең шығаруға татымайтын елеусіз біреу деп білді ме, әйтеуір домбырасына кол соза коймады. Дамолла жұлкына

сөйлегенімен сабырлы қалпын да бұзған жоқ. – Әлі де айтарың бар ма дегендей кейіппен аз бөгеліп, дамоллаға көз төңкерді де:

- Мекеге бар деймісің, молдеке? Дұрыс-ақ, ол да бес парыздың бірі ғой. – деп және аз бөгеліп, құлақ түре қалған халайыққа назар қыдыртып өтті. Репеті салмақты болғанымен, аялы көздерінің қуақы ұшқын аңғарылмай қалған жоқ. Дамолла терісіне сыймай долданса да қаперіне алар емес.

- Атығай-Қарауылдың Шал ақыны айтып еді бір сөзінде.

Мекке менен Мәдине жолдың ұшы,
Алыс сапар дейді ғой барған кісі.
Ата менен анаңды қадірлесең,
Мекке болып табылар үйдің іші.

- деген екен ділмарың.

Міне осы сөз иісі қазаққа мәлім. Теріс болса жайылып кетер ме еді бар милләтқа. Шал ақын өмірден озса да, нәрлі сөзі қалды әлемге. Үлгісі мен сілтеп кеткен бағыты сайрап жатыр... Ал енді өзіңнің қандай ғибрат қалмақ, молдеке? Құранды білем деп бәлденбей-ақ қой, ол пайғамбардың сөзі. Құранды тұтасымен жатқа мәділейтін он екі-он үш жасар шәкірттер де баршылық, құдайға шүкір. Қалай күпінсең де сол қалшалардан білімің артық емес шығар. Ал енді мен болсам қалың бұқара жаттаған Шал ақынның өсиетін мақұл көріп қажылықтан іркіліп қалғаным. –

Ақын сөзінің осы тұсында шыдамы таусылған дамолла: - Күпірлік айттың, күпірлік! Арылмас күнәға белшеңнен баттың. – деп ой гөйіне және басты.

Бұнысына езу тартқан ақын: - Байдалы шешен Айғаным ханымға көңіл айтқанда, - құрандатпай, тұмандатпай келдім. Көңілінді көтергенім осы емес пе. – деген екен. Сол сөзіне шамданып қалған ауыл молдасы дәл өзіңдей-ақ шыжбалақтап еді.

Әйтсе де өзі би өзі шешен Байдалының әр сөзі ел ауызында. Айтқаны шындықпен қабысқан соң, әрі уытты әрі өміршең. Молда атаулы көр азабын елестетіп, мұңкір-нәнкірімен қорқытса, ақын мен сал-серілер халайықты ән-жырмен жұбатуда. Бірлі-жарым тақуалар болмаса, елдің дені қызықты, ойын-сауықты іздейді. Ауызында әзіл жоқтың қолында тоқпағы бар демекші, қазақтың бұралаңы көп қитұрқы әзілі көңілдің кірін жуса керекті. –

Жанақ осы сөзін қуаттамақ болып домбыраға қол соза беріп еді, дәл осы қимылын аңдып отырған Бақтияр:

- Уа, ағайын, ас әзір болды! Ал, қол жуғызып үйге кірейік. Ашыққан болар меймандар. Мына Сегіздер де ұзақ жол жүріп келді. Ал, қол жуғызайық. – деп бастырмалата килігіп, бұйрық күтіп тұрған даяғашы жігіттерге ым қақты.

Бетінде құман мен леген, иықтарында ұзын-ұзын сүлгі, әзір [illegible] ылғайлы бозбастар еппен қимылдап жағалай қол жуғыза бастады.

Сегіз ішінен: - Қап, болмады-ау. Бай-еке килікпегенде бірер [illegible] сойып салар ма еді дамолланы ақынымыз. Бірақ, алған [illegible] да аз емес-ау. – деген пікір түйіп жымиып қойды да, [illegible] құманның иір мойын шүмегіне қолын тоса берді.

Ерікіне жіберсе асқа бармас та еді. Есі-дерті әлгі күлім көз [illegible] кенде. Қарны ашқанын енді ғана сезді. Манадан бері [illegible] піскен жылқы етінің иісі мұрын жарып жетіп те жатқан. [illegible] косып сарыала қылып пісірсе керек, хош иіс тәбет қоздырып [illegible] ді қашыруға айналды. Әйтсе де әлгі қыздың бейнесі жадта [illegible], өзге дүниені ұмыттырғандай... Жұрттың назары асқа ауып, [illegible] даса желпінісіп қол жуып жатқанда, айнала көз тастап еді, [illegible] ды-жасылды киінген қыз-қырқын көрінбеді.

Кешкі ауыл абыр-сабыр тірлігіне кірісіп, халайық мал қамымен [illegible] Ертеңгі астың жабдығына кіріссе керек, қараша үйлердің [illegible] нда мал сойылып жатыр. Бірақ осынша жұрттың ішінде өзінің [illegible] түскен сәулім жоқ. Ол жоқ болған соң көңіл құлазып, төңірек [illegible] ырап қалғандай көрінгені. Айнала құжынаған көпшілік бір кісідей [illegible] рінбей, әлгі сәулімді көзімен іздей берді.

Бұл қайда кетті? Сәндене киініп бой түзеген басымен мал [illegible] мымен жүрмейді ғой. Бар үйдің бойжеткені екені көрініп-ақ тұр. Өз [illegible] ине кеткен болар. Енді қайтып, қашан жүздесем? – деген оймен [illegible] ды құрып, Бақтияр бастаған топқа ілесіп жүре берді.

2

Сегіз қанша талпынғанымен ышқы кеткен қызға жуық маңда [illegible] ныға алмады. Бұны Бақтияр – қадірлі қонақ - деп өз қасынан [illegible] ере қойған да жоқ. Нияз бен Қайрат бар үшеуін оқшауырақ [illegible] ген қонақ үйге жатқызып, ерекше күтімге алды. Қонақ үйдің іші [illegible] лсаулы, төсек орны жайлы, күтуші епті жігіт екі айтқызбастан [illegible] ураганыңды жеткізіп береді.

Жол соққаны бар, Жанақ ақынмен жүздескені бар, нәркес көзді [illegible] сәулімді тамашалағаны бар, күндізгі қыруар әсерден шаршаған Сегіз [illegible] ласы жастыққа тиісімен ұйқыға күмп берген. Еш түс те көрмей тұяқ [illegible] серіпестен тас болып қатты да қалды. Әйтсе де ежелгі дағдысы [illegible] бойынша таң қылаң бере-ақ оянып кетті. Өзі жатқан жақтың іргесі [illegible] тұрулі, сырттағы салқын леп жетіп бойды сәл-пәл тоңазытуда. Құмды [illegible] өткенің бір ерекшелігі – күндіз қандай ыссы болса да, түн баласы [illegible] салқын келеді. Баз-базда кәдуілгідей-ақ жаурайсың. Әйтсе де шөп [illegible] асында шық болмайды.

Сыртта қыбыр-сыбыр білінбейді, ауыл ояна қоймаған сияқты. – Жігіттер не күйде екен? – деген оймен үй ішіне көз жүгіртіп еді, қол

созым жерде Нияз калың корылға басуда. Жатысы да кызык, екі [illegible] екі жакта, екі аяғы да екі жакта, шалкасынан еркін көсіліп жатыр

- Сабаздың әкесінің төрінде шәниіп жаткандай-ак [illegible] болайын!- деген оймен езу тартты Сегіз. – Каз дауысты Қ[illegible] коңтайшыға елшілікке барғанда, дәл осылай ұйықтап жатушы [illegible] деген аңыз бар еді. Нияз-екең де дәл солай, төрт құбыласы [illegible] шаһбаздай-ак, алаңсыз сілтеп жатыр-ау ұйкыны. Жау шапса [illegible] етпес бір каскыр ұйкысы болушы еді, сонысына баккан ғой [illegible] Бұрыңғының батырлары ұйкы-күлкі көрмей айлап-апталап жорт[illegible] еді. Содан соң бір дамылдағанда кірпігі іліксе апталап ұйыктап[illegible] мыс, деген ұғым бар емес пе. Асылы мелжемді ер-азамат шарш[illegible] келіп бір көзі ілінсе, дәл осылай тұяк серіппестен катып ка[illegible] ұйыктаса керекті. – деген оймен Қайратты көзімен іздей берді.

Түндік жабулы, үй іші кара көлеңке, бір жак ашык іргеден [illegible] сәуле түсіп тұр. Қайрат Нияздың арғы жағында бүк түсіп ұйыктап жатыр екен. Нияздай емес, аяк-колын бауырына ала, корылсы[illegible] пысылдап кана тыныс алады. Жігіттерден назарын тайдырып үй іш[illegible] көз салып еді, кенет сырттан жеткен шолпы сыңғыры елең ет[illegible] Еңсе бұрып кереге көгінен караса, құрык тастам жерден бір кыз [illegible] бара жатыр. Таң тымык болған соң шашбауындағы шолпы[illegible] сылдыры ап-анык естіледі.

- Бұл кайсы болды екен, кешегі ынтыкканым емес пе? - деген оймен үңіліп еді, мәссаған безгелдек, дәл өзі ғой! Аяғын некей-некей басып ырғала келеді. Қара баркыт бешпетінің белін кызыл кәріспен буып алыпты. Қолында иір мойын кашғари құман, бір карына апп[illegible] сүлгі іліп алып, акырын ғана ыңылдап ән салып бара жатыр. Құманы жылы кожда тұрған болса керек, шүмегінен болмашы бу шығады. Ішінен не ойлап келе жатканын өзі білсін, мойынын әнтек кана бұрып жымиып та кояды. Беті алысы сонау Бактиярдың боз ордасы. Бала каздай байпаңдап, былк-сылк етіп еріне баскан кадамы да, ән ыңылдап өзінен өзі әсерленіп миык кергені де, сонау алыска к[illegible] тастап мойнын әнтек бұрғаны да, соншалык әсем болар ма. Жүріс-тұрысы өзіне жарасып, уыз жастығын, нәзіктігін айғактағандай. Бір кырындай өтсе де аппак жазык маңдайы, жұкалаң ғана кызғылты білінген аккуба өңі ап-анык көрінді.

Керегеге маңдайын жапсыра такаған Сегіздің іші алай-түлей. Сол-сол, дәл өзі, ғауһар таска тенеген сәулімі. Бір көргеннен-ак құлай ынтыккан бойжеткен. Періште бейнелі жұмбак кыз.

Не сикыры бар осы баланың? Сұңғак бойлы, кылдырык бел, сымбатты кыз аз боп па? Бойжеткен біткеннің дені талдырмаш, нәзік келеді емес пе. Аккуба, әрлілері де баршылык, құдайға шүкір. Әйтсе де дәл осы сәулімнің ерекше бір сүйкімділігі бар ма, калай өзі? Таң

[illegible] сәуле шашып шолпан жұлдыз тұрып алмас па қаракөк [illegible]. Бір өзі бар әлемнің назарын аударып. Дәл сол шолпандай көз [illegible]шпын қайтерсің мына баланың.

Не істесем, атып тұрып жетіп барсам ба қасына таныспаққа? [illegible]рсі болар. Танысудың да жөн-жобасы бар дегендейін. Лепірген [illegible] баса алмайтын желөкпеге ұқсағаным жарамас. Сабыр, жігітім, [illegible]! – деп өз бойын әрең тежеді.

[illegible] болса ырған-ырған басқан қалпы Бақтиярдың үйіне кіріп [illegible]. Көзімен ұзатып салған Сегіз: - Е-е, би-екеңнің өз баласы болды [illegible]. Бөгде біреу ертемен байдың үйіне бас сұға қоймайды ғой. [illegible] Мақпалдың тап өзі болмағай. Әлде ет жақын туысқан біреу [illegible] деген болжалмен ойын сан-саққа жүгіртіп қала берді.

[illegible] күні-ақ асқа жиналған халайық төрт тараптан Бақтиярға қарасты [illegible]арға келе бастады. Жауғашты елі қыруар көпшілікті күтуге әзіртін. [illegible]ақан үйлер тігіліп, сауыры төңкерілген бордақы қысырақтар [illegible], жерошақтардың түтіні көлбей көтерілді. Ат жарыс, көкпар, [illegible] рет-ретімен өтіп жатыр. Теңге алу мен сайысты тамашалған [illegible]шіліктің ішінде топ қыздар да жүр екен. Көзден кетсе көңілден де [illegible] демекші, өзге қызыққа алданған Сегіз әлгі күлім көз сәулімді [illegible] шығара бастаған сияқты еді, үкісі бұлғаңдаған шүйкебастарды көзі [illegible] дегбірі қаша бастады. Бақтиярдың көзін ала бере:

- Әнеу тұрған қыздарға жолықшы, осы ауылдың сәулімдері болар. Жоп-жосығын біле жүрейік те. Әсіресе анау үш қыздың ортаңғысы [illegible]тартады екен. – деп Ниязға күбір етті.

- Үктым – дегендей үнсіз ғана бас изеген құрдасы. Қайратты ертіп [illegible] барды. Сегіз болса әлгі қыздардың көзіне түспек ниетпен Бақтиярға сыпайы ғана:

- Би-еке, қызмет қыл да міндет қыл демекші, қажет болса күреске [illegible] сайысқа қатысайық Нияз екеуміз. Шығаннан шыққан күшіміз [illegible]маса да, бір кісіге әліміз қаптал. – деп ұсыныс айтып еді, астың [illegible]ағыдай өтіп жатқанына марқайып отырған отағасы:

- Қайтесің қара терге малшынып? Талапкерлер жеткілікті ғой [illegible]кей. Сенен сұрайтыным ән ғана. Әнеукүні Ақмешітте шырқап [illegible]ның әлі күнге құлағымда тұр, илансаң. Мына апыр-топыр [illegible]бырсып, жұрт асқа отырғанда әнге басып-басып жіберсең Нияз [illegible]уің. – деп, сөз аяғында қолқа салды.

Амал жоқ, Бақтиярдың қасында болып ән салар мезгілді күтуге [illegible]ра келді. Бір әредікте Нияз келіп құлаққа сыбыр төндірді:

- Қыздың есімі Мақпал екен. Мына би-екеңнің бел баласы. Жұрт мақтаған Мақпал қыздың дәл өзі. Қасындағы қос құрбысының аттары Раушан мен Құсни. Танысып, әзілдесіп те үлгердім.

- Сегіздің атына да даңқына да қанықпыз. Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған демекші, атағына өнері сай ма екен, көрерміз. Кешкісін

алтыбакан құрылады. Сол жерде сынармыз әндеріңді. Сыр [illegible] елі. Үдеден шығармысың әлі. – деп өздерінше салмақ сала [illegible] әлгі шүйкебастар.

Сегіз үзеңгілесінің бұл сөзін естігенде еріксіз езу тартты. [illegible] Е-е, бопты, Макпал жан. Сынаймыз деп сәлем жолдасаң, о[illegible] нышан. Бұл сынды сәлем наз тілекке жете қабыл, тіпті парапар [illegible] немене? Сыныңа толып бағайын ендеше, гауһартасым. – деп [illegible] қойды. Іле, - пәлі, гауһартас деп атағаным мұнша сәтті бо[illegible] Табылған теңеу ғой. Би екеңнің баласы болған соң қайым[illegible] бадырайтып есімін атап, әзілдескенім әдепсіздік болар. Ауыл [illegible] шақыруымен дәмі-тұзын таткан соң, әбестікке жол жоқ әрине. [illegible] Макпал жанға таққан лақап атым болсын. Жас-[illegible] тұрғыластарымыз ғана білсін. Бұны кешкісін, алтыбакан[illegible] салғанда паш етермін. – деген ойға бекіді.

Алайда - түңгі ойын-сауықта бір-ақ шығарармын лебізімді- [illegible] жоспар іске аса қойған жоқ. Көпшілік тілегі ерікке қойма[illegible] алтыбаканға дейін ән айтқызды қос серіге. Екінді әлетінде сыр[illegible] көкпар, аударыспақ сияқты ойындар аяқталып, халайық бәйге а[illegible] келгенше аска кіріскен. Дөңді айнала тігілген алты қанат, сегіз [illegible] ақ шаңқан үйлер меймандарға толы. Аска жиналған а[illegible] желпінісіп, шаң батасқан беттерін жуып-шайып үйді-үйге орналас[illegible] Бастарын ақ шытпен таңып алған самдағай жігіттер, табақ-[illegible] еттерді тартып жүр. Еңсесі биік боз ордада Бақтияр бастаған жақ[illegible] жайсаңдар да орналасты.

Сегіз жастар жиылған үйлер жаққа кетейін деп еді, Бақтияр қоярда қоймай өзімен ертті. Бұған Мұрат дамолла тыжырынып жақтырмай да қалған. Жақтырмағанымен ауыл иесімен салғылассын ба, Сегіздерге алая бір қарады да қойды. Танысқаннан бері Жанақ иесі сері бозбастармен жұлдызы қарсы екенін аңғартып қояды оқтын-оқтын. Үйге кіріп орналаса бергенде:

- Оу, жастар, төменірек отырыңдар. Құран бағыштаймын аруаққа, төрге үлкендер жайғассын. Ас дегеніміз әкәку - сәкәкудің жиыны емес. Би-екеңнің марқұм бабасына құран бағыштайтын салмақты мәжіліс. – деп нығызси сөйлеп, Сегіздерге босаға жақты нұсқады.

Орынға таласу деген бозбастардың каперінде де жоқ, іштерінен, - бұ салиқалы топтарына жанаспасақ тіпті жаксы болар еді, - деген оймен, дастарханның төменірек тұсына жайғасты. Шаңырақ айқара ашық, ірге түрулі, үйдің іші жаңа жайлы қоңыр салқын. Буы бұркыраған үйеме табақ ет тартылып жатыр. Мүйіз сапты пышақтарын саптаманың қонышына жанып-жанып алған епті жігіттер, етті жапырақтата турауда. Сілекейін жұтынған аксақал-карасақалдар, жеңдерін түріп алып табақтарға төнуге әзір.

Іргесінді жакка тарткан табақ та мол екен. Түрілген кос казыны [illegible] салыпты. Жал мен жая сүрмен араласып сілекейді еріксіз [illegible]ндай. Иісі аңқыған зерен толы қымыз бен кою шұбат та [illegible] жатыр. Бұндайда ет турауға Нияз алдымен кірісіп кетер еді. [illegible] біреулер ет турамақ құрлы бұлданып бітетіні бар. – Ересекпін, [illegible]шілер турай берсін. – деп кергиді-ай келіп. Нияз болса алдына [illegible] келсе-ақ, көзі жайнаң ете бәкісіне жармасады. Етті келістіре [illegible] үшін алдымен пышақтың өткірлігі қажет. Нияздың дандан [illegible] бәкісі кашанда ұстарадай лыпып тұрады. Міне казір де жеңін [illegible] жіберіп, үйеме табақтағы кара кесек етке шеңгел салды [illegible]мен. Бір келкі кылып жапырактата түсіріп жатыр. Қимылына көз [illegible] емес. Оң тізесін ала отырған Қайрат:

Турасайын ба? – деп күнк етіп еді, езу тарткан Нияз, - еш алаң [illegible], көке. Өзім-ак жайғастырмаймын ба әп-сәтте –ак. Тек - турар [illegible]сын- деп тілей берсеңші. – деп әзіл ілді.

Алдымен кара кесекті турап, оның үстіне аппак казы мен [illegible]ріктей жаяны жапырактата түсірді. Әрі ірі, әрі семіз мал көрінеді, [illegible] жеңді білектей екен. Іші тұтас май сол картаны теңге-теңгедей [illegible]лектете турап, табактың жиегін айналдыра рет-ретімен түсірді. Бұның әбжіл кимылына карап отырған каба сакал бір егде кісі:

Ой, жарадың, шырағым. Көзді ашып-жұмғанша паршалап та [illegible]ердін-ау. Қолына көз ілессейші тіпті. Алдарына ас койдык, екі [illegible] бос койдык демекші, енді жемеске лаж да жок. – деп бетін бір [illegible], табакка итіне түсіп, бес кармағын салып кеп жіберді.

Сегіз болса сонау төр жактағы Жанакка назар салып отыр. Мұрат [illegible]молла акынды жактырмаса да, лажсыз ысырылып оң тізесінен орын [illegible]рінті. Төрдегі табакка үймелеген кіл жасамыс жаксылар етке [illegible]ңгел салып, карбыта асауда. Саусактан майды сорғалата, кесек-[illegible]сек казы-картаны уыстап ауызға жөнелтеді. Саусакка кара еті жок [illegible] майлы кесек іліксе, шайнамай-ак бүркітше кылғыта береді. Мұрат [illegible]молла да карны кампиған жаксылардан калысар емес. Өзі де бұғағы [illegible]лбыраған, екі беті семіздіктен тырсиған етжеңді кісі; ырсылдап, [illegible]рлеп-тепшіп уыс-уыс майды өңешіне жөнелтіп әлек. Бұның мына ет [illegible]жесіне езу тарткан Сегіз ішінен, - буаз катындай шермиген мына [illegible]рімен тіпті май басып кетеді-ау сүбесін. – деген оймен дамолланы Жанакпен салыстыра берді.

Акын болса еттің майлысын емес, сылалауын шактап кана алып [illegible]уызына жөнелтіп отыр. Бірер асаған соң ауызы-колын сүртіп, шұбат [illegible]ртпауға кірісті. Майлы ет тұрмак тіпті каракесекке де кол созбай [illegible]тартынып калды. Қапсағай бітімді болғанымен бойында арам ет жок, [illegible]укатка да комағай емес екен. Сегіз ішінен:

- Міне үлгі. Қайсы бір шал-шаукандардай ет аңдымайды екен жарыктык. Асты шактап ішуге дағдыланған болар, мөлшерін біледі.

Тәбетін тежеп бойын үйретеді де есті кісі. Әйтпесе анандай [illegible] бір табақ етті де еңсеріп тастамай ма мешкейлер? Арыстан ашқ[illegible] ток болады демекші, асқа қомағайлық ер азаматқа қол емес-ау. Ауру жігіт – ауру жігіт демекші, шайлаған үйректей семіз дамолланған талтаң басқан жүрісі де сөлекет. Арғымақ бітімді ақын болса [illegible] тартқанымен қимылы жігіттей-ақ ширақ. Бұл дене бітімінің [illegible] айырмашылығы болса, дамолла екеуінің рухани әлемдері [illegible] алшақ жатыр-ау байыпқа салса. Көз бен бет-әлпет адамның [illegible] сырының айнасы мәнзелдес. Үрген қуықтай етженді домоллаған сүрепеті де ұнамсыз-ақ. Сібер де тоңмойын мінезін айғақтаған[illegible] Сирек кірпікті сығырайған көздерде менмендік тұнып тұр дерсің.

Жанақтың түр-сипаты керісінше кішіпейіл де сабырлы [illegible] көздерден мейірім себездеп тұрғандай. Қыруар қисса-дастанды [illegible] ескілікті сөзді, шежіре мен тарихты білгендігі, жалпы білім мен рухани ізденіс әсері дидарын нұрландыра түскен. Ойы сергек [illegible] кісі екені жіті көзге аңғарылмай қоймас. Ауызын ашпағанның [illegible] зерделі, көкірегі ояу жан екені әлпетінен танылғандай. Кәртайғанда осы ақындай парасатты жан бола алсам кәнекей. -Жүзінен [illegible] төгілгендей - деп осындайды айтса керекті. Құрсақ қамын ғана ойлап ет аңдыған бордақы нансоғарлардың тірлігі құрсын. Жемге байланған соғымның малынан айырмасы қайсы? Оларға қарағанда Жанақтың [illegible] аралап жыраулық құрғаны көш илгері. Бәз біреулер сөгіп те жүрген болар сыртынан. Көре алмайтындар бәлкім көзіне де айтар. Ел ішінде алуан мінезді кісі бар ғой.

- Сақалының ағында не жоқ осыған тентіреп, ел ақтап? Отырмай ма кемпірінің қасында. Байларға өлең арнап мал тапқаны тіленшілік емей немене? – деп сын тағады әдетте өнеге айтқыш шекшығар шал шауқан. Сол сияқты сал-серілерді де жақтырмайтындар баршылық. Бұлар әдетте малқорда, дүниеқоңыз бай мен байшікештер.

- Осылар несіне жетісіп ел қыдырып жүреді екен өңеш созып? Кім тентіреген жатып ішерлер. – деп астамси мұрын шүйіреді-ай келіп. Домбыраны шайтанның жын-ойнағы, жыр мен әнді әуейілік көретін, ондай тоғышарлар баршылық әрине.

Сөйткен сындарды, қызғанышты, іштарлықты жеңе біліп, бар ғұмырын өнер жолына сарп еткен мына қарт ақын нағыз еліктеуге тұрарлық жан екен. Құдая, кәрілік берсең осындай мәнді, парасатты кәрілік бере көр. – деп түйіп қойды.

Бұл кезде ет желініп болып, дәм қайырылып Мұрат дамолла құран бағыштауға кіріскен. Араб сөзін көмейін толтыра, бар дауысына сала мақамдап қирағаттайды. Мешіттің зәулім мұнарасынан әуезді үнмен азан шақырған мәзіндерге еліктей мәділеуде. Алайда әуені пәлендей бапты емес. Ырғағы да келіссіз,

[illegible] лебізі де ұнамсыз. Құлакка түрпідей тие коймаса да, ұзын [illegible] кісіні кәдуілгідей жалыктырады екен. Бірак Мұрат - екең [illegible] болса керек, бір келкі сарынға салып сүрдектете берді де, [illegible] таптай халайыкты кинады. Кей егделер калғуға да айналды. [illegible] бітірді-ау бір кезде. Құдды бір көпшілікті жарылкап [illegible] ай-ак жан-жағына кокилана карап, самайын айғыздаған [illegible] үнімен дегдіте бастады. Сөйтіп отырғанда бір кезде назары [illegible] Жанакка түсіп кетсін. Ұзын сүренің кашан бітетінін [illegible] акын, мүлгіп кеткендей көзін жұмып отыр. Бұнысын шам [illegible] мс, оніне кан теуіп шыккан Мұрат:

[illegible] ау, картым, ұйыктап калғанның кай жағысың? Кітап сөзіне ден [illegible] ланың ба әлде? – деп кінә арта тіл катты.

[illegible] етпе, ілез тұтанғыш кісі ғой, енді болмаса күйіп-пісіп калар [illegible] ар. Жанак болса мүлде керісінше мінезбен аспай-саспай:

[illegible] тап сөзіне не ғып ден коймайын, моллеке-ау. Мұсылман емеспін [illegible] Макамың тым ырғакты екен, иранбактағы бұл-бұл дерсің. Соған [illegible] ко жұмған түрім ғой баяғы. – деп жайбаракат кана жауаптасты.

[illegible] ні де түрі де мейірбан, еш кекесінсіз шынайы пікір сиякты. [illegible] дамолла немкурайдылау айтылған бұл жауапты көніліне дык [illegible] керек, лау ете тұтанды да:

Кайдағы бұл-бұл? Кекеткенің бе, кеміткенің бе? Құска теңемекпісің [illegible] бір дамолланы? – деп бастырмалата келіп, кенет мұкатуға бір айла [illegible] дай зәтте құбылды да, насаттанған нысайға міне, - кәне, сен бір [illegible] окышы мұсылман болсаң! Бұл-бұл екенсің ғой, көрейік өнеріңді. [illegible] кисса-дастан жаттап әуреленіп дұғаларды ұмыттың ба мүлде? [illegible] амбар жасынан асса да ғашыктык киссаны ауызынан тастамайтын [illegible] месердің әуселесін көрейік. Кәне, аруакка құран бағышта, аска келген [illegible] окпысың. – деп, акынды кыспакка алайын деді.

Ашуға мінген соң Жанактың Бұкара медіресесін тәмәм кылғанын [illegible] ен шығарды ма, әлде таңды таңға ұрып дастан жырлаған кісі аятты [illegible] ұмытар болар деп білді ме, әйтеуір еш шүбәланбастан соктыкты.

Жанак мұрт астынан сәл жымиып: - Өзің емес пе, - мүптиден [illegible] арнайы келген молда тұрғанда өзгеге аят окуға жол жок! – деп [illegible] ауегенің. Аттыға жол ауыздыға сөз бердің бе. Кейімесең болғаны [illegible]. Колка салсаң ал тыңда ендеше. Аруактарға құран бағыштау әр [illegible] мүминге парыз дағы. – деген сөзбен бетін бір сипап тамағын кырнады [illegible], фатика сүресінен бастай келіп кирағаттай жөнелді.

Лебіз шығаруы мұң еді, дабырласып отырған халайык елең ете [illegible] лып құлак түрісе калды. Өйтпеске мүмкін де емес еді. Акынның [illegible] ор, сұлу дауысы тыңдаған жанды бей жай калдырмастай. Арабша [illegible] тілі де өте таза, үнемі шұғылданып, жаттыктырып жүретіні салған жерден аңғарылады. Таза тіл мен ырғакты әуез, құлакка жағымды

кою да коңыр үнмен үйлесім тауып, тыңдарманды ұйытты да жібер[illegible] Дамолламен салыстырғанда Жанақтың ең басты артықшылы[illegible] әуенге бейімділігінде. Қос аспапты, домбыра мен қобызды [illegible] меңгерген, және күн құрғатпай тартуды машық қылған ақынның [illegible] деген қабілеті орасан болмай қайтсын. Табиғат сыйлаған [illegible] сазды дауыс пен осы қабілеті қосылып, жыр айтқанда үнемі [illegible] түскен соң, ақын өнері әбден ұшталып та болған.

Сол мәнерімен құран мәділеген соң көпшілікті баурап, тәнті [illegible] де жіберді. Дамолланың майланбаған арба айдағандай шарыл[illegible] үні астар да болмай қалды. Бұны көпшілік те Мұрат молданың [illegible] ұқты. Дамоллаға егескені ме, әлде өз үніне өзі сүйсінді ме, Жана[illegible] ұзын сүреге салып дұғаны ұзақ қирағаттады. Мұрат Жауғаштың[illegible] аруақтарына құран бағыштағанда алдындағы қағазға жазылған [illegible] аттарын шұбырта оқып шыққан болатын. Бағзыда өткен жақ[illegible] жайсаңның жиырма шақты есімі бартын тізімде. Кей жазулар[illegible] анықтап ажырата алмай Бақтиярға еңкейіп сұрап та отырған.

Бір артықшылығы, Жанақ сол тізімдегі өткен-кетк[illegible] жақсылардың аттарын жатқа айтып шықты. Мұраттың алдынд[illegible] парақты да сұраған жоқ. Бақтиярдан да жәрдем сұрамай, бір-ақ [illegible] есіткен тізімдегі есімдерді еш мүлтікіз қайталап айтып бер[illegible] Бұнысына қайран қалған би де, өзге ағайын да бас шайқасып [illegible] ғана бір-біріне қарап қойған. Таң-тамаша отырған Сегіз де ішінен Міне жадтың орасан алғырлығы! Қыруар киссаны жаттағанның нәтижесі-ау, не қылса да. Бұның жасындағы шал-шауқанның қайсы біреулері бажи бастап, немерелерінің аттарын да шатастыра берер Бұл болса бір-ақ мәрте құлағы шалған жиырма шақты есімді судырта қайталап айтып шықты. Ақындықтың пайдасы осы да. – деп сүйсінді

Жанақ – әумин! – деп аяқтап бет сипаған соң, төрдегі ақсақалдар жамырап:

- Бәрекелді, бір кенелтіп тастадың!

- Мәзіннің мәділегені десеңші.

- Түркістан мешітінің азаншысының мақамына ұқсаттым Айнымаған сол. -

деп мәре-сәре болып жатыр.

Бұлардың үндері саябырсып еді, кенет сырт жақтан:

- Уа, серілердің әнін естиік.

- Сегіз сері келіпті ғой, бері шығарыңдар, лебізін естиік.

- Жол жүреміз, әнін естіп қалайық. -

деп сақылдаған үндер жан жақтан жетті.

Үйдегілер енді ғана аңғарды - кереге айнала андыздаған көздер ішке үңіліп тұр екен. Жанақ құран мәділегенде, сазды мақамға қызыққан халайық үйді қоршап алып тыңдаса керек. Енді міне

[illegible] жағымды лебізі делебе қоздырды ма, қалың көпшілік [illegible] ән дәметуде. Жас-желеңнің дауыстары шықса бір сәрі, [illegible], орта буын азаматтардың да үндері әр тұстан естілді. [illegible] жеткен дабыр сәт сайын ұлғайып та барады. Кіл жастар [illegible] Мұрат дамолла бәлкім жекіп те тастар ма еді, ес тоқтатқан [illegible] сұраған соң іркіліп қалып, ақсақалдарға қарағыштай [illegible] Бұнысын аңғара қалған Бақтияр:

Халық қаласа хан түйесін сояр демекші, құрапаттың бетін [illegible] қайтарарсың? Өнер ортақ қашаннан. – деген сөзбен Сегізге [illegible], - рұқсат, шырағым. Тысқа шығып ән салмасаң болмас. [illegible] үй сенің үніне тарлық етер. Оған көзіміз жетті ғой түнеу күні [illegible] алаңында. – деп бұқараның ыңғайына жығыла сөйледі.

[illegible]шайын деп тұрған қоянға шәйт деген соң не жорық демекші, [illegible] ырысып әрең отырған Сегіз үлкендерден кешірім сұрағанның [illegible] жасап, омырауына қол апарып басын иді де, үйден шыға [illegible] Ниязды ертіп тыска шықса, халайық күтіп тұр екен. Кәрі-жасы [illegible] қара нор көпшілік шу ете қарсы алып:

[illegible], бәсе, шықты серілер!

Нияз дегені анау қараторысы ғой, Сегіздің серігі.

Келбетті жігіттер екен, не қылса да.

Ал ортаға алайық анау дөңге шығарып.

[illegible]ген дауыстар жан-жақтан шығып жатыр.

Өзір тұрған Қайрат Сегіздерге домбыра ұсынған соң, жігіттер [illegible] гаман қадам басты. Халайықтың дабырасы сәл басылған соң, [illegible]шақ бөрікті бір буырыл сақал отағасы:

Уа, ағайын, мына тұсқа баршамыз тізе бүгіп жайғасайық. [illegible]рілерді ортаға алып орналасыңдар. Һәмма халықа көрінетін [illegible]сын, серілерді жоғары жіберіңдер. Тиыштал шуламай, саған [illegible]ам, оу жастар жағы! – деп айқай салды.

Дауыстауы мұң екен, бар әлеумет дөңді айнала жайғаса бастады. [illegible] малдас құрып, кейі жүресінен отыра қалып тізе бүгісті. [illegible]арлары ортадағы серілерде. Бұндайда әнді алдымен бастайтын Нияз. Халықтың мінезіне қанық қәнігі өнерпаз сөз шығындамай, [illegible]ған жерде әнге басты. Сол-ақ екен абыр-сабыр сап тиылып [illegible]лайық тына қалды. Асқа келгелі қолына домбыра алмаған Нияз [illegible]абын сағынып, құйқылжыта жөнелді. Сегіз екеуі әдетте күн [illegible]ұрғатпай ән шырқайтын. Әсіресе далада екеуден екеу келе жатқанда [illegible]ектесіп жіберуші еді әнді. Бұл елге келгелі үлкендердің қасынан шыға алмай ішқұста болып жүрген. Соның есесін алмақ болғандай Нияз түйдек-түйдегімен жіберді әнді.

Ашық та қуатты, құлаққа жағымды сазды үн ауаны тіліп жібергендей сонау зеңгір көкке шаншылды. Халайық сілтідей тынды.

өзге дыбыс атаулы да басыла берді. Нияз түрегеп тұрып шыркаш [illegible] жолдасын әдейі көрнекке шығармақ болып сәл кейінірек [illegible] отыра жайғаскан. Манадан бері айналаға жөндеп назар салмаг[illegible] караса халайыктың саны ересен көп екен. Кешегі күрес пен [illegible] тұсында топ-топка бөлінген әлеумет, бүгін бір шоғыр болып бас[illegible] Бұндай қара нор көпшілік алдында шыркау үшін аса зор дауы[illegible] әрине. Әйтпесе сонау шеттегілерге әнің естілмес те.

Алғашқы шарт куатты лебіз бен әншілік өнер болса, екінш[illegible] өзіне сенген жүрек болу керек әрине. Самсаған көз кадала [illegible] дәтің берік болсын алдымен. Себебі, ішіп-жеп бара жаткандай [illegible] көздердің иелері сын таға кадалады ғой. Көре алмайтындар да [illegible] кайткен күнде. Боркемік болып жасыктыкка бой берсең, күнде [illegible] жүрген өлеңіннен де жаңыларсың.

Бірак, шын жүйрік топты көрсе өршеленер демекші, [illegible] халайыктан именер Нияз ба? Қайта көпшіліктің назарына іліккен [illegible] ак, шабыттанып аркасы коза түсті. Қарасынан ағы ден аялы [illegible] күлім кағып, куакы ұшкын шаша карайды айнала тоңр[illegible] Шыкшытты, дөңгелене біткен келбетті жүзі күрендене [illegible] маңдайында шып-шып тер білінген. Үлкен басына құндыз бөрік, [illegible] бітіміне окалы бешпет жараса калған. Шүйдесі токпактай жұп-жұм[illegible] әлуетті мойынындағы алкымы ән салғанда ісініп кетер еді. Сөйтсе [illegible] еш киналыссыз, күшенбей шыркайды. Күшенбек былай т[illegible] әуелеткен сайын ләззатка батқандай дидарының нұры балки [illegible] Өңінен де, лашындай лыпыл каккан жалпы тұрпатынан да, жа[illegible] жігер лаулап тұрғандай. Шиыршык аткан порымына, екпіні [illegible] төнкергендей әуеніне сүйсінген көпшілік риза болып, жан-жактан:

- Пәлі шіркін, міне жігіт!

- Арканың айhай жазирасын елестетті-ау сабазың!

- Қаршыгадай кунакы порымына болайын. Самғап кеткелі т[illegible] жас кыран.

- Бала бүркіт парлап ұшады демекші, зеңгір көкте калыктап жүр[illegible] дерсің. -

деген кошамет айкайлар естіліп жатыр.

Саңдакка күш коскан көтермешідей, бұл айкайлар әнш[illegible] кыздыра түсті. Досының мінезіне канык Сегіз, бұндай колдаудан [illegible] жуык маңда тізгін ірікпейтінін біледі. Кешегі сәулім көзге көрінбес [illegible] екен деген әлсіз үмітпен, айналаға назар кыдырта да бастады. Бірак [illegible] мына кіл бөріктілер кыз-кыркынды алғы шепке жібере койсын ба[illegible] Келсе де сонау шет жакта тұрған болар.

Кенет кезекті кошамет айкай шыккан жакка мойын бұра беріп ед[illegible] о тоба, дәл камшылар жакта алғы катарда бір топ кыздар тұр. Үкілер[illegible] бұлғаңдаған кіл мәре көйлекті, кырмызы камзолды бойжеткендер[illegible] Құрык сілтер жерде-ак, жап жакын бой түзей калыпты.

Бұлар қашан келіп қалды, әлгінде көріне қоймап еді ғой? Әлде [illegible] ішінде байқамай қалдым ба. – деген ой су етіп, қыздарға [illegible] назар қадады. Қадауы мұң екен, Мақпалдың айдай жүзі жарқ [illegible] оттай басылсын. Үш қыз әдетінше оқшауырақ тұр.

[illegible] Нияз айтқан сырлас құрбылары ғой. Анау толықшасы Құсни, [illegible]ны Раушан. Менің Ғауһартасым болса, Бақтиярдың бел [illegible] Мақпал сұлудың өзі екен-ау. Таныспай жатып-ақ дәл соған [illegible]нің ауғанын қайтерсің. – деген оймен Мақпалдан көзін айыра [illegible]. Оның да назары Сегізде екен. Қос жанар түйісе қалып еді, [illegible] оқі ду етіп көзін тайдырып әкетті. Бірақ сонда да құпия бір [illegible] тартып тұрғандай-ақ, қыз бен жігіттің назарлары бір-бірін [illegible]ріксіз тоқайласа берді. Мына қара нор халайықтың ішінде өзге [illegible] тоқтай, тіпті құдды бүткіл әлемде екеуден екеу-ақ қалғандай [illegible] көзге ілер емес.

[illegible] кенет Мүкәрәманы еске түсірді. Ішінен өзінің дәл қазіргі [illegible] күйіне аң-таң. Бір көрген қызға сонша құлай ғашық болармын [illegible] Мүкәрәманы Қызылжарда жеткіншек жасымда бір көріп, содан [illegible] арада уақыт салып Омбыда жүздескен екенмін. Демек, арада [illegible] өтіп, көңілдегі сезім біртін-біртін пісе келіп әбден қалыптасқан [illegible]. Ол түсінікті құбылыс қой. Ал енді дәл бүгінгіме жол болсын!

Бір қызығы сонау Арқаның теріскейінде туып-өскен Мүкәрәманың өңі қараторы еді де, мына күннің көзі шыжыған, жазғы [illegible] адам төзгісіз өлкенің тумасы Мақпалдың ажары аппақ. Түн [illegible]лығын түре қуып туған, шапақтап атқан таң дерсің. Мүкәрәманың нәсілі татар бола тұра өңі қараторы. Демек, арғы [illegible]ары күнгей жақты мекен қылғанның айғағы бұл. Сол жақтан [illegible] келген ғой сірә. Күнгейдің аптабында ғана өмір сүрген адамзат [illegible] қараторы болып қалыптаспақ.

Ал енді, күні шақырайған ыстық өлкенің перзенті Мақпалдың [illegible]ары, керісінше сонау қысы қытымыр жақтан көшіп келсе [illegible]. Онысына аппақ өңі айғақ. Демек, қазақ пен татар деген [illegible], өте ұлан байтақ кеңістікті жайлап келеді, сапырылысып көше [illegible] деген қорытынды шығаруға болады бұл жәйттан.

Ойтеуір не керек, біреуі қараторының келімдісі, біреуі аққұбаның [illegible]арнысы, бұл екі сәулім менің дегбірімді қашырғаны анық...

Ал енді құрматлу жамағат, Сегіздің лебізін тыңданыз! – деп ту [illegible]ынан саңқ еткен Нияздың үні ойын бөліп жіберді.

Қыздарға сұқтанып отырғанда, досының әнді түгесіп болып, өзіне [illegible] ұсынғанын аңғармай қалыпты. Мақпалдың қасындағы [illegible]рбылары бұның ойға шомып, Ниязды естен шығарғанын келеке [illegible]ды ма, мырс-мырс берісті. Раушан бірдеңке деп күбір етіп еді, Мақпал оған мойын бұрып жауаптасты да миық керді. Мойынын бұра [illegible]тап жымиғаны соншалықты сүйкімді болар ма.

- Аккудың сұңғағындай дерсің мына алма мойынын. Айдын көлдегі көгілдір дәл осылай әсем бұрушы еді иілген сұңғағын. Ал тартуы да жарасымды. Қанша карасаң да көз тояр емес. Жұтып жібергің келеді екен караптан карап тұрып. –

Осы оймен ес жиды да орнынан атып тұрып, домбыраны күйлеп бастады. Өңі күреңденіп самайын тер айғыздаған Нияз, - кезекті ойын бердім – дегендей күлімдей көз тастап, тұрған жерінде-ак тізе бүгіп шөп үстіне отыра кетті. Ән айтсаң жаныңды жеп айтасын демекші бар ынты-шынтысымен беріле, токсан бунак кылып құйқылжыта шыркаған сері, әжептәуір шаршап калғанға ұксайды. Мандай терін жеңімен сүйкей сыпырып сұлк түсе отыр.

Ел жарыктык әнші-күйшіні күте білетіні мәлім. Лыпыл каккан сол жігіт аяк ұшымен жүріп келіп, зерен толы шүпілдеген кымызды асыл әдеппен дамылдап отырған серіге ұсына берді. Сегіз болса домбырасы безілдете тартып-тартып жіберіп, әдеттегі дауыс ашар әні « Ішіп жиренге» басты. Өз басы да осы елге келгелі бері лебіз шығара алмай іші пысыңкырап жүр еді. Ашшы тер, тұшшы тері алынып мейлінше каткан сәйгүлік, бірер күн албарда тұрып жүріс көрмесе ішкұста болмай ма. Әнші-сері де бабындағы жүйрік мәнзелдес. Топ ішінде жүрсе Жанактың жырын тұшынып, алыстан талып жеткен жастардың әнін тыңдап, өзін лебіз шығара алмау деген азаппен парапар ғой.

Бактиярдың касынан шыға алмай запыс болған Сегіз, ойы алғандай-ак бар өкпеге салды-ай келіп. Құлак құрышын кандырар ала зор дауыс зәтте төнірекке жайылып, ак үйлі ауылдың үстінде калкып әуелей берді. Үй ішінде шыркағанда дауысын үнемі тежеп отырар еді Сегіз. Өйтпесе жұрттың құлағы тұнып калуы да ғажап емес. Ішінде тұрған соң бар дауыска салып армансыз көсілді. Нияздың биік ашык үні ә дегенде көкке өрлесе, Сегіздің әрі коңыр, әрі куатты, сонау лебізі төрт тарапка тең жайыла шарк ұрды. Жұрттың кыбыр-сыбырымен дабыс атаулыны басып жіберіп, мың күміс коңыраудың косылып шыккан үніндей дыңылдап тұрып алды.

Бірер әнді түйдегімен жіберген соң, демін бір алып кыздар тобына еңсе бұрып еді, жанары Макпалдың көзімен айкаса кетті. Бойжеткен көзін кең ашып кірпік какпастан карап тұр екен. Сүрепті көзкарасы да біралуан. Мейірім де тәтті киял да, бейкүнә сәбилік бір ғажаптану да бар ма калай кияпатында. Осы бейне, осы көзкарас тілі бір шабыт бітіргендей серінің көкірегіне. Сәт ішінде тұтанып шыккан жалындай серпінді шабыт соны бір әуезді зәтте тұдырды. Сол еш кідіріссіз өзінен өзі жыр болып калыптасып, осы жерде туған жаңа ән әуелей берді:

Ажарың ашык екен аткан таңдай,
Нұрлы екен екі көзің жаккан шамдай.

Анаңнан сені тапқан айналайын,
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай. -
Сені келіп, қайырмасы қалықтатты.
Беу, беу, гауһартас,
Күсни құрдас,
Раушан жүзің көргенде,
Сәулем-ау, сабырым қалмас.

Мақпал- деп бадырайта есімін атауға жол жоқ әрине. Біріншіден ұят ұялып қалады, екіншіден Бақтиярдан ыңғайсыз. Дәм-тұзын татып, ыдыласына бөленіп жүріп, қыз баласына сөз айту деген барып тұрған ұятсіздік. Күсни, Раушан десе, бұл екеуі де парсы сөзі. – Күсни- әдемі ұлы мағынаны білдірсе, - раушан- деген хош иісті гүлдің атауы. Парсы мен арабшаға жетік зиялылар бұл сөздің мағынасын қайтып білмесін... Ол болса өз кезегімен шумақ-шумақ болып төгіле берді.

Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан,
Шолпандай таң алдында жалғыз туған.
Жылы су колда құман, карда орамал,
Жібекпен қызыл кәріс белін буған. –

Сені келе, сол таңғы сәттегі Мақпалдың порымын көз алдына елестете бердім. Бейкүнә сәбидей риясыз жүзі, майда ғана жымиысы, ыңылдап ән әндетіп келе жатқаны нендей жарасымды еді-ау, шіркін! Өз ойынына өзі шаттана мырс бере күліп жібергенін айтсаңшы. Жастық ойнар бұлқынып тұр-ау бойында. Шапақтап аткан таңды қарсы алып ұшқан түрі дағы. Ата-анасының оң жағында бұлаңдап өскен ерке бала болмаса сөйте ме. Кіршіксіз көңілі, дүйім адамзатқа деген ақ пейілі көрінетін кернеп тұр-ау асылы. Балауса жастыққа таза ниет қосылмаса шынайы ақ жаркын, нәзік жымиыс пайда болмас та.

Біз біреулер қыркын көгілдір жас болса да, үнемі қабағы келіспей қамырайып жүрер еді. Кеуілде бүкпе сақтағандар сөйтеді де. Мақпалдың күлкісі болса, ақ жаркын ниеттің айғағындай. Ал енді шынар басып келе жатқанда мойынын әнтек кана бұрып, көзін қыскергені де бір ерекше көрініс-ау. Нендей теңеу тауып суреттесе болар еді бұ кимылын? Ер жігіттің серігі жүйрік ат емес пе. Тақымына басып баптап жүрген сәйгүлігі. Бозшұбардың кекілі мен қалың сағаттап тарап, көл суына шомылдырып, сүт пен сұлы беріп ұстаған Сегіз үшін осы тұлпардың мүсінінен аскан әсем көрініс болуы ма еді. Әсіресе иесін көре сала сонадайдан мойынын бұрып сәлемдесіп тұрғаны кандай еді шіркін! Тас төбесінде камыс құлактары шаншыла, мойыны каздай иіле, тостағандай көздері жайнай карап тұрғанда, шебер бәдізшінің колынан шыккан мүсін дерсің. Ұшкыр ойында осы елес және бір шумак болып актарыла берді:

Басасың аяғыңды ырған-ырған,
Сылдырап шашбауың мен алтын сырған.

Жай жүріп шаттанасың әсерленіп,
Әсемсің жүйрік аттай мойынын бұрған.

Бұл ән жаңа ғана туғанын қалың көпшілік ұққан жоқ. Бұрыннан айтып жүрген өз әні, Арқадан жеткен туынды [illegible] халайық. Сегіздің шырқап салар бар әнінен хабардар Нияз бен Қайрат қана соны шығарма туғанын ұқты. Алайда қыруар көпшіліктің [illegible] Сегіздің сырын ұққан және бір жан болды. Ол Мақпалдың [illegible] Өзіне ғана арналған ән екенін түйсігімен сезді Сырдың [illegible] Арқаның арда күрең азаматы. ақиық әншісі өзіне құлай [illegible] болғанын да аңғара білді қыз жүрегі. Мына ән дәл осы сәтте [illegible] екенін де салған жерден ұқты. Біртуар әннің асқан [illegible] қайталанбас ерекшелігін де бағалай білді.

Өз атын, Мақпал есімін ғаухартасқа балап, өнер тарихына [illegible] жазып кететінін ғана білген жоқ. Он екіде бір гүлі ашылмаған [illegible] жас, туу болашақты, тарихты қаперіне алсын ба. Әйтсе де [illegible] маркайып серіге риза болды. Бұл жігіттің құлай сүйгенін ұқты да [illegible] қана қойған жоқ, қыз түйсігі жүйрік емес пе, өзінің әміріне [illegible] алатынын да сезді. Сезді де өзінен өзі ұялғаны ма, әлде кенеттен [illegible] болған таудай бақыттан көңілі өскені ме, өңіне қан теуіп шыға келді.

Өйтпегенде ше? Аты дүйім алашқа кеткен серінің [illegible] іліккен нәуетек қыз шаттанбай қайтсын. Жүзіне қарасаң оқыма[illegible] шәкірттей сып-сыпайы, тұрпатына көз тастасаң нығына [illegible] мінгендей атпал азамат өзінді шолпан жұлдызға теңесе, бақ[illegible] бөленбегенде несі калды? Өңі ду еткен Мақпалдың ойында - [illegible] қалай жолығар екеміз? Мына ызғындай елдің ішінде оңаша жүзде[illegible] қиын болар. – деген сұрақ қана болды.

Сегіз болса жолығысу мен сырласу жағын қаперіне де алған жоқ. әзірше. Дәл осы сәт Мақпалды көріп тұрғанына дән риза болып, бар мұратына жеткендей. Оңаша сырласу, кол алысу, сүйісу дегенді атымен естен де шығарған. Дәл осылай сонау жерде жүзін төмен сала[illegible] қызарандап тұрғанның өзі бақыт емей немене? Тіл қатпаса да көзбен ұғыскан жоқ па екеуі. Айналадағы қара нор халық көзіне бір кісідей ақ көрінбей, тек қана Мақпалды аялай берді жанарымен.

- Осы күн, осы сәт бітпесе екен-ау, шіркін! Ән де бітпей осылай шырқай берсем ғой, Мақпалмен көз түйістіріп. – деген тілекпен «Ғаухартасты» әуелете берді.

3

Алқалы топтың ішінде емеуірінмен ғана ұғысып қалған екі жасқа, жолығысудың сәті сол түні-ақ түсті. Оңаша жүздесуді ұйымдастырған Нияз бен Қайрат. Сегіздің көңілін таныған серіктері халайық тарқаған соң-ақ, шұғыл іске кіріскен. Бақтиярдың кенже ұлы Алдиярға жолығып:

[illegible]рдің өнері жастардікі ғой. Осы түн алтыбакан құрып сауық [illegible]ырайық. Жауғаштының жас-желеңі бір серпіліп калсын. – [illegible] жасаған.

[illegible]ктей сұлу мұртты, шыкшыты мен жақтарын иектей біткен [illegible] сақалды келбетті жігіт Алдияр әнкұмар, серілеу болатын. [illegible] келмей келісе кетті де, әзірлікті өзі бастады. Алтыбакан [illegible] кашығырак, көлдің жағалауына таман құрылды. Бұл тұс [illegible] оңталы, ажырығы мен айрауығы калың біткен жер. Намазшам [illegible], көз байлана үлкендер жағы үйді-үйлеріне тараған соң, ойын-[illegible] бастады. Нияз бірер әнмен жиынды кыздырып алған соң:

[illegible] бойы біз айта берген жараспас. Ел әншілері де кезек алып, [illegible]міз сарыала болсын. – деген желеумен, Алдиярдан бастап [illegible] домбыра аралатты.

Бұ[illegible]елдің жес-желеңі шеттерінен өнерлі болып шыкты. Бозбала [illegible], кыз-кыркын болсын, аспапты кайтармай құйкылжыта [illegible]ді. Алтыбакандағы кыз бен жігіт өз алдына кезектесіп ән [illegible]. Бір ерекшелігі – айтылған ән кайталанған емес. Қайталана [illegible]-ак, айнала тындап тұрған жастар:

[illegible]ғонысын айт, кайталама! Пәленшекең әлгінде айткан өлең ғой. – [illegible] ете калады.

Бұ[illegible] жердің маңайы құракты, көгалды көл жиегі болған соң, [illegible]рмаса көп. Кеш түсе-ак бұлттай үйіріліп мазаны кетірген соң, [illegible]лар бірнеше тұстан быксыта түтін салды. Аспанда шөкімдей [illegible] жок, ай жарык, жұлдыз біткен самсап тұр, ойын-сауык өтіп [illegible]ткан жер алакандағыдай ап-айкын көрінуде. Сокыр теке, мыршым-[illegible]ршым, калдырма-каки сиякты алуан түрлі ойындар кызып жатыр.

Мысым ауылдың әншілерін басып жіберер. – деген есеппен Сегіз [illegible]найылык сактап, екі-үш әнмен ғана шектелді. Есі-дерті де, назары [illegible] Макпалда. Кыз ұялып калар деп, тіке карамай көзін тайдырып [illegible]ете береді. Жанарлары токайласып калса-ак Макпал жымиып [illegible]сесін тұкырта кояды.

Бұл екеуі сезімдерін жасырмак болғанымен, жұрттың көзі кырағы [illegible]мес пе? Әсіресе Макпалдың жеңгесі Күләй екеуіне алма кезек кайта-[illegible]йта карай береді. Алдияр келбетті келсе, бұл косағы пәлен ажарлы [illegible]мес. Қоңыркай шашы сұйыктау келген, сопакша сары өңді келіншектің [illegible]орымында көз сүрінерлік белгі-нышан жок. Мінезі де жасканшактау. Макпалға пәлендей батып сөз айта алмайды. Сегізді нұскап:

- Мына сері сені көзімен ішіп-жеп барады ғой тіпті. Сескенейін [illegible]дім ғой, көзжаксым. – деп күлағына төне сыбырлағаны болмаса, [illegible]ге ескерту айта койған жок.

Күләйдің ізін ала Раушан да шынтағымен Макпалды бүйірден [illegible]ұкып: - Оу, кыз-ау, анау Сегіздің көз сүзуі сұрапыл ғой мүлде!

Қоянды арбап жұтып жібергелі тұрған әпжылан болар ма бір [illegible] түн сені тоқтыдай өңгеріп алып кетпесе игі еді. Серіге сенім бар ма деп бұл да күдік айтты.

Мақпал бұл сөзіне мырс беріп: - Қайдағы әкету? Сен де [illegible] айтасың-ау. Ызғындай елдің ішінен біреудің әлпештеген баласын [illegible] оңай боп па? Әкетпек түгілі оңаша қалудың өзі мұң. Мына [illegible] көздерден қайтып таса боларсың. – деп екі ұштылау жауап қайырды.

Раушан бұнысына үндемесе де, Күләй үрейленіңкіреген [illegible] - Оңаша қалудан кет әрі емессің ғой тіпті. Атама оны, ерке бала [illegible] атаулының зәулісі емес пе бұ сал-серілерің. Шабақты [illegible] жайындай қылғытып жібермесе маған кел. Қылқанына қақалмас [illegible] деп сақтықты айта берді.

Өйтпегенде қайтсын? Түннің ортасы ауа, ән айта-айта [illegible] қарлыққан Алдияр үйге кетіп қалды. Кетер алдында Мақпалды [illegible]

- Ана балаға бас-көз болғайсың. Жастар тарқағанша жүре бер [illegible] тежеме. Оң жақта бұлғақтамағанда қашан бұлғақтар дейсің. [illegible] тапсырып кеткен.

Ескертпесе де Күләй өз міндетін біледі ғой. Қайын сіңілісін бір сәт бағусыз қалдырар ма екен. Қасындағы қос құрбысына да [illegible] шамалы. Желөкпелеу Құсни анау Қайрат деген қосшы [illegible] арбауына түсті ме, қалай өзі? Сықылықтап күле берген түрі жаман. Бұ Қайратқа Нияз қалжыңдап:

- Әй, байқа, қыздың буына мастанып қаларсың. Үйінде қатын балаң бар екенін еске алғайсың ара-тұра. – деп еді, әлгі антұрған [illegible] шімірікпестен, - е, оның жарасы жеңіл ғой, түге. Үйден қырық қадам ұзаған еркек бойдақ есепті емес пе? Шариғатта солай дейді [illegible] молдалар. Нанбасаң бар анау Мұрат молдадан сұрап кел. – деп бет бүлк етпестен жауап қайырғаны.

Осылай оп-оңай шариғатты тәлкек қылар ма, мұсылман баласы Сықпыты да нағыз безбүйрекке тән дерсің. Күн мен жел қағып қарай тотыққан әлпетіндегі қос сыксимасы тышқан көздеріндей сығырайды. Шүйдесі токпактай, бітімі сом, қиссадағы Қодарды көзге елестетем десең, осы шойқараға кара да тұр. Анау шошақай Құсни бұның құшағына бір түссе, есі кетті дей бер.

Жә, ол ол болсын, өзімен кетсін. Жауғаштының бар шөпжелкесін андып болмас та. Мақпал жанның абыройына дақ келтірмесе болғаны да. Осы түн сын болғалы тұр-ау не қылса да. Әншейінде орнықты Раушанның да көзі жайнаң қағып, өңі алабұртып жүр әнекей. Бұл да серілердің арбауынан сау емес. Нияз аузын ашып әзіл айтса-ақ болды, тырқылдай күле беретінін қайтерсің. Нияз әлдене сұрап тіл қатса, шыбындаған жылқыдай басын шұлғып бар сөзін мақұлдаған сыңай танытып жүр әнекей. Мың жерде сері болса да, сонша елтіп кеткені несі бұ қыздың? Мінезінің жеңілдігі жоқ сияқты еді ғой.

[illegible] тақылеттес сан-сапалақ ойлар санасын кеулеп, Мақпалға [illegible] көз тастап қояды Күләй. Қайын сіңілісінің шаттыққа толы [illegible] секем алғандай. Ішінен: - Жоқ, шырағым, сені бере [illegible] серінің құшағына. Нәуетек бала басыңмен не білуші едің. [illegible], тәтті сөзге елтіп, абыройдан айырылу әп-сәтте-ақ. Жол [illegible] жорғақы жігіттер көрінеді бұ серілер. – Қыз қарғысы жігітке [illegible] жағар- деген сөзді желеу етіп, тұнығымызды лайлап кетер. – [illegible] қайрай түсті.

Бірақ Күләй қанша сақтық ойлағанымен оқиға барысы өз жөнімен [illegible] өсерді. Таңға бір ұйқы қалғанда ақ сүйек ойынын басқарып [illegible] Нияз:

[illegible] енді қапы қалма. Орайын тауып сонау жыңғылға ертіп әкет [illegible]. Оңаша сырласарсың. Мен анау Раушанды сөзбен [illegible] тұрармын. Құсниға Қайрат ие әнекей. Тек жеңгесінің тілін [illegible] болғаны. – деп Сегіздің құлағына күбір етті.

[illegible] сөзбен: - Ал таста ақ сүйекті! – деп айқай салып, қолындағы [illegible] жілікті бұталы бетке таман лақтырып кеп жіберді.

[illegible] де бар жас-желеңді бастап сол жаққа жүгіре жөнелді. Жас [illegible] оңаша қалуға сылтау осы ақ сүйек қой. Іздеген болып әр [illegible] екеу-екеу тарасып кетіп жатыр әнекей. Раушан мен Құсни түн [illegible] күмп берген соң, Сегіз:

Кетік, Мақпал. Біз де іздесейік ақ сүйекті. – деп бірер адымдап еді, Мақпалды жеңінен ұстай алған Күләй, - барма, ерке бала. Ертең сөз [illegible]. Серіге келіп кетері жоқ қой. Ұятқа біз қалармыз. Ұшарын жел, [illegible] сай білетін сал-серіге сенім бар ма? Өзі әлуетті жігіт көрінеді, [illegible] тәлкек қылып жүрер. – деп құлағына сыбыр төндірді.

Үйінде үрей де бар, бұйрық сарыны да жоқ емес. Жанашыр [illegible] міндетін атқарып, Мақпалды жібергісі мүлде жоқ сияқты. Қыз [illegible] әкетер мінез шығарса, тап осы жерде байбалам салатын түрі бар. Бірақ жеңгесімен сырмінез Мақпал ыға қойған жоқ. майда жымиып:

Бұл азаматқа сенімім кәміл, жеңеше. Мен дегенде шығарға жаны [illegible], плансаң. Жүзінде иманы бар екенін өзің де көріп тұрсың ғой. [illegible] енді жігіт әдепсіздікке басушы ма еді? Әлуетті болғанымен қара [illegible] сабыры билемей ме? Бұл серінің сыпайылығына мен кепіл, [illegible]еше. – деп тіл қатты.

Мақпалдың өзіне өзі сенімді порымы, сыбырласа да нық шыққан [illegible] сендірді ме, әйтеуір Күләйім бір күрсініп қойып, ұстай алған [illegible] босатып жіберді. Бар болғаны:

- Осы жерде күтіп тұрамын тапжылмастан. Бөгелме, көзжақсым. – [illegible] әдейі естірте дауыстады да, тал шыбықтай бұратылып жүгіре [illegible] Мақпалды көзбен ұзатып қала берді.

Мақпал болса үкідей ұшып келіп, сонадай күтіп тұрған Сегізге [illegible]ылды. Тәу көріскен сәтте-ақ ұғысқан көңілдер сөзді қажет етсін

бе, кол ұстаса калып ұзай берді. Жан жақтан жастардың күлкісі әзілдескен дауыстар жетіп жатыр. Көлге жақындай бергенде айдын жақтан салкын леп жетіп бой сергітті. Ұйыса өскен жыныла жеті Сегіз бешпетін жерге төсеп, екеуі катарласа жайғасты. Қуның үсті жып жылы екен. Бойлай өскен жыңғылдың үйдей тасасы, екі жастың сырт дүниеден жасыра берді.

Макпалдың көңілі шат-шадыман, жүрек шіркін дүрс-дүрс каккан кеудеден шыға жаздағандай. Даңқы алашка кеткен серінің касында отырмын-ау деп титтей жаскансайшы. Керісінше, бұл азаматтың ерлі өз құзырында екенін түйсінгендей-ак әзілге басты.

- Сізді ел батыр, балуан деп дәріптейді екен, ал енді алаканыңыз болса жұп-жұмсак. Қару сілтейтін сарбаздың колы түрпідей болмас па? – деп сөзді бастай алмай отырған Сегізді қағыта тіл катты.

Макпалдың сүйріктей саусақтарын кос колымен ұстап сипап отырған Сегіз: - Сенің жылың кайсы еді, менен жас шығарсың? деген сұракпен, кенет сұхбат барысын бұрып әкетті.

- Жылым барыс, биыл дәл жиырмаға шыктым міне. –

- Мәссаған безгелдек, түйдей құрдас екенбіз ғой! Мен де барыс жылы туған төл едім. Ендеше –сіз- деп сызылғанға жол болсын! Жасы құрбы замандастар бір-бірін жатсына ма? –

Сегіздің осы үәжі екеуінің арасындағы әу беттегі болмашы кымсынуды серпіп жібергендей болды. Біте кайнасып өскен құрбылардай-ак, ежіл-кожыл сырласты да кетті.

- Алаканым жұмсак дейсің бе? Әуесім домбыра ғой, домбыра шерткен жігіттің саусағы сезімтал, алаканы жұмсак болмай кайтсын.

Макпал колын сипағанына карсылык білдіре коймаған соң, Сегіз кыздың сүйріктей саусақтарынан сүйіп-сүйіп алды. Күлімсіреген болмаса Макпал бұл әрекетті де ерсі көрген жок.

- Бассалып құшактай алса, не істесем рауа? Қарсылассам кейітіп алам ба? – деген ой суманً етіп, бұл сұрағына жауап таба алмай отыр. Сонымен катар – құшактай аймалап, беттен өпсе екен – деген ниеті де жок емес.

Бірак Сегіз сабырлы калпынан айнымады. – Сүйдім, өлдім, жандым, - деген әсіре кызыл сөзді ауызына алмай, Макпалдың сұрактарына байыппен ғана жауап кайтара:

- Батыр деп ел айтып жүр-ау, оның рас. Әйтсе де өз басым өйтіп дәрежемді бадырайтпас едім. –Сарбаз- деген атактың өзі осал емес жігіттің бір басына. Батыр атанған азамат, мен сиякты өз елінен безіп кашкын атанар ма? Ермін деген жігіт сол туған жерінде дұшпанмен шайкасып өлсе керекті.

Балуандыкка да еш әуесім жок. Біреумен күш сынасканды сұканым сүймейді-ак. Денелі болғаннан соң халайык күреске шығара

өреді де... Әуесім – ән, Мақпал жан. Айтуға да шығаруға да ұмармын. Әнсіз өмір жоқ маған. – дегенде, Мақпал сөзін бөліп,

- Ғауһартасың ғажап екен. Сазының ырғағы өте нәзік. Сырдың шұпілдеген майда толқынын еріксіз елестеткені көзіме. Кімге арналған ән еді? – деп жорта білмегенсіп сұрай қалды.

Тек өзіне ғана арналған ән екенін біле тұра, анықтамақ алмақтың ниеті ғой. Қыз көңілі өзімшіл келер. Жігітті де, шығарған әнін де өреумен бөліскісі жоқ әсте. Сегіз бұл ниетін танып қойғандай-ақ:

- Илансаң, топ ішінде сені көзім шалғанда шығарған ән бұл. Көкейге өзінен өзі орала кеткені. Атыңды бадырайтып айтуға әдеп-ркен жібермейді. Соны ескеріп – Ғауһартас- деп тұспалдаған түрім ғой. Зергерлікке әуестігім бар еді. Асыл тастардың қасиетін, әсемдігін ыра да білемін. Сонау бір күні Акмешіттегі базарда ғауһар көзді ұзікті көргенім бар. Сан алуан зергерлік бұйымдардың ішінде көзіме ғтай басылғаны. Құдды бір шолпан жұлыздай нәзік сәуле шашып базарды тарта түскен. Сол ғауһартас есіме сап етіп түспесі бар ма. өзінді көргенде. Құрақұрық көпшіліктің ішінде тек өзіңе қарадым да ұрдым. Өлең болса өзінен өзі құйыла берді көкейден. – деп сөзді бір ғайырып, Мақпалға қарай қалды.

Екеуі тізе қағысып отыр еді. Сегіздің бойы биік болған соң Мақпалға жоғарыдан қарайды. Бетке бет тақалуға да шақ қалды. Жігіттің ыстық лебі бойжеткеннің өңін қарып бара жатқандай. Мақпалдың бойы балқып, - енді сүйетін шығар. Өпсе өпсінші тезірек, өңім дуылдап барады ғой! – деген оймен көзін жұмыңқырай да берді.

Бірақ сері ұстамды қалпынан айнар емес. Сәл үнсіздіктен соң: - Басың бос па еді, Мақпал? Біздің қазекең бесіктен белі шықпаған балаға қарғыбау тағып, құда түскіш қой. Басың шырмаулы болса, қашып кетер ме едің, маған еріп? – деп там-тұмдап сыр тарта бастады.

- Туу Арқаға ма? Ол жақ тым жайсыз, суық деседі ғой барғандар. Және Сырдың бойында өскен бала өзге өлкені жерсіне ме? Сырдың суын татпасам сырқаттанып қалушы едім. Осы бір түйткіл болмаса басым бос. Есі дұрыс қыз өзіндей шаһбаз сөз салса, ермей қалар ма. – деп жауаптасқан Мақпал, өз сөзінен өзі ұялғандай басын тұқырта берді.

Сегіздің күткені де осы мәнзелдес жауап болса керек, бойжеткенді құшағына көміп, үлбіреп тұрған ернінен сүйе берді. Бойы балқып кеткен Мақпалдың дем алысы жиіленіп барады. Бір кезде жұмылған көзін ашып еді, кірпігінің ұшында мөлтілдеген жас іркіліп тұр екен. Аядай көздер де жаска толы. Бірақ миығында жымиыс, мөлдіреп тұрған көздерінде де шаттық ұшқыны бар.

Сегіз ішінен: - О, тоба, бұ қыз дегеннің мінезін қойсаңшы! Жұмбақ қой ғұмыры шешілмейтін. Көзіне жас алып тұрып күлгенді кім көрген? – деген оймен аң-таң. – Қатты құшып бір жерін ауыртып алдым ба әлде? – деген күдік туып, құшағын да босатыңқырады.

Бірак қыз еш ауырсынбаған сиякты. Керісінше [illegible] төңкеріп: - Маған бола қалар ма едің Сыр бойында? Бұ[illegible] казағың емес пе? Бір қыдыру жан керейлер бір ғой сонау Қоскорған төңірегінде. Сол елде түтін түтетіп отырмаймысың Жан Арқаны жайлап, қыс Сырдың жылы қойнауын ыстап жүрсеңдер [illegible] баршылық кой. – деп өз шартының шетін қылпта сөйледі

- Ағайын бар ғой бұ жакта, құдайға шүкір. Қарға тамыры [illegible] туғансыз болған ба. Әйтсе де – ер туған жерім – деген екен, сол [illegible] казак. Сөз басылған соң туған жерді бір тастай коймасың. Уақыт өтсін де алдымен. Қожанасыр айткандай: - Онжыл ішінде не сесе, не патша, не мен өлермін. – деп. Алдағыны ала ғана білер. Лауыл[illegible] макпұзда жазып койғаннан құтылу кайда. – осы сөзбен Макпа[illegible] тамағынан бір иіскеп койды да, - Арқаны бекер жатсынасың Макпалжан. Қысы кытымыр болса да, жазы коңыр салкын келе[illegible] Малға да жанға да табиғаты жайлы. Жазы тұмак үскірік кысы[illegible] сағынып жүрмін, илансаң. Білекті атпен, ыран шәуліні [illegible] кондырып, кансонарда түлкіге шыккан кандай, шіркін! Сіреу [illegible] жамылған ак кебін сахарадағы саятка қызык жтсін бе. – деп бастап өз жерінің сұлулығын суреттей, әңгіменің тиегін баппен ағыта берді

Ден коя тыңдаған Макпал біраздан соң өзі ғұмыры көрмеген Арқадан Сегізді қызғануға да айналды.

- Бұл жігіт өзі туып-өскен жерін өлсе де ұмытпас. Ауызының суы құрып мактағанда, құшағындағы кызды да керек кылмай ма, калай өзі? Мына түрімен Сырға байлап койсаң да тұрактамас. Маған салса, сусыған құмсыз, егіз көлдің суынсыз күн жок. Әркімге өз туған жері Мысырдай - депті ғой бір данышпан. Солайы солай екен-ау... Әйтсе де, бір жағынан асыктык еркімді кетірді. Ені кайттым, екі отты[illegible] ортасында калғаным ба? – сананы мазалаған осы сұракка жауап таба алмай отыр еді, Сегіз ойын танып койғандай-ак

- Арканы жайлап, Сырды кыстармыз, окасыжок, еркем. Сені алып кашып ел арасын бүлдірмеспін әсте. Сүттей ұйып отырған көршілес бағаналы мен керейдің арасын ашып нем бар. Жеке бастың бакытына бола ел ымырасын бұзбас болар. Ат бұланы, ер сабылар ондай әрекетке барсам. Кісі шығыны болуы да ғажап емес. Жазыксыз біреудің обалына калармыз.

Бірер жұма пұрсатана бер, Кадыркендей [illegible]семіме колка салып, жаушыны жіберейін жауғаштының үлкендеріне. Қалың малды түйдегімен айдаттырып, жөн-жоралғы жолмен [illegible]лермін әлі, еркем. деп өзі тапкан акылын паш етті.

Бұл ұсынысы көңіл көншіткендей... Таң атуа таянып та калыпты, енді кідірсе ұят. Сонадайдан Күләйдың жөткірінуі де жиілеп естіліп жатыр. Сак жеңгенің дегбірі кашайын деген сиякты. Бұл жәйтты пайымдаған Сегіз:

Ал, осы сөз серт пе, калкам? Ғұмырлық жар болуға беремісің [illegible]? – деп орнынан тұра берді.

Сендікпін, жарым, кияметтік жолдасым! – деп жалын ата [illegible]ластасты Макпал. Осы сөз аңдаусызда ауызынан қалай шыққанын [illegible]рмай да қалған сиякты. Айтуын айтканымен, - ұят-ау осыным. Қыз [illegible] деген жігітке сөйдеуші ме еді? Сәулім емеспін бе, бойжеткен [illegible]ма мін-ау осыным. Әнтек кеткенім бе есім шығып? – деген өкініш [illegible]ай берді көңілде. Бірақ онысын жігіттің қимылы зәтте ұмыттырды.

Ал ендеше жеңгесіне тапсырайын Ғаyhартасымды. – деген [illegible] кызды көтеріп алып, Күләйға таман кадам басты.

Жігіттің мойынынан құшақтай алған Макпал, коштасарға жабыса [illegible] келеді. Сегіз бұны шопақ құрлы көрмей оп-оңай көтере [illegible]ыелгенде ішінен: - Апырай, шын алып қайратты екен-ау бұ серім! [illegible]ыканы жұмсак болғанымен білектері сексеуілдің былтығындай [illegible]рсің. Мына күшімен кыз түгілі атан өгізді де көтеріп әкетуі ғажап [illegible]мес-ау. Мынандай жойқын бітімді денені билей білген санасын [illegible]ітсаншы. Нәпсіні ауыздыктай білген дәтінің беріктігі де шакпак [illegible]тай дерсің. Өйтпегенде, оңашада бассалып ұйпа-тұйпамды [illegible]ыгармас па. – деп пікір түйе, жігіттің ұстамдылығына риза болды.

Жаулығы ағаранданған Күләйға жете бере, топ еткізе Макпалды [illegible]інен жерге койды да:

- Ал, жеңеше, ерке балаңызды кылауы түспеген калпында табыс [illegible]тім колыңызға. Титтей кейітсем екі дүниеде оңбайын. Падишаның [illegible]жіне таккан Ғаyhартас деп білемін бұл Макпал жанды. Бұ баланы [illegible]лкытты етуді міндетіме алдым, не кылса да. Тек тілекті берсін [illegible]аббар ием. – деп ағынан жарылды.

Жүрегі енді орныккан Күләй, насаттанған нысайға міне мырс [illegible]беріп:

- Таусыла сөйледіліз ғой, сал жігіт. Таусылатындай не күн туыпты. Жаббар ием өз алдына, әуелім мен сиякты жеңгесінің көнілін [illegible]абарсыз. Бұ асыл казынаның кілті біздің колда, біле білсеңіз. Жөн-[illegible]жоралғымен, артынып-тартынып келерсіз. Зергер деп мактайды екен [illegible] өзіңізді. Зер жайына жетік болсаңыз, зергерлік бұйымдарды [illegible]ірлей бергейсіз. Далада тегін жаткан кыз жок. Серінің шүлендігі [illegible]ыналар кез келген шығар. – деген сөзбен шалуайттап бара жатыр.

Макпал да ақтық рет бұрыла көз тастады да, - амал нешік? – [illegible]егендей бір күрсініп, ауылға таман кадам басты.

- Құп, жеңеше, үдеңізден шыға алмасам зергер атанбай-ак койдым. – Сегіз де түн құшағына еніп бара жаткан кызды көзбен ұзатып кала берді.

Макпалдың кетуі мұң еді, бұл дүние кұлазып калғандай болды да калды. Әйтсе де көңіл шат-шадыман. Өйтпегенде ше? Аспандағы жұлдызға балаған сәулім сертін берген соң шаттанбай кайтсын. Ендігісі оңай ғой. Қадіркенге жетіп: - Кыз айттыр. – деп колка салар.

Ол туысқаны Сегіз десе, қалың мал тұрмақ қоң етін кесіп беруге бар
– Сыр бойынан қыз алып осында қалсаңшы Нияз екеуің. Мандайынан шертіп жүріп таңдаулы сұлуын алып берейін. – деп бірер мәрте ку[illegible] қағыс қылған да болатын.

Сөйткен тілеулес ағасы қолын қақсын ба. Бақтиярға жалын жіберіп құда түсер. Бақтиярдың да Сегізге деген қабағы оң. Ол[illegible] болса шаттанбағанда несі қалды? Бақыт деген осы екен-ау. Сүйі[illegible] қол жеткізу. Шын ғашықтар қосылмайды деген сөз жалған [illegible] шыққаны ма сонда.

Әрине жалған. Қазекең қара аспанды төндіруге шебер кел[illegible] Әнекей кетіп бара жатыр ғой бақыты, Ғаухартасы, қадам бас[illegible] сайын шолпысы сылдыр қағып. Қол созымдай-ақ жерде тұрып ел[illegible] осы жаңа ғана...

Бір суынып, бір ысынып көкірегін шаттық кернеген Сегіз [illegible] басып жібере жаздап, өзін зорға тежеді. Шырт ұйқыдағы ауылды [illegible] ұят қой.

- Қой, жігіттерді табайын. Күйімді ұқса сол екеуі ұғар. - [illegible] оймен, ыңылдап қана « Ғаухартасқа» басқан қалпы алтыбақанға [illegible] адымдай берді.

4

- Оу, Сегіз, әнеу бір түтін көрінді. От жаққан біреу болса керек. Бұрыламыз ба қайтеміз, Жаппастың жөнін сұрайық та. – [illegible] көтеріле алға үңілген Қайраттың үні еріксіз елең еткізді.

Бозшұбардың бір қалыпты сар желісімен ойға шомған Сегіз қамшылар жақта келе жатқан серігіне таңыркай бұрылып қарап қалды. – Қайдағы түтін, бұ не айтып тұр өзі? – деген кейіпте. Ой[illegible] мүлде басқа жақта болған соң, төңірекке зер салмастан келе жатқан еді. Тіпті жолдастарды да естен тарс шығарған... Ас біткен соң Бақтияр ауылында бұлар көп кідірген жоқ. Келесі күні-ақ аттанып кетті. Қалың қонақ таркаған соң, той өткізген ауылдар [illegible] жаңғыртудың әзірлігіне кіріскен.

- Меймандардың аттары мен көлігі маңайдағы шөптің [illegible] тәптерін шығарған екен. Көлдің арғы бетіне таман көшіп алу керек деп ақсақалдар ұйғарған соң, Бақтияр ауылы үйлерін жыға баста[illegible] Көшкелі тұрған елге ілесіп жүруді ыңғайсыз көрген Жанақ, қоштасып атқа қонған болатын. Сегіз ақынға бір қағаберісте жолығып:

- Жәке, өзіңізбен кең отырып бір сұхбаттасайық деп едік. Мына опыр-топырда оңаша қолға бір түспедіңіз. Қайда жүрсеңіз [illegible] қаумалаған әлеумет. Өнегелі сөз естиміз бе деген дәмеміз бар еді. Қай жаққа бет түзейсіз? Құп көрсеңіз, іздеп барсақ деп едік. [illegible] жұқалатып қолқа салған.

Бұл сөзді теріс көрмеген ақын: - Жаппастың Ерназар би деген [illegible] шақырып еді, қоярда қоймай. Сол елден табарсың [illegible]. Жас-желең кеңесімді қажет қылса, қашатын мен бе екенмін. – [illegible] бере жауаптасқан.

Қыраудың келгеніне разы болған Бақтияр, тарту-таралғыны үйіп-[illegible]тандырды. Қалы кілем жапқан нар бастатып, тоғыз жаңды, тоғыз [illegible]ды бергенде, қасындағы қалың қошаметші шу ете жамырасып:

Міне шүлендік! Ас та төк қылды-ау қасқаң!

Мырза болсаң осындай бол!

Тай-тұяқ жамбының өзі бір үйір жылқыға татыр. –

[illegible] бірталайға дейін басылмады.

Бірақ ақынның өзі елпілдей қойған жоқ көл-көсір сыяпатқа. [illegible]ранның басылғанын сабырмен тосып, иі жақсылар байыз тапқан [illegible] алаканын омырауына апара:

А[illegible]да разы болсын, Бақтияр бауырым. Ыкыласыңа көңілім толды. [illegible] басын әнтек изеді де, - бірақ мынандай мырза сыйлықтан бас [illegible]ға тура келер. –

Осы сөзбен сап тиылған топқа көз қыдыртты да, тосын естілген [illegible]ының мән-жайын тарата берді.

Азсынды ма деген бөтен ойың болмасын, би-еке. [illegible]ынуымның себебі де бар. Сұрасаң түсіндірейін де... Әуелім, мал-[illegible]ия жинайтын жастан кеттім әлдекашан. Өзімде барыма қанағат. [illegible]мпен көрім жақын демекші, о дүниеге әкетем бе бұ мүккәмәлді? [illegible] қалды – заман бұзық боп тұр-ау. Жол торыған қаракшыдан аяқ [illegible] жүргісіз. Мына дулыға өркеш нарың мен жетегіндегі жорға [illegible] құрты ғой, жортуылшыны қызықтырмай қоймас. Малды тонап [illegible] қаракшы төбемнен бір қойып, жаһаннамға жібермесіне кім [illegible]. Одан дағы аш құлактан тиыш құлақ, анау месберік торымды [illegible]цетіп елеусіз боп жүре берейін де. – деген сөзбен ерттеулі [illegible] өз атына көз тастап қойды.

Сойтіп малды қалдырып, тай тұяқ күмісті ғана қоржынына салып [illegible] барған. Бақтияр сері жігіттерді де сыйға қарық қылды.

Мінгендерің кіл жүйрік болғанымен әр түсті ала-құла ат екен, [illegible] тұрсам. Салтанатпен топқа мінбекке түрі-түсі бір келкі сәйгүлік [illegible]ын өздеріне. Түрікпеннен әкелген үйір еді, әрі жүйрік әрі [illegible] саңдақтар. – деп үш ақбоз бестіні жетектетіп жіберген.

Ақалтеке тұқымының арғымақтары екен. Түстері шымқай боз, [illegible]ақтай мені болсайшы. Қаз мойын, тәует бас, жал-құйрығы [illegible]ектей күлтеленген, тұрпаттары суреттей дерсің. Өздері бір [illegible]ылған шыққандай ұқсас, ә дегенде айыра да алмайсың.

Үйісігі жүйрік Бақтияр серілердің көңілін аулай біліп, көкейдегі [illegible]ының дөп басқан. Жас қонақтар дүние-малға қызықпайтынын [illegible] білмесін. Ер қанаты ат емес пе ежелден. Оның үстіне

Арқаның серілері болған соң, мүсінді атқа құлай кететіпін болжап та қойған. Сол ойы келді де.

Боз сәйгүліктерді ауыл жігіттері жетектеп әкелгенде Сегіз сүйсінгенін жасыра алмай күлім қакса, Нияз басын шайқап.

- Пай-пай, шіркін, міне әсемдік қайда! Сүгіей ақбозлар да болы береді екен-ау. Бір биенің төліндей ұқсастығын айтсаңшы. Нақ бір егіздің сыңарлары дерсің. – деген сөзбен шетті атқа тап берпі шоқтығынан еркелете сипап қойды.

Үш арғымақты жетекке алып серілер кете берді қошақжай ауылдан. Сонадай шығарып салған топтың ортасында Мақпал тұр. Кетіп бара жатқан Сегіз ұзақ қарап, үнсіз ғана бас изеп қоштасты. Одан артыққа әдеп-әркен жіберсін бе. Ішінен: - Қош, сәулем, көп ұзамай үлкендерді салармын әкеңе. Хабар-ошар өзімнен болар. – деп тұжырып қойған.

Ауылдан ұзаған соң-ақ Нияз ыңылдап ән салды. Боз аттарға қызығып келе жатқан Қайрат болса, жалма-жан біреуін ерттеп алып ойқастап жөнелді. Жігіттерді айнала желіп-желіп өтіп қатарласа берді де:

- Беу, шіркін, жануар-ақ екен! Желісіне болайын. Тақымым сүйсініп кетті ғой мүлдем. Нағыз текеуар деп осыны айт. – деген сөзбен боздың мойынынан сипап қойды.

- Әй, жеңілтексің-ау, інішек. Ат көрмегендей алып-ұшқанына болайын. Мұнша жеңілтек болармысың. – Нияз әнін үзіп үзеңгілесіне күлімдей көз тастады. – Елге барған соң-ақ мінбеймісің. Сонша не әкетіп бара жатыр дегбірсізденіп. Бала болып кеттің бе? – деп жорта салмакси сөйледі.

Түйдей құрдас бола тұра Қайратты – інішек, қосшы бала – деп әзілдейтіні бар. Мінезі орнықты Қайрат ілгешекті сөзді ауырлай қоймайтын.

Серіктерінің әзіліне миық кере келе жатса да Сегіздің ойы басқа жақта еді. Есі-дерті Мақпалдың жай-жапсары. Айтылған серт бар, енді сөзде тұру парыз. Сонда қалай, отау құрып үйде омалып отырмақ па? Серілік ше? Үй іші, ошақ қасы деген ер жігітке тұсау екені мәлім. Өзіне сеніп туу Аркадан еріп келген Ниязды күні не болмақ сонда, бұл үйленіп алса. Әлде бұны да үйлендірген мақұл шығар. Сонда екеуміз түтін түтетіп осы жақта орнығып қалғанымыз ба? Үбірлі-шүбірлі болған соң елге қайту оңай болмас.

Өйтпейін десе Мақпалдың әсері шыдатар емес тіпті. Ғашықтық деген мұнша пәрменді болар ма. Өзге дүниені ұмыттырып, байыз тапқызар емес шіркінің. Сүйгеніңе бола отқа да суға да түсуге әзірсің. Осындайда ақыл салар тоқтаулы кісі де жоқ. Қадіркенмен кеңессе, ол кісі үйленгенді теріс көрмейді әрине. Сегіздің малды-жанды болып Сыр бойында тұрақтап қалғанын армандап та жүр.

Жо-жоқ, көлденең кісі керек бұндайда. Және әншейін біреу емес, көпті көрген салдарлы азамат ақыл қосса ғой. Екі тарау жол жатыр

ота, пайымға салса. Ия түтін түтетіп осы өлкеде қалу, ия қатыны жоқ болсақ, казаны жоқ қайдақ боп еркін жүре беру. Мақпалды алған күнде де ел жаққа жол жоқ. Сонда күшік күйеу болып қайын ауылының жерінде жүре бермек пе?

Ой сан саққа жүгірді, бас қаңғырды. Жаппасқа жетіп Жанақты ойлау керек не қылса да. Сол ділмардың ақылына қоңсы қонбай болмас. Сөйтіп іші алай-түлей болып келе жатқанда, Қайраттың оқыс шыққан үні еріксіз елең еткізді. Ойдан арылып маңайды бажайласа, ноян жондана көсілген бір шағылдың деңгейіне жетіп қалыпты. Сонайдайда сексеуілді түлей барқындана қарауытады. Сол қалың сексеуілдің ығынан жіңішке түтін көлбей көтеріледі.

Сірә бәз бір жолаушы демалып, ат шалдырып жатса керек. Ән шыңдап келе жатқан Нияз да түтін жаққа еңсе бұрып көз сүзді.

- Екі ат тұсаулы жайылып жүр, сірә жолаушылар болар. От жағып ыстық әзірлеп жатқан түрлері де. – деп бұл да Сегізге қарай қалды. – Бұрыламыз ба, жоқ па? – дегендей.

Қалың ойдан енді арылған Сегіз мән-жайды ұғып: - Е, айтқандай-ақ бұрыла кетейік. Жөніміз дұрыс па, сұрайық та. – деген сөзбен бозшұбардың басын бұра берді.

Көзін сығырайта түтін жаққа үңілген Қайрат, сәл жүрген соң-ақ: - Ой, дәу де болса анау қаба жал торы Жанақтікі. Жамбасында ағы бар еді, соның өзі болмаси кетсін. – деген жорамалмен үзеңгіде көтеріліп, аттың жалына еңкейе берді.

- Қайдағыны айтады екенсің сен де. – әнін үзген Нияз миығын керіп мырс берді. – Жапа-жалғыз ми далада от жағып жатушы ма еді Жанақ? Малшы-құлшы әлдебіреуге ұқсап. Көптің еркесі емес пе, жақындағы елге жетіп атты бір-ақ шалдырмай ма. Қай ауыл болса да хан көтере күтіп алар ақынды. – деп, Қайраттың болжалын түкке тұрғысыз етті.

Алайда Сегіз қостай қойған жоқ бұл пікірін. Қайраттың ыңғарымпаздығын білетін. Малды таныгыш бұл жігіт. Әсіресе жылқы түлігіне көзі қырағы. Бір көрсе жаңылуы мүмкін емес. Ішінен: - Ия, пірім, сәтін сала көр! Көктен іздегенім жерден табылғай да. Қайрат жаңылыспаса керекті. Жанақтың дәл өзі алдымыздан шықпағай. – деген оймен тақымды қыса түсті.

Былтықтары арбия өскен сексеуілдің түбіндегі отта қазан аспа тұр. Қазан аспада шағын ғана бақыраш. Оттың қасында жамбастап жатқан жатқан сұр шапанды кісі күннен көзін көлегейлеп, жолаушыларға назар тігуде. Сегіз де зер сала қарап еді, көңілі жадырап сала берді. Дәл өзі, Жанақ ақын! Енді еш шүбә жоқ, құдай екең тілегін қабыл алған ғой сірә, иен түзде іздеп жүрген кісісін тоқайластырды да жіберді әнекей.

Жігіттер де жырауды тани кетіп аттан түсіп жатыр. Арқан бойы жерде тұсаулы жайылып жүрген қос торы бастарын көтеріп, - бұ

қайсың? – дегендей-ақ окыранып қойды. Жанақ та бұларды шырмалап керек, жамбастаған калпынан түзеле отырып жігіттердің сәлемін алды.

- Ия, көрмегелі көп болды ғой, қайдан жүрген казақсыңдар? – деп езу тартып, кеше ғана коштасқандарын мегзеп әзіл ілді.

Жамыраса амандасқан бозбастарға куақылана көз қыдырып: Мен сендерді бір аптасыз әлгі ауылдан кетпес деп жүрсем, заңғар өкше көтеріпсің ғой. Өңкей шүйкебастардың маңынан кетуші ме еді бозбала деген. – деп және сөзбен шалуайттады.

Ерді жастанып, токымын төсей жайғасыпты. От маздап қана жанып жатыр, бақырашта шай қайнаған болса керек, жағымды иісі танауға жетті.

- Ал, азаматтар, хош келіп капсыңдар, шай да қайнады әнекеш. Кәне таңдай жібітейік. – деп кария камға кірісті.

Қоржынынан бірер тостаған, шелпек шығарып, дастархан қылып төсеген жонаның үстіне жайғастыра сөйлеп отыр.

- Кәрі шөңге ағаларың осындай құла түзде баптап шай ішуге ұнатар еді. Аттарыңды отқа жіберіп келіңдер өздерің. Үш акботалы иемденіпсің канжығаларың майланған екен. Құйрык майлар болсын келіңдер дәмге.

Жігіттер аттарды калмакша байлап тастап, дастархан айнала жайғасты. Үнемі алыска сапар шегіп жүрген акынның жол жабдығы сай көрінеді. Сыкпа құрт, семіз сүр, шелпек сиякты азык коржынынан кезегімен шығып жатыр. Ыстык бакырашты ұстайтын тұтқышы дейін әзірлеп койыпты.

Қайратка карап: - Бауырым, ептейлі жігіт көрінесің, кәне анау бакыраштағы шайдан құя бер. – деп бұйрык берді де, бәкісін шығарып кыртысты сүрді турай бастады. - Құла түзде таткан дәмге үйірер, кәне алыңдар еттен. – деген сөзбен өзі алдымен ауыз тиді.

Қайрат құйып берген күрең шайдан рахаттана ұрттап: - Бұ дала кәріліктің белгісі шығар, күніне терлеп-тепшіп бір шай ішпесем құрыс-тұрысым жазыла коймайды. Әндемді жас кезімде қымыздан өзге сусынды менсінбеуші едім, енді міне ыстық шайды аңсаймын да жүремін. – деп бөркін желкесіне таман ысыңкырап койып, бусанған маңдайын кол орамалмен дегдітті.

Сүрдің бір жапырағын ауызға жөнелткені болмаса, жей коймады. Тіпті құртка да кол созбай тек шайды ғана сораптап отыр. Есесіне жігіттерге көз тастап:

- Еттен ала отырыңдар. Тепсе темір үзетін кездерің, нағыз ет жейтін жастасың. Маған карамай карбыта беріңдер. – осы сөзбен сүрді алдарына таман ысырып койды.

Бірак ибалык сактаған жастар нан ауыз тигені болмаса, шайдан ғана ұрттап тартынып отыр.

Сен бала осы жақтың тумасы боларсың, дәу де болса. – Ғапраттың шай құйысына қараған ақын көзін күлімдетті. – Арқаның [illegible] шайды лықылдата, толтыра құюшы еді. Сен болсаң баптап, [illegible] қана көзгелдектің түбіне ғана құяды екенсің. – деген сөзімен [illegible]емей отырған бозбастарды сөзге тартты.

Сегіз кеңесті неден бастарын білмей іркіліңкіреп отыр еді, [illegible]ының мына сөзі сылтау болып:

Доп бастыңыз, ақын аға. Қосқорған маңындағы керей болады бұл [illegible]ырымыз. Сыр бойында туып-өскен жігіт қой. Сарттың дәстүріне де [illegible]не де жетік. – деп жайды ұқтырды да, сәл бөгеліп, - сізді мына құлан [illegible]де жалғыздан жалғыз от жағып отырар-ау деп, үш ұйықтасам [illegible]ме де кірмес еді. Іш пыстыратыны өз алдына, қауіпті де емес пе соқа [illegible] жүргеніңіз. – деп, сұраулы жүзбен қарай қалды.

Жез пыстанды былғары көпшік пен ішпекті қабаттай колтығына [illegible], жамбастап жайғасқан ақын бірден жауап қайыра қоймады. [illegible]інде асықпай, баппен, сөзді сүзіп сөйлейтін кісі сияқты. Кейіпі де [illegible]ырлы. Кәріліктің бір нышаны – қастары ұзын болып өсіп көзіне [illegible]ырай түсіп тұр. Бұнысы да сақал-мұртындай аппақ. Күн мен [illegible]не тотыққан әжімді кең жүзі сірідей дегізерлік. Әйтсе де кісі [illegible]ытын жіті көз, бұл карттың тегін жан емес екенін салған жерден [illegible]арар еді. Зиялылықтың бір нышаны – аласы аз, есті көздерде. [illegible]ым атаулыға мейірлене, асқан сабырмен қарайды. – Е-е, [illegible]ақтарым, бұ пәниде мені таңырқатар қай бір құбылыс бола қояр [illegible]ен? Мінездерің мен қылықтарың белгілі ғой. – деп тұрғандай-ақ.

-Түсі игіден түңілме – деген сөз тегін айтылмаса керекті. Ниеті [illegible] болса ғана түсі игі келмек пенденің. Адамның ойы мен пейілі [illegible]нде аңғарылмай тұрмас. Сол сияқты Жанақты да тәу көрген кісі: - [illegible]ді көпті көрген, әрі ысылған карт болар. Кейіпінде иман, жанарында [illegible]тұнып тұр-ау. - деп пікір түйер еді.

Бір әдеті – суырылып сөйлей қоймайтын. Әсіресе дауырығы көп [illegible]ны топта сөз шығындауға жоқ. Қайсы бір шал-шауқандарша өз [illegible]ын, батырларын, жақсыларын әсіре мадақтап ауызы көпіре лепірген [illegible]іш де емес. Қысыр кеңеске үйір сөзурларды да көш жерден [illegible]ығыш. Ондайлар сөз тартып тұртпектесе, үндемей құтылады [illegible]бінесе. Асылы сөйлеуден көрі тыңдауды ұнатар еді. Өз пікірін ішке [illegible]ккен калпы үнсіз ғана жымиып, ия болмаса басын шайкап кана [illegible]йып, көзін жұмыңқырай тыңдайтын.

Кей бір көкіме шалдар бұның сүлесоқ калпын жақтырмай: - Оу, [illegible]ақыным, келелі кеңеске қатыспайсың ба бір? Бүкпе сақтамай [illegible]ырыңды ақтарсаңшы былай. – деп соқтығып та коятын.

Ондайда сөзуарлармен тәжікелеспей-ак: - Бабалардың сөзінен [illegible]ртылған акыл мен кеңес болушы ма еді. Солар сілтеп кетті ғой жөн-

жосықты. Көне дастандарда, аңыз-әпсаналарда ғой бар жон-жобалы келелі кеңес те. Терең ой казынасы сол ғана ма дедім. Одан артық әңгіме-дүкен дәметпей-ак койдым. – деп келтесінен кайыратын.

Ұғар құлак тапшы деп білеме ме, әйтеуір шешіліп сойлей коймаушы еді Жанак... Бірак, дәл казір өйте коймады. Кісі танитын жүйрік көңілі Сегізді жастығына карамастан өзіне тең-тұс деп білсе керек, бөгеліңкіреп барып жауаптаса берді.

- Қауіпті дейсің бе, жаркыным? Оның жөн әрине... деп бастап сонадай жүрген өзінің аттарына көз тастады. – Қауіпті болған соң той жорға ия мүсінді ат мінбей жүргенім. Сонау акжамбас торым ана жорғасынан өзге жүріске жок-ак жануар. Бірак, шабан болғанымен кажуды білмейтін нағыз домбырауын. Қасындағы тобел торы да тұркы жатаған, каба жал, шұбалаң құйрык дөрбіттің өзі. Шабыс желіс тұрмак, жортакты білер ме екен десеңші. Әйтсе де далада калдырмайды иесін. Бүлкегі бар, аяңы бар, күн ұзак төпілдете берсе арбаның белағашы секілденіп. – Жанак мырс беріп ежу тартты да, кызыға тыңдай калған жігіттерге назар кыдыртып өтті.

- Осындай топырыш торыға ұры-кары кызыксын бар! Қоржынымда да домбыра мен кобыздан өзге пұлды зат жок. Аспаптарымды көрген кайсы бір жолбасар ұрылар: - Қисса айтып бер – деп колкалайды кайта. Қобызды көргендер: - Баксы-балгер боларсың. – деп құрметтейді де.

Жөнсілеу киімді, шабан атты кәрі шөңгені не кылсын ұры-каракшы? - осы тұста сөзін үзді де, азыкка кол созбай тартынып отырған жастардың түрін көріп, - уа, алыңдар еттен! Маған карамаңдар, жей беріңдер дегенім кайда. Жаманнан жарты аяк ас калады демекші, тып-типыл кылып бітіріп койыңдар мына дәмді. Осы дәм ғой сендерді айдап әкелген. – акын жорта кабак шытып бұйыра сөйледі.

Жігіттер сыпайысып отырғандары рас еді. Енді ас иесі үлкен кісіден пәрмен келген соң несіне тартынсын. Соқталдай азаматтарға бір мүше сүр сөз болып па тәйірі. Шекесі торсыктай, кеудесі аяккаптай Қайраттың өзі шыңдаса бір табак етті еңсеріп жіберер. Жігіттер - болмас, болмас, карттың меселін кайтарамыз ба. – дегендей кейіпке ене, әп-сәтте майлы сүрді құтты жеріне жөнелтті де жіберді.

Дәмге көңіл бөлмеген Сегіз ғана. Жанакка ойлы көзін кадай отырып: - Әйтсе де мына медиен сахара іш пыстырмай ма? Тіл катар серік болмаған соң киын-ау. Қу медиенде жалғыздан жалғыз жүрген жолаушы кісі киік болып кетпей ме. Тілдесер, пікір алысар каттас, үзеңгілеске не жетсін. Әсіресе жасы ұлғайған кісі көпшіл, әңгімешіл келуші еді. – деп, акынды және кеңеске тартты.

Сегізді ден коя тыңдап болған кария, куакылана жымиып серіге көз кадай калды. Ішкі сырын танығысы келіп зерттегендей. Аз бөгеліп:

- Е-е, шырағым, ауызыма сөз салғың келіп тұр-ау, әсілі. Бабасал бір шайырдың сөзіне зәру болсаң тыңда ендеше. – Жанак жотпығындағы көпшігін ыңғайына келтіре қозғап қойып, аяғын соза ұлтая берді. Ұзақ бір кеңеске кіріспек сыңайы бардай.

- Есті кісіні оңашалық пыстырған ба? Қайта көпшілік бас қосыскан у-шу, ырду-дырдудан демаламын осындай оңашада. Ертегілиыздарда қой баккан тазшалар ділмар келмеуші ме еді. Табиғат аясында жалғыз жүргенде ой бағуға мәжбүр ғой, саңылауы бар кісі. Ғой ішінде ондай мүмкіндік жоқ, оны-мұныға алаңдай бересің.

Пенде біткен қызғаншак келер көбінесе. Үлгілі сөз сөйлей калсаң күйдеп бітеді. Сөзбен шалуайттап, кекеп-мұкап бітеді-ау шіркіндер. Кешегі анау Мұрат дамолладай. Өзінен парасаты асканды ұната коймайды халайыктың дені. Сондык, ешкім көзбен ішіп-жемейтін осындай оңашалығым артык па дедім.

Әрине, кысыр сөзге, пыш-пыш өсек-аяңға үйір кісі оңашалыкка тозбес. Тіпті ат-тонын ала кашып алданыш іздер. Ой өрісі жұтаң болған соң сөйтеді де. – акын осы тұста сөзін үзіп жігіттерге бір назар кыдыртып өтті.

- Тыңдап отыр ма, әлде сөзім далаға кетіп жатыр ма? - деп кадалағандай. Сұхбаттастары ден коя құлак түре калыпты. Ішіп отырған шайларын да ұмыткан. Әншейінде аксакал атаулының пасихатына құлыксыз Қайраттың өзі кымс етпестен тыңдауда. Бусанған маңдайын жеңімен сүрте салып, ұстаз алдындағы шәкіртше жүгініп отыр. Бұл сыкпытына көңілі көншісе керек, мұртын ширатып койып Жанак кеңесін өрбіте берді.

- Менің осы сөзімді ұғу үшін егделікке кол арту керек-ау алдымен. Бойын күш-кайрат кернеп тұрған жастардың ұғуы екіталай-ау. – Қайран жиырма бесім-ай, өттің-ау дәурен! Әттең, әттең, ит кәрілік тұсай салды-ау. – деп, зар кағып жүр талай замандасым.

Ал енді маған десе, осы кәрілікке жетер жас жок, милай білген кісіге. Жігіттікте есі-дертің ұрғашыда ғана. Бар әрекетінді әйел затына деген құмарлык пен нәпсі билейтінін кайтерсің.

– Ғашыктык- деген де бар айтпакшы. Оның да тамыры бәз-баяғы құмарлыкта. – осы тұста Сегізге көз тастап сәл күлімсіреді акын.

– Сен шыркаған бар әнің сұлуларға арналған екен. Жер-көкке сиғызбай, тіпті ғауһартаска теңеп дәріптепсің. Хош делік. Ал енді әншілер періштеге теңеп, өліп-өшіп мадактаған сұлулардың түпкілікті максаты, барар жері кайсы екен дейсіз ғой. Максаты – тұрмыска шығып, бірер бокташак табу ғана. Ғашык жігіт раушан гүлге ия жауһарға балаған аруы ертең-ак балалы болмас па. Бала тауып, танауынан боз жорғасы шұбырған сол кара домалак ұлды тәнірісіндей көріп айналып-толғанып жүргені. Кулык бие құлын жанды келер

әдетте. Ғашық жігіт өліп-өшіп жүрген не бір арулар тұңғыш балаған тапқан соң-ақ, сол боқташақтың асты-үстіне түсіп әлек. Жанына бағып маңына кісі жуытар ма. Есі-дерті маңқасы аққан сол бір бөпесінде. Сонда раушан гүл мен ғауһарға теңеген әсемдік қайда қалды десеңіз?

Ғашық бозбас кімге бола таусыла ән шығарды екен. Өліп-өшкен маһаббаттың мұраты біреу-ақ, сараптай білсек. Онымыз – ұрпақ жалғастыру. Сол жолда не бір әсем туындылар да пайда болады әрине. Нияз екеуің шырқаған әндердей. – кеңесін бір қайырған ақын жігіттерге назар қыдыртып өтті.

Жас-желеңді кейітіп алғаным жоқ па дегендей, көзқарасында бір мейірлі шуақ бар. Бірақ көңіліне дық алған жігіттер жоқ, керісінше жымыңдасып бір-біріне қарағыштап қояды. – Шалың қалай-қалай көсіледі! – деп қошуақ алғандай-ақ. Жанақ болса, кеңесін тарата түсті.

- Кәрілікке келсек, бұ шіркіннің бір артықшылығы – дүние-мүлік жиюдан тиыласың. Оған ой-өрісің жетсе ғана, әрине. Қайсы бір жетесіздер басы көрге кіргенше дүнияны қимай, мал-мүлікті қорғаштаумен шұғыл. Қазекеңнің – түстік өмірің болса, күндік мал жи- деген нақылы сол әреккеттеріне демеу кәдуілгідей.

Үрерге иті, сығарға биті жоқ такыр кедей бол демеймін-ау. Кәрі құртаң жасында жарлылыққа ұрынғаннан сақтасын. Әйтсе де есі дерті мал ғана болған қарбалас тірлікте мән жоқ. Ішіп-жемің, мінісіпен сойысың болса, қанағаттағы. Құдайдың берген әр күнін тамашалап, тіршіліктің әр сәтінен ләззат алып, ой тербетіп жүргенше не жетсін, шіркін. Жан ләззаты да, ұжмақ рахаты да осы туған жерде емей немене? Құдайдың берген аз күнін осы табиғатты тамашалап өткізсем, арманым жоқ.

Мыңды айдап жуандар жүре берсін. Кәрі сіңірін созып, алпыста көк қостан қатын ала берсін еріккен шонжарлар. Рухани әлемі тар болған соң, жас иісті іздеп нәпсіні семіртумен әуре. Тән қызығын қанша қуғанменен еш жеткізбейтінін қайдан білсін мұндарлар. Мыңды иемденсе де көзі тоймас. Төрт қатын алса да, және біреуіне қызығып көзін сатар. Мұңлық-Зарлық қиссасындағы алпыс қатын алған Шаншар хандай. Қызықты бір қусаң шеті-шегі жоқ қой. Одан да нәпсінің ауыздықтай біліп еркіңе көндірген абзал. – Ер азығы - қанағат – демекші.

Маған салса анау домбыра мен қобыздан, жыр-қиссадан аскан ләззат жоқ. Өмірлік тәжірибенің жиынтығы ғой, көнеден жеткен дастандар мен бағзыдағы даналардың ғақлия сөздері. Тек мағынасына үңіле біл. Ойға нағыз азық, адамзат қауымы жинаған білім рәуіштес.

Көңілдің жұбанышы болса, мына маңқиып жатқан құмды өлкені айтар едім. Өзім Арқада туып өссем де бұл өңірді өз жерімдей сүйем, илансаңдар. Қайран қазағымның байтақ даласы-ай, шіркін! Жаман дейтіні жоқ қой. Маған салса ит байласа тұрғысыз Бетпақ даланың ой

ұмытылмайтын бір әлем. Аңызақтан кеуіп жарылып жатқан шөлдерларында тылсым бір сыр бар дерсің.

Сайып келгенде айтарым осы, шырактарым. Қылшылдаған жас мына түрлеріңмен бұ сөзімді жөндеп ұға да коймассың. Окасы жок, тоқтаскан кезде еске алып ойға каларсың. Айтпағым – ән мен кыз, ұлпынды сезім, асыктык деген жаксы-ау әрине. Әйтсе де білім ізде, ой кина алдымен. Онсыз мына тірліктің сырына жету жок, шырактарым. Адамды хайуаннан артық кылған акыл мен білім екен. Ешеше зерде кинап білім мен ой куса керекті, көкірегі ояу азамат. Тәкертерім осы-ак. Молдалардай тәлімсімеймін әсте. Құйма құлак болсаң жадка токырсың, бір оңашада ой терберсің. Акпа құлак болсаң мешілің. – Акылы көз алдында – демей ме казак жетесізді. Көзіңді кызыктырғанды куып электенерсің белің бүгілгенше. Хайлайыктың ісі сол тірлікпен әуреленіп те жүр. Тәңірім сана бермеген соң амал нешік. – акын сәл жымиып койып сөзін корытты.

Кейіпінде тәлімсуден нышан да жок, асыкпай баяу сөйлеген калпы үшін бәсең ғана шығара тәмәмдады кеңесін. Бар сүрепеті – ұксаң да осы, ұкпасаң да осы. Өз басыма келіп кетері шамалы. – дегендей-ак түрде. Жігіттер болса кыбыр етпестен отыр. Бұлары әншейін сыпайылык емес, шын кызыккандары екені аңғарылып-ак тұр.

Әншейінде серіктерінен бұрын сөз бастамайтын Қайраттың өзі кызыкканы соншалык, Жанак үнсіз калуы мұң еді, кезек күтпестен-ак шыдай алмай киіп кетті:

- Көкесі-ау, ұлағатыңыз жөн ғой, дау бар ма. – деген сөзбен акынға аскан құрметпен карап тамағын кырнап алды да, - кой бағып торсык емген пакырдың бірі мен едім. Сока басым көп жүрдім жапан түзде. Мал бакканда ішің пысып өле жаздайсың. Ой кина дейсіз. Сол ойы түскірдің еш конбайтынын кайтерсің? Айнала өліктей ку медиен сахара, тіл катар пенде жок, бұндайда ой конушы ма еді шакша баска? Акынды кызына сөйлеген жігіт көзін жыпыктатты.

Тосын сауал ауызынан шығып кетіп, енді өзі кысылайын деді өлем, онсыз да күнге тотыккан кошкыл өңі одан сайын күреңітіп, маңдайынан тер білінді.

Жанак бозбаска езу тарта көз тастап: - Пой-пой, шырағым-оу, со ма сөз ба екен? Өзің сиякты кылшылдаған жаста не бөтен ой болушы еді, ұрғашыдан баска? Жалған сөз деші осынымды. Өзім өткен шиыр емес пе, сонау жиырма бес. Кәртамыс байлар кос-костан токал алады екен, ол токалдың кызығын өзіндей әндемді жігіттер көреді екен. Күн ұзак таза ауада кой бағып, корыктыкты сімірмей ме койшы екең. Қойдың сүті – корғасын деген сөз тегін айтылмаса керекті. Сыбағалы котенін жеп, корыктыкка тынкия тойып алған бозбас малшы, токалды аңдымаска шарасы да жок. Тұла бойын еркектік күш кернеп бара жатса енді кайтсын? Көзі ойнакшыған токал да кет әрі емес.

Әукесі салбырап қарны шермиген бай байғұс жас қатынның қылуын баса алсын ба. Сөйтіп іздегенге сұраған демекші, еріккен бозбас[illegible] қылмыңдаған тоқал табысады да көз байланғанда. – Апақ-сапақта [illegible] жоғалар- деген мәтел соның айғағы емей немене? – деп кеңк-кеңк [illegible] жіберді Жанақ. Сәлден соң Қайратқа бейіл бере көз тастап, - сонда[illegible] мына әлуетті бітіміңмен, қылқан кескендей жас түріңмен, бөтен [illegible] қайтып мазаласын басыңды. Әлі-ақ егде тартарсың, оған асықпа, сری[illegible] ақ кәртаю деген. Сонда ғана ойлана бастарсың о дүние мен бұ дүниенің мәні-жайын. Бәлкім ойланбассың да. Оны жетең біледі, жігітім [illegible] салмақты нысайға мінген ақсақал, сөзін қорытты.

- Дүниенің мәні- деген сөз ауызынан шығуы мұң екен, Сегіз қызыққан сыңай танытып еңсе тіктей қалды. Көптен толғандырған тақырыбы еді, ақылгөй қарттан сұрайтын сәт енді туды міне[illegible] Тамағын кенеп:

- Жәке, мұғаллақ екі дүнияны жаксы айттыңыз-ау. Өзіңдей білімдардан сұрағалы жүр едім, бір жүздескенде. – деп қарттың на[illegible] өзіне аудартып алды да, серіктеріне де көз жүгіртіп алып, - осы адам[illegible] біткен жарық дүнияға келеді екенбіз. Хош делік. Ал енді пенде ата[illegible] бұ пәниге келгендегі түп мақсаты не осы? Не үшін жаралдық? А[illegible] көпті ғұмыр кешіп о дүниеге аттанамыз. Ия ұжмақ, ия тозақ екен бар[illegible] жеріміз. Адамзат қауымы өз ара қыркысып, соғысып жүр әнекей. Ор[illegible] қазақты жаулап бағады, орысты да біреу тыксырар түбінде. Сонда[illegible] қантөгістің, соншалық шығынның обалы кімде?

Құдай адам баласын қырылмақ үшін жаратқан жоқ шы[illegible] Ақмешітте құлдарды көріп едік. Соншалық азап тартып жүр сорлы міскіндер. Бұлардың кінәсы нешік? Жарық дүниеге азап тарту үшін келгендері ме сонда? Тәңірім адамзатты азап үшін жаратпаған шы[illegible] Бұ түрімен тарих көші қайда барып тірелмек түптің түбінде? Осы жұмбақты шешіп берсеңіз, жаксы аға. –

Тың бір сауалды көлденең тартқан Сегіз, бәсең ғана үнімен бастап еді, сөйлей келе жанығып, лебізі қаттырақ шыққанын аңғармай да қалды. Онысын іле мойындай әбестік көріп, жуып-шайып – аға – деп дәріптеген түрі.

Жанақ жас сұхбаттасының қызбалығын түсініп еш ауырламаған сыңайда. Басын үнсіз ғана изеп мұқият тыңдап отыр. Бұл сынды сауал өз басына тосын емес сияқты. Әлдеқашан жауап тауып қойғанға да ұқсайды. Сөйтсе де сөйлеуге асықпай Сегізге барлай бір қарап қойды Әлі де айтары болар ма екен дегендей. Сегіз үндемеген соң, әдетінше сақал-мұртын сипап қойып сөзін тірілте берді.

- Тірліктің пайдасы мен мақсат-мұраты бар ма дейсің ғой баяғы Қитұрқы сауал екен не қылса да. Әркім әртүрлі жауап берер. Мысалы кешегі Мұрат дамолланың айтары белгілі. – Адал мүмин бол да,

[illegible]тің төрінен бір-ақ шық. – деп келтесінен қайырар пірәдарың. Ой [illegible] қайтеді, хадис пен мұктасарда бәрі жазылып қойған соң. Ал [illegible] біз зердеге салып көрейікші кәнекей. – ақын бір қайырып сөзін [illegible], өзіне карап отырған жігіттерге назар кыдыртып өтті. Сонсоң [illegible]дай тұрған аттарды иек каға нұсқап:

Анау жылқыға қарандаршы. Осы жануарлар не үшін жаралды [illegible]? Адамға қызмет қылу үшін бе? Жоқ әрине. Бұларды құдай әу [illegible] еркін кылып жараткан. Даланың аңы сияқты бұлар да емін-[illegible] жосып жүрген иен сахарада құлан мен бөкендей. Жайын [illegible]ақыны - тарпаң – дейді казақ. Даланың аңы болсын, адам болсын [illegible]теуір жаратылды да, сонау есте жоқ бұлдыр бір заманда. Мына [illegible]ндағы күн мен ай сияқты, жер ана сияқты. Нендей мақсат бар [illegible]аратылыс біткенде? Еш мақсат та мұрат та жоқ. Жасаған иеміздің [illegible]ретімен пайда болды да қалды. Бір кезде жаралған екен, ақыр [illegible] келгенде құрдымға кетпек. Ғайыптан пайда болған соң, түптің [illegible]інде ғайыпқа айналып жоқ болмақ та.

Мен білсем, еш мақсат-мұддаға жоқ жаратылыс атаулыда. Алла-[illegible]ада дүние-жиһанды әйтеуір жаратты да жіберді. Мақсат-мұддаға, [illegible]йда-зиян деген ұғымдарды ойлап шығарған адам баласы. Табиғатта, [illegible]аратылыста ондай ұғым да жоқ. Иен далада жосып жүрген қосаяқ пен [illegible]ршұнақ – не үшін жаралдым-ау? – деп бас катырмас. Бір күні туса, бір [illegible]ні тырқияды да қалады, құрт-құмырсқаға жем болып.

Адам да сол хайуандар зәліттес. Екі көзіміз, аяқ-колымыз, өкпе-[illegible]ауырымыз, бар ағзамыз ұқсас. Айырма ақыл мен ойда ғана. Сол [illegible]ылымыз ғой не бір қитұрқы сауалдарды іздеп тапқан. Ал енді тән [illegible]аратылысымызда сол бір хайуандардан пәлендей өзгешелік жоқ. Біз [illegible] солар сияқты қыска ғана ғұмыр кешеміз де жоқ боламыз. Демек [illegible]ргілгімізде еш мақсат та пайда да жоқ, шырақтарым. Ұзын сөздің [illegible]ысқасы – дүниеге келген екенсің, сол кыска ғұмырыңды болымсызға [illegible]арп етпе. Болымсыз дегеніміз – тән қызығы ғой бәз-баяғы. Оның [illegible]інде – нәпсі семірту, дүние куу, карын тойғызу сияқты әрекеттер.

Ал енді адамды хайуаннан артық қылған ақыл мен сезім емес пе? [illegible]ни рухани әлем. Мысалы өздерің ән айту мен ән шығарумен шұғыл [illegible]кенсіңдер. Әндерің жас-желенді ізгілікке бастайды екен. Міне [illegible]сыларың адами тірлік. Ертең өзің баз кешкенде, келесі ұрпаққа әнің [illegible]лса, өмірде ізің қалды деген сөз. Сол талпыныс әрекеттеріңді ескеріп, [illegible]мен де мінекей ділмарсып отырмын. Құйма құлақ боларсыңдар деген [illegible]мем ғой. Әйтпесе кіл шикі өкпелердің алдында өңеш созып нем бар [illegible]ні. Еріккеннен сөзді шығын қылар бөспеліктен сақтасын. – ұзақ [illegible]кесін тәмәмдаған ақын, жігіттерге куақылана көз қыдыртып өтті.

Жастар жағы болса үнсіз. Есіткенін ой елегінен өткізіп дағдарған [illegible]ейіпте. Сегіздің сұрамағы көп еді, әйтсе де үлкен кісіні сөйлете бергенді [illegible]ұнгайсыз көріп тартынып отыр. Қайрат та картты мазаламауға бекінген

сиякты. – Көреген кісі екен не қылса да. Іштегі сырымды тап [illegible] көрмеймісің. Токалға барғанымды да алаканға салып бергендей [illegible] отыр шалың. Қой тиыш отырайын. Қакактап сұрай берсем, [illegible] коямды актарткызбай коймас. - осы күдікпен іштен тынып отыр

Бұл сапар Нияз кезек өзінікі деп білсе керек, серіктері [illegible] калған соң, жөткіріне калып үн шығарды.

- Акын аға, кеңесіңіз құлакка жағып барады мүлдем. А[illegible] жастарға көңіл бөлгеніңізге мың алғыс, алдымен. – осы [illegible] колын омырауына төсеп, жарасты бір ілтипатпен басын ие берді

- Тызактап, кайта-кайта мазамды ала берді-ау бұ жүгірмектер [illegible] сөге жамандамассыз, көке. Көпті көрген, акылы кемел кісі [illegible] кадалған түріміз ғой. Көптің ауанына жығыла салмай, өзіндік [illegible] ұстана білер табандылар сирек қой кашанда. – кіріспе сөзімен акы[illegible] көнілін аулап баккан жігіт, өзін толғандырған мәселеге ойыса берді

– Кене ханның жорығынан дүйім ел хабардар ғой. Орыс әскерм[illegible] арпалысып жүр табан тіресіп. Әйтсе де өз төрелері карсы [illegible] казактың іші алауыз. Арканы орыс алса Сыр бойын Қокан билеп [illegible] Осының түбі кайда апарып сокпак? Елдіктен кеткеніміз бе бірато[illegible] Ұлан байтак жерді имденген кешегі айбарлы хандык ыдыра[illegible] құрыганы ма? – бастырмалата сөйлеген жігіт, және бір такырыпты көлденең тарта берді.

Сегіз бен Қайрат: - Ия бәсе, жөн сөз. Баршамызды толғандыр[illegible] мәселе. Ауызымыздағы сөзді айтты. – деп жамыраса косылып, [illegible] ете калысты.

Жанак болса, – бұл жәйтка әйтеуір бір соғарынды біліп едім, дегендей нысайға мініп, басын шұлғи тыңдап отыр. Қабырғасын кайыстырған, зіл батпан салмакты мәселе екенін білдіргендей кабағын шытыңкырай күрсініп койды да, сөйлей бастады.

- Бұның себебі әріде жатыр-ау, сарапка салса. Сонау тарихты копаруға тура келер. – деп бөгелендеп ойлана калды. Тарихтың катпарына үңіліп, кай кезеңнен бастамакты ойластырып дағдарғандай. Өзімен өзі сырласып, касындағы жігіттердің барын да ұмыткандай кейіпте... Бір кезде ойын коғамдап болып, кенесін тарата берді.

- Тым әріге бойламай-ак кояйын, окыған-токыганың бар жастар көрінесің. Алашымыз о баста айбарлы мемлекет болганын біледі екенсің. Өкініштісі сол-ак, жайбарақат жүрген билеушілеріміз болашакты еш ескермеген. Такка таласып өз ара қыркыса бергеніне шаран кайсы. Аксак Темір мен Токтамыс өз ара соғыса-соғыса акыры алтын орданың түбіне жетті. Еділ бойындағы дүркіреп тұрған шаһарлар азып-тозып бітті. Орыс болса мемлекетін нығайтып калаларын дамыта берген.

Сонау Омбыда болганым бар Атығай-Қарауылды аралап жүргенімде. Омбы орыстың шеттегі бір калашык корганы есепті ғой. Сөйтсе де айбынды мемлекеттің куатын анғарткандай екен. Тізіп

[illegible] зеңбіректерді, сап-сап тізілген жаяу әскерлерін көргенде [illegible]ксіз ойға қаласың. – Мұнша мол қаруларды тек көп қалалардағы [illegible]сыз ұста-шеберлер құйып шығарар. – деп іштен түйдім де қойдым.

Мына Қоқандықтар да зеңбірек пен самқал өндіреміз деп күпсиді [illegible]. Ол өндірістерін де көргенмін. Қайда-а, орыстың маңайына келер [illegible] екен! Әрі саны аз, әрі сапасы төмен. Баяғы Әмір Темір [illegible]манындағы қалпы. Бұл Қоқан орысқа төтеп бере алмасы айдан [illegible]. Зәулім қорғандары пана болар деп сенетін шығар өздерінше. Шікі қыштан соққан қорған орыстың жойқын зеңбірегіне төтеп [illegible]рсін бе. Қоқан да қазақ сияқты ағаш оқ пен найзамен қаруланған. [illegible]тағам заманның жарағы.

Қазақта кім көп, толықсыған батыр көп. Орыста батыр атымен [illegible]оқ, есесіне шүріппелі мылтық ұстаған әскері самсап тұр. Біздің [illegible]німіз аңға ғана жараса, орыстың шүріппелі мылтығы оның [illegible]кесіндей. Қой боғындай қорғасын оқ біздің найзалы [illegible]батырларымызды жақындатпай-ақ сонадайдан қынадай қыруда.

Міне бір гәп осында. Орыс өнер мен біліммен, өндіріспен озып [illegible]ұр. Оның үстіне ақ патшасына бағынған тастай тәртіп бар. Тақтағы [illegible]патшаға қарсы шығу деген жоқ мүлдем. Құрық әкеткендерін дарға [illegible]ып, абақтыға айдайды екен ұлықтары. Сондық, мемлекеттері [illegible]ұрыштай берік.

Біздің қазекең болса бір орталыққа бағынбай, әр ру мен тайпа өз [illegible]етінше сойылын соғуда. Әр таудың текешігі іспеттес. Ойраттар [illegible]ысқанда Абылайды хан көтеріп еді, бейбіт заман орнаған соң оны да [illegible]ырына алды бағынышты елдері. – Ханын жаулаған қара оңбас. – деп [illegible]ұқар жырау ескертіп еді кезінде, онысына құлақ асқан ру басылар [illegible]олсайшы. Енді мінекей жырымдалған милләтты орыс біртіндеп тізе [illegible]ұктіруде. Шымбайға батқан соң ғана, әр ру бас көтере бастады. [illegible]лімұлыда Жанқожа, Көтібар, Байұлыда Исатай мен Махамбет патша [illegible]скерімен қаржасып бағуда. Бірақ күш бірікпеген соң, бір тудың [illegible]астынан табылмаған соң, жеңіске жету қайда-а.

Көр де тұр, зеңбірегін сүйретіп жаяулап келген орыс қаласын [illegible]алады да, қазақты тырп еткізбей бағындырады түбінде. Себебі, [illegible]амана көшінен артта қалып, шаң қауып жүрген жайымыз бар. Ашшы [illegible]олса да шындық осы. Мына Қоқан мен Хиуа да орысқа бас иетініне [illegible]шубәм жоқ. Қарны қампиған сарт та мешеу халде. Озық ғылым мен [illegible]ндірістен жұрдай, бәз-баяғы атам заманғы марғау тірлікте. Туысқан [illegible]азақты басынып болды ғой әбден, зекеті мен ұшырын аяусыз жинап. [illegible]ене ханды да дұшпан көріп алқымына жармасты. Кенені женген [illegible]орыс Қоқанға ауыз салатынын білмейтіндей өңшең мұндар. –

Жанақ күйінген нысайға міне қабақ шытып, басын шайқап қойды. Маңдайын торлаған қалың әжім тереңдеп, өңін кәртәйта түскендей.

Ақынның үнсіз қалғанына шыдамсызданған Нияз қоя [illegible] қойып: - Сонда қалай, үміттің кесілгені ме мүлде? Кәпірге [illegible] болып күнелтпек пе иісі мұсылман қауымы? Бұ бетімізбен [illegible] діннен де, тілден де жұрдай болмасымызға кім кепіл? [illegible] қызбалана тіл қатты.

Жігіттің бұл мінезін түсінгендей сабырлы қалпын [illegible] Жанақ: - Үміт неге кесілсін. Үмітсіз шайтан деген емес пе. [illegible] бастап, аз бөгеліп ойланып алды да, - бұ сауалға жауап табу [illegible] және тарихқа көз жүгіртейік, шырактарым. Кезінде Алтын [illegible] дүрілдеп жарты әлемді билеп тұрғанын білесіңдер. Ол да ыдырап [illegible] Хандардың соңғы тұяғы Кенесары қарысып беріспей жүр [illegible] Токтамыстың түбіне жеткен Әмір Темір де жиһангер [illegible] заманында. Бағындырмаған елі жок. Әйтсе де оның мемлекеті [illegible] азып-тозып, ұсақтап қалған сикы анау. Бұкара әмірі мен Қоқан хандығы сол алыптың саркыншактары ғана.

Демек, канша куатты болғанымен алып мемлекеттер әлсіреп [illegible] екен бара-бара. Бұл тарих заңы, байыпка салсак. Орыс патшалығы [illegible] соның кебін кимей коймас. Сүрінбейтін тұяк, жаңылмайтын жак жок [illegible] демекші, ак патша да түбі сүрінер. Сүрінбек түгілі омака да асар. [illegible] кезде казағым ұлттығын сактап тұрсын тек. Ғасыр өте ме, [illegible] ғасыр өте ме, бір аллаға мәлім. Әйтеуір тумай коймас ол заман. Іс [illegible] шыдап, төзіп, сол жаркын болашакка жетуіміз парыз. Бұл жолда ақыл [illegible] да айла да кажет. Жолдасың сокыр болса бір көзінді жұмып жүр [illegible] демекші, орыс билік құрған соң тілін меңгерген де жөн. Тілін меңгерген кісі біліміне де кол артар. Орыстың ғылымы мұсылмандыкінен озып тұр осы күні. Намысты шаптаса да акикат осы. Ғылымы озған соң өндірісі өркендеді. Куатты өндірісі кару жарағын жетілдірді. Соның игілігін көріп жүр осы күні. Сайлы келгенде, өзге ұлттардан күші асып үстемдік құрғызды. Олай болса, орыстың тілі мен білімін үйренуден өзге жол жок.

Мына Нияз екеуің Омбыда дәріс алып орыстың жазу-сызуын меңгеріпсің. Құптарлық талпыныс. Ендігі буын жастарға үлгі осы ғана. Қабағын ұйкы басып, сахарада мал соңынан тепеңдей бермей, кентті жерге асып білім куған жөн. Омбыны көрген екеуің орыс мемлекетінің шама-шаркын байкаған шығарсың. Атам заманғы көшпелі калпында күн кешкен казакпен салыстырғанда, жер мен көктей емес пе? Осы сөзімді теріске шығаршы кәнекей. – карт акын ұзак сонар кеңесін окыс сұракпен тәмәмдады.

Дәм кайырайын, мына кеселерді жиыңдар, дегендей иек каға ишарат кылып еді, дәмді кеңесті кимаған Нияз карияны және бөгей берді.

- Уа, көке, жас-желең атаулыға не жөн сілтер едіңіз? Кент асып білім іздеу әркімнің колынан келмес. Қыска жіп күрмеуге келмейтіні

[illegible] ана, ел іші баланы орыс оқуына жібере де коймайды. Шоқынып [illegible] деген күдік те. Қала оқуын көрсек те орыстан қашып жүрген [illegible] мынау. Ел аралап серілік құрудан өзге колдан келмейді. Бұлымызды қайсы бір егделер мен молдалар даракылық деп сөгіп те [illegible]. Ендеше, немен шұғылданбақ бүгіңгі жас-желең? Әндетпейік [illegible], ән жарықтық көкірекке симай өзі сұранып тұр. Осыған не үәж [illegible] едіңіз? – деп, бастырмалата тіл катты.

Қопаңдап, орнынан енді тұрайын деп ыңғайланған акын [illegible]деп, - әй, болмас! – дегендей сыңаймен езу тартты да, кайта [illegible]ып сөзін және тірілтті.

Бұ сауалыңды да жөнсіз демеймін, жаркыным. – деп Ниязға көзін [illegible], ойлы пішінмен сакалын сипап койды. – Серілік әркімнің [illegible]пан келе бермейді әрине. Әнші де мыңнан біреу шығар. Таракыланып өңеш созғандарды есепке алма. Көкіректен ән сауласа, [illegible] күдай бере салған дарын болар. Батпандай сый демек. Ел ауызында [illegible] ән шығара алсаң ғана, дарын иесі болғаның. Сөккен кісі сөге [illegible], табиғат ана бойыңа әншілік өнер дарытса, сол өнеріңді ұштай [illegible]. Ит үреді, керуен жүреді демекші, көре алмағанның іші күйсін.

Бір игіліктерің – кыз баланың абыройын аскактаттың әніңе косып. Төмен етектілердің кемшілік көріп жүрген түрі анау. Қыз бала байғұс [illegible] шалдардың колжаулығы рәуіштес. Анау сарт пен өзбек тіпті [illegible] затының жүзін де көрсетпейді. Ұрғашы біткендері үйінде камалып, [illegible]рамен бетін жауып пысынап жүргендері. Абактыда күн кешкендей.

Сөйтіп корлыкта жүрген әйел затын әнге косып дәріптегендерің, [illegible]арлык жәйт әрине. Әніңі, жүрген жүрісіңі, өнегелі сөзіңі ел үдесінен [illegible]кса, тарихта калуыңа да ғажап емес. Сонау Жиренше шешен, Алдар [illegible]се мен Қожанасырдың айткан сөздері ғаклия болып калған жок па. [illegible] кайғы сынды данышпанның жерді сынап сипаттағаны ел жадында [illegible]р. Бұл далада мыңғырған нелер бай-манап өтпеді дейсің. Аты да ізі [illegible] калған жок бүгінде. Ал енді ашык-тесік шапанынан жел саулаған [illegible]тар көсе-екеннің даңкы мәңгі өшпек емес.

Ғашыктык та солай. - Батырлык, байлык кімде жок, ғашыктык жөні бір баска. - деп шайыр жырлағандай. Мысалы Қыз Жібек киссасын [illegible]ңдаршы. Басты кейіпкері Жібектің өзі емес пе. Сегіз жыл [illegible]ижылмастан Төлегенді күте біліпті есіл ару. Қорен калмакты айламен [illegible]дап, әменгері Санзыбайға ерді көргенді кыз. Бекежанның кастығын, Қореннің зорлығын, тағдырдың такбезесін жеңіп шыкты акыры. Бұл жырды шығарған шайыр нағыз парасатты жан ба дедім. Қыздың құны [illegible]ес байтал деп кергіген кауымға, казак аруының асылдығын таныта [illegible]біліпті есіл өнерпаз. Ұлттың ұйткысы жуан коныш бай, немесе жуан [illegible]білек батыр емес, мінезі пәк, табанды ару екенін паш етіпті.

Сол сиякты кеше мына Сегіздің «Назкоңыр» мен «Ғayhартас» [illegible]дерін тыңдай отырып, тәнті болғаным. Мына кылыштан кан тамған

сойқан заманда, ізгілікті жыр етіпсің. Осының дұрыс, шырақтым. Тастай қараңғы түнде кісіні адастырмайтын сәуле болады емес пе. Мынау қатыгез де меңіреу заманда, сондай сәуле сендердің жүрегінде болсын. Адамгершілікті, нәзік те пәк сезімді мәпелей білетін әндеріңде. Құндысы осы, шырақтарым.

Ертең сака тартарсың әлі-ақ. Үйлі – баранды да боларсың. Жастық-мастық ұмыт болып, мал-дүниені де қуарсың, ұрпақ қамын жеп. Сүбеңді май басып көңіл де марғау тартар бәлкім. Сол кезде осы жалынды шағынды ұмытпағайсың, өрендерім. Айналаң, ортаң, қанша мешеу кертартпа болса да, серіліктің туын асқақтатып өт, бұ бір күндік жалғанда. Жанақ сынды кәрі шөңгенің айтқан өсиеті осы, шырақтарым. –

көтеріңкі леппен сөзін тұйықтаған ақын орнынан көтеріле бергенде, - ал атты әкеліңдер. Ерте күнді кеш қылдық қой әңгіме-дүрсін үстінде. – деп, Қайратқа иек қақты.

- Кәрі шөңге – деп өзін әжуалай атағанымен, ақынның қимылы ширақ. Қария тұрмақ, қырыққа ілінер-ілінбестің өзінде қайсы бір майтымақтар мезгілінен ерте кәртәмыс тартып, шайлаған үйрекше талтаңдап басар еді. Жанақ болса тың көрінді. Жігіттер ертеңгі әкелген қаба жал торыға ырғып мініп, шапанының етегін тақымына қысып алды да:

- Ал, серілерім, енді мен тыңдайын әндеріңді! – деп көңілдене сөз етті. – Шалды бие сауымы сөйлеттіңдер, енді құтылып көр бәлем. Сонау Жаппастың шетіне іліккенше ән айтқызайын. – деген сөзбен торыны тебініп қалды.

Жігіттер де апыл-құпыл аттарына мініп жатыр. Боз арғымақтар Қайраттың жетегінде, Жанақтың қосар аты өзі еріп келеді. Жануар ұзақ сапарларда әбден машықтанса керек, ақ жамбас торыға ілесе құйрық тістесіп, бүкең қағады. Құдды бір аңшыға ерген тазы дерсің. Ақын бейілдене тіл қатқанына желденді ме, қатарласа берген Нияз:

- Көке, сізден әнді аяймыз ба? Түйдегімен жібереміз ғой. Көңіліңізді аулап. Тек әлгіндей дәмді сұхбатыңызды шерте берсеңіз екен. Келелі кеңеске сусадық. Әлі де сұрақ-сауалымыз баршылық. – деп жымия лепес шығарды да, жігіттерге қулана көз қысып қойды.

- Даңқты ақынға қалай-қалай соқтықтым, ә? – деп насаттанғандай

Ат мойыны алға озған Жанақ сұхбаттан қашатын емес сияқты. Серіктеріне еңсе бұрып:

- Мені бір Жиренше шешен деймісіңдер, ханның бар жұмбағын шешіп берген? – деп миығын күлімдетті де, торыны сипай қамшылап, - ойнап айтам да, шырақтарым. Тоқығанымды іште сақтаймын ба, қыстан қалған сүрдей қылып. Сұрай беріңдер еш қымсынбай. Жауапты мен емес, халқың берді ғой әлдеқашан. Халықтың даналығына жетсін бе

[illegible] кісінің ақылы. Жөн-жосық іздесең жауабы әзір емес пе. Тек сол [illegible] маржандарын тере біл. – Жұрттың алдына түссең, көзі тиер; соңында [illegible], сөзі тиер. – деген накликатты ұстансаң адаспассың.

Жалындаған жаска да кеңес қалдырған екен бұрыңғылар. – [illegible]тікте жаннан без де іс қыл. Өлсең өлерсің, өлмесең кісі [illegible]арсың. – депті ғой көне көздер. Неткен уытты сөз десеңші, беу [illegible]! Жүрегінің тәуекелі бар азамат қалдырған өсиет те... Сондық, [illegible] не бір бұралаңы кинаса да, ақылды халықтан іздегейсің, [illegible]лерім. Мақалы мен мәтелі, ертегісі, аңыз-әпсәнасы, бәр-бәрі [illegible]ылмас қазына. Ауыз әдебиеті дегеніміз теңіз ғой. Ақын сол [illegible]иеттің інжуін теріп, жұртқа жеткізуші ғана. –

Жанақ сөзін үзіп, жігіттерге көз тастап қойды да, кенет еңсе [illegible]теріп шақырайған күнге назар тіктеді. Ес тұнған жанарында [illegible]ескандай арман бар сияқты.

Білгенің тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз деген сөз рас-ау, [illegible]ағтар. Әйтсе де адамзат қауымы мысықтабандап болса да, [illegible]аттың құпияларын табар. Қоғамның мінезі мен салт-санасы да [illegible]лер түптің түбінде. Кісінің басын кесіп, кәллә мұнара тұрғызу [illegible]ықты жауыз соракылықтар да құрдымға кетер. Хайуандық пен [illegible]ығездік оңайлықпен ірге бермес әрине. Там-тұмдап қана жойылар. [illegible]ырлар өте ғана адамгершілік бел алмақ. Адамзат баласы соғысқа [illegible]мес, ғылымға жұмсаса екен бар қабілетін. Бәлкім ең қиын сұрақтарға [illegible] жауап табар ма едік. Бірақ, әй қайдам! – деген сөзбен, кенет [illegible]ылығы сапты қамшысын шошайтып көкті нұскады ақын.

Сонау зеңгір аспанды түн ішінде көріп жүрміз ғой. Самсаған [illegible]ұлдыз. Түбі де шеті-шегі де жоқ. Ал ендеше сол ғарыштың [illegible]ынауында не бар? Түн кеңістігінің түбі бар ма өзі? Түбі ия шеті бар [illegible]са, арғы жағында не бар? Міне құпия мен жұмбақ біткеннің [illegible]ысы! Осыны табуға адамзаттың ақылы, ғылымы жете ме? Құранға [illegible]сек, сегіз қат жұмақ бар дейді ғарсыда. Әйтсе де бұл соқыр сенім [illegible], барып көрген жан жоқ.

Олде біз сонау жер қабатындағы құрттар іспеттес шығармыз. Ол [illegible]ұрттар жер бтінде не болып жатқанынан мүлде бейхабар ғой. Шөп [illegible]ен орман, күн мен ай барын еш білмес. Соқыр қалпы күнелтіп [illegible]ыбырлап жүре береді әйтеуір. Біз де солардан пәлен асып кеткеніміз [illegible]оқ па дедім. Көзбен көріп, құлақпен естігеніміз бір тоғыз болса, [illegible]збей көре алмай жүргеніміз тоқсан тоғыз шығар. Бәлкім дәл [illegible]рамызда біз көре алмай жүрген мүлде басқа бір тірлік те бар болар. Мысалы, кешегі өткен аруақтардың жаны дәл қасымызда бізге [illegible]орінбей жүр ме екен? Аруаққа тектен тек сиынбаса керекті қазақ.

Олай болса, анау құрттар сияқты біз де көр соқыр шығармыз. Қолмен ұстап көзбен көрген затты ғана малданып, өзге бір кеңістікті

аңғара алмаймыз. Бәлкім осы құпияны шешсе, сонау түпсіз ғарыштың да жұмбағын табар адамзат баласы. Әттең біздің буынның маңдайына жазбапты ондай ғылым. Адам баласы бір-бірімен соғысып әлек. Осыны ойласаң налисың да. Әлсіздік, дәрменсіздігіңе күйінесің. Анау даладағы жел аударған қаңбақ құрлы жоқпыз. Ертең өлеміз де із-түзсіз жоғаламыз. Табиғаттың не бір тылсым құбылыстарынан бейхабар, махрұм болып өтеміз-ау. –

Сөйлей келе өзін өзі сөзбен шабақтап күйінген ақын, өзінің торыдан алғысы келгендей қамшыны көміп-көміп жіберді. Құлжа мойын төгерек, жуан сіңір тұғыры басын шұлғи тастап бүлкіл қақты.

Ақынның бір сөзін қалт жібермей келе жатқан Сегіз аң-таң күйде. Атқа қонған соң өз жайын, Мақпалды алу мәселесін тілге тиек етпек еді. Ақылына қонсы қонбақ ойы ғой. Алайда, Жанақтың жаңағы кеңесінен соң тартынып қалды. Кәдуілгідей ұялды да.

- Қартыңның қозғап отырған мәселесін қарай көр! Жиһанды уысына сиғызған падиша болар ма бір. Жер жүзін былай қойып ғарышқа үңілгенін айт қасқаның. Иісі Алаш тұрмақ, дүйім адамзаттың қамын жеп жүр ме, қалай өзі? Бұның қасында менің жеке басымның мәселесі құлды бір баланың ойынындай дерсің. Тіпті ауызға алудың да қисыны жоқ қой – деген оймен жұмған ауызын ашқан жоқ.

Және бір тәнті болғаны – ақынның сүрепеті. Жаңағы көкейкесті арманын паш еткенде, өңі нұрлана жанары ұшқын шашып, жасарып кеткендей көрінгені.

- Беу, шіркін, қартыңа болайын! Жігіттің жігері жайнап тұр-ау анау отты жанарда. Кәрілік берсең осындай ойлы да мәнді кәрілік берсеңші, жасаған. – деп түйіп, бозшұбардың шаужайынан қағып қойды...

***

8 тарау

МАҚПАЛДЫҢ ҚАСІРЕТІ

1

Боз үйдің көлеңке жақ іргесі түрулі; сол ашық керегеден болмашы ғана самал еседі. Ауыл Көкше теңіздің күнгей жақ бетіне қонғалы бір-ақ апта болған соң, маңайдағы шөптің мұрты бұзыла қоймаған. Самал ескен сайын майқара жусанның лебі жетіп, үйдің ішін шиқылтым хош иіс кернеп кетеді. Күн мезгілі – қиық сәске, ауыл іші ұлым жырт. Үйдің ішінде Мақпал мен қос құрбысы іс тігумен шұғыл... Қыздары істе болғанымен ауыздары әңгімеде. Сөзді бастайтын көбінесе күлегеш Құсни да, оған жауаптасатын Раушан. Әзіл – оспағы бар, ауыл үй арасы сыпсың сөзі, өсек-аяңы бар, әйтеуір тақырып көп-ақ. Төмен етекті атаулының сөзі біткен бе? Әсіресе бойжеткендердің сыңқыл күлкісі мен, бозбала атаулыны мінеп сөйлеуге сылтау көп-ақ.

Бұл екеуінің сұхбатына араласа қоймаған Мақпал ғана. Сыпайылық сақтап: - Ия, ия, айтқандай-ақ. – деп ырым жасағаны болмаса, кеңестен тартынып отыр.

Бұнысына пәлендей мән берген қыздар жоқ, кезекті бір бозбаланың мінін әжуа қылып, сыңқ – сыңқ күлуде әнекей. Мақпал да езу тартқан болады, әйтсе де ойы мүлде басқа жақта. Жатса да тұрса да Сегізді ойлаумен жүр осы күнде. Серілердің кеткеніне бір апта болды мінекей. Хабар-ошар жоқ әлі күнге. Бір уақ Сегізді ақтап өзін кінәлап та қояды.

- Мына тұрған жер емес, Керей қонысына жеткенше сол болады ғой. Барғанда да салған жерден мәселе шешілмейді әрине. Ақсақалдар ойланғанша ақылдасып байлау сөзін айтқанша да едәуір уақыт өтер. Бір аптаның ішінде мұндай салмақты іс оп-оңай шешіле қоюшы ма еді. Сегіздің еш кінәсы жоқ қой, әрі беріден соң. Буынсыз жерге шышақ ұрмас болар. Күтейін не қылса да. Өрекпіген көңілімді басайыншы ең әуелім. – деген оймен өзін өзі жұбата береді.

Әйтсе де әр күн жылдай созылып, уақыт шіркін мүлде өтер емес. Қолына іс алса да, ия өзге бір кәкір-шүкірге алданса да, қаперінен шықсайшы сол бір күн. Сегіздің бейнесі көлеңдеп көз алдынан кетсейші... Сонау бір кезде: – Жігітім қандай болмақ? – дер қиялдап жүргенде, өз әкесін үлгі тұтып жүруші еді ғой. Сегіздің түр сипаты болса, мүлде басқа. Әйтсе де мінез-құлықтары ұқсас. Әсіресе биязылығы мен сыпайылығы келеді. Сонымен қатар Сегіздің сабырының арғы жағында асқан бір табандылық аңғарылмай да қойған жоқ. Бұл жігіт екі ғайда қайсарлыққа басып та кете алатыны ап-анық сияқты.

Өзгелерді қайдам, Мақпалдың өз басы мінезінің бұл қырын салған жерден түйсінген болатын. Қайраты да ересен екені аңғарылмай

койған жок. Бозбастардың дені мактаншактау келетіні бар емес пе Бұл болса: – Күресті де, сайысты да сұканым сүймейді. Амалсыздың күнінен ғана кірісем. – деп, алыс-жұлыстан ат-тонын ала қашады екен. Шын кайратты ер-азамат бойындағы кабілетті, күшті, дабыра етпесе керекті. Сегіз де сол кішіпейілдігінен айныған жан емес.

Әйсе де, дәл кандай касиетіне бола ұнаттың деп сұрасаң, Макпал аныктап жауап та бере алмас еді. Әншілігі де, мінезі де, кескіні де, сол саптауы да, тіпті дауысының реңкі де, бәр-бәрі косылып кеп құлай сүйдірген сиякты. Сүйгенде де, алып-ұшкан лапылдаған сезім де жок ау. Бір калыпты, маздап кана жанған оттай сүйіспеншілік бар көнілде Бірак маздап кана лауласа да, бар дүниені ұмыттырып, сол жігітті ғана ойлатканын кайтерсің. Махаббат деген маған тән емес шығар деп жүргенімде, көрмеймісің зәтте баурап алғанын. Осындай болады екен-ау асыктык деген. Бүткіл әлемді нұрландырып айналадағы шаттыкка бөлеп жібергендей. Жігіттің жолына карай – карай, сағынып мұнайғаныңның өзі ләззат екен-ау. Сағыныштың мұнын ғашыктык шіркіннің шаттығы жуып-шайғандай...

- Оу, кыздар, анау не шаң? – Құснидің окыс шыккан үні ойын бөліп жіберді. Өз киялымен өзі болып отырған Макпал, - бұнысы несі? – деген кісіше, құрбысына карай калды. - Қайдағы шаң, айтып отырғаны не өзі, бұл кыздың? – дегендей аң-таң.

Кесте шегіп отырған құрбыларға көз жүгіртіп, кайда отырғанын, кыздардың не әңгіме-дүкен құрғандарын біртін-біртін есіне түсіре берді... Ауылдың үлкендері таңмен таласа жаппай жиынға аттанып кеткен болатын. Сарысудың бойындағы торы Қыпшактағы құдалары ас бермек болып сауын айткан. Соған Жауғаштының бөрік кигендері тайлы-таяғы калмастан жүріп кеткен. Бактияр ауылдарынан бармай калған Алдияр ғана. Аз-мұздап сыркаттанып калған жігітті: - Малшы-құлшы, катын-калашка бас-көз боларсың. – деп, калдырып кеткен бидің өзі. Қотан ішінің тым тырыс болып жатканның басты себебі осы еді...

Кереге көзінен Құсни нұскаған жакка көз тастап еді, шынымен-ак сонау кырка беттен будак-будак шаң көрінді. Бұндай шаң шауып келе жаткан аттың тұяғынан көтерілетін. Айткандай-ак бірер сәттен соң баран атты кісінің сұлбасы айкындала берді. Жүрісі жедел. Ауылға жакындап келгенде катты жүру деген әбестік екені мәлім. Бұнысы тегін кісі болмады ендеше. Не кылса да жайсыз хабар әкеле жаткан біреу.

Жүрегі су еткен Макпал шұғыл көтеріліп: - Ойбай, көтек! Бір пәлекет болмағай! – деп, абыржыңкыраған кейіппен кыздарға карай калды.

Үрпиісіп калған құрбылар колдағы істерін тастай сала тыска беттеді. Ауылдағылар да үйді-үйдің көлеңкесінен шығып жатыр. Бәтима Алдиярдың отауында шай ішіп отыр еді, бұл да секем алса керек, есіктен күн сала аттыға карап үніліп тұр. Сұңгак бойлы Алдияр

ға шапанын желбегей жамылып, жалаң бас қалпы шығып келеді. Түпеу күні тер қатып ішіне жел қарысып еді, соның салдарынан өңі бозарып қабағы кіртиіңкіреп жүрген... Кісесін әпере берген Күләй:

- Қымтанып алсаңшы, терлеп шықтың ғой. – деп бәйек болып жүр.

Құснидің шешесі сопақ бет, шикіл сары Сәния, Раушанның шешесі ашамайлау бітімді, аққұба Қарлыға да осы үйге карай беттеп келеді. Көнектерін көтерген төртті-бесті қатындар аңырысып, состиып-состиып олар тұр... Апсағай ұзын бойлы биеші Серікпай пошта ұстаған қалпы желі басынан бері беттеп келеді. Жасы жиырмадан асқан бұны ауыл-аймақ -шатыраш Сипай- деп кеткен. Келейдің ұлы болса да өжет, бетті жігіт. Қайратқа да кенде емес, тоқада үнемі көзге түсіп, серкені олжалап та жүр.

Жылқы атаулыны таниды ғой, және көз өткірлігі де бар, жотадан күлдилап келе жатқан атты шырамыта қалды. Мыжырайған елтірі торкін қозғап қойып:

- Оу, мынау қарагер дөнен Әлкөштікі ғой! Сол саппас болмағай. Бу несі-ей далақтап шауып? – деп, айғай салды.

Сәлден соң жұрттың бәрі Әлкөшті тани кетті. Маңғыл қасқа карагер атын ақ көбікке малындырып шауып келді де, қотан ортасында ізгін тартып домалай түсті. Болдырып қалған карагер басын шұлғи тастап, байыз таба алмай шылбырты шұбырта ойқастап жүр.

Домалай түскен жеткіншек Әлкөш шапанының етегіне сүріне кабына сүрініп келе жатыр. Екі көзі атыздай, өңінің сұры қашкан, түрі орт сөндіргендей. Аса бір жайсыз хабарды әкеле жатқаны ап-анық. Бұл бала Қуаң дария беттегі елдерге кетіп еді, сірә сол тараптағы келеңсіз бір жайға душар болса керек. Жұка өңді, қаймыжық ерін жеткіншек, топтың үлкені Бәтиманың алдына жетіп келіп:

- Әжетай, бір сұмдық хабар әкелдім! Төменгі елді үлкендері – ұш, шап, хабар жеткіз! – деп жіберді. Жаудан әрең сытылып шықтым. – деп аптыға сөйлей бастады.

Күндігінің астынан қылтия көрінген самай шашын сұқ саусағымен түзеткен Бәтима: - Не боп қалды, ойбай? Ел аман, жұрт тыныш па өзі? – деп үрейлене қарап тұр. Өзге халайық та үрпиісіп қалды.

- Уа, айтсаңшы өзің, күлтектемей! Тастап жібер қара аспаныңды, ыбылжымай. – шыдамсызданған Алдиярдың дауысы қаттырақ естілді.

Алқынған демін әрең басқан Әлкөш бастырмалата сөйлей берді: - Жабы деген біреу қарақшылық салып жүр елге. Бойы еңгезердей, өзі батыр болса керек. Қасында самсаған ләшкерлері бар, шеттерінен жойыт, мұздай қаруланған. Ысқырынып бет бақтырар емес. Қарсы келгенді сөзге келместен жайпап тастайды. – деп бір қайырып демін алды да, кенет қыздар тұрған назар жығып,

- ең сорақысы, қыздан зекет жинаймыз деп, қыз-қыркынға қырғидай тигендері кәззәптардың. Он шақты қызды өңгеріп те алды

сөзге келместен. Ендігі беттері осы ауыл. Көздегендері Мақпал Біреуден құлактанса керек, - Мақпал сұлуды алмай тынбаймын. – деп Жабы ізденіп келеді.

Бұлдырық деген мергені, Қыстаубай, Дәуқара деген баскесерлер бар касында. Қайсы каракалпак, кайсы сарт, әйтеуір кіл каракшы бұзарлардың тобы. – ентіге сөйлеген Әлкөш, назарын үлкендерге кайта жыкты.

Әйелдердің шоғырына бұл хабар жай түскендей әсер етті. Ал аман, жұрт тынышта, мына мамыражай бейбіт күнде жау шабу деген мүлдем мүмкін де емес сияқты. Және шапканда көздегендері мал-мүлік емес, кыз-кыркын екені не сұмдык! Еш кисынға келмейтін соракылык кой. Сенер-сенбесін білмегендей аңырған Сәния, Бәтимаға үрейлене көз тастады. Қарлығаның да көзі атыздай болып, тұрған жерінде калшиды да калды. Бұның да назары Бәтимада. Ауылдағы катын-калаштың көсемі мәнзелдес кой, бидің бәйбішесі болған соң сөзінің салмағы да басым. Оның үстіне - Мақпалды іздеп келеді каракшылар - деген жат хабар бар.

- Енді не істедік? – дегендей, өзге халайық та Бәтимаға карай калған.

Бәйбішенің ойы болса астан-кестең. – Қыздан зекет алатынды шығарды басынған Қоқандыктар – деген алып-кашты кауесетті құлағы шалғаны бар еді. Қой, бекер болар. Құба калмак заманы емес кой, шөп желкені токтыдай өңгеріп әкете беретін. Ұшыры мен зекетін созбай беріп құтылып отырса, момын елде не акысы бар Қоканның? Және ынтымағы берік, құрсауы бүтін қалың бағаналыға кай есуас соктыккандай. Қандай канпезер каракшы болса да, істің артын ойламай ма. Азаматы сай ел есесін жібермесі мәлім ғой. Өкшелей куып кегін алмай коймас.

Осы сынды пікірді ұстанған бәйбіше, өз басына мұндай зобалаң төнеді-ау деген ойдан мүлде аулактын. Үш ұйыктаса түсіне кірер ме екен. Сондық Әлкөш әкелген мына хабар, тып-тымык күнде аспан как айырылып төбеге төнгендей әсер етті.

- Қап, әттеген-ай, ер азамат атаулы да жол жүріп кеткен. Әлде осы мезгілді аңдып жүр ме екен каракшылар? Не кылса да карекет керек. Болар іс болды. Енді жан кармау керек. –

Ойы сан сакка жүгіріп үрейі ұшкан бәйбіше, маңдайына суык тер бұрк ете шыкканын сезді. Өңінде кан-сөл жок, колка тұсы мұздап барады. Буындары калтырап сылк ете құлауға шак калғандай. Әйтсе де бойын билеп:

- Қыздар-ау, бар жүгіріңдер анау камыстың ішіне! Қалыңына тығылыңдар! Каш, ұмтыл, тез ойбай! – деп айғай салды. Абыржып сасканынан үні карлыға шыкты.

Әйтсе де топ кыз ұкты ана бұйрығын. Есеңгіреп тұрғандай халдерінен зәтте арылып, ал кеп тұра жүгірсін. Басы Құсни болып дүр

сілкіне жөнелді. Етектеріне сүріне қабына, жанталасып барады. Бар - жоғы он шақты бойжеткен ғой ауылда, бірін бірі демей, қолдарынан ұстаса ұзай берді... Көлдің құрағы бір шақырымдай жерде болатын. Міне қоятын әзір аттар да жоқ, жаяуламаска шарап кайсы.

Құснидің шынтағынан ұстай алған Макпал үкідей ұшып келеді. Өлкөш әкелген хабардан зәре-құт жоқ. Әсіресе – нысанаға алғандары Макпал – деген сөз жат естілгені... Даңкым шыккандай мен кай бір сұлу едім сонша? Ажарлы қыз-кыркын аз боп елде? Бұзып-жарып бара жаткан өнерім де жоқ. Акын ия болмаса әнші қыздар атакка шығушы еді. Ондай артыкшылығым болсайшы. Бұл ит дұшпандар не кылып кызыкты екен? Әлде жөн сілтеп жіберген біреу бар ма?

Екі екпесі өшіп алкына жүгірсе де, сананы сан сұрак мазалап барады. Саскалактап жүргенде кебісті жөндеп кимей аяғын сұға салып еді, ішіне құм толып мазаны кетірейін деді. Салмакты шолпы сылдыр каға, тілерсекті соға ол да жүгіруге кедергі. Бойжеткеннің киім киісі шапшаң жүріске лайык емес кой мүлде. Өкшеге түскен кос етек көйлек, белді тас кылып бекіткен кынама камзол жүгіруге емес, бала каздай байпаңдап жүруге ыңғайлы еді. Сәулім атаулы аякты пекей-некей басып жүрсе керекті. - Екі аяғын бір басуға ерінген- деп бозбалалар әнге коскандай.

Мына тосын карбалас болса екі өкпені алкынтып, самайдан терді шұбыртты. Өзге құрбылардан көрі Құсни жүгіруге епті екен. Бітімі төртпактау, тығыншыктай келсе де аяк басысы нык. Бойы тапал болған соң адымы кыска. Соған карамастан жарау аттай-ак төпілдетіп барады. Былайда да тершең кыз, жіті кимылға баскан соң маңайына ашкылтым иісті бұркыратты да жіберді.

Жарты жолға жетер жетпестен кей кыздар сыр берейін деді. Әуелі кынкыл шығарған Раушан. Макпалдын карынан ұстап келе жаткан еді. Аяғына кигені карыс өкше көксауыр шоңкайма етік сәнді болғанымен, жіті жүріске колайсыз-ак.

Сонысы жүргізбеді ме, өкпесі өшті ме, бір кезде ентігіп ауызын бакадай ашты да калды.

- Ойбай, кыздар, мұршам жок жүруге. Титығым құрыды мүлде. Өздерің құтыл, мені тастай беріңдер. – деген сөзбен жүресінен отырсын да кетсін.

Айтуын айтканымен көзінен жас ыршып кетті. Сыкпыты аяныштыак. – Мені шынымен-ак киып кетесіңдер ме? – деп жалынғандай.

- Қой, ойбай, жокты айтпа! Әне құракка да жетіп калдык. Тұр кәне, жетеміз әлі-ак. – деп Макпал дем берсе, жайды ілез ұккан Құсни, - таста ана етігі құрғырды! Жалаң аяк тарта бер. – деп акыл айтып, Раушанның етігін шеше бастады.

Қалың камыс шынында да әудем жерде ғана. Қара баркынданып карауытып тұр әнекей. Бала кезден танымал ну жыныс кой. Копасы мен

құрағы, іштегі алаңқайлары мен ұры қойнаулары, бәр-бәрі жадта сайрап тұр-ау. Сырттан пәлендей енді көрінбесе де, ішіне бір қыдыру кісі емес еркін жасырынғандай. Шетіне бір іліксе топ қыз құтылды дей бер.

Алайда, қитұрқы тағдыр бұл үмітті жүзеге асыра қоймады. Әлгі үміт қыздардың ойбайымен шорт үзілді. Құсни екеуі Раушанды қолтықтап көтере беріп еді, ту сыртынан:

- Көтек, ана аттылар кім? Жау болмаси кетсін. – деген үрейлі үн зыңқ етті. Іле:

- Ойбай, кіл найзалы біреулер. Бөтендер ғой мынау. Дәл сол қарақшылар. – деп өзге қыздар да қосылды.

Елең еткен Мақпал көз тігіп еді, шынында да қотанды кіл аттылар басып кетіпті. Найзалары шошаңдап, үйлерді айнала ойқастап жүр. Бұл басынғандықтың белгісі. Демек, Әлкөш айтқан ел тонаушылар анық осы.

Бұл жәйтті түйсінуі мұң екен, қолқа тұсы мұздап қоя берді. Енді қайттық? Бұлардың тобын аңғармай қоймайды дұшпан. Жазықта состиып тұрған сомадай-сомадай қыздарды қайтып көрмес дейсің. Осы күдікті раска шығарайын дегендей-ақ, аттылардың үшеу-төртеуі бөлініп бері салды. Сар желіспен лекіте келеді. Көздегендері анық осы топ. Қыздар болса, жылан арбаған торғайдай-ақ тұрған жерінде тас болып қатты да қалды. Қашпақ түгілі қозғалмаққа да мұрша жоқ, байбалам салғандардың үні өшті. Жат кісілер аттарын шерттіре бастырып, найзаларын шошаңдата аспандатып әзірейілдей төніп келеді.

Ә дегенше арындатып келіп те қалды. Екеуінің бастарында дағарадай сеңсең бөрік, екеуінде шалма, төрт қарақшы айнала қоршап тізгін тартты. Иіндерінде ала шапан, белде қылыш, қорамсақтары қарға жүнді оққа толы, қарулары сай көрінеді. Күн мен желге әбден тотыққан, сірідей жылтыр қара өңдері, ат үстінде өтіп жатқан өмірлерінен мағлұмат бергендей. Жас мөлшерлері жиырма бестен аса қоймаған болар.

Қарагер атты біреуі тісін ақситып:- Беу, бикештер, қайда бет түзеңіндер? Бізден қашып барамасың әлде? Анау қамысқа тығылмаксың-ау дәу де болса! – деп, ал кеп қарқ-қарқ күлсін.

Табақтай бетіндегі онсыз да қысық көздері тіпті сығырайып, саңылаулана түсті. Қалған үшеуі де ыржиып:

- Біздің батырдан құтылу қайда-а!

- Аксұңқар сұқсырды ілмей қойған ба?

- Ақ төсінен тояттар не қылса да. – деп әлгіні қоштап жатыр.

Әзілдері долаң, күлкілері әжеп-тарқы. Көмейлерін көрсете, таңырандап күліп алған соң іске көшті. Жалпақ беттісі жүзіне ызбар жиып:

- Ал, ауылға жүріңдер ілез! Ырбың-жырбыңды қой, бас аяғыңды өңкей шөпжелке! – деп, ақырып кеп жіберсін.

Қоңқақ мұрын, сопақ бетті біреуі: - Бол, кимылда, камшы жемейін десең, кіл каншык! Осы түні-ақ біреуіңді катын кылмасам ба бәлем. – деп, ол косамжарланды.

Құр айткан жок, камшысын білемдеп, атын омыраулата сес көрсетіп те койды өзінше. Амалы құрыған топ кыз ілби басып, ауылға бет түзеді. Көңіл пәс, әлгінде ғана бұлаңдап жүрген бастары, енді тұтқын болған түрлері мынау. Бұлардың ендігі ахуалы – ат сауыры күн, жорыктан түскен олжа «жесір» - деп аталатынын лажсыз ұғынды. Оны мойындаткан мына төрт карулы баскыншының содырлы мінезі мен әрекеті.

Салы суға кеткендей құрбылар баяу басып келеді. Раушан етігін киіп те үлгірмеген. Қолтығына кысып жалаң аяк келе жатыр. Халдері кандай аянышты болса да, жастық жігер бұлкынбай бой көрсетпей коймасын ба. Мұндай мүшкіл халде адамның мінезі сыналса керекті. Мінезінің бұдыры жок бостар жасып калса, табандылар касарысып өзін кайрай түспек.

Сол сиякты Макпалмен катарласа аяңдаған Раушан да, кенеттен кайсарлык танытты. Қодаңдап келе жаткан баскыншыға жалт карап:

- Әдірем кал! Қатын кыларсың, жаман катты. Әкіреңдеген неменің колжаулығы болғанша, мүрдем кетсем етті. – деген сөзбен камзолының калтасынан мүйіз сапты бәкіні шығарып Макпалға көрсетті. – Көкемнің шаппасы ғой. Тырнак алған соң калтама сала салғам. Мұндай жаксы болар ма. Мына мерездердің корлығы өтсе, как жүрегіме сұға салармын. Өлігімді тепкілей берсін, бәлем. – деп ашшы мыскылмен мырс берді. Дұшпанды кекеткендей.

Сүрепеті салмакты. Бопса емес, шын сөзі екенін кату кабағы аңғарткандай. Құрбысының мына түріне карай калған Макпал аң-таң. Ішінен: – Қылдырыктай кыздың табандылығын карай көр! Әншейінде нәп-нәзік шікәмшіл бала мұнша кайсар болар ма. Шынымен-ак өз-өзін ажалға киып жібере ала ма екен? Әй, кайдам. Айтуға ғана оңай ғой. Каншама кыркын-көгілдір кыздар кәрі-құртаң шал-шауканға кетіп жатыр. Амалсыздың күні де. Қолдарынан келсе өз өзін өлтіре салмас па еді? Ауыз айтканымен ондай ниетті жүзеге асыру кайда! Жүрек керек кой. Сап-сау кісіге өле калу деген сұмдык кой барып тұрған. – деп түйді.

Әйтсе де, аяғын сылти басып келе жаткан құрбысына мейірлене көз тастады. Өжеттілігіне риза болғандай.

Сөйтіп келе жатканда ауылға да жакындап калды. Қотан іші толған аттылы дұшпан. Кіл ала шапанды, дағарадай сеңсең бөріктілер. Аттары жарау, карулары сай. Төртеу-бесеуі жаяулап үйлерді тінтіп жүр. Әлдекімді іздеген сиякты. Ауылдың кісілері үрпиісіп үлкен үйдің алдында шоғырлана калған. Кісі болғанда ер азаматтан Алдияр мен биеші Сипай ғана. Алдиярда өң-түс жок,

әйелдер тобының алдында тұр. Сипай ауызы аңқиып, жаман бөрі жапырайып, желі басында қалшия қалған.

Көп баран аттылардың ішінде ақбоз арғымаққа мінген найзалы біреу назарды еріксіз аудартады. Қазмойын арғымақ мүсінді болса үстіндегі жігіт те салған жерден көз тартқандай. Еңгезердей бойына ақ кіреуке жараса қалыпты. Басындағы дулығасының мандай тұсы маржан көзді алақандай алтын, жығасы қара зер күміс. Сүдіні де сәр келбетті. Қоңқақ мұрын, қаршыға көз, қара торы, ат жақты жігіт көрінеді. Маңғаз, нығыз түрі осы топтың көсемі тап өзі екенін аңғартқандай. Қыздарға назар жүгіртіп, өңі сәл жылығындай болды.

Мақпал ішінен: - Жабының дәл өзі боларсың. – деп болжап сол бұларды айдап келген қарақшы бұл ойын шындыққа шығарды.

- Батыр, мына шөпжелкелердің ішінде іздеген Мақпалыңыз да бар шығар, не қылса да. Кіл үлде мен бүлдеге малына киінген түрлерін көрмеймісің. – деп дауыстады.

Жабының қасындағы үш-төрт нөкерінің біреуі: - Оу, жігіттер, қыздар табылды! Енді әуреленбей-ақ қойыңдар. – деп, үй-үйді аралап жүргендерге айғайлап бұйрық берді.

Кескен теректей сом денелі бұл қарақшының аты Қыстаубай. Жабының атқан оқ, сілтер қылышы іспеттес сенімді серігі. Бұл батырдың аттанар жағында тұрса, қамшылар жағында Дәуқара деген нөкері қатарласа қалған. Бұл жігіттің атына заты сай, екі иығына кіші мінгендей соқталы да, өңі қазанның түп күйесіндей жылтыр қара. Дәуқарамен үзеңгі қағысып тұрған және бір нөкерінің есім-намы Бұлдырық. Бұл пәлендей бітімді емес, бойы серейген сидам қара.

Сойдақ тісті, бұжыр бетті бұл жігіттің бір артықшылығы құралайды көзге атқан мерген. Бақандай ұзын, сіңірлі қолдары оқ тартарға епті болса, түксиген қабағының тасасындағы тышқан көзі аса қырағы. Сол жақ көзін ноғала басканымен, оң көзінің жалғыз өзі нысананы мүлт жіберген емес. Сенгені садақ болған соң ба, өзге қарудан бойына ілгені сапы ғана. Есесіне қорамсағы үшеу. Екеуі қос қанжығасында болса, біреуін ту арқасына бекітіп алыпты. Қылтия көрінген күшіген жүнді көп оқтардың көрінісі кірпі шешенді елестеткендей.

Мінезінің бір ерекшелігі – көп сөйлемейді, сөзге мейілінше сараң. Қыстаубай мен Дәуқара сиякты бақырып-шақырып жұртты ығыруға да жоқ. Әйтсе де аса сақ. Жалғыз көзімен-ақайналаны бақылап, қашанда болса қанды жебесін жұмсауға әзір.

Дәл қазір де қыздардың тобына назар қыдыртып, қимылдарын бақылауда. Сонымен қатар жіті көзін сонадай тұрған Сипайға да, әйелдердің алдында тұрған Алдиярға да тастап қояды. Бас көтерер екі еркектен ши щыға қоймас па екен деп күдіктеніп, әр кимылын аңдығандай.

Сәлден соң үй тінткен қарақшылар негізгі тобына қосылып, аттарына міністі. Шеткерірек шашырай тұрғандары да жақындап шоғырлана қалды. Ұзын саны жиырмаға тарта жігіт екен. Бәрінің астында ерттеулі қосар аттары бар. Алдында тонаған ауылдардан тартқан олжалары болса керек, жетек аттарға бес-алты қыз-жырқынды міңгізіп алыпты.

Топыр саябырлаған соң Жабы қыздарға көз тастап: - Мақпал бар ма араларында? – деп тіл қатты.

Үні жуан болғанымен, өктемдік сарыннан ада, жайбарақат та мейірім естілді. Ауылға баса көктеп кірген басқыншы емес, мәжілісінде ақтағы құрбы-құрдастың лебізі дерсің.

Бірақ үрпиісіп тұрған топтан жауап шыға қойған жоқ. Аз үнсіздіктен соң, жауапқа жарымаған Жабы, басындағы дулығасын қозғап қойып және тіл қатты.

- Бізден еш қауіп қылмағайсың, қыздар. Қорлап, мазақ қалмақ ниеттен адамыз. Өз елімізге әкетсек те, ақ некелі жар етпекпіз әр қайсыңды. Молда некемізді қимайынша, мына жігіттер – қойыныңа ал - деп еш мазаламайды да. Оған мен кепіл. – дей келе сәл кідіріп, үнсіз қалды.

Бұл сөзім тыңдар құлаққа жетті ме дегендей. Сүрепеті жайдары, лебізі жылы шықты. Мәселені бейбіт жолмен шешпек ниеті ашарылып-ақ тұр.

Әйтсе де жібіген қабақ таныта қоймады бойжеткендер. Шошынған кейіпте үрпиісіп тұр. Жас шылаған көздерде үрей тұнған. Үнсіздік созылып бара жатқан соң, Жабы сөзін тірілте берді:

- Мақпал сұлудың даңқын шалып еді құлағым. Әрі ибалы, әрі оқымысты молда қыз деп есіткем. Ат өксітіп іздеп келгенім сол бала еді. Жер түбінен күлік терлетіп келгеніме тати ме екен сол қыз деуелім? Сыныма толмаса босқа арам тер боп жүрмін бе әлде. Кәне, шықшы көрнекке, Мақпал қыз. Жақсыны көрмекке деген. Даңқыңа сүйінің сай ма екен, көрейік. Сыныма толмасаң алмай қояды деп қорықпа, бикеш. Үстіңе беті жылтыр және бір шүйкебас ала салармын. Қазақта не көп, шөпжелке көп көрінеді екен ғой. – деп, сөз аяғында өзінше әзіл ілді.

Көсемдерінің бұралқы сөзіне марқайып қалған нөкерлері қарқылдай күліп, котанды азан-қазан қылды.

Бұл көрініске жирене қарап тұрған Мақпал ішінен: - Әдірем қал! Сенің сыныңа толмақшы болып уайымдап жүр екен-ау, бұ елдің қыз-қырқыны. Дәмесінің зорын қуарғанның. Бұ қаңғыбасқа -бай тауып бер- деп жалынған кісі бардай-ақ шіренуін. Өлсем де көрнекке шықпаспын. – деп түйіп, тіс жармасқа бекінді.

Үй алдында ошарыла тұрған әйелдер де үнсіз. Бәрінің назары қыздарда. Бәтимада өң-түс жоқ. Онсыз да аялы көздері шарасынан

шыға жаздағандай үлкейіп кеткен. Макпалдың тағдыры қыл үстінде тұрғанын қайтып ұқпасын. Ойы астан-кестен. Жаукаштының ауылдарынан жәрдем болмайтынын біліп тұр. Ер-азамат атаулы жаппай аска кеткен; ауылда қалғандар малшы-жалшы, жеткінше жастар ғана. Ия болмаса Алдияр сияқты кінәраттанғандар.

Алдияр демекші, бұның да аhуалы анаға уайым болып тұр-ау дейсі осы сәттерде. Намысты жігіт терісіне әзер сиып, ашуын зорға тежегендей. Жан жағынан қоршап алған кексе әйелдер шынтағынан ұстай алып, құлағына төне басу айтып сыбырлауда.

Алдиярдың кос танауы қусырылып, оң қолы кісесіндегі кездіктің сабын қыса түседі. Бір бүйіріне жабыскан Күләй:

- Сабыр, сабыр, көкесі!- деп, жалынышты кейіппен жыламсырап тұр. Ері карсылық көрсетсе-ақ, табан астында мерт болатынын қайтып білмесін. Бәтиманың да бұған еш шүбәсы жоқ.

Окиға барысы болса, өз кезегімен өрби берді. Қыздардан жауап болмаған соң, Жабы аз ойланып:

- Макұл ендеше. Тілге келетін ұрғашы жоқ екен. Құрбысын жасырмақ қой сірә. – деп, өз нөкерлеріне енсе бұрды. – Олай болса, еркек кіндіктіден сұрайық. Бөріктінің намысы бір демекші. –

Осы сөзбен Қыстаубайға иек қағып, - анау майтымақтан сұрап көрші. Құлағы ербиген неме көрінеді. Макпалдың мағлұматын біле ме екен. – деп көзімен Сипайды нұскады.

Ымды ұқпайтын Қыстаубай ма? Екі айтқызбастан-ақ атын тебініп қалып, Сипайға төне берді. Қолында көнегі, тізе кабы сауыс-сауыс, ауызы аңқиып тұрған жігітті корашсынса керек, әй-шай жоқ камшымен желкеден нұқып қалып:

- Әй, бәйтөбет, Макпалы кайсы? Айт жаныңның барында! Қамшы жемейін десең. – деп, атын омыраулатты.

Сипайдың сырт тоны аңкау көрінгенімен, намысы бір басына жетерлік еді. Самсап тұрған карулы дұшпанды көріп тұрса да, жаси койған жоқ. Қыстаубайға тайсалмастан көз тастап:

- Тапкан екенсің бәйтөбетті. Құр кол тұрған жалғыз жігітке қодандап тұрсың-ау. Астымда ат, колымда құрал болса көрер едім әуеленді. – деп, өжелене жауаптасты. Лебізі нық, тілін тартар сикы жоқ.

Қыстаубай бұндай өр жауапка лау ете ашуланып, сөзге келместен дырау камшымен как бастан тартып-тартып жіберді. Өзегіне корғасын жүгірткен бұзау тіс дойыр оңдыртсын ба. Сипайдың көнетоз бөркі дар айырылып, самайын кан жуды да кетті. Анау-мынау жігіт әлуетті колмен сілтеген мұндай соккыдан ұшып түсіп талып та калар ма еді. Сипай болса камшының өрімінен ұстай алып жұлкып кеп калды. Бұл да осал жігіт емес, сол колымен жұлкыса да, Қыстаубай ат үстінен аударыла жаздап, теңселіп барып әрең түзелді.

Бұны көрген екі-үш қарақшы аттарын тебіне төнді де, Сипайды қамшының астына ал кеп алсын. Ашуға мінген Қыстаубай болса, оң тізгесі шорт үзілген қамшысын тастай беріп қылышына жармасты.

Дәл осы мезет топ қыздың ішінен: - Токтат, жауыздар! Тиме қызметімізге! Мен Мақпалмын мінекей. Үйітіп же, керек болсам. Әкете бер, оңшең кәззап! – деген дауыс саңқ ете шықты.

Ат тұяғының апыр-топырын, айғай-шу балағатты баса беріп, шаңқылдаған ашық лебіз ап-анық естілді. Іле Мақпал көрнекке шығып, оңі сұп-сұр қалпы Жабыға еңсе бұрып көзін қадады... Мақпал бұл сөз ауызынан қалай шығып кеткенін өзі де аңғарған жоқ. Алдында ғана зәрелері ұшып қалмай, тал бойы қорқыныштан қалтырап тұрған еді. Маңдайында сүп-суық тер білініп, еріні мен қолдағы дірілді билай алмаған.

Әйтсе де Сипайға жауған қамшы мен даладай қан болған бойжасын көргенде, шыдай алмады. Өжеттік қайдан пайда болғанын өзі де білмейді. Сәт ішінде ашу оты бұрқ етті де құрбылардың тобын жарып көрнекке қадам басты. Ауылдың тапталған намысы, бейуаз Сипайдың нақақ қаны, нәуетек қыздардың көрген қорлығы, бәр-бәрі қосылып, лыксып келген ашумен, ызалы сөзбен ақтарылды.

Жабыға қадалған көздерінде ашу мен жиреніш шарпысқандай. Жабы болса қолын оқыс көтеріп:

- Токтат! Қоя беріңдер анау жігітті. – деп ақырып қалды да, нөкерлері Сипайды жіберген соң Мақпалға мойын бұрды.

Ашу кернеп, онсыз да аққұба жүзінен қан қашып, беті ақ мәрмәрдай бозарған қыздың түрі көз тартарлықтай еді. Нәркес көздері ашумен ұшқын шашып, қаламмен сызғандай қастары түйіліп, жұқа танауы бір ашылып бір қусырылып ажарын арттыра түскендей. Топ қыздың ішінен шыға келгенде, бейне бір бұлт ішінен жарқ ете көрініс берген айға ұқсады дерсің.

Жабы қыздың сұлулығына әрі таңырқап, әрі сүйсінген қалпы сәл аңырып, не дерін білмей де қалды. Намысты арудың мысы басып, ауызына сөз түспей қалғанға ұқсайды. Сәл бөгеліп барып, таңырқағандай басын әнтек шайқады да:

- Болсаң боларсың, бикеш. Көркіңе сөзің сай көрінеді, не қылса да. Туу алыстан келген еңбегімізге татиды екенсің. – деп езу тартты да, үзеңгі қағысып тұрған Дәуқараға бұрылып:

- Қалыңдыққа әзірлеген жорғаны тарта бер, Дәуім. Енді не бөгеліс бар? – деп иек қақты.

Осы сөзі шығуы мұң екен, терісіне әрең сиып тістеніп тұрған Алдияр айғай салды:

- Уа, мынаны көргенше мүрдем кетсем болмай ма! Жіберіңдер, қолында өлейін найсаптың. – деген сөзбен, етек-жеңіне жабысқан әйелдердің қолынан босанбаққа бұлқынды.

Әйелдер болса улап-шулай жігітті бөгеп, құрсауын бекіт[illegible] Алдиярды манадан бері бақылап тұрған Бұлдырық, осы [illegible] ілеспес шапшаңдықпен қорамсақтан окты суыра беріп садағы[illegible] қалды. Алдияр босай қалып ұмтылса-ақ, еш кідірместен [illegible] жебесін жұмсамақ.

Әйелдердің жылап-сықтағанына еш пыскырмаған Дәуқара[illegible] қаракшының жетегіндегі ерттеулі жорғаның шылбырын [illegible] бергенде, кенет ауыл сыртынан ат дүбірі естіліп, әлдекімнің [illegible] айқайы да жетті.

Окыс шыккан дауыска бар халайық елең етісті. Дүбір [illegible] аттың тұяғынан шыкканы анык. Демек, жедел жеткен [illegible] азаматтарының жәрдемі емес. Қаракшылар бұны ұғынып, - сор[illegible] келе жаткан бұ қайсы болды екен? – дегендей құлақ түре қалды.

Әлгіндей болған жок, айкай иесі де көрінді. Бөрте [illegible] шокырактаткан жалғыз біреу екен. Басында далбай, иінінде [illegible] шұбатылған кебенек, колында айбалта.

– Жекпе-жек! – деп айғайлап, котан ішіне кіріп тізгін тартты [illegible] қызған бөрте ат басын шұлғи тастап, ауыздығын карш-карш шайнай көлбек қағып, байыз табар емес. Пәлендей мүсінді ат деуге келмей[illegible] жатағандау ғана карабайыр. Балталы азамат та орта бойлы, дене бітім[illegible] шағындау біреу. Сұйык мұрты мен шокша сакалына ак араласкан кекселеу келген әлдекім.

Тізгін тартып, және бір мәрте: - Жекпе-жек! – деп дауыстап кеп жібергенде, топ әйел шырамыта кетті.

- Ойбай көтек, Сары Токан ғой бұл!

- Е-е, жиынға бармайтын әдеті бар еді, аска бармай үйінде жаткан ғой.

- Сока басы келгені несі, өледі ғой сорлы.

деп, таңыркаған үндер шығып жатыр.

Сары Токанды былайғы халайық, әсіресе әйелдер кауымы жактыра коймайтын. – Кісіге жұғымы жок, түксиген сүдіні жаман осы неменің. Құлан аяк елсізде сокактаған бөрі де бір, көпшіліктен сырттап жүретін бұл ит те бір. – деп саликалы бәйбішелер томаға-тұйык мінезді бұны сырттан сөгер еді.

Десе де, бетіне тік келер бұл елде жан жок. Қак-сокпен ісі жок салмакты, сөзге сараң болған соң, бұнымен құрдастары да кылжактаса коймайды. Алда-жалда серімастанған әлдекімдер сөзбен кажаса, жауапты келте кайырар еді.

- Қысыр сөзбен шапылдасатын катын емеспіз ғой. Еркек болсаң, шығайык айhай жазыға елден аулағырак. Бак сынасып шыға койсак, шартым бар. Ауылға біреуміз ғана оралармыз. Келмей калғанның құны жок болсын. – деп, ұсыныс тартатын.

Бұнысына көніп, суырылып шыға коятын жанкешті бола коймайды әрине. Той-томалактарда аударыспак, сайыс, ия болмаса кокпарға катысқан кісің емес. Көптің көзінше өтетін алыс-жұлыс алаулыдан бойын аулак ұстайды. Бұның әуесі – оңаша жортуыл. Сокалап жүріп бір-екі ай жок болып кетеді де, бірер жылкыны жетекке алып оралады сабазың. Кезінде келіншекті де сол әдісімен түсіріп алған. Қалың бермек түгілі, косағының төркінін де жан адам білмейді осы күнге шейін. Қазак екені мәлім әйтеуір.

Ұрының катыны өзіне сай демекші, сыр тарткан сыңайластарына: Торкінім де, ілік-шатыс туысканым да осы ерім ғана. – деп, күле жауаптасатын.

Ауылдың ақсакалдары: - Алда-жалда бәз-біреулер анау катынынды, ия болмаса әкелген ұрлык малынды іздеп келсе, жауапты беретін өзің ғана. Өз обалың өзіңе. Сені суык жүріске жұмсаған ел жок. Ағайын келесінің байлауы осы-ак, біліп кой. Жокшылар сені үйітіп жесе де еріктері. – деп, әлдекашан ескертіп те койған.

Десе де, жырындылығы ма, бағы ма, әйтеуір бір де бір іздеуші тұмыры келген емес. Олжа малы судай сіңіп тастай бататын. – Бұл итің тым алыска шығандап кететін көрінеді. Мал түрікпеннің төрінде, арыстанның аузында демекші, жер түбіндегі елдерден алса керек. – деп, ағайын келесі тұжырып та койған.

Әңгіме-дүкен, қысыр кеңеске жок, кісі киік болып жүрсе де, колы ашык шүлен мінез болатын. Қолында барын жұрттан аяған күні жок. Сойте тұра ел бұны құбыжықтай көріп, ежіл-кожыл араласа коймайды.

Сөйткен Сары Токан атын ойкастатып, жалғыздан жалғыз топ каракшылардың құрсауында тұр. Жай тұрған жок, соғысарман болып соктыға келген түрі мынау. Аждаһаның аранына өзі ізденіп келіп, ажалға сүйкенген кейіпі бар. Осы ниетін әйгілейін дегендей-ак, көзін Жабыға кадап:

- Оу, жігітім, кіл катын-калашқа коқандап жүр екенсіндер, ер-азамат жокта. Шык былай иен далаға бір шайкасып калайык. Қолында өлейін бәлем, сарттың құйыршығы! – деп, ал кеп айғай салсын.

Сөзі түйеден түскендей. Намысты шаптап әдейі соктығып тұр. Қанын торсыкка құйып алып, өлім іздеп келгені ап-анык.

Қаракшылар да бұл жәйтты ұғынғандай. Тышканмен ойнаған мысықтай кызык көріп, мырс-мырс етісе өз ара көз тастасып койды. Жабы бастапкыда сәл таңыркап басын шайкап койды да, аз бөгелген соң:

- Ізденген жау көрінесің, өз обалың өзіңе. Жүрек жұткан біреумісің, әлде акылыннан адасқан есермісің, итім білсін. Тең иык батыр емессің әттең, аттың құлағын теңестірер. Сыкпытың кораш көрінеді. Сондык, нөкерімнің колынан аттанарсың жаһаннамға. Сыбаған осы-ак, есуасым. – деп жауап кайырды да, Қыстаубайға мойын бұрды.

- Мына дәндүрістің басын алшы, қанжығама байлайын. Бозатының сауырына қызыл қан жарассын. – деп, езу тартты.

Басшыларының әзіліне қарақшылар және қарқылдай күліп, бір кенеліп қалды. Жаландап тұрған Қыстаубай болса, найзасын бір айдынмен көтеріп, бұйрықты орындамаққа ұмтылды.

Тоқанның ойы ауылдың сыртында шайқасу еді. Қыз-қырқын, бала-шағаның зәресін алмайын деген ниетпен, аттың басын бұра берген. Бірақ өңмендей ұмтылған қарақшы ол ойын іске асқызбады. Атын тебініп қалып әп-сәтте Тоқанның бүйірінен төніп, найзасын сілтеп кеп қалды. Қыстаубайдың аты мүсінді-ақ, түрікпеннің ауызымен күн тістеген жүйріктердің тұқымынан екені көрініп-ақ тұр. Өзі де мұнтай қаруланған, тақымында бұзау бас шоқпар, белінде күміс сапты қылыш. Иінінде кіреуке болса, сол жақ қарында темір қалқан. Ат үстіндегі қорамы үйелмендей, жекпе-жекке шыққан қарсыластың жүрегін шайлықтыратындай айбарлы-ақ. Бұның қасында қолында айбалтасы ғана бар Тоқанның түрі тым кораш көрінді.

Қыстаубайдың бір қаққанынан қалмайтыны ап-анық. Бұған қарақшылардың еш шүбәсы жоқ болса керек, әншейіндегі аса сақ, әкі Бұлдырықтың өзі немқұрайлы жүзбен садағын қорамсаққа тыға салды.

Алайда келесі сәттердегі оқиға өрбуі мүлде тосын көрінді. Жапырып жіберердей-ақ төніп келген Қыстаубай, табанды бір тойтарысқа тап болармын деп әсте ойламаса да керекті. Сары Тоқанның қолындағы айбалта жарқ беріп сарт еткенде, қарақшының найзасы қолы айырылды да қалды. Мұншалық әбжіл қимылды күтпеген Қыстаубай бірер сәт аңырып қалып еді, сол ұрымтал мезгілді пайдаланып үлгірген Сары Тоқан қаруын және сілтеп кеп қалды.

Соққысы мұнша шапшаң және дәл болар ма. Айбалтаның ұстаралай өткір жүзі қарақшының алқымын сызып өтсін. Сызуы мұң еді, күре тамырынан қошқыл қан ыттқып шығып омырауын жуды да кетті. Еңгезердей еркек бауыздалған малдай-ақ қоркырап, аттың жалын құша берді. Балта оңдырмай тигені, бұл жараның арты ажал екені ап-анық.

Бұл жәйтты құптағандай-ақ атын бұра берген Тоқан: - Шаруасы бітті. Мынауың мал болмайды енді. Кел, шық және біреуің! Ажалсызың бар ма еді аранда. – деп, Жабыға қарап айғай салды.

Лебізі нық, репеті жайбарақат. Топ жаудың қоршауында емес, серке тартқан додагерлердің арасында тұр дерсің. Қарақшылар болса ә дегенде не істерлерін білмей аңырып қалған. Талай шайқаста шыныққан, ысқаяқ жортуылшы Қыстаубай сәт ішінде ажал құшады-ау деп кім ойлаған. Тып-тымық күнде үстерінен жай түскендей есеңгіреген халде тұр.

Алдымен ес жиған Бұлдырық болды. Сары Тоқан ерлердің жолын ұстанып жекпе-жекке шақырса да, қарақшы, ел тонаушылардың әдетінде ондай үрдіс жоқ қой. Әдет-ғұрыпты, ұят-намысты ұстанса

ұры-кары, канішер бұзық болмас та еді әрине. Сақалына ақ араласқан қайсар егдемен қоян-қолтық арпалыска жүректері дауламады білем, Бұ дырыкка ілесе бар қаракшы садақтарына жармаса кетті. Ыскырған оқтар зу-зу етіп Сары Токанға кірш-кірш қадалуда.

Алайда әккі сарбаз сақтық жағын ескере біліпті. Кең кебенегінің шішен сауыт киіп алса керек, ысылдаған оқтар қол-аяғына қадалғанмен ұлы денесіне дари коймады. Бұл сынды аярлыкка да әзір болса керек, еш абдырамастан атын тебініп қалып, жақынырақ тұрған Дәукараға ұмтылды. Қақпан бел қарабайыры иесінің тақымына оғынатын тақыстығын танытып, бір-ақ ырғып жаудың атымен құлақ тіцестіре берді. Дәукара капелімде абыржып, садағын тастай бере белдегі қылышқа қол апара беріп еді, сол екі ортада Сарының айбалтасы және жарқ етті. Бұл жолғысы да оңдыртпады. – Қата тимей, бата тиді- деген сөз осындайда айтылса керекті; дулығасының дәл астын ала, жығасын жырта тіліп құлақ шекеге қадалды да қалды. Қан бұрқ етіп, мылжаланған бас сүйектен миы көрінді.

Өз кимылына насаттанған Сары Токан: -Бұл да мал болмайды. Ал қыла бер қылатыныңды. Жастығымды ала жығылдым, не қылса да! – деп айғай салып, анталап найза төндірген дұшпандарды келеке қылғандай езу тартты. Осыдан кейін тіс жарған жоқ қайсар ер.

Қаракшылар төрт найзамен шаншып көкке көтергенде сұры кашып, тістеніп үндеген жоқ. Жау жерге тастай салып, өшін ала көп найзамен піскілегенде де тіс жарған жоқ. Ашуға мінген Жабы атын шырқ айналдырып:

- Итті тірідей сою керек еді, эттең уақыт тар! Бие сауымына жеткізбей мауыздай кос азаматты жер жастандырды жауыз. – деп қаны бетіне теуіп, долдана айғай салуда.

Әбден мылжа-мылжа болған Сарының сүйегіне карап тұрған Алдиярдың иегі кемсеңдеп:

- Намысты жібермедің-ау, есіл ерім! Жаның жаннатта болғай, қайран ағатай. – деген сөзбен шұбырған жасын тия алмай тұр.

Сары Токанды – аға- деп ғұмыры сыйлап айтқан кісі еместін. – Қаскыр мінез, қаңғыбас. – деп жақтырмайтын. Енді міне шын тебіреніп, көнілі босай алғысын жаудыруда. Әйелдер кауымы да жылап-сықтап:

- Алда, міскінім-ай, ел үшін құрбан болды-ау!

- Ел – тентек, бұзар - деп аяғына отырғызбаушы еді, намыска шыдамады әнекей. Кәне бұзарлығы? – деп Сәния мен Қарлыға жастарын сығып жатыр.

Қыздарда болса өн-түс жоқ. Мұрын қанайтын төбелестен де шошитын бастарына, мынандай канды майданды көру деген сұмдық кой. Бір сағаттың ішінде үш кісінің кан касап өліміне амалсыз күә болып тұр мінекей. Өз бастарының мүшкіл жағдайы ұмыт болып, мына

сойқан арпалыс, әсіресе Сарының мылжаланған мәйіті зәре-күтірлы мүлде қашырған. Алайда, қатыгез тағдыр ұзатпай-ақ мүшкіл халдерін қайта естеріне салып, зорлық-зомбылық болып төнді.

Қос бөрідей маңдай алды үзеңгілестерінен айырылған соң, Жабы бөгелмеді. Соқа басы келіп соқтыққан егдесі мұнша лаң салған соң қауіп қылса керек, Сарыны жайратып салған соң-ақ іске шұғыл кірісті. Ажал тапқан қос нөкерінің мәйіттерін ат арқасына тіпа мататқызып, қыздарға тап берді. Арғымағын алшаң бастырған қалпы қыздарға жанаса беріп еңкейді де, Мақпалды белінен іліп әкетті. Нөкері көлденең тартқан атқа отырғызып:

- Ал, жігіттер, әкетіңдер шүйкебастарды! Ия, жасаған ісмен жолды оңғара көр. Бас қамшыны! – деп, келте ғана бұйрық берді.

Бойжеткендердің улап-шулап, шыңғырғанын місе тұтсын бір дүлей күш? Әлгіндей болған жоқ, апыр-топыр төнген қарақшылар бір сәулімдерді іліп алып әзір тұрған ерттеулі аттарға міңгізіп алды. Жетекке алып жөнеле бергенде Мақпал бұрылып:

- Апатай, Сегізге хабар беріңдер! – деп жанұшыра айғай салды.

Үй алдында жылап-еңіреп тұрған әйелдердің у-шуы дауысын естіртпей ме деп қорқып еді, топтан суырылып шыққан Алдиярдың:

- Сегізге ат шаптырамыз, Мақпал жан! Алаң болма, еш үміт үзбе! – деген айқайы құлаққа шалынды.

Мақпалдың атын жетекке алған Бұлдырық көзін сыкситып: - Сегізі түгіл тоғызы, тіпті доңызы мен тоқсан тоғызы келе берсін. Жабы батырдың ақ семсері, Бұлдырық мергеннің қанды жебесі әзір қашанда. – деп, аярлана күлді.

2

Сұлу төбе Сыр бойындағы бір көрікті жер. – Сұлу- деген атты бекерден бекер иемденбесе керекті. Желден пана болар шоқ-шоқ жидесі мен жыңғылы, қарабарағы бой көтерген, атқа от болар қызыл миясы мен айрауығы бар құнарлы жер. Етегіндегі қайнар бұлақтың суы сәл кермектеу демесең, ыстық әзірлеп жүрек жалғауға жарап жатыр.

Осы төбенің ет бөктеріндегі жыңғыл түбінде Жауғаштының қыздары дамылдап жатыр. Таңға бір ұйқы қалған түн мезгілі, ауа салқын-ақ. Түн жұлдызды, аспанда шөкімдей бұлт жоқ, ай жап-жарық.

Бақтияр ауылынікі бар, аталас ағайындардың ауылдарынан бар, бойжеткендердің ұзын саны жиырмаға тарта. Ер жастанып, тоқымдарын төсеніп, умар-жұмар құшақтасып ұйықтауда. Үш құрбы да топтың ортасында бүк түсіп жатыр. Құсни басын Мақпалдың тізесіне салып, пыс-пыс қана демін ала ұйқыға шомған. Жүзі соншалық жайбарақат, қабағында еш уайым ізі болсайшы. Жортуылшының олжасы сорлы тұтқын емес, өз үйінің төрінде шалжиып жатқан ерке тотай дерсің.

Қашаңғы уайымдай берсін жазған басы? Қайғырдың не, ыңырмадың не, барар жерлері белгілі. Құсниді белінен құшақтай Раушан жатыр. Көзі жұмулы болса да бұл қыздың ояу екенін біледі Мақпал. Әлгінде ғана екеуі сыбырласып шер тарқатысқан еді. Іштеніп алған Раушан:

Жоқпын ол жауызға! Өлігімді құшар залым ит! Айтпады деме. Ешқ көрер күн болса, сәлем айт, Мақпал. Татар дәмің болса түбі бір көрерсің елді. – деп, таусыла сөйлеген.

Мақпалдың жұбатуына құлақ ассайшы. Қанына қарайып алған ырпы бар. Бұған себеп – Бұлдырықтың сөзі. Жабымен келіссе керек, кешкісін осы төбеге жетіп аял қылғанда, қыздарға келіп:

- Сары қыз, сен мендіксің. Кентті жерге жетісімен-ақ, неке қиызамыз молдаға. – деп, ал кеп ыржисын.

Бетін қорасан дағы шалған шұбар, күрек тістері сойдақ екен. Аузынан насыбай иісі мұңкіп тұр. Ұрты толы насыбай, онысын тісінен сыздықтата түкіре береді. Түкірігі сап-сары қоймалжың сіекей болып, тікірейген тықпа сақалы мен өңіріне жабысқан.

Былапыт, нас сиқы өз алдына, жеккөрінішті әсер қалдыратын көзі екен. Кірпік қақпай тесірейе қарайтын қос сықсимасы нағыз жылан көз дерсің. Аса қатыгез бір жылт бар екені анық. Алда-жалда назарың айқаса кетсе, арқаңды аяз қарып өткендей титіркенесің. – Түрегеп тұрып кісі бауыздайтын жауыздың өзі боларсың-ау. – деген пікір түйгізгендей аса бір ысқаяқ сықпыты.

Сол Бұлдырық сірә бұларды меншігі санап өзімсінгені ме, кешкісін піскен етті түсіріп әкеліп бәйек болғаны... Сұлутөбеге жеткен қарақшылар аттарды тұсап жіберіп, мошап жатпақ оймен казан көтерген. Бір тайды жайратып сойып, жас етті комағайлана ласап, түн ортасы ауғасын ғана жатқан. Сол ет пен сорпадан әкелген түрі ғой Бұлдырықтың. Қоржындарында құрт пен шай да бар екен. Ойтеуір азықта кемшілік болған жоқ. Жабы сөзінде де тұрды. Одепсіздік жасап бұларды ешкім мазалаған жоқ. Оның мәнісінің шет жағасын Бұлдырық естіртті.

- Мақпал батырдың қалыңдығы. Ақ некелі жар қылмақ. Мына сары қызды болса, мен сауғаға сұрап алдым. Бұ да келімді сәулім екен, қатындыкқа жарар. – деп Раушанға көз тастап, ыржия берді найсап. Алдағы көрер бал ләззатты елестеткендей-ақ.

- Өзге шөпжелкелерді жігіттер жеребе тартып бөлісіп алады, елге жеткен соң. Батырдың ұйғарымы сол. Қара қылды қақ жарған әділ шешім-ау осынысы. – деп, құлақ қағыс қылған.

Бұл хабарды әр алуан қабылдады қыздар тобы. Дені көз жастарын сығып үнсіз ғана томсарса, Құсни қолын бір сілтеп:

- Е-е, тәйірі, қорқа-қорқа батыр болдық-ау осы! Жапалақты таспен ұрсаң да, тасты жапалақпен ұрсаң да, өлетіні сол бір жапалақ сорлы.

Елде қалып мен қай бір баркадар табар едім? Қыздың байы жылкы емес пе ежелден? Қырықтағы кыркылжың шалға, малға сатып жібермек мені үлкендерім. Өлген катынның орнына мені алмак, бокташак балаларын бактырмак көрінеді бір кауға сакал.

Мені сондай ит корлыкка киып отырған әке-шешеме кайтып риза болайын? Емешегі үзілген түрлері сол ма? Қаракалпакка колды болып кеттім не, елде калып ұзатылдым не, көретінім бәз-баяғы бір күндік азап екен. Бұ каракалпак та казак сиякты көшпелі ел көрінеді. Тілінде айырма жок, ғұрпы да бірдей. Сарт сиякты ұрғашысының бетін бүркеп жасырмайтын көрінеді. Елде жүргенде де салпы етек катынның кебін киерміз ертен-ак. Қатын байғұс кайда жүрсе де, көрген күні күн құрлы жок.

Ендеше, не уайым? Келген кепті көріп алармыз. Қыз бен койдың жүрмейтін жері жок деген екен аталарымыз. Демек, койға теңейді екен бізді өз еліміз. Әзелде ұрғашының мандайына жазған жол осы екен. Біз тумай жатып Лаукыл Макпұзда тағдырымыз жазылып койса керекті. Құдай бұйрығына кылар шаран кайсы? Олай болса белді бекем буганнан өзге амал жок. Тәйірі деген, сол да уайым боп па! – деп, құрбыларын кайрай сөйлеген.

Қылығы да осы насихатына сәйкес. Бұлдырык әкелген етті асап-асап жеп алды да, сорпа мен шайға тынкия тойып алып:

- Атың ат, тоның сат, жатарда тойып жат демекші, енді мызғып алмаса болмас. – деген сөзбен жантая кеткен.

Қисайғаны сол еді, калың ұйкыға шомды да кетті. Еш аланы болсайшы. Макпал бұл мінезіне тамсанды да койды... Маған бітпеген екен мұнша сабыр. Жер козғалса тебіренбес мына кыз. – Ертенгі келер кепті ертен-ак көріп алармыз. Әзірше карын ток, ұйкымды кандырып алайын әуелім. – деген түріне болайын. Дәті мұнша берік болар ма. Мен ғой санамен сарғайып солып біттім. Әсіресе Раушанның айтканы естен кетер емес.

Алдында ғана сол құрбысы: - Әкелші колыңды, байкашы мына жүректің соғуын. – деген сөзбен Макпалдың колын алып өз кеудесіне төсей калған. Тығыншыктай тып-тығыз сол жак анарының астыңғы тұсы жып-жылы. Шапаны мен камзолының ішкі кабатындағы жүрегі лүп-лүп соғады. Қабырғасы болмаса, колға ұстаткандай.

- Сеземісің, жүрек шіркін жап-жакын екен-ау. Омырау ішінде бір елідей ғана тұста. Бәкімнің жүзі емін-еркін жетерлік. – деген сөзбен Макпалға көз тастады.

Жанары құрғак, жас дегеннен нышан болсайшы. Жүзі салмакты да ойлы. Жаңағы сөзі әншейін айта салған кысыр кеңес, ия бопса емес екені репетінде тұр. Макпалды коркытпак ия мүсіркеу дәметпек айла емес, шын байлау екені ап-анык.

Раушанның осы сөзі, тұнжырай қараған жанары жадтан еш кетпейтіні. Ішінен: - Жеме-жемге келгенде мен өзімді өлімге қияр ма еді? Жоқа, ондай батылдық қайдан келсін. Жасықпын ғой. Оның үстіне өз еркіңмен опат болу деген оңай емес-ау. Тіпті мүмкін де емес шығар. Адамның бұл дүниеде ең қимасы жаны емей немене? Байдалы ақсақ айтқаны бар емес пе еді. – Бала қанша тәтті болса да, адамның жаны шығарда өз жанынан тәтті жоқ. – дегендей.

Қанын торсыққа құйып алған Сары Тоқан сияқты жансебілдер ешқашан ажалға өз еркімен барып соқтығар. Батыр атанбағы да содан. Тіпті батырлардың өздері де жанын қия қоймайды. Қоқандықтардан ауылдарынан кіріптар болған ызғындай ел отырған жоқ па әнекей. Ішінде не бір маңғаздары да, жүректілері де баршылық. Өлейін десе өле алмай, бармағын шайнап, Қоқанның езгісіне көніп отыр шарасыздан. Оны оңай болса, қан майданда арпалысып дұшпанның қолында өле алмай ма, қорлыққа төзіп жүргенше. Сөйткен батырлар өз жанын қия алмаса, нәуетек қызға қайдан келіпті ондай табандылық. Сондық, мына Раушан тегін кісі емес-ау...

Ойға шырмалған Мақпал бойы тоңазығанын енді аңғарып, күрбысын құшақтай түсті. Ұялас күшіктердей бірін-бірі жылытып жатпаса, түн салқын-ақ. Дария жақтан сызды леп жетіп, бойды ол тіпіретеді. Төңірек құлаққа ұрған танадай тым-тырыс. Ылдида тұсаулы оттап жүрген аттардың пысқыруы ғана естіледі. Өзідекайдағы алыстан қасқырдың ұлуы талып жетті.

Кірпік ауыр тартып көз ілінейін десе де, басын қайта-қайта сілкіп бойын сергітеді Мақпал. Себебі, көзін жұма қалса, ауылдағы қанды оқиға ап-анық болып көрініс береді де қалады. Бейуаз Сипайдың қан жуған беті, қос қарақшының балта жүзінен ажал тапқандары, Сары Тоқанның мыжғыланып, мақалай болған сүйегі. Бірінен соң бірі көлең ете тізбектелетінін қайтерсің.

Көзін жұмбай жатса, ой мазалайды келіп. Тіпті ұшығына жетер емес. Ол не болып жатыр екен, қуғыншы шықты ма, жоқ па? Әрине хабаршыны дереу аттандырады ауылдағылар. Әйтсе де сонау қыпшақтың қонысынан жеткенше қайда. Жауға мінер ереуіл аттарды сайлау керек, қару-жарақ әзірлеу және бар. Қуғанда, кем қойғанда бір қырық-елу жігіт аттандыру керек шығар. Жаудан саны екі-үш есе басым болмаса, мынау тісқаққан жортуылшы қарақшылар алдыра қоймас...

Осы жәйттың бәрін ескеріп қамданғанша бір талай уақыт өтеді-ау. Оған дейін мына сұмпайы Жабы қарап отырар деймісің. Ертең-ақ таң ата асығыс жүріп кетері айдан анық. Дарияның бойында не көп, Қоқан салған қорған көп. Соның біреуіне іліксе-ақ, мұраттарына жетті дей бер. Қорғанға кіріп алған соң-ақ, қуғыншылардың күдері үзілері анық. Зеңбіректі, мылтықты тас қамал қыр қазағын майдайлатсын ба...

Ой теңізінде малтыған Макпалды, Раушанның нұқуы елең еткізді. Құрбысы колын қысып, шынтағын кайта-кайта мытып кояды. Іле сыбырын да төндірді.

- Құлағымды жерге төсеп жатыр едім, бір дүбір естіле ме калай? Өз құлағыма сенбей кайта тың тыңдаймын, және естіледі. Көп тұяктың дүбірі сиякты. Манадан бері талып жетуде. Қакас естігенім емес, ап-анык. – деп, көзі жарк берсін.

- Қойшы әрі! Мүмкін емес кой. Мұнша ілез жете ме куғын? жаксы хабарды үркітіп алам ба дегендей, сенгісі келмеген Макпал да жалма жан етпетінен жата калып, жерге құлағын төсей берді.

Дүнк-дүнк соккан өз жүрегі ме, әлде шынымен-ак талып жеткен ат дүбірі ме? Сап-салкын ұсак кұмдауытка құлағын төсеп ұзак жатты. Шынымен-ак ат дүбіріне ұксаған анык дыбыс бар. Және жалғыз ат емес, калың жылкының дүбірі сиякты. Не кылса да тегін емес.

Кос құрбы бір-біріне үніле карады. – Ия, жасаған, колдай көр! Шынымен-ак іздеп келе жаткан ел кісілері болмағай. – дегендей үміт пайда болды көздерінде.

- Бұл анык куғын. Бейбіт жолаушылар бүйтіп асығыс жүрмейді. сыбырын үдеткен Раушан ауызының жылы лебі құлакты кытыктап барады. – Қыздарды акырын оятайык. Әзір болайык. Көп ұзамай жетіп те калар куғыншылар. –

Құрбының үні сенімді шыкты. – Ия, сәт, айтканың келсін! Тек шын болғай осы болжалың. – Макпалдың көзі жасаурап, ішінен аруактарға сиына берді.

Осы кез шығыс жак бозалаң тартып, түннің кою караңғылығы сейіле бастады. Көзді көкжиекке кадады кыздар... Бірак үмітті актарлык еш белгі көзге шалынар емес мүлде. Сірә жер жарыктык хабарды тым алыстан-ак жеткізген болар. Раушанның түрткілеуімен бар бойжеткен оянып та үлгеріпті. Оң хабарға сенер-сенбесін білмей, көздері жаутаңдап, сұраулы жүздерімен өз ара шүңкілдесіп отыр.

Ұйкысы канбай есінеген Құсни: - Қойшы-ей, кайдағыны айтпай! Ұйкы бермедің ғой сен кыз. Қайдағы куғыншылар, жоқты айтады екенсің. – деген сөзбен жан-жағына көз тастап койды да:

- Өзің ойлашы, байыпка салып. Тас караңғы түнде ізімізді кайтып таппак іздеп келе жаткан кісілер? Көп аттың сүрдегімен жүрсе күндіз, көз барда жүрер еді, із кескен куғыншы. Көз түрткісіз тас караңғы түнде ізден жаңылмай ма?

Бұ естіген дүбірің айдалған жылкының дыбысы да. Ми далада мал айдағандар аз боп па. – деп, өрекпіген көңілді суыта тіл катты.

Әйтсе де үміт бар сиякты. – Бұ кыз үнемі кері тартып сөйлейтін. Қырык кісі бір жак, кыңыр кісі бір жак дегендей. Не кылса да әзір болайык. – деген оймен төңірекке көз тіге берді.

Аркан бойы жердегі жер ошакта быксып жанған от бар. Оттың айнала Жабының жігіттері калың корылға басып ұйқы сілтеуде. Бір-екеуі карауылда отырса керек, аракідік отты көсеп-көсеп кояды. Жерошактың үстінде катарынан койылған екі-үш шағын казан мен бакыраштар. Үнемі түзде жортып жүрген тіскаккандар ғой бұ каракшылар. Далада ас істеп ішетін жабдыктары сайма-сай. Кешкісін сойған тайдың етін жіліктеп, осы ыдыстарына сала, түні бойы пісірумен болды. Таң ата калған етті жеп, сорпасын ішіп бір-ак аттанбакшы сиякты.

Отты түн ұзак үзбей, жасырынбай лаулата жакты карауылдағы жігіттер. Кімнен каупайласын? Бұ өңірдің иелері өздері екеніне сенімдері кәміл. Ошактағы от кайта ит-кұс, жайын тағыға айбар. Кұтынды да уайым кылар емес Жабының тобы. Бағаналының жігіттері тез жиналып, сондарынан жетуі екі талай. Кұып жеткен күнде де ұйылын жияр Жабы жок. Соғыска әбден машыктанған тас түйін тобы, салпы етек, ұя бөрік пәлен казакка төтеп берері хак. Сондык, бұлар еш алаңсыз, жағасы жайлауда тыныгып ұйқы сілтеп жатыр.

Макпал болса, жер ошактағы оттың өшпестен маздап жанғанына куанып калды. Сексеуілдің шоғы каранғыда туу кашыктан көзге шалынар. Көлбей созылған түтіні және бар. Іздеген кісі болса, бұл нағыз белгі ғой. Мына төбе де жазык жерде мен мұндалап тұрады. Көз жеткен төніректегі өткен-кеткен жолаушы атаулы, көрмей кетуі тіпті мүмкін емес. Енді тек жер жеткізген дүбірдің мәліметін тосу керек.

Сарыла күтумен келер таңды көзімен атырды. Уакыты құрғыр мұнша баяу жылжыр ма. Әншейінде жаздың таңы әп-сәтте атушы еді ғой. Құрбылар көздерін укалап, былшығын саусакпен езе-мезе, төрт тарапка көз сүзуде. Қай жақтан белгі көрінерін кім біліпті. Дария бөктегі көкжиек бозалаң тартты әнекей, далиып жаткан айнай жазык та алакандағыдай көзге шалынды. Әйтсе де кыбыр еткен белгі жок.

- Құлак какас естіді ме әлде? Тұякты аң болды ма екен жүгіріп өткен? Ия болмаса, түн жамылып ұрылар жылкы айдап өтті ме екен жакын тұстан. – деген күдік молайып үміт те үзілуге айналды.

Құсни шапанын бүркеніп: - Қой, кыздар, басымды катырмандар. Анау кіл сәуріктер тұрғанша көз шырымын ала тұрайын. Ұйкым канған жок тіпті. – деп, кос кабат ішпектің үстіне кисая кетіп еді, Макпалды топшысынан түртіп калған Раушан:

- Анаң кара, тозаң көрінді! – деп, еңкейе бере сыбыр төндірді.

Көзін кадағаны батыс беттегі сексеуіл шоктары. Макпал да үніле назар салып еді, шынымен-ак сонадай карауыткан шоктың арғы жағы шудаланған тозаң. Ап-анык көрініп, будак-будак шығып жатыр.

- Ия сәт, ия пірім, тек тілекті бере көр, жасаған ием! – деген сөз ауызынан калай шығып кеткенін білмей де калды.

Раушан да күбірлеп мінәжат айтып тұр. Бұл түрлерін алғарған өзге кыздар да шаң шыккан жакка назар жыкты. Кемедегіні жаны

бір демекші, барлығы бір-ақ тілектің үстінде. Бұл шаң [illegible] қуғыншылардың, өздерін жоқтаған жанашырлардың белгісі болсай. Мына зорлық-зомбылықтан, қара күштен құтқарар ағайын жетсе екен шіркін! Жетімсіреп, сорлап қалған бейбақтарды іздеп келген [illegible] азаматтары шыға келсе екен, сонау түлейдің тасасынан. Барша бойжеткен осыны тілеп құдайға жалбарынуда.

Оқиға болса ілез өрби берді. Әлгіндей болған жоқ, секесуі шоғын айнала салт аттылар қылтың етіп шыға келді. Кілен найзалылар сар желдіріп, қатарласа келеді. Жетектерінде бір-екі аттан, ұзын саны көп те емес, әрі кетсе жиырма кісіден аспас. Ойнап де шетінен сауытты, сақадай сай жауынгерлер екені сонадайдан көзге шалынды. Төбені ошап жатқан қаракшыларды аңғарып қалса керек кенет тізгін тартып аттарынан түсе бастады. Ер тоқымдарын алып жетектегі тың аттарды ерттей бастады әнекей. Шабуылға, ұрысқа әзірленіп, төс айыл, шап айылдарын тас қылып бекітуде.

Осы мезет от басындағы ояу қаракшылар да бұларды аңғарып атып тұрып айғай салды. Атып-атып тұрған кей біреулері тұсауы жүрген аттарына да жүгірісті әнекей... Мақпалдың тұрған жері төбенің қырқа басы еді. Бұл тұстан етектегі бар көрініс алақандағыдай ап-айқын.

Қуғыншылар тың аттарына мініп алып, шерттіре бастырып келеді. Атой салып бірден шабуылдаған жоқ. Дұшпан бар күшін жиып топталсын деген есептері ме, аңысын аңдығаны ма, әйтеуір үн шығармастан аспай-саспай жақындауда.

Жабының жігіттері де ілез сайланып топтала қалы. Бұлар да қанат жая шеп құрып, шашақты найзаларын шүйілте, тайсалмай қарсы бара жатыр... Кенет шеп ішінен боз арғымақты біреу ытырыла шығып, найзасын бұлғай айғай салды.

- Жабы ғой мынау. - Мақпалды қолтықтап тұрған Раушан қабағын түйе қалды. – Мақтанғандай ойқастауын иттің. Өзіне тең келер жан жоқтай. –

Жабы жекпе – жекке шыққандағы әдеттері болса керек, қаракшылар нұғара дабыл қағып төңіректі азан-казан қылды. Бұның шығуын күткендей-ақ, қарсы жақтан да суырылып біреу бөліне берді. Бұл да қылаң атты, сала құлаш найзалы.

- Сегіздің бозшұбары ғой мынау. Дәу де болса соның өзі болар. Ия сәт, оңғара көр, пірім! – үніне діріл араласқан Раушан. Мақпалдың білегін қыса түсті.

Мақпал да тани кетті Сегізді. Басында дулыға, иінінде сауыт, қолында қалқан болса да, порымы, атқа отырысы, бар сипаты соныкі. Жаңылысуы еш мүмкін емес.

- Ия, құдай, қолдай көр! Қор қылма қанішер қаракшыларға. – сыбырлай мінәжат айтып, жалбарына берді.

Жалбарынбай қайтсын? Жабының бойы еңгезердей, атақты арғы-мағы Аккұсына мінгенде өкшесі аттың тілерсегіне келеді. Қайраты да мысқ. Бұлдырықтың мақтағанына сенсе, жекпе-жекте жеңіліп көрмеппі. Жоққан карсыластарының бастарын кесіп алып үйе береді мыс.

- Қыстауымызға барғанда кәлла мұнараны көрерсің әлі. Біздің ...ыр жан шыдатар ма? Егескенді жапырып жібереді. Жауының ...ласын қанжығаға байлап әкеліп, үйе береді мұнара қылып. Сондық ...ақаға да кадірлі. – деп, бөспесі бар ма Бұлдырықтың.

Енді міне Сегізбен токайласты сол каншелек. Сегіз де осал емес-...у, әйтсе де әншінің аты әнші ғой. Сері дегеніміз өнер адамы ...ымен. Қайраты болса да жүрегі мейірбан. Және күнделікті ...налысатыны ән мен жыр. Қаруды окта-санда, амалсыздың күнінен ...ана колға ұстайды. Жабы болса нағыз жол торыған жортуыл. Есі-...ергі, кәсібі – соғыс. Дәйім жарактанып, тас-түйін әзірленіп, каруын ...ытай сайланып, машыктанып жүргені. Қаталдығының, жүрегінің ...міз болып каткандығының бір белгісі, женген жауының канын ...ритап алады мыс. Сөйткен жойытпен теке тіресу оңай болып па.

Осы жәйттерді пайымдаған Макпал, колка тұсының шым етіп ...здап коя бергенін сезді. Көзден мөлтілдеп көрінген жасты да тия ...лмай тұр...

Қарсыластар болса сөзге келместен-ак, еш іркілмей токайласа ...берді. Дың етіп бір-біріне соктыккан темір құралдарының дыбысы ...тобеге де жетті. Әне салысты найзаларын. Екі ат шыр көбелек ...айналып, маңайлары бұркыраған шаңға көмілді де калды. Шаң ...ішіндегі арпалыстың барысын көру мүмкін де емес. Кісінеген аттар, ...шакыр-шұкыр тиіп жатқан темір карудың дыбыстары ғана, дабылдың ...таңғырын басып жетіп жатыр.

Бұлдырык бас болып каракшылар тобы: - Ұр, сок! Сүмірейтіпті! ...деп акырып-акырып кояды. Қуғыншылар жағы үнсіз. Қаруларын ...оңтайлап ат коймакка әзір тұр.

Бәлкім сүт пісірім ғана уакыт өткен шығар, бірак Макпалға ...жылдай созылды бұл мезгіл. Сонау жерде тағдырлары шешіліп ...жатыр. Жабы жеңсе үміт біратола үзілмек. Сегіз казаға ұшырайды, ал ...мына тұрған дүйім кыз-кыркын колды болып кете барады. Демек, ...алдағы үміт кыл үстінде.

Сөйтіп демін іштерінен алып, абыржып тұрғанда, кенет шаң ішінен бір ат оркырай кісінеп шыға берді. Үсті айғыз-айғыз тер; терге баттаскан шаннан аттың түсін ажыратып болар емес. Үстіндегі кісісі сынар аяғымен үзеңгіге кыстырыла сүйретіліп, сокталы денесі созыла басы жерге соғылып келеді. Сылк түскен колдары құмды сыза салбырайды. Ат иесі мерт болғаны ап-анык. Бұл жәйтті жекпе-жекті бакылап тұрған бар халайык салған жерден ұкты. Бірак кай ер казаға ұшырағаны

мәлімсіз. Аттың үсті баттасқан шаң болса, үзеңгіге іліне салақтаған азаматты да тану мүмкін емес. Қарама қарсы тұрысқан екі жақ тым тырыс. Қай жақтың ері аман қалғанын, қайсы опат болғанын білмей дағдарған кейіпте. Кісінеген ат болса, сұлқ түскен денені сүйрету қарақшыларға қарай салды. Демек, өзі келген жағына, тараптастарына қарай тартқаны. Бұлдырық тобына бұл жаман белгі.

Осы күдіктерін дәлелдегендей-ақ сейілген шаңнан: - Абылай! деген атой естілді. Зор да қуатты дауыс. Зорлығы соншалық, нұсқаны дүңкілін, аттың кісінегенін басып бар төңірекке жаңғырықты.

- Сегіз ғой мынау! – Жауғаштының қыздары келісіп қойғандай-ақ бір-ақ деммен үн шығарды.

Шынымен-ақ сол екен. Найзасы сынса керек, айбалтасын жарқ жұрқ еткізе аспандата көтеріп, ұран салған қалпы жауға қарай ат қойды. Қимылы ширақ, ерге желімдеп қойғандай отырысы мығым, еш жарасы жоқ, тың сияқты.

Көсемінің аман-есеніне көзі жеткен қуғыншылыр шаттана атой салып Сегізге ілесе жауға лап берді. Найзаларын шүйілте, Абылайлап ұран салып қасқая шабуда. Жүрегі жарылардай қуанған Мақпал ішінен: - Е-е, бұлар өз руының әруағын шақырмай Абылайлап шапқан екен. Иісі қазаққа ортақ ұран ғой. Абылайдың тұсында Қоқан ит беттеп пе еді қазаққа. – деп түйді.

Егескен екі жақ аяспай соғысады-ау, енді араласады-ау деп тұрғанда, кенет күтпеген жәйт болды. Түнеу күнгі Сары Тоқанның ерен қимылы Қыстаубай мен Дәуқараны қан құсқызып еді. Енді міне Сегіздің қолынан Жабы жер жастанды. Осының бәрі қосылып қарақшылардың жүрегін шайлықтырса керек. Оның үстіне Сегіздің қайтпай қасқая шапқан айдынды порымы әсер қосқан болар. Өздері пір тұтқан алып Жабыны аттан түсірген ермен қай аккөз тірессін. Әлгінде ғана дабыл қағып, айғай салып есіріп тұрған қарақшылар аңырып қалды. Өрекпіген көңілдері сәт ішінде су сепкендей-ақ басылды да қалды. Бірер сәттен соң Бұлдырық бас болып, дүйім қарақшы аттың басын бұрып алып қашуға ыңғайланды.

Момын елді тонап машықтанған жауыздар, қайраты тең қарсыластарға төтеп бере алмады. Қару-жарақтары сай бола тұра, екі жақтың санының мөлшері де тең бола тұра, табан тіреп соғысуға жүректері дауаламады. - Жүні жығылғанның күні жығылған - демекші, бұлар солқылдақтық танытуы мұң еді, Сегіздің жігіттері қиқулап шабуылын үдете түсті. Нияз бен Қайраттың соңын ала Сипай келе жатыр екен. Басын таңып алған, қолында найза. Алдияр да осы топта. Дертінен құлан таза айықпаса да, намысқа шыдай алмай атқа қонған болатын.

Жабылар кетісімен-ақ жауғашты ауылдарынан жан жаққа хабаршы кеткен. Ер-азаматты жиып қарақшыларды қумақ, зәбір көрген ел. Сипай қос атпен Сегізге кетті. Серілер хабар жетісімен-ақ

[illegible] конып, ауылдағы іске татыр жігіттерді ерте, қарақшылардың [illegible] түскен. Жолай жауғаштыдан қосылған азаматтар бар, топтың [illegible] саны жиырмаға жетті. Демек, қарақшылардан күштері басым [illegible] Алайда көп кісі жинауға уақыт тар, бір де бір сәт бөгелмей, [illegible]ағы бар осы жігіттермен қуып берді серілер.

Көп аттың сүрдегі сайрап жатыр, қосар аттарды жетекке алған [illegible]шылар, күндіз-түні тынбастан жортты. Сәтін салғанда ай жарық [illegible], көп аттың қазылған ізі түн баласында да айқын көрінген.

Жылқы бағумен көзі шыққан Сипай сынды жігіт ізден жаңылсын ба. [illegible] түн тұрмақ, тас қараңғы, боранды, жауын-шашынды түнде [illegible]ған жалғыз саяқты иен түзден тауып әкелетіндей әккі емес пе. [illegible] үстіне қолды болған қарындастардың кегі бар, шағын топ шаршап-[illegible]дыққанды елеместен Сұлу төбеге жете сала ұрысқа кіріскен.

- Найзамды жауға бір тигізсем, арманым жоқ. Кәззаптардың [illegible]нында өлейін. – сұры қашқан Алдияр қанына қарайып алған [illegible]атын. Қамшы жеп намысы тапталған Сипай болсын-болмасын [illegible]шпанынан өш қайтармақ.

Сөйткен жігіттер жаудан жанын аясын ба. Оның үстіне Сегіздей [illegible]тыр топты бастаса. Жүз қоянды бір арыстан бастаса, қояндар [illegible]рыстанға айналады демекші, Сегіздің соңын ала лап қойсын. Жасыған дұшпан бұрыла қашқан соң, қуып берді жігіттер.

- Құтқарма, сок иттерді! Біреуі де құтылмасын! – ақыра сүрең [illegible]лған Нияз садағын ыңғайлай бастады.

Жаудың қашқанын көрген қыздар алақайлап қуанып, көз жастарына ие бола алмай әлек. Бар тобына қыбыржу кіріп:

- Не істейміз? Кеттік аттарға! Мініп алайық. – дескен сөзбен бірін бірі жұлқылап жатыр.

Қарақшылар қаша жөнелгенде қыздар мініп келген аттар иесіз қалған. Тұсаулы күйде төбенің етегіндегі тұтаса өскен қарабарақтың ішінде оттап жүр. Қақтығыс, қуғын-сүргін басталғанда бір бөлегі үркіп жазыққа қарай ойыса бастапты. Жабының денесін сүйреткен аты да арқырай кісінеп, сол топқа қосылды әнекей. Тағатсызданған кей қыздар өз елінің азаматтарын көріп, етекке қарай тұра жөнелді.

Бәшпайы қажалған Раушан сылти басып, құрбыларына: - Бара беріңдер, мен соң жетермін. Атымды ұстасаң болды. – деп еді, колтықтасып келе жатқан Мақпал, - о не дегенің? Жоқты айтпа! Аттар қайда кетер дейсің. Жұбымызды жазбай-ақ жетерміз. Дұшпан кетсе болғаны да. – деп, құрбысын шынтағынан қыса түсті.

- Саспаңдар, асықпай-ақ келе беріңдер. Аттарды мен-ақ ұстармын. – топ қыздың соңын ала жүгірген Құсни жалт бұрылып бұларға қол бұлғады.

Қарақшылар үздік-создық созылып, қаша атысып барады. Қуғыншылар да садақ кезеп оқ жаудыруда. Кенет сонадай шауып бара жатқан біреу садағын бұларға кезеп:

- Әй, сары қыз, маған жоқ болсаң өзгеге де жоксың! Мис сыбаған! – деген әжептаркы айғаймен атып кеп жіберді.

- Ойбай, Бұлдырық кой мынау! Өлдім, Макпал! – Раушанның коп шарасынан шыға жаздап, өні құп-ку болып кетті.

Макпал да тани кетті каракшыны. Аксиған тісі, шарылдаған ушсала құлаш садағы, бар нұскасы дәл сонікі. Раушанға деген кекке толы зілді дауысы зың ете құлакка жетті. Әне атып та жіберді жауы.

Атуы мұң еді, келесі сәтте не болғанын аңғармай калды Макпал. Еш ойланбастан бір-ак жұлкынып алға ұмтылды да, Раушанды көлегейлеп өз кеудесін окка төсей берді. Сол сәтте-ак кос канатты ок кірш етіп омырауына кадалды... Бір ғажабы, ет кызуы ма, әлде окыс тигеннің салдары ма, ә дегенде ауырсынған жок Макпал. Орта тұсы кызыл сырлы, аяк жағы кап-кара жылтыр күшіген жүнді, он екі тұтам ұзын окка таңғала карап катты да калды.

- Бұ не зат өзі? Шынымен-ак менің денеме кадалғаны ма? – деген оймен сенер-сенбесін білмегендей.

Раушанның аман калғанын аңғара калған Бұлдырық болса, және бір оғына кол созып еді, кенет өз шекесіне де кірш ете ок кадалсын да кетсін. Кадалғанда оңдыртпай кадалды. Бұрк еткен кан бетін жуып жіберіп, садак ұстаған колы сұлк түсті... Бұл ажалды окты жұмсаған Сегіз еді. Сонадайдан көздеп дәл тигізген сері, аттың басын Макпалдарға бұрған. Макпал болса осының бәрін аңғарып, омырау тұсын ашытып бара жатқан жебе әсерін енді ғана сезді.

- Ойбай, көтек! – деп шыңғырған Раушанның үніне, бар кыздардың жүгіріп келе жатканын көріп, әлсірей бастаған калпы аяғынан әл кетіп, жерге құлай берді. Ту сыртынан демей берген Раушан бұның басын жерге тигізбей, өзі отыра калып тізесін төсей берді.

- Бұл маған арналған ок еді, мен өлуім керек еді. Кезек менікі еді ғой. Өзімді ажалға киғаным кайда! – деп зар каға, тұстарына жеткен кыздарға жас жуған жүзін бұрды.

Жүгіріп келіп айнала коршаған кыздардың көздері атыздай. Кей біреулері не апат болғанын түйсініп кемсеңдесе, енді біреулері үнсіз жылап тұр. Ентіге жүгіріп келіп, жүресінен отыра калған Құсни:

- Сұмдык-ай, сұмдык! Енді кайттік? – деп өкіріп калып, байбалам салуда.

Бар халайыктың ішінде сабыр сактап жаткан Макпалдың өзі ғана. Раушанға мейірлене карап:

- Кеше ғана сен бәкіні көрсеткенде, зәрем ұшып еді. Енді карасам, коркатын ештеңке жок екен-ау. Өлім, шіркін, оп-оңай екен-ау. Мына оғы құрғыр сәл киыс тигені. Сен көрсеткендей жүрек тұсына кадалса, тіл тартпай-ак кетер едім. Етім пәлендей ауырмайды да, илансаң. Тек кан жылымшылап ағып, аркамды шылкылдатты білем. – деген сөзбен

Дүшпға назар аударды да, - дұшпаннан құтылдық қой, несіне қылмадың? Бір қыздың өлгені уайым ба, тәйірі? Өзгең аман бол. Елге қайтерсің ертең-ақ. – деп, өзінше жұбату айтты.

Осы мезет қоршай төнген қыздардың шеңбері ашыла берді де, ортадағы жүгірген Сегіз көрінді. Үсті-басы мен беті қалың шаң, қызыл-ала ғана көрінеді. Мақпалды көрісімен-ақ жәйды ұқты. Бұл кезде Мақпал әлсіреп, өңі боп-боз болып қан-сөлден айырылған еді. Оне-міне үзілгелі жатқаны, өмірінің соңғы сәттері екені ап-анық. Тізерлеп отыра қалып, үстіне бетін тақай төнген Сегіз:

- Кешір, жаным! Үлгіре алмадым. Оқтан қорғай алмадым. Кеш, сорлем. – деуге ғана мұршасы келіп, алқымына лықсып кеп қалған күйінді жұта алмай үні өшті.

Кірпігін зорға қаққан Мақпал: - О не дегенің, жаным? Саған кінә артушы ма едім. Ризамын екі дүниеде де. Намысты жібермедің не қылса да. Дұшпанға кор болғаным жоқ. Өлсем де арым таза. – деп бір қайырып, сәл дамылдап ақтық күшін жиды да, - жылама, серім. Батыр емеспісің? Ер жігіт жыламас болар. Еліме тапсырдым сені. Бағанадыда қыз көп қой, бір сіңілімді алып өзімдей көрерсің. Бақұл бол, бақытты бол, серім, Сегізім. – деп сөзін үзіп, көзін жұма берді.

Еш қиналыссыз үзілді есіл ару. Қиналмақ түгілі жансыз бейнесі күлімдеп тұрғандай. Мына дүниенің қызығынан болсын, азабынан болсын, құтылғанына разы кейіпі бар.

Сегіз болса маңайындағы қыз-қыркыннан еш қымсынбастан солқылдап тұрып жылап жіберді.

- Қош, жаным, қош Ғаухартасым. Ендігі қалған ғұмырда мән де жоқ-ау. Ендігі іздейтінім ажал ғана болар. – деп құмыға шыққан сөзі, серттей естілді...

... Жабының тобы Сұлу төбе маңында түгел қырылды. Алдиярдың жігіттері ізді жасырып өліктерді көміп тастамақ еді. Қоқан іздесе айғақ болмасын деген айла-есептері еді бұл. Бірақ бұнысын Сегіз қостай қоймады.

- Түбі бәрі бір таппай қоймайды бұларды. Ізсіз-түзсіз жасыра алмаймыз, ел құлағы елу дегендей. Қайта жата берсін ай далада сүйегі қурап. – деді де, Алдиярға қарап өз байлауын естіртті.

- Нияз екеумізге жабарсың бар пәлені. Жабының жігіттерін қырып салған Сегіз сері деген лақап тарай берсін. - Соқа басы жүрген жортуылшы, Арқаның азаматы кегін алса керек. – деген қауесет кетсін ел ішіне. Бағаналыға сөз келмесін. Біз болсақ жылыстап кетерміз бұл өңірден. Жанғожа батыр Қоқанмен тіресіп жүрген көрінеді. Соның жасағын табармыз. Жабының кегін қуғандар содан іздесін бізді. – деп түйді.

Бұнысы табылған ақыл болатын. Не Бақтияр бидің еліне, не Қадіркен бастаған керей ауылдарына сөз келтірмейтін айла-шарғы.

Қайрат арқылы Қадіркендерге дұғай сәлем мен алғысын жолдап, Сегіз елге сокпастан Жанғожаны іздемекке бел байлады. Бұл сақтықтың шарасы еді. Жабының казасын зерттеген қоқандықтар Сегізді алдымен керей ішінен іздейтіні хак. Сол кезде ел тізгінін ұстаған аксақалдар

- Бұл жакка соккан емес. Қаңғыбас неменің кайда жүргенін кім білсін. Тауып алыңдар да, білгеніңді кыла бер. – деп, жауап кайырмакка Сегіздің ол жакка ат ізін салмағаны жөн.

Макпалды жерлеген соң-ак, Сегіздер жауғаштыда да ешбөгелместен шұғыл аттанбак... Бұл амалы да елдің камын жегеш Ертең-ак іздеушілер келгенде:

- Серілерді астан кейін көргеніміз жок. Жабымен соғысса соғысқан шығар. Сол жактан кеткен ғой ел кезіп. Біздің жакка кайтып ат ізін салған емес. – деп жауап бермек үшін, Сегіздердің бой тасалағаны макұл. Қаракшылардан калған аттарды да елге калдырмауға кеңес берді Сегіз. Себебі, ертең-ак айғак болары хак.

Бұл акылды макұл көрген Алдияр Макпалдың мәйітін алып, тура осы жерден Айнакөлге жол тартты. Қарындасын сол жердегі зиратка жерлемек. Айнакөлдің кыркасында жауғаштының зираты болатын Ата-бабаларынан мирас көне корым. Макпалды сол зиратка коймак Алдияр сынды ағасы. Тұткыннан босаған кыздарды Сипай мен Қайратка тапсырып елге жөнелтті. Қайрат сол жактан еліне кетпек Қоштасар кезде туысканын аттандырған Сегіз:

- Хош, бауырым. Елге, игі жақсыларға дұғай сәлемімізді жеткізерсің. Паналатканына ризамыз. Амалсыздан және жылыстап барамыз. Зорлыкка кайрат кылуға тура келді, амал нешік. Есендікпен көрісуге жазсын. – деген сөзбен Қайратты құшактай алған.

Ниязбен де төс кағыстыра коштасқан Қайрат касына өз жігіттерін ертіп кете барған. Сегіздер болса Алдияр тобына косылып Айнакөлге жөн түзеді.

3

Сары топырак жас кабірдің басында Сегіз бен Нияз малдас құрып отыр. Екеуі де үнсіз. Мезгіл ұлы сәске, күн желкем, салкындау. Көл жак беттен дымқылдау, жайлы леп еседі.

Макпалды Сегіз өз колымен қойып, жаназасын өзі шығарған болатын. Алдиярлар әлгінде ғана коштасып аттанып кеткен. Дәл кетерде Алдияр Сегізді оңашалап:

- Қарындасымның калтасынан шыкты. Қамзолында сактап жүріпті. Өзіне арнап кесте шексе керек. – деген сөзбен кол орамал ұсынды.

Көк торғын жібектен өрнек салып тігілген сәнді орамал екен. Жағалай жиегіне кесте шегіпті. Ортасында жазуы бар. Зер салып окыса – Сегіз, Макпал, Ғауһартас – деген сөздер көзге оттай басылды. Жазудың айналасында кошкар мүйіз, кұс тұмсық әшекейлі оюлар. Оюларды кызыл-жасыл жіппен шексе, кос есім мен Ғауһартас деген сөзді алтын түстес жіппен өрнектепті. Жалпы сурет көз тойғызғандай әп-әдемі.

Өз есімі мен ғашығының есімін оқығанда Семіздің толқығаны соншалық, Алдиярға жауаптаса да алмай қалды. Алкымына келіп тұрып қалған түйінді жұта алмай, жігітті үнсіз құшактай алды да, басын шайкай берген. Солқылдап жылап жіберуге шак кана калганын сезіп, көзін әкете бұрылып кетті. Бұның аһуалын ұккан Алдияр да бұрсіиіп қойып, өз жігіттеріне карай кадам баскан.

Енді міне сол көк торғын орамалды тізесіне жайып қойып Сегіз үнсіз отыр. Назары жас кабірдің топырағында. Іштей Ниязға алғысын ашып та кояды. Сезімталдығына дән риза. Дос шіркін осындайда керек кой. – Аз кайғыны ас басар, зор кайғыны дос басар.- деген сөздің шындығына көзі енді жеткендей.

Қайғы демекші, шын кайғы үнсіз ғой кашанда. Оған да көзі жетті шпекей. Жан адаммен тіл катысуға мүлде заукы жок. Зерделе ой да жок сиякты. Ойды да сөзді де Макпалдың касіреті калпетімен жойып жіберіпті.

Есіл досы Нияз бұл күйін ұғып, тіл катып мазалаған емес. Тіпті – мен бармын-ау – деп, өзіне назар аударту ға тырысқан сәті болсайшы. Тек кана көлеңкедей болып, касына еріп жүре береді осы күндерде. Сонын өзі жанға демеу екен-ау, карап тұрса. Көніліндi кас-кабактан ұгатын жанашырын касында болганға не жетсін,шіркін.

Ойға шомған Сегіз кенет есіне әлдене түскендей еңсесін тіктеп, кабірге назар жыкты. Іле бір уыс топырағын алып алдындағы торғын орамалға салды да, орамалды бүктей төрт ұшын байлап койды. Жұдырыктай осы түйіншекті койынына тыға беріп, Ниязға еңсесін бұра:

- Мына бір уыс топыракты көрдің ғой, Нияз-еке. Алда-жалда ажал ұшсам, менімен бірге көмерсің тар лахатка. Зәуі сайтан көмусіз калсам, койынымда болсын. Аманатым деп біл, бауырым. – деп, тіл катты.

Досының үнсіздікті бұзып тілге келгеніне көтеріліп калған Нияз: - Макұл, болсын. – деп жауапты келтесінен кайырды да, аз үнсіздіктен кейін, - өлмектің соңынан өлмек жок, достым. -Қайғың жүйрік аттың жалында, сұлу кыздың койынында калады. – депті ғой бір данышпан. Тірі кісі тіршілігін істей бермек. Мандайға не жазса да, тағдырдың такбезесін көтеру парыз мүминге. – деген сөзбен басу айткан болды.

Аз уакыт ішінде санамен сарғайып жүдеп калған досының көңілін котермек. Әдейі сөзге тартпак айласы. Бұл амалы іске асайын да деді. Сегіз сонадайда калмакша байлаулы тұрған аттарға назар кадап:

- Аттың жалы мен кыздың койыны дедің бе? Жөн сөз ғой. Бұрыңғылардан тегін сөз калсын ба. – деп сәл бөгелді де, - әйтсе де бұрыңғыдай болмас ендігі өмір. Тоналып калғандаймын. Жаңағы айтканың тән рахаты ғой, ал жан ләззаты ше? Асыктыктың жөні бөлек-ау. Жан дүнием ойсырап калды Макпалдан айырылған соң. Тірлікте мән калған жок, білем. Қу томардай мұтылып сока басым

қалған сиқым мынау. Көңілдің жайлауынан ел көшіп кеткенсіз ба, қалай өзі? Шабыт шарықтағанда «Ғаyһартасты» туғыза[illegible] құлазып қалғанын қайтерсің. Ол әннің тууына себепкер болған [illegible] жар кеткен соң, кең дүние тарылып бір уыс болып қалды білем. Не[illegible] қалды? Түгім де қалған жоқ, біле білсең. Құлан аяқ ку медиси[illegible] жалғыз қалған жетім сәбидей халім бар. - деген сөзбен бірер [illegible] кідірді де, қабағын сәл шытып, - өзің болмағанда дәл қазір [illegible] барып жауға соқтығар едім. Арманым – жауда өлу. Түнеу [illegible] Мақпал ауылындағы Сары Тоқандай. Айналсам, саған [illegible] айналармын мына дүниеде. Өзінді тастап қайда кетпекпін, Ния[illegible] осы сөзбен көкірегін кере күрсініп қойды.

Жалын ата аһ ұрғандай ауыр күрсінді. Бұл сөзінен кейін [illegible] орнады. Шыбындап тұрған аттардың пысқырғаны, шымшықтың шықылдағаны ғана сырт дүние тірлігінен хабар жеткізіп тұр... Ния[illegible] ойланып қалды. Бұндайда көңіл жұбатуға лайық сөз табу оңай емес[illegible] ау. Жаттанды сөздер көкейде сайрап жатыр-ау, бірақ дәл қазір [illegible] емі бола қояр ма екен. Дайыны жоқ кеңестің салмағы да жоқ. Сонды[illegible] тіл қатуға асыққан жоқ Нияз. Кейде үнсіздік те ем ғой. Уақыт деген құдірет және бар.

Бір көрмеге аһаһаудың, ойын-сауықтың әншісі болғанымен [illegible] өзіндік ой-пікірі, дүниеге деген оқшау көзқарасы бар еді Ниязды[illegible] Ертеде өткен данышпандардың өсиеттерін көкірекке тоқыпы[illegible] шешендердің сөздерін сараптағыш болатын. Досының жан әлемі[illegible] ділін бұдан артық кім білуші еді. Еш адамға айтпайтын сырлары[illegible] талай шертіспеп пе еді, жапан түзде екеуден екеу келе жатқанда [illegible] Сөйткен сырластың, жанашырдың септігі осындай қайғыда емес пе.

Сол себептен досының мына күйректігіне тізгін бермек емес[illegible] Нияз. Ойын қоғамдап аз бөгелген соң, Сегізден көзін алмай отырып сөзін бастай берді.

- Тоналдым дейсің бе? Мақұл-ақ, көнейін бұл сөзіңе. Ғаламат қайғы ғой Мақпал сынды жардан көз жазғаның. Емі жоқтай ауыр дерт-ау, бұ қаза. Әйтсе де үәжім бар, достым. Соны көлденең тартайын, не қылса да. – деп, зират ішіне назар қыдыртып өтті.

Күйген қыштан қаланған көп қорым кіл жауғаштыдан тараған тұқымдыкі. Мақпал қабірінің дәл қасында Аққемпір атанған Күлпәш әжесінің бейіті бой көтеріпті. Күмбезі сәнді де биік кесене... Бұл әжесін Мақпал аса сыйлайтынын Раушан дәттеп те үлгеріп еді. Енді мінекей әжесі мен немересі қатар жатыр.

Осы көрініс ойына түрткі болды ма, кеңесін желілей берген Ниязды[illegible] лебізі нығырақ шықты.

- Бұ пәниде адамның қимасы аз емес-ау, қарап тұрсақ. Ғашық жар, ағайын-туған, дос-жар демекші. Тіпті анау тұрған тұлпарың да ыстық емес пе көңілге.

Бірақ, соның һәммасының амандығы адамның құзырында емес. Алла-тағала, тағдыр, жазмыш деген бар. Сол алып кете береді екен ешнық жарды да, ағайын-туған, жора-жолдасты да. Тіпті адамның өзін не не бір корлыкка ұшыратуы мүмкін. Дертті кыла ма, кедейлікке ұрындыра ма, құлдық камытын кигізе ме, бәр-бәрі колында. Сайып келгенде бұның жалпысы тадырдың, яғни сырткы күштің құзырында екен. Қашан болсын адамды тонап, не бір тақбезеге ұрындыруы мүмкін.

Ал енді адамның өз иелігінде не калды дейміз ғой. Түк калмағаны ма? Жок, олай емес екен, байыпка салсак... Әуелім ак ниет, ак көңіл деген бар адамның иелігінде. Акыл-ой, білім-парасат адамның өз меншігі. Білім дегеннің орны бөлек кой мүлде. Акыл мен білімнің ұясына бар әлем сиғандай. – Білімді мен білімсіздің арасынан алыс жок. – деп, Байдалы бидей данышпан калай тауып айтты десеңші.

Сол акыл мен білім адамның өз айнымас меншігі емес пе? Аз түсіне ме, жок әрине. Өшпес-тозбас шын байлык, ғаламат мұра сол ғана ма дедім.

Одан калды ізгі сезім мен шабыт бар. Ол да адамның айнымас меншігі. Пенде тірі тұрғанда еш құдірет тартып әкете алмайтын казына. Жан тебіреніс, сезімнің бірі де бірегейі – ғашықтык. Бұ шіркін ізгіліктің шыңы іспеттес. Ғашықтык шабытты оятар, шабыт адам бойындағы бар өнерді коздырар. Соның нәтижесі емей немене, Ғауһартас деген әнің. Бұл әнді еш залым мен кісәпір жоя алмас ендігі. Халкымыз аман болса, бұл ән де шарыктай берер. Бұны тудырған Макпалымыз көз жұмды әнекей. Бір күні екеуіміз де баз кешерміз. Бірак, ізгі сезімнен пайда болған өнер туындысы, әнің мәнгі жасай бермек... Макпалды тым ерте алған канды жазмыш, зерде мен парасатынды, шабытынды, әніндi әкете алмайды, достым. Ана сүтімен біткен кабілет пен дарын сүйекпен ғана кетпек.

- Ак көңілдің аты арып тоны тозбас. – деген мәтел бұның бір дәлелі зәліттес. Жігіт деген бар мал-мүлкінен айырылса да, ак адал пейілі бойында кала береді. Ол айнымас меншігі. Еш дұшпан тонап әкете алмайтын ғаламат казына. - Аты арып тоны тозбас - деп, осы жәйтты меңзейді халык даналығы.

Ұзын сөздің кыскасы, ғашык жарыңнан айырылсаң да, жарды сүйе білген жүрегің дін аман. –Ғауһартас- сынды ән төресін дүнияға келтірген шабыт пен өнерің бойында. Парасат пен білімің болса бәз-баяғы калпы. Руханияттың ұлы казынасы, теңдессіз байлык осы ғана. Өзгенің бәрі өткінші дүние, тұрлаусыз құбылыс.

Әнекей Күлпәш әженің кабірі тұр. Ол кісі әбден кәртайып кайтса керек. Қыркын-көгілдір кеткен Макпалдың жас кабірі мынау. Ертеңак екеуміз де бір бұйрыкты күні жок болармыз. Соңымызда калар ия ән, ия аңыз, ия келелі сөз. Келелі сөзді де, әнді де тудыратын әсер.

Әсерді тудыратын өмір, яғни шаттық пен шер-шемен. - Ой [illegible] жатқан сөз, шер толқытса шығады. – деген екен данагөй бабамыз [illegible] шерді тудырған өмірден безбекпісің?.. Жоқ, достым. Шер [illegible] теңіздей қайғы болсын, келер күнді көрген лазым. Жүз [illegible] жығылғанның күні жығылған. Таудай қайғы келсе де, қасқая [illegible] тұрар жігіт деген. Дәті берік болса, тағдырдың дүлей күші [illegible] алмайды азаматқа. – деп, насихатын тәмәмдады Нияз.

Әр сөзін баптай, аптықпай, сүзіп сөйледі. Лебізі баяу шыққ[illegible] нық естілді. Сарыны ақылгөйсу мен тәлімсуден мүлде ада. – [illegible] осы. Құлақ асам десең еркің өзінде. – дегендей, сөз саптасы[illegible] бұйрықты реңк жоқ.

Кеңесін қайырған соң, досынан жауап та дәметпеді. Үнсіз [illegible] зират сыртындағы маң сахараға ойлана қарап отыр.

Сегіз де естігенін ой елегінен өткізіп, орнай қалған тыныштықты [illegible] үркіткен жоқ. Нияз назарын сыртқа тіксе, бұл досына көз төңкеріп қойды. Құрдасын жаңа бір қырынан танығандай. Жүзінде таңырқау да жоқ емес. Әлгінде ғана түпсіз бір мұң шалған жанарына қайсар бір ұшқын пайда болғандай. Ішінен: – Япырай, қалай-қалай қиялай[illegible] қасқаң! Ойы мүлде тереңде жатыр-ау. Жауыр болған жаттанды бір жұбату болушы еді. - Қатын өлсе, қамшының сабы сынды. Қатын жолда, бала белде. – дегендей. Бұл болса рухани дүниені ауызға алып отыр. Шын құндылық деп соны ғана бағалайды екен. Міне тапқырлық, міне көрегендік! Дәл қасымда жүрген жан досымның мұншалықты терең сырын не қылып танымай жүрдім осы күнге дейін? Әй маған да дауа жоқ екен-ау! Үстірттігім, жадағайлығым қалар емес. – деген оймен өкінгендей де болды.

Кенет бір шешімге келген ыңғай танытып, бетін сипай күбірлеп де, орнынан үнсіз көтеріле берді. Ниязға бет бұрып:

- Сөзің жетті, бауырым. Ет пен тері түгілі сүйектен де өтті. Ақ семсердің жүзі майырылса, тасқа жаныса жетілмек. Жігіттің көңілі қаяу тартса, достың ақылы емдемек екен-ау. Келелі үәжің шипа болды, илансаң. Ал, аттандық олай болса! – деген сөзбен аттарға қарай қадам басты.

Адымы ширақ, еңсесі көтеріңкі, лебізі де нық шықты. Нияз да орнынан тұрып етегін қағып жіберіп, досына ілесе жүре берді. Әлгінде ғана түйіңкі қабағы жазылып, мазатсыған нысай пайда болыпты. Бұл да бетін сипап:

- А, құдай, жолымызды оңғара көр. Қос көдегің тәуекелге және бел байлады. – деп күбірлеп, Сегіздің ізін баса адымдай берді...

***

9 тарау

МҮШЕЛ ЖАС

Тор бөлменің іші әрі самаладай жарық, әрі көйлекшең жүрерліктей [illegible] жылы. Далада азынаған боран ұлып тұрғанымен кең үйді екіге [illegible] шұбалма пештің қызуы кісіні тоңазытар емес. Ауа райы [illegible]ісыз болғаннан ба, үй бүтін оңаша. Мезгіл қиық сәске, казанда ет [illegible] бүлкілдеп жатыр. Қарағайдан қиылған бұл еңселі жай Сегіздікі. Үй іші сәнді, төр жақ қабырға жағалай кілем- кілшелер. Қос терезенің [illegible]арында әшекейлі сандықтар мен жағландар иін тіресіп тұр... Терезе [illegible]мекші, қос қабат әйнекті терезелердің мұнтаздай тазалығы үй иесі [illegible]нің құнттылығынан белгі бергендей. Оған және бір дәлел – жүк [illegible]ктың үстінде текшелене жиыстырған көрпе-жастықтардың көз тартар [illegible]рінісі. Қызылды-жасылды атлас тысты көрпе-жастықтар ине-жіптен [illegible]ңа шыққандай-ақ. Тақтай сәкіні тұтастай жапқан, бояуы қанық [illegible]шалардың үсті жаңа сыпырғандай тап-таза.

Жалпы алғанда, үй іші пәлендей жасаулы да емес. Орта-шарқы [illegible]аулеті бар деуге келеді. Бар артықшылығы – шыныланған терезе. [illegible]оқыр терезеге қарын тұтатын қыстауда бұл сирек көрініс әрине. [illegible]ді әулеттің ғана қолы жететін мүлік. Өзге жиһазға пәлендей мән [illegible]бермесе де, түнікелі шатыр, әйнекті терезені хош көрер еді Сегіз. Маркұм әкесі үйдің сәні мен ұқыптылығына тәпі болушы еді. Қолы [illegible]секті кісі ғой, кентті жердің үлгісімен өз үйін әспеттей ұстайтын. [illegible]ойткен әкені көріп өскен Сегіз, ол үлгіден қайтып жаңылсын.

Қайсы бір байлар бәсекелесіп түгі қарыстай қалы кілемдерді [illegible]еденді тұтас жаба төсеп, қасқыр ішіктерді көрнекке шығара самсатып [illegible]іп қояр еді. Ондай ас та төк, бәсеке байлық бұл үйде жоқ. Әйтсе де [illegible]тұянадай жинақылығымен, өзіндік бір бір ерекшелігімен тәу көрген кісінің назарын тартпай қоймас. Ерекшелігінің біреуі – төргі бетте үш-төрт тұста ілулі домбыралар. Шанақтары ою-өрнекті, үкілі, сырлы аспаптар салған жерден еріксіз назар аударткандай. Бұны көрген мейман: - Е-е, ән-күйге үйір кісі екен-ау, отағасы. – деп пікір түйер еді. Алайда төрдегі әшекейлі сандықтың тұсында құрылған күрсілерге көзі түссе, және дағдарар еді тәу келген жолаушы. Үш күрсіде үш қалың-қалың кітап. Үшеуі де орта тұсында ашылған, демек оқылып жатқан кітаптар екенінен еш шүбә қалдырмағандай.

- Бала оқытатын молда болды ғой үй иесі. Бәсе, үй іші де тұянадай жіп-жинақы. Молданың бибісі қызметші қатын ұстамағанда қайтсын. Үй ішін мырсындай қылып сыпырып қойғанын көрмеймісің... Олай болса, жағалай ілінген домбыралары несі? Осал-оңтағай аспаптар емес көрінеді. Шебер қолдан шыққан әлемішті порымдары көз

сүріндіргендей. Демек, сапалы бұйымдар болса керек. Дін уағыздаған окымыстылар такуа келмеуші ме еді? Домбыраны - Жын-ойнактың құралы, кобызды баксы-құшынаштың ермегі – деп кыржиятындарма кайда? Ойын-сауык атаулы молдалыкпен еш кабыспас болар. – дегеш оймен дағдарар еді тосын мейман.

Бұл жұмбактың шешуін кейін, отағасымен таныскан соң табар сы құдайы мейман. Түйіннің шешуі сонау төрде жамбастап жаткан Сегізде ғой... Қарағайдан келістіріп киылған бұл баспана, жасы биыл отыз жетінің мүшеліне іліккен серінікі. Жастық шактың аласапыран арпалыс, алыс-жұлыска толы дәурені артта калғалы кашан. Елге оралып орныккалы, биыл міне он төрт жылдың жүзі де болып калған екен.

Атлас тысты кұс жастыкты колтыктап жаткан Сегіздің колында домбыра. Қос ішекті сұк саусағымен іліп-кағып кана баяу шертуде. Дыбысын ақырын ғана шығарып, балбырата бір күй тартып отыр.

Уакыт деген тылсым кұдірет өз таңбасын салмай койсын ба ер жігіттің елібіне. Сегіздің де дидарына бірталай өзгеріс енген. Сонау балғын кезіндегі түбіт мұрты коюлап түктері калыңдай түскен. Иегінде шокша сакал пайда болыпты. Күтімді сакал-мұрты, есейген соң москал тарткан сүрепетіне жараса калған. Маркұм әкесі Баһрамның шашы ертерек ағарған еді, Сегіздің де самайында аз-мұз ак тал аңғарылады. Өткен жылдардың және бір анык айғағы – маңдайға кесе көлдененең түскен әжім. Жалкы болса да жүлгеленіп ап-анык көрініп тұр. Жастык дәурені жортуыл үстінде өткенін оң жак бетінде ұзынынан созылған тыртык әйгілеуде. Қылыш жүзінен калған із екеніне еш шүбә туғызбайтындай.

Сегіздің алдында кішірек жозы, жозы үстінде кағаз бен калам, сия сауыт. Өзі домбыра шертіп күй әуеніне еліткенімен, ойға шомған сынайы бар. Баз – базда аспабын коя салып каламға кол созады. Екі - үш сөйлемді сүйкектете жазып жіберіп, кайта табады домбырысын. Қос ішекті шерте отырып окта-текте үй ішіндегілерге назар кыдыртып коятыны бар. Ойды ой жетелеп кай-кайдағыны кезіп те кетеді ондай сәттерде.

Үйдегілер көп емес, айналдырған төрт-ак жан. Зайыбы Ырысбике мен үш баласы. Үлкендері екі ұл мен Бибизара есімді төрт жасар кішкентай іс тігер... Ырысбикенің көтергені алты құрсак еді, бес ат ұстар мен осы құйтакандай кыз. Еркек кіндіктілері сәби кезінде шетінеп, аман калғаны осы екеуі ғана. Жасы мүшелден аскан тұңғыштары Мұстафа мен он бірге келген Мұсайын. Бар баланың кенжесі төрт жасар ерке кыз Бибізара. Тұлымшағы төгіліп әнекей анасының касында отыр. Әрі жалғыз кыз, әрі сүт кенже болған соң, шешесі – Бибіш- деп мейілінше еркелетіп, куыршактай жұтындырып киіндіріп койған. Анык шыкпаған тілі де тәтті өзінің. Кей бір

ныстырға тілі еркін келмей, қос ағасын күлкіге батырады-ай келіп. Қараторы толық өңі, жазық маңдайы, аялы көздері Баһрам атасына ұқсаңкірей ме қалай? Тойған қозыдай томпиған сықпыты, орнықты мінезі де аумаған атасынікі.

Бұ құдайдың құдіретіне шек бар ма. Құйтақандай қызды атасына ұқсатып туғызар ма? Мойынын бұрып кісіге көз төңкергенде, Сегіз таңырқап жағасын ұстауға шақ қана қалатыны бар. Қоңыркай көздерінің қарасы құдды өз әкесінікі. Бұны тәу көрген үлкен кісілер - Пәлі, мына бала айнымайтын Баһрам ғой! Атасының аузынан түсіп қалғандай түріне болайын! – деп тамсанысар еді.

Сөйткен баланың маңдайынан кім шертсін? Өз қадірін ерте ұққан Бибіштің де еркелігі бір басына жетерлік. Қос ағасына әбден кожа. Біресе ат қылып төрт тағандатып міниі алса, біресе мойындарына қабысып алып арқалатып жүргені. Ағалары болса мұны мейілінше ыңшештеп бар шолжаңдығына көніп те жүр. Онысына қарайтын Бибіш жоқ, алда жалда бір қылықтары жақпай қалса кекілдерінен мытып, қодуилгідей қабақ түйіп те қояды. Бұнысын көрген Сегіз:

- Мына баланың тәйтіктігін-ай! Қас-қабағы құдды әкеміз, ләкин әкейдің мінезі мейілінше сабырлы болатын. Жарықтық, жер қозғалса тебіренер ме екен. Қандай әндемді болса да кісіге қол батырып көрген жан емес. Мына Бибішіміз болса, қит етсе екі ұлдың кекілінен ала түсетінін қайтерсің. Біздің тұқымда бұндай ұрыншақ жоқ еді. Бұ мінезі кімге тартты екен? – деген сөзбен миығынан күліп қойып, қайыбына көз тастайтын.

Сөздің төркінін ұққан Ырысбике: - Тәйірі сол да сөз болып па? Нағашылары Жауғашты емес пе? Иіс алмас ынжық кісі жау қашырушы ма еді? Ұрыншақ мінез солардан ауыспаса не қылсын. – деп бұл да езу тартар еді.

Нағашы демекші, нағашыларына анық тартқан кіші ұл Мұсайын ғой. Дөңгелек бетті, қара торы баланың қиябаты Ырысбикенің өңінен айнысайшы. Қою біткен сыдырым қас, мезесі көркем қиылған көздері, қайқы кірпіктері ұл емес қыз балаға лайық дегізерліктей. Шашы да анасыныкіндей әрі мөлдей жылтыр қара, әрі жібектей жұмсақ. Ұстара тигізбей өсіріп жіберсе, кекілі бұйралана қалады. Онысы өзіне жарасымды да. Ұлдары шетінеп зәрезап болған Ырысбике, кіші ұлдың маңдайына меңдей қылып күйе жағып қояды.

- Тым келбетті осы жүгірмек. Тақиясына үкі, маңдайына күйе жағып қоймаса болмас. Көздің сұғы жаман келеді, пәлесінен аулақ. – деген желеумен ырым қылған түрі болатын.

Тұңғыш ұл Мұстафа да ажарға кенде емес. Бұның өңі маркұм әжесі Жамалға келіңкіресе керек. Жазық маңдайы аппақ, сопақша бет, қыры көтеріңкі тік түскен мұрын, мейірлене қарайтын есті көздері әжесін

еріксіз еске түсіргендей. Мінез жағынан болса Сегізге тарткан сияқты Аз сөйлеп көп тыңдайтын ұл, топ ішінде суырылып көзге түсуге жок Кішіпейілдігіне бағып, тойған қозыдай томпиып қана отырғаны. Алайда үндемей отырса да, естіген көргенін көңіл құтысына құйып алғыш Зеректігі де айта каларлықтай. Содан болар, молда алдына барғанда-ақ оқу-сызуды ілез қағып алған. Қара тануы мұң екен, кітап атаулыға бас койсын да кетсін. Өзге балалар күн ұзақ үйге кірмей ойын соғып жүрсе, бұл жүгініп отырып алып кітапқа шұкшияды-ай келіп. Сонда –оқы- деп зорлаған біреу болсайшы. Өз еркімен сағаттап отырып алатынын кайтерсің. Бұл мінезіне алдымен Сегіз аң-таң.

- Мен де сарылып киссаларды окып едім бала кезімде. Бірак мені оқуға отырғызған шешем еді. Кәдуілгідей ұрсып, тіпті көнбей бара жатсам күштеп те кітапка шұкшиткан. Шыны керек, әу баста кітап оқуға мойыным пәлендей жар бере коймайтын. Мына бала болса ізденіп жүріп, өз еркімен окиды. Ойын баласы болып өзге құрдаска алаңдауы да жок, тапжылмастан отырып алады-ау зәнталағың. – деп онашада Ырысбикемен сыр шертісетін.

Зайыбы болса: - Өзіңіздей әкеден туған соң, түртінектеп кітап зерттемегенде кайтсын? – деп күлімдер еді.

Бұнысы отағасын көтермелеген амалы ғой. Әйтпесе өзі де бір кісідей-ак сауатты.

Ойға шомған Сегіз іс тігіп отырған жұбайына көз кыдыртып өтті Ұзағырак үніле калса, сезімтал косағы жалт карап каларын кайтып білмесін. – Шұкшиғаны несі? - деп секемденуі де ғажап емес. Ол жамағатын жаңа көргендей-ак тесірейгені ерсі әрине. Сондық назарын сырғыта әкетіп, ойға және терендейді. Ой теңізін құлаштай білгенге не жетсін, шіркін! Адам баласын өзге маклұкаттан артык кылған сол касиеті-ау... Әйтсе де ой тербетуді ұната коймайды адамзаттың деп. Себебі, ой кинау деген оңай іс болмаса керекті. Әсіресе толып кеткен өзге ермек тұрғанда. Топ ішінде кысыр сөзді көйіту деген сияқты. Бұдан жеңіл және кызык уакыт оздырар іс болған ба. Ол болмаса екі колға бір ермек тауып, әлде бір іспен шұғылдану. Әйтеуір акыл-есті кинамаса болғаны да. Содан болар, жұрттың дені оңашада отырғанды каламайды. Кәдуілгідей безеді сока басы отырғандыктан. Іштері пысып бітеді әдетте. Себебі, өткен-кеткенді ой безбеніне салып саралауға жок. Миды кинап басты катырып кайтеді? Одан дағы шаршы топтың ішінде бір-бірін сыкак кылғандары оңай дағы. Күлкіге де карык боласың, кенеуі жок көпірме сөзді, өсек-аяңды сапырып шер таркатасың.

Әсіресе жастар жағы оңаша калғанды сүймейді-ак. Құрбы-құрдастан бірер сағат ажыраса, іш құста болады-ау шіркіндер Сегіздің өзі де сондай емес пе еді, сонау бір кезде. Нияз досынан көз жазса болды-ак, кара басын коярға жер таппайтын. Нияз екеуі косыла

қаса топты, ойын-сауықты жатпай-тұрмай іздейді-ай келіп... Осы күнде болса, жай мүлдем баска. Есейе келе жастық желік басылайын деді. Өткен өмірді саралап, ой елегінен өткізуді дағуаға айналдырғаны кашан. Оған коса тапкан бір ермегі – шығармашылық. Сонау жас кезінен бері талай ән шығарып еді, олары елге тарап та кеткен. Ендігі ойға бір алғаны – комакты бір дастан шығару. Өзі білетін киссаларды үлгіге алып, сол еңбегін бастап та кеткен. Осындай үй оңашада ойланып отырып, соны шумактарды кағазға түртып кояды. Такырыбы – өзі бастан кешкен өмір өткелдері...

Ой жетегіне ерген Сегіз іс тігіп отырған жұбайына және бір көз жүгіртіп өтті. Көйлектің етегін тепшіген Ырысбике үнсіз. Саусақтары майыса, лып-лып еткен машыкты кимылмен инені шапшаң шаншады. Асылы, сөзге сараң, мінезі орнықты жамағаты карап отыра алмайтын. Қолы калт етсе-ак іс тігумен шұғыл. Макпал сиякты бұл да Сыр бойының түлегі. Жарыктык Макпал:

- Өзіне еріп Аркаға кетсем, тұрактауым екі талай-ау. О жактың кысы кытымыр, аса жайсыз келеді дейді ғой барғандар. Сырдың суына, жылы күмның аңызағына үйренген маған, кырдың үскірік аязы мен оппа қары колайлы бола кояр ма екен? – деп күдіктенуші еді.

Маркұм сол арманына жете алмай кетті-ау. Дәл демі үзілер алдында: - Мен өлгеніммен калың Жауғашты бар емес пе? Бір сіңлімді аларсың түбінде. – дегені бар емес пе.

Сол айтканы жазбай келді мінекей. Тағдырдың китұрқысында шек болған ба. Ғашығын өз колымен жерлеп, жарык дүниеден түңілгендей болып жүргенде, екі-ак жылдан соң-ак өзге кызбен отасармын-ау деген ой үш ұйыктаса түсіне кірер ме еді... Макпалды есіне түсірген Сегіз бір күрсініп койып домбыра шертісін күрт үзді де, кос ішекті алаканымен баса койды. Өткен күндердің елесі мұншалык ап-анык болар ма. Ол күндерді еске алса-ак, домбыра да жазу да, өзге алданыш атаулы жайына калады. Тәуекел дариясын кешіп басты бойгеге тігіп жүрген, ой-хой жалынды жастық шак әсте ұмытылсын ба. Осы Ырысбикені тәу көрген күн де ап-айкын болып жадта жаңғыра берді-ау мінекей...

Күзге салым кез еді, ел жайлаудан козғала бастап күзекке түсіп жатыр. Он шакты жігіт кастарында, Нияз екеуі айнай жазыда желе жортып келеді. Мезгіл бесіндіге құлаған, аздап желкем бар, атка да жүргіншіге де жайлы коңыр салкын күн... Нияз әнге салып келеді, үзеңгілес жігіттер өздері құралыптас кіл бозбастар. – Уай пәле, сок, сүмірейт! – деп көтермелеп кояды. Бұлардың дені Жаппастың жас-желеңі.

Жауғаштыдан кеткен соң, Нияз екеуі Қокандыктарға карсы котерілген елге тура жөн тарткан болатын. – Иісі Әлім ұлы атка конды, Қокандыктармен шекісіп жүр. Наразы елді бастаған Жанғожа

батыр. – деген хабарды ұзынқұлақ жеткізген. Сол сөзді есте тұтқан серілер: - Жанғожа батыр, қайдасың! – деп көтерілісшілерді іздемекші жөн түзеген. Сұрау салып жетсе, шынымен-ақ қалың Әлім ұлының дені Қоканның ырқынан шығыпты. Жанғожа батыр жасамыс азамат екен, іздеп келген серілерді құшақ жая қарсы алды.

- Арқаның саңлақтары, қош келдің! Әне төрім, міне ықылым пейілім. Ерліктеріңе қаныкпыз. Әндерің де біздің елге жеткен. Өздеріндей әрі батыр, әрі өнерпаз азаматтарға зәру еді мына туысқан елің. – деп хан көтере күтіп алған.

Пой-пой шіркін, нағыз еркін дәурен сол бір күннен басталды ғой. Ойлап тұрса. Қоқандықтар өздері салған қорғандардың төңірегінде ғана мықты. Қазақ сахарасына сұғына қоймайды. Қарулы жасақты шығарғанда ғана бір жайпап өтетін дағдылары бар. Сөйткен жасақтардың ізін аңдып, төтеп беріп жүрді Жанғожаның сарбаздары. Жансыз жіберіп, алдын ала хабарланып, тұтқиылдан құйындай соғып тас-талқанын шығарып отырған. Бара-бара Қоканның зекетшілерінің беттері қайтып, құм қойынына беттей алмайтын болған. Сөйтіп ұлы сахараға Қоканның билігі жүрмей, Жанғожа сынды батырлардың, Әлім ұлы ру басыларының құзыры бел алып кеткен. Ел еркін болған соң Сегіздерде серілігін алаңсыз құрып жүрді.

Үнемі жорық, атыс-шабыс болма бермейді ғой, ұрыс-қақтығыстан бос уақыт та аз емес. Сондай толас мезгілде сарбаздар серілерді ортаға алады. Сегіздер болса өздері де армансыз шырқайды, ел ішіндегі жас талап өнерпаздарға да ән айтқызады. Ел іші өнер кеніші демекші, әу дей алмайтын бозбастар кем де кем. Ауылдың алты ауызын ғана айтса да, кезектен қалмайды әйтеуір... Бір ерекшелігі, соғысты, қым-қуыт қуғын-сүргінді көрген азаматтар әуелім маһаббат тақырыбын қозғайды толас мезгілде. Батырлық ия болмаса діни қиссаларды емес, ғашықтық жырларды тыңдауға бейім. Сезімнің нәзік пернелерін басып, ауылды қалған сәулімдерін, іңкәрларын еске алады әуелім.

Бозбалалық құрып байдың тоқалдарына барғандарын да тілге тиек етеді әрине. Нәпсі семірткен ондай құмарлықсыз болсын ба бозбастың өмірі. Әйтсе де, алдымен өктейтіндері – шынайы ғашықтық, пәк сезім. Тамсана еске алатындары – сүйген қыздың қылығы мен назы. Күнделікті көріп жүрген арпалыс, соғыс мінездерін шыңдап қатаң қылса да, нәуетек құрбының нәзіктігін аңсайды сарбаздар.

Сегіз бен Мақпалдың ғашықтығын білмейтін жан жоқ. Жалпақ жатқан Сыр өңірі тегіс құлақтанып үлгірген дерсің. Болған жәйтты Нияздан тәптіштеп сұрастыра береді жас-желең атаулы. Кей бір ақын жігіттер шабыттанып сол тақырыпта қисса да шығара бастаған. Өздерінің арасында жүрген, бір үзім нанды бөлісіп жеген, әрі ер жүрек әрі күміс көмей әнші серілерді пірдей тұтты сарбаз біткен.

Жанғожа батыр болса, серілердің жауынгерлік тәжірибесін керек ыды. Сегіздің өмірбаянынан дерек алған соң: - Орыстың өкеріменшайкасқан екенсің. Табан тірей тұрыстық беріп ығыспапсың. Жалбы бастаған қарақшыларды да тәубесіне келтіріпсің. Демек, жас болсаң да, бір талай кепті көріпсің, серім... Орыстың күші қандай, Қоканнан басым ба? Қайтып тіреспек керек, айла-тәсіл бар ма? Қосар ақылың болса айта отыр, жаркыным. – деп қолқа салған.

Қалың колды баскарған сардар басымен, жас жігіттің акылына коңсы конуға арланбаған.

Қашанда оң қабақ таныта, бейіл бере күткен көсемнен білгенін ріксін бе сері. Көргенін де түйгенін де жайып салған.

- Орыстың қаруы Қоканнан анағұрлым басым, батыр-еке. Тіпті салыстыруға да келмейді. Түптің түбінде Қоқанды да Хиуаны тізе бүктірері хак. Қазақтың мемлекеті ыдырап бітті ғой осы күн. Хандардың соңы Кенесары тал қармағандай арпалысып жүр әнекей... Орыстың мемлекеті болса әрі тұтас әрі берік. Өндірісі де сай. Қоканның самкалы мен зеңбірегі орыстың от каруына төтеп бере алмасы айдай анық. Қокан тұрғызған корғандар да орыс әскеріне пәлендей кедергі емес. Тіпті бұйым да емес. Қабырғасы зәулім корған дегеніміз өткен заманның саркыншағы. Дуалы канша биік те калың болса да, іргесін казып ок дәрімен жарып быт-шытын шығарады орыстар. Қоканның өндірісі ұстахананың дәрежесінде калса, орыс ірі-ірі зауыттарды салып не бір озык каруды істеп шығаруда. – деп бір талай сыр шертіп, өздері ұйдысып жүрген Қокандыктарды да ескерген.

- Орыс Қоканнан озык болса, біздің казак бұ сарттардан әлсіз осы күні. Ашшы болса да шындык осы. Қазакта кала жоғын білесіз. Қала жок болған соң кару-жарак соғатын ұстаханалар тапшы. Біздің сарбаздармен салыстырғанда Қоканның ләшкерлерінің сауыт сайманы сакадай сай. Соғыс өнерін кәсіп калғын тұракты әскері де баршылык. Біздің жігіттер аттың құлағында ойнайтын шабандоз екендері рас. Әйтсе де кару сілтеу жағына, тәртіпті әскер болып соғысу жағына шоркак.

Кешегі малшы, бакташылар соғыс тәсілін кайдан білсін... Соғыс пен жорыкта алдымен темірдей тәртіп кажет. Дүйім жасак, бар жауынгер бір-ак бұйрыкка бағынса ғана жеңіске жетпек. Бір орталыкка, яки бас сардарға барша косын калткысыз мойынсұнған жөн. Бізде болса әр рудың көсемдері өз беттерімен жайлып кетеді баз-базда. Күші басым дұшпанға тап болғанда, каша ұрыс салудың орнына кей аккөздер: - Шегінбейміз, жаудың сүбесіне найзаны кандамай кайтпаймыз! – деп дау ұратынын кайтерсің.

Бүйтіп әр текешік өз тауына ие болып жүре берсек, жеңістің пырағы жалынан ұстатпас та... Косынды руға карата емес, санға карата құрған дұрыс. Оңдык, жүздік, мыңдык дегендей. Әр бөлімнің

басшысы өзінен дәрежісі жоғарыға қалтқысыз бағынбағы [illegible] басшылардың барлығы сардардың, яғни сіздің ғана әміріңізді [illegible] Сонда ғана әскери бұлжымас тәртіпке қол жеткіземіз. Ой[illegible] бел алып кету қайда!

Руға бөлініп, өз атасының ғана намысын қуған жасақты [illegible] қол, қосын- деп айтуға ауыз да бармас. Қару-жарағын [illegible] сайланып шыққан тобыр деуге көбірек келіңкірей ме, қалай. [illegible] аяғында сын да таққан.

- Бетіне жан келмеген батыр көңіліне алып қалмағай. – деген [illegible] те жоқ еместін. Алайда Жанғожа сыни кеңесті дұрыс [illegible] Тағайынды кісі ғой, көзін жұмыңқырай аз-кем ойлана отырып:

- Сөзің орынды, серім. Дос жылатып айтса керекті. Сыныңды [illegible] демеймін, әлгіндей бадырайып тұрған кемшілікті қайтып жасырамын. Әйтсе де барымен базар. Қолыңнан келгенше мына жасақты [illegible] баулып бақ. Шикі өкпе, салпы етек жастарды ұрыс тәсіліне [illegible] Жәрдемің осы болсын, бауырым. Бұ да өз елің, киіз туырлықты [illegible] мұддағасы бір қашанда. Жорық, соғыс айласын анау жүзбасылар [illegible] санасына құя бер. Қолқам осы-ақ. – деп ағынан жарылған.

Батырдың ықыласына орай Сегіз де қолған келген көмегін [illegible] қалған жоқ. Жорық-жортуылды көрмеген жас-желеңді қару жұмсауға баулып бақты. Сойыл мен шоқпардан өзге қаруды меңгермеген бозбастарды найза сілтеу, садақ тарту, мылтық атуға жалықпай [illegible] үйреткен.

- Соғыс дегенің оңай емес, жігіттер. Тірі қалам десең, жатпай-тұрмай ат үсті ұрыс тәсілін меңгере бер. Тақымындағы атыңмен бір [illegible] жаралған денедей болмайынша жауды меңгеріп әкете алмассың. Қо[illegible] қолтық ұрыста тізгін ұстауға мұрша да жоқ, біле білсең. Сондық[illegible] тақымға бағынатын болсын... Найза мен қылышты емін-еркін меңгермек болсаң, күн ұзақ жаттыға бер. Әбден машықтанып алмайынша тыным таппа. Терің шүмектеп ақпайынша ұрыс тәсілін игере алмассың. Алтыбақандағы қыз ойнақ емес, жортуыл-жорық дегенің. Бұл үпәд еңбек, мандай тер, айла-тәсіл алдымен. Айлалы, тәсілқой болмасаң, құр қара күш ия ақи көз ерліктің пайдасы шамалы.

– Қырық жыл қырғын болса да ажалды ғана өледі. Құдайым [illegible] сақтар. – деп далақтап шаба берсең, боқ басында өлесің де қаласың, деп өнеге айтар еді.

Тек ауызша ғана айтпай, бозбастарды атқа қондырып жаттықтырады да. Нияз екеуі қосылып ат үсті ұрыска үйреткенде, жігіттер қара терге түсетін. Қайсы біреулері шаршап шалдығып болдырып та қалатын. Осалдық таныткан бозбастарға:

- Оқасы жоқ. Бүгін болдырсаң ертең сапқа тұратын бол. Болдырмақ түгілі бір жерің мертіксе де айып-қиыбы, өкініші жоқ.

[illegible], ертең-ақ жаумен табан тірескенде шыныққан сарбаздай [illegible]сарсың. Май тымақ, сал бөксе шаруа емессің. Қаныңды [illegible]ка құйып алған сарбазсың ендігі. Олай болса бар тауқыметке [illegible] бақ, жігіттер. – деп дем беретін.

[illegible] кідік жүзбасыларға да ақыл қосады. Омбыда оқып жүргенде [illegible] бар, өз тәжірибесінен түйгені бар, соны құлақ қағыс қылады.

Қоқандықтардың қару-жарағы басым екенін көріп жүрміз. [illegible] темір сауыт, дулыға кигендер. Садақка қоса күлдір мамай, [illegible]дары да баршылық. Қарында темір қалқан, семсерлерінің жүзі [illegible] құрыш... Демек, түзем құрған бетпе-бетте бізді шығынға [illegible]ратуы айдай анық.

Сондық, тұтқиылдан тиіп, қапыда соқтыққан жөн. Құйындай [illegible] жайпап өтеміз де, қоян қолтық араласпай қарамызды үзіп кете [illegible]міз. Ол үшін үнемі іздерін аңдып отыру қажет. Қорғандарынан [illegible] бергенде-ақ, қарасынан көз айырмаған жөн. Ол үшін кежеуілде [illegible]ретін топ сай болсын. Кіл жүйрік атты шағын барлаушы жасақ. [illegible] жүрісінің бар жүрісін бақылап, негізгі қосынға хабар жеткізетін [illegible]лар. Дұшпан қолынан нақты мәлімет алып отырсақ, ұрыстың [illegible]сын құру да оңайға түспек. – деп насихат айтар еді.

Құр айтып қана қоймай, өзі де барлаушы топты бастап жер шолып, [illegible] қарасын аңдып жүруді дағдыға айналдырған. Ырысбикені тәу [illegible]ген сол бір күні де, төңіректі кежеуілдеп келе жатқан болатын... [illegible]орықта жүрсе де жастардың аты жас қой. Үнемі қатер үстінде ажалға [illegible]уікеніп жүрсе де, көңіл шіркін ермек, жұбаныш іздейді. Жұбаныштың [illegible]ресі ән ғой. Елсізде жортқанда дәйім әнге басушы еді.

Жетектерінде бір-бір сәйгүлік, қару-жарақ сақадай сай, кіл - мен [illegible]лайын сен тұр - дегізгендей ірікті жігіттер сар желдіріп келе жатқан. Бұлар Нияз баулыған азаматтар еді. Өрімдей жас та болса, бірер [illegible]ды шайқасты көріп едәуір ысылып қалған сарбаздар. Ішінде, ағыза [illegible]шауып келе жатып жетім құмалақты найзамен түйрейтінептілер, [illegible]рзісін ұршықша үйіріп, атын шыр көбелек айналдыра, бірер [illegible]арсыласқа бой бермейтін қайраттылар бар болатын. Қос серіні [illegible]рдей тұтқан бұл сарбаздар, от пен судан да тайынбас еді.

Дұшпанды көздеп жүрсе де Нияз бар дауысымен әнге басып [illegible]леді. Неден қаймықсын? Тақымындағы сәйгүліктер ұшқыр, [illegible]етектегі аттар тың, зәуі-сайтан күші басым жауға тап болса, еркін [illegible]ұтылатындарына сенімді-ақ. Біреуден қаупайламақ түгілі, қайта [illegible]зденіп келе жатқан түрлері бар. Дұшпанның шағын күші кездессе, [illegible]здері соқтығып ықтырып жібереріне сенімдері кәміл. Алда-жалда [illegible]самсаған сары қолға тап болса, қаша ұрыс салмақ. Жер бедері қашып [illegible]ұтылуға қолайлы-ақ. Айнала төңірек бұйраттана созылып жатқан

шағыл-шағыл еспе құм. Шағыл қойнауы арбия біткен сексеуіл сексеуілмен жарыса өскен торанғыл мен карабарақ.

Әйтсе де сақтық керек. Өзі сакка құдай жақ демекші, жігіттердің құлағы әнде болғанымен назары төніректе. Қара-құра көзге шалынбаса ма екен деп, айналаны кадағалауда... Сөйтіп жүргенде Бозшұбар окыранып құлағын қайшылана қалғаны. Әккі жануар тегіннен тегін ондай белгі бермеуші еді. Сегіз тізгін тартып, - токтай кал! – деген ой камшысын шошайтты. Нияздың такымындағы торы ат та бастан кекжеңеткізе құлағын тіге калыпты. Бұл да жорыкка көп міндетті күлік кой, сезімталдығы әлемет. Әнін күрт үзген Нияз:

- Уа, мынау жануар не көрді? – деп бұл да тізгін тартты.

Жігіттер құлақ түрісіп алаңдай калды. Маңай тып-тыныш сияқты шағыл асып зымырай кашкан косаяктан өзге тірлік белгісі болсайшы.

Бірақ, аттар тегіннен тегін сезіктенбесі анық. Осы күдік көп ұзамай ак шынға айналды да. Әлгіндей болған жок, күнгей жак кыркадан көлеп етіп бір салт атты шыға келсін. Баран атты әлдекім айғай салып далактап шауып келеді. Жалаң бас, шапанының екі етегі делегейлеп жайылған сыкпытына караганда, жасанған жауға ұксай коймайды.

Дегенмен, сақтық керек. Бұның соңын ала жасанған жасақ каптағайлап шыға келмесіне кім кепіл... Бұндайда сенімді кару салып кой. Окты жаудырып жіберіп дұшпанның бетін жаскандыруға колайлы-ак. Кейінгісін ұрыс тәсілі біледі. Жау карасы мол болса,кана ұрыс салған жөн. Өздері сиякты шолғыншы топка кезіксе, кой колтык соғыска да әзір жігіттер.

Алайда, баран атты жалғыз болып шыкты. Атын ак көбікке малшындырып келіп тізгін тартты. Такымындағы қызып келген жануар байыз таба алмай басын шұлғи тастап, көлбек кағуда. Үстіндегісі бозбала екен, жасы он алтыдан аса коймаған болар. Қалкаң құлақ, май мұрын құбакан ұлдың өні түтігіп кеткен, бір жак беті каткан кан. Иініндегі шекпені дал-дұл, теперіш көріп келгені көрініп-ак тұр. Айғайлай-айғайлай дауысы әбден карлығып та кетіпті. Онысын елемей салған жерден сөйлей кетті.

- Ағатайлар, армысыз! Құткарыңдар, бауырларым! Көшіміз тоналды, сонау кырдың арғы жағында дұшпан ит тонап жатыр. Кіл каракшылар. Әрең кутылып сытылып шыкан түрім ғой. Әндеріңді кұлағым шалып калып, аттың басын осы жакка бұрғаным. Құдай жіберген шығар өздеріңді жәрдемге. Құткар, ағатайлар! – деп ал кеп бастырмалатсын.

Бозбаска жакынырак тұрған Нияз: - Кімнің көші еді? Қай елсің? Шапкан дұшпан кім, Коканның ләшкарлары ма? – деп жөн сұрады.

- Жауғашты боламыз. Елгүн мырзаның ауылы. Әлгі найсаптар Коканға ұксамайды. Киімдері де кару-жарағы да ала-кұла. – бозбас ентіккен калпы мән-жайды асыға ұктырып жатыр. – Түйлерімізге

[illegible] пен аттарымызды сыпырып-сиырып алды. Торт-бес [illegible] қыркынды да өңгеріп әкетпек. Мырзаның қызы да ішінде... Найза [illegible] ер-азамат көрінесің, құтқарыңдар, ағатайлар. Әпкеті [illegible] тастарымызды! – зар қаққан бозбас сөз аяғында солқылдап [illegible] та жіберді.

Құба баланың аянашты сүдіне көңілі қобалжыған Нияз, Сегізге [illegible] тастап қойды. - Бұ сорақылыкка не қылсақ рауа? – дегендей.

Тіле жылаған бозбаска қабақ шыта карап тұрған Сегіз күрсініп [illegible]: - Нияз-еке, екеуіміздің мандайымызга Жауғаштыны [illegible] қарақшылардан құтқару деген жазылып қойған болар. Көре тұра [illegible] шыдаймыз? Кеттік олай болса! – деп жігіттерге ым қақты.

Келсең кел!- деп өздері ізденіп тұрған үзеңгілестері екі [illegible] қызсын ба. Аттарын тебініп қалып қос серіге ере берді шағын [illegible]сақ. Жолай әлгі бозбас бар білгенін дәттеп те үлгерді. Өз ныспысы [illegible]ркын екен. Елгұн мырзаның аталас жақыны болып шықты... Нияздың – Елдің жігіттері қайрат қылмады ма? Қарақшылардың саны [illegible] еді соншама? – деген сұрағына, көрген-білгенін баян қылды.

- Сан мөлшерін бажайлап үлгіргем де жоқ. Жиырмадан аса қояр [illegible] екен. Бізді алдап соқты ғой кәззаптар. Бейбітсіп келіп, жөн [illegible]ұрасқан болып тарпа бассалғаны. Әйтпесе өзімізде де жігіт-желең [illegible]аршылық қой. Алданып, қапыда қалдық аңқау басымыз. Ес [illegible]ығызбастан жігіттерімізді аттан аударып тастағаны.

Ендігі ұзай қоймаған болар. Дәл үстінен түсерміз. Ұзаған күнде де [illegible]ұмда ізі сайрап жатпай ма. Сіздей жасанған сарбаздарға тұрыстық [illegible]еру қайда қуарғырларға! Тек сәтін салғай жасаған ием. – деп сөз [illegible]ағында жігіттерге өзінше көпшік тастап та қойды.

Жарқынның долбары дұрысқа шықты. Жол торушылар ұзай [illegible]ймаған екен. Көлбей созылған дөңнің етегімен тізбектеле созылып [illegible]арады. Олжа аттарды жетекке алып, үздік-создық бара жатыр. Жүрістері жайбарақат, жағасы жайлауда, қуғын болар-ау деген еш [illegible]үдігі жоқ сияқты. Үкілері бұлғаңдаған төртті-бесті қыздар да көрінді [illegible]оғыр ішінде.

- Сол, солар! – үзеңгіде көтеріле үңілген Жарқын өз ауылының [illegible]бойжеткендерін шырамыта қалды.

Жау қарасы көрінген соң Сегіздің жігіттері аспай-саспай [illegible]кимылдады. Алдымен жетектегі тың аттарға мініп алысты да, шап [illegible]айылын берік тартып қаруларын оңтайлады. Сайланып болған соң [illegible]шабуыл айласын ақылдасты. Садақ атуға реті келемейді, себебі [illegible]аңғырған оқ тұтқын қыздарға қадалуы мүмкін. Сондық, [illegible]қарақшылардың өз айласын өздеріне қолданбақ болысты.

Ә дегеннен үркітпей, бейбіт жүрген жолаушылар сияқтанып, [illegible]жақындаған соң ғана тарпа бас салмақ болып ұйғарысқан... Осы

жоспарлары іске асты да. Бұларды көрген жау окшырая қарап [illegible] тұрған. Жігіттер болса найзаларын төмен тұқырта, еш жат [illegible] білдірмей бөрі бүлкекпен жақындай берді. Аркан бойы ғана [illegible] Сегіз бен Нияз алға шыға – Абылайлап! – лап қойды. Өз жігіттеріне [illegible] бере, жүректерін орныктыра алдымен өздері соктыкты жауға. Ай[illegible] ию-кию арпалыс болды да кетті. Төрт-бес дұшпан аттан катар[illegible] түскесін, қалғандары екпінге шыдай алмай ығыса жөнелсін... [illegible] керуенді тонайтын ұры-кары атаулы, табандаскан соғыска осал [illegible] әдетте. Ыскаяк, эккі сарбаздарға кезіксе коян колтык ұрыстан [illegible] шығуға бейім... Бұл сапар да дәл солай болды. Саны басым бол[illegible] тұрыстық бере алмай, бас сауғалады. Ығыспағанда қайтсын, [illegible] өжеттерін кос сері найзамен бүктеп түсіріп тастаған соң.

Айдап әкеткен олжа аттар да, кыздар да жайына калып [illegible] тыракай безе жөнелді өңкей кәззап. Сегіздің жігіттері кашкындар[illegible] куып электенген жок. Садактың оғын жаудыра ұзатып салды [illegible] колды болған шүйкебастарды ертіп тоналған керуенге карай [illegible] түзеді. Қашык емес, бір белестің арғы бетінде екен.

Көш иелері кыздарды көріп, өлгендері тіріліп келгендей-ак ал[illegible] улап-шуласын. Аттар да түгел кайтты, сәулімдер де дін аман... Ауы[illegible] иесі Елғұн мырза, жалпак бет, сокталы, төртбак келген отағасы екен. Сегізді құшағына көміп:

- Дән разымын, батыр! Өз кызым Ырысбике, інімнің кы[illegible] Ырысалды кетіп еді тұткындардың ішінде. Намысты жібермедің [illegible] есемізді кайтардың не кылса да. Ғұмыр бакы карыздармы[illegible] Қалағаныңды атай бер, жаркыным. – деп ағынан жарылған.

Бәйбішелер де жылап-сыктап алғысын жаудырып жатыр... Мырза [illegible] едәуір аукатты кісі болса керек, көш сән-салтанатты екен. Кәтеш[illegible] нарлардың мойыны мен бастарындағы жібек шашакты асмалдыктары [illegible] көз куантады. Атандардын жазыларын айналдыра ою-өрнекті жаба[illegible] көмкеріпті. Кілем-кілшемен жабылмаған ойсыл кара түлігі жокка [illegible] десе де болғандай.

Байлығына шүлендігі де сай екен Елғұнның. Халайык тегіннен [illegible] –мырза- деп дәріптемесе керек. Алды кең жомарт болмаса, төре тұкымы емес, карадан шыкканға ондай атак кайда. Сол жерде-ак бір [illegible] шешіліп жігіттерге дәм татырды. Емізіктеген местен кымыз құйып беріп, құрт-май, ірімшік, жентті дастарханға жал кылып төге күтті. Ауылға шакырып конак та кылмак болды, бір-бір сәйгүлік, тай тұяк жамбы да ұсынып еді, бірак бар сый-сияпаттан бас тартты серілер.

- Дүния жиып жүрген пенде емеспіз, бай-еке. Елдің алғысын алсак болғаны да. Одан артык тарту-таралғыны дәметпейміз. – деп көп бөгелмей атка конды Сегіздің сарбаздары.

Елғұн серіні өзі аттандырып: - Таң-тамаша калғаным бар, шынымды айтсам. – деген сөзбен Сегіздің жігіттеріне назар кыдыртып өтті.

Анау қаракшылар шеттерінен еңгезердей, тіс қаққан сақа [illegible] еді, түрлерінен жан шошырлық. Мына сарбаздарың болса әрі [illegible] кескендей жап-жас, әрі жұдырықтай ғана шағын бітімді [illegible]. Қайтып қана анау кіл ыскаяқ баскесерлерді жер [illegible]ыңдар мына түрлеріңмен? Соған қайранмын, илансаң. – деп [illegible] тастап, басын шайкай берді.

[illegible]ының таңыркаған сықпытына езу тарткан Сегіз: - Бұл жұмбақтың [illegible] оңай ғой, мырза-еке. Жұдырықтай тұрымтай қопакардай [illegible]ешеше парапар ма? Қанын торсыққа құйып алған жауынгер қалай, [illegible] кошке тырнағын батырған арамза қалай? - Қылышты қоркақты [illegible]ы өжет соғып алыпты- деген бар емес пе. Соның кебі дағы.

[illegible] үсті соғыс пен сайыс дегеніміз күрес емес қой. Бұнда әдіс пен [illegible] кажет алдымен. Қаруды еркін меңгерген шынашактай жігіт [illegible]ысып асырса, түйе палуанды аттан аударып тастайды. – деп [illegible]ыстасып, өз жігіттеріне көз қысып қойған.

Дәл осы мезет өзіне тесіле карап тұрған бойжеткенді байкап [illegible]ы болар ма. Өздері құткарған қыздардың біреуі. Нәркес көзді, [illegible] кас, дөңгелек бетті караторының әрлісі. Сымбатты бойы кыска [illegible] емес, ұзын да емес, сымға тартқандай тіп – тік. Серінің назарына [illegible]кенін сезе койып, ду ете қызарды да көзін әкете берді. Сегіз болса, [illegible] сәт кана назар токыратты да, өз жөнімен жүре берген. Макпалдан [illegible]нін шөпжелке атаулыны көзге ілсін бе. – Бұ кайсы болды екен, Ырысбикесі ме, Ырысалдысы ма? – деген сауал санасында көлеңетіп, [illegible], -әй, бірак маған не керегі бар еді сонысының. Әйтеуір [illegible]ыгаштының бір баласы шығар. Марқұм Макпалдың сіңілілерін азат [illegible]сем болғаны да. – деп өзін өзі жұбаткан.

Бұл окиғадан соң, көп ұзамай-ак осы сәулімді ғұмырлық жар ететінін [illegible]ыдан білсін... Отау құру, үйлену деген аяк астынан ойда жокта болды-[illegible]у. Оған жеткізген ел жактан келген оң хабар ғой алдымен. Хабарды [illegible]келген өзге емес туған бауыры Қуаныш болатын. Сонау теріскейдегі [illegible]ту Қызыл жар өңірінен іздеп келмесі бар ма. Үйден ұзап шығып [illegible]ормеген, бір әулеттің еркелеткен кенжесі мұндай шетін сапарға [illegible]ығады-ау деп кім ойлаған. Сайын сахарада жалғыз жолаушы түгілі, [illegible]руендер тонауға ұшыраған алмағайып кез. Хан Кененің төленгітерінің, [illegible]ия болмаса Қоканның салық жинаушыларының тонын жамылып жол [illegible]орыған каракшылар құжынап жүр дерсің. Сөйткен кауіптен сескенбей, [illegible]асын катерге тігіп жеткен қайран бауырды айтсаншы.

Елғұн мырзаны құткару шайқасынан бірер ай өткен кез. Қарашакауыстың сұрғылт күні. Сыр өлкесінде кар әлі жауа коймаса да, [illegible]ызғырык жел ыпынды кетіреді-ак. Темірдей қарыған кара суық бойды [illegible]үрістіре, бүрсең кактырады.

Қоканның жасағымен катты бір кактығыстан соң Нияз екеуі [illegible]ынығып жаткан. Екеуі де жаралы. Сегіздің сол жак тізесіне садак

оғы тиген, Нияздың оң жақ бұғанасы сынған. Жанғожа батырдың қосынында қолы епсекті тәуіп бартын, сол ем-дом жасаған болатын. Тәуіп болғанда қолы жеңіл, шебер сынықшы екен. Нияздың бұғанасын сипап отырып қалпына келтірді де, таңып тастап:

- Бір ай бойына бұл иығыңа еш күш салма. Қинама да қозғама да. Бір айсыз бітпейді опырылған сүйек. – деп қатты ескертті.

Емі ұзаққа кеткенімен Нияздың жарасы пәлендей ауыр емес болып шықты. Оған қарағанда Сегіздің жарақатының емі қиынға түскен. Әуелім болат жебенің ұшы қылтаның сіңірін қиып жіберіпті. Сіңірді тігіп берген шипагер:

- Жазылуын жазылар, әйтсе де бұрыңғыдай болмас. Сол жақ аяғынды сылтып басарсың ендігі. – деп құлақ қағыс қылған.

Оқ тигелі бірнеше күн Сегіз қатты науқастанып жатып қалған еді. Біресе дене қызуы асқынып, біресе тоңази қалшылдай дірілдеп, жаман қиналды. Баз-базда есінен тана сандырақтап та кетеді.

Сегіздің тамырын ұстай, бір талай үнсіз ойлана отырған тәуіп: - Жебенің тобыршығын улапты дұшпандар. Сол удың кесірі. Бұ сарттар неше алуан уды қолдануға шебер. Жебенің, найзаның ұшын уға малып қоятын тәсілдері бар. Не бір зіңгіттей жігіттер өліп те жатады ондай удан. Әлжуаздар табанда мұрттай ұшады. Серінің бойына тарап кеткен екен, аман қалуы екі талай. – деп досын күтіп бағып отырған Нияздың үрейін ұшырған.

Деуін десе де, - Үмітсіз шайтан демекші, ұнжырғаң түспесін, бауырым. Білген ем-домымды жасап көрейін. Мауыздай азамат көрінеді, бәлкім төзіп те берер удың зардабына. – деп емге кірісті.

Емнің түрі – шөптерді қайнатып ішкізу. Не бір шөптің қасиетін біледі екен қасқаң. Алуан түрлі тұнбаларды қайнатып ішкізе берді. Бір апта арпалысты ғой меңдеп кеткен дертпен.

- Әй, болмас. Уға мықтылық жоқ қой, құрғақ күшке бола қоятын. Қанша жерде атпалдай азамат болса да, бойға тарап кеткен науқаска дәру болмас ендігі. – деп түңілген сәті де болды.

Нияз ішінен: - Досымның сүйегі Қызыл құм өлкесінде қалғаны ма шынымен? Өз жеріміздің топырағы бұйрмағаны ма? Ертең елдің бетін қайтып көремін, олай болса. Сопиып елге соқа басым оралғанша, жан досыммен бірге мерт болсам етті. Енді қайттым? - деп лажы да құрыған.

Бірақ, татар дәмі бар екен Сегіздің. Асылы, сегіз деген сан өзінс жақса да керек. Қолдайтын пірі мәнзелдес. Дәл жеті күн қызуы ұлғайып сандырақтап жатып, сегізінші күннің таңы атқанда ал кеп ағыл-тегіл терлесін. Кәдуілгідей арасанға түскен сияқты, қара терге малшынды да қалды. Күн арқан бойы көтеріле есін де жиды. Ниязды танып:

- Беу, бауырым, көзің бұлаудай ғой, жылағанның қай жағысың? Жігіт басыңмен бұл не сұмдық? Иығың солқылдап шыдатпай бара ма

алде? Көкнәрді шайнап көр, ауырсынғаның басылар ма екен. – деп тіл катканы.

Өзі әл үстінде жатса да, досына жаны ашыған түрі ғой. Жеті күн, жеті түн Нияз касында кірпік какпастан отырғанын кайдан білсін.

Тілге келгенін көрген тәуіп жалма жан тамырын ұстай алған. Көзін жұма, тас болып катып калып, үн түнсіз кан лүпілін бакылауда. Тастан соккан бәдізге ұксап, ширек сағаттай мелшиіп отырып алсын. Бір кезде ұйкыдан оянғандай-ак кенет селт етіп:

- Бір ажалдан калдың, інішек, енді кауіп жок. Бетің оңға карады не кылса да. Дерттің уыты кара термен шыкса керек. – деп өңі жыли тіл катты. Ойға және шомып сәл бөгелген соң, - әйтсе де ендігі сак болғайсың. Бойыңа жел карысып суык тисе, наукасың мендеп кетер. У дегеннің кесірі жаман болатын. Бойға бір жабысса желімнен бетер. Нәлен жыл өткен соң да бой көрсетуі ғажап емес. Сондык, бойыңды күтіп сактанып жүр. Алда жалда суык тиіп дене кызуың көтеріліп кетсе, үзіліп кетуің де заматта-ак. Бок басында өлесің де кетесің. Ескертерім осы-ак. – деп сөзін түйген.

Мәймөңкелемей, бет-жүзге карамай турасын айтты. Алдағы кауіпті де жасырған жок, сонымен катар дем бере, көңілді орныктыра сөйледі... Ауызы дуалы кісі екен жарыктык, болжалы айнымай келді.

Сегіз күн санап оңала бастады. Наукаска шалдыккалы катты жүдеген болатын. – Ат арыса тулак, ер арыса аруак. – дегеннің кебі келіп, саудыраған сүйегі ғана калған. Бойдағы бұла күш кетіп, колды ірең көтерерліктей халге келмесі бар ма... Бірак бұл арыктығы – таза ірык екен. Қызуы кайтып есі кірген соң, асқа заукы сокты. Ас-аукат деген адамның аркауы ғой, сорпа-суан өзекке түскен соң-ак, күш-куат та біртін-біртін калпына келе бастады.

Сол бір киналып жүрген мезгілде Жанғожа батырдың жәрдемін көп көріп еді кос сері. Қалткысыз жанашырлығы жарк беріп көрініс бергені. Күтіп-бағуғаептейлі жігіттерді жіберіп, сойыска үнемі кысырдың тайын жыккызған. Не керек, бап пен күтімде кемшілік болған емес.

Жанғожаның жан жакка жіберген тыңшылары болушы еді. Ел ішіндегі кыбыр-жыбырды, дұшпан жактың жоспарын жеткізіп тұратын жансыздары рәуіштес. Оның үстіне казактың ұзынкұлағы да әрбір хабар-ошарды жеткізуге жүйрік. Әсіресе атағы шыккан, ел ауызына ілінген кісіге байланысты жаңалык болса, кауға тиген өрттей-ак ілезде жайылар еді. Сондай бір хабарды шолғыншы жігіттер әкелмесі бар ма.

- Сегізді ағайындары іздеп, сұрау салып келе жаткан көрінеді. Екі жігіт, беттері осы жак, жүрістері суыт. Сонау Аркадан сапар шексе керек. – деп кұлак кағыс кылғандары.

Нияз екеуі бұл хабарға аң-таң калысты. Іздеушілердің түр сипаттарын сұраса, сөз әкелген жігіттер мардымды жауап бере

алмады. Өздері көрген жоқ екен, біреуден естіген хабар. Бірақ, әншейін алып қашты сөз емес, анық мәлімет. Себебі, жеткізгендер қысыр кеңеске жоқ, орнықты жігіттер болатын.

- Бұ кім екен іздеп шыққан? Мына алмағайып заманда, анандай қатерлі сапарға бел байлайтындар кем де кем-ау. Себепсіз жүрек қоюшы ма еді, кім болса да. Бір салмақты сөзді әкеле жатқандары анық. Олай болса, бұл не хабар болды екен? – деген сауалға Сегіздер жауап таба алмай әлек.

Бұл жұмбақтың шешуі көп күттірген де жоқ. Хабар келгелі екі-үш күн өтті ме екен, кіші бесін әлетінде күтуші жігіт ентігіп келіп үйге бас сұғып:.

- Кермеге екі жолаушы ат байлап жатыр. Жетекте екі-екіден қосар аттары бар, ұзақ жолдан келгенге ұқсайды. – деп бастырмалатты.

Сегіз домбыра тыңқылдатып жамбастап жатқан еді, көңілі әлденені сезгендей алағызып ал кеп жүрек соқсын. Нияз екеуі өзара көз тастасып жалт қарасып еді, сырттан – сөйлес! – деген дауыс саңқ етсін.

Бұл дауысты Сегіз мың кісінің ішінен жазбай таныр еді. Бала кезінен құлаққа мәңгі ұмыта алмастай, әбден сіңісті болған бауырының үні емес пе?

- Қуаныш қой мынау! О тоба, қайдан жүр бұл бала? – деген сөзбен орнынан ұмтыла тұрып сыртқа беттеді.

Дерттен толық айыға қоймаған кез, бойда бұрыңғыдай ширақтық жоқ, сол жақ тізесі ісіңкіреген қалпы сылти басады. Тас қылып таңып тастаған иығына шапан жамылып, Нияз ілесті.

Сықырлауықты ашып тысқа шыға беріп еді, дәл есік алдында екі жігіт тұр. Алдыңғысы көзге оттай басылды. Дауысын жазбай танып ты, Қуаныштың дәл өзі екен. Басында жалбағай, иінінде шұбатылған кебентай, белін бекем қылып буып алған, үсті-басы қалың шаң. Жол азабын молынан кешіп келген кісінің кейіпі бар. Оны Сегіз салған жерден-ақ аңғарды. Өзі де ұзақ сонар жортуылды көп көрген кісі, жолаушының аһуалын қайтып танымас. Үсті-басы, киім киісі өз алдына, тәу көрген сәтте-ақ бауырының өң ажары таң қалдырды. Бір кездегі өзі көрген ұяң бозбас емес, нағыз азамат болып қалыптасыпты інісі. Бойы да өскен, бітімі де балғын тартқан. Мұрты ұзара қоюланып, иегі сомдалып, бет-бедері айқындалып қас-қабағы қалыңдапты. Келбетінің жалпы көрінісі ересек тартқан. Нағыз ер жігітке лайық пішін бар. Маңдайынан күн өткен ұзақ жолдың әсерінен беті әбден қарая тотығып, ерні жарылып қалпты.

Сегіздің де кескіні өзгеріп кетсе керек, тәу көрген сәтте Қуаныш сәл-пәл аңырып та қалды. Алайда есін тез жиып, есі шыға қуанғанын жасыра алмай, ағасын бассалып құшақтай алды... Бұндайда сөздің қажеті жоқ қой, шынайы сағыныш сөзді қайтсын. Қос ағайын елжіреп құшақтасқан қалпы, тас болып қатты да қалды. Үлкен болып Сегіздің

ауызына сөз түссейші. Жасықтық танытпайын, ініге теріс үлгі болар деп, көзіне жас алған жоқ әйтеуір. Сонысына да тәубә.

Құшақ айқастыра канша тұрары белгісіз, елжірей табыскан ағайындарды Нияз айырмаса.

- Жә-жә, болар енді! Былайғы жұртқа да кезек беріңдер, оу туғандар. Біз де көріспейміз бе? Біз де бөтен емес едік қой. – деп күліп, Сегіді қарынан ұстай алды.

Құшағын босатқан сері Қуаныштың серігіне енді назар аударды. Аударуы мұң еді, және бір таңырқауына тура келді:

- Мәссаған, безгелдек! Сенейін бе көзіме, шынымен-ақ Әгілмісің? деген сөзбен аңырды да қалды.

Бірақ, сенбеске лаж жоқ, шынымен-ақ екі езуін жия алмай тұрған Қуаныштың серігі Әгіл екен. Бұның да өңін жел мен күн сүйіп, әбден қошқыл қылып жіберген. Жер түбінен жол азабын тартып келгені жүдеген кеспірінен аңғарылып-ақ тұр. Оны елейтін жігіт жоқ, жайраң қағып:

- Армысың, бауырым! – деген сөзбен құшағын жая берді.

Бұлардың аман-есен жеткендеріне жүрегі жарылардай қуанды Сегіздер. Құдды бір қастарына өз елі көшіп келгендей болар ма. Қуанышты көріп сонау туған жер, бетегелі белдер, шалқар көл, ақ қайыңды, қарағайлы орманды елестеткендей болды... Мына аптабы күйдірген, кіл еспе құмды өлкеге Арқаның самалын алып келгендей болды Қуаныш пен Әгіл.

Жолаушылар жайғасып, сусынға қанып желпінісіп алған соң, Қуаныш іздеп келген жөндірін тәптіштеп дәттеді. Дауысы да жуандап қалған екен, сөз саптасы да кешегі қызойнақ аңдыған бозбастай емес, байсалды шықты.

- Ел аман, жұрт тыныш, құдайға шүкір. Бар ағайын сәлем жолдап жатыр. – деп бастады да, аз бөгеліп ұзақ сонар әңгімеге кірісті.

- Әкелгеніміз оң хабар, ағалар. Елге қайтуға жол ашық сіздерге. Қауіп-катер жоқ. Үй іші, ағайын келесі тағатсыздана күтіп қалды. - Дені-қары сау болса, еш бөгелместен елге жетсін. - деп сәлем жолдады үлкендер. Ұстатқан сөздері осы.

Аптықпай, әр сөзін баптай, сүзіп сөйлеген Қуаныш, осы тұста қос серіге мағыналы бір көз тастап қойды. – Жол ашық. – деген сөздің мәнін енді ұқтырамын, әншейін бос сөз емес дегендей-ақ. Алдындағы сырлы аяқ шұбаттан ұрттап қойып, кеңесін тарата түсті.

- Қауіп жоқ деген сөздің жөн-жосығы былай, ағайын. Өздерің бір кезде тұтқыннан босатқан Яшка Головин елге аман есен жетеді керуенмен. Оны өлдіге санаған ұлықтар асқан құрметпен күтіп алады. Дәрежесін, шенін өсіріп марапаттаса керек. Сол Яшка ес жиып етек жапқан соң, басшыларын қайтып қалай құтылғанын баян қылады.

- Мені тұтқыннан сатып алып құткарған осы елдің жігітері Сегіз[illegible] Нияз. Солар болмаса сүйегім ендігі курап та калар ма еді, кайтер е[illegible] дей келе, өтінішін де білдіреді ұлыкка. – Мен десеңдер, сол екі жі[illegible] бар күнәсін кешіндер. Бізбен кезінде соғысса да Ресей үкіметіне кас[illegible] жок. Орыс офицерін құлдыктан құткарғаны үшін бар айып-ки[illegible] кешіп, кеңшілік жасасаңыздар макұл болар еді. Бұл әрекетіні[illegible] ал[illegible] казакты ойландырар әлі-ак. Орыс атаулыға жәрдем кылса, үкіметт[illegible] кабағына ілінерін ел түйсіне берсін. Оң үлгі болар еді, бұл сы[illegible] пейіліңіз... Ол жігіттер көптің бірі де емес. Ел кадірлеген сері, [illegible] өнерпаз. Қазак бұларды хан көтере құрметтейді, жастар үлгі көреді.

Қайда жүрсе де кадірлі екен бұлар. Сонау Қоканның шаһарын[illegible] аңыратып емін-еркін ән салып жүрді. Казак бұларды сыйлаған [illegible] Кокандыктар да тәк дей алмайды. Сондык, кызметтерін ескер[illegible] мейірім танытсаңыз казак ішінде беделіміз артпак. – деп ұлыкка бі[illegible] талай дәлел келтірсе керек.

Әйтеуір не кылса да ұлыкты көндіреді. Мөр басылған бұйры[illegible] шығарып, сол кағазымен біздің ауылға да жеткен Яшка. Аксакалдар[illegible] бұйрыкты табыс етіп, мән-жайды ұктырады. Біздің жак бастапкы[illegible] илана коймай, - құрған канды какпаны болмағай. Орыстан жолдасы[illegible] болса, койынында кайраулы кара балтаң болсын деген бар емес пе[illegible] деген күдікпен әлгі құжатты Шыңғыс төреге апарып көрсетеді[illegible] Шыңғыс барған кісімізге:

- Бұл істен хабардармын. Өзім де сіздерге хабар-ощар жіберіп жүр едім, жаксы келдіңдер. – деп райлана жауаптасып, естіген білгенін баян кылады.

- Омбыда болып едім, Головиннің хикаятына каныкпын. Өзімен де тілдескем. Танымастай өзгеріпті мұндар саппас. Бір кезде казакы[illegible] өлердей өштердің бірі еді, мүләйімси калыпты ит неме. Сірә тағдырдың тәлкегіне оңбай ұшыраған болар. Жуасып тәубесіне келіпті не кылса да... Анау табыс еткен мөрлі кағазы шын. Енді еш кауіп жок Сегіздерге. Онысына үкімет өкілі ретінде мына мен де кепіл. Серілерге сәлем жолдаңдар, еш алаңсыз елге жетсін. Анау кашкын жігіт Әгілдің де ісі де ұмыт болған. Өлдіге санап санаттан шығарып тастаған абактының кызметкерлері. Қазак ішіне сіңіп кеткен соң, кайтып тапсын? Соған көздері жеткен ғой сірә. Сондык, сол ноғай жігіт те елге келіп, каупайламай-ак тұра берсін. Керейдің бір баласы болып жүре берер. – деп кеңесін тұжырыпты.

Сөйтіп не керек, алдымен Қарауылға барып Әгілді елге алдырдык. Бұл да жай жатпапты. Атығай-Қарауыл Кенесарыға ерді ғой. Бірталай жігіттері жорыкка катысса да керек. Соларға ілесіп Әгіл де кетіпті. Жортуылды да көрген. Төрелер Аркадан жылыстауға айналғанда ғана жігіттердің біразы елді-жерді кимай, ермей калады. Солармен бірге

[illegible] ке қайтып келіпті. Елге оралып құдалардың ауылында тұрып [illegible] екен. Жорыққа бірге қатысқан азаматтар бұны сыйлап: - [illegible] азаматысың, бөтендігің жоқ. Сөз басылғанша боласың [illegible]. Қатын әпереміз, жан жанданып, мал малданып кетерсің [illegible] деп жібермей жүрсе керек.

Екінісса, сөйтіп Әгілмен табысып елге келдік. Енді сіздерге хабар [illegible] керек қой. Ұзынқұлақтан естігеніміз бар, Сыр бойында жүр [illegible] екеуіңді. Мақпал қызға ғашық болғаның, Жабы батырмен [illegible]ның да елге жетіп жатты еміс-еміс. Тіпті керуенмен келген [illegible] жігіттер Сегіз-Мақпал деген дастанды да жырлап берген. Өзі [illegible] нұсқасы бар екен. Біреуінде тіпті Сегіз Сыр бойының тумасы [illegible] де сөз бар. Құдай-ау, бұ қай Сегіз екен, бәлкім сол жақта да [illegible] атанып жүрген өнерпаз бір шығар. – деп біз дал боламыз.

Осыған тоқтайық десек, әлгі жырау жігіт- қасында Нияз деген досы [illegible] тақымындағы аты Бозшұбар – дегенде, және таң-тамаша боламыз. [illegible]сы-жайсаңды әр ел өзіне тартатын әдеті ғой, біздің Сегізді де өзіне [illegible]ндатып тартқан болар Сыр елі. Оқасы жоқ, бір қазақтың баласы [illegible]сіз бе, жақсы ортақ демекші. – деген байлауға тоқырадық ақыры.

Жай-жапсар осы, ағалар. Ер туған жеріне демекші, кіндік қан [illegible]ан жер күтуде өздеріңді. Өкше көтеріп туу Сарыарқаға жөн [illegible]уге тура келеді. Үлкендердің қолқасы, жастардың бұйымтайы [illegible]ы. – деп кеңесін түйді Қуаныш.

Бұл хабар қос серіні әрі таң қалдырды, әрі қуантты. Елді жуық [illegible] көреміз-ау деген жоспардан мүлде аулақ еді. Үміттері [illegible]сілмегенімен, ондай мүмкіндік туа қалады-ау деген ой қаперге еш [illegible]мген. Головин елге аман жеткен күнде де, анандай ізгі әрекетке [illegible]ара қояды-ау деген болжамнан қашық еді серілер. Сол себептен шын [illegible]ттерімен патша жасауылына іштей алғыс та жолдаған.

Дендері сау болса, хабар жетісімен-ақ қайтпай, бірер ай бөгелер ме [illegible] Сегіздер. Бірақ, өз бойындағы дерт бар, Нияздың майып болған [illegible]ғанасы бар, осы жәйттерді ескеріп елге жүріп кетпекке бел байлады. Жаңгожаға бұл ойын естірткенде, батыр салған жерден қолдай кетіп:

- Әбден жөн, серім. Талай еңбегің сіңді осы елге. Жігіттерді де [illegible]аулыдың, ер сыналар ат бұланар майданда жаудың не бір дөйлерін мұқатып бердің. Нияз екеуіннің әншілік өнерің өз алдына бір төбе. Сарбаздар мылжаласқан соғыстан қажып келгенде, көңілдерін аулап [illegible]н-жырға ұйытқаның анау. Жан аяспай арпалысып ауыр жаралы да [illegible]олдың әнекей. Сондық рұқсат, жарқыным. - Есің барда елің тап. – [illegible]деген екен атам қазақ. Аман-есен жетулеріңе тілектеспін алдымен. Бұл бір дейік. – деп кеңесін бір қайрып еді.

Сәл ойланып қасындағы жүзбасыларға назар қыдыртты да, - одан [illegible]алды ел шетіне дейін шығарып салар бір жасақ аттандырамын. Сонау

Арқаның пұшпағына жеткенше алаңсыз жүрерсіңдер. Арқаны [illegible] Қоканның ләшкерлері тұмсық сұға алмайды. Арғы жағы [illegible] Қаңғыған бірлі жарым жолбасар ұры-карыға өздерің де төтеп [illegible] мына кіл сайыпқыран түріңмен. – деп күліп қойды да, сөзін [illegible] берді. – Ал енді және айтарым, бұл серілерімізді үнсіз-түнсіз [illegible] деген бойға мін. Бойға ғана мін болса, бір сәрі-ау. Ел атына [illegible] келмек алдымен. Нендей сұрапыл соғыс болса да, өнерпаздың [illegible] өнерпаз, сал мен сері қазағымның ардактысы қашаннан. Құрмет [illegible] жөнелтсек құтыла салғандай болармыз. Сондық, ат жетер жерге [illegible] айтып той қыламыз, ағайын. Сойысты да сусынды да көтерер мүрсін бар, құдайға шүкір. - деп кеңесін нығырта тұжырды.

Сардар ұйғарған соң, кім ши шығарып карсы келсін? Оның [illegible] дәйім жортуылда жүретін сарбаздар да қызық іздейді. Жан [illegible] хабаршы кетіп, тойға әзірлік басталды да кетті. Соған қарай [illegible] Сегіздерге бөгелуге тура келді. Бұл бір жағынан теріс де болған [illegible] Әуелім жол азабын тартып келген Қуаныш пен Әгіл аунап-қунап тынықты. Одан қалды дерттен жуырда ғана айыккан Сегіз де бірақ әлденіп қуат жиып алды. Сөйтіп жүргенде бір күні сиыр сәске әлетін [illegible] сырттан – сөйлес! – деген үн жетіп, іле үш кісі үйге кіріп келсін.

Жігіт ағасы жаска келген, салуалы азаматтар сиякты. Бетінде [illegible] мұз корасан дағы бар, кысык көз сұрша отағасын шырамыткандай болды Сегіз. - Осы кісі Жауғаштының тобында болғанға ұқсайды. Бактияр бидің касынан көрген сияктымын.- деген оймен отырғанда, әлгі отағасы осы жорамалын куаттады.

- Сегіз, бауырым, Жауғаштыдан келеміз. Сол елдің иіг жаксылары сәлем жолдап жіберді. Ныспым – Әпсемет. Бактиярдың жамағайыны боламын. – деп жөнін ұктырды алдымен.

Қасындағылар да жамырасып сәлем беріп жатыр... Желпінісін, жайғасып, сусын ауыз тиген соң, Әбсемет тамағын кенеп алып дауысын коңырлатты.

- Жаркыным, Сегіз, сенің еліне кеткелі жаткан хабарың жетті құлағымызға. Нияз екеуің жарадар болып калғаныннан да хабардармыз. Елгүн мырзаның көшін каракшылардың талан-таражына бермеген ерліктеріннен де мәлімет алдық.Ел құлағы елу емес пе, жаксы ат та, жаман ат та жаткан ба. – деп бір қайырып өз серіктеріне көз тастап койды.

Нөкерлері копаңдасып: - Е-е, дегендей, дегендей. Ұзын құлак шіркін алысты жакын кылады ғой кашаннан. – деп косамжарлана үн шығарды.

- Жаксылык кыл да суға таста, балык білмесе халык біледі. – демекші, калың құрапатың хабардар ерен кимылдарыннан, серілерім. – сөзін тірілте берген Әпсамат Сегізге назар тіктеді.

- Орағытып, құбажондатып не кылайын, ұзын сөздің кыскасы мынау, батырым. Бактияр би бастаған игі жаксылар өзіне бір

[illegible]лық әпермек. Ежелден татулығы жарасқан құдандалы ел едік, [illegible] жаңғыртпақ ниет дағы біздікі. Жауғаштыға сінірген орасан [illegible] пәлен шүйкебаска татиды дегендей. Еңбек былай тұрсын, [illegible]тар болып қаныңды да төккенсің. Осыны ескере, әрі ойлап бері [illegible]. Елгұн мырзаның қызын әпермекке ұйғарды ағайын келесі. [illegible] күткарған Ырысбике қыз дағы. Игі жақсылардың ұйғарымы осы. [illegible]мен сөзді пісіріп те қойдық. Қалың малды ел көтермек. Әйтпесе [illegible] келсе тегін бер- демекші, бір қыздың малын ауырлай қоймас [illegible]. Соған карап отырған жоқ шығар мырза басымен... Маған [illegible] жіберген сөз осы, серім. Құсыңды қолыңа қондырып ал. [illegible] әкетсең де еркің. Біздің ел әзір. - деп кенесін қорытты.

Үнсіз калуы мұң еді, кос серігі козғалақтап: - Көгілдіріңді айдынға [illegible]ырып ал, батыр-еке. Бір шүйкебастың құнына татымай ма, [illegible]кешті ерлігін? – деп бастарын шұлғысты.

Сегіз болса аң-таң. Әкеліп тұрғандары мүлде тосын сөз. Бұл [illegible]ды ұсынысты естиймін-ау деген ой, үш ұйықтаса түске кірер ме [illegible]. Қапелімде ауызына сөз түссейші. Аңырып, өз жігіттеріне қарай [illegible]ген. Қуаныш пен Әгіл өз ара көз тастасып күлім каккандары [illegible]мпаса, тіс жарар емес. Нияз ол отыр үн шығармастан. Есіткенін ой [illegible]інен өткізіп, таң-тамаша болған кейіпі бар.

Досына назар жыгуы мұң еді, ойға калды Сегіз. Өзі калыңдык [illegible]ып Ниязды бойдак калдырғаны ма сонда? Бұл калай болғаны. [illegible]сынға келмейді ғой, парыкка салсаң. Саткындыкка парапар кимыл [illegible]мей немене, әрі беріден соң... Екеуі де бойдак еді, жан аяспас дос еді, [illegible]ді Сегіздің аяғы шырмалса досының жағдайы не болмак? Араларына сыз түспей ме. Бір шөпжелкеге бола канды көйлек достың [illegible]ілін калдырғаны ма сонда?

Нияз әрине сыр бере коймас. Бұл кадамын құптар да. Әйтсе де [illegible]іл түкпірінде түйткіл калмас деймісің. Ол кейісін сөзбен білдірмес [illegible] сыпайы азамат. Қабак шытпасы былай тұрсын, куанып құттыктар [illegible]а... Бірак, шын дос айткызбай таныса керекті көңілдегіні. Айткызса [illegible]остығы кайсы? Қылдай әділетсіздікке баспаса керекті дос деген. Достык карым-катынаста тепе-теңдікті ұстанған абзал кашанда. – Шыксак төріміз, жатсак көріміз бір- деген серт кайда? Ауызбен [illegible]йтылмаса да көңілде емес пе еді. Өзім катын алып досыма кай бетіммен карамакпын сонда? Қылаусыз таза пейілге жарыкшак түсері сөзсіз. - Ер жігітке үйлену деген, аяғына салған тұсау зәліттес- деген ұғым және бар. Өз еркіммен ізденіп барып мойынымды камытка ұсынғаным ба?

Осы рәуіштес корытындыға токыраған Сегіз, Әбсаматка назар тіктеді.

- Әбеке, мына сөзіңізге бек рахмет. Ел ұйғарымына да разымын. Бағаналының игі жақсыларына дұғай сәлемімді, шексіз алғысымды

жеткізерсіз. – дей келіп сәл бөгелді де, үнін мейілінше сыпайы шығара сөйледі.

- Ләкин, таудай сыйыңызды алудың реті келе қояр ма екен. Себебі мына отырған қанды көйлек жолдасым Нияздың аяғы шырмалып [illegible] әлі. Екеуміз де үй тікпеген сүр бойдақпыз. Мен шаңырақ көтеріп, бір үзеңгілесім соқа басы сопиып қалса, бойға мін сүйекке таңба емес пе. Ер-азамат деген әуелім жора-жолдасын жарылқар болар.

Бұл бір себеп болса, қалың мал жағы және бір кедергі. Бала[illegible] өзі қыз беріп, қалыңмалды өзі көтермек пе? Қай қисынға сы[illegible] бұндай жолмен қыз алғанымды? Ертең соңымнан сөз еріп, сері[illegible] атыма мін болары хақ... Сондық, бұл батпан құйрықтан бас тарту[illegible] мәжбүрмін, Әбу-еке. – деп тұжырды.

Бұл мәнзелдес жауап естиймін-ау деп күте қоймаса керек. Әбсамат ә дегенде аңырыңқырап қалған. Әтсе де тіскаққандығына бағып, сөз ілез жиды де:

-Мақұл, сері-еке, үәжіңді орынсыз дей алмаймын, сөзің жүйелі қылса да. Осы жауабыңды бұлжытпай-ақ жеткізермін ағайын келесіне. – деп келтесінен қайырды.

Сөйтіп сол сөзбен кете барған. Сегіз болса келесі күні-ақ сегіз тарс шығарып та үлгірген бұл сұхбатты. Қуаныш мен Әгілмен әңгіме дүкен құру бар, ұзақ сапарға бар, Әбсаматтың жолыққанын заманға ұмыттыра берді. Нияз болса ол сөзге көңіл де бөлген жоқ.

- Қатын дегенің жігітке құрған қақпан десеңші. Тұтқыр сары желімдей жабысып тырп еткізбесе, маған кел! Қайдағыны көңірсіп[illegible] ау әлгі Әбсәмәт пақырың. Әкелген сөзіне болайын саппастың Үйлену, үйлі-баранды болу деген тіпті қол емес серіп[illegible] Мәймөңкелемей бетін қайтарғаның әбден мақұл. Шаруа күйгіп[illegible] малшынып жүргенің ғой боқташақтарды асырап. Үрғаным бар ондай күйбең тірлікті. Желкемнің шұқыры көрсін қатын алу дегенді Матарсың аяғымды жаман қатты! – деп жігіттерді бір күлдірген.

Қуаныш пен Әгіл: - Міне сөз, па шіркін қатырдың не қылса да' Қатын сұрап барған біреу бардай-ақ, көсілгенін айтам да сабаздың. деп қосамжарлана қостады.

Сонымен ұмыт болып еді бұл жүздесу. Алайда, жігіттер Әбсәмәт ұсынысын естен шығарғанымен, оқиға барысы сол бір күндегі келіспен аяқтала қойған жоқ. Алдымен бар сөз Жанғожа батырға жеткен екен. Әсіресе Сегіздің жауабы қаз қалпында бұлжымастан жетсе керек Әбсәмәттің қос нөкерінен өзге еш бөгде жан болған жоқ сияқты еді үй ішінде. Солар біреуге құлақ қағыс қылды ма, кім білсін, әйтеуір сардар хабардар болып шықты. Құлағы шалған соң-ақ, бұл да дереу Жауғаштыға кісі аттандырады. Ұстатқан сәлемі төмендегідей болса керек.

Бар сөзге қанықпын. Оң бастама екен, беттеріңнен жарылқасын... Сөздің жауабы да кисынды. Қанды көйлек жолдасын қайтып шоқтықпай қылсын? Өзі қалыңдық құшып, Нияздың көзін ашуландатып қойғаны ма? Қарға жүнді каттасы, үйрек жүнді оттасы емес пе, титтейінен бірге өсіп біте қайнаскан.

Сондық, сөз былай болсын. Сый қылсаң сыпыра қыл демекші, бір шоңжелке шыккан елден екіншісі де табылар. Бір көштің қызқаркынын арашалап алып қалыпты ғой серілер. Сол амандап қалған жігіттерлердің және біреуін атасаңдар етті. Кететін қызды керіп кал демекші, жауға да тегін олжа болар ұрғашы емес пе? Қалың малын ортаміз көтереміз. Жас пері кос батырымнан мал аяймын ба. Байтақ елімнің шүлен мырзалары аман болсын. – деген екен.

Бұнысы қысыр кеңес емес екенін айғақтап, іле жүз каралы құйма сұлқты Жауғаштыға айдатып та жібереді.

- Шеге ат та ішінде, өлі-тірісі де ішінде, осыған разы бол, ағайын. деп Елғұн мырзаның тура өз ауылына жеткізіпті.

Түйдегімен айдатып апарған жылқысы шетінен ажарлы мал екен. Бүрсағы құр жатпайтын мама биелер де ішінде, кол-аяғы балғадай болпалдар да, токпак жал шұбалаң құйрык құр айғырлар да ішінде, тұпа тура екі қыздың калың малы бірак барыпты... Бұл сөз бен кимыл орекеттен Сегіздер бейхабар болатын. Бір аптадай мезгіл өтті ме екен, Әбсәмәт пен кос нөкері және сау етіп келіп калсын. Қуаныштар ат сулара кетіп еді, Үйде Сегіз бе Нияз екеуі ғана отырған. Түс әлеті күн жеңкемдеу.

- Ассалаумағалейкөөм! – деп дауысын мәнерлей соза Әбсәмәт-кеңі кіріп келсін. Ізінше кос үзеңгілесі де балпаң басып ене берді. Үсті-бастары баттаскан шаң; суыт жүрсе керек, ұйқы көрмеген көздері кіртиіп кызарыңкы тартыпты. Дағдылы амандык-саулыктан соң, сөзді созбастан келген себебін паш етті.

- Уа, серім, аксакалдар алкасы жіберді, сөзді дереу жеткіз деп. Түн катып жолай еш ауылға сокпай келген бетіміз осы. – Әбсәмәт дағдысынша асыкпай, әр сөзін сүзе, баптай сөйлеп отыр.

- Жіберген сәлемдері мынау. Сардардың колкасы бар, өзіміздің үйгарғанымыз бар, тәу айтылған ұсынысымыз өзгерейін деді, жаркындарым. Сегіздің бір ауыз сөзін қайтып елеусіз калдырайык? Өзінді жарылкасак карға жүнді каттасын, жандай досын Нияздың кадірін кайтып кемітеміз. Сондық, бұл азаматка да өзіміздің ұрығымыздан бір бойжеткенді ұзатпакпыз. Елғұн мырзаның ағасының бой жетіп отырған бір іс тігері бар еді. Азан шакырып койған есім-намы – Ырысалды. Сонау бір кезде өздерің арашалған көштің ішінде о да бар. Ырысбикемен түйдей құрдас, бір жылы туған төл... Сөз осы, серілерім. Сардар бар калың малды шоғырымен

айдатып та жіберді. Қарғыбауға айғыр үйірлеп шонық атап отыр әнекей. Қос қалыңдықтың отауы, жиһаз-жасауы әзір. Қазір алып кетсең де еркің. Ендігі әрекет өздеріннен, азаматтар. – деп кешегі тұжырды.

Мына тосын сөзге не дерін білмей, жігіттер аңырды да қалды. Хабар тым ерекше естілді. Оқиға бүйтіп өрбиді екен-ау деген ой қаперлеріне кірсейші. Ауызына сөз түспеген Сегіз Ниязға қарағыштай береді. – Не жауап қайырсам? – дегендей-ақ. Бірақ досынан қайрат жоқ сияқты.

Әбсәмәттің – сардар- дегені Жанғожа ғой. Ендеше ол кісі бұларға қамқорлық жасап, қалың мал шығынын көтере біліпті. Міне мырзалық, міне жанашырлық! Бұл екеуіне айтпастан сырттан тоқ пішіп, қамқорлық жасап, жария қылмастан білдірмей мал айдатқанын айтсаңшы. Тіпті ләм деп тіс те жармады-ау қасқаң. Міні мәртебе. Туған әке істейтін жақсылықты үйіп-төккенін көрмеймісің. Енді бәрі тартып көр, үйленбеймін деп. Жалтаруға жол да қалдырмағанын қайтерсің.

Қыздың төркіні өзі келіп тұрған түрі мынау. Бұрын соңды бұндайды кім естіген иісі қазақта? – Серілерім, жау тәлкегіне бермеген азаматтарым. – деп қадірлеген түрі ғой елімнің. Әйтпесе тастай алмай жүрген қыз-қырқыны бар деймісің Жауғаштының...

Осы ойға тоқыраған Сегіз зор ілтипатпен кеудесіне оң алақанын қойды да Әбсәматқа бас иді.

- Ниетіңізге шексіз алғыс, Әбу-аға. Мұнша жақсылықты ешқашан ұмытармыз ба. Елдің құрметі ғой, бұндай батпан сыйға жеткізген. Әнші жырдың арқасында жеттік-ау бұл сынды дәрежеге. Өнерпазды, сан серіні дәріптеген халқымнан айналдым! – деп ағынан жарылды.

Разы болғаны соншалық, көңілі толқып кетіп үніне сәл-пәл жарықшақ та араласты... Жүрек шіркін өмірлік жарды алғалы жатқанын сезді ме екен әлде, әйтеуір жұтқыншаққа түйін тіреліп, жанары болмашы ғана дымданайын деді.

- Бұ көңілшектігіме жол болсын! Босаңсыған ның қай жағысың, жігітім? Сезімін тізгіндей алмайтын төмен етектіге ұқсағаным ба әлде? Мына бөгделер тұрмақ, Нияздан да ұяттағы. – деген оймен ол өзін шілтелеп алып, жүрегін орнықтырды.

Одан кейінгі сөзі нық естілді. Ниязбен кеңесуге уақыт тар, бұлданған кісіше жауапты сөзбұйдаға салуға да жол жоқ. Сол себептен, досына мағыналы бір көз тастап қоюға ғана мұршасы келді – Кешір, ақылдаспастан-ақ жауап қайыруға мәжбүрмін. Өзгесін кейін, оңашада талқылармыз. – дегендей-ақ назарын бірер сәтке ғана тоқыратты да, Әбсәматқа және еңсе бұрды.

- Сөз былай болсын, Әбеке. Бүгін-ақ сардарға жолығамыз да, батасын алып еш кідірместен аттанамыз сіздің елге. Жаугершілік

[illegible] той, ырғап-жырғап ұзатудың реті келе қоймас. Әйтсе де колдан [illegible] кәде-ырымды істеп бағармыз. Береке ұзағынан сүйіндіргей, [illegible]мин! – деп сөз аяғын нығырта айтып, өң сипады.

Осы сөз байлау болып, Әбсәмәт бастаған меймандар да жамыраса: [illegible]мин! – десіп, беттерін сипасты.

Одан кейінгі оқиға барысы еш кедергісіз ілез өрбіді ғой. Жанғожа [illegible] өзі бас құда болып барып, қос қалыңдықты ұзатып әкелді. [illegible]ды кісілердің балалары, жастары түйдей құрдас бойжеткендер [illegible] қалыптан шыққандай дерсің. Орта бойлы, қара торының ажарлысы, [illegible] жас сәулімдерді жігіт біткен жатсынсын ба... Түнеу күні ғана: - [illegible]дық дегенді атама. Желкемнің шұқыры көрсін! Қатын алдым [illegible], қапаска қамалдым десеңші. Қыранның канатын кырыкпас [illegible]. – деп өрекпіген Нияз, кенеттен кенет жуасысын да калсын.

Қос торының айырмасы жоқ сияқты ғой мүлде. Мына ғажапты [illegible] көр. Бұ құдайдың шеберлігіне шараң болса қыл! Апалы-[illegible]ніні алып екеуміз бажа болдық қой, ә Сегіз? Көктен іздеген [illegible]ден табылды десеңші. – деп насаттанған нысайға міне, басын [illegible] бергені.

Бұл құбылысын Қуаныш пен Әгіл аз-мұз әжуа да қылған. Ниязды [illegible] деп қадірлейтін жастар болған соң, емін-еркін әзіл де іле алмайды. [illegible]жыңды өзі бастаса ғана, сыпайылап жауап қайырар еді. Соның [illegible]де үлкендігін әркез мойындай әдеп сақтап, шектен асқан емес... [illegible] сапар болса Қуаныш шыдай алмай:

- Батырдың құбылуын-ай, шіркін! Оп-оңай жығыла салуына [illegible]айын. Түнеу күні ғана – Үйленуді атама мүлдем! Жігіттер, катын [illegible]ушы болма есің барда. Шаруаға малшынып майтымак болмағың әп-[illegible]ге-ак. – деп өнеге айтканың қайда, ағатай-ау? Көрсеткен үлгің мынау [illegible]са, енді бізге қайт дейсің? Сері басыңмен солқылдасаң, былайғы [illegible]шаяк казакка не сын десеңші. – деп өп-өтірік аңкауси тіл катты.

Нияз жауаптасуға асыға коймап еді, Қуаныштың сөзін Әгіл іле [illegible]. – Е, несі бар? Алтын көрсе періште жолдан таяды да. Қасы-көзі [illegible], үріп ауызға салғандай бикеш күлім какса, қайтып [illegible]дарсың? Көрер ем өзіңді де анандай сыннан өтер күн туса. – деп [illegible] келіп, Ниязды ақтағандай болды.

Сәл-пәл қысылып, дағдарыңқырай отырған Ниязға күлімдей көз [illegible]стаған Сегіз: - Со да сөз болып па, уа жігіттер? - Молданың айтканын [illegible], істегенін істеме - деген қайда? Мүйізі қарағайдай моллекеңдер ел [illegible]ына ұшырап жатса, өзгемізге не жорық десеңші. Жұмыр басты пенде [illegible]мес піз бе, сол пенделігімізге басамыз да. – деп езу тартты да, - кос [illegible]ңгенді күте беріңдер ендігі, сен екеуің. Аяк астынан жеңешелерге [illegible]рыдың да калдың. Егіздің сыңарындай бір-бірінен аусайшы, [illegible]ріңдер. Енді аман-есен елге жеткізесің, не қылса да. Міндеттерің осы, [illegible]заматтар. – деген сөзбен жас серіктеріне салмак арткандай болды.

Қос бойжеткенді – бір қалыптан шыккандай – деп сипаттаса [illegible] бұл тәу көргендегі әсер ғана еді. Қыркын көгілдір жас болған соң, [illegible] баланың бәрі сүйкімді келмей ме әдетте. Бір әулеттің төлі болған соң [illegible] бір-біріне ұксас келмегі де заңды... Әйтсе де, өзіне ғана [illegible] ерекшеліксіз жан иесі болған ба. Таныса, шүйіркелесе келе, [illegible] сәулім әр алуан кырынан көріне берді. Кескіндерінде де, мінездерін [illegible] де айырмашылык жок емес екен.

Қара торының келімдісі деуге, екеуі де әбден татитындай әрине. Онысына еш дау да жок... Десек те, Ырысбикенің көзі әрі үлкендеу, әрі ажарлылау. Дөңгелек бет, пісте мұрыны мен ителгі иегі үйлесе [illegible] калған; тойған козыдай томпиған ғана түрі бар. Алғаш көрген кісі [illegible] токтатар бір ерекшелігі – сирек кездесетін көркем касы. Қарлыған [illegible] канатындай дегізерлік, келісті киылған мөлдей кап-кара екен. Нәркес [illegible] көздерін айкындап, көрік косып-ак тұр.

Сонымен катар әлпетінің аздаған міні де жок емес сиякты. Онысы – каймыжыктау келген сөлсіз еріндері. Бірак жалпы өңіне [illegible] токтатканда, бұнысы еленбейді де. Бой тұрпатына келсек, кыз[illegible] лайык нағыз бұраң белдің өзі. Дене тұркы болса орта ғана бітімді, сүйегі пәлендей ірі емес. Десек те, кол-аяғы жұмыр, балғын келген. Қатын кайраттанса казан көтерер. – деген сөз бар емес пе. Бабалардың сөзімен кім талассын, сан ғасырлык тұрмыс тәжірибесінен шыккан тұжырым ғой. Алайда, - катын кырык жанды деген мәтел де баршылык. Демек, әйел затының аскан төзімділігін мойындағандығы болар халкымыздың. Сол сиякты, бел кылдырыктай Ырысбикенің бір басына жетерліктей шымырлығы да бар болып шыкты. Бұнысына кейінірек Сегіздің көзі талай жетті де.

Бұның бәрі бой-басының сипаты ғой. Қыз болсын, жігіт болсын, бой сымбатты, өңі әрлі келсе, ол жаратканның бере салған батпандай бір сыйы да. Әйтсе де мінез бен парасатка не жетсін, шіркін... Қаз дауысты Қазыбектің әкесі Келдібек жар таңдағанда ажарына, бой бітіміне мән бермегені тарихтан мәлім. Көзі кыли, аяғы аксак кызға көңілі ауыпты. Кескіні мен тұркында акау болғанымен, акыл мен мінезіне кызыкса керек, көңіл көзі кырағы азамат. – Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артык. – деген өсиетті есте тұткан болар, бағзының данышпаны.

Сегіз болса, калыңдыктың мінез-құлкы кандай болып шығар-ау деп, ойланып-толғанып бас катыра да койған жок бастапкыда. Бір ерекшелігі, - үдемнен шыкпайды-ау – деп шүбәланған да емес. Әбсәмәт тәу келіп: - Ұйғарғанымыз Елгұн мырзаның бел баласы. – деп паш еткенде-ак, сонау бір күні көзі шалған киғаш кас сәулімді есіне түсірген болатын. Өзіне карай калғанда жүзін төмен түсіріп, өңі ду ете ұялып калғаны, жадта ап-анык суреттей калып койыпты.

Көзін бір-ақ мәрте төңкеріп өтіп, жанарлары бір-ақ сәтке ғана ұшыраласса да, қыздың сыры мәлім болып қалғандай көрінгені. Сол бір кезде еш мән бермеп еді мағыналы көзқарасқа. Бар болғаны – ұяң ойлы, көргенді қыз сияқты. Дұрыс тәлім алған болар, не қылса да. – деп түйген де қойған... Және өзіне бекер сұқтанбағанын, ұнатып қалғанын да сезген. Жанға айтпас ішкі сырды жеткізетін көз ғой ғой шынында. Сол бірер сәттік қана көз тастас, бойжеткеннің сезімін жеткізіп үлгерсе керек. Қыз-қырқын атаулының бұндай-бұндай сүзіле қарағанын талай көріп келеді емес пе, сері басымен.

Сойтіп Әбсәмәт – Ырысбике- деп атын атағанда, есіне сол күнгі сұлуескені түсіп, дидары еріксіз көз алдында көлең еткені. Өңешінен мін таба алмады. Жалғыз-ақ, - танауы сәл-пәл тәмпіштеу ме, қалай? Бірақ танауында нем бар еді. Бір көрмеге көз тоқтатарлықтай кешімді сәулімдердің бірі дағы. – деп қорытынды шығарған да қойған... Қалай болса да, мінез жағынан қыз үдеден шығар деген сенімі кәмілтін. Сол долбары айнымай келді де. Сезіміне байланысты түйсігі де алдаған жоқ. Қыз өзін алғаш көргеннен-ақ ұнатып қалыпты. Онысын екеуі оңаша қалып сыр ақтарысқанда жеткізді де.

Сегіз сөз тартып: - Ырысбике, қосылуымыз аяқ астынан әп-сәтте-ақ болды. Ойланып-толғануға мұрша да болмады-ау. Ел ұйғарымы солай болған соң, істі жеделдетіп жіберген жоқ па үлкендер. – дей келіп, кіріспе сөзден соң, - өзің разымысың әуелім? Ақсақалдардың ұйғырығына лажсыз көндің бе әлде? Ел ішінде көңіл қосқан бір жігітің бар шығар бәлкім. Сүйген жігітіннен зорлықпен айырғандай болмайын. Ондайдың адамы мен емен. Біреудің көзжасына қалудан сақтасын. Сері басыммен жас-желеңнің жарастығына нұқсан келтіріп, обалына қалмаспын. Сырың болса жасырма. – Қыз қарғысы жігітке майдай жағар – дейді ғой қазақ. Десе де, бұның адамы мен емен. Мазлұм жанды кейітсем, екі дүниеде оңбай кетейін. – деп сендіре сөйледі.

Оның алдындағы күндерде, жұрт көзінше Ырысбике сөзге сараң еді. Ырысалды туысқанымен екеу ара күбірлесіп қана, жігіттермен шешіле сөйлесе қоймаған. Келте ғана жауаптасқаны болмаса, Сегізбен де еркін көсіле тіл қатысқан жоқ... Сегіз болса бұнысын әуелде мінезінің тұйықтығына жорыды. Бірақ, сіңілісі екеуінің бір-біріне деген жарқын қабақтарын, әзіл ілген түрлерін көргенде, - жоқ, бұйығы мінез бола қоймас бұл бала. Бізге бой үйрете алмай жүрген шығар. Кіл сомадай-сомадай еркектердің арасына тап болған соң, ұялмай қайтсын. Қанша айтқанымен қылқан кескендей жас, нәуетек бала емес пе. Анасының қасында еркелеп өскен бойжеткенге үйден ұзап шығу оңай деймісің... Қой, бұған сын тақпайын олай болса. Бой үйретсін алдымен. – деген пікірге тоқыраған болатын.

Осы болжамы дұрыс болып шықты. Жасық та, бұйығы да емес екендігіне сол бір алғашқы сырласқанда көзі әбден жетті... Аз ғана

бөгеленде, ойын қоғамдап алғандай болған Ырысбике, майда ғана жымиып тіл қатты.

- О не дегеніңіз, серім? Қайдағы зорлық-зомбылық? Өзіңнің алаштың арда-күрең азаматын шет көре ме есті қыз? Мақпал марқұм менің әпкем еді ғой, Жауғаштының зәу-затымыз. Сол әпкем екеуіңіздің ғашықтық хикаяңыз исі Сыр еліне аңыз болып кеткен әнекей. Мақпалдай болу қайда-а! Қыз біткен тырнағына татыр ма екен. Сол аяулы әпкемнің орнын басармын-ау деген ой, үш ұйықтасам түсіме кірер ме еді. Ләкин, хақ бұйрығы осылай болды.

Мақпалдан айырылған күйігіңіз өле-өлгенше басылмас әрине. Әйтсе де, көңіліңізді жұбатуға сәл-пәл болса да септігім тисе, одан аскан бақыт жоқ деп білемін, серім. – деп сөзін тұжырды есті қыз.

Сыңғырлаған үні нәзік болғанымен, нық шықты. Сегіздің алдымен таудай атағын, одан қалды бес жас үлкендігін сыйлап, бетке тік карамайды. Октын-октын көзін бір төңкеріп кана қойып әкете берсе. Бұныс әдеп сақтағаны. Сонда дағы жасықтық танытпай еркін сөйлеп отыр. Жұрттың көзінше тартынса, оңашада азаматты өзімсінгені ан-аныс.

Сол бір түн екеуі ұзақ сыр шертісті. Жұп-жұмыр білегін Сегіздің мойынына артып жіберген Ырысбике, таңға салып әңгіменің тиегін ағытты-ай келіп.

- Әкеміз үш қатын алған кісі. Менің анам қайткан бәйбішенің орнын баскан бара бәйбіше. Бір шешеден туған бес баланың ішінде қыздың үлкенімін. Сықпыт жағынан әкемнен аумай туыппын. Тұп-тура ауызынан түсіп калғандай айнысамшы. Содан болар, әкем мейілінше еркелетіп өсірді. Басы бос кыз бала тым сирек қой елде, маған да титтей күнімнен құда түскен жер бар. Бірак әкем сөзін берсе де, калың малдан жалғыз тұяқ алған жоқ.

- Бұ баламның қалыңына карап калған күнім жоқ. Бұғанасы катып жетілсін әбден. Ұзату кайда кашар дейсің. Ертеңгі күн бір Алланың құзырында. Алдын ала тон пішкен ырымға да жаман. Мандайына жазса әлі-ак тұрмыска шығар бұ бала. – деген сылтаумен, мен өскенше сөзді сырғыта берді ғой жарықтық. Сол беріктігі өзіне ұзатканда сеп те болды. Мал арада жүрмеген соң, сөз салып жүрген жерлерге сылтау айтып оңай құтылдық. – осы тұста көзін бір төңкеріп сәл аял кылды да, кеңесін тарата түсті.

- Әкем еркелеткен соң ба, шолжаңдау болып өстім. Еркек шорадай ер балаша киінбесем де, кыз түріммен-ак бала біткенге дес берген күнім жок. Ер балалардан калыспай төбелескенім де бар жеткіншек жасымда. Мынау бір белгі сол тәйтік мінезден калған із. – деген сөзбен самай шашын сәл кайырып, оң жак шекедегі тырнактай ғана дақты көрсетті. Шынашак басының аумағындай ғана болғанымен, ан-аныс тыртык.

Солай, серім. Осы кез бала каздай байпаңдап, сәулім көрініп [illegible]сам да, күні кеше ғана казан бұзар мінездерім жок еместін. – [illegible] Сегізге кабак астынан наздана карап койған.

Бұпысына Сегіз не дей қойсын? Үнсіз ғана езу тартып, кызды [illegible]мак ниетпен:

Е-е, біреудің әлпештеген болпашы екенсің, Бикешім. Ондай ерке [illegible]лар сыланған кербез келуші еді. Іске олактығы мен [illegible]сактығы бар дегендей. Алдымызда алыс сапар бар, біле білсең. [illegible]ының о бір шалғай жатқан пұшпағына жеткенше кайда! Жол-[illegible]кей не бір таршылық көруге де тура келер. Мына сиқыңмен [illegible] төзермісің, ия сыр берермісің? Біздің жол осал-оңтағай емес [illegible]. Сері атанған жігіт өзі әнші өзі жауынгер болуы шарт. Ерге ер, [illegible]ге сер болар лыктай каукарың бар ма, Ырыстым? – деп сұраулы [illegible]ішінмен ойлы көзін кадай койды.

Ырысбикені сол бір алғашкы сұхбаттасудан-ак толық атамай, ия Бикешім, болмаса Ырыстым, Ырысжаным дер еді. Еркелеткені ме, ия [illegible]ғаны ма, ол арасы өзіне де беймәлім. Біреу казбалап сұрай калса, [illegible]ебін айта алмайтын да шығар. Не кылса да ұнатканы анык әйтеуір.

Сол бір түні уылжыған жас аруды құшып жатып ойға да кеткен. [illegible]ің кыз құшактаған калпын сынағандай. Адамзат баласының мінезіне [illegible] калып, мін тағып та баккан. – Дүниеде үш арсыз бар – деген сөз есіне [illegible]ркені. -Ұйкы арсыз, күлкі арсыз, тамак арсыз – демеуші ме еді ой [illegible]рбеткен ділмарлар. Сол үшеуіне нәпсі де косылады екен-ау, сарапка [illegible]лса. Қоспағанда ше? Ең арсызы соның өзі емей немене. Күні кеше ғана Мақпалға өлердей ғашык болған түрім анау. Одан баска кыз атаулыны [illegible]ге ілместей едім. Өліп-өшіп, күйіп-жанғаным кайда калды ендігі? – [illegible]зден кетсе, көңілден кетеді – деген мәтел рас-ау, шіркін. Міне сезім [illegible]рсыздығы! Тағдыр бұйрығы койыныма кыз салып еді, бетім бүлк [illegible]етпестен құштым да кеттім жас иісті. - Өлмекпен бірге өлмек деген жок – [illegible]деген осы-ау. Тірілер тірлігін істей береді дағы.

Ой теңізін әлі де болса құлаштай берер ме еді, Ырысбикенің майда [illegible]ні елең еткізбесе.

- Пәлен деп ант-су ішіп ия карғанып кайтемін, серім. Мені [illegible]мырзаның ерке-тотайы, ауырдың үстімен жеңілдің астымен жүріп өскен [illegible]шпжелке дейтін шығарсыз. Теріс дей алам ба екен бұ пікіріңізді. Шұбәланғаныңызды орынсыз да дей алмаймын. Ата дәулетінің [illegible]ркасында көн шокай кимей өскенім рас. Жегенім алдымда, жемегенім [illegible]ртымда, үлде мен бүлдеге оранып өскенімді кайтып жасырайын. Әйтсе [illegible]де, мактан кылмаймын да әлді әулеттен шыкканымды. Жеке басымның [illegible]касиеті болса бір сәрі, әке байлығына мардымсимын ба?

Сыналар шағым алда екен, сол алдағым көрсетер мінезімнің әр [illegible]кырларын. Дәтім берік пе ия жасыкпын ба, кім білсін. Бір шешен

айтыпты ғой – мен тастан шыққан тас бұлақ, сен борластан шыққан бекесің – деп. Сол сияқты, ия суы кәусар тас бұлақ, ия лай аралас бекесі болып шығармын. – деген сөзбен Сегізге және бір көз тастап қойды.

Өз қарақан басын сынай, кеміте сөйлесе де, көз қарасында бір табандылық аңғарылғандай ма, қалай? Қазақ қызына тән мызғымас бір сабырлық тұна қалғандай жанарында. Тесірейе қарамайды, бірер сәт ғана көзін тоқайластырып әкете қояды. Әйтсе де сол болмашы уақыттың өзінде, кеуілдегі сырын аңғартып үлгергенін қайтерсің. Ия жанарынан себездеген шуақ шешен бе, ия Сегіздің көңілі жүйрік пе, әйтеуір жүрек түкпіріндегі сезім аңғарылмай қалған жоқ... Жалынданған маhаббат болмаса да, - мен сендікпін! – деп тұрғандай тұңғиық жанар. Аз ғана тоқырап сырғып өтсе де, жігітті аймалап үлгіргендей.

Бір ерекшелігі, қыз жанарындағы сезімнің шынайылығына қалтқысыз сенді Сегіз. Пәлендей өмірлік тәжірибесі болмаса да, бұл көз алдау дегенді білмейтініне еш күмәнданған жоқ. Бұл жанардың иесі өліп-өшкен, лаулаған сезімнің кісісі емес екенін де ұққан. Әйтсе де бұл бойжеткен бір сүйсе, айнымай сүйе білетінін де түйсіне білді. Маздап қана жанған, бірақ тұрақты, өшпестей болып жанған отты ұқсатты қыздың маhаббатын.

Ішкі бір дауыс: - Жігітім, ауызыңның салымы бар екен, не қылсаң да Өз бақытыңды құшып жатқаныңды аңғармадың ба әлде? Мына қарсы торы істігер әрі құтың, әрі ырысың емес пе? Саған жаны ашып, бағып қағып жүретін періштең мәнзелдес. Әй, аңқаумысың деген!.. Түк сезбей шәниіп жатқан түрін сабаздың. Енді бұл арудан еш айрылма. Бағың да жанашырың да осы, біле білсең. Балдырған кезінде анаң қалтқысыз қалай сүйсе, енді осы шүйкебас дәл солай сүймек. Ендігі жан серігіңе осы болар. – деп қайта-қайта ызыңдап, құлақты сарсылтсын-ай келіп Өктем сөйлеп кәдуілгідей бұйрық бергенін қатерсің.

Сол бір ішкі түйсік алдаған да жоқ. Онысын кейіңгі өмір талай талай дәлелдеп те бермеді ме. Тойған қозыдай томпиған ғана ренжіп бар нәуетек қосағы, тағдырдың не бір тақбезесін көтере білді. Ауқатты әулеттің еркетотай баласы серіге серік болуға жаралды. Не нәубетті көрсе де қыңқ етпестен қабақ шытпады-ау, қайран ару. Сол бір мінездерін осы күні асқан ризалықпен еске алады Сегіз.

Жауғаштыдан қос қалыңдықты ұзатып әкелген соң, серілер бөгелген жоқ. Елгүн мырза қос қалыңдықты айта қалғандай, асқан салтанатпен ұзатты. Жасаулаған ақ отауларды өңкей қызыл нарлармен арта, ырғалтып-жырғалтып шығарып салған. Жардай нарлардың өркештері баладай, бұйдалары ызба жібектен, шашақты аспалары мен асмалдықтары көздің жауын алғандай. Отаулардың жасау жабдығында да мін жоқ... Бұнысы – түйдегімен алған қалың малмен орай жасаған шүлендігі болса керек.

Алайда, бұл мал мен мүліктің бәрін серілер Жанғожа ауылында қалдырған. Бір себебі, алдағы кауіп-қатері көп ұзақ сапары болса, және бір себеп – Жанғожаға деген разылығы. Сардар әрі намыска шауып, әрі камкорлық жасап, екі айғыр үйір жылкыны түйдегімен ілестіпаса, кос кызды алулары екі талай ғой.

Кәтепті нарларды да, жасау жабдыкка толы ак отауларды да қалдыруға тура келген. Бір сабак жібіне де кызыкпастан түгел сыйға берді. Қосарға бір-бір белді ат алып, кос калындыкты жорғаларға мінгізе суыт жүріп кеткен. Жолдың кауіп-катерін ескерген Жанғожадай камкор аға, ел шетіне шейін шығарып салуға жасак берді. Мұздай қаруланған, кіл сайдауыт жігіттер арка жеріне жеткенше серілерге еріп жүрген. Сол жасактың сарбаздарымен коштаскан соң, бұлар ел ішімен ұша түстеніп, асыкпай сапар тартты.

Құмды өлке мен кырдың айырмасына және бір көз жеткізді-ау сол сапар. Сары-арканың тұтаса өскен бетегесіне, салкын самалы есіп тұрған бел-белесіне жер жеткен бе шіркін! Адам баласы былай тұрсын, мал екеш мал да туып өскен өлкесін, оты мен суын сағынатынын кайтерсің. Жылкы деген жануар жершіл келетіні ежелден мәлім. Бозшұбар мен күрең ат, Ниязды такымындағы ақбакай, кырдың көдесіне ал кеп кадалсын да калсын. Құлын кезінен көрі ете үзіп жеген шөпті аңсаған түрлері ғой. Ел жакка бет алғандарын сезсе керек, тізгін сүзіп жүріс тілей елегізи беретінді шығарды. Бұл мінездерін аңғарған Қуаныш:

- Пай-пай, казанаттың касиетін осыдан біл, шіркін! Өз отын, өз суын аңсап келеді-ау жануарлар. Тегіне болайын, міне үлгі бағышамызға. Ер – туған жеріне дегендей-ак, туысы асыл шонык та өскен топырағын іздейді-ау. – деп басын шайкап тамсанып койған.

Серілердің шағын тобы канша асығып суыт жүргенімен, бұлардың жолары өздерінен бұрын елге жетті. Ауылға бірер көш калған жерден, бір шоғыр жігіт-желең Сегіздерді карсы алып күтіп алған. Нәупіл болстаған жиырма шакты азаматтар жолаушыларды хан көтеріп жетті... Ауыл әлі Дос көлінің төңірегіндегі жайлауда, күзекке көше коймапты. Сағыныскан ағайын ұлан асыр той жасап бір көтеріліп калған. Ел дін аман, ағайын-туған бәз-баяғы калпында, өлім-жітім жок екен... Жанат Сегіз бен Ниязды кезек-кезек құшағына көміп:

- Жеттіңдер-ау әйтеуір канат кағып, кос кыраным! Қош-кош, ағаларыңдер не кылса да... Салт басты сабау камшылы болып кетіп еліңдер, екеу-екеу болып оралыпсың, карап тұрсам. Қатыны жок бойдак, казаны жок кайдак деген аттан арылыпсың біратола. Қолға коңдырып алған құстарың құтты болсын. Ұзағынан сүйіндіргей. – деп сонадайда именіп тұрған кос калындыкка көз тастап койды.

Әдебия бастаған ауылдың төмен етектілері шашу шашып, әзірлеп тұрған отауға келіндерді кіргізіп алған... Сол бір күннен кейін елдегі

бейбіт те мамыражай тірлік басталып еді. Бір аптадан соң, [illegible] ерткен топ жігіті бар Сегіз, Нияз бен Ырысалдыны өз ауылдарына мәдияр керейдің қонысына апарып салған. Нияздың әкесі Бек[illegible] елуден асқан қапсағай бойлы, ер келбетті кісі, ұлын көрген[illegible] кемсеңдеп жылап жіберді.

- Келдің бе аман-есен? Күдерімді үзбеп едім, құдай сақтады, [illegible] сақтады! – деуге ғана шамасы келіп, ұлын құшақтай алды.

Бұл көңілшектігінен өзі ұялып, жұрттың көзін ала бере жеңімен көзін сүрткілеп жатыр. Отағасына қарағанда, қайта Нияздың шешесі Күлпәш сыр бермейтін берік болып шықты. Шылауышының ұшымен көзін сүрткені болмаса, шыкшытты, жазық маңдай құба өңі сабырлы. Ұлын бассалып құшақтай кетпей, еш абыржымастан сәл кейінірек тұр. Жұбайының егілген түріне мейірлене, мүсіркей қарап тұрып:

- Қайтсын байғұс. Жар дегенде жалғыз ұлымыз ғой. Оңай ма әкеге? Қайта тәңірім жар болды. Күндіз-түні мінәжат етіп [illegible] жасаған ием мүсіркеген ғой. Жалғыздың жары құдай деген осы [illegible] – деп көзін жыпықтата берді.

Сегіз Күлпәшті иығынан құшақтай түсіп: - Уа, Қуаныш [illegible] болсын, шеше! Ақ түйенің қарыны жарылды десеңші. Сока [illegible] кеткен ұлыңыз екеу болып келді мінекей. Мынау келіндеріңізді [illegible] алыңыз. – деген сөзбен Нияздың ығында еңсесін төмен түсіре, [illegible] шапанымен бүркеп тұрған Ырысалдыны нұсқай берді.

- Ибай, көтек, не дейді мына бала? Енді қайда барайын? Шынымен-ақ келін әкелгеннің қай жағысыңдар өзі? – оқыс хабар құлағына жеткен Күлпәш ә дегенде сасқалақтап та қалған.

Әкесінің құшағынан босаған Нияз шешесін аймалай беріп: - Шын емей қылжақтап тұр деймісің, апа-ау? Бағаналының бір көгілдірі бұйырды қаңғыбас ұлыңа. Шикіл сарыларды жарата қоймаушы еді[illegible] қараторының нағыз өзі. Өзі болғанда қасы-көзі қиылған келімдісі. Үрін ауызға салғандай бала, несін айтасың. – деп мән-жайды дәттеп берді.

Күлпәш әлі де болса сене қоймай: - Ойбай-ау, сенейін бе, сенбейін бе? Қай қазақ қызын тегін беруші еді? Біреудің әлпештеген баласын қолды қылғаннан саумысың өздерің? Серілердің ежелгі дағдысы емес пе еді, сүйкімді сәулімдерді алып қашу деген. – деп аңырған қалпы қос серіге алма кезек сұраулы жүзбен қарағыштай берді.

Нияз езу тартып: - О жағына еш қам жеме, апатай. Туу Сыр асып шошқа тағалап жүр деймісің ұлыңды? – деп Сегізге көз қысып қойды да, - қуғыншы келмес қызды іздеп. Қалыңсыз жар құштырған мына Сегіздей ұлыңа рахмет айт. Осы досымның арқасында құсымды қолыма қондырып алып едім. – деген сөзбен Ырысалдыға назар аударып – бері кел - дегендей ишара қылды.

Жұрттың көзі бір өзіне қадалған бойжеткен не істерін білмей, ә дегенде қымсынған қалпы іркіліп қалды. Сәлден соң жүрек

ұрыпқтырса керек, бір тізесін бүге иіліп сәлем салды да Күлпәшқа қарай қадам басты.

Шуетек қыздың ду еткен өңі, жаскана адымдаған бейуаз кейіпі, қоныпп қобалжытса керек, енді абзал ана тебіренейін деді. Ұлын қорғанда өзіне бекем болған ұстамдылығы бұл сәтте сыр берсе керек, қоянен ыршыған жас бетін жуып кетті.

Келе ғой, қалқам, келе ғой, еш именбе. – деп күбірлеп қолын соза берді де, Ырысалдыны құшақтай алып маңдайынан сүйіп-сүйіп алды.

Алла-тағала, жасаған ием, бергеніңе шексіз алғыс, шексіз шүкірлік! Ақсарбас! Мұратыма жеткенім осы шығар. Жалғыз ұлдың мол келеріне шұбаланып қыз айттырмап едік. Жол кеспейік деп ұрымдаған түріміз ғой баяғы. Енді міне келінді болдық. Бүгін өлсем өкінарманым жоқ. Жалғызымның аяғы шырмалғанын көретін де күн бар екен-ау. – деп алғысын жаудыра берген.

Сойтіп, Ырысалдыны құтты орнына қондырып, Ниязды ата-анасына табыс етіп еді, сонау бір елге аман-есен оралған жылы. Сонымен ұзақ та қауіп-қатері мол сапар сәтімен аяқталып, күнделікті мамыражай тірлік басталып кетіп еді. Ағайынмен алғашқы қауышудың ыстығы басылған соң, Сегіз жаппай-тұрмай Әгілдің қамына кірісті. Өзі үйленіп алып бұл жігітті сүр бойдақ қалпында қалдыруды жөнсіз деп білген. Әуелім өз арына мін екенін ескерді.

- Абақтыдан құтқаруын құтқарғанымен, - қатыны жоқ бойдақ, қаны жоқ қайдақ – деп атандырсақ елдігіміз қайсы? Зіңгіттей жігіт қу тізесін құшақтап жатпақ па? – деген ұйғарымға тоқтап, Әгілдің мәселесін ағайын келесіне салған. Баһрамның кіндігінен өрбіген ер-азамат төрт көзі түгел болып мәжіліс құрған еді. Себеп – Әгілдің мәселесі. Алты ұлдың үлкені Көрпеш, кенжесі Қуаныш болып Жанаттың үйінде бас қосысқан. Өңдері күнге тотыққан Нәупіл мен Сейітқерей, ұстаханадан шықпай үнемі бозарып жүретін Сүйін, малдас құрып үнсіз отыр. Аға буыннан Шағырай мен Жанаттың өзі бар.

Дағдысынша паңданыңқырап, нығызси сөйлейтін әдетімен сөзді Шағырай бастады.

- Ия, Сегізім, не тілеуің бар осы? Анау ноғай досыңның мәселесі шығар, дәу де болса. -Ақылдасайық, жиналайық- деп құлақты сарсылттың екі-үш күннен бері. Нендей ұсынысың бар өзі? Алдымен қолқаңды ортаға салшы кәне. – деп мәймөңкелемей турасынан кетті.

Сегіз іркілген жоқ. – Дөп бастыңыз, ағатай. Сол азаматтың қамы да ойландырып жүрген. Сый қылсаң сыпыра қыл демекші, ұлықтың қорынан құтқарғам екем, ендігі күнкөрісіне де қарайлассақ деген ниет қой. Айтсам - қоңсы, кірме ретінде жаутаңкөз күн кешпесін, ныңы тең ағайын деп танысақ жөн болар еді. Тобымызға қосып, аяғын шырмап, алдына мал салып берсек сауабын алар едік. Бір көдекті жарылқасақ бізге де абырой емес пе. – Жақсылық қыл да суға таста, балық білмесе

халық біледі – демекші. Нендей жәрдем етсек те татитын [illegible] екеніне көзің жеткен шығар, ағайын. – деп алка-котан жайлаған туыскандарды жағалай бір шолып өтті.

Ағайын үнсіз. Ия қоштағаны, болмаса қолдай қоймаған кабақтарынан әзірше аңғартар емес. Есіткенін ой елегінен [illegible] сыңайда... Бұндайда жасына қарай кезек-кезек сөйлейтін әдет бар. Жасы кішісі үлкендердің сөзін тоспақ. Бұл Шақшақ әулетінің ежелден келе жаткан бұлжымас қағидасы. Сол себепті ағайынның бәрі Жанатка бір-бір көз тастап қойды да, үнсіз отырыса берді.

– Үлкендер барда несіне ұшкалақтық қылып суырыла сөйлемі[illegible] дегендей сабырлы қалпын бұзар емес. Сөз өзіне тірелгенін ан[illegible] Жанат көп күттірген жоқ. Дағдысынша мұртын ширатып қойы[illegible] Сегізге еңсе бұрды.

- Сөзің орынды-ақ, байыпқа салсақ. Әгілге деген қамқорлығы[illegible] құптарлық. Ол көдекке нендей жәрдем көрсетсең де, қолыңды [illegible] ағайын бар ма? Бәһрам ағамыздың зәу-заты түгел отырсың міне[illegible] Әр біріннің еншің де, үлесің де бар мал-мүлікте. Сол мал-мүкәммалдан карайлассаң, жалқы жүрген боздакты бауырына тартам десең, алдыңғы буын ағаларың қарсы болушы ма еді.

Айтып отырғаның ізгілік іс қой. Құдай ісі, ізгілікті құптамаған[illegible] қайтушы едік. – деп жылы шырай білдіре лебіз шығарды.

Райлана сөйлеумен қатар, Бәһрам кіндігінен өрбіген туыскан[illegible] салмақ салып отыр... Сөз ұшығы өзіне сокканын, ендігі кезек о[illegible] екенін аңғарған Көрпеш, отырған орнында қопаңдап қойды. Пікір[illegible] әзір болса керек, майда ғана жымиып қойып үнін қоңырлатты.

- Сегізім, сөзіннің жөні бар не қылса да. Сауап деп айттың ғой, [illegible] да жөн. Сауаптан мұсылман баласы қашпас болар. Әгілдің міне[illegible] құлқына қаныкпыз. Ертең ұялтатын әлдекім емес. Нан соғар, жатып ішер арамтамақтар да толып жатыр ғой ел ішінде. Ондайларды [illegible] көріп жүрміз. Пәлендей жасамыс болмасақ та, кісі танитындай кабілетіміз бар, құдайға шүкір. Тінамдай күдігім болса ортаға сал[illegible] едім әрине. Бұл жігіттің болса ақпейілдігіне еш шүбәм жоқ. Сонды[illegible] нендей жаксылық қылам десең де, еркің білсін. Ұзын сөздің қыскасы осы, жаркыным. – деп нығырта түйді де, Нәупілге көз тастады Кезек сенікі, лебіз шығар. – дегендей.

Нәупіл ұзак көсіле сөйлеуді ұната коймайтын. Түзшіл, к[illegible] кимылдың, кауырт әрекеттің адамы болған соң, сөзге мейілінше сараң. Әйтсе де бұл сапар тартынған жоқ. Манадан бері жаңалан соккызған мүйіз сапты кездігін тамашалап отырған болатын Ұстарадай кылпып тұрған жүзіне бас бармағын кайта-кайта апарғыштап, өткірлігіне сүйсіне жымия береді... Өзіне кезек келгенін аңғарған соң, кездігін сарт еткізе кынына салып, тамағын кеней жөткірінді. Аспай-саспай кимылдайтын дағдысына бағып, ағайынды

бір шолып өтті де Шағырайға көз тіктеді. Мәжілістің көсемі сол жеміс мойындап, айтарын тура өзіне бағыштамақ.

Сегізді туу Сыр бойына іздеп барған азаматтың бірі Әгіл емес екенін Ол сұранып қоярда қоймай атқа қонып еді. Жол менікі ия мынау ағарған Сәтоктікі болатын. Жапан түзді кезіп, айлап, апталап сапарында жүретін осы екеуміз ғой. Қуаныш болса қара шаңырақтың иесі, ерке өскен кенжеміз. Оның басын қатерге тігіп, шалғай шетін сапарға жібергеніміз тіпті жол емес. Осы жәйтті ескеріп тартып жібергіміз келмеді бұ жігітімізді. Әйтсе де болған іс, екеуі сайланып кете барған.

Сөйткен Әгілді қайтып шеттетейін? Не шарапат қылсаң да артық-ағы жоқ, туғандар. – деп нығырта тұжырды.

Айтып болғаны мұң екен, бұнымен тізе қағыстыра жайғасқан Сүйін сөзді іліп әкетті. Бұл да Нәупіл сияқты көп сөйлей қоймайтын. Қолы ыстер ісмер кісі ғой, бар ынтасы ұсталық пен зергерлік. Ерігіп, қарап отырратын кезі болған емес. Содан болар көпірме, қысыр сөзді сұқаны сүймейді-ақ. Мінезі биязы, сыпайы кісі болған соң, көкіме мінжындармен сөз таластырмайды да. Ондайда сылтау тауып сытылып кетіп, үнсіз құтылар еді... Ағайын келесінде өзіне сөз тірелгендей болса, ешнесінен қайырып шорт кесетін. Осы сапар да сөзді ұзартқан жоқ.

Көп талқылайтын несі бар? Айта бергеннен майы шығар емісің. Бұл жігітті абақтыдан құтқарамыз деп Сегіз бен Нияз жанын шүберекке түйген еді. Ит арқасы қиянға кетіп не бір сергелдең, ешнеттті де көрді. Әгілдің жолына басын тікті десеңші. Олай болса бұл азаматты қайтып шетқақпай қыламыз? Өз тобымызға алу керек ғой, үйлі-баранды қылып. Мал малданып, жан жанданып жүрсін ғой. – деп үнсіз қалды да, аттанар жағында отырған Сейіткерейге назар жықты. – Кезекті өзіңе бердім. – дегендей.

Сегіздің күдіктенетіні осы Сейіткерей болатын. Бұл ағасы аса шаруақор, малсақ болып жетіліп еді. Есі-дерті шаруа қамы ғана. Мал ішінде шығарға жаны жоқ, өле жаздайтынын қайтерсің. Зәуі-сайтан пышақ лақ пышаққа ілінбей арам өлсе, күйіп-пісіп кәдуілгідей уайымдап бітетіні бар. Бұл малсақтығы баз-базда сарандыкка да ұшырасатын.

Осы мінезінің үстіне бет-жүзің бар демей айтып салғыш. Мәймөңкені білмейтін тікбақай. Кісінің көңіліне қарамайтын өжарлығы, бір кисайса түзелмейтін қырыстығы да бар... Сөйткен мінез қырларын ескерген Сегіз, - осы Сәток кедергі болмаса не қылсын. Әгіл қамына деген шығынды ауырсынып жүрмегей. Әгілді үйлендірсек қалың малы, ілу, шеге ат сияқты өзге ығын-шығыны бар емес пе. Сонысына іштарлық ұылып, сыңар езулеп кетпегей шаруақор жігітіміз. – деген оймен, тетелеске күдіктене қарағыштай беріп еді.

Бірақ бұл шүбәсы бекер болып шықты. Аркасын жағланға сүйеп шалкалай отырған Сәток окыс козғалып түзеле жайғасты да, бірдеп сөйлеп кетті. Бұл да пікірін әбден пісіріп алса керек, кідірісті бастырмалатты.

- Сөзді малшылата бергеннен не өнер дейсің? Бұл жігітті бауырға тартсақ, ең әуелім мал-мүккәмалдың мәселесін шешіп алған жөн. Осы отырған алтауымыздың еншіміз бар. Сол еншімізден үлесіп Әгілді үй кылып шығарайык әуелім. Одан калды, ағайын аукымы болып калып малды көтерейік. Аяғы шырмалған соң алдағы күнкөрісі де бар. Сонысын ескере алдына мал салып, сойыс, міниіс, сауын сиякты бар еншісін бөліп берейік кәдуілгідей. Сөздің ток етері осы-ак. – деп келтесінен кайырды да, - айтарымды ортаға салдым, осымен тәмам деген кісіше, төрдегілерге мағыналы көз тастап койып, жамбасымен сырғи шегіне жағланға шалкалай берді.

Халайык есіткенін ой безбеніне сала үнсіз калыскан. Бұндай мәжілістерде Қуаныш суырылып сөйлей коймайтын. Көргенді үлкен ағаларымен пікір таластырушы ма еді. Кенже, ерке деген аты бар. Әке-шешеден ерте калған көдек деп, Шакшактан өрбіген бар ағайын аукымы бұны ерекше аялап өсірген... Әтсе де бұл күнгі Қуаныш кешегі ауылдан ұзап шыкпаған нәуетек бозбас емес. Әгіл екеуі Сегіздерді іздеп тауып елге бастап әкелген соң, ағайын келесіндегі беделі шарыктап сала берген.

- Соғыс өрті лаулаған жакка каймыкпай барып келді. Қанды шеңгел Қокан билеген өңірге сапар шекті. Жолдағы каракшыдан, кауіп-катерден тайсалмай тәуекелге бел байлады. – деп ағайын-анжы бұның абыройын көкке көтерген.

Сол ұзак сапар Қуанышты да шыңдады. Бұрыңғы сынык мінез шикі өкпе жас жок, ысылған, талай өткелекті көрген азамат болып оралды елге. Өзінен жасы үлкен мына отырған Сүйін, Сәтоктер туы сонау кіші жүз жеріне барып көрді ме екен. Мыктаса мына тұрған Омбыға ат ізін салған болар. Ресейге бағынған бұл атыраптың күнелтуі бейбіт, мамыражай екені мәлім. Қуаныштың барып келгені болса Қокан тепкісінде жаткан ұлыс. Кіші жүздегі ағайын езгіге шыдамай ереуілге шығып, баскыншымен арпалыскан аймак.

Демек, соғыс өрті шарпыған өңір. Саяк жүрген жолаушы жау колына түсті дегенше, еркін өмірмен кош айтысты дей бер. Қоканның ләшкерлері ат-тонын тонап, каракан басын құлдыкка сатып жіберуі әп-сәтте ғана. Зорлық-зомбылығына көнбей кайрат кылсаң, ғазиз басың сол жерде-ак топ етіп топыракка түспек. Осы зәліттес кауіпті біле тұра, ағасын іздеуге аттанған жігіт кайтып кадірсіз болсын.

Бұны ә дегенде үлкендер жібере коймаған. – Тиыш отырсын бұл бала. Жорык-жортуыл көрмеген басы бір пәлеге ұшырар. Бар ғой құдайға шүкір тіс каккан азаматтар. Анау Нәупіл, Сәтоктер барар жер аяғы кеңіген соң. – деп аға буын үзілді-кесілді карсы болған.

Бірақ Қуаныш қоярда коймай сұранып, өз үәжін көлденең тартты. Ағаларым үйлі-баранды, артында пәлен бокташақтары бар. Жаман лигпай жаксы жок демекші, алда-жалда жазым болса бала-шағасы жетім калмак. Мен болсам бойдакпын. Өлсем-жітсем жылап калар катын балам жок. – деп касарысып отырып алған.

Онысына үлкендер көне коймап еді, Жанат сері колдай кетпесе. – Атам казак айтпап па еді. – Жігіттікте тәуекел ет те іс кыл. Өлсең өлерсің, өлмесең адам боларсың. – деп. Діттеген жеріне барсын бұл жігітіміз. Ағасын іздеп бармак інілік парыз. Қан касап кырғын болса да, тәңірі сактаса аман калар. Ал енді тағдыр кырына алайын десе, үйде жүріп көрпе астында да әзірейіл таппай коймас. Өзі сұранып ниет етсе өгінен какпайык. – деп өз дәлелін тартып, ак батасын берген.

Сөйткен Қуаныш енді міне ағайын келесінде Әгілдің мәселесі талкыланғанда, өз лебізін шығарды.

- Сәтоктікі сөз-ак! Маған салса Әгілді әлдекашан-ак аға деп тұтам. Сегізден кейіңгі тетелесім осы. Тумаса да туғаннан бетер жакыным. Үй кылып шығару өз алдына міндет кой. Ертең алла жазса ел катарлы салуалы үй де болар, ұрпак та сүйер... Сол кезде сырт ел: – Байырғысың ба, ия болмаса кірме, коңсысың ба? – деп тегін казғанда не жауап бермек? Біздің казакта кірме, коңсының дәрежесі төмен екені мәлім. Күл-құтанның аз-ак алды. Ертең-ак Әгілдің немере-шөбересі де болар. Оларды сыбай-хошына елдер – ноғайсың, көшебеге кірмесің – деп мұкатпак па? Өз елімізде де кепиетсіп кемсітетін сынар езулер табылмас деймісің. Күпсіп, сөзбен шалуайттайтын кисык-кыңырлар кашанда баршылык. Соларға таба кылмай, өз ағам, андам деп білемін бұл азаматты. Ертең зәу-заты, бау-шарбағы ел ішінде көз түрткі болмасын десек, осыған токтайык, ағайын. – деп кеңесін тұжырды.

Әр сөзін салмактап, аспай-саспай байыппен сөйледі. Алып ұшпа көңіл жас-желең емес, салдарлы кісідей-ак сөз саптасы орнякты, репеті байсалды.

Қуаныштан кейін суырылып сөйлеген ешкім бола койған жок. Ағайынның назары Шағырайға ауып үнсіз отыр. Кесікті сөзді құткен пысайда. Шағырай болса асығар емес. Өңіне салмак жиған пығызсыған кейіпі бар... Асылы, мінезі кінәз Шағырай осындай сәттерде жұрттың назарын өзіне аудара, сарылтып, күттіріп койғанды ұнатар еді. Сөзін бұлдап, ойланған болып, онайлыкпен сөйлей коймайтын. Сол сапар да біресе мұртын ширатып, біресе сакалын тарағыштап, енді бірде шакшасын какқыштап ағайынның төзімділігін сынағандай-ак баптанып бітті. Акыр аяғы лебізін шығарды ау келіп.

- Жә,туыскан, түбірлі сөзді күтіп отыр екенсің. – деп ыңырана сөйлей бастады да, алка котан жайғаскан туыскандарды барлай шолып өтіп, кеңесін тарата түсті.

- Қарап тұрсам сөзің бір жерден шыққанға ұқсайды. Оған да тауба ынтымақ, татулыққа не жетсін. Нәсілі бөтен кісіні туған ата бауырдай көру деген осал-оңтағай сөз емес. Бір атадан туғандар да қырбай болып кеткені не сан. Әйтсе де Сегіз бен мына Қуаныш ... жігітті ұнатып қолқа салған соң, өзгеміз қолдаймыз да. Дыңдай азаматтар кепілдік берген соң қайтып сыртқа тебейік...

Олай болса Әгілге -киімді бала- деп айдар тағып, өз әулетімнің ұлы деп білеміз де. –

Бұл тұста назарын Нәупілге жығып. - сен түздің адамысың ... Мына Көрпеш кітапқа үңіліп ауылдан ұзай қоймайды. Сүйін болса балғасы мен қышқашымен әуре. Саят құрып, аңға шығып ел аралайтын Сәток екеуің. Құр босқа далбасалап аң қуа бергенше, ауыл-ауылға ... сұға жүргейсің. Осы екеуің болып, жатпай-тұрмай Әгілге бір шүйкебас айттырыңдар. Орнықты әулеттің, іргелі елдің баласы болсын. Ынты шығын жағына қысылма. Иісі Шақшақ зуррияты болып ат салысамын Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осы деп білгейсің, ағайын. Кеңесі кеңесіміз тәмәт тәмәм. Әгіл сынды боздағымыз көшебе ішіне тастай батып судай сіңуге жазсын. Осы байлауға қолыңды жай, туыскан деген сөзбен салалы саусақтарын арбита, қос қолымен өңін сипай әумин! – деп салтанатты реңкпен лебізін соза батасын берді.

Жанат бастаған бар ағайын да анттасқандай-ақ салмақты нысайна міне, асқан ыждаһатпен өңдерін сипасты.

Сол бір сәтті мәслихаттан соң, тірлік барысы шіркін ілез өрби берді-ау. Отыз жеті мүшел жасқа келген осы күні ойлап тұрсаң, сүрген өмірің құдды бірер сәтте-ақ зу ете зымырап өте шықты дерсің.

Ағайын ауқымы кіріссе істің қиына болған ба. Алдымен ел болып Әгілді үйлендірді. Шәйгөз уақтың жетіп отырған бір іс тігерін әперіп, сүр бойдақтың аяғын шырмаған. Жалқын сары өңі дөп-дөңгелек, піскен әңгелектей толықша қыз Әгілге салған жерден ұнай кеткен Келінді тәу көрген дос-жаран:

- Өзің сүйегің жұқа, қушық шеке сұңиген жігітсің. Ендеше бет жалпақ, тұрпаты тығыншықтай мына сары қыз нағыз лайық болар Етегінен өрбіген боқташақтары кіл торсық шеке дембелше болмаса, маған кел. – деп әзіл ілгендері.

Сол болжамдары дөп келмесі бар ма. Осы күні кешегі салт басты, сабау қамшылы жалқы жігіт өз алдына түтін түтетіп, бала сүйіп отыр Ат ұстары да, іс тігері де баршылық. Бастастары айтқандай-ақ балалары кіл домаланған бадамша. Ата-тегін сұрай қалған кісіге жауаптары қашанда әзір. – Әкеміз Әгіл, атамыз Баһрам батыр, бабамыз Шақшақ би. – деп бастап жеті атаға дейін таратып, тақылдап тұрғандары.

Күнкөрістері де жаман емес, біреуден ілгері біреуден кейін дегендей, елдің жуан ортасындағы санатта жүріп жатыр. Қоңсы-

сонаншы емес, нағыз байырғының қалпы бар. Сауын мен сойысы, мінісі өзінен, біреуге телміретін емес. Осы күні салдарлы отағасы, өрскелі шаңырақ иесі атанып жүр.

Жастық шағында мазасыздық пен қуғын-сүргінді көп көрген соң, ынтаға тұрмыска құлшына кірісіп еді сонау отау құрған кезде. Мінезі ешбек жігіт қол қусырып карап отырмай, ауылдағы бар шаруаға ұмтасады. Ала жаздай пішен шабу, күзекте кырыктық, кыста мал тоқтету сиякты наукандардан калыс калған кезі жок... Қолы да епсекті, ер тоздау, өрімшілдік, балташылық деген кәсіптерді ерте бастан-ак меңгеріп алған. Сыбай елдер бұны – әлгі Сегіздің ауылындағы ноғай ойнатқой – деп атаса, көшебе іші – Сегіздің бауыры Әгіл – деп сыйлайды. Ыкжаркын, кішіпейіл мінезімен ағайынға да, аралас-құралас сырт елге ұнап жүр әйтеуір. Әсіресе достасып, біте кайнасып кеткені - Қуаныш. Екеуі алдымен түйдей құрдас, одан калды көңілдері жараскан сырлас, ағаты азаматтар. Бір жазда үйленіп тұрмыс құрған соң, косактары да тіл таныскан әмпей-жәмпей, балаларының жастары да шамалас.

Әгілді отау кылып шығарғаннан соң-ак, ізін суытпай Қуанышты да үйлендірді ағайын келесі. Бұрыннан атастырып койған калыңдығы бар болатын, күткені – Сегіздің елге оралып келуі еді. - Ағам отау құрмайынша маған жол жок, соны тосамын. – деп жүруші еді, шакактай бергіш үлкендерге.

- Уа, Сегіз канша айналарын бір құдай біледі. Лаулаған оттың ортасында жүр ол жігітіміз. Әрі беріден соң аман калары да неғайбыл. Болкім пәлен жылдан кейін бір-ак келер елге. Сакалың сапсиып жүре бермекпісің, кезек ағамдыкі деп? – деп өзіне шүйілген Есенжан, Бауыржандарға келтесінен жауап кайырар еді.

- Жолы ұзакка созылса өзім-ак іздеп барармын Сегізді. Жаным одан ардакты емес. Атамыздың зәу-заты жок емес кой, құдайға шүкір. Дәмім таусылып опат бола калсам, зурриятымыз үзіле коймас. – деп ала коймайтын.

Әке-шешеден ерте калған кенже ұлға, үлкендер пәлендей батырып сөз айтпайтын.

- Бұ кикарға шаран болса кыл! – деп Есенжандар колын сілтеп тыпар еді.

Сөйткен Қуаныш Әгілдің ізін ала үйленген болатын. Жас отаудың табалдырығын аттаған сындарлы сұрша кыздың аяғы құтты болып, өстегінен кіл еркек кіндікті перзент өрбісін де кетсін. Осы күні шекесі торсыктай бес ұлдың әкесі болып отыр Қуаныш. Жамағаты кәртайып отырған жок, әлі де шакалактан үміткер.

Косағы тың, бала көтерер шама-шаркы болған соң ғой, ұлдардың біреуін Сәток сұрап алып бауырына басып алғаны. Адамның ет-бауыры баланы кім киып бере койсын. Туған ағаңа болса да баланды

беру оңай емес-ау. Әйтсе де Сәток жалынып-жалпайып өлердегі сонн айтқан соң, Қуаныш көңілін қимады.

Тағдырдың қитұрқысында шек болған ба? Жарылқайын десе де, еседен қағайын десе де құзырында ғой. Сәтокке келгенде болса, тағдыр қыңырлыққа басып ұл баладан қақты да жіберді. Тумысынан ожар, ұр да жықтау еркек мінезді жігітті келеке қылайын дегендей, жасаған ие кіл қыз балалы қылғанын қайтерсің. Алла-тағала – мінезің докір, омыраусың. Сол мінезіңді жұмсартайын бәлем жаппай қыз жіберіп Тауаның шағылып қыздай сызыларсың бәлкім. – дегендей-ақ.

Жастай қосылған бәйбішесі қас қылғанда кіл іс тігер тауып, лажы құрыды да қалды. Бәйбішедеп түңіліп тоқал да алып көрген. Бірақ құдай-екең қырына бір алса болған ба. Кіші бибісінен де шетінен шөпжелке өрбісін де берсін. Нәтижесінде осы күні тоғыз қыздың әкесі атанған жайы бар Сәтоктің. Сол себептен ақыры келіп Қуанышқа жабыссын.

- Басың жас, тұғырыңнан түскен жоқсың. Жамағатың да тың, тіл ауызым тасқа. Құдай қаласа әлі де ұл тауып берер. Сондық, бір атұстарыңды қи маған. Өз баламдай тәрбиелеп бауырыма басайын Ізбасарсыз өтем бе? – деп бастап өлердегі сөзін тоғытсын-ай келіп.

Сегізге сідет артайын десе, ол үйдің о кездегі нәрестелері шетінен, ерлі-зайыпты екеуі көңілсіз жүрген. Қолқа салуға реті келместей... Ия жұмсақ Қуаныш ағасының көңілін қимай, қосағын көндіріп емшектен жаңа шыққан боқташағын беріп тынған. Сейіткерейдің соңынан ерген жалғыз еркара сол.

Қытымыр тағдырға деген наласын Сәток әредікте ағайынға мұнан шағып та қоятын. Онысын тыңдай-тыңдай Шағырай бір отырыста тосын пікір де айтқан

- Е-е, бауырым, бекер налисың ойлап тұрсам. Құдайдың бұйрығын қыңқ етпестен көтере білген жөн. Бұл да жасаған иеміздің басыңа жіберген бір сын, ескерту шығар. Тәубәңді біл дегендейін. Ой жүгіртші өзің, мінез-құлқыңды сарапқа салып. Ұр да жық, шакар айғырдай одыраңдаған жүріс-тұрысың бар. Демей, еркектігің ас та төк. Сол кенерінен асқан еркектігіңді жуасытпаққа, құдай-екең саған ыңғай қыз бала сыйлағаны. Неге десең, табиғаттың тепе-теңдігін қадағаланы шығар. Жібектей есілген кіл нәуетек қыз балалар өзіңе үлгі болып, шор болып қатқан мінезіңді жуасытар ма деген айла-шарғысы болар. Бұл сөзіме дәлелім де әзір, тыңдай білсең. Ауыздықты ала қашпай сөзді көтерсең, оны да көлдпеңдеп тартайын. –

Осы тұста Шағырай өңі күреңітіп отырған Сәтокке бір көз тастап та қойған. Шадыр мінез туысканының насихат тыңдар тарпы бар ма екен, деп барлағандай. Қабағын түйе томсара қалған інісінің сүдіниіне біраз үңілген соң, кеңесін желілей берді.

- Анау өзіміздің Қапар мен Қуанышты мысал қылайыншы, әріге бармай-ақ. Екеуі де жуас, қой ауызынан шөп алмастай дерлік адаматтар. Сөз саптастары сыпайы, мінездері биязы, қыздай сызылып тұрады-ау шіркіндерің. Сонысына орай тәңіріміз кіл ұл бала жібергенін көрмеймісің бұл екеуіне. Табиғаттың тепе теңдігі осы емей немене? Қыздай сынық мінездіге ат ұстар сыйлайды да, қодаң мінез еркекке төмен етектіні жібереді екен жасаған иеміз. Көптен бері осы жәйтты сарапқа салып жүр едім. Шығарған қорытындым осы, жігітім. Ашшы шындық, не қылса да. Дос жылата айтады демекші, мен құлақ қағыс қылмасам, кім естіртеді өзіңе бұндай сөзді. – деп тоқыраған еді Шағырай.

Қанша дөкір болса да, ашшы сынмен таласа қойған Сәток. Есті тентек емес пе, ағасы шешен тілмен алды-артын орап тастаған соң несіне қасарыссын.

Сөйтіп Әгіл де Қуаныш та отау-отау болып шығып жүріп жатты. Сегіз бен Ырысбике де тұңғыштары Мұстафаны сүйіп, ақ борықтай ұлдың қылығын қызықтай бастаған. Пәленің басы сол бір кезден-ақ басталып еді-ау, кейін жадта жаңғыртып ойға салса. Пәле болғанда кәдуілгідей дерт. Бәз баяғы уланған жау жебесінің кесірі. Бастапқыда сол жақ тізесі ісіңкіреп, жүрісі сәл ғана ауырлай бастаған. Ә дегенде оған мән бере қойған жоқ. – Жебенің тобыршығы тиген тұс қой, ісігі өзінен өзі таркап кетер, қайтер дейсің. – деген оймен елең қылмап еді.

Бірақ бір жабысқан наукас еркіне жібермеді. Күннен күнге меңдей түсті. Алдымен сол жақ тізе күп болып ісіп, бірер айдан соң оң жақ несінің буыны сыр бере бастағаны. Ол ол ма. Дерт аскынып бар буын ағаулыға жайылғанын қайтерсің. Екі қолдан әл құри бастап, салмақты ұзақ көтеру деген қиындады. Әлуетті дененің бұрнағы буырқанған қайраты қайтайын деді. Бұрын балтаны ұршықтай үйіретін оң шеңгелі жонді жұмылмай, қолтығын ашканда иығы әрең көтерілуге айналды.

Елге келгелі жазылғандай болған дерт, аяқ астынан қайта бой көрсетсін. Сірә құлан таза айықпай, бұғып жатып алғанға ұқсайды. Жас дененің қуаты бар, соғыста арпалысып жүрген ет қызуы бар, наукасты нәм-сәм қылмай жүрсе керек бастапқыда. Ал енді бейбіт өмірдің мамыражай тірлігі, бұрын ширап жүрген жүйкені басатқан болар. Қауіп-катер жоқ, көңіл жайлауда болған соң адам ағзасы борпос тарта ма, әлде дерт тым уытты ма, әйтеуір тұла бой әлсірей берді.

Балта демекші, қолына ұстағаны соғыс құралы ай балта еместін. Үйді кеңітпек болып жаң қыстау салуға кіріскен еді. Қарағайдан қиып кала үлгісімен крестауай үй сала бастаған. Соған кәдуілгі үйші ағаш ұсталардың қысқа сап балтасын қолға алып, бөренелерді жонып жүр еді. Балтасының жүзі ұстарадай, карағай қабығын сыдыртқанда лыпылып сырғиды.

- Керейден ұл туса, ағашқа күн туады- деп тегін айтпаса керекті ойлайғы ел. Үй-жай, қора-қопсы тұрғызғанда сырттан ұста іздемейді

көшебе ауылдары. Өз елінің колы епсекті, үй салу әдісін бүге-шігесіне дейін меңгеріп алған азаматтары жеткілікті-ак... Пай-пай шіркін, жаңа кесілген карағайды төрт кырлап жонғанға не жетсін! Бұдырлана біткен коңыркай кабығын сыдырғанда, жас діннің бұркыраған хош иісі мұрынды жарып жібергенін айтсаңшы. Шайырдың хош лебі окшеп ашып, құдды бір орманның ішінен шыға келгендей әсерленесің.

Төрт-бес жігітті бастап, кыстау үйді салып жүрген кезі еді. Құдай берген күш бар ғой, ауыр бөрененің ұшын жалғыз көтеріп, жоғарыда тұрған жігіттерге әпере береді. Төрт жігіт мыкшыңдап әзер көтеретін сом мәткені, бұл сока басы орнатып коятын. Сөйтіп, әрі өз кайратын бейбіт кәсіпке жұмсағанына сүйсініп, әрі ағаш ұсталығынан лаззат алып жүргенде, ескі наукас ал кеп кайта жабыссын.

– Батпандап кірген дерт мыскалдап шығады – деген сөз бар емес пе. Айткандай-ак, бұғып жатқан ескі наукас бой көрсеткен сонда күрт үдей берді. Батпандап кіргені сол, бірер айдың ішінде алты мінудің өзі киынға айналғаны. Аттанар жак тізе жөнді бүгілмеген соң үзеңгіге аяк сала алмайды. Жаяулап кетсе, аксаңдап ұзакка бара алмайды. Бәрінен бұрын екі колдан күш кеткені батайын деді. Тепсе темір үзетін мелжемді азаматтың кайраты кайтканы киын екен. Кәріліктің салдарынан кайтса бір сәрі ғой. Жасың ұлғайса шаруан кайсы. Баска салған соң канша кынжылсаң да, мүсәпірлік халге мойындауға тура келді.

Жігіттің жігіттігі осындайда ғой. Мінез жасык, боркемік болса сары уайымға салынып құсадан да солып бітер бәз біреулер. – Жарыма жаксы касқарар, ойбайлап жаман бас салар- демеп пе еді бұрынғылар даныпшаны.

Осы жәйтты ескеріп сыр білдірмей, тістеніп бакты Сегіз. – Ойпырмай-ай, не көрмеген ғазиз бас. Мына жас косылған жұбайыма обал болды-ау. Өзі тұмса байғұс, әрі тұңғыш ұлды бағып, әрі мені күтіп жүргені ме? Қас кылғандай өзі де емшегімен киналып жүр еді. Оның үстіне мен сідет артсам не болғаны? Жок болмас. Ер-азаматпын ғой. Шыдап бағайын не кылса да. – деп түйген.

- Емшегімен киналды- дегеннің мәні бар еді. Тұмса туған Ырысбике тәжірібесіздік кылып, бір жак емшегін ауыртып алған. Сүт мол болды ма, әлде омырауын мұқият кымтамай жел карыстырды ма, әйтеуір сыңар емшегі шорлана катып калған. Қатканымен коймай солкылдап ауыра бастағаны. Жас келіншек бастапкыда ұялып ауырсынғанын жасырып жүрген. Така болмаған соң ғана, тісскаккан жасамыс абысындарға құлак кағыс кылған болатын. Талайды көрген Пәрида, Самалдар колма кол ем-дом жасап Ырысбикені күтіп алған. Емшегін маймен сылап, киналғанына карамай сүтін тамшылатып шығара сауып, кеудесін тас кылып орап тұмшалатып коя еді.

Сөйтіп өзі дертке шалдыққан қосағына, қарақан басының әлсірегенін білдірсін бе Сегіз? Қанша жанына батса да қыңқ етпестен шыдап бақты. Бірақ тіс жармай, жан адамға шағынбағанымен әлсіздікті жасыра алсын ба? Бұндайда ауылдастың көзі қырағы болып келетіні ежелден мәлім. Кейде төмен етектілер жағы аңдағыш болады. Төмен етектілердің ең алдыны өз үйінде ғой. Әрі сезімтал, әрі байқағыш келіншегі бар емес пе. Ырысбике бұны -серім- ия болмаса Мұстапаның көкесі- деп атар еді. – Сен – деген күні жоқ. Жұрт көзінше болсын, үй оңашада болсын, ыңайы сызылып – сіз – дегеннен жаңылған емес.

Сегіз бір әредікте әзіл іліп: - Тар төсекте қауышқан соң қайдағы –сіз-? Бет ашылған соң өзімсініп –сен – дей берсейші. Еркексіп көсемситін кезіңмен емес. Тең-тұс болып, емін-еркін жүре бер. Терезесі тең, ашық, ерікін кісіге кейіген тұсым жоқтын. – деп ескерткен болатын.

Онысына жымиып қойып қана көзін әкете берді Ырысбике. Жауап қатпастан үнсіз құтылған... Уақыт өте кейін бір сырласқанда ғана: - Сенді аспандағы жұлдыздай көруші едім, серім. Мақпал әпкем екеуіңіздің асықтық хиқаяңыз бүткіл Сыр өңіріне мәлім емес пе? Сол бір маһаббаттарыңызды үлгі тұтқан қызбын. Жүздеспесем де сыртыңыздан сыйлап, пір тұтып жүргем, илансаңыз. Сөйткен пірімді «сен- деп қайтып бадырайтайын. Бетке былш еткізгендей болмаймын ба?» деп мән-жайды ұқтырар еді.

Осы мінезінен, ұстанған жолынан айныған бір тұсы болсайшы. Мақпалдың атын да дәйім ардақтап жүрер еді. Зәредей қызғанышы болған емес. Қызғанбақ былай тұрсын, жұма күндері иіс шығара шешек пісіріп, аруақтарды еске алғанда Мақпалды атамай қалғаны жоқ. Мақпалдың Сегізге сыйлаған кестелі жібек қол орамалын жастерлеп ұстап, сандық түбінде сақтап та жүр.

Тұмысынан мінезі салмақты болған соң ба, қайсы бір әйелдердей емес, бос сөзді сұқаны сүймейді-ақ. Тәу көрген кісі томаға-тұйықтау жеңіл де қалатындай. Бірақ бұл мінезі бір көрмеге ғана. Сырына қанық жүрегі Ырысбикенің қабақ аңдағыш, көңілі жүйрік сезімталдығын мойындар еді... Сөйткен жамағаты Сегіздің науқасын аңғармай қойсын ба? Бұл аяғын сылти ақсаңдай бастағанда-ақ:

Серім, не болып қалды? Өңіңіз қашыңқырап жүр ғой. Сол жақ иығыңыз бастырмай жүр ме, қалай? Байқаймын, балта сілтегендегі сергіпіңіз де бәсең тарткандай... Бұрнағы науқас қозайын дегені ме екен? - деп үй оңашада қазбалай бастасын.

Сегіз: - Е-е, тәйірі, соны да сөз қылып. Болмашы бір кінәраттағы. Ешкім дейсің, жазылар. Әлгіндей болмай-ақ қатарға қосылып кетермін. Көр де тұр. – деп мән бермегенсіп, жүре жауаптасақан.

Арада ескі дерті бұл еркінсінуіне жібере қоймай күн санап, ай сайын асқындай берді. – Ауырғанды жасырсаң өлгенде қайтып

көмерсің? – демекші, колдан күш кетіп әлсіздік меңдеген соң, ем-дом іздеуге тура келді. Оған да жан салып кіріскен Ырысбике. Ол емшегінің сыздап мазаны алғанына карамай, ал кеп тәуіп іздесін. Ал жетер жердегі емшілерді алдыртып, колдан келер шара атаулыны істеп баккан. Сар буын болған тізе ісігіне түйе жапырактың сөлі шипа екен. Сол жаялыктай-жаялыктай түйе жапырактармен тізені кабатлап орап, тас кылып таңып тастайды. Шұлғауланып таңған күйі тәуліктей жүре береді. Әлгі орап алған тізесі біраздан кейін кышиды-ай келіп. Тәуіптің тілін алып, дуылдай ашып кышыганға шыдап бағады. Әбден болмаған соң ғана, таңғанын таркатып әлгі түйе жапыракты алып тастайды. Сонда әу беттегі әрі көкпеңбек, әрі сөлді калың жапырактар ку шүберектей бозара куарып, кағаздай жұп-жұка болып калатын.

Бұнысы – ісіктің зәрін сорып кайтарған түрі. Колданған емі осы ак. Оның үстіне: – Бойыңды суыкка ұрындырмай калың киініп кымтанып жүр. Жел карысып тер каткан жаман болатын. - деп егделер кенес айтады өздерінше.

- Тұзды көлдің лайына көміліп жату керек. Сағыздай созылып корысы сарп наукасына мың да бір ем болатын. – деп көне көздер акыл косады.

Әйтеуір не керек, колдан келер ем-домды істеп бакты. Бұл ем наукас аскынып кайта козса, құрғак күшке көнбей мыскалдап әрен шығатыны рас екен. Сөйтіп, бара-бара атка мінудің өзі кинолы соғайын деді. Аттанар жак тізесінің сар буын болып бүгілмейтіннің салдары да. Орыстың мәстегі болмаса, казактың аты камшыдан жактан міңгізбейтіні бесенеден белгілі.

Қайрат кайтса да көңіл шіркін бұрынғыдай, атка мінбей жүрсе алсын ба ер азамат басымен. Сөйтіп дағдарып жүргенде көрді той косағының пайдасын. Әншейіндегі тұйыктау, тартыншак мінезі жарып беріп ашылмасы бар ма. Өз емшегінің сыздағанын былай койып, тіпті ұмыт кылғандай-ак, ал кеп білегін сыбана Сегізге жәрдемдесуге кірісіп кетсін. Атын ерттеп, өмілдірік құйысканын сала, кос айылын тартып бекітіп коятын. Шап айылын тас кылып тартып койған ол мелжемді жігіт бекітті дерсің.

Бір күні ерттеулі атка мыкшыңдап кона алмай, тізесін әрең бүгіп кайта-кайта ұмтылып тұрғанда, кенет әлуетті бір кол белінен капсырып ұстай алып демеп кеп жібергені. Ерге топ ете конып, оң аяғын үзеңгіге өткізе тізгін-шылбырды ұстай алып, шапанының шалғайын такымына басып кымтай берген. Демеп жіберген касы екен деп караған да жок. Маңайда жүрген Әгіл ия Қуаныш болар деп ішінен топшылаған да койған.

Атка конып әбден орнығып алған соң жан жакка көз тастап ол мәссаған безгелдек, ту сыртында күлім кағып Ырысбике тұр. Таңыркаған күйде:

- Уа, сен бе едің жаңа демеп жіберген? – деп сұраса, - Мен болсам ше, несі бар? – деп каннен каперсіз жымиғаны.

- Сокталы азаматты бұйым көрмей көтергеніңді айтам да. - Қатын кайіраттанса казан кайнатар - деген бар емес пе? Шын кызса ұрғашыға ка күш бітеді екен-ау. – деп таңыркағанын жасырған жок.

- Нар көтермес жігітті кыз көтерген. – деген де сөз бар, серім. Қатын атаулы кырык жанды келмей ме. Әрі көнбіс әрі төзімді. Бір азаматты күте алмастай не көрініпті. – бәсең ғана үнмен жауаптаскан жұбайы, ортында жерге түсіп калған камшыны әспеттей ұстап әпере берді.

Сол бір күннен бастап үнемі өз колымен аттандырып жүрді ғой, кайран ару. Атты да ерттеді, ауыр жүкті де өзі көтере білді. Бір кабак шылтканын көрсетсейші. - Ерге ер, серіге сер – деп осындай зайыпты айтса керекті бұрыңғылар.

Шипагерлер айткан бар ем-домды колданып Сегіз дерттен айыға бастағанша, төртті-бесті жылдың жүзі де өткен. Содан соң ғана там-тұмдап күш-куат калпына келе бастады. - Бойды меңдеген сыркат мыскалдап шығар - деген сөздің шын екеніне көз де жеткен. Өз басынан өткен жәйт кой... Кенеулі ас-аукат, жаксы күтім, дәрілік шөптер мен сор ыстак көлдің лайымен кылған ем-дом, акыры оң нәтижесін бере бастаған. Біртін-біртін кол-аякка әл бітіп, бой сергиін деді. Бұрыңғыдай ыстта ұстап бөрене жона алмаса да, жеңіл-желпі кәсіп колдан келейін деді... Сонау жеткіншек кезінде меңгеріп алған зергерлікті кайтадан ермек кылуға тура келді. Ісмерлік шіркін колы епсекті кісіге кәдуілгідей ұстаныш-ау. Көрік басып темір балкыту, балға, төс, аталғы, кышкаш сиякты құрал-сайманды колдану деген көңілге медеу екен.

Бағзының ұста мен зергерлері алдымен сауыт-сайман соғар еді. Ак сауыт, кіреуке, дулыға дегендей. Қаруды әспеттеп ою-өрнек ойатын... Бірак найза мен кылыштың о бір заманы өтіп барады бұл күнде. Орыстың мылтығы мен зеңбірегі бел алған соң, жығалы дулыға, пыран, құяр сиякты сауыттар кажетке аспай калған.

Сол себепті зергер атаулының бүгіңгі кәсібі әшекей ғана. Күміс білезік, каска ер-токымға кара зер жүргізеді; кыз-кыркын, катын-ысташтың бергегі мен білезігі, сырға, шолпы сиякты әшекей бұйымдарын соғады. Бөріктілер колданатын күміс кісе, деңмент ісілбеу, ернеуі күмістелген мүйіз шакша сынды бұйымдар және бар.

Сонау жеткіншек кезінен қызыға соғатын бір бұйымы – белге ісілтіп жүретін кездік еді. Кісеге дәндәку мен окшантаймен катар ісілтатын кәдуілгі кынды кездік... Білетін кісіге кездік соғудың мыстакаты шаш етектен. Алдымен көрік басып темір соғу. Соғудың ісін меңгермек керек. Және ерінбей-жалыкпай ұзак сокканың шарт. Балкып кызған темірді камырдай илеп, сансыз кайталап не құрлым көп соксаң құрыштың сапасы арта бермек.

Одан кейін балғамен тықылдата майдалай соғып, жүзін сүйірлеп жұқартып тұрып шығарасың. Жүзін шыңдап болған соң құрышты суару қажет. Бұл бір қыл көпірдей жауапты, күрделі іс. Әдісін білмесең кездіктің жүзі ия жасық, ия морт сынғыш шатынағыш болып шықпақ. Қойдың құйрық майына, түйенің өркеш майына суару сияқты әдістерді қолдана береді ұсталар. Пышақ, бәкінің жүзі жасық та, кетілгіш сыңғақ та болмағаны шарт. Бір қайрап қойған болат пышақ ірі қара малды сойып, терісін сыпыра жіліктерін мүшелеп болғанша мұқалмауға тиіс. Одан кейін саптаманың қонышына жанып-жанып алған соң, табақтағы піскен етті турап беруге жарағаны мақұл. Үілдіріктей жал мен қыртысты жаяны, қазы-қартаны тураганда, ұстарадай лыпып турганы керек пышақ, бәкі атаулының Жапырақтата, келістіре турамасаң аска кол жүгірткен шал-шаукан сынап-мінеп күңкілдеп бітетіні бар әдетте.

Осындай болат жүзді пышақ пен бәкі соғуға деп қойып еді, дерттен айыға бастаған кезде. Жетесі мен мүйіз сабына күміс зер жүгіртіп, былғары қынына батқы салып, көздің жауын алғандай қылып соғады. Соққан кездігін бірер ай қызықтап қолданады да, қолқа салған бастастарға тарта салады. Шағырай, Жанат сияқты сері көңіл ағаларға сабына алтын жалатқан шаппа да соғып берген.

Қайсы бір тәлімсіген шал-шақпыт: - Уа, көңілі жақын кісіге пышақ сыйламас болар. Қазақ баласы бәкіні ұрлап алатыны қайда? Кездік, қандауырды сыйға тартсаң араздасып қалуың да ғажап емес. – деп бұл қылығын сөккен де болатын.

Бұндайда карттардың қыжыртуына үәж табатын Шағырай болады. Ол қай бір оңайлықпен ыға қоятын кісі. Сүйекті сабына алтын зер жалатқан бәкінің ұстарадай қылпып тұрған жүзін бармақпен байқап:

- Е-е, көки береді де кәрі шөңгелер. Іштері күйіп көре алмайды да арғы жағында. – Пышағыңды шыныңмен бер, шыныңмен берсең қыныңмен бер. – деп айтқан жоқ па еді атаң қазақ. Пышақты тартуталрағы қылмаса, бұндай сөз калар ма еді бұрыңғылардан? Аталы сөзбен таласпас болар. – деп өз дәлелін көлденең тартар еді.

Пышақты соғу ұсталық болса, сабындағы күміс пен алтынға зер жүгіртіп ою-өрнек салу нағыз зергердің ісі. Беті бедерсіз тақтадай тегіс күміске көз тоқтай қоймайды әрине. Көздің жауын алу үшін нақысты өрнек салу керек. Міне мұндайда зергердің шеберлігі танылады. Бұл атырапта аты ауызға ілінген зергер Сүйін екені мәлім Шеберден мін алатын міністердің өзі. Бір ерекшелігі – өрнегінің суретін екі қайталамайды. Сүйін салған оюды өзге зергер атаулы дәл айнытпастай қылып жүргізе де алған емес. Сүйіннің қолынан шыққан зерлі күміс бұйымдар, шебер нақысының арқасында алтын әшекейлерден де асып түсер еді.

Сегіз сол ағасына еліктеп өзі ізденді. Оюмен сурет салғанда, киялдан туған соны өрнек тауып бағады. Іске бар ынты-шынтысымен берілгені сонша, баз-базда таңның атысынан батысына дейін сарылып отырып, оюға шұкшиятыны бар. Онымен коймай, сәтті шыккан соны өрнекті жаңа соғылған кездікті кынынан қайта-қайта шығарып, тамашалап карай береді. Бұйымның көркіне сүйсініп тоймағандай. Домбыра шертіп отырғанда да, алдында жаткан енді ғана соғылған кездікке әлсін-әлсін көз тастап қоятыны бар. Өз колынан шыккан келісті бұйымға көзі тоймай сұктанатыны соншалық, тіпті Ырысбике кызғанып та калатын.

- Мүкәштің көкесі-ау, есі-дертіңіз ана бір пышақта ғой, карап тұрсам. Күп ұзак көз сатасыз да отырасыз. Бір ауық мына балаға көңіл бөлсеңіз етті. – деп кәдуілгідей наз кылып, күңкіл шығара бастайды.

Одан артық сөзге бармайды әрине. Әйтсе де Сегізді пір тұтатын келіншектің ауызынан шыккан бұл болмашы наразылыктың өзі осал белгі емес. Нәуетек жұбайын кейітпейін деп, әнтек кеткенін әзілмен жуып-шаяды Сегіз:

- Бикешім-ау, көніліне алып калғанның кай жағысын өзің? Бекер, бекер! Бұртия калғаның тіпті де жараспайды өзіне. – деп езу тартады да, сөзбен жұбата береді.

- Бұ кездік, бәкі сияқты ұсак-түйек заттар еркек кіндікті біткеннің коз құрты ғой. Аяғының желі бар сәйгүлік, құмай тазы, алғыр кыран сияқты алданышы. Ер жігіт деген жылтыракка кызыкпайды. Төмен етектілер сияқты әшекей атаулыға құлкы жок. Есесіне кадір тұтатыны кару-жарак. Құдайға шүкір, осы күнгі заманымыз бейбіт болып тұр. Сапы мен береңгінің, наркескен семсердің дәурені келмеске кетпек. Сол карулардың жұрнағы ғой бұл кездік, бұйда пышак деген. Жігіттің ауесі зәліттес.

Ат басындай алтынды місе тұтпайтын ер-азамат, келісті соғылған жүзі болат сырты құрыш кездік дегенде, такатынан айырылар. Әйел затының тұла бойы самсап тұрған әшекей емес пе еді ежелден? Кемзалының капсырмасының өзі бір каралык бұйым. Еркектер болса бұның біріне де кызыккан емес. Анау Жанат көкеміз сияқты ілуде бір сәнкойлар болмаса, балдак та салмайды саусағына. Ал енді бұйда пышак, бәкі дегеннің жөні баска. Жер жұкартып талай елдің дәмін таттым емес пе. Күміс кынды, жалманы кайкы кездікті колына алғанда, елең етпеген еркекті көрген емен, илансаң. Аяғын тік баскан еркек атаулы көзі жарк беріп, жанданып кететінін кайтерсің. – деп бір талай сөзді шығын кылып, өз дәлелін көлденең тартады.

Өйтпегенде кайтсын. Қылкан кескендей жап-жас келіншегіне ә дегеннен-ак жаны ашитын. Мүлде бөлек алыс киырға, табиғаты ұксамас жат өлкеге ұзатылу оңай болып па. Арканың ускірігіне бой

үйретудің өзі бір қияметтей. Оның үстіне жаңа келген орта, қауым да жат. Қаумалаған өз төркіні, қалың бағаналы жоқ бұл елде Абысындары болса кіл осы төңіректің тумалары. Керей-уақ, одан қалды атығай-қарауыл. Сыр бойын есек алып мұндасатын жан болсайшы. Ол жаққа ат ізін салып, көріп, біліп қайтқан өз жары Сегіз ғана. Сондық, кіндік қаны тамған жерді сағына қалса, шер тарқатысатын сол емей кім болушы еді.

Осы жәйтты әу бастан-ақ жақсы ұғынған Сегіз, келіншегінің көңілін аулай жүретін. Қайсы бір оқыстау мінез қырларын кешіре де білген. Ондай бір мінезі – балаға деген қызғаншақтығы болатын. Қулық бие құлын жанды – демеуші ме еді қазақ, дәл сол мәтел сай келмесі бар ма Ырысбикенің мінезіне. Тұңғыштары Мұстапа туғанда, сол баланың асты-үстіне ал келіп түссін. Бөлеп, мәпелеп, қайта-қайта аймалай өбектеп, жаны-құтты қалсайшы. Жұрттан жасырып, жан біткеннің көзіне көрсетпеуін қайтерсің.

Бұнысына Пәрида мен Самал бастаған Сегіздің жеңгелері кейіңкіреп те қалған. – Бұдан баска еш келін-кепшік бала тапағандай-ақ, о несі? Бізден қызғана ма сонда? Жұртка көрсетпесе екеу бола ма екен әлгі боқташағы? – деп бірталайға дейін күңкілдеп жүрген.

Бұлардың өкпесін Сегіз жұқалап Ырысбикеге жеткізіп еді, нәрестесін бесікке бөлеп отырған жұбайы сәл ойланып жымиып қана қойды да:

- Серім-ау, бұл халайық біле білсе бұл баланы мен өзім үшін таптым. Сегіз серіге сыртынан ғашық едім. Мақпал әпкеме арнап шығарған әніне де ғашық едім. –Ғаyһартасты- айтам да. Әпкемнен ешқашан қызғанған да емеспін. Қыршынынан қиылса да одан бақытты жан жоқ деп білемін. Маған салса соның тағдырын қалар едім, имандай шыным. Өзім ерте үзіліп, есесіне өзіме арналған Ғаyһартастай ән қалса ел ауызында, армансыз өтер едім.

Бірақ маған ондай ән бұйырмапты. Сегіз серім әпкеме ғашық болса шарам қайсы. Оқасы жоқ, талайымнан көрем. Әйтсе де сол серімнен бала тауып алдым. Ауызынан түсіп қалғандай өзінен айнысайшы. Менің Сегізім осы ендеше. –Мүкәш- деп атын да қойып алдым. Серімді бала кезінде осылай атаған екен үлкендері. Бұл Мүкәш сынды ол Сегізім мені ғұмыр бақи сүйіп өтетініне еш шүбәм жоқ. Олай болса бұл сәбиімді қайтып қызғанбайын көлденең көзден? Бүкіл ғаламнан қызғанамын әрі-беріден соң. Өйтпегенде ше? Солай емес пе, ә көкешім? -Шешеме арнап қашан ән шығарасың – деп қиғалақ салшы анау тұрған әкеңе. – деген сөзбен құйтақандай нәрестені өбектей түсті.

Аң-таң болған Сегіз мына сынды ұтықты сөзге еш жауап та қата алмады. Не дей қойсын? Не десе де өз бетінен қайтар келіншегінің түрі жоқ. Есіткенін милап іштей қайран да қалған... Бұ әйел затының

мінез-құлқын түсініп болған ба? Адам жаны жұмбақ екені рас та шығар. Оның ішінде төмен етекті атаулының сыры тұнып тұрған күшія дерсің. Олай демеске шарап қайсы? Мына зайыбының әлгі сөзі соның айғағы емей немене еді?

Армандаған жігітіне тұрмысқа шыққан түрі болса мынау. Тату тоғы өмір сүріп жатыр, құдайға шүкір. Ишшай дескен күндері түгіл сөгтері де болған емес. Мінекей аман есен босанып бала да тауып алды. Бала болғанда қандай десеңші. Қасы көзі қиылған ай маңдай бір ұл. Мұратқа жетпегенде несі қалды ендігі?

Жоқ, олай болмай шықанын көрмеймісің. Пенденің арманында шек жоқ-ау асылы. – Маған ән арнаған жоқ сүйген жігітім. Ғаухартасын әпкем Мақпалға арнады – деп киялап шықты-ау. Назының түріне болайын. Құйтақандай шақалаққа тіл қатып, - әкене құлақ қағыс қылғайсың – деп айласын асырғанын қайтерсің. Пай-пай шіркін, бұ әйел затының құлығына найза бойламас әсте. – деп түйіп, ішіне тынған да қойған.

Тынбай қайтсын. Тұмса туған келіншегінің сәбиді қызғыштай қорығаны болмаса, өзге еш міні жоқ. Мінезі жібектей есіледі. Сегіз ісесе, шығарға жаны жоқ. Ауыл-аймаққа да қадірлі. Бар үйдің, дүмді мырзаның қызы едім деп титтей кергігені болсайшы. Үй жұмысына қолқабыс қылуға әзір қызметші қатындар бола тұра, отаудың күтімін өзі атқарып жүр. Өйтетін себебі – асқан ұқыптылығы мен тазалығы. Ыдыс-аяғына қыл тұрмайды, үй іші қашан көрсең де мұнтаздай. Осы қасиетімен Әдебия сынды үлкен абысынына жаққан болатын.

- Сері қайнымның аузының салымы бар екен, не қылса да. Қолына қондырған құсын көрмеймісің. Бағаналының осы бикеші шаруаға ұқсақ екен, қарап тұрсам. Үй іші тұянадай жіп-жинақы, көрпе-жастығы үнемі тап-таза. Бит терісін биялай қылатын құнтақты да. Ауызы сүйреңдеген қайсы бір салпы етектердей сыпсың сөзге де жоқ. Осек-аян, қақ-соқпен ісі болсайшы. Тойған қозыдай томпиып жүргені. Байы мен баласын күтуден өзгеге мойын бұрмайды. – деп оң пікірін әу баста-ақ білдіріп қойған.

Әдебияның Сегіз бен Ырысбике жөнінде және бір айтқаны бартын. Байыпты да пікірлі кісі ғой, сырттан бақылағанын ой елегінен өткізіп тұжырым қылса керек.

- Айтып айтпай не керек, сері қайным жастықтың буымен басын тауға да тасқа соқты-ау. Жастық, мастық не істетпейді дейсің? Өліп-ошіп ғашық та болды әнекей. Бірде ноғай қызына, бірде сонау Сырдың сұлуына ән шығарған екен... Шын ғашықтар қосылмайды деген бар емес пе? Онысы рас та шығар. Қай киссаны оқысаң да асық біткен сүйгеніне қосылмай арманда өтеді екен. Есесіне лаулаған маһаббатырынан кейінгі ұрпаққа жыр-дастан қалады. Адам баласын

ізігілікке бастайтын әндер қалады. Бұ киссалар уакыт өте ертеп киялға айналады. Хош делік. Ол рухани дүние екен.

Ал енді сонымен катар күнделікті күйбең тіршілік бар емес пе? Ғашықтың бірі шетінесе екіншісі тірі де калуы мүмкін ғой. Сол тірі тірлігін істейді дағы. Өзіміздің Сегіздей. Үйленеді, бокташак сүйеді дегендейін... Сол күнделікті күйкі тұрмысқа лайык косағың болсын. Үй болған соң ыдыс-аяк сылдырламай тұрған ба. Бөтен әулетпен шыккан адаммен тіл табысып кету оңай болып па? Ол түгілі бір кіндіктен өрбігендер де сөзге келіп, кидаласып жүргендері.

Бір туғандар жүз шайысып жатса, ерлі-зайыптыларға не жорық десеңші. Қазактың кай еркегі катынын шырылдатып сабамаған. Атадан келе жаткан үрдіс, күйкі тірліктің заңы со дағы... Сөйткен келеңсіз жәйттерді шын ғашықтар көтеруші ме еді? Сондық, күйкі тірлікке кәдуілгі каражон көнбіс катын керек. Төбесінен кара аспан төнсе де кыңк етпестен төзетін. Дүние төңкерілсе де қабак шытпастан томпаландап шаруасын күйттей беретін.

Сондай бір көнтерілі таспа бойлы торы біздің серіге бұйырған екен. Демек, аузының салымы бар өнерпазымыздың. – деп ол сынайластарына бірталай сыр шерткен.

Әйелдерге айткандығы, кайнысына жетсін деген есебі ғой. Томен етектінің ауызында сөз тұрмайтынын кайтып білмесін.

Шынымен-ак бар сөз каз-калпында Сегізге ұзамай-ак жетті. Өмірдің әрбір ойы-кырын шиырлаған сындарлы кісі ғой Әдебия. Сол де дәмді, пікірінің салмағы да бар. Не кылса да, келелі кеңесі Сегізді ойға калдырды.

Кей тұсыммен келіссе де, кей тұжырыммен іштей дауласып та калған... Макпалға бір көргеннен ғашык болғаны рас. Лау еткен сезім шабытка түрткі болып, соның әсерінен ән туғаны да мәлім. Асык жарын періштедей пәк көргенін де мойындайды. Сол періштесі аман калып екеуі косылса, отау құра алмас па еді сонда? Күйкі тірліктің күнделікті күйбенін көтере алмас па еді? Әдебияға салса, дәл солай. Бұл болжалымен кайтып келісерсің. Күнделікті карбалас, ұшы киыры жок шаруа камы асыктыкты әлсіретпей коймас әрине. Мұндас тоздырып жіберуі де ғажап емес-ау. Кешегі көктегі айдай көрген, кол жетпес армандай табындырған сәулімің, үнемі көз алдыңда көлбеңдеп, бара-бара сары карын катынға айналса, маһаббатың ғайып болмай кайтсын. Өкініштісі сол ғой.

Олай болса Әдебиянікі жөн де шығар. Өкінішке ұрындырғаннан көз жеткізбей кеткені дұрыс та болар. Анау Мүкәрәма сиякты Макпалдай окка ұшпасын тек. Қол жеткізбей кетсе де, аман калып бакытын тапсын. Шынайы сүйген жүрек ғашығын кызғанбас болар. Қайта тілеуін тілеп, өле өлгенше жаны ашып жүрер. Өзі аһ ұра кол

үшін, орнын сипап қалса да, бұл келте ғұмырда ниеттес болып өтер... Ия, тәу көргеннен-ақ жарқ беріп тұтанған ғашықтық осындай-ақ болсын. Ал Ырысбике ше?

Бұнымен жүре келе үйреністі ғой. Сүйкімділігі болмаса, алып ұша шепірген көңіл болған жоқ әрине... Әйтсе де бұны қайтып асыл жар деп дәріптемесін. Тағдыр басқа салған тақбезеге қыңқ етпестен төзіп келеді. Сегіз сырқатқа шалдыққанда жаны қалмай күткен түрі анау. Үй шаруасының еркек атқарар міндетін де меңгеріп әкетпеді ме... Бірдей ауыр бір сандықты орнынан қозғамақ болып мықшыңдағанда, Сегіз жаны ашып:

- Тұра тұрсаңшы жанұшырмай. Не әкетіп барады сонша шөрменденіп. Шақыр ана жігіттердің біреуін, көмектесіп жіберсін. – дегенде, жұбайы күлім қағып, - е-е, Мүкәштің көкесі, мені бір борпос ойдекім көресіз-ау. Ұрғашыда қай бір қауқар болушы еді, дейді-ау еркек біткен. Ал енді тұрмыстың бар тауқыметін көтеретін көтеретін сол қатын-қалаш емес пе. Осыған көзіңізді жеткізіп бағайын ендеше. Деп әлгі жүгін итергіштеп, дегенін ісеп тынған.

Ондай сәттерде бармағын шайнап қала беретін Сегіз. Шу асауды құлағынан басып ұстағанда тырп еткізбейтін бұла күші бойдан кеткеніне қайтып қынжылмасын. Сөйтіп кінәрәттанып жүрген кезде, үнемі қол ұшын берген жарына шексіз риза осы күнде... Өмір деген ұны билеуші оқыс қайғымен де сынады жас отауларын. Алты құрсақ көтерген Ырысбике үшеуінен бірдей айырылған. Үш құйтақандай сәби сонау зиратта Баһрам мен Жамал әжелерінің қасында жатыр. Кішкентай ғана үш төмпешік. Нәрестені жанынан бетер көретін аса болажан Ырысбикеге оңай болып па мұнша қаза? Қанша қайғырса да әкенің жөні бөлек қой.

– Дүниеде не қатты, әкенің жүрегі қатты. – деген сөз бекер айтылмаса керек. Соғыста өлім-жітімді талай көрген Сегіз, қабырғасы қайысса да есінен айырылған жоқ еді, балалары шетінегенде. Ырысбикенің болса аһ ұрғаны мүлде жат болатын. Шарасынан шыға жаздай үлкейіп кеткен жасқа толы көздерін, әлем-тапырық болып оңзылған сүдінін көргенде, Сегіздің қолқа тұсы мұздап қоя берген.

Дауыс салып жылаған жоқ жамағаты. Дауыс салу былай тұрсын, ыңқ етіп үн шығарды ма екен. Тек аялы көздерден тырс-тырс үзіле, ірі-ірі тамшылар шұбыра бергені. - Шын қайғы үнсіз болады - деген сөз рас екен. Қазада дауыс салып жоқтау айту деген, ол өлген кісіні тиесілі рәсіммен шығарып салу ғана. Арнайы өлең шығарып, әуезді мақаммен жоқтау айтқан келісті бір дәстүр. Ал енді шын қайғырған кісі жоқтау айтпақ түгілі, тіс жарып тіл қата алар ма екен. Ия тас болып қатып қалар, ия аһ ұрып есінен танар. Болмаса Ырысбике сияқты үн-түнсіз ессіздіреген халде, баданадай-баданадай тамшылата жасын төгер.

Сол сәттегі жарының аянышты кеспірі, жаска шыланған аялы көздері жадында өшпестей болып қалды-ау. Жортуыл-жорық үстінде не бір жан шошыр сойканды көрген басы, - жүрегім ендігі мүйіз болып каткан шыгар – деген пікірдетін. Сөйткен жүрегі Ырысбиекпен қайғыға шомған кияпатын көргенде, майдай еріп елжіреп кеткені. Іш тұп-тура кан жылап егілгендей. - Мұндайды көргенше әлдеканшы өлгенім артык еді-ау- деген ойдың сап еткенін ғана біледі.

Қапелімде жұбатуға да сөз таба алмай, тас болып катсын да калсын. Бұндайда сөздің еш кажеті жок екенін түйсігімен ұкса керек. Сол бір сәтте іштей өз өзіне серт те берген. – Осы жан жарымды калған ғұмырымда титтей бір кейітсем бар ғой, кәпір болып кетейін! Жарык дүниені көрмей кетейін сол бір сәттен! Баламыз шетінен анандай зор соккы көрген екен бұл бейбак. Қайғыны мұншалық ауырлаған міскінді көрсемші бұрын-соңды. Осындай пәкиза жанның көңіліне кайтып дак түсірерсің. Өйтсем нағыз коркау болғаным да. Іспен тұрмак, сөзбен де, кас-кабакпен де реніш келтірмеспін бұ зайыбыма. Антым осы-ак! – деп түйген.

Сол сертінде тұра білді де. Әлі күнге дейін ишшай дескені, тіпті кабак шыткан тұсы болсайшы. Бұл мінезі ауыл-аймакка тегіс мәлім. Жасамыс кыркылжыңдар жағы зілсіз кағытып та кояды. Шымшыма сөзге әсіресе Шағырай үйір.

- Осы біздің әлгі сері інішек мінезге бай ма дедім. Алуан түрлі мінездер шыға береді-ау бойынан. Жұртты таң-тамаша кылып, тамсандыруға шебер әйтеуір, айтарын бар ма. – Сегіз- деп тегіншен тегін атанып жүр деймісің. Сондай бір ерекше кыры – катынна кеңдігі... Ол үйдегі келіннің не сикыры бары кайдам, әйтеуір әлгі інішегіміз алаканға салып мәпелеп жүргені. Тым құрығанда ерке болып сыбап алсайшы. Тіпті камшы үйірсе де кой дейтін ажа кайда? Анау Сәтоктер катындарын құдайдың құтты күнінде шыкпыртып сабап жатпай ма. Сәуріксіген неме деп соны айт әнекей. Шакар айғырдай құлағын жымита оскырынады каскан.

Сегіз екең болса, өз катынына табынып ән шығарып жүр әнекей. Қойынындағы катынына ғашык болғанды бұрын-соңды көрсемші. Осы жігітіміз катын басшы болғанның кай жағы өзі? Бұны көріп отыр катын-калаш та, тіпті біздің үйдегі шабдар кемпір де есірейін деді ғой кәдуілгідей.

- Анау Сегіз сынды кайным құрлы жоксың. Ғұмыр бойы ку ағашты сабалап жүргеніннен не пайда, маған арнап бір де бір ән шығармаған соң. – деп кейіңгі кезде киғалак салатынды шығарып жүр.

Өзгесі өзге-ау, біздің кемпірдікі не сор десеңші. Кәртайғанда көрі боз жорға шыкты деген осы-ау. – деп өзі құралыптас шал-шауканды бір күлдіріп кояды.

Ілгешекті сөзге майталман кәрі шөңге бір деммен Сегізді әзіл қылып, Сәток пен өз кемпірін де мүйізімен іле кетеді.

Шағырай сөзінің жаны да бар. Жұбайына арнап бірер ән шығарғаны рас Сегіздің. Ол әндерін жас талап шәкірттері ел ішіне таратып та жүр. Және бір ерекше мінезі – аса балажан. Үш кішкентайы шетінеген соң ба, әлде Ырысбикенің үлгісі әсер етті ме, әйтеуір бала десе шығарға жаны жоқ. Ажал аранынан аман қалып, қалкиып жүрген кос ұл мен кішкентай қызтігердің айтканын екі еткен күні жоқ. Онысын Ырысбике мактан тутып, сынайластарына жыр кыла дәттеп те жүр.

Бірде, Мұстапаның жеті-сегіз жасар кезі, тай үйретіп бер өтінгені. Сүндетке отырғызғанда өзіне атаған бәсіре тайы болатын. Бірақ оны міниіп жүрген Мұқаш, – жорға емес екен, жүрісі жайсыз – деген сылтаумен жарата коймады.

Асылы, Мұстапаның нәті жуас, ұялшак бала. Қайсы бір балалардай кәкір-шүкір сұрап әке-шешені мазалай коймайды. Сол жолы да кысыла-кымтырыла тіл каткан. Міндет кылмай әншейін ғана өсең үнмен құлақ кағыс кылғаны. Бірақ Сегізге сол киыла тіл катканының өзі бұйрыктай естілген. Дереу атка конып, отардағы жылкыдан жорға шыккан бір бөрте тайды жетектеп әкелсін. Бас пілмейтін асау екен, оны ерінбей-жалыкпай күн ұзак үйретіп кондіктіріп те берген. Кіші бесінде міниіп шыккан Мұстапа, ширек сағаттан соң-ак үйге кайтып келсін.

- Ілез оралдың ғой. Міне тұрмадың ба. Болдырып калды ма әлде? – деп сұраған Ырысбикеге, - балалар бір ыңғай каска торы міниіпті. Тобымызды алалайсың деп жактырмады. – деп жауаптаскан тұңғыш ұл, тайды кантара берді.

Жай-жапсарды ұккан шешесі ә дегенде антарылып, іле кабак шытып: - О несі ей, еріге береді де жүгірмектер. Әрі жорға, әрі торы каска мал табыла бере ме? Өздері-ак шапкылай берсін далактап. Тиыш кана үйде отыра бер, олай болса. Жаксы болды кайта, байыз тауып кітап окисың. – деп баланы жұбаткан болды.

Бар сөзді Сегіз де естіп тұрған. Жұбайына еш үн катпастан ұлға оқырыла: - Торы каска деймісің? – деп аныктап алды да, еш кідірместен ат ерттей бастады.

Атка конып алған соң, ләм деп тіл катпастан отарға жүріп кетті. Әне-міне дегенше көз байланып та калған еді. Оған карамастан ымырттатып жүріп, түні бойы айналса да, таңға салым және бір тайды дедектетіп алып келген. Әкелумен коймай түн ұзак көз ілмесе де, ал келіп әлгі тайды үйретсін. Иттерді шабалатып, тайды ак көбікке малындыра ауыл үстін апыр-топыр кылса да, таң ата торыны үйретті-ау бас білдіріп.

Тұла бойы малмандай тер тайды кантарып, үстін кежімдеп кермеге байлап жатканда, үйден есінеп Мұстапа шыксын. Өз көзіне өзі сенбегендей, кайта-кайта укалап:

- Ағатай-ау, бұл қайдан келіп қалды? Өзі торы өзі қасқа. Жорға екені бүкірейген порымынан көрініп тұр. Түн қатып жылқыға барып келдің бе әлде? Қайдан келген тай, біздікі ме өзі? – деп ал кеп сұрақты жаудырсын.

Ұлға мейірлене қарап тұрған Сегіз: - Біздікі емей шүршіттің деймісің. Қайдан келгенін қайтесің. Ғайыптан пайда болған пырақ шығар. – деп әзіл ілді.

Баланың соңын ала үйден шыққан Ырысбике аң-таң күйде қоя атыздай болып: - Мәссаған безгелдек! Көкесі түн қатып қайда жүр дессем, жылқыға барған екенсіз ғой. Баланың көңілі үшін де мұнша сарсаңға түседі екен-ау кісі деген. Өңіңіз қашып бозарып қалыпсыз ғой, серім-ау. Өзі сыркат кісі сонша жан қинай ма екен. – деп басын шайқай берген.

Бұнысы Мұстапаның бір қолқасын орындаған түрі еді. Шешесі оңашада құлағына құйды ма, әлде өз сыпайылығы ма, әйтеуір одан кейін тұңғыш ұл әкесіне сідет артқан емес. Өсіп жетіле келе бұл бала оқуға көбірек бейімделе берді. Мінезі орнықты, сөйлеуден көрі тыңдауға бейім. Өзге баладай ойынға да пәлендей құлықты емес. Шұқшиып кітап оқуға, ия болмаса оңашада домбыра шертуге үйір. Мінезі де мейілінше сыпайы болып қалыптасып келеді. Үлкендер тұрмақ, өзі құралыптас бала-шағаға қаттырақ тіл қатқан тұсы жоқ.

Кіші ұл Мұсайынның болса мінезі өзгешелеу. Мұстапа екеуінің арасы үш жас. Алдында ағасы болған соң ба, әлде туа біткен мінез бе, әйтеуір бұл бала өжеттеу. Бір басына жетерліктей қыңырлығы да баршылық. Сөйте тұра аңқылдаған аққөңіл, сүрепеті сүйкімді, кісіге де жақын. Әйтсе де бір қисайса табандап тұрып алатын қиястығы да жоқ емес.

Сол Мұсайынның жеті-сегіз жастағы шамасы болса керек, ауылы балаларына еліктеп күшік ұстайтынды шығармасы бар ма. Ұстағаны да қызық, біресе қара аласын, біресе сары аласын күнде айырбастап әкеледі де жүреді. Үш-төрт күн ермек қылып қасындағы балаларға бере салады. Әкелетіндері кіл қанден ия дүбәра құнсыз-пұлсыз иттердің тұқымы. Қарны шермиген, бұттары таяқтай өңкей тексіздер. Тұқымын керек те жүрген жоқ, әйтеуір ермек қылғанына мәз. Үйде қалдырып асыраймын десе Ырысбике көне қоймайды.

- Қайдағы-жайдағы бір нәсілсіз ши борбай қандендерді тауып алады екен осы ұл. Бесеу-алтауы жүр әнекей шұбатылып. Ертеңгі өскенде үйдің маңын лас қылып жіберсін. Әкет көзіме көрсетпей! Дені дұрыс біреуін ғана қалдыр. – деп шілтелеп алады.

Онысын Мұстапа қолдап: - Тазының күшігін асырасайшы. Кіші атамның қайың қапталындай. Нағыз ұшқыр тазы сол ғой. Көне көрінген аңды құтқармас. – деп өз ақылын қосады.

Кіші атам дегені –Жанат сері. Ол кісі үнемі бір құмай тазы ертіп жүрер еді. Белі шеңбердей бүгілген, бітімі серіппедей нағыз бөрібасар

арған. Ондай таза канды ірікті тазылар тек аңшы-саятшыларда ғана болатын.

Кішкентай Мұсайынның көзі жайнап: - Е, бәсе, кіші атамның алыпсоғындай тазы ұстаймын! Бірақ ондай күшік қайда? Біздің ауылдарда табылмас та бұл тұқым. Қайдан таптым ендеше? – деп кенбірі кашып, ағасын айналдыра бастайды.

- Мен кайдан білейін? Біздің ауылдар күзетке сак деп, көпектерді таза тұқым деп жаратады. Аңшыларда болмаса тазы дегенің. Білсем оңйырмасын, оллахи! – деп дағдарған Мұстапа шешесіне жалтактай карай берді.

Ырысбике жымиып кана: - Аңшылардың көкесі әкелеріннің досы ғой. Нияз ағатайларыңды айтам да. Оның тазылары мен кыран шаулісі бір ауылды еркін асырайды деседі ғой ел аңызы. Бірақ коныстары шалғай жатыр. Білекті атка бірер күндік жол. Бір күшікке ода ат сабылтып бару ұяттағы. Және әзір тұрған күшік бар деймісің. Каншығының күшіктейтін мезгілін біліп алу керек алдымен. – деген сөзбен Сегізге карай калды. – Қосатын не кеңесің бар? – дегендей.

Сегіз есіткенін ойға сала бөгеленді, жауап ката коймап еді, Мұсайын еш іркілместен жұлып алғандай: - Ойбай-ау, ендеше не тұрыс! Нияз ағатайыма барамын да. Бір күшік сұрап аламын. Ал кеттік, коке, не тұрыс? Қазір-ак барамын! – деп ал кеп киғалак салсын.

Баяу үнмен бастап еді, Ырысбике: - Қоя тұршы ерікпей, әдейілеп ешкім бармайды ондай ит аркасы киянға. Біреу-міреу катынай калса тапсырармыз. Қызыл-жардың арғы жағындағы алыс ел ол. Жап ауызыңды, тиыш отыр! – деп жекіп еді, шалдуар ұл ал кеп айғай салсын.

Қабағын түйіп алып, көзі от шаша үдеп барады. – Өзім-ак барамын! Қазір ерттеймін Мұстапаның тайын. Ай далаға жалғыз кетемін, каскыр жесін мені. Басымды мүжісін күтірлетіп бәлем! Қазір-ак жеті түнде барамын! – деп кәдуілгідей долыра өкіреді-ай келіп сабазың.

К өзіне жас толып өңі ісіп барады. Кәдуілгідей айбат шегіп тепсінетінін кайтерсің... Мұстапа ак жаркын көңілшек бала ғой, інісі ренжіп жыласа жаны шығып кете жаздайтын.

- Қойсаңшы, Мүскентай-ау, кейіме өйтіп. Күшік деген не тәйірі? Онекей канша ойыншыктарың бар. Ағамыз бізге кыльш та бәкі де істеп берген жок па. Садак иіп те берді. Сонымен ойнайык та. Менің тайымды да ала бер, басы бүтін сенік болсын. Күшікті де колға түсіресің түбінде. Біздің елден жолаушылап біреу барар әлі-ак.Соған тапсырып жібереміз. Ғыш камыкпа. – деп айналып-толғанып інісінің асты-үстіне түсумен әлек.

Мұсайынның долданған сыкпытына көз тіккен Ырысбике кенет бетін шымшып алды.

- Ибай-ау енді кайда барайын! Мына баланың тепсінген түрін айтам-ау. Тұп-тура өзімнің әжем. О кісі де осындай өзімшіл болушы еді жарыктык. Ерке өскен шолжаң болатын. Мына баланың өңі-түсі ғана

келе ме десем, мінезінің киямпұрыстығы да айнымай тартқанын көрмеймісің. Тұп-тура ғайыптан тіріліп келген әжем дерсің. Жасағанын шеберлігіне шек бар ма, о тоба! – деген сөзбен тамсанып қойды.

Бұл сөзді құлағы шалған Сегіз ойланайын деді. Шынында да кішкентай Мұсайынның түрі өз әулетінен бөлектеу. Нағашыларына тартқаны ап-анық. Арасы қосылуға жақын қалың қасы өзбек нәсілінің келіңкірей ме қалай. Ағы ақ, қызылы қызыл, қайқы кірпік қарақат көз ажарлы бала. Нағашы әжесіне тартса тартқан да шығар. Бір данышпан айтса керекті. – Бабаларыңның түр-сипатын білгің келсе, өз балаларына қара. Өткендердің елесін ұрпағыннан табасың. – деп.

Қисыны бар сөз-ау не қылса да. Тұңғыш ұл Мұстапа аумаған өз шешемдей болса, мына нағашысына неге тартпасқа. -Аузынан түсіп қалғандай айнымайды- деп тегін айтпайды ғой Ырысбике. Құдайдың шеберлігінде шек болған ба... Олай болса бұл баланы кейітпейін мен. Бақилық болып кеткен үлкендеріміздің бүгінгі көзі емес пе бұлар. Тірілер түлеп келгендей мына жарық дунияға. – Біз мына немерелерімізбен қайта пайда болдық. Ұмытпаңдар үлкендеріңді! Бұл балалар тірілерге жіберген біздің баршымыз, өкіліміз. – деп бізге сәлем-белгі берген болар аруақтар... Ендеше, үлкендерді сыйлау иманды кісіге парыз.

Осы оймен оқыс шешімге келіп, кермедегі атқа қалай қалам басқанын өзі де аңғармай қалды. Бұнысына аң-таң қалған Ырысбике

- Ат ерттейсіз бе, серім? Шапаныңызды әперейн. – деп адалбақанда ілулі тұрған киімдерге жармасты.

Көргенді үйдің баласы ғой зайыбы. Сегіз атқа қонарда ешқашан қайда бармаксың? – деп сұраған емес. Ер-азаматтың жөнін, бағын бағдарын ежіктеп сұрамас болар деген қағиданы бұлжытпай ұстап келеді, күні бүігңге дейін.

Сол бір сапар да ләм-мим дем артық сөз шығармастан, шап-бөркін отағасыға ұсына берді. Төс айылды бостау қылып, шап айылды берік тартқан Сегіз:

- Сіңіліңе сәлем-сауқат әзірлей бер. Жол амандығын берсе өз қолына табыс етермін ұзамай-ақ. – деп қысқа ғана тіл қатты.

Бұнысы жөн-жосықты, жол ұшын ұқтырған түрі. Сіңілің дегені Нияздың жамағаты Ырысалды ғой. Сол жаққа бағдар түзегенінен мағлұмат бергендігісі.

Өңі лау ете жанып қуанып қалған Ырысбике апыл-ғұпыл сәлем-сауқат жинай бастады. Мәдияр керейдің қонысы шалғай болған соң, бұл елдің адамдары жиі қатынай қоймаушы еді ол жаққа... Шаруаны тықақ ұқыпты әйел ғой Ырысбике. Іске кірісуі мұң еді, әне-міне дегенше қос қоржынның бүйірі томпайып шыға келді. Мейіздей қатқан сүр де, тәтті-дәмді де, орамал-шаршы, кездемелер де сыкай толтырылды... Алдағы жүріс жіті болған соң, атқа салмақ түспесін деп, қоржын-қолабаны қосар атқа артып, жеделдете жүріп кетті Сегіз

Ниязның әкесі қапсағай бітімді Бекдәулет қария, Сегіздің келген себебін білгенде кеңк-кеңк күліп жіберді.

- Пай-пай. естімеген елде көп деген осы-ау, шіркін! Мұнша балажан болармысың, жаркыным-ау. Мен мына отырған жалғыз туягым Ниязға ғұмыры елжіредім бе екен десеңші. Еркек деген тастай қатты келуші еді. Міне соның бірі мына көкең. – деген сөзбен ширатпа мұртын сылап қойды.

Күнге әбден тотығып жел қаққан өңі сірідей. Шүңіректеу шегір көздерін жалбыраған қас басқан. Сақал-мұртының бурылынан ағы мен қарттың кеспірі бір көрмеге суық сияқты. Қашанда қарлығыңқы қатқылдау шығатын үні де зор. Алайда, екі-үш ауыз тіл қаткан кісі. оқыл ақсақалдың мейілінше кеңпейіл жан екенін салған жерден-ақ танып еді. Ызбарлы түсі бер жаққа тұтқан перде мәнзелдес. Ішкі сарайы болса тұнып тұрған мейірбандық дерсің.

Орта шарқы ғана дәулеті бар Бәкең ақсақал. ғұмыр бақи өз әулетін ыңшылық, саятшылықпен асырап келеді. Малы шағын болғанымен қыран бүркіт, түзу мылтық, білекті ат ежелден-ақ осы кісіге біткен. Оның үстіне сері көңілділігі бар, танау астынан үнемі ыңылдата мидетіп жүргенін көресің. Аңшы болған соң өзге тұқымды керек қылмай дәйім тазы ұстайды. Тазыны баулуға да майталман, тұқым тазалығын да қатты қадағалауды әдетке айналдырған. Қасқырға тайсалмай ауыз салатын құмай тазы ілуде біреу ғана болатыны мәлім. Сойткен сырттан арландар осы Бәкеңнен табылар еді.

- Ия десеңші, еркек атаулы емендей қатты келеді ғой бала-шағаға. өз ойымен өзі отырған қария. өткенді еске алғандай бірер сәт көзін жұмып үнсіз қалды.

- Мына жалғызымды титтейін маңдайынан еміреніп иіскеп те кормеппін, шынымды айтсам. Балаға қаттымын, обалы не керек. Мойындамасқа шараң қайсы. Осы ұлым туу Сыр бойынан аман-есен келгенде де елжіремеппін ғой. Арыстаннын ауызынан, жанған оттың ішінен дені сау болып оралғаны бақыт емей немене. Бір балам екеу болып келді әнекей. Мен сияқты жалғыз ілікті міскінді мүсіркегені шығар жасаған иемнің. Осының бәрін ішім сезсе де, жүрегі құрғыр лепірсе де, сырт тоным сыр берсейші. Қатып қалған тоң сияқты ұлыма бір жібімей-ақ қойғаным.

Құдайға шүкір немереге де жарытты мына келінім. Етегі құтты болып кіл атұстар боқташақтарды тапқанын көрмеймісің. Жаман құжырамды хан базар қылып жүр әнекей. Шат-шадыман күлкіге карық болдық та қалдық. – деп жүктің тасасында бір дорба асықты ермек қылып ойын соққан немерелеріне көз тастап қойды.

Қара торысы, құбақаны бар, маңдайлары токырайған төрт ұл хан талапай ойнап, өз қызығымен өздері болып отыр.

- Әйтсе де бар ғой, осыларға да қаттымын. Мазамды алып тым шулап кетсе, басымның сақинасы ұстайтынын қайтерсің. Бие саумындай ғана шыдаймын басым зеңісе. – Мыналарыңды әкет! Басым қаңғырды. – деп кемпір пакырды бүрем-ай келіп. Бұрала біткен емендей мұнша кисык мінез болып туармын ба.- деп кеңесін кайырған кария және бір кеңкілдеп күліп жіберді.

Сегізді сирек келетін сыйлы азамат деп шер таркаткан түрі ғой. Бұл сөзді Нияз бен келіні, кемпірінің көзінше әдейі айткан сиякты. Бір әулеттің басы ажа болған соң, үй ішімен шешіліп сөйлесе коймайтын. Сегізге деген ыкыласы кашаннан ерекше еді. Тәу көргеннен-ак жылы ұшырап бауырына тарткан болатын. Ұлының досы болған соң кызык көре ме, өзі де құрдастай әзілдесе береді. Сол бір сапар да ілгешекті сөзін іркіп калған жок.

- Өзім балаға катты болған соң ба, сендей елжірегіш көңіл, боркеміктерді аяймын да. Баланың бір еркелігін кимай мұнша жол жүрер ме намысты еркек. Құдай біледі үйдегі келінді де аскактатып койған боларсың. Сері емессің бе? Сол сері дегендердің ұрғашы десе ішкен асын ұмытатын ғұрпы болатын. Ән шығарып шала бүлініп жүргендері, кыз-кыркынды тайраңдатып. Қазактың ән біткені тек өліп-өшкен асығына арналғанын қайтерсің. Қыз жолында бастарын калғыр өңшең борпос саппастар! – деп жорта кейігенсіп, ашынған кейіпке мініп алды.

Әйтсе де бұнысы ұзакка созылған жок. Бәкең өз мінезіне міп тағып сынаса да, нәті акжаркын кісі ғой. Өзім деген бастасына кон етін кесіп беруге бар. Сегіз туу кашыктан келіп не колка салса да, бетін кайтарар ма екен. Онысын іле дәлелдеді де.

- Әйткенмен жолың болды, серім. Ат өксітіп сонша жерден келгенде құр кол кайтсаң, кәрі шөңге маған ұяттағы. Қанша айтканмен аңшы-саятшы атым бар ғой. Бір әлеке тазының бауырын көтерген күшіктері бар еді. Соның екеуін екі ұлыңа алып барарсың. Ұялас тазылар тәсілкой да батыл келетінін білесің ғой. Ит баулудың әдісін менен де артык білесің, сен бала. Оған сөзімді шығын кылмай-ак койдым. – деп дағдысынша кеңк-кеңк күліп жіберді.

Сөйтіп сарыала мен караала кос күшікті коржынға салып жеткізіп еді-ау сонау бір жазда. Пой-пой шіркін, балалардың куанышында шек болсайшы. Ұлдың аты ұл ғой. Итке, тай-құнанға құмар. Ұсак түйек затта бәкіге әуес әсіресе. Өзі де бала болған басы оны кайтып ұмытсын.

Әлгі кос күшікті әкелуі мұң екен, аяк астынан және бір мәселенің құлағы кылтиып шыға келгені. Мәселенің себепкері бәз-баяғы Мұсайын сабаз... күшіктердің бой-басы бір калыптан шыккандай ешбір айырмасыз. Екеуі де еркек. Бар айырма – түстері әр алуан. Караала мен сарыала. Екі ұл салған жерден-ак бас басымызға бөліп аламыз

десті. Оны шығарған әрине ерке тотай Мұсайын. Інісіне қашанда кеңпейіл Мұстапа:

- Бір үйдің күшіктері ғой, бөле-жара иемденіп қайтеміз. Болса да жұбын жазбай жүреді ғой бұлар. – деп еді, онысына қиқар бауыры құлақ аса қойған жоқ. Қолын сілтеген Мұстапа:

- Қайсын алам десең де мейілің білсін ендеше. Екеуін иемденсең де еркің. – деп шүлендікке салды.

Енді келіп кенже ұл дағдарсын. Қайсы ажарлы, қараала ма сарыала ма? Ойланып-толғанып қарааланы алды-ау ақыры. Қарғы бау таға жүгіртіп, өз қолымен жем беріп тәрбиелеп жүр еді, бірер күннен соң көңілі бұзылсын да қалсын. Оған себеп өзімен құрдас балалар.

- Көмірдей қылып бұны қайтесің? Анау Мұстапа иемденген сауыры сары алтындай күшік әдемі емес пе? – деп шүйлеп салсын.

- Е, ала ғой. Қара күшік менікі-ақ болсын. – деп ағасы оп-оңай келісе кетті әрине.

Қош. Сарыалаға қарғыбау тағып алған Мұсайын-еке, ал кеп ауыл маңын шаңдата жүгіртсін. Қызығына тояр емес тіпті. Осы сарыалаға тоқырар ма еді қайтер еді, бір күні бұны көзі шалған Қуаныш:

- Оу, әлгі қараалаң қайда? Пошымы жұтынып тұрғандай келісті сол емес пе еді. Ер балаға нағыз жарасатын қара түс қой. Мінезі қара жердей салмақты деп жігітті бекер мақтаушы ма еді. Жігіттің мінезі де ити де қара жердей болса керекті. – деп салғаны.

Ерке тотай бала оңай құбылатынын біліп, қулана шаптаған түрі ғой. Бұл айласы іске асты да. Көңілі нілдей бұзылған Мұсайын-еке үйге жүгіріп келіп, апыл-құпыл қараалаға қарғыбау салсын. Онысына езу тартқан Мұстапа:

- Басты қатырмай-ақ екеуін де жетектей берсейші. Өзіндікі-ақ болсын осы ұяластар. – деп інісінің ырқына жығыла сөйледі.

Сөйтіп күшіктердің де жыры біткен. Осы күні ұлдардың еркеліктері турасында сөз қозғалса, Ырысбике майда жымиып:

- Өзге бөріктілерді қайдам, біздің отағасы болса балалардың меселін қайтарған кісі емес. Айтқандарын екі етпейді әйтеуір. Түн қатып отардағы жылқыға да екі мәрте барып келді. Кенже ұлдың бұртиғанына бола туу мәдиярдың қонысына да сапар шеккен. Мұнша балажан еркекті көрсем бұйырмасын. – деп тамсанып қояр еді...

Сөйтіп баяу жылжып жылдар өтіп жатты. Осы күні байыпқа салса, өткен өмір Ырысбике екеуін біте қайнатып айырылмастай қылғандай. – Темірді дәнекер, еркек пен әйелді перзент қосады. – деген сөздің шындығына көзі де жетті. Бала дегеніміз қанның ортақтығы ғой. Қайсы бір ерлі-зайыптыларда пәлен бала болса да, түсіністік пен сыйластық бола бермейтіні мәлім.Ит пен мысықтай ызғысып жүргендері.

Ырысбике екеуінің болса көңіл жақындығы ересен. Осы қатулықтары сайып келгенде рухани жақындыққа алып келгендей.

Өрекпіп алып ұшқан сезім емес, маздап кана жанған оттай тұрақты сүйіспеншілік. Олай болса маркұм Макпалмен отасса да дәл осылай болмас па еді. Жарк беріп лаулаған маһаббат оты саябырлап барып баянды сүйіспеншілікке ұласар еді бәлкім. Әлде – әсіре қызыл тез оңар – демекші, бастапқыда жалын аткан сезім барып-барып мүлде өшер ме еді. Кім білсін. Ол арасы кос ғашыкка байланысты болар. Ортак тағдыр, ортак перзент болған соң, сыйластык орнаса керекті кем койғанда Күнделікті күйбеңі, болмай тұрмайтын ұсак-түйек кикілжің, асыкты пен сүйіспеншілікті жок кылуы әбден мүмкін. Әйтсе де тағдыр косып ата-ана атанған соң, ерлі-зайыптылардың сыйластығы сакталмак керек Бұл әрине екеуінің көргендігіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты болар...

Осылай уакыт пен жылдар сырғып өтіп жатыр кезегімен. Бұнын ауыр дертке шалдыкканын естіді ме, әлде бұрыннан жолыкпак ойы болды ма, Яшка Головин келіп кеткен сонау бір жылы. Кейінгі жүздескендері Акмешіт базарында еді; ондағы аянышты сыкпытын ұмыта да коймап еді Сегіз.

Енді болса түрі мүлде өзгерген. Етейіп торалған сырт тоны баяғыдай айбарлы-ак. Казачидің нағыз жүзбасына лайык сұсты пішін. Әйтсе де өзгеріс те жок емес өңінде. Казачилер шұбыртып өсіріп коя берген бұйра кекілінің жарымы дерлік кардай аппак. Маңдайындағы көлденеп жаткан кос сызык тереңдеп жүлгелене созылыпты. Кас-кабағы мен жалпы кескіні салмак тартып, көзкарасына сабыр пайда болыпты Бұрынғы Омбының мұзында токайласкандағы аккөз өжеттік мүлде жок Ысылған, не бір өткелектен өткен салдарлы кісінің кейіпі бар.

Қол кусырып казакша амандасты. Қазакша сөйлесті де. Бұрын бұратананы кем-кор тұткан менмендігінен мүлде айныған көрінеді Қыска ғана амандык сұрасқан соң:

- Саған ғұмыр баки борыштармын, Сегіз. Осы күні дәрежем де өсіп, басшылар да мені кадірлейді. Анандай тұткыннан босап шығу дегеннің оңай ма? Қоканның колына түскен талай орыстың басы кетті ғой, құрдымға. Ең әуелім басым аман, тірімін. Өйтпегенде кай сайда басым құрап каларын бір құдай біледі. Осының бәрі сенің аркаң, құрдас. Бұны өле-өлгенше ұмытармын ба. Баламның баласына тапсырармын. Көзімді шел басып, өткенді естен шығарсам нәмәрт болғаным да. – деп салған жерден ағынан жарылып, алғысын паш еткен.

Сегіз бұнысына разы болып: - Еш борыш-карышың жок, замандас -Жаксылыкка жаксылык әр кісіден, жамандыкка жаксылык ер кісіден - деген сөз бар халкымызда. Сол өсиетті орындаған түрім ғой. Өзіне де шексіз рахмет. Ұлыктарға өтініп маған кеңдік жасаған түрім мынау. Ол еңбегің болмаса туған жерді ендігі көруім екіталай еді Үйлі-баранды болып отырмын мінекей. Саған кылған жәрдемімнің карымтасы деп білемін бұл жаксылығыңды. Пайдаң тиді демек Алдыңнан жарылкасын. – деп жылы шырай танытты.

Екеуі бірталай әңгіме-дүкен құрып өткенді еске алысты. Яшканың сөз саптасы салдарлы кісідей, бұрыңғы омырау мінездің ізі де жоқ. Сегіз ішінен: - Апырай, ер шекіспей бекіспейді деген рас екен-ау. Мынау адуын неме кәдуілгідей саликалы адам болыпты ғой. – деп пікір де түйген.

Қоштасарда Яшка бұны құшақтай алып: - Өтінішің ия оңіймтайың болса, еш қысылмай салып ұрып тура өзіме келерсің. Қолдан келгенді аямаспын. – деп қолын және бір қысып қойды.

Сегіз де рай бере: - Жылы сөзіне рахмет, құрдас. Біреуге күнімді салғаннан сақтасын құдай. Серіде кай бір бұйымтай болушы еді? Көкіректегі шабытымды, ауызымдағы әнімді алмаса болғаны да жараткан иеміз. Одан басканы тілемеймін де. Тәңірінің бергеніне қанағат қыламыз да. – деп жылы қоштасты.

Ішінен болса, - Тағдыр китұркысында шек бар ма? Қазақты оратана деп мейілінше менсінбеген Яшка, казакша сайрап отыр мінекей. Тілімізді амалсыз ұктырған басына түскен нәубет. Тұтқында болған сонау жылдар асқақ көңілін басса керек. Басканда аяусыз езіп жаншыған ғой. Ондай сында тілді үйренбесең бок басында өлесің де каласың. Ұлтымыздың тілін ұккан соң, мінезімізбен де танысты. Мінез құлықты білген соң, бізге деген пікірі де өзгерген. Демек, тілімізді ұккан өзге ұлттың баласы ділімізді де танымақ. Таныған соң сыйлайды да. Бір кезде жұдырық салыскан өлердей өш казачий, құшақтаса коштаскан жок па әнекей. Тағдырдың талкысын көрді деген осы да. – деп корытынды шығарып та қойған.

Головин келіп жолыкканда бойға жабыскан наукастың аскынып кеткен кезі еді. Екі тізе күп болып іскен, колда бұрыңғыдай бұл кайрат жок. Жүзбасының колын кысканда сол бір кемшілігін анык сезді. Үндемеген калпы корланса да, колдан келер шара кайсы. Тек кана ішінен: – Мына дөй бар күшіне салып колымды кысса ғой, төтеп берер күш те жок шеңгелімде. Әттең корлык-ай! – деп кынжылды да койды.

Сөйткен сүле наукаска шалдығып жүргенде көңілді жұбандырған ол ғой шіркін! Жүні жығылғанның күні жығылған деген сөз бар емес пе. Соны дәйім есте тұтып жүрді-ау, бойдағы куат кеміген сол бір жылдарда. Салмакты затты көтере алмаса да шағын балға мен кыскаш үстауға жарайтын кол, домбыра да шерте береді әрине. Зергерліктен колы калт етсе сол сүйікті аспабын айналдырады. Тіпті балға тыкылдатып отырса да, танау астынан ыңылдап әндететінді әдет кылып алды. Көкіректен ән кетпесе көңіл де көтеріңкі болатынына коз әбден жетті-ау, солы бір сынак болған жылдарда. Көңіл жабыкканда кәдуілгідей жұбаныш екен-ау, ән жарыктык. Құрыс-тұрысын жазылып, үміт сәулесі жылт беріп шерің тарқайды екен.

Оңаша калса ой толғайды. Бір ермек кылғаны – Сыр бойында өткен жорыктарды дәмді сөзбен бейнелеу. Жанғожа сынды

сардардың жасағында жүргенін, Қоқан басқыншыларына тойтарыс бергендерін дастан қылып жаза берген... Кіші жүзде жүргенде Қы Жібек хикаясына қаныққаны бар еді. Қара сөзбен айтқан әңгімесін де қиссасын да естіген. Бірнеше нұсқасы бар екен, барлығында да Сансызбай әменгерлік жолмен Жібекті жеңгелей алады.

Осы жәйтпен іштей келіспеуші еді. Оқиғаның дәл осы бағытпен өрбігеніне наразы. Әменгерлік деген ата-баба жолы. Даңғыл жол екеніне еш дау да жоқ. себебі, ер-азаматтан шығын көп болған қашанда. Жаугершіліктен аман жылдар болмаған шығар кәрі тарихта Сондық, жесір қалған әйел затын тентіретпеу үшін, елдегі ер-азамат жеңгелерін алуға мәжбүр болған. Бұл дәстүр - елдікті сақтаудың бір амалы. Демек, өмірдің қатыгез шындығына орай туған шара. Милай білгенге ізгілікті де амал. Қажеттігін қайтып мойындамассың.

Әйтсе де ғашықтықтың жөні бір басқа ғой. Төлеген мен Жібек бір біріне ғашық екен. Ғұмырлық асықтыққа, айырылмасқа серт айтысады. Айрылысқандай күн туса пәниден баз кешпек. – Бір біріміздан айырылсақ күніміз қараң. Мына жарық дүниеде жалғыз қалғанымызға тірлік жоқ. - деп сөз байласады. Қос аққудай аймаласып өтпек мына қамшы сабы келте ғұмырда. Зәуі сайтан біреуі көз жұмса, екіншісі де тірі қалмақ емес. Серті де, анты да осы.

Серт болғанда бұл баттитып мөр басқан құжат та емес. Тіпті қол алысып сөзбен үздіге айтылған ант та емес, әрі-беріден соң... Бұл серт – қос жүректің үнсіз ұғысқаны. Сөзбен айтпаса да іштей айырылмаска бекігендері. Біреуі опат бола қалса, екіншісі де о дүниелік болып ғашығын іздеп бармақ.

Осы ниеттерін жырға айналдырды Сегіз. Сұлу сөзбен бейнелеп қисса қылып жазған. – Ғашығым, жарым, о дүниеде қосылмаққа бел байладым. Іздеп бара жатырмын өзіңді! – деп аһ ұрған Жібек, ол өмірін қиып кеп жібереді. Оқиғаны дәл осылай өрбіте ұзақ кештерде сарыла отырып, алуан түрлі әуезге сала терме шығарған. Бір сарынды қылып төпектете берсе тыңдаушыны жалықтырарын есте тұтып, алуан түрлі әуен тауып еді.

Осы шығармасын шарай топтың ішінде бірер мәрте орындауы мүмкін еді, талапкер жастар зәтте қағып алып жаттауға кіріскен. Ұзақ жыр болған соң мәтінін қолдан көшіріп алып, ел елдеріне таратпаққа әкете барған... Бұл әреккетерді сырттан бақылап жүрген Шағырай, бір әредікте Сегізге маңғаздана көз тастап:

- Осы сен бала бірнеше қисса шығарған екенсің. Көз майыңды тауыса қағазға шұқшия қарап отырғаның күн ұзақ. Ой қинап қалам тербегеніңді теріс деуден аулақпын. – деп бастап, нығызси ыңыранды.

Шағырай жасы ұлғая келе маңайындағыларды: – Әй, бала, ол жүгірмектер. – деп кішірейте атауды шығарған. Сегіздің атағы

шартарапка жайылып кеткенін білмейді емес әрине. Бауырын күндеуден де ада. Керісінше сыртынан: - Біздің ұрыктан шыккан каракөк. Даңкы алыска кеткен дарабозым. – деп дәріптеп те жүр.

Сөйте тұра оңашада ағалық білдіріп коюды теріс көрмейді. Мүйізі карағайдай азаматты – бала- деп үлкендігін және бір ескертіп койған себі еді. Сегіз болса Шағырайдың құбылмалы мінезін еш ауырлаған емес. Іштей күліп кана койып кешіре карайтын. Ағасының еркелігін котере алмаса азаматтығы кайсы.

Шағырай-екең болса тәлімсіген нысайға міне, кеңесін тарата түседі.

- Киссаны шығарганда канша еңбектенесің, жазган басың. Осының арам тер болмагай. Анау жаттап алган шәкірт жырауларың – Сегіз шығарып еді – деп айтар деймісің? Киссаның басында ия аяғында – шығарган пәленше акын, руы, насабы, жетпіс жеті пұстысы осындай еді – деп бірер шумак кыстырып жібермеймісің. Атың кейіңгі ұрриятка калар. Онсыз да канша шығарган әнің далаға кетті әнекей. Оніңді шыркаган жас-желең Сегіздікі десе бір сәрі. Өзімдікі ия болмаса ілгеріде шығарган біреудікі деп аузын кепердей созып жүрген жок па? – деп сөз аяғын кәдуілгідей намыска да салады.

Сегіз болса үндемей кұтылып жүр. Ата сакалы ауызына түскен ет демен салғылассын ба. Шәу тарткан ағасының пікірін өзгерту оңай емес екенін біледі. Кәртамыс кісілер катып семіп калган гүжім ағаш болттес келеді әдетте. Өзінің ұстанган көзкарасынан әсте айнымас. Кисығын түзетем десең күйіп-пісіп калатынын кайтерсің. Сондык, бас изеп кана кұптағансып отыра береді. Аш құлактан тиыш құлак кемекші. Сыртка шығармаса да іш пікірі өзінде ғой. Бұл сырын Жанат серіге ғана шерткен болатын оңашада. Ол ағасы екеуі кашаннан сырлас. Пікірлері де түйісіп жатады көбінесе. Шағырайға естіртпек болган үәжін Жанатка дәттеген еді.

- Акын болсын әнші болсын, колданатыны сөздің коры ғой. Тіл байлығы болса халыктыкі. Тілді ғасырлар бойы, тіпті мыңдаган жылдар бойы калыптастырган туган халкымыз, яғни өз казағымыз. Тіл байлығы – халыктың еңбегі, елдің казынасы. Шешен мен акын болсын, кітап жазган мұссаниф болсын, халық казынасын, тіл корын пайдаланушы ғана. Не бір шешен ділмар болса да, ол корға өз атынан сөз косалмас. Сөздің зергері ұлы казынаны колданушы ғана. Біреулер шебер колданып іске асыра білсе, енді біреулер ол жағына орашолактау. Әр бір талапкердің кабілеті білер дегендей.

Олай болса акынның пәлендей еңбегі кайсы? Жок та емес әрине. Десек те бадырайтып, күпсіп, жария кылып мактанатындай да емес. Бұл жәйтты нағыз сөз шебері дарындар түйсінсе керекті... Анау Кобыланды батыр, Алпамыс батыр сиякты дастандар ғажайып туындылар емес пе. Теңдесі жок шығармалар. Сөйте тұра шығарган

ақындар өз аттарын тарихқа қалдырмапты. Демек, қара басының қамын еш күйттемеген ұлы шайырлар. Атақ, даңқты қуманты Көздегені – үлгілі өсиет, дәмді сөзбен ел тарихын насихаттау.

Сөйткен қас дарындарға кейіңгі ізбасарлары еліктесе, құба күн емей немене. Қисса болсын, ән болсын, кім шығарса да жалпы ұлттың мәдениетіне үлес қосқаны да. Түпкі мақсат та сол, олжаның үлкені де сол. Әдебиеттің, өнердің дамуы. Сондық, шынайы дарын қаракан басының қамын әсте қумас. Өйтпесе, май бөксе шен құмарлардан айырмасы қайсы?

Осы сынды пікірді берік ұстанған соң, шалқыған шабыты мен ұшқыр қиялынан туған дастандарда өз есім-намын атап, қалдырған емес Пәленше-түгенше шығарып еді- деген ескерту, бұның қаламынан шыққан қиссаларда атымен жоқ. Жаттап жүрген жас талап жыршыларға да, - Сегіздікі еді, солай айтып жүріңдер. – деп ескерткен де емес.

- Бар сөздің иесі ел ғой. Ұлт шығармаларының қорына қосылса болғаны да. Ақынның аты тарихта қалуы шарт емес. Өнер қорына одан келіп кетері де жоқ, парыққа салса. Шығармасы ел жадында сақталса болғаны да. Олжаның ең зоры сол. – деп түйіп, тіпті өзі шығарған әндерін иемденбекке де өктеген емес.

- Екі жирен сынды әнге ұйымаған жан бар ма? Сазы да сөзі де ғажайып. Сыршыл ой, сағыныш пен нәзік наз тұнып тұр-ау әуені мен өлеңінде. Дәу де болса, соны шығарған кәдуілгідей карапайым жігіт болар. Бәлкім жылқышы да шығар. Малшы-құлшы, байға кіріптар бір көдек болуы да мүмкін. Әйтеуір бай-бағлан, солқылдаған мырза ия болмаса оқымысты молда емес екені анық.

Әйтсе де сол карапайым жігіттің ғашығына деген сезімі неткен пәк десеңші! Көн шоқай киген осы шабытынан мың мырза садаға кетсін Сөйткен іңкәр сезімнің иесі, ғашық жігіт өз есімін қалдырған жоқ әнде. Қалдырмақ ойдан да мүлде ада. Бар ынты-шынтысы тек ғашық жарда, сағындырған құрбысында екен. Міне өнерпаз деп осыны айт Мәңгі өлмейтін ән қалдырды да кетті, өз жөнін еш айтпастан. Кейінгі бүкіл жас-желеңге сара жол, ізгі үлгі сілтеп кеткенін айтсаңшы.

- Жарды сүйсең үздігіп менше сүй! – деп бағыт-бағдар нұсқап кетті-ау абзал жан.

Асылы, халықтыкі деген әндерді о баста біреу шығарғаны хак Ғашық болған бозбастар ғой көбінесе. Әнді кәсіп қылған сал-серілер болуы да шарт емес. Ғұмырында бір-ақ ән шығарып сонымен шектелуі де әбден мүмкін. Жарқ беріп туған маһаббат сезімі шабыттандырып, көкірекке әуен мен өлең ұялатар. Шалқар шабыт тудырған соң, елдің жадында қала береді ондай ән. Сол сынды жүздеген өнерпаздар халқымыздың өнер күмбезін соғуға атсалысқан екен. Өз аттарын қалдыруды каперіне де алмапты есіл азаматтар. Олай болса, сол белгісіз шаһбаздардан менің жаным ардақты ма? –

Осы ойға бекіп, шығарған әндеріне – Сегіздікі еді-ау – деп айдар тақкан емес. оыс күні пайымға салса, сөйткен пікірге келгендігі оңашалықтың арқасы екен-ау. Ол оңашалықты өзі іздемепті де. Наукастың салдарынан амалсыз тап болуға тура келді. Тізесінің ісігі тым асқынып кеткен кезде, бір жаздай атқа қонудың өзі мұң болды емес пе. Кісі жәрдемінсіз аттана алмаған. Сол мезгілде біреуге сілтемді арта бермейін деп, домбыра мен қаламды ермек қылғаны. Қаламды қолға алса-ақ ой кезіп кетеді. Ойды тербейтін жазу-сызу, ягни сөз екенін сонда түсінген.

Ал енді ой болса, адамның нағыз серігі екен-ау. Тегінде адамды адам қылған ақыл, ес емес пе. Өзге мақлұқаттан артық та жоғары қылған сол ой-парасат. Заты тағдырдың қитұрқысы пендені тонауы мүмкін. Бақ пен мансап түгілі, бойдағы күш-қуатты, денсаулықты да алуы қүзырында. Тек ақыл-есті алмаса болғаны. Ойлау қабілеті, ділі аман-сау болса, дәті берік болса, адам пақырды жеңер күш жоқ та шығар.

Осы тұжырымға тоқтағанда тәуба да қылған. Бұрыңғы бұла кайратынан айырылғанның бір жағынан пайдасы да тиген шығар. Бойда жігер болса қолға балта ұстап, бұрыңғыдай бөрене жонып жүре берер еді. Үй-жай тұрғызу қажет. Қыстау салудың машақаты деген шаш етектен. Қора-қопсы, лапас, азбар, шошала салу дегендей. Одан қалды күнделікті күйбең, шаруа қамы жетіп артылады. Шаруадан қол босаса, аңшылық деген әуес ол күтіп тұр қызықтырып. Ер-азаматтың ермегі мен алданышы аз болған ба. Ер жігіт үйінен шыкса үйіріне қосылады демекші, айнай жазыда да, кауым ішінде де бөріктінің ісі біткен емес.

Ал енді әбігерге салынбай, үй оңашада ой жетегіне еріп отырсаң, сол әрекеттердің дені еш кажетсіз екенін пайымдайды екенсің. Ертең өзіннің көзің кеткен соң, бәр-бәрі ұмыт болып құрдымға кетпек. Күйкі қарбаластың нәтижесі сол-ақ. Сонда пендеден соң не калмак мына жер жиһанда? Ол да мәлім милай білсең. Ғалым болсаң, ғылымда ашкан бір жаңалығың калмак. Шешен болсаң, ел жадында дәмді бір сөзің калар. Би болсаң, әділ де ұтыкты үәж айткан төрелігің калар. Қалам тербеткен ақын-жырау болсаң, ел тарихын сырлы сөзбен суреттеген дастаның калар. Домбыра шерткен өнерпаз болсаң, құлак құрышын кандырған күйің, жүректі тебірентер әнің калар.

Осының бәрі ел жадында калса керекті. Себебі, қоғамның дамуына кажет екен. Адамның тапқырлығы, ізденгіштігі болмаса ғылым өрге баспас еді. Ғылым жетістігінің арқасында өнеркісіп, өндіріс дамымақ. Бұл тұрмыстың өркендеуі. Бұл салаға ғалымдар мен кәсіпкерлер ие... Ал енді бұкараның рухани дүниесі бар емес пе. Ділі мен сана сезімі, парасаты мен мәдениеті. Бұл саланың рухани көсемдері ақындар мен жыраулар, шешендер мен әнші-күйшілер. Демек, кауымды ізгілікке бастайтын осылар. Батырлар дастандары болсын, ғашықтық киссалар болсын, мазмұны тұнып тұрған салт-дәстүр, үлгі-өнеге екенін көресің.

Ән мен күй де сол. Қазақтың ән біткені ғашық жарға арналған екен. Сүйгені үшін талай боздақ басын тау мен таска ұруға әзір. Төмен етектіні күн есебінде көретін мына катыгез заманда, бұл әндер халайыкты адамгершілікке, ізгілікке бастап жүр. Қараңғылыктың бағытынан жаркын болашакка сара бағыт сілтегендей. Әлгіндей әндерді жаттап өскен, көкірегіне токып жетілген саналы ұрпак, зорлык-зомбылыкка тізгін бермесі бесенеден белгілі.

Біреуде ғылымға деген кабілет болады екен. Енді біреулер өнеркәсіпке, ісмерлікке бейім. Бәз біреулер сәулет кәсібін сүйіп, бар ынты-шынтысымен бәдізшілікке беріледі. Ондай шеберлерден көздің жауын алатын ғимараттар калды. Сонау Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің кесенесіндей. Жаратқан иеміз өз пенделерінің мандайына таңдап-таңдап алуан түрлі кабілет бітірсе керекті.

Олай болса, менің колымнан келетіні ән мен жыр екен. Ертеңгі ұрпакка калдырарым сол-ак. Халкымның үдесінен шыккандай туындыларым болса, бәлкім мәдениетіміздің алтын корына да косылар... Өзге өнерлерім әншейін ісмерлік кана. Ұсталык, зергерлік сиякты кәсіп кол өнердің түрлері ғана. Шынтуайтка салса, екінің бірі меңгеріп әкете береді. - Ерінбеген етікші болар – демекші.

Ал енді ән шығару мен жыр жазу үшін ерекше кабілет кажет. Ондай кабілеттің шыны – дарын. Маған тәңірінің сыйлағаны осының бірі болар. Ендеше бойдағы барды сарп етейін де. Халкымның ән жыр теңізіне тамшыдай үлес коса алсам құба күп. Дүниеге текке келмегенім...

Онашада ой тербеген ұзак-ұзак кештерде тапкан акылы осы еді. Сөйткен ізденістің, көкейдегі сансыз сұрактарға жауап іздеп ой кинаудың пайдасы да тиді. Балбырата тарткан кос ішектен соны әуендер туды, ак кағаздың бетіне әріптер тізіліп дастандар жазылды.

Шығармашылыктың игілігін де көрді. Сәтті ұйкас, айшыкты сөз, келісті теңеу табудың өзі нағыз куаныш екен-ау, шіркін! Мал тауып дәулет асырудан, ия болмаса жауды мұкатканнан да насаттану бар. Алайда оның жөні бір баска да, рухани олжаның жөні бір баска. Арасы жер мен көктей... Дастан жазу үстіндегі киял ізденісі соған көзін жеткізді де. Баз-базда окиғаны өрбіте келе, кейіпкерге жаны ашитыны соншалык, жанары дымданып кірпік ұшына мөлт ете тамшы да ілігетін. Бұл өткінші көңілшектігін біреу байкап калмасын деп, көзін дереу укалап түсін суыта кояды.

Ішінен: -Апырай-а, мұнша бос болып калғаныма жол болсын! Әлде бұл да дерттің салдары ма екен. Болмаса жас ұлғайғандыкі ме. Не бір жан түршігерлік соғысты көргенде міз бакпайтын басым, боркеміктікке тізгін бергені ме. Тіпті Жанғожа ауылында жарадан кансырап, енді өлемін-ау деген сәттерде де көңілім кобалжыған емес. – Құдайдың бұйрығы, ак өлімге шараң кайсы. – деп кабак

шытсамшы... Ендеше мынау борпостығым не? Өзім киялдан шығарған кейіпкерімнің тағдырына налып, егілгенім несі? Міне шығармашылықтың, шабыттың әсері!..

Сөйтіп сынаптай сырғып күндер, жылдар өте берді. Төзе білетін, сабыр сақтап әліптің артын күте білетін азамат, тағдыр такбезесін ақыры жеңіп шығары хақ. Емнің әсері ме, жас ағзаның қуаты ма, рухтың беріктігі ме, болмаса осының бәрі қосылғаны ма, әйтеуір бойға жабысқан кесел біртін-біртін қайтуға айналды. Батпандап кірген дерт мыскалдап шығатыны мәлім. Сол мәтелге сәйкес күш-қуат там-тұмдап пайда бола бастаған. Оның өзі бірер жылға созылды. Әйтсе де үмітсіз шайтан демекші, сарыла күткен айығудың әр болмашы нышанына тәуба қылды. Ырысбике де, балалары да, жанашыр ағайын да қуанып, құдайға жалбарынуды үдете берген. Құрмалдыққа шалынған көккаска не сан.

Сол көп жанашырдың мінажаттарының пайдасы да тиген шығар, осы күні дерттен бойы ада. Құлан таза айығып кетпесе де, бойда жігер бар құдайға шүкір. Бұрыңғыдай буырқанған бұла қайрат болмаса да, бір кісіге әлі қаптал. Барға тәуба қылмасқа шаран қайсы, барымен базар дегендейін. . Шу асауды құлағынан басып тырп еткізбейтін дәурен көзден бұл-бұл ұшты. Десе де, атқа қонып қасқыр қууға, тайыншадай арланды білеуітпен бір-ақ тартып соғып алуға қаукары жетіп-ақ тұр.

Одан артығының қажеті де жоқ. Найза гулетіп жау қайтарар заман ендігі келмеске де кетті. Демек, қылшылдаған жас кезіндегідей әлуетті болмаса да азамат тән жігер пайда болды мінекей. Атқа қонып емін-еркін ел аралауға да мүмкіндік туды. Бірақ денсаулық қалпына келгенімен көңіл өзге. Бойдақтық дәурен көзден бұл-бұл ұшқаны өз алдына, ақыл-ой толығып, мінез салмақ тартайын деді.

Осы жасқа келіп бір түйгені – ел қыдырған серілік қылшылдаған жастарға жарасса керекті. Қанша өнерпаз болсаң да, үйлі-баранды басыңмен секектегенің қолайсыз. Бұл бір себеп болса, және бір мықты кедергі – ақыл тоқтатып ойға жиі-жиі шома бергендігі. Уақыт ағымы туғызған сан сұраққа жауап іздеп сана қинайды. Сыр бойындағы елдердің тұрмысын көргені бар, өз жеріндегі түрлі өзгерістер бар, көкірегі ояу кісіні толғандырар мәселе аз болып па. Басты уайым – елдің болашағы ғой. Ол жағы мүлде бұлдыр.

Осы тақылеттес себептер қосылып келіп, ел қыдырудан тиылды кейіңгі кезде. Ара-тұра көңіл көтеріп аңға шығып келеді. Оның өзінде көздейтіні тек түлкі, қасқыр сияқты жыртқыштар. Тұяқты адал аңды атуға қимайды. – Қорексіз емеспіз ғой, құдайға шүкір. Біреуге телміртпестей азбенішіміз бар. Қызылсырасақ малдың еті де жетер. Бір жапырақ қалжасын таңсық көріп, елік пен бөкеннің обалына қалмай-ақ қойдым. Менсіз де аңшы-саятшы жыртылып

айырылғандай. Адамзат біткен аң-құсты кырумен келеміз ғой. – деген пікірді желеу етіп, момын аңға жоламайды.

Садак та асынбайды осы күнде. Ертетіні тазы ғана. Бір кезде балаларға алып келген кос күшік казір өсіп-жетіліп, дүрдей арланға айналған. Нағыз кайың каптал алғыр тұкымнан. Бұларды ерінбей жалыкпай өзі баулыған. Ұялас иттер өжет келетіні аңшыларға ежелден мәлім. Құмай тазының баулуы келіссе каскыр да ала береді. Бірак баулудың тәсілін білу керек.

Сол ұзак баулудың аркасында, кос арлан көз ұшына ілінген жырткышты кұткарған емес. Көсіле жүйткігені аткан октай. Балалар койған аттары да кызык. Алғырлығына, батылдығына мүлде кереғар. Қарааланың аты – кара көжек те, сарыаланыкі – сары көжек. Бұл аттарды койған ерке тотай кенже ұл болатын.

- Оу, бала, түлкі алатын иттің атын көжек деп коя ма екен? Ерсі ғой тіпті. Көжегі түгілі коянның өзі түлкіге жем емес пе. – деп үәж айтып көріп еді, оған Мұсайын құлак та аскан жок.

Сөйтіп осы аттарды иемденіп кала берді кос тазы. Бұл екеуіне сарысы не, карасы не, - көжек- дегенге екеуі де елең ете калады. Болса да жұбын жазған емес, екеуіне де ортак бір ат жетіп жатыр.

Аңға шыкканда ерткені осылар болса, такымына баскаңы каскыр соккан жүйрік құла жирен. Баяғы бозшұбар мен күреңнің орнын баскан алты жасар сәйгүлік. Бұны да құнанынан жалыкпастан үйретіп, өз икеміне әбден көндіріп алған. Шакырса келеді, бұйрығын такым кағысынан-ак ұғып камшы салғызған емес. Иесіне бауыр баскаңы соншалык, тұсамай-ак коя берсең маңайдан ұзамай жайыла береді... Алайда иті мен аты сай болғанымен, аңға жиі шыға коймаушы еді кейіңгі кезде. Бұнысы бұйғыланып үй күшік болып кеткеннен емес-ау. Бүгіңгідей оңашалыкты іздейді. Құр далпылдап дала кезгеннен көрі кітап актарғанды пайдалы көреді. Кітап болғанда орысшасы басым. Ауылдағы бар кисса-дастандарды әлдекашан окып, тіпті жаттап алған соң, орыс әдебиетін колға алған болатын. Ол үшін Прохоровтай ұстазын кайта тапкан. Екеуі сағыныса кауышып ұзак сұхбаттасады. Сегізді мазалаған сан мәселелерге өз әлінше жауап беруге тырысты карт ұстаз. Ал енді кей сауалдарға, әсіресе елдің болашағы жайындағы сұракка кайырар сөз таба алмастан тығырыкка тірелетіні де бар. Ондайда шарасы таусылып кынжылады да. Сыпайы, көргенді кісі ғой, ондайда өзін кінәлі деп мойындап, Сегізден кәдуілгідей кешірім өтінгені де бар.

Енді бірде: - Туу бір меңіреу түкпір ауылда жүрсең де, кайдағы бір күрделі такырыптарды коздата беретінің-ай осы сенің! – деп жорта кейгенсіп кіжінген де болады.

- Мына бір кітаптарды, мына бір дәптерді окышы ауылыңа апарып. Еуропа философтарының еңбектері бұл. Көбі орысшаға

аударылған да жоқ әлі. Аударылса да баспа бетін көрмей келеді. Зиялы қауым өзіміз аударып қолдан көшіріп жүрміз. Неге десең, адамзат ойының інжу-маржаны бар бұлар қалдырған мұрада. Көп сұрақтарыңа осыдан жауап табарсың бәлкім. Асықпай оқып, танып-біліп әбден зерттеп ал. Бір қатынағанда қайтарарсың, бұл жазбалар жеке меншік мүлкім қанша ұстасаң да еркің. – деп кеңшілік таныткан.

Сол қалың кітаптар мен рисалаларды шұқшия зертеумен шұғыл осы кезде. Үнемі оқымаған соң орысшаға қарайыңқырап та қалыпты. Әйтсе де оқыған сайын төселіп барады. Толық ұғынуға киынырақ болғанымен, ұзын ырғасына жалпы нобайына қанықты. Бұл мұссанифтердің жазғанына тереңдесең, зерде шіркін кәдуілгідей киналады екен. Қара жұмыс істегеннен бетер болдырып та қаласың. Ой тербеп зерде кинағаннан көрі, балта ия күрек ұстап қара жұмыс істеген артық-ау деп те ойлайсың. Пәлсапа тақырыпты кітаптардан жалығып біраук дем алам десе, үйреншікті көз таныс киссаларды парактауға кіріседі. Аратура өз шығармашылығымен де шұғыл. Ойға орала кеткен шумақтарды қағазға түртіп қойып, іле домбыраға қол созады. Жаңа туған бәйітті ыңылдап кана орындауды әдетке айналдырғалы кашан.

Жас ұлғайған соң ба, наукастың зардабын шеккеннің салдары ма, әйтеуір у-шу, даңғазаға толы көпшілік ортасын ұната коймайды. Үй іші оңашалыкта өткізетін мажыраған тыныш кештерге үйір. Әсіресе сыртқы ауа райы қолайсыз болса. Міне дәл бүгінгідей...

- Ассалаумағалейкөөм, жаркындарым! – оқыс ашылған есік пен саңк еткен үн, ойға шомған Сегізді еріксіз елең еткізді.

Серпе ашылған есікпен бірге сырттын ызғарын ала кірген Қапардың екінші ұлы Сапар екен. Бір кездегі кара домалак куакы ұл бұл күнде зіңгіттей жігіт болған. Бойы орта, тұрпаты шағындау демесең бітімі шымыр, елгезек жігіт. Жеткіншек кезінде кушыкештеу еді, сол мінезінен айнымай-ак келеді. Қара торы өңіндегі кішкене көздері үнемі куакы ұшкын шашып тұрғандай.

Шидем күпісі мен саптамасын шеше салып, Сегізге кол бермекке асыға басты. Жолай сампылдап сөйлеп те келеді. Ырысбикеге көз тастап:

- Пай-пай, ая жеңгем, етіңіз пісіп те калыпты ғой, иісі мұрын жарып барады тіпті. Әттең асығыспын, казы-картаны бір карбытып алар едім. – ден езу тартты да ұлдарға назар жығып, - әй, Мұстапа, тастасаңшы анау кітабыңды! Молда болмакпысың бала басыңмен? Оки берме, су ми болып кетесің. – деп оны да бір түртіп өтті.

Бибізараны еңкейіп иіскейін деп еді, Ырысбике: - Бойың суык, тұра тұр жылынып ал алдымен. Құшак-құшак аяз ала кірдің ғой. Дала сонша суытып кетіп пе еді өзі? – деген сөзбен кайнысының бұл ниетін құптай коймады.

Қуыршакпен ойнап отырған Бибізара еденді куалай жайылған аязды будан ығып, шешесінің бауырына тығыла берді. Бұл бала өзін иіскеп

аймалауға үйір үлкендерді жақтыра қоймайды. Тойған қозыдай сүйкімді болған соң, үлкен атаулы бұны аймалап толғануға құмар-ақ. Иіскеп қана қойса бір сәрі, былшылдата сүйіп бетін сілекейлеп қоятынын қайтерсің. Құшақтағанда да жұлмалап бауырына баса қыскылап мазасын алады-ау пәтшағарлар. Сөйткен әсіре сүйгеннен қашады кішкене қыз.

Сапар болса балаларды келесі сәтте-ақ умытып, Сегізге ілтипатпен қос қолын ұсына берді де:

- Армысыз, ағатай! – деп оң қолын іле кеудесіне апарды.

- Ия, батыр, не жүріс мына боранда? Кел отыр, жайғаса бер. Ас та пісіп қалған болар. Жамандамай жүреді екенсің. – әлгінде ғана киялға батқан Сегіз майда жымиып, оң тізесінен орын нұсқады.

- Боранда дейсіз бе? Менікі не тәйірі, екі үйдің арасындағы жүріс қана. Қотанның іші ықтасын емес пе, қанша айтқанымен. – малдас құра жайғасқан Сапар күлімсірей жауаптасты. – Сізді іздеп келген бозбастарды айтсайшы. Ақ қар көк мұзды каперіне де алмастан ат сабылтып жүрген. Міне өнерпаздар! Әйуской деп соларды айт әнекей – Сапар нашаланған кескінмен басын шайқап қойды.

Бұл сөзге Ырысбике мен балалар да елең ете құлақ түрісті. Ырысбике таңыркаған пішінмен:

- Мәссаған безгелдек! Не түлен түртті десеңші мына дүлей боранда жол жүріп. Көз түрткісіз аласапыранда үсіп өлмей ме сорлылар. – деген сөзбен бетін үзіп алды да, - қызық масы есер біреулер дағы. Еріккен шіркін. – деп іле үкімін де шығарып қойды.

- Есерге ұқсамайды, жеңеше. – Ырысбикеге еңсе бұрған Сапар салмақты нысайға мініп алды. – Шеттерінен сыпайы, әдепті бозбастар. Қыздай сызылады. Бәрінде бір-бір домбыра. Ақ киізге құндақтап әспеттей ұстайтын көрінеді аспаптарын. Өнер қуған нағыз талаптыларға ұқсаттым. – деп сөзін бір қайырып аз мүдірді де, - көкем сізге жіберді, ағатай. - Іздеп келгеніміз Сегіз, әнімізді сынатайық деп едік. – дейді жас жолаушылар.

- Ауылдың үлкені деп Жанат көкемізге сәлем берген түріміз ғой. Әрі үлкен, әрі өзі заманында серілік құрған кадірліміз. – деп аттың басын осында тіреген түріміз дағы. – деп жөнін ұқтырды. Сізді тосып отыр баршасы. – деп Сапар борандатып жүргеннің себебін ұқтырды.

Сегіз туысқанының сөзін бөлмей тыңдауда. Миығын бүлкілдетіп жымиып та қояды. Бұл Сапар осы тақылеттес сәлемді пәлен мәрте әкелген еді үйлеріне. Сегізді іздеп келетін жас талап әншілердің, серіліктен үміті бар жастардың тізбегі үзілген емес. Көбінесе жас шыға қатынаушы еді. Қыс көзі қырауда ел аралау деген сирек болатыны мәлім. Жүрсе де соқалап жүруші еді, сәлем беретін өнерпаздар. Қақаған үскірікте тобымен сайланып кім шыға қойсын. Алда-жалда қыс күні келе қалатын жолаушы болса, жолдағы елден сұрастырып мән-жайға

канып алатын. Жайды білген меймандар рәсімді сақтап алдымен Жанатқа сәлем берер еді. Бидің қара шаңырағына ие болып отырғаны бар, жасында серілікпен аты шыққаны бар деген желеумен, аға өнерпазды құрметтеуді парыз деп біледі.

Бұндайда Жанат меймандарды өз үйінен жібермей Сегізді алдырады әдетте. Жібермейтіннің себебі, алдымен ән құмарлығы, жас-желең талапкер өнерпаздарды қызықтайтыны. Одан қалды - Сегізге салмақ түсіргісі келмейді. Пәлен жыл сырқаттанып жүрген бауырына жаны қайтып ашымас... Осы күні Сегіз дерттен айыкса да, баяғы үрдісінен жаңылмай келеді карт сері. Кең де еңселі бөлмелері көп, зәуезнайы, лапасы, ат қорасы сай қыстауы қонақ күтуге лайық-ақ. Содан болар арнайы іздеп келген жүргінші атаулы, аттың басын алдымен Жанаттыкіне тірер...

Ырысбикенің сұраулы жүзіне көз тастаған Сегіз: - Асты өздерің іше беріңдер. Бір қыдыру жанды күттіріп қоюға болмас. Ән тыңдаймын десеңдер, келе жатарсың ауқаттанып алған соң. Бүгінгі мәжіліс таңға дейін созылатын тәрізі бар ма деймін. – деп орнынан көтеріле берді.

Осы кимылын күтіп тұрғандай-ақ орнынан атып тұрған Сапарды жауырынан қағып қойып: - Ал бастай бер, Сәпке. Қайда әлгі борандатып жүретін сабаздарың? - деген сөзбен есікке таман қадам басты.

***

Жанаттың кең де еңселі қонақ бөлмесі халайыққа лық толы. Қарағайдан қиылған үйдің тынысы кең болғанымен, жағылған пеш бар, көп кісінің демі бар, бөлменің іші бой пысынатарлықтай ыстық. Ауызүйдегі қазандықта бүлкілдеп пісіп жатқан еттің иісі танауға жайлы тиіп, құрапатты көңілдендіргендей... Бірақ әлеуметтің асыға күткені ас емес, назары төрдегі қонақтарда. Терезелері кең самаладай жарық бөлменің төр жағындағы қалы кілемнің үстінде Жанаттың өзі малдас құрып отыр. Пайғампар жасына жеткен серінің сақал-мұрты тегіс ағарған, Бір кездегі бітімді тұрпатының еті қашып, ашаң тартыпты. Қызыл шырайлы өңі де бозарыңқырап, жазық маңдайының әжімі молайған. Сөйтсе де отырысы тіп-тік, кимылы ширақ, оты сембеген көздерде есті де қуақы жылт бар.

Жасы ұлғайған соң бұрыңғыдай үлде мен бүлдеге малына киінбейді. Баткы салған деңмент белбеуінде де, бойында да артық жылтырақ жоқ. Есесіне жеңіл бешпеті мен жейдесі ине жіптен жаңа шыққандай тап-таза. Басында кестелі такия. Бұрын такия кие коймайтын бұны жора-жолдастары:

- Е-е, егде тартканның нышаны осы дағы. Жөн-жөн. Пайғампар жасына келген соң әкәку-сәкәкуді қойған болар қаскаң. Сал бол, сері бол, күйікі тірлік қажытпай қойсын ба. Намазға жығылса керекті.

Бұрын пұшпақ бөрікті тастамаушы еді басынан, ыстықта жалбаған киер еді. Ендігі аппақ тақияны қонжитып алғанын көрмеймісің. Бұ түрімен ұзамай-ақ таспық та ұстар. – деп өздерінше көтеріп те қойған

Қыжыртқандары ма, болмаса көпшік қойған түрлері ме өздері білсін. Әйтеурі ауыл-аймақ – кешегі арындаған серіміз енді тақуалық жолға түсті-ау – деп дәмеленгендері рас. Алайда Жанат-екең бұл үмітті ақтауға құлшына қойған жоқ. Басын сәждеге де тигізбеді, оразада ауыз да бекіткен емес... Тәлімсіген қайсы бір дүмше молдалар кез келсе, айтыса кетеді. Өз басы серіліктен тыйылса да, домбыра ұстаған жас-желең тобына тап болса, бұрыңғыдай-ақ делебесі қозып әуеленіп кететіні де бар.

Бұнысын жақтырмаған Шағырай: - Болды ғой енді, бұ қай жеңілтектік? Сақал- шашың қудай аппақ мына сиқыңмен шикі өкпелерге қосылмақпысың? Кәрі жының қозып кеткенің қай жағысың? Игі жақсылар, ақсақалдар сөкпейді деймісің ертең-ақ. Молда атаулыны тұқыртып біттің әнекей... Уа, өлім бар, жітім бар демекші, ертең көзінді жұмғанда жаназаңды кім шығармақ сонда? Сәлделілерді өзіннен бездіріп жіберген түрің анау. – деп бірталаай насихат айтып еді.

Онысына қыңа қойған Жанат болсайшы. Айылын да жимастан мұртын ширатып қойып: - Өлгеннен соң бәрі бір емес пе, Шақа-ау? Кешегі арпалыс соғыста қанша азаматтар қалды десеңші ми далада, еш көмусіз. Кене ханға ерген жігіттердің сүйегі жапан түзде жатыр әнекей аппақ сөңке болып. Есіл ерлер хандығымыз үшін, ел үшін жер үшін шайқасты. Сол шәйіттерден жаным ардақты емес шығар. – деп бір қайырып, мұрт астынан жымия, - мен өлгенде қиналмай-ақ қойсын молдекеңдер. Бақсының моласындай қылып оқшауырақ көме салар. Болса да бейіске жол жоқ серіге. Шайтанның аспабы домбыраны ғұмыр бақи құшақтап өткен күпірге сегіз ұжмақтың есігін көру қайда-а! – деп дағдылы әзәліне басар еді.

- Тіпу, бұл сарамасқа дауа болмас! Саған сөзді шығын қылған менде шайнамдай ми болсайшы. – деп Шағырай інісінің ілгешекті сөзіне күйіп-пісіп қалады.

Сөйткен Жанат дәл қазір жас талап өнерпаз меймандарды қызықтап отыр. Оң тізесін ала Әдебия жайғасқан. Қарт серінің зайыбы бұл күнде бір кездегі ай мен күндей ажарынан айырылған. Әйтсе де сыры кетсе де сыны кетпеген порымы бұрнағы маңғаз қалпында. Өңі ашаң тартқанымен жас кезіндегідей аппақ. Нәркес көздердің айналасына түскен әжімнің өзі жарасымды сияқты. Келбетінде де, айнала дүниеге қарайтын жанарында да аскан сабыр тұнып тұр. Мұратына жеткен кісінің кейіпі бар.

Жетпегенде ше? Жалғыз ұлы Қапар осы күні мінекей бесеу болған түрі анау. Қошқардай-қошқардай бес ұл немере көріп отыр Әдебия.

Немеренің алды отау тігіп, шөбереге де кол жеткізді. Осының бәрі Әдебияның пейіліне карай жасаған иенің берген сыйы шығар. Мінезінің сабыры мен акпейілділігі емей немене, ғұмыр бақи сылқым серіге жар болуға жарап келді мінекей. Жанаттың мінезі осал-оңтағай болып па? Бос белбеу, кіләм-сіләм әйел заты шыдап беріп, көтеретін мінез емес-ау. Айлап-апталап ел кезіп кететіні бар. Қайсы бір кыдырма еркек сиякты сөз аңдып, пысыксып, ел ішіндегі дау-шарға араласып жүрсе бір сәрі. Сері атаулының көбінесе жағалайтыны той-томалак, апыр-топыр жиын болады. Көпшілік жиындарда бұкараның хан көтеретіні осы өнерпаздар, сал мен сері. Жұрт мақтаған жігітті кыз жақтамай жүрген бе. Серіге нелер бикештер ғашық болмак әрине.

- Анау қызбен айтысты, анау шүйкебасты алып-қашпак екен. – деген қауесет еміс-еміс жетіп жатады да. Көрші-қолаң сыңайластары, абысын-ажын атаулы:

- Мәссаған безгелдек, біздің сері токал әкелмектің қай жағы өзі? Енді кайда барайын ибай-ау! Әдебия, сен не білдің өзің? Анау кыдырымпаз байың бір шүйкебасты алып қашып келе жатса керек. Төсек жаңғыртпак көрінеді. Қайтсын байғұс, жалғыз ұлды канағат кыла ма сері басымен. Жас иіске және бірер атұстар таптырмак шығар. – деп өп-өтірік жаны ашығансып, бұны жұбатпак болады.

Соның бәріне кыңк етпестен төзіп берді-ау жазған басы. Әншілерге еріп кашып беретін сол бір желбуаз шөпжелкелерді түйсінбей-ак қойғаны. Ән деген не тәйірі! Түптеп келгенде ет пені терінің арасындағы желік емес пе. Соның әсеріне елтіп, әншіге есі шыға ғашык болатынын кайтерсің кыз байғұстың. Тіпті міңгесіп кашып кететінін айтсаңшы... Әдебияға салса, бұл барып тұрған желөкпе жеңілтектік. Шошакай кыздардың кылығы. Басында тінамдай миы бар бойжеткен ондай ұшкалақтыкка өлсе барар ма.

Өз басы болса өліп-өшіп ғашық болып көрген емес.Әрі кескінді, сымбатты, әнші Жанатты сүйеді әрине. Десе де ес жоғалтқан жок. Алда-жалда әке батасын бермесе, тұрмысқа шыкпас та еді. Қайсы бір кыздардай ес жоғалтып: - Етегіннен ұстап, жер шетіне шейін безіп кетуге бармын! – деп серт беруден мүлде аулак еді.

Ал енді Қапар сынды ұлды тауып алған соң, асты-үстіне түсті де кетті. Бар әлем бір жак, өз бойынан туып пайда болған шакалак бір жак болмасы бар ма. Ер азаматы қалқайып касында жүрсе болғаны, пәлендей үздігіп, өліп-өшіп іздей қойған жок. Есі-дерті тек іштен шыккан балада болды. Сол себептен катын-калаштың өсегіне, кыздырма сөзіне де ден қойған емес. Ішінен:

- Маған десе үстімнен он катын алса уайым кылармын ба. Мына кұлыншағым аман-есен болсын әуелім. Құдай бере салған ботаканым-

ай. Үйімді толтырған қоңыр козым. - деп түйіп, ақ борыктай айналып-толғана береді.

Сөйткен Әдебия мұратына жетті мінекей. Жетпегенде ше? Сылкым сері күйеуі ешкайда кете қойған жок, токал алудан да ада. Жастық желігі басылған соң, байсалды мінез тауып токтаулы отағасы болды әнекей. Үлкен әулеттің бас көтерері, жас-желенге үлгі-өнеге айтар кадірлі кария. Ермегі – аңшы-саятшылык, одан калды домбырасын тыңкылдатып отырғаны. Сонау бір албырт, есер шакта ден койған сылкым сұлуларды есіне де алмайды.

Жанаттың бір артыкшылығы – дәуренінің өткенін мойындайды да, еш өкінбейді. Тұстас шалдар сиякты – әттең жиырма бес, кайдасың! – деп еш налысайшы... Алпыска келген кей еріккен байлар жас ніс іздейтін әдеті. Төсек жаңғыртады ғой, кұжынаған малдың аркасында. Бұл болса ондай пиғылдан мүлде аулак. Қатын-калашпен әзілдескені болмаса бөтен ойы жок. Бұл мінезін:

– Кәрі шандырымды созып жастарға жармасудан сактасын. Нәпсімді семіртіп біреуге жиренішті болмай-ак койдым. Малмен сатып алған кыздың карғысына ұшыраудан сұмдык не бар. Көз жасының обалына калам ба. Жастарға көз салуға ұят жібермесе, катын-калашты сері көңілім теңсінбейді. – деп түсіндірер еді.

Сөйткен карт өнерпаз осы күні Әдебияның толык меншігінде десе де болады. Серіге деген ел ыкыласына да ортак.

Міне дәл казір де Сегізді іздеп келген талапкерлер әуелім осы үйге аттың басын тіреген екен. Кешегі сал-серілердің көзі деп Жанатты сыйласа, үлкен үйдің кадірлі бәйбішесі деп Әдебияны құрметтей келіпті. Осыдан артык не бак керек болушы еді әйел затына?

Сол себептен отағасының касына жайғаскан Әдебия, төмендеу отырған туыскандарға токмейілси карайды. Алайда ажарлы өңі пандыктан ада. Кескіні байсалды, аялы да есті көздерде мейір тұнып тұрғандай.

Алка котан жайғаскан әлеуметтің ішінде Сейіткерей ғана жок. Осы күні тек кана шаруамен шұғыл Сәток, бұл сынды жиындарға катыса коймайды.

- Әкәку-сәкәку кызойнак кой әншілердің жүрген жері. Ондайыңның кісіс емеспіз. Өз ауылымызда да өңеш созатындар жыртылып айырылғандай. Мына какаған суыкта есі дұрыс адам домбырасын аркалап жол жүруші ме еді? – деп бүгін де колын бір-ак сілтеген көрінеді.

Есесіне түйдей құрдасы ұзын тұра Бірайда топтын жуан ортасында отыр. Нәупілдің ұлы Кебек, Көрпештің Сейітжаны мен Құшаны да осында. Самал, Асыл сынды үлкен жеңгелер де жастарды кызыктамакка келіпті. Жанат сері Шакшак биден калған үлкен

шаңырақтың иесі. Сол себепті бұл үй бүкіл ағайынға ортақ болып саналады. Қуаныш пен Әгіл де малдас құрып тізелесе отыр. Бұл екеуін жоғарырақ жіберіп Қапар тізе бүккен. Отаудың иесі болған соң бұл зге ағайыннан төменірек отыр. Жасөспірім кезінде ұя бөрік, иіс алмас Қапар танымастай өзгерген. Жуастан жуан шығады демекші, жасы ұлғая келе сырт пошымы билерге лайық маңғаз да келбетті болып қалыптасқан. Әдебиядай бәденді мен Жанаттай сымбаттыдан осал ұл тусын ба. Маңдайы кере қарыс, қыр мұрынды, сыдырым қас Қапар көз тоярлықтай-ақ пішінді болып жетілген. Сөз есесін де біреуге жібере коймайды. Бұның бір әдісі – таңдайы тақылдап суырылып сөйлей бермейді. Әр сөзін сараптап, сүзе, баптап сөйлейтін дағдысы бар.

Содан болар, бұны Шағырай дау-дамайға ертіп жүргіш. Аткамінерлердің жыбыр сөзін, айлалы аяр мінездерін сұқаны сүймейтін Қапар барғысы келмей тартыншақтаса:

- Үй, сен өзің бар ғой, түк айтпай-ақ қасымда отыршы! Сенің сыкпытыңа бола ертіп жүремін шарай топка. Пошымың маңғаз, түрің ызбарлы. Порымыңды көрген даугерлер айбынады кәдуілгідей. – деген сылтаумен, қоярда коймай мәжілістерге қатыстырып жүр.

Сөйтіп жеткіншек кезінде босбелбеу Қапар, осы күні салдарлы отағасы болған жайы бар... Қапардың оң тізесін ала Сегіз отыр. Кешірек келген соң осы төменірек тұста жайғаса салған. Бұл кіріп келгенде-ақ халайық ысырылып төрге оздырмақшы еді, Сегіз:

- Еш абыржымаңдар, осы жерге отыра салам. Құлақ оты тұс қой, әнді естісем болғаны да. – деп тізе бүге салған.

Жұрттың назары жас меймандарда. Бұлар алты жігіт. Кіл қылқан кескендей жастар, он сегізден аса коймаған болар. Серіліктен дәмесі бар екендерін әлем-жәлем киім киістері аңғартып-ақ тұр. Үкілі домбыралары да әшекейлі. Көпшілік ішінде бір домбыраны қолдан қолға аралатушы еді, мына жас жолаушыларда болса бас-басына дербес аспап бар екен. Онысы да серілікке бейімделгеннің айғағы. Сегіз кіріп келгенде жаппай атып тұрып, кол қусыра жамыраса сәлем беріскен. Пірге кол ұсынған шәкірттерден бетер қызарақтап, үндері жарықшақтана шығып, көздері жыпықтап шала бүлінді де қалды. Өйтпегенде ше. Әндерін жаттап өскен даңқты серіні өз көздерімен көріп тұрған түрлері ғой.

Сегіз бұл күйлерін түсіне, бейіл бере есендесті. Қымсынбасын деген оймен жайдары нысайға міне:

- Уа, ат-көлік аман ба? Есен-сау жеттіңдер ме, азаматтар? Мынандай аласапыран күнде атқа қонған жігіттер, осал болмассыңдар. – деп езу тарта тіл қатып, - ал көрісіп құшақтасып алайық алдымен. Бір көрген біліс, екі көрген таныс демекші, есім-намыңды айта отырыңдар. – осы сөзбен жастарды кезек-кезек құшақтай алып, төс қағыстырып өтті.

Бұлар есендесіп болған соң, төрден Жанат та үн қосып: [illegible] именбеңдер, жігіттер. Бұл үйді өз үйіңдей көр. Ән-күйді сүйсіп кауымның ордасындай көр бұл құжырамызды. Сегіз екеуміз [illegible] аяғымыз аспаннан салбырап түскеніміз жоқ. К үні кеше [illegible] өздеріндей бозбас болғанбыз. Сондық, еш тартынбай әнді бастап [illegible] жіберіңдер қәнекей. Мына халайық лебізіңді тыңдағалы келіп отыр

Кәрі шөңге менің әнімді қайтсын бұл ел? Жаңа осыдан талапкерлердің өнерін тамашаламақ. – деп салған жерден меймандарды билеп-төстеп әкетті.

Сөз арасында жастарға көпшік қойып, демеуді де ұмыткан жоқ кәрі тарлан. - Қашайын деп тұрған қоянға шәйт деген соң не жорық демекші, бозбастар екі айтқызған жоқ. Ә десіп келіскендей ак кезегімен әнге басып кеп жіберді. Үй ішінің қапырығы бар, көңілдерінің толкуы бар, самайларынан тер шұбырды-ай келіп. Онысын сүртуге де мұршалары жоқ, екі қол домбырада. Қасында отырған жолдастары әндеткеннің маңдайына сүлгі тигізіп, дембіл дембіл дегдітіп кояды. Жанат пен Сегіз сиякты майталмандардың алдында өнер көрсету оңай болып па. Бұл екеуі аскар тау да, жас талап әншілер төбешік іспеттес екені қайтып білмесін. Бұл жәйтті жиылған ағайын да біліп отыр. Сондық, бозбастардың кара терісі малшынғанын ерсі көрген жоқ көпшілік.

Әншілерді ден коя тыңдаған Сегіз үнсіз ғана жымиып кояды Райлана карап отырған кеспірінде разылық аңғарылғандай. Жастарға сүйсініп кәдуілгідей әсерленуде. Осындай жаңа талап әншілерді тыңдауды кашаннан ұнататын. Жастың аты жас кой, табиғатпен қайтып таласарсың. Жас-желеңге өнер шіркін жарасады да. Мына жігіттердің бойлары аласалау демесең, шеттерінен қағылез, лаулап тұрған оттай лыпып тұр екен.

Бойды койшы, Нияз екеуі сиякты атан жілік азаматтар үнемі туа бермес бу казакта. Бойы шапаты келгенімен ой өрісі кең болсын алдымен. Осындай орта бойлы дембелше жігіттер емес пе, дұшпанға мынау ұлан байтак жерді бастырмай келген.

Ойға бойлай берген Сегізді кезекті әншінің биік аһауы елеңетікізді. Жауырынды, төстек кеуде, бітімді келген жігіт ым кағып өз касына және бір серігін шакырып алды. Бұның касына келіп жайғасканы құбакан өңді, сопак беттеу ббозбас. Кеспірі сабырлы, бұның да тұрпаты кескен теректей мығым-ак. Бұрыннан дағды алғандары болса керек, бұл да домбырасын құйқылжыта тартып жіберіп аһауға салды. Әлгінде таныскаңда екеуі катарласа тұрып еді, сірә жұптаса шыркайтын жолдастар болса керек. Есім-намы калай еді осы екеуінің? Е, айтпакшы мынау караторысы Бекжан да, бидай өңді

жігіттікі Саржан. Аттары да ұксас, ағайындылар болмағай. Бірақ сиықтары бір-біріне мүлде ұқсамайтын сиякты.

Сегіздің ойын Бекжанның бастап жіберген әні бөліп жіберді. Екпіндете, жаныға шыркайды екен. Дауысы пәлендей зор да емес, ауыл-үй арасындағы көп әншілердің біріндей ғана. Әйтсе бар ынты-шынтысымен беріліп, жанын жеп орындауы ерекше. Өзі де караторының кескіндісі, әндеткенде аялы көздері ойнакы бір ұшкын шашып өңін одан сайын ажарландырып жіберді. Майда жымиысы да жарасымды. Қос ішекті сабалаған ширак кимылынан, әнге әбден беріле күлім каккан өңінен жігер есіп тұр дерсің. Жігер болғанда нағыз шаттык жігері. Жалпы тұрпаты – тұғырынан ұша жөнелмек тұрымтайды елестеткендей.

Әннің бір шумағын кайырған соң құба балаға ым кыкты да, екеуі косамжарлана әндете жөнелді. Бекжанға карағанда Саржан орныктылау көрінді. Бұл да әнге берілгенімен өңі сабырлы, елп ете кояр тарпы жок. Бекжанға карағыштап соның шабытымен жанданғандай. Бекжанға да бұның костағаны демеу сиякты... Бірер әнді кайырған соң Сегіздің «Назкоңыры» мен «Ғауһартасына» басты. Осы тұста бұлардың косылып шыркағанның себебін ұккандай болды Сегіз. Сокалап орындауға жүректері дауаламаса керек. Әнді шығарған өнерпаздың алдында шыркау деген, аса жауапты іс екенін түйсінеді әрине. Бір жерден акау шыға ма деген күдік те мол.

Дауыстары айта каларлыктай үнді болмаса да, кос әншінің орындауына көңілі толды Сегіздің. Осындай ысыла коймаған жастардың әнін ұнатушы еді. Бұлардың бір артыкшылығы – бәлсіну, кекию деген атымен жок. Есесіне буырканған шабыт болады әдетте. Тыңдаушысы табылса сағаттап әндетуге әзір. Ал енді атағы жайыла бастаған кайсы біреулер бәлденіп, сызданып бітетіндері бар. Халайык колка салса көне коймай, маңыздана кергитінін кайтерсің. Кеуілдегі менмендік сүрепетіне де сыздың табын бітіреді. Қабактан кекір мінез анғарылған соң, әншіден шын өнер, саф таза өнер кетті дей бер. Әншінің бұлданғаны – өнерін саудаға салды деген сөз. Ал сауда жүрген жерде кәусар сезім жок. Риясыз пейіл, шынайы сезім болмас әннің жаны кетеді. Әуені канша мінсіз болғанымен, жүректен шыккан шын сезім бастамаса, тебіреніссіз айтылған ән тыңдаушыны елең еткізбес.

Керісінше кей әннің әуезі соншалык мінсіз де шыкпас. Орындауы әлі де болса баптауды, кырнауды кажет етеді. Әншінің дауысы да сонадай куатты да емес шығар... Есесіне жанды жей, шынайы көңілмен айтылса, есіткен жанды толғандырмай коймас.

Міне мына екі бозбас тап осындай жас талап әншілер болса керекті. Бұлардың шабытты әні әнекей дүйім тыңдаушыны көңілдендіріп, жандандыра коздырып әкетіп бара жатыр... Үй ішінде

бір талай қызалақтар да бар еді. Сейіткерейдің өзі бұндай жиындардан бойын аулақ салса да, үйі толы қыздарының төрт көзі түгел келіп отыр. Көздері жайнап, өңдері бал-бұл жанып рахатқа батуда әнекей. Қос бозбаланы көздерімен ішіп-жеп барады. Бұ жігіттер емеуірін қылса-ақ болды, етегінен ұстай алып жер шетіне дейін кетуге әзір сияқты... Сегіздің езуіне күлкі үйіріліп, ішінен:

- Мына сықпыттарын Сәток көрсе ғой, ызадан буынып өлер ме еді, қайтер еді. Ән шіркіннің әсерін қойсаңшы. Мына балалардың көңілдері майдай еріп, балкып кетті-ау кәдуілгідей. Өзі тең-тұс бозбала болса, өзі таңдайынан бал тамған әнші болса, қайтып елжіремес қыз жүрегі. Бұл табиғаттың заңы, еш сөкеттігі жоқ құбылыс. Бұны тек топас кеуде нойыстар ұға алмас. – деп пікір түйіп те қойды.

Бекжандарды көтермелеп үлкендер де үн шығарады оқта-текте. Бұл ауылдар әнші атаулыға сыншы болатын. Кілең сал-сері шыққан ел ән-күйдің сапасын ажырата біледі әрине. Өнерпазға деген талғамы да қатаң. Әйтсе де мына алтауға риза болған сыңайда... Қуаныш пен Әгіл бастаған еркек кіндіктілер:

- Уай пәлі-ай, тамаша!

- Сок, сүмірейте сок!

- Бәрекелді, міне жігіт! -

деп айғай сала көтермелеуде.

Әйтеуір не керек, барша халайық жадырап мәз-мейрам болып жатыр.

Кезекті әнге құлақ түріп көңілі көншіген Сегіздің санасында кенет соны бір ой жарқ етті. Мына бозбастарды және бір қырынан танып, жас кезіндегі өз қылықтарымен еріксіз салыстыруда.

– Апыр-ай- а, бұл бозбастардың сипаты мен екпіні, беталысы Нияз екеуімізден бір аусайшы. О тоба, шынымен-ақ құдды сол замандағы арынымыз. Тау мен тастан қайтар ма екен десеңші мына түрлерімен. – деп тұжырып, сонау бір жастық шақты елестете ойға шома түсті.

Кейіңгі кезде ел тағдырын еске алса-ақ, қабырғасы қайыса уайымға салынар еді. Болашақ қайсы, бұқараның ертеңінен не хабар бар. Халыққа сілтер жөн бар ма, ендігі беталыс, бағыт-бағдар қандай болмақ? Осы тақылеттес сан сұраққа жауап таба алсыншы.

Мемлекетіміздің туын Ресей жапырып жіберді әнекей. Соңғы қайрат қылған Кене хан еді, оның да түбіне жетті басқыншылар. Сарыарқаға орыс ие, арқа тұрмақ Қоқан мен Хиуаны да жалмағалы аранын кең ашуда. Жұтпай қоймас та. Нияз екеуі көрді ғой Қоканның қаруын. Көсемсіз қалған қазаққа ғана айғырсуға жарар. Зеңбірегін сүйреткен ормандай орысқа төтеп беру қайда-а!

Сонда барша түркі тектес ағайын елдерді Ресей бұктырса, ұлттың ертеңі не болмақ? Орысша оқып, орыс болып кету ғана қалды ма?

Ресейдің озық білімін, өндіріс пен өнерін үйренген теріс те емес-ау. Әйтсе де кентте білім алса дағы, ел қамын жеп жүрген қазақ баласы көріне қоймады әзірше. Бірен-саран оқығандар шен-шекпен иеленіп, мұрты майланғанына мәз. Өзі ток болған қаладағы каратаяктар, бұқараның болашағына бола бас қатырсын ба.

Бір кезде сонау балалық шақта, Қызылжардағы мектепте өзімен бірге оқыған Өркен сынды әріптестің үлгісі соған дәлел. Бір кездегі әлжуаз жасық ұл, осы кезде шелденіп қоң жинап алыпты. Алдыңғы бір жылы елге келіп кеткені бар. Кеңсенің тілмашы екен, дөп-дөңгелек дәулетке де ие болса керек. Бала кездегі ашаң өні быртия семіріп, пұштиған мұрыны мен кос сыксимасы әрең көрінгендей. Киімі орысша, салт жүрмейді, мінетіні фаэтон күйме. Ел қазағына өктемсіп бітеді саппасың. Сегіздің беделінен именеді, болмаса бұған да өзінше тәлімсімек.

- Е-е, құрдасым, бекер-бекер түстің егес жолына. Есті кісі үкіметпен тайталасар ма екен. – деп екеуі оңаша қалғанда ұзақ бір кеңеске кеткені.

- Осының бәрі әншілік, серіліктің кесірі емей немене? Ән деген не тәйірі! Ет пен тері арасындағы бір желік. Әрі кетсе ес тоқтатпаған бозбалаға жарасар. Салуалы кісіге сал-серілік деген кол емес-ау мүлде. Ән мен серіліктің есер жүрісі карын тойғыза ма. Ұзақ жасап, бақуатты кәрілікке жетіп дүниеден өтті деген серіні естіген емен. Һәммасы бір сойканға ұрынып, арманда кетеді. – деп бастап, Сегізге барлай көз тастап қойған.

Не ойда отыр дегендей. Құрдасының кабағын аңдып канағаттанса керек, тамағын кырнап қойып әлгі насихатын тарата берді.

- Бәз біреулер – жақсының аты калар. Ал серінің ән-жыры, атак-даңкы калар. Елі естен шығармайды дүниеден өткен соң. – деп көтермелейді өздерінше. Бұл сөзі шапка түрту емей немене, сарапка салсақ... Уа, өзің дүниеден өткен соң, елдің колпашы не керек? Елдің есінде калғанның не пайдасы бар осы? Даңк пен атак тірлікте ғана кажет. Көзің кеткен соң бакыр тиын құрлы құны жок. Шайкап-төгіп ішіп-жеп, кекірік аздыра казы-карта асамасаң, байлыкка колыңды жеткізбесе, атағы да даңкы да адыра калсын.

Мысалы Нияз екеуің туу кіші жүз асып Қоканмен соғысып келген екенсің. Тұла бойың жара, мылжа-мылжа болып келген түрің мынау. Құдайдың кұтты күні кінәраттанып, ымшык-шымшык наукастан көзің ашылар емес. Сол ма тапкан олжаларың?

Сырдың сүлейлері «Сегіз- Макпал» деген кисса шығарып, атыңды үш казакка мәшһүр кылса керек. Хош делік. Ләкин сол атактың пайдасы кайсы? Өз каракан басыңа келіп-кетері бар ма әуелім? Өзгені былай қойғанда бұл киссадағы Сегіз кай Сегіз екені де мәлімсіз.Әр өңір өзіне тартатынын кайтерсің. Біреулер Жаппастан шыккан жігіт десе,

енді біреулер Бағаналыға телиді. Анық-қанығын білген жан жоқ. Сол ма тапқан олжаң? Асылы, бұқара халыққа сенім жоқ, қарап тұрсаң Пікірінде бәтуа болсайшы. Бұқара деген кім әуелім? Пәруәйсыз қара тобыр дағы. Бүгін өзіне ұнаған сал-серіні дәріптеп басына көтерсе, ертең-ақ естен тарс шығарып тәрк етеді өңшең мұндар.

Сондық, халықтың қамын жоқтап елге жағу, ел үдесінен шығу деген бөспе сөзді қойып, өз мүдедсін көздеу керек азамат атанғандар Ертеңнің емес, бүгіннің, күнделікті тірліктің қамын қуады есті кісі Бүгіңгінің кілті болса орыста. Билік сонау шаһардағы кеңселерде Орыстың тілін, жазуын білетін қазақтың қаны жерге тамбай тұр Ресей үкіметіне қызмет істегендердің тасы өрге домалауда.

Мысалы Шыңғыс төре полковник атанып жүр әнекей.Қара қазақтың баласы Көшеннің Тұрлыбегінің түкірігі жерге түспейді Үкіметпен тірескен Ғұбайдолла, Кенесары сияқты төре тұқымы болса қирай жеңіліп, ендігі тоз-тозы да шықты.

Үлгі осы, құрдасым. Әлі де болса кеш емес. Шыңғыс төренің жолын қушы, ертең-ақ дәрежең аспандап шыға келеріне мен кепіл Орысшыл болудан басқа жол жоқ, не қылса да. Өз басым татардан қатын алып, балаларымды орысша оқытып жүрмін. Орысшаға жүйріктігі соншалық, кейі тіпті қазақшаға шорқақ. Ертең-ақ ортан қолдай бір-бір шенеунек, қаратаяқ болып шыға келмек. Көр де тұр, сахараның сасық байларын сол қаратаяқтар билеп-төстейді түбінде.

Сондық достым, тілімді алсаң жатпай-тұрмай кеңсе қызметін қолға ал. Тілмаштық нағыз қолың. Анау Головин бар, өзім бар, жәрдемдесеміз. Ән-сән, серіліктің-періліктің заманы өтті әлдеқашан. Қазақтың былық-шылығынан күсіп, шаһардың кеңсесін жағалаған жөн. Қазақ енді ел болмайды, тарихтың шаңында қалды ұлтымыз. Анау Қазанның татары сияқты біртін-біртін ассимиляцияға да ұшырармыз. Дамыған елдің етегінен ұстамасақ біз де көпке ере алмаспыз.

Дос жылата айтады демекші, жанашырлық тілегім осы. Риясыз көңілім деп біл. Ұзын арқау кең тұсауға салмай тезірек ойлан. Қол ұшын беруге мен әзір. – деп ұзын-сонар кеңесін тұжырған болатын.

Жан ашыр тілеулестің сөзі сияқты. Ағынан жарылған дос-жар дерсің. Енді қайтсын, білгені сол шығар. Әр адамның тірлік құбылысына, өмір ағысына деген өзінше көзқарасы болса керекті. Өркеннің жеткен деңгейі осы болғаны да. - Өрең тар - деп қайтып кіна артарсың. Тұтынған жолы осы болса, шаран қайсы... Осы жәйтті ескерген Сегіз көз көрген замандастың көңілін қалдырған жоқ. Сыпайылап қана:

- Болсын, көрерміз, қабырғаммен кеңесейін. Пейіліңе ризамын, алдыңнан жарылқасын. – деп тіл емізіп қана шығарып салған.

Өз басы болса, бала кездегі сырластың күрт өзгерген сиқынан түңілгендей болды. Білімді дегенің, кенттің оқуын көргеннің сиқы

осы болса, адыра қалсын ондай оқуы! Жаман қазақ орыс бола лмас демекші, ендігі мақсат ұлттан безіп жаппай шоқыну ма? Шоқынған емей немене, балалары ана тілін ұмытса. Жоқ, Өркен шырақ, бұл онегең өзіңе. Бір кезде аңқылдақ, аккөңіл бала едің. Танымастай өзгеріпсің. Шолақ-шолтырақ мінезді, өрең тар шенеунік болыпсың. Бағыт-бағдарың мүлде бөтен, бөлек жайылған пысықай екенсің. Өктегенің тек қаракан басыңның қамы, қу құлқын. Құбыламыз бөлек екен, тілмаш мырза. – деген пікірге бекіп еді.

Енді міне мына Бекжан мен Сержаны бар, мейман бозбастардың әнімен әсерлене отырып, сол Өркеннің кеңесі есіне түсіп кеткені. Іштей егесіп, сол Өркеннің насихатына үәж де қайтарды.

- Жоқ, Өркен мырза, қазақты құртып біттіге санағаның ертерек болар. Ия мемлекетіміздің тауаны шағылып, тұралап қалғаны рас. Тартыншақ түйедей тарих көшінің соңында ілбіп келе жатқанымыз да ашшы шындық. Десек те үмітсіз емеспіз, шенеунек қандасым. Оған мына жайсаң жастар дәлел. Жас әншілердің өнерін қолпаштаған анау қызалақтар дәлел. Жас буын, өртеңнің орнына шыққан алсындай інікарындастар дәлел. Буырқанған жігер, мұқалмаған қайрат иелері. Тау мен тастан тайынар ма екен бұлар.

Нияз екеуміз анау Өркен айтқандай-ақ, арпалыс-жұлыстан қажып та қалған шығармыз. Бірақ арыстан айға шауып мерт болса да, артынан ерген шөнжігі ізін баспай қалмас. Сол сияқты мына жас буын, соны лек қайтпаған жігермен өмірдің толқынына күмп берер. Орыс бел алып тұрған заман ғой. Орыстың білімін де үйренер. Үйренген соң Өркенге ұқсап шен-шекпен, пайда қумас та бәлкім. Жұрттың бәрі қарын қамын жеген замыр емес шығар. Орыстың озық білімін туған елге таратар, шабан-шардақ қарындасты алға бастар. Тек ұлтымыз аман болсын. Орнында бар оңалар демеп пе еді халқымыздың даналығы.

Даналық демекші, Прохоровтан алған кітаптарды оқып сол тақырыпты зерттегені бар. Зерттей келе бір ұкканы – орыстың өзінде бағзы заманда ғұламалар болмаған екен. Тілге тиек еткендері көне Үрім, грек даналарының өсиеттері. Яғни Ресейдің батысында жатқан, Жерорта теңізінің айналасында ірге тепкен елдерден шыққан ойшылдар. Демек Еуропа өкілдері. Бұларды – философ – деп атайды екен. Қазақ тіліне икемдесе – пәлсапашылар. –София- дегені грек сөзі, мағынасы – даналық. Еуропаның бетке ұстарлары Сократ, Аплатон деген грек данышпандары. Үрімде болса – Эпиктет, Сенека-дегендердің аты шыққан.

Аталмыш ойшылдардың өсиеттерімен танысса, қазаққа мәлім емес насихаты жоқ та екен. Бұлар тапқан оу жауһарлары, мағыналы тұжырымдардың ізі қазақтың әдебиетінде сайрап жатыр. Қазақтың қай қисса-дастанын алсаң да, мазмұны толып жатқан үлгі-өнеге.

Қазақтың әдет-ғұрпының өзі тұнып тұрған даналық емей немене? Үлкенді сыйлау, каріп-касерге карайласу, кайырымды кең пейіл болу сиякты, тағысын тағы көптеген ізгі касиеттерге баулиды ауыз әдебиетіміз. Бұған коса Жиренше шешен, Қарашаш сұлу сынды данышпандарымыздың өсиеттері бар. Анау Шалкиіз сиякты көне дәуірдің жыраулары да нағыз пәлсапа тараткан ойшылдар емес пе.

Бертін өткен Байдалы шешеннің өзі бір аскар бел зәліттес. Тәлімсіген молданы ұтықты үәжбен шоңкайтып, пансыған аға сұлтанды китұркы сауалмен тығырыкка тіреп койған жок па каскаң. Демек, бұкараға жөн-жосық сілтеген ой көсемдері казактың өзінде де жок емес. Солардың өсиетін ұстанған пенде өмір жолында адаса коймас.

Бір түйгені осы болса, және бір шығарған корытындысы – ана тілінің ерекше бір касиеті. Бірнеше тілді білгеннің аркасына өз тіліннің артыкшылығын ұғады екенсің-ау. Әрине әр ұлт ана тілін өзгелерден артык көрмек. Себебі, әр халыктың ана тілі ұлттык мінезіне сәйкес келмек. Бұл заңды құбылыс әрине. Оған осы күні көзі жетті де. Бала кезінде арабшаға жетік еді. Көрпеш ағасының окытуы бар, өзінің талаптануы бар, арабшаны емін-еркін меңгеріп еді. Кітаптарын сүйсіне окыған. Араб тілінің өзіне ғана тән биязылығына, әуезділігі мен оралымдығына тәнті де болған. - Акындар тілі деп осыны айтсаңшы. – деп әсерленгені бар.

Бертін келе Қызылжар аскан соң орыс тілімен танысты. Бастапкыда мүлде жат көрінген орыс әлемі. Атымен бөлек, алыс бір дүние сиякты. Кей дыбыстарына тіл икемі келсейші. – Бұл тілді игермекке ғұмырым да жетпес- деп түңілгені есінде. Әйтсе де зейіннің жүйріктігі ме, әлде екі тіл білгенге және бір тіл үйрену оңайырак па, әйтеуір не керек барып-барып орысша да тіл сындырды. Осы күні тілі тұрмак әдебиетінен де әжептәуір хабардар. Орыс тілі аркасында табиғат тану білімінен де талай соны мәлімет алған.

Молдалардың айтканындай жер ананы көк өгіз мүйізімен тіреп тұрмайды екен. Жер жарыктык кәдуілгідей доп сиякты домалак екенін білді. Жұмыр жер бір тәулік ішінде шыр айналып, онымен коймай жыл тәулігінде күннің көзін айналып шығады. Осы жаңалыкты ашып жария еткен Коперник есімді ғалым, шіркеудің кәріне де ұшырапты... Сөйткен табиғатты таныткан білімге, ойшылдардың уытты да тапкыр пікірлеріне кол жеткізген тілді кайтып сыйламассың. Әйтсе де ана тілге жетпейді екен-ау өзге ұлттың тілі.

Ойлап тұрса үлгі-өнеге де, даналык та, жөн-жосык та баба тілінде екен. Мысалы – еркек токты – құрбандык – деген мәтелде канша мән-мағына жатыр десеңші. Батырлыкты тым дәріптеп басына көтергендерге ескерту мәнзелдес.

- Асып таспа, ел корғау дегеніміз азаматтың міндеті. Еркек болып тусаң құрбандыксың. Батырмын деп дәси берме, елді корғау үішн

жаратты өзінді жасаған иеміз. Шәйіт болу – парызың. – деп тұр ғой бұл мәтел.

Ал енді – дүниенің кеңдігінен не пайда, аяғыңдағы етігің тар болса? – деген нақыл ше. Тұнып тұрған пәлсапа емей немене? Әзілі де ішінде, тұрмыстың карапайым ақылы да ішінде. Тек тереңдігіне бойлай біл.

Осындай-осындай қанатты сөздер қазақ баласына жөн-жосық сілтесе керекті. Сәл-пәл ғана ой қинай білсең, өмір жолындағы бар сауалға жауап табарсың.

Бабалар тілінің және бір қасиеті – асқан бауырмалдығы. Қарға тамырлы қазақпыз деген сөз бекер айтылған жоқ қой. Бірін бірі мүлде танымайтын қазақ баласы тәу кезіккенде: - Қай туған боласың? – деп жөн сұрасады.

- Үш жүздің баласының бөлінбеген еншісі бар, түп атамыз бір. – деген желеумен жолаушылап жүрген қаймана қазақ, мүлде бөтен ауылдың қотанында балпаң басып жүре береді. Себебі – тіл ортақ, тіл ортақ болған соң дүниеге деген көзқарас, әдет-ғұрып ортақ.

Осыны ойлаған Сегіз баз-базда қиялға кетіп: - Шіркін-ай, тек қана үш жүз емес, бүткіл адамзат баласы қазақша сөйлесе ғой. Бәлкім онда ел елді жаулап алатын қырғын соғыс та болмас па екен, қайтер екен. Өкпе-сақпа, кемпір наз болмай тұрмайды ғой ел болған соң. Қазақтың рулары да дауласып, барымталасып жатады. Әйтсе де билер кірісіп, айып-анжысын әперіп, даулы елдерді бітістіріп араздықты ұлғайтпайды. Қырғын соғысқа барысқан емес түбі бір туысқан елдер. Бұл татулықтың ең басты себебі – тіл ортақ. Және тіл болғанда көп тілдердің ішінде ең бауырмал, кісіні бір-біріне жақын тартып туыс қылатын қазақ тілі. Бұл тілдің соншалық бауырмал, адамзат баласын бір біріне жақындастыратын себебі қайсы екен деп, ойланып та көрген. Байыпқа салса, себеп туған табиғатта шығар деген пікірге әкеліп тіреле бергені.

Қазақ баласы ежелден-ақ айнай жазыда, самиян сахарада ғұмыр кешіп келген. Жалпы түркі тілдес ұлттардың бәрі ұлан байтақ даладан шыққаны мәлім. Содан болар, мінезі де сабырлы келеді қазақтың. Себебі, көз жетер төңірек жазық дала болған соң көңіл де жайбарақат. Қауіп-қатер жоғына көзі жеткен соң, несіне әбігерленсін қазекең. Кісіні де бауырына тартатыны содан болар. Ұшы қиыры жоқ сахарада жүргінші тым сирек келеді. Көзге көрінген жолаушы атаулы әрі таңсық, әрі қызық. Соны сөз, хабар-ошар, дәмді кеңес, бәр-бәрі жолаушыдан.

Сөйткен тұрғын халқы тым сирек, табиғаты қатал, жер көлемінің молдығы ұшан-теңіз жағдайда қалыптасқан тіл қайтып бауырмал болмасын. Жерінің о шеті мен бұ шеті алты айшылық жол болады екен. Ол сахарада қу медиен шөл де, құж-құж таулар да, бетегелі белдер мен шалқар көлдер де ұшырасады. Осындай ұлы даланы мекен қылған адамзат баласы бір-бірін сағынысып табысатыны заңды да шығар.

Әсіресе тілінен бал тамызған акынды, күміс көмей әншіні кайтып құрметтемесін ән-күйге сусаған кауым. Сол сиякты мына келіп отырған топ өнерпаз жас-желеңді кайтып хан көтермесін меймандос ел...

Ойға тереңдеп киялға кеткен Сегіз алдындағы әнші бозбастарға кайта назар токыратты. Манадан бері де көзі мейман жастарда болғанымен, ұшкыр ой шартарапты кезіп кетіп еді. Үй толы халайық ән әсеріне елтісе, өз басына ән мен өлең таңсык емес әрине. Гүлмар баки шұғылданып келе жаткан жан әуесі ғой. Сайланып шыккан жас талапкер кезіксе, орындауына ден кояр еді. Тұшымды әні болса күлік құрышын кандыра ләззат та алмак.

Сол жолда Бұкар жырау, Жиренше шешен сынды кемеңгерлердің акылы мен нұскауын демеу кыла білген. Ел амандығын көксеген Бұкар Абылайға: - Соғыспа, орыспен соғыссаң халкыңды кырып аласың. Буынсыз жерге пышак ұрмас болар. – деп жөн сілтейді. Демек, күші әлдекайда басым жауға шауып, еліңді арандатып алма деп ескерткен. Ресейге кіріптар болып калсак та, халкымызды сакта калудың амалын нұскапты.

- Қоянды камыс батырды намыс өлтіреді- демекші, намыска шапкан талай аккөздер окка ұшты. Туу Алатаудың сілемдерінде Кене хан мен Науырызбай ажал құшты... Бірак елдің бәрі жүректі емес. Шетінен жанкешті болса еліміз кырылып та калар еді әлдекашан. Иілген басты кылыш кеспес- дегенді желеу тұтып, кажетті жерде иіле де білген макұл. Орнында бар оңалар демекші, халык аман болса түптің түбінде бодандыктың бұғауын үзбей коймас.

Шыңғыс ханның тұкымы төрелер пәлен ғасыр иісі казакты билеп еді. Арғы түбі жат аркар ұрандылар екендерін Бұкар жырау беттеріне де айткан. Сөйткен төрелер ғасырлар өте казакка мүлдем сіңіп кетті. Қазак калмак егесінде кан майданда жан да берген. Сөйтіп кара орман халық ат төбеліндей аз төрелерді сіңіріп алып жаттан өз кылған.

Демек, кара нор халкың аман тұрса, ел басына келген нендей болса да зобаланның бәрін жеңіп шыкпак. Осы жәйтті әмәнда ескере біліпті дана халкымыз. Сондык, Кене хандай көзсіз ерлерді дәріптегенмен, Бұкар жыраудай акылгөйдің бағытын ұстанған. - Уакытша иіліп елімізді амандап калайык, кейіңгісін көре жатармыз. – деген есеппен Ресейге бодан болып тынды мінекей. Лажсыздыктан туған шара болса да, бұл да ұлтымыздың көрегендігі шығар.

Олай болса мына ән жолын куған жас-желеңнің де максат-мұддағасы ап-айкын. Онысы – алдымен аман болу. Өсіп-өніп, көбейіп-жетіліп кара нөпір іргелі ұлт атану. Ұлттың шеңбері берік тұтастығын сактай білсек, мемлекет те калпына келер...

Ой иіріміне шомған Сегіз, кенет орнай калған тыныштыкка елең етіп, - не болып калды? – дегендей кейіппен халайыкка назар

жүгіртті. Бұл өз ойымен отырғанда меймандар әнін доғарыпты. Ондері түгесілді ме, әлде жиылғандар демалсын деген ниеттері ме, Бекжанның ым каккан белгісімен домбыраларын жиып алып үнсіз калыскан. Бұндайда топ атынан сөз ұстайтын болса керек, мандайының терін бір сыпырған Бекжан енсесін Жанатка бұра:

- Ағатай, бір теңге беріп жырлатып, жүз теңге беріп койғыза алмадык демекші, осымен доғарғанымыз жөн болар. Түн ортасы да ауған шығар ағайынды мезі кылмайык. Рұксат болса осымен токтасак кайтеді. – деп күлімсірей тіл катты.

Ән әсерімен өні бал-бұл жанып, аялы көздері ұшкын шаша карайды. Сыпайы жымиысы ер келбетті пішініне жарасып-ак тұр... Түсі игіден түнілме демекші, бұл бозбастың кейіпін тәу көрген кісі салған жерден-ак оң пікір түйер еді.

– Пау шіркін, жігітім-ак екен, тусаң ту сабаз! Бітіміне келсең нағыз жау түсіргіш ер дерсін. Ал енді сызылған сыпайылығы кыздан бетер. Өз өліп бара жатса да жан адамды налытпас. Сүйсінуге татитын ұл екен, не кылса да. – деп талай жігіт ағасы салуалы азаматтар сипаттаған да болар.

Сегіз де жас мейманның порымын кызыктап, сөз саптасы мен жайдары мінезіне көңілі толып отыр... Төрде жамбастап жаткан Жанат болса, жұрттың назары өзіне ауған соң малдас құра түзеле жайғасты да:

- Е-е, жаркыным, бұ халайык кайдан жалыксын. Таңды таңға ұрып әндетсеңдер де тыңдауға тоймас. – деп езу тарта алка котан әлеуметке көз жүгіртіп өтті.

- Бірак, кызмет кыл да міндет кыл демекші, ендігі біраз тыныстап дәм ауыз тиіндер. Қакаған суыкта жолаушылап келдіңдер, аяз сорып тастаған болар. Ыстык ішіп бой жылытып алыңдар әуелім. Салған жерден ән айткызып койдык, енді жүрек жалғап алыңдар. – осы сөзбен Қапарға енсе бұрып, - ал кол жуғызып дастархан жайыңдар. – деп ым какты.

Үй иелері бұл бұйрыкты күтіп отырғандай-ак шұғыл іске кірісті. Ауыл жастары әркім өз міндетін біліп әзір тұр. Қолына әбдесте мен леген ұстап, иығына салбырата дәс орамал ілген ілген ыңғайлы бозбала кол жуғызуға кірісті. Іле бірнеше тұстан дастархандар жайылып табак-табак ет те тартылды. Жанат үйінің төр бөлмесі мәслихат өткізер жиынға арналып салынған соң, аса кең болатын. Бір кыдыру жан кысылмай, кымтырылмай жайғасып аска кірісті. Әдебияның конак жай дастарханы ас та төк молдығымен ерекшеленер еді. Бар үйдің баласының колы ашык, мінезі кең келетіні бесенеден белгілі. Сол ежелгі шүлендігіне бағып, казыларды бұзбастан кос-костап аскызыпты. Ауылдың жігіттері конактарға етті туратқызбай, бәкілерін жаландатып түрілген казыларды жапырактата түсіріп жатыр. Былкылдап бабымен піскен жал-жая, казы-карта тіл

үйірсе де, меймандар сыпайылық сақтап тартыңқырай берді. Жылы-жұмсақтан қарбыта бірер асаған соң, табакка колды апаруды сиретейін деді. Бұнысын байқаған Жанат:

- Оу, бұларың не? Алыңдар анау қыртысты кесектерден. Зіңгіттей жігіттер майлы кісегені шеңгелдеп тұрып асамас па. Өзіміз жас кезімізде бір табақ етті емін-еркін еңсеріп тастаушы едік. Кәнекей асап жіберіңдер! – деген сөзбен қоярда қоймай еттен алғызды.

Құрт езген нәрлі саркаска сорпа мен аккуйрык пәмилнай шай ішіліп болған соң, ауыл адамдарының дені үйді-үйлеріне тарап кетті. Ұзақ жол жүріп келген меймандар көз шырымын алу керек екенін, ертең де күн бар екенін құлақ қағыс қылған Қапар жас-желең атаулыны шығарып салды. Қонақтардың қасында қалған Сегіз бен Қуаныш, Әгіл сияқты жігіт ағасы жастағылар. Бұлар да кетіп қала ма деп ойласа керек, серіктерімен бас түйістіре күбірлесіп отырған Бекжан Сегізге еңсе бұрып:

- Сері аға, айыпка бұйырмасаңыз бір бұйымтайымыз бар еді. – деген сөзбен сәл қызарақтап, - әнімізді сынап берсеңіз бе деген колка ғой баяғы. Олқы соккан тұсы, мүлт кеткен дыбысы болса айтсаңыз. Шеберден мін алатын мініскердей-ак әншінің жақсы-жаманын ажыратасыз ғой. Сіздің пікіріңізге зәру едік, жақсы аға. – деп бипаздай сөйледі.

Қасындағы жігіттер де өз ара көз тастасып қойып, сұраулы жүздерін Сегізге бұрды. – Ия, ия, сөз осы-ак. Баршамыздың да колкамыз осы. – дегендей-ак кейіпте.

Сегіз болса осы мәнзелдес бір сөз шыкпай коймасын түйсінген еді. Жауабының жобасы да әзір болатын. Ойын қоғамдап сәл бөгеліңкіреді де:

- Бекжан, бауырым, колкаң орынды-ак. Талабыңды құптаймын. Әннің жалына жармасқан қайсы бір әуесқойдың жан адамның сынын көтермейтінін қайтерсің. Көзін шел басқан менмендік,кекірліктің нышаны емей немене ондай мінез. Тыңдаушы әлеумет сын тақпаса мін қайтып түзелсін. – деп бастады да, аз ойланып барып, - ал енді өзіме келсек мына Жанат ағам тұрғанда пікір айтып суырыла коймаушы едім. Бір кезде талаптанып жүрген жасөсіпірім өзімді сынап бата берген еді бұл ағамыз. Ел аралаған сыншы, орман аралаған үйші демекші, серілік құрып талай жерді де көрген. Жас өнерпаздардың ішіндегі салахияты ерекше жүйріктерін де таныған. Демек ауызы дуалы кісі. Олай болса осы көкемізге колка салайык та. – деп Жанатка назар жыкты.

Жанат болса сөз ауанын әлдеқашан аңғарғадай-ак, мұрт тасасынан жымиып койды. Аршадан жонылған мәсуәгімен тісін шұқып отыр еді, төс қалтасынан бір жапырақ қағаз шығарып шұқуышын мұқият орай бастады. Бой-басының күтіміне бұрыннан-ак едәуір көңіл бөлетін сері,

шәу тарта келе тіпті тәпі болып алған. Бұл жасында бойында жылтырак жокка тән десе де болғандай. Көзге түсер зат салпыншағы мол кісе ғана. Оның бір калтасынан шағын ғана келген кайшысы мен дөңгелек айнасын тастамайды. Әдетте кісі кәртайған сайын касы ұзарып салбырай өсе береді. Мысалы Шағырайдың аппак касы ұзарғаны соншалык, көзін жабуға шак калғандай. Ол аз болғандай танауының куысында, құлағының ішінде өскен түк ұзарып, сояудай көрініп тұрады. Жанат болса бұндай соракылыкка жол бермейді. Айнаға каранып тұрып, өсіп кеткен түк атаулыны дәйім кыркып жүреді. Және бір ерекшелігі – кай жерде жүрсе де сусынды өз ыдысынан ғана ішетіндігі. Шағын ғана сырлы зерен аяғын кенеп капшыкка салып алып жүреді. Барған үйінде шығарып: - Осыған құйып берерсің. – деп отырғаны.

Барған үй болғанда ауыл-үй кыдыратын мінезі де жок. Өзі тұрғылас жасамыстармен де араласа коймайды. – Көкіме сөздері мезі кылады- деген сылтаумен оңашалыкты әдет кылғалы кашан. Бүгіңгідей өздері іздеп келіп сәлем бермесе, апыр-топыр жиынды да іздеген күні жок. Бұл мінезін жактыра коймағандар сыртынан: - Шіркіннің кепиетсінгенін-ай! Аяғын тік баскан еркектердің ішінде өзіме тең келері жок дей ме екен? – деп сөксе дей бетіне айта алмайды. Айткан күнде де ондай күңкілді елейтін Жанат емес. Жасырак кезде өткір тілін сермеп, сын таккыштардың ауызын жабушы еді. Бұл жасында болса үндеймей құтылатын амал тапты. Үндемегенде тіпті міз бакпайды-ау сабазың. Мызғымас бір жартастай. Бұл мінезіне де шамданады кайсы бір іші тарлар.

- Е-е, бізбен жауаптасуды ар көреді де өзінше. Тіпті сөз шығындамауын көрмеймісің. Кісі киік болып кеткен дағы, аңшылыкта басы калғыр. Тең-тұспен арка-жарка араласып, сұхбат құрып шер таркату деген жок. Қашан көрсең ку карағайды тыңкылдатып, өзімен өзі отырғаны мұндар саппастың. – деп сандарын соғып, күйіп-пісіп те калады тұрғыластары.

Сөйткен Жанат дәл казір көңілді. Әңгіме –дүкен құруға да құлыкты сиякты. Тамағын кенеп жөткірініп алды да, сөзін бастап кетті.

- Жаркыным, әнімізді сынап бер дедің бе? – деген сөзбен Бекжанға сұраулы жүзін бұра берді. – Жөн соз, колкаң орынды. Ал тыңда ендеше, кіл жас талап әріптестерім. – деп жадыраңкы кабакпен езу тартты.

- Алдымен ескертерім – бұл өнер жолы, сал-серілік дегеніміз әсте оңай емес. Сырттан карағанға ғана ырду-дырду базардай. Кіл ойын-сауыктай көрінер. Ал енді шынтуайтка салса, сарсаңы мен сергелдеңі пәлен түйеге жүк болғандай. Себебін сұрасаң айтайын, шырактарым. Басты себеп – атакка ілінгенің. Көптің бірі болған калай, жұрттың көзіне ілінген калай. Құрапаттың көзіне іліндім дегенше, басына уайым таптым дей бер. Көпшіліктің көзі қырағы келеді. Әр

қадамыңды бағып, әр сөзіңді сан-сақка жүгіртіп отырғаны. Сөзіне уақып болмасаң, ия титтей шалыс бассаң, ел талқысына түстім дей бер. Сондық, сүттен ақ болмағың шарт алдымен. Бұл бір дейік.

Сөзін бір қайырған карт өнерпаз сәл кідіріп меймандарға назар қыдыртып өтті. Бұл жасында ашаң тартқан әжімді жүзі сабырлы. Ес тұнған көздерінде де, сәл жарықшақтана шығатын лебізінде де тәлімсуден еш нышан жоқ. Албырт жастарға ақыл айтқан ақсақал емес, тең иық тұрғыластарға іштегі сырын ақтарған салуалы азамат дерсің. Қашаңғы машығынша аспай-саспай, әр сөзін баптай, сүзіп сөйлейді. Шоқша сақалын сұқ саусағымен сипап қойып, кеңесін тарата берді.

- Ал енді әндеріңді сарапқа салып бағайық, жарқындарым. Не көп елде әнші көп. Ұялмаған әнші болады дегеннің кебі де. Жас ұлғая келе ол әуесін ұмытады жұрттың дені. Аяқ шырмалып, балалы-шағалы болған соң, күнделікті күйбең әннен қол үздірер. Қоңыр кеште, отбасы ошақ қасында домбыраға қосылғаны болмаса, жұрт алдына шыға қоймас кешегі арындаған жігіттер. Сондық, жастық, мастық есер шақта әнді кім айтпас. Ет пен тері арасындағы бұл желік ұзамай-ақ жоқ болар. Желік басылған соң ондай әуесқойлардың әншілігі де ұмыт болмақ. Бұл бір дейік. –

Осы тұста сөзін үзген Жанат бозбастарға зерттей назар жүгіртіп өтті. – Тұспалымды ұққан шығарсың, жүгірмектер. Өздеріне меңзелген сөз. – дегендей кейіпте. Мұрт тасасындағы жұқалау келген еріндерінде бір сәтте болмашы жымиыс көрініс беріп, іле ғайып болды. Салмақты қалпын қайта таба қойып, әңгімесін жалғастыра берді.

- Халайықты – әніңді келістіре айта алмадың – деп мінеуден аулақпын, ағайын. Жұрттың бәрі күміс көмей әнші бола алмас, әрине. Әнші болу шарт та емес. Ән жарықтық көңілдің жұбанышы ғой. Жабыққанда кәдуілгідей шер тарқатасың. Әнді өз әлінше әркім салмақ, салғаны да жөн. Біреу үшін емес өз көңілін көтеру үшін, ыңылдап қана ән салмақ жас пен кәрі, еркек пен ұрғашы. Бар халыққа ортақ қазына ғой, ән шіркін.

Хош, бұл әркімнің өз қара басының әуесі делік. Тыңдар құлақ емес өзі үшін айтылған соң еш сын да жүрмейді ол әнге. Ал енді топ алдына суырылып шыққан өнерпаздың жөні болса мүлде бөлек. Әсіресе салсеріліктен дәмесі бардың жауапкершілігі ерекше. Бұл шіркіндер әншейін әуесқой емес, әнді кәсіп қылған өнерпаз болып танылады жалпақ елге. Олай болса, жас талап атаулыға өнерді барынша ыждаһатпен қуу керек. Жүрдім-бардым, жеңіл-желпі іс емес бұл. Бар ынты-шынтыңды салып кіріспесең, әншілік деген өнер жалын ұстатпас. Бірнеше шартты орындауға жарасаң ғана, үдеден шығып сері атанарсың.

Әуелім, әуезге деген туа бітті қабілетің болу қажет. Бір естіген әуезді салған жерден жадыңа ұмытпастай қылып тоқи алмасаң, өнерпаз болуың

неғайбіл. Одан соң естір құлаққа жағымды, әдемі шығатын дауысың болсын. Тыңдарманды елітер сұлу лебізің болмаса, шаршы топтың алдына шыкпай-ак кой. Беттің арын түйіп шыға қойсаң, күлкі мен сыкакка калуың да ғажап емес. Біздің казекең ілгешекті сөзге шебер келетіні мәлім. Былайғы көпшіліктен озып, бұзып-жарған өнерің болмаса, сыкакпен шалуайттап берекенді де кашырар.

Бұл басты шарт делік. Ан енді одан калды, үпәд еңбек керек. Өнеріңді күн құрғатпай жаныңды салып ұштай бер. Өйтпесең карайып каласың. Әуездің әр иірімін, ең нәзік накысын дәл келтіре, жалыкпастан кайта-кайта жаттыксаң ғана айтулы әнші боларсың. Ондай өнері әбден шыңдалған әнші бесенеден белгілі. Топ сұксырдың ішіндегі коңыр каздай окшаулана көрінер. Жұрттың дені әуеннің нәзік иірімін, шытырман накысын танып ажырата да алмайды. Нағыз сыншылар құйма құлак әнші-күйшілер ғой. Сол әріптестер сын таға баға берер. Өнерің олкы сокса үкімін де шығарар. Ең үлкен сарапшы бұкара халық кой кашанда. Қалың ел әніне сусап тыңдаудан жалыкпаса, өзінді сағынып іздесе, шын бағаң міне осы болмак. – Жанат кеңесін үзіп бірер сәт үнсіз калды.

Өз басынан өткен әлде бір жағдаятты жадында жаңғыртып, көзіне елестеткендей кескіні ойлы. Көзін жұмыңкырай аз бөгелді де, бір кездегі өткен көрініст және бір тамашалағандай тамсанып қойып, сөйлей берді.

- Осы айтқан бар шартка сәйкес келетін бір әнші қызды көргенім бар, жігіттер. Елеусіз ғана жүрген туа бітті дарындар бола береді екен-ау, ойлап тұрсам. Сол бір қыз атағы шыққан, ия өнер жолын куған жан да емес. Өз төңірегіне ғана мәлім бойжеткен екен.

Торғай даласындағы Терісакқан өзенінің бойында сейіл-серуен құрып жүрген кезіміз. Басым жас, көңіл көкте, Сырдың суын жұлығымнан келтірмейтін есер шағым. Аяғын тік басқан еркекте өзімнен асқан әнші әй бола коймас деп, кеудеме нан піскендей. Сөйтіп жүргенде бір шілдеханадағы алтыбаканға кез болармыз ба. Қасымда бес-алты әнші-күйші серіктерім бар, ал кеп думанды кыздырайык әлгі жерде. Серіктерім өнер жағына кіл майталмандар. Аттыға жол ауыздыға сөз берер ме екен. Елдің жастарын билеп-төстеп барымызды салып жүрміз.

Ішімізде шыркаганы алты кырдан асатын зор да жуан дауыстылар, баяу коңыр үнділер, аспанға тік шаншылта асқақтататын жіңішке ашшы лебізділер де бар. Не керек бойын кан базар кылып әнге бөледік де жібердік... Өне бойы біз айта береміз бе?

- Уа, ауылдың жастары да лебіз шығарсын. Ауылдың алты ауызын естіп калайык. Тең-тұс құрдастар кезек алсын, ұят болар. – деп елдің кыз-бозбаласына кезек те ұсындык.

Бірак кіл арындаған сал-серіден қымсынды ма, суырылып шыққан өжеттер бола қойған жок.

- Мәссаған, мыналарың көрінеу масқара болды ғой! Бұл елдің әншісін жер жұтты ма? Әншейінде ауыз жаппас, той болғанда ән таппас дегеннің кебі ме. Шық кәнекей сүйекке таңба қылмай! – деп намыска шапкан жігіт ағасы ересектердің де сөзі ем болмады.

Бастарын түйістеріп күбірлескендері болмаса, жас-желеңнің арасынан талапкер шыға қойған жоқ. Сөйтіп әрі-сәрі болып тұрғанда, - Оу, Жәмкешті шығарыңдар, Жәмкеш кайда? Жігіттер жүрексінсе сол баланы шығарыңдар.- деген дауыстар естілсін.

Күбір-сыбыр, өз ара күңкіл молайып, жастар шоғыры сапырылыса келіп, бір кезде сонадай тұрған кыз-кыркынның тобынан бір бойжеткенді шығарсын. Түн ортасы ауған кез, ай жап-жарық жұлдыздар самсап тұр. Төңірек сүттей аппак. Маса-сонаны түтінмен кашырмакка от жағылған. Сол оттың жарығына әлгі Жәмкештері шыға келсін. Көзге түсер еш ерекшелігі жок, кәдуілгі караторы бір шөпжелке. Ұскынсыз да емес, әрлі де емес, көп торының бірі ғана дерліктей. Бой тұрпаты етженділеу, мұрны тәмпіштеу, томпак келген екі бетінде сепкіл бар сиякты. От жарығында айкын ажырата алмадық.

Сәулімдерше аяғын некей-некей басып, сызылып кеп тұра калсын. Екі жағында бір-бір құрбысы, шокпардай үкілері бұлғаңдап, шолпылары сыңғырлап, алакандай капсырмалары ай сәулесімен шағылыса, сәндерін арттыра шыкты. Бұл екеуіне карағанда Жәмкештің киген карадүрсінділеу екен. Құлағындағы кос сырғасы болмаса, тал бойында өзге әшекей жылтырак жок сиякты.

Нысын уайым кылған кыз жок, кадамы нык сырт тоны орнякты. Өзге жас-желеңдей емес, демімізге нан піскен біздің топтан еш кымсынар тарпы да жок. Дәті берік пе, өз өнеріне сенімді ме, әйтеуір не керек зәредей именуден ада.

- Ибай-ау, маған кезек келеді деген ойым болсайшы. Қонак серілерден ән калмас дегендерің кайда? – деп алдымен өзін шығарған жастарға наз білдірді.

Салған жерден аңғарылған ерекшелігі – үні сыңғырлап тұр екен. – Е-е, бәсе, осал болмассың, гәп мына күміс коңыраудай сыңғырлаған лебізінде екен ғой. – деп түйдім де койдым ішімнен. Әйтсе де пәлендей тосын өнер шыға кояды-ау деп дәмеленгем жок. Үнді бойжеткендер ел ішінде аз болып па, ұялмаған әнші болады демекші, ожар мінезді біреу шығар, деп пікір түйіп әліптің артын бактым.

Әлгі Жәмкеш болса: - Домбырамды алдырайын ендеше. Домбырамы үйде калдырып едім. Ауылдың жастарына айткызатынын білсемші. Серілер де былайғы жұртка сідет артушы ма еді? – деп шымшыма сөзбен түйреп өтсін.

Айтуы мұң екен, екі-үш бозбала ауыл жакка тұра жүгірді. Сірә Жәмкештің домбырасын алып келмекке жөнеп берсе керек. Олар келгенше күтіп тұрамыз ба, әнші кызға өз домбырамды ұсына беріп:

- Міне, қарындас, өзіндей көріп тарта бер. Еш қымсынба. – деп өзімше деп беріп қоям.

Нәуетек бала, аты-шулы өнерпаздардан қаймықпасын деген түрім ғой. Ол кезде қылшылдаған жас кезіміз, бетінің нәлі бар талай-талай сұлулар көзін бір төңкермей қалмаушы еді, тұсынан өткенде... Домбырам да осал-оңтағай емес. Сырлы шанағы сүйекпен әшекейленген, жағалай жиегіне ою-өрнек жүргізген, үкісі бұлғақтаған нағыз сал домбыра.

Бірақ намысты қыз өзіме де, аспабыма да көңіл бөле қойған жоқ. Міз бақпастан:

- Рахмет, сері аға, әуре болмаңыз. Күнде тартып жүрген өз домбырам жақсы. – деп келтесінен қайырғаны.

Өйтіп-бүйткенше, айтып ауыз жиғанша, аспабын да жеткізді бозбастар. Кәдуілгі қарағай домбыра, әшекей түгілі үкісі де жоқ. Көп тартқаннан шанағының сыры да кете бастапты.

Аспабы қолына тиген соң Жәмкеш жанданайын деді. Тиектің астына бір түкіріп тартып-тартып жібергенде халайық сілтідей тынды. Ауыл-аймақ бұның өнерінен бұрыннан хабардар ғой, сыбыр-күбір, сапырылысқан жүріс сап тиылып дүйім жас-желең құлақ түрісе қалысты.

Тыныштық орнап еді домбыраның үні тымық түнді тіле берді. Тілді дегенім әншейін сөздің сырағысы ғой, құлақ құрышын қандыра бебеу қақты деген дөп болар. Сабалап тартпайды екен, сұқ саусағымен іліп-қағып қана шертеді. Бірақ сол шертісінің өзі таңғажайып. Ең бір күрделі нақыстарды айнытпай келтіріп, жүректің не бір нәзік қылын дәл басып шерткендей. Құдды бір тас бұлақтың сыдыры дерсің.

- Хош, шертісінде мін жоқ. Енді қай әнге басады екен? Бізбен иық теңестірмек ойы жоқ қой әрине. Әйтеуір ел намысын жібермеске шыққан түрі ғой. – деген оймен лебізін күтіп қалдым.

Қасымдағы серіктерім де Жәмкешке сынай қарауда. Несін жасырайын, киімі жоңсілеу, томпақ бет қара қызды менсіңкіремей тұрмыз. Бұның алдында Көкшетау жаққа барып бір жаңа ән үйреніп едім. Көкшетау дегеніміз әнпің бұлағы әлеттес өлке ғой. – Атығайға барсаң ақынмын деме, Қарауылға барсаң әншімін деме – деген сөз бекер айтылмаса керек. Атығай-Қарауыл қоныстанған жер сұлу келеді. Кіл балды бұлақ, балқынды көлдерді, нұлы-сұлы атырапты жайлайтын ел ғой. Тамылжын тұрған табиғаты болған соң, шабыт та жиірек пайда болатын шығар. Көтеріңкі көңіл сезімді оятып ән тудырар. Көрікті табиғаттың әсері ме, әйтеуір әуелді ән сол өлкеден ұдайы жетіп жүр.

- Гидігай – деген сонтай бір соны әнді Зеренді көлінің аңғарын қоныстанған елден үйреніп едім. Кім шығарғаны мәлімсіз, кім шығарса да жүректі тебіренткей қоймайтын сиқырлының өзі. Бұрмасы көп, әуезі күрделі, орындауға аса қиын ән болатын. Жасамыс бір әншінің қасында

ай жүріп үйренуге тура келген. Өте талғампаз кәрі құлақ әнші екен. Сынауға да нағыз майталман. Енді үйрендім, ұктым-ау деп жүрсем, - жоқ, бауырым, жаңылыс кеттің. Мына бір тұстағы накыстың әлі де болса кілтипаны бар. – деп кайта-кайта түзетер еді. Айтып-айтпай не керек, касынан бір елі калмай ай жатып үйреніп едім.

Сол – Гидігайды- осы алтыбакан басталарда-ак шыркап салғанмын. Иін тіресе жиналған халайык таң-тамаша калып еді. Жастар тұрмак салуалы үлкендер де разы болып:

- Жүз жаса, шырағым! Көңілді бір серпілттің-ау. Бұрмасы шытырман құйкылжыған бір ән екен. Әншінің әншісі ғана жүрегі дауалап шыркар болар бұ Гидігайыңды. – деп кошаметтегендері.

Қолтыкка дым бүріккенді кім теріс көрсін. Мен де бұл елген алғысымды жолдап: - Туу Көкшеден әкелген ән еді. Үйренем деген талапкер болса касыма ерсін. Ерінбей-жалыкпай үйретіп бағайын. Құйма құлактар жок емес кой сіздің елде де. Баулудың міндетін мойынымa алайын, кадірлі халкым. – деп ағымнан жарылғаным.

Айтуын айтканыммен ішімнен: - Әй кайдам. Бұраланы көп, бір шалкып бір баяулап жүз құбылған әуезді ұғуға табандылык кажет-ау. Орнықты мінез бен аскан кабілет болмаса оңайлыкпен үренбек екі талай. Өрекпіген жастардың ішінен ондай талапкер шыға кояр деймісің. – деп күдіктенгем.

Енді міне мына Жәмкеш кыз домбырасын шерте жөнелгенде ден коя құлағымды төсей бердім. Осы баладан өнер шығар ма екен. Шыға койса, бәлкім үйренуге жүрегі дауалар. Терісакканның саласы едәуір ұзак кой, ұзына бойы сыңсыған ел. Осы елді аралағанда касыма ерсе үйреніп те алар. Мейлі бірер апта жүрсе де еркі, ұкса болғаны да.

Осы оймен тұрғанда Жәмкеш тамағын кенеп алып әнді бастап кеп жібергені. Тіскаккан әншілер алдымен аһауға салып дауысын ашып алар еді әдетте. Бұл да сөйтті. Ішімнен: - Е-е, ауыл арасында айта беретін салдаман әнсымакпен құтыла салар дәу де болса. Бетінің терісі калың біреу шығар, сол мінезін біліп әдейі ортаға шығарған түрлері ғой. – деп түйіп те койдым.

Сөйтіп тұрғанда Жәмкеш аһауын қайырып ал кеп әнге салсын. Аһаудан кейін дауысы ашылып емін-еркін сырғанай кетсін. Сырғанауы мұң екен аузымыз ашылды да калды. О тоба, мұндай таза, мұндай сұлу да үн де бола береді екен-ау! Сөзбен теңеу табу да киын, ондай лебізді тек тыңдау керек. Тыңдасаң тоймасың. Әрі биік, әрі нәзік, әрі жібектей сызылған әуезді дауыс. Түн тыныштығын тіліп сонау каракөк аспанға шаншылсын да калсын. Жер мен көктің арасына тартып койған күміс тін дерсің. Сол күмістей сыңғырлаған лебіз бір кезде құбыла беріп ал кеп бұлбұлдай сайрап берсін. Адамзат баласының тамағынан шыккан үн екеніне сенбейсің де. - Бейістен жетіп тұр ма калай өзі? - дегізгендей.

Дауысының сұлулығына қайран қалып, не айтып тұрғанына көңіл де бөлмеппін. Есім шыққандай есеңгіреген халде тұрған соң ба, қандай ән екеніне мән бермесем керек. Енді бір кезде әуенге көңіл бөлсем, мәссаған безгелдек – Гидігайдың- тұп тура өзі! Өзі болғанда соны бір қырынан танылғандай құлпыра, әрлене түскен. Нақысына құлақ түрсем, о ғажайып, бар нақысын дәлме-дәл айнытпай шыркағанын қайтерсің. Бұрмасы ең киын деген нәзік тұстарын айна қатесіз ұғып алыпты әнші қыз. Қанша құлақ түріп ақау іздесем де, мін тағар сылтау таба алсамшы.

Уа, сонда бұл не ғаламат? Бұл қыз мына әнді бірақ мәрте есіткен жоқ па еді? Соның өзінде-ақ қапысыз ұғып қағып алғаны ғой. Олай болса, бұл аскан құйма құлақтық қабілеті бар өнерпаз болып шықты десеңші. Нағыз дарын иесі емей немене еді, мына бүйрек бет торыша шүйкебас.

Ұзын сөздің қысқасы Жәмкештің әніне елтіп, аузымыздың суы құрып тыңдадық та тұрдық. Лебізіне тоймай бір әннен соң және бірін айтқыза беріп, таңның такап қалғанын да аңғармай қалыппыз. Арбалғандай болып, тіпті өзіміз де әнші екенімізді естен тарс шығарғандай хал кешкенімізді қайтерсің.

Таңға бір ұйқы қалғанда Жәмкеш әнді доғарып, қос ішекті алаканымен баса қойды да:

- Осымен тәмәм, сері ағалар. Азды көптей көріп айыпқа бұйырмассыздар. – деп майда жымиғаны.

Серіктерімді қайдам, өз басым өнеріне тәнті болғаным соншалық, капелімде сөз таба алсамшы. Айнала халайық:

- Бәрекелді, жүз жаса! Намысты қолдан бермеді мына бала. Ауылдың алты ауызын келістірді не қылса да. – деп шуласып, төңіректі азан-казан қылып жатыр.

Мен болсам тілім күрмеліп мелшиіп қалыппын. Бұл Жәмкештің туа бітті әлемет дарын екеніне еш шүбәм жоқ. Шынтуайтқа келгенде, бұл қыздың қасында мен де серіктерім де жіп есе алмайды екенбіз. Бұл жәйтты жора-жолдастарым да мойындаған сынайда... Әттең казақтың ғұрпы қыз-қыркынға серілік құрғызбайды. Қыз пақырдың жолы кашаннан жіңішке. Жәмкеш сиякты талай-талай жұлдыздар жарқ бере алмай жүр-ау, осы кертартпа салттың кесірінен. Өйтпегенде бар ғой, керденді жүрген не бір әншісымақ жігіттер мыштай болар ма еді.

Әлкисса, айтып айтпай не керек, бір кезде мен де есімді жидым-ау. Жұрттың колпашы мен даңғазасы саябырлаған соң Жәмкешті құшақтай алып мандайынан сүйдім де:

- Қарындасым, жаман ағаң ән додасында кирай жеңілгенін мойындайды. Әншілер ән салыстырып айтыспайды ғой. Әйтсе де шынайы өнерпаздар басым дарынды мойындап, бір-бірін кадірлеген кашанда. Нағыз өнерпазда іштарлық деген болған емес. Сондық, әніне бас идім карындасым. Мен апталап жүріп үйренген әнді бір

есіткеннен-ақ қағып алыпсың. Еш ақаусыз қаз қалпында құлағыңа құйып, көкейіңе тоқып алғаныңа таң тамашамын. Ол бір болса, сыңғырлаған үнің тіпті тәнті етті. Сандұғашқа парапар лебізің тұла бойды балқытты да жіберді. – деген сөзбен өз домбырамды әспеттей ұстап, - міне Жәмкеш қарындасым, мына домбарымды тарттым өзіңе. Ағаңның шын пейілімен бергені деп білгейсің. – деп ұсына бердім.

Солай, жарқындарым, жас кезімдегі сонау бір оқиға есте жаңғырғаны. Өздеріңді көріп әсерленгенім шығар. Жастық, мастық, албырттығыммен қайта қауышқандаймын. Әндеріңді сынап бер деп қиыласыңдар. Сынайтын несі бар? Жаңағы Жәмкештей бола алсаң кәнекей. Туа бітті қабілет үстіне күнделікті ізденісің, талпынысың болсын. Өнерді жалықпастан жетілдіріп ұштай беріңдер. Маңдай терді сыпырған еңбексіз, талмас ізденіссіз әншілік шіркін жалын ұстатпас. Ауыл сайын кезігетін, домбыра сабалағыш жадағай әнші сымақтың бірі болып қала берерсің. – деп ұзақ кеңесін тәмәмдады Жанат.

Өткенді еске түсіріп көңілі қобалжыса керек, ширатпа мұрты мен шоқша сақалын қайта-қайта сипай береді.

Мейман бозбастар болса ден қоя тыңдай қалған. Үн-түнсіз қыбыр етпестен отыр. Бұлардың пішініне назар жүгірткен Сегіз ішінен: - Апырмай, мына бозбастардың не сиқыры бар өзі? Айтқызбасты айтқызды-ау көкеме. Бұл Жәмкеш қыздың хиқаясын біреу түгілі мен естіген емен. Заты кісі деген сыр сақтағыш келеді екен-ау. – деген ой түйіп, таң-тамаша халде бас шайқай берді.

Үй ішіндегілер әңгіме-дүкен осымен доғарылған шығар деген оймен үнсіз қалып еді, кенет Жанат мейман бозбастарға және бір көз тастап қойып:

- Ал енді шырақтарым, және бір ән тыңдап жіберейік. Айттым ғой әлгінде, әуеннің нәзік нірімдерін, шытырман бұрмасын, кез келген кісі тани беремейді деп. Жүзден біреу ұға алса игі. Әннің жолын қуған, бар ынты-шынтысымен серілікке берілген міністкер өнерпаз ғана әуеннің сырына бойламақ. Шеберден мін алатын міністкерлер болатынын білесін ұсталардың ішінде. Әншілердің де сыншылары бар. Өздері де бір кезде атаққа шыққан өнерпаз болып, қәрі құлақ тіс қаққан сыншы аталғандар. Солардың біреуі өзіміздің ағамыз Шағырай. Жас кезінде салдық құрып еді, шәу тартқан соң тақуалық жолын ұстанып жүр. Ораза-намазды қыза қылмай жүр әйтеуір. Сөйте тұра бір бүйрегі оқта-санда салдыққа бұрып тұрады. Өз басы топ алдында домбыра ұстамаса да, келген-кеткен әншілерді тыңдауға құмар-ақ. Құр тыңдап қана қоймай сын тағады әккі кәрің. Сыны қатал келеді әдетте. Сондық, үдесінен шығу оңай емес. Сынға келгенде ешкімнің бет-жүзіне карамайды да. Біреу түгілі туған әкесін де баласын да өткір тілімен сойып салады тарланың.

- Сал атанып ән айтсаң жаныңды жеп айтасың. Нақысы өз алдына көкірегіңмен ұғын әнді. Жүрегіңнің майын шыжғыра айт әнді. Өйте айлмайды екенсің, өңеш созғаның құр далбаса. – деп жекіп тастайды, сынына толмаған талапкерді.

Шынымды айтайын, туған інісі мені де көпке дейін менсібеген кезінде. Тіпті санатқа алмағанын қайтерсің.

– Біздің Жанат па еді? Қоя қой ол желбасты. Не қылған серілік сонікі? Серімастық, балалық-шалалық, ет пен тері арасындағы желік қой бәз-баяғы. Ертең бір үшкіргеннен қалмас. – деп тұрмастай қылғаны.

Жанат мұртын жыбыр еткізе күліп қойды. – Ал енді сол қаһарлы сыншының өзі мін таба алмаған өнерпазды айтсақ, ол мына отырған Сегіздерің. Бұған келгенде тілі күрмеліп қалып еді Шағырай-екеңнің. Сірә, туа бітті салахиятын тани қойып еріксіз мойындаған болар. Мін таға алмай лажы құрыса керек. – деп назарын Сегізге жықты карт өнерпаз.

- Олай болса, осы серімізге колка салып әу дегізейік. – Мына жас бауырлардың құрметіне ән шыркап жібер, не қылса да. Үлгі алсын, өнерін ұштасын, әсерленіп қанаттансын әрі беріден соң. Ұста кәне анау домбыраны, шығар лебізіңді! – деп көтеріңкі леппен кәдуілгідей бұйрық етті.

Осы сөзді күтіп отырғандай-ақ лып ете көтерілген Қапар, Сегізге домбыраны ұсына берді. Жанатты ұйып тыңдап каннен каперсіз отырған Сегіз болса, капелімде аңырып та калды. Сөз ауаны мұншалықты окыс құбылып дәл өзін тапканына аң-таң... Бұл кеште ән саламын-ау деген ойдан атымен аулақ еді. Бар назары мына мейман жастарда болатын. Әлгіндегі әндердің әсерінен арыла алмай, әлі де болса айта түссе екен деген дәмемен отырған. Бекжандарды тамашал өзінің дде жастық шағы есіне түсіп кеткені. Нияздың да жап-жас, албырт бейнесі көлең етіп көз алдынан шыға келгендей.

Сол бір көрініс кай-кайдағыны коздырмасы бар ма. Енді міне ағасы аяк астынан өзіне салмак артып кеп жібергені... Алдындағы мына жастарға келсе, өнерлеріне дән риза. Ертеңгі күні мейлі серілік те құрмас. Күнделікті күйбең, тұрмыстың кам-карекеті деген бар емес пе. Оңай шаруа емес-ау күйкі тірліктің арпалысы деген. Тұрмыстың такбезесі еңсені жаншып, салдыктан кол үздіруі ғажап емес әрине. Десек те мына талпыныстары алдағы өмірлеріне әсер етпей коймас. Әнді түсінген, жан-тәнімен ұккан жас-желең ізгілікке бір табан жакын болары хак. Арамдык мен залымдыкка басуы екі талай. Жастық шактағы игі талпыныс, кейіңгі тірлікте адастырмайтын шам-шырак мәнзелдес.

Мәселе тіпті бойларына біткен кабілетте де емес-ау. Туа бітті зор дауыс, елең еткізер сұлу үн да болмай-ак қойсын, әрі беріден соң. Ең құндысы – ізігілікке деген талпыныс. Бұлар ғашыктыкты жырлайды екен. Ғашыктык шіркін, сол ізгіліктің, мейір-шапағаттың шыны емес

пе... Жаңағы Жанат сипаттаған Жәмкеш қыздың әңгімесі қай-қайдағыны қоздырды-ау. Бұндайда Мақпалдың бейнесі көлең етіп көз алдына шыға келетін. Оның да лебізі айта қаларлықтай әсерлі болатын. Бір ғаламаты, шырқап салғанда үні еш қиналыссыз, баяу ғана қалықтар еді.

Әнші деген бар өкпеге салып, алқымы іскенше өңешін қинап күшене шырқайды әдетте. – Дауысы қыр аспаса несі әнші? – дегенді ұстанады. Мақпал болса лебіздің өзіне ғана сұлулығымен, бұрмасының нәзіктігімен баурайтын. Құлақ тұндырар қатты дауысқа салмастан-ақ, баяу ғаны ырғалтып, тыңдарманды баурап әкетуші еді есіл ару. Бірес жер бауырлап, біресе қайқаң ете шарықтай ұшқан сүйір қанат лашынды елестеткендей... Ғашығының сол бір баяу қалқыған күміс қоңырау үні жадта жаңғыра кетіп, қос ішекті қожырлау бұрап құлақ күйін келтіре бастады.

Олай болса мен де Мақпалдың әдісіне салып, үнімді тежеп бағайын.Мына бозбастарға үлгі болсын. Ашшы айғай емес, кең тыныспен қоңырлата әуелетудің ерекше бір өз тартымдылығы болушы еді. Соны тірілтіп мына жас талап ізбасарларымды баулып бағайын бір.

Осы ойға тоқырап қос ішекті күмбір қаққызды. Шанақты сабаламай саусағымен іліп-қағып қана шертті. Шешен аспап сөйлей беруі мұң екен, ән өзінен өзі әуеледі де кетті.

Ажарың аппақ екен атқан таңдай.
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай.
Анаңнан сені тапқан айналайын.
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай.

Мойындарын соза демдерін ішінен алған жас меймандар, қыбыр етпестен тыңдай қалған. Көздерін кең ашып кірпік қақпастан отыр. Құдды бір тас балбалға айналды дерсің. Өз көзіне сенер сенбесін білмегендей. Даңқы жер жарып көзі тірісінде аты аңызға айналған Сегіз шынымен-ақ дәл қастарында, қол созымдай тұста отыр ма? Бойшаңдығы, апай төс бітімдігі болмаса, кәдуілгі тоқтаулы отағасының ғана кейіпі бар кісі сияқты. Бала-шағасын өсіріп көппен бірге күнін көріп жүрген қарапайым ғана жан. Өз-өзін ұстау, сөйлеу мәнерінде еш кекірлік жоқ. Паңдық, кеудемсоқ мінезден мүлде ада. Атақты сері де мұншалық кішіпейіл болады екен-ау, деп кім ойлаған. Ән салғандығы да осы сабырлы, орнықты мінезіне тән өңеш жыртпай-ақ қоңырлата, баппен қалқытып отыр.

Пәлендей әкетіп бара жатқан ерекшелігі де жоқ сияқты. Шарай топтың алдында емес, өзімен өзі оңашада көңіл жұбатпаққа ғана әуелетіп отыр дерсің. Сонымен қатар, о ғаламат, тыңдаған сайын тыңдай бергің келеді! Қанша ішсең де шөлің қанбайтын тіл үйірер бір шәрбат болар ма. Адамды арбап ұйытып бара жатқанын қайтерсің.

Аң-таң күйдегі алты бозбастың ойлары бір жерден шығып, ғажайып бір әсерді үркітіп алмайық дегендей қыбыр етпестен отыра берді...

* * *

Ну орманның шетін жағалай, құла жиренді шерттіре бастырып Сегіз келе жатыр. Мезгіл – қиық сәске, күн ашық, аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Тымық ауада шыңылтыр аяз бар. Үш күн толассыз соққан боран кеше ғана басылған. Желдің екпіні сай-саладағы қарды орманның шетіне ысырып, үйіп-төгіп кішігірім тау қылып қойыпты. Қалың ағаштың шетіндегі оппа қардан қарағайдың бастары ғана қылтияды. Орманның шетін ала созылған күре жолды қалың күртік басып кеткен.

Боран күндері Сегіз отардағы жылқышылардың қасында болып еді. Бұндай сұрапыл желде мынау ну орманның ығы, жылқы малына таптырмайтын пана. Кәнігі жылқышылар жел қатая бастағанда-ақ, ықтасынға жылқыны шашау шығармай иіріп қойып, тапжылтпастан ұстайды. Бұл жолы да сол әдісін іске асырып, табиғат апатынан аман алып шыққан. Боранда және бір қатты дұшпан ит-құс екені мәлім. Қасқыр-екең деген аяспас жау, айласы мен қулығына найза бойламас тәсілқой жыртқыш. Осындай боранды, жауын-шашынды күндерде соқтығатыны бар. Жылқының ыққанын аңдиды төңіректі торып. Ығып үріккен малды топырлата қуып, жығып салу оңай. Ондайда шошып қашқан үйір шығынға ұшырады дей бер.

Бірақ осы сапар Шақшақ ауылдарының тіс қаққан жылқышылары ит-құсқа қотыр тай да алдырған жоқ. Күні-түні ұйқы көрместен күзетіп, бар малды аман алып шыққан... Боран алдында Сәток бастаған елдің азаматтары отарға келген болатын. Бір жағынан шығысып жылқышыларға жәрдемдеспек ниетімен жеткен түрлері ғой. Боран басылып, қара қостағы азаматтар ес жиған соң, Сейіткерей Сегізге:

- Сен жүре бер елге таман. Бір бірер күн әлі жата тұрайық. Мына суықта ұзақ жүрсең ескі дертің асқынып кетер. Аяғынды сылти басуға айналдың, қарап тұрсам. Бұл дұрыс нышан емес, сондық бүгіннен қалмай елге жететін бол. – деп бұйыра сөйлеген.

Бұндайда өктем үн қатуға ағалық хақысы бар ғой Сәтоктің. Сырт тоны суық, қабағы қатаң көрінгенімен, інісіне жаны ашып жүрер еді. Сонау жастық шақта тұла бойына түскен сан жара, ізсіз-түзсіз кетпегенін қайтып білмесін. Ара-тұра бойын қылтитып: - Бармыз, құлан таза айыққан жоқсың! – дегендей-ақ Сегізді мазалайтынынан да хабардар. Бойындағы дерт жайшылықта, күн ашықта бұғып жатса, ауа райы бүлінсе-ақ асқына бастайды. Толассыз жауын-шашын, үдей соққан боран, күн күркіреген найзағайды сезгіш.

Ондайда буын біткен сырқырап, тал бойы әлсірей бастайды. Әсіресе аттанар жақ аяғының тізесі алдымен сыр бергіш. Күп болып ісіп, адымды қоюлатып, баз-базда тіпті аяқты бастырмауға дейін асқынады. Әдетте Сегіз ауырсынғанымен сыр бермеуге тырысар. Тістеніп алып қыңқ етпестен шыдап бағады. Өңінен қан қашып қабағы кіртиіп жүрсе де, жан адамға мұңын шаққан емес.

Әйтсе де ағаның аты аға ғой. Жеткіншек кезінде мінезі кеппелеу, томырық Сәток бұл күнде бауырының қабағын аңдығыш. Бір көрмеге ыскаяқ, катал кісі, шынтуайтка келгенде, інісін уайымдап кабырғасы қайысады. Онысын көлденең көзден жасырып, жорта өктем бұйыра сөйлейді.

Міне бүгін де азаннан тұрып алып: - Шайды демдеп қойдым, қуырдақты да жылыттым. Ыстығынды ішіп ал дағы, қыстауға қайқай! Сен айналатын шаруа жоқ енді мұнда. Қалған дүниеге өзіміз-ақ ие болармыз. Күн бұзылмай тұрғанда елге жетіп алғаның жөн. Бұ бораны түскір қайталап соғатыны болушы еді. – деп бұйыра тіл катты.

Сегіздің тізесі ісіңкіреп сыркырай бастағаны рас та болатын. Қанша сыр бермеймін десе де, сылти басқанын Сәтоктің қырағы көзі байкап калса керек. Амал жоқ, таңғы астан дәм таткан соң-ақ, құла жиренді ерттеуге тура келді. Енді міне ток-жарау күйі бар атты алшаң бастырып келе жаткан түрі мынау. Қос тазы, сары ала мен кара ала құланың ізіне ілесіп келеді. Құлағының түбі бусанған құланың мойыны калың қырау. Жануар каскыр соккан жүйрік, білекті азбан атанғаны тегін емес-ау. Тізеден келетін күртікті бұркырата бұзып келеді. Арбаның белағашындай мініске берік жануар, осы екпінімен кара кешке дейін төпілдетте беруге бар.

Отармен кыстаудың арасы шамамен жиырма шакырымдай болып калар. Сеңсең тондай ұйыса біткен орманның жиегімен жүріп отырсаң тура түсесің. Құла жирен талай катынаған жол ғой, бағыт-бағдарды өзі-ак табады. Тізгінді сүзіп койып, пыскыра түсіп камшы салғызбастан жіті келеді. Ауыздыны алып тізгінді коя берсең де жаңылар емес, мына екпінімен екінтіде-ак елге жеткізер тарпы бар.

Сегіз ер үстінде көтеріліп койып, тымағының бауын тартыңкырай байлады. Өйтпеске амал жоқ, шыткыл аяз үдеп екі бетті кәдуілгідей кариын деді. Бағыт-бағдарды құлаға тапсырған Сегіз, тізгін-шылбырды бос жібере төңіректі шолып келеді. Айнала кеңістік ак кебін жамыла көсіліп жатыр. Сонау көкжиекке дейін көз жеткен жер аппак кар. Сондық, назары көбінесе аттанар жактағы ну орманда. Орманның бұл тұсы тұтаса өскен карағай мен шырша. Сегіздің сүйікті ағаштары осылар ғой. Қыс күнінде әсіресе ажарлы. Өзге ағаш біткен жапыраксыз жаланаш калпында бұтактары ербиіп көңілсіз тартса, карағай мен шырша жарыктык кашан көрсең де көгеріп тұрады-ау. Көк болғанда бояуы канык сөлді түсімен көздің жауын алады.

Әсіресе кыскы суретін айтсаңшы шіркін! Бар әлем мылкау тартып, ак кебін жамыла өлік сахарасындай мелшие сұлап жатканда, көгеріп тұратын карағайдың көз куантатынын айтсаңшы. Сипаттауға сөз жетер ме екен. Қырык күн шілдеден, тамылжыған сарша тамыздан кыстың какаған суығына жіберген баршысы дерсің. Шулаған құсты,

жұпары аңқыған бозды, боз ішіндегі инелік пен көбелекті еске түсіріп көз алдыңа елестеткендей. Осы бір қасиеті үшін қайтып ұнаптассың қарағай мен шыршаны.

Сегіз кейде ішінен: - Арқаның табиғаты қатал-ау. Алты ай қысы оңай болып па. Жарты жыл бойына өсімдік біткен көркінен айрылып жаланаш қалпында мүсәпірсіп тұрғаны. Олай болса, бұл жаққа неге кіл қылтанақты шырша мен қарағайды өсіріп қоймайды екен жасаған иеміз? Анау терек пен талдар, ақ қайың мен қызыл қайыңдар бұтақтары арбиып, көңілді жүдетіп тұрмас па еді қайтер еді. – деп жаратылысқа сын да тағар еді.

Асылы, өзге көпшіліктей емес дәл өз басы қыс мезгілін ұнататын. Шаруа адамына, әсіресе малды күткен қазақ баласына қыс дегеніміз ең жайсыз мезгіл екені мәлім. – Қылышын сүйретіп кәрі құдаң қыс келеді- деген теңеу бар емес пе. Тұяғымен жайылған төрт түлікке нағыз сын кезең болған соң, малмен күн көрген қазаққа да әрі қиын әрі жауапты мезгіл. Қыстаудағы тар жерге, қапырық қораға қамалған күн көріс жайлы болсын ба. Кең жайлауда көшіп-қонып үйренген қазақ баласына, алты ай бойы тапжылмай отыру деген нағыз азап емей немене.

Десек те, Сегізге салса ұзақ созылған қаһарлы қыс та табиғаттың әдемі бір мезгілі. Өзгені қайдам, өз басы мазасыз ыстықтан көрі қыстың суығын жайлы көреді. Жаздың шақырайған күні шыжып кетсе, жаныңды қоярға жер таппасың. Көлеңкеге тығылсаң да ми қайнатқан ыстық құтқармас. – Әуе айналып жерге түскендей- деп тегін сипаттамаса керек, күнгей жақтың ыссы күнін. Күннің көзі балқып, аспан айналып жерге түскендей ыстықта, көлеңкеге тасаласаң да құтыла алмассың қапырықтан... Ал енді қысқы аяздың айласы оңай ғой. Тымағың мен тоның, байпақты саптамаң сай болса, мұртыңды балта шаппас. Қазы-қарта шайнап, сары қасқа қылып құрт қосқан майлы сорпаның тостағанын сіміріп алсаң, бойың қыз-қыз қайнап жүре бересің. Екі бетің дуылдап қақаған аязға пысқырар ма екенсің.

Қыстың бір артықшылығы – ауада шаң-тозаң жоқ. Зәредей тозаңнан ада болған соң, аязды таза ауа қымыздай сіңімді. Көкірек кере сіміре бересің. Сімірген сайын бойың серги түспек. Дәл бүгіңгідей-ақ, аязды ашық күнде, тақымыңда құр ат ойнақтап иен сахараны кезгенге не жетсін, шіркін. Әсіресе ну орманды жағалай, көркіне көз тоймайтын бұйра сыпсың қарағайды тамашалауға мүмкіндігің болса. Бұндайда кісіге ой да үйір келмек. Өткенді еске түсіріп, қиялға бір шомасың. Өзге ағайын өзі білсін, Сегізге салса дәл бүгіңгідей серуенге ұжмақтың төрін айырбас қылмас еді. Молдекеңдердің уағызына иланса, бейістің табиғаты тамылжып тұрған жаз көрінеді. Сылдыраған бұлақ, найқалып өскен бау-бақша. Бақша толы алма, жүзім сияқты жеміс-жидек. Бұлақтың басында еш алаңсыз жат та, жемістің тәттісін асай бер.

Уа, олай болса көкөнісі найқалған жұмағы өзіне. Екі бетті карып дуылдататын шыткыл аязы болмаса, екі бұтты алшайтып мінетін арғымағың такымыңда ойнактамаса, түк істеместен жеміс жеген күнің адыра калсын. Мына күнге шағылысып көзді карып жаткан омбы кары, кымыздай жұтымды аязды ауасы болмаса, жұмак несімен жұмак? Бостандары ұлпа кармен көмкеріліп, құдды бір сеңсең тон жамылғандай мына карағалардың көркіне не жетсін?

Бетіңді шымшыған аяздың, жаяу борасында ұйыткыған кар ұшкындарының да ерекше бір сүйкімділігі бар-ау шіркін. Бұны сонау бір жылдардағы жастық шакта Сыр өңіріндегі құмайт, шөлейт өлкеде түйсініп еді. Туып өскен жердің кадірін табиғаты бөлек, шалғай жакта ғана түінеді екенсің. Қырдың артыкшылығын шөлмен салыстырғанда ғана ұғасың. Шөптің маңыздысы, топырактың құнарлысы, табиғаттың көріктісі Сарыаркада екен-ау, шіркін. Төрт түліктің нағыз колайлы жайылымы да кырда.

Сонау шөлді, ку медиен сахараны мекен кылған түрікпендер, одан әрі жаткан арабтар жылкы етін жемейтін көрінеді. Онысы еш таңкаларлык жәйт та емес, парыкка салса. Себебі ол жактың оты құнарсыз, шөбі маңызсыз келеді. Шөп дейтін шөп та бар ма десеңші, көз жіберсең. Түйе ғана жейтін кірпі шешендей тікенек жылкы баласына от болған ба. От тым жұтаң болған соң ол жакта жылкыны дорбамен жемдеп, тек мініске ғана колданады. Ондай малдың еті де әрі тапшы, әрі дәмсіз келетіні айтпаса да түсінікті.

Аркада сияқты мыңдаған жылкы жайылатын бетегелі бел, шалкар көлдер жок онда. Арабтың жылкысы мүсінді, жүйрік келгенімен кыска төзімсіз. Жайкалып өскен көк шалғынды керт етіп жемеген соң, еті де есектің етіндей кіл шандырлы, сіңірлі келеді. Көк орай шалғын отты көрмеген жылкыда туырылған казы, жеңді білектей карта болушы ма еді. Тікенек жеп күнелткен малдың еті көке жасык, таңдайға татымсыз келері бесенеден белгілі. Сары арканың кара оты мен ак отына семірген тай-құнанның жал-жаясы болса, тіл үйіріп бал татиды-ау, шіркін.

Түрікпеннің аузымен құс тістеген арғымактары суреттей сымбатты, жүйрік келетініне дау жок әрине. Әйтсе де мінсіз емес. Басты міні – суыкка төзімсіз, кар тебуге осал. Қазактың казанаты мен карабайыры болса шыжыған ыстыкка да, какаған суыкка да бірдей шыдамды. Арканың табиғаты әрі катал, әрі құбылмалы екені мәлім. Алты ай кысы үскірікті, азынаған боранды болса, кырык күн шілдесі аптапты, аңызак желді келеді. Сондык, бұл жактың малы ыстықты да, суықты да бірдей көтере бергіш. Отты да талғамайды. Боздың көдесін бырт-бырт үзіп кармен араластыра жей береді. Басына күн түссе шөл мен шөлейттің баялышы мен ыраңын да талшык кылар. Ең басты касиеті - осы бап талғамайтын төзімділігінде жатыр. Қазактың

ұланғайыр сахарасының шеті-шегі болған ба. Алты айлық жолды көтере беретін мықты жылқы қажет, бұл даланы мекен қылған елге. Қатал табиғат пен жұтаң отка төзімді, білекті ат кана алты айшылык сапарға шыдап берер. Осы талаптарға сай келетін жарықтық казанат пен карабайыр ғой. Қаба жал жабы ет пен сүтті камтамасыз ететін тұқым болса, казанат міниіс көтеретін белі берік тұқым.

Бозшұбар мен Қанкүрең сынды саңлактар емес пе еді, казанаттың тектілігін дәлелдеп берген. Дәл казір такымында ойнактап келе жаткан құла жирен де сол саңдактар шыккан үйірден. Мойыны жұмыр, басы етсіз жеңіл. Омырауының кара еттері білем-білем, какпан бел, жоны жазык кабырғалы жылқы. Бұл тұқым мына маң далада жүздеген жылдары сұрыпталып калыптаскан жылкы нәсілі. Бұл сахараның кысы кыс, белуардан кар кешесің; жазы болса жаз, көк орай шалғыны жаткан құлынды көрсетпейді.

Бірак кырдың табиғатын сүю үшін осы жерде туып өзу керек-ау. Сонау бір кезде Макпалдай ғашығы Аркаға көшіп келуге жүрексініп еді. Сырдың тумасы ғой, туу солтүстіктегі көсіліп жаткан бейтаныс өңірдің кадірін кайдан білсін...

Ойдан ой жетелеп жүйрік киялы Макпалдан бірак шыккан Сегізді, шәу еткен тазының үні елең еткізді. Жалт карай калса, сары ала екен. Қамшылар жакка соза танауын желге төсеп, аязды ауаны иіскеп тұр. Иесінің назарын аударғысы келгендей керенау ғана үріп кояды. Сары ала мен кара ала тегіннен тегін үрмеуші еді. Әккі иттер боска арамтер болып кайтсын. Көзіне аң көрінсе ғана, ия болмаса бейсауат жүргіншіні көзі шалса ғана дыбыс шығарар еді.

- Бұ не көрді екен? – деген оймен ит көз тіккен жакка үңілді. Ак кебін жамылған жазыкта кыбыр еткен кара жок. Күнмен шағылысып көз ұялткан жал-жал аппак карда тірлік белгісі болсайшы. Түлкі баласы болса туу кашыктан көзге түсер еді. Көріне коймайтын ак коян ғой. Айласын асырып кыбар етпестен бұғып калса, кардың төмпешігінен ажырата алмассың. Бірак ол үркек неме аттылы кісіні көрсе-ак, сонадайдан зытып берер еді.

Ендеше, сары аланың кыбыржуына жол болсын. Иесінің шүбәланғанын сезгендей-ак, осы мезет кара ала да үн косып үріп жіберді. Бұның шабалаңы керенау емес, бір затты анык көріп тұрғандай-ак саңкылдай нык шыкты. Иттердің аландағаны аз болғандай-ак, кенет құла жирен де құлактарын тіге калып оскырынды да, жүрісін баяулата берді. Есті жануар – токтамай болмас – дегендей-ак иесіне белгі бергендей.

Осы мезет Сегіздің көзі де аппак кардың үстінде окшау бір белгіні шала калды. Сонадай жердегі коян жондана іркілген бір оппаның төбешігінен таяк кылтия ма калай? Қамшы сабындай ғана бірдеңке.

Тізгін тарта құланы тежеп көз тігіп еді, анық қу ағаштыңшеті қар ішінен қылтиып тұр. Анықтап қараса, жуандығы шананың дертесіне келеді.

- Мәссаған, қар астында көміліп қалған ат-шана болмағай! – суық ой санада сумаң етіп, құланың басын оппаға қарай бұра берді. Ұйтқыған боранда аттары болдырып, далада қалатын жолаушылардың қарға көмілгенін талай естіген. Ондайда екі жетекті босатып шошайта байлайды да, өздері шананы паналап жата береді жолаушы шыққандар. Боранда аман қалудың бір амалы осы. Қардың астында көміліп қалған қалың киімді кісі жаураганымен өле қоймайды. Бірер тәулік шыдап берер әккі төзімділер де бар. Тек сасқалақтамай, естен айырылмай қарды үңгіп жата беру қажет. Бұндайда әрине жырындылық пен сабыр қажет.

Естуін естігенімен, көргені жоқ еді. Енді міне шошайып қардан көрініп тұрған дертеге қарағанда, дәл сондай апат үстінен шыққанға ұқсайды...

Ойы осыған тоқыраған соң, жалма жан аттан түсіп қарды арши бастады. Қамшыдан басқа колда құрал да жоқ, қалың күртік камшыға болушы ма еді? Тері биялайды киіп алып ал кеп оппаны ұңғылай бастасын. Боран жуырда ғана басылған соң ұлпа қар қатая қоймапты. Оңай казылып бұрқырай ұшады... Әлгіндей болған жоқ, бір каттырақ затқа колы да жетті. Қарауыта көрінген аттың жоны екен.

- Е-е, жануар, болдырып өлген екен ғой. – деген ой сумаң етті. Аттың сауыры былқылдап ката қоймағанына қарағанда, жуырда ғана жаны шыкса керек.

- Кісілері не күйде екен, тірі ме өзі? Әй қайдам, Мал шыдай алмай өлексе болып катып жатса, адам баласы төзуші ме еді. – деген күдік жеңсе де, жалма жан шана жакты каза берді.

Шошая тұрған жетектің түбіне жетіп еді, шананың арқалығы көріне кетті. Міне, тонға ма күпіге ме ұқсаған бір жамылғы затка да колы тірелді. Қолы тиюы мұң екен, арғы жағынан: - Ааа! – деп қырылдаған дыбыс құмыға жетті.

- Мәссаған, тірі ғой мынау! – деген ой жарк беріп, әлгі жамылғыны жанталаса арши түсті.

Маңдайдан тер саулап көзді ашытып барады. Асыққаннан ентігіп екі өкпесі өшейін деді. Оны елейтін мұрша жоқ, өлген-тірілгеніне қарамай қарды ұңғи береді. Әлсіреп өлгелі жатқан кісіге ілез жетіп үлгірсе, бәлкім ажалдан арашалап та каларын қайтып білмесін... Жәрдем келіп калғанын сезсе керек, әлгі құмыққан үн анығырак естілді. Әйел дауысы, өзі картаң кісінікіне ұқсайды.

– Ағатайлар, құтқара көріңдер! – деген жалынышты лебіз төбе құйқаңды шымырлатқандай.

Жамылғандары аттың кежімі екен. Жартылай аршып болған соң, бір жак шетіне колы ілікті-ау әйтеуір. Бар күшін сарка серпіп кеп ашып жібергенде, астындағы кісілер көзіне оттай басылмасы бар ма! Шәлімен басын тұмшалаған бір кемпір де, екі колтығына бүрісе-бүрісе тығылған ұсак балалар. Қанатының астына сары уыз балапандарын жасырған мекиен дерсің.

Мынау ак кебін жамылған меңіреу өлі сахарада, калың күртік ішінде тірі жан иелерінің кенеттен жарк берген көрінісі ерекше бір әсер береді екен. Қапелімде ауызына сөз түссейші. Аң-таң күйде аңырды да калды. Кемпір болса керісінше, сампылдап сөйлеп берсін.

– Ой-бұй, карактарым, жеттіндер ме әйтеуір! Көрер жарығымыз бар екен, бір ажалдан құткардың әкем-ау. Құдайға шүкір, құдайға шүкір, аксарбас, аксарбас! – деп иегі кемсеңдеп, жыпыктаған көзден жасты шұбыртсын келіп.

Шүйкедей ғана борбиған кара кемпір, жасы алпыстың о жак бұ жағында болар. Иінінде күпі, үлкен сеңсең тонды балалардың үстіне жауып, мүкият кымтап койыпты. Төрт баланың жастары алты-жеті мен сегіз-тоғыздың арасында сиякты. Жаураганымен тың көрінді. Ішінде ұлы да кызы да бар, көздері мөлдіреп әжесін құшактай үрпиісе калған. Әйтсе де баланың аты бала ғой, кандай катер үстінде калғандарын түсінбеді ме, әлде заматта ұмытты ма, Сегізді көрген соң күлімдей бастады. Тіпті екі кішкентай кыз мырс берісіп, бейтаныс еркекті әжуа кылғандай сыбырласа калды.

Сегіз ішінен бұларды мүсіркеп: - Әй баламысың деген! Әжесіне әбден сенген түрлері ғой. Әжесі барда еш кауіп-катер жок деп білетінін кайтерсің. Қалткысыз сенімдеріне болайын, балапандарым. – деген оймен, көнілі елжіреп сала берді.

Кемпірді демей орнынан тұрғыза беріп: - Апай-ау, кайтып ұрындыңыз мынау боранға? Жалғыз атпен жолаушылап шыға ма екен, кыстың көзі кырауда. Титтей бала-шағамен не сор түртті дала кезіп? – деген сұракты ірке алмады.

- Ой-бұй, шырағым-ау, күн күрт бұзыларын кім білген? – кемпір бүкшеңдей көтеріле беріп, құрыскан аяк-колдарын жаза керіліп койды.

Іле балалардың үстіндегі карды кағып, бір-бірлеп тұрғыза бастады. Ұзак түн карға камалып жатса да кимылы ширак. Қағынып, сілкініп жүріп, болған кепті баяндай берді.

- Шалым, ұлым бар, көрші кыстаудағы ағайындарға шыкпаймыз ба. Күн тып-тымык лүп еткен жел болсайшы. Шайдай ашык күн аяк астынан күрт бұзылар деп кім ойлаған. Ер-азаматтар салт, мына бокташактарды ертіп ат-шанамен мен келемін. Шанаға жеккеніміз колауы түскен кой торы еді, мына тұрған жерге шыдап берер деген түріміз ғой. Қолауы түссе де кол-аяғы балғадай дөрбіт болған соң,

болдыра қоймас деп сенгенбіз. Шанаға үйренген басқа қолайлы аттың реті келмей, құдайға сеніп шығып кеткеніміз.

Өзің де білесің ғой, екінті әлетінде ал кеп боран соқсын. Аласапыран болды да кетті. Аттың құлағы көрінсейші. Шалым мен ұлым адасып кетті білем, айаласам да еш жауап жоқ. Бір кезде жауған қардың қалыңдығы ат бауырынан келді. Өзі де ілбіп зорға келе жатқан жануар сірессін де қалсын. Жанұшыра бір жетекті ағтып үлгердім әйтеуір. Тікесінен шошайта байлап қойып, өзім мына балаларды қымтай бүркеніп жатып алдым. Құдай оңдағанда тон мен кежім бар, жамылуға жетті-ау әйтеуір. Қалтама толтыра сықпа құртты алып шыққаным сонша жақсы болар ма. Балалардың ауызына салып жұбатым отырдым. Боран басылған соң, қарды ептеп аршып ккрерміи деген есебім бар. Бірақ ұлыған жел басылар емес.

Қанша уақыт өткенін де білмеймін. Ұйықтамауға тырысамын әйтеуір. Бір қалғып кетсем оянбайтынымды біліп отырмын. Ұйықтап қалған кісі үсіп өлетінін талай естігем. Сонысынан қорқып ара-тұра өзімді шымшып та қоямын. Балалар болса сықылықтап күліп қауіпті қаперіне де алар емес. Ес білмейтін бала не түсінсін?

- Әжетай-ау, күрке ойнап отырмыз ба? – деп қызық көреді, қорықпақ түгілі.

Сөйтіп отырғанда қалғып кеткенім. Кәдуілгідей түс көрдім. Ауылдың иттері үріп жатыр. Аумаған біздің алыпсоқтың шабалаңы. Селк етіп оянсам, қарды әлдекім қазып жатыр. Есім кіріп ал кеп айғайлайын. Бар кеп осы-ақ, жарқыным. – деп, бастан кешкен бейнетті тәптіштеп тұрып дәттей берді кейуана.

Сегіз болса ойға қалды. Не істемек керек? Күнге көз тастап еді, екіндіге ауыпты. Қыстың күні қысқа, ұзамай-ақ көз байланып та қалады. Бір үйлі жанды қайтып елге жеткізбек? Шананы қардан аршып құла жиренді жеге ме? Серінің аты ғой бұл құла, ғұмыры арба-шанаға жегіліп көрмеген. Және шананы аршып, анау өлген торыны доға мен қамыттан босатқанша қайда. Ол түгілі кемпір мен балаларды аршып алғанша, малтығып жүріп алған жоқ па. Қой, бәрін құлаға мінгестіріп, өзім үзеңгіден ұстап, жаяулап жүріп отырармын. Өзге лаж жоқ.

Осы байлауға бекіп іске шұғыл кірісіп кетті.

- Ал, шеше, атқа қоныңыз. Балаларды алды-артыңызға отырғызып беремін. Өзім жаяулап еріп жүрермін. Ел қашық емес, намазшамға дейін жетіп те қалармыз, құдай жолды оңғарса. – деген сөзбен кемпірді көтеріп алып құланың жонына бір-ақ қонжитты.

- Ойбұй, шырағым, өзің қайтып жаяу жүресің еркек басыңмен? Өзің қон атқа, мен-ақ еріп жүрейін. Не көрмеген ғаріп бас дейсің. – деп шырылдаған сөзін құлаққа ілместен, балаларды жайғастыра берді. Екі кішкентай қызды кемпірдің алдына, ересектеу ұлдарды артына отырғызды.

- Сен екеуің ер баласыңдар, бекем болыңдар. Әжеңнің белінен тас қылып құшақтай ал сен. – деп алдыңғы ұлға бұйрық берді де, - ал сен болсаң мына ағаңның белінен ұста. – деген сөзбен кіші ұлды құланың сауырына орналастырды.

Онымен да қоймай екі ұлды аттың божысымен қапсыра орап, кемпірдің беліне байлап қойды. Қолдары талып қалса аттан ауып қалмастың амалын істеген түрі еді бұл. Таралғыны қыскарта кемпірдің аяғына лайықтап беріп, тізгінді ұстатты да:

- Ал, шеше, қозғалайық, ия сәт! – деген сөзбен құланы шаужайынан қағып қалды.

Есті жануар иесінің мінбегеніне таңырқағандай оқыранып, көзін алайта қарап қойды да, тұрған жерінен қозғала қоймай кібіртіктей берді.

- Шу, жануар, мен еріп отырамын. Ал кеттік! – деп атты жетектей берді.

Құла иесінің ниетін түсінгендей-ақ, бұйрыққа бағына алшаң басты. Ат аяңдай жөнелген соң, Сегіз үзеңгіден ұстай алып ере жүрді. Білекті де жүрдек аттың үстіне қонған соң-ақ, кемпір де балалар да көңілденейн деді. Бойлары жылына беттеріне қан жүгірген соң, арттағы ересектеу ұл:

- Ағатай, кезектесе жүрейік. Мен жаяуға әйдік едім. Аттың аяңынан қалыспаймын, мініңіз орныма. – деп тіл қатты.

- Оу, жүгірмек, сол орныңа ие бол. Аттан ауып қалмашы өзің. Әжеңді байқап отыр... Бұ ағатайың -жаяуға осал, сыр беріп болдырар-деп білгеннің қай жағысың өзің? Құдай қуат берсе, екі-ақ аттағандай көрермін бе, қыстауға дейіңгі жолды. – деп әзіл іліп күліп жіберді.

Бұнысы кемпір мен балаларға дем берудің амалы еді. Айтуын айтқанымен көңілі күптілеу. Оның себебі - сол жақ тізесінің сыздай бастағаны. Сыздап қана қоймай, кәдуілгідей бастырмауға айналды. Қанша айтқанмен аттың аяңы адамның адымынан анағұрлым аршынды. Жүгірмесең ере алмайсың. Жүз қадамдай жүрді ме жоқ па, бір кезде қадамы коюланайын деді. Барып, барып тіпті ере алмауға айналды.

- Қап, жаңағы сөзім әнтек айтылды ма қалай? Өзіме өзім тіл тигізіп алмасам едім. Мына тізесі бар болғыр мүлде бастырар емес. Аттың аяңына ере алар түрім жоқ білем. Қой болмас, алдымен балаларды құтқару керек. Бұларды алға оздырып өзім ізімен жүрейін. Митыңдап асықпай аяңдасам тізем шыдап берер. – осы байлауға бекіп, үзеңгіні шеңгелінен босата берді де:

- Шешей, тіземнің кәрі құяңы бар еді, сол түскірі бастырмай келеді. Атқа ілесе алмаспын. Сіз осы бағытпен тарта беріңіз. Мына құла қыстауға өзі-ақ апарады. Орманның ығымен жүрсеңіз болды, жол біреу-ақ. Мен де барып қалармын аттың ізімен. Баяу жүргенге

тізем шыдаушы еді. Маған алаңдамай жіті жүре беріңіз. Балаларды үсітіп алармыз. – деп бұйыра сөйледі.

Кемпірдің үәж айтканына құлак та аспай: - Ал, құла атым, сыналар мезгіл жетті саған да. Мына жолаушыларды әуелі құдай, содан соң өзіне тапсырдым. Елге жеткізетін бол, суыкка ұрындырмай. Ал, жол амандығын берсін! – деген сөзбен атты сауырынан сипапа кана камшылап жіберді.

Иесінің ниетін түсінгендей-ак, түгін кырау шалған жануар ойкастай жөнелді. - Ағатай аман болыңыз! Тезірек жетіңіз. Барған соң ат жібереміз. – деп кос ұл айғай салып ұзай берді.

Құланың аяк тасатсы мығым,оппа карды тізесімен бұзып-жарып ұзап барады. Иесінің бұйрығын ұккандай-ак маңдайын тура кыстау жакка түзеген. Төрт тұяғымен касат карды жентектей лактырған атты көзімен ұзатқан Сегіз:

- Аман-есен елге жеткейсің, есіл серігім. Шиеттей бала-шаганы үсітіп алма тек. Тай кезіннен баулып баптап едім, сол еңбегімді актайтын күн туганын көрмеймісің. – деген оймен кала берді.

Бір таң калганы – кос тазының мінезі. Бұл екеуі құла жиреннен айырылмаушы еді. Ауылдан шыкса-ак ере жүретін. Құланы кос тазысыз елестету де мүмкін емес сиякты. Бұндай көрініске әбден көзі үйренген ағайын, тазыларды көрсе-ак:

- Е-е, Сегіздің құла жирені осы маңда жайылып жүр екен ғой. Тазылары көрінді әнекей. – деп түйер еді.

Бірак, дәл казір кара ала мен сары ала ұзап бара жаткан атка ере жөнелмей, Сегіздің касында шокия-шокия отырған калпында калды. Ә дегенде аз-мұз кыңсылағандары болмаса, тапжылар емес. Тек козғалмай тұрған иелері мен ұзап бара жаткан атка алма кезек көз тастап кояды.

- Бұл калай болды, атты неге коя берді иеміз? – деген сұрак бар сиякты көздерінде.

Сегіз бұл кылыктарына аң-таң күйде: - Уа, сен екеуіне не көрінді? Бар, тартыңдар кәнекей құлаға ілесіп! – деп кос итке жекіп койды.

Така болмаған соң карғы бауынан ұстай алып жетелеп те көрді, атка еріңдер деген ниетін жеткізгісі келгендей. Бірак ұялас тазылар кетер емес. Етегіне оралып, тұмсыктарымен еркелей сүйкеніп құйрыктарын бұлғаңдата берді. – Кусаң да кетпейміз. – дегендей түрлері бар.

Бастапкыда дағдарған Сегіз ойлана келе бұл мінездеріне риза болды. Ішінен: - Е-е, жарыктык, ит жеті казынаның бірі деген осы да. Сын сағатта иесінің касынан табылганына болайын. Адамзат баласының ежелгі серігі ғой бұл хайуан. Мыңдаған жылдар бойы ілесіп келе жатыр-ау, шіркіндер. Жә, калса калсын-ак. Қайта мынау меңіреу түзде көңілге демеу болар ма екен. – деп түйді.

Жалғыз калған соң айналаға көз салды. Орман деңгейін нобайласа, шамамен жолдың орта тұсына ғана жеткен сиякты. Демек, кыстау әлі

он шақырымдай қашықтықта деген сөз. Тың кісіге мына тұрған жер сияқты. Жаяуға әрі кетсе екі сағаттық жол. Бірақ, мына тізесі жүргізе қойса игі еді. Киім қалың тоңдыратындай емес. Ықшам сеңсең тонның етегін сақсырдың ішіне жіберіп киіп алған болатын. Қалың байпақты саптама етіктің кере қарыс өкшесі ғана жаяу жүріске ыңғайсыздау. Салт жүрмекке арналып тігілген көк сауыр сері етік қой, мұндай күйге ұшырап, жаяулауға қолайсыз болар-ау деп кім ойлаған.

Бірақ, басқа түскен соң көнесің де. Ұрыста не тұрыс бар демекші, ендігі омалып тұрғанымен жол өнбес. Не қылса да тәуекел.

Осы оймен тазыларды желкесінен еркелете мытып қойып: - Ал, кеттік ала мойнақтарым. – деген сөзбен қадам басты.

Бақса, аяз күшейіп барады. Күн желсіз тымық болғанымен үскірік бет қаратпауға айналды. Құланың салған ізімен жүріп келеді. Қарулы аттың ізі күртік ішінде қазған ордай. Аттанар бет ну орман, камшылар жақ қар жамылған иен түз, бағыт-бағдар ап-айқын. Тек жүруге мұршаң болсын... Әнекей, көз ұшындағы орманның бір пұшпағын айналып, құла жирен көзден ғайып болды.

Барсын, барсын. Мына қарқынымен бие сауымында елдің шетіне де ілініп қалар. Айнала төңірек тып-тыныш. Қара барқынданып тұрған орманда тірлік белгісі болсайшы. Жоқ, неге болмасын. Әне тоқылдақтың тық-тық еткен дыбысы естілді. Сабазың үскірікті еш елеместен қарағайдың діңін ұңғып жатса керек. Қайтсын енді, қорек тауып жан сақтамаса болмайды ғой. Әнекей сауысқанның шықылы жетті. Мәссаған, бұ заңғарың өзімді аңдып бақылап келе жатыр-ау. Орманның бар тұрғындарына:

- Сақ болыңдар, адам баласы қаңғалақтап келеді! Бұ қаңғыбастың жолынан аулақ болғайсың. – деп ескертіп жүр-ау, дәу де болса.

Бұл сауысқан өзге жыл құсындай күнгей жаққа кетпейді-ау. Туған жерінде өз орманында қыстап қалады. Мына өлі далада нені талшық етеді екен алты ай қыста? Не қылса да осал құс емес, бұ аққаптал жұдырықтай ғана жан иесі.

Қанша уақыт өткені белгісіз, сол аяғын сүйреткен митың жүріс өнер емес. Қос тазы біресе алға шығып, біресе ту сыртын орай ойнақтап еріп келеді. Осылардың аяғын берсе ғой, жүгіре жөнелер еді әлдеқашан.

Бір кезде қалғып бара жатқанын сезіп, басын селек еткізе көтеріп алды. Мәссаған, суық сорып әлсірейін дегеннің қай жағы өзі? Тұла бой да қызып бара ма қалай. Бір қалыпты өнбейтін, итшілеген митың жүріс ұйқыға ұрындырмаса не қылсын. Бойдың қызғаны да дұрыс белгі емес. Айдалада аты өліп суыққа ұшқандарды естігені бар. Суықтан үсіп өлетін адамның жүре-жүре бойы қызатын көрінеді. Бойы қызған соң шешіне бастайды екен. Боранда адасып кеткен бір жылқышыны іздегенде, алдымен тонын, біраз жүрген соң шашылып

жаткан күпісін, бешпетін, содан соң ғана көйлек-дамбалшаң мәйітін табады ауылдастары.

Тағы бір зор кауіп, әбден әлсірегенде ұйқыға бой алдыру. Аязды күні елсізде жүріп көзің ілініп ұйқыға бір жеңдірсең, жарық дүниемен қоштаса бер. Қайта оянуың екі талай.

Осы білгендерін есте тұтып, дүр сілкінді де көзін кең ашып алды. Алдымен тоқтамастан қыбырлап жүре беру керек. Қимылдаған кісі үсімес. Тасбақадай мимырттап жүрсе де, кимыл-әрекет қажет. Тұрып қалсаң – құрығаның.

Осы оймен іштей ширығып, тістеніп жүре берді. Өлімнің кауіпін еске алуы мұң еді, келеңсіз ойлар тізбек-тізбегімен өте берді санада.

Дәл қазір суыкка ұшсам не болғаным? Окыс ажалға ұрынғаным ғой аяк астынан. Мүшел жаста, толыскан шағымда үзіліп кеткенім де олай болса. Е, несі бар, шиеттей калпында шетінеген балаларымнан жаным ардакты ма еді. Сол құлыншактарымды колымнан жерлеп едім. Әке тірі калып бала өлгеннен сактасын. Соны көріп сопиып жүрген сикым мынау... Сондык, өлім соншалыкты құбыжыктай коркыныш емес-ау, ойлап тұрсам. Бір өкініш болса, артымда жарым, ұлы-кызым калып барады. Опат болсам балаларға әке кайда? Жүдетпей жеткізетін туыскандар баршылык кой, құдайға шүкір. Әйтсе де әкедей болсын ба. Өзім де әкеден жас калып едім. Балаларымның басына бермесін ондайды...

Осы ойлармен аксаңдап басып, мысыктабандап алға жылжи берді. Сылти баскан аяктың әлегі бар, үскірікпен алысканы бар, уакыттың зымырап өткенін аңғармай да калыпты... Енді бір байкаса, күн батуға айналып төңірек караңғы тарткан. Жол нобайы таныс кой, өз орманы емес пе. Шамалап караса, ауыл-үйге жеткенше әлі әжептәуір жер бар сиякты.

Бұны іздеп шыккан жан да көрінбейді. Құла жирен кыстауға жетуге тиісті еді әлдекашан. Кемпір жетіп хабар берсе, бұны іздеуге колма кол жігіттер шығуға тиісті еді... Бірак көкжиек тұска канша үнілсе де, кыбырлаған тірлік белгісі еш көрінсейші. Іздеуші келе жатса алдымен иттер сезер еді. Ұялас тазылар болса үнсіз ғана еріп келе жатыр.

- Қаншаға шыдамакпын, әлде болдырып құлап калам ба? Ажал құшканым ба сонда? – деген ой сумаң етсін. Бұл күдікке іштей үәж де кайтарды.

- Е, несі бар, әйтеуір баска салған соң құтылмак кайда жазмыштан. Қайта мынау табиғат аясында, уыздай таза, саф ауаны сіміріп көз жұмған лайык емес пе, ер-азамат басыма. От басы, ошак касындағы шал-шаукан болып өлген, серіге кол емес кой тіпті. Қокандыктармен соғысып жүріп аман калып едім. Әйтсе де солар кадаған улы жебе,

ақыры түбіме жетпей қоймады. Жапырақтай ғана жебеден түскен закым ілеге айналып, аяғымды тұсады мінекей. Тұсамаса әлдеқашан ауыл-үйге жетер едім.

Бір жағынан әбден кәртайып можа болған аркар сиякты бажып өлмей, жараның кесірінен ажал құшканым да дұрыс шығар. Сері атанған екем, сол атакка сай болғаным абзал. Ер мен серінің мандайына жазғаны осындай окыс апат қой. Батыр, ақын, сері атансаң, тағдырың елден ала бөтен болмағы хак. Жаныңды шүберекке байлап, лаулап жанып өтерсің бұл жалғаннан. Батыр дегеніміз Кенесары мен Науырызбайдай болса керекті. Бодандық камытына көнбестен, бастарын алғызса да иілмей өтті әнекей. Акын да кайғы мен шер теңізін кешіп өтпегі шарт.

– Ой түбінде жатқан сөз шер толкытса шығады. – деп Асан кайғы тауып айтып еді. Азап шегіп, өксікпен алкынып көрешекті көрмесең, терең ой мен сөз жауһары тумас. Ел каймағы жаксылардың шылауында жүрген, мадактан өзге сөзді білмейтін, жағымпаз акынсымактан жан тебірентер жыр шыкпас... Серінің тағдыры да солай. Жаныңды жеп, өліп-өшіп маһаббат теңізін кешпесең, ел жүрегіне жол табатын ән тумас көкейіңнен. Сол маһаббатың үшін жауыңмен алысып, канды көбік жұткызсаң ғана сері атанарсың. Қазактың серісі әрі әнші, әрі ер болмағы хак. Тәуекелге бел байлап, кауіп-катерге пыскырмай жалаңаш барып жауға тисең ғана серісің.

Керексе, бетің бүлк етпей кабак шытпастан өлімге сүйкеніп, ажал аранына да күмп берерсің. Осы шартка жүрегің дауаламаса, әуреленбей-ак серіліктен дәменді үз.

Ғашыктык такырыбы еске түсуі мұң еді, көлең етіп Макпал бейнесі көріне кетсін. Ап-айкын болып күлімдей карап тұр. Елес емес, тіп-тірі калпы дерсің.

– Келсенші, сағындым. Көз көргенім емес пе едің. – деп шакырып тұр ма, калай.

- Үйіңде жарың, бала-шаған барын білемін. Жарыңның көзіне шөп сал деп тұрғаным жок. Сүттей ұйыған үй-ішіңді, тұнығыңды лайлатын мен бе екем. Темірді дәнекер, өмірді бала косады демекші, өзіңнен бала тапкан зайыбың бар. Бөтен емес, Ырысбикедей сіңілім, құдай коскан жұбайың екен.

Екеумізді болса тағдыр коспады. Әйтсе де, калткысыз құлай сүймеп пе едік бір-бірімізді. Маһаббатың теңізін құлаштап кешкеніміз кайда, сонау жалынды жастык кезімізде. Мен сол жастык шакта, ғазиз калпымда калған екенмін. Сен болсаң есейіп салуалы отағасы болдың. Әншілік даңкың жер жарып, мұратына жете, болған, толған шағың. Демек, еш нәрсеге ділгір емессің.

Әйтсе де жастық шақта қол ұстасқан, серт байласқан көз көргенің бар емес пе? Адам шәу тартқанда сол көз көргендерді сағынып іздер болар. Бір көріп дидарлассам деген ниет болмаушы ма еді, ескі көз таныстарда. Әлде атақ пен даңқ көзге шел бітірді ме? Бір кездегі аңқылдаған ақ пейіліңе кекірлік ббітіп тәкәппар тарттың ба? Пәкиза сезімге бөленген бозбала едің, ендігі құбылып сыз қабақ мырзаға айналдың ба?

Олай болса өзің біл, серім. Кінә артудан аулақпын Бір кездегі қалтқысыз сүйген Мақпалың болып қала беремін де...

Осы сөзбен майда ғана жымиып басын шайқай бергені. Кірпігің ұшына мөлт етіп бір тамшы жас та ілінді. Үзіліп түскен маржан дерсің. Күлімсіреп тұрып көзіне жас алғанын қайтерсің. Құдды сонау бір жас кезіндегі қауышқандағы жүрек тебірентерлік тәтті көрініс.

- Мақпалжан-ау, о не дегенің! Сені өлсем ұмытармын ба? – деп айғай салған өз дауысынан оянып кетсін.

Селт ете есін жия көзін ашса, ымырт жабылған, айнала қараңғы түн. Сам жамырап, толық ай дәл төбеден төніп тұр. Жағып қойған шам дерсің. Ай жарығы мен жұлдыздардың жымыңдаған сәулесі бар, аппақ қарға шағылысып төңіректі көрсетіп тұр. Айнала жым-жырт, қара барқынданып орман көсіле созылады. Қос тазы бұған қыңсылай қарап құйрықтарын бұлғаңдатуда.

- Бұл иемізге не көрінді екен, өзімен өзі сөйлескендей? – деп үнсіз таңырқап тұрғандай.

- Мәссаған безгелдек, түрегеп тұрған қалпымда ұйқыға кеткенім бе? Бұндай да қызық бола береді екен-ау. Естімеген елде көп демекші. – деген оймен өзі де аң-таң.

Бойдан әл кеткенін енді сезді. Аяқ мүлде бастырмайды, тұла бойы қызуға айналғандай. Енді шынымен қауіптенейін деді.

– Қой, мына түріммен суыққа ұшып қатып қалармын. Қар үстіне құласам, мені іздегендер күртік ішінен мүрдемді таппас та. Бір оқшау тұрған қарағайға жетіп сүйеніп тұрайын. Діңін құшақтап алайын немесе. Өліп-жітсем, түрегеліп тұрған қалпымда сіресе қатып қалармын. Тіпті болмай әлім құрыса шөкелеп отырып қалармын. Сұлап жатпасам болғаны да. Әйтеуір қарам көзге ілінер. Іздеп шыққан ағайынға сүйегімді табу оңайға түсер ме екен.

Осы оймен арқан бойы жерде оқшау өскен қарағайға таман қадам басты. Сол жақ тізе мүлде бүгілмейді, аяқ басысы құдды бір бөрене сүйреткендей. Дембіл-дембіл дамылдап, әупірімдеп жетті-ау әйтеуір. Шоқ шыршадан бөлініп жеке дара өсіп тұрған қарағай екен. Әдетте қалың нудың ішіндегі қарағай біткен қолдың саласындай тіп-тік, көкке шаншыла өсер еді. Ондай қалың орманның ішіндегі шырша мен қарағай, сапта тұрған жауынгерлердей бойлары біркелкі, сымбатты

келетін. Бір ғана міні – тамырлары тереңге кетпей қымкалау болады да, дауыл тұрса түбімен копарыла құлап жатады.

Ну орманнан окшау жалқы өскен ағаш болса, жел өтіне бейімделіп тамырын тереңге жібереді. Бойы быртыктау, бұтактары арбия көріксіздеу көрінгенімен, бітімі орнықты, берік келеді.

Осындай бір окшау біткен карағайға жетіп, діңін құшақтай алды. Бұдырлана біткен кабыктарына бетті такап, жоғарыға көз жіберіп еді, арбия өскен бостандары сонау биікте екен. Бала кезі болса оп-оңай-ак өрмелеп шығып алар еді-ау, құрык бойы жоғарыдағы бостандарға. Енді көрмеймісің, жоғары өрмелемек түгілі, дымы құрып жуан діңіне сүйене зорға тұр. Бұл ағашка жеткенше карға адымдай-ак жер сиякты еді, соның өзіне ентігіп калыпты.

Әл жияйын деп, діңді құшактай алған калпы көзін жұма берді. Бір жағынан ұйкы кысса, бір жағынан дене кызып ыстыктап бара жатканын аңғарды. Екеуі де кауіпті белгі екенін түйсініп те тұр.

- Жо-жок, алдамшы кызу ғой бұл. Алдап сокпак дене кызуы. Ыстыктаған болып шешіне бастасам, суыкка ұшып сеспей катармын. Ұйкыға да төтеп берейін. Ұйкы дұшпан бұндайда. Шыдап бак, жігітім, сыналар шағын жетті не кылса да. Жүре алмай бір жерде тұрсаң да, кимылдап бағып бойға кан жүгірт. – деп дәтін бекітіп, өз-өзін кайрай берді.

Қанша уакыт өткені мәлімсіз, уакыт жылдай созылған сиякты. Кимылдауға саусак кана келеді, өзге дене ыркына көнер емес... Сөйтіп тұрғанда бір иттің окыс шәу еткені естілді. Іле екіншісі де косамжарлана үріп-үріп жіберді. Ә дегенде бұған мән де берген жок. Өз бойымен алыскан калпы, жуан діңге жабысып алып, құлап калмаудың камын ойлауда. Кенет:

- Уа, бұлар неге үрді? Тегін үрмеуші еді есті хайуан. Ит-құсты сезді ме әлде. Жок, ондайда шабаланы баска болатын. Адамды сезбегей бұл екеуі. – деген ой су етсін.

Іле құлак түріп, меніреу түн ішіне көз тікті. Ұялас тазылар болса, тұмсыктарын жол жакка төсеп, құйрыктарын бұлғаңдата үрісін үдете түсті. Келе жаткан әлдекімді анык сезген сиякты.

- Іздеуішілер болмағай! – деген үміт жылт етіп, бар пәрменімен айғай салды. Үні құмығынкы, карлыға шыкты. Таяк тастам жерге де жетер емес. Іздеушілер естісе иттердің зынкылдаған үнін ғана естігендей... Айткандай-ак бір шай кайнатымдай уакыт өте, алыстан талып жеткен айкай естілді. Бірнеше кісінің дауысы сиякты. Іле кісінеген жылкының да үні жетті. Тани кетті – құла жирен! Бұл кісінесті мың жылкының ішінен де айнытпай ажыратар еді.

- Жануар-ай, бастап келе жаткан ғой іздеушілерді. Естілігіне болайын, тұлпарым! – деген оймен іші елжіреп бара жатыр.

Қуанған қалпы және бір айқай салып еді, әлі әбден құрыған болу керек, бұл жолы үні тіпті шықпай қалды. Есесіне туу сонау қараңғылық ішінен бірнеше кісінің дауысы жарыса жетті. Сөздері апаныҚ.

- Уа, Сегіз, бармысың, қайдасың? – деп қосамжарлана шыққан айқай.

Қайсысы келіп қалғаны мәлімсіз, әйтеуір ауыл жігіттері екені дауыстарынан тани кетті. Кешікпей-ақ бірер аттылардың сұлбасы да қарауыта көрінді. Иттердің дауысына бағдар түзіп, тұп-тура осы жаққа беттеп келе жатыр.

Іздеушілерді көруі мұң екен, санасында, - ия сәт, жетті-ау ақыры азаматтар! – деген ой жарқ беріп, буын-буыннан әл кете бастады. – Енді қауіптенетін ештеңке жоқ, тірі болайын өлі болайын, әйтеуір иткұсқа жем болмаспын. – деп ойлауға ғана мұршасы жетті.

Қарағай діңін құшақтаған қолы босап, күртік үстіне өзі де сусып түсті. Бар ерік жігерін сайлап, аязбен де дертпен де алысқан санасы да өшіп, ұйқыға шома берді...

***

Эпилог

Топырағы бусанған жас кабірдің қасында Нияз отыр. Күн түстен жаңа ауған, ауа тымық, болмашы ғана аяз бар. Қабірді айнала жайғасқан ағайынға назар қыдыртқанымен Нияздың ойы басқа жақта. Ойын қоғамдай алмай, қайта-қайта досының оқыс қазасына оралып айналсоқтай береді... Сегіздің о дүниелік болғанына әлі де сенгісі жоқ. Жас кабір Сегіздікі, әлгінде ғана өз колымен кара жерге тапсырған жоқ па еді. Топырақ салып көміскен анау отырған Қуаныш. Әгілдер. Қалың нөпір халайық та жиналған, пәлен молда құран да бағыштаған, сол жиын қыстау жаққа бағдар түзеп асқа да кеткен.

Осының бәрін түс емес, өң екенін пайымдап та отыр. Сөйтсе де тағдырдың қатал өкіміне көнгісі жоқ. Санасы мойындаса да көңілі кабылдар емес жазмыштың бұйрығын. Өткен үш-төрт күннің көрінісін жадында қайта-қайта жаңғыртып, карала хабарды тәу есіткен сонау қасіретті сәтіне орала береді.

Қиық сәскенің тұсы еді, кора сыртындағы шомның тұсында кар күреп жүргенде, жіті келе жатқан салттылар көлең етіп шыға келсін. Қосар аттары бар суыт жүрген біреулер. Ә дегенше ентелетіп жетіп те калды. Қотанға жақындаған жолаушы атаулы жүрісін бәсеңдетіп аяндата бастырар еді. Аттың басын тартпау әбестікке жатады. Сонысына қарағанда бұл екеуінің асыққандары тегін емес.

Айткандай-ақ, бұны көре салысымен аттан домалап түскен жігіттер асыға-үсіге жетіп келіп, жамыраса амандасты. Жолаушыларды салған жерден шырамытты, Сегіз ауылдарының жүз таныс бозбастары. Қабақтары сынық, Нияздың бетіне тура қарай алмай көздерін тайдыра береді. Сол заматта-ақ бір келеңсіз хабармен келгендерін түйсігі сезіп еді. Бірақ, дәл мынандай сұмдықты есітем-ау деп , үш ұйықтаса түсіне кірер ме екен.

- Ия, азаматтар, ат-көлік аман жүрсіндер ме? Жүрістерің суыт көрінеді, аттарың қан сорпа. Тиыштық па әйтеуір, не хабар бар? – деп сыр суыртпақтап еді, түбіт мұрт құба жігіт көзін жыпықтатып:

- Хабар жайсыз болып тұр ау, ағатай. Қабырғамыз сөгілгендей жайымыз бар. Сізге қайтып естіртерімізді білмей де тұрмыз, илансаңыз. – деп міңгірлесін.

- Ия, айта бер, несі бар. Әйтеуір жария болды ғой, не сөз болса да. Қара аспанды тастап жібер кәнекей. –

Әлгі жігітке дем берсе де, өзі іштей қуыстанып калды.

- Сері ағамыздың бір оқыс апатқа ұшырағаны. Ақ сұңқардың канаты қайырылып, тұлпарымыз жалғыз казыққа кез болды, ағатай. Шаңырағымыз ортаға түсті. Үлкендер дереу сізге жіберді, естірт деп. Қос атпен үрдіс жүріп жеткеніміз осы. Ел сізді күтіп отыр. –

Бұдан арғысын айтқызбады құба жігітке. Жүрегі аткақтап ат кораға жүгіре жөнелген.

– Сол кабағым тартып жүр еді, жамандыкка көрінген ғой. Тек тірі болсын Сегізім. Бакұлдасып калайын тым құрмаса. – деген оймен апыл-құпыл ат ерттеп корадан шығарды. Үйге де кірместен атка конып тайпалта жөнелді.

Қакпа алдында тұрған балаларға: - Мен Сегіздікіне кеттім. Бір шұғыл жайсыз хабар келді, шешелеріңе айта саларсыңдар. – деп, келте ғана тіл катып үлгірді.

Жолай кос жігітпен сөйлескен де жок. Көңіл күпті, жүрек сазып әлде не жаманшылыкты сезгендей ойды сан сакка жүгіртті. Кенеттен кінәрәттанып калуы мүмкін емес. Кейіңгі кезде ескі дерттен айыккан жок па еді Сегіз. Аңшылық құрып жүрген кезде окыс жағдайға душар болды ма екен?

Еріп келе жаткан бозбастар бұның кабағынан именіп, жол жөнекей тіл каткан жок. Күн-түн демей аттарды ак көбікке малындыра суыт жүріп, таң сімірі жауғанда жетті-ау Сегіздің кыстауына.

Қотанға кіре бере-ак, бір сойканның болғанын амалсыз мойындады. Жанат үйінің айналасы кара құрык кісі, жылаған катын-калаш, көздері бұлаудай іскен кыз-кыркындар.

Бұны аттан түсіріп алған Қуаныштың өнінде кан-сөл жок. Көздері талаурап ісіп кетіпті. Төс қағысып көрісті де:

- Құрдасыңнан айырылдык, ағатай. Қанат түптен кайырылды, бұлбұлымыздың үні өшті. Жазмыштың бұйрығы осылай болды. – деп, кеңкілдеп жылап жібергені.

Бұл хабар төбеден ұрғандай-ак естілді. Іштей канша әзір болса да, дәл пышак кесер тұста, хабар айтылған сәтте есеңгіреді де калды... Не бір ашшы өлімдерді көріп те жүр ғой. Толарсактан кан кешкен кырғын соғыста жүргенде, кыршынынан киылған жастарды өз колымен койғаны каншама. Жүрегі әлдекашан мүйіз болып катса да керекті. Бірак мына хабар тым тосын естілді. Тағдырдың сызығы дәл осылай, мүшел жаста келерін кім болжаған. Бұл сынды казаға әсте әзір еместін.

Кейінірек, есті жиған соң Сәток болған кепті дәттеп берген. Суыкка ұшкан ессіз-түссіз Сегізді жігіттер кыстауға жеткізеді. Жолай калың ұйкыға кетіп, сол калпынан айыға алмай таң ата жан тапсырыпты. Еш киналмастан үзіліпті есіл азамат.

- Бір жаман кемпірдің кесірінен кетті-ау, әттең! Соған ат міңгізіп не бар? Арыстай азаматтан айырылдык әнекей. Әкеміз маркұм да бір кемпірдің кесірінен опат болып еді. Көрмеймісің, кырсык шалғанда Сегіздің де ажалына себепкер болғанын кемпірі түскірдің. – деп, кіжініп еді Сейіткерей.

Жанат болса бұл пікірін жақтыра қоймай: - Олай деме, Сәток-ау. Кемпірге ерген шиеттей балалар бар емес пе? Солардың обалына қалмақ па? Мұктажға, каріп-касерге жәрдем қылмаса адамгершілігі қайсы. Сері деген атағын, даңқын ақтай дәлелдеп кетті десеңші одан да. Қолынан келсе Сегіздей-ақ болсын, азамат атаулы. – деп басалқы айтты.

Болған іске болаттай бол демекші, ес жиған соң іске шұғыл кірісті Нияз. Молда атаулыны жолатпастан мәйітті өзі арулап жуды. Жастарды бастап қабірді де өзі казды. Қар қалың болса да жердің тоңы сала құлаш екен, қайла-сүйменді алып сонымен күн ұзақ алыса жүріп, казып шықты-ау ақыры.

Бір әредікте көзі бұлаудай болып іскен Ырысбике, жұрттан тасалана беріп: - Мына бір көк торғын қол орамал сандықта сақтаулы еді. Ішінде бір уыс топырақ түюлі. Мақпал әпкемнің кабірінен алынған топырақ болса керек. Есіл әпкем өз қолымен кестелеп, құрдасыңа арнаған естелік қой. Тәбәрік сияқты кастерлі бір мүлкіміз. Осыны кабірге бірге коясың ба қайтесің. Лахатта кебінмен бірге жатсын. Әпкемнің көз жасы да, қолы да тиген зат қой, досыңмен бірге болсын да. Молдаларға білдірмей саған тапсырдым. Сүйекке өзің түсесің ғой. – деген сөзбен торғын түйіншекті ұсынды.

Қол орамалдың жағалай жиегі кестелі, ортасында жазуы бар екен. Көз салса, - Сегіз-Мақпал-Ғауһартас- деген жазумен кесте шегіп қойыпты. Алтын түстес жіппен, ою-өрнек сала әспеттеп тұрып кестелепті. Мініскер колдан шыққаны көзге ұрып-ақ тұр.

Қастерлі мүлікті ықтияттап бүктеген Нияз: - Өзіндей көр. Бұлжытпай орындармын бұ тапсырманды. – деп сендіріп, түйіншекті қалтаға тығып қойған.

Тар лахатқа мәйітті жатқызғанда, түйіншекті тарқатып топырағын касына салды да, дәл басының астына көлемі кос алақандай ғана кестелі орамалды бүктеп төсеп койды.

- Бақұл бол, жан достым. Мақпалың, Ғауһартасың өз қолымен сыйлаған мына тәбәрік касында болсын. Мәңгілік сапарға аттанарда ғашығың берген ескерткіш демеу болар ма екен. Өзіңе серік болып, бірге жатсын туған жердің топырағында. – деп, күбірлеп бет сипаған...

Енді міне жас топырақтан үйілген төмпешіктің касында малдас құрып отыр. Бейіттің төрт құлағына аят та оқылды, пәлен молда әдемі мәділеп құран да бағыштады, жиылған қара нор халық бет сипасып тарап та кетті әлгінде ғана.

Қыстауда не бір семіз жылқы сойылып жатыр, бас қосыскан ағайын сол астан дәм татпақ. Дәуір жүргізу, ыскат деген рәсімдер де істелмек, соның бәріне елдің үлкендері ие. Сәток пен Қапар бастаған

бас көтерер азаматтар ұйымдастыру жағына жауапты. Қалың көпшілікіті үйді-үйге түсіріп, жайғастыра күтіп, ас-аукатка тойғызып, берер кәделерді тарата үлестіріп кейітпей жөнелту міндет.

Өлім бардың малын шашар, жоктың артын ашар демекші, өлім-жітім деген елге келген бір сын зәліттес. Қандай ашшы өлім болса да сыр берместен, кабак шытпастан көпшіліктің үдесінен шығу парыз. Бұндайда шал-шапкыт мен молдалардың көңілін табу кажет алдымен. Ши шыкса осылардан шығады. Тиесілі жыртысы мен шүберегін алмай аттанса, быксык сөз туды дей бер. Шаладай быксыған кауесет өсекке, алып кашты сөзге, гу-гу әңгімеге де ұласуы ғажап емес.

- Әй, анау пәленшеке маркұм арыстай азамат еді, жарыктык. Обалы нешік, артында калған өңшең иіс алмастар дұрыстап жөнелте де алмады. Жаксыдан жаман туды деген осы да. – деп маркұмның ағайындарын ағаш атка міңгізбесі кім кепіл.

Осы жәйтті ескерген елдің азаматтары жаппай кісі күтуде. Қотан іші дәл осы сәт апыр-топыр карбалас үстінде. Зиратта калған бірер кісі ғана. Жас кабірдің аяк жағында Нияз отырса, оң жағында Қуаныш пен Әгіл, олардан жоғарырак Жанат тізе бүккен. Қалың нөпірге ілеспей төртеуі оңашаланып, кабір басында бөгеліп калған болатын.

Ниязға салса, көпшілікке косылуды мүлде көңілі каламайтындай. Ырду-дырду көпшіліктің іші гу-гу сөзсіз болған ба. Біреулер казаға шын кайғырса, енді біреулер кара нор халыкты көрген соң еліріп те кетеді. Сампылдап сөйлеп, әзіл іліп каркылдап күлетіндерін кайтерсің... Шын кайғы болса, үнсіздікті кажет етеді. Бұндайда сөз шіркін ем де болмас. Бұндайда дәрудің ең уыттысы уакыт кана шығар.

Осыны түйсінген Нияз көпшілікті көргісі жок. Өзімен өзі оңаша калғысы келіп, мына жас кабірдің басында отырған калпы, болған кепті, кайғының мөлшерін парыкка салмак... Алдағы уакытта осы зиратка, Сегіздің басына әлі талай-талай келер. Оны болжап та койған. Бірак ең ауыр соккы дәл бүгінгі күн ғой. Жан досынан мәңгілікке айырылғанын толайымен санаға сіңіру кажет. Әлемнің тең жартысы опырыла құлай түсіп, орны үңірейіп калғандай әсерде. Осы күннен бастап бұл жалғанда Сегіз ендігі жок екенін, көңілге кондыра алмай-ак отыр.

Досының дәйім күлімсірей карайтын жанары дәл көз алдында көлеңдеп тұрып алғаны. Ойлап тұрса, осы жанардың ашу-ызалы ия болмаса долы калпын бір көрмепті-ау. Сонау жас кезінде Омбы каласында Яшкамен жұдырыктасканда да, күлімдеп кана тұрып еді-ау досының жанары... Ол ол ма. Екеуі ми далада топ каракшыға кез болып, жан алысып жан берісіп арпалысканда да долы ашуға тізгін берген жок Сегіз. Бар кайратын сарыккан, жан түршігерлік кан касап

соғыстың ішінде жүрсе де, қорғасындай салмақты мінезінен айныған емес. –Ерлік- деп осындайды дәріптесе керек еді, дана халқымыз.

Бұл мінезінің бір қыры болса, және бір қыры – аскан кішіпейлділік. Мақтанды, дарақылық пен кеппелікті сүймейтін бір жан болса, осы Сегіздей-ақ болсын. Атақтан қашқан бұндай жанды еш көрген де естіген де емес Нияз.

Әйтсе де бұл атақтан кашса, атақ пен даңқ бұны керісінше өкшелеп куған сиякты. Сыр бойында жүргенде-ақ аты ауызға ілініп, не бір ділмар ақындар ерлігін, серілігін жырлап шашпауын көтеріп еді. Сол атақтан ұялып, жолаушылап жүргенде талай рет атын жасырғанын қайтерсің.

Бірде екеуі жолаушылап келе жатып бір үлкен ақ үйге түседі. Үй толы жиын, апы-күпі әнгіме, ду-ду кеңес. Даяғашылар жағалай қымыз аралатып халайықты күтіп жүр. Төрдегі игі жақсылар көпірме сөзді сапырып, былайғы жұртты көзге ілер емес... Сегіз екеуі лық толы үйге тап болған соң, өңменде мей босаға жақтағы бос орынға жайғасып елеусіз отырған. Шаң басқан жобалғылау киімдеріне карап, даяғашылар бұларға мән беріңкіремей қымызды кетік зеренмен тарткан. Оның өзінде толтыра құймай ырымын ғана жасап, ыдыстың түбін жасыра ғана құйып береді. Сегіз үшін намыстанған Нияз:

- Қой, болмас. Дабырайтып тұрып жария қылайын өзінді. Өйтпесем мына ауыл бізді кісі құрлы да көрмес. Кедей-кепшіктің арасында отырған соң, менсінер деймісің. – деп тұра беріп еді, жеңінен ұстай алған досы:

- Қайтесің ши шығарып? Сабыр, батырым. Жоқ-жітіктің де кебін киіп көру керек. Бұлар да адам баласы, өзіміздің ағайын. – деп токтатпасы бар ма.

Содан кейін былай шыға бере, бұл кылығын таратып түсіндірді де.

- Парыкка салсақ, мәселе жұрттың құрметінде де емес-ау, достым. Бай-манапты айналасындағы кошаметші, ауыл-аймак дәріптейтінін көріп жүрміз. Бұкараның бұл мінезін түсініп кешірерсің де. – Дәулетті үйдің дәмінен- деген сөз бар емес пе. Дәм дегеніміз корек кой. Азбенішің болса тірісің, талғажауын болмаса аштан өлмексін. Демек, ас-аукат дегеніміз ол өмір. Ас-аукат дәулеттінің колында болған соң, маңайындағылар кайтып кошаметтемесін. Құй нойыс бол, құй топас бол, жуан коныш шонжар болсаң кадірлісің. – Ауызы кисык болса да, бай баласы сөйлесін. – деген сөз бұған дәлел.

Сондык, төр мен құрмет кашанда байдікі. Кедей-кепшік болса елдің коры есебінде делік. Ал енді сол кедейдің ішінде Байдалы шешендей данышпан болса ше? Немесе бағзыда өткен Жиреншедей сұңғыла болса ше? Бұлар нағыз каска кедейден шыккан жок па еді.

Әйтсе де, бай-бағланмен салыстырғанда айырмасы жер мен көктей. Қылықтары мен өсиеттері елдің ауызында. Шонжар атаулының есім-намы ертең-ақ көзі кеткен соң ұмыт болмақ. Ал енді елдің сүйіктілері, сонау Алдаркөсе, Қожанасыр сынды қаска кедейлердің өнегесі, ұтықты үәждері жадта мәңгілік сақталмақ.

Демек, мәселе төрде отырғандықта емес-ау, милай білсек. Мәселе - сана қинаған терең ойда, сол толғаныстан пайда болған келелі кеңесте. Ұшқыр ой туғызған мәнді сөз айта білсе, көн шоқай киген тазшаның да айтқанына ұйып, тыңдап отырар әлеумет. – деп бірталай насихат айтқаны бар.

Ия десеңші. Былайғы әлеумет Сегізді алдымен асқан өнерпаз, бұлбұл көмей әнші деп таныған. Одан қалды батыр, балуан, он саусағынан өнер тамған ісмер деп білер еді. Бір ерекшелігі, қалың құрапат осы қасиеттеріне бола хан көтерсе, өз басы пәлендей мән бере қоймапты, ойлап тұрсаң. Бұнысы және әсте жасанды кішіпейілділік те емес. Жұртқа жағу үшін істеген көзбояу мінезі емес мүлде. Біреуге жақсам-ау, деген жағымпаздықтан атымен ада болып өтті-ау қасқаң. Әншілігін де еш бұлдаған емес.

- Әнді айтсам өз көңілім үшін айтамын дағы. Көкірегімді кернеп бара жатқан соң, шырқамаска шаран қайсы. Халқымнан сол үшін де сый-сияпат алмақпын ба? Жапан түзде ат үсті жүргенде іш пысқаннан шырқалатын ән, желге де кетіп жатыр ғой әнекей. Ендеше, шаршы топта әуелеттім-ау деп несіне міндетсінем. – деген желеумен, елден алған тарту-таралғыны пышақ үстінен үлестіріп кетер еді.

Үлестіргенде алдымен жоқ-жітікке тарататын шүлеңгір мінезін айтсаңшы. Батырлық, балуандығына да мардымсыған жан емес.

– Күш өгізде де бар, балуандықты мадақтуды қоя қойыңдар, жігіттер. Алып бітімді табиғат береді екен адам баласына. Тәңірі сыйы емес пе еді, күш-қайрат дегеніміз. Өз еңбегіммен жеткен табыс емес. Адамды өзге хайуаннан артық еткен дене күші емес, парыкка салсақ. Адамды адам қылған ақыл-парасат қана. Сонымен ғана ассақ керекті. – деп өз ойын таратар еді.

Батыр деген атақтан да бас тартқан.

– Е-е, ағайын, батыр дегеніміз аса қастерлі ұғым ғой. Батыр деген тек қайрат иесі, ысқаяқ тісқақан жауынгер болмаса керекті. Ер дегеніміз ең алдымен намыс иесі. – Қоянды қамыс, батырды намыс өлтірер. – деп айтқаны тегін емес қой бұрыңғылардың. Айдар таққандай, тайға таңба басқандай айқын мінездеме бұл. Ер атаулының сипаттамасы мәнзелдес. Бұл талапқа сай келер қайсымыз бармыз?

Батыр атанған кісі алдымен бодандыққа көнбес. Анау Алатауда қаза тапқан Кене хан мен Науырызбай төредей. Құлдық қамытқа көнбей морт сынды қайыспас ерлер. Ал біздің ел болса, бодандық хал

кешуде осы күні. Сондық, батыр атанбаққа біреуіміздің де хақымыз жоқ. Маған салса, батырлардың заманы келмеске де кетті әлдеқашан. Найза мен садақтың дәуіріндей. Осы күні мылтық пен зеңбіректі игергендер үстемдік қылуда. Орыс әскерінде бір де бір батыр жоқ. Есесіне жаппай мылтықпен қаруланған. Мылтық болғанда да біздікіндей аң ататын шиті емес, шүріппелі әскери мылтық. Демек, өнеркәсібі, өндірісі бар мемлекет озды деген сөз.

Батырлықты дәріптей бергенше, біздің қазаққа қала салып өндірісті дамыту керек еді. Қазекең болса Абылай хан салған қалашықты да өртеп жіберді. Бұл да кертартпалықтың бір көрінісі... Бізге батыр емес, он саусағынан өнер тамған ұста мен шеберлер кажет. Ғылымды өркендететін сауаттылар, жаңалықты ілез қағып алатын сергек, көкірегі ояу жастар керек. Әттең ондай елгезек жастарды кепиетсіген шалдар етегінен тартып, алға бастырар ма екен. Сұқым шалдар май асап, қымыз ішіп кекірік аздырғанына мәз. – деп кеңестің желісін тереңге тартар еді.

Тұрғыластар арасында болмаса, бұл тақылеттес пікірлерін алқалы топта айтқан кезі жоқ. Өз ой тұжырымы өз ішінде, қызыл кеңірдек дау-дамайға араласа қоймаушы еді. Сырласса, оңашада Нияз сынды тілектес жора-жолдасқа мұңын шағатын да қоятын.

- Игі жақсыларға осы сөзіңді жеткізіп, неге құлақ қағыс қылмайсың? – деп сұрағанға, - сорпа бетіне шығар текешіктерді түзетіп болған ба. Соны сөз, жаңалық атаулыдан ат тонын ала қашар өңшең сіреспе. Сөзді шығындап нем бар. – деп езу тартатын.

Асылы, біреуге шағымдана мұңын шертіп, ия болмаса біреуден жұбату дәметкен жан еместін Сегіздей досы. Күйрек, борпос мінезді сұқаны сүймейтін.

Балалары бірінен соң бірі шетіней беріп, өз басы да сыркатқа шалдығып жүргенде, Нияз келіп көңіл айтқан болатын. – Аз қайғыны ас басар, көп қайғыны дос басар. – демекші, осындайда қасынан табылмаса достығы қайсы.

Бұл жылап келіп көрісіп, қайғы теңізін кешкен досын жұбатпақ болып еді, Сегіздің көзінде жас жоқ екен. Өңі шөлмектей бозарып жүдеп, көзі кіртиіп кетсе де, дағдылы сабырлы қалпынан айнымапты. Көңіл білдіріп басалқы айтқан Ниязға талаурап, қызарып кеткен көзін бір төңкеріп өтті де:

- Сөзің жөн, бауырым, құдайдың ісіне шараң болса қыл. Пұлсыз беріп ақысыз алады да жасаған иеміз. – деп бастап аз бөгелді де, өз ойындағы сауалға өзі жауап бергендей нысайға міне, сөзін тарата түсті.

– Пендеміз ғой, айнала дүниені өзімсінеміз де жүреміз. Жанашыр мен туғандарымыз қасымызда ғұмыр бақи жүрсе екен-ау деп өктейміз.

Ал шынтуайтқа келсек, солардың һәммәсы біздікі ме еді әуелім? Бар жаратылыс соның ішінде адамзат та бар, пенденің құзырында емесі әлімсақтан мәлім. Бала мен ағайын тұрмақ, өз басыңа ие екенсің бе әуелім. Жүрмін ғой мінекей сопиып, балаларды ажалға беріп, өзім дертке шалдығып. Жан шыкпаған соң, баска салғанды көтересің де. Көрешекті көрмей көрге кірмессің деген осы да.

Ал енді олай болса, - пенденің өз құзырында, өз билігінде не калды екен? - деп сұрап, дағдаруға да тура келер. Осы сауалға жауап іздеп зерде кинаймыз да өзімізше. –

Осы тұста сөзін бөліп Ниязға көз тастап койып еді досы. Мүмкін сен жауабын табармысың деген кісіше. Нияздан еш ишарат болмаған соң сәл кідіріп, кеңесін желілей берген.

– Ойлап тұрсам, пенденің өз билігі мен құзырында тек сана-сезімі бар ма деймін. Ойлау қабілетің, рухани әлемің ғана өзіндікі екен-ау, әрі-бері ойласаң. Соның ішнде ар-ұятың бар. Соған ғана толайым ие екенсің-ау. Тіпті айтар сөз, тілің де сырт дүниеге кіріптар. Біреуге жалтактауға мәжбүрсің. Мысалға, орыс үкіметіне, кеңсе билігіне карсы сөз, насихат айта алмассың. Айта калсаң-ак, кол-аяғың кісенделіп тескен тау асып кете бергенің. Тіпті денең де өзіндікі емес, кашан болсын дертке шалдығуың оп-оңай. Һәммәсы бір құдіреттің, тәңірінің құзырында екен.

Олай болса, өз құзырында жок нәрсеге уайым кылғаннан не өңбек? Уайымдап санамен сарғайсаң да еш пайдасы жок екен-ау. Ендеше құр текке күйіп-піспей-ак, өз билігімдегі дүниені айналдыра берейін де... Қолымнан келетіні ән мен жыр өнері екен. Бұл өнеріме үкіметтің де, шонжарлардың да әлі келмейді, канша күшенсе де. Шама-шаркым жеткенше осы шіркінді айналдырам да. Шабытыма, зердемдегі ойға, жалпы рухани дүниеме ешкімінің де билігі жүрмес. Ол менің ғана ішкі меншігім, дербес казынам екен.

Ал енді сырт әлем баска салған такбезесін көтереміз де, шамамыз келгенше. Тағдыр мен жазмыштың бұйрығына көнуге мәжбүрміз... Солай, бауырым. Мына құдай баска салған дерттің бір жағынан пайдасы да бар ма дедім. Қол-аяғым байланғандай сикым мынау. Қауырт кимыл-әрекетке жокпын. Күйкі тірліктің көп күйбеңінен колым босады. Есесіне зейінге тізгін бердім. Наукас күшімді алғанымен, акыл-ойға құрык бергендей. Шер толкытса ойдың жауһары шығады демекші, миға салмак түсіргендегі тапкан олжам осы, достым. – деп ұзак кеңесін тұжырған болатын.

Осы тұста өз пікірін ірке алмады Нияз. Құрдасына ойлана көз тастап: - Көз майыңды тауыса жыр жазғаныңды көріп жүрмін-ау. Қисса-дастаныңның тілі дәмді-ак, мазмұны ғибратлы. Бірак кімнің жазғанын, кімнің каламынан шыкканын атамапсың. Пәленшеке

акынның шабытынан шыккан дүние деп, өзінді таныстыра кетсең етті. Ұзак-ұзак кештерде сарылып жазған еңбегің бар ғой. Сол еңбегің зая кеткендей ішім күйеді де. – деп кынжыла сөйлеген.

Сегіз болса бұл мәселені каперіне де алмаса керек. Бұл такылеттес сөзді талай естіген кісіше басын изеп койып, өз пікірін паш етті:

- Менің атак-даңкым кімге дәрі, Нияз-ау? Ел жадында менің атым ия өшер ия өшпес, одан келіп кетері жок кой. – дей келіп, ойын коғамдап сараптағандай сәл кідірді. Саналы көзін Ниязға кадай отыра, жеткізер тұжырымын баяу ғана үнмен тарата берді.

- Ұлтымыздың ұшан-теңіз әдебиеті бар екен. Сол казынаға атам заманнан бері акын-жыраулар шама-шаркынша үлестерін косып келеді. Неткен жыр маржандары жаркырап, ғасырлар бойы жасап келеді десеңші. Қырымның кырык батыры, Ер-Тарғын, Алпамыс, тағысын тағылар. Қобыланды батыр жырын алсак тіпті керемет туынды. Басы артык ия сәтсіз колданған бір сөзі болсайшы.

Орыс әдебиетін де біраз зерттеп едім, Прохоров бірген кітаптарды актарып. Кеміткенім емес, бірак орыста біздікіндей көне жыр-киссалар жок екен. Жалпы халык әдебиеті тым жұтаң. Бұларда «крепостной» деген пәле бар ғой. Құлдыктың соракы бір түрі. Халыктың дені сол крепостнойлар. Құлдыкта күн кешкен ұлттан кай бір әдебиет шығар дейсің. Көлемі шағын ғана өлеңдері біздің кисса дастандардың касында жіп есе алмайды.

Орыстың зиялылары пір тұтатын «Илиада» деген грек халкының акыны Гомердің киссасы. Сол Илиадасының өзі біздің кырғыздың «Манасымен», казактың «Алпамыс» жырымен салыстырсаң әкетіп бара жаткан еш артыкшылығы жок... Түркі тілдес елдер ұшан-теңіз аймакты иемденіп келді ғой атам заманнан. Емін-еркін көшіп жүрген әрі ер, әрі акын халык болған соң мұнша жыр туғызбай койсын ба.

Ал енді осылардың һәммәсын жекелеп бір акындар шығарды ғой өз заманында. Дүйім ел болып, ия болмаса топтаскан өнерпаз шығарған жок кой. Көкірегін шабыт кернеген бір дарын шығарғаны шүбәсіз. Бағзыдан жеткен жүздеген әндер де солай... Әннің денін ғашығына арнапты аты мәлімсіз өнерпаздар. Бәлкім ғұмырында бір-ак ән шығарған да болар сол бір азаматтар. Шын тебіреністен туған ән болған соң, бұкараның жүрегіне жол таппай коймас. Бұкара ұнатса ондай туынды өлмейді де.

Сол өнерпаздардың аттарын білеміз бе бүгін? Олардың есім-намы зүрриятка кажет те емес, шынтуайтка келсек. Зәу-затка керегі – шабыттан шыккан рухани азык, ән-күй, жыр-кисса, аңыз-әпсана... Ал енді акынның макабасы ия Сегіз ия тоғыз ия тіпті сексен тоғыз болса да бәрібір емес пе?

Әнші-ақынның аты ұмыт болмағы уайым емес-ау. Ұлтымыз дін аман болсын әуелім. Одан қалды тіліміз аман-есен саф қалпында жетсін ұрпаққа. Халайықты тобыр емес, ұлт еткен ең алдымен туған тілі. Тілдің байлығы ауыз әдебиетте, жазба рисаларда, шежіре-аңыздарда. Ән мен күй де рухани байлықтың аса маңызды бір парасы. Осының бәрін сақтай білсек, байыта білсек қана болашағымыз жарқын. Осы жолда өнерпаз біткеннің жаны пида. Атақты да, тіпті тірлігіңді де осы жолға құрбан етсең, өнерпазсың. Өйтпесек, ку құлқынның қамын қуған пасықтардан айырмамыз қайсы? – деп, баяу ғана үнмен кеңесін тұжырған болатын.

Есіл ер. өзі насихаттаған сол сөзінде тұра да білді-ау. Серттей естілген пікірі еді. Осы мәнзелдес кеңесін ағайын келесінде де, жастардың арасында да қайталап айтудан бір жалықпайтын...

Қалың ойға күмп берген Ниязды оқыс шыққан Жанаттың лебізі еріксіз елең еткізді.

- Мәссаған, мына тамашаны карай көр! – тымағының маңдайын желкеге ысыра, зеңгір көкке карай қалыпты карт өнерпаз.

Бұл не көрді дегендей, Нияз да назарын аспанға көтерді. Сонау бұлт астында канатын кең жайып бір қыран қалықтап жүр. Ниязды өз ағайындары - кәнігі саятшы- деп тегін дәріптеп жүрген жоқ қой, бұл құсты салған жерден шырамыта қалды. Ақсұңқардың шәулісі, қыран біткеннің нағыз алғыры. Бұл жерде не қылып жүр иен түздің кандыкөзі? Балақ бауы жоқ, демек колдың құсы емес, самиян сахараның еркін өскен түлегі. Ондай қыран кісі-кара шоғырланған жерге жолай коймайтын.

Зираттың желке тұсында шырша мен қарағай аралас өскен шоқ бар еді. Сегіздің қабірін карағайға жақындата қазғызған Жанат: – Бұл бауырымыз түзшіл еді. Әсіресе орман-тоғайлы, шұбарлы өлкені ұнататын. Ағаш ішінде карағай мен шыршаны ерекше кадірлеуші еді, жарықтық. Сондық, мына оқшау өскен зәулім шыршаның тұсына қояйық серімізді. – деп, түсіндірген бұл таңдауын.

Әлгі қыран айнала ұшып, кенет құлдилай келе осы шыршаның сонау биіктегі бір бостанына келіп кона кетті. Төмендегі кісілерден еш каймықпастан басын қылқың еткізіп саңқ етті де, көзін туу көкжиекке кадап қыбыр етпестен отырып алды. Сымбатты мүсіні тура бір ак мәрмәрдан соккандай дерсің. Қыраннан көз алмай отырған Жанат:

- Пай-пай шіркін, десеңші! О тоба, сенейін бе, сенбейін бе? Осыдан кейін аруак жоқ деп көр. – деген сөзбен басын шайқап, Нияз бен Қуаныштарға назар қыдыртып өтті.

- Сегіздің әкесі, менің ағам Баһрамды жерлегенде, канаты керегедей бір бүркіт қалықтап жүр еді төбемізде. Айналып кетпей қойғаны. Ақсақалдар соны тамашалап: - Бұл Баһрамның аруағы, әлгінде ғана

шыккан жаны болмаси кетсін. Тәнін кимай айналып жүргенің көрмеймісің. Батыр кісінің аруағы кыран болып калыктаса керекті. – деп өздерінше жорып еді. Сенер сенбесімізді білмей біз отырдык.

Енді міне Сегізді кимай аксұңкар бейнелі аруағы шыршаға келіп конды әнекей. Серінің жаны сұңкарға айналған болар, дәу де болса. Қисыны келіп-ак тұр. Иланса к та сол, иланбасак та сол. Не десең де, әнекей отыр, мүсіні суреттей болып. Көздің жауын алғандай жұтынған порымына болайын! – карт өнерпаз шабыттана сөйлеп, тамсанып койды.

Осы сәт тымағының құлағын түріп отырған Қуаныш күнгей жакка еңсе бұрып: - Анау келе жаткан кім болды екен? Қала беттен шыккандарға ұксайды білем. – деп, алаканымен көзін көлкештей үңілді.

Шынымен-ак еңіс жактан топ салт аттылар жіті бастырып келе жатыр екен. Қуаныш нұсқаған бетке Нияз да көз тігіп еді, жиырмаға тарта жолаушылар шоғы жакындап та калыпты. Кіл жарау аттары ак көбік, ауыздыкка керіп ойнактай басады. Күміс жапкан ер-тұрмандарына караганда, осал-оңтағай кісілер емес сиякты. – Е-е, алыстан келе жаткандар ғой. Қазаны естіп топырак салуға асыккандар болса керек. – деп түйді ішінен.

Жолаушылар зираттың шетіне такап, аттарынан сарт-сұрт түсіп жаяу салды. Ширак кимылдарына карағанда, келгендер кіл жас-желеңге ұксайды. Киімдері де ыкшам. Ішік, күпіні шұбалтпай кең колтык келте тон, жеңіл жекей тымак киіп алыпты. Жіті басып алдында келе жаткан түлкі тымакты жігітті шырамытты Нияз.

- Е-е, мынау жас талап Бекжан әнші емес пе. Соның тобы екен ғой кіл жас-желеңдер. – деген оймен, өзіне сәлем бергелі келе жаткан жігіттерге карсы көтеріле берді.

Жанат та танып: - Уа, Бекжанбысың? Келіп калдыңдар ма канат кағып? – деп дауыстап құшағын жая берді.

Келгендердің карасы жиырма шакты кісідей, шетінен кылкан кескендей жас-желең. Төс кағыса көрісіп, көңіл айтысып, жас кабірдің бір-бір уыс топырағын ала ерні мен мандайларына такай кайта салып, ырым жасасты. Қабір айнала малдас құрып жайғаскан соң, Бекжан Жанатка еңсе бұрып:

- Қадірлі аға, ести сала колымыздан койысамыз ба деп асығып едік, әттең үлгере алмадык. Құран бағыштайык ендеше, өзім де окимын, арамызда кітап сөзіне жетіктер де баршылык. – деп тіл катты.

- Әлбетте, әлбетте, білгендерің оки берсін. – Жанат макұлдап бас изеген соң, Бекжан бас болып үш-төрт бозбас білгендеріне құран мәділеді. Мәнерлеп окуға Бекжанның оң тізесін ала малдас құрып отырған Сержан епті болып шыкты. Көзін жұмыңкырай сүрені кирағаттаған жігітке карап отырған Нияз ойға калды. Бар

бозбастардың репеттері инабатты, қайғыға ортақ екендерін аңғартқысы келіп қабақтарын түйе, еңселерін тұқырта отыр. Сопылардай мүләйімсімей үнсіз ғана томсаруда. Жүздерінде жасандылық жоқ, Сегіздің дәл туған бауырларындай қайғырмағанымен шын тілектес екендері аңғарылып-ақ тұр.

Сержанның үні сөлді де әуезді, аязды ауада ап-анық әуелеп құлаққа жағымды естілуде. Нияздың бір аңғарғаны, жас жігіт молдаларша араб тілін дәл келтіруге тырыспайды. Арабтарға тән кей нәзік дыбыстарды қазақтың жалпақ тілімен-ақ еш қымсынбастан мәділеуде. Бірақ соның өзі жарасымды да сияқты. Нияз ішінен: - Шіркін, жас дәуреннің орны бөлек-ау, не қылса да. – деген пікір түйіп, топ бозбасқа сүйсіне көз жүгіртті.

Ән шырқасаң да, құранның аяттарын қирағаттасаң да бәрі жарасымды, құлаққа жағымды тиеді. Өндірдей жастардың түр-сипаттары да бөлек қой қашаннан. Қарап тұрсаң көз тойғандай, лебіздерін тыңдасаң құлақ құрышы қанады. Жүріс-тұрысы, әзіл-қалжыңдары, күлкісі, бәр-бәрі үйлесіп жарасып-ақ тұр. Асылы, ән айту деген егделерге де лайық болар, тек жұртты ұйытқандай әуезді лебізің болсын. Ал енді серілік пен салдық жастарға ғана жарасымды шығар. Жуан сіңір сақа басыңмен қанша тырыссаң да, қылшылдаған жастардай бола алмассың. Әр іс пен әр кәсіптің өз мезгілі, өз дәурені бар-ау не қылса да.

Өз ойымен отырған Ниязды, саңқылдай шыққан Жанаттың дауысы елең еткізді. Сержан сүрені қирағаттап болып, жиналғандар бет сипасып та қойған екен. Жастар үлкендердің бұйрығын күтуде. Бірталай аят оқылғанымен, халайықтың көңілі әлі де болса олқы соққан сияқты. Қарапайым біреу емес, Сегіздей даңғайыр өнерпазбен дәл осылай ғана қоштасып бақұлдасқандары аздық еткендей. Көңіл көншімей әлі де болса бір ырымды, бір сөзді дәметеді. Жастар жағы Жанат пен Ниязға көз тастап қояды. Тарлан тарткан өнерпаздардан бір байлау, қорытынды лебіз күткендей. Бар жиын осы жәйтті ұққан да сияқты. Жанат еңсесін тіктеп:

- Ал, ағайын, атқа қонайық. Бекжан, бауырым, өзің мен үзеңгілестеріңе салар қолқам бар. Атқа қонған соң айтармын. Ал аттандық! – деді де, орнынан серпіле көтерілді.

Үні ширақ та нық, жүзі жаркын. Әлгіндегі жүдеу қабағы жазылып, көңілі орныққанға ұқсайды. Бар топ жапатармағай атқа қонып, тізгін-шылбырды уыстап Жанаттың соңынан ере берді. Қарт сері аттың басын қыстау жаққа бұрып тебініп қалды да:

- Уа, ағайын, Байдалы би Айғанымға көңіл айтқанда – мен құрандатпай, тұмандатпай келдім. Қайғыңды қоздатпай, керісінше

қайратыңды қолдағалы келдім. – деген екен. Жарықтық шешеніміз данышпан кісі ғой. Өлімді емес өмірді дәріптеген.

Ал енді ән мен серіліктен нырай ханшаға анандай басалқы сөз айтылса, Сегіздей өнерпазды құр құранмен жөнелтеміз бе? Бізге бауыр болғанымен Сегіз әуелім ел ардақтысы. Жасық мінезді сұқаны сүймейтін ер жүрек азамат алдымен. Өлгенде де құдай бұйрығы ақ өліммен үзіле білді дегдарымыз. Шиеттей балаларды, қарт ананы ажалдан арашалап өзі шәйіт кешті. Қарақан басының қамын күйттемей, еш ойланбастан тақымындағы күлігін көлденең тартты міскіндерге. Дүния тәрки шаһбаз еді, сол сері мінезіне бағып ажал аранынан еш қаймықпады. Әнді ту етіп өткен өнерпаз еді, ендеше сол әнімен қоштасайық Сегіздей бауырымызбен. – саңқылдап сөйлеген Жанат сәл кідіріп жастарға еңсе бұрды,

- Кәне, Бекжан, Сержан, өздерің бастап жібер бір әнді. Бәріміз қосылармыз. Еш тартынба, жігіттер. Мен бұйырып, мен қолқа салдым өздеріңе. Бұл қылығымды сөккен шал-шауқан, қожа-молда болса, өзім ғана тартармын жазасын. Қыл көпір үстінде Мұнкір-Нәнкір тергесе де өзім ғана арқалармын күнәмді. Кәне, аскақтат серінің жүрек жардысын! – деп бұйыра дауыстады.

Біреуден қаймықпақ былай тұрсын, нық шыққан лебізінде салтанатты реңк те бар.

- Беу шіркін, қаракөгім, дәл таптың-ау кеуілдегімді. Мұнша дөп басармысың жүрек қылын. Аңғарымпаздығыңа болайын тарланым! – деген сөздің ауызынан қалай шығып кеткенін аңғармай да қалды Нияз.

Бекжан болса еш іркілген жоқ. Бұл қолқаны ерсі ия орынсыз деген күдіктен мүлде ада сияқты. Керісінше, осындай бір сөздің түбі бір шығарын білген кісіше-ақ, басын изеп қойып тамағын қырнады да әнге басып кеп жіберді.

Ысқаяқ қарды кірш-кірш басып келе жатқан ат тұяғының дыбыстарын ашық та қуатты лебіз баса берді. Ән – Сегіздің «Ғаyһартасы». Бекжанның бастауын күткендей-ақ, үзеңгілесе келе жатқан Сержан қосыла кетті. Қос үн әуелей көтерілген соң, ауыздығын қарш шайнап келе жатқан аттардың пысқырғаны да естілмей қалды.

- Е, бәсе, жиынның сәні жаңа түзелді ғой. – Нияз, Қуаныштармен үзеңгі қағысып келе жатқан Жанат мұртын ширатып көкке көз тастап қойды. Жоғарыға назар салғаны сол екен, таңданған нысайға мініп камшысын шошайтты:

- Мына ғаламатты қарай көр! Әлгі сұңқарымыз қалмай келеді ғой. Міне ғажап! Пай-пай шіркін, қалықтауыңа болайын. – тамсанып қойған қарт сері басын шайқай берді.

Осы сәтте әндетіп келе жаткан қос жігітке бар бозбастар қосылып кеп жіберді. Жиырмаға тарта жас лебіз баяу ғана бастап, біртін-біртін үндерін күшейтіп келеді. Той-томалақ, ойын-сауық атаулыда көп дауыс қосылып шыркай қоймайды әдетте. Әрі кетсе төртті-бесті қыз-қыркын қосыла кетер еді. Мына бозбастар болса, ат үсті жүргенде қосылып шыркағанды машық қылғанға ұқсайды. Тіпті әбден жаттығып әдетке айналдырса да керек. Көп үн үйлесе қосылып, бір де бір дауыс шашау шықпастан жараса шыркауда. Жігерлі, сөлді үндер ақ кебін жамылған мылқау даланы жаңғырықтырып, жандандыра келеді.

- Хор - деген ұғымды орыстан естуші еді Нияз. Ол естігені қалалы жердің, ғимарат ішіндегі хор ғой. Қала әншілерінен құралған, жалдамалы топ. Әнді кәсіп қылып күнкөрісіне айналдырған әншілер... Мынау тамашалағаны болса, иен далада, қарағайлы көдік ішінде, ашық аспанның астындағы ән. Кіл қылқан кескендей жастар әуелеткен әуез.

Шаһардың әншілеріндей өнерін акшаға сатпайды бұл бозбастар. Әнін міндет, яғни кызмет қылып, пайда табудың көзі деп білген емес. Бұлардың әні шын жүректен, разы пейілден шыккан. Сегізді пір деп біліп, соның рухына тәу еткен түрлері. Шабыт туғызған көңіл талпынысы. Жоктау емес, ұстаздарына арнаған мадак зәліттес ән. Бұндай ән сатылмайды да, бұйрыкка да көнбейді. Бұл сынды жүрек жардыны тек ғазиз ағаға, ұстазға риясыз табыну туғызар. Осы жәйтті жастардың алдында келе жаткан үлкендер анык ұкты да.

- Па, шіркін, жарайсың! Сегізді осылай шығарып салсак керекті мәңгілік сапарға. Қайран жан досым, канды көйлек құрдасым, сенің атың мәңгі өшпес мынандай ізбасарларың барда. Өзің сүйген халкың аман есенде. Атак пен даңкты еш керек қылмай тәрк етуші едің, сол атак сені өзі тапты-ау. Бакұл бол, даңғайыр өнерпазым. –

Осы сөзбен Бекжандарға өзі де қосылып кеткенін аңғармай да калды Нияз. Көңілі толкып көзден жас ыршып кеткенін де кеш сезді. Екі бетті куалай мұрт ішінде жоғалған маржан тамшылардан ұялған да жок. Жанат нұскаған зеңгір көкке көзін және көтеріп еді, канатын кең жайып жіберген аксұнкар сонау биікте қалықтап жүр. Сазды әуеннің ырғағымен тербелгендей. Ән болса күшейіп, кең алкаптың төрт тарабына жайылып бара жатыр. Мына маң даладай тынысты, баяу да сыршыл накысты ғажайып әуез.

Ажарың ашык екен, атқан таңдай.
Нұрлы екен екі көзің жаккан шамдай.
Анаңнан сені тапкан айналайын.
Күлім көз, оймак ауыз, жазык маңдай.

Соңы.

МАЗМҰНЫ

ҚАЛАМ ҚАРЫМЫ ЖАЗУШЫ ІЗДЕНІСІМЕН ҮЙЛЕСІП ТҰР 3

АВТОРДАН 5

Бірінші тарау – От басы. 7

Екінші тарау – ҚЫЗЫЛЖАР 102

Үшінші тарау – ОМБЫДАҒЫ ДӘУРЕН 150

Төртінші тарау – ЕЛГЕ ОРАЛҒАНДА 209

Бесінші тарау – СЫР ЕЛІНДЕ 287

Алтыншы тарау- МАҚПАЛ 362

Жетінші тарау – ҒАУҺАРТАС 387

Сегізінші тарау – МАҚПАЛДЫҢ ҚАСІРЕТІ 437

Тоғызыншы тарау МҮШЕЛ ЖАС 469

Эпилог 581

Ғалихан Ахметов

Сегіз сері

Роман

Басуға 26.10.2022 ж. қол қойылды.
Пішімі 60х84/16. Шартты баспа табағы 34.8
Таралымы 200 дана. Тапсырыс № 10

Жеке кәсіпкер Р.В.Ефимова
«Мир печати» баспаханасында басылды
020000 Көкшетау қ., Б.Әшімов көшесі, 230 үй,
Тел. 87162 32 62 26

12030

Ғалихан
Бижан ұлы
АХМЕТОВ

Ахметов Ғалихан Бижан ұлы 1957 жылы Көкшетау қаласында туған. Целиноград ауыл шаруашылық институтын инженер-механик мамандығы бойынша 1979 жылы бітірген.

Кәсібін игерген соң Ақмола облысының Уәлихан, Зеренді, Біржан сал аудандарында мамандығы бойынша қызмет атқарған.

Ғ. Ахметовтың қаламынан «Жер киесі», «Ер Жанатай» 2003, 2005 жылдары прозалық жинақтары шыққан.

Алты томдық «Біржан сал», үш томдық «Үкілі Ыбырай» атты романдары 2012, 2017 жылдары жарық көрді.